ҚУ - БАЛҚАНТАУ

э н ц и к л о п е д и я

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК:
«Туып-өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат»

Баспа
Қарағанды, 2017

ӘОЖ 373.21
ББК 74.10я13
Б 42
Қу – Балқантау: Энциклопедия /редакторы **Е.Балташұлы** – ?. 2017. – ??? бет.

Қу – Балқантау өңірінің орналасқан жерін, табиғи түзілісі мен жер қойнауы байлығын, тарихын, аумақтың шежіресін жасауға ықпал жасаған бірегей тұлғалар, экономикасы мен мәдениетін өркендетуге үлес қосқан адамдардың өмірі мен қызметі жайлы мағлұмат беретін бұл басылым өлке танушыларға, тарихшыларға, жалпы қалың оқырман қауымға арналған.

Қолыңыздағы еңбекте тарихы мыңжылдықтардың тереңінен тамыр тартатын көне де жаңа Қу – Балқантау өңірінің географиялық орналасу орны мен климаты, табиғаты мен кен қазбалары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, байырғы тас дәуірінен бүгінгі нанатехнология заманына дейінгі тарихы жайлы мағлұматтар қамтылған. Кезінде осы кеңістікте болған әкімшілік бөлініске қараста аумақта орналасқан тарихи һәм мәдени ескерткіштер, халық қасиетті санайтын киелі орындар, елді мекендер, кәсіпорындар мен шаруашылықтар, осы топырақта кіндік қаны тамған бірегей тұлғалар мен мемлекет, қоғам қайраткерлері, ғылымдар мен өнер шеберлері, Егіндібұлақтың және бір кездері оның бағынысында болған ауылдардың өсіп-өркендеуіне еңбегі сіңген азаматтар жайлы мағлұматтар, т.б. деректер әліпбилік ретпен берілді. Кітап көлемінің шектеулігіне орай жеке мақала жазуға мүмкіндік болмағандықтан, адамдардың жекелеген топтары (Мыс.: Ұлы Отан соғысына қатысушылар, Алтын және Күміс алқа иелері, т.б.) жалпы тізімге енгізілді.

Энциклопедия ұлт рухына, туған жер тарихына жанашыр азаматтардың материалдық көмегімен жарыққа шықты.

ISBN

© Балташұлы Е., 2017

ЭНЦИКЛОПЕДИЯНЫҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІЛЕРІ:

ТАЙШЫБАЙ Зарқын, филология ғылымдарының кандидаты, профессор

БЕЙСЕНОВ Арман, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор

Кеңесшілері:

АДАМОВ Мұхитбек
БОРАНБАЕВА Сара
ДӘУІПБАЕВ Амантай

ЭНЦИКЛОПЕДИЯНЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫС ТОБЫ

БАЛТАШҰЛЫ Ермек – топ жетекшісі, Бас редактор

Жұмыс тобының мүшелері:

АСҚАР Нәзипа
ЖҮНІСБЕКОВ Дулат
ЖЫЛТЫБАЕВА Раушан
РАХМЕТУЛЛИН Айдын
СМАҒҰЛОВ Рымбек
СҮЛЕЙМЕНОВ Ахмедия

Қу – Балқантау өңірінің орналасқан жерін, табиғи түзілісі мен жер қойнауы байлығын, тарихын, аумақтың шежіресін жасауға ықпал жасаған бірегей тұлғалар, экономикасы мен мәдениетін өркендетуге үлес қосқан адамдардың өмірі мен қызметі жайлы мағлұмат беретін бұл басылым өлке танушыларға, тарихшыларға, жалпы қалың оқырман қауымға арналған.

САРЫАРҚА –
АТА ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Бүгіндері Қазақстан Республикасы атауымен шаңырақ көтеріп отырған елдің туын көтерген, қазақ ұлтын төрткүл дүниеге паш еткен ұлан-байтақ Сарыарқа түрік халықтары әлемінің қалыптасуына және жер жаһанға таралуына қуатты серпін берсе, осы тарихи үдерістердің қарқын алуына Қу – Балқантау өңірінің, осы қасиетті топырақта кіндік қаны тамған ұландардың қосқан үлесі зор. Тарихы мыңжылдықтардың тереңіне бойлайтын көшпелілер өркениетінің пайда болуы мен тұлғалануына, қазіргі таңда адамзат баласы қол жеткізген игіліктерді игеруіне оңды ықпал еткен алтын ұяның бірі – осы. Өйткені, Жер анадан бауырын көтерген адам баласының жылқы түлігін қолға үйретуі, атқа тақымын тигізуі осы кеңістікте жүзеге асты. Сақ дәуірінен ғұн кезеңіне, көне түріктен қимақ-қыпшақ дәуіріне ұласқан, Алтын Ордадан Ақ ордаға, одан бергі Қазақ хандығына жалғасқан тарихтың, қандас халықтардың қайталанбас көркем, мәйекті мәдениетінің бір бөлшегі Шығыс Сарыарқада жасалды. Адамзат дамуында төңкеріс жасаған металлургия ісі – тас қарудың қола, темір құралға айналуы осы далада дүниеге келгенін ешкім жоққа шығара алмайды. Ғылыми әдебиеттерде «Андронов мәдениеті», «Тасмола мәдениеті», «Беғазы – Дәндібай мәдениеті» деген терминдермен таңбаланған өркениеттің бастауы Қу – Балқантау өңірінің бұйратты адырларына, өзен аңғарлары мен қойнау-қуыстарына да тән екенін соңғы ширек ғасырда осында өріс алған археологиялық қазбалар мен зерттеу жұмыстарының нәтижелері дәлелдеп жатыр. Сақ дәуірінің көсемдерді жерленген үйінді обалар мен «мұртты» обалардан, көне қорымдар мен қоныстардан табылған жәдігерлер бұл жерде осыдан 3,5-4 мың жыл бұрын отырықшылдық мәдениет кеңінен қанат жайып, оның тұрғындары егіншілік пен мал шаруашылығын қатар дамытқанына куәлік жасайды. Уақыт таңбасының ізі қалған ат әбзелдері мен қару-жарақтардың жұрнақтары, тұрмыстық бұйым мен әйелдер әшекейінің қалдықтары қадым заман адамдары қол өнерінен – ұсталық пен зергерліктен де құр алақан болмағанын әйгілейді. Кейін ат тұяғы жететін төрткүл дүниені өзіне қаратуға бет түзеген түрік текті жауынгер жұртты тал бесікте тербетіп, қиялына қанат бітірген де осылардың рухы болар.

Ат жалын тартып мінген түріктің түлегі бастан кешкен алуан-алуан оқиғалардың – ер етігімен қан кешкен сұрапыл соғыстар мен алтын тостақтан бал ішкен салтанатты жиын-мерекелердің, жекелеген әулеттер түп-тұқиянымен жойылған күйреу-күйзелістер мен ата

баласынаң даңқын асырған ұлан-асыр ас пен тойдың аренасы болған Сарыарқа төсінде дүниеге келіп, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалған рухани қазына да таңғажайып мазмұнымен, көркемдігімен естіген жанды таң-тамаша қалдырады. Олар: көне түріктен тамыр тартатын ертегілер, Алтын орда дәуірінен сыр шертетін сарындар, Қазақ хандығы тұсында шыққан дастандар, бергі заманда туған ән-күйлер елдік пен ерлікті дәріптеп, туған жерге деген махаббатты, салт-дәстүрге адалдықты, қандас туыстар арасындағы сыйластықты, жанашырлық пен ізгілікті ту етіп көтереді. Бір ғана мысал, Қазақ Ордасының шаңырағын көтеріп, Еуразия кеңістігіндегі қуатты елдердің қатарына қосқан Керей мен Жәнібек хандардың кеңесшісі болып, киіз туырлықты қазақ баласы өсіп-өнетін, шал-кемпірі жүзге жетпей өлмейтін, малы жылына екі төлдейтін, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған Жерұйықты іздеген Асан Қайғы бабаның Қу – Балқантау өңірін аралап: «Бала Түндік, ой Түндік – маңырап жатқан қой Түндік», – деп баға бергенін санамен түйсіну, Үшқараны қимай, соңына үш қараған дүр деп айтылатын аңыздарға арқау болған қасиетті топыраққа кіндік қаның тамып, осы жердің шырақшысы екеніңді сезіну – зор мәртебе һәм жан тебірентерлік әсерге бөлейтін жағдай.

Сарыарқа – ел басына күн туғанда ұлтқа пана болған алтын ұя. Ұрпақ қамын ойлаған бабаларымыз жан алып, жан беріскен аламан айқастардан соң осы байтақта тыныс тапты. Жоңғар шапқыншылығы салдарынан «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшыраған халық «Қаратаудың басынан көш келеді» деп зарлап шұбырғанда, сол көштердің бірі осы Қу – Балқантау өңіріне келіп тізгін тартты. Оны бастап келген Қаздауысты Қазыбек бабамыз Қазақ Ордасының қисайған туын қайта көтеру үшін осынау күрең белдерде келелі кеңес өткізіп, аталардың қызыл қаны төгілген, ащы терімен суарылған жерді басқыншы жаудан азат ететін қол жасақтады. Екі ғасырлық жанталас күрестен соң жоңғарды біржола талқандап, елдің іргесін бекітуге енді кіріскенде оның артынан шүршіт әскері өңмеңдей енді Шығыс Сарыарқаға. Аспан астындағы жердің де, елдің де қожасы өзім деп өзеуреген Қытайдың қара құрттай қаптаған шерігін тоқтату үшін жүргізілген Отан соғысының ең ауыр, шешуші шайқастары Едірей, Арқалық, Қу тауларының сай-салалары мен Түндік пен Талды өзендерінің алабында өтті. Осынау құба жондар мен құрақты көлдер Бекболат пен Тіленші билердің қара қылды қақ жарған кесіміне, Бөдене, Жарылғап һәм Меңдеке батырлардың жау жағасын жыртқан ерлігіне куә болды.

Қу – Балқантау өңірінің құнарлы топырағы халқымыздың бағына айыр көмей, жез таңдай билер мен арыстан жүрек батырларды ғана емес, Қалдыбай мен Балта, Шөже мен Кемпірбай сияқты ауыз әдебиеті алыптарын, тәтті күйдің тәңірі Тәттімбетті, Айтбай Демікпеұлы, Мәди Бәпиұлы тәрізді әнші-композиторларды, Қантай мен Тонтай, Мауқай тәрізді сын-сықақтың сұрмергендерін, мемлекет және қоғам қайраткері Нығымет Нұрмақовты, Алашорда мүшесі, демократ-ағартушы, публицист Мұстақым Малдыбаевты, Хамзе Сүлейменұлы, Қайыркен Сағындықов, Айтқазы Нұрбеков, Кәрім Сауғабай, Тұрсын Жұмаш сынды ақын-жазушы һәм журналистерді, бұлбұл үніне өнер әлемінің алыптары таңдай қаққан Ғаббас Айтбаев пен Қали Байжанов, Қуан Лекеров пен Нұғыман Әбішев, Жүсіпбек Елебеков пен Мағауия Көшкінбаевты берді. Бүгінгі таңда алаш аспанын әнмен тербеп жүрген Мақпал Жүнісова, Гүлбаршын Тергеубекова мен Майра Шәкаманова тәрізді өнер жұлдыздары – осы жомарт жердің түлектері.

Толымды зерттеулерімен Қазақстан ғылымның өркендеуіне сүбелі үлес қосқан Уахит Шәріпов, Нұрымбек Жанділдин, Шағатай Қашықов, Смағұл Қайшыбаев, Құсни Елеуов, Қуаныш Мәскеев, Аман Нұрмақов, Зарқын Тайшыбай, Қалқаман Жұмашев, Серғазы Әдекенов, Рымбек Жұмашев, т.б. оқымыстылардың кіші отаны Қу – Балқантау өңірі екенін жерлестері мақтаныш етеді. Ұлттық мүсін өнеріне жаңа тыныс, тың серпін әкелген Мұрат Мансұровтың қиялына қанат бітірген Құдың ақ қайың, көкжасыл қарағай көмкерген керім көрінісі екені хақ.

Аманжолдың Қасымы айтқандай, адамзат сапарының Жер бетіне бір соғып кететін мейманы қатарында болып, жарық дүние есігін ашқанда, Қаздауысты Қазыбек сынды Ұлы бабамыз ата қоныс етіп ордасын тіккен мекенде кіндік қанымыз тамғанын ең ұлық мәртебе

көреміз. Тарихы терең де күрделі киелі қоныстың қойнауы кенге, беткейі төрт түлікке толы болса, осы жердің бір жұтым ауасы, бір тамшы суы, бір шөкім топырағы өмір берген перзенттері талантты. Қу – Балқантау өңірінің табиғаты қандай көркем болса, адамдары да сондай сұлу. Қолыңыздағы кітап солардың бәрі болмаса да біразы жайлы азын-аулақ дерек береді.

«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты стратегиялық бағдарламасында Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев: «Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайды», – деп, қазіргі жаһандану заманында қазақ ұлтының дербес ерекшеліктерін сақтап қалуы оның болашағы үшін шешуші роль атқаратынын және уақыт талабына сай серпіліс жасауының қайнар көзіне айналатынын атап көрсетті. Қу – Балқантау өңірі – Елбасының әңгімесіне арқау болған елдік салт-дәстүр, ұлттық-рухани код сақталған санаулы мекендердің бірі. Ұлттық болмысты сақтай отырып ұлы мұраттарға ұмтылу үшін ең алдымен туған елдің, өскен жердің өткенін біліп, келешегіне көз тігу керек. Бұл жұмысты біз атамекеніміздің шерлі де қастерлі шежіресін бүгінгі күннің танымы мен талабы тұрғысынан, тарих ғылымының соны жетістіктерін пайдалана отырып қайта жазудан бастадық. Құнды идеяны жүзеге асыруға құлшына кіріскен қаламгер, Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері Ермек Балташұлы айтарлықтай еңбек сіңірді. Осы «Қу – Балқантау» энциклопедиясын әзірлеу барысында деректер жинастыру үшін авторға жергілікті журналистер, әдебиетші, тарихшы мамандар, мәдени сала қызметкерлері, өңірде өткен іргелі оқиғалар мен оған қатысқан адамдар жайлы мағлұматы бар белсенді жандар жәрдемдесті. Әрине, өңір тарихын жасаудың алғашқы қадамы олқылық-кемшіліксіз болмайтыны хақ. Бұл кітапта да қамтылмай қалған оқиғалар, енбей қалған тұлғалар көп екені күмәнсіз. Жаңсақ берілген деректер де ұшырасуы мүмкін. Ол үшін оқырмандардан алдын ала кешірім сұрай отырып, кеткен қателерді жазбаша (дерек көздерін нақтылай отырып) көрсетуді, қолдарыңызда бар мәліметтермен бөлісулеріңізді өтінеміз.

Сонымен, нартәуекел! Ұлттық тарихымыздың қазіргі биіктен қарап, сараланған бір парағы деп пайым жасалған рухани тәбәрікті болашақта атқарылатын үлкен іс-шаралардың бастамасы ретінде қабыл алыңыз, мәртебелі оқырман!

Серікжан МЕРГЕНБАЕВ,
Әділет АЙТМҰҚАН,
Сержан АЙДАРБЕКОВ,
кітаптың бас демеушілері



Қу – Балқантау өңірі

ТАБИҒАТЫ ЖӘНЕ ТАБИҒИ ҚОРЛАРЫ

Жалпы мағлұматтар. Қу – Балқантау өңірі Қарағанды облысының солтүстік-шығысында орналасқан, қазіргі таңда Қарқаралы ауданына қарасты аумақ. 1928 жылы Қу, Едірей болыстары мене Бауыр болысының 1-5 ауылдары негізінде дербес әкімшілік-аумақтық бөлініс болып құрылған оның атауы да, шекарасы бірнеше рет өзгерді. Соңғы рет таратылардан он жыл бұрын, яғни 1987 жылы бұрынғы Қу (1965-1995 жылдары Егіндібұлақ, кейінгі Қазыбек би атындағы) ауданының аумағы 5,8 мың шаршы километрді құрады. Оның оңтүстік-батысы Қарқаралы ауданымен шектессе, солтүстік-батысы мен солтүстігін Павлодар, оңтүстік-шығысы мен шығысын Семей (қазіргі Шығыс Қазақстан) облысының жерлері қоршап жатты. Мұндағы халықтың саны да әр кезеңде әртүрлі болды. Кейбір деректер Қу ауданы құрылған кезде бұл өңірде 40 мыңдай адам тұрғанын көрсетсе, енді бір мәліметтер бойынша 35 мыңнан астам тұрғын ғұмыр кешкен екен. Олардың басым көпшілігі қазақтар. Жалпы, бұл өңір тұрғындарын қай кезде де негізінен жергілікті халық өкілдері құрады. Тіпті, коммунистік идеология мен кеңестік билік қазақтарды жаппай қырып-жою саясатын ұстанып, қолдан аштық орнатқан 1931-33 жылдардағы нәубеттен, жергілікті ұлттың зиялы тобын жоюға бағытталған 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргіннен, адамзат баласына жантүршігерлік сынақ болған 1939-45 жылдардағы II ғаламдық қырғыннан, тың көтеру желеуімен байтақ далаға Ресей, Украина мен Белоруссиядан түрлі әлеуметтік топ өкілдерін тоғытқан 1954-58 жылдардағы қоныс аударудан соң да бұл жерде қазақтардың үлес салмағы артық болып қала берді. Өзге жұрт өкілдері әрі кеткенде 8-10 пайызға жетті. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін сыртан келгендердің де көпшілігі тарихи отандарына ат басын бұрғандықтан, қазіргі таңда Қу – Балқантау өңірінде қалған орыс, украин, т.б. ұлттардың үлесі барлық тұрғынның бір пайызына да жетпейді.

XX ғасырда қолдан жасалған әртүрлі әлеуметтік апаттар салдарынан жергілікті халықтың саны өте қатты кемігендіктен, олардың аумақта орташа орналасу тығыздығы төмен – 1 шаршы шақырымға бір адамға да жетпейді. Қу – Балқантау өңірі дербес әкімшілік бөлініске айналған кезде мұнда 10 (Егіндібұлақ, Айнабұлақ, Айрық, Арқалық, Алғабас, Балықтыкөл, Комсомол, Шарықты, Сарытау, Қаракөл) ауылдық кеңес, 8 (Абай атындағы, «Айрық», «Арқалық», «Доғалаң», «Комсомол», «Қоянды», Қазақстанның 40 жылдығы атындағы, «Қаратау») совхоз және «Қаракөл» мамандандырылған шаруашылық бірлестігі жұмыс істеді. Ауданның орталығы Егіндібұлақ аулының іргесі 1826 жылдан белгілі Келтебұлақ қонысының негізінде 1909 жылы қаланды. Ресейдің ішкі аймағынан қоныс аударып келген қарашекпендер көбейіп, орыс отаршылдығы барынша өршіген 1915-30 жылдары елді мекен Хлебородный деп аталды және мұнда осы аттас болыстың әкімшілігі орналасты. Облыс орталығынан 290 километр қашықтықта орналасқан ауыл Қарағанды қаласымен қазіргі аудан орталығы Қарқаралы қаласын басып өтетін автомобиль жолы арқылы қатысады. Кеңес дәуірі кезінде бұл аралықта әуе жолы байланысы жұмыс істеді.

ТАБИҒАТЫ

(фото – 1)

Жер бедері. Қазақстандағы жер бедерінің барлық типі Қарағанды облысы аумағында кездесетін болса, бұл көрініс Қу – Балқантау өңіріне де тән. Ұзақ уақыт бойы планетада жүрген геологиялық тарихи даму нәтижесінде қазіргі таңда қалыптасқан барлық жер бедерінің пішіндері тәрізді, Қу – Балқантау өңірінде жағасы қалың шалғынды, сылдырай аққан бұлақ пен өзен, айдыны жыл құсына толы шалқар көл де, жақпар тасты шың-құздары бар таулар да, көкжиегі кең жазықтар да, жалпы, әлемдік физикалық картада қазақтың ұсақ шоқылы даласы деп белгіленген кеңістікке – Сарыарқаға тиесілі ерекшелік түгелге жуық кездеседі. Сондықтан, Орталық Қазақстанда дамыған аграрлы шаруашылық түрінің бәрін дерлік бұл өңірде өрістетуге мүмкіндік бар. Дегенмен, климаттық жағдайына және топырақ жамылғысына, т.б. ерекшеліктеріне байланысты кейбір тұсы (мысалы осы күнгі Балқантау, Қоянды, Қаракөл, Шарықты ауылдық округтерінің қара топырақты алқаптары) егін шаруашылығы үшін қолайлы болса, жартылай шөлейт, қары жұқа, адырлы, бұйратты (айталық, Айнабұлақ, Мәди, Тәттімбет, Нұрмақов ауылдық округтеріне қарасты) далалар жайылымдық мал өсіруге тамаша бейімделген. Бұл аумақты қоныстанған халықтар қашан да мал бағумен айналысқаны тегін болмаса керек. Сарыарқаның Ертіске қарай еңкейетін шығыс қапталында орын тепкен Қу – Балқантау өңірінің жері Қарқаралыдан терістікке ұзаған сайын аласара береді. Рельефі шоқыаралық ойпаңдармен, өзен аңғарларымен, құрғақ өзен арналарымен тілімденсе, сай-жыраларды қуалап жер бетіне шығып жатқан қара сулар, тұйық ойыстар, көл қазаншұңқырлары жер бетіне алуан түрлі сипат береді. Мықты тау жыныстары жартас, ретсіз шашыла орналасқан тас үйінділері, қорыс тастар түрінде топырақ бетіне шығып жатады. Ұсақ шоқылық полезойдың орта кезеңінен бастап, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан ұзақ контитенттік қалыптасу үдерісінің, екінші сөзбен айтқанда, кембрийге дейінгі, палезойлық һәм барынша кеш тектоникалық құрылымдардың қарқынды бұзылуы, денудациялануы есебінен қалыптасты. Ұзақ уақыт бойы жүрген талқандалу үдерісінің нәтижесінде біршама биік таулар аласа тауларға, одан әрі үгілмейтін тау жыныстарынан құралған, бір-бірінен оқшауланған тау массивтері бар ауқымды, ежелгі пенепленге (таулардың біртіндеп мүжіліп, жазыққа ұласуы) айналдырды. Кайназой-мезазой пенеплені болымсыз эпейрогендік (жердің өте баяу көтеріліп, басылуы) қозғалыстарды талай рет өткерді. Осындай пенеплендену үдерісінің һәм неотектоникалық болымсыз қозғалыстар Қу – Балқантау өңірінде Ертіс өзені алабындағы ауқымды және негізгі су айрығын қалыптастырды. Тау жыныстарының орналасу тереңдігі мен сипатына байланысты ұсақ шоқылардың денудациялық пішіндері сан алуан кейіпте қалыптасқан. Су мен желдің талқандау күші салдарынан таулар жартасты, тік беткейлі, өркешті, ершік, кейде жастық тәрізді сипатқа ие болып, кейде ұзынынан созылып жатқан әктас, құмтас, тақтатас қабаттары қырқалар мен жондарға айналады. Өзен аңғарларының морфологиясы (геологиялық құрылымы) әдетте ландшафтық және климаттық жағдайларға байланысты қалыптасады. Қу –

Балқантау аумағы негізінен ұсақ шоқылы, сондай-ақ, биіктік белдеу элементтері байқалатын аласа таулы, бозды-бетегелі жазық алқапты, кей тұсы шалғынды келеді. Мұндағы Айыр (793), Желтау (959), Едірей (893), Қу (Балқантау, 1366), Дастар (1025), Арқалық (1064), Мыржық (969), т.б. таулар жеке-жеке оқшауланып орналасқан. Тауаралық қазаншұңқырлар мен табиғи ойыстарда Қарасор, Балықтыкөл, Саумалкөл, Қаракөл, т.б. тұйық су айдындары бар. Сан-салалы аграрлы шаруашылық өңірдің барлық аумағында дамыған. Дегенмен, Шарықты, Қоянды, Балқантау, Қаракөл ауыл округтерінің жері егіншілікке, Абай, Мәди, Тәттімбет және Нұрмақов ауыл округтерінің аумағы мал жайылымы үшін біршама қолайлы екенін атап айтқан жөн. Өңірдегі тұрғындардың басты күнкөрісі төрт түлік болғанымен, Шөптікөл-Опырмалы, Қарасор-Шоқай, Балықтыкөл-Қаракөл маңы дәнді дақыл өсіруде айтарлықтай жетістікке қол жеткізуде. Әсіресе, бидай, арпа, тары сияқты дәнді дақыл түрлері жақсы өнім береді. Дегенмен, Сарыарқаның барлық аймағындай, мұндағы егін шаруашылығы да ауа райының құбылысына, жауын-шашынның жылдық мөлшеріне тікелей тәуелді. Өңірдің ең биік нүктесі Қу (Балқантау) тауы аумақтың орта тұсында орналасқан, абсолюттік биіктігі теңіз деңгейінен 1366 метр. Одан және Қу – Балқантау өңіріндегі аласа таулардан көптеген бұлақтар мен өзендер бастау алады. Олардың аңғарлары мен көктемде су жайылатын алқаптары шабындық һәм мал жайылымы үшін пайдаланылады. Бұлар жерлерде шөптесін өсімдіктердің алуан түрі, көптеген бұталар өсетіндіктен, көшпелі тіршілік кешкен бабаларымыздың шаруашылығы үшін маңызды роль атқарды.

Кен байлықтары. Шығыс Сарыарқаның жартылай шөлейтті, аласа таулар тізбегі көмкерген далалық аумағында әр алуан құрамды құмтас, әктас, кварцит, жанғыш тақтатас, вулканиттер кең таралған. Қу – Балқантау өңірінің девондық белдеуінде жанартаулық-тұнбалы мыс-алтын, темір-марганец, қорғасын-мырыш рудалары мен көмір кен ошақтары кездеседі. Олардың кейбіреулері патшалық Ресей дәуірінде ашылып (Благодат-Стефанов және Желтау гидрометаллургия зауыттары), жұмыс істесе, енді бірі Ұлы Отан соғысы жылдары майдан мұқтажын өтеу үшін (Едірей вольфрам руднигі) азды-көпті өнім берді. Олар темір жолдан шалғай орналасуы, тасымалдау құнының қымбат болуы, қорының мардымсыздығы, т.б. себептер алдыға тартылып, жабылып қалса, кезінде байыту технологиясының төмендігі салдарынан өндірісі кейінге ысырылған кейбір рудниктердің (Теректі кен байыту комбинаты) жұмысы енді ғана жолға қойылып келеді. Бірақ, өнеркәсіпті орталықтардан алыс жатқандықтан, оның үстіне, елімізде көмір кеніне сонша ерек мұқтаждық болмағандықтан, Үшқара, Мыңшұңқыр көмір ошақтары қозғаусыз тұр. Бұл себептерге өңірдің Семей ядролық сынақ полигонына таяу орналасуы үстемеленіп, мұнда геологиялық барлау жұмысы соңғы жылдары мүлде баяулап қалғанын айту керек. Аталған тараптағы ізденістердің жетімсіздігі салдарынан талай қазына назардан тыс қалып келеді. Кең тараған, кенсіз пайдалы қазбалар арасында минералды су мен балшықтың және саз балшықтың үлесі үлкен. Өңірдегі жер асты суының адам тіршілігіне неғұрлым пайдалы да қолайлы бөлігі Талды, Түндік өзендерінің аллювийлік шөгінділеріне жиналған. Қарасор және Сарықасқа көлдеріндегі минералды сулар мен шипалы балшықтардың қасиетін ата-бабаларымыз ерте заманнан жақсы біліп, ішкі ағза мен түрлі буын ауруларына ем ретінде пайдаланған дүр. Әйтсе де, медицина ғылымы өркендеген, технология қарышты дамыған бүгінгі таңда ен байлықтың қажетті деңгейде кәдеге жарамай келе жатқаны ойлантады. Өнеркәсіп пен күнделікті тұрмыс үшін саз балшықтың да маңызы зор. Заманауи өмірлік қажеттігі баспанадан бастап, отқа төзімді құралдар, түрлі керамикалық бұйымдар, ең аяғы, ас ішуге арналған ыдыс-аяқтың біраз түрі саз балшықтан жасалады.

(фото – 2)

Климаты. Агроклиматтық тұрғыдан алғанда Қу – Балқантау өңірі әлемдік мұхиттардан өте шалғай жатуына және жер бедерінің сипатына байланысты мұнда ылғал аз түседі (280-300 мм). Жері жартылай шөлейтті, қуаң, тым континенттік: қысы суық, жазы ыстық, құрғақ ұсақ шоқылармен әдіптелген далалық аумақта орналасқан. Ашық, шуақты күндердің ұзақтығы жылына – 2300-2400 сағат болса, оның ең жоғары шегі шілде айының ортасына дөп келеді. Шығыс Сарыарқаға ауа массасының негізгі үш түрі – арктикалық, полярлық,

тропиктік еркін әсер етеді. Қыс айларында ауа райы қалыптасуына азиялық антициклонның батыс тармағы қатты ықпал жасайды. Жылдың суық мезгілінде көбінесе ашық һәм аязды, кейде желмен күшейген ауа райы қалыптасады. Көктемде сақталатын антициклон әсерінен күндіз ауа біршама жылынғанымен, түнге қарай күрт салқындайды. Құрғақ жел тұрақты сипатқа ие болады. Қаңтар айының орташа температурасы – 15 градус С, ең төменгі шегі – 45 градус С. Шілде айының орташа температурасы +18,5 градус С, ең жоғарғы шегі +45 градус С. Ауа райының орташа жылдық мөлшері +1,3-2,3 градус С. Бұл өңірдегі жылы маусымның ұзақтығы 200, аязсыз уақыт 90-100 күнге дейін жетеді. Жауын-шашынның басым түсуі күзден көктемге дейін (қараша – көкек) байқалады, осы кезде бүкіл жылдық ылғалдың 72-82%-ына дейін түседі. Жаз айлары көбінесе атмосфералық жауын-шашынның төмендігімен ерекшеленеді. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 5,5 м/сек. Оның ең жоғары орташа мөлшері наурыз айына (6,8 м/сек), ең төменгі орташа мөлшері тамызға (4,3 м/сек) дөп келеді. Жалпы, желсіз, тымық күндер мұнда сирек байқалады. Қыс мезгілінде орта есеппен 21-38 күн боран соғады. Кейбір жылдары боранды күндер 50 күннен асып кетеді. Жаз мезгіліндегі шаңды дауылдар бір жарым айға дейін жететін жылдар жиі болып тұрады. Көкек – қыркүйек аралығында шамамен 60-100 күн аңызақ соғады. Сондықтан, оншақты жылда бір мәрте қуаңшылық жағдай қайталанады. Кейбір жылдары қыс қатал болып, 5,5-6 айға дейін созылады. Қар жамылғысы қымтаған кезең әдетте қарашадан көкекке дейін, 135-155 күнге жетеді. Айталық, 2016 жылы 14 қазанда түскен қар, мұрты бұзылмастан, 2017 жылғы көкектің алғашқы онкүндігіне дейін жатты. Қар жамылғысының қалыңдығы орта есеппен 30-50 см. Дегенмен, өңірдің Қоянды, Шарықты ауыл округтері аумағында біршама қалың, Мәди, Абай, Тәттімбет ауыл округтері жерінде жұқа түсетінін атап көрсеткен ләзім. Түнгі үсіктің аяқталуы мамыр айының 25-28 күндеріне, қазақ халқы ұғымындағы «Құралайдың» аяқталуына дәл келеді. Жаз кезеңі 100-120 күнге (мамыр-қыркүйек) созылып, әдетте ыссы және құрғақ (шілдеде +32-38 градус С) болады. Бұл кезде жылдық атмосфералық жауын-шашынның 20-40%-ы (120 мм) түседі. Қу – Балқантау өңірінің агроклиматтық жағдайы арпа, бидай, тары тәрізді жаздық дәнді дақылдар мен картоп, қияр, сәбіз, т.б. көкөніс түрлерін өсіруге қолайлы.

Су қорлары. Қу – Балқантау өңіріндегі ағын сулар Қарасор тұйық көлінің және Ертіс өзені алабына жатады. Жалпы, Шығыс Сарыарқадағы өзендер мен бұлақтар шағын, көбінің ұзындығы 10 км-ден кем, екеуі – Түндік пен Талды 100 км-ден ұзын. Орталық Қазақстан жағдайында олар ірі өзендер қатарына қосылады. Бұлар Кент таулы-орманды массивінен, қалған ағын сулар да аласа таулардан басталады. Олар негізінен жер асты су көзімен һәм қар суымен қоректенеді және қазақ даласының кәдімгі жазықтағы өзендеріне саналады. Осы ағын суларға тән басты ерекшелік – қар жаппай еріген көктемдегі су тасуы. Олардағы жылдық ағынның негізгі бөлігі (70-90%-ы) көктемгі екі-үш айдың үлесіне тиеді. Жаз ортасына таяғанда өзендердің ағыны баяулап, таяздап кетеді, тұздылығы артады. Кейбір құрғақшылық жылдары шағын өзендердің біразы қарасуларға бөлініп, кейбіреуі тартылып қалады. Ылғал мол болған жылдары өзендердің арнасы 100-150 м-ге, Түндік пен Талдының төменгі ағасы 500-600 м-ге дейін жайылады. Әдетте шағын өзендердің ені 15-25, Түндік пен Талдының арнасы 50-70 м-ге, тереңдігі 1,5-2 м-ге жетеді.

Көлдері мен тоғандары. Қу – Балқантау өңірінде үлкенді-кішілі жүзден астам көл бар. Олардың жартысынан астамы аумағы 1 шаршы км-ден асатын сулар. Айдыны 0,5-1,5 шаршы км келетін шағын көлдер қуаңшылық жылдары кеуіп қалады. Солтүстік-шығыс бағыттағы, жазықта орналасқан көлдердің қазаншұңқырлары жадағай, жағалауы аласа келеді. Бұларға қарағанда айдыны үлкен, терең көлдердің суы мол болады және жыл бойы сақталады. Өңірдегі көлдердің минералдығы тұрақты емес, құятын өзендер мен бұлақтар суының және атмосфералық ылғалдың мөлшері мен құрамына байланысты 1 г/л-ден 10 г/л-ге дейін ауытқып отырады. Ауқымды қазаншұңқырлардағы көлдер жер бетіндегі және жер асты су ағындарының негізгі қорына кіреді. Солардың ең ірісі Қу – Балқантау өңірінің батысын ала орналасқан Қарасор адырлы жазығындағы тұйық су айдыны. Бұл өңірде ондаған көл (Қарасор, Балықтыкөл, Саумалкөл, Қатынкөл, т.б.) бар. Олардың орташа тереңдігі 1 м, кей

тұстары 4-5 м-ге дейін жетеді. Қарасор суының минералдылығы 35-41 г/л. Көл түбіне емдеу-сауықтандыру орындары мен шипажайларда пайдаланылатын, сұр түсті күкіртті-сутекті шипалы балшық тұнған. Көл суын пайдалану шектелген.

Түндік өзені бойында, Ақтасты аулы тұсында, Едірейдегі Шаң бұлағында өткен ғасырдың ортасында бөгендер байланып, жиналған су егістік алқаптарын ылғалмен қамтамасыз етуге пайдаланылды. Жетпісінші жылдары Өсібай аулы жанында салынған тоған да жергілікті тұрғындардың дербес шаруашылығы үшін маңызды роль атқаруда.

(фото – 3)

Топырағы. Қу – Балқантау аумағындағы аласа таулар мен ұсақ шоқылықтарды тауға тән құнарлы қара топырақ жапқан. Тау, жота беткейлерінің күшті тілімденуі, ойыстар мен өзен аңғарларының молдығы, атмосфералық жауын-шашынның көп түсуі, жер асты суының молдығы қазіргі шалғынды-далалық топырақ жамылғысын қалыптастырды. Бұл топырақ түрінің қоректік заттарға байлығы, бойына ылғалды мол жинақтауы мұнда егіншілік үшін қолайлы жағдай жасады. Тауаралық далалар мен су айрықты көтеріңкі жазықтарда күңгірт қызыл қоңыр топырақ басымдау. Олардағы қара шіріндінің мөлшері 2-3% шамасында. Далалық қызыл қоңыр топырақ арасында интераймақтық және сортаң топырақ түрлері, олардың компоненттері таралған. Бұлар біршама құнарлы топырақтар болып саналады. Құрамында саздақ және карбонатты саз мөлшерінің молдығына орай жел эрозиясына ұшырап отырады. Қатты жыныстардың және олардың үгінділерінің сыртқы қабаттан 40-80 см тереңде орналасуы, бұл топырақ жамылғысының өзіндік ерекшелігі. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде жаппай жыртылып, дәнді дақыл өсіру үшін пайдаланылды. Дегенмен, ауа райына тәуелді жағдайда мұндай жердегі егіншілік түсімі тұрақсыз келеді.

Өсімдіктер дүниесі. Жер қыртысындағы өсімдік түрлері мен олардың таралуы табиғаттың биологиялық, экологиялық, эволюциялық ерекшеліктеріне, өңірдің климаттық жағдайына тәуелді. Қу – Балқантау өңірі флорасында елуден астам тұқымдасқа жататын гүлді өсімдіктің мыңға тарта түрі ұшырасады. Оның арасында астра тұқымдасының жүздеген, астық және бұршақ тұқымдастардың ондаған, алаботалардың елуден астам түрі бар. Өсімдіктердің Шығыс Сарыарқа аумағына ғана тән түрлерінен қазақстан астрагалы, қарқаралы бөріқарақаты, қарқаралы бидайығы мен сылдыршөбі кездеседі. Жалпы, дала бетін бозды-бетегелі шөптесін өсімдіктер жапқан. Күңгірт қызыл топырақ үстінде астық тұқымдастар таралса, өзен арнасы болған кең аңғарларда бетеге, жусан, леселинг қауы, дала шалфейі, ұзын жапырақты құмдақшөп, шашақты аққаңбақ, саздақ топырақты далада қылтаң селеу, жусанның кейбір түрлері өседі. Қиыршықтасты һәм қорымтасты беткейлер мен қыраттарда сабақсыз қазтабан, қауырсынды бөденешөп жиі кездессе, шоқылардың беткейлері мен жондарда, құрғақ өзектерде қараған, тырбық тобылғы, ұсақжапырақты ұшқат, шайқурай ұшырасады. Сор және сортаң топырақты далада алабота, жусан, көкпек басым өседі. Өңірдің солтүстік-шығысындағы кең жазықта шеңгел, Талды мен Түндік өзендерінің жайылмасында көктал, ұшқат, итмұрын сияқты бұталы өсімдіктер таралған. Қайың мен терек аралас тоғайлар Едірей тауының сай-қолаттарында, қарағайлы орман Қу мен Боқтының өзен, бұлақ бастаулары бойы мен беткейлерінде ұшырасады. Қуда альпілік биіктік белдеуінің сілемдері сақталған. Мұның жоғарғы бөлігінде субальпілік өсімдіктер жұрнақтары кездесіп қалады. Жартасты тауларда ырғай, тасжарған, итмұрын, қарқаралы бөріқарақаты, жіңішке көкнәр сияқты бұталар өседі. Олардың кейбіреуі сирек кездесетін, тіпті жойылып бара жатқан түр ретінде еліміздің «Қызыл кітабына» енгізілген. Шоқылар арасында – сайлар мен аңғарларда жергілікті климаттық жағдай әсерінен діңдері қисая бұралған «биші қайыңдар» ұшырасуы мүмкін. Өңірдегі өсімдіктер дүниесіне қамқорлық жасау үшін «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қу шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі игілікті іс тындыруда. Мұнда қарағай, балқарағай, шегіршін, қайың, көктерек, терек, сүректал, қарағаш, жиде, бүрген (шырғанақ), арша, сары қараған, ұшқат, тау талы, ырғай, итмұрын, тобылғы, т.б. ағаштар мен бұталар қорғауға алынып, оларды күтіп-баптау, орман зиянкестері мен аурулардан, өрттен қорғау, т.б. шаралар санитарлық-техникалық талаптарға сай жүреді. Мақсатты кесу, сирету, көшеттер

мен екпелерді уақытылы отырғызу, өскіндерді тыңайтқыштармен, қажетті минералдармен қоректендіру аса бағалы қазынаны келер ұрпақ игілігі үшін аман сақтауға мүмкіндік береді.

Өңірдің өсімдіктер әлемі азық-түлік пен жемшөп қоры ретінде ғана емес, адам денсаулығына игілікті ықпал жасайтын медициналық шикізат мақсатында да зор маңызға ие. Атап айтқанда бүрген (шырғанақ), итмұрын, таңқурай, т.б. бұталардың дәрумендерге өте бай жемістері, жалбыз, жолжелкен, түймедақ, күреңот, емдік қасиеттері күшті басқа да шөптесін өсімдіктер Қу – Балқантау аумағында молынан кездеседі. Оларды отандық фармацевтика өндірісінің қажетіне жарату – алдағы күннің кезек күттірмейтін міндеттері қатарында.

Жануарлар әлемі. Шығыс Сарыарқа даласы жан-жануарларға да барынша бай. Тау-тасы мен сай-саласы көп, құнарлы топырағы алуан түрлі өсімдікке малынған, аң-құстардың тіршілігіне қолайлы. Орман-тоғайлы аңғарлар мен шөлейтті далаларға ерекше сипат беріп, қайталанбас әсемдік түзген қыратты-төбелі алқаптар, өзендер мен көлдер бар. Өсімдік әлемінің бай, жемшөп пен су қорының мол болуы өлкеде жан-жануарлардың өсіп-өніп, кең таралуына мүмкіндік берді. Мұнда сүт қоректілердің елуден астам, құстардың 150-дей, бауырымен жорғалаушылар мен балықтардың оншақты, қосмекенділердің үш түрі мекендейді. Атап айтқанда, Желтау, Айыр, Қызылтау, Арқалық, Едірей, Мыржық, Дастар, Қаратау, Қу, т.б. тау тізбектері мен жоталардың арасында тұяқтылардан арқар, елік, ара-тұра бұлан, жыртқыштардан қасқыр, түлкі, ұсақ аңдардан орқоян, суыр, борсық, күзен, далалық кеңістіктерде киік (ақбөкен), қарсақ, кемірушілерден саршұнақ, жоңғар аламаны, қосаяқ, сұртышқан, алақоржын, бауырымен жорғалаушылардан кесірткенің бірнеше түрі, қарашұбар жылан, улы сұржылан, қалқантұмсық жылан, қосмекенділерден жасыл құрбақа мен үшкір тұмсықты бақа, т.б. ұшырасады. Құстардан кәдімгі торғай, ақбас сарыторғай, тағанақ, бозторғай мен қараторғай, сарышымшық, жабайы кептер, сұр шіл, құр, қар жұқа, қыс жұмсақ жылдары сұр кекілік, жазда бөдене, жыртқыш құстардан күйкентай, жамансары, қырғи, қарақұс, сиректеу ителгі мен бүркіт, жыл құстарынан аққу, тырна, шүрегей үйрек пен сарыалақаз кездеседі. Жәндіктерден құрттар мен қоңыздардың, құмырсқалар мен көбелектердің алуан түрі мекендейді. Балықтардың негізгі шоғырлану айдыны Балықтыкөл, Түндік, Талды өзендері бойындағы қарасулар және шағын көлдер. Бұларда таралған балық түрлері көп емес, олар: алабұға, мөңке, лақа, майшабақ, аққайран, оңғақ, қарабалық. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген фауна өкілдері «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қу шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі арқылы мүмкіндігінше қамқорлыққа алынған.

(фото – 4)

ХАЛҚЫ. Қу – Балқантау өңірінің тұрғындар саны қазіргі таңда он мыңға жетер-жетпес адам. Бұл – Қарағанды облысы халқының 1 пайызын да құрамайтын көрсеткіш. Өңірдің 5,8 мың шаршы км аумағына шаққанда, әрбір шаршы шақырымдағы тұрғын саны екі адамға да жетпейді. Қарағанды облысында Ұлытау ауданынан кейін халық сирек орналасқан өңір. Қу – Балқантау аймағының негізгі тұрғыны соңғы 5-6 ғасыр мұғдарында қазақ ұлтының өкілдері болды. Орыс отаршылдығы, оған жалғасқан кеңестік-коммунистік империяның түрлі саяси науқандарына қарамастан, өңір тұрғындарының басым бөлігін әрдайым қазақтар құрады. Әңгіме болып отырған кеңістікті мекендеген халықтың саны жайлы қолдағы дерек 1840 жылдан басталады. Ресей империясының атқарушы билігі жүргізген санақ бойынша, осы кезде Қарқаралы дуаны құрамындағы Шаншар болысында 3140 шаңырақ, 9423 ер, 12564 әйел; Көшім болысында 488 шаңырақ, 1464 ер, 1952 әйел; Жалықбас болысында 1084 шаңырақ, 3252 ер, 4336 әйел адам болған дүр. Кейін атауы әлденеше өзгерген осы әкімшілік бөліністер 1923 жылы ірілендіріліп құрылған Меңдешев және Едірей, Бауыр болыстарының, 1928 жылы Қу ауданының негізін қалады. Жоғарыда айтқанымыздай, тұрғын халықтың негізгі бөлігін қазақтар құрады. Ресей даладағы отарлық езгісін күшейте түскен XIX ғасырдың 2-ші жартысындағы, 1906 жылы Столыпин бастаған аграрлық реформалардан кейін қазақ даласына ағылған орыс қарашекпендері Қу – Балқантау өңіріне де қоныстана бастады. Бірақ, қара топырақты жамылғысы саяз, жауын-шашын аз түсетін, егіншілікке қолайсыз, жартылай шөлейтті, оның үстіне, үлкен қалалар мен су магистральдарынан алыс

жатқан аумақты жерсінген келімсектер саны шектеулі болды. Соған қарамастан, Қу тауынан ағатын Келтебұлақтың етегіндегі құйқалы жазықты егістікке айналдырып, қоныс орнатып, оған «Хлебородное» деген атау берген екен. 1928 жылы ол Қу ауданы құрамына қосылды. 1954 жылы тың және тыңайған жерлерді игеру «эпопеясы» басталып, жаппай жыртылған Қазақстанға орыс, украин, белорусс, т.б. халықтар өкілдері тоғытылып, тың көтерілген далада Абай есімін иеленген, «Комсомол» атанған совхоздар орнаған кезеңнің өзінде бұл аумақтағы тұрғын жұрттың басым бөлігі қазақтар болып қала берді. Бұған тағы да өңірдің коммуникациясы дамыған орталықтардан шалғай, оның есесіне Семей ядролық сынақ полигонына тақау орналасуы себеп болса керек. Қалай болғанда да, Қу – Балқантаудағы бөтен ұлттың саны жалпы халықтың 10 пайызына жетіп көрген емес. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін сырттан келгендердің барлығы дерлік тарихи отандарына қайтты. Өңірді мекендеген халықтың саны XIX ғасырдың 2-ші жартысында 30 мыңдай болғанын жоғарыда айттық. Жазушы Медеу Сәрсеке 1930 жылы Қу ауданында 32812 адам тұрғанын (М.Сәрсеке, Семей қасіреті. Деректі тарихи хикаят. – Астана, Фолиант, 2016. 206-бет), оның 32778-і қазақ (99,9%), 30-ы еуропалық (0,1%) екенін көрсетсе, басқа авторлар 1931 жылғы санақ бойынша мұнда 40359 кісі өмір сүрді дейді (Ғ.Смағұлұлы, М.Смақұлы, Балқантау баурайында. Деректі әңгімелер. – Алматы, 1998. 12-бет). 1931-33 жылдың нәубетінен кейін бұл жерде негізінен аштан өлген адамдардың ақсөңке сүйектері жатты. Осынау орасан шығынның орны кеңес билігінің одан кейінгі 60 жылында толған жоқ: 1987 жылғы санақ бойынша Егіндібұлақ ауданында 16,7 мың тұрғын болса, Қазыбек би ауданы таратылған 1997 жылы мұндағы халық саны 20 мыңның төңірегінде ғана екен. Осыдан кейінгі кезеңде Қу – Балқантау өңіріндегі тұрғындар саны ұдайы кему үстінде. Ауданмен бірге мекемелер мен кәсіпорындар жабылған соң белсенді еңбек жасындағы адамдардың дені кәсіп іздеп қалаға ағылса, медициналық қызмет әлсіреген жерден тиісті жәрдем ала алмаған, денсаулығы, жүріс-тұрысы кеміген ересектер де шаһардың жайлы тұрмысына ұмтылуда. Жыл өткен сайын саны кеміп келе жатқан білім беру, денсаулық сақтау орындары, мәдениет ошақтары, т.б. мекемелер қайта қалпына келмейінше, бұл үдеріс тоқталмайтыны анық. Аумақтағы халықтың білім деңгейі, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы ілгеріде айтылған урбанизация үдерісіне тікелей тәуелді. Өңірде негізінен мектеп жасындағы балалар және орта жастан асқан адамдар тұрады. Тұрғындардың орта жасы Қарқаралы ауданы мен Қарағанды облысы халқының өмір сүру деңгейінен едәуір төмен. Ең алдымен, оған аумақта медициналық қызмет көрсету сапасының нашарлауы, одан соң, өңірдің Семей ядролық сынақ полигонына кірігіп жатуы себеп болуда. Жоғарыда аталған еңбегінде Медеу Сәрсеке: «Өкінішті гәп: Егіндібұлақ ауданының тұрғындары ядролық сынақтардың залалы үшін төленетін қосымша ақының ең азына ілікті. Абыралы, Абай, Жаңасемей ауданының халқы мен семейліктер, Май ауданының да зонаға ұрымтал аумақтағы зейнеткерлері жоғары және бірінші дәрежелі төлемді ай сайын алады. Ал егіндібұлақтағылар полигонның іргесінде отырып соны кем алады. Неге? Ақтауға болмайтын әділетсіздік!» (сонда, 207-бет), – деп кейбір ақиқаттың астарын ашып өтеді. Өңір халқы арасында қатерлі ісік, жүрек-қан тамырлары, қант диабеті, аллергия аурулары кең тараған. Қарағанды қаласындағы онкологиялық ауруханада емделушілердің жартысы Қу – Балқантау өңірінің тұрғындары десек, ақиқаттан аулақтамаймыз.

ТАРИХЫ

Ежелгі дәуір. Дүниежүзілік картада «Қазақтың ұсақ шоқылы даласы» деп белгіленген Сарыарқаның шығысындағы, Қу, Айыр, Желтау, Дастар, Қаратау, Арқалық, Едірей, Мыржық тәрізді таулармен көмкеріліп, Қарасор, Балықтыкөл, Саумалкөл, Талды, Түндік, т.б. көптеген көл-өзендері өрнектеген, аумағының көлемі Еуропаның ергежейлі елдерінің біразынан асып түсетін кеңістіктің табиғаты қандай сұлу, бірегей болса, тарихы да соған сай ерекше. Бүкіл Қазақстан даласындағыдай Шығыс Сарыарқада да адамзат тіршілігіне қолайлы экологиялық-климаттық жағдай бұдан 3-3,5 миллион жыл шамасы бұрын қалыптасқан. Қазіргі жартылай шөлейтті алқаптарды су арналары – өзендер мен бұлақтар өрнектеп, жасыл желекті орман-тоғай басып жатты. Мәңгі жаз орнаған кеңістікте жеміс-

жидек жыл бойы үзілмей, жануарлар өріп жүрді. Қазақ жерінің әр тұсында алып кесірткелер – динозаврлардың, қазіргі пілдің туысы болып келетін зілдің, қылшықты мүйізтұмсықтың, сиыр тұқымдас бизон мен жылқы тектес жануарлардың тасқа айнала бастаған сүйектерінің табылуы осыған меңзейді. Тіршілік көзі терімшілік пен аңшылықтан басталған адамзат баласы үшін қолайлы ежелгі қоныстардың бірі қазіргі Қу – Балқантау аумағы болды. Археолог ғалымдар кеңістікке адамдар антропоген кезеңінің басында қоныстана бастағанын айтады.

Тас дәуірінің өзі палеолит – көне (б.д.д. 2,6 млн. – 10 мың жыл), мезолит – орта (б.д.д. 10 – 7 мың жыл), неолит – жаңа (7 – 4 мың жыл) деп жіктеледі. Көне, орта және кейінгі тас, қола мен темір дәуірлеріндегі адамзат тұрақтары мен олардан табылған еңбек құралдары, тастағы таңбалар мұнда адамзат мәдениеті тым тереңге тамыр тартатынын аңғартады. Б.д.д. 1 миллион 800 мың – 700 жыл арасын қамтитын ежелгі тас дәуірінің шелль, әсіресе, ашель және мустье (көне француз қоныстары атауын иеленген) мәдениеттерінің қалдықтары Қу – Балқантау өңірінде жүргізілген археологиялық зерттеулер барысында біршама кездесті. Адамзат қоғамдастығындағы ең ұзақ мерзімге созылған тас дәуірінде елеулі физиологиялық өзгеріске түскен адамдар тек қоректік өсімдіктер мен жеміс-жидектер теріп, аң аулаумен шұғылданып қоймай, астық тұқымдас өсімдіктердің дәнін үгіп, теріні, сүйекті өңдеу ісін де тәп-тәуір меңгеріп қалған екен. Мұндағы қазбалардан табылған, тасты қашауға, тесуге, кесуге арналған құралдар, тас диірменнің ең жабайы түрлері осыған куә. Жалпы, Сарыарқадағы тас дәуірі мұраларын жоспарлы түрде зерттеу 1946 жылдан, Қазақ КСР ҒА-ның Ә.Х.Марғұлан бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясынан бастау алады. Жұмысты одан әрі А.Г.Медоев, М.Н.Клапчук, Ж.К.Таймағанбетов, О.А.Артюхова, Б.Ж.Әубекеров, В.С.Волошин тәрізді ғалымдар жалғастырды. Өкінішке орай, аталған экспедициялардың көбі өнеркәсіпті орталықтар мен күре жолдарға жақын жатқан тұрақтар мен қоныстарды зерттеуге ден қойып, коммуникациясы кенжелеп қалған Қу – Балқантау өңірін назардан тыс қалдырды. Тек, Мыржық қоныстарын қарастырған Ж.К.Таймағанбетов, Түндік өзені бойын, Егіндібұлақ маңын сипаттаған А.Г.Медоев еңбектері ғана біз қарастырып отырған аймаққа қатысты. Тас дәуірінде өмір сүрген адамдардың тұрақтарынан табылған өте қарапайым еңбек құралдары – тас балта, шапқы, пышақ, т.б. бұнда адамдар аз дегенде миллион жыл бұрын қоныстанғанына куәлік етеді.

(фото -5)

Адамзат өркениетінде төңкеріс жасаған қола дәуірі бұрынғы мәдениетпен салыстырғанда өте қысқа мерзімде өтті. Ол б.д.д. 3-2 мыңжылдықтардан б.д.д. I ғасырға дейін созылды. Адамзаттың 2,5 млн жылдық тарихында азғана үзікті қамтитын кезеңде саналы тіршілік иелерінің тұрмысында, мәдениеті мен экономикасында түбегейлі өзгеріс жасаған жаңалықтар дүниеге келді. Еңбек құралдары, қару-жарақ қолдануға ыңғайлы болды. Адам металды игерумен қатар жануарларды қолға үйретуді меңгерді. Отбасы, ру, тайпа қалыптаса бастады. Қандас туыстықтың алдыңғы орынға шығуы бұдан әрі Еуразия кеңістігінде үш мың жыл бойы салтанат құрған көшпелілер үшін маңызды роль атқарды. Археология ғылымы андронов мәдениеті деп атау берген кезең адамдарының қонысы Шығыс Сарыарқада молынан ұшырасады. Бұл кезде адамдар әр тектілігімен ерекшеленді. Әулеттік қорымдардан табылған жәдігерлер олардың арасында көпшілік құрмет тұтқан көсемдер мен әскери элита бөлектене бастағанын көрсетеді. Сәл кейінірек бұл топқа дін өкілдері – абаздар қосылды. Қола дәуірінің тұрғындары арасында мүліктік теңсіздік орын ала бастағанына Қарқаралы – Кент – Қу өңірінде жүргізілген археологиялық қазба жұмыстардың нәтижелері дәлел болады. Бұл кезеңдері адамдар басты өндіргіш күш өздері, яғни адам екенін жақсы түсінді. Техникалық жабдықтар, жер қыртысы, онда өсіп-өнетін өсімдіктер мен жануарлар әлемі, шартты іс-әрекет жағдайы сайып келденде адамның еңбек құралы болып табылады.

Адамзат дамуының алғашқы қадамында, оның тастан, ағаштан, сүйектен, т.б. материалдан жасалған еңбек құралдары қатарында саналы тіршілік иелері қолға үйреткен жануарлар болғаны әбден дәлелденген, талас тудырмайтын ақиқат. Қу – Балқантау өңірін

мекендеген қола дәуірі тұрғындары мал бағумен айналысқанын олардың тұрақтарынан табылған мал сүйектері, қабірлерге адаммен бірге жерленген сүйек ыдыстар, бұйымдар, құрбандыққа шалынған мал сүйегінің ошақ басында қалған, жартылай жанған қалдықтары анық көрсетеді. Бұл адамдар алғашқы бетте сиыр өсірумен айналысты. Алыс қашықтыққа өрістемейтін, өнімі мол ірі қара тиімді көрінді. Бірақ, оған ұдайы соны жайылым, жылы жай керек болды. Қыс ауыр жылдары тебіндеп жайылмайтын малдың шығыны өте ауыр тиетінін аңдаған ежелгі адамдар біртіндеп қой-ешкі, одан соң жылқы өсіруге бет бұрды. Бұл өңірдегі қола һәм ерте темір дәуірі ескерткіштерін әйгілі Әлкей Марғұланның ізбасар әріптестері А.М.Оразбаев, К.А.Ақышев, М.К.Қадырбаев зерттеді. Мысалы, Сарыарқадағы ерте темір дәуіріне жататын Тасмола мәдениетін ашқан «мұртты» қорғандарды зерттеуші Мир Қадырбаев. Ғалым 1965-66 жылдары Арқалық пен Едірей таулары арасында, Тотия өзені бойында қазған Қараоба және Бөрлі қорымдары жайлы атап айту керек. Қараоба қорымын зерттеу барысында ол 23 жас шамасындағы жас әйелдің қаңқасын кездестіреді. Ерекшелігі сол, әйелдің оң жақ аяғының ортан жілігі сынып, оған ота жасалған екен. Сүйектің орнына шеберлікпен салынғаны сондай, ол бітіп кетіпті. Қу – Балқантау өңірінде шамамен бұдан 2000 жыл бұрын, қола дәуірінде өмір сүрген адамдардың медициналық мүмкіндігі қандай деңгейде болғанын осыдан байқаймыз. Мұнда 1970-ші жылдарынан бері Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың, 1999 жылдан Ә.Х.Марғұлан атынд. ғылыми-зерттеу институтының археологиялық экспедициялары жұмыс істейді. А.З.Бейсенов бастаған зерттеушілер тек Едірейден ғана қола дәуір адамдарының 26 қонысын тапты. Қорымдарды қосып есептегенде, бұл кезеңнің ескерткіштер саны 60-қа жетеді. И.А.Кукушкин бастаған ҚарМУ археологтары Қызылкөл қорымын қазып, ол ерте андронов мәдениетінің соңына жататын қола дәуірі ескерткіші екенін анықтады. Бұл экспедиция Түндік өзені жағасындағы, қола дәуірі жәдігері болып табылатын Жыланды қорымдарын зерттеу барысында олар б.д.д. III мыңжылдықтың соңғы ширегіне жататынын анықтады. Егіндібұлақ аулынан оңтүстікке қарай, 25 км жерде орналасқан зираттардан қыш ыдыстардың сынықтары, жылқы тістері, сүйек пен мүйізден жасалған бұйымдар, т.б. жәдігерлер табылды. Түндік өзені бойындағы, ерте темір дәуіріне жататын тас қорғандар да бұл өңір тұрғындары өркениет көшінен қалмағанын көрсетеді. Өкініштісі, бұлардың барлығы дерлік тоналған. XVIII-XIX ғасырларда, орыс отарлығы өз апогейіне жеткен кезде Дешті Қыпшаққа қазына іздеушілер қаптап келді. Олар ғасырлар бойы дін аман тұрған таңғажайып ескерткіштерді – қорғандар мен зираттарды талқандап, алтын бұйымдар іздеді. Басқада жоқ көне бұйымдардың коллекциясын жасау Еуропада білімділік пен зиялылықтың нышанына баланып, қазақ даласындағы қорымдардан тоналған, қоладан жасалған пышақ, қанжар, балта, шапашот, жебе мен найза ұштары, алқалар мен білезіктер, жүзіктер мен балдақтар, т.б. жәдігерлер орыс көпестері мен кәсіпкерлерінің, шенеуніктері мен офицерлерінің даңққұмарлық ындынын қанағаттандыруға қызмет етті.

(фото – 6)

Қола дәуірі кезеңіндегі адамдар өзен бойындағы жерді қола кетпенмен өңдеп, астықты қоладан жасалған орақпен орып алды. Андронов мәдениеті аталған бұл қоғамда жауынгер арбалары бар көсемдер билік басына шықты. Қайтыс болған ақсүйекті жерлеу үшін жерді қазып, науыс – қырынан орнатылған жалпақ тақта тастардан табыт жасалған. Олардың пішімдері шаршы, сопақша, дөңгелек болып келеді. Қабірдің бетін жалпақ тастармен бастыра жабу дәстүрі байқалады. Дегенмен, мәйітті өртеп барып жерлеу рәсімі көбірек орын алған екен. Кейбір қабірлердегі қыш құмыраларда бидай мен тарыдан жасалған және сүт тағамдарының қалдықтары болған тәрізді. Көңіл аударарлығы, Сарыарқадағы қола дәуір мәдениетінің ескерткіштері, соның ішінде кесенелер Оңтүстік Қазақстан аумағында табылған қоныстар мен қорымдарға қатты ұқсас. Бұл сол кезеңнің өзінде байтақ алқапты қоныстанған тайпалар үй жануарларын қоныстарының төңірегіне ғана өрістетпей, жазда жайылымы шүйгінді Сарыарқаны жайлап, «кәрі құда» жақындағанда қысы жұмсақ Сыр бойына қарай сырғып, көшпелі өмір сүргенін аңғартады. Ерте темір дәуірін қамтитын, кейде *Тасмола мәдениеті* аталатын кезеңді Қазақстанның заманауи археологиялық ғылымы үш топқа бөліп қарастырады. Оның алғашқы тобы – үйінді обалар. Обалардың биіктігі 1-2 м-ден

4-5 м-ге, диаметрі 5-15 м-ден 40 м-ге дейін жетеді. Белгілі тұлғалардың зираты ретінде тұрғызылған бұлар әдетте қиыршық тастардан, кейде топырақтан үйіледі. Оба астындағы қабір жалпақ тастармен шегенделіп, шалқасынан жатқызылған маркұмның басы солтүстік, солтүстік-шығыс бағытқа қаратылып жерленеді. Мәйіт қойылған қабірден таспен бөлінген, немесе жеке қазылған камераға құрбандыққа шалынған малдың сүйегі, көбінесе жылқы мен қойдың басы, сирағы кездеседі. Жылқы бас сүйегімен бірге жүген ауыздығы, жебенің темір ұштары, пышақтар, біз, қола әшекейлер, айылбас, түймелер, т.б. табылды. Еркектердің антропологиялық түрі монғол нәсілінің белгілері бар еуропалық болса, әйелдерде монғолдық белгілер басымдау. Ғұн-сармат дәуірі ескерткіштеріне тән белгілер бұл жәдігерлерден де кездеседі. Үйінді обалардың жасы б.д.д. VII-VI ғасырлардан III-I ғасырларға дейін жалғасады. Тасмола мәдениетінің екінші тобы – мұртты қорғандар. Бұл ескерткіштер, ғалымдардың көрсетуінше, сол кезең адамдарының діни сенімі мен әдет-ғұрпын, жалпы дүниетанымын танытады. «Үлкен» оба тайпа көсемінің зираты болса, оған жалғасқан «мұрттардың» астына маркұмды еске алу асында құрбандыққа шалынған жылқының сүйектері көмілген. «Мұрттың» ұзындығы бірнеше м-ден жүздеген м-ге дейін жетеді. Атап көрсететін жағдай, ғалымдардың бір тобы оларды сақтар мұрасы деп есептесе, екіншілері ерте орта ғасырларға, яғни талассыз түрік тілдес халықтар ескерткішіне жатқызады. Қарастырылып отырған мәдениеттің үшінші тобы – қоныстар. Бір ғажабы, Орталық Қазақстан аумағындағы ерте темір дәуірінің қоныстары үшінші мыңжылдыққа дейін зерттеу аясынан мүлде тыс қалып келді. Оның бірінші себебі, жайылымдық мал өсірумен айналысып, көшпелі тіршілік еткен бұл дәуірдің адамдары қысты Сыр мен Арыс, Талас пен Шу бойында өткізіп, Сарыарқаға тек жазғы жайлауға ғана келді деген тұжырым бекісе, екіншіден, археолог ғалымдардың назарын бірден көзге ұрып тұрған жәдігерлер – қорған обалар мен мұртты обалар, қорымдар мен балбал тастар аударып әкетіп, қоныстар тасада қала берді. Өңіріміздегі алғашқы екі топқа жататын ерте темір дәуірі қалдықтары өткен ғасырдың ортасынан бастап кеңінен зерттелсе, кейінгісі тек соңғы ширек ғасырдың мұғдарында ғана ғылыми айналымға түсуде. Адам бейнесі оймышталып жасалған балбал тастар Едірейдің ішіндегі Қарасу бойынан, Түндікті өзенінің Жыланды тауы тұсынан, Боқтының терістік бетіндегі Қойтас қонысынан, т.б. жерлерден кездесті. Сақ дәуірінде тұрғызылған үйінді обалар түстіктегі Боқты таулары мен терістіктегі Едірей тауларының арасындағы байтақ өңірде мол, кейде жалғыз, кейде бірнешеуі тіркесіп жатады. Бұндай ескерткіштердің Түндік өзені бойындағы бірнешеуі (Жыланды тауы жанындағы, Айрық даласындағы) зерттелсе, көбінің мұрты бұзылмай жатыр. Мұрт дегеннен шығады, «мұртты» обалар өңірдің әр жерінен ұшырасады. Соның бірі – Ақтасты аулынан Айрыққа қарай шыға берісте, тас жолдың іргесінде жатқан жәдігер.

(фото – 7)

Ертеде кен қазылған орындар мен петроглифтер Тасмола мәдениетінің 4-ші және 5-ші түрлеріне жатады. Ілгері қола дәуірінің кеншілері сияқты ерте темір дәуірінің өкілдері де мыс, алтын, темір, т.б. металдарды өндіру және өңдеумен айналысты. Әзірше, бұл өңір тарихы үшін тың жатқан тақырып. Оның есесіне, Желтау, Мыржық, Едірей тауларында мал баққан ересектер бұл жердегі жартастардан қашау әдісімен таңбаланған адам мен аң пішіндерін, аңшылық көріністерін, мүйізді жануарлар мен дөңгелекті арба бейнесін, т.б. суреттер көргенін тұшына әңгімелейді. «Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні» (Алматы: Эверо, 2004) жинағын шығарған авторлар Тасмола мәдениетіне жоғары дамыған, мүліктік теңсіздік белгілері терең белең алған, дамыған қоғамдық құрылым еді деп баға береді. Сондықтан, Қу – Балқантау өңірінде қола және ерте темір дәуірінде өмір сүрген адамдар отырықшылдық пен жайылымдық мал шаруашылығын қатар жүргізудің биік деңгейіне жеткен болатын деп тұжырым жасай аламыз. Кейінгі уақытқа дейін тарихи әдебиеттерде көшпелі халықтар туралы: «Шығыстан Батысқа қарай жосықсыз жосылған, жолындағының бәрін тып-типыл еткен, аяқтары мен аттарының тұяқтары гүл жайнаған өсімдік біткенді таптаған, рахымсыз да үрейлі» деген, оларды құбыжық етіп көрсетуге тырысқан біржақты көзқарас қалыптасты. Еуропада пайда болып, сондағы ілім, білім жүйесі

арқылы адамдардың санасына сіңіп қалғаны соншалықты, уақыт пен кеңістік бойынша соншалық ұзақ та кең көлемде көшіп жүрген халықтардың тыныс-тіршілігіне зер салып, оларды осы жағдайға мәжбүрлеген себеп не деген сауалға жауап іздеген зерттеушілер некен-саяқ. Өркениетті халықтар жасаған мәдениетті талқандап, жою ғана қолынан келетін, мейірімсіз, жазу-сызуы, не ғылымы, не өнері болмаған, мәдениеттен жұрдай жабайылар ордасы жайлы пікір үшінші мыңжылдыққа дейін мұрты бұзылмай жетті. Бұл тұжырымды орнықтыру тұла бойында көшпелелердің қаны жүгірген халықтарды төл тарихынан ажыратып, отарлық бұғауда ұстау үшін әдейілеп жүргізілген сұрқия саясат еді. Еуразияның ұлан-ғайыр даласынан көшпелілердің қолымен жасалған бірегей жәдігерлер, үздік мәдениеттің үлгілері, ежелгі ескерткіштер табылғаннан кейін де ұстаным өзгерген жоқ. Еуропалықтар оларды бүгінгі түрік халықтарына жолатқысы келмей, сақтар (скифтер) мен ұндардың тегі не ирандықтар, не мифтік арийлер, не кім екені белгісіз, тек қана түріктерге қатысы жоқ, қазір жер бетінен жойылып кеткен жұрт деп түсіндіруге тырысты. Дегенмен, өзге ұлттарға үстемдік жүргізуге ұмтылған озбыр биліктің бет-жүзіне қарамай, сақтар (скифтер) мен түріктердің тегі бір екенін мойындаған ғалымдар болды. Мәселен, XVII ғасырдың екінші жартысында жасаған орыс тарихшысы А.И.Лызлов (сол үшін Петр I патша жазаға тартқан), қылышынан қан тамған кеңестік қызыл идеология тұсындағы С.И.Руденко мен Л.Н.Гумилев. Сақтар (скифтер) – ежелгі түріктер деген тұжырымды 1986 жылы Анкарада шыққан «Түріктер өмірінің тарихы» кітабында түрік ғалымдары Ш.Сеферoғлы мен А.Мударисоғлы да қолдайды һәм нақты мысал арқылы дәлелдейді. Қытай тарихшысы Бань Гу «Патшалықтар кітабында»: «Аракстің шығыс жағалауында юечжи («иауши» болып оқылады) деген халық тұрады... Түтін (үй) саны – 100000, адамдар саны – 400000, жауынгерлер саны – 100000. Иеліктерінің шығыс шекараларына дейінгі қашықтық – 4 мың 740 километр, Батыста Араксқа дейін 49 күндік жол, оңтүстік шекаралары Кашмирге жетіп тоқтайды. Солтүстігінде шекаралары жоқ... Табиғаты мен климаттық жағдайлары, тағамдық азықтары, салт-дәстүрлері, ақшасы ұндарға өте ұқсас. Теңдеп жүк артатын түйелері бар. Ұлы юечжилер, олардың әдет-ғұрыптары – көшпелі мәдениет, көшпелі мемлекет. Мал бағуға қолайлы жерлерде көшіп-қонып жүреді, дәстүрлері өмір салты жағынан ұндарға көбірек жақын, әскері жүз мың адамнан астам. Сондықтан олар өздерін күшті халықпыз деп есептейді де ұндармен көп санаса бермейді. Бұрын олар Дунхуан тауы (Алтай) мен Шилианьшаньнің (Тянь-Шань) бөктерлерін мекендеді. Ұндар билеушісі Мөде ючежилер ханын өлтіріп, оның бас сүйегінен шарап ішетін тостаған жасатқан. Олардан ығысқан ючежилер жырақтағы қоныстарға қашып, Ферғанадан өтіп, Бактрияны бағындырды», – деп жазады. Осыдан-ақ, Еуразияның даласында тұтасып жатқан көшпелілер өзара туыстас халықтарға жатқанын, Орталық Қазақстан, оның ішінде Шығыс Сарыарқадағы Талды мен Түндікті өзендерінің бойы солар жасаған бірегей мәдениеттің қайнар көзі болғанын аңғарамыз.

Орта ғасырлар. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Қазақ даласын мекендеген тұрғындар арасында сақ дәуірінен бастап бет-бейне жағынан Орталық Азиядан шыққанын көрсететін монғол тұрпатты аралас адамдар пайда болды. Шаруашылықты жүргізудің сол кездегі жағдайында неғұрлым прогресшіл тәсілі боп табылған көшпелі мал шаруашылығына қарай ойысу да тап сақ дәуіріне сай келеді», – деп атап көрсетті. Шынында да біздің дәуірімізге дейінгі II мыңжылдықтың ортасы мен I мыңжылдықтың басы Орта Азия мен қазіргі Қазақстан жеріне Шығыс Түркістан мен Ордос алқабынан ежелгі түрік және ежелгі моңғол тайпаларының алдыңғы легі келе бастауымен ерекшеленеді. Еуроцентристер пікірі дұрыс дегеннің өзінде, Тұран жерін қоныстанған, үндіеуропалық нәсілге жататын, иран тілді тайпалардың біртіндеп өзгеріске түсуіне олар генетикалық және этнолингвистикалық ықпалын тигізді. Бұрын қалыптасқан ғылым ежелгі сақ тайпалары ирантілді болды деп болжам жасаса, енді зерттеушілердің біразы сақтардың бір бөлігі көне түріктер деген ойға бекуде. Ал ұндардың тілін ғылыми орта бір ауыздан түрік диалектісіне жатқызады. Қаңлылар ежелгі соғды тілінде сөйледі дейді С.Кляшторный, Т.Сұлтанов, К.Байпақов, А.Подушкин, т.б. тарихшылар. Ал

филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбайдың түйінді ойы басқаша. Ол «жабайы» көшпелілер озық мәдениет жасауы мүмкін емес деп санайтын Еуропа зерттеушілері «иран тілі», «мидия тілі», «соғды тілі» деп атайтын тіл түрік тілі екеніне күмән келтірмейді: «Керісінше, скифтердің де, мидиялықтардың да тілі көшпелі түрік тілі. Олар қоныс аударған жеріне де өз тілінің үстемдігін ала келген. Әу басында бұл тіл «туран тілі», «скиф тілі» деп дұрыс аталған. Миллер бастатқан ғалымдар «арийлік» теорияны негіздегенде алдыңғы терминдерді қасақана еуроцентристік, арийлік нәсілдік пиғылмен өзгерткен, оған өзге ғалымдар, не білмегенсіп «иран тілді» деген бүркеншік ат (псевдоним) берген деп тұжырымдаймыз», – дейді филолог ғалым.

Б.д.д. XIV- XI ғасырларда қытайлықтар тасбақа қабығы мен малдың жауырын сүйектеріне цян, кейде жун деп көрсеткен көшпелі жұрт кейінірек ху аталады. Қытай жылнамашысы Сыма Цянь (б.д.д. 135-67 жылдар) тарихи жазбаларында көп мағлұмат қалдырды. Солардың бірінде көшпелілер жайлы: «шөп пен судың молдығына қарай малымен бірге көшіп отырады. Тұрақты қоныстары жоқ. Есігі күншығысқа қараған дөңгелек киіз үйлерде тұрады. Ет жеп, қымыз ішеді, киімді түрлі-түсті жүннен жасайды... Ержүрек, күшті және дау-дамайды шеше алатын адамдарды басшылыққа сайлайды. Мұрагерлік дәстүрді сақтамайды. Әр тұрақтың өз басшысы бар. Қауымдағы шаңырақ саны жүзден мыңға шейін жетеді. Басшысынан бастап шені ең төмен қарашасына дейін малын өзі бағып, мүлкіне дербес иелік жасайды, бірі біріне жалшылыққа жүрмейді... Әрбір істе әйелдердің пікіріне ден қояды, тек соғыс мәселесін ғана еркектер шешеді... Соғысты ең маңызды іс деп біледі», – деп жазылған.

Мүлік һәм билік теңсіздігі орын алмаған далалық демократияның әсері күшті болғаны сондай, аспан асты патшалығының билеушілері Чжао мен Улинь-ван (б.д.д. 325-299 жж.) «бұрыннан қалыптасқан дәстүрді бұзып, жабайылардың киімін киді, салт атқа мінуді және садақ атуды үйренді» деп жазды қытай жылнамашылары. Өз империясының астамшылығын жария ете отырып, олар көшпелілерден басқа патшалар сияқты әскери күш-қуатпен емес, Гималай тауларынан Тынық мұхитқа дейін созылған «Ұлы қытай қабырғасымен» қорғануға ден қойды. Сол үшін шығыны орасан үлкен, бейнеті мол құрылыс жүргізуге дейін барды.

(фото – 8)

Иә бұлар сақтардан кейін Еуразияның апайтөс кеңістігінде дәурен сүрген ғұн (сюнну, дунху) тайпаларының бірлестігі еді. Б.д.д. 209 жылы шаңырақ көтерген мемлекет жаңа жыл санаудың 216-шы жылына дейін өмір сүрді. Әкесін өлтіріп, таққа отырған Мөденің саяси реформасынан кейін ғұндар күрт күшейді. Б.д.д. 188 жылы олар Қытайды бағындырды. Әйткенмен, Мөде өлгеннен кейін тақ таласы басталды. Б.д.д. 47 жылы ғұндар оңтүстік және солтүстік болып екіге бөлінді. Оңтүстік ғұндар көп ұзамай Қытайға бодан болып, солтүстіктегілер батысқа жылжыды. Олардың қазіргі қазақ жеріне, Орталық Азияға қоныстануы басталуымен бірге бұл аймақтың түріктенуі қоса жүрді. Жергілікті халықтар моңғолдық нәсілдің кескін-келбетін иеленді. Жолындағы халықтар мен мемлекеттерді бағындыра отырып, ғұндар IV ғасырда Шығыс һәм Орталық Еуропаға басып кірді. V ғасырдың алғашқы жартысында ғұндардың көсемі Еділ батыр (Аттила) Еуропа жұртының үрейін ұшырды. Еділ патша жұмбақ жағдайда қаза тауып, көшпелілер империясы ыдырап кетсе де, «кәрі құрлықта» өрістеген текетірес салдарынан Рим империясы өмір сүруін тоқтатты. Археологиялық қазбалардың жәдігерлері көрсеткендей, Қу – Балқантау өңірінің көне қатпарларында ғұндардың да ізі сайрап жатыр. Ғұндар тарих сахнасынан кеткенімен, көк түріктер дәуірі салтанат құруына жол ашты.

Шығыс Сарыарқаның ортағасырлар дәуірін шартты түрде ежелгі орта ғасырлар (VI-XII ғғ), Шыңғысхан шапқыншылығы мен Алтын орда кезеңі, қазақ халқының қалыптасуы мен ұлттық мемлекет ретінде Қазақ хандығының өмір сүру кезеңі деп жіктеуге болады.

Ежелгі орта ғасырларда Шығыстағы Енесей мен Батыстағы Дунай сулары арасында – байтақ кеңістікте түріктілдес халықтар этникалық және саяси үстемдік иеленді. VI ғасыр мұғдарында Орталық Азияның шығысында ұлы Түрік қағанаты бой көтерді. Аз уақытта Қиыр Шығыстағы Манчжуриядан Қара теңіз жағалауына дейінгі байтақты бағындырып,

билік жүргізді. Бір ғасырдан соң алып империя екіге жарылып, Шығыс Сарыарқа Батыс Түрік қағанатының құрамына кірді. Естемес (Истеми) әулеті билеген Батыс Түркі қағандығы Шығыс Түркістан мен Қара теңізге дейінгі ұлан-байтақ алқапты біріктірді. VIII – XII ғасырларда шығысында Алтай мен Хакасиядан, батысында Дунайға дейінгі аралықты далалық империяларды құрған түргеш, қарлық, қимақ-қыпшақ, құман (половец), оғыз, хазар, бұлғар тәрізді түрік тілдес халықтар кеңінен қоныстанды. Көне түрік өркениетінің ұлы жетістігі – дербес жазуы пайда болуы. Зерттеушілер ерте орта ғасырларда түрік мемлекеттерінде екі түрлі жазу үлгісі қалыптасқанын алдыға тартады. Оның бірі – Орхон, Енесей бойында мәңгілік ескерткіш болып қалған руна, екіншісі – ұйғыр жазулары. Сонымен қоса, көшпелі империялардың шеткі жақтарында, негізінен түстік өңірлерде соғды жазуы қатар қолданылған жағдайлар да болды. Көне түрік (руно) жазуын алғаш рет XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде Енесай бойынан орыс патшасына қызмет жасаған неміс ғалымы Д.Мессершмидт пен тұтқын швед офицері И.Страленберг кездестірді. Скандинавияның руна жазуына ұқсағандықтан, олар түрік жазуын «руна жазуы» деп атады. 1889 жылы дат ғалымы В.Томсен қаріптің шешімін тауып, мәтінді оқыды. Түріктердің руна жазуы бұдан кейін Моңғолия, Жетісу, Шығыс Қазақстан, Еділдің төменгі бойы, Дон жағасы, Солтүстік Кавказ жерінен табылды. Ішінде ең танымалы – Білге қаған, інісі Күлтегін қолбасшы, Тонықөк ескерткіштері. Түріктің ислам дінін қабылдауына байланысты, XI-XII ғасырларда руна жазуын араб қаріптері басты. VIII ғасырда Мәуреннахрға және қазіргі қазақ жерінің түстік бөктерлеріне ислам дінінің таралуы – жергілікті халықтардың санасына зор әсерін тигізген оқиға болды. Ежелгі Эллада ойшылдарының еңбектері мен мәдениетін игеру арқылы ғылымы, әсіресе, математика және астраномия пәндері қатты дамыған арабтар өркениеттің жаңа сатысына көтерілген еді. Бірақ, VIII ғасырда Шығыс Сарыарқада қимақтардың үстемдігі орнады. Түрік текті бұл тайпалар ордасын Ертіс бойына орнатқан еді. XI ғасырда Алтайдан Еділге, тіпті одан әрі Қара теңізге дейінгі кеңістікте қыпшақтардың билігі салтанат құрды. Осыдан соң Алтай мен Еділ арасындағы жер араб-парсы тілді еңбектерде Дәшті Қыпшақ (Қыпшақ даласы) аталды. XIII ғасырдағы Шыңғысхан шапқыншылығынан кейін (оның әскері сапында түрік һәм моңғол тайпалары болды) Қыпшақ мемлекеті құласа да, оның тілі мен салт-дәстүрі одан әрі орнығып, жаулап алушылардың тілі мен мәдениетіне айналып, кеңінен таралды. Шығыс Сарыарқада, соның ішінде Қу – Балқантау өңірінде көне түріктер мен қыпшақтарға тән археологиялық ескерткіштер молынан ұшырасады. Көне түріктің ерекше дәстүрі – адамды атымен бірге жерлеген обалар мен ғұрыптық қоршаулар десек, Айрық даласында дәл сондай жәдігерлер табылды. Көне түрік тас мүсіні – моңғол нәсілді адам бейнеленген балбал тас Едірейдегі Ыбырай қорасы маңында, Боқты тауының бөктеріндегі Қойтас қонысында тұр. Мұқият зерттеу жүргізілсе, мұндай ескерткіштер өңірден әлі де көптеп табылатыны күмән туғызбайды. Қыпшақ дәуірінің мұралары көне түрік мәдениетінің жалғасы десек, ақиқаттан алшақтамаймыз. Өйткені, көне түріктер тәрізді қыпшақтар да Көк тәңірге, күнге, отқа, ата-баба аруағына табынды. Жалпы, қазіргі Қазақстан жері орта ғасырлардың басында-ақ көп конфессиялы аумақтың бірі болғаны белгілі. Жергілікті тұрғындардың басым бөлігі қадым заманнан заратуштралық, біразы буддалық, христиандық, Шығыстан келген түріктер тәңірлік, кейбір топтар шамандық дінді ұстанды. Осындай қым-қуыт жағдайда ислам дінінің өркен жаюы қазақ даласына, әсіресе, шаһарлары мол оңтүстік өңіріне игілікті ықпалын тигізді. Ерте орта ғасырларда әлемдік державаға айналып үлгерген Араб халифаты исламды көп өңірге қылыштың күшімен таратса да, Дешті Қыпшаққа ол тәсіл жүре қоймады. Орта Азияны жаулауға шыққан араб қолбасшысы Кутейб ибн Мүслім 714 жылы Сырдарияның бойына жорық ұйымдастырғанымен, қатты қарсылыққа кез болады. Бұл кезде қуаты тасып тұрған Түргеш қағанаты бет қаратпайтын еді. Осыдан соң жергілікті халықты мұсылмандық жолға тарту үшін араб миссионерлері басқа, бейбіт тәсілдерді қолданды. Тұрғындарды салықтан босату, қылмыстары, қоғам құрылысынан тыс басқа да әрекеттері үшін жауапқа тартылғандардың жазасын жеңілдету, т.б. үгіт-насихат шаралары өз нәтижесін берді. Тіпті, тарихшыларының бірі Кутейб ибн Мүслім мешітке келгендерге 2 диһрамнан таратылғанын жазыпты. Сөйтіп, X ғасырдың басында Қарахан

мемлекетінің негізін салушы Сатұқ Бұғра исламды қабылдап, оның мұрагерлері жаңа дінді мемлекеттік дәрежеге көтереді. 1313 жылы Алтын Орданың падишахы Тоқты өлгеннен кейін билік басына келген Өзбек 1321 жылы Сұлтан Мұхаммед Өзбек хан деген есім иеленіп, мұсылмандықты қабылдады және исламды өз әмірі жүретін байтақ ұлыстың ресми діні деп жариялады.

(фото – 9)

Үлкенге – құрмет көрсету, аруаққа – тағзым ету гендік болмысына енген түрік жұртының түсінігіне исламның сопылық ағымы оңды әсер етті, Қазақстан даласын мекен еткен халықтар жаңа дінді жатсынбай қабылдады. Оған бірнеше қолайлы жағдай әсер етті: біріншіден, ислам қағидалары мен ежелгі түрік салт-дәстүрлері арасындағы үндестік; екіншіден, адам рухының өлмейтініне және ақыреттің барлығына сенім; үшіншіден, ислам діні уағыздайтын парасаттылық қағидаларының түріктердің дүниетанымына сәйкес келуі. Шынымен де, аумақ тұрғындарына арабтың озық ғылымы мен мәдениеті пайдасын тигізді. Қазақ даласынан шыққан Қожа-Ахмет Иассауи, Ахмет Үйгінеки, Әбу Насыр әл-Фараби, Мұхаммед Хайдар Дулати, Махмұт Қашғари сияқты философ ғалымдар мен ақындардың соқталы еңбектері түрік халықтары санасының биік деңгейін көрсетіп қана қоймай, әлемдік ақыл-ойдың жетілуіне орасан зор септігін тигізді.

Еуразия даласындағы көшпелілердің келесі ұлы империясының негізін қалаған Темуджин (Шыңғыс хан) 1155 жылы Есугей баһадүрдің отбасында, Онон өзені жағасында дүниеге келді. Екінші мыңжылдықтың ең ұлы қолбасшысы атанған тұлға, 9 жасында әкесі өліп, жетім қалады. Балалық шағы жоқшылықта, қуғын-сүргінде өткеніне қарамастан, ақыл-айлаға жетіктігі мен ұйымдастыру қабілеті арқасында Темуджин ер жеткен соң өзі шыққан қият руын төңірегіне топтап, төңіректегі көшпелі тайпаларды бағындыра бастайды. Меркіт пен татарды, керей мен найманды тізе бүктірген соң, 1206 жылы өзін барлық көшпелі халықтардың билеушісі деп жариялап, Шыңғыс хан деген («шыңғыс» түрік тілінде теңіз деген мағына береді) есім иеленеді. Осы кезеңнен оның жиһангерлік жорықтары басталады.

Кеңестік-коммунистік идеология Шыңғыс ханды өркениеттерді күйретуші, қанішер, жабайы жаугерші ретінде көрсетті. Бірақ, кейінгі тарихшылар оның прогрессивті роліне мән беріп, толеранттық ерекшеліктеріне ден қоюда. Ол өзге ұлттарға, олардың тіліне, діни сеніміне, мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне жаулық пиғыл танытпаған, әділдікпен билік жүргізген монарх ретінде сипатталады. Бұрынғы зерттеушілер Шыңғыс ханның ұлты моңғол деп келсе, қазір оның тегі түрік екені жиірек айтылуда. Сондықтан, бүгіндері ол Дешті Қыпшақ пен Орта Азияны жаулап алушы емес, көшпелі және жартылай көшпелі халықтарды Хорезм басқыншыларының езгісінен құтқарушы ретінде көрініс табуда. Шығыстанушы тарихшылардың біразы қазақтың Орта жүз бірлестігіне кіретін тайпалардың көпшілігі (арғын, найман, қоңырат, керей, уақ), кейінірек Ұлы жүз құрамына кіріккен жалайырлар Дәшті Қыпшаққа Шыңғыс хан ордасымен бірге келді деп тұжырым жасайды. Тіпті, «Моңғолдың құпия шежіресі» деп аталатын еңбекте аталатын ру-тайпалардың көбі қазіргі қазақ халқының сапында ғана кездесетіні талай ойға жетелесе керек.

Қазақ хандығы. Шыңғысхан жаулап алған жерін көзі тірісінде Бөрте бәйбішеден туған төрт ұлына бөліп берген кезде Дәшті Қыпшақтың көп бөлігі, соның ішінде Шығыс Сарыарқа өңірі үлкені Жошының иелігіне тиген дүр. Кейін Жошы ұлысы негізінде Алтын орда империясы құрылғанда, бұл атырап соның құрамына енеді. Бірін бірі ауыстырған мемлекеттер ішінде күрделі этникалық және этносаяси үдерістер тоқтаусыз өрістеді. Соның нәтижесінде XV ғасырда қазақ халқы қалыптасып, қазіргі Қазақстан аумағында Қазақ хандығы құрылды. Оған негіз болған Ақ Орда Алтын Орданы қолымен құрған Бату ханның тұсында-ақ біршама дербестігі бар құрылым деңгейіне қол жеткізген болатын. Халқының басым көпшілігі қыпшақ одақтастығына енетін түрік тілді тайпалардан құралған Ақ Ордаға Шыңғысхан шапқыншылығы кезінде Алтай мен оның шығыс бетінен бірсыпыра түрік тілді және азын-аулақ моңғол тілді көшпелі жұрт келіп қосылды. Дәстүр-салты, тіршілігі ұқсас болғандықтан, моңғол тілді аздаған тайпа жергілікті этникалық ортаның тілін қабылдап, тез сіңісіп кетті. Әр тараптан бас құраған Алтын Орданың сетінеу үдерісі XIV ғасырдың

ортасынан басталған еді. Еділ мен Жайық бойында Ноғай (Маңғыт) Ордасы, оның сыртында, Қара теңіздің солтүстік жағалауын бойлап Қырым хандығы бой көтерді. Батыс Сібірде түрік тектес жергілікті тайпалар негізінде Сібір хандығы құрылды. Дәшті-Қыпшақтың шығыс аумағында біртұтас қазақ ұлтының қалыптасуына мұнда феодалдық қатынас орнығуы, тілдік, рухани және мүліктік мәдениеттің ортақтығы әсер етті. XV ғасырдың алғашқы жартысында Ақ Орданың бірсыпыра жеріне билігін жүргізген шайбанид Әбілқайыр ханның мұнда Мәуереннахр дәстүрін енгізуге талпынған реформасы ешқандай нәтиже бермеді. Өйткені, бұл кезде қазақ этносының рухани және материалдық мәдениетінің негізі қалыптасып біткен-ді. Тұтасып, екшелген халықтың Әбілқайыр ханға наразылығын сәтті пайдаланған Орыс хан ұрпақтары Керей мен Жәнібек сұлтандар Орта жүздің өз ықпалдарындағы тайпа-ру көсемдерін Жетісудың батыс бөлігіне бастап барып, Қазақ хандығы деген жаңа мемлекеттің шаңырағын көтерді. Қазақ хандығының Оңтүстік және Орталық Қазақстан жеріне қарай қоныс кеңейтуі, Сырдария бойындағы қалалар мен кенттерге орнығуы экономикалық қуаттану үдерісімен қатар жүрді. Сырдың орта сағасы Қазақ хандығы үшін саяси, мәдени және экономикалық орталық ролін атқарды. Жалпы, Сырдарияның орта және төменгі ағысы Орта және Кіші жүз қазақтарының қысқы мекені болатын. Қазақ хандығы тұсында Орталық Қазақстан, соның ішінде Шығыс Сарыарқа Сырдарияның орта ағысымен, оның бойындағы қалалармен тікелей байланыста болды. Орта жүз қазақтары екі өңірді тұтастырып, қыстың суығын Қаратау қойнауларында, Сыр мен Шудың тоғайлы, қамысты ығында өткізіп, жаз бойы Сарыарқаның бетегелі, жусанды даласында ауыл-ауыл боп көшіп-қонып жүрді. Мал жайылымына қолайлы жайылымдар мен су көздерін жыл мезгілдерінің өзгеруіне қарай тиімді пайдалану жүйесіне ғалымдар көшпелі шаруашылық деген атау берген екен. Жазы қысқа да ыстық, қысы суық, өсімдік жамылғысы жұқа да жұтаң, суы аз, жыл бойы жел соғып тұратын қатал климат аумағына кіретін тұрғылықты жерінің географиялық жағдайына байланысты осы аймақтағы қазақтар көшпелі мал шаруашылығымен айналысуға мәжбүр болды. Еуропалықтардың көпшілігі, көшпелі өмір салты жайлы сөз қозғалғанда, оны жабайы тайпалардың кең сахарада жайылымдық жер мен су іздеп, бей берекет босып жүруі деп түсінеді. Тіпті, КСРО империясы құлаған мезгілде орыстың империалистік пиғылдағы жазушысы А.Солженицын «Ресейді қалай көркейтеміз?» деген мақаласында дәл осындай ойды айтады. Ақиқаттан мүлде жаңсақ жатқан түсінік. Көшпелі мал шаруашылығы – ғасырлар бойы реттеліп, жетілдірілген жүйе. Адамдар ұзақ жылдар барысында қалыптасқан бағыттар бойынша, белгілі бір жерге екі-үш күн, бірер апта, жарты ай, бір-екі ай қоныстанып, өріс ауыстырып отыратын-ды. Қатаң сақталатын бұл жүйенің бұзылуы үлкен өзгерістерге, көп жағдайда шаруашылық күйреп, бүлінуіне соқтыратын еді. Сыр мен Арыс, Талас пен Шу бойының жайлы қысы қос қабат киіз жабылып, іргесі шыммен көмілген үймен қыстап шығуына мүмкіндік берді. Торанғыл тоғайы мен қамысы қалың өскен өзен жағасына қазақтар ауыл-ауыл боп орналасып, ұсақ мал үйлердің арасындағы ықтырмаға иірілді. Қазақтар жерге тігілетін кәдімгі киіз үйлермен бірге арбаға орнатқан үлкен киіз үйлерді де пайдаланғаны белгілі. XVII ғасырдағы қазақтардың көші-қон дәстүрін көрген Фазаллах ибн-Рузбехан: «...олардың үйлері арба тәрізді жасалып, доңғалақтар орнатылып, оларды түйелер мен аттар сүйретеді», – деп жазса, жазушы М.Мағауиннің «Аласапыран» тарихи романында XVI ғасырдың соңындағы қазақ көшінің болмысы, салтанаты көркем тілмен суреттеледі. Киіз үй – қазақтардың ғасырлар сынынан өткен, тіршіліктің түрлі жағдайына бейімделген баспанасы. Ол тез жиналып, тез тігіледі. Алып жүруге жеңіл де ыңғайлы. Пайдаланылу мақсатына қарай киіз үйлер тұрмыстық үй, қонақ қабылдауға арналған салтанатты үй, шағын жорық үйлері (жолым үй, абылайша, т.б.), киізінің түсіне қарай ақбоз үй, қоңыр үй, қараша үй, т.б. болып жіктеледі. Үйдің сүйегі негізгі үш бөліктен тұрады – кереге, уық, шаңырақ. Бөлек жинап алынатын кереге қанат деп те аталады. Талдан жонып, тезге иіп жасалатын керегенің биіктігі 220 см-дей болса, уықтың ұзындығы 5-6 м-ге, шаңырақтың диаметрі 3-3,5 м-ге жетеді. Қос жармалы есіктің жоғарғы жақтауы – маңдайша, төменгісі – табалдырық, екі жаны – босаға (ергенек). Үйді тіккенде, шаңырақты күлдіреуішінен (торкөз шыбықтары) бақанмен көтереді. Үйдің киіз

жабындылары: керегені қымтайтыны – туырлық, уыққа тұтылатыны – үзік, шаңырақты жабатыны – түндік. Сондай-ақ, суық өтпесін деп, есіктің сыртына да өрнекті киіз тұтылады. Үйдің сүйектері өзара бау, желбау арқылы біріктіріліп, киіздің үсті басқұрмен бекітіледі. Сән үшін дөдеге ұсталады. Қазақтар Сарыарқаға қыстауға қалып, түбегейлі орныға бастаған кезде киіз үйлермен қатар тастан, ағаштан, балшықтан құйылған кірпіштен, т.б. жергілікті материалдардан дөңгелек, сопақ, шаршы түрінде баспана тұрғыза бастады. Әйткенмен, дала жұртының бұл кездегі қысқы тұрағының жайы түбегейлі зерттелмеген.

(фото – 10)

Ғасырлар бойы оңтүстікті қыстау, терістікті жайлау етіп, аралығы 1500-2000 км жерге көшіп-қонып жүрген Орта жүз қазақтары кейін жоңғар шапқыншылығы салдарынан Сыр бойынан Арқаға ауа сырғып, қысы-жазы шектеулі кеңістікті мекендейтін болды. Зерделей қарасақ, сақ дәуірінде тұрғызылған обалар, ғұн және түркі кезеңінен қалған бірегей ескерткіштер – балбал тастар, орта ғасырлық қалалар мен кесенелердің орны, Алтын Орда және Қазақ хандығы тұсында салынған мазарлар – Сарыарқада қай уақытта да қайнаған өмір болғанын, заттық мәдениет дамып, өркендегенін көрсететін айғақ болып табылады. Аталған мұралардың бәрі – өңірде өткен өркениеттер мен мәдениеттердің тілсіз куәлері. Сонымен қоса, ежелгі халықтар мен этностардың өзара қарым-қатынасы мен байланысын ғана көрсетіп қоймайды, олар бағзы замандар мен бүгінгі күннің дәнекері қызметін атқарып келеді.

Жоғарыда айтқанымыздай, қазақтардың Сарыарқада жыл бойы орнығуына жоңғар шапқыншылығы себеп болды. Соғыс қимылдары Қазақ Ордасы құрылмай тұрғанда-ақ басталған еді. XV ғасырдың ортасында қалмақ тайпаларының билеушісі Үз-Темір тайшы көшпелі өзбектердің билеушісі Әбілқайыр ханның әскерін ойсырата жеңіп, Түркістан мен Ташкентті басып алды. Керей мен Жәнібек сұлтандардың өздеріне қарасты елді бөліп әкету әрекетіне Әбілқайыр ханның бөгет жасай алмауына осы жағдай да әсер етті. Келесі ғасырда ойраттар шабуылы жиілей берді. Тек Хақназар ханның тұсында ғана қазақ қолы ойраттарға мықты тойтарыс жасап, үлкен жеңістерге қол жеткізді. Тәуекел хан билік еткен заманда қазақ жасақтары жоңғарларды тоздырып, бір бөлігін өз ықпалында ұстаған. 1594 жылдың басында Мәскеуде болған Қазақ Ордасының елшісі Құлмұхаммед Тәуекел хан Дәшті-Қыпшақтағы бүкіл көшпелі жұрттың әміршісі екенін, оның інісі Шах-Мұхаммед қалмақтарға билік жүргізетінін хабарлайды. Елшілік құрамында қалмақ текті Дондұқ тайшының болуы жоғарыдағы ақпараттың ақиқаттығын бекіте түседі. Сарыарқа жайлы сөз болғанда, алдыңғы буын өкілдері бұл бізге дейін жеті жұрт келіп, кеткен жер, ертеде қалмақтардың қонысы болған екен деген кепті шертетін-ді. Сол сөздің жаны бар екенін тарихи мәліметтер мен жер-су атауларына қарап шамалауға болады. Сарыарқадағы, әсіресе, оның шығыс бөлігендегі тау-тас, қоныс аттауларында ішінара Доғалаң, Қарабас, Нұра, т.б. қалмақ сөздері кездесіп қалады. Осы деректерді салыстыра келіп, қазіргі тарихшылар XVI ғасырдың соңында қалмақтардың бәрі болмаса да бір бөлігі қазақтарға бағынғанын және Тәуекел хан оларға Шығыс Сарыарқаны қоныс етіп бергенін мойындайды. 1635 жылы Батыр қонтайшы жоңғардың төрт ұлысының басын қосып, көшпелі жауынгер державаның туын көтерген соң да дені Шығыс Түркістанға серпілгенімен, қазақтармен салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы ұқсас қалмақтардың біразы Арқаны қыстап қалатын қазақтармен бірге Қарқаралы – Қу өңірінде қоныстанып, құдандалы-жекжат болды деп айта аламыз. Әйткенмен, осы Батыр қонтайшы тұсында қалмақтар шапқыншылығы үдей түсті. 1643 жылы ол 50 мыңдық шерікпен шабуылға шықты. Салқам Жәңгір жауға қарсы 600 жауынгермен (кейбір тарихшылар, бұл – мылтықпен қаруланған әскер саны, жалпы жасақ бұдан біршама көп болған деп есептейді) қорғаныс ұйымдастырып, көмекке келген Жалаңтөс баһадүрдің 20 мың әскері көмегімен жауды жеңіп шығады. 1681-84 жылдары қалмақ қонтайшысы қазақ жеріне тағы да басып кіреді. Тәуке хан бастаған қазақ жасағы жеңіліп, ойраттар Сайрам қаласын ойрандайды. 1690-97 жылдары өткен ойрат-қытай соғысы Жоңғар хандығы күшін екі майданға бөлуге мәжбүр етті. Тәуке хан соны пайдаланып, 1698 жылы ойраттарға да, Еділ қалмақтарына да күйрете соққы берді. Бұдан кейін де үлкенді-кішілі бірнеше қақтығыс болды. Дегенмен,

солардың бәрінен ауыры 1722 жылы Цин императоры Канси өлгеннен кейін бар күшін Қазақ хандығына қарсы салған Севан Рабданның 1723 жылғы жорығы еді. Жүз мың жауынгері бар қалың қолды бастаған оның ұлдары Қалдан Серен мен Шона Доба ерте көктемде қамсыз отырған қазақ жеріне басып кіріп, қырғын салды. Қанды жорықтар бірнеше жыл қатарынан өрістеп, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен халық жадында мәңгі жазылып қалды. Жау табанында қалған Ұлы жүз жоңғарларға тәуелділігін мойындаса, Орта жүз Қаратау асып, Сарыарқаға сырғып, Кіші жүз Жем, Сағыз бойын сағалады. 1726 жылы Ордабасыда өткен құрылтайда Кіші жүз ханы Әбілқайыр қазақ қолының сардары болып сайланып, жауға қарсы азаттық соғысты бастады. 1728 жылғы Аңырақай шайқасында жеңіске жеткен қазақ жауынгерлерінің рухы қайта аспандады. Бұланты өзені бойындағы жеңіс те алаш жұртына біршама жеңілдік әкелді. Дегенмен, Абылай сұлтан мықты жасақ құрап, 1745-1755 жылдары қалмақ әскерін талқандағаннан кейін ғана қазақтардың еркін тыныс алуына мүмкіндік туды. Жоңғар шапқыншылығы қазақтардың қатарын кемітіп, этнос ретіндегі дамуын тежеп, экономикалық, әлеуметтік, ең бастысы, аса зор рухани зардаптар келтірді. Түркістандағы Әзірет Сұлтан кесенесіндегі, Сауран, Шымкент, Сайрам, Ташкент, Созақ, т.б. қалалардағы қоры бай кітапханалар, ондағы діни-фәлсафалық, тарихи еңбектер, шежірелер, ғасырлар қойнауынан жеткен асыл мұралар өртеліп, жойылып кетті. Ғалымдардың айтуынша, Отырар қаласын ойрандап, ғимараттарын жермен жексен еткен, әл-Фараби кезінен қалған кітапхананы тып-типыл еткен де осы ойраттар.

1745 жылы қонтайшы Қалдан Серен өлген соң, билік жолындағы саяси тартыстан әлсіреген жауды қазақтар бірнеше рет ойсырата талқандады. Бұл жорықтарға уақытша жау басып алған Ташкентте қалып, жоңғар билігін мойындауға мәжбүр болған Ұлы жүздің төбе биі Төле мен Жолбарыс хан да өз жасақтарын жібергені жайлы деректер айтылады.

Тақырыбымызға қайтып оралатын болсақ, 1723-25 жылдары жоңғардың жойқын шабуылынан қирай жеңілген Орта жүздің ру-тайпалары Қаратаудың терістік бетіне ауа көшкенде Сарысуды өрлеп Ұлытау өңіріне жетіп, кейін сол жерден жан-жаққа бытырай қоныстанған дүр. Өйткені, жаз маусымында Сыр бойынан Сарыарқаға өтудің бұдан басқа төте һәм ыңғайлы жолы жоқ. Арқаға көшкен қазақтарды жоңғарлардың түре қуып, түбегейлі қырып-жоюынан сақтап қалған да екі арадағы табиғи бөгесін – Бетпақдала шөлі екені анық. Бұл кезде ел ағасы жасына келген Қаздауысты Қазыбек Ұлытауда біраз уақыт мекендеп, ата қонысынан түп көтеріле босып кеткен қандас туыстарының басын осы жер ортасында қосып, жинастырған тәрізді. Жалпы, Ұлы би осы жерде құрылтай шақырып, жоңғарларға қарсы азаттық соғысының туын осы Ұлытауда көтерді деген деректер ұшырасады. Оның үстіне, осы өңірдегі тау мен өзенге Қазыбек атауының берілуі жоғарыдағы пікірді бекіте түседі.

Қаракесектердің Қу – Балқантау өңіріне тұяқ іліктіруі 1730-35 жылдардың мұғдары болса керек. А.Байтұрсынұлы Киікбай би бастаған Қара-Шор аталары Қарқаралы маңына 1740 жылдары келгенін айтып, Қаздауысты Қазыбектің бошандары Сарыарқаға олардан бұрын көш басын тірегенін хабарлайды. Қазақ шежіресінің үздік үлгілерінің бірін жасаған Әлихан Бөкейхан да осы деректі ұстанады. Қаздауысты Қазыбек Едірейге келгенде, онда әкелі-балалы Абыз бен Шомақтың төңірегіндегі қанжығалылар отырғандарын айта келіп, жоғарыдағы авторлар, ұлыс биі келген соң, осы мекеннің бұрынғы тұрғындары Ертіске қарай жылжып қонды дейді. Әйгілі Шөже ақын: «Қап-қара Қаракесек күңнен туған,/ Би болып Қазыбегі бетін жуған», – деп жырлағандай, Қаракесек руының, тіпті бүкіл Арғын тайпасының, қала берді, Орта жүздің даңқы шығуына Бошан тармағынан өрбіген Қаздауысты Қазыбек Келдібекұлының (1667-1763) еңбегі ересен. Өлшеусіз ақыл-парасаты, таңғажайып шешендік өнері, ерекше ұйымдастырушылық қабілеті, ел мен жердің тарихын, халықтың салт-дәстүрін жете білуі оны бүкіл далада даңққа бөледі. Жоғарыдағы қасиеттері оның мемлекет ісіне, Қазақ хандығын басқаруға барынша белсене араласуына мүмкіндік берді. Іс жүзінде Орта жүздің ең беделді басқарушысы деңгейіне көтерілген Қаздауысты Қазыбектің ықпалды болғандығы сондай, XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырда қазақ халқы бастан кешкен негізгі оқиғалар оның қатысуынсыз өтпеді, Ұлы би қолдамаған жағдайда маңызды шешімдер қабылданбады. Шыңғысханның ұл кіндігінен ұрпағы

болмағандықтан, хан тағына отыру құқын иеленбесе де, талай-талай тұрымтай және тағанақ кеңестері оның алдынан тарап отырды. Мысалы, Қаракесектер Сарыарқадан қоныс іздеп көшіп бара жатқанда, Қарқаралы тауларына жақын Қайыңсауған деген жерде Қаздауысты Қазыбектің бастамасымен Орта жүз қазақтарының құрылтайы өткені жайлы дерек бар. Жоңғар мен Қоқан басқыншылығына қарсы күрес мәселесі, күшті қай бағытқа топтастыру қажеттігі осы жиында талқыға салынған екен.

(фото – 11)

Ахмет Байтұрсынұлы «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасына (Мәскеу, 1926) енген Ұлы бидің қызы Қамқаның (Маңқан) жоқтауына берген анықтамасында: «Қаз дауысты Қазыбек 97 жасында қайтыс болған. Қазыбек дүниеден озған жылы Шаншар Қанай би туған. Қанай 72 жасында тоқал алады. Тоқалы 8 жылда үш бала тапқан. Осы үш ұлдың кенжесі Қожабай осы күні (1925) ақсақал болған Ақайұлы Қасеннің шешесі Бағзе бәйбішемен құрдас екен. Бұл бәйбіше биыл, 1925 жылы 87-ге келеді екен. Қазыбек туғалы (97+80+87) 264 жыл өткен. Қазыбектің туған жылы (1925-264) 1661 жыл болады. Қазыбектің өлген жылы (1661+97) 1758 жыл болады.

Қарқаралының тауын айнала отырған Қарашор Түркістаннан ауып келе жатқанда Бетпақтың даласында Қарада Киікбай би дүниеге келіпті. Жоғарғы, Қазыбектің есебінше адам жасын салыстыра қарасақ, Қарашор 1748 жылы Арқаға келген болып шығады. Сонда Шор туғанда, «биі ауған елге қан қоям» деп, Бөкейдің әкесі Барақтан сұрап әкелген екен. Бөкей сонда 14 жастағы бала екен. 1819 жылы 85 жасында Бөкей хан өлген. Қазыбектің елі Шаншар Қарашордан Арқаға бұрын келген. Қазыбек Едірей келсе, онда Қанжығалы Абыз-Шомақ отыр екен. Қысты күні Абыз-Шомақтан қатық ішіп, Қазыбек: «Жерің жақсы екен. Маған лайық», – деп Абыз-Шомақты мүйіздеп, қуып жіберген. Абыз-Шомақ тұқымы осы күні Ертістің батысында, Қасқыр қала тұсын мекен етеді», – деп тәптіштейді. Шежіреші Қ.Құсайыновтың қолындағы деректер бойынша, 1748 жылы Кент тауларына Көкжал Барақтың 14 жасар ұлы Бөкей сұлтанды Қара-Шордың қадірлі ақсақалы Нұралы Шекшекұлы алып келеді. Кіші жүздің Әбілқайыр ханын өлтірген қылмысынан құн төлеп құтқарғаны үшін оны әкесі тайға мінгізіп, Қаздауысты Қазыбекке жіберген болатын. Бөкейдің ордасы көтерілген Қызылкеніш шатқалындағы төбе кейін Ханның Қаратөбесі аталып кетеді.

1752 жылы Ұлытауда Орта жүз қазақтарының кезекті құрылтайы өтіп, онда Жоңғария мен Ресейдің басқыншылық әрекеттері және оларға қарулы қарсылық көрсетуге қатысты мәселелер талқыланды. Бірақ, қазақ даласына көз тіккен дұшпан солармен ғана шектелмейтін. Арада төрт жыл өткенде, яғни 1756 жылы генералдар Хадака мен Дардана бастаған қытай әскері Қазақстан жеріне басып кірді. Олар қуғынға түскен жоңғар ханзадасы Амурсанаңы паналатқан Абылай сұлтанды жазалауды сылтау етті. Абылай Амурсанамен жоңғарлар тұтқынына түскен шағында танысып, дос-жар болған еді. Осы достықтың ретімен қазақ сұлтаны жоңғар ханзадасының қытай қуғынынан құтылуына жәрдемін тигізеді. Кейбір дерек көздерінде 1755 жылы жазда Орта жүздің ордасына Қытай императоры Хунлиден қазақтарды бодандыққа қабылдау туралы грамота алып тұңғыш рет елші келгені туралы айтылады. Екінші дерек көздері мүлде басқа ақиқатты әйгілейді: құжат «№154. 1755 жылғы 17 маусым. Қытай императорының жарлығынан: ...мына кездерде қазақтарға елші шаптырып, жарлық жөнелтудің сәті түсіп тұр. Банди, Әмірсана, Сарылдар араларынан лайықты біреуді жіберіп, оларға былай деп ашық айтсын: Ұзақ жылдарға созылған жаугершілік пен қырқыстан ел-жұрт күйзелді. Мен аспан астының әміршісі ретінде қаймана халықтың тұрмысы мен тірлігін орнықтыру ниетімен, оларды соғыс зобалаңынан арылтып, алаңсыз қарекет жасауы және баршамыздың бейбіт өмір кешуіміз үшін жоңғарға жаза жорығын жасау мақсатында қоныс аттандырдым.

Жоңғарлар қазақтармен қас жау болса да, жөнге салған соң, оларға ендігәрі әрекет жасамау, қазақ жұртын шаппау туралы жарлық жібердім. Қазақтар, сіздер бағынасыздар ма, жоқ па, бұны өз еріктеріңе саламыз.

(100 құжат (Қазақ хандығы мен Чиң империясы арасындағы қарым-қатынастарға байланысты құжаттар). Аударған және құрастырған Қ.Салғараұлы, Алматы, «Санат», 1998. -14-15-пар.)

Орыс отарлығы өрістеген кезең. Алдыңғы тарауда айтқанымыздай, 1756 жылдың көктемінде қазақтарға қарсы генералдар Хадаха мен Дардана бастатқан цин армиясы шабуылға шықты. Қазақтар мен қытайлардың алғашқы қақтығысы 1756 жылы мамырда қазіргі Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы Шаған өзені бойында өтті. Қытай әскерінің саны көп, қару-жарағы мол еді. Қантөгіс шайқастан кейін қазақтар шегіне соғысып, біртіндеп батысқа жылжыды. Мыржық пен Едірей, Арқалық пен Қу тауларының сай-саласын баспа қылған қазақ жасақтары Түндік өзені бойымен өрлеп және көшпелі елдің байырғы соғыс тәсілімен қаша ұрыс салып, қытай қолының сілесін қатырады. Қазақ әскерін бұл соғыстарда Қанжығалы Бөгенбай батыр басқарғаны айтылады. Келесі үлкен шайқас Қарқаралы тауларында, Жарлы өзенінің бойында өтті. Бұл ұрыста 500 қазақ қаза тапқан екен. Қытайдың қаншасы өлгені жайлы нақты дерек жоқ. Шегінген қазақ қолының соңына түскен қытай әскері Нұраның жағасына жетіп, шығынға ұшырағанына қарамастан, батысқа қарай жылжи берді. Осы жылдың күзінде Абылай сұлтан басқыншы жауға тойтарыс беру үшін Баянауыл тауларында қол жинады. Баянауылдың батысында, Шідертті өзенінің жоғарғы ағысында өткен кезекті шайқаста цин армиясы тас-талқан болып жеңіліп, орасан шығынға ұшырады. Кейін қазақтар бұл жерді «Шүршіт қырылған» атап кетті (манчжурлік қытайларды қазақтар шүршіт деген). Қазақ жасақтарымен болған көптеген қақтығыстар және олардың тегеурінді қарсылығы циннің екі армиясын суық түскенге дейін қосу жөніндегі алғашқы жоспарын жоққа шығарды. Шығынның көптігі, азық-түліктің жетіспеуі және қатал қыс айлары жақындап қалуы цин билігіне Қазақстан жеріндегі әскерлерін кейін қайтарып алуға мәжбүр етті...» деп жазылған тарихи құжаттарда. Екі армияның жұқанасын ғана (екі мыңға жетпейтін шерік) алып қайтқан қытай генералдары шендерінен айрылып, жаза тартқаны олардың жеңімпаз жорығы жайлы дақпырт шылғи өтірік екенін айғақтайды. Өткен жорықтағы сәтсіздіктің есесін қайтару үшін мұздай қаруланған цин әскері 1757 жылы қайтадан қазақ жеріне басып кіріп, Әбілфайыз және Абылай сұлтандардың асығыс жинаған жасақтарын талқандады. Қалыптасқан жағдайда халқын аман сақтап қалу үшін Абылай Цин империясына бодандықты мойындап, бейбіт келісім жасасуға мәжбүр болды. Бұл еріксіз қажеттілік еді. Өйткені, солтүстіктен аранын ашқан Ресей империясы төніп келе жатқан. Екі майданда бірдей күресу қазақтарға тиімді емес-ті. Бұл кезде Қиыр Шығыста Тынық мұхитына жетіп тоқтаған Ресей патшалығы бүйірде қалып бара жатқан қазақ жеріне басып кіріп, басы асау халықты біржола бұғаулауға дайындалып жатқан. Қазақстанның картасы жасалып, болашақ бекіністердің орны белгіленіп, отарлаудың басқа да шаралары жоспарланған болатын. Тек Пруссиямен арада соғыстың басталып кетуі бұл жәдігөй жобаны жарты ғасырдан астам уақытқа кейін шегіндірді. Дегенмен, Ресей Қазақстанның солтүстік өңірінде, Орал тауынан Ертіс өзеніне дейінгі аралықта өздері «Горькая линия» атаған бекіністер шебін тұрғыза бастады. Қазақтардың көші-қоны шептің арғы бетіндегі байырғы жайлауларына жіберілмеді. Кейін Орта жүз қазақтарының ата қоныстарын тартып алуға, сөйтіп Сарыарқаның солтүстік беткейін отарлауға дем беру үшін бұл бекіністер плацдарм ретінде шешуші роль атқарды. Орыс отаршыларының түкпілікті ниетін аңғарған Орта жүз қазақтары Сарыарқаның солтүстігіндегі қоныстарын қорғау үшін Ресейдің Сібір беттегі бекініс шептеріне тек 1774 жылдың жазында ғана 240 мәрте шабуыл жасаған екен. Осы жағдайды көріп-біле отырып, орыс тарихшылары ойдан шығарған, Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды деген шылғи өтірік күні бүгінге дейін еліміздің орта және жоғары мектеп оқулықтары беттерінен орын алуда. Заманауи тарихшыларды таңғалдыратын бір жағдайды; ұлан-байтақ далада қазақтардың өте тығыз қоныстанғанын атап айту керек. Мәселен, Сарыарқаның өне бойында ешқандай бос кеңістік жатпаған. Таулар мен төбелердің бұлақтары мен құдықтары бар сай-саласы мен қолаттары қазақ ауылдарының қонысы еді. Далада мыңдаған қос жылқы, отар-отар қой өрістеп, көшпелі халық тіршілігінің тұтқасына айналған. Қыста қос қабат киізбен қымталған қоңыр үйде тіршілік еткен қазақтар жаз

айларында алты қанат ақшаңқан ордаларын тігіп, жадырап қалатын-ды. Қырында көкалалы жылқысы жусап, алқабында ақтылы түлігі өрбіп, бейбіт ошағынан көгілдір түтіні шұбалған аулына қарап тұрған қазақ жер дүниеден керемет экологиялық жүйе іздеп басын қатырмағаны, табиғат аясындағы осынау жарастыққа қарама-қайшы отырықшы тұрмысты аңсап аласұрмағаны аян.

Ресей империясының қазақ жерін отарлауы XVI ғасырдың соңында, Сібір хандығын жаулап алып, шығыс шекарасын кеңейткен кезде-ақ ойға алынған жоспар еді. Орыс патшасы I Петрдің тұсында ол нақты іске аса бастады. Қазақ жерінің аумағы белгіленіп, терістік беттегі шекарасының бойына қатаң бақылау орнатылды. Петр 1722 жылы қол астындағыларға: «Бұл орда (Қазақ хандығы) – бүкіл Азия елдері мен жерлеріне кілт және қақпа... ол орда бодандықты қаламайтын болса, миллионға дейін жетсе де көп шығын жасалғанына қарамай, бодандыққа алу керек», – деп нұсқау берді. Сөйтіп, байтақ кеңістікті отарлаудың жобасы әзірленді. Осы арада сәл-пәл шегініс жасауға тура келеді. 1718 жылы Тәуке хан қайтыс болған соң, биліккүмар сұлтандардың бақастығынан Қазақ хандығы үш жүзге бөлініп кетті. Түркістан біртұтас Қазақ ордасының орталығы болудан қалды. Қазақ халқы аса күрделі қыспаққа алынды. Жетісу тұтасымен, елдің оңтүстік бөлігі жоңғар басқыншыларының езгісіне түсті. Оның сыртында қалың қытай жалаңдап тұрды. «Ресейдің бодандығында болсаңдар, қорғауымызға аламыз» деген орыс патшасының уәдесі сөз жүзінде қалды. Керісінше, қазақтардың басына күн туған сәтті пайдаланып, орыстар сулы-нулы, құнарлы жерлерді қамтып қалуға тырысты. Парсының шахы Нәдір 1747 жылғы соғыста Кіші жүздің ханы Әбілқайырды Хиуадан қуып шығып, 1723 жылдан бері жоңғарлардың табанында қалған Түркістан мен Ташкентті басып алды. Қазақ жері дәл осы сәтте көкпарға түскен серкедей жан-жақтан жұлмаланып жатқан. Академик В.В.Бартольд: «Орынбор билеушілеріне орыстарды сақтау үшін тіпті бір халықты екінші бір халықтың күшімен басу арқылы тәуелділік жағдайына келтіру жөнінде тапсырма берілді», – деп, Ресей империясы сұрқия саясат ұстанғанын ашып жазды. Қазақ жерінде де орыс патшалығының қулық-сұмдығын айтқызбай түсінгендер болды. Соның бірі Орта жүздің сұлтаны Абылай еді. Арғын тайпасының бір бөлігіне иелік жасаған кезінде де, 1771 жылы Әбілмәмбет қайтыс болған соң үш жүздің өкілдері киіз туырлықты қазақ жұртының ханы етіп сайлаған соң да ол Ресей билеушілерінің ығына жығылмай, дербес саясат ұстанды. Осының есесін қайтармақ ниетпен, ең бастысы, қазақтар бір орталыққа бағынған мемлекетке айналса құрықтан шығып кетеді деген қауіппен, Ресейдің қатын патшасы II Екатерина қол қойған грамотада Абылайды тек Орта жүздің ғана ханы етіп бекітті. Дегенмен, көзі тірісінде Абылай ханның билігі үш жүздің баласына тегіс жүрді.

(фото – 12)

1781 жылы Абылайхан өлгеннен кейін таққа отырған оның ұлы Уәли Орта жүздің ханы болып танылды. Бірақ, оның билігі осы орданың өзіне тегіс таралмады. «Бөлшекте де билей бер» деген қағиданы қалтқысыз ұстанған Ресей империясы әлі де болса аумақты өңірге, үлкен күшке ие ие болып отырған иі жұмсақ Уәлиханды одан әрі тұқырту үшін 1817 жылғы 18 қаңтарда Орта жүздің бір бөлігіне, соның ішінде Қарқаралы – Қу өңіріне Бөкейді хан етіп бекітті. Ол Кіші жүздің Әбілқайыр ханын өз қолымен бауыздап өлтірген әйгілі Көкжал Барақтың ұлы еді. Орданы бұлай бөлшектеуге орыс патшалығы хандыққа қарасты жердің өте аумақтылығын, өңірді басқарудың күрделілігін себеп қылды. Бөкей әулетінің орыс әкімшілігімен құпия байланыстары, сұлтанның ұлт мүддесін хандық лауазымға айырбастауы бірнеше саяси шегіністер жасап, жалғыз Қарқаралы өңірі емес, бүкіл Орта жүзді Ресейдің оңай жаулап алуына кең жол ашты. Қазақ даласында хандық биліктің әлсіреуіне, бірте-бірте бөлшектеніп, ақыры жойылып тынуына бірнеше себеп әсер етті. Алдымен, әрине, «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» деп ойлаған сұлтандардың сепаратистік пиғылы десек, екіншісі – заманауи талаптарға сай саяси реформалардың жасалмауы. Ата-баба даңқына мәз болу, бұрынғы дәуірлерде өтіп кеткен жеңістер мен жетістіктерге ғана күпіну, уақыт талабына сай өзгеріс жүргізуге талаптанбау, сондай-ақ, билікке, шенге таласу, материалдық байлыққа ашкөздік сияқты індеттер «төрелер» кастасын іштей ірітті. Алдында айтқанымыздай,

Шығысқа созған құлашы Тынық мұхиты айдынына жеткен соң, түстік бағытқа жол ашып, орыс мұжығының керзі етігін Үнді мұхитына жууды мақсат еткен Ресей империясының зұлым, зимиян саясатының салдарынан бұл үдеріс жеделдей түсті. Аты дардай, мәні болымсыз шен-шекпенге, екі-үш құлаш матаға, азын-аулақ ақшаға қазақ сұлтандары мен ру басыларын сатып алуға болатынына кәміл сенген орыс отаршылары халықтың талап-тілегіне пысқырып та қарамай, хандықты өздерінің қолайына қарай бөлшектеп, ұнаған адамын тағайындай салатын болды. Айталық, 1785 жылы Кіші жүздің ел ағалары бас қосқан құрылтайда О.Игельстромның реформасына сәйкес күн тәртібіне негізгі екі мәселе қойылды: хандық билікті жою және Кіші жүзді үшке бөлу. Орыстың неміс текті патшайымы II Екатерина мақсат еткен саясат жүзеге асты. Әбілқайыр өлген соң Кіші жүздің тағына отырған Нұралы 1786 жылы хандықтан тайдырылып, Ресейдің ішкі аумағына жер аударылды. Бұдан былай хандық лауазымның ешқандай заңды күші болмады, ол бар болғаны мансапқұмар сұлтандарға сыйлық ретінде таратылатын атақ мәртебесін ғана иеленді. Өз халқының сенімінен айрылған сұлтандар даланың нақты билеушілері – ру көсемдері тарапынан қолдау таба алмағаннан кейін орыс патшасының әкімшілігі тарапынан қамқоршы іздеуге асықты, отаршылардың сойылын соғып, қажет болса, қазақты зеңбіректің аузына байлап атқызудан тайынбады. Атаққұмар сұлтандар арқылы орыстар Орта жүздің ру басшыларына ықпал жүргізуден үміттенді. Төңірегіндегі ру көсемдеріне Бөкей сұлтанның (кейінгі ханның) қаншалықты сөзі өтіп, нақты билігі жүргені туралы бұлтартпас тарихи дерек жоқ. Бірақ, отаршыл жұрттың Қарқаралыдан ойып орын алғанына қарап, олар бұл тарапта да мақсатына қол жеткізгенін мойындаймыз. Ру басшылары көп жағдайда «ақсүйек» төрелерге қалтқысыз сенеміз деп опық жеп қалғандарына кеш көз жеткізді. Сатқындық саясаттың зұлымдығын халық арада бір ұрпақ ауысып, «ақ патшаның» жарлығымен сұлтандық институтқа тиым салынғаннан кейін Қарқаралыға орыстар жаппай қоныстана бастағанда ғана көрді. Орыстар қаптап келіп, Бөкейхан әулеті саясаткерлерінің араласуымен Орта жүз ру басыларының кеңесі Қарқаралыны патша үкіметіне сыйға тартқаннан кейін мұнда дуан орталығы – орыс-казак станицасы құрылысын салу басталды.

1824 жылы ақпанда Семей бекінісінен тура батысқа – Орта жүздің қақ ортасына Омбы губернаторы, полковник Броневскийдің басшылығымен орыс керуені жолға шықты. Бұл Орта жүзде хандық билік жойылған 1822 жылы Тобыл генерал-губернаторы М.Сперанский әзірлеген «Сібір бұратаналары туралы жарғыға» орай күні бұрын жоспарланған шараны жүзеге асырудың басталған сәті болатын. Сарыарқа және Оңтүстік Сібір қазақтарын басқаруға қажетті құқықтық құжаттар жобасын жасауға пайдалану мақсатымен Тобыл губернаторы «бұратана» жұрттардың салт-санасын, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлі заңдық құқықтарын зерттеу мәселесін күні бұрын көтерген еді. Жоғарыда айтқанымыздай, 1824 жылы Орта жүз жерінде Қарқаралы, Көкшетау, 1831 жылы Аягөз, 1832 жылы Қараөткел (Ақмола), 1834 жылы Аманқарағай (кейін Құсмұрын), 1844 жылы Көкпекті сыртқы округтары, 1854 жылы Семей ішкі округы, 1856 жылы Жетісуда Алатау ерекше округы құрылды. Округтердің басқару аппаратының бірінші басшысы қазақтан шыққан аға сұлтандар болғанымен, оны үш орыс заседателі тізгіндеп отыратын-ды. Аға сұлтанның қазақтан сайланған екі көмекшісі – приказшысы орыстардың қақпайынан шыға алмағаны онсыз да белгілі. Қазақ хан-сұлтандарының өзара билікке таласуы, баққүндестігі себеп болып және стратегиялық, тактикалық қателіктер жіберуі салдарынан байтақ жер орыстың шеңгеліне ілініп, қазақ халқы отаршылдар тепкісіне қалай түскенін байқамай да қалды.

Қазақ жерін отарлау үдерісі кедергісіз жүруіне әсерін тигізген тағы бір себептің бетін ашайық: Дәшті-Қыпшақтың солтүстік бөлігін жаппай отарлауға кіріскен Ресейдің араны ашылған XVIII ғасырда Орта Азияда Хиуа, Бұқара, Қоқан хандықтары құрылып, бір-бірімен бәсекеге түсті. Діні ортақ, тілі мен салт-дәстүрі, мәдениеті ұқсас халықтарды бөлшектеген бұл мемлекеттер өзара жауласып қана қоймай, қазақ жерінің оңтүстік бөлігіне ауыз салып, малшы, дикан халықты дүркін-дүркін шапқыншылыққа ұшыратып тұрды. 1816 жылы Қоқан тағына отырған Омар қазақ даласы билеушілерінің әрекетсіздігі мен алауыздығын пайдаланып, елдің оңтүстік бөлігіне бойлай енді де, Түркістан қаласын басып алды. Орталық

Азия мемлекеттері арасындағы өзара қырқыс оларды әлсіретіп, Ресей патшалығының бұл хандықтарды жаулап алуын жеңілдетті. Терістіктен төніп келе жатқан орыс отаршыларына қарсы күш біріктіріп, күреске шығудың орнына Қоқан ханы Мұхаммед Әлі (Мәделі) Ресейге қарсы көтерілістің басында жүрген қазақ сұлтаны Қасымды опасыздықпен өлтіріп, Орта Азия мемлекеттерінің күні батуын тездете түседі.

Қазақ даласына келгендер алғашқыда жергілікті халықты жылы сөз, жылмаң мінезімен арбаса, көп ұзамай-ақ көңіл түкпірінде жатқан Еуроцентризм тұжырымдамасын жарыққа шығарып, қазақтарға тәкаппарлық көрсетіп, үстемдікпен қарай бастады. Отарлық үдерісті бастап беруші I Петр: «қырғыз-қайсақ дегеніңіз далалық және шолақ ойлайтын халық», – деп, көшпелілер мекендеген кеңістікті жаулап алу қиынға түспейтінін көрсетсе, күні бүгінге дейін Орта Азияны зерттеуші гумманист ғалым ретінде дәріптеліп жүрген Н.М.Пржевальский: «Жалпы номадтардың өркениетті өмірге көшуі қандай жағдайда да мүмкін еместігіне күдіктеніп қана қоймай, бұл тайпалар дамудың ондай сатысына көтерілуге мүлдем жарамсыз деп ой түюге болады. Қойды іс-әрекетке итті жаттықтырғандай үйрету мүмкін еместігі сияқты, жаратылысынан ақылы кем, топас, жалқау және енжар көшпендіні жігерлі де өркениетті адамға айналдыру мүмкін емес», – дейді.

Қарқаралыда Ресей патшалығының алғашқы өлкелік мекемесі құрылу құрметіне орай 1824 жылы 14 шілдеде ұйымдастырылған «тойдың» тарих үшін алатын орны бар. Бұл – Орта жүз жерін тартып алудың нақты басталған сәті. Қазақтар Бөкей ұрпақтарының үгітімен, кейде қысым жасауымен Қарқаралыда казак станицасы салынуына рұқсат бере отырып, «Сібір қырғыздары туралы жарғыны» іс жүзінде қабылдады. Омбы әкімшілігінің мерекеде таратқан сый-сияпаттары мен отаршылар жағына шыққан сұлтандардың алдағы «жұмақ өмір» туралы айтқан тәтті сөздеріне елтіген ру басылары бірнеше буын ұрпақтың азабы мен көз жасына қалатынын сезбеген де шығар. Бай дастарқаннан дәм татып, екі жұрт арасындағы мәңгілік достық пен өзара көмек берісу туралы ант берісіп, болашақтағы тәтті жоспарларымен бөлісті. Дегенмен, көп ұзамай «жарғының» астарында жасырынған, жергілікті халық үшін зардабы орасан ақиқаты біртіндеп ашыла бастады. Алғашқыда дуан басында қазақ сұлтандары отырды. Қазақ орынбасарлары кеңес берсе, орыс көмекшілері іс жүргізуге жәрдемдесуге тиіс еді.

(фото – 13)

Жарғының жағымсыз қырларын бастапқыда ешкім сезе қоймады. Дуаннан тармақ боп тараған болыстар рулардың атауына ие болып, бұрынғыдай көшіп-қонып тіршілік ете берді. Оларды да сұлтандар басқарды. Айталық, Қу – Балқантау өңірінің басым бөлігін құраған Шаншар болысының басында Абылай ханның кіші ұлдарының бірі Шама төре тұрды. Бірақ, іс жүзінде билік ру басшыларының – старшындар мен билердің қолында болды. Көші-қон мәселесі заң бойынша реттелмеген соң, рулар жерінің шекаралары ресми сипатқа ғана ие болды. Халықты бірден шошытып алмау үшін орыс патшалығы салық жинауды бес жылға кейінге қалдырды. Татар, башқұрт халықтарын, Ноғай ордасы мен Сібір хандығын отарлау барысында жиналған тәжірибені қазақ даласын жаулап алу кезінде одан әрі жетілдірген Ресей билігі ғасырлар бойы көшіп жүрген жұртты қоныстандыру ісін «Сібір қырғыздары туралы жарғы» бойынша біртіндеп жүргізді. Сперанскийдің реформасы адамдардың, әсіресе билеуші топтың әлеуметтік жағдайын жақсартып, далада заңды тәртіп орнатады деп сендірді. Отаршылардың жайлы тұрмыс туралы айтқан уағызы, көшпенді өмір салтын надандық пен жабайылықтың ең төменгі деңгейінде көрсетіп, олардың пәуескелі арбасы, жылтыраған түймесі, жез салпыншақтары өркениеттіліктің ұшар шыңындай елес берді.

Отырықшы өркениет «мемлекет» ұғымын кесімді шекарасы бар аумақ аясындағы күшті бюрократтық аппарат, үкімет мүшелерін асырайтын және халықты тапжылтпай бағындыруға қажетті полиция мен әскерді ұстау үшін кесімді салық жүйесі жасалған құрылым ретінде түсінеді. Сондықтан, Ресей империялық кезеңдегі көзқарасынан айнымай, қазақ қоғамының дербес мемлекеті болған жоқ, Қазақ хандығы дегеніміз шартты ұғым деген ұстанымын өзгертпей келеді. Өкінішке орай, Қазақстанның өз ішінде осы пікірді жақтайтындар бар. XVII-XIX ғасырлардағы қазақ даласының жағдайы туралы сөз қозғаған орыс этнографиялық

материалдарынан менмендік пен өзімшілдіктің, басқаша өмір сүріп жатқан адамдарға деген өшпенділіктің сасық иісі мұңкіп тұрады. Сібір дала губернаторлығының басшысы генерал-майор С.Б.Броневский өзі басқарып отырған қазақ жұртын «жабайылар», «айуандар» деп қорлағаннан кейін, одан үлгі алған шенуніктер мен казак жалдаптары көшпелілерге азап пен тозақтың алуан түрін көрсетті. Бірте-бірте мал жайылымының аумағы шектелді. Қазақтардың Ертіс өзеніне он шақырымнан жақын баруына тиым салынды. Адамдардың құқы шектеліп, өз дуаны мен болысының сыртына шыға алмайтын күйге түсті. 1838 жылы жарық көрген «Сібір қырғыздарын дербес басқару туралы ереже» атты орыс патшасының жарлығы Дәшті-Қыпшақтағы «төрелер» институтына түбегейлі өзгеріс жасаған құжатқа айналды. Соған сәйкес кез-келген адам аға сұлтандыққа сайлана алатын, әрбір қазақ болыс басқарушысы лауазымын иеленетін үмітке ие болды. Орыс әкімшілігі осылайша қатардағы қазақты сұлтан құқығымен теңестірді. Шыңғыс ұрпағының артықшылығы, сұлтандық мәртебесі келмеске кетті. Осы кезден бастап билік үшін нақты күрес басталды. Сол жылы халық пен малға алғаш рет санақ жүргізілді. Болыстық лауазым иесі нақты билік иеленді, өйткені, ол жан мен мал санағын ұйымдастырды. Адам мен мал басын есепке алу орыс әкімшілігінің қазақтарды отырықшылдыққа күштеп көшіру ісіндегі алғашқы қадамы еді. Санақ акциясы бұдан былай үш жыл сайын жүргізілді. Санақ нәтижесі бойынша, малдан жыл сайын бір пайыздық баж салығы төленді. Орыс отаршылдығы басталғанға дейін малдан салық төлеу болған жоқ. Хан мен ру сұлтандарына бөлінетін сыбаға-үлес көлемі құрылтай жиындарда жалпы дауыс беру арқылы келісілді. Ортақ іске әркім өз мүмкіндігіне қарай үлес қосты. Жүктің ауырын әдетте ірі байлар көтерді.

Рухани құндылықты бірінші орынға қойған көшпенділерді отырықшы өмірге бейімдеу арқылы олардың санасына материалдық игілікке ұмтылушылық, дүниеқоңыздық тәрізді ұғымдарды орнықтыру көп ұзамай-ақ өз нәтижесін бере бастады. 1831 жылы Орта жүздегі жағдай туралы басшылыққа берген есебінде С.Б.Броневский: «... Мануфактуралық бұйымдар мен басқа да сән-салтанат заттарын көптеп тұтынуға байланысты сауда айтарлықтай ұлғайды. Енді съездер мен мерекелерде тері шекпен мен шалбар киген қырғыздарды көрмейміз, олар қызыл түсті шұғадан немесе мақпалдан тігілген шекпен, құндызбен көмкерілген барқыт қалпақ, ал әйелдері кенеп көйлектер мен бұхаралық камзол шапандардың орнына жібектен, кәсейден және сисадан тігілген көйлектер киетін болған, сондықтан да Бұхара мен Ташкент бұйымдары енді Ресей өнімдеріне жол берді», – деп жазды. Материалдық байлыққа деген жаңа көзқарас «байлық – мұрат емес, жоқтық – ұят емес» деген қазақ ұғымын түбірімен өзгертті. Ағайын-туыстардың қарым-қатынасы арасына жер бөлінісі, ақша, мүліктік теңсіздік, партиялық тартыс, парамен сатып алу, бопсалау және жемқорлық, т.б. келеңсіз құбылыстар араласып, жік түсірді. Қазақтарды бөлшектеп басқару және олардың туыстық байланысын біртіндеп жою ісі мысықтабандап жүргізілді. Мәселен, біртұтас Шаншар болысы Айбике-Шаншар және Нұрбике-Шаншар болып жіктелді де, орыс патшасының 1838 жылғы жарлығы бойынша ру атауы біржола аласталып, Едірей және Қу деген жер аттарын иеленді.

Қазақтарды жарылғап тастауға үсті-үстіне уәде беріп, отаршылдық қысымын бірте-бірте үдеткен Ресей империясының әрекетіне қарсы Абылайханның ұлы Қасым төре мен оның ұлдары Есенгелді мен Саржан, кейін, 1837-47 жылдары Кенесары мен Наурызбай бастаған көтеріліс бүкіл Сарыарқаны шарпыды. 1826 жылы Саржан бастаған қазақтар отаршыл орыстар жаңа орнығып жатқан Қарқаралы бекінісіне шабуыл жасады. Оған осы округке қарасты қаракесек жігіттері де қатысты. Осының алдында көтерілісшілерді «тыныштандыру» ниетімен жүзбасылар Карбышев пен Лукин бастаған, зеңбіректері мен карабин мылтықты, мұздай қаруланған екі отряд жорыққа шығып, Саржанды ұстай алмаса да, аулын талқандады. 150 бейбіт адамды өлтіріп, 200 қазақты жарақаттады, 30 кісіні тұтқынға алды. 2000 жылқы, 200 түйе, отар-отар қой олжалап, тағы 700 ауылдың шаңырағын ортасына түсірді. Отарлық қысымға төзе алмай ауа көшкен қазақтарды күшпен қайтармақ болып 1829 жылы қанды жорық жасаған есаул Куликовтың жантүршігерлік әрекеттері жергілікті халықтың ғана емес, Омбыдағы орыс әкімшілігінің де төбе шашын тік тұрғызды.

Олар бұл жауыздың ісін адамдықтан тыс деп, жазаға кесті. Әйткенмен, орыс казактарының қазақ жұртын қанап, ар-намысына тиіп, қорлаған көптеген істері назардан тыс қана қалған жоқ, Ресей билігі тарапынан қолдау тапты. Қазақтарға қарсы қолдану үшін оларға отты қару тегін берілді. Отаршылардың осындай әрекетін көріп, күш мүлде тең еместігіне әбден көз жеткізген Едірей және Қу болыстарының ел ағалары Алшынбай, Тәттімбет пен Баймұрын билер халқын босқа арандатып, харап етіп алмау үшін туыстарына тоқтау салды, бұдан былайға көтерілістерге қатысудан сақтап қалды. Олардың бұл әрекеті дәл осы кезеңде өте дұрыс шешім болғанын уақыт көрсетті.

Дәшті-Қыпшақ даласының қазба байлықтары ерте дәуірлерден белгілі болды. Бұл жерде көне замандардан қалған қоныстар мен қорғандарды, т.б. ескерткіштерді, әсіресе ежелгі қорымдарды зерттеу кезінде табылатын жәдігерлер – алтын, күміс, қола ыдыс-аяқтар, бағалы металдармен безендіріленген қару-жарақтар дәлелдейді. Сондай-ақ, араб географ-саяхатшысы әл-Идириси Сарыарқадан өндірілетін полиметалдан жасалған бұйымдарды Шаш (Ташкент) саудагерлері Ұлы Жібек жолы бойында бірнеше бағасына сатып, шаш етектен пайдаға бататынын жазады. Оңай олжа іздеген экспедициялар жасақталып, қазақ жеріне ағылуына бұл деректер әсерін тигізді. Жоғарыда айтқанымыздай, әсіресе отаршылдық өршіген тұста көне қорымдарды ақтарып, зираттарды бұзушылар көбейді. Дегенмен, олардың арасында ғылыми маңызы бар дерек қалдырған саяхатшылар да болды. Ресей империясының Ғылым академиясы ұйымдастырған экспедициялардың ізімен кәсіпкерлер ағылды. Соның бірі, Том губерниясының көпесі С.Попов 1844 жылы Бастал өзенінің Түндікке құяр сағасында орнатқан Балгодат-Стефанов зауытында тұңғыш рет руда балқытылды. Өңірдің тұңғыш өнеркәсіп ошағы жылына 30 мың пұт күміс, 10 мың пұттан артық қорғасын өндірді. 1889-1908 жылдары Шөптікөл мысты шаймалау тәжірибелік һәм Желтау гидрометаллургиялық зауыттары жұмыс істеді. Бұларда да полиметалл өнімдері шығарылды.

(фото – 14)

XIX ғасырдың ортасында Қу – Балқантау өңірі бүкіл қазақ даласының базарына айналды. 1848 жылы жазға салым Ялуторск көпесі В.Ботов Талды өзенінің Қарасор көліне құяр сағасына өндіріс бұйымдары тиелген керуенін тоқтатады. Қызылжар базарына бара жатқан қазақтардың жолын тосып, өзіндегі тұрмыстық бұйымдарды малға айырбастайды. Шаш етектен пайдаға батып, дәндеген саудагер келесі жылы тағы да келеді. Бірте-бірте бұл жер Орталық Қазақстандағы ең ірі, дәстүрлі сауда орнына айналып, Қарасордың төңірегі айырбасқа түсетін төрт түлікке толды. Жергілікті жұрт көлдің терістігіндегі Қоянды тауының атауын берген жәрмеңке қазақтардың бұдан кейінгі саяси, экономикалық, мәдени дамуына айтарлықтай ықпал жасады. Жәрмеңке әдетте бір ай, мамырдың 25-і мен маусымның 25-і аралығында өтіп тұрды. 1869 жылы ғана осы кесімді мезгілде жарты миллионнан астам қой-ешкі, жылқы мен сиыр саудаға түскен екен. Уақыт өте келе Қоянды жәрмеңкесінің даңқы қазақ даласы мен Ресей империясының шегінен шықты. Орыс көпестері мұнда астық, еуропалық зауыттар пен фабрикалар бұйымдарын, өзбек саудагерлері бау-бақша өнімдерін, қытай алыпсатарлары жібегі мен шыны ыдысын, шайын малға айырбастады. 1899 жылы жәрмеңкенің сауда-саттық айналымы 1.731.708 рубльді құраса, 1907 жылы осындағы мемлекеттік банк бөлімшесі 7.953 мың рубльдің операциясын жүргізген екен. Карантин салдарынан сауын малдар мен Жетісу астығын жеткізу кешігіпті. Оған қарамай, сауда қызу жүріп, мал бағасы көтерілген. Көтерме саудада жылқы 35, қой 5, өгіз 33, сиыр 25, қысыр сиыр 18 рубль тұрса, бөлшек саудада жылқы 25-80, қой 4-8, өгіз 40-70; сиыр 25-30, қысыр сиыр 20 рубльге сатылған. Әртүрлі малдың иленген, шикі терісі, жүн-жұрқа, қыл, т.б. заттар саудаға түскен. Қоянды жәрмеңкесі маусымдық сипатқа ие болғанымен, ондағы сауда дүкендері мен әкімшілік-әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің саны ұдайы өсіп отырды. 1876 жылы 16 дүкен ашылып, 120 киіз үй тігілсе, арада ширек ғасыр өткенде мұнда 30 ірі сауда үйі, 276 шағын дүкен жұмыс жасап, 707 киіз үй шаңырақ көтерді. 1885 жылы жәрмеңке жанында пошта бөлімшесі ашылып, көп ұзамай телеграф байланысы жетті. 1894 жылы Ресей мемлекеттік банкісінің, алғашқы дүниежүзілік

соғыс қарсаңында сыртқы сауда жөніндегі орыс банкісінің бөлімшелері қызмет көрсете бастады. Сауда орталығын жәрмеңке комитеті басқарды. Дүкендермен қатар мейманханалар, қырықтан астам тұрғын үй, қойма ғимараттары салынды. Қылмыс жасағандарды уақытша қамайтын абақтысы бар сот үйі, ояз бастығы уақытша жұмыс істейтін кеңсе «Ақсүйектер орамында» орналасты. Жәрмеңкедегі тәртіпті сақтау үшін 15 атты және 20 кіші шенді күзетші қызмет жасады. Медициналық және мал дәрігерлік мекемелердің жұмысы жолға қойылды. Қазақтар үшін әлеуметтік-қоғамдық маңызы бар іс-шараларды – жер дауын және жесір дауын, рулар арасындағы қақтығыстар мен барымтаны, салық жинау, қарызды қайтару мәселелерін шешу үшін билер мен болыстардың бас қосатын, съездерін өтізетін жері де осы болды. Жәрмеңкенің бір қанатында азық-түлік және өнеркәсіп бұйымдары дүкендері мен қымызханалар, шайханалар мен моншалар орналасты. Жәрмеңке қазақ мәдениеті мен өнерінің салтанаты жарасқан орталыққа айналды. Дүлдүл әнші-күйшілер, ақындар мен балуандар, он саусағынан өнер төгілген шеберлер мен зергерлер осында жиналып, Қоянды өңірін ұлт рухының Меккесіне айналдырды. Әншілер сайысы мен ақындар айтысы, балуандар күресі мен халық циркі әртістерінің өнері қатар жүріп жатты. Бұрынғы Шортанбай, Қалдыбай, Нарманбет, Жанақ ақындардың ізін ала Шөже, Балта, Кемпірбай, Әсет тәрізді дүлдүлдер шықты. Мұнда қазақ ақыл-ойының алыбы Абай бірнеше мәрте болды. Тәттімбеттің тәтті күйі тербеткен далада «Тамсантып Орта жүзді әнмен қырған» Біржан сал, аспандағы аққуға үнін қосқан Айтбай, өршіл рухты Жаяу Мұса, сыршыл да сырбаз үкілі Ыбырай, әр әні әнұрандай Мәди, «жанына ерген жігітке олжа салған» Иманжүсіп, сырнайын үзілдіре сызылтқан Майра тәрізді бұлбұлдардың әні қалықтады. Бертінірек базаршы жұрт Ғаббас пен Әміренің, Қали мен Жүсіпбектің үнін тыңдады. Балуан Шолақ пен Қажымұқан сияқты бұла күш иелерінің, сиқыршы һәм акробат Зәрубай, Қара Омар, артист Қаллеки, суырып салма ақын Иса сияқты тарландардың өнеріне тәнті болды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін мұнда радио желісі тартылып, Семейдегі «Степная правда» газетінің «Ярмарочный вестник» атты қосымшасы шықты. Қояндыдағы халық ағарту үйі келешек кәсіби өнер ордасының, қазіргі М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының негізін қалады – қазақтың тұңғыш режиссері Ж.Шанин мен алғашқы актерлердің көбі осында танылды. Орталық Қазақстандағы тұңғыш жылжымалы киноқондырғы 1928 жылы Қояндыда іске қосылды. Оқырмандар залы бар кітапхана жұмыс істеді.

1905 жылы жазда Қоянды жәрмеңкесінде Ресей патшасының зәресін ұшырған «Қарқаралы құзырхаты» жазылды. Отаршыл орыстар «тағы» деп кемсітетін халықтың санасы қандай деңгейде екенін көрсететін құжат кездейсоқ атқарылған іс емес, әбден ойластырылған, сауатты ұйымдастырылған саяси әрекет еді. Қазақтар империя билеушілеріне бірнеше талап арыз жолдаған. Саяси күрес басында Әлекең (Ә.Бөкейхан) бастатқан А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Ақбайұлы, К.Төгісұлы, т.б. алаш ардақтылары тұрды. Ресей императорына жолданған құзырхатта алты миллион қазақ бұдан әрі империя тарапынан жасалатын қысым мен кемсітушілікке көнбейтіні, мемлекеттік думаға өз қатарынан депутаттар сайланғанда ғана империя құрамындағы өзге жұрттармен өздерін тең сезінетіні айтылып, бұл талапқа кім-көрінген емес, белгілі ел ағалары – болыс-билер қол қойған екен. Алаштың төрт ақсақалы атынан жолданған келесі талап арызда да күнкөріс қамы, әлеуметтік мұқтаждық емес, жердің қазақтарға қайтарылуы, ұлттық теңдік пен ар-ождан еркіндігі, сөз бостандығы, ана тілінде білім алу, азаматтық, қылмыстық істерді қазақша жүргізу тәрізді рухани мәселелер көтерілген-ді. Үшінші құзырхат та осы мазмұндас. Оған 12767 адам қол қойыпты. Отаршылардың шовинистік шел қаптаған көрсоқыр сенімдерін талқандап, бұлтсыз күнгі найзағай жасынындай әсер еткен, империяның бюрократтық аппаратын шошытқан да осы – үш ұйықтаса түсіне кірмеген талаптар болатын. Қу-Балқантау өңіріндегі Қоянды жәрмеңкесі алғашқы дүниежүзілік соғыс кезіндегі азын-аулақ үзіліспен сексен жылдай жұмыс істеді.

Қазақстанды толық отарлап алған соң Ресей империясы оның аумағына славян тектес халықтарды қоныстандыруды мақсатты және жүйелі түрде жүргізді. Бұл саясатты шартты түрде үш кезеңге бөліп қарастырамыз: 1861-1885, 1886-1905 және 1906-1917 жылдар. Патша

крепостнойлық правоны жойғаннан кейін Ресей жері помещик-дворяндардың меншігінде қалды. Орыс мұжығының «мұқтажын» шешуді билік қазақтардың есебінен шешті: «жұмақ өмір» іздеген шаруалардың Дәшті-Қыпшаққа орнығуы үшін оларға несие де, құрал-жабдық та, қазақтардан қорғануы, қажет болса құнарлы жерді күшпен тартып алуы үшін отты қару да берді. Қоныс аударудың алғашқы кезеңінде бұл үдерісті реттеуге тырысса, 1891-92 жылдардағы аштықтан кейін өз бетімен қоныс аударушыларға қойылған шектеуді мүлде алып тастады. Орыстарға жан басына 30 десятина жер беріп, 15 жылға алым-салықтан басатылса, өзге ұлт өкілдеріне 10 десятина жер беріліп, 3 жылға жеңілдік жасалды. Қоныс аударушылар есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. 1897 жылы Қазақстанда 4 млн 150 мың адам тұрса, оның 3 млн 400 мыңы қазақтар, қалған 750 мыңы өзге ұлт өкілдері еді. Орыстар барлық тұрғынның 8 пайызын құрады. 1905 жылғы Столыпин реформасынан кейін қазақтардың жерін тартып алу жаңа қарқынмен өрістеді. Алдымен Қазақстан аумағындағы «артық» жерді есептеу үшін Ф.Щербина, В.Кузнецов, П.Румянцевтің экспедициялары жұмыс істеді. Олар қазақтардың қонысы мен мал жайылымын шектеп, «артық» жерді қоныс аударушылардың үлесіне алды. Отарлық саясаттың бұл кезеңі қазақтардың шаруашылығына орасан нұқсан келтірді. Мысалы, 1908 жылы ғана қазақ даласына 665 мың орыс қара шекпені келіп, сулы-нулы, құнарлы жерлерге орналасты. Патшалық Ресейдің отарлық эстафетасын кеңестік орыс билігі одан әрі жалғастырды. Айталық, қазақ шаруаларының малын тәркілеп, ел ағаларын жер аударып, «кіші октябрь» салдарынан өрістеген аштық нәубетіне әзірлік жасап жатқан 1927 жылдың 12 қыркүйегінде Меңдешев (кейінгі Қу ауданы) болысына қарасты, Қарқаралыдан 80, Қояндыдан 30, Павлодардан 270 шақырым Заводский кентінде тұратын 136 орыс отырықшы қауым ретінде ерекше есепке алынып, селолық кеңес төрағасы Колесник деген өздерінің әлеуметтік жағдайы, құралдары жайлы есеп берген екен. Меңдешев болысының №3 аулына қарасты Казанский кентіндегі 84 орыстың жай-күйі туралы Печенкин деген мәлімдеме жасаған. Кеңестік билік ұйымдастырған курстарға да алдымен славян тектестер және бірен-саран татар тартылған екен. Сөйтіп, Ресей империясының Еуропалық бөлігіндегі тұрғындардың қазақ даласына қоныс аударуының әлеуметтік-саяси салдары жергілікті жұрт үшін өте ауыр болды. Ол Қазақстанның этнодемографиялық құрамы байырғы тұрғындар үшін тиімсіз өзгеруіне әсер етті.

Алғашқы ғаламдық қырғын жылдарында Ресей империясында өріс алған саяси, экономикалық, әлеуметтік шиеленістер, оның үстіне, майданның қара жұмысына бұратана халықтардан солдат алу туралы патша жарлығының жарық көруі 1916 жылдың жазында қазақ даласының көп өңірінде көтерілістер шығуына соқтырды. Осы жылдың 28 тамызында Қарқаралыда қазақтардың құрылтай съезі өтті. Уездегі 15 болыстан 638 адам қатысқан жиынға сыйлы ақсақалдар, ықпалды адамдар және лауазымды тұлғалар шақыртылды. Жиында тыл жұмыстарына шақырылған қазақтарға жеңілдіктер беру туралы патшаға жіберілетін өтініштің мәтіні қабылданды. Шақыртуды үш кезеңде жүргізу: бірінші 19-23, одан кейін 24-27 және үшінші кезекте 28-31 жас аралығындағыларды алу, қабылдау комиссиясына ауыл қоғамынан 2 өкіл қатыстыру, сондай-ақ, тыл жұмысына шақыртуды 1917 жылғы 1 сәуірге дейін қалдыру ұсынылды. Екіншілері тыл жұмыстарын қазақтар үшін әскери міндетті өтеудің ең қолайлы нысаны болып саналатын іспен, казачествадағы қызметпен алмастыруды ұсынды. Ақмола уезінің Мұңғақты болысындағы №4 ауыл тұрғыны Молдабай Байзуақовтан императордың атына жеделхат жолданып, қазақтарды тыл жұмыстарына шақырту қажетсіздігінің себептері жан-жақты және негізді көрсетілген. Өтініш-хатта: «Дала толқуда, жер-жерде көтерілістер мен бүліктер басталды. Көтерілістің Қарқаралыдағы ошағын Жәмеңке Мәмбетов басқарып отыр. Қараша айында Торғайда қазақтардың құрылтайы өтті, осы жиында сардар болып сайланған Амангелді Имановтың басшылығымен отаршылдыққа қарсы көтеріліс қауырт басталды», – деп жазылған. Бірақ, Омбыдағы Дала генерал-губернаторы Сухомлинов өтінішті, соның ішінде Ақмола, Петропавл, Павлодар, Семей уездерінен жіберілген хаттарды да қабылдаған жоқ. Оның есесіне, уезд басшыларының сұрауы бойынша бүліктерді басу және оларды бастаушыларды жазалау үшін қазақ даласына казачество әскерінің жазалау отрядтары аттандырылды.

Көтерілістің негізгі ошақтары көп кешікпей басылды, өйткені, өте нашар, негізінен найза, айбалта және шиті мылтықпен қаруланған көтерілісшілер пулемет және зеңбіректермен қаруланған казактарға қарсы тұра алмады. Дала тағы қанға боялды, бүлікті бастаушылардың көпшілігі тұтқындалды және сот төрелігіне беріліп, кейін қазақ жерінен тысқары Сібірге және Қиыр Шығысқа жер аударылды. Көтерілісті басқаннан кейін жазалау жасағы ауыл-ауылдарға шығып, жас мөлшеріне қарамастан, көпшілігі жас, әлді және денсаулығы жақсы жігіттерді күшпен жинап әкетті. Олар этаппен, күзетшінің айдауымен Петропавлға аттандырылды, онда жүк вагондарына тиеліп, ішкі Ресейге жөнелтілді. Біреулерін батысқа, соғыс қимылдары жүретін жерде окоп қазуға, енді біреулерін әртүрлі жұмыстарға жіберді. Сонымен бірге, тыл жұмыстарының мұқтаждығы үшін жергілікті билік реквизициялық алымдар: ат, түйе, арба сияқты салық түрлерін жинады. Тыл жұмысына шақырту талабын қатаңдатып жіберуден қорыққан халық балаларын алып қалудан үміттеніп, бұл алымдарды тегін беріп отырды. Қарқаралы уезінен тылдың қара жұмысына шақырту алған қазақтардың дәл деректері мен тізімдері мұрағатта сақталмаған. Атап өту керек, Қу – Балқантау өңірі тұрғындарының басым бөлігі бұл мәнсіз ереуілдерден тыс қалды. Олар «империя құрамында болғаннан кейін, қазақ баласы жарлыққа бағынуы керек. Әскерге барып, соғыс тәртібін үйренгені дұрыс. Бұл өнер дербес мемлекет құрып, ұлттық әскер жасақтағанда аса қажет болады» деген Алаш қайраткерлерінің ақыл-кеңесіне ден қойды. Майданның қара жұмысына барды. Соның қатарында – белгілі әнші Ғаббас Айтбайұлы, қоғам белсендісі Нұрғали Уәлиев, т.б.. Жол көріп, тіл үйренгенінің арқасында олар кеңес билігі орнаған тұста қызметке араласты.

Кеңестік-коммунистік қыспақта. 1917 жылғы ақпан және қазан төңкерістері аралығында, шілденің 21-28 күндері өткен Жалпықазақ съезі қабылдаған Ереже бойынша Қарқаралы уезі Алаш автономиясы құрамына енді. Қу – Балқантау өңірінің көзі ашық азаматтары да, бұқара халқы да ұлттық мемлекет құрылуын қуана қолдады. Әйткенмен, қазақ зиялылары арасындағы алауыздық, большевиктердің жалған уәдесіне сенген шаруалардың аңғалдығы салдарынан байтақ ел кеңестік билікті мойындауға мәжбүр болды.

Кеңес билігі қазақ аулына бірден қатты келген жоқ. Алғашқы бетте елді ұзын арқау, кең тұсауда ұстап, А.Керенскийдің Уақытша өкіметі кезінде сайланған билік өкілдерін сақтады. Мысалы, ұзақ жылдар бойы Дастар болысын басқарып келген Шайхы Мұсатаев 1917 жылы Қу болысының билігін иеленеді. Дастар елінің болыстығына сайланған Смағұл Тұқышев қайтыс болған соң, старшын Ғабыжәлел Смағұлов оның орнын басады. Қарқаралы уезі басшылығының 1918 жылғы 26 қарашадағы һәм16 желтоқсандағы ұсыныстары бойынша, Семей облысының басшылары оларды аталған лауазымға 1919 жылғы 5 сәуірде қайта бекітеді. Едірей болысының тізгінін осы кезден бастап, тәркілеуге іліккенге дейін Айғожа Теміржанов ұстаған дүр.

Кеңес билігі әбден орнығып, шаруалардың малын тартып алу, халықты күшпен ұжымдастыру науқандарын жүргізгенге дейін, тіпті, Қарқаралы округі таратылып, оның құрамындағы аудандардың біразы орталығы Қарағанды қаласы болған облысқа қосылғанға дейін Қу – Балқантау өңірін кімдер басқарғаны жайлы мардымды деректер табылмады. Тек 1926 жылы ауылдарда өткен кеңестер сайлауының қорытындысы жайлы мәлімет беретін Семей мұрағатындағы құжатта Меңдешев болысына Нұрмақ Тәукебайұлы бекітілгені айтылады. Қарқаралы уездік комитетінің хатшысы Шарапиев деген шенеунік бұл өңірді ағайынды һәм өзара бәсекелес Мақат және Хасен Ақаевтар кезек билеп келіп, осы жолы олар татуласып, орталарынан Нұрмақты ұсыныпты. Ол – Ақаевтардың адамы, әлеуметтік жағынан ортадан төмен, Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының әкесі екенін жеткізіп, Меңдешев болысында патриархалды-рулық дәстүр сақталып отыр деп баға береді.

1925 жылы Қазақстанда елеулі жаңалықтар орын алды. Республика құрамына Жетісу мен Сырдария облыстары енді. Астана Орынбордан Ақмешітке көшіріліп, ол Қызылорда деп аталды. Сондай-ақ, жергілікті ұлтқа өзінің ***қазақ*** деген байырғы атауы қайтарылды. Осындай игі өзгерістермен бірге, халықтың болашағына адам айтқысыз зор зардаптарын тигізген оқиға да болды. Ол – республика басшылығына Мәскеуден Ф.И.Голощекиннің келуі еді. Осы

жылы 1 желтоқсандағы V Бүкілқазақстандық конференцияда Қазақстан өлкелік партия комитетінің 1-ші хатшысы, кейін «құжақ» атанған жендет «ауылдарды кеңестендіру» туралы ұран тастады. Партия қызметкерлері ұсынысты талқылай келіп, ауылдарды кеңестендіруге, көшпенді қазақтың тұрмыс қалпын өзгертуге және оларды мәжбүрлеп отырықшылдандыруға бел байлады. Ресей патшалығы жүз жыл бойы жасай алмаған реформаны кеңес өкіметі жедел орындауы тиіс еді. Сондықтан, Голощекин оған жетудің төте әдістерін ұсынды, ол: «ауылдарды экономикалық және рухани жағынан жікке бөлу, тапаралық күрес тудыру, яғни кедейлерді топтастырып, оларды ауқатты адамдарға қарсы айдап салу керек, яғни «бөліп ал да, билей бер» қағидасын қолдану қажет», – деді. Егер бұрын патша шенеуніктері рулық құрылымды әкімшіліктендіру, мүліктік жіктеу жолымен, сыртқы факторлар арқылы «жеңіл» әрекет етсе, коммунистер «озық» тәсілді таңдады. Ол үшін тап жауын – байларды табу және кедейлерді оларға қарсы айдап салу қажет болды. Қазақтардың ру басшысы, ел ішінде беделді ақсақал атанып жүрген жақын туысы аз уақыт ішінде қалай тап жауына – «жартылай феодалға» айналып кеткенін басында түсіне алмады. Жасыратын несі бар, ел ішінде қызғаныш та, араздық та, өкпе-реніш те ұшырасты, бірақ ағайын «өкпеге қиса да өлімге қиған емес». Даланың ескі дәстүрі: үлкенді сыйлау, жасы үлкеннің алдынан қия өтпеу, бала кезден құлаққа сіңірілген ар-ұят қағидалары әлі қасиетін жоғалтпаған еді.

Ауыл шаруашылығын жаппай ұжымдастыру нәтижесінде аграрлық саланы күшпен өзгерту һәм осы саладан алынатын өнім негізінде елді жедел индустрияландыру үшін кең көлемді өнеркәсіп құрылысын жүргізу, шамадан тыс әскер ұстау халық басына қасірет орнатып, орны толмайтын зардаптарға ұрындырды. 1926 жылы кеңестер билігі орнаған кеңістікте алғаш рет толық санақ жүрді. Адам мен малдың толық есебі алынды. Бұл одан кейін ауыл мен деревняның ресурстарын тартып алу, ұжымдық шаруашылықтар құру үшін малды «ортақ қазанға» салғызу, сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өнімдері мен шикізаттарды шамадан тыс мөлшерде даярлау үдерісін қабаттаса жүргізуге даярлық еді. Коммунистер бұрын-соңды жүргізген реформалардың ішінде ең сәттісіне саналатын НЭП (жаңа экономикалық саясат) кеңес билігі күткендегідей нәтиже бермегеннен кейін, үкімет аграрлық салаға алым-салықты еселеп өсірді. Айталық, 1926 жылдың қазан айынан 1927 жылғы қыркүйектің соңына дейін Қарқаралы уезінің шаруалары мемлекетке ет, май, т.б. азық-түлік өнімдерін былай қойғанда құны 220 000 рубль тұратын 20 000 сиыр терісін, 60 000 рубль тұратын 10 000 жылқы терісін, құны 6250 рубль тұратын 2500 желін, құны 420 000 рубль тұратын 210 000 қой терісін, құны 238 000 рубль 140 000 ешкі терісін, құны 20 000 рубль тұратын 10 000 бұзау терісін, құны 84 000 рубль 200 000 қой-ешкі ішегін тапсыруға міндетті болған. Санаға симайтын жоспарды жасаушылар халық бұдан әрі қалай күн көретініне ешбір бас ауыртпағаны хақ. Салық мұнымен ғана тынған жоқ. 1927 жылы уезд тұрғындары 5000 елтірі (құны 6000 рубль), 1000 лақ терісін (200 рубль), 100 құлын жарғақ (300 рубль), 1500 түлкі терісін (18 000 рубль), 550 қарсақ терісін (2750 рубль), 300 қасқыр терісін (2400 рубль), 4500 күзен терісін (7875 рубль), 100 борсық терісін (150 рубль), 35 мысық терісін (24 рубль 50 тиын), 1000 суыр терісін (1500 рубль), 450 ақ тышқан терісін (1125 рубль), 750 қоян терісін (375 рубль), 73 кг шаш (1460 рубль), 17 кг қыл (1190 рубль) әзірлеуі тиіс еді. Қазақтар үшін егістік алқаптарды тыңайтатын көң (малдың қиын) дайындау қорлық болса, тұқым қорына астық тапсыру ең ауыр міндет қатарына жатты. Өйткені, олар ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру салтына һәм тұрған жерінің климаттық жағдайына байланысты егіншілікпен айналысқан жоқ. Осы жағдайды жақсы білгендіктен: «Жергілікті биліктің тапсырмасын орындау үшін малшы қазақтар астықты көршілес аудандардан сатып алуға мәжбүр болды. Астықты ақшаға ешкім сатпайды – қымбат. 15 фунт бидай үшін – қой, 1,5 пұт үшін – сиыр, 3 пұт үшін – өгіз, 4 пұт үшін – жақсы ат, 4,5 пұт үшін – түйе берді», – деп жазыпты сол кездегі авторлардың бірі И.Кабулов. Биліктің санаға симайтын бұйрығын орындаудан бас тартуды, жоспардың өмір шындығымен мүлде үйлеспейтінін көрсетуді былай қойғанда, белгіленген азық-түлік және шикізат түрлерін әзірлеуге шамасы жетпеген адамдардың барлығы үкімет саясатына қарсылық білдіруші, мемлекет мүддесіне кері әрекет

етуші жат элемент ретінде қудалауға ұшырады. Кеңестер одағында 1922-33 жылдары билікке қарсылық көрсеткені және астық пен етті жасыруға әрекет жасағаны үшін 33000-нан астам адам қылмыстық жазаға тартылып, сотталған екен.

Өлкелік партия комитетінің жаңа көсемі қазақ аулын кеңестендіруге арналған «кіші қазан» бағдарламасын жасап, Орталықтың (И.В.Сталиннің) қолдауына ие болды. Қазақстандағы кеңестік мемлекеттік автономия қызметіне Н.Нұрмақов, С.Сәдуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, т.б. бастаған саяси күштер ұлттық сипат, мазмұн беруге ықылас қойып, Голощекиннің «кіші қазан» бағдарламасына қазақ қоғамын екіге жарып, «азамат соғысына» апаратын әрекет деп сын тезіне алды. О.Исаев, І.Құрамысов, Ғ.Тоғжанов, т.б. тобы бұған керісінше бағыт ұстанып, жалпыұлттық мүддеден бас тартуды, таптық саяси идея ұстануды қалады. Республикадағы саяси тартыс осы екі топтың арасында өрбіді. Мәскеу жіберген «құжаққа» керегі де осы еді. Таптық күрес бағытын ұстанғандарды қолдаған ол 1927 жылы БОАК төралқасы қабылдаған, көшпелі және жартылай көшпелі қазақтарды жерге орналастыру туралы шешімді бетке ұстап, Қазақстандағы егістікке жарамды жерлерге ең алдымен орыстарды қоныстандыруға тырысты. Н.Нұрмақов, Ж.Сұлтанбеков сияқты қайраткерлер бұл зорлыққа бірден қарсы шықты. Бірақ, тіреуі Орталықта тұрған Ф.Голощекин Қазақстан үкіметінің «Қазақ АКСР-да жерге орналастыру тәртібі және жерді пайдалануды ретке келтіру туралы» (4.03.1928) қаулысын орындау кезінде сырттан қоныс аударушыларға артықшылықтар берді. Көшпелі һәм жартылай көшпелі қазақтарды отырықшылыққа бейімдеу мемлекет тарапынан ешбір қаржылық және техникалық көмек берілмей, науқаншылдық шаралар арқылы, көпе-көрнеу зорлықпен жасалды. Кеңес билігі қазақ жерін отарлауды тың қарқынмен жүргізді. 1927 жылы қарашада Қызылордада өткен VI Бүкілқазақстандық партия конференциясында Ф.Голощекин баяндама жасап, «ұлттық пиғылдағы бұлтарушыларға» түпкілікті соққы жасап, тұқыртып тастады. Өзінің ұстанған саясатын мақұлдап, одан әрі шешімді әрекет жасауға «шектеусіз мүмкіндік» берген И.Сталиннің хатын оқып шықты. Шексіз өкілеттігі барын жариялаған «құжақ», ауылды реформалауды асықпай, қатаң шаралар қолданбай өткізу керек, аса ірі байларға сараланған салық салу жеткілікті деген көзқарасты ұстанған Н.Нұрмақов, О.Жандосов, С.Сәдуақасов және басқа қарсыластарының көзін жоюға кірісті.

1927 жылы желтоқсанда Қазақ өлкелік партия комитетінің ұсынысы бойынша байларды тәркілеу туралы заң дайындайтын комиссия құрылды. 1928 жылы 27 тамызда «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» және 13 қыркүйекте «Тәркілеуге қарсылық көрсеткені үшін қылмыстық жауапқа тарту және ірі, жартылай ірі феодалдарды көшіру туралы» деген қос қаулы қабылданды. 700 ірі шаруашылықтың мал-мүлкін тәркілеу белгіленді. Малмен бірге бау-бақша, ауыл шаруашылығы құралдары – соқа-сайман, арба, шана, тіпті, күрке, жертөле сияқты баспаналар да тәркілеуге жатқызылды. Көп ұзамай Қарқаралы уезінде де байлар тізіміне енгізілген қазақтардың шаруашылығын тәркілеу, өздерін жер аудару үдерісі басталды. Осы кезде уезде 31437 кедей (жан басына шаққанда 3-15 малы бар), 4365 орташа (15-50 малы бар), 2542 ауқатты (50-100 малы бар) және 304 бай (100-ден артық малы бар) отбасы болған екен. Яғни, халықтың 91%-ы кедейлер мен орташалар, 9%-ы әлділер мен байлар болыпты. Жоғарыдағы құжатқа сай, көшпелі аудандарда ірі қараға шаққанда 400 бас малы бар, отырықшы өңірлерде 150 бастан артық малы бар байлар тәркілеуге ілікті. Бұған қоса, малының санына қарамастан, сұлтандар мен хан ұрпақтары, болыс болғандар, патша өкіметінен сый-сияпат алғандар да тәркілеу тізімінде болды. Қолдан жасалған тап күресі ретінде өрбіген үдерістен бүкіл қазақ даласына белгілі тұлға, әйгілі меценат Қасен Ақайұлы мен оның туысы Мақат қажы да тыс қалған жоқ – мал-мүліктері хатталып, өздері жер аударылды. Масқара ауыр тағдыр өңірдегі жақсы-жайсаңдардың барлығының дерлік пешенесіне жазылды. Бұл науқанды кейбір бәлекорлар мен жатыпішерлер мал табу үшін пайдаланып қалуға тырысты. Бас араздығы бар ауқаттылардың үстінен жалған шағымдар түсірді. Дүниеге қан шеңгелдеп келген қылмыскер билік адал еңбегімен игілікке қол жеткізген, қоғамнан лайықты орнын алған адамдарға қатысты іс қозғау үшін түрлі себептерді пайдаланды. Соның ішінде бір бәлекордың жаласы, ауыл кедейлері жиналысының

(кедейком) шешімімен 300 бас малы бар екені көрсетілгені, күдіктінің немесе оның жақын туыстарының Ресей патшалығында басқарушы, би, старшын, молда, қажы, халық соты сияқты қызмет атқаруы, сондай-ақ, алашордашылармен немесе Колчак бүлікшілерімен байланыс жасағаны тәрізді жанама жағдайлар да тәркілеуге негіз болды. Кейінгі факторлар тіпті ауыр себептер санатына жатқызылды. Саяси және экономикалық себептерді мақсат еткен кеңестік-коммунистік тәркілеу, нақты мәнінде алғанда, адам құқығын аяққа таптаған «мемлекеттік барымта» болып шықты. Өзі дүниеден көшкеннен кейін 63 жыл өткенде қазақ қоғамында осындай сорақылық орын алатынын білгендей данышпан Шоқан Уәлиханов: «...осы уақытта халық үшін ең маңыздысы және жақыны халықтың аса өзекті қажеттіліктеріне тікелей қатысы бар экономикалық және әлеуметтік реформалар болып есептеледі, ал саяси реформаларға, тек қажетті экономикалық реформаларды өткізуге арналған құрал ретінде рұқсат беріледі, өйткені, әрбір адам дербес және адамзаттың барлығы бірге ұжымдасып тұлға ретінде дамуға және өзінің материалдық әл-ауқатын жақсартуға ұмтылады. Қоғамдық игілікті мақсат тұтқан, кез-келген реформа тек құралдың қоғамға қажеттілігі белгілі болғанда ғана түрлі кездейсоқтықтарға тап болмай, болжаған мақсатына жете алады.

(фото – 15)

Ұластырылған, зорлық-зомбылықты көздейтін, дерексіз теорияларға негізделген немесе басқа халықтың өмірінен алынған реформалар адамзатқа осы уақытқа дейін үлкен бақытсыздықтар әкеліп отырды», – деген екен. Ғұламаның пікірі дұрыстығын коммунист отаршылардың адам ақылынан тыс әрекеттері толық дәлелдеді.

Науқанның алғашқы кезеңінде республикада 145 мың бас мал тәркіленіп, 619 отбасы тұрғылықты мекенінен көшірілді. Байлардың мал-мүлкін тартып алу туыстарының колымен жүргізіліп, қазақтарды өзара араздастыру саясаты тереңдей түсті. Ә.Бөкейханов бастаған алаш қайраткерлері мен жақтастарының кеңес билігімен арақатынасы шиеленісіп кетті. Мемлекеттік автономия алудан үміттенген ұлт-азаттық қозғалыс басшылары жаңа билікпен тіл табысуға ұмтылды. Арнайы білімі бар мамандарға зәру болғандықтан кеңес билігі де алғашқы бетте санаулы қазақ зиялыларын мемлекеттік қызметке тартуға әзір болғандай түр көрсетті. Бірақ, шамадан тыс салық төлеп, саяси-әлеуметтік, экономикалық езгіге түскен қазақ шаруаларының қызыл жендеттерге қарсылық көрсетуі бұлар алаш қайраткерлерімен байланыста деген күдіктің тууына негіз болды. Осыдан соң қазақ зиялы қауымы саяси сенімсіздікке ұшырап, қудалауға түсті. Сондай-ақ, кеңестік билік жүйесіндегі ұлт зиялылары арасындағы алауыздық, әсіресе жоғары органдарға барған кейінгі буын – тәжірибесіз элитаның тап-топқа бөлініп, өзара қырқысуы империялық жендеттердің ұлттық мүддені көздеген қайраткерлерді қуғын-сүргінге салып, жойып жіберуіне жол ашып берді. Таптық саяси бағытты ұстанған, Орталықтың өтірігіне, коммунистік уағызға имандай сенген топ мүшелері қазақ қоғамының ішкі өміріндегі барлық жағдай туралы жоғарыға баяндап, толық ақпарат беріп отырды. Бұлардың қолымен қарсыластарын талқандаған Мәскеу көп ұзамай бұлардың өздерін де құртатынын мүлде ойлаған жоқ. Жергілікті зиялылардың дүрдараздығын Ф.Голощекин «қазақ ұлтшылдарын» жазалау мүмкіндігі ретінде жылдам пайдаланды. Қазақ өлкелік партия комитетінің III пленумы (Қызылорда, 1926 ж. қараша) құрамында С.Сәдуақасов, С.Қожанов және Ж.Мыңбаев бар «ұлтшылдар» тобының қызметі жөнінде мәселе қарап, «қазақ ұлтшылдығын» үзілді-кесілді айыптаған қаулы қабылдады. Бұл республикадағы жоғарғы билікті «ұлтшылдардан» біржола тазарту шарасының бастамасы болатын. Саяси қудалауға ұшыраған Ж.Мыңбаев пен С.Сәдуақасов көп ұзамай өмірден өтіп, С.Қожанов саяси қызметтен шеттетілді. Жоғарғы басшылық құрамындағы «ұлтшылдарды» қызметтен аластаған «құжақ» 1927 жылдың күзінен бастап Мәскеудің қолдауымен, алаш қайраткерлерін соттауға кірісті. 1928 жылы күзде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Х.Ғаббасов бастаған 44 ұлт зиялысы қамауға алынды. Олардың төртеуі атылып, біреуі концлагерьде өлді, қалғандары он жыл түрмеге кесілді. 1930 жылы М.Тынышпаев, Х.Досмұхамедов, Ж.Ақбаев бастаған тағы 40 алаш қайраткері қамауға алынды.

Қазақ АКСР Орталық Атқару Комитеті Төралқасының 1927 жылғы 20 желтоқсанда жарияға шыққан қаулысына сәйкес 1928 жылғы 4 сәуірде Семей губерниясының округтік және аудандық бөлініістеріне өзгерістер жасалды. Губерния үшке – Семей, Павлодар, Қарқаралы округтеріне, Қарқаралы округі 7 – Қу, Абыралы, Ақсары, Берікқара, Шұбартау, Балқаш, Шет аудандарына бөлінді. Орталығы Хлебородный кентіне орналасқан Қу ауданы Едірей, Меңдешев (бұрынғы Қу және Дастар) және Бауыр (Сарытау) болысының 1, 2, 3, 4 ауыл кеңестері негізінде ұйымдасты. Халық санына (29755 адам) байланысты 3-ші деңгейлі аудан атанған әкімшілік бөлініістің билік жүйесінде 17 адам – аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы, оның орынбасары, хатшы, 3 іс жүргізуші, машинистка, күзетші-үй сыпырушы, статист, бухгалтер, есепші, милиция бастығы, 3 милиционер, УРО агенті, қосшы-нұсқаушы қызмет атқарған екен. Аудандық партия ұйымы болмаған тәрізді. Себебі, округтің өзінде коммунистер саусақпен санарлық еді. Жоғарыда айтқанымыздай, ауданның алғашқы басшылары жайлы деректер әзірге табылмады. Дегенмен, 1933 жылғы 25 қазанда жасалған бір құжатта Қу аудандық атқару комитетінің төрағасы Егеубаев деген кісі екені көрсетілген. 1905 жылы туған, білімі ортадан төмен. Бұрынғы малшы 1926 жылы басшылық қызметке келіпті. 1933 жылғы 1 желтоқсанда аудандық партия ұйымының хатшысы Әбдірахманов болса, ұйымдастыру бөлім Баймолдин, үгіт бөлімін Итбалин, мәдениет саласын Өскембаев басқарып, комсомол жастарға Үкенов жетекшілік жасапты. Қу ауданын 1937 жылдан кейін басқарған азаматтардың аты-жөні белгілі. Олардың қызмет атқарған жылдары мен еңбек жолдары жайлы деректер алфавиттік бөлімде берілген.

Бүкіл Кеңестер Одандағы тәрізді Қазақстанда, оның аудандарында сауатты мамандар өте аз болды. Хат танырлық қана сауаты бар, ел басқару, шаруашылық жүргізу ісінен хабары жоқ кедейлер мен батрақтар тобынан шыққан адамдардың тәжірибесі жетіспеді. Сондықтан, жоғарыдан берілген нұсқаулардың аясынан шықпай, әсіресе астық пен мал өнімдерін, шикізат даярлауда мемлекеттік жоспарды қайткен күнде де асыра орындау үшін олар қолынан келген әдіс-тәсілдердің бәрін қолданып бақты. Коммунистік партия мен кеңес өкіметінің саясатын жергілікті ауқымда жүзеге асыру ісіне шолақ белсенділер мен ел үстінен күн көруге машықтанған пысықайлар араласты. Қазақ байларын тәркілеу, сонымен қатар, «жартылай феодалдарды» (жартылай адам – кеңестік қоғам шығарған ұғым) өзі тұрған аймақтан, тіпті республикадан тыс аумақтарға жер аудару жағдайды одан сайын ушықтыра түсті. Бұл тәркілеуден де ауыр болды, өйткені, адамдарды ата-бабалары жатқан жерден, туған елінен, туған-туыстарынан айырды. Бұл – кез-келген қазақ үшін ең қиын соққы. Олардың көпшілігі туған жері мен елінен кетпеу үшін өлімге де дайын еді. Әсіресе, 65-85 жас аралығындағы қарттар жер аудару жазасын қасірет деп қабылдады. Ежелгі дәуірлерде өте ауыр қылмыс жасаған көшпендіні руынан шеттету жазасы қолданылды, ол өлімге кескенмен парапар үкім еді. Адамдарды тұрғылықты жерінен күштеп айыру – Азия, Африка және Американың жаңа елдерін отарлау кезінде батыс саясаткерлері әбден сыннан өткізген, тиімді қолданған тәсіл-ді. Бұл әдістің негізгі міндеті – туыстық байланыстарды үзу арқылы қалыптасқан тіршілік дағдысынан бөлектеу, дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын күштеп өзгерту жолымен байырғы қауымдастықтың тұтастығын бұзу, халықты ғасырлар тереңінен келе жатқан төл мәдениетінен ажырату. Көшіру, жер аудару, тұтқындау, депортация ұғымдарының мәні біреу – адамды қорлау.

Бәленің бәрі келімсек большевиктердің және Мәскеу тағайындаған өкілетті «мандат иелерінің» жергілікті халықтың дүниетанымын, тіршілік тынысын, мәдени құндылықтары мен арман-мұраттарын білмегендігінен және білгісі де келмегендігінен басталды. Өзгеріс атүсті, құбылыстың мәніне бойламастан жасала бастады. Әкіреңдеген жарлық, құлақты сарсытқан сөз, мардымсыз білім мен білік, таптаурын жөн-жосық – олардың мақсатқа жету құралы мен тәсілі болды. Төмендегі атқарушылар өздері жасап жатқан іс-әрекеттер жайлы мүлдем ойланбады, тек жоғарыдан түскен нұсқаулар мен бұйрықтарды бұлжытпай орындап отырды. Орталықтан берілген бұйрық-жарлықтарға толық тәуелділік жағдайға түсіп, құлдық психологияға бағынды. Большевиктердің сөздік қорынан «таптық күрес», «үстем тап – арман-мұраттың жауы», «ескінің сарқыншақтары», «әлемдік революция», т.б. терминдер

тұрақты орын алды. «Жаңа қоғам құрушылардың» тәрбиесіздігі олардың адамдармен қарым-қатынасынан, өзгелерге көзқарасынан байқалды. «Өзі шошқа, басқаны ит деп ойлап» (Абай), «жергілікті жабайы» халықты қорлауға, кемсітуге, қалауымыз бойынша өзгертуге хақылымыз, адамдардың тағдырын шешетін билеп-төстеушілерміз деп ойлады. Басқа көзқарас, пікір деген ұғымдарды мойындамады, ұстанымдары дәлелсіз болғанда «жолдас маузердің» көмегіне жүгінді. Ұлы орыстық шовинизммен тәрбиеленген большевиктер жергілікті халықты менсінбей, «бұратана», «мал» деп атады. Екіжүзділік пен арсыздық олардың өмірінің өлшемі болды. №1 коммунист В.И.Лениннің ізбасары және Ресей коммунистерінің жетекшісі Н.Бухариннің жазбасынан: «мен үшін революция бәрі, егер ол менен сүйікті әйелімнің өмірін талап етсе, мен ешбір абыржымастан, оны шелектегі суға тұншықтырып, баяу азаптап өлтіруге дайынмын.... Халық үндемей отыр... және үндемейді де, өйткені ол көкешім «Христостың денесі емес», малдар мен аңдардан құралған табын... Халық тіл қатпастан салықтарын төлеп отыр; міне, осыны дәлелдеу қажет болған.... Тіл қата ма? Көтеріліске шыға ма? Разин? Пугачевтер? – Ауыздарын жабамыз, тыныштандырамыз.... дүрелейміз, тіпті халықтың тең жартысы болса да атып тастаймыз, ешкімді де, тіпті баланы да, қарттарды да аямаймыз!»... Осыдан кейін қандай халықтық билік туралы әңгіме болуы мүмкін.

И.В.Сталин 1929 жылды «ұлы бетбұрыс» жылы деп атады. Бірақ, бұл игілікке қарай бетбұрыс емес, көптеген халықтар үшін бұрын-соңды адам естіп көрмеген ұлы қасіреттің басталу жылы болды. ВКП (б) өлкелік комитеті мен Халық Комиссариаты Кеңесі атынан әрекет еткен Орталықтың шексіз билігі бар өкілі Ф.Голощекин қазақтардың көшпелі және жартылай көшпелі құрылымын түбірімен құртуды мақсат етті. Қазақ халқы мұндайды соңғы рет 1723-24 жылдары, жоңғарлар шапқыншылық жасаған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде ғана бастан өткерді. Бірақ, ол кезде жау басып алу соғысын жүргізгенімен, дәл осы «бейбіт» замандағыдай жергілікті халықтың тең жарымынан астамы опат болмаған еді.

Астық және мал дайындау мақсатында жүргізілген әкімшілік шаралар күткендегідей нәтиже бермеді, сотталған «байлар мен кулактардан» (34 121 адам) бар болғаны 631 мың пұт астық және 53 400 бас мал алынды, бұл азық-түлік дайындау жоспарының небәрі бір пайызға жуығын ғана құрады. Дегенмен, өтірікті судай сапыруға әбден төселген ВКП(б) ӨК 1929 жылы көктемде астық дайындау жоспары 84,3 пайызға орындалды, ет дайындауды өткен жылғымен салыстырғанда МІҚ бойынша 1,5 есе, ал қой түлігі бойынша 3 есе ұлғайтуға мүмкіндік туды...», - деп мәлімдеді.

ВКП (б) Қазақ өлкелік комитетінің жанындағы комиссия 1930 жылғы 18 ақпанда төменгі буындағы комитеттерге тап ретінде кулактарды және байларды жоюға кірісіп, операцияны бірінші санат бойынша (концлагерьлерге қамау) 10 наурызда, екінші санат бойынша (қиыр түкпірлерге жер аудару) 1 сәуірде, үшінші санат бойынша (колхоз шегінен тысқары жерге көшіру) көктемгі егіс басталғанға дейін аяқтау туралы қаулы қабылдады. Сөйтіп, 1930 жылдың басында бай-кулактарға тиесілі 3 мыңнан артық шаруашылық жойылды, адамдардың жартысы атылды немесе 3 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге концлагерьлерге жабылды. Дегенмен, мұндай шаралардың барысында астық пен еттің көлемі көбейген жоқ. Семей мұрағатында сақталған құжаттың бірінен қызық дерек кездесті: бүкіл Орталық Азия тұрғындарының малы мен дүние-мүлкі тартып алынып, дәулетті болғаны үшін өздері жаза тартып жатқанда, мақта өсірушілер тәркілеуден мүлде босатылған екен.

Ауыл шаруашылығы салығын төлеуде қалыптасқан күрделі жағдайды түзету мақсатымен 1930 жылы 3 ақпанда Қарқаралы ВКП(б) уездік хатшылығының жабық отырысы өткізіліп, онда байлар мен кулактарды жою жөніндегі іс-шаралар туралы Өлкелік комитеттің жеделхаты оқылып, талқыланды. ОГПУ-дың өлкелік бөлімі жасаған, Қарқаралы уезіндегі байларды жою жөніндегі жоспарды хатшылық толығымен бекітіп, оны орындау үшін аудандарға өкілдер жібереді: Қуға – Әміров пен Сыздықов деген адамдар бөлініпті. Орны жоқ малдан олар қандай және қанша өнім жинағаны белгісіз. Анығы – жыл жарымға жетпей

бұл өңірдің халқы жаппай аштыққа ұшырады. Оның алдында тұрғындар есінде мәңгі қалатындай тағы бірер оқиға болды. Соның бірі – Боқты көтерілісі.

Бұқараның қорғаны боламыз деп жалпақ дүниеге жар салып билікке келген коммунистер алдындағы малын тартып алып, кеңестік отаршылдарға жандайшап болған шолақ белсенділер арын таптап, қоса талап жатқанда жер-жерде қазақ шаруаларының жүгенсіздік пен бассыздыққа қарсы бас көтерулері орын алды. Ресми деректерге сүйенетін болсақ, 1929-31 жылдары Қазақстанда 372 көтеріліс болған екен. Оған 80 000-ға жуық адам қатысқан. Әсіресе, Семей губерниясының Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау және Боқты ауылдарындағы көтерілістер бұқаралық сипатқа болды. Өкініштісі, Боқты көтерілісінің салдарлары оған қатысушылардың бірнеше ұрпақтарының тағдырына да ауыр әсерін, қасіретті ықпалын тигізді. Көтеріліс күні бүгінге әділ бағаланбай келеді.

1931 жылы ерте көктемде етек жайған Боқты көтерілісінде үш жүзге жуық шаруа қатысты. Боқты көтерілісін Сарық ұлдары Әшкер мен Әбди басқарды. Екеуі де ержүрек, батыл адамдар еді. Олардың балалары мен бауырлары көтерілісті ұйымдастыруға көмектесті, тапсырманы орындады. Боқты көтерілісін ұйымдастыруға кеңес өкіметі тиым салған Алаш партиясының Семей қаласында тұратын мүшелері тікелей көмек көрсетіп, саяси басшылық жасады. Олар Шыңғыстау, Абыралы, Шұбартау, Балқаш өңірлеріндегі көтеріліс басшыларымен де байланыс орнатқан еді.

(фото – 16)

Әуелде шолақ белсенділер зорлық-зомбылығына қарсы ашынған адамдардың әрекеті ретінде бұрқ ете түскен Боқты көтерілісі бірте-бірте саяси сипат алып, мақсат-мүддесі анықталып, мұқият жоспарланған, басын бәйгеге тіккен адамдар ұйымдастырған, жүздеген көтерілісші қатысқан ауқымды оқиғаға айналды. Көтерілісшілер кеңес үкіметін құлатып, Алаш билігін құруды алдына мақсат етіп қойды. «Жаса, Алаш!» деген саяси ұран ұстанды. Ай мен жұлдыз бейнеленген ту көтерді. Тәуекелге бел буған жігіттерді қаруландырып, біршама ұйымдастыру жұмысын жүргізгеннен кейін, 1931 жылы 2 наурызда Жұматай қонысында ақсақалдар, байлар мен билер, көтеріліс басшылары қатысқан съезд өткізілді. Онда Шұбартау мен Абыралы аудандарындағы шаруалар көтерілісінің барысы, оларға жергілікті халықтың көзқарасы мен қатысуы, өздеріндегі даярлық туралы хабарландырулар жасалды. Съезде Қу және Қарқаралы аудандарындағы Кеңес органдарын құрту мақсат етіп қойылды. Әшкер мен Әбдиге көтерілісті басқаруға тапсырма берілді. Көтерілісшілер бірнеше отрядқа бөлініп, кеңес билігі орнаған төңіректегі елді мекендерге қарулы шабуыл бастады. Олар «Кедей теңдігі», «Батпақбұлақ», «Татыбай» колхоздарын, сондай-ақ совхоз малы бағылатын Қадыр, Майдан қыстақтарын, Скотовод бөлімшесін, сондағы кооперативті басып алды, Бүркітті өңіріндегі колхоздардың басшылары мен ауданнан өкіл боп келген партия, кеңес қызметкерлерін, барлығы 14 адамды тұтқынға алып, Боқты тауының баурайындағы Исабай қыстағында бірнеше күн күзет астында ұстады. Бір апта өткеннен кейін Қу аудандық ОГПУ-ының бұйрығы бойынша келген арнайы қызметкерлер ауыл адамдарын алдап, тұтқындарды босатып алады да, күзетшіні атып кетеді. Маңайдағы елді мекендерді басып алып, істің алғашқы нәтижесін көрген көтерілісшілер Қу ауданының орталығы Егіндібұлақ аулына шабуыл жасауға әзірленеді. 14 наурызда 150 жасағы бар көтерілісшілер тобы аудан орталығына шабуылға шығады. Оларға қарсы қарамы жүзден астам, партия, кеңес органдарының белсенділері мен милиционерлерден құралған отряд қарсы аттаныпты. Екі жақ Егіндібұлақ аулының солтүстік батысындағы Сарышоқы деген жерде кездескен екен. Бірақ, күні кешегі қандас туыс, құда-жекжат адамдар қараңғылық түсіп кеткендігін сылтауратып, от атыспай тоқтасады. Осыдан кейін, Боқты көтерілісін басып-жаншу туралы бұйрық алған А.И.Чупин екі пулеметі бар, 22 солдаттан құралған қолмен Семей қаласынан шығады. Жазалаушылар отрядының басшысы А.Чупин 1928 жылы Қарқаралы ОГПУ ақпарат бөлімінің басшысы міндетін атқарған, қазақ тілін жақсы меңгерген, жергілікті халықтың салт-дәстүрін, жағдайын жақсы білетін жаналғыш еді. Оның жазалау отряды Шыңғыстау, Абыралы, Шұбартау көтерілістерін ерекше қатыгездікпен басып, бұл өңірлерді де адамның ақсөңке сүйегіне толтырды.

24 наурызда Чупиннің отряды Әшкер мен Әбдидің аулы Тасөткелге тұтқиыл шабуыл жасап, ешбір жау күтпей отырған ауылды басып алады да, тұрғындарын қырып салады. Бірақ, олар көтерілісшілердің негізгі штабын – Астаужарықтағы бекіністі ала алмаған. Бекініс берілмеген соң Чупинның жасағы көтерілісшілердің ауылда қалған балаларын, әйелдер мен қарттарды алдарына қалқан қып ұстап, шабуылға шығады. Әйелдері мен балаларын, туған-туыстарын көрген көтерілісшілер қарсы оқ ата алмай, еріктерімен тұтқынға түседі.

28 наурызда көтерілісшілер түпкілікті жеңілді. Жазалау жасағы ауылдарына қайтып оралып, бой тасалап жүрген көтерілісшілерді де ұстап, көпшілігін өлтірді. Мысалы, Тасөткелде 45 адам атылып, Қарымтас бекінісі маңындағы құдыққа тасталды. Олармен бірге емшекте сәбиі бар бір әйелді де атқан. Көтерілістен кейін Астаужарық бекінісінде 8, Исабай бекінісінде 3, Сақурай қыстағында 5, Абай-Байжан қыстағында 12, жалпы ұзын саны 73 адам атылған. Көтерілісшілерді қанды қырғынға ұшыратқан Чупиннің жазалау жасағы осыдан кейін Абыралы мен Шыңғыстауда бас көтерген қазақ шаруаларын оқпен осқылап, қылышпен шапқылап, харап етті. Боқты көтерілісінің зардаптары ұзақ жылдарға созылды, оларға қатысушылар қатаң жазаланды. Әбди Сарықұлы бастаған 13 адамды Егіндібұлаққа жаяу айдап әкеліп, ІІХК бөлімшесінің түрмесіне қамады. Соңынан Қарқаралыға апарып соттады. Осы оқиғаға байланысты Қарқаралы мен Қу аудандарынан 69 азамат сотталды. Көтерілістің 19 белсенді қатысушысы ату жазасына бұйырылды.

КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1988 жылғы 16 қаңтардағы және Қарағанды облысы прокурорының 1991 жылғы 29 сәуірдегі қаулылары негізінде Боқты көтерілісіне байланысты сотталғандар толық ақталды.

Ұжымдастыру науқаны қарсаңында Қазақстанда 40,5 млн мал болса (кейбір деректер бойынша 47 млн), 1933 жылғы 1 қаңтарда содан 4,5 млн-ға жуығы ғана сақталып қалған дүр. Шаруаларды күштеп ұжымдастыру, науқаншылдықпен отырықшыландыру, санасыз түйсікпен жүргізілген тәркілеу шаралары, ең бастысы, халықтың салт-санасын білмейтін, мәдениетінен, тілі мен дінінен мақұрым әпербақан жандарға билік тізгінінің берілуі қазақ даласында бұрын-соңды болып көрмеген апаттың орын алуына соқтырды. Бар болғаны екі жыл ішінде ұлттың тең жарымына жуығы жойылып кетуі ешқашан, ешбір халықтың тарихында болып көрмеген трагедия. Бұл – қазақ жұртын жер бетінен мүлде жоғалту үшін мақсатты түрде жасалған, ешқашан кешіруге болмайтын акция. 1931-33 жылдардың нәубетінде қанша қазақ қырылғанын ешкім білмейді, оны нақты айту мүмкін емес. Бұл мәселені арнайы зерттегендердің де деректері әр алуан. С.Конквест аштық құрбандарын екі миллионға таяп апарса, Ж.Әбілғожин мен М.Тәтімов «тікелей шығын» 1 млн 700 мың адам болды деп есептейді. Осыншама адам республикадан безіп кетті. Қазақтар қынадай қырылып жатқанда Қазақстан компартиясының көсемі Ф.Голощекин өлке активінің 1932 жылғы 15 мамырда өткен кеңесінде «Қазақ аулындағы ұжымдастыру» туралы баяндама жасап: «үш жылдың тәжірибесі көрсеткеніндей, ұжымдастыру барысында қазақтар ауылдағы еңбекшілер бұқарасының әл-ауқатын жоғары деңгейде және шапшаң қарқында көтерерліктей шаруашылығын ұйымдастырудың таңдаулы формасына ие болды», – деп жариялады беті шылп етпей. Халқы нәубетке ұшырап жатқан Кеңестер одағы 1928 жылы Еуропа елдеріне 1 млн центнерге таяу, 1929 жылы 13 млн, 1930 жылы 48,3 млн, 1931 жылы 51,8 млн, 1932 жылы 18,1 млн центнер астық жіберілді. Оның үстіне, Батыста орын алған экономикалық дағдарыс салдарынан, бұл астық оларға түкке тұрғысыз арзанға сатылды. Әдейілеп ұйымдастырылған аштық пен қуғын-сүргіннен қашқан 1 млн-нан астам адам шетелдерге қашса, Ресейдің ішкі облыстары мен КСРО шегіндегі республикаларға босып кеткендер мүлде есепсіз еді. Нәубет жылдары Қу ауданынан қанша адам құрбандыққа шалынғаны жайлы нақты дерек жоқ. Тіпті, аштық басталар қарсаңда әкімшілік бөлініс аумағында қанша тұрғын болғанын кесіп-пішіп айту қиын. Жазушы Медеу Сәрсеке «Семей қасіреті» деректі хикаятында «Қарағанды облысына қарасты Қу (Егіндібұлақ) ауданында 1930 жылы 6851 жеке шаруашылық болыпты, халқының саны – 32812 адам. Қазақтары – 32778 адам (99,9 пайыз), еуропалықтар – 30 адам (0,1пайыз)» деген мағлұмат келтірсе, Ғаббас Смағұлов пен

Марат Смақұлы «Балқантау баурайында» деген еңбектерінде: «1931 жылғы санақ бойынша ауданда 40359 адам болса, 1934 жылы содан 4206 адам ғана қалды. Осы жылдарда түлік түрлері де еселеп азайды. Егер 1931 жылы ауданда 29149 жылқы, 31653 ірі қара, 2328 түйе, 67828 қой, 1935 ешкі болса, ауыр нәубеттен кейін жылқының 1075, ірі қараның 1698, түйенің 94, қойдың 1848 басы ғана қалды. Ал ешкі түлігі бүтіндей жойылып кетті», – деп жазады. Адамдардың бір бөлігі ғана сыртқа ауа көшті, қалғандары осы топырақта, тіпті беті көмілмей, иткұс пен қарға-құзғынға жем болып қалды. 1965-77 жылдары Егіндібұлақ ауданында жауапты қызмет атқарған Нұртаза Беркамалов ағамыз: «Қарағанды – Қарқаралы тас жолын салу кезінде комсомол-жастардың жұмысын бақылау үшін ұдайы барып тұруға тура келді. Сонда көрдім, бульдозер топырақты қопарғанда сарғайған адам сүйектері көп шығады. Үстінен түсе қалсам, жинатып алып, ересектердің біріне білетін дұғасын оқытып, аулақтау жерге көміп отырдық. Жиналмай қалғаны қанша болды екен? Бұл жол жан сақтау үшін Қу мен Қарқаралыдан өнеркәсіпті Қарағандыға шұбырып, сапар үстінде өмірі үзілген қазақтардың сүйегінің үстіне тұрғызылған, қасіреті мен қасиеті зор құрылыс», – деп естелік айтатын еді.

Өзіміз қарастырған мұрағаттардан мешін жылғы нәубет туралы ешқандай құжатты кездестірмедік. Тақырыпты індете зерттеген автордың бірі Валерий Михайлов «Ғаламат жұт шежіресі» деген деректі еңбегінде пікірді одан әрі былай тарқатады: «Ресми құжаттар не сыр шертер екен? Мұрағат қызметкерлері ұжымдастыру кезіндегі аштық туралы ештеңе сақталмаған дейді. Тарихшылар да соны қайталайды, сондықтан деректерді мысқалдап жинауға тура келеді... Тіпті бір Қазақстанда талайдың өмірін жалмаған аштық болмағандай... Халықтың басына түскен ауыр қасіреттің жанама дәлелдерін де біреу әдейі тазалағандай әсер қалдырады. Аштықты ұйымдастырғандар іздерін жасыру үшін әрекет жасаған болуы әбден мүмкін.

Мыңдаған құжаттардың ішінен жалпыға ортақ аштықтың жақындап келе жатқандығы туралы тек бір ғана куәлік кездесті. Онда Қарқаралының өлкелік денсаулық сақтау бөлімі 1931 жылы 28 мамырда республиканың денсаулық сақтау Ұлттық комитетіне аудандағы санитарлық жағдай туралы хабарлаған: «Қазіргі таңда азық-түлікке байланысты жағдай өте мүшкіл, тіпті қатерлі деп айтуға болады. «Овцевод» совхозында 1 сәуірден бастап жұмысшылар мен қызметшілердің отбасын жабдықтау тоқтатылды. Жұмысшының отбасында 5-10 адам болса да, нанның нормасын тек жұмысшының өзіне береді және ½ литр сүт береді, басқа ештеңе берілмейді... Не қант, не жарма, ештеңе берілмейді. Қалада 300-ге жуық тұтқын бар, олар соңғы күндері мүлдем ештеңе алмайды, қасындағыларға келген (әрине, келсе) сәлем-сауқатпен өмір сүріп жатыр... Қызметкерлер наурыз және сәуір айына, өзімен қоса алғанда, бүкіл отбасына, олардың санына қарамастан, 7 килограмнан нашар бидай алды. Жартысы тіпті алған да жоқ. Қызметкерлер жұмыстан кетуде. Глебенко деген бір қызметкер тіпті 360 шақырым Семейге жаяу кетіп қалған. Егер жағдай өзгермейтін болса, көптеген қызметкерлер, соның ішінде дәрігерлер де күзге қарай мүлдем кетіп қалуы мүмкін. Тұтқындар үйіндегілер қырқұлақпен ауыруда, өкпе аурулары асқынуда; балалар үйінде, аналардың арасында қырқұлақ ауруы орын алған... ауруханадағылардың 80 пайызы қырқұлақпен ауыруда.» – Станицкий».

Аштықтан ісініп кеткен адамдар кез-келген жерде, мысалы, қоқыс төгетін орында, құдықтың түбінде немесе көпірдің маңайында домалап жатты. Аштық аздырып, құтырғандар адамның ойына келмейтін қылмыстарға барды. Ұстап алып, көзден таса жерге апарып, жеп қоятын болғандықтан, далаға шығу қорқынышты еді. Олар тіпті балаларды да аяған жоқ».

Ауылдағы мал тып-типыл болғанына қарамастан, Кеңес-Аустрия бірлескен «РАТАО» сауда акционерлік қоғамының Қазақстандағы өкілі Мишакин 1932 жылғы 7 наурызда Қарқаралы агенттігінің бастығы Матвеевке жеделхат жолдап, қаңтар айындағы есебі қабылданбағанын хабарлайды. Сонымен бірге, сиырдың тоқ ішегі, аш ішегі, соқыр ішектің түбі, көтен ішегі, өңеші, бұзау ұлтабары мен соқыр бүйені, орыс қойы мен қалмақ қойының аш ішегі, шошқа аш ішегі, тоқ ішегі, тік ішегі, ұлтабары, т.б. көптеген шикізат түрлерін дайындауға үстеме тапсырма жүктепті. Агенттіктің Қу ауданы бойынша нұсқаушысы

Алтынов осы жылдың ақпан-наурыз айларында 588 рубль 48 тиын тұратын шикізат түрлерін тапсырғаны жайлы есеп берген екен.

Халық харап болып жатқанда мемлекет халыққа қарсы террорлық әкекетін күшейте түсіп, салық төлеуге шамасы келмегендерді жазалаумен болды. Айталық, 1932 жылы Семей абақтысына қамалғандардың арасында Қу ауданының да бір топ азаматтары жүр. Олар: Сәден Исатаев, 29 жаста, кейін босаған; Жаманов Әнуар, 36 жаста, қашып кеткен; Смағұл Ысқақов, 40 жаста, босаған; Смажан Ысқақов, 44 жаста, қашып кеткен; Сейсекей Дөңгелеков, 61 жаста, 14.03.1932 жылы абақтыда өлген; Әліш Тұндырбаев, 47 жаста, 4 ауылкеңестен, 31.03.1932 жылы абақтыда өлген; Шақат Майтанов, 25 жаста, 8 ауылкеңес тұрғыны, жазасы ауыстырылған; Мұхамеджан Нұрабаев, 62 жаста, 3 ауылкеңестен, босаған; Қоқан Майтанов, 27 жаста, 8 ауылкеңестен, Қараталға жіберілді; Төлеубай Қорқұмбаев, 47 жаста, 3 ауылкеңестен, 8.04.1932 жылы абақтыда өлген; Шайқымбек Мақажанов, 43 жаста, 22.03.1932 жылы абақтыда өлген; Құрманғали Нұрабаев, 60 жаста, 3 ауылкеңестен, 15.03.1932 жылы абақтыда өлген; Ақан Майтанов, 40 жаста, 8 ауыл кеңес тұрғыны, босатылды. Дерексіз кеткен боздақтар қаншама?!

Тұтас ұлт аштан қырылып жатқанын көзі көріп отырса да кеңестік-коммунистік билік мұны қазақ мәдениетінің артта қалғанына, тазалық сақтамағандықтан індеттер таралуына, т.б. толып жатқан сылтауларға жауып, өздеріне кіршік жуытпады. Қазақ даласы қаңырап бос қалғанын ұлт қайраткерлерінің мәлімдемелері мен зиялылар қауымының жанайқай хаттарынан жақсы біліп отырған Мәскеу 1933 жылы ғана ауыл шаруашылығы саласында асыра сілтеу болғанын мойындап, Ф.Голощекинді Қазақ өлкелік партия комитетінің 1-ші хатшысы лауазымынан босатып, оның орнына тағы бір сырттан келген легионерді – Л.Мирзоянды тағайындады. Ол да таптаурын сүрлеуге түсіп, республикада орын алған апаттарға «контрреволюциялық күштер, байлар мен кулактар кінәлі» деген себептерді ту етіп көтерді. Дегенмен, осы кезден бастап нәубеттен аман қалғандарға азық-түлік жәрдемі беріле бастады. Жан сақтау үшін жан-жаққа босып кеткен қазақтарды тарихи тұрғылықты мекеніне қайтару шаралары қолға алынды. Биліктің бұл ісі де әдеттегідей науқаншылдық тәсілмен атқарылды. Сібірден, Ресейдің еуропалық бөлігінен қайтарылған қазақтар елге оралғанымен, кеңестік кәсіпорындардың тізгінін ұстаған, «ұлы орыстық» шовинизммен кеудесіне «нан піскен» коммунист-отаршылар оларды «кәсіби мамандығы жоқ», «орысша білмейді» деген тәрізді сылтаулармен ең қарапайым жұмыстардың өзіне алмады. Ауылға Моңғолия мен Қытайдан сатып алынған мал үлестірілгеннен кейін де оның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы көп уақытқа дейін өте ауыр қалпында қала берді.

1930 жылы таратылған Қарқаралы уезі өңірдегі елді мекендердің шалғайлығы, темір жол мен өнеркәсіп орындары жоқтығы ескеріліп, 1934 жылы округ болып қайта құрылды. Қу ұрымтал жатқан бес ауданның бірі болып оның құрамына қосылды. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Абдолла Асылбеков округтік атқару комитетінің төрағалығына тағайындалды. Өлке комитеті оның халық арасындағы беделін өңірдің жағдайын көтеру үшін пайдаланбақ болды. Қарқаралы округтік партия комитетінің 1-ші хатшылығына Нұрғали Нұрсейітов, 2-ші хатшылығына Мансұр Ғатауллин тағайындалды. Олар округтің экономикалық, мәдени жағдайы түзеліп, халықтың әлеуметтік тұрмысы жақсаруы үшін көп іс-шара өткізді. Мектептер, аурухана мен мәдениет ошақтары салынып, ауылдарға шаруашылық мамандары, мұғалімдер, дәрігерлер келді. Жалпы, Қу – Балқантау өңірінің тұрғындары заманауи білім алуға әрдайым қатты ден қойғаны байқалады. Мысалы, 1926 жылы Семей кәсіби мектебінде Ескендір Әпсеметов, Өнеркәсіп экономикалық техникумында Мүбәрак Шәкіров, Қазақ педагогика техникумында Құсайын Жаманбаев, Мәулен Әбдірахманов, Мұхаммед Бейсекенов, Нұрғазы Баянов тәрізді азаматтар оқыса, отызыншы жылдары оқу іздеген талапкерлер саны ондап саналды.

1936 жылдың басында Қарқаралы округі біржола таратылып, оған қарасты аудандар орталығы Қарағанды қаласы болған облыстың құрамына берілді. Аудандық атқару комитеті келген малды колхоздардағы адам санына, жер жағдайына қарай бөліп берді. Атап өтетін жайт, үкіметтің көмегі ретінде таратылатын малдың біразы азық-түлік базасына айналса, бір

бөлігі күш көлігі рөлін атқарған. Мысалы, Қу аудандық атқару комитетінің 1937 жылғы мамырда өткен мәжілісінің хаттамасында көмекке берілген мың қой Маркс атындағы, «Жалтас», «Қоянды», Сталин атындағы, «Кеңшілік», «Екпінді» колхоздарына 150 бастан бөлініп, 25 бие «Бұлақадыр» колхозының жылқы фермасына тұтас берілген. 55 жұмыс аты «Алғабас», «Айрық», «Жаңанегіз», «Көктас» колхоздарына 15-тен таратылыпты. Аудан көктемгі егістік науқанын жүргізуге қажетті 1199 центнер тұқым қорын Семейден алған көрінеді. Билік кеңестік агроөнеркәсіп саласы мал өсірумен ғана шектелмей, қазақ халқы диқаншылықпен де айналысуын қалайтынын жақсы білгендіктен, егістік алқаптың көлемін уақыт өткен сайын ұлғайта түсті. Айталық, осы жылы Қу ауданындағы он ауыл кеңесінің (Арқалық, Балықтыкөл, Бастал, Бүркітті, Едірей, Дастар, Доғалаң, Мыржық, Сарытау, Шарықты) тұрғындары 2620 гектар алқапқа бидай, 465 гектарға сұлы, 115 гектарға арпа, 1620 гектарға тары тұқымын сеуіп, 14 гектар жерге картоп отырғызды. Сөйтіп, өңір экономикасы біртіндеп қуаттана түсті. Оның есесіне, елдегі саяси жағдай күрделілене берді.

Заманауи орыс тарихында «Сталиннің жеке басына табыну» деген атауға ие болған, нақты ақиқат мағынасында коммунистік-отарлық саясат 1937 жылдан бастап тың қарқын алды. Социалистік құрылыстың идеялық жауларымен күресті себеп қылған большевиктер партиясы 1936 жылғы желтоқсан, 1937 жылғы ақпан-наурыз пленумдарында дербес ой-пікірі, мақсат-мұраттары бар адамдарға қарсы саяси қуғын-сүргінді кең көлемде өрістетті. Бұл репрессия науқаны саяси ұйымдар мен ірі кәсіпорын, шаруашылық басшыларынан ең төменгі қызметтік сатыдағы жұмысшы, колхозшыға дейін қамтитын жалпылық сипат иеленді. Ел алдында көрнекілік, үлгілік көрініс беруі, ең бастысы, халықты үреймен бағындыру үшін кейбір сот процестері жария жасалды. Солардың ішінде ең атышулысының бірі бұрынғы Қарқаралы округін, кейін Қарағанды облысын басқарғандар туралы іс болды. Қолдан құрастырылған іс бойынша округтік, облыстық атқару комитеттерінің бұрынғы төрағасы А.Асылбеков, округтік парткомның 1-ші, обкомның 2-ші хатшысы болған Н.Нұрсейітов, округкомның 2-ші, Ақмола аупарткомының1-ші хатшысы М.Ғатауллин, Жаңа арқа аупарткомының хатшысы (Қу өңірінің тумасы) М.Ордабаев, Қу аткомының төрағасы Ф.Шамсуддинов, т.б. 1937 жылғы 16-22 қарашада сотқа тартылды. Аталған іс бойынша А.Асылбеков тобы бұл кезде Мәскеу абақтысында отырған Н.Нұрмақов бастаған қазақ зиялылары басшыларымен кеңес құрылысына қарсы жұмыс істеді, ақ эмигранттармен және фашистік ұйымдармен байланыста болды деп айыпталып, ең ауыр жазаларға кесілді. Отызыншы жылдары жіберілген өз қателіктерін ұлттың ең маңдайалды өкілдеріне жауып, куәлер мен айыптаушыларды қолдан ұйымдастырып қойылған трагикомедия барысында тек Қу – Балқантау өңірінен ғана жүзден астам адам репрессияға ұшырады: көпшілігі ату жазасына кесіліп, қалғандары ұзақ мерзімге итжеккенге айдалды.

(фото – 17)

1937-38 жылдардағы саяси қуғын-сүргін кезінде ауданның басқару аппараты, білім беру, құқық қорғау мекемелерінің басшылары түгелге жуық тып-типыл болды. Басына түскен осындай ауыртпалықтарға қарамастан, халық шаруаларды тәркілеу және күштеп ұжымдастыру кезеңінде күйреген елдің экономикасын қалпына келтіру, тұрмысын және әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында қыруар жұмыс атқарды.

Халық тағдырына орны толмас қасірет әкелген, ұлттардың арасына жік салған кеңес билігінің екіжүзді саясатына, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүріне, мәдениетіне орасан зардап тигізген іс-әрекеттеріне қарамастан, бүкіл қазақ жұрты тәрізді Қу – Балқантау өңірінің тұрғындары да адамзатқа зор бақытсыздық төндірген фашистік Германияға және милитаристік Жапонияға қарсы жойқын соғысқа белсене қатысты: ер-азаматтары майдан даласында қан төксе, қарттар, әйелдер мен балалар тыл жұмысының алғы шебінде жүрді.

Ұлы Отан соғысында 350 мыңнан астам қазақ қаза тапса, олардың арасында бірнеше жүзі Қу ауданының тұрғыны. Сұрапыл қырғынға өңірден қанша азамат қатысқанын ешкім дәл айта алмайды. Өйткені, мыңнан артық жігіт Қарқаралы әскери комиссариаты арқылы шақырылса, тәркілеу, күштеп ұжымдастыру және аштық нәубеті тұсында туған жерден кетуге мәжбүр болған жүздеген адам соғысқа өзге аумақтардан аттанды. Олар әр дәуірде қол

бастаған, атойлап жауға шапқан батырлардың ұрпағы екенін дәлелдеп, оқтың өтінде, жаудың бетінде жүрді. Айталық, Мыржықтың тумасы Бөпежан Иманқұлов нәубет жылдары Семей, Новосібір, Балқаш қалаларында тұрып, соғыстың бастапқа айларында Ташкент әскери училищесін тәмамдап, Ақмоладағы кіші командирлер курсында оқыған. Пулеметшілер тобының командирі болған ол Калинин, II Белорусс майданындағы әскери құрамалар, тіпті, партизандар отряды қатарында кескілескен шайқастарда ерлік көрсетіп, көптеген жауынгерлік марапаттар иеленді. Бейбіт заманда білім беру, партия, кеңес жүйесінде еңбек еткен майдангер ұрпақтарының арасында ұзақ та бақытты ғұмыр кешті. Сарытау ауылдық кеңесінің өкілі Қабыш Ахметов әскерге 1939 жылы шақырылып, соғыс қимылдарына алғашқы сәттен қатысқандардың сапынан. Ауыр шайқастар барысында қоршауда қалған ол жауынгерлер тобымен Орел ормандарындағы партизандар қосынына қосылып, ерлігімен даңққа бөленді. Германия жерінде ауыр жараланып, соғыс аяқталмай-ақ елге оралған «партизан Қабыш» ұзақ жылдар ауыл шаруашылығын басқару саласында қызмет жасады. Едірей ауыл кеңесінің тумасы Зейнекбар Біләлов 1940 жылы күзде әскерге шақырылып, Қиыр Шығыста, Байкал бойындағы темір жол әскери батальонында қызмет атқарған. Кейін Еуропадағы соғыс алаңына ауыстырылып, 1943-47 жылдары II Украина, Воронеж, Степной майдандарының ұрыс қимылдары жүріп жатқан жерде темір жол төсеу, қираған жолдарды жөндеу жұмыстарын атқарды. Жеңіске жанқиярлықпен үлес қосқан ол бейбітшілік орнаған соң ел экономикасы артуы үшін еңбек етті. Марапат пен құрметке бөленген қария 97 жас ғұмыр кешіп, шөбересі мен шөпшегінің қолынан су ішті. Шарықты ауыл кеңесінің тұрғыны Қайырбек Белгібаев 1943 жылы, 18 жасында әскер қатарына шақырылып, ол құрамында болған армия Моңғол – Маньчжур шекарасында тұрды. 1945 жылы II Забайкалье майданы құрамында Жапонияның Квантун армиясын талқандау соғыстарына қатысқан майдангер одан кейінгі барлық саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне және оларға білім беру ісіне арнады. Кейінгі толқынның ерек құрметіне бөленген ардақты ағалар тізімін жалғастыра беруге болады. Бұлар – мыңдаған майдангердің елден ерек қаһармандары емес, қатардағылары. Бірақ, әрқайсы Батыр деген атаққа лайықты.

(фото – 18)

Қу ауданының шаруалары соғыстың жеңіспен аяқталуына өлшеусіз үлес қосты. Ер-азаматтар майданға кеткен, жұмыс күші жетіспейтін жағдайда ауылды соғыс сұранысына бейімдеу, мемлекеттік жоспарларды орындау аса күрделі міндет еді. Мысалы, аудан мал өнімдерін дайындаудың 1941 жылғы мемлекеттік жоспарын 109,5%-ға орындады. Жылқы 116%, қой 108,9%, сиыр111,5%, доңыз 52,5% өсіп, ауданда 23 тауарлы сүт фермасы, 23 мал бордақылау фермасы жұмыс істеді. Егістік көлемі 5863 га алқапты құрады. Құрылыс салу жоспары 83,5% іске асырылған екен. Соғыс жылдары Қу ауданының еңбекшілері майданға жоспардан тыс жүздеген центнер азық-түлік, тон мен пима, құлақшын мен қолғап, т.б. бұйымдар жіберді. Жасы егде тартқан жүздеген ер адам, әйелдер, балалар «Еңбек армиясы» қатарына тартылды. Өздерінің әлеуметтік жағдайы күрделі болғанына қарамастан, өңір тұрғындары депортацияланған кәріс, неміс, чешен, үңгіш, т.б. халықтар өкілдерін қабылдап, барымен бөлісті. Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында КСРО-ның батысынан, әсіресе Еділ бойындағы тарихи қонысынан бір жарым миллион неміс Қазақстанға күштеп көшірілсе, солардың біразы Қу ауданына тұрақтады. Жергілікті жұртпен құда-жекжат болып, араласып кетті.

Елдің өнеркәсіпті аймақтарын жау басып алғандықтан, алып мемлекет алыс өңірде орналасқан кен орындарын пайдалануға мәжбүр болғанын, соның бірі Едірей тауларында жұмыс істеген вольфрам руднигі екенін біреу білсе, біреу білмейді. Бірақ, осында кен қазған Төлеп Ахметов, Сәбит Ихымов, т.б. ақсақалдардың ұрпақтары бұған куә.

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдары Қу ауданын Жүсіп Асқаров, Ібжан Рахымжанов, Жалау Балғабаев, Рахмет Смағұлов, Ескендір Ержанов, Мұқажан Жұмажанов, Насыр Ахметов деген азаматтар басқарды. Олар негізінен шаруашылыққа басым көңіл бөліп, халық тұрмысы мен әлеуметтік жағдайын соңғы кезекке сырғытып жіберді. Пікіріміз дәлелді болуы үшін Қарағанды облыстық мұрағатында сақталған мына бір құжатқа көз жіберейік.

Науқанбай Әділов, Қу аудандық партия комитетінің 1946-48 жылдардағы 1-ші хатшысы: «Мұнда 23 колхоз, 100 000-нан артық мал болды. Адамдардың еңбекке құлшынысы керемет. Бірақ халық жалаңаш, төсек-орын жоқ. Қызмет бабымен ел аралағанда, түскен үйден отыратын орын таппайсың. Ең болмаса, халықты моральдық көтермелеу де шешілмеген. Тиісті шара жасау нәтижесінде 1947 жылы 1 адам Социалистік Еңбек Ері атанып, 8 адам Ленин орденімен марапатталды. Елді киіндіру жөнінде Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовке хат жаздым, соның нәтижесінде Қу ауданына арнайы 1 вагон кездеме, тігін машиналары, ине-жіп, түйме-тарақ, сабын мен иіс майға дейін келді. Тағы да сол Шаяхметовке өтінішпен шығып, КСРО сауда министрлігіне басшылық жасайтын Анастас Микоян арқылы Қу ауданына мектептер салу үшін 1 эшалон құрылыс материалдарын бөлгізген едім. Ол тиеліп, енді мұнда жіберілгелі тұрғанда Алматыдағы үкіметтік аурухана жанып кетіп, материалдар соған жұмсалды. Облыстан алыс орналасқан аудан орталығы Егіндібұлақтың тұрғындары жермаймен жанатын шам пайдаланады екен. Әсіресе сабақ жасындағы балаларға обал. Сондықтан, облыс басшыларын мазалай жүріп, 1947 жылы күзде Егіндібұлақта шағын қуатты электр станциясын салғызуға қол жеткіздім. Сол жылдары Қу мен Жезқазған аудандары облыстың маңдайалдында жүрді».

(фото – 19)

Қу – Балқантау өңірі халқының өмірі мен денсаулығына орасан зардабын тигізген, КСРО билігі тарапынан жасалған кезекті қысастық – Семей ядролық сынақ полигонының іргелес орналасуы. Капиталистік және социалистік даму бағытын ұстанған державалар арасындағы текетірес салдарынан пайда болған Семей полигоны – КСРО аумағындағы ядролық сынақ полигонының бірегейі, аса маңызды стратегиялық нысан еді. Ол үшін Семей, Павлодар және Қарағанды облыстарының түйіскен тұсынан арнайы 18 млн га жер бөлінді. Бастапқыда адамдарға, жануарлар мен табиғатқа тікелей зардабын тигізген ашық сынақтар жасалды. Кейін сынақ жер астына көшірілді. Полигон маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам сынақтар зардабын шексе, олардың ұрпақтары әлі азап тартып келеді. Осынау тәжірибелік алаңдарда 475 ядролық және термоядролық жарылыс жасалды. Олардың 116-сы ашық болды, яғни жер бетінде яки әуе кеңістігінде жасалды. Тек осылардың ғана жалпы қуаты 1945 жылы Хиросимаға тасталған атом бомбасының қуатынан 2,5 мың есе көп. 1949 жылғы 29 тамызда, таңғы сағат 7-де көз ілеспес жылдамдықпен ұлғайған отты доп кенет Жер денесіне қадалып, оны шарпып өтті. Одан соң, сұрапыл қуат пен көз қарықтырар сәуле бас айналдырып, жер қабығының ыстық күлі мен күйген иісі бір сәтте көкке көтерілген. Таяудағы сирек ауылдарда тұратын адамдар солқ ете түскен жер мен жарты аспанды алып кеткен от-жалынға таңырқап қарап тұрды. КСРО-дағы тұңғыш атом бомбасы сынағының бейбіт көрінісі осындай болды. Атом жарылысының радиоактивті түзілістері аймақтың барлық елді мекендерін жауып қалды. Қоңсы қонған әскери нысанда не болып жатқанынан түсінігі жоқ ауылдардың тұрғындары – қазақтар радиациялық сәуленің сұмдық дозасын алды. Халыққа сынақ туралы ескертілмеген-ді. Ядролық жарылыстар туралы 1953 жылдан беріде ғана ескертіле бастады. Онда да адамдар мен мал радиоактивті заттардың таралу аймағынан уақытша ғана және қарабайыр қорғаныс нысандарына көшірілді. Жарылыстан кейін қазақтар радиациядан былғанған жердегі өз үйлеріне оралып отырды. Полигондағы сынақтардың әсері туралы алғашқы деректер Қазақ КСР Ғылым академиясы жүргізген медициналық-экологиялық зерттеулер нәтижесінде алынды. Зерттеу жүргізген ғылыми экспедицияны профессор Б.Атшабаров басқарды. Радиацияның адамға ықпалының механизмі қазіргі кезде едәуір жақсы сарапталған. 1949 жылғы алғашқы жарылыстан бастап радиациялық сәулелену ықпалына ұшыраған адамдар арасында сырқат саны ұдайы өсіп келеді. Бұлар – өкпе, сүт бездері обыры, лимфогемобластоз, басқа да қатерлі ісік патологиялары. Сынақ басталғалы Қу – Балқантау өңірінде қатерлі ісікпен ауырғандар үш есе өсті. Полигонға жақын елді мекендерде денсаулығында түрлі ауытқулары, тән және ақыл-ес кемшіліктері бар сәбилер дүниеге келуде. Адамдар мен жануарлар ғана емес, жер де азап шегуде. Радионуклидтердің жинала беруі жердің құнарлығын азайтады. Сутегілік негіздегі термоядролық бомбаның жарылысы 1953 жылғы 12 тамызда Семей ядролық

полигоны төңірегін тітіретті. Оның қуаты 480 килотонна еді. Жарылыстан пайда болған радиоактивті газдардың саңырауқұлақ тәрізді бұлты 16 километр биіктікке көтерілді. Жарылыстан кейін радиусы ондаған километр жерде өсімдіктер бірнеше күн бойы көгілдір сәуле шашып тұрды. 1955 жылы 22 қарашада қуаты 1,7 мегатонна бомба бір жарым километр биікте жарылды. Жарылыстың соқпа толқыны мен жер қабатының солқылы бүкіл Қазақстан аумағы мен Ресейдің көршіліс аймақтарында сезілді. 1962-89 жылдары Қу – Балқантау өңірімен қанаттас Дегелең тауының жер асты шахталарында 340 жарылыс жасалды. Жарылыстар салдарынан Дегелең тауының жартастары киыршық тас үйіндісіне айналды. Жер астындағы жарықтар мен саңылаулардан радиоактивті газ шығып жатты. 1989 жылғы ақпанда Семей ядролық полигонындағы кезекті жарылыстан кейін оны жабу үшін «Невада – Семей» қозғалысының белгілі қоғам қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов бастаған күресі басталды. Оған Қу – Балқантау өңірінің тұрғындары белсене қатысты. Сөйтіп, 1991 жылдың 28 тамызында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Семей полигонын жабу туралы Жарлық шығарды. 1992 жылғы мамырда оның негізінде Ұлттық ядролық орталық құрылды. Өкінішке орай, Қу – Балқантау өңірінің халқы Семей ядролық сынақ полигоны құрбандарына берілетін азын-аулақ жеңілдіктер мен әлеуметтік өтемақылардан тысқары қалып келеді.

Семей облысы құрамында болған Алғабас ауыл кеңесі Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының Жарлығымен 1955 жылы Қу ауданына берілді. Біраз аумақтық өзгерістер жасалды. Оған 1954 жылы басталған тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны әсерін тигізді. Абай атындағы совхоздың орталығында Айнабұлақ ауыл кеңесі, «Комсомол» совхозының орталығында Комсомол ауыл кеңесі, Мыржық және Сарытау ауыл кеңестері бірігіп, Сарытау ауыл кеңесі, Балықтыкөл және Дастар ауыл кеңестері бірігіп, Балықтыкөл ауыл кеңесі, Арқалық және Едірей ауыл кеңестері бірігіп, Арқалық ауыл кеңесі, Алғабас және Бүркітті ауыл кеңестері бірігіп, Бүркітті ауыл кеңесі құрылды. Бастал ауыл кеңесі Егіндібұлақ ауыл кеңесінің құрамына берілді. Ауыс-түйіс мұнымен аяқталмай, сәл кейінірек Сарытау және Доғалаң ауыл кеңестері қосылып, Сарытау ауыл кеңесі, Шарықты және Шөптікөл ауыл кеңестері біріктіріліп, Шарықты ауыл кеңесі, Бүркітті ауыл кеңесі «Доғалаң» совхозының орталық елді мекеніне ауысып, Алғабас ауыл кеңесі аталды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жарлығы бойынша 1963 жылдың басында Қу ауданы таратылып, құрамындағы ауыл кеңестер Қарқаралы ауданына берілді. Бірақ, бұл өзгеріс көпке созылмай, келесі жылдың соңында әкімшілік бөлініс Егіндібұлақ деген атаумен қайта қалпына келтірілді.

Бұрын адам қолымен, ат, өгіз күшімен жүргізілген жұмыстарды Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде қуатты техника – автомобиль, трактор, ауыл шаруашылығы машиналары атқара бастады. Ең алдымен Қу ауданы көлемінде Қоянды машина-трактор станциясы ашылып, өндіріске қосылған машиналарға техникалық қызмет көрсетуге кірісті. 1955 жылы Арқалық МТС-ы ашылды. Тың және тыңайған жерлерді игеру елеулі өзгерістер ала келді. 1954 жылға дейін Қу ауданында 5,5 мың га дәнді дақыл алқабы болса, тың игерілген бірер жылда егістік көлемі 75 мың га-ға жетті. 1956 жылы аудан диқандары мемлекетке 2 млн пұтқа таяу астық тапсырды. Тың игерудің тікелей жемісі «Комсомол» совхозының алғашқы қадасы 1954 жылдың 27 қарашасында қадалса, тұңғыш түрені келесі жылдың 20 сәуірінде салынды. Шаруашылықтың директоры В.И.Перовских деген азамат болса, комсомол-жастар бригадасының жетекшісі жергілікті халық өкілі Кәден Молдақашев екен. Абай атындағы совхоз да КСРО-ның түкпір-түкпірінен келген жастар еңбегінің арқасында бой көтерді. Оның алғашқы директоры А.А.Малыхин, диқандары С.Әділханов, Л.Елисеев, т.б. азаматтар еді. Тың игеру – одақ тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жасалған жақсы бастама болғанымен, кеңестік науқаншыл жұмыс тәсілі мұнда да қанатын жайып, егін шаруашылығына жарамсыз, мал жайылымына ғана қолайлы қыруар жер босқа жыртылып, азын-аулақ құнарынан айрылып қалды. Сондай-ақ, тың игерушілер сапында қоғамның көлеңкелі жақтарын сағалаған, қағылған-соғылған жандар да аз емес еді. Олар жергілікті

халық өкілдеріне теріс ықпал жасаумен қатар, ұлт мәдениетіне, тілі мен діліне, халықтың демографиялық дамуына орны толмас зардабын тигізді.

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары ауыл шаруашылығын индустрияландыру ісіне көңіл бөліне бастады. Елді мекендерге шағын қуатты электр станцияларын орнату, радио желісін тарту, тас жолдар салу, облыс орталығы Қарағанды қаласы мен аудан орталығы Егіндібұлақтың арасында тұрақты автомобиль қатынасын орнату тәрізді коммуникация жұмыстары жүзеге асырылды. Қу – Балқантау өңірінің рухани-әлеуметтік, экономикалық түлеуіне оңды ықпал жасаған басшылардың бірегейі – Нарманбет Садықов. Өнеркәсіпті орталықтардан шалғай орналасқан, кеңестік дәуір кезеңінде арзан шикізат дайындау көзі рөлін атқарып келген аудандағы совхоз және бөлімше орталықтарына жоғары кернеулі электр желісі тартылып, малшылар жылжымалы электр қондырғыларымен жабдықталды. Мал отарлары қоныстанатын, жайлауға шығатын жерлерде артезиан құдықтар қазылды. Малшылар мен механизаторлардың отбасылары жарық та жылы, сәулетті үйлерде тұра бастады. Ақиқатты мойындау керек, мұндай жағдай сол кездері облыс орталығына таяу орналасқан, автомобиль және темір жолдар бойындағы елді мекендердің көбінде жоқ еді. Ауданның мәдени, рухани өмірінде де тың серпін пайда болды. Заманауи талаптарға сай мектеп ғимараттары, мәдениет үйлері салынып, ауруханалар мен емханалар көбейді. Күре жолға, Егіндібұлақ аулының көшелеріне асфальт төселді. Әйткенмен, Қу – Балқантау өңірі халқының шаттығы ұзаққа созылмады. Аудан басшылығындағы кезекті өзгерістен соң әкімшілік бөлініс аумағы қой өсіретін қыстау мен жайлауға, оның тұрғындары қойшы қауымға айналып шыға келді. Қой өсіретін комсомол-жастар бригадасын құру жөніндегі шұбартаулықтар бастамасын қолдауды желеу қылған аупартком мектеп бітірушілердің аттестатын бермей, қызыл жалауын желбіретіп, кезекті кеңестік науқанның алдыңғы шебінде жүрді. Бірнеше жылға созылған бұл науқан талай жастың тағдырына кері әсерін тигізді.

Сексенінші жылдардың ортасынан бастап Егіндібұлақ ауданы қалыпты үдемелі даму жолына түсті. Тіпті, кеңестік империяның алғашқы да соңғы президенті М.С.Горбачевтің «кемелденген социализм» орнату, қоғамды «қайта құру», т.б. терминдерімен әдіптелген, орыс отарлығына жалғасқан коммунистік-кеңестік отарлықты қайта жаңғырту әрекетінен де ештеңе шыққан жоқ. Ұзақ дәуірлерге созылған отарлық езгінің кейбір ауыр зардаптары сақталғанымен, халықтың байырғы мәдениетімен табысуы, салт-дәстүрлерімен қауышып, тілін, ділін, дінін тұтынуға ерекше құштарлықпен ұмтылуы тәуелсіздік таңы таяп қалғаны жайлы хабар берді. Кеңес билігінің әпербақандығына қарсылық көрсеткен қазақ жастары «ұлтшыл элементтер» ретінде айыпталып, қан жоса қырғынға ұшыраған 1986 жылғы желтоқсан көтерілісінен кейін алаш жұртының азаттыққа ұмтылған үдерісі үдей түспесе, кеміген жоқ.

Тәуелсіздік туы астында. Кезінде Ә.Бөкейхан көтерген тәуелсіздік туының астынан табылған Қу – Балқантау өңірінің халқы Қазақстан дербес республика атанған сәтті «ақ түйенің қарыны жарылған» шаттық деп қарсы алды. Бұрынғы одақтас республикалар оңаша отаулар тігіп, КСРО тұсындағы экономикалық байланыстар үзілуі салдарынан әлеуметтік қиындықтар көбейген кездердің өзінде келешекке зор үмітпен қарап, ел іргесінің амандығын тіледі. Ата кәсібімен айналысып, мал өсіруді заман сұранысына сай жолға қойған ел еңсесін енді ғана тіктей бергенде аймақтарды басқаруды оңтайластыру желеуімен Қазыбек би есімін иеленген (1928-63 жылдары Қу, 1965-95 жылдары Егіндібұлақ атанған) аудан таратылып, оның құрамындағы ауыл округтері бүкіл шаруашылықтарымен бірге қайтадан Қарқаралы ауданы құрамына берілді. Облыс пен өнеркәсіпті орталықтардан шалғай жатқан әкімшілік бөлініс жабылғандықтан мемлекет қандай пайдаға батқанын әзірге мұндағы жұрт білмейді, бірақ, аудан кезіндегі мекемелер жабылып, инфрақұрылымдар күйрегендіктен, тұрғындар үлкен қиындықтарға тап болып отырғаны ақиқат. Кезінде «ауданның жабылғанынан халыққа келіп, кетер ештеңе жоқ, мұндағы ғимараттардың мұрты да бұзылмайды» деп уәдені үйіп-төккен билік өкілдері қазір үнсіз. Әлі жеткен тұрғындары өнеркәсіпті орталықтарға көшіп, мектебі мен мәдениет ошақтары жабылған шағын ауылдарды былай қойғанда, бір уақытта

іргелі ауданның орталығы болған Егіндібұлақтың өзі жылдан жылға күйреп, 1945 жылғы Берлиннің кейпіне түсуде айдың-күннің аманында. Сөйтсе де, Ұлы би Қаздауысты Қазыбек бастап, Сыр бойынан Сарыарқаға келіп қоныс тепкен елдің ұрпақтары болашақтан үмітсіз емес. Осыдан тоқсан жыл бұрын Нұрмақтың Нығыметі шаңырағын көтерген аудан қайта ашылып, бүгін орта түскен елдің кенересі толады деген сенімде. Иншалла, осы үміт, сенім ақталғай!

ЭКОНОМИКАСЫ. Қу – Балқантау өңірі облыстың қиыр солтүстік шығысында орын тепкен. Тұрғындары ежелден жыл он екі ай жайылымда болатын мал шаруашылығымен айналысты. Мұнда сондай-ақ, Сарыарқадағы полиметалл өнеркәсібінің алғашқы ошағы орналасқан және жер қойнауы пайдалы қазбаларға бай. Осыған қарамастан, темір жолдан алыстығы, су көздерінің жетімсіздігі, т.б. себептер салдарынан кеңес билігі тұсында олар игерілмеді. Тек еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін мұндағы кеніштерге көңіл бөліне бастады. Өңірдегі заманауи өнеркәсіптің үздігі, алыбы – «Алтайполиметалл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қарасты Теректі кен байыту комбинаты. Кәсіпорын негізінен мыс, алтын және күміс концентратын өндіреді. Кеніштің үстіңгі қабатына жүргізілген зерттеу барысы мұндағы қор 21 жылға жететінін анықтаса, тереңдетіп және түбегейлі зерттеу барысында оның көлемі еселеп көбейетіні анық. Еуразия кеңістігінде теңдесі жоқ комбинатты салуға корейлік инвестор 12 млрд теңгеден астам қаржысын құйды. Мұнда жұмыс істейтіндер негізінен жергілікті халық болғандықтан, өңірдің әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуде кәсіпорын жетекші роль атқаратыны күмәнсіз.

Аталған кәсіпорын ірге тепкен Шарықты ауыл округі аумағында тағы бір кен ошағы ашылу қарсаңында тұр. Ол – Көктас руднигі. Өткен ғасырдың басында бірнеше жыл кен өндірген кәсіпорын өңірде кеңес билігі орнағаннан кейін жұмысын тоқтатуға мәжбүр болған екен. Қазір оның өндірістік қорын анықтау, инвесторлар іздестіру, т.б. жұмыстар атқарылуда. Өз дәуірінде жап-жақсы өнім шығарған Шөптікөл кен байыту зауыты да осы кен жүлгесінің бойында тұр.

Өндірісті ұйымдастыру, шығарылған өнімді тасымалдау шығындары шешілсе, өңірде орналасқан Мыңшұңқыр, Үшқара көмір кеніштері де халық игілігіне қызмет ететіні хақ. Қазір қатары сиреп қалған қариялардың айтуынша, бір кездері олардан ашық тәсілмен көмір алынған дүр. Қызуы Майкөбе көмірінен кем түспейтін бұл отындардың күлділігі де соншалық үлкен емес көрінеді. Бабаларымыз төрт түлік өрбіткен далада қара және түсті металл қорларымен қатар, металл емес пайдалы қазбалардан саз балшық, минералды су көздері ұшырасады. Сөз болып отырған және басқа да кен орындарын ашу, сөз жоқ, болашақтың ісі. Бір нәрсе айқын – аталған кәсіпорындар жұмыс істеп кетсе, оның игілігін тек Қу – Балқантау өңірінің тұрғындары ғана емес, бүкіл ел көреді.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, Шығыс Сарыарқаның бұйратты, тастақты жерін қоныс қылған ата-бабаларымыз кем дегенде 3,5-4 мың жыл бойы мал өсірумен айналысты. Тың көтеру деп ұрандатқан кезеңде 5,8 мың шаршы км өңірдің 112,1 мың га-сы жыртылып, 68 мың га-ға дәнді дақыл тұқымы себілді. Кеңестік жоспарлы экономика келмеске кеткен соң құнарлы топырақ қабаты жұқа өңірдегі егістік алқаптары еселеп қысқартылды. Қазір «кемелденген социализм» дәуіріндегі егінжайлардың оннан біріндей жерге ғана тұқым себіледі.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Егіндібұлақ ауданы 267 мың қой-ешкі (сол кездегі облыстағы барлық түліктің ширек бөлігінен астамы), 9,5 мың жылқы (облыстағы барлық жылқының 17,5%-ы), 12,1 мың бас сиыр өсіріпті. Ел экономикасы құлдыраған, ел жадында «жабайы капитализм» атауымен сақталған тоқсаныншы жылдардың тоқырауы тұсында осы малдың көпшілігі «бартерлік» айырбастың құрбандығына шалынды. Сөйтсе де, соңғы жылдары мал басы қайта көбейіп келе жатқаны байқалады. Қу – Балқантау өңірінде қазір жүздеген шаруа қожалығы құрылып, ата кәсіптің жалына қол артқан қауым мал тұқымын асылдандыру, өнімділігін көбейтіп, сапасын жақсарту ісімен айналысуда.

Көлік қатынасы жолдары. Қу – Балқантау өңіріне темір жол желісі тартылмаған. Әуе жолы қатынасы кеңес дәуірінің соңғы кезеңінде тоқталды. Сондықтан, автомобиль жолы

аумақ тұрғындары үшін аса маңызды рөл атқарады. Мұнда облыстық дәрежедегі, асфальт жамылғылы 100 км, жергілікі дәрежедегі, қиыршық таспен жабылған 260 км жол бар. Шағын елді мекендердің тұрғындары аудан және ауыл округ орталықтарына дала жолымен қатынасады. Қарағанды қаласындағы № 3 автобус паркінің автокөліктері Егіндібұлақ аулы мен облыс орталығына күніне екі мәрте қатынасады. Ауыл округтерінің һәм шағын ауылдар мен қыстақтардың тұрғындары жеке меншік көліктерін пайдаланады. Атап өтетін жағдай, кеңес билігінің кейінгі дәуірінде аудан орталығынан ауыл кеңестерге күн сайын автобустар жүріп тұрды.

Сумен және электр қуатымен жабдықтау. Қу – Балқантау өңірінде Шығыс Сарыарқаның өзге тұстарымен салыстырғанда ауыз су мәселесі біршама оңды шешілген. Егіндібұлақ, Теректі, Комсомол (қазіргі Қарабұлақ), Ақтасты, Айнабұлақ (Абай атындағы совхоздың орталығы), т.б. ауылдарға су жүйесі кеңес дәуірінде тартылған еді. Өңірдегі байырғы елді мекендердің көпшілігі табиғи су көздерінің маңында орналасқан. Қондырғысы тозған, істен шыққан жекелеген ауылдарға «Ақбұлақ» мемлекеттік бағдарламасы аясында су жүйесі жаңадан тартылды.

Өңірдегі алғашқы электр желісі Шөптікөл аулында Ұлы Отан соғысына дейін, Егіндібұлақта соғыстан соң пайда болса, өткен ғасырдың жетпісінші жылдарының аяғында барлық қыстаққа жоғары кернеулі ток желісі тартылды. Тоқсаныншы жылдардың тоқырауы тұсында халыққа электр қуатын беру шектеліп, ағаш бағандар отынға айналып, сымдары металл сынықтарын жинаушылардың құлқынына жұтылды. Қараңғылық құшағанда қалған ауылдар қайтадан шырағдан мен май шамды пайдалана бастаған-ды, Бірақ, ел экономикасы оңалғаннан бері аумақ халқын электр қуатымен қамтамасыз ету жолға қойылды. Тұрғындар жоғары кернеулі токты Топардағы, Теректі кен байыту комбинаты Екібастұздағы ГРЭС-терден алады.

Байланыс. Қу – Балқантау өңіріндегі пошта байланыс жүйесінің ғасырдан асатын тарихы бар. Тұрақты пошта тасымалы Қоянды жәрмеңкесінде 1885 жылы жолға қойылып, Ресейдің орталық аппараты мен жергілікті билік арасында телеграф байланысы қамтамасыз етілгені жайлы жоғарыда айттық. Дәстүр жалғастығы кеңес дәуірінде сақталып қана қоймай, жетілді. Қазақстан Үкіметінің 2004 жылдың қазанындағы қаулысы негізінде пошта-жинақ жүйесінде реформа жүргізіліп, байланыс бөлімшелерін заманауи компьютерлік құрал-жабдықтармен, кассалық техникамен жарақтандыру, көлік паркін жаңғырту, аудандық тораптарды спутниктік байланыспен қамтамасыз ету үшін іс-шаралар жасалды. 2001 жылдан бері жүйе дәстүрлі пошта қызметіне қоса ақша төлемдері мен салымдарын қабылдау, жәрдемақы мен зейнетақыларды, еңбекақыны төлеу, валюта айырбасы, т.б. банк қызметтерін көрсете бастады.

«Қазақтелеком» АҚ-ның төменгі буындары байланыс қызметінің маңызды түріне жатады. Қарағандыдағы SDH технологиясының және талшықты-оптикалық байланыс желісі негізінде Қу – Балқантау өңірінде байланыс сапасы жақсарып қана қоймай, ақпараттың алуан түрін (жекелеген елді мекендердегі бейнеақпат пен мультимедиялық қызметті қоса алғанда) халық кеңінен пайдалануына мүмкіндік туды. Аумақтағы байланыс жүйесі тұрғындарға телефон, факс қызметін көрсетуді, телевизия хабарларын таратуды, т.б. қамтамасыз етеді.

РУХАНИ ЖӘНЕ МӘДЕНИ ДАМУЫ

Білім беру ісі. Өскелең ұрпаққа заманына лайық білім мен тәрбие беруге қазақ жұрты ежелден ерекше көңіл бөлгені белгілі. Қазақ хандығы дәуірінде сабақ оқытуға араб жазуы пайдаланылып, ол кеңес билігінің алғашқы жылдарында да сақталып қалғаны баршаға аян. Балаларға жүйелі сабақ берген медреселер XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында Едірей болысының Сарыбұлақ, Қарасу қоныстарында орналасып, алғашқысында Жайсақ қажы Төлепұлы сабақ берген екен. Еуропалық үлгідегі мектептер 1905-10 жылдары Қу болысында, Ақайдың Қасені қоныстанған Қызылшілік, сәл кейінірек Едірей болысының Қарадыр қыстақтарында жұмыс істеді. Кеңес өкіметі билікке ие болғаннан кейін тындырған ең игілікті шаралардың бірі – 17 жасқа дейінгі балалар мен жеткіншектерді ақысыз оқыту үшін шығарылған заң. Осы құжат негізінде 1918-20 жылдары бұрынғы Ресей империясы

шегіндегі орыс-бұратана мектептеріне жаппай реформа жасалды. Соған сәйкес, Қарқаралы уезінде тұратын барлық ұлттың балаларына тегін бастауыш білім беріле бастады. 1930 жылы 1 және 2 басқыштық мектептер оқу мерзімі 4 жылдық мектеп болып құрылды. Оларға оқулықтар әзірлеп, басып шығару, педагог мамандар даярлау ісі қатар жүрді. Ұлы Отан соғысынан кейін 7 жылдық білім алу жалпыға бірдей міндет болып күн тәртібіне қойылды. 1959 жылы 7-15 жас аралығындағы балалардың 8 жылдық білім игеруі, одан әрі жастардың жаппай орта білім алуын қамтамасыз ететін бағдарламалар қабылданды. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, орта, кәсіптік-техникалық, арнаулы орта, жоғары білім беру тұтаса келіп, жалпы білім беру жүйесін құрады.

(фото – 20)

Қазіргі Егіндібұлақтағы №43 орта мектеп тарихын 1928 жылдан, яғни Қу ауданы құрылған кезден бастайды. Зер сала қарасақ, өңірде кеңестік мектептер одан оншақты жыл бұрын жұмыс істеген екен. 1920-21 оқу жылында Қу болысындағы 3 болыстық мектепте 99 ұл, 9 қыз, барлығы 108 бала оқыпты. Сонымен бірге, 1-ші ауылда (21+4) 25, 2-ші ауылда (35+7) 42, 3-ші ауылда (29+3) 32 бала мектепке барған. Едірейдің 3 болыстық мектебінде (87+6) 93, 1-ші аулында (40+4) 44, 2-ші аулында (40+3) 43, 3-ші аулында (40+3) 43 бала, 4-ші аулында 48 ұл, 5-ші аулында (35+2) 37 бала білім алған. Сарытаудың 1 болыстық мектебінде (43+2) 45, 2-ші аулында (27+4) 31, 3-ші аулында (17+6) 23 бала сабаққа барған дүр. Дастардағы 2 болыстық мектепте (81+5) 86, 1-ші ауылда (29+4) 33, 2-ші ауылда (27+7) 34, 3-ші ауылда (34+2) 36 бала оқыған екен. Семей мұрағатындағы тағы бір құжат бойынша Дмитриев мектебінен шығарылған Стефановская-Зуева Мария Александровна 1925 жылғы 25 қыркүйекте Меңдешев (бұрынғы Қу) болысындағы №3 мектепке мұғалім болып тағайындалған. Қарқаралы уездік оқу бөлімінің 1926 жылдың 3 қыркүйегіндегі №123 бұйрығында Рахымжанов Закария Меңдешев болысының 6-шы аулындағы №4 мектепке 1 қыркүйектен меңгеруші болып тағайындалғаны көрсетілген. Оның өтінішінде 1904 жылы туғаны, Досов болысының 3-ші аулында тұратыны, шаруашылық-педагогика техникумының II негізгі сыныбында оқығаны, қазақша орта, орысша ортадан төмен білімі бары айтылады. Сондай-ақ, 1926 жылғы 1 қыркүйекте А.Н.Синицкая деген кісі Меңдешев болысындағы қазақ мектебіне мұғалім болып жіберіліпті. 1926-27 оқу жылы Меңдешев болысында 6 мектеп, 8 сынып жиынтығы болса, олардың 1 сыныптығы 4, 2 сыныптығы 2 екен. Бауыр болысында 6 мектеп (2-і 1 сыныпты, 4-і 2 сыныпты), 10 сынып жиынтығы, Едірей болысында 8 мектеп (6-ы 1 сыныпты, 2-і 2 сыныпты), 10 сынып жиынтығы жұмыс істеген. Меңдешев болысындағы 2 сыныптық тірек мектебін Әлин деген азамат басқарған екен. Әрине, мұның бәрі жетімсіз еді. Мысалы, 1920-21 жылдар мұғдарында Қарқаралы уезі бойынша мектеп жасындағы бала 20 мың болса, соның 1955-і ғана, яғни 9%-ы сабақ оқыды. Осы кезде уезде 144 мектеп (біреуі екінші, қалғандары бірінші басқышты) болса, 1923 жылдың сәуірінде 60 мектеп қалып, қалғандары жабылған. Қарқаралының жетімдер үйінде 1921-22 оқу жылы 70 бала тәрбиеленсе (оның 16-сы мектеп жасына дейінгі сәби), келесі жылы ол жабылып, балалар ауқатты адамдардың отбастарына бөлінген. Мектептер жабылуына білімді мұғалімдердің аздығы, оларды даярлауға қаржы жетіспеуі, салықтың шамадан тыс өсуі әсер етті. Білім ұясын ұстауға шамасы келмегендіктен, 8 орыс қонысы мектебін жабуға мәжбүр болды. Осының алдында ашылған Қарқаралы педтехникумында 6 мұғалім 23 оқушыға сабақ берді.

Дегенмен, халықтың жалпы сауатын ашу бағытындағы жұмыс жалғаса берді. Әңгіме болып отырған кезде мемлекеттік және жергілікті бюджет арқылы 11 сауатсыздықты жою мектебі, 23 оқу құжырасы, 2 кітапхана, 5 клуб, 5 (4-еуі орысша, 1 қазақша) театр, оркестр және хор ұжымдары жұмыс істеді. Сауатсыздықты жою мектептері мен оқу құжыраларын әдебиетпен жабдықтауға көңіл бөлінді. Мәселен, 1923 жылғы шілдеде Едірей болысының үгіт бөліміне 93, кітапханасына 67, арнайы бөліміне 25, барлығы 185 кітап жіберіліпті.

Меңдешев, Едірей болыстары мен Бауыр болысының бірнеше аулы негізінде 1928 жылы Қу ауданы құрылғаннан кейін білім беру ісі осы әкімшілік бөлініс арқылы жүзеге аса бастады. Әсіресе, аудан орталығы Егіндібұлақтағы тірек мектебі білікті мамандармен

қамтамасыз етілуіне, оның материалдық базасы жақсаруына көңіл бөлінді. Бұл кездері өңірдегі мектептерге Мәшкен Исин, Әбу Баймағанбетов, Әлжаппар Жақсыбаев, Қанафия Боранбаев сияқты педагогтар жетекшілік етті. Әйткенмен, 1931-33 жылдардың нәубеті кезінде мектептер, оқу үйлері мен қызыл отаулар жабылып қалды. 1934 жылдан бастап сауатсыздықты жою мектептері қайта ашылып, тұрмысы жүдеу отбасылардың балалары мен жетімдер үшін балалар үйі, үш интернат жұмыс істеді. 1936-37 жылдары етек алған саяси қуғын-сүргінде білім беру ісіне тағы үлкен нұқсан келді. Сол заманға сай білім алған азын-аулақ зиялы азаматтың кейбірі «халық жауы» деген жаланың құрбаны болып, атылды, айдалды. Егіндібұлақ аулындағы білім ұясы жетіжылдық мектепке айналды. 1939 жылы аудан орталығында алғашқы балабақша ашылып, ондағы 28 сәбиге 2 педагог оқу-тәрбие жұмысын жүргізді. Осы кезде аудандағы 2 орталау, 15 бастауыш мектепте 860 оқушы білім алып, оларға 61 мұғалім сабақ берді. 1940-41 оқу жылында әкімшілік бөлініс көлемінде 1 орта, 3 орталау, 13 бастауыш мектеп болды. Соғыстан кейін колхоздар іріленіп, ауыл шаруашылығы машиналарына қызмет көрсететін МТС-тер құрылған, тың игеру кезінде жаңа елді мекендер пайда болып, совхоздар ашылған жылдары мектептердің де әлеуеті артты. Аудандағы 1 орта, 8 орталау, 9 бастауыш білім ұясында 1435 бала білім алды. Қу өңіріндегі алғашқы жоғары білімді мұғалімдер Қажыкен Смайылов, Зейнелғабиден Боранбаев сынды ағалардың ізін басып, халық ағарту саласында ұзақ жыл қызмет еткен Жәйлан Смағұлов, Ақылбек Мизанбаев, Рахәділ және Шәйкен Міртеміровтер, Хадиша Сүйкебаева, Төкен Дәуіпбаев, Шәнел Әбсаматов, Мұқан Ғаббасов, Әлпебай Сәбитова, Қисан Әбдікәрімов, Шаймерден Тезекбаев, Тұңғат Оразбаев, Камал Момынбаев, Орынбек Жәкешев, Зәрубай Әубәкіров, Мәмима Нашарбаева, Қапиет Қапсаттаров, Қайырбек Жәшкеев, Уақас Әлжаппаров, т.б. ондаған педагогтар туған жердің туын жоғары көтерген талай ұрпақты тәрбиелеп, өсірді.

1978 жылы өңірде 8 орта, 4 орталау, 12 бастауыш, музыка және жұмысшы жастардың кешкі мектебі жұмыс істеді. Егіндібұлақ ауданы кемеліне келген сексенінші жылдардың ортасында әкімшілік бөлініс аумағында 28 жалпы білім беретін, музыка, спорт мектептері мен 10 балабақша-бөбекжай және кәсіптік-техникалық училище болып, оларда жүздеген білікті маман қызмет атқарды. Қазіргі таңда бұрынғы аудан аумағында 7 ЖББОМ, бірнеше негізгі, бастауыш мектептер жас ұрпаққа білім беру ісімен айналысады. Соның ішінде, №43 тірек мектебі білім сапасы жөнінен Қарқаралы ауданы ғана емес, Қарағанды облысындағы, қала берді, республикадағы үздік жүз мектеп қатарынан орын алады. Бұрынғы кәсіптік-техникалық училищенің негізінде құрылған Егіндібұлақ аграрлық-техникалық колледжі бүгінгі күні ауыл шаруашылығы талап ететін заманауи мамандар даярлау үдерісіне үлес қосуда.

Қу – Балқантау өңірінің қасиетті топырағынан тіршілік нәрін алған оқымыстылар да жеткілікті. Алдыңғы буын өкілдері арасынан академик, философия ғылымдарының докторы Нұрымбек Жанділдин, профессорлар: техника ғылымдарының докторлары Уахит Шәріпов, Қалқаман Жұмашев, заң ғылымдарының докторы Айдарат Тәуекелов, экономика ғылымының докторы Шағатай Қашықов, медицина ғылымдарының докторлары Қуаныш Мәскеев, Смағұл Қайшыбаев, Құсни Елеуов, Аман Нұрмақов, Серік Қарабалин, Оспан Бейсетаев, Бақытгүл Оспанова, тарих ғылымдарының докторы Рымбек Жұмашев, т.б. көптеген ғалымдар қазақ ұлттық ғылымының өсіп-өркендеуіне сүбелі үлес қосты.

Денсаулық сақтау ісі және дене тәрбиесі. Қазақ халқы XIX ғасырдың екінші жартысына дейін еуропалық үлгідегі медицина қызметін пайдаланған жоқ. Науқастарды емдеу, сауықтыру жұмысын халық емшілері, бақсылар, диуаналар, қожа-молдалар атқарды. Уезд орталығы Қарқаралы қаласында ғана фельдшер жұмыс істеп, әйелдердің босануына көмектесті, тіс емдеді, ең қарапайым хирургиялық операциялар жасады. Қу – Балқантау өңірінде кеңес өкіметінің орнауымен бірге әрбір болыста денсаулық сақтау пункті мен санитарлық бөлім жұмыс істей бастады. Қу – Балқантау өңіріндегі алғашқы дәрігер Хафез (Қапез) Барлыбаев деген азамат екен. Бірақ оның өмірі мен қызметіне қатысты басқа деректер кездестіре алмадық. 1935 жылы 15 қаңтарда Қарқаралы округтік атқару комитетінің

қаулысымен Егіндібұлақ аулында 20 төсектік аурухана және рентген кабинеті бар емхана ашылды. Ұлы Отан соғысына дейін негізінен өңірде сырттан жіберілген мамандар қызмет атқарды. 1935-50 жылдары А.Петросян, М.Кузенков, Н.Терлецкий, Л.М.Григорьев, А.Рақымжанов, Н.Д.Князева, А.Попович деген адамдар Қу аудандық ауруханасына жетекшілік жасады. Солардың арасында поляк ұлтының перзенті, жер аударылып келген дәрігер Николай Александрович Терлецкийдің есімі күні бүгінге дейін құрметпен аталады. Қу – Балқантау өңірінің тұрғындары «Ақбас» атандырған дәрігердің үлгісімен медицина мамандығын игеруге өткен ғасырдың ортасында жергілікті халық өкілдері ден қоя бастады. Мысалы, 1958-64 жылдары Қу – Балқантау өңірінің жиырмадан астам түлегі Қарағанды мемлекеттік медицина институтын тәмамдады. Кейін солардың біразы – М.Сәбитов, Б.Абзалиев және кейінгі толқыннан Қ.Жақұлов, К.Бабағұлова, т.б. дербес салалар бойынша жүргізген зерттеулері, жариялаған ғылыми еңбектері, қорғаған диссертациялары арқылы елге танымал ғалымдар атанса, М.Исайынов, Т.Нұрманов, Т.Жұмаділов, Ә.Мизамбаев, І.Есжанов, С.Мусин, Т.Құсайынов, С.Талдыбаев, С.Қанафин, т.б. дәрігерлер практикалық қызметімен жұрттың алғысына бөленді.

Өткен ғасырдың сексенінші жылдары Егіндібұлақ ауданында 4 аурухана мен емхана, 4 дәрігерлік амбулатория, 21 фельдшерлік пункт жұмыс істеді. Бірақ, аудан орталығында орналасқан емдеу мекемелері кезінде әртүрлі мақсат үшін салынып, ыңғайластырылған үйлер мен баспаналарда орналасқан еді. Мұндағы кешенді емхана-аурухана ғимаратының құрылысы кеңестік билік кезеңінің соңғы жылдарында басталып, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана пайдалануға берілді. Өкінішке орай, Қу – Балқантау өңірінің елі оның игілігін толық пайдалана алмады. 1997 жылы әкімшілік бөліністе таратылған соң аудандық аурухана Қарқаралыға көшіріліп, мұнда қызмет атқарған білікті мамандардың барлығы дерлік қызмет бабымен облыс орталығына және өнеркәсіпті қалаларға кетуге мәжбүр болды. Қазір ауыл округіне қарасты аурухана үшін алып кешеннің шектеулі бөлігі ғана пайдаланылады.

Қазақ халқы өскелең ұрпақтың денсаулығымен бірге дене тәрбиесіне де ерекше көңіл бөлгені белгілі. Қу – Балқантау өңірінде дәстүрлі ұлттық спорт ойындары дүбірлі жиын, ас пен тойдың негізгі бағдарламасына енді. Қоянды жәрмеңкесі аламан бәйге мен жорға жарысы, балуандар күресі мен кір көтерушілер бәсекесі өтпеген жағдайда қызығы кем сауда-саттық орны болып қалар еді. Дүбірлі базардың спорт жарыстары кейін колхоз бен совхоз өмірінде кездесетін оқиғаларды, әдетте малшылар слетінің қызығын күшейту мақсатымен ұйымдастырылды. 1960-80 жылдары Зәрубай Шәкаманов, Жұматай Раев, Нығыман Сәдуақасов, ағайынды Тахтановтар тәрізді балуандар Егіндібұлақтың даңқын шығарды. Кеңес дәуірінде біршама дамыған бұқаралық спорт пен футбол, волейбол, т.б. спорттық ойын түрлері кейінгі жылдары қайтадан қолға алынуда.

Ескерткіштері және туризмді дамыту мүмкіндіктері. Қазақ халқы мәдениетінің мыңдаған жылдық тарихы бар. Ұлы далада өткен саяси-мәдени, діни, экономикалық, т.б. қарым-қатынастар мен қақтығыстар нәтижесінде түзілген бірегей өркениеттің басты мұрагері – қазақтар. Көшпелі жұрттың дәстүрлі тұрмысы, шаруашылығы, рухани һәм материалдық мәдениеті осы кеңістікті ата қоныс етіп отырған ұлтты, оның тілін, ауыз әдебиеті мен музыкалық шығармашылығын, бейнелеу және мүсіндеу өнерін қалыптастырды. Қазақтардың арғы бабалары сақтар мен ғұндар, кейінгі көк түріктер Көк – Тәңіріге, Күнге, Жер мен Суға табынып, тіршілік нәрін беруші Ұмай анаға сыйынған. Еуразия даласын қоныстанған ежелгі көшпелілер жасаған мәдениеттің жұрнақтары – көне қоныстар мен қорғандар, қорымдар мен балбал тастар Қу – Балқантау өңірінде молынан кездеседі. Оларды М.Қ.Қадырбаев, әкелі-балалы Кукушкиндер, А.З.Бейсенов, т.б. археолог ғалымдар зерттеді. Кейінгі қола және ерте темір дәуірінің жәдігерлері болып табылатын осынау ескерткіштер, сондай-ақ, алғашқы адамдар қолымен жасалған, Желтау, Едірей, Мыржық тауларындағы таңбалы тастар, Қу, Боқты, Едірей тауларындағы үңгірлер, табиғаттың басқа да таңғажайып түзілімдері, өзендер мен көлдер, Қаздауысты Қазыбек ордасын тіккен Қызылшілік қонысы, Қоянды жәрмеңкесі мен Боқты көтерілісінің орны, Тәттімбет пен Шама төренің зираты, т.б.

тарихи жерлер этнографиялық, экологиялық, басқа да туризм түрлерін өркендетудің үлкен мүмкіндігі десек, артық айтқандық емес.

(фото – 21)

Мәдениеті мен өнері. X-XII ғасырларда түрік әдеби тілі қалыптасып, осы тілде әлемдік асыл жауһарлардың санатына жататын «Құдадғу біліг», «Диуани лұғат ат-түрік», «Хибат ул-хакайық» сынды көптеген шығармалар жазылды. Шыңғысханның немересі Бату құрған далалық империя Алтын Орданың соңғы кезеңі мен Қазақ хандығы дәуірін тұтасымен қамтитын жыраулар поэзиясы дербес ұлттық әдебиетіміздің бастауы десек, қателеспейміз. Бұл кезең қазақтың жадында «Ноғай-қазақтың айрылысуы», «Орманбет би өлгенде, он сан ноғай бүлінгенде» тәрізді күйлермен, Доспамбет, Қазтуған, Шалкиіз, т.б. жыраулардың толғаулары арқылы сақталды. Осы дәуірдің аса көрнекті өкілдерінің бірі Асан Қайғы қазақ жұрты уайымсыз-қайғысыз ұмыр кешетін «Жерұйық» іздеп желмаясымен жортқанда Қу – Балқантау өңірі де оның жолында кездесе кетеді. Оның Үшқара тауы мен Түндік өзеніне қатысты айтқан ой-пікірлері жайлы аңыз осыған куә. Аңыз түбі ақиқат екені баршаға мәлім болса керек. Қазақ жырауларының соңғы тұяғы, өз заманындағы бірегей тұлғалар жайлы: «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек – Орманнан көп Орта жүз, Содан шыққан төрт тірек», – деп төгілген «көмекей әулие» Бұқар жырау – Қаздауысты Қазыбектің замандасы. Тіпті, оның зираты Ұлы бидің соңғы демі шыққан, сөре тасы тұрған Далба тауындағы Қарағайлыбұлақтан қозыкөш жерде. Зер сала қарасақ, Қаздауысты Қазыбектің ел тағдыры таразыға түскен түрлі тартыстарда, дау-шарларда айтқан толғаулары Алтын Орда дәуірінен жалғасып келе жатқан жыраулар поэзиясымен тамырлас екенін байқаймыз. Сол кестелі сөз, сол асқақ рух, сол мөлдір ой, тек мақсат-мүдде ұлт, ұрпақ қамына көбірек ойысып, нақтылана түскен. Осы билік жолын ұстанып, қазақтың болашағы үшін түн ұйқысын төрт бөлген бірегей тұлғаларға Бекболат, Тіленші, Алшынбай билерді, Жарылғап, Бөдене, Меңдеке сынды батырлар мен ру ақсақалдарын қоссақ, рухани мәдениетті одан әрі жалғастырғандар санатында Қу – Балқантаудың асыл перзенттері Қалдыбай Бөбекұлы, Кемпірбай Бөгенбайұлы, Айтбай Демікпеұлы, Мәди Бәпиұлы, Хамзе Сүлейменұлы, т.б. айыр көмей, жез таңдай ақындар бар. Қазақ музыка өнеріндегі таңғажайып құбылыс ретінде мойындалған Тәттімбет Қазанғапұлы ерекше бағыт – шертпе күй мектебінің негізін қалады. Ұлттық дәстүрлі әншілік өнерінде Ғаббас Айтбаев, Қали Байжанов, Қуан Лекеров, Жүсіпбек Елебеков, Нұғыман Әбішев, Мағауия Көшкімбаев, классикалық вокалда айрықша із қалдырған Мәжит Шалқаров, қазіргі қазақ эстрадасының жарық жұлдыздары Мақпал Жүнісова мен Гүлбаршын Тергеубекова осы қасиетті жерден түлеп ұшқанын жерлестері орынды мақтаныш етеді.

Әдебиет тарихында дербес орны бар Кәрім Сауғабай, Тілеуғазы Бейсембек, Айтқазы Нұрбеков, Тұрсын Жұмаш сынды ақындар, Шарапат Абаев, Қайыркен Сағындықов, Нығыметолла Төкешев, Төлеуқадыр Нысанов, Хасен Рахымбеков, Зарқын Тайшыбай, Дүйсенбек Ысқақ, Ғаббас Смағұлов, т.б. жазушы-журналист қауым туған жердің тарихын таңбалауға сүбелі үлес қосты. Желтаудағы Шана қыстағында туған Жұмат Шаниннің жолын қуған театр тарланы Рамазан Баймағанбетов, оның ізбасарлары Батырхан Бәкіжанов, Қарлығаш Жарылғапова, Мадияр Қойшығарин, Дина Зайтова кәсіби өнердің жалынан ұстаса, Егіндібұлақтағы халық театрының жұмысы жолға қойылуына Шахман Мағазов, Төлеген Қойшығарин, Баяғали Қапжаппаров, Төлеш Шодыров, Ғаббас Жасымбеков, т.б. әуесқой өнерпаздар көп еңбек сіңірді.

Өңір тұрғындарына рухани қызмет көрсетуде һәм мәдени-көпшілік шаралар өткізуде Егіндібұлақ пен Арқалық халық театрлары, Тәттімбет атындағы ұлт аспаптары оркестрі, «Балқантау сазы», ардагерлердің «Замандастар» ән-би ансамбльдері, т.б. өнер ұжымдары үлкен жүк арқалап келсе, олардың жұмысын ауыл округтерінің Мәдениет үйлері, клубтар үйлестіруде. Тұрғындар мен өңір қонақтарын, әсіресе, өскелең ұрпақты туған жердің шежіресімен таныстыруда Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайының Егіндібұлақтағы филиалы атқаратын жұмыс көлемі ауқымды. Соңғы жылдары тарихшы А.Сүлейменов бұл

міндетті бөлісіп, Қаздауысты Қазыбек атындағы дербес мұражай ұйымдастыру ісімен айналысуда.

Халыққа мәдени, тәрбиелік қызмет көрсетуде кітапханалардың атқаратын рөлі зор. Қу – Балқантау өңірінде 1931 жылы 7 оқу үйі, 7 қызыл бұрыш болса, 1988 жылы қоры 250 мың дана кітапты құрайтын 27 кітапхана оқырманға қызмет көрсетті. Қазіргі таңда Егіндібұлақ аулындағы модульдік кітапханада абонемент, оқырмандар залы, ақпараттық-библиографиялық, өлкетану, өңдеу және жинақтау, жаңа технологиялар, т.б. бөлімдер жұмыс істейді. Мерзімді басылымның да алуан түрі жинақталған.

Бұқаралық ақпарат құралдары. Әкімшілік бөлініс Қу атауымен құрылғаннан кейін, ҚКП аудандық комитеті мен аудандық Кеңес атқару комитетінің органы 1939 жылғы 11 тамыздан бастап қазақ тілінде 1 баспа табақ көлемінде, 4 бет болып, аптасына 3 рет шығып тұрды. Әуелде «Большевиктік жол» аталған газет Қу ауданы таратылған 1962-65 жылдары жарық көрген жоқ. 1965 жылы әкімш. құрылым Егіндібұлақ атауымен қайта ашылған соң, басылым «Ленин туы» деген атпен жарық көре бастады. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген соң «Балқантау» атауын иеленген газет аудан кезекті мәрте жабылған 1997 жылдан шығуын тоқтатып, «Қарқаралы» газетімен біріктірілді. Азды-көпті үзілістермен жарты ғасырдан астам уақыт жарық көрген аудандық газет өңір халқын 3 бесжылдық (1938-42) міндеттерін, Ұлы Отан соғысы кезінде ауыл шаруашылығы шикізаты мен азық-түлік өндірудің әскери тапсырыстарын орындауға жұмылдырудан бастап, тың және тыңайған жерлерді игеру, жаңа шаруашылықтар ұйымдастыру, ауданда қой санын көбейту, ауыл шаруашылығына жаңа технологияларды енгізу, ғылыми-техникалық үдерісті жеделдету, коммунистік партия мен кеңес идеологиясы күн тәртібіне қойған басқа да мәселелер жайлы жазды. Еңбек ұжымдары мен жеке тұлғалар арасындағы социалистік жарыс, кеңестік өмір салтын насихаттау, орыс шовинизмін бас шұлғып мойындауға, марксизм-ленинизм идеясынан бұра шықпауға тәрбиелеу тәрізді тақырыптар басылым бетінен түскен жоқ. Қазақ жұрты дербестік туын тіккеннен кейін газет бағытын күрт өзгертіп, ұлт тарихы, оның байырғы мәдениеті мен салт-дәстүрі, кеңесік дәуірдің ақтаңдақтары жайлы жаза бастады. 1982 жылдан бастап офсеттік басылыммен (республиканың қазақ тілді басылымдары арасында 1-ші болып) шыға бастаған газеттің таралымы 1988-90 жылдары үш жарым мыңға дейін жетті. Басылымның алғашқы редакторлары жайлы деректер әзірше табылмады. Кейін облыстық, республикалық мерзімді басылымдарда, партия жұмысында қызмет атқарған Шарапат Абаев, Қайыркен Сағындықов, Нығыметолла Төкешев, Төлеуқадыр Нысанов, Дүйсенбек Ысқақ, Ғаббас Смағұлов, Серік Сексенұлы, т.б. қаламгерлердің алғашқы туындылары осы басылымда жарық көрді. Сондай-ақ, Егіндібұлақ аулына және ауыл кеңес орталықтарына радио желісі тартылғаннан кейін, аптасына 1 сағат көлемінде аудандық радио хабарлары таратылды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері

ААА

АБАЕВ Шарапат (1922, Қарқаралы уезі, Едірей бол., №7 а. – 4.06.1963, Қарағанды қ.) – журналист, комсомол қызметкері. 1938 ж. Қу ауд. ОМ-де 8 сыныптық білім алып, ауд. оқу бөл-де бас есепшіліктен еңб. жолын бастаған. 1940 ж. Қазақстан ЛКСМ Қу ауд. пионерлер мен оқушы жастар бөл-нің меңг-сі, одан соң ауд-дық «Большевиктік жол» газ-де әдеб. қызм., жауапты хатшы, 1942 ж. ауд. комсомол к-нің 1-ші хатшысы болды. 1942-44 жж ҰОС қатысып, Украин майданы, 4-ші гв. Сталинград механ. корпусы үгіт және насихат бөл-нің

меңг-сі міндетін атқарды. Елге оралған соң ауд. комсомол к-інің 1-ші хатшысы қызм. жалғастырды. 1946 ж. «Большевиктік жол» газ-не жауапты редактор болып ауысқан А. көп ұзамай Қазақстан магниткасына келіп, «Теміртау жұмысшысы» басылымында тілші, кейін редактордың ор-ы лауазымында еңб. етті. Теміртау қ-да өзге ұлттардың үлесі артып, жергілікті жұрттың өзі орыстана бастаған соң, 1955 ж. қазақ тілді газет жабылып, А. обл. «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Орталық Қазақстан») басылымының тілшісі, бөл. меңг-сі қызм. атқара жүріп, майданда алған жарақат салдарынан қайтыс болды.

АБАЙ (Ибраһим) Құнанбайұлы Құнанбаев (10.08.1845, Шығ. Қазақстан обл., Шыңғыс таулары – 1904, сонда) — ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің және қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер, либералды білімді исламға сүйене отырып, еуропалық әдеб. мен мәд-ке жақындасу арқылы қазақ мәд-іне реформа жасауды ойластырған тұлға. А-дың шығ-ларына қазақ қоғамындағы әлеуметтік, қоғамдық, моральдық мәселелер арқау болған. Шығ. пен Бат. мәд-і мен өркениетін жетік білген А. көптеген ойшылдардың еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» тақырыптарының ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығымен құнды. А. Орта жүздің Арғын тайпасының Тобықты руынан шыққан билер әулетінен. Әкесі Құнанбай Өскенбайұлы өз тұсындағы атақты адамдардың бірі болған. XIX ғ-дың ортасында ол Қарқаралы дуанының аға сұлтаны болып сайланады. Шешесі Ұлжан Орта жүздің Арғын тайпасына жататын Қаракесек руының шешендігімен, тапқырлығымен, әзіл-әжуасымен аты шыққан шаншарлардың қызы. Жас Ибраһимді «Абай» деп анасы еркелетіп атаған. Ақын осы А. деген есіммен тарихқа енді. Текті ортадан шыққан, Құнанбай мен Ұлжаннан туған төрт ұлдың бірі А. жасынан ерекше қабілетімен, ақылдылығымен көзге түседі. Әкесі оның зеректігін аңғарып, он жасқа толғанда Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқытады. Медресенің үшінші жылында А. Семей қ-сындағы “Приходская школаға” да қосымша түсіп, орысша сауатын ашады. Үш жылдан кейін әкесі оқудан шығарып алып, қасында ұстап, ел басқару ісіне баули бастайды. Әке төңірегіндегі ел ағаларымен араласқан А. халықтың рухани, мәдени әлемімен жете танысады. Билер үлгісінде шешен сөйлеуге төселеді. Ұтымды сөз, әділ билігімен елге танылып, аты шығады. Билікке араласқан А. халық тұрмысындағы көлеңкелі тұстарға сәуле түсіруге күш салады. Бірақ одан көңіл тоятындай нәтиже шығара алмайды. Сондықтан, халқына пайдалы деп тапқан істерін көркем сөзбен, әсіресе, өлеңмен насихаттамақ болады. А. бір жағынан шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми, т.б. оқыса, екінші жағынан А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, И.С.Тургенов, И.А.Крылов, А.И.Герцен, Н.Г.Чернышевский, М.Е.Салтыков-Щедрин, Н.А.Некрасов, Ф.М.Достоевский еңбектерін оқып, терең зер салған, Батыс классиктерінен Гете, Байрон, Мицкевич сияқты ақындарды оқып, Спиноза, Спенсер, Дрепер, Льюис, Дарвин сияқты ойшылдардың еңбектерімен танысады. Ресейдің отарлық саясатының, парақор орыс әкімдері мен қазақ би-болыстарының арамза қылықтарына қарсы күресу үшін «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы» болуға бекінеді. Осы мақсатпен болыс сайлауында жеңіске жетіп, 1876-1878 ж. Қоңыр-Көкше еліне болыс болады. А. қолындағы билікті пайдаланып, әділ болуға күш салады. Әлсізге зорлық көрсеткен, ұрлық жасаған озбырларды жазаға тартып, халық қамқорына айналды. Оның бұлай ел басқаруы шонжарлар тарапынан қарсылыққа ұшырады, үстінен арыз көбейді. Мысалы, Ү.Бөрібаев дегеннің «жерімді тартып алды» деген жаласымен көтерілген іс он жыл сүргінге созылып, Е.П.Михаэлис араласқан соң ғана қысқарады. Бір топ шонжардың «Абай барымта алды, ауыл шауып, әйел зорлады” деген арызы да нәтижесіз қалды. А. Семейде саяси қызметі үшін айдалып келген Е.П.Михаэлис, Н.И.Долгополов, А.А.Леонтьев сияқты демократтармен танысады. Озық ойлы азаматтар ақынның саяси-әлеуметтік көзқарасы қалыптасуына игі ықпал тигізді. Қазақтың дәстүрлі ел билеу жосындарын, әдет-ғұрып заңдарын жетік білетін А. әр алуан әкімшілік-құқықтық реформаларға белсене қатысады. 1885 ж. мамырында Шар өз. бойындағы Қарамола деген жерде Семейдің ген.-губернаторы Цеклинцкий Семей губ-сына қарайтын 5 уездің төтенше съезін өткізеді. 100-ден астам би-болыс бас қосқан съезге

төбе би болып сайланған А. «Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін» әзірлейді. Комиссия 93 баптан тұратын ережені 3 тәулікте әзір етті. Бұл қазақ арасында қалыптасқан кертартпа әдет-ғұрып ережелеріне де, Ресейдің қазақты қанауына, зорлық жасауына негізделген заңына да ұқсамайтын, өзгеше құжат еді. Оның барымта мен ұрлық, қылмыс пен әйел құқына арналған баптары ерекше құнды-тын. А. егде тартқанда биліктен аулақтап, шығармашылықпен ғана шұғылданады. Оның шығармаларында Адам, Болмыс, Ғалам тақырыбы, сондай-ақ, абсолюттік ақиқат құпиясы басты орында тұрады. 1891 ж. бастап А. басына қайғы түсіп, бір-біріне ұласып кетеді. Сүйікті інісі Оспан қайтыс болады. Дәл осы кезде Оразбай бастаған дау өршіп, 1897 ж. дейін созылады. Шиеленіс 1898 ж. Мұқыр сайлауында А. өміріне қастандық жасауға жалғасады. А. басына бұлт үйрілген шақта үміт күткен баласы Әбдірахман өледі. Бұл қазалар ақын жанына батқаны өлеңдерінен айқын көрінеді. 1904 ж. қыс соңында дарынды ақын баласы Мағауия қайтыс болады. Қабаттасқан қасіреттен күрт сынған А. Мағауияның қырқын беріп жатқан күні дүние салады. Ақынның сүйегі Шыңғыстаудағы Жидебай қыстағында, інісі Оспанның жанына жерленеді. Қазір онда қазақтың ұлы екі перзенті — А. мен Шәкәрімге деген ұрпақтың өшпес махаббатының, ізгі құрметінің белгісі болып, сәулет өнерінің соңғы үлгісімен салынған қос мұнаралы кешенді алып мазар тұр. А. үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдадан Ақылбай, Әбдірахман, Күлбадан, Әкімбай, Мағауия, Райхан; тоқалы Әйгерімнен Тұрағұл, Мекайыл, Ізкаил, Кенже деген 7 ұл, 3 қыз сүйген. Келіндей алған әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ. А. өлең жазуды 10 жасында («Кім екен деп келіп ем түйе қуған...») бастаған. Одан ертеректе жазылған өлеңі — «Йузи – рәушән», екіншісі — «Физули, Шәмси...». «Сап, сап, көңілім», «Шәріпке», «Абыралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» өлеңдері 1870-80 жж. аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығ-сы — «Қансонарда» 1882 ж. жазылған. Бірақ, жасы қырыққа келген соң ғана көркем әдебиетке қатты ден қойып, көзқарасы қалыптасып, сөз өнерінің адам санасына тигізетін ықпалын түсінеді. Шығ-лары үш бағытта өрбиді: а) өз жанынан шығарған төл өлеңдері; ә) ғақлия (Қара сөздер) деп аталатын прозасы; б) өзге тілдерден, негізінен орысшадан аударған өлеңдері. А. өлеңдері түгел дерлік лирикадан тұрады, эпикалық жанрға көп бармаған. Өлеңдерінде табиғат құбылысын, адамдар портретін жасаудың, іс-әрекетін, мінез-құлқын, ерекше қасиеттерін көрсетудің, бейнелі суреттермен көрсетудің хас шебері. Шығ-лары қазақ топырағында туған, дала жұртының ұлттық болмысын сипаттайтын ерек туындылар екені саналы оқырманға бірден аңғарылады. Шығ. халықтарының әдеб-імен, ислам әлемімен етене танысу арқылы шеберлігін шегіне дейін шыңдайды. Шығ. хикаялары негізінде «Масғұт» және «Ескендір» деген шығ-лар жазады. Ислам дініне сенімі мен діни көзқарасы жайлы филос-лық ойларын да өлең арқылы білдіреді. А. дүниетанымы XIX ғ-дың екінші жартысындағы қазақ халқының экон-сы мен ой-пікірінің даму жағдайында қалыптасты. Еуропаның төңкерісшіл демократтарының шығ-ларымен танысып, өз дәуіріндегі озық ой-пікірлерді сараптап, оқырмандарына қазақ қоғамы үшін ең маңызды мәселелерді түсіндіруге ұмтылды. Кез келген халықтың тарих сахнасына шығуы – жүйеге бейімделген біртектес өмір салттың ғана нәтижесі емес, сонымен бірге, ұлтқа тән қасиет деп саналатын арман-аңсар (идеал) біртұтастығының көрінісі. А. сынының таразысына түскен еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты олқылықтар қазақтың кейбір өкілдерінің бойында кездескенімен, ол туа біткен, сүйекке сүтпен сіңген кемшілік емес, А. өмір сүрген қоғамдағы саяси-әлеуметтік қатынастардың нәтижесі. А. данышпандығы сонда, қандастарының бойынан көрген «кемшіліктерді» ұлттың міні деп емес, аяр қоғамдағы саяси-әлеум. қатынастардың жемісі ретінде көріп, қарастыруы. А. көркемдік, әлеум., гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. Қара сөздер (Ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, филос-дағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін, классикалық стильде жазылған прозалық шығ. Жалпы саны қырық бес қара сөз тақырыбы жағынан әр алуан. Алты-жетеуі қысқа болса, кейбіреуі мазмұн, тақырып жағынан ауқымды. А. қара сөздерінде шығ-ның тереңдігіне, логикалық мәніне зор салған. Көркемдік шеберлік пен ғыл. зерделік арқылы көркемдік сана мен филос-лық сананы ұштастырады. А.

қара сөздеріндегі гуманистік, ағартушылық, әлеуметтік ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, қазақ халқының біртұтас филос-лық тұжырымдамасын құрайды. А. қара сөздері – жалпы адамзат баласына ортақ асыл қазына. Қара сөздердің бірнешеуі алғаш рет 1918 ж. Семейдегі «Абай» журналында жарық көрді. Кейіннен, орыс, қытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. А. тілінің негізі қазақтың жалпы халықтық сөйлеу тілі мен ауызша әдеби тілі болғандықтан, оның лексика-фразеолия қазынасы тегі жағынан, негізінен, қазақтың төл сөздерінен және өте көп мөлшерде араб-парсы және орыс сөздері қабатынан құралады. Өз тұсындағы қазақ қоғамының саяси-әлеуметтік, мәд.-экон-лық жағдайына орай ұлттық тіл лексикасында болған өзгеріс-жаңалықтарды А. тілі айқын көрсетеді. Кейбір атаулар ескіріп, қолданыстан шыға бастаса, А. ондай сөздерді көбінесе көнені суреттеуге немесе образ үшін пайдаланады. Ол өмірге енген жаңа атауларды жатсынбай қабылдап, оларға қоса, өзі де жаңаларын жасайды. А. шығ-ларының тақырыбына орай төл лексиканың ішінен этнографизмдерді де (шілдехана, үш тоғыз, қынаменде, ақшомшы, ықтырма, күзеу, т.б.), көне киім-кешек, сауыт-сайман, құрал-жабдық атауларын да (дәндәку, жарғақ шалбар, пыстан, шақпақ, шөншік, дулыға, шарайна, т.б.) пайдаланады. Аудармашы ретінде А-ға екі қасиет тән: талғампаздық пен ой тереңдігі. А. таңдап аударған һәм автормен бәсекеге түскен. А. аудармалары, шын мәнінде, ой жарыстыру. А. аудармаларын оның ой кеңістігінің өрісі деп қабылдау керек. Орыс тілін еркін меңгерген соң таңдап, талғап, екі ақынды таңдап аударған: А.Пушкин және М.Лермонтов. Сөйтіп, ғажап аударма жасаған. А. музыка саласында да өшпес мұра қалдырды. Оның әндерінің өзгешелігі – мелодиялық, ырғақтық жаңалықтарында, идеялық мазмұнының ашықтығында. Бұл әндер халық әндерімен тамырласып жатқандықтан, ауыздан ауызға тарап, бұқараның игілігіне айналды. Бұған ән мәтіндерінің жаңа мазмұнда, өткір тілмен жазылуы да әсер етті. Абайтану Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы зерттеулерінен басталды деуге негіз бар. А. Байтұрсынұлы 1913 ж. «Қазақ» газетіндегі «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында «Одан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» – деп, ақынды аса жоғары бағалады. А. шығармаларын жинап, баспадан шығару ісі ақын қайтыс болған соң ұзамай-ақ қолға алынған. Ең алғашқы жинағы 1909 ж. інісі Кәкітайдың еңбегімен Қазанда жарық көрді. А. өлеңдерін жинап, бастыруға игі ықпалын тигізген ақын Көкбай Жанатайұлы (1864-1927). Кітап ұлт көсемі Әлихан Бөкейханұлының редакциясымен басылды. А. өлеңді бала кезінен жазады. Бірақ, ақын ретінде 1880 жж орта кезінен танылды. Бұл кезде ол өз атынан «Жаз» («Жаздыкүн шілде болғанда...») деген өлеңін жариялаған болатын. Ақынды қатты алаңдатқан жағдайлар қазақтардың жаппай кедейленіп, қайыршылық халге түсе бастауы, патша үкіметі шенеуніктерінің шектен шыққан озбырлығы, жергілікті болыстардың парақорлығы мен қанағатсыз пайдакүнемдігі еді. Ол өлеңдерінде туыстарына көмек қолын созбайтын сараң байларды өлтіре шенеді. А. қазақ қоғамын ерінбей еңбек етуге шақырды. Замандастарының бойындағы жалқаулықты, қызғаншақтықты, көрсеқызарлықты, алауыздықты, надандықты жеріне жеткізе сынады. А. өз өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ қоғамы өмірінің барлық қырын ашып көрсетті. А. отандық тарихымыз бен әдебиетімізде ең мәртебелі орын алады. А. қазақтың ұлттық жазба әдебиетінің негізін қалады. Оның есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гётелермен қатар тұрады. Ақынның асыл мұрасы тек бір халықтың ғана емес, бүкіл адамзаттың рухани қазынасы саналады. Қазақстанда ұлы А. есімі көптеген елді мекендер мен көшелерге, Алматы Ұлттық ун-іне, Алматы қ-сындағы Мемл. академиялық опера және балет театрына берілген. Ұлы ақын құрметіне Қазақстан мен шетелдерде ескерткіштер орнатылған. Еліміздің ЖОО-дарында Абай шығ-шылығына арналған халықар. және респ. ғыл. конференциялар жыл сайын өткізіліп тұрады. Ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойын 1995 ж. дүниежүзі ЮНЕСКО көлемінде атап өтті.

«АБАЙ» – журнал. 1918 ж-дың ақпан – қазан айлары аралығында Семей қ-да алғашқыда «Жанар» ұйымы, кейін «Уақ қарыз серіктестігі» шығарып тұрған ғыл.-әдеби және шар-лық басылым. Небәрі 12 саны жарық көрді. Редакторы – Ж.Аймауытов. Журналдың №1 санындағы бас мақаласында ол Абайдың «Лай суға май бітпес қой өткенге» деген өлеңінің

бір шумағын эпиграф етіп алып, ақын ғұмыр кешкен дәуірді «Сөз сыбырға, іс жыбырға айналды, береке кетіп, азды, тозды, сол кезде қалың надан, қара тұманды қақ жарып, тас жарып шыққан бұлақтай жарқ етіп Абай туды», «Қазақтың әдебиетіне жан берген, сөздің сыртын сырлап, ішін түрлеген, өлеңінен өрнек шығарған, ақындық, сыншылдық бірдей дарыған Абай еді», – деп, ақынның ұлттық әдебиет тарихындағы еңбегіне ерекше баға берді. Ж.Аймауытов: «осы сықылды кемеңгердің атына арнап журналымыздың атын «Абай» қойдық. Мақсат – «журналымыз Абайдай болсыншы» дегендік ғана емес, Абайды құрметтеп, атын тарихта қалдыру», – деп, редакцияның ұстанған мұратын айқындады. «А» ж-ы Абайдың ұлағатты сөздері мен ақынға арналған шығ-ды ұдайы жариялап тұрды. Мұнда Мадиярдың (М.Дулатов) «Алашқа», Екеудің (Ж.Аймауытов пен М.Әуезов) «Абайдан соңғы ақындар», Жас түріктің (Ж.Аймауытов) «Қайтсек адам боламыз?», Мағжанның (М.Жұмабаев) «Күздігүні», т.б. өлең, мақалаларын басты. Отаншылдық, ел мен жер тарихына қатысты мәселелер көтерді. «А» ж-да Мұстақым Малдыбаевтың шығ-ы да жарық көріп тұрды.

АБАЙ АТЫНДАҒЫ СОВХОЗ – бұрынғы Қу (одан кейін Егіндібұлақ, Қазыбек би) ауд. құрамында болған, әкімш. бөліністің солт.-шығ-да орналасқан шар. Қазақстандағы тың жерлерді игеруге байланысты 1954 ж. Қазақстанның 30 ж-дығы атынд. к/здың негізінде құрылып, а. шар. ұжымдарын оңтайластыру деген себеппен 1993 ж. таратылды. Жерінің жалпы аумағы 24,9 мың га болса, оның тең жартысын дәнді дақыл алқабы алып жатты. С/з астық өндірумен қатар етті мал және жылқы өсіруге маманданды. 1987 ж. с/зда 32282 қой (24600 саулық), 1255 жылқы (385 бие), 717 бас ірі қара (290 сиыр), маш.-трактор паркінде 133 трактор, 70 комбайн, 41 жүк автомоб. болды. Осы ж. с/з 4284 мың сомның (рубль) өнімін алды. Шар-ты әр ж-дары Н.К.Котов, ...М.Қонысбеков, С.Мұқанов сияқты азаматтар, агроөнеркәсіп саласының тамаша ұйымдастырушылары басқарды.

АБАЙ АУЫЛ ОКРУГІ – 1997 ж. дейін бұрынғы Қу (одан кейін Егіндібұлақ, Қазыбек би) ауд. құрамында болып, ол таратылған соң Қарқаралы ауд-на берілген жергілікті әкімшілік бөлініс. Орт-ғы Айнабұлақ а-лы Егіндібұлақ а-ның шығ. 55 км жерде орналасқан. Халқының саны – 1,2 мың (2005). Жерінің жалпы көлемі 24,9 мың га. Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты іргетасы 1954 ж. қаланған. 1993 ж. дейін Абай атынд. астық с/зының орталығы болды. Шар. етті мал мен жылқы өсіруге және астық өндіруге маманданды. Абайдың туғанына 140 ж. толу құрметіне орай мұнда 1985 ж. ақынға ескерткіш қойылды. А. округ жерінде марганец, көмір қазба байлықтары бар. А. а-нан 21 км жерде «Абай» кен руднигі жұмыс жасайды. А. округі елді мекендерінде (Тоқай, Мыржық, Бетқұдық, Айнабұлақ) шар. қожалықтары, коммун. мемл. кәсіпорын жұмыс істейді. А-та мектеп, отбасылық амбулатория, мәд. үйі, кітапхана, пошта байланыс торабы бар. А. басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы қатысады.

АБАЙ ЕСКЕРТКІШІ – Ұлы ақынның Айнабұлақ а. округі орталығындағы мүсіні.

АБАЙДІЛДИН Рахман (25.02.1943, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – дәрігер, жоғ. санатты невропатолог, еңб. ардагері. 1957 ж. Егіндібұлақ а. ОМ, 1966 ж. Қарағанды мемл. мед. институының емдеу ф-ін бітіріп, 1966-76 жж Егіндібұлақ ауд., Арқалық уч-лік ауруханасында бас дәрігер болып еңб. жолын бастады. 1976-99 жж «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің «Медсанчасть» ауруханасында, 1999-2015 жж «Қазақмыс» КЛМЗ емханасында дәрігер-невропатолог қызм. атқарды. Денсаулық сақтау саласындағы ұзақ ж-ғы табысты еңб. үшін көптеген мемл. марапаттарға ие болған.

АБДЫРА – үй жиһазы, тақтайдан қиюластырып жасап, алдыңғы бетін өрнектеп, сырлап, бет қақпағын және қиюласқан жіктері мен бұрыштарын қаңылтырмен қаптаған сандықтың үлкен түрі. Атауы көне түркінің «абыд» (жасыру) деген сөзінен шыққан. Орт. Азия халықтары тұрмыста кеңінен пайдаланады. Қозғауға ыңғайлы болу үшін А-ның екі бүйіріне қос-өостан төрт тұтқа орнатып, қақпағына құлып салынады. Көші-қон кезінде ыдыс-аяқ, т.б. заттар салуға, бағылы бұйымдарды сақтауға қолайлы.

АБЗАЛБЕКОВ Балташ (1.04.1945, Қарқаралы ауд., Көктас а.) – инженер. 15 жасында әкесі қайтыс болып, еңб. жолын 1960 ж. «Арқалық» с/зының МТШ-нда токарь-жонушы кәсібінен

бастады. Жұмыс істей жүріп Мичурин с/з.-техн-ын тәмамдаған (1975) А. жаңа ашылған «Айрық» с/зына автогараж меңг. қызм. жіберілді. 1976 ж. шар-тың бас инж-і лауазымына тағайындалып, 1983-89 жж Едірей бөл-сін басқарды. Одан соң, қайтадан с/з тарағанша бас инж. қызм. атқарды. Бірнеше мәрте а-дық және бір рет ауд. кеңеске депутат болып сайланды. Қаздауысты Қазыбектің Қазымбетінен тарайтын ұрпағы және ұлы бидің өзге ұрпақтары жайлы деректер беруші.

АБЗАЛИЕВ Баянды (3.11.1935, Қу ауд. – 1997, Қарағанды қ.) – дәрігер, мед. ғыл. кандидаты (1973). 1958 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын бітірді. Еңб. жолын Қарағанды металлургия комб-ының мед.-сан. бөлімінде дәрігер-хирургтен бастады. 1960-64 жж – обл. клиникалық аурухана дәрігері. 1964-72 жж Қарағанды мемл. мед. ин-ының жалпы хирургия кафед-сында ассистент болып, «Шахтер саусақтарының жарақатануы, сынуы және оларды емдеу жолдары» тақырыбына ғыл. еңб. қорғады. 1972-74 жж денсаулық сақтау обл. бөл-нің бас хирургі, 1974-80 жж денсаулық сақтау обл. бөл. меңг-нің ор-ы, 1980 ж-дан өмірінің соңына дейін Қарағанды мемл. мед. ин-ы жалпы хирургия кафед-сының доценті, педиатрия ф-нің деканы қызм. атқарды. Ол көптеген талантты маман даярлады, ғыл. жаңалықтар ашып, мақалалар, монография жариялады.

АБЗАЛИЕВ Қуат Баяндыұлы (23.05.1961, Қарағанды қ./ Қу өңірінің тумасы) – жоғары санатты дәрігер, медицина ғылымдарының докторы (2005), әскерлік әкімшілік магистрі (2013), тәуелсіз эксперт, ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі (2010). 1984 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ының емдеу ф-ін, 2004 ж. А.Н.Сызғанов атынд. ұлттық ғылыми хирургиялық орталықтың докторантурасын, 2009 ж. халықар. бизнес акад-сын бітірді. Литва, Ресей, Италия, Қырғызстан, Польша, Белоруссия елдерінде мамандандыру курстарында оқып, француз, америка кардиохирургтерімен бірігіп іс-тәжірибе жасады, кардиологтардың Мюнхен (Германия), Барселона (Испания, 2 мәрте), Пекин (Қытай), Стокгольм (Швеция), Париж (Франция), Вена (Аустрия) қ-ларында өткен халықар. және дүниежүзілік конгрестеріне қатысты. Қырғызстан (Бішкек) және Ресей (Мәскеу) дәрігерлерімен бірігіп ота жасау тәжірибесінен өтті. Еңб. жолын 1984 ж. жедел көмек көрсету қызм-нің дәрігері, 1985-94 жж А.Н.Сызғанов атынд. ұлттық ғыл. орталықтың кіші, 1995-2001 жж жетекші ғыл. қызметкері, 2001-04 жж докторанты бола жүріп, 2002 ж. кардиохирургия бөл. меңг-нің міндетін атқарды. 2005 ж. бастап аталған орталықта жетекші ғыл. қызметкер, 2011 ж-дан туа біткен жүрек талмасы бөл-нің меңг-сі, 2012 ж-дан дир-дың стратегиялық және коммерциялық даму жөніндегі ор-ы, 2014 ж-дан Қазақстан үздіксіз білім беру мед. ун-нің жүрек-қан тамырлары және эндоваскулярлы хирургия кафед-ның меңгерушісі. А. «Алтын дәрігер» төсбелгісімен марапатталып (2009), Алматы қ-ның Үздік денсаулық сақтау тәуелсіз эксперті болып танылды (2016).

АБЫЛАЙ Уәлибақыұлы, Қанішер Абылай (т.-ө.ж.б.) – 17- ғ-дың бас кезінде Сауран мен Түркістанды билеген сұлтан, Салқам Жәңгір ханның немересі. Үргеніште туған. Әйгілі Абылай ханның атасы. Қазақ хандығындағы саяси жағдайды барлап, экон. байланыс орнату үшін Ресей империясы 1616 ж. Тобылдың воеводасы И.С.Куракинге А-мен келіссөз жүргізуді міндеттеген. Сібірдегі орыс шебіне шабуыл жасаған қалмақтарға қарсы соғыс одағын құру үшін А-ға ұсыныс жасалады. Есесіне қазақтардың орыс қалаларымен сауда-саттық жасауына еркіндік берілетіні айтылады. Ресей тура осындай келіссөзді қалмақтармен де астыртын жүргізіп, арандату ниетін ұстанады. Жоғарыдағы себептермен және Бұхарлық Имамқұлының 1612 жылы Түркістанға жасаған тонаушылық соғысы салдарынан орыстардың А-мен қарым-қатынас орнату әрекеті сөз жүзінде қалады.

АБЫЛАЙ, Әбілмансұр (1713 – 1781, Арыс ө-нің жағасы) – қазақтың үш жүзінің басын қосқан ұлы хан, мемл. қайраткері, талантты қолбасшы және дипломат-саясаткер. Қазақ хандығының негізін салған Әз-Жәнібек хан, одан Жәдік сұлтан, Шығай хан, еңсегей бойлы ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан ұрпағы. Жәңгір ханның Уәлибақы, Тәуке деген екі ұлы болады. Жәңгір қайтыс болып, таққа Тәуке отырғанда Уәлибақы өкпелеп, Үргеніштегі нағашысы Қайып ханның қолына барады. Уәлибақының баласы Абылай жекпе-жекке шыққанда жауын шақ келмей, Қанішер Абылай атаныпты. Осы Абылайдан көркем Уәли туады. Оның баласы Әбілмансұр (кейінгі Абылай хан) «ақтабан шұбырынды» кезінде жетім қалып, үйсін Төле биге келіп, «Сабалақ» деген атпен түйе бағады. Кейін шөбере ағасы Әбілмәмбет сұлтанның жылқысын бағады. Ш.Уәлиханов бұл кезде А.13 жасар

жеткіншек екенін айтады. Төле бидің тәрбиесі А-ға үлкен ықпал жасайды. Дала даналығын бойына жинаған би ақыл-парасатын, ел басқару қабілетін, қазақ біріксе ғана жауға тойтарыс беретінін жеткіншектің санасына құяды. Бала кезінен тұрмыс ауртпашылығын көруі, халықтың кіріптарлық жағдайы А-дың ел өміріне ерте араласуына ықпал етеді. Бұқар, Үмбетей жыраулардың, ауыз әдебиетінің басқа да өкілдерінің мәліметтеріне қарағанда, А. жиырма жасында қан майданда ерлігімен танылған. Бұқар А-ға «Сен жиырма жасқа жеткен соң, Алтын тұғыр үстінде Ақ сұңқар құстай түледің» дейді. 1730-33 жж. аралығындағы бір шайқаста бұрын белгісіз жас жігіт жекпе-жекке шығып, қалмақтың бас батыры, қоңтайшы Қалдан Сереннің жақын туысы Шарышты өлтіреді. Үлкен әкесінің аруағын шақырып, жауға "Абылайлап" ат қойған Әбілмансұр жеңістен соң Орта жүздің сұлтаны деп танылып, қазақ даласындағы ең беделді әміршілердің біріне айналады. Бұдан соңғы жерде Әбілмансұр есімі ұмытылып, А. атанады. Тарихи деректер Сабалақ әуелде Бөгенбай жасақтарының құрамында жорықтарға қатысқанын айтады. Орта жүз жасақтары мен жоңғарлар арасында 1730-1731 жж. бірнеше үлкен ұрыс болды. 1732 ж. жоңғардың 7 мыңнан астам әскері Орта жүздің шығыс шетіндегі ауылдарға шабуыл жасап, тегеурінді тойтарысқа тап болады. А-дың жиырма жасында, 1733 ж. қазақ пен қалмақ арасында үлкен майдан өткені қытай деректерінде көрсетілген. А-дың әскери қайраткерлігі, қолбасылық қабілеті 1730-40 жж. шайқастарда ерекше көрінді. Кескілескен соғыстардың бірін Бұқар жырау «Қалданменен ұрысып, Жеті күндей сүрісіп...» деп суреттейді. Осы ұрысқа А-дың қанды көйлек серіктері: Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Қарақалпақ Қылышбек, Шапырашты Наурызбай, т.б. белгілі батырлар қатысады. Бұл – А. жауға қарсы күресте қазақтың басын біріктіре білгендігінің дәлелі. Ұлыс билігі біртіндеп әз Тәукенің немересі Әбілмәмбет ханнан А-ға ауысады. А-дың ерлігі мен ақыл-парасатын мойындаған Әбілмәмбет құрметті аға болып қалып, хан тағын інісіне береді. XVIII ғасырдың 30-жж. соңындағы құжаттарда А. есімі Әбілмәмбет ханмен қатар аталады. А.И.Левшин: «... Абылай өз заманындағы қырғыз (қазақ) билеушілерімен салыстырғанда жасымен, айлакерлігімен, тәжірибелілігімен, ақылдылығымен, өз қарамағындағы халықтың көптігімен басым болды. Ресей императрицасымен және Қытай боғдыханымен қарым-қатынасында тәуелсіздігін көрсетті...», – деп жазды. А. хан ақылды да айлалы билеуші болғанын Ш.Уәлиханов та мойындайды. 1738-41 жж А. бастаған қазақтар жоңғар басқыншыларына бірнеше мәрте соққы берді. 1742 ж. А. жау тұтқынына түседі. Басқыншылармен күрес ұйымдастырушы сұлтанның жау қолында кетуі қазақ қоғамында абыржушылық туғызып, А-ды босатып алу үлкен саяси мәселеге айналады. Қазақтың үш жүзінен 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 ж. 5 қыркүйекте А-ды тұтқыннан шығарып алады. Бұл жөнінде Неплюев сыртқы істер коллегиясына жазған хатында қазақтар мен қалмақтар бітімге келіп, бірігіп кете ме деген қауіп білдірген. 1744 ж. Әбілмәмбет Арқадан Түркістанға көшіп кеткен соң А. билігі күшейе түсті. А. көреген саяси қайраткер болғандықтан, қалмақтарға қарсы аса ауыр соғыстарда қалжыраған елінің есін жиғызу үшін дипломатиялық жолдарды тиімді пайдаланды. 1740 ж. тамызда ол Орта жүз ханы Әбілмәмбетпен және 120 старшынмен Орынборға келіп, орыс өкіметінің «қамқорлығына» кіруге келісім береді. Қазақтың тұтастығын сақтау мақсатында Шың империясымен де қарым-қатынас орнатты. Петербург пен Пекинге елшілер аттандырды. Ол Ресей мен Қытай империяларының өзара қайшылықтарын Қазақ хандығы мүддесіне тиімді пайдаланды. 1745 ж. Қалдан Серен дүние салғаннан кейін, Жоңғарияның билеуші топтары тақ таласынан әлсіреп, әскери қуатынан айрылғанын пайдаланып, жоңғар-қытай соғысының нәтижесін Шығ. Түркістанмен іргелес өңірдегі, уақытша ойрат билігінде қалған қазақ жерлерін қайтаруға, ел дербестігін толық қалпына келтіруге А. барынша күш салды. А. қазақ елінің тәуелсіздігіне зиян тигізетін жағдаяттармен аянбай күресіп, дербес сыртқы саясат ұстанды. 1745 ж. Орта жүзде Әбілмәмбет хан, А., Барақ сұлтандар қатар аталса, 3-4 ж-дан кейін жағдай мүлдем өзгерді. 1749 ж. тамызда Неплюевпен кездескен Жәнібек тархан: «бұрын Орта жүзде Әбілмәмбет хан болған, бірақ ол біраздан бері Ташкентте тұрып жатыр, ел басқарудан қалған. Барақ сұлтан зұлымдық ісі үшін қашып жүр. Онда жалғыз Абылай сұлтан ғана билік жүргізіп отыр»,- дейді. Деректерде А-дың шетел

басқыншыларына қарсы табанды соғыс жүргізгені айқын көрсетіледі. А. бастаған қазақ әскері 1752 ж. 15-20 мыңдық ойраттың шабуылына тойтарыс берді. Келесі ж. желтоқсанда ол 5 мың жауынгермен жоңғар әскерлеріне қарсы шайқасып, бірталай қазақ жерін азат етті. 1754 ж. сәуірде А. бастаған 1700 қазақ Қаратал өз. бойында 10 мың қалмақпен соғысып, сол ж-дың жазында 4 мың әскермен Жоңғарияға жорық жасап, 3000 қалмақты тұтқынға алып келген. 1756 ж. А. бастаған қазақтар қытай мен қалмақтың біріккен күшімен екі рет шайқасып, оның бірінде жеңіліп, екіншісінде жеңіске жетеді. 1757 ж. А-дың 6 мың әскері Қытайдың 40 мың әскерімен шайқасынан соң, қытайлар А-дан бітім сұрады. 1753-54 жж. шайқастарға Қабанбай, Бөгенбай, Жанатай, Керей Жәнібек, Өтеген батырлар үзіліссіз қатысады. А. бірде Қалдан Серенмен бітімге келсе, бірде Дабашыны шауып, бірде оны және Әмірсананы паналатты. Сөйтіп, Ойрат ұлысының бөлшектене беруін көздеді. Тегеурінді әскери қимылмен қатар жүргізілген диплом-лық әрекеттері А-ды өз заманының ұлы қайраткері деңгейіне көтерді. А. әскері 1771 ж. қалмақтармен Мойынты өз. бойындағы ауыр шайқаста жаңа жеңіске жетті. Саяси ахуал тұрақталған шақта А. қазақ жерінің бүтіндігіне қол сұққан өзгелермен де күрес жүргізді. 1754-55 және 1764 жж. қырғыздар Жетісудағы біраз ауылды шауып, Жауғаш, Көкжал Барақ, Шынқожа батырлар бастаған әскерлерді Ақсу, Көксу және Шу бойында талқандайды. Осы себепті А. 1755, 1765 жж. Қырғыз ұлысына жорық жасап, Іленің сол жағасын, Шу бойын тазартады, қазақ пен қырғыздың Нарынқолдан Қордайға тартылған, күні бүгінге дейін сақталып отырған шекарасын анықтайды. А. өмірінің соңғы 15 ж-ында Орта Азия хандықтарына қарсы күрес жүргізді. 1765-67 жж. Қоқан билеушісі Ерденбекпен соғысып, Түркістан, Сайрам, Шымкент қ-ларын қазақ иелігіне қайтарды. Ташкент алым төлеп тұрды. Қазақ халқының жоңғар шапқыншылығына қарсы екі жүз жылдық азаттық соғысының соңғысы «Шаңды жорық» деген атпен белгілі. 1771 ж. Еділ қалмақтары (170-180 мың адам; 40 мыңдай әскері бар) қазақ жері арқылы Жоңғарияға үдере көшті. Кіші жүздің ханы Нұралы Жем бойында қалмақтарға соққы берді. Балқашқа жақындаған кезде А. бастаған қазақтың қалың қолы қалмақтарды қоршауға алды. Осы кезде қалмақ басшылары Ұбашы мен Серен бітімге келуді, бүкіл ел-жұртымен бодандыққа қабылдауды сұрап, елші жібереді. Кіріптар ұсынысты талқылау үшін шақырылған әскери кеңесте А. тағы да көрегендік танытып, жеңілген жауды қырып–жоюдың қажеті жоқ екендігін дәлелдеуге тырысады. Еділден ауған қалмақпен келіссөзге келіп, тым құрыса олардың Жоңғарға еркін өтіп кетуіне мүмкіндік беру жөніндегі А. ойының аржағында шығ-тағы қауіпті көршімен болашақтағы қарым-қатынасты ойлау жатқан-ды. Жоңғардан азат етілген жерлерге қазақ ауылдарын апарып түпкілікті қоныстандыру да А. саясатының тереңдігін, кемеңгерлігін көрсетеді. Оның әрбір іс-әрекеті қазақ халқының бүтіндігін, елі мен жерінің тұтастығын сақтауға бағытталды. Барақ сұлтан Әбілқайыр ханды өлтіргенде де А. ел билігін ойлап, бұзық сұлтанды жазаға тартуды қолдады. А. соғыс жағдайында билігіндегі елге, әсіресе, әскер ішінде қатаң тәртіп орнатты. Сондықтан, хан бастаған жауынгерлердің рухы жоғары, ұзақ жорықтарға шыдамды, шайқас даласында тегеуріні қатты болды. А. сан жағынан әлдеқайда басым жаумен шайқасудан тайынбаған және көбіне үстем шығып отырған. А. қазақ хандығының күшін біріктіріп, әскери қуатты мемл-ке айналдырды. Әбілмәмбет хан 1771 ж. дүние салды. Кейінгі дәстүрге сай Орта жүздің тағына Әбілмәмбеттің бір інісі, не үлкен ұлы Әбілпейіз отыруға тиіс еді. Алайда, сұлтандар мен билердің, Әбілпейіздің өз қалауымен үш жүздің игі жақсылары Түркістанда А-ды хан көтерді. А. іс жүзінде Орта жүздің ғана емес, бүкіл Қазақ ордасының ұлы ханы болды. А. Ресей мен Қытай империялары арасында орналасқан Қазақ елінің геосаяси жағдайына икемделген саясат жүргізді. Қытай әскерлері жоңғарларды жойып, Орта Азия мен Қазақстанға ене бастағанда мұсылман елдерін біріктіруге ұмтылып, Ауған шаһы Ахмад Дурранимен келіссөз жүргізді. Түркияға елшілік жіберуді ойластырады. Қытаймен қатынас жақсара бастағанда орыс бодандығынан бойын тартып, патша әкімшілігінің шақыруына барудан, хандық белгілерді қабылдаудан бас тартты. Пугачев бүліншілігі кезінде 3 мың әскерімен «Қасірет белдеуі» бойындағы орыс бекіністеріне шабуыл жасады. Өмір жолын ат үстінде, жорықтарда өткізген А. хан 1781 ж. Арыс өз. жағасында қайтыс болды.

Сүйегі Түркістан қ-сына жеткізіліп, Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне, Қабірхана мен Ақсарай арасындағы дәлізге жерленген. Шежіреші Мәшүр-Жүсіп Көпейұлы «Абылай ханның түсі және өлімі» деген жазбасында: «...өзіне-өзі әбден келді, кемеліне толды:

– Енді Үргеніш, Бұқара, Қоқан, Ташкен жағындағы қазақты сартқа билетіп қоймаймын! – деп, үш жүздің баласына жар шақыртып, қосын жинап аттанып, Түркістанға барып түсіп, оған өзінің бел баласы Сыздық сұлтанды отырғызды...

Шымкент, Сайрам барып, оған Әбдірахман деген сартты ие қылды. Ташкент барып, оған Мырзахмет деген сартты ие қылды...

Абылай хан Самарқанға елші жіберді:

– Ұрысым, соғысым жоқ. Әулиелерді зиарат қыла келдім. Басты-басты ақсақалдары қонаққа келсін! – деп.

Қоянның көзінен қорқып, жебедей жерге кіріп кететұғын сарт сорлы жаман қорқып отыр екен. Қосыны қазақ болған он үш патша жебір-жесір қылып, жаман талағаны өздерінің тарихында жазулы тұр екен. Қатын-қыздарын, тауық пен бөденелерін тауларға бостырып жіберген екен. Бірін-бірі сыйласып, қонақ болысып, Абылай хан сонда бір көккасқа айтып, сойдырып, басына қойдыратұғын тас қаздырды дейді. Абылайдың бағына шыққан тасты Самарқан жұрты:

– Бұл баяғы Әмір-Темірден соң ешкімге шықпаған тас! – десіпті.

Абылай хан батырларына рұқсат беріпті:

– Енді ұрыс-соғыс жоқ. «Ер игісі қос табар» – деген, амандарыңда ел табыңдар! – деп, өзі Ташкентке келіп, Мырзахметтің қызын алып, үш ай жатып қалыпты. Үш айдан соң Арқаға беталып шығып, Арыс бойына келген жерде баяғы: «Шымкент, Сайрамға ие бол! – деп, қолынан қойып кеткен Әбдірахманы Тұрбат сұлтан, Рабат, Қарабұлақ, Манкенттегі жалпақ табан, жалаң аяқ сарттарды жинап алып, қосын қылып:

– Арыстан өткізбеймін! – деп, алдын тосып тұр екен. ...Арыстың бойында, бір төбенің басында, қосшы-қолаңшы төленгіттері, Абылай қалшиып тұрды да қалды. Сонда қасындағы қариясы Бұқарекең айтқан екен:

Бірі – етек, бірі – жең болған,
Ежелден саған ел болған, –
Орта жүзден кісің жоқ.
Найзасының ұшы алтын, –
Кіші жүзден кісің жоқ!
Енді бұған қарап тұрғаннан
Басқа қылар ісің жоқ! – депті. Сонда хан батырларын тарқатып жібергеніне пұшайман болып, бармағын шайнап тастапты, құса болып жарылып кетіпті. Сол жерде бір қорғанға түсіріпті. Сол қорған күні бұл күнгеше «Хан қорғаны» аталып қалды деседі».

А-дың соңында 12 әйелінен 30 ұл, 40 қызы қалған екен. Қазақ халқының жадына А. қажырлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, дарынды дипломат ретінде сақталып келеді. Алаш баласына А. хан есімі азаттықтың асқақ ұранындай, тәуелсіздіктің мызғымас байрағындай әсер етеді.

«АБЫЛАЙДЫҢ САРЫАРҚАНЫ АЗАТ ЕТУІ», «Абылай ханның 40 батырымен Сарыарқаны қалмақ ханы Қалдан-Сереннен тартып алған уақиғасы» – жыр. Хатқа түсірген Жаяу Мұса Байжанұлы. 1940 ж. оның қолжазбасынан баласы Салық көшірген. Он бір буынды қара өлеңмен, араб қарпімен жазылған. Қолжазба ҚР ҰҒА ОҒҚ-ның қолжазба қорында сақтаулы. Жырдың қысқаша мазмұны: «Абылайды хан көтергеннен кейін ол Түркістанды билеп, Сыр бойын мекен етеді. Бұл – Сарыарқаны қалмақ ханы Қалдан-Сереннің алып қойған кезі еді. Енді сол жерді қайтармақ болып Абылай бастаған 40 батыр соғысқа даярланады. Қалмақтар мұны естіп, Ереймен тауына көшеді. Қалданның «соғыспай-ақ Сарыарқаны тастап кетейік» дегеніне баласы Шаршы батыр «соғыспай бермеймін» деп, өңшең батырларын жинап алып, бір тауда тосып жатады. Бұл жерге, ішінде атақты Олжабай батыр бар, 40 батырымен Абылай да келеді. Қалмақтардың «біз көппіз, сендер азсыңдар, жеңе алмайсыңдар» дегеніне, Абылай «қайсың барасыңдар?» деп сұрағанда, Олжабай өз

атын ұрандап жауға шабады, қырық батыр оған қосылады. Шаршы қорған салып, қалмақ әскеріне зор бекініс жасаған екен. Қырық батырдың тобында Сары Баян, Малайсары, Олжабай, Қазыбек, Қуандық, Қарашолақ, Ақмұрза, Бөгенбай, Жасыбай батырлар болады. Олжабай жекпе-жекке шығып, қалмақ батырын өлтіреді. Одан кейін Олжабай жау ортасында жаяу қалған Малайсарыны аман алып қалады. Қырық батыр Ереймен тауын жаудан босатады. Бұл соғысты кейде «Шүршіт қырылған» деп те атайды. Қырық батыр кейін Баянтауды да босатады. Қалмақтар қашқан асу соңынан «Жасыбай асуы» аталады. Қалмақтар да, қазақтар да бұл соғыста көп қырғынға ұшырайды. Соған орай, соғыс болған жердің атын «Қалмақ қырылған» атапты» деп жыр аяқталады.

АБЫЛАЙША (Абылайқос) – жаугершілік заманда әскери жорықтарда, үдере көшкенде пайдаланатын уақытша баспана, киіз үйдің оңай тігіліп, оңай жиналатын түрі. Құрылымы жағынан А. шаншыма қосқа қатты ұқсайды: уықтары жерге тіреліп, кішігірім шаңыраққа киізіледі; кереге жайылмайды, сыртқы түрі киіз үйге жақын – киіз жабыны түндік, үзік және есік, туырлығы жоқ. Шаңырақ тоғынындағы сырық өткізетін қаламдық тесігі қиғаш орналасқан. Уықтарында иін жоқ, түзу келеді. Шаңырақ көзіне кіретін ұштары сыптығыр, жерге шаншылатын төменгі жағы жуантық келеді. Шаншыма қостан айырмашылығы – уық қызметін атқаратын сырықтары біршама ұзын болғандықтан, еңсесі биік, шаңырақ шеңбері үлкен жасалғандықтан, көлемі де ауқымды болады. Байырғы көшпелілердің уақытша баспанасы Абылай хан тұсындағы жаугершілікте кең қолданыс тапқандықтан А. атауына ие болған. Жорық-жортуыл кездерінде әдетте мұндай үйлерде әдетте сардарлар – түменбасы, мыңбасы және жүзбасылар тұрған. Ұлт тағдыры сынға түскен заманда тарихи міндет атқарған – халық болашағы үшін қызыл қанын, ащы терін төккен ерлер баспана қылған А-ға қатысты дербес қағида қалыптасқан. Дала тұрғыны мен сахарада А. кездессе, «Абылай тіккен қара қос, Абылайдың қосын аттамайық» деп, арнайы бұрылып, онда тұрғандарға сәлем беріп, дәм ауыз тиіп, қоржынындағы жол азығынан сыбаға қалдырып кетуді дәстүрге енгізген. Қазақтардың отырықшылдыққа көшуіне байланысты XX ғ-дың ортасына қарай А-ның маңызы күрт азая бастады. Сөйтсе де, жайылымдағы мал ш-мен шұғылданатын қазақтар арасында А. ішінара сақталған.

АБЫРАЛЫ КӨТЕРІЛІСІ – қазіргі Шығ. Қазақстан обл. Абыралы өңірі тұрғындарының кеңестік биліктің күштеп ұжымдастыру, мемл-ке шектен тыс мал тапсыру саясатына қарсы бас көтеруі. БК (б)П ОК мен өлкелік к-нің, ҚазАСР-ы үкіметінің (1931 ж. қаңтар) шешімі бойынша, мемл-ке ет тапсырудың жылдық жоспарын сол ж-дың I тоқсанында орындау талап етілді. Жоспар бойынша Абыралы өңірінің тұрғындары (кейін олардың біразы Қарағанды обл., Қу ауд. аумағына көшті) 8745 т. (түзетілген тапсырма бойынша 3379 т.) ет өткізуге тиіс еді. Бірақ, халықтың қолындағы бар малды сыпырып алғанның өзінде бұл тапсырма орындалмайтын-ды. Өйткені, малдың көбі бұған дейін-ақ тартып алынған болатын. Соған қарамастан, жергілікті билік органдары науқанды орындауға белсене кірісті. Осы зорлыққа қарсы 1931 ж. 12 ақпанда өңірдегі барлық қазақтар қарсылық әрекетке көшті. Абыралының шығ. жағындағы 2, 3, 5, 7, 12 және 14-а-дардың Қосқан Бітебаев, Түскей Смағұлов, т.б. бастаған 700-дей тұрғыны ауд. орт. – Қайнарға шабуыл жасады. Ондағы қарулы отряд оқ жаудырып, тойтарыс берген соң, олар а-дарға тарап, ұсақ топтарға бөлініп, жаз ортасына дейін қарсылық әрекеттерін тоқтатқан жоқ. Маусым айында ОГПУ әскерлері күшімен олардың бәрі тұтқындалып, жауапқа тартылды. Абыралының солт., бат. жағындағы 4-6-шы а-дарда (қазіргі Қарағанды обл., Қарқаралы ауд. жері) Ысқақ Кемпірбаев бастаған 300-ден астам тұрғын тегеурінді қарсылық көрсетті, бір айға дейін берілмеді. Жергілікті коммунарлар отрядын (20 адам) қолға түсіріп, үкіметке зорлық-зомбылықты тоқтату жөнінде талап қойды, халықтан тартып алынған мал мен астықтың бір бөлігін қайтартқызды. Бірақ, ОГПУ-дың Қарқаралы мен Семейден келген тұрақты әскери бөлімдеріне төтеп бере алмай, жеңіліске ұшыраған көтерілісшілердің көбі қаза тапты. Ы.Кемпірбаев бастаған көтеріліс басшылары тұтқынға алынды. 1931 ж. күзде А. к-не қатысқан 500-ден артық шаруа жауапқа тартылды. Тек Ы.Кемпірбаев жасағында болғандардың өзінен 274 адам сотталып, 85 адам атылды.

АБЫРОЙ – қазақ ұғымында ар-ұят, бедел, құрмет, қадір-қасиет түсініктерінің жиынтық мағынасын білдіретін сөз. Кейде сәттілік, қолға алған істің көңілдегідей, ойдағыдай аяқталуы, тиімділік ұғымдарының баламасы ретінде қолданылады. Түп төркіні араб сөзі: *аб* – су, *руй* – жүз (бет). Сөзбе-сөз аударсақ, «беттің суы», яғни ар-ұят, қадір-қасиет деген түсінікке сай келеді. А. философияда моральдық ұғым, этикалық категория тұрғысынан қарастырылады. А. – адам бойындағы ең асыл құндылықтардың бірі, кісілік пен адамгершіліктің тірегі. Көшпелілер қоғамында А. қауымның ойлау қабілетіне, тарихи-мәдени қалыптасқан нормалар мен құндылықтарға, салт-дәстүрді, «ата жолын» қаншалық берік ұстанатынына байланысты. Тұлға мен тайпаның (рудың) абыройы (мәртебесі) сынға түсетін кездерде қауым өкілдерінің зиялылық пен парасаттылығы, дәстүрлі жөн-жоралғыны қаншалықты ұстанатыны ескеріледі. Ұзақ уақыт тірнектеп жинаған абырой қанша биік болғанымен, сын сағатта шалыс басқан жалғыз ғана әрекет оған кесірін тигізуі мүмкін. Қазақ үшін А-дай айрылудан асқан жаза жоқ. «Жаным – арымның садағасы» деген бабаларымыз толарсақтан қан кешкен сәттерде «О, Тәңірім, абыройымнан айыра көрме!» деп жалбарынған. Ақсақалдар беретін батасын «Абыройлы бол!» деген оймен түйіндейді. Ұлы би Қаздауысты Қазыбектің халық арасында құрметі артып, беделі биіктеуіне жоңғар қонтайшысының алдында қазақ жұртының абыройын асқақтатуы әсер еткені хақ. «А. атақ шығарады, даңққа бөлейді» деген халық даналығы осы пікірді бекіте түседі.

АВЕСТА - ежелгі Орта Азия мен Иранда, Әзірбайжан менАуғанстан аумағында тараған Заратуштра ілімі жазбаларының қасиетті жинағы. Онда көптеген Шығыс халықтарының тарихы мен мәдениетіне, діни сенімі мен әдебиетіне қатысты деректер бар. «Авеста тілі» деген атауға ие болған көне тілде 3-ға жазылған. Сасанилер заманында (3-7 ғ-лар) А. 21 кітапты құраған. Бүгінгі дәуірге соның ширегі ғана жетті. А екі нұсқадан тұрады: 1-сі әртүрлі дұғалар, 2-сі дін мен құқыққа, табиғат пен ғалам жаратылысы жайлы гимндер. Еуропалық ғалымдар А. Орта Азияда пайда болғанын мойындайды. Ағылшын зерттеушісі Мэри Боис: «Заратуштрашылықтың негізін қалаған Заратуштра – Азия даласы көшпелілерінен, ұлы Еділдің шығысын мекендеген тайпалардан шыққан» деп қорытынды жасайды. А-ға сақ, ғұн, қаңлы тайпалары қатысқанын В.В.Бартольд, А.О.Маковельский, А.Н.Бернштам, Ә.Х.Марғұлан да көрсетеді. Жәдігердің көп бөлігі жоғалған. Ғалымдар А-ның 1/7 бөлігін б. з-дың 3 ғ-да Аршақ әулеті жинақтаған деп болжайды. Мұра үш бөліктен тұрады: 1-сі – Яшт (алғашқы қауымдық қоғамдағы қарым-қатынас, көп құдайға табыну); 2-сі – Тат (Ахура Мазда құдай жайлы өнегелі әпсана); 3-сі – көп құдайға табынушылар мен бір құдайға сыйынатындар арасындағы күрес. Соңғы кезде біраз ғалымдар А-ны арийлердің Ведаларымен байланыстырады. Арийлер Орал тауынан қазіргі қазақ жеріне келіп, одан бүкіл жер бетіне тараған-мыс. А-ның барлық діндерге, адамзат өркениетіне зор әсері болды. Шығыс халықтарды жаңа жылды наурызда тойлайтыны осының айғағы. 1987 ж. Қостанай, Орынбор, Челябі облыстарының шекаралары түйіскен жерде табылған ежелгі Арқайым қ-сы Веда мәдениеті үлгісімен салынған екен. Заратуштраның (қазақ зерттеушілері Зердеш деп жүрген) отаны осы өңір, тағы біреулер Ұлытау маңы, ілімін елі қабылдамаған соң, оңтүстікке кетеді деп шамалайды. Парсы (Иран) патшасы Виштаспа жаңа ілімді мойындап, мемлекеттік дін етіп бекітеді. А. ілімінің толеранттық ерекшелігі өзге діндермен қатар дамуына мүмкіндік беріп, оның әлем халықтарының сеніміне әсері мың жарым жылға жалғасты. Арабтар 7-10 ғ-да Иран мен Орта Азияны жаулап алған соң А. кітаптарының көпшілігі жойылып, мәтіні ұмытылған. А. бүкіл ғалам біртұтас һәм белгілі бір заңдылықпен өмір сүреді, жаны бар тіршілік иесінің бәрі тең деген ойды алға тартады. Ұлы Абайдың: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген гуманистік принципі А. ілімімен үндесіп жатыр. А-ның кейбір гимндері ежелгі түркі эпостарымен сарындас. Ой, идея сарындары Оғызнама мен Қорқыт Ата кітаптарында, қазақ әдебиетінің ежелгі нұсқаларында ұшырасады. Ғалымдар Қожа Ахмет Иасауи, Хүтб Хорезми, Ахмед Жүгінеки, Асанқайғы, Бұқар, Базар жыраулар пікірлері А-мен үндесетінін айтады. А-да Отырар қ-ның бағзы дәуірдегі атауы Қанғы жайлы да сөз қозғалған.

Әдеб.: Струве В.В., Родина зороастризма, 1948; Дъяконов И.М., История Индии от древнейших времен до конца 4 века до н.э. М., 1956; Заратуштра. Кто он? А., 1997; Ницше Ф., Так говорил Заратуштра. А., 1991.

АВТОХТОНДЫ МӘДЕНИЕТ (гр. *autochton* – жергілікті) – белгілі бір аймақтағы ең байырғы халықтың төл мәдениеті, алғашқы пайда болған жерінен қоныс аудармай, мәдени біртектілікті сақтай алған этномәдениет. А. м. ұғымы Л.Н.Гумилевтің еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. А. м-тің негізгі қағидалары: а) этностар биосфераның бір бөлігі болып табылады; ә) адамдар ландшафтыға икемделе бірігеді; б) әрбір халықтың кеңістік тұтастығы, Отаны бар; в) адам дербес биоценозында басқаның емес, өз ата-бабаларының тәжірибесіне сүйеніп өмір сүреді. Ландшафтың өзгеруі ұлттық мәдениеттің өзгеруіне қатты әсер етеді. Зерттеушілер Еуразия құрлығын 4 А. м.-этно аймаққа бөліп қарастыруда. Олар: 1) муссондық Қиыр Шығ. – конфуцийшілдік-буддалық өркениет аймағы; 2) құрғақ Ұлы Дала – көшпелілер мәдениетінің кеңістігі; 3) субтропиктік Таяу Шығ. – ислам әлемі; 4) орманды Шығ. Еуропа – бат. христиандық дүние. Еуразияның далалық аймағын оның жазық және ұсақ шоқылы ландшафты мен құрғақ ауа райына бейімделген А. м. өкілдері – түріктер, моңғолдар, угро-финдер, тибеттіктер, т.б. мекендеген. Адамзат тарихында мүлдем оқшауланған, арғы тегін ешқандай сыртқы күштердің әсерінсіз, таза сақтап қалған мәд-тер өте сирек кездеседі. Тарихи-мәд. үдерістер барысында әртүрлі мәд-тердің тоғысуы, олардың қарым-қатынас аймағының ұлғайуы өркениеттің дамуын қамтамасыз етеді. Қазақтар Орт. Азияның А. м. өкілдері болғанымен, көп ғасырларға созылған ауыс-түйіс барысында көптеген сыртқы мәд. ықпалдарды бойына сіңірді.

АГРОНОМИЯ – а. ш-лық өнімдерін өндіруге бағытталған ғыл. кешен. Қазақ тіліне аударғандағы мағынасы – егіншілік ережесі. А. кәсіп ретінде ежелгі Қытай, Грекия, Қосөзен (қазіргі Ирак), Үнді, т.б. елдерде дамып, қалыптасты. Орт. Қазақстан өңіріндегі өз., көл, т.б. су көздері маңын мекендеген тұрғындар да байырғы дәуірден егін егіп, диқаншылық еңбекті кәсіп еткен. Заманауи ғылымда «Беғазы-Дәндібай мәдениеті» деген атауға ие болған, археол. қазба жұмыстары барысында табылған көне қоныстардан еңбек құралдары мен дәнді және мәдени дақылдар өнімдерінің қалдықтары көптеп табылуы осы тұжырымның айғағы. А. ғылымы XVIII ғ. бастап Еуропада жүйелі түрде дамып, өсімдік қорғау, оны қоректендіру, тұқым сапасын жақсарту, топырақ құнарын арттыру жетілдірілді. Бүгінгі таңда А-ның егіншілік, агрохимия, агрофизика, өсімдік зерттеу, сұрыптау, тұқым шаруашылығы, фитопаталогия, этномология, суландыру сияқты түрлері бар. Кейінгі тарихта 1826 ж. Қу тауының етегіндегі Келтебұлақта (қазіргі Егіндібұлақ) Кәрішал Тұрсынов есімді адам бидай егіп, бітік өнім алғаны айтылады. Кеңес өкіметі кезінде егіншілікпен айналысу а.шар-мен айналысатын кәсіпорындардың бәріне міндет болды. Өткен ғ. ортасында тың және тыңайған жерлерді игеру ұраны көтерілгенде ұлан-байтақ жайылымдық алқаптар жыртылып, аз уақытта құнарынан айрылды. Мұндай асыра сілтеу Қу – Балқантау өңіріне де орны толмас зардаптарын тигізді.

АҒАШ АЯҚ – екі аяққа таңып алып, жерден біршама биікке көтеріліп жүруге, билеуге болатын құрал – ұзын сырық, қада, бақан. А. а-ты қалаған мөлшерге сай ұзартуға және қыстартуға болады. А. а. ерте замандардан белгілі. Азия, Африка, Еуропа құрлықтарының кейбір елдерінде тұратын адамдар батпақты жерлерден А. а-тың көмегімен өтіп жүрген. Кейін ол ойын-сауық құралына айналды. XIX-XX ғ-ларда қазақ даласында жұмыс істеген Қоянды, Тайынша, Қарқара, т.б. жәрмеңкелерде А. а-пен билейтін атақты өнерпаздар жиі кездескен. Қазақтың той-думан, мереке, салтанаттарында А. а-пен жарысу, билеп ойын көрсету әлі де ұшырасып қалады.

АҒЗА (организм) – белгілі бір ортада өз бетімен тіршілік етуге бейімделген, тірі және тарихи қалыптасқан біртұтас жүйе. Сөздің түп төркіні эллада-рим мәд-мен бірге жасасып келеді – гр. *organon,* лат. *organizo – келісті түрге келтіру*. Өмір сүретін белокты денелердің тұқым қуалаушылық қасиетіне байланысты әрбір А-ға тән дербес құрылысы мен даму ерекшелігі бар. Осыған сай, А-ның жүйелері мен аппараттары былай жіктеледі: а) дене (сомалық); ә) ішкі ағзалар (висцералды); б) байланыстырғыш (интегралды). А-лар жүйелерінің құрылысы әртүрлі. Олар белгілі бір қызм. атқаратын мүшелерді құрайды. А-лар құрылысына байланысты төмендегідей болып түрленеді: а) қабатты (тері); ә) түтікше (ішкі мүшелер); б) паренхималы. А-ның құрылым бірліктері – жасушалар, ұлпалар (тіндер), мүшелер. А-лар бір

жасушалы және көп жасушалы болып бөлінеді. А-лардың шоғырлы (колониялы) түрлері де бар.

АҒЫБАЙ Қоңырбайұлы, Ақжолтай Ағыбай (1802, Сарыарқа – 1885, Балқаш к. бойы, Тайатқан-Шұнақ) – қазақ халқының тәуелсіздігі үшін майдан даласына шыққан әйгілі батыр, қолбасшы, Қазақ ордасының соңғы ханы Кенесарының Ресей отаршылдығына қарсы жүргізген күресін ұйымдастырушылардың бірі. А. жорықта жолы болғыштығы үшін «Ақжолтай батыр» атанған. Сарбаздары А-ды ұранға айналдырған. Ол 1824 ж. Ресей имп-ның Қарқаралы аймағындағы отарлық әрекеттеріне қарсы көтеріліске араласты. 1826-49 жж орыстар тұрғызған Қарқаралы, Ақтау, Қаröткел бекіністеріне шабуыл жасап, Ресей әскерлерін Ырғыз, Тобыл өз-дері бойындағы шайқастарда, Қызылжар, Көкшетау соғ-ында ойсырата жеңді. Ресейге сатылған қырғыз манабы Орманға қарсы ұрыстарда ерекше ерлік көрсетті. 1847 ж. Сыпатай батырдың сатқындығы салдарынан Кенесары хан қазаға ұшыраған Кекіліктаудағы қырғыздармен соғыста Наурызбай батырмен бірге жау шебін бұзып өтіп, Ресей басқыншылығына қарсылығын тоқтатпай, Сыздық Кенесарыұлының қолын бастап, ұрыс қимылдарын жүргізді. Көтеріліс әбден басып-жаншылғаннан кейін оған қатысушыларды орыс отаршылары жазалай бастағанда, Бат. Сібір генерал-губ-ы алдында беделді Алшынбай би А-ға араша түсіп, аман алып қалған. Кенесары ханның бас батыры А-дың өмірі мен ерліктері қазақ тарихшылары мен ақын-жазушыларының шығ-ларына арқау болды. XIX ғ-дың соңында «Ағыбай батыр» қиссасы шықты. А. Нысанбай жыраудың «Наурызбай – Қаншайым» жырының, І.Есенберлиннің «Қаһар» романының кейіпкері. Ә.Бөкейханов 1914 ж. Қазан қ-да «Қызыл қайнар Тектұрмас» кітабын шығарып, С.Сейфуллин «Ақжолтай батыр» атты роман жазған. 1992 ж. Айыртау-Сопыда А-дың туғанына 190 ж. толуына орай респ. дәрежеде үлкен той өтті. Ұрпақтары А-ға үлкен кесене тұрғызды. Кейін ол күрделі жөндеуден өтіп, басына құлпытас қойылды.

АҒЫС – ҚУ – кейбір нұсқалар бойынша, Балқантаудың байырғы атауы.

АДАМБЕКОВ Мейірхан Сәйдіұлы (16.06.1958., Қарқаралы ауд., Томар а.) – әнші (драмалық тенор), Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері (2000). Алматы эстрада-цирк студиясын (Ж.Елебеков класы бойынша әнші-ұстаз Ж.Кәрменовтен) және Қазақстан – Ресей ун-ін бітірген. Қ. Байжанов атынд. концерт бірлестігінде әнші, Тәттімбет атынд. өнер колледжінде дир-р. Ә.Қашаубаев атынд. респ-лық конкурстың лауреаты (1980). Қазақстанның өнер шеберлері қатарында Франция, Швеция, Аустрия, Болгария, Голландия, Хунгрия, Ресей елдерінде өнер көрсетті. А. халық композиторлары Сегіз сері мен Біржан сал, Ақан сері мен Абай, Жаяу Мұса мен Мәди, Шашубай мен Ғазиз, т.б. әндерін ерекше ұлттық нақышпен орындайды. Соның ішінде, Мәди шығ-ларын халық арасына кеңінен насихаттап жүр. Мәдидің «Үшқара», «Шіркін-ай», «Қарқаралы» әндері оның репертуарынан тұрақты орын алған.

АДАМОВ Мұхитбек Қапсаттарұлы (01.03.1951, Егіндібұлақ а.) – педагог, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері. Егіндібұлақ а. ОМ, 1972 ж. Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інің филология ф-ін бітірген. Еңб. жолын 1972 ж. Егіндібұлақ а-ндағы сегізж-дық орыс мект-нде қазақ тілі мен әдеб. пәні мұғ. болып бастаған. 1976-77 жж аудандық білім бөл-нің әдіскері, 1977-85 жж ауд. партия к-інің нұсқаушысы, бөл. меңг-сі, 1985-97 жж ауд. «Ленин туы» (кейін «Балқантау») газ-нің редакторы, 1997-2001 жж Егіндібұлақ а-ндағы №5 ОМ мұғ-і, 2001 ж. бастап Қ.Смайылов атынд. жалпы білім беретін №43 ОМ-тің дир-ы. А. бірсыпыра мемл. наградалармен, соның ішінде «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған

АДАМҰЛЫ Қапсаттар (1886, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 1972, Егіндібұлақ а.) – молда, кеңес билігі мен коммун. идеологияның қыспағына қарамастан, бүкіл саналы ғұмырын Ислам дінін насихаттау жолына арнаған адам. Ауызынан Алласы, қолынан Құраны түспеген діндар. Жұртты имандылыққа уағыздап, мұсылманшылықтың әдет-ғұрыптарын, ереже-қағидаларын түсіндіру, ұлттық салт-сананы сақтау ісінде үлкен белсенділік көрсетті.

АДАНОВ Қуанышбек Бұланұлы (25.10.1979, Егіндібұлақ ауд, Қарабұлақ а.) – педагог, ғалым, PhD докторы (2017). 1996 ж. ОМ, 2000 ж. акад. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың дене тәрбиесі және спорт ф-ін бітірді. Сол ж-ы өзі тәмамдаған ЖОО-ның дене тәрбиесі ілімі мен

әдістемесі және спорттық ойындар кафед-сына оқытушы болып орналасты. 2002 ж-дан дене тәрбиесі және спорт ф-і деканының тәрбие ісі жөніндегі ор-ы. Респ., халықар. ғыл.-практ. конф-ларға қатысып, баяндамалар жасауда. А. 40-тан астам ғыл. еңб. авторы. Олар отандық және «Thomson Reuters», «Scopus» сияқты жоғ. рейтингілі шетелдік журналдарда жарық көруде.

АДЫР – берік тау жыныстарынан құралған аласа, мұқыл тау. Биік тау жоталарынан төменге ысырылған жыныс шөгінділердің бір-бірімен ұштасуынан түзіледі, яғни мықты тау жыныстарының біртіндеп үгіліп, бұзылуынан пайда болған лесс-конгломерат қабаттар қатпарынан қалыптасады. А-лардың көпшілігі айналасындағы жазық алқаптардан 100-400 м көтеріңкі жатады. Әдетте беткейлері құрғақ, сай-жыралармен тілімделген. Шөл және шөлейтті өңір ландшафтысында эфемер (өте қысқа мерзімде тұқымнан өсіп, жеміс беруге дейінгі үдерістен өтіп үлгеретін) өсімдіктер басым тараған. Сарыарқадағы А. беткейлері тік-құламалы, жақпар тасты, кейде сусыма қиыршық тасты, терең сай аңғарлар мен жондар болып келеді. Шөлді өңірлердегі көлемді қыраттардың беткейлері, жоталары да А. деп атала береді. Олар Қу, Едірей тәрізді таулар төңірегінде орналасады (Сарыадыр, Қарадыр, т.б.), оның үстіне, морфол. (жер бедерінің пішіні және құрылымы) жағынан негізгі ұғымдағы таулардың құрылысынан өзгеше түзіледі.

АЙБАЛТА – соғыс қаруы. А-ны көшпелі халықтар өте ерте заманнан қолданды. Әйгілі «Қобыланды батыр» жырында: *«Айбынды Орақ, айлы Орақ,/ Айбалтасы қанды Орақ»,* – деп айтылуы құралдың көне дәуірден белгілі болғанын аңғартады. Қазақтар қарудың бұл түрін XX ғ. дейін пайдаланды. А-ның басы металдан соғылып, пішіні әртүрлі болып келеді. Балта басының – жалманының жарты Ай сияқты дөңгелене соғылуы құрал атауына негіз болған. Көне көшпелі халықтардың А-лары қос жүзді немесе балта басының шүйдесі ұзынша балға пішінді, әйтпесе істік түрінде жасалады. Шүйдесі балға түрінде, бірақ қысқа А. бастары да кездеседі. Қазақ А-ның басына күмістен ою-өрнек салынады. Ерте заманда А. басындағы ою-өрнек магиялық роль атқарған. А. сабы ағаштан жасалып, кейде терімен қапталады, металл жапсырмалармен әшекейленеді. Кей батырлардың А-сы тұтастай терімен қапталып, күміспен күптелуі мүмкін. Ұстауға ыңғайлы болуы үшін саптың төменгі жағына қайыстан бүлдіргі тағылады. Қазақтар пайдаланған А. сабының ұзындығы әдетте 70-100 см аралығында. Мұражайлардағы кейбір қазақ А-ның ұзындығы бұларға жетпейді. Ұзын сапты А. үлгілері сақталмаған. Жауынгер А-ны белге байлап, жорыққа шыққанда тебінгінің астына қыстырып алып жүрген. Шалкиіз жырау Би Темірге арналған толғауында: *«Тебінгінің астынан/ Ала балта суырысып,/ Тепсінісіп келгенде,/ Тең атаның ұлы едің./ Дәрежеңді артық етсе,/ Тәңірі етті»,* – дейтіні сондықтан.

АЙБИКЕ (XVII ғ.) – Шаншар абыздың бәйбішесі, Келдібек бидің анасы, Қаздауысты Қазыбектің әжесі. Шәкәрім қажының, Ә.Бөкейхановтың, т.б. шежірелері және қазақтың ауызша тарихы бойынша, А. – Ташкент өңіріндегі қатаған тайпасын билеген Тұрсын (Тұрсын-Мұхаммед) ханның қызы. Ордасын Түркістанға тіккен Есім (Ес-Мұхаммед) хан 1627 ж. қалмақтармен соғысуға кеткенде Тұрсын хан оның еліне шабуыл жасайды. Жорық жолынан оралған Есім хан ағайынның опасыздығына күйініп, әскерін бірден Тұрсын хан иелігіне бұрады. Әуелі Сайрам түбінде ойсырата соққы беріп, Ташкент маңындағы ұрыста да жеңіске жетеді. Тұрсын хан әскерінің бір бөлігі Есім хан жағына шығып кетеді. Әйгілі Марғасқа жыраудың: *«Ей, Қатағанның хан Тұрсын,/ Кім арамды ант ұрсын...»* – деп басталатын белгілі толғауы осы кезде айтылса керек. Есім хан Тұрсын ханның басын шапқаннан кейін оның еркек кіндікті ұрпағын түгел харап етіп, қыздарын қолбасы батырларына бөліп береді. Есім ханның оң тізесін басып отырған ұлыс биі Шаншарға Айбике, Нұрбике, Қыздамбике есімді үш қызы бірден тиіпті (Ә.Бөкейханов шежіресі бойынша Қыздамбике үлкен). Кейін А. мен Нұрбике аналарымыздан бір-бір қауым ел тарап, Айбике – Шаншар (Едірей), Нұрбике – Шаншар (Қу) болыстары атанған. Кеңес билігі тұсында Қу (кейінгі Егіндібұлақ, Қазыбек би) ауд-ның негізін қалаған да осы аналардың ұрпақтары. Ел аузындағы әпсана бойынша, мінезі тентектеу болып, Шаншарды кейітіп алған Қыздамбикенің соңы өспей қалған екен.

АЙБИКЕШАҚПАҚ – шоқы, Егіндібұлақ а-ның шығ-да 10 км жерде орналасқан. Абс. биікт. 608 м. Ұзындығы мен ені бірдей – 5-6 км. Беткейлері аз тілімделген, солт.-шығ. едәуір тік, жартасты біткен. Негізінен кембрий жыныстарынан түзілген. Топырағы қызыл қоңыр. Дала өсімдіктері өседі, аң-құстар кездеседі.

АЙДАРБЕКОВ Сержан Айдарбекұлы (15.01.1976, Егіндібұлақ а.) – жеке кәсіпкер.

«АЙҚАП» – қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911 – 15 ж. арасында Троицк қ-нда айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрды. Оның 88 саны 1000 – 2000 данамен жарық көрген. Алғашқы редакторы—М.Сералин. «А». қазақтың қоғамдық ой пікірінің оянуы мен ұлттық мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. Журналда қазақ аулындағы оқу-ағарту мәселесі, әйел теңдігі, отырықшылдық тұрмысқа көшу, т.б. тақырыптар мен мем. Думаға қатысу сияқты саяси мәселелер көтерілді. Журналды шығаруға Ә.Ғашимов, С.Торайғыров ат салысқан. А.Байтұрсынов, Ш.Құдайбердиев, Б.Майлин, Б.Өтетілеуов, С.Дөнентаев, С.Көбеев, Н.Құлжанова сынды қаламгерлер белсене қатысты. Журналда Шоқан, Абай, Ыбырай шығармаларымен бірге ауыз әдебиетінің үлгілері, шығыс, орыс және Еуропа халықтарының туындылары жарияланып тұрды. Журнал материалдарын 1995 ж. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы жеке кітап етіп баспадан шығарды.

АЙМАУЫТОВ Жүсіпбек (1889 – 1931), жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. Ресми дерек көздерінде туған өңірі Баянауыл ауд. болып көрсетілгенімен, нақты кіндік қаны тамған жер Қызылтаудың Әулие биігінің түбі – Тәттімбет а. округінің шегі. Павлодарда орысша-қазақша екі сыныптық мектепті (1914), Семейдің оқытушылар (1918) бітірген. А. 1911-1914 ж. ауылда мұғалім, 1919-1922 ж. Халық ағарту комиссариатында алқы мүшесі, Семей губ. Оқу бөлімінің бастығы, «Қазақ тілі» газетінің редакторы. 1922-1924 ж. Қарқаралыда мұғалім, 1924-1926 ж. «Ақ жол» газетінде әдеби қызметкер (Ташкент), 1926-1929 ж. Шымкент пед. техникумының директоры қызметтерін атқарған. 1929 ж. «Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар» деген сылтаумен тұтқындалып, 1931 ж. атылған. А-тың шығармашылық еңбегі 1910 ж. басталды. Алғашқы әңгімелері мен мақалалары «Қазақ», «Сарыарқа» газеттеріне, «Абай» журналында жарияланып тұрды. Ол әлем әдебиетінің классиктері У.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан, А.Дюма, А.С.Пушкин, Р.Тагор, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, Дж.Лондон, т.б. шағармаларын, «Интернационал» әнінің мәтінін, көптеген ғыл. еңбектерді қазақ тіліне аударды. Эстет. тәрбие, педагогика, психология, әдістеме туралы кітаптар жазды. Эстетика, әдебиет, сын тақырыптарына байланысты мақалалар жазып, публ-лық шығ-лар жариялады. А-тың «Ақбілек», «Қартқожа» романдары, «Күнікейдің жазығы» хикаяты, «Шернияз», «Ел қорғаны», «Мансапқорлар» пьсалары, «Кешенді оқу жолдары», «Жан жүйесі», «Өнер таңдау», «Мағжанның ақындығы туралы» ғыл. еңбектері – алуан салада қалам тартқан ірі талант иесінің болмысын көрсетеді. А-тың бай мұрасы оның қазақ әдебиеті тарихындағы орны ерекше екенін көрсетеді. А. Семейде М.Әуезовпен бірге 1918-1919 ж. «Абай» журналын шығарды және М.Әуезовпен бірлесіп, «Екеу» деген бүркеншік атпен «Абайдың өмірі және қызметі» (1918, №2), «Абайдан кейінгі ақындар» (1918, №3), «Аударма туралы» (1925), «Сұңқар жыры» (1925) деген мақалалар жазды. А. музыка, театр, өнер тарихына байланысты көптеген мақалалар жариялады. А-тың педагогика, психология және әдістеме саласында жазған соқталы еңбектері XX ғасырда қазақ ғылымының өсуіне және қалыптасуына ықпал етті. Әсіресе, солардың ішінде «Тәрбиеге жетекші» (1924), «Психология» (1926), «Жан жүйесі және өнер таңдау» (1926), т.б. отандық ғылымының бастау көзіндегі құнарлы қайнарлар. Кеңестік билік пен коммунистік идеология А. шығармаларын оқуға тиым салды. Оның есімі 1988 ж. ғана қалың бұқараға жария болды. 1989 ж. елімізде жазушының бір томдығы жарыққа шықса, 1996-1999 ж. бес томдық мұрасы оқырман қолына тиді.

АЙНАБҰЛАҚ – ауыл, Абай ауылдық округінің орталығы. Егіндібұлақ а-ның шығ. 55 км жерде орналасқан. Халқының саны – 1,2 мың (2005). Жерінің жалпы көлемі 24,9 мың га. Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты іргетасы 1954 ж. қаланған. 1993 ж. дейін Абай атынд. астық с/зының орталығы болды. Шар. етті мал мен жылқы өсіруге және астық

өндіруге маманданды. Абайдың туғанына 140 ж. толу құрметіне орай мұнда 1985 ж. ақынға ескерткіш қойылды. А. округ жерінде марганец, көмір қазба байлықтары бар. А. а-нан 21 км жерде «Абай» кен руднигі жұмыс жасайды. А. округі елді мекендерінде (Тоқай, Мыржық, Бетқұдық, Айнабұлақ) шар. қожалықтары, коммун. мемл. кәсіпорын жұмыс істейді. А-та мектеп, отбасылық амбулатория, мәд. үйі, кітапхана, пошта байланыс торабы бар. А. басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы қатысады.

АЙНАБҰЛАҚ – Балқантау а. округіндегі ауыл. Егіндібұлақ а-ның оңтүст-де, 30 км жерде, Қарқаралы – Егіндібұлақ тас жолы бойында (5 км бұрылыс) орналасқан. 1993 ж. дейін «Комсомол» с/зының бөлімшесі болды. Қой өсіріп, егін шар-мен айналысты. Тұрғындар қазір де осы кәсіппен айналысады. А-да негізгі мектеп, ФАП, клуб бар. Шар. қожалықтары жұмыс істейді.

АЙРЫҚ – ауыл. Мәди ауылдық округінің орталығы. Егіндібұлақ а-ның солт.-шығ-ында, 100 км жерде, Үшқара тауының оңт. етегінде орналасқан. Іргетасы Қақабай мен Сланбек қыстаулары жұртының арасындағы жазықта қаланған а. 1975 ж. дейін «Арқалық» с/зының бөлімшесі, кейін жеке шар-тың, а. кеңестің орталығы болды. Тұрғындар саны – 0,6 мың адам (2015), жерінің жалпы аумағы – 147,9 мың га. А. кеңеске 1992 ж. әнші-композитор, ақын Мәди Бәпиұлының есімі берілген. Осы Үшқара тауының шығ. бөктерінде Мәди дүниеге келген. А-да бастауыш мектеп, ФАП, кітапхана, пошта, байланыс торабы жұмыс істейді. А. округі жерінде көмір, вольфрам, т.б. пайдалы қазба қорлары бар. А. аулы басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады.

«АЙРЫҚ» СОВХОЗЫ – Егіндібұлақ а-ның солт.-шығ-ында, 100 км жерде орналасқан. 1975 ж. «Арқалық» с/зынан бөлініп, дербес шар. болды. Негізі мал өсірумен шұғылданған с/здың жалпы жер көлемі 147,9 мың га еді. Шар-та 35 мың қой, 6 мың жылқы (Басқұдық бөлімшесі жылқы өсіруге маманданды) және 3 мың га шамасында егістік алқабы болды. 1992 ж. шар-қа әнші-композитор, ақын Мәди Бәпиұлы есімі берілді. С/з 1993 ж. а. шар-ын оңтайластыру себебімен таратылды. Қазір оның орнында бірнеше шар. қожалығы жұмыс жасайды. С/зға агроөнеркәсіп саласының тамаша ұйымдастырушылары Ә.Ыдырысов пен Т.Жақыпжанов дир-р болды.

АЙТ – мұсылмандардың ұлы мейрамы. Ислам дінінде екі А. мерекесі бар: Ораза А. және Құрбан А. Ораза А. отыз күн ораза біткеннен кейін, шәууал айының 1-3 күндері өтеді. Ораза аяқталған соң, мұсылмандар таңертең мешітте А. намазын оқуы – парыз. Ораза айын Рамазан айы деп те атайды. Пітір садақасы осы айда беріледі. Оны әр мұсылман мешітке апарып береді. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар Аллатағаланың сөзін осы Рамазан айында естіген. Құрбан А. мерекесі Ораза А-тан 70 күннен кейін басталып, үш күнге созылады. Бұл Меккеге қажылыққа бару кезеңінің аяқталуына сәйкес келеді. Қажылыққа баратын ай Зұлхижа деп аталады. Құрбан А-та таңертеңгі А. намазынан кейін мұсылман баласы мал сойып, құрбан шалады. Ауру, ақсақ, соқыр, жаралы, қотыр мал құрбандыққа шалынбайды. Құрбандық еті көпшілікке беріледі. Құрбан шалушыға жұрт «Құрбандық қабыл болсын!» деп ізгі тілек жолдайды. А. күндері әр үйде дастарқан жайылып, таза киінген адамдар бір-бірін А. мерекесімен құттықтап, қуаныштарын бөліседі. Ашу-араздық тиылып, қателігі мен өкпе-назын кешіріседі. А. күндері, ораза кезінде қайтыс болғандар жақсы, иманды адамдар санатында болады. «Айт мүбәрәк болсын! Айт мерекесі берекелі болсын! Айттың жақсылығы мол болсын!» деген ақ тілектер айтылады. А. күндері үлкен-кіші ең сәнді киімін киеді. Жеңіл-желпі ойын-сауыққа тыйым салынбайды, бірақ мәнсіз, күлкілі әрекеттерге, дарақылыққа жол берілмейді. Ораза А., Құрбан А. мерекелері қазақ жұрты ислам дінін қабылдағаннан бері ұлы мейрамдар санатына қосылып, мейірбандық, қайырымдылық, адалдық, ынтымақтастық тәрізді әрекеттердің ұйтқысы болып келеді.

АЙТБАЙ Демікпеұлы (1830, Қарқаралы дуаны, Нұрбике-Шаншар бол. – 1916, Қарқаралы уезі, Қу бол.) – әнші-композитор, ақын. Қу болысында туып-өсіп, осы жерде қайтыс болған. Әншілік, ақындық өнері, сазгерлік таланты Орт. Қазақстан өңіріне кеңінен танылып, әйгілі Қоянды жәрмеңкесінің думанын қыздырған талантты тұлғалардың бірі. А-дың «Раушан», «Перизат», «Халләм», т.б. ән мұралары бар. Сазгердің әндері нәзік иірімді сыршыл

лирикалық шығармалар қатарына жатады. А-дың Ұсайын, Ғаббас (қ. *Ғаббас Айтбаев*), Қадыс, Мұқан есімді балаларының бәрі шетінен әнші, өнерпаз жандар болған. А-дың әншілік, ақындық таланты тек өз балаларына ғана емес, Қу, Едірей болысы төңірегіндегі талантты жастарға, жалпы, Қоянды жәрмеңкесіне жиналатын қауымға елеулі әсер еткен. А.В.Затаевич А-дың әндерін оның әнші ұлдары Ғаббас, Қадыс, Ұсайын, Мұқанның орындауында жазып алады. «Раушанды» Е.Брусиловский «Қыз Жібек» операсына А-дың «Раушан» әнін пайдаланды.

АЙТБАЕВ Ғаббас (1882, Қарқаралы уезі, Қу өңірі – 1929, Егіндібұлақ а.) – әнші, Арқа әншілік мектебінің аса көрнекті өкілі. Қазақ автономиясының бір жылдық мерекесіне орай 1921 ж. Қарқаралыда өткен әншілер сайысында А. бас бәйгені жеңіп алған (осы жарыста әйгілі Қ.Байжанов үшінші орын иеленіп, 14 жасар Ж.Елебеков ынталандыру сыйлығына қол жеткізген). 1925 ж. Семейде ұйымдастырылған әншілер байқауында мерейлі болған А. 1927 ж. Кеңестердің Мәскеу қаласында өткен IV Бүкілодақтық съезінің делегаттары үшін берілген концертте және этнографиялық байқауда өнер көрсетіп, сыншылар тарапынан жоғары баға иеленді. А-дың орындауында қазақтың және халық композиторларының көптеген шығармаларын (12 ән) жазып алған А.В.Затаевич «Әміре мен Қалиды қосса, ортасынан Ғаббас шығады» («Қазақтың 500 ән-күйі», 1931) деп жазған дүр. А-тың қайталанбас өнері жайлы акад. А.К.Жұбанов «Замана бұлбұлдары» кітабының (1963) қосымша тарауында баяндайды. Әншінің жерленген жеріне 2012 ж. құлпытас орнатылып, еске алу шаралары өткізілді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АЙТБАҚАЕВА Рысты (1953, Шарықты а. кеңесі, Шөптікөл а.) – әуесқой әнші, 1970 ж. Егіндібұлақ а. мект.-ин-ын бітірді. 1972 ж. Егіндібұлақ ауд. мәд. бөл-не қызм. орналасты (мекеменің сол кездегі басшысы О.Жакешевтің шақыруымен). Содан бері Егіндібұлақ өңірі жұртын әнмен сусындатып келе жатыр. Егіндібұлақ Мәд. үйі жанындағы халық театрының актрисасы және Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрінің әншісі. А. 1991 ж. күйеуі Ш.Қабыкеновпен және өнерпаз балаларымен бірге отбасылық ансамбль құрды. Қабыкеновтер отбасылық ансамблі обл. көлемінде ұйымдастырылған «Сарқылмас бұлақ», «Мөлдір бұлақ», «Бәйтерек», т.б отбасылық байқауларға қатысып, бірнеше мәрте лауреат атанды. 2010 ж. ол обл. бойынша «Халық әндерін үздік орындаушы» аталымының жеңімпазы болып табылды. А. біраз ж-дан бері Егіндібұлақ а-ындағы ардагерлердің «Замандастар» клубына жетекшілік етеді. Мәд. саласы басшылығының көптеген марапаттарын иеленген.

АЙТКЕНОВ Ернұр Мысырұлы (1977, Егіндібұлақ ауд., Арқалық а.) – экономист, мемл. қызметкері. 1994 ж. Арқалық ОМ, 1999 ж. С.Сейфуллин атынд. Ақмола аграрлық ун-інің экон. ф-ін бітіріп, еңб. жолын Ақмола обл. статистика басқармасында экон. болып бастады. 2000 ж-дан ҚР Қоршаған ортаны қорғау мин-нде бас маман лауазымында еңб. етті. 2003 ж. ҚР Президенті жанындағы Мемл. қызм. акад-сын тәмамдаған А. Қоршаған ортаны қорғау мин-нің халықар. бөл-ін басқаруда.

АЙТМҰҚАН Әділет Бақытбайұлы (07.10.1988, Павлодар обл., Лебяжье ауд. Аққу к./ Едірейдің тумасы) – инж.-құрылысшы. М.Тынышбаев атынд. көлік және коммуникация акад-сын құрылысшы мамандығы бойынша тәмамдаған. Құрылысқа техн. бақылау жасау инжинирингтік қызм. көрсету саласындағы «АДС Сапа» ЖШС-ның техн. дир-ы. Ол осы лауазымында Жамбыл обл-да Күн сәулесімен жұмыс істейтін, қуаттылығы 100 МВ электр станциясын, Қарағанды обл-ның Қаражал қ-сында барит рудасын өңдейтін, қуаттылығы 200 000 т-налық өңдеу кешенін және Алматы мен Астана қ-ларында көптеген инфрақұрым нысандарын іске қосты. А. – болашағы зор жас маман.

АЙТЫС – қазақ халқының ауыз әдебиетіндегі аса бай, ерекшеліктері мол дербес жанр. А. суырып салма өлең, қара сөз, күй, ән, т.б. өнер жарысы түрінде өтуі мүмкін. Қатысушыдан тапқырлықты, ой ұшқырлығын, әрбір сөз бен әрекетті қалт жібермейтін аңғарымпаздық пен алғырлықты, шеберлікті талап ететін А-та лирикалық, эпикалық, драмалық сипаттар мол кездеседі. А. ауыз әдеб-нің басқа жанрларымен бірге дамып, олар бір-біріне біршама ықпал

жасап отырған. А. батырлар және лиро-эпос жырларға да әсерін тигізді. Қазақ ауыз әдеб-де көнеден келе жатқан жанрдың пайда болу, даму тарихы бар. А. араб бәдеуилері мен түрік елдерінің біразында, Үндістан халықтарында бар. Байырғы «Жар-жар», «Бәдік», т.б. тұрмыс-салт жырларынан бастау алатын А. заманалар бойы түрлі өзгерістерге түсіп, біртіндеп қазіргі бейнесін тауып, ауыз әдеб-і мен музыканың синтезінен тұратын, кең тараған өнерге айналды. Дәстүрлі А. екі ақынның топ алдында бетпе-бет кездесіп, қолма-қол суырып салған өлеңдер сайысына құрылады. Өлең айтқандағы ақынның әуені қобыз, домбыра, сырнай, т.б. аспаптармен сүйемелденеді. А-тың мақсаты – қарсыласты қисынды уәж, ұтқыр сөзбен тұқыртып тастау, жеңу. Кезектесіп айтылатын өлеңнің бәрі А. емес. Кейде ақындар бірер ауыз өлеңмен қағысып жатады. Оның мақсаты қарсыласын жеңу емес, белгілі бір оқиғаға қатысты пікір білдіру, мәселе көтеру. Ауыз әдебиеті жанрларына сипаттама берген М.Әуезов А-ты сүре А. (тұрмыс-салт айтысы) және сүре А. (ақындар айтысы) деген екі салаға жіктеп, жанрдың театрлық, драмалық болмысын сипаттайды. А. өте ерте дәуірде пайда болғанымен, олардың кейбір түрі – кейінгі кезеңдердің жемісі. Мыс., бәдік А-тың негізінде адамның табиғатқа әсер ету мақсаты болған. Жануарлар А-ы мен өлі мен тірінің А-ы одан беріде, жұмбақ А. олардан да кейінірек туды. Салт А-ның ескі түрі қыз бен жігіт А-ы жастық көңіл күйін, өнер сынасуды арқау етсе, ақындар А-да сөз қуатын сарапқа салу, өнер жарыстыру алдыңғы кезекке шығады. Ақындар өз бастарын ғана емес, елін, ру-тайпасын дәріптеп, оның сән-салтанаты мен дәулетін, батырлары мен бай-бағландарын өлеңге қосқан. Бұл дәстүр әсіресе XIX ғ-да кең етек алды. Осы дәуірде Қарқаралы – Қу өңірінде өмір сүрген әйгілі Шөже, Балта, Кемпірбай тәрізді сөз сүлейлері әлеуметтік тақырыпқа шығарған қысқа өлеңдерімен қатар, А-қа түсіп, сан алуан тартысты бастан кешірді. Олардың көпшілігінің аты осы А. арқылы тарих бетіне жазылды. Қазақ ауыз әдеб-інде А. жанры саны жағынан да, сапасы жағынан да айрықша орын алады. Шығ. халықтарының көпшілігінде болған А. қазір өзінің жанрлық қасиеті мен түрлерін қазақ әдеб-інде ғана сақтап қалып отыр.

Әдеб.: Қазақ әдебиетінің тарихы, 1 т., 1 кіт., А., 1960; Айтыс, 3 томдық, А., 1964; Әуезов М., Әдебиет тарихы. Қызылорда-Таш., 1927.

АЙЫР – тау, Егіндібұлақ өңіріндегі Шарықты а. округі өңірінде орналасқан. Оңт.-бат-тан солт.-шығ-қа қарай 20-25 км созылып жатыр. Ені 6-7 км. Абсолют. биіктігі 814 м. Девон жыныстарынан түзілген. Беткейлері тілімденген, солт. қарағанда оңтүст. беті тіктеу келген. Топырақ жамылғысының түсі қызылқоңыр. Шөптесіндерден жусан, бетеге, сұлыбас және қараған, тобылғы, т.б. бұталар өседі.

АҚАЙДЫҢ ҚАСЕНІ (1859, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 1931, Петропавл қ.) – қоғам қайраткері, меценат, алаштың сыйлы ақсақалы. Қу болысын 16 ж. басқарған өз дәуірінің прогресшіл азаматтарының бірі болды. Еуропаның ғылым мен техникадағы жаңалықтарын ел арасына енгізуге ықпалын тигізіп, білім мен өнер өкілдерін моральдық һәм материалдық жағынан қолдаған меценат. Ұлт ұстазы, алаш көсемдерінің бірі А.Байтұрсынов сепаратистік үгіт жүргізді деген айыппен Семейдің абақтысына жабылғанда, залог төлеп, оны бостандыққа шығарып алды. А.Қ. өзінің ата қонысына орналасқан Қоянды жәрмеңкесінің өркендеуіне ынталы болып, орыс, татар, өзбек көпестерімен сауда-саттық орнығып, тұрақты сипат алуына күш салған. Магазин ашып, сауда орт-тарынан шалғай ауыл тұрғындарының өнеркәсіп бұйымдарына сұранысы қанағаттандырылуына септігін тигізген. Өз тұсындағы ең озық, еуропалық үлгідегі мектеп ашып, мұғалімдер жалдаған. Осы қазақ-орыс мектебін бітірген талапты жастарды Омбы, Семей, берісі Қарқаралы қалаларындағы оқу орындарында өз қаржысымен оқытқан. Мал өсіріп, оның тұқымын асылдандырумен бірге, егін егіп, қыр қазақтарына, әсіресе жайлауға шығуға мүмкіндігі жоқ жатақтар арасына дақан кәсібі кеңінен тарауына әсер етті. Маңына білімді азаматтарды, әнші, күйші, сері адамдарды, дәрігер, ұста, зергер, т.б. мамандарды топтастырып, төңірекке даңқа жайылған балуандар мен мешкейлер, жүйрік аттар ұстаған. А.Қ. 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесі кезінде әйгілі Қарқаралы петициясын ұйымдастырушы тұлғалардың бірі болды. Қазақтарды орыс патшалығына бағынбауға, сырттан көшіп келгендерге жер бермеуге шақырды, Қазақстанды Ресей империясынан бөліп алу үшін үгіт жүргізді деген айып тағылып, 1910 ж. әкімшілік жауапқа тартылды. Ресейде дүрбелең басталған кезеңде А.Қ. ұлт мүддесін ойлаған арыстардың тобынан табылды. 1917

ж. 16 наурызда Қарқаралы уезі қазақ к-тінің мүшесі болып сайланды. Ұлттық-демократиялық Алашорда үкіметі ел тізгінін алуға талаптанған 1918-1920 ж. А.Қ. оның елдегі сүйеніштерінің бірі болды. Большевиктер жеңіске жетіп, өңірде кеңес өкіметі орныққан 1921-1922 ж. жергілікті билік органдарына елге сыйлы азаматтар сайлануына ықпалын тигізді. Осы жылдары аштыққа ұшыраған Торғай елінің халқына Семей облысынан мал жинап, жәрдем беруге күш-қуатын жұмылдырды. Кеңес өкіметінің байларды тәркілеу жөніндегі әпербақан саясатының құрбаны болған А.Қ. мал-мүлкі бірнеше мәрте қатталып, талауға түсті. 1927 ж. Үфаға (Башқұртстан) жер аударылған А.Қ. одан Қызылжарға келіп, аштық нәубетінің алғашқы құрбандарының бірі болды. Бейресми дерек көздерінің ақпары бойынша, оның мүрдесі қазіргі Петропавл вокзалының астында қалған мұсылмандар зиратына қойылыпты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АҚАЙДЫҢ Мақаты (XIX ғ-дың II жартысы – XX ғ-дың I жартысы) – қажы, бай, қоғам қайраткері – бірнеше мәрте Қу болысына басқарушы болып сайланған. Ел-жұртқа қадірлі ақсақалдың кейінгі тағдыры жайлы нақты деректер табылмады.

АҚБАЕВ Ерболсын Тұрсынұлы (9.10.1975, Егіндібұлақ ауд. Арқалық а. кеңесі) – ғалым – экон. ғыл. кандидаты. 1992 ж. Арқалық ОМ-ін алтын медальмен, 1996 ж. Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інің экон. ф-ін қаржы және несие мамандығы бойынша, 2001 ж. осы ЖОО-ның аспирантурасын бітірді. 2001-05 жж Экономикалық теория кафед-сында аға оқытушы болды. 2006 ж. бері Қаржы кафед-ның доценті және экон. ф-і деканының оқу-ісі жөніндегі ор-ы лауазымын атқаруда. А. 2 оқулық пен 30-ға жуық ғыл. мақаланың авторы.

АҚБАЕВ Жақып, Ақбайдың Жақыбы (25.10.1876, Қарақаралы уезі, Берікқара болысы, Төңіректас қонысы – 4.07.1934, Алматы қ.) – Алаш зиялысы, ұлт бостандығы жолындағы күрескер, қайраткер, Алашорда үкіметінің мүшесі, заңгер, құқықтану магистрі. 1886 ж. Қарқаралы қ. қазақ инт-ында оқып, 1889 ж. Омбы гимназиясына түсіп, онда жеті ж., одан соң Том гимназиясына ауысып, бір ж-дан соң бітіреді. 1898 ж. Санкт-Петербург ун-нің заң ф-іне түседі. 1903 ж. оны 1-дәрежелі дипломмен тәмамдайды. Ғыл-ның әр саласымен шұғылданады. Адамның есте сақтау қабілеті мен фактілерді екшеу әдістерін меңгеру үшін Одесса қ-дағы мнесоника проф. С.Файнштейннен дәріс тыңдауға және Санкт-Петербург археол. ин-на түсуге әрекет жасайды. Мемл. сынақ комиссиясында «Қазақтардың некелік құқығы» деген тақырыпты қорғауға бекіттіреді (кейін түрмеде отырғанда осы тақырыпты одан әлі зерттеп, 1907 ж. Орыс геогр. қоғамы Семей бөл-сінің жазбаларында жариялайды). ЖОО бітірген соң Омбы сот палатасына қызм. жасайды. 1905 ж. тамызда Омбы қ-дағы 2-учаскенің бітімші соты болды. 1905 ж. шілдеде Омбы қ-да орыс әкімшілінің жиыны өтіп, онда Дала өлкесінің ген.-губернаторы Сухотин бастаған топ Дума сайлауына қазақтарды қатыстырмау мәселесін қозғайды. Бұған наразылық ретінде 22 шілдеде Қоянды жәрм-сінде қазақ қоғ-ның белгілі адамдары петиция әзірлейді. Қарқаралы уезінің 42 бай-бағланы қол қойып, империя басшысына жолдаған құжатты әзірлеуге Ә.Бөкейханов басшылық жасаса, мәтінін әзірлеген А. еді. Сол, 1905 ж. 17 қазанда жарияланған патша манифесінен соң бостандық, теңдік, сөз еркіндігі жөнінде жер-жерде пікірталас, митингі өтті. Омбы қ-да 19 қазанда өткен митингіде қызу сөз сөйлеп, бұратана ұлттарға теңдік беру мәселесін көтерген А. «Үкіметке тіл тигізді» деген айыппен қызметтен қуылды. Ол осы күзде Кереку қ-да, Баянауыл станицасында өткен жиындарда патшалық билікті сынға алды. 1905 ж. 15-16 қарашада Қарқаралы қ-да өткен жиында ол тағы да халықты үйіріп әкетті. Сондықтан, жергілікті орыс әкімшілігі «мемлекетке опасыздық жасап, қылмыс істеді» деп, 1906 ж. 11 қаңтарда тұтқындап, Семей түрмесіне жабады. Осы кезден бастап А. патшалық Ресей, кейінгі қызыл империяның тепкісіне түсіп, ұдайы қуғын-сүргіннен, абақтыдан, айдаудан көз ашпады. Жетісу обл., Қапал уезіне 2 ж-ға жер аударылғанда орыс отаршыларынан қиянат көрген қазақтардың мүддесін қорғап, айдауда бірге жүрген К.Төгісов екеуі сот процесінде әділ шешім шығаруға ықпал жасады. 1917 ж. ақпан төңкерісінен кейін Семей обл. қазақтарының 27 сәуір – 7 мамыр аралығында өткен съезін ұйымдастырушының бірі болып, 24 қыркүйекте өткен кеңеске де қатысады. Желтоқсанда өткен бүкілқазақ съезінде Алашорда

үкіметінің мүшелігіне сайланады. Азамат соғысы ж-дары бірін-бірі ауыстырған уақытша өкіметтер А-ты бірнеше рет абақтыға жауып, ату жазасына кесіп, соңынан үкімдерін бұзып, тағдырын тәлкекке салады. Кеңес өкіметі алғашқы кезде А-тың білімі мен тәжірибесін пайдаланады. Ол Семей губревкомының заң бөл-де жұмыс істеп, сот-тергеу учаскелерін құруға қатысады. Семей кеңестік халық соты мүшесі болып, Қарқаралы уездік білім бөл-де, губернияда түрлі қызмет атқарады. Алаш қайраткерлерін қудалау басталғанда А. та Воронежге жер аударылып, ауруы асқынуына байланысты елге қайтарылады. Жоқшылық көріп, Алматыда қайтыс болған. А. қазақтың әдет-ғұрып заңдарын, әсіресе отбасы-неке құқығын зерттеп, көптеген еңб. жазды, баспасөз бетінде публ. материалдар жариялады. Оның «Қазақстандағы семья-неке қатынастары» (1907), «Қазақтың шығу тегі туралы» (1927), т.б. ғыл. зерттеулері Абайдың қарасөздері және «Бірер сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» шығ-ларымен үндес келеді.

АҚБАЕВ Темір (4.05.1932, Арқалық а. кеңесі, «Қызылту» с/зы – 8.04.1981, Егіндібұлақ а.) – педагог, білім беру ісінің ардагері. 1949 ж. Қу ауд. орт-ндағы қазақ ОМ, одан кейін Семей пед. ин-ның физика-матем. ф-ін тәмамдап (1951), Қу ауд. К.Маркс атын. 7 жылдық мект. мұғ. болып еңб. жолын бастады. Көп ұзамай ауд. орт-ндағы №1 қазақ ОМ баст. сынып және физика-матем. пәні мұғ-і қызм. ауысты. 1960 ж. ауд. оқу бөлімі әдістеме кабинетінің меңг. болып тағайындалды. 1963 ж-дан өмірінің соңына дейін Егіндібұлақ а-дағы мект.-ин-та тәрбиеші болып қызм. атқарды. Қазақ КСР Оқу министрлігі мен «Білім» қоғамының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

АҚБАС ҮЙРЕК, үйрек тұқымдасы, қаз тәрізділер отрядына жатады. Дене тұрқының ұз. 55 см-дей, салм. 500-900 гр, қанатының ұз. 15-17 см, қауырсыны қоңыр-сұр түсті, қара дақтары бар. Кежегесінің төбесі қара, тұмсығы көкшіл; мекиені қоңырбас, тұмсығы сұр. Қу-Балқантау өңірінде суы кермек келген Қаракөл, Саумалкөл көлдерінде өте сирек кездеседі. Су бетінде қалқып жүретін қамыс-құрақ жапырақтарынан ұя салады. Кейде өзге құстардың, көбінесе қасқалдақтың ұясын да иелене салады. Мекиені маусым сайын 6-10 жұмыртқа салады, бірақ, оларды толық мезгіл баспайды: инкубацияның екінші кезеңінде эмбрионы өз бетімен дамиды. А.ү. су өсімдіктерімен және ұсақ жәндіктермен қоректенеді. Өте тез жойылып бара жатқан түр ретінде Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

АҚБӨКЕН, киік, сайғақ (Saida tatarica) – сүтқоректілердің жұптұяқтылар отряды, қуысмүйізділер тұқымдасы, бөкендер туысына жататын, өте жүйрік, әдетте шөл мен шөлейтті даланы мекендейін аша тұяқты жануар. Қыста терісі ақшулан тартқанына қарап оны ақбөкен десе, жазға салым түлеп, терісін қызғылтым қылшық басқан соң киік деп атаған. 10-12 жыл өмір сүретін жануардың тұрқы 135–150 см, шоқығының биіктігі – 80 см, орташа салмағы 38–40 кг. Жүздеген жыл бұрын Ертіс пен Қара теңізге дейінгі аралықтағы қуаң даланы мекендеген. XX ғасыр – ақбөкендердің де басына зобалаң туған уақыт. Кәсіптік маңызы бар дәмді еті мен терісі, медицинада өте құнды бағаланатын мүйізі үшін қаталдықпен қырып-жою және түрлі індеттер салдарынан саны күрт кеміп кетті. Тек Қазақстанның қуаң аймақтары мен Каспий маңында ғана 100 мыңға жетпейтін басы сақталды. Орталық Қазақстан жазығында төлдейтін А-дер қысқа салым Арысқұм, Қарақұм, Қызылқұм, Үстірт шөлдеріне және Еділ – Жайық аралығының оңтүстігіне ауады. Әр текесінің тобында бірнеше ешкі болады. Ұрықтанған ешкі 5 айдан кейін лақтайды. 1-2 (сирек жағдайда 3) құралайдан қатаң шөл жағдайында көбінесе біреуі ғана қатарға қосылады. Ақбөкеннің төлі аяқтанатын, күн суытып, жаңбыр жауатын уақытты (әдетте мамырдың 19-25 аралығы) Арқа қазақтары «құралайдың салқыны» деп атайды. Ақбөкеннің тіршілігі үшін өте қауіпті табиғат құбылысы – жұт. Азық жетіспеуден, қалың қар мен мұз жамылғысы салдарынан қорексіз қалады. Қазақтар жайылымға байланысты А. жыл мезгілі қандай болатынын болжай алады деп ойлайды. Осы қасиеті және мүйізінің емдік ерекшеліктері үшін киікті «киелі», «қасиетті» аң санаған. Көптеген ертегілер мен дастандарда ол жағымды бейнеде сипатталады.

АҚҚУ (лат. ***Cygnus***) – қазтәрізділер отряды, үйрек тұқымдасының жеке туысына жататын өте сымбатты құстар. Қазақстанда А-дың үш түрі: сұңқылдақ А., сыбырлақ А., кіші А.

кездеседі. А-дың мойны мен денесінің ұзындығы тең әрі иіліп келген. Денесі созылыңқы, басы шағын, тұмсығы тік және жалпақтау. Қысқа сирағы денесінің арт жағында орналасқан. Қауырсыны үлпілдек әрі тығыз мамықты, шымқай ақ түсті. Шымқай қара түсті А. Аустралия мен Тасманияда кездеседі. А-дың салмағы 5-10 кг, аса ірілері 13 кг-ға дейін тартады. Қанатын жайғандағы ұзындығы 150-180 см. Тіршілігінің көп бөлігін суда өткізіп, жақсы жүзеді, бірақ сүңгі алмайды. Аяғы қысқа, жүрісі баяу болғандықтан, құрлыққа сирек шығады. А. – жүп құрып тіршілік ететін құс. Су жағалауындағы өсімдіктер арасына ұя жасап, 3-7 жұмыртқа салады. Оларды көбінесе аналығы басып, шайқайды. 29-40 күнде көгілдірлерін (А-дың балапаны) шығарады да, оларға жұптасып қамқорлық жасайды. А-дың көгілдірі тез ширайды. А. жылына бір рет түлейді. Ересектері су өсімдіктерімен, кейде судағы омыртқасыздармен, көгілдірі су жәндіктерімен қоректенеді. А. – жыл құсы. Қыста жылы жаққа ұшып кетіп, жазда қайтып оралады. Тек қыс жылы кезде ғана А-дың бір тобы Каспий теңізінің оңт.-шығ. жағалауында – Ақтау қ. маңында қыстап шығады. А-дың күн жылына Қазақстанға келетін кейбір түрлері Қу (Егіндібұлақ) өңіріндегі шағын су айдындарын: Шұбаркөл, Балықтыкөл, Саумалкөл, т.б. мекендейді. А-ды қазақ халқы ежелден қастерлеп, пәктік пен адалдықтың, бақыт пен жарастықтың, сұлулық пен достықтың символына санап, құс төресі деп дәріптеген. Киелі құсқа ешқашан оқ атпаған. А-дың аталығын «сағар», балапанын «көгілдір», мойнын «сұңғақ» деп атайды. Түркі дәуірінен желі тартып келе жатқан А-ға қатысты аңыз-әпсаналар, Қорқыт атаның, Қожеке Назарұлының, Тоқа Шоңманұлының, Ықылас Дүкенұлының, Нұрғиса Тілендиевтің «Аққу» күйлері, Сәкен Сейфуллиннің «Аққудың айырылысуы», Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмалары, Болат Аюхановтың «Аққу биі» балеті, т.б. қазақ халқының құс төресіне деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Аспан әлеміндегі шоқжұлдыздың бірі «Аққу» аталады.

АҚҚЫЗ (Мүгілсім) Ахметқызы (1900-1987), күйші-домбырашы, композитор. Ақтоғай-Тоқырауын бойында туып-өсіп, сол өңірде қайтыс болған. Тәттімбеттің күйшілік өнер дәстүрінде тәрбиеленіп, жетілген және оның «Сарыжайлау», «Қосбасар» (бірнеше түрін), «Сылқылдақ», «Бестөре», «Көкейкесті», «Сарыөзен» күйлерін, Дайрабайдың және басқа да халық композиторларының шығармаларын шебер орындаушылардың бірі. А-дың өзі де бірсыпыра күйдің («Қайран елім», «Жетім қыз», «Аққыз», «Қосбасар», т.б.) авторы. Қазақстанның халық арт. М. Хамзин, белгілі домбырашы Ә.Әбенова, т.б. өнерпаздар А-дың шәкірттері.

АҚНАЗАР, Хақназар (1510/20 ж.ш. – 1580) – хан (1538-1580), қазақ халқын біріктіруге, хандықты нығайтуға еңбек сіңірген мемлекет қайраткері, қолбасшы, Қасым ханның ұлы. Қасым ханның қарындасы Қараүлікті анасы Қанықей сұлтан-ханыммен бірге паналаған А. Ноғайлының алты әулетін билеген Шахмамайдың қолында тәрбиеленген. Ол әкесі Қасым ханның ісін жалғастырып, Ноғай ордасының бір бөлігін Қазақ хандығына қосты. Мемлекет шекарасын Еділге дейін жеткізді. Башқұрттардың Ресейге бағынбаған бөлігі де Қазақ Ордасының құрамына кірді. Орыстың И.Грозныйы А-ды құдіретті әмірші деп танып, елшілер жіберді. А.Сібір хандығымен күрес нәтижесінде Орта жүздің шеттеген руларын оңтүстікке топтастырды. Ойраттарға күйрете соққы берді (1554). Моғолстан ханы Абд әр-Рашидтың ұлы Абд әл-Ләтиф сұлтанды жеңіп, Ұлы жүз руларының көпшілігін Қазақ Ордасына қосты. Моғолдар шекарасы Тәңіртаудан әрі ысырылды. А. Түркістан, Сауран, Сығанақ, Тараз қ-н қайтарып алды. Қырғыздардың бір бөлігі оны хан деп таныды. Шайбани ұрпақтарымен саяси-дипломат. тәсілмен де, қару күшімен де ұрыстар бастады. Бұхара ханы Абдолла мен Ташкент әмірлігінің алауыздығын пайдаланып, Ташкентті Қазақ Ордасына қосуды мақсат еткен А-ды одақтасы Бабасұлтан опасыздықпен ажалға жықты. А-дан Дінмұхамед, Мұңғытай, Бозғыл есімді ұрпақтар тараған. Дінмұхамед біраз уақыт Ташкентті билеген. Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан осы А. ханның ұрпағы.

Әдеб.: Абусеитова М.Х., Казахское ханство во второй половине XVI в., А.-А., 1985.

АҚ ОРДА – 13-15 ғ-да қазіргі Оңт., Оңт.-Шығыс Қазақстанды мекендеген көшпелі тайпалар одағының мемлекеті. 13 ғ-дың 20-30 ж. Жошының тұңғыш ұлы Орда Ежен иелігіне қараған, бүгінгі Қазақстанның батыс өңірінен басқа аймақтарды түгелге жуық қамтыған, шығысы

Ертіс ө-нің орта ағысына, батысы Ұлытау мен Сарысу ө-не жетіп, оңт. Сырдарияның жоғарғы ағысына, солт. Тобыл мен Есіл ө-деріне дейін қамтыды. Қуаты кемелденген державаға айналған шағында батыстағы иелігі Еділге дейін жетті. Жошының көзі тірі кезінде-ақ дербес мемлекеттік құрылым болып жарияланғанымен, А.О. саяси дамуы мен қалыптасуы бірнеше кезеңге жіктеледі: дербес ұлыстың қалыптасуы (1221-1301); билеушілерінің алауыздығы салдарынан ресми түрде Алтын Ордаға тәуелділігін мойындаған уақыты (1302-61); дербес мемлекет болуы (1361-78); құлдырауы және күйреуі (1378-1428). Орда Еженнен (1226-47/50) соң Күнқыран (1250/51-80), Қоныш (1289-1301), Құблық (1301), Баян (1301-08, 1310-18), Маңғытай (1308-10), Сасы-Бұқа (1318-21), Ерзен (1321-37/8), Мүбәрак (1337/8-40/1), Теңібек (1340/1-1341/2), Шымтай (1344/5-60/1), Орыс (1361/2-77), Тоқтақия (1377), Құйыршық (11395), Барақ(13396-1428/9) хандар биледі. Хан ордасы әуелде қазіргі Шығыс Қазақстан жерінде, Ертістің жоғ. ағысы бойында, Алакөл маңында болса, 13 ғ. соңындағы саяси өзгерістер астананы Сырдария бойына, Сығанаққа көшіруге мәжбүрледі. А.О. – кейін қазақ халқын құраған қыпшақ, қоңырат, арғын, керей, үйсін, найман, қарлұқ т.б. тайпалардың негізінде құрылған мемлекет еді. Халқының көбі көшпелі малшы болса, біразы егіншілікпен айналысты. Сасы-Бұқаның мұрагері Ерзеннің тұсында Сыр бойындағы қалалар дамып, білім беру және сауда орындары бой көтерді. Оның ұлы Мүбәрак Қожа билікке келгенде А.О. саяси тәуелсіздікке ұмтылып, Алтын Орданың құрамынан шығуға әрекет жасады. Ежелгі Жібек жолының үстінде тұрған елдің экономикасы мен мәдениеті өрлеп, 14 ғ-дың 20-шы ж-дарының соңында өзінің ақшасын айналымға кіргізді. Алтын Орданың құдіретті ханы Өзбек (1312—42) реформатор Мүбәракты биліктен аластайды. Жәнібек хан (1342-57) әулеттің екінші бұтағы, Ерзеннің екінші ұлы Шынтайды 1344 ж. А.О. тағына отырғызады. Әкесі Жәнібек ханды өлтіріп, билікке Бердібек ие болған кезде Алтын Орданың тағы үшін тартыс күшейіп, бұлғақ басталады. А.О. Орыс (Өріс, Ұрұс) хан ел тізгінін алған шақта, іргелі мемлекетке айналып, экономикасы күшейді, дербес саясат жүргізді (кейінгі Қазақ Ордасының хандары осы әулеттен). Еділдің Атырауға құяр сағасындағы қалаларды өзіне қаратып, салық жинайды. Орыс хан тағайындаған әкімдер бұл шаһарларда Тоқтамыс билікті тартып алғанға дейін өктемдік жүргізді. 14 ғ-дың соңындағы Әмір Темірдің бірнеше жорығынан кейін Алтын Орда күйреуге бет бұрып, А.О. да әлсірейді. Әмір Темір мен Тоқтамыстың жауласқанын пайдаланып, А.О. тағына Орыс ханның ұлы Құйыршық, кейін оның ұлы Барақ отырды. Барақ, тіпті, 1422-26 ж. Алтын Орданың билігіне қол жеткізді. Әмір Темірдің шапқындық соғыстары мен өзара қырқыс салдарынан А.О. мемлекеті қатты әлсіреді. Барақ ханның реформалары айтарлықтай нәтиже берген жоқ. Ол өлген соң А.О. күйреп, оған қарасты өңірлер мен халқының басым бөлігі Әбілхайыр хан құрған Көшпелі өзбек мемлекетінің қол астына қарады.

Әдеб.: Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, т.1, Извлечения из арабских сочинений, АПб., 1884; Сафаргалиев М.Г., Распад Золотой Орды, Саранск, 1960; Бартольд В.В., Соч., т.2, ч.1, 1964; Материалы по истории казахских ханств XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений), А.-А., 1969; Қазақстан тарихы, Көне заманнан бүгінге дейін, 2-т., А., 1998; Ускенбай К., Восточный Дашти Кыпчак в XIII – первой трети XV вв. Из истории Ак-Орды//Вопросы истории Казахстана, ч. III, А., 2002.

АҚСАҚАЛ – ауыл-аймақтың жасы егде тартқан құрметті адамы. Тәлім-тәжірибесін, өмір бойы бойына жинаған халықтық игі дәстүрлерді, салт-сананы, мәдениетті ізбасар ұрпаққа үйретуші, үлгі-өнеге көрсетуші, көргені көп, түйгені мол кісі. А. әрқашан аталы сөз айтып, туыстықты, бірлікті, елдікті сақтауға мүдделілік танытады. Ол тек отбасының емес, барша ауылдың тұрмыс-тіршілігіне, шар-на басшылық жасап, игі ықпалын тигізеді. Жастарды білімге, ізеттілікке, еңбекке баулып, ағайын арасындағы кикілжің мен қақтығыстарға басу айтып, қарсыластарды бітімге келтіріп, табыстырып, қауыштырып отырады. Осы қызметі үшін оларды билермен шатыстыруға болмайды. А. ауыл ішінің қарым-қатынасын реттесе, би рулар мен тайпалар, ұлыстар арасындағы ірі дау-жанжалдардың бітімгершілігімен айналысады. А. айтқан аталы сөзден аттап кету – жүгенсіздік, тәрбиесіздік деп танылып, оған тіл тигізгендерге жаза кесілген. А-дармен, ретті жерінде, ресми басшылар да тәрбие, шар., экон., т.б. мәселелер жөнінде ақылдасып, кеңес алуды дұрыс деп есептеген. Қазақтар

жайлы этнограф., фолькл. және тарихи деректерге қарағанда, 60-тан асқан (пайғамбар жасына жеткен) адамдар А. атану құрметін иеленген. Дегенмен, тұлғаның А. атануы оның биологиялық ерекшелігіне емес, ең алдымен өмірлік тәжірибесіне, ақылгөйлік қасиетін әлеуметтік ортаның мойындап, бағалағанына байланысты еді. Сондықтан, 5-ші мүшелге аяқ басқан, яғни 49 жасқа толған ауыл иесі А. атанған жағдайлар көп. В.В.Бартольдтың айтуынша, А. – қолында ресми билігі жоқ, бірақ қауым үшін сіңірген еңбегі мойындалған, ақыл-парасатымен, өмірлік тәжірибесімен үлкен-кішіні аузына қаратқан адам.

АҚСАҚТЫҢ АЛТАУЫ—Келдібектің бәйбішесінен туатын алты ұлы: Сәдібек, (Қаздауысты) Қазыбек, Асан, Үсен, Балапан, Бөдене. Бұлардың анасы Тоқмейіл Ақымбет деген Керейдің қызы екен (кейбір дерек көздері Тоқмейілдің сүйегі Тарақты дейді). Ауыздан ауызға жеткен аңыз бойынша, Тоқмейілдің бір көзі қыли, аяғы ақсақ, омырауында алақандай қалы болған, балаларының «Ақсақтың алтауы» атануы содан. Дене мүшесінің кемшілігін бетіне баспақ болған ауыл есерсоқтарының біріне Тоқмейіл анамыз: Оның рас: көзім қыли, ақсақпын,/ Келдекеңмен сондай тату, жақсы-ақпын/ Татулықтың белгісіндей тамаша/ Бес Бошанды билейтін ұл таппақпын,-- деген екен. Тоқмейіл балаларының жас кезіндегі іс-әрекеттеріне қарап отырып, болашақта олардың, ұрпақтарының мінез-құлқы қандай болатының да дәл айтып беріпті. Мысалы, Қазыбекке: «Сөзден болар кәсібің, Елден болар нәсібің» десе, Сәдібекке қарап: «Осы неме ызақор болады ғой деймін, бір емшегімді еміп жатқанда, жылдам тамақтандырмадың деп екіншісін тырнап тастайды» деген екен. Кейін қонысқа таласқан елдің куәге тартқан моласын бір түннің ішінде құлатып, кесек кірпіштерін қоржынмен сайға тасып, орнына бір отар қой иіріп, жерін тартып алған осы Сәдібек атаның ұрпақтары. Ел ішінде олар «мола бұзар Сәдібек» атанған. Асан жайлы анасы: «Осы неме ұшқалақ болады ғой деймін. Жасында отқа-суға түсіп кете берді. Әрең ие болдым» депті. Кейін құйын соғып кеткенде жау кеп қалды деп елді дүрліктіріп, «құйын қуған Асан» атанып ұрпақтары. Үсенге: «Осы неме кербез болады ғой деймін, саусағына күйе жұғып кетсе, қашан сүртіп тастағанша саусағын шошайтып, жылап отырады» деген дүр. Үсен (Құланшы) ұрпақтары шынында кербез, сәнқойлығымен ерекшеленеді. Балапан туралы: «Осы неме шешен болады ғой деймін. Жылағанда көрем, таңдайының мөрі бар» депті. Балапан шешендігімен 18 жасында би болған екен. Бірақ, ағасының абырой асқақ болып, ауыл-үйдің дауына билік айтудан аспапты. Бөдене жайлы: «Осы неме батыр болады ғой деймін. Басқа балалар бесікте жатқанда жіп қолбау шыдаушы еді, бұл жылап шіренгенде таспадан өрген қолбауды үзіп жібереді» деген екен. Бөдене шынында да батыр болып, атақ-дәрежесін көре алмаған туыстары Қаздауысты Қазыбекке жабылып, өлтіргелі жатқанда құтқарып алыпты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АҚСҰҢҚАРҰЛЫ Серік (29.3.1950, Қарағанды обл., Ақтоғай ауд., Қызыларай а.) – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1986), шығ-лық жастардың «Жігер» респ. фестивалының, Халықар. «Алаш» әдеб. сыйлығының лауреаты. С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. ҚазМУ-дың журналистика ф-інде оқыған. Еңб. жолын 1967-74 жж туған а-ында шопан болып бастады. 1974-78 жж Ақтоғай ауд. «Арқа еңбеккері», 1978-80 жж бұрынғы Талды ауд. «Шұғыла» – «Восход», 1980-87 жж Қарқаралы ауд. «Коммунизм таңы» газеттерінде тілші, бөл. меңг-сі қызм. атқарды. 1987-90 жж еркін шығ-шылықпен айналысты. 1990 ж-дан Қазақстан Жазушылар одағы Қарағанды облысар. бөл-сінің жауапты хатшысы һәм «Орталық Қазақстан» газетінің тілшісі лауазымында еңб. етеді. А-ның өлеңдері «Көктем тынысы» (1975), «Қарлығаш» (1981) жинақтарында жарық көрген. «Жиырмасыншы ғасырдың жиырма сәті» (1984), «Ғасыр кардиограммасы» (1991), «Жез тасқын» (1988), «Қызыларай» (1990), «Адам Ата – Һауа Ана» (2000), «Төбемнен жауһар жауып тұр» (2005), «Өмір деген – күнді айналу», т.б. атты өлеңдер мен поэмалар жинақтары жарық көрді. Ол шетел ақындары А.С.Пушкин, А.Ахматова, М.Цветаева, Е.Евтушенко, А.Вознесенский, Р.Рождественский, М.Бсису, П.Неруда, Н.Хикмет, т.б. өлеңдерін қазақ тіліне аударған.

«АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА» (1723-25) – қазақ халқының тарихындағы қасірет, Отанға қауіп, ел басына күн туған кезең. 1718 ж. Тәуке хан қайтыс болған соң Үш жүздің арасы алшақтап, Қазақ хандығының саяси-әскери күші күрт әлсіреді. 1723 ж. көктемінде бейқам жатқан қазақтар жойқын шабуылға тап болды. Жыраулар шығармашылдығындағы деректер мен А.Левшиннің жазуы бойынша, жоңғар қалмақтары әрқайсында бір түмен (10000) әскері бар 7 лек болып, бейбіт елге бас салған. Қалдан Серен Балқаш бойымен Қаратау, қонтайшы Құлан Батур Алтайдан өтіп, Көктал ө., Әмірсана Нұра ө., Доржы Шелек ө., Дода Доржы Шу ө., Сыбан Рабдан Іле ө. бойымен, Лама Доржы Есік қ-сы арқылы шабуылдай отырып, жолындағы жұртты харап қылған дүр. Қазақтар кейбір жағдайда қарулы қарсылық көрсетіп, қаша соғысуға мәжбүр болады. Түркістан қ-сын қорғауға Айшыбек, Қабанбай батырлар басшылық жасады. Сайрам қ-сын бағындыра алмаған жау шаһарға келетін өзендердің арнасын басқа жаққа бұру арқылы тұрғындарды шөл азабына ұшыратып, иеленеді. Тұтқиылдан болған шабуыл салдарынан майдан далаларында 100 мыңға жуық қазақ жігіті жер жастанды. Бейбіт елдің шығыны тіпті көп еді. Сұрапыл соғыс зардабы әсіресе қазіргі Оңт.Қазақстан өңірлеріндегі, Талас пен Сырдария ө-дері бойындағы Ұлы жүз бен Орта жүз қазақтарына қатты тиді. Ғасырлар бойы жасалған мәдениет пен материалдық игілік жойылып, өркениетке орны толмайтын нұқсан келді. Шаһарлар қаңырап, бау-бақша мен егістік алқаптар құлазып, сауда-саттық пен қолөнер құрып кетті. Кейбір тарихшылардың көрсетуінше, әйгілі Отырар кітапханасы осы кезде жойылған. Халықтың қанды қасаптан аман қалған бөлігі атамекенінен ажырап, аштық пен індетке ұшырады. Құтты қоныс, баспанасы мен мал-мүлкінен айрылған, жаяу-жалпы, аш-жалаңаш шұбырған жұрт жаздың ми қайнатар ыстығында шөлден қырылса, қақаған қысқы аязда үсіп өлді. Табанынан таусылып, шұбырып, қалжыраған жұрт «Елім-ай» деген зарлы ән тудырып, ұлттың басына төнген апатқа «А.ш., А.с.» деген атау берді. Жоңғар шапқыншылығы күйзелткен қазақ даласына Еділ бойындағы торғауыт қалмақтар мен Ресей империясы айдап салған казак-орыстар, башқұрттар мен Қоқан, Бұхар мен Хиуа өзбектері жан-жақтан шабуыл жасап, көкпарға салған терідей тартқылады. Қасіреті ауыр, зардабы зор зұлматқа ұшыраған қазақ халқы ұлт ретінде жер бетінен жоғалып кету қаупіне тап болды. Ешкім жанашырлық танытпайтынына, алауыздық салдарынан құрып кетуден тек өзінің қажыр-қайраты, тұс-тұстан анталаған жауға тойтарыс беру әрекеті ғана құтқара алатынын түсінген қазақтар ынтымақтаса бастады. Көзінің жасы, көкірегінің шері ел басына күн туып, ер етігімен су кешкен «А. ш., А.с.» заманында «Елім-ай» сияқты зар болып шыққан дала жұрты азаттық пен ерлікке құлшынды. Хандар мен сұлтандар дара-дара боп жүргенде халық арасынан шыққан билер мен батырлар ұлт ұлдарының басын қосып, 1726-27 ж. мұғдарында жоңғарларға тегеурінді тойтарыс бере бастады. Бұланты ө. Бойындағы шайқас Аңырақай, Қара сиыр даласындағы соққыларға ұласты. «Абылайлап!» жауға шапқан жас сұлтан Әбілмансұрды ақ киізбен хан көтеріп, Қазақ Ордасының уығын қайта шаншыды. Халық санасына «А.ш., А.с.» болып орныққан қасірет ұлт тарихынан мәңгілік орын алды.

Әдеб.: Қазақтың көне тарихы, А., 1993; Қозыбаев М., Тарих зердесі, 1-т., А., 1998; Қазақстан тарихы, 3 т., А., 2002.

АҚТАСТЫ, ауыл, Тәттімбет а. округінің орталығы. Егіндібұлақ аулының солт.-шығ-ында, 60 км жерде орналасқан. «Жаңа негіз» және «Қызыл ту» ұжымшарлары біріктірілуі негізінде 1934 ж. ірілендірілген Жамбыл атынд. к/здың орталығы болды. 1959 ж. Хрущевтің реформасы тұсында «Арқалық» кеңшары болып қайта ұйымдасты. Шар-ының негізгі бағыты қой түлігін өсіріп, ет пен жүн өндіру еді. Тұрғындар саны – 0,9 мың адам (2015), жер көлемі – 133 мың га. Қазір ауыл округі өңірінде жиырма шақты шаруа қожалығы, орта мектеп, ОДА, Мәдениет үйі, екі кітапхана, пошта байланыс торабы жұмыс істейді. А. а-нан 15 км жерде, Түндік ө-інің сол жағалауындағы жатаған төбенің үстінде әйгілі композитор, Арқаның шертпе күй мектебінің негізін салған Тәттімбет Қазанғапұлының зираты бар. А. басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады.

АҚША (т.-ө. ж. б.) – қазақ шежіресі бойынша, Қаракесектен (Болатқожа) тарайтын екі атаның (Ақша, Түйте: балтаның жүзін «ақша», дүмін «түйте» деп атайды) бірі (т.ө.ж.б.). Ақшадан – Бошан; одан – Таз, Байбөрі, Жанту, Манат, Машай (бес Бошан); Таздан - Наманай

мен Бұлбұл; Бұлбұлдан – (Қаракемпір балалары) Тәңірберді, Қасымжорға, Ағым, Ұзын, Жанан; (Құбакемпір балалары) Алдияр, Күшік, Үсен, Шаншар, Құдайберлі; Шаншардан – (Айбикенің төрт бегі) Келдібек, Жәнібек, Тыныбек, Әсірбек; (Нұрбикенің төрт бегі) Тұрлыбек, Бердібек (Бертіс), Тілеубек (Тілеуке), Ақылбек; (Қыздамбикенің жалғызы) Алсай; Келдібектен – Қаздауысты Қазыбек, Сәдібек, Асан, Үсен, Балапан, Бөдене тарайды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АҚША – сауда, айырбас номиналының қазақша атауы.

АҚШАБАЕВ Ақылбек (1912, Ақмола уезі, Аршалы бол. – қайтыс болған ж. мен жері анықталмады) – партия, кеңес қызметкері. Ақмола темір жол техн-ның 3 курсын оқып, 1932-33 жж осында практикадан өтті. 1933-35 жж Солт. Қазақстан обл. Степняк ауд. комсомол к-і ұйымд. бөл-нің меңг-сі, Қызыләскер ауд. комсомол к-інің хатшысы, 1935-36 жж Сауда халкомы Қарқаралы округі бойынша бас. мемл. инспектор, 1936-37 жж Қарағанды обл. тұтынушылар одағының нұсқаушысы, 1937-39 обл. сауда басқ-сы шар. есеп маг-нің дир-ы, 1939-41 жж Мыс өндірісін азық-түлікпен жабдықтау Өспен бөл-нің, 1941-42 жж Тельман (қазіргі Бұқар жырау құрамында) ауд. тұтынушылар одағы басқ-ның, 1942-44 жж обл. тұтынушылар одағы басқ-ның бастығы, 1944 ж. Қарағанды обл. атқару к-і төрағасының ор-ы, 1945-46 жж Қу ауд. атқару к-інің төрағасы қызм. атқарды. А-тың одан кейінгі тағдыры жайлы мәлімет табылмады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АҚШОҚЫ – жота, Дастар тауының сілемі. Егіндібұлақ а-ның шығ-да, 37 км жерде орналасқан. Ең биік жері 940 м. Солт-тен оңт-ке қарай 7 км-ге созылып жатыр. Ең енді жері 5 км-ге жетеді. Девон жыныстарынан түзілген. Қызыл қоңыр топырағында қараған, тобылғы сияқты бұталар мен бетеге, жусан, т.б. шөптесін өсімдіктер өседі. Оңт.-шығ. беткейінен суы ащы Сарыөзен бастау алады.

АҚЫЛБАЙ Абайұлы (1861, қазіргі Шығ. Қазақстан обл. Абай ауд. Шыңғыстау қонысы – 1904, Семей)—ақын. Абайдың үлкен ұлы. А. сазгерлік талантымен де танымал. «Бір ән тауып Әлекең бер деген соң» деп басталатын «Ақылбайдың әні» халыққа кең тараған. Шығыс, орыс, Еуропа әдебиетімен жақсы таныс болған. Әкесі Абайдың кеңесімен ағылшын жазушысы Г.Хаггарттың(1856 – 1925) «Сүлеймен патшаның кеніші» романының сюжеті бойынша «Зұлыс», Дағыстан еліндегі әділет пен зұлымдық күресін арқау етіп «Дағыстан» және «Жаррах» поэмаларын жазған. Алғашқы шығарманың біраз бөлігі, соңғы поэма тұтасымен жоғалып кеткен. Бұл шығармаларда сол тұстағы қазақ өмірі үшін мәні зор әлеум. мәселелер көтерілді. А-дың әйгілі шығармасының бірі шешесі Ділда тіккен сары тонға байланысты «Арғы атаң ер Қазыбек әулие өткен» деп басталатын, нағашылар әулетін мадақтаған өлеңі. А-дың одан басқа 4-5 лирикалық өлеңі сақталған.

АҚЫНОВ Хоседияс (Сапарбек) Ақынұлы (1.04.1937, Егіндібұлақ а. – 12.02.1995, Егіндібұлақ а.) – инженер-механик, а. шар. жұм. ұйымдастырушы. ОМ кейін, 1957 ж. тау-кен техн., одан соң Алматы а. шар. ин-ның а. шар. жұм-ын механикаландыру ф-ін бітіріп, Егіндібұлақ ауд. «Казсельхозтехника» сауда кеңсесінің дир-ы қызм. атқарды. Кәсіпорын кейін ауд. өндірістік бірлестік болған кезде оны қайта құрып, 1971 ж. Егіндібұлақ ауд. кеңесі атқару к-і төрағасының ор-ы болып тағайындалды. Мұнда күрделі құрылыс және коммун. шар. саласына жауап беріп, ауд. өркендеуіне үлес қосты. 1975 ж. «Қаратау» с/зы дир-ының лауазымына бекіген А. санаулы ж-да шар-ты ауд-ғы үздік кәсіпорын қатарына қосты. Ұйымдаст. қабілетімен танылған ол көптеген мемл. марапаттар, соның ішінде Еңбек Қызыл Ту ордені мен медальдар иеленді.

АЛАШ АВТОНОМИЯСЫ – 1917 ж. Орынбор қ-да өткен жалпықазақ съезінде жарияланған қазақтың ұлттық-аймақтық мемлекеттілігі (1917-1920 жж). Съезд шақыру жөнінде алдын ала құрылған комиссияның (құрамында Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Досжанов, Е.Омаров бар) белсенді еңбегі нәтижесінде екінші жалпықазақ съезіне 80-ге жуық делегат қатысты. Форум Бақтыгерей Құлмановтың төрағалығымен өтті. Төрағаның серіктері (орынбасарлары) болып Ә.Бөкейханов, Ж.Досмұхамедов, Ә.Кенесарин, О.Қарашев, хатшылары болып Д.Күсепғалиев, М.Дулатов, С.Кәдірбаев сайланды. Съездің күн тәртібіне

он мәселе қойылса, оның аса маңызды екеуі – қазақ автономиясы мен милициясы туралы Х.Ғаббасов баяндама жасады. Оларды жан-жақты талқылаған съезд делегаттары осы екі мәселеге қатысты саяси мәні зор қаулы қабылдады. «Автономия туралы Халелдің баяндамасын тексеріп, қазанның аяғында Уақытша Үкімет тақтан түскенін, Руссия мемлекетінде халыққа сенімді және беделді үкімет жоқтығын... және бұл бүлікшілдік біздің қазақ-қырғыздың басына да келуі мүмкін деп ойлап... съезд бір ауыздан қаулы қылады: 1) Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі – халқы қазақ-қырғыз, халі, тұрмысы, тілі бір болғандықтан, өз алдына ұлттық, жерлі автономия құруға; 2) Қазақ-қырғыз автономиясының жер үстіндегі түгі-суы, астындағы кені Алаш мүлкі болсын;... 5) Қазақ-қырғыз арасында тұрған аз халықтың құқықтары теңгерілді. Алаш автономиясына кірген ұлттардың бәрі бүкіл мекемеде санына қарай орын алады... 6) Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатында Уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Мұның аты «Алашорда» болсын». Кеңес өкіметі мен оның басындағы большевиктер мемл-тік құрылысты ұйымдастыру үшін ұлтты тапқа жіктеу принципін негізге алса, Алаш көсемдері ұлттық бірлік саясатын ұстанды. Олар қазақ халқын әрдайым ұлттық тұтастық пен бірлікке шақырумен болды. II жалпықазақ съезі милиция жасақтарын құруды да жан-жақты талқылап, А. а-на кіретін облыстар мен уездердің әрқайсысындағы милиция санын анықтап, оларды соғыс өнеріне үйретуге және қажетті қару-жарақ пен оқ-дәріге кететін шығынды Алашорданың ұлттық қоры есебінен бөлуге шешім шығарды. Съезд милиция құру қажеттігін былай түсіндірді: «...осы күнде мемлекет ішінде бассыздық, талан-тараж, қырылыс-талас болып жатқанын ескеріп, қырғыз-қазақты мұндай бүліншіліктен қорғау үшін ... ешбір тоқтаусыз милиция түзетуге кірісуі тиіс...» («Сарыарқа», 1918, 25 қаңтар). Милиционерлерді әскери тәртіп пен соғыс өнеріне үйрету һәм қазақ офицерлерін даярлау үшін съезд шешімдерінде Орынбор казак әскерлерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажеттігі атап көрсетілді. Сөйтіп, съезд Алашорда атты қазақ автономиясын құрды. А. а-ның ұйымдасуына алғашқы күннен қатысқан, II жалпықазақ съезінің делегаты Әлімхан Ермеков оқиғаның қалай өрбігені жайлы төмендегідей кепті шертеді: «Желтоқсанның 12-і күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге Алаш автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды. Алты алаштың баласының басына Ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Үлкен ауылдарға қоңсы қонып шашылып жүрген қырғыз-қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт отанды болды» («Сарыарқа», 1918, 22 қаңтар). Съезд А. а-н ұлттық-аймақтық («ұлттық-жерлі») негізде құрылсын деп шешуі, сөз жоқ, үлкен қоғамдық-саяси мәнге ие болған тұжырым еді. Ұлттық-аумақтық қазақ автономиялық мемл-ін құруда съезд делегаттары бірауыздылық танытқанымен, автономияны ресми түрде жариялауға келгенде алауыздық орын алды. Бұл жағдай мемл. құрылым ретінде жаңадан қалыптаса бастаған автономия үшін қатерлі болды. Себебі, автономияны ресми түрде жариялағанға дейін оған қазақ халқына, оның жеріндегі басқа жұрт өкілдеріне Алашорда өкіметін мойындату қиын еді. II бүкілқазақ съезінде автономияны жариялау жөнінде қызу айтыс-тартыс болды. Бұған қазақ жерін мекендеген өзге халық өкілдерінің (ең алдымен орыстардың) пікірін білу және Түркістан өңірін мекендеген оңт. қазақтарының автономияға қосылу яки қосылмауын шешу мәселесі негіз болды. Ә.Бөкейханов басқарған (оны 42 делегат жақтады) бірінші бағыттағылар Қазақстанды мекендейтін орыстардың пікірін анықтағанша автономия жариялауды кідірте тұруды ұсынды. Ж.Досмұхамедов бастаған Орал облысы мен Бөкей ордасының өкілдері (барлығы – 33 адам) автономияны дереу жариялауды талап етті. Әйтсе де, ұлттық жалпыхалықтық мүддені жеке бастың саяси ұпай жинауынан биік қойған Бөкейханов пен Досмұхамедовтің топтары А. а-н жариялау мерзімі жайлы ортақ келісімге келіп, ымыраласты. Бастапқыда бүкіл қазақ жерін Түркістан («Қоқан») автономиясы құрамына қосуды ұсынып, кейін ол пікірінен бас тартқан Мұстафа Шоқай қарсыластардың ортақ шешімге келуіне әсерін тигізді. Сөйтіп, съезд қабылдаған ымыралы қаулының негізгі баптары төмендегідей: «1) Алашорда бір айдың ішінде Түркістан қазағын бүкіл Алашқа қосып алады, қосып алса да, алмаса да бір айдан кейін халыққа

білдіреді... 2) Егер бір айдан кейін Алаш баласы (қазақтар) қосылмаса һәм қалған Алашқа иғлан (жария) етілмесе, әркім өз күнін өзі көреді. 3) Егер Түркістан қазағы бір айда бізге қосылса, автономияны қашан иғлан ету ықтияры Алашордаға берілсін» («Ақиқат», 1993, №3, 76-6.). II бүкілқазақ съезі Түркістан өлкесін мекендеген қазақтардың А. а-на қосылу яки қосылмау мәселесін талқылау үшін Сырдария облысы қазақтарының съезін шақыруды ұйғарды және оған өздерінен өкіл етіп Б.Құлмановты, М.Дулатов пен Т.Құнанбаевты жіберуді ұйғарды. Осыған орай Ә.Бөкейханов пен М.Шоқай біріккен мәлімдемеге қол қойып, ол «Қазақ» газетінің 1917 ж. 18 желтоқсандағы №255 санында жарық көрді. II жалпықазақ съезінде қабылданған Қазақ автономиялы ұлттық-аймақтық мемл-ін құру туралы шешімге саяси баға бере келіп Ә.Бөкейханов кейінірек (1919 ж. 11 ақпанда) былай деп мәлімдеме жасады: «... съездің бұл шешімі қазақтар мекендеген аймақта анархияны болдырмау, өлкеде большевизмнің дамуына жол бермеу мүдделерінен туындады... Сол кезде Ресейде орын алған жағдайда қазақтардың жариялаған автономиясын жүзеге асыру мүмкін емес еді. Кезекте бостандықтың жауы – большевизммен күрес тұрды» (Алаш-Орда. Сборник документов. А.., 1992, с.138). Бұрынғы Ресей империясы аймағында өріс алған азамат соғысы жылдарында большевиктер басқарған кеңес өкіметіне қарсы күресте Алашорда үкіметі жеңіліс тапты. Жауыздық ниетін жалған ұрандармен бүркемелеген кеңес өкіметі жеңіске жеткен соң А. а-н және оның үкіметі Алашорданы тарих сахнасынан күштеп кетірді.

АЛАШ ПАРТИЯСЫ – қазақ интеллигенциясының ұлттық демократиялық саяси ұйымы (1917-1920). 1917 ж. 21-26 шілдеде Орынбор қ-да өткен I Бүкілқазақ съезінде құрылды. А. п-н құру үшін ұлттық-демократиялық қазақ интеллигенциясының жұрт танығ жетекшілері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, М.Шоқай, Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, Х.Ғаббасов, т.б. қайраткерлер 1905-17 жж қажырлы еңбек етті. 1905 ж. бастап саяси партия ұйымдастыру ісімен белсене араласқан қайраткерлер (ең алдымен, ұлт көсемі Ә.Бөкейханов) 1905-07 жж либералдық бағыттан, «кадетшілдіктен» 1917 ж-ғы ұлттық-демократиялық мақсаттағы, Ресейдегі өзге саяси партияларға сын көзімен қарайтын деңгейге дейінгі эволюциялық даму жолынан өтті. Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары 1905 ж. Ресейдегі патша билігіне оппозицияда болған конституциялық демократтар (кадеттер) үлгісіндегі қазақ ұлттық саяси партиясын ұйымдастыруға талап қылғанда, XX ғ. басындағы Қазақстанды буржуазиялық қатынасқа бастайтын ұлттық-либералдық саяси ұйым құруды ойластырған еді. Бөкейханов пен оның серіктерінің 1905-17 жж эволюциялық көзқарасы 1917 ж. шілдеде ұлттық-демократиялық мақсатқа негізделген А. п-н ұйымдастыруға алып келді. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сынды ұлттық-демократиялық интеллигенциясының көсемдері бастаған А. п-ның сапына сол тұстағы қазақ ғылымы мен шығ-ның бірегей тұлғалары, халық мүддесі үшін басын құрбандыққа шалуға даяр тұрған М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Х.Ғаббасов, Ш.Құдайбердиев, М.Шоқай, Ғ.Қарашев, С.Торайғыров, Ә.Ермеков, Жаһанша һәм Халел Досмұхамедовтер, т.б. кірді. А. п. қоғамдық-саяси өмірге араласа бастаған 1917 ж. жазынан оны кеңес өкіметі күштеп таратып жіберген 1920 ж-ға дейін маңызды үш ұлттық мақсатты белгілеп, табанды жұмыс істеді. Ол мақсаттар: қазақ халқын отарлық езгіден құтқару; оның мемлекеттілігін қалпына келтіру; қазақ қоғамын өркениетті елдер қатарына жеткізу. Аталған түбегейлі мақсаттарды және солардан туындайтын өзге де әлеуметтік-саяси міндеттерді шешуді А. п-ның жетекшілері эволюциялық реформа жолымен жүзеге асырмақ болды. Аталған міндеттер I жалпықазақ шешімдеріне бойынша Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Е.Омаров, Е.Тұрмұхаммедов, Ғ.Жүндібаев, Ғ.Бірімжанов әзірлеген партия бағдарламасы жобасында көрсетілді. Бағдарлама жобасы «Мемлекеттік қалып», «Жергілікті бостандық», «Негізгі құқық», «Дін ісі», «Билік және сот», «Салық», «Ел қорғау», «Жұмысшылар», «Ғылым-білім үйрету», «Жер мәселесі» деген он бапқа жіктелді. Көлемі шағын болғанымен, мазмұны терең бағдарлама жобасы 1917 ж. қарашада өткен Құрылтай съезі сайлауында А п-ның маңызды табысқа жетуін қамтамасыз етті және 1917 ж. 5-12 желтоқсанда Орынборда өткен II бүкілқазақ съезінде қазақ халқының әртүрлі әлеуметтік топтары өкілдерінің бірігуіне саяси негіз жасады. Осы форумда Алаш автономиясын,

Алашорда үкіметін құру туралы, т.б. шешімдері жоспарлы міндеттерді іске асыруға бағытталған алғашқы һәм маңызды қадамдар болды. А. п-сы 1917 ж. қазан төңкерісі жеңістерін, кеңес өкіметінің идеялары мен іс-жоспарларын қабылдамады, оларға қарсы шықты. Сондықтан да, большевиктер билік басына келген соң, А. п-сы күштеп таратылды. А. п-сының мүшелері мен оны қолдағандар (толық емес): Абдулғафаров (Әбдіғапаров), Абдуллин Қалдыбай, Абылайханов, Ағаев Ерулай, Айдабосынов Әмірәлі, Аймауытов Жүсіпбек, Айсарин Дәулетия, Ақаев Серікбай, Ақбаев Жақып, Ақжолов Жәміл, Ақжолов Есет, Алдабергенов Серіқұл, Алдияров Әбубәкір, Алмасов Омар, Алыбаев Сұлтанмұхамед, Аманжолов Садық, Ананасов С., Андронов Сегізбай, Аңдамасов, Асанов, Асанов К., Аспанов, Асфендияров Санжар, Атшыбаев Беркінғали, Арабаев Ишанғали, Ахметжанов Хайырша, Ахметов Оспан, Әбінов А., Әділев Досмұхамед, Әжігереев Сейтжан (Сейітхан), Әлібеков Ғұбайдолла, Әлімбеков Имам, Әлімбеков Оразалы, Әлжанов Отыншы, Әлмәмбетов Әуелхан, Әуезов Мұхтар, Баетов, Байбатыров, Байғарин Әлжан, Байдәулетов Ж., Байдәулетова И., Байділдин Әбдірахман, Байзақов Мәуленқұл, Байменов Бейсенбай, Байтұрсынов Ахмет, Барлыбаев Ахметулла, Баштаев Мұқұш, Бәйтенов Ысмайыл, Бәтішев Кәрім, Бегалиев Оразғали, Бегметов Тоқтар, Бекімов, Бекентаев Құсайын, Бекбосынов Мұратбай, Бейсенов Т., Бейсов Г., Бекманбетов Т., Бектағыров (Жүсіпов А.), Бердалин Қабыш, Берденов Ғабдулла, Бірімжанов Ахмет, Бірімжанов Ғазымбек, Бірмақанов Абдулхамит, Болатжанов Пашабек, Болғанбаев Хайретдин, Боштаев Мұқыш, Бөкейханов Әлихан, Бурабаев Ғабдулла, Ғаббасов Халел, Ғабдуллин Камелетдин, Ғайсин Жәнібек, Ғалиев С., Деміров Абдолла, Деміров Әбділда, Досжанов Ғабдықәрім, Досжанов Ғабдолла, Досжанов Сағындық, Досмұхамедов Жаһанша, Досмұхамедов Халел, Дулатов Міржақып, Дүйсебаев Төлебай, Дүйсенбаев Рахымжан, Дүйсенбаев Сыздық, Дүйсенбинов (Дүйсенбин) Сыздық, Елшин Сағынай, Ержігітов Бейсенбай, Ержігітов Имамберлі, Ермеков Әлімхан, Ермеков Әлмұхамет, Есболов Мырзағазы, Есеналдин Әлмұхамет, Есенгелдин А., Есенғұлов Омар (Ғұмар), Есенғұлов Т., Есенқұлов Керей, Ешмұхаметов Әділ, Жажалинов (Джажалинов) Ғұмар (Омар), Жайнақов Ыбырайым, Жайпақов Т., Жақанов Сейтжан, Жақандамов Б., Жақыпбаев Жүсіпбек (Юсупбек), Жамашев Тәңірберген, Жанайдаров Сейілбек, Жаманмұрынов Т., Жанбаев Есет, Жандыбаев Тұрмұхамед, Жанғарин Ілияс, Жанқаділов, Жанарашев Отаркұл, Жөленов Кәрім, Жәнібеков Жанұзақ, Жәнібеков Омар, Жетпісов, Жинабаев, Жұмабаев Мағжан, Жұмашев Кәуби, Жүндібаев Ғабдулхамит, Ибрагимов Хасен, Ибрашев Қазмұқанша, Исағұлов Серғазы, Исатов Тоқтабек, Ипмағамбетов Нұрғали, Итбаев Ережеп, Кафка Виктор, Көкенов Әбділда, Көкенов Қожахмет, Кәлменов Нұрмұхамед, Көшікбаев Ғайзи, Кемеңгеров Қошке (Хошмұхамед), Кенесарин Әзімхан, Кенесарин Қасымхан, Келгенбаев Сүлеймен, Кенжин Аспандияр (Асфендияр), Кейкин Аспандияр (Аспендияр), Көкішев Нұрахмед, Көтібаров Әлмұхамед, Көсембаев Салмақбай, Көшербаев Ыдырыс, Көшеков Иман, Күрлеуітов Балға, Күсемісов Салмақбай, Күсенғалиев Азамат, Күсенғалиев Ш., Күсепғалиев Дәулетше, Қағатов, Қадырәлиев Д.,Қадырбаев А., Қадырбаев (Кәдірбаев) Сейдғазым, Қамшыбаев Оразбай, Қарабалин Мұхамедрахым, Қарбеков Жәмшит, Қараддин, Қаратілеуов Сәлімгерей, Қарашев Омар (Ғұмар), Қарманов Сейілхан, Қарпықов Аманғали, Қарпықов Иманғали, Қарпықов Қазыгелді, Қарпықов Салық, Қасаболатов (Қасболатов) Есенғали, Қаскеев Ғабдолла (Ғалидулла), Қасымов Әлмұхаммед, Қасымов Ибрагим, Қашқынбаев Иса, Қодаров, Қожабаев, Қожаев Абдолла, Қожабергенов, Қожанов Сұлтанбек, Қожахмедов, Қожықов Қоңырқожа, Қозыбағаров Ахметжан, Қолбаев Құлнәзір, Қондыбаев Отарбай, Қосуақов Ахметкерей, Қошанов, Құдайбердиев Шәкерім, Құлбарақов Хакім, Құлбәуенов (Құл-Бәуенов), Құлжанов И., Құлманов Бақыткерей, Құсбағалиев Дәулетше, Құсайынов Ғизатолла, Мақатов Райымбек, Мақұлов Мағди, Малдыбаев Біләл, Малдыбаев Мұстақым, Малқашев Ыбырайым, Масанов Айдарбек, Мамытов Базарбай, Маху Юнус, Мәмбеев Ғабдұрасұл, Мәрсеков Райымжан, Медетов Т., Мергенов Жанғожа, Мешенбаев Сыдық, Молдыбаев Иса, Мұқанов Мұхамедғали, Мұқашев Ғабдолла, Сисекенов Бермұхаммед, Солтанаев Жәпек, Сұлтанбаев Ж., Сұлтангереев Н., Сұлтантеміров К., Сүлеев Біләл, Сыдықов Ғабдұлкәрім, Тазабаев Имамбек, Танашев

Уәлихан, Тәбібаев Есберген (Исимберген), Тәлібаев Өміржан, Тәжіметов Қабылан, Тәукин Мұзафар, Тергеусізов Иса, Терлікбаев, Тілепин Күменғали, Тоқбергенов Исахан, Тоқтамысов Хамит, Тоқтыбаев, Тоқсанбаев Қойсерке, Торайғыров Сұлтанмахмұт, Торсанов Қази, Төлеубаев Мырзахан, Тұнғаншин Ахмет, Тұрғанбаев Мәнкен, Тұрлыбаев Айдархан, Тұрмұхамедов Есенғали, Тұрымопаев О., Тынышбаев Мұхаметжан, Тілеубергенов Жұмекен, Үкібаев Қаражан, Хамитов Нәжіп, Хайырша, Хасанов Шәймерден, Шайназаров, Шайхы, Шанайбаев, Шаһмарданов, Шәуменов Намазбай, Шегіров Ахмет, Шегіров К., Шекмұхамедов Дәулеткерей, Шендриков Степан Никифорович, Шеңгелбаев Ғазиз, Шешеров Аманбай, Шоқай Мұстафа, Шонанов Телжан, Шұғайынов Б., Ыбыраев (Құнанбаев) Тұрағұл, Ысқақов А., Ысмайылов Мөңке (Жанке) (?).

АЛАШОРДА, Ұлт Кеңесі – Алаш автономиясының үкіметі (1917-1920). 1917 ж. желтоқсанның 5-13 күндері Орынборда өткен жалпықазақ съезінде сайланды. Құрамында 25 мүшесі болып, 10 орын қазақ-қырғыз арасындағы басқа ұлт өкілдеріне қалдырылды. А-ның құрамына Қазақстанның барлық аймақтарынан 15 адам: У.Танашев (Бөкей Ордасынан), Х.Досмұхамедов (Орал обл.), А.Тұрлыбаев (Ақмола обл.), Х.Ғаббасов (Семей обл.), М.Шоқай (Сырдария обл.), С.Аманжолов (Жетісу обл.), олардан тыс, халыққа кең таралған қайраткерлер: Ә.Бөкейхан, Ж.Досмұхамедов, Ә.Ермеков, М.Тынышбаев, Б.Құлманов, Ж.Ақбай, Б.Мамытов, О.Әлжанов сайланды. Үкімет төрағасы лауазымына үш қайраткер – Бөкейхан, Құлманов, Тұрлыбаев ұсынылды. Көп дауыс алған Ә.Бөкейхан төраға болып сайланды. Алаш автономиясының үкіметі сайланған соң Х.Ғаббасов А-ға бүкіл «қазақ-қырғыз балалары бағынған үкіметіміз деп сеніп, ант беріп, басқа үкіметті (кеңес үкіметін – К.Н.) танымай, өз үкіметінің әмірін екі қылмай орындау керек» деп жазды («Сарыарқа», 1918, 22 қаңтар). А. өз алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай атқару үшін Алаш автономиясының «халықтық милиция» атанған қарулы күштерін жасақтауға үлкен мән берді. Милицияға офицерлер даярлау үшін атаман Дутов басқарған Орынбор казак әскерінің тәжірибесі мен көмегін пайдалану қажет деп тапты. А-ның Дутовпен жақындасуы Алаш жетекшілерінің жағдайын қиындата түсті. Өйткені, Оңт. Оралда Әліби Жангелдин ұйымдастырған қызылдар жасағы П.Кобозев пен С.Павлов басқарған қызыл гвардия отрядымен бірлесе отырып, 1918 ж. қаңтарда Орынборды басып алды. Қызылдар қуған Дутовпен бірге алашордашылар да Орынборды тастап кетуге мәжбүр болды. Осы себепті А. біртұтас Қазақ автономиясын құрып үлгермей, қазақ жеріндегі барлық үкімет билігінен айрылып қалды. Үкімет мүшелерінің біразы Семей маңындағы Алаш қ. атанған (бұрынғы Жаңа Семей) елді мекеніне келіп, өздерін А-ның шығыс бөлімі деп жариялады. Үкімет мүшелерінің 2-бөлігі Орал обл-ндағы Жымпиты қ-на келіп, А. үкіметінің батыс бөлімі немесе Ойыл уәлаяты деп аталды. Үкіметтің бір бөлігі Жетісу обл-нда әрекет етті. 1918 ж. жазында А. бастаған күштер және большевиктер мен Кеңес өкіметін жақтағандар қарама-қарсы жақта қалып, өкімет билігі үшін ашық күреске шықты. А. азамат соғысы жылдарында кеңес құрылысына қарсы шепте болды. Азамат соғысында жеңіске жеткен кеңес билігі Алаш партиясы мен А. үкіметін таратты. Кеңес өкіметі Алаш партиясы мен А-ны Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен аластау үшін алдау мен арбау әдісін де, қару жұмсап, зорлық жасау тәсілін де қолданды. 1919-20 ж. Кеңес өкіметі Алаш партиясы мен А-ға мүшелерінің бәріне кешірім жасалады деп уәде бергенімен, олар түп-түгел кеңестік-коммунистік жүйенің құрбанына айналды.

Әдеб.: Нұрпейісов К., Алаш һәм Алашорда, А., 1995; Қойгелдиев М., Алаш қозғалысы, А., 1995.

К.НҰРПЕЙІСОВ

АЛДИЯР – Бұлбұл бабаның Құбакемпір деген әйелінен туған 5 ұлдың бірі, дербес ата. Көп өспегендіктен, тетелес ағайындылар *А. – Күшік* деп бірге айтылады. Үлкендердің айтуынша, кеңестік билік орнағанға дейін, рулық-туыстық қатынас жетекші роль атқарған қоғамда Едірей болысының құрамында болған А. – Күшік бір старшын ел болған екен. Қолдағы шежіре деректері А. ішінара Жақсылық, Игілік, Қоскұлақ болып жіктелетінін көрсетеді. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» салдарынан Қаракесектер Сарыарқаға қоныс аударғанда, Игілік ұрпақтары Сыр бойында, дені қазіргі Өзбекстан жерінде қалған дүр. А.

атадан Соц. Еңб. Ері Ш.Серғазин, публицист, аудармашы Қ.Сағындықов, т.б. белгілі тұлғалар шыққан.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АЛЛА – Ислам дінінің сенімі бойынша, тіршілік дүниені және қиямет-қайымды жаратушы Құдай есімі. «А. – жалғыз. Ол ешкімнен тумаған және ешкімді туғызбаған. Ол мәңгілік, Оған тең келер ешкім жоқ». А. адамдарға өзінің елшісі Мұхаммед ғ.с. жіберді. Мұсылмандардың нанымы бойынша, Құран А-ның өз сөзі. А. бұл сөзін Мұхамедке тікелей немесе періште арқылы жеткізген. Құран уағызының негізі – А-ны дәріптеу. Құранда А-ның құдіреттілігі, қалтқысыздығы және ұлылығы туралы үнемі айтылып келеді. 18 мың ғаламның барлығы А-ға бағынғандықтан, дүниеде оның әмірінсіз ештеңе істелмейді, тіршіліктің дамуы оның бұйрығымен ғана жүреді. Құран дұғасы осыны дәлелдейді. А. өзі жаратқан дүниеге құдіретін жүргізеді, тіршілікті дамытады, өзгертеді, барлық құбылысты Өзі жасайды. А. адамзатқа өте қайырымды, себебі, Ол адамзаттың санасына сенеді, адамға кешірім жасайды. Адам А. құдіретіне сенгендіктен, дін жолына түсіп, Құдайға құлшылық етуші мұсылман қауымның қатарына қосылып, тіршіліктегі барлық құбылысты А. ісі деп түсінеді. Күндердің күнінде А. жер бетіндегі тіршілікті жойып, өлгендерді тірілтеді де, оларды жауап алу үшін жинайды. Адам баласының фәни жалғанда әрекетіне – изгілігі мен күнәсіне қарай жұмаққа немесе тозаққа жібереді. А. әмірі мен құдіретінің маңызы, күнәһарларға қолданатын жазасы Мұхаммед уағыздарының негізі. Құран А-ның изгілік ниетін жеткізуші құрал. Құран қағидасының басты мақсаты адам баласын тек адал өмір сүруге, істеген ісіне жауапкершілікпен қарауға, күнәсін мойнына алуға, А-ға жалбарынып, күнәсін кешіруге шақыру. Жасаған күнәсін кешіруді дер кезінде өтініп, жалбарынбаса, адам бақи дүниеде күнәға батып, А-ның алдында жазаға тартылады. Ислам дінінде А. туралы ілімнің негізі – Құдайға, тек бір А-ға ғана құлшылық ету. Пенденің барлық өмірінің мәні А-ға жалбарыну. А-ны тану, Ислам дінін мойындау тақырыбына қазақ халқының белгілі тұлғалары Қожа Ахмет Иасауи, Абай («Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Алланың рахматы»), Шәкәрім, т.б. шығармаларын арнаған.

Әдеб.: Ислам, энциклопедия, А., 1995.

АЛТЫБАСАРОВА (Әлкеева) Мейрамгүл Армияқызы (2.11.1968, Егіндібұлақ а.) – саясат ғыл. кандидаты (2007), профессор. 1985 ж. Егіндібұлақтағы № 2 ОМ-ті, 1991 ж. А.М.Горький атынд. Орал мемл. ун-інің филос. ф-ін «Әлеум.-саяси қатынастар теориясы» мамандығы бойынша тәмамдаған. Жоғ. мект. жүйесінде 1992 ж-дан бері қызм. Қазіргі таңда С.Торайғыров атынд. Павлодар мемл. ун-інің Басқару және саясаттану кафед-ның проф-ы. А. осы күнге дейін 80-нен астам ғыл. еңб. жариялады. Оның ішінде монография мен оқу-әдістем. Құралдар, электронды оқулықтар бар. Бірнеше авторлық куәлігі бар. А-ның негізгі ғыл. зерттеу нысаны мемл. басқару және әкімш.-мемл. құрылым болып табылады.

АЛТЫНЖАЛ – тау. Қу – Балқантау өңірінің солт.-шығ. шетінде, Айрық а-нан шығ-қа қарай 50 км жерде орналасқан. Абс. биіктігі 452 м. Солт.-бат-тан оңт.-шығ-қа, 10 км-ге созылып жатқан жотаның ең енді жері 3 км болады. Элювийлік-делювийлік шөгінділер жапқан девон жыныстарынан түзілген. Қиыршық тасты солғын қызыл қоңыр топырағында жусан, көде, бетеге және тырбық қараған бұтасы өседі. ---

АЛШЫНБАЙ Тіленшіұлы, (1784, Сарыарқа – XIX ғ-дың 2 жартысы (187?), зираты қазіргі Бұқар жырау ауд-ның Бабаев а. округі, Алшынбай қорығы) – қоғам қайраткері, би, шешен. Тұқымынан билік үзілмеген қаракөктің тұқымы: Бұлбұл – Шаншар – Келдібек – Қаздауысты Қазыбек – Бекболат – Тіленші – А. болып тарайды. Ат жалын тартып мінген шағынан А. негізінен Қаракесектің Айбике-Шаншарының биі болса да, іс жүзінде бүкіл Қарқаралы оязына айтқанын орындатып, атағанын жасаған ықпалды билеуші болған. Өз елін қазақ ішіндегі дау-дамайдан да, Ресей отаршыларының озбырлығынан да аман сақтап, уысында ұстаған. Қарамағындағы халықты тыныш ұстағаны үшін Ресей үкіметінен поручик шенін алған. А. өзі тікелей басқарған әкімшілік бөлініспен бірге бүкіл Қарқаралы округіне ықпалы жүріп, ел ішінің дау-дамайын шешіп отырған. А. би рулар мен тайпалар арасындағы жер мен жесір дауларына, түйіні қиын мәселелерге әділ үкім айтуымен халықтың құрметіне бөленді.

Сол заманның ел билеген игі жақсылары Тәттімбет, Құсбек, Құнанбай, Шалғынбай, Шорманның Мұсасы, Баймұрын, Тілеуберді, Қисық, т.б. А-дың ыңғайында жүрген. От ауызды, орақ тілді ақындар Қалдыбай, Жанақ, Шөже, Балта, т.б. А-мен сөз қағыстыруды, реті келсе, оған өлең арнауды өздеріне мәртебе көреді. Ел ішінде А. айтты деген өткір де қанатты сөздер толып жатыр. А. бидің Түсіп мырзадан туатын немересі Ділда – Абайдың бәйбішесі. А. бидің Бәпиден туатын тағы бір немересі Мәди әйгілі әнші, композитор, күрескер ақын. А. би өз заманында қазақ рулары арасындағы талас-тартысты, жер мен жесір дауын әділ шешкен, тығырықтан жол тапқан көсем ретінде белгілі.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АҢЫЗАҚ – ауа ылғалының тапшылығынан қалыптасатын ыстық (20-25 градус С) әрі құрғақ жел. Жылд. 5- м-ден 15-20 м. дейін өзгеріп отырады, ылғалд. 30%-дан төмен болады. Көбінесе Қазақстанның оңт. ауд-дарында, әсіресе, Қызылқұм, Мойынқұм, Үстірт, Бетпақдала, Каспий маңы ойпаты, Маңғыстау өңірлерінде жиі әрі ұзақ болып тұрады. А. ұзақт. Жылына 60-80 күнге дейін жетеді. Орт. және Солт. Қазақстанның далалық және жартылай шөлейтті өңірлерінде біршама азаяды (5-10 күн). А. жел – а. ш-на өте қолайсыз құбылыс. Оның әсерінен өсімдіктердің физиол. үдерістері (фотосинтез, көміртегі және белок алмасу) бұзылады. Нәтижесінде өсімдіктердің өнімділігі төмендейді. Сондықтан, Орт. Қазақстан тұрғындары, соның ішінде Қу – Балқантау өңірінің халқы егіншілікті жаппай кәсіп етпей, негізінен мал шар-мен айналысқан. А-қа қарсы күрес шараларының тиімдісі қыста қар тоқтату және қолдан орманды алқаптар өсіру.

АҢЫРАҚАЙ ШАЙҚАСЫ (1729 ж., кей деректерде 1730 ж.), біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы екі жүз жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі. Саяси және әскери бірлікке қол жеткізген үш жүз жасақтары 1728 ж. бастап, Балқаш пен Шу бойына қарай жылжып, ұрысқа әзірлене бастады. Бұл кезде жоңғарлар қазақ жерін тұтастай иелену ниетінде еді. Қаз-рдың әрекетін сезген жау Шу мен Балқаштың оңтүстігінде үлкен шеп құрды. Үш жүз жасақтары шешуші шайқас алдында Хантауында, Сұңқар тауында (кейін бұл Әбілқайыр тауы аталды) жиналды. Шайқас солтүстігі Балқаш, оңтүстігі Отар даласы, батысы Шу, шығысы Күртіге дейінгі аралықта өткеніне осы өңірлерде жиі кездесетін қазақ, қалмақ қорымдары дәлел. Аңырақай аталатын да осы өңір. Бір жарым айға созылған бұл шайқаста қазақтар ірі жеңіске жетті. Ұрысқа бас қолбасшы болып Қанжығалы Бөгенбай батыр сайланды. Үш жүз жасақтарының қимылын үйлестіру міндетін Қаз дауысты Қазыбек атқарды. Көптеген қазақ батырлары соғыс өнерін жетік білетінін көрсетті. Ұлы жүз қолын Жолбарыс хан мен Төле би, Орта жүз қолын Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек батырлар , Кіші жүзді Тама Есет, Шекті Тайлақ, т.б. батырлар басқарып, үлкен ерлік көрсетті. Қазақ садақшыларының жеке жасағын ошақты Саурық батыр басқарды. Шайқасқа Шапырашты Наурызбай да қатысқан. Шайқастың ең басында Бөлек батыр Қараұлы жоңғар әскерінің қолбасы Аңырақаймен жекпе-жекке шығып, оны өлтіреді. Сөйтіп, қазақ қолының рухын көтерген. Бұл шайқаста көптеген батырлар жекпе-жекке шықты, атақты батырлардың біразы қаза тапты. Соққыдан есін жия алмай қалған қалмақтар сусыз сортаң жерде шөлге ұшырап, одан әрі соғыса алмай, Аягөз, Шарға қарай жөнкіле қашты. Қазақтар бұл соғысты әрі қарай дамыта алмады. Оған шайқас соңында Болат хан жараланып, қайтыс болғаннан кейін басталған тақ таласы кедергі келтірді. Көпшілік Болат ханның баласы жас Әбілмәмбетті қолдады. Бұған наразы болған Әбілқайыр майдан даласын тастап, Кіші жүздің қолын Ырғыз арқылы батысқа алып кетті. Орта жүз қолы Сәмеке ханның соңынан солтүстікке бет алды. А. ш-ндағы жеңіс қазақ халқының рухын көтеріп, болашаққа сенімін бекітті. Қазақ халқы үшін А. ш-ның маңызы Наполеонмен соғысқан Еуропаның біріккен қолының Ватерлоо, Ұлы Отан соғысындағы КСРО-ның Ұлы Отан Сталинград түбіндегі жеңістерімен тең.

АПАҚАШЕВ Сағынжан Қабдырашұлы (1957, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – экон., а. шар. ұйымдастырушы. 1974 ж. ОМ бітіріп, сыныптастарымен бірге «Сұңқар» комсомол-жастар бригадасын құрып, мал бақты. 1980 ж. ҚарМУ-дың экон. ф-ін, кейін Ресейде Жоғ. партия мект. (Горкий қ.) тәмамдады. Еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. «Қаратау» с/зында экон. болып

бастады. Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/зда партия ұйым хатшысы, «Қаракөл» маманд. шар. бірлестігінде дир., ауд. а. шар. басқармасында бас экон., Қарқаралы ауд. аймақт.-аум. к-тің төрағасы, ауд. әкімінің агроөнеркәс. саласы бойынша ор-ы қызм. атқарды.

АРАБЕСКА (арабтық) – геом. пішіндерге негізделіп, араб әріптерімен жасалған күрделі ою-өрнек. Араб мәдениетінің ықпалымен архит. және жазба ескерткіштерде (мыс., әдемі, нәзік әріптермен жазылған араб қолжазбалары, Қожа Ахмет Иасауи мен Айша бибі кесенелерінің ою-өрнектері мен нақыш жазулары) жиі қолданылған. Өркендеу дәуірінде А. Еуропа сәулет өнерінде де кең қолданылды. Музыкада әшекейлі, сазды муз. шығармаларды, бишінің классик. бидегі негізгі қимыл-қозғалыстарының бір түрін де А. деп атайды.

АРҒЫН—қазақ халқын құраған тайпалардың бірі. Орта жүз құрамына енеді. М.Тынышпаевтың айтуынша, XX ғ-дың басында 6 млн-ға жуықтаған қазақтың ең көбі (890 мың) А. болған. Қонысы—Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өз-дерінің бойы мен Балқаш к-нің солтүстігі. А-ның арғы тегін ғалымдар «Орхон-Енисей» ескерт-штеріндегі жазуларда кездесетін «ұлық-арғұн», 5 ғ-да қытай жазбаларында ұшырасатын Гаугуй (алун)тайпа-рымен, монғол тіл-гі «он» сан есімді білдіретін «арғын» сөзімен, басқалары көне түрік тіліндегі «батыс ғұн» сөзінен шықты дейді. Н.Аристов А. қытай жылнамасындағы «башмыл» (орхон жазуларында «басмыл») деген тайпамен тікелей байланысты дейді. Оның пікіріне Марко Полоның (13-ғ.) «Теңдік» деген аймақта «аргон» деген халық бар, ол екі рудан—теңдік арғындарынан және Мұхамедке табынатын теңдіктерден тұрады» деген жазбалары себеп болса керек. 11ғ-да өмір сүрген Махмұт Қашқари түрік жұртының құрамында «басмыл» деген ел бар,оның Шын еліне дейін ұласқан қонысын «Басмылдар даласы» деп сипаттап, «көп аргу» жайлы да айтады. Көне түрік тілінде «аргун» сөзі «көп», «қалың» деген мағына білдіреді. Қытай жылнамаларының бірінде арғын бірлестігіндегі қарлұқтардың бір ұлысы «сопы» аталады. Бұл сөз қазақ тайпалары ішінде тек А. құрамына кіретін Ақсопы, Қарасопы, Тәнбісопы, Сарысопы, Мейрамсопы сияқты ру атауларында ғана сақталған. Қазақ шежіресінде А. бәйбіше Арғын, тоқал Арғын болып бөлінеді. Ергүл бәйбішеден өсіп-өнген рулар бірлестігі «Бес Мейрам» атанады. Олар: Қуандық, Сүйіндік, Бегендік (Қозған), Шегендік (Қақсал), Қаракесек (Болатқожа). Тоқал Арғынға жататындар Момын ананың атына байланысты «Жеті Момын атанады»: Қанжығалы, Тобықты, Бәсентиін, Қарауыл, Атығай, Сарыжетім, Шақшақ. А. тайпасының ұраны—«Ақжол», таңбасы—«көзтаңба» (00).

АРКОНОВ Төлеген Жұмашұлы (10.11.1936, Қу ауданы Шарықты а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі (1983), КСРО халық ағарту ісінің үздігі» (1984), Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2012), Қарқаралы ауд-ның Құрметті азаматы (2016). ОМ, одан соң Қарағанды мемл. пед. ин-ын бітірді (1964). 1962-64 жж. Қарағанды қ. Киров ауд. №20 кешкі жұм. жастар мект-де, 1964-81 жж. Егіндібұлақ а-дағы ОМ-терде физика пәні мұғ., оқу ісі меңг-сі, мект., кәс.-техн. уч. дир-ы, 1981-97 жж Егіндібұлақ ауд. білім беру бөл-нің меңг-сі, 1988-2001 жж Егіндібұлақ а. №5 ОМ мұғ. болды. 2001 ж. бері Қарағанды қ. №77 МББК-де физика пәні мұғ. А-тың алдынан дәріс алған шәкірттері қазір тек елімізде ғана емес, әлемнің әр түкпірінде – АҚШ, Корея, Канада, Ресей, т.б. елдерде тұрып, қызм. етеді. Бірнеше мәрте жергілікті өкілетті органға депутат болып сайланған А. білім беру саласындағы ұзақ ж-ғы табысты еңб. үшін көптеген мемл. марапаттар иеленді.

«АРҚАЛЫҚ» СОВХОЗЫ – бұрынғы Қу (Егіндібұлақ, Қазыбек би) ауд. құрамында1959-93 жж болған шар. Әкімш. бөліністің сол-нде орн. с/з Жамбыл атынд. к/з бен мемл. жер қоры негізінде ұйымдастырылды. Ол қой және етті мал шар. бағытында дамыды. Көлемі тым үлкен болғандықтан, 1975 ж. оның құрамынан үш бөл-сі бар «Айрық» с/ы бөлініп шықты. «А.» с/зының жер көлемі 146118 га-ны құрады. Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны кезінде мұнда да қыруар өңір жыртылып, аз уақытта құнарынан айрылып, пайдалануға жарымсыз болып қалды. 1988 ж. мұнда 38021 бас қой (32000 саулық), 248 жылқы, 609 сиыр (301 аналық), маш.-трактор паркінде 57 трактор, 12 комбайн, 30 жүк автомоб. болды. Осы кезде 3107 мың сомның (рубль) өнімін шығарды. С/з орт. Артасты мен Тасшоқы, Шілебай а-дарында орта және 2 баст. мект., балабақша, уч. аурухана, Мәд. үйі, 2 кинозал, 4 кітапхана жұмыс істеді. 65 еңб-ші орден-медальдармен марапатталған. Олардың арасында Соц. Еңб.

Ері С.Біләлов, Ленин орденді С.Әбділдин, Қ.Жабағин сынды азаматтар бар. С/зды әр ж-дары Ғ.Нұрділдин, Д.Қыстаубаев, З.Ыбыраев, Т.Мәжитов және М.Нұрақышев басқарды.

АРҚАЛЫҚ – тау, Егіндібұлақ а-ның солт.-шығысында, 45 км жерде орналасқан. Абс. биіктігі 1064 м. Солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 25 км созылып жатқан жеке жоталар мен төбелерден тұрады. Ені көпшілік тұсында 2-2,5 км-ге жетеді. А. тауларын бөктерлеп Ащыөзек өз-і ағады. Жеке шоқылар тауаралық аңғарлармен, жыра-сайлармен бөлінген. Делювийлі-пролювийлі шөгінділер жапқан карбон гранитоидтерінен түзілген. Тауға тән қызылқоңыр топырағында тобылғы, қараған, т.б. бұталар, бетеге, сұлыбас, басқа шөптесін өсімдіктер өседі. А. тауының өне бойында көптеген бұлақ көздері бар.

АРҚАЛЫҚ МТС-і – тың көтеру кезеңінде ашылған с/дардың күш-көлік құралдарына техн. көмек көрсету мақсатымен 1954 ж. ұйымдастырылған а. шар. құрылымы. Ол обл. пен ауд. орт-тарынан шалғай орналасқан елді мекендерді машина-трактормен қамтамасыз етуде, оларды жөндеуден өткізуде және жергілікті тұрғындарды заманауи техн-ға үйрету ісінде маңызды роль атқарды. 1960 ж. «Арқалық» с/зы аталған машина-трактор стансасы негізінде құрылды.

АРҚАЛЫҚ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ – Ақтасты а. Мәд. үйі жанындағы өнер ұжымы. Үйірме ретінде жұм. істей бастағанына жарты ғ-дай уақыт өтті. Репертуарында отандық және шетел драматургтерінің шығ-лары бар. 1992 ж. Ш.Айтматовтың «Алғашқы мұғалім» драмасын сахналап, халықтық өнер ұжымы атағын иеленді. Мәртебесін 1995, 2000, 2002 және кейінгі ж-дары «Маданнан көрініс» театрландырылған қойылым, С.Асылбековтің «Бір түннің оқиғасы», Р.Шотбаеваның «Құйынбайдың құдалары», т.б. шығ-ларды сахнаға шығару арқылы қорғады.

АРҚАР – қой тұқымдас аша тұяқты жануар. Қойға қарағанда біршама ірі, 5-8 жасар құлжалары күзге қарай 110-125 кг, саулықтары 53-62 кг салмақ тартады. Құлжасының мүйізі ірі, түбі жуан: ұшына қарай бұралып, жіңішкеріп бітеді. Ұрғашы арқардың мүйізі жіңішке және тіктеу болып келеді. Түсі қошқыл қоңыр түгі тығыз да қатты, қыс айлары ұзарып, 5-6 см-ге дейін жетеді. Жазда түрлі шөптермен, бұталардың жапырақтарымен қоректенеді. А. қыста тебіндейтін жануар. Жемшөп жетіспеген жағдайда ағаш қабығымен, бұталармен, тал бұтақтарымен азықтана береді. Жыныстық жағынан 2,5 жасқа толғанда жетіліп, ұрғашылары қазан айының соңы мен қарашада күйлейді. Төлін бес ай мұғдарында көтеріп, сәуірде қоздай бастайды. Көбінесе жалқы, кейде егіз қозы табады. Табиғат аясында 10-12 жыл өмір сүреді. Негізгі жауы – қасқыр, сілеусін және жаппай қырып-жоятын браконьер аңшылар. Төлдері жас кезінді бүркіт пен қарақұс және түлкі мен қарсақ сияқты ұсақ жыртқыштар да қауіп төндіреді. Кезінде қазақ даласында кеңінен тараған аң шамадан тыс аулау салдарынан тез жойылып бара жатқандықтан, Қазақстан Республикасының «Қызыл кітабына» енгізілген. Егіндібұлақ өңірінде Қу, Қызылтау, Едірей тауларында ұшырасып қалады.

АРТЫҚБАЕВ Жамбыл Омарұлы (20.8.1959, Бұқар жырау ауд., Жаңақала а.) – тарихшы-ғалым, тарих ғыл. докторы (1997), профессор (2001). Қарағанды мемл. ун-тінің тарих ф-тін (1984) және Қазақстан ҒА Тарих, археология және этнология ин-тының аспирантурасын бітірген. Қарағанды мемл. ун-ті тарих ф-тінде оқытушы, доцент, декан, проф. (1984–2001), Павлодар мемл. ун-тінде кафед. меңгерушісі (2003–08), 2008 ж. Астана қ-дағы Мемлекет тарихы ғылым-зерттеу ин-ты дир-рының ор-ры болып қызмет атқарды. «XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының этноәлеуметтік құрылымы» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Оның негізгі ғылым еңбектері 15–19 ғғ қазақ қоғамының этноәлеумет мәселелерін зерттеуге арналған. А. Қазақстан тарихы мәселелерін қарастыратын бірқатар кітаптар мен оқулықтардың («Этносоциальная структура казахов Северо-Центрального Казахстана во второй половине 19 в.», 1989; «История Казахстана в 19 в.», 1992; «Бухар жырау. Двенадцать историй», 1994; «Этносоциальная структура казахского общества в 18 в.», 1997; «Казахское общество в 19 в.: традиции и инновации», 1993; «История Казахстана», 1999; «Сарыарка – колыбель степной цивилизации», 1999; «Этнология и этнография», 2001; «Казахское общество: традиции и инновации», 2003, т.б.) авторы.

АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР, адам тіршілігінің нәтижесінде пайда болып, көне замандардан бері сақталып қалған материалдық куәгерлер – ежелгі дәуірлерден жеткен заттар, тасқа түскен таңбалар, ескі жұрттар, зираттар мен қорымдар. А.е. – адамдар ғұмыр кешкен әрбір дәуір тарихының дерек көзі, археологиялық зерттеу нысандары. А.е-терді іздестіріп тауып, зерттеудің негізгі әдістері археологиялық барлау жасап, қазба жұмыстарын жүргізу. Қу – Балқатау өңірінде адамзат дамуының түрлі дәуірі жайлы мағлұмат беретін ондаған А.е. бар. Оларды барлау жұмысын Қазақ КСР ҒА акад. Ә.Х.Марғұлан жетекшілік жасаған Орт. Қазақстан археолог. экспедициясы бастап, кейін Қарағанды мемл. ун-тінің экспедициясы жалғастырған болатын. Олар Қу, Едірей таулары сай-қолаттарынан бекініс қоршаулары бар (тұрақты қоныстар) және қоршаусыз (уақытша тұрақтар) жұрттар кездесетінін анықтады. Әйткенмен, түрлі себептермен оларды түбегейлі зерттеу жұмыстарын жүргізу кейінге қалдырылып келеді.

АРША – кипаристер тұқымдасына жататын мәңгі жасыл қылқан жапырақты бұта (ішінара ағаш туыстас биік түрлері де болады). Қазақстанда оншақты түрі кездеседі. Жиі ұшырасатындары: түркістан А-сы, сібір А-сы, талас А-сы және кәдімгі А. Арқаның таулы өңірлерінің бәрінде, соның ішінде Қу, Едірей тауларының сай-қолаттарында қалың өседі. А-ның биікт. 1-2 м. Бұтақтар тік немесе жер бетіне жайыла өседі. Қабығы қабыршақты, қылқандары тікенекті, үш-үштен шоқтанып, кейде екі-екіден қатарласып, қарама-қарсы орналасады. Жемісі жидек пішіндес, түсі әдетте қарақөк болып келеді.

АСАЙЫНОВ Ертай Рақымжанұлы (1946, Қарағанды қ.) – педагог, инженер, ҚР Құрметті байланысшысы (2002). Қу-Балқантау өңірінің (Едірей) тумасы. Қарағанды дене тәрб. және спорт техн-ын, ҚарМУ-ды, Алматы энергетика ин-ын бітірген. Еңб. жолын шахтада бастап, дене тәрб. және спорт техн-да спорт ойындары бойынша ұстаз һәм комсомол ұйымы хатшысы, кәс.-техн. уч. дир-ы, Саран қ. парткомы үгіт және насихат бөл-нің меңг-сі қызм. атқарды. 1983 ж. бастап «Баспасөзодағы» («Союзпечать») обл. агенттігінің баст., обл. өнд.-техн. байланыс басқ. баст-ның ор-ы, 1991 ж-дан обл. мемл. пошта байланыс қызм. бас-ы, 1993 ж-дан «Қазпошта» Қарағанды обл. филиалы дир-ы, ҚОФ «Қазпошта» АҚ дир. Оры – аймақ бойынша кеңесші. А. басқарған уақытта «Қазпошта» АҚ Қарағанды обл. филиалы ұдайы еліміздегі ең үздіктердің бірі болды. Кадрлық, қаржылық және өндірістік жұмысты білікті ұйымдастырудың шеберлігі биік деңгейге жетті. Пошта жіберімдерін қабылдау, өңдеу және жеткізу технологиясы бойынша өндіріске жаңа жобалар («Мерзімді баспа өнімдерін сұрыптау үдерісін автоматтандыру», «Логистика қоймасы», бөлімшелерді жетілдіру, бірдеңгейлік қызмет көрсету, Байланыс-орталық, Ситуациялық орталық және бейнебақылау, Мобильді Postman, Mykazpost, Постаматтар, аралас электронды пошта, SMS-хабарлама, Ғаламтор-жазылым, Postmarket.kz- «Қазпошта» АҚ Сауда порталы, GPS, пошталық байланыстың мобильді бөлімдері, т.б.) іске қосылып, республика бойынша мол экон. нәтиже беруде. Тасымалдау арқылы қоғам қызметі ауқымды жетілдірілуде, басқару технологиясын жақсарту, озық тәжірибелер енгізу, бизнес-үдерістерді стандарттау және оңтайландыру, тиімділікті көтеру, бизнес үдерістерді автоматтандыру, корпоративті мәдениет құру, т.б. жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Білікті комиссия мүшесі және «Қазпошта» АҚ тасымалы бойынша кеңес мүшесі ретінде А. өндіріске көптеген маңызды, тәжірибелік ұсыныстар кіргізді. Ол обл-тың қоғамдық өміріне белсене қатысады. Бірнеше рет қ-лық өкілетті органға депутат болып сайланды. Обл. ономастика комисс. мүшесі, Қарағанды қ. сайлау комисс-ның төрағасы ретінде А. еліміз үшін саяси маңызы бар шешімдер қабылдауға ықпалын тигізді. Орта кәсіби техн. білім беру жүйесінде жастарды тәрбиелеу ісіндегі жетістіктері үшін ВЦСПС, ҚазКСР кәсібитехбілім мемл. к-інің және обл. басқ-ның Құрмет грамотасымен марапатталды. А. басқарған кезде Саран қ. ҚКТУ №95 РТИ КСРО бойынша үздік уч. атанды. А. мемл. марапаттар иегері: «Құрмет» ордені (2010) және көптеген медальдары бар.

АСАН (XYII – XYIII ғ.) – Қаздауысты Қазыбектің інісі, Тоқмейіл анадан тарайтын «Ақсақтың алтауының» бірі. А. ұрпақтарынан мергендер, саятшы-құсбегілер көп шыққан. Абай «Мауыш» деп отыратын атақты Мауқай ақын, кеңестік-тоталитарлық жүйенің озбыр

саясатына қарсылық білдіргені үшін қуғынға түскен Арман Қани осы А-нан тарайды. А. ұрпақтаны негізінен Қарағанды обл. Қарқаралы, Павлодар обл. Май, Аққу (бұрынғы Лебяжье) аудандары өңіріне қоныстанған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АСАН ҚАЙҒЫ Сәбитұлы (14 ғ-дың соңы – 15 ғ-дың басы) – қазақ халқының мемлекет қайраткері, ақын, жарау,иби, философ. Алтын Орда ыдырап, оның орнына Қырым, Қазан, Өзбек, Сібір, т.б. хандықтар пайда болған аласапыран кезеңде дүниеге келген А.қ. Ноғай ордасы ыдырап, көшпелі өзбектер мемл-нен ірге ажыратқан Қазақ хандығы тарих сахнасына шыққанын да бастан өткізеді. «Асан Ата XV ғасырда қазақ ұлысын біріктіру мәселесін қолына алған даланың ойшыл данасы. «Асан қайғы» деп аталуы – халық қамын көп ойлап» (Ә.Марғұлан) халық болашағы үшін көп саяси-қоғамдық іс-әрекеттер атқарған. Қазақ жұрты әулие санап, атын аңызға айналдырған «көшпелілер философы» (Ш.Уәлиханов) «...тарихта болған адам. Бірақ, тірлік еткен заманы Жәнібек ханның тұсы дегені болмаса, дәлді кім еді, қай ортадан шығып еді, қандайлық еңбек, әрекет етіп, қандай өмір шегіп өтіп еді. Бұл жайынан ешқайсынан дәл дерек жоқ», бірақ, «өзінен қалған қысқа сын болжаулары, өсиеті арқылы өзінің жайынан да, заман аңғарынан да бірталай көрініс, білік-дерек береді» (М.Әуезов). А. қ. –көптеген нақыл сөздердің, афоризм, философиялық толғаулардың авторы. Ол хандық билік халыққа жайлы болуын, жер-су, қоныс пен жайылым үшін ру-тайпалар арасында болатын қақтығыстарды бейбіт жолмен реттеуді, адам – табиғаттың перзенті екенін жадынан шығармай, қоршаған ортамен рухани байланыста өмір сүруді, елдің тұрмыс-тіршілік деңгейін көтеріп, хан мен қараша арасындағы қарым-қатынас ақылға сыйымды болуын мақсат еткен және мәселені өз құзіреті деңгейінде шеше білген тұлға. Ғұмыры бұлғақ заманына дөп келген дала данышпаны Қазақ хандығы анталаған жау мемлекеттердің қыспағындағы кеңістікте шаңырақ көтергенін жақсы білді. Оның «адамы жүзге келмей өлмейтін, малы жылына екі рет төлдейтін Жерұйықты» іздеуі тіршілігі мал шаруашылығына тәуелді жұрты үшін жайлы мекен ғана емес, Отанын, халқын анталаған жаулардан қорғайтын әдіс-амал, озық қоғам құру тәсілі. А.қ. халықаралық саясатта да өз халқының өсіп-өркендеу мүддесін көздеді. Ғасырлар талқысынан өтіп, бүгінгі бет-бейнесін тауып отырған қазақ жұртының тарихи даму сатысында А.қ. бейнесі әділетсіздікке, озбырлыққа төзбейтін биік парасат пен ізгіліктің байрағы іспетті. Қазақ даласында А.қ. кесенесі әр жерде ұшырасады: Қызылорда обл. Шиелі ауд. «Жеті әулие» қорымында А.қ. мазары бар; Қарағанды обл. Ұлытау ауд. Әулие биігіндегі кесене А.қ-ға телінеді. Жалпы, ежелгі тарихы ортақ, тамыры бір ноғай, өзбек, түркімен, қырғыз, қарақалпақ халықтары А.қ. есімін ардақ тұтып, ілтипатпен атайды.

Әдеб.: Потанин Г., Живая старина, СПб., 1917, Вып. II-III; Әуезов М., Асан қайғы//Қазақ әдебиетінің тарихы, 1-т., А., 1960; Уәлиханов Ш., Шығ., 1-т., А., 1961; Ертедегі қазақ әдебиетінің нұсқалары, А., 1963; Мағауин М., Алдаспан, А., 1971; Құрбанғали Халид, Тауарих хамса, А., 1992.

АСҚАРОВА Жәнел (1932, Қу ауданы, Егіндібұлақ а. – 2004, Алматы қ.) – диктор. Егіндібұлақтағы қазақ ОМ-ін бітіргеннен кейін Алматыдағы қыздар пед. ин-тының филол. ф-тіне түскен. Оны тәмамдаған соң (1955) мамандығы бойынша қызмет істеді. 1961 ж. респ. жарияланған конкурста жеңімпаз болып, Қазақ радиосының дикторы қызметіне орналасады. А. жоғары категориялы диктор дәрежесіне жеткен санаулы мамандардың бірі. Еліміздің және Қазақ радиосының хабарлары жететін әуе толқынында ширек ғасырдан астам уақыт бойы хабар жүргізген А. Кеңес одағы көлемінде өткен байқауларда бірнеше мәрте үздік шықты.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

АСҚАР Нәзипа Қожақызы (27.12.1948., Егіндібұлақ а.) – педагог, журналист. Сегізж-дық мект-тен соң Саран қ. педучилищені, ҚазМУ-дың (Алматы) журналистика ф-ін бітірді. Журналистік еңбегін Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінде әдеби қызм. болып бастап, редактордың ор-ы лауазымына дейін көтерілді. 1987 ж. Қарқаралы ауд. «Коммунизм таңы» (қазіргі «Қарқаралы») газетіне бас редактор болып тағайындалды. А. шығ-лық еңб. пен көркемөнерді қатар алып жүруде. Егіндібұлақта Тәттімбет атынд. халық аспаптар оркестрінің, Қарқаралыда халықтық «Салтанат» ән-би ансамблінің мүшесі болды. 1985 ж. «Бүкілодақтық көркемөнер шығармашылығы байқауының лауреаты» төсбелгісімен

марапатталды. 2001 ж. Қарағанды қ. ауысып, «Ваш друг Валют-Транзит» – «Сіздің досыңыз Валют-Транзит» газеті қазақ бөл-нің бас редакторы, әдеби-танымдық «Азия-Транзит» альманахында, «Сыр мен сымбат» әйелдер журналында, «Қазақ тілін үйренеміз – Изучаем казахский язык» оқулық-журналында, респ. ақпарат.-жарнамалық «Взгляд на события» газетінде қызмет жасап, «Бірінші Қарағанды» телеарнасында «Кешкі ертегі» бағдарламасын жүргізді. А. мемл. тілдің келешегі, шағын бизнес, ұлттық салт-дәстүр, қоғамдық пікір, қ-ның коммун. қызм. мен инфрақұрылымы, қараусыз қалған құрылыс, депутаттар корпусының жұмысы, т.б. туралы мәселе көтерді. Қарағанды обл. ардагерлер кеңесінде тұрақты комиссияның, Кеншілер мәд. сарайындағы «Көзкөргендер» ардагерлер ансамблінің мүшесі. Бірнеше кітаптың («Ғибратты ғұмыр», «Карагандинцы – участники Великой Отечественной войны», «Ұрпақ үшін терген сөздің асылын», т.б.) редакторы. Композитор Қ.Мерсәлімовтің әндеріне жазылған үш өлең мәтіні Қарағанды қ. 80 ж-дығына арналған жинаққа енген. А. ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (2000), обл. әкімінің (2000) Құрмет гармотасымен, Қарағанды қ. әкімінің (2011) «Алтын қалам», обл. әкімінің (2015) «Тіл жаршысы» жүлдесін иеленді. КСРО-ның «Баспасөз үздігі» (Отличник печати» төсбелгісімен, Халықар. «Бейбітшілік әлемі» шығ. бірлестігі Қазақ бөлімінің «Ұлт мақтанышы» медалімен (2015) марапатталған.

АСҚАРОВ Жүсіп (1900, Сырдария губ., Перов уезі, Тартоғай бол./ Қызылорда обл., Шиелі ауд. – қайтыс болған ж., жері белгісіз) – партия, кеңес қызметкері. 1928 ж. РКП(б) ОК жанындағы к/з-кооператив (Мәскеу), 1937 ж. Қазөлкеком ОК жанындағы маркс.-ленинизм (Алматы), 1946 ж. ҚКП ОК жанындағы кеңес-парт. қызм. курстарын бітіріп, жалпы саяси білім алған. 1910-16 жж байдың жалшылығында жүріп, 1916-25 жж Орынбор – Ташкент темір жолында жұм. істеді. 1925-28 жж жұм.-кооператив мүшесі, магазин меңг. болды. 1929-36 жж Жезқазған, Қызылорда ауд-дарында тұтынушылар одағы төрағасы, ауд. атқару к-і төрағасының ор-ы, 1937 ж. Қарағанды обл. парт. к-нде нұсқаушы, 1937-41 жж Қазақстан КП Қу ауд. к-нің бірінші хатшысы, 1941-42 жж Қарағанды обл. әлеуметтік қамсыздандыру басқ. бастығы, 1942-47 жж Қарқаралы, 1947-49 жж Шет ауд. атқару к-терінің төрағасы қызм. атқарды. А. 1950 ж Ақшатау вольфрам-молибден кен басқармасы дир. ор-ы қызм. бекітілген. Оның бұдан кейінгі тағдырына қатысты деректер табылмады. Ол Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АСҚАРОВ Қожа (1908, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1990, Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. 1928-29 жж Семей педтехн-да оқыды. 1929-31 жж Шыңбастау а. баст. мект. мұғалімі. 1931-33 жж Қызыл армия қатарында қызм. етіп, 1937 ж. Алматы қ. Жоғары комм. мект. бітірді. 1937-39 жж Қу ауд. оқу бөл. мең-сі. 1943 ж. ауд. комсомол к-нің кадр жөніндегі хатшысы. 1943-46 жж II Украина майданында ҰОС қатысты. 1946-47 жж ауд. май дайындау кеңсесінде дир., 1947-54 жж оқытушы, 1954-60 жж к/з басқармасының төрағасы, одан соң тарих-география пәндері оқытушысы болып қызм. атқарды. А. соғыстағы ерлігі үшін жауынгерлік Қызыл Жұлдыз орденімен және бейбіт замандағы еңбегімен қосып есептегенде, 10 медальдың иегері.

Нәзипа АСҚАР

АСҚАРҰЛЫ Серік (15.08.1947, Қу ауд., Егіндібұлақ а.) – педагог, мәд. саласының қызметкері, ҚР Мәдениет қайраткері. 1965 ж. Егіндібұлақтағы №1 қазақ ОМ-нің 11 сыныбын бітіріп, сол ж. С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. мемл. ун-тің тарих ф-іне түсті. 1969 ж. ЖОО тәмамдап, Абай атынд. с/здың орт-дағы ОМ-те оқытушы болып еңб. жолын бастады. 1971 ж. қыркүйектен Егіндібұлақ а. мек.-ин-та оқу ісінің меңг-сі, 1975-77 жж Абай атынд. ОМ-те оқу ісінің меңг-сі болды. 1977-81 жж Егіндібұлақ ауд. партком-де үгіт-насихат бөлнің нұсқаушысы, 1981 ж. шілдесінен Егіндібұлақтағы №182 (№45) кәсіптік-техн. уч-де дир-р қызм. атқарды. 1989-97 жж Егіндібұлақ (кейін Қазыбек би) ауд. мәд. бөл. меңг-сі,1997-2007 жж обл. мәд. депart-нің бас маманы, бөлім бастығы. 2007-2009 жж Мәд. мин-нің Ақпарат және мұрағат ком-де бас маман, 2010 ж-дан Байл. және ақпарат мин-де аға сарапшы, Мәд. және спорт мин-гі Мұрағаттар және құжаттама депart-нің аға сарапшысы, 2013 ж.

қарашасынан Ұлттық архиегр. және құжаттану орт-ның жоғ. деңгейлі маманы лауазымында еңбектенуде. А. респ. сала бас-ғы мен обл. басқ-дың, ауд. бөл-рдің, қоғ. Ұйымдардың Құрмет грамоталарымен, мерейтойлық медальдармен марапатталған.

АСҚАРҰЛЫ Тоқташ (9.05.1941., Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, кеңес, партия қызметкері. Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ (1959), ҚазМУ-дың филология факультетін бітірген (1965). Еңб. жолын ауд. оқу бөл-де инспекторлықтан бастады (1965). Айнабұлақ ОМ директоры (1966-68) қызм. атқарды. Халық депутаттары Айнабұлақ а. Кеңесінің (Абай атынд. с/з) төрағалығына (1968-75), екі дүркін ауд. кеңеске депутат болып сайланған. 1975-87 жж «Доғалаң» кеншарында (әуелде Егіндібұлақ, 1977-87 жж бұрынғы Талды ауд. қараған) партия ком-тінің хатшысы, 1987-90 жж Егіндібұлақ ауд. Қаракөл ОМ мұғалім, оқу ісін ұйымдастырушы, ауд. оқу бөл-нің бас маманы, 1990-97 жж білім беру саласы қызметкерлерінің кәсіподағы Қазыбек би ауд. ком-тінің төрағасы, 1997-2010 жж Бұқар жырау ауд. Ботақара а-да ОМ дир-ры болды. Пед. қызметпен қатар, кеңес, партия жұмысындағы жетістіктері, қоғам өміріне белсене араласып, а. мәдениетін, экономикасын дамытуға қосқан үлесіне орай «Еңбектегі үздік табыстары үшін», ХШЖК-ның Алтын, «Еңбек ардагері», т.б. медальдармен, ҚазКСР оқу министрінің Құрмет грамотасымен, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

АСТАНА — Қазақстан Республикасының елордасы. Астанада 1 млн астам адам тұрады (желтоқсан 2016). Қазір қ. аумағы 710 шаршы км жерді алып жатыр. А. Қазақстанның орт. бөлігінің солт-нде Ақмола обл-да, Есіл өз. алабында орналасқан. Қ. атауы қазақ тілінде елдің бас қаласы дегенді ұғымды білдіреді. «Астана» сөзі парсы тілінен ауысқан. Қазақша "киелі орын", "босаға" деген мағыналарға ие. Бүгінгі таңда елдің жалпы ішкі өнімінің 10% А-ның үлесіне тиеді. Климаты тым континентік: қысы суық, аязды. Қыстың ұзақтығы 5-5,5 айға созылады. Қарашаның ортасында түскен қар 130-140 күнге дейін жатады. Қаңтар айының орташа температурасы -17°С (52°С-қа көтерілетін аяз өте сирек болады). Аязды күндердің орташа температурасы -25°С. Мұндай күндердің ұзақтығы жылына 10-14-тен 38-45 күнге дейін созылады. Қыстың шамамен 30 күні боранды , боран оңт.-бат-тан соғады. Қар қалың түскен ж-дары өз-дер тасып, көлтабандар көлге, көлдер шалқыған айдынға айналады. Бұлтты күндер аз, жылына шамамен 2200 сағаттай күн ашық болады. Жазы ыстық, қуаң. Шілде айының температурасы +42°С-ға жетеді. Ең жоғары температура шілденің 11-12 күнін қамтиды. Жылы мезгіл шамамен 213 күнді, аязды мезгіл 120 күнді құрайды. Жерге түсетін ылғалдың жылдық мөлшері 300 мм, оның 30 %-көктемге, 34 %-жазға, 36% күз, қыс айларына келеді. Жел жиі соғады, орташа жылдамдығы-2 м/сек. Желдің қаттырақ соғатын мезгілі наурызға (6 м/сек), баяу соғатын мезгілі тамызға (4 м/сек) келеді. А. қуаң аймақта орналасқан, негізгі су қоры өз. және жерасты су көздерінен құралады. Бастауын Нияз таулары бұлақтарынан алып, қысқы қар, жазғы жауын суымен толысып отыратын Есіл өз. қ-ның негізгі су артериясы. Есілдің қ-дан ағып өтетін тұсынан шағын екі өз. Сарыбұлақ пен Ақбұлақ келіп құяды. Қаланы 25-30 км төңіректе шағын өз.-көлдер қоршап жатыр. Олардың кейбіреуі тұщы, кейбіреуі кермек сулы. Негізгілері: Сасықкөл, Жоламан, Тышқанкөл, Танакөл, Жылтыркөл, Тазкөл, Қайнарлы, Тағанкөл, Майбалық, Бұзықты, Жалаңаш, Шенет, Ағанас, т.б. А-да Сарыарқа, Алматы және Есіл ауд-дары бар. А. халқының табиғи қозғалысының оң факторы бала туу мен неке қию деңгейінің артуы. Халықтың өсуі негізінен көші-қон ағыны есебінен қамтамасыз етілуде. Ақмола 1862 ж. қала мәртебесін алды. 1962 ж. оған Целиноград атауы берілді. 1997 ж. ҚР Президенті Н.Назарбаев елорданы Алматыдан Ақмолаға көшіру туралы Жарлық шығарды. 1998 ж. 6 мамырда елорда атауы «Астана» болып өзгерді. 1998 ж. 10 шілдеде Қазақстанның жаңа елордасы — А-ның тұсауы кесілді. 1998 ж. ЮНЕСКО шешімімен А. қ-сына «Бейбітшілік қаласы» жоғары атағы беріліп, медальмен марапатталды. Бұл атақ ғаламшардың қысқа мерзім ішінде әлеум.-экон., саяси және мәд. дамуда неғұрлым әсерлі әрі қуатты өсуге, тұрақты этникааралық қатынасты орнықтыруға қол жеткізе алған жас қ-ларына беріледі. Бразилияда өткізілген бұл конкурста А. барлық өлшем бойынша әлемнің әр түрлі елдердің 12 қ-сын басып озды. А. өте серпінді

дамуда. Елорда көшірілген кезден бастап қ. экон-сына салынған инвестиция көлемі бірнеше млрд доллардан асты. 1998 ж. А. еркін экон. аймақтың WEPSA халықар. қауымдастығына кірді. Әлемнің 15 қ-сы Қазақстан елордасының бауырласы болып табылады, олардың арасында Мәскеу, Берлин, Варшава, Минск, Киев, Анкара, Бангкок және т.б. бар. Соңғы ж-дары қ-да мәд.-ағарту мекемелер желісі едәуір көбейді. Театрлар, ондаған кітапхана, мұражайлар, клуб мекемелері, кинотеатрлар, мемлекеттік филармония, мәдениет сарайлары, балалардың және өнер мектептері жұмыс істейді. Халықты спортпен және дене шынықтырумен тұрақты айналысуға тарту мақсатында жаңа спорт кешендері ашылды. Қалада ондаған ЖЖО мен колледждер, кәсіптік мектептер, мектеп жасына дейінгілерді тәрбиелейтін мекемелер жұмыс істейді.

АТБАСАР СЫРТҚЫ ОКРУГІ, Ресей империясының үкіметі 1822 ж. 22 шілдеде бекіткен «Сібір қазақтары туралы» Ережеге сай 1859 ж. ашылған әкімшілік бөлініс. Батыс Сібір генерал-губернаторлығының аумағында құрылған ең соңғы (8-ші) округ – осы. Оның құрамына бұрын Көкшетау және Ақмола сыртқы округтерінің қарамағында болған Қарабала-Төртқара-Сарғалдақ, Қызылтаз-Ибескі-Жұртшы, Қызылтаз-Қоқан-Жыртық, Ақтаз-Бадана-Сейіт, Төртуыл-Қозған, Әліке-Байдалы және Тарақты-Ноғай болыстары енді. 1868 ж. 21 қазанда орыс патшасы қол қойып бекіткен «Далалық облыстарды басқару туралы» уақытша Ереже талаптарына сай округтер таратылғанда бұрынғы А.с.о. бүкіл жері және тұрғындарымен жаңадан құрылған Ақмола облысының құрамына кірді. 1908-1917 ж. А.с.о-нің Амантай болысында күрескер әнші-композитор, ақын Мәди Бәпиұлы айдауда болды.

АТЖАЛМАН – кеміргіштер отряды, аламан тәрізділер тұқымдасына жататын сүтқоректі мақұлықтар. А. еліміздің барлық жерінде кездеседі. Соның ішінде, дауыр А-ы, сұр А., эверсман А-ы, жоңғар А-ы, роборовский А-ы, кәдімгі А. сияқты түрлері мекендейді. Дене тұрқы 7-28 см, салмағы 17-540 г болады. Құйрықтары қысқа келеді, ұрт қалталары жақсы жетілген. Жүні ала күреңдеу, екі бүйірі қызғылт, аузының айналасы, алқымы ақ болады. Шөптесін өсімдіктер мен бұта арасында,бау-бақша маңайларында тіршілік етеді. Күндіз інінде жатады, оның азық сақтайтын бірнеше қоймасы болады. Өсімдік тұқымдарымен, жапырақтармен және ұсақ жәндіктермен қоректенеді. Ініне азықтық қор жинайды. Қысқы ұйқыға жатады. Ауық-ауық ұйқысынан оянып, жинаған азығымен қоректеніп алады. А-дар жылына 3-4 рет, 3-13-тен балалайды. Бір рет түлейді. А. а. шар-на көп зиян келтіреді. Оба және туляремия ауруларын таратады. Кейбір түрлері зертхана нысаны ретінде қолда өсіріледі.

АТПЕН ТАБАҚ ТАРТУ — торқалы той, ат шаптырып ас беру кезінде атқарылатын қызмет. Асқа, тойға келген қонақтарға тігілген үйлерге піскен етті суытпай тарату үшін тайпалған жорға мінген жігіттер сый табақтарды тасиды. Аса епті жігіттер тізгінді тісімен тістеп, екі қолына екі табақ ұстап, жарты шақырым, кейде одан да қашықтағы қараша үйлер жанындағы ошақтардан ақ үйлерге дейін бірнеше мәрте қатынасады. Сәйгүлік мінген ат айдаушы табақ тартушылардың қақтығыспауын, бөгеліп қалмауын қамтамасыз етеді. Ділданы Абайға ұзату кезінде Алшынбай аулы құдаларға осындай қызмет көрсеткен дүр. А. т. т. дәстүрдің кейбір элементтері М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында әңгіме болады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АУЫЛ – 1) дәстүрлі қазақ қоғамында ежелден қалыптасқан қауымдастық. Халқымыздың «Ауыл түбі – бірлік, қауым түбі – тірлік» деген мақалы А-дың этникалық, экономикалық және рухани маңыздылығын білдіреді. Даланы қоныстанған көшпелілерге табиғатпен үйлесімді тіршілік ету жеткіліксіз еді. Олардың әлеуметтік ортасы да қолайлы болуы қажет. Бұл қажеттілік жеті аталық үрдіс деп аталатын қоғамдық құрылымды тудырды. Дәстүрлі қазақ А-ы бір атадан тараған (азғана кірме, қоңсыларды қоспағанда) ру мүшелерінен тұрды. Ауыл ішінде некелік қатынастарға тыйым салынған. Жеті аталық үрдіс дегеніміз – экзогамиялық некенің қатты сақталатын түрі. Бұл дәстүрді бұзғандар (мыс., Еңлік – Кебек) өлім жазасына кесілген. Басқа мәдениеттер тұрғысынан ол қатыгездік деп бағалануы мүмкін. Алайда, рулық экзогамияның оңды жақтары айқын. Қазақ некелік қатынастары аралары жүздеген-мыңдаған шақырым А-дарды бір-біріне жақындатты, туысқан етті. “Құда – мың

жылдық” деген ұғым осыдан пайда болған. Қазақ тілінде диалектілер жоқтығы да осыдан. А-дар арасында ынтымақтастық артуы этностық тұтастықты нығайтып, бүкіл ұлт адамдарын бір әулет сияқты туыстастырды А-дың әлеум. құрылымына келсек, онда еуропалық тұрғыдан қаралатын тап, тап күресі, феодал, шаруа, қанау тәрізді ұғымдар мәнсіз болып шығады. Біріншіден, рулық қоғамда отырықшы мәдениеттегідей жерге жеке меншік дамымаған. Ол рудың меншігі болып есептелген. А-ғы байдың малы да бүкіл А. мүшелерінің игілігіне айналған. Басқа А-дан келген қалыңдық бүкіл А-дың келіні болып есептелген. Әмеңгерлік, жесір дауы сияқты әлеуметтік құбылыстардың да тамыры осында. Екіншіден, А-дар арасындағы әр түрлі қайшылықтар мен күрделі мәселелерді А-дың беделді адамдары – ақсақалдар мен билер реттеп отырды. Әдетте, қазақ А-ында 5-6 түтіннен 10-15-ке дейін шаңырақ тұрған. Бұл ортақ шар. жүргізу мүддесіне байланысты пайда болды. Көп малды бір жерде ұстау шар. үшін тиімсіз. Қазақ А. үлкен отбасылық патриархалдық қоғам деген пікір мүлде жалған. Мүмкіндігі бар адамдар ер жеткен балаларына енші беріп, жеке шығарған. Шаңырақтан отау бөлініп, көрші А-ға орналасқан. Кенже ұл әкесінің, “қара шаңырақтың” мұрагері болып есептелді. Әрбір А. көшпелі мектеп, жалдамалы молда (кейінірек мұғалім) ұстаған, кілем, алаша, басқұр, шекпен, т.б. тоқитын, үйшілік, зергерлік, ұсталық ететін қолөнершілер болған. А. ән мен күй, өлең мен жыр, ақындар айтысы мен шешендер сайысының орталығы, ұлттық дәстүрдің тоғысқан жері, халық өнерінің бастауы болды. Қазақ А-ында үйлер алқа-қотан тігіледі, мал қоралау, өргізу үшін, А-дың бір жақ шеті ашық қалдырылады. А. маңында бұлақ жемесе құдық, оның басында қауға, үлкен науа тұрады. А-дың көшіп-қонудағы басты мақсаты – малды тойындыру. Қоныс неғұрлым жиі ауыстырылып, өріс жаңғырып отырса, мал соғұрлым күйлі, семіз, сүтті болады. Қазақ жылдың төрт маусымын өрісі сонылығына, суы молдығына қарай: өре жимас, майқұйрық, ақбастау, егіндібұлақ, қопалы, миялы, т.б. деп жіктеген. Табиғи апаттар (қуаңшылық, жұт, індеттер), әлеум. және саяси аласапыран оқиғалар (сыртқы жаугершілік, ру-тайпа аралық тартыс, елдік бірліктің әлсіреуі, т.б.) адамдар топтасуының бұл түрін күрт өзгерген ортада дәрменсіз етті. 19 ғ. бастап қалыптасқан жаңа жағдай қазақ А-ның типін күйзеліске ұшыратқаны белгілі. Ол орыстық-отарлық қысымға шыдай алмады. Осының нәтижесінде тозу, қақтығыс, мәдени дағдарыс А-дық-тектік қоғамды жайлай бастады. 1856-68 жж жүргізілген әкімшілік реформа нәтижесінде қазақ жеріндегі А-дық басқару болыстық жүйемен алмастырылды. Бұл ғ-лар бойы қалыптасқан қоғамның дербес реттеу тетіктерін жойып, сырттан таңылған жүйеге көшуіне әкеп соқты. Қазақ А-ы отаршыл империяның мал өнімдерін өндіретін шикізаттық ұжымдарына айналды. Қазан төңкерісіне (1917) дейін қазақ жеріндегі көшпелі ел мен отырықшы халық мекендерінің типінде үлкен айырмашылық болды. Кеңес өкіметі көшпелі А-дарды жаппай отырықшылыққа бейімдеп колхоз, совхоздарға біріктірді. Бұл қазақ А-дарын зор қасіретке ұшыратты. А-дың қоныс жүйесі ретінде қ-дан айырмашылығы – тұрғындарының орналасу тығыздығы төмен және саны аз. Еңб. және демалыс түрлері өзгеріске аз ұшырайды. Мұндағы еңб. табиғат ырқына, жыл мезгілдерінің ауысып отыруына негізделген. Қ-мен салыстырғанда А. тұрғындарының жұмыспен қамтылу дәрежесі төмен, бірақ кәсіп пен тұрмыстың мазмұндық бірлігі жоғары; еңб. ету жағдайы ауыр, инфрақұрылымы нашар дамыған. А-дағы отбасылар әлеум. және ұлттық жағынан біртекті болып келеді. Әлеуметтік бақылау дәрежесі қ-мен салыстырғанда жоғары, себебі адамдардың қарым-қатынасы әдет-ғұрыпқа, салт-дәстүрге қатаң негізделген. Отырықшылану кезінде тарихи қалыптасқан көшпелі А-дар жүйесі біржола бұзылып, адамдар отырықшы жаңа елді мекендер бойынша топтаса қоныстана бастады. Осы шағын елді мекендер (олардың ішінде а. шар-мен мүлде айналыспайтындары да) А. атала бастады. Социалдық жоспарлы экон-ның күйреуі, оның орнына жаңа нарықтық экон. ірге тебуіне байланысты тұрғын жұрттың қ-ға көшіп-қонуы күшеюі салдарынан А-дар саны азаюда. 2) Қазақстандағы, Орта Азия мен Солт. Кавказ мемл-теріндегі халық мекендейтін қора-қопсылы, тұрақты және уақытша үй-жайлардан, мәдени ағарту, денсаулық сақтау мекемелері мен кейбір кәсіпорын ғимараттарынан тұратын, географиялық атауы бар мекен.

АХМЕТБЕКОВА Мәрия Талғатқызы (28.02.1937, Шығ. Қазақстан обл.) – сауда саласының ардагері, Кеңес тұтыну кооперациясының үздігі (1968). Егіндібұлақта ОМ, одан соң Қарағанды обл. Тұтыну одағы жанындағы кооператив кәсіпт. уч-ні бітіріп (1957), Қу ауд. Энгельс атынд. к/зында, одан соң Егіндібұлақтағы орт. дүкенде сатушы болды. Сауда мәд. көтеріп, тауар айналымы жоспарын ұдайы асыра орындап, халық көңілінен шықты. Кейін Целиноград қ-дағы кооператив техн. тәмамдады (1970). Еңбекте абыройға бөленіп, 1963-93 жж обл. тұтыну одағының тұрақты мүшесі болды. Медальдармен, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. Бүкілодақтық тұтыну кооперациясы X съезіне делегат болып қатысып, 1977 ж. Бүкілодақтық халық шар. жетістіктері көрмесіне барды.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

АХМЕТБЕКОВ Мұрат (1935, Қу ауд.) – партия, кеңес қызметкері. Қарағанды қ. Н.Нұрмақов атынд. ОМ-ті бітіріп, 1952 ж. Қарағанды пед. ин-ына түседі. Оқуды аяқтамай «Советтік Қарағанды» газетіне корректор болып жұмысқа орналасады. 1954-55 жж Егіндібұлақ ауд. қарасты Энгельс атынд. к/зға келіп, тың және тыңайған жерлерді игеру ісіне араласады. 1955-57 жж еңб-ші депутаттары Шарықты а. кеңесінің хатшысы, 1958 ж. ауд. комсомол к-інде нұсқаушы, кейін халық депутаттары ауд. кеңесінің хатшысы, ауд. есеп-санақ бөл-нің бастығы, 1962-64 жж Қарқаралы ауд., «Бақты» с/зында жұм-шы к-інің төрағасы, 1964 ж-дан зейнеткерлікке шыққанға дейін Егіндібұлақ ауд. а. шар. қызм-лері мен жұм-лар к-інің төрағасы, халық депутаттары ауд. кеңесі атқару к-і ұйымдастыру-нұсқау бөл-нің меңг-сі, респ. Дайындау мин-гі Егіндібұлақ ауд. бойынша а. шар. өнімдерінің сапасы мен сатып алу жөніндегі бас инспекторы, ауд. мұрағат бөл-нің меңг-сі міндеттерін табысты атқарды. А. біршама мемл. марапаттармен наградталған.

АХМЕТЖАНОВА Бимәрия – тыл және еңб. ардагері.

АХМЕТЖАНОВ Амангелді Берікбайұлы (18.10.1987, Егіндібұлақ ауд., Теректі а.) – филолог, әуесқой әнші-композитор, Айтыс ақындары мен жыршы-термешілердің халықаралық одағының мүшесі. 2005 ж. Егіндібұлақтағы №43 ОМ, 2009 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың филол. ф-ін тәмамдады. А. ауд., обл., респ-лық ән байқауларының жүлдегері. 2013 ж. «31 телеарна» ұйымдастырған «Ән – шаңырақ» телебайқауының финалисі. 2014 ж. М.Уәлиевтің «Сен ғана» атты әніне жазылған алғашқы бейнебаяны жарыққа шықты. 2016 ж. Арқаның жас сазгерлерімен бірігіп, «Махаббаттың бесігі – Қарағандым» атты ән кешін өткізді. 2016 ж. Т Молдағалиевке арналған, «Жүрегі жырдан жаралған» атты респ. ән байқауында III орын иеленіп, жыршы-термешілердің «Текті сөздің төресі – терме» респ. байқауында дипломант атанды. А. «Қалқатай», «Қылықтым», «Естелік», «Сүйемін сені», «Сенсіз», «Сен едің», «Кел маған», «Періштем», «Сағындым», «Аңсағаным» сияқты лирикалық әндердің авторы. Сондай-ақ, оның «Арқаның таңы», «Сағындым сені» сияқты ұлттық-дәстүрлік бағыттағы әндері бар. А-тың патриоттық тақырыптағы «Қызылтау», «Туған жер толғауы», «Балқантау әні» сияқты шығармалары өнер сүйер қауымның үлкен ықыласын иеленуде.

АХМЕТЖАНОВ Бекболат – қаржы саласының ардагері

АХМЕТЖАНОВ Қанағат (9.0171939, Қу ауд., «Жалтас» к/зы – 5.06.2001, Теректі а.) – а. шар. саласының үздігі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты. 1954 ж. орталау мект. бітірді. 1953-61 жж Энгельс атынд. к/зда колхозшы. 1958 ж. трактортшы курсын бітіріп, 1961-66 жж Егіндібұлақ ауд. Қазақстанның 40 жылдығы атынд. с/зда трактортшы, бақташы болып, 1966 ж. осы с/здың аға шопаны атанды. Ақтылы түлік өрбітуде үлкен табысқа қол жеткізді. 1976 ж. «Айрық» с/зының Басқұдық, 1977-78 жж Үшқара бөл-нде зоотехник, 1978-79 жж Басқұдық бөл-нде басқарушы болды. 1979-91 жж қайтадан Қазақстанның 40 жылдығы атынд. с/здаға аға шопан жұмысына оралып, 1992 ж. «Бағлан» шар. қожалығын ұйымдастырды. Қой санын көбейтіп, ет, жүн өндірудегі табыстары үшін мемл. көптеген сый-сияпаттар иеленді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен (1966), «Еңбектегі ерлігі» үшін медалімен (1967), Еңбек Қызыл Ту (1968), «Құрмет белгісі» (1970) ордендерімен марапатталған. Бірнеше мәрте жергілікті өкілетті органға, 1971-75 жж №196 Егіндібұлақ сайлау округынан Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

АХМЕТОВА Әмина (1928, Қу ауд., «Жаңажол» к/зы – ?,) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. 1945 ж. ОМ бітіріп, «Жаңажол» к/зындағы баст. мект. мұғ. болып еңб. жолын бастады. 1946-48 жж ауд. оқу бөлімінде есепшісі қызм. атқарып, Қарқаралы педучилищесін бітірген 1948 ж. бастап №1 ОМ-те мұғ. болды. 1953-56 жж балабақша меңг-сі қызм. атқарып, 1956 ж-дан зейнеткерлікке шыққанға дейін қайтадан №1 ОМ-те баст. сынып оқушыларына дәріс берді. Педагог болып қызм. атқарған 40 ж. ішінде А. Егіндібұлақ өңірінің талай ұрпағына қара танытып, білімді азаматтар тәрбиелеп шығарды. Ұзақ ж-ғы жемісті еңбегі үшін ол көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

АХМЕТОВ Әскен (1920, Қарқаралы уезі, Қу бол./ қазіргі Шарықты а. округінің жері) – Егіндібұлақ а. – еңб. ардагері. Ашаршылық ж-дары жетім қалып, Торғай обл., Есіл ауд., Терісаққан а-ндағы балалар үйінде тәрбиеленіп, білім алды. Еңб. жолын 1938 ж. Шет ауд. Нұраталды а-нда есепші болып бастады. 1939 ж. елге оралып, ауд. тұтынушылар қоғ-нда есепші, бас есепші болып жүргенде әскерге алынған. Қиыр Шығ-та Қызыл Армия қатарында қызм. етіп жүргенде ҰОС басталып, алғашқыда Манчжуриядағы шайқастарға қатысады. Екі ж-дан соң бөлімдері Бат. майданға ауыстырылып, жеңісті II- ші Украин майданы әскері қатарында, Аустрия жерінде қарсы алған. 1946 ж. елге келіп, еңб-ке араласады. Ауд. банк есепшісі, меңг-сі болды. Кейін ауд. атқару к-і төрағасының ор-ы, Қарағандыға ауысқан соң қ. жол мекемесінің бас есепшісі, қ-лық қаржы мекемесінің бөл. бастығы, аға тексеруші-ревизор, обл. қаржы бөл-не қарасты а. шар. бөл-нің бастығы, 1980-89 жж Егіндібұлақ ауд. тұтыну қоғ-ның төрағасы қызм. атқарды. А. сауда мекемесін басқарған ж-дары өңірде жаңа дүкендер ашылып, халыққа қызм. көрсету мәд. өсті, алыс елді мекендердегі тұрғындарға қажетті тауар жеткізу жұмысы жүйелі және атқарылды. Халықтың сұранысы артып, оларды дүние-мүлікпен, азық-түлікпен қамтамасыз ету жақсара түсті. Ол II дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальмен марапатталды.

АХМЕТОВ Қабыш (28.02.1920, Қарқаралы уезі, Дастар бол. – 28.05.2008, Егіндібұлақ а.) – майдангер, партия, кеңес қызметкері. 1939 ж. мект. бітіріп, бірден Қызыл армия қатарына шақырылады. ҰОС басталғанда Белоруссияның Могилев қ-сында, 172 дивизияның 514 полкында әскери қызм. атқарып жүрген пулеметші 1941 ж. 26 маусымда фашистерге қарсы ұрысқа кіріседі. Әскери бөлім күші басым жау қоршауында қалғанда ішінде А. бар бір топ жауынгер Брянск ормандарында 2-Клетнян партизан бригадасы құрамына қосылып, кескілескен шайқастарға қатысады. ҰОС кезіндегі партизандар әрекетін баяндайтын, 1968 ж. жарық көрген «Ерлік» атты жинақтан мынадай жолдарды оқимыз: «Бұл топта Қабыш Ахметов те бар еді. Ол өте шебер, өте айлакер, оқ жауып тұрғанда жаудың мина қойып кеткен участоктерін оп-оңай аршып, сым бөгеттерді заматта қиып үлгеретін. Оның батыл қимылы негізгі топтың бірнеше шақырымға созылған темір жол бойын әп сәтте тазалауына мүмкіндік берді. Жаудың бронепоезына тоқауыл қойып, сөйтіп бүкіл операцияның сәтті шығуына жағдай жасады» («Жазушы», А., 1968). Партизан отрядының командирі, полковник Т.Коротченко, комиссары П.Лебедев А-ке берген жауынгерлік мінездемеде: «... әсіресе Пеклино, Рябчичи елді пункттеріндегі неміс горнизондарын, Понятовка станциясын талқандауда, Белынковочи ауданында, Беседь өзеніндегі үлкен темір жол көпірін бұзуда және Чериков-Краснополье тас жолында немістің ірі коллонасын құртуда көрсеткен, тағы басқа асқан ерліктері үшін үкімет наградасына ұсынылғандар қатарында» – деп жазылған. 27 ай партизандар тобында соғысқан А. кеңес әскері Брянск жерін жаудан азат еткеннен кейін II гв. дивизияның солдаты болып, Белоруссияны, Балтық бойын азат етуге, Кенигсберг, Пиллау қамалдарын алуға қатысып, ерлік көрсетті. 1946 ж. мамырда туған елге оралған А. бейбіт ж-дарда партия, кеңес органдарында қызм. атқарды, Егіндібұлақ а. кеңесі атқару к-нің төрағасы болды. Ол бірнеше жауынгерлік награданың, соның ішінде Қызыл жұлдыз орденінің иесі.

АХМЕТОВ Қанаш Әубәкіруұлы (3.05.1938, Қу ауд., Өсібай а. – 09.2016, Егіндібұлақ а.) – малдәрігері, а. шар. ұйымдастырушы. 1961 ж. Қарқаралы зоовет. техн-ын, 1975 ж. Семей зоотехн.-малдәрігерлік ин-ын тәмамдаған. Еңб. жолын 1954-58 жж Қу ауд., Қазақстанның 30 ж-дығы атынд. к/здың колхозшысы, 1961-63 жж Қу ауд. мал бордақылау пунктінің ветеринарлық дәрігері, 1963-65 жж «Қаратау» с/зы №4 бөл-сінің ветеринарлық дәрігері,

1965-79 жж «Қаратау» с/зының ветеринарлық бас дәрігері, 1975-85 жж Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқармасы бастығының ор-ы, 1985-95 жж Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/здың дир-ы, 1995 ж-дан Қазыбек би ауд. тарағанға дейін ауд. әкімінің 1-ші ор-ы – а. шар-ын болжау және маркетинг бөл-нің меңг-сі қызм. абыроймен атқарды. А. көптеген мемл. марапаттармен наградталды.

АХМЕТОВ Медеу – мемл. қызметкер. Егіндібұлақ а-ның әкімі, Қарқаралы ауд. әкімі аппаратының жетекшісі қызм. атқарды.

АХМЕТОВ Насыр (1900, Ақмола обл., Еңбекшілдер ауд. – қайтыс болған ж., жері белгісіз) – партия, кеңес қызметкері. 1927 ж. Еңбекшілдер ауд. №7 а. мект-нің 4-сыныбын, 1937 ж. Ақмола а. шар. мект-нің (комвуз) 3 курсын, 1938 ж. Шикізат дайындау халкомы курсын (Мәскеу) бітірген. 1912-24 жж дербес шар-нда еңб. етіп, 1927-29 жж Еңбекшілдер ауд. №7 а. кеңес хатшысы, 1929-31 жж халық сотының хатшысы, 1931 ж. ауд. милиция бастығы болды. Алматы кеңес құрылысы курсында оқып, 1931-32 жж Ақсу ауд. парт. к-нің нұсқаушысы, 1932-33 жж Ақсу ауд. халық сотының судьясы, 1933-34 жж Қарағанды (Тельман) ауд. халық сотының судиясы, Тельман ауд. жабдықтау бөл-нің бастығы, 1937 ж. Шикізат дайындау халкомының Нұра ауд. бойынша өкілетті инспекторы, 1938-40 жж Қоңырат (Ақтоғай) ауд. бойынша өкілі, 1940-42 жж Қоңырат ауд. парт. к-і кадр бөл. меңг-сінің ор-ы, кадр жөніндегі хатшы, ауд. парт. к-інің 1-ші хатшысы қызм. атқарды. 1943-45 жж Қу ауд. атқару к-нің төрағасы лауазымында жұм. істеді. А-тің одан кейінгі тағдыры жайлы деректер ұшыраспады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АХМЕТОВ Хами (1900, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 1921, Қарқаралы қ./ кейін туған жеріне қойылды) – педагог, егін шар. дамытушы. А-дағы мект-ті, Н.Нұрмақовтың қолдауымен Қарқаралыда орыс-қазақ уч-сін тәмамдаған. Кеңес өкіметі орнаған соң, 1920 ж. Қарқаралы уезінің оқу инспекторы болды. Қу өңірінде сауатсыздықты жою, мект-тер ашу ісіне қызу араласты. Сонымен бірге, әкесі Ахметпен бірге Түркістаннан бидайдың «Қасқыржон», «Қарбас» сұрыптарының тұқымдарын әкеліп, қазіргі Шарықты а. округі аумағындағы Қарамола, Үшқайнар алқаптарына егін салды. Мол өнім алып, Ақайдың Қасенінің қаржы көмегі арқасында а. шар. машиналарын әкеліп, елдің егіншілікпен айналысуына ықпал етті. А. Қарқаралы парт. к-інде қызм. етіп жүргенде уезд орт-ын басып алған атаман Дутов әскерінің қолынан қаза тапқан 78 коммунистпен бірге атылып, сонда жерленді (сүйегі соңынан Шарақты а. округіндегі Шобалай қорымына жеткізілді). 1960 ж. зираты басына бетон ескерткіш-стелла орнатылды. Егіндібұлақ а-дағы бір көше А-тің есімімен аталады.

АШАРШЫЛЫҚ – саяси-әлеуметтік үдерістер мен табиғаттағы қолайсыз ахуалдар салдары болып табылатын әлеуметтік апат. А. – жеке адамның не отбасының ашығуы емес, бүтін бір аймақтың, халықтардың, мемл-тердің басына түсетін нәубет. Оның соңы адамдардың жаппай қырылуына алып келіп, халық санын күрт азайтып жібереді. Адамзат баласы өзінің ұзақ тарихында әр түрлі себептерден: қуаңшылықтан, жұттан, соғыстан, қолдан жасалған дағдарыстар мен күйзелістерден және геноцидтен соң күшті А-тарға жиі ұшырап тұрған. Қытайда, Үндістанда, Ресейде, Африка елдерінде болған ғаламат А-тар тарихтан белгілі. Көшпелі Қазақ қауымы апатты жұт ж-дары ғана болмаса, өткен ұзақ тарихында А-қа сирек ұшыраған. Тек «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» сияқты шапқыншылық ж-дары соғыс пен А-тан қазақ халқының саны 10-15 пайызға дейін кеміді. Жаңа заманда Қазақстан тарихында екі алапат А. халық жадында қатты сақталған. Алғашқысы – 1921-22 ж. болған А. Оның басты-басты екі себебі бар: алғашқысы – Ресейдегі азамат соғысы кесірінен Қазақ даласындағы шар-тардың күйзеліске ұрынуы, екіншісі – табиғи апат, қолайсыз ауа райы салдарынан орын алған жұт. Респ-да 1920 және 1923 ж. жүргізілген а. шар-ы санақтарының және Қазақстандағы жерге орналастыру мөлшерін белгілеген экспедицияны басқарған проф. С.П.Швецовтың мәліметі бойынша 1921 ж. А-та Қазақстан халқы 30 пайызға дейін азайған. Кейбір елді мекендерде нәубет халықтың 100%-ын қамтып, олар түгел дерлік босып, жолда, біразы атамекенінде қырылып қалды. 1921 ж. А. Бат. Қазақстан халқының 31,4 пайызын алып кетті. 1930-33 жж өткен А. салдары алдыңғыға қарағанда әлдеқайда ауыр болды. Оның себебі – Қазақстанда жүргізілген

сталиндік-голощекиндік реформа, ақиқатын айтқанда, орыс отаршылдығының жалғасы, содан туындаған шаруалардың жекеменшігін тәркілеу мен жою, бас көтертпес ет, астық, т.б. а. шар. өнімдері салықтары, көшпелі және жартылай көшпелі Қазақ шаруаларын жаппай және күшпен отырықшыландыру науқандары. 1926, 1937 және 1939 ж-дардағы санақтар материалдарында орын олқылықтар осы А-тағы адам, басқа шығындар санын дәл анықтауға кедергі келтіріп, ғалымдар арасында әр түрлі пікірлер өрістеуіне себеп болды. Дегенмен, осы А-та Қазақстандағы а. халқы санының кемуі туралы Қазақ АКСР халық шар-ғы есептеу басқармасының әр түрлі жанама есеп-статистикалық құжаттар (салық, мал есебі және т.б.), сондай-ақ, 1937 ж. Бүкілодақтық халық санағының алғашқы мәліметтеріне сүйенген ресми дерегі бар. Осы деректер бойынша Қазақстанның а. халқы 1930 ж-ғы 1 маусымнан 1933 ж-ғы 1 маусымға дейін 3 млн. 379,5 мың адамға кеміп кеткен. Егер бұл кемуден 1 млн-нан астам босқынды шығарып тастасақ, 1930-33 жж А. құрбандары 2 млн. 200 мың адамнан асып түсетінін аңғарамыз. 1992 ж. осы мәселені арнайы зерттеген ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының комиссиясы өз қорытындысында былай деп жазды: “Қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 млн. 200 мың адамнан, яғни барлық Қазақ халқының 48 процентінен айрылды”. А-тан Қазақстанда қазақтардың үштен бірі ғана қалды. А. зардаптары Орт. Қазақстанда, соның ішінде Қу – Балқантау өңірінде өте ауыр болды. Кеңес билігінің сапырылысқан реформалары салдарынан Қу ауд. құрылған 1928 ж. онда дәл қанша тұрғын болғанын анықтау қиын. Қолда бар деректердің бірі 40359 (Ғ.Смағұлұлы, М.Смақұлы. Балқантау баурайында, Қарағанды – 1998), екіншісі 32812 (М.Сәрсеке. Семей қасіреті. Астана – 2016) адам болғанын көрсетеді. Қолдан жасалған нәубет тоқталып, А-тан аман қалған ел туған жерге қайта оралып, орныға бастаған отызыншы жылдардың ортасында Қу ауд-да 4,5 мың шамасында тұрғын болыпты. 80 жыл өмір сүріп, атауы бірнеше мәрте өзгеріп (Қу, Егіндібұлақ, Қазыбек би), ақыры әкімшілік бөліністерді оңтайландыруды себеп етіп 1997 ж. таратылған ауд-да 21 мыңның үстінде тұрғын болыпты. Тың және тыңайған жерлерді игеру желеуімен өзге респ-лардан қосымша тұрғындар әкеліп, жұмыс күшін көбейтпен болған саясатқа қарамастан, Қу – Балқантау өңірінің халқы арада 65 ж. өтсе де, отызыншы ж-дардағы деңгейіне жете алмады. А. кезінде негізінен халықтың әлсіз тобы, жас балалар мен әйелдер көп қырылғандықтан, оның демогр. зардабы ауыр болды. Қазақтардың сан жағынан өсуін қатты тежеді. Асыра сілтеушіліктің ақиқат себебі, шынайы мәні субъективтік себептердің тасасына тығылып, саяси бүркемеленгенімен, бұл А. “қызыл қырғын”, “голощекиндік геноцид” деген тарихи атқа ие болды (оның сыртында салдары күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан орыс отарлығының зардаптары жатыр). Голощекиндік геноцидтің Қазақ халқына алып келген шығыны әлем тарихында (пайыз есебімен) фашистердің Еуропадағы еврейлерге жасаған сойқанынан, Кампучиядағы “қызыл кхмерлер” зардабынан асып түседі. Мешін, 1932 ж. болған бұл зұлмат 20 ғ-да адамзат баласына қарсы жасалған ең өрескел қылмыстардың бірі. Әр жылдың 31 мамыры күні Қазақстан халқы осы “қызыл қырғын” құрбандарын еске алады. Өкініштісі, мемл. биліктің немқұрайлығы салдарынан, қолдан жасалған осынау А-тың саяси себептері әлемдік қауымдастық алдында әшкереленіп, халықаралық деңгейде мойындалмай келеді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

АЯҒАНОВ Ахметқали (1880, Қу бол., 13 а. – 15.07.1930) – саяси қуғын-сүргін құрбаны. Орта білім алған А-тың қоғ. ісіне араласуы кеңес билігі орнағанша басталды. Жаңа өкімет тұсында Семей губ. сотының ІІБ бойынша тергеушісі қызм. атқарды. Контрреволюциялық әрекет жасады, коммун. тәртіпке қарсы жұмыс жүргізді деген сылтаумен 1930 ж. 4 ақпанда тұтқындалып, сол ж-ы 15 шілдеде үштіктің үкімімен атылған. Қызм-інде қылмыстық әрекет болғаны дәлелденбеген А. 1960 ж. 25 мамырда ақталды.

АЯПБЕРГЕНОВ Әлжан (1858, Қу бол., 13 а. – ө.ж.б.) – кәсіпкер. Білімі жоқ. Кеңес билігіне қарсы жұмыс жүргізді, тап жауларымен ауыз жаласты деген себеппен 1930 ж. 4 ақпанда тұтқындалып, сол ж-ы 15 шілдеде үштіктің үкімімен атылған. Қызм-інде қылмыстық әрекет болғаны дәлелденбеген А. 1960 ж. 25 мамырда ақталды.

АЯЗБАЕВА Рымкеш Қасымбекқызы (1943, Шет ауд., Ақшатау кенті) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1983), әдіскер мұғалім (1988). 1966 ж. Қарағанды пед. ин-ынын фиол. ф-ін бітірген. 1966-94 жж Егіндібұлақ а-ндағы мект.-инт-та орыс тілі мен әдеб. пәні мұғ. болып еңб. етті. Білім беру саласындағы ұзақ ж-ғы табысты еңбегі үшін бірнеше мемл. марапатқа, соның ішінде Қазақ КСР Оқу мин-нің Құрмет грамотасына ие болды (1997).

ӘӘӘ

ӘБДІКӘРІМОВ Қисан (20.08.1932, Қу ауд., Едірей а. – 31.01.2010, Қарағанды қ.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1982). ОМ кейін, 1953 ж Алматының Абай атынд. мемл. пед. ин-ын физика және матем. мұғ. мамандығы бойынша тәмамдап, еңб. жолын 1953-54 жж Қу ауд. орталығындағы №1 қазақ ОМ-інде физика-матем. пәндері мұғ. болып бастады. 1954-56 жж кеңес әскер қатарында қызм. етіп, 1956-57 жж Қу ауд. Абай атынд. жетіж-дық мект. матем. дәріс берді. 1957 ж. Қу ауд. №1 ОМ-інде матем. мұғ-і, 1957-59 жж осында оқу ісі меңг-сі, 1959-63 жж Қу ауд. халыққа білім беру бөл-нің инспекторы, 1963-65 жж Қарқаралы ауд. Егіндібұлақ а-ғы сегізж-дық мект. мұғ-і, 1965-67 жж Егіндібұлақ ауд. оқу бөл-нің инспекторы, ауд. партия к-інің нұсқаушысы. 1967-69 жж Егіндібұлақ ауд. мект.-ин-ының дир-ы, 1969-92 жж Егіндібұлақ ауд. мект.-ин-ының мұғ-і қызм. атқарды. Ә. көптеген мемл. марапаттардың, соның ішінде «Тың жерді игергені үшін», «Еңбек ардагері», «1941-1945 жж Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл», т.б. медальдардың иесі.

ӘБДІКӘРІМОВ Мүбәрак (1916, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1984, Егіндібұлақ а.) – педагог, ҰОС ардагері (әкесі Әбдікәрім (1900 ж.т.) мен оның інісі (1914 ж.т.) Өмірбайұлдары байдың, бидің балалары болғаны үшін Қарағанды обл. НКВД басқармасының «ерекше үштігі» үкімімен кеңес билігіне қарсы әрекет жасады деген айып тағылып, 1937 ж. 18 қарашада ату жазасына кесілді. Олар қылмысы болмағандықтан 1957 ж-ғы қаулы бойынша толық ақталды). Ә. 1935 ж. тау-кен өндірістік уч-сін бітіріп, 1935-38 жж Қазгеологиябарлау жұм. ф-інде оқып, 3-ші курстан кеткен. 1939 ж. Қазпедтехн. тәмамдап, 1940 ж. Қазақ пед. ин-ын бітірмей кетеді. Оқуды тастап кетуіне «халық жауының» ұлы деген түрткі әсер етеді. ҰОС басталғанша Шығ. Қазақстан обл., Верхнеульбинск ауд-ғы орталау мек-те мұғ. болады. 1941-46 жж жұм.-шаруа Қызыл армиясы қатарында қызмет етті. 258-ші шабуылдаушы авиаполкінде Ил-2 ұшағының атқыш-радисі болып, соғысты 1945 ж. қыркүйекте Жапонияда аяқтайды. 1946-56 жж Қу ауд. баст. және жетіж-дық мек-терінде мұғ. болған Ә. одан кейінгі ж-дары қорықшы, қойма меңг-сі, байланысшы, т.б. жұм. атқарды. Ол Жауынгерлік Қызыл Ту, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, «Германияны жеңгені үшін», «Жапонияны жеңгені үшін», т.б. медальдармен марапатталған.

ӘБДІЛДИНА Айым (23.12.1989, Егіндібұлақ ауд., Шарықты а. кеңесі) – балуан. ҚР және халықар. дәрежедегі спорт шебері. Еркін күрестен Қазақстан мен Азияның чемпионы, Гран-при турнирінің күміс жүлдегері (Германия, 2008), жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының күміс жүлдегері (Катар, 2008), Иван Ярыгин атынд. Гран-при турнирінің қола жүлдегері (Ресей, 2009), Азия чемпионатының 4 дүркін қола жүлдегері (Тайланд – 2009, Өзбекстан – 2011, Оңт. Корея – 2012, Астана – 2014), Александр Медведь атынд. Гран-при турнирінің жеңімпазы (Беларусь – 2010), Голден Гран-при турнирінің күміс жүлдегері (Әзірбайжан, 2010), Азия ойындарының қола жүлдегері (Қытай, 2010), Голден Гран-при турнирінің қола жүлдегері (Ресей, 2012), «Сассари Сити» халықар. турнирінің жеңімпазы (Италия, 2014). Сондай-ақ, 2014 ж. Баку, Астана, Гуми (Оңт. Корея), 2015 ж. Банккгок (Тайланд), 2016 ж. Доха (Катар), Будапешт (Хунгрия) қ-ларында өткен халықар. біріншіліктерде алтын, күміс және қола медальдар иеленді.

ӘБДІЛДИН Ермек Несібелдіұлы – спортшы, еркін күрестен КСРО спорт шебері, ҚР еңб. сіңірген жаттықтырушы. Респ. біріншіліктің бірнеше дүркін жеңімпазы һәм жүлдегері. Ә-нің шәкірттері респ. және Орта Азия турнирлерінде топ жарып жүр.

ӘБДІЛДИН Төлеубай (21.02.1928, Қу ауд., Егіндібұлақ а. – 23.08.2015, Қарағанды қ.) – педагог, партия, кеңес және кәсіподақ саласының, тыл және еңб. ардагері. Балалық шағы ҰОС кезеңіне тап келген Ә. еңб. жолын 1942 ж. «Жалтас» к/зында колхозшы бол. бастады. 1947-49 жж Қарағанды мұғ. ин-ында оқыған ол Қу ауд-да мұғ., жетіжылдық мек-тің дир-ы, ауд. оқу бөл-нің инспекторы қызм. атқарды. 1955 ж-дан Қу ауд. парткомы үгіт және насихат, одан соң ұйымд. бөл-дерінің меңг-сі болды. Қу ауд. жабылып қалған 1963 ж. Абай атынд. с/здың партия ұйымы хатшысы қызм. жіберілді. Өндірістен қол үзбей Қарағанды пед. ин-ын тәмамдап, ауд. 1965 ж. Егіндібұлақ атауымен қайта ашылған кезде ауатком төрағасының 1-ор-ы қызм. тағайындалды. 1968-88 жж. а. шар. қызметкерлері кәсіподағы Егіндібұлақ ауд. к-інің төрағасы мінд. атқарды. Ә. зейнетке шыққан соң да қоғ. қызметтен шет қалмай, 1988-98 жж соғ. және еңб. ардагерлерінің ауд. кеңесін басқарды. Сонымен бірге, 1989 ж. бастап, он жыл «Невада – Семей» антиядролық қозғ-ның төрағасы болды. Қу – Балқантау өңірі халқының өмірі мен денсаулығына апатты қауіп төндіріп, ауд. іргесінен 40 ж. бойы ажал уын шашып, жүздеген адамның ғұмырын жалмаған, мыңдаған жанды мәңгілік мүгедек еткен атом сынақ полигонын жабылуы үшін орасан еңбек сіңірді. Кеңес-американ бейбітшілік шеруіне, Алматы мен Астанадағы антиядролық халықар. конгресстерге, еліміздің ірі қ-ларында ұйымдастырылған ғыл.-практ. жиындарға, Берлинде (Германия) өткен халықар. конференцияға қатысып, ядролық қарудың адамзат болашағына тигізетін зардабы жайлы ой-пікірлерін осы тақырыпты зерттеуші мамандар мен ғал-дар талқысына салды. Ғұмырын Қу – Балқантау өңіріне қызм. жасауға арнаған Ә. көптеген мемл. марапаттарға ие болды. Ол Қарқаралы ауд. Құрметті азаматы еді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ӘБДІЛДИН Смағұл (1906, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 18.10.1994, Қазыбек би ауд., Ақтасты а.) – малшы, еңб. ардагері. А. молдасынан сауат ашып, хат танығ. 1935 ж. к/з мүшесі болып, а. шар. жұм-на араласты. Мал басын өсіріп, жоғ. өнімділікке қол жеткізгені үшін 1948 ж. Ленин орденімен марапатталды. Ақтылы түлік өрбітудегі табыстарына орай одан кейін Еңбек даңқы орденінін иеленді. Ә. 60 жасында зейнеткерлікке шықса да, 1975 ж-ға дейін мал бақты.

ӘБДІРАХМАНОВ Медеу – механизатор. Бұрынғы Қу, кейінгі Егіндібұлақ ауд. қарасты «Қоянды» с/зның экон. мен тұрғындардың әлеум. жағдайын жақсартуға зор үлес қосты. Ленин орденімен марапатталған.

ӘБДІРӘСІЛОВ Айткен (1909, Қарқаралы уезі, Дастар бол., Мыржық – 1978, Егіндібұлақ ауд., Едірей а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. 1924 ж. Дастар бол., №6 а-дағы баст. мект. бітіріп, а-дағы кеңес органдарында еңб. етіп, 1927-28 жж сауат ашу мек-де мұғ. болды. 1930-31 жж ауд. милиция бөл-де қызм. жасады. 1932 ж. Семей қ-дағы мұғ. даярлау курсын тәмамдап, 1933-75 ж-дар аралығында Мыржық, Тасшоқы және Едірей а-дарында бастауыш мек-терінде мұғ. болды. ҰОС басталғанда алғашқылардың қатарында майданға аттанды. Елге мүгедек болып оралған Ә. бүкіл саналы ғұмырында өзінің сүйікті ісімен – өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие берумен айналысты. II ғаламдық қырғында алған жарақат салдарынан қайтыс болды. Көптеген мемл. наградаларға, сала басшылығы тарапынан марапаттарға ие болды.

ӘБДІРӘСІЛОВ Мысыр Айткенұлы (1949, Қу ауд., Мыржық а.) – педагог, ҚР білім беру ісінің үздігі. 1967 ж. ОМ, 1971 ж. Н.К.Крупская атынд. Семей пед. ин-ның физика ф-ін бітіріп, Егіндібұлақ ауд. білім беру мекемелерінде еңб. жолын бастады. 1971-84 жж Арқалық ОМ-інде физика пәні мұғ-і, 1984-2000 жж «Арқалық» с/зы кәсіподақ к-інің төрағасы, баст. партия ұйымының хатшысы, а. кеңес төрағасы, а. округ әкімі қызм. атқарды. 2000-03 жж Арқалық ОМ-де мұғ. болып, 2003 ж-дан бастап №32 ОМ-тің дир-ы лауазымында еңбектенді.

ӘБСАМАТОВ Шәнел (20.12.1928, Қу ауд., Балықтыкөл а. – 198?, Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1976). 1947 ж. Қу ауд. №11 қазақ ОМ-ін, 1949 ж. Қарағанды мұғ. ин-ын бітірген. 1949-51 жж Қарқаралы қ. №1 қазақ ОМ-інде, одан соң Қу ауд. №11 қазақ ОМ-інде мұғ., 1951-52 жж Қазақстан ЛКСМК Қу ауд. к-і пионер ұйымының мең-сі, 2-ші, 1-ші хатшы, 1954-59 жж №1 қазақ ОМ-інде мұғ., 1959-61 жж

К.Маркс атынд. ОМ дир. қызм. атқарды. 1961-63 жж ҚКП Қу ауд. к-де, 1963-64 жж Қарқаралы ауд. к-інде нұсқаушы, 1964-69 жж Егіндібұлақ ауд. «Қаратау» с/зында партком хатшысы болған А. пед. қызм-ке қайта оралып, 1969-70 жж Егіндібұлақ а-дағы мект.-ин-та дир., 1970-72 жж осы білім ұясында пән мұғ-і, 1972 ж-дан бастап №1 қазақ ОМ-де мұғ. лауазымында еңб. етті. Білім беру саласындағы және парт. жұм-ындағы көп ж-ғы қызметі үшін ол бірнеше мемл. наградалармен, соның ішінде «Еңбектегі ерлігі үшін» медальмен, Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

ӘБУҒАЛИЕВ Бекет (1937, Қу ауд., Едірей а. кеңесі) – дәрігер, еңб. ардагері. 1964 ж. Қарағанды мед. ин-ын тәмамдап, Егіндібұлақ ауд. ауруханасында хирург болып еңб. жолын бастады. 1969 ж. Қарағанды қ-на ауысып, Х.Мақажановтың клиникалық ординатурасында тәжірибеден өтті. «Қарағандыкөмір» ӨБ-нің мед.-санитарлық бөл-де жарақат бөл-шесінің меңг-сі қызм. атқарған Ә. 1988 ж-дан кейін Х.Мақажанов атынд. көпсалалы ауруханаының кеншілер емханасында бөл. меңг-сі болды.

ӘБУҒАЛИЕВ Тоқан (5.05.1929, Қу ауданы, Мыржық а. – 05.2007 (?), Қарағанды қ.) – журналист. Қазақ мемл. ун-ін тәмамдаған соң (1951), Шығ. Қазақстан обл. «Коммунизм таңы» газ-нде әдеб. қызм. ретінде еңб. жолын бастап, менш. тілші, партия тұрм. бөл-нің меңг-сі, жауапты хатшы лауазымында қызм. атқарды. 1961ж. Жезқазған ауд. «Еңбек жолы», одан соң ауд.-аралық «Октябрь туы» газ-терінде редактор болды. 1963 ж-дан зейнеткерлікке шыққанға дейін Қарағанды обл. «Орталық Қазақстан» газ-де менш. тілші, еңб-ші хаттары, кеңес құрылысы, а. шар. бөлімдеріне жетекшілік жасады. Мерзімді баспасөз саласындағы ұзақ ж-ғы жемісті еңб. үшін Ә. көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

ӘБІКЕЕВ Кенжемерген Қабышұлы (7.01.1961, Қу ауд., Тәттімбет а. округі, Ақтасты а.) – әскери қызметкер, теңізші, контр-адмирал. 1978 ж. ОМ Невельск қ. (Сахалин аралы) теңіз уч-сін тәмамдаған. Оны бітірген соң С.О.Макаров атынд. Тынықмұхит (Владивосток) жоғ. әскери-теңіз уч-щесінде білім алып, 1983 ж. КСРО әскери-теңіз флотының арнайы курсын (Калининград) тәмамдады. Бакуде, Астраханда, Калининград пен Санкт-Петербургте әскери қызмет атқарған. Тынық мұхиты мен Балтық теңізі әскери-теңіз флоттарында қызмет атқарды. I рангалы капитан болып, лауазымды қызметке қалдырылып тұрған кезінде Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған соң, бірден елге оралады. 1992-97 жж ҚР Қарулы күштерінде түрлі лауазымда, 1997 ж. бастап ҚР Ұлттық қауіпсіздік к-інің шекара күзетінде қызм. етті. 2001-08 жж ҚР ҰҚК Шекара қызм-інің теңіз шекара дивизиясына қолбасшылық жасады. 2003 ж. ел Қарулы күштерінің Жоғ. Бас қолбасшысы – ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев оған теңіз шекара дивизиясының Жауынгерлік туын өз қолымен табыс етті. Ә. Қазақстан шекаралық теңіз дивизиясының бас қолбасшысы болған кезінде ел қарулы күштерінің осынау түрі қалыптасуына және оның әскери даярлығы мен материалдық базасы нығаюына қомақты үлес қосты. Әскери жаттығуларға қатысып, сарапшылар, соның ішінде халықар. бақылаушылар тарапынан ұдайы жоғары баға алды. 2006 ж. оған контр-адмирал әскери шені берілді. 2010 ж. запасқа шығарылып, 2011-13 жж ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Бас штабында кеңесші, 2013-16 жж «TF Security» АҚ ЖШС Қарағанды обл. филиалының дир-ы қызм. атқарды. 2016 ж. бері Ш.Есенов атынд. Каспий мемл. технолог. және инжиниринг ун-і (Ақтау қ.) әскери кафед-ның бастығы. ҚР Қарулы күштері қатарындағы үлгілі қызм. үшін ол бірнеше мемл. марапаттарға ие болды.

ӘБІЛҚАСЫМОВ Серік (13.04.1941, Егіндібұлақ а.) – экономист, басқару жүйесінің қызм-кері. 1959 ж. Егіндібұлақ а. қазақ ОМ, 1964 ж. Қазақтың С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. ҚазМУ-дың экон. ф-ін тәмамдап, Егіндібұлақ ауд. құрылыс мекемесі жосп. бөл-нің меңг-сі болып еңб. жолын бастады. 1969 ж. Алматы құрылыс материалдары кәсіпорнында, 1970 ж. бастап Қазақ КСР Еңб. министрлігінде бас маман, бөл. меңг-сі, басқарма және бас басқарма бастығы қызм. атқарды. 1991 ж. ҚР-ның алғаш қабылданған «Халықты жұмыспен қамту» заңын әзірлеуге һәм осы құжат негізінде халықты жұм-пен қамту респ-лық, обл-тық, қ-лық, ауд-дық мемл. органдарын құруға қатысып, үкімет қаулысымен халықты жұм-пен қамту респ. департаментінің төрағасы және Еңб. мин-нің алқа мүшесі болып тағайындалды.

2004 ж. зейнеткерлікке шықты. Ұзақ ж-ғы жемісті еңб-і үшін бірсыпыра мемл. наградаларға ие болды.

ӘБІЛМАНСҰР, қ. ***Абылай***

ӘБІЛМӘМБЕТ (1690 ж.ш. – 1771, Түркістан) – қазақ ханы. Болат ханның үлкен ұлы. Тәуке ханның немересі. Сәмеке өлгеннен кейін Орта жүзге хан сайланған. Шыңғыс тұқымының аға тармағы – Жәдік әулетінен тарайды. Абылайдың билікке жетуіне себепші болған. 1740 және 1742 ж. Ор бекінісіне, Орынбор қ-на Орта жүздің белді старшын, сұлтандарын бастап келіп, Анна Иоановнаға ант берген. Жоңғар шапқыншылығы елге қауіп төндіріп тұрған жылдарда елдің басын қоса алмады. Алайда Абылай, Барақ сұлтандардың қазақ руларын қалмақтарға қарсы ұйымдастыруына кедергі жасамады. 1744 ж. Ә. өзінің жасақтарымен Түркістан қ-на көшіп кетті. Орта жүз Абылай мен Барақ сұлтандардың билігінде қалды. Ә-тің үлкен ұлы Әбілпейіз Абылайды барынша қолдап, әкесінің соңынан ермеді. 1771 ж. әкесі қайтыс болғаннан кейін дәстүрлі құқынан бас тартып, Абылайдың хан сайлануын қолдады (Толықтыру).

Әдеб.: Рычков П.И., История Оренбургская (1730-1750), Оренбург, 1896; Материалы по истории Казахской ССР, т. 2, А., 1948; Ерофеева И.Б., Казахские ханы и ханские династии в XVIII – середине XIX в., в кн.: Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования, А., 1997.

ӘБІШЕВ Әлжаппар (15.10.1907, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. – 24.08.2001, Алматы) – жазушы, драматург, Қазақстанның халық жазушысы (1985). Тұңғыш кітабы – «Завал» (1936) жұмысшылар өмірінен жазылған. Одан соң «Армансыздар», «Төлеген Тоқтаров» (1944), «Саржан» (1945) хикаяттары және осы жылы «Жас түлектер» романы жарық көрді. Ә-тің «Үлкен жолда» (1948), «Терең тамырлар (1952), «Сәуленің күлкісі (1978) хикаяттары мен «Сахара сәулеті», «Найзағай» (1969), «Атыңнан айналайын» (1988) романдары оқырмандар ықыласына бөленді. Ә. 30-дан астам драмалық шығ-ның авторы. Олар: «Отан үшін» (1939), «Жолдастар» (1940), «Қырағылық» (1941), «Намыс гвардиясы» (М.Әуезовпен бірігіп жазған, 1942), «Достық пен махаббат» (1947), «Мен өлмеймін», «Бір семья» (1948), «Күншілдік» (1954), «Кім менің әкем?» (1957), «Сәкен» (1965), «Белгісіз батыр», «Армандастар» (1966), «Мансап пен ұждан», «Мәди» (1977), «Көлеңкелер қалай жоғалады» (1978), «Нұрлы жаңбыр» (1981), «Кәусар» (1982), «Ажалсыз адам» (1983), «Сәкен аманаты» (1987), т.б. Оның пьесалары әр жылдары респ., обл. театр сахналарында қойылды. Бірқатар шығармалары шет тілдерге аударылған. Көптеген мемл. наградалармен марапатталған. Ә-тің жоғарыда аталған «Найзағай», «Мәди» шығ-да қазақ сал-серілерінің соңғы тұяғы, әнші-композитор, күрескер ақын Мәди Бәпиұлының әдеби-көркем бейнесі жасалған.

ӘБІШЕВ Мәди Уақасұлы (23.01.1959, Семей обл., Жарма ауд., Жалғызтөбе ст.) – жылу энергетикасы инженері, ҚР еңбек сіңірген энергетигі (2010), ТМД еңбек сіңірген энергетигі (2014). 1976 ж. Егіндібұлақ а. ОМ, 1981 ж. Алматы энергетика ин-ының жылу энергетикасы ф-ін тәмамдады. Еңб. жолын Қарағанды ГРЭС-2 кәсіпорнының турбина цехында жас маман болып бастады. 1983 ж. Екібастұз ГРЭС-1-дің қазантурбина цехына жіберіліп, көмекші құралдарды бақылау машинисінен кәсіпорынның бас директорына дейінгі қызмет жолынан өтті. 1989 ж. қазантурбина цехының бастығы, 1996 ж. кәсіпорын бас инж-інің ор-ы, 1998 ж. «AES Экибастуз» ЖШС (Екібастұз ГРЭС-1) бас инж-і болып тағайындалды. 2003 ж. «AES Экибастуз» ЖШС атқарушы дир-ы болып тағайындалды. Кәсіпорын қайта жабдықталғаннан кейін оның техн. дир-ы міндетін атқарды. Іс-тәжірибе алмасу мақсатымен әр ж-дары АҚШ, Пакистан, Ұлыбритания елдерінде болды. Оның ішінде көмірмен жылытылатын AES Файфутс (Fifoots) (Англия) электр станциясына техн. көмек көрсетті. 2006 ж. Вирджинии ун-інде (АҚШ) дамушы басшылар бағдарламасы бойынша кәсіби деңгейін көтерді. 2008 ж. «AES Экибастуз» ЖШС кәсіпорнын «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС меншігіне алып, 2009 ж. Ә. «Екібастұз ГРЭС-1» ЖШС-ға Бас дир. болып тағайындалды. 2010-13 жж «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС электр станциялары департаментінің техн. дир-ы міндетін атқарып, одан соң «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Жылу энергетика кешеніне техн. дир. болып жіберілді. Екібастұз электр станциясында басшылық қызм. атқара жүріп Ә. бірнеше ірі апатты ауыздықтауға зор еңбек сіңірді. Кәсіпорынды қайта жабдықтау мен жетілдірудің алғашқы кезеңін жүзеге асыруға жауапты болды және міндетіне алған тапсырманы толық

орындады. 2014 ж. басында «Қарағанды Энергоорталық» ЖШС Бас дир. болып тағайындалған Ә. көптеген салалық, халықаралық марапаттардың иесі. Оның «ЖЭС мен ірі қазандықтарда Қазақстан көмірлерін жағу» (1996) кітабы кәсіби ЖОО оқулық ретінде пайдаланылса, «Тозаңтұтушы қондырғылар жұмысының тиімділігін арттыру» деген жаңалығы (2008) ЖЭС-тер мен ГРЭС-терде кеңінен қолданыс табуда.

ӘБІШЕВ Нұғыман (15.01.1906, Қарқаралы уезі, Қу болысы – 4.02.1988, Алматы) – әнші, Қазақстанның халық артисі (1968). Бала кезінен домбыра тартып, әнші бала атанады. 14 жасынан көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысқан. Әншілік өнерді Ғ.Айтбаев, Қ.Байжанов сынды аға әншілерден, замандасы Ж.Елебековтен үйренеді. 1934 ж. Бүкілқазақстандық слетке қатысып, көзге түседі. 1935 – 60 ж. Қазақ филармониясында, 1960 – 70 ж. «Қазақконцерт» өнер бірлестігінде әнші болды. Ә. Сарыарқа сал-серілерінің әншілік дәстүрін кейінгі ұрпаққа ұлттық колоритін жоғалтпай жеткізген тамаша орындаушылар қатарына жатады. Ол қазақтың халық әндерін және Біржан сал, Ақан сері, Абай, т.б. композиторлардың шығармаларын насихаттауға зор үлес қосты. Оның репертуарында кеңес дәуіріндегі композиторлардың әндері де молынан қамтылған еді. Ә. біршама мемл-тік марапаттарға, соның ішінде «Құрмет белгісі» орденіне ие болды. Ә-тің өмірі мен өнер жолы акад. А.Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» (1969) кітабында жан-жақты баяндалған.

ӘБІШЕВ Хасен (15.01.1912, Қарқаралы уезі, Қу бол. – ө.ж.б.) – педагог, физика-матем. ғыл. кандидаты (1951), Қазақ КСР еңб. сіңірген мұғ-і (1962). Еліміздің халық ағарту саласында жемісті қызм. жасаған Ә. өткен ғ. ортасында Қазақтың Абай атынд. мемл. пед. ин-ында доцент болды. Ол өз зерттеулері мен ғыл. еңб-терінде қазақ халқының аспан шырақтары жөніндегі ертеден қалыптасқан ұғымдарына талдау жасады. Ә. қазақ тілінде астрономия мен физика ғыл-ының терминологиясын жинап, құрастырды. Ол аталған ғыл. салалары бойынша 11 ғылыми, 6 әдістемелік, 49 ғыл.-көпшілік еңб. жариялады. Ә-тің «Аспан сыры» (1952), «Халық астрономиясы» (1959) деген монографиялары адамдардың ғарыш кеңістігі жайлы түсінігін молайта түседі.

«ӘДЕБИЕТ МАЙДАНЫ» – 1932-1939 жж шығып тұрған респ-лық әдеби журнал. Қазақтың алғашқы «Шолпан» (1922) мен «Таң» (1924) әдеби журналдарының ізбасары ретінде 1928 ж. «Жаңа әдебиет» басылымы жарық көрді. Кейін ол «Жыл құсы», «Ә. м.», «Майдан»(1941-45), «Әдебиет және искусство» (1939-41; 1945-57) атаулармен шығып тұрды. Журнал 1957 жылдан «Жұлдыз» деген атпен шығады. Қазақтың әдеби журналы қалыптасуына әдебиетіміздің классиктері М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, І.Жансүгіров, М.Әуезов, С.Мұқанов көп еңбек сіңірді. Журналдың алғашқы редакторы—С.Сейфуллин. Басылымға әр жылдары Ғ.Мүсірепов, З.Қабдолов, Ә.Нұрпейісов, С.Мәуленов, Ш.Мұртаза, Б.Тілегенов, М.Мағауин бас редактор болды. Қазіргі бас редакторы—Ұлықбек Есдәулет. Журналдың «әдеби мұра», «зерде», «алтыншы дәптер», т.б. бөлімдерінде қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, өнері мен әдебиетіне қатысты мақалалар мен ескіден қалған есті сөздер жарияланады. Соның ішінде Қаздауысты Қазыбектің көптеген шешендік толғаулары, ұлы биге қатысты зерттеулер де көп. Құрылтайшысы—«Қазақ газеттері» жабық акционерлік қоғамы. Көлемі 10 баспа табақ, таралымы ? дана (2010).

ӘДЕКЕНОВ Мыңжасар (1932, Қарқаралы ауд. – 2005, Қарағанды қ.) – ғалым, а. шар. ғыл. канд. (1971). Алматы зооветеринарлық ин-ын бітірді (1954). 1954-68 жж Қу ауаткомы төрағасының ор-ы, ауд. а. шар. инспекциясының бастығы, Егіндібұлақ аупарткомының 2- және 1-хатшысы, Қарқаралы ауаткомының төрағасы, 1968-99 жж Қарқаралы ауд. Н.Әбдіров атынд. с/дың дир-ы, ауд-дық а. шар. басқ-сының бастығы, Қарағанды обл. а. шар. басқ-сы бастығының ор-ы, агроөнеркәсіп к-ті мен обл. а. шар. басқ-сының бөлім бастығы, 1999-2005 жж Орт. Қазақстан а. шар. ҒЗИ қазақтың құйрықты қойларының жаңа асыл тұқымдарын шығару үшін селекциялық жұм. жүргізу тобының жетекшісі қызм-рін атқарды. Ә. 20-дан астам ғыл. еңбектің, 2 монографияның авторы. Ол Еңбек Қызыл Ту, 3 мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

ӘДЕКЕНОВ Серғазы Мыңжасарұлы (1955, Егіндібұлақ а.) – ғалым, химия ғыл. докторы (1992), проф. (1993), ҚР ҰҒА академигі (2003), Ғыл. мен техн. саласы бойынша Мемл.

сыйлықтың лауреаты (2007). Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУды бітірген (1978). 1978-94 жж Қарағанды Хим.-металлургия инында және ҚР ҰҒА Органикалық синтез және көмір химиясы инында ғыл. қызметкер, табиғи қосылыстар зертханасының меңг-сі. 1995 ж-дан ҚР ҰҒА Фитохимия ин-ының дир-ы. 2006 ж-дан «Фитохимия» ҒӨБ орт-ның президенті. Ә. тұңғыш рет өсімдік шикізатынан сесквитерпенді лактондарды бөліп алу, олардың биологиялық белсенділігін анықтау, химиялық түрлендіруі бойынша ғыл. зерттеу жүргізді. 1700-ден астам ғыл. еңбектің, 20-дан астам монографияның, 100-дің үстінде патенттің авторы. Ол көптеген мемл. марапаттар мен халықар. сыйлықтардың иесі.

ӘДІЛОВ Науқанбай (Нәукебай) Кәкібайұлы (1912, Семей губ., Павлодар округі, Аққелін бол., №7 а. – қашан, қайда қайтыс болғаны мәлімет кездеспеді) – партия, кеңес қызметкері. А. молдасынан хат танып, баст. мект-те 3 сыныптық, Омбы қ. төңірегіндегі мект-де орта білім алады. 1934 ж. Баянауыл (қазіргі Бұқар жырау ауд. қарайды) ауд-ның Пушкин атынд. к/зы жанындағы баст. мект. меңг-сі, 1935 ж. Корнеев ОМ дир-ы болды. 1942-43 жж Қарағанды мұғ. ин-ында әдіскер, Нұра ауд. «Маржанкөл» с/зы парткомының хатшысы, Нұра ауд. комсомол ұйымының 1-ші хатшысы, 1944 ж. Нұра ауд. парт. к-і ұйымд. бөл-нің меңг-сі, 1946-48 жж Қазақстан КП Қу ауд. партия к-нің 1-ші хатшысы қызм. атқарды. 1954-58 жж Ворошилов (қазіргі Бұқар жырау) ауд. атқару к-і төрағасының ор-ы, 1958-65 жж Қарағанды қ. №1 маш. жасау зауыты дир-ның ор-ы қызм. атқарып, 1965 ж. обл. парт. к-і мұрағатының дир-ы лауазымына тағайындалған екен. Бұдан соң Қарағанды кен маш. жасау зауытында инспектор, инж.-технолог, қоғ. кеңес хатшысы болып жұм. істеген. Ә-тің өз қолымен жазған өмірбаяны 1978 ж. 8 қарашамен түйінделеді. Оның бұдан кейінгі тағдыры жайлы деректер ұшыраспады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ӘЗ ТӘУКЕ, әз-Тәуке Мұхаммед Батырхан (т.ж.б. – 1716, Түркістан) – Қазақ Ордасының ханы. Жәңгір ханның ұлы. Т. тұсында Қазақ хандығы саяси жағынан нығайған, бір орталыққа бағынған мемл. болды. Үш жүзге билігі жүрген Т. хан тұсында Қазақ хандығының Сыр бойындағы қалалар саны 32-ге жуық болды. Ордасы Түркістан қ. болған. Халық зердесінде Т. заманы қазақ хандығының ең бір өркендеген, «алтын ғасыры» деп саналады. Орыстың белгілі тарихшысы А.И.Левшин Т-ні көне Спартаның ақылгөй заңгері Ликургке теңеген. Т. Қазақ хандығының ішкі саяси ахуалын нығайтуға өзіне дейінгі «Қасым ханның қасқа жолы», «Хақназардың хақ жолы», «Есім ханның ескі жолы» сияқты әдет нормаларына сүйене отырып, «Жеті Жарғыны» қабылдаған. Т. хандықты билеуде, негізінен, әр жүздің билеріне арқа сүйеді. Ұлы жүзде – Төле биге, Орта жүзде – Қазыбек биге, Кіші жүзде – Әйтеке биге, қарақалпақтарда – Сасық биге, қырғыздарда – Қоқым биге басқару тұтқасын берген. Т. тұсында Қазақ хандығының сыртқы жағдайы бірсыпыра тұрақтанып, нығая түсті. Т. Бұқар хандығымен сауданы дамыту мақсатында елшілік алмасып тұрды. 1678 ж. Бұхар ханы Субханқұлы атынан хан мен би басқарған елшілік қазақ даласына келеді. Осыған қарамастан, Сыр бойындағы қалалар үшін Бұхар хандығы мен Қазақ хандығы арасында әлсіз қақтығыстар болып тұрды. Т. көрші жатқан Ресей елімен дипломат. қатынас орнатқан. 1686-93 ж. арасында Т. Ресейге бес елшілік жіберген. Оның 1694 ж. қазақ айында жазылған хаты сақталған. Т. Ресей еліне арнаған хатында достық қарым-қатынасты сақтай отырып, бейбіт көрші болуға шақырады. Т. өзінің әкесі Жәңгірдің ісін жалғастырушы болды. Оның әскердің білгір қолбасшысы болғандығын ойраттармен жүргізген соғыстары дәлелдеп берді. Соғыс тәсілдерін тиімді пайдаланған Т. батыр атағына ие болған. 1698, 1702 ж. қазақ жасақтары ойрат жерлеріне шабуыл жасаса, 1711, 1712, 1714 ж. ойраттар қазақ жеріне бірнеше дүркін басып кірді. Т. көрші жатқан мемлекеттермен өз заманына сай тиімді дипломат. қарым-қатынас орнатты. Қазақ хандығы әз-Т. хан тұсында басқару жүйесінде хандық билікке негізделген саяси жағынан орталықтанған мемл. болды.

Әдеб.: Спасский Г., Киргиз-кайсаки Большой Орды // Сибирский вестник №7, 9, СПб., 1820; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сб. док. и мат., А., 1961; Басин В.Я., Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв., А.-А., 1971; Тынышпаев М., История казахского народа, А., 1993; Левшин А.И., Описание киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996.

Э.ТЕЛЕУОВА

ӘЙТЕКЕ (Айтық) Байбекұлы (1644, қазіргі Өзбекстан, Қызбибі тауы, Қызылша а. – 1700 ж.ш. Өзбекстан, Нұрата ауд., Сейітқұл қорымы) -- қазақ халқының бірлігін нығайтуға үлкен үлес қосқан атақты үш бидің бірі, мемлекет қайраткері.Әлім тайпасының төртқара руынан шыққан. Ә. – Қоқанға (1622-35) хан болған. Ақшаның немересі. Бес жасында ауыл молдасынан сауат ашқан. Шешендік қасиетінің ерте танылуына әкесі Байбек пен Қосуақ би айрықша ықпал етеді. Жеті жасынан аталары Ақша хан мен Жалаңтөс баһадұр Ә-ні өз тәрбиесіне алады. Ол әуелі Самарқандтағы Ұлықбек медресесінде оқиды. Жиырма бір жасында бүкіл Бұхара мен Самарқанд төңірегіндегі қазақ, өзбек, қарақалпақ құрама жұртының бас биі болады. Кейін кіші жүз халқы оны бас би етіп сайлайды. 1680 ж. Тәуке таққа отырғаннан кейін алғаш рет ресми түрде айрықша құқылы «Хан кеңесі» сайланды. Ә. Кіші жүз жұртының атынан осы кеңестің мүшесі болды. Тәуке хан және Ә., сондай-ақ өзге билердің қатысуымен 1684 ж. «Жеті жарғы» қабылданды. Ә. ұрыстарда қол бастаған батыр да болған. 1685 ж. Нұрата маңына шабуыл жасаған Қалдан-Бошақтының он мың жасағына алшындар мен қарақалпақтардан және құрамалардан жиналған бес мың әскерімен Ә. қарсы аттанған. Ол әуелі Қалдан-Бошақтының өз әкесінен емес, есігінде жүрген қытай құлдан туғанын бетіне басып жерге қаратты. Ізінше жан алып, жан берген соғыс басталады. Келесі күні Ә-ге Самарқандтан, Бұхарадан қалың әскер көмекке келер жатыр деген қауесетті естіп, Қалдан-Бошақты негізгі жасағы қалған Сайрам төңірегіне шегініп кетеді. Сол жылы Сайрам талқандалып, жыл сайын Күлтөбеде өтіп жүрген «Хан Кеңесі» болмай қалады. Бұдай кейінгі қазақ жиыны Қарақұмда және Тәуке хан ордасын тіккен Түркістан маңында болғаны тарихтан мәлім. Ел аузында Ә. айтқан билік, шешендік сөздер, толғаулар, баталар көп сақталған. Ол туралы аңыз-әңгімелер мен жырлар да жеткілікті. Соның бірі – авторы беймәлім «Әйтеке би» деген ұзақ дастан. Биді халық «айыр тілді Әйтеке» деп атаған. Ә. қайтыс болғаннан кейін Нұрата т. маңын мекендеген төртқара ауылдарының көпшілігі Сыр бойына көшіп кеткен. Ә. халық жадында ұлы тұлға ретінде сақталған. Ақтөбе обл-ның бұрынғы Қарабұтақ және Комсомол ауд-дары бірігіп, қазір Әйтеке ауд-ны деп аталады.

Әдеб.: Үш пайғамбар, А., 1992; Досмұхамедұлы Х., Аламан, А., 1993; Әйтеке би, А., 1998; Есламғалиұлы М., Әйтеке би, А., 1998.

ӘКБАРОВ Манап (22.02.1943, Қу ауд., Едірей елді а. – 22.02.2011, Қарқаралы ауд., Айнабұлақ а. округі) – педагог, кеңес қызметкері. 1960 ж. Егіндібұлақ а-ындағы ОМ, 1965 ж. Абай атынд. Қазақ мемл. пед. ин-ының физ.-матем. ф-ін бітірді. Сол ж-ы Егіндібұлақ ауд. Арқалық а. кеңесіндегі орталау мект-ке мұғ. болып орналасып, физ., матем. пәндерінен сабақ берді. 1967 ж. оны ауд. оқу бөл. Доғалаң орталау мект-не дир. қызм-іне жіберді. 1971-73 жж Абай а. кеңесіндегі ОМ-те дир-дың оқу-тәрбие ісі жөніндегі ор-ы болып, одан кейін Абай а. кеңесінің депутаттығына және төрағасы қызм. сайланды. 1981 ж. мект-ке оралып, Абай ОМ-нде физ.-матем. пәндерінен сабақ берді және 1987 ж. дейін дир-дың оқу-тәрбие ісі жөніндегі ор-ы қызм. атқарды. 1987-97 жж Абай атынд. с/з кәсіподақ к-інің төрағасы лауазымында еңб. етті. 2006 ж. зейнеткерлікке шыққанша пед-лық, кеңес және кәсіподақ қызм-ті қатар алып жүрген Ә. көптеген мемл. наградалар мен марапаттар иеленді.

Нәзипа АСҚАР

ӘКІМ – ресми тағайындалатын немесе сайланатын билік өкілі. Қазақстанда облысты, ауданды, аумақты басқарады. Бұл ұғым ертеректе діни ұйымдарға да қатысты болған. КСРО тұсында ескіріп барып, XX ғ. 90-ж-дарында қоғамға қайта кірікті. Атау сөздің түп төркіні – арабша. Қазақша мағынасы: діни қауым мен қоғам ісіне басшылық жасаушы. Қазақ тілінде әкім сөзінен әкімшілік акт; әкімшілік бақылау; әкімшілік жауапкершілік; әкімшілік комиссия; әкімшілік құқық; әкімшілік-аумақтық аудандастыру; әкімшілік шара; әкімшілік шаруашылық шығыны тұрақты сөз тіркестері туындаған. Қазақ «Жақсыдан әкім қойсаң – елді түзетер, жаманнан әкім қойсаң – елді жүдетер», «Құтырған әкім құдыққа түкіреді» деп мақалдайды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ӘЛИЕВ Мұғиын – педагог, еңб. ардагері.

ӘЛИН Жетпісбай (7.05.1941, Қу ауд., Егіндібұлақ а.) – әуесқой әнші, . 1960 ж. Егіндібұлақ а. ОМ бітіріп, Қу ауд. мәд. бөл-де еңб. жолын бастады. 1963 ж. Қу ауд. таратылып, Ә. «СМУ-3»

кәсіпорнына құрылысшы болып жұм. тұрды. Ол кәсіпорын жолдамасымен 1964 ж. автокраншылардың 6 айлық курсын бітіріп, 1965-97 жж осында кран жүргізуші қызм. атқарып, 1997-2004 жж Егіндібұлақ коммун. шар. мекемесінде жұмыс істеді. Жасынан өнерге құштар Ә. 1956 ж. бастап Егіндібұлақ а. Мәд. үйі жанындағы көркемөнерпаздар тобының тұрақты мүшесі болды. «Сарыжайлау» ансамблінің, Тәттімбет атынд. халық аспаптары оркестрінің, бертінде «Замандастар», Қарқаралы ауд. «Қайран жастық» өнер ұжымдарының әншісі ретінде мәд.-көпшілік шаралардың ішінде жүрді. Бүкілодақтық және респ. өнер байқауларының лауреаты. Ол Қарағанды қ. Кеншілердің Мәд. сарайы жанында 2011 ж. құрылған «Көзкөргендер» ардагерлер ансамблінің негізін қалаушының бірі және белсенді мүшесі. Еңб. ардагері көптеген мемл. марапаттарға – медальдар мен Құрмет грамоталарына ие болған.

ӘЛКЕЕВ Мирас Армияұлы (04.07.1970, Егіндібұлақ а.) – географ, геогр. ғыл. кандидаты, философия (PhD) докторы (2014), профессор. 1987 ж. Егіндібұлақ а. №2 ОМ-ті, 1992 ж. Жезқазған пед. ин-ның география ф-ін, 2004 ж. ҚР БжҒМ География ин-ының аспирантурасын тәмамдады. Қазіргі таңда С.Торайғыров атынд. Павлодар мемл. ун-і Геогр. және туризм кафед-ның профессоры. ЖОО жүйесінде қызм. етіп, ғыл. жұм-пен айналыса бастағаннан бері жүзден астам ғыл. еңб. жариялады. Оның ішінде монография, оқу-әдістем. құралдар, электронды оқулықтар бар. Ғыл. тақырып бойынша бірнеше авторлық куәлігі бар. Ә. Павлодар обл-ның геогр. карталар сериясын құрастырды. Ғыл. еңб-терінің негізгі тақырыбы Қазақстан аумағын аудандастырудың өзекті мәселелеріне арналған.

ӘМЕНҰЛЫ Амангелді (4.07.1944, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі – 15.07.2016, сонда) – ұстаз, қысқы спорт түрлерінен спорт шеберлігіне кандидат (1965), Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. 1962 ж. Егіндібұлақ а. №1 ОМ, одан соң автокөлік жүргізушілер курсын бітіріп, өзі әліппе бетін ашқан Арқалық мект-де еңб. жолын бастады. 1967 ж. Қарағанды қ-сындағы спорт техн-ын, 1972 ж. Қарағанды пед. ин-ының дене тәрбиесі ф-ін тәмамдап, сол кезден бастап 1998 ж. дейін Арқалық ОМ-де өскелең ұрпаққа алғашқы әскери даярлық пәнінен дәріс берді. Ә. сала басшылығы тарапынан көптеген марапаттарға ие болды.

ӘМІРБАЕВА Мәлике Мақанқызы (4.03.1952, Қу ауд., Қарабұлақ а.) – педагог, әуесқой өнерпаз, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты, Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының лауреаты (1981). 1969 ж. мект.-ин-ты, 1971 ж. Саран пед. уч-сін тәмамдап Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ-інде табан аудармай 25 ж. ұстаздық етті. Өнерге құштар Ә. ұстаздық еңб. пен өнерді қатар алып жүрді. 1978 ж. құрылған Тәттімбет атынд. халық аспаптар оркестрі мен 1986 ж. құрылған «Балқантау сазы» ансамблінің жезтаңдай әншісі ретінде халыққа танылды. 1996 ж. бастап «Замандастар» ардагерлер клубына 20 ж. жетекшілік етті. Клуб жұмысы 1989 ж. Мәскеу телеарнасынан көрсетілді. Ә. қазір де «Замандастар» ардагерлер клубының белсенді мүшесі. Ол көптеген марапаттардың иесі.

ӘН – поэзиялық және музыкалық шығармалардың бейнелік бірлігінен жасалған вокалдық өнер түрі. Қазақ даласында Ә. өнерінің алуан жанры дамып, қалыптасқан. Соның ішінде кең тыныстылығы, терең мазмұнды Арқа Ә-дері ерекше туындылар. Қу – Балқантау өңірінің әйгілі ақын-композиторлары мен жез таңдай әншілері Кемпірбай, Айтбай, Мәди, Ғаббас, Қуан, Нұғыман, Жүсіпбек, Мағауия және т.б. осы Арқа Ә. мектебінің өкілдері қатарына жатады.

ӘНЕТ БАБА Кішікұлы (1626 – 1723) – «Жеті жарғыны» құрастыруға қатысқан атақты 7 бидің бірі. Руы Тобықты. Жас кезінде Бұхар-шарифте үйсін Сарышуаш жыраумен бірге медресе бітірген. Ислам қағидаларына, шариғат ережелеріне жүйрік болған. Әділдігімен, діндарлығымен аты шыққан. Қалқаман – Мамыр дауы кезінде бірін-бірі сүйген екі жас жазадан босатылсын деген билік шығарады, бірақ оған Мәмбетбай руының басшысы Көкенай батыр көнбейді. Ол Мамырды атып өлтіріп, енді тентегіңді сен де өлтір деген ауыр шарт қояды. Көкенай батырдың ауыр шартына амалсыз көнген Ә. б.: «Қалқаман жүйрік атпен шауып өтсін, Көкенай сонда атсын» деген тоқтамға келеді. Бұл жазадан Қалқаман аман құтылады. 1723 ж. көктемде жоңғарлар шабуылы басталып, ел «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған кезде Ә.б. жұртта қалады. Кейін Көкенай бастаған батырлар ұлы бидің сүйегін

тауып жерлейді. Ә. б-ның Жаубасар, Есболат, Шақа есімді ұлдары болған. Бұлардан бұрын ержеткен 5 ұлы қалмақтармен соғыста қаза табады.

Әдеб.: Құдайбердиев Ш., Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі, А., 1990. Ә.Хасенов

ӘТЖАНОВА Рымкеш (18.08.1939, Қу ауд., Сарытау а. кеңесі) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, қажы (2010). 1957 ж. Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ, 1961 ж. Қарағанды пед. ин-ның физика-матем. ф-ін бітіріп, өзі оқыған білім ұясында мамандығы бойынша мұғ. болып қызм. атқарды. Аз уақытта үздік педагогтар санатына қосылып, мект-тің политехн. пәндер секциясын, қыздар кеңесі жұм., матем. үйірмесін басқарды. Матем. каб. жасақтап, осы жүйе бойынша дәріс жүргізе бастады. Ә. жасаған көрнекі құралдар 1981 ж. Павлодар қ-да пед. оқулар көрмесіне қойылып, ерекше атап өтілді. Ол Қазақ КСР Оқу мин-лігінің, салалық ведомство мен обл. басқ., ауд. бөл-нің Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттарымен, бірнеше медальмен марапатталған.

ӘУБӘКІРОВА Рәш – тыл және еңб. ардагері

ӘУБӘКІРОВ Зәрубай (т.ж.б. – 08.2002) – педагог, КСРО халық ағарту және ҚР халыққа білім беру ісінің озаты. 1950 ж. Қарағанды пед. ин-ының қазақ тілі мен әдеб. пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша тәмамдап, 1953-61 жж Сталин атынд., Қоянды, Алғабас орталау мект-терінде дир-дың оқу ісі жөніндегі ор-ы міндетін атқарып, одан соң Шарықты а. кеңесіндегі Энгельс атынд. ОМ-ке дир. болып ауысады. Біраз ж-дан кейін Абай атынд. білім ұясына басшылық жасау үшін жіберілген Ә. Қу – Балқантау өңіріндегі ОМ-терге 30 ж-дан артық уақыт басшылық жасап, мемл. наградалармен, соның ішінде «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

ӘУБӘКІРОВ Тоқтар Оңғарбайұлы (27.07.1946, Қарқаралы ауд., Ақжол а.) – қазақ ұлтынан шыққан тұңғыш ғарышкер, сынақшы-ұшқыш, Кеңес Одағының Батыры (1988), ҚР Халық қаһарманы (1995), техн. ғыл. докторы (1998), профессор (1997), Қорқыт Ата атынд. Қызылорда мемл. ун-інің Құрметті профессоры. Армавир жоғ. әскери ұшқыштар уч-сін (РФ, 1969). Еңб. жолын 1962-65 жж Теміртау құйма-механ. зауытында токарь болып бастады (есімі обл. Құрмет кітабына алтын әріппен жазылды, 1964). 1969-75 жж КСРО Әск.-әуе күштерінің Қиыр Шығ. әскери округінде ұшқыш, звено командирі, эскадрилья командирінің ор-ы. 1975-76 жж Мәскеу ұшқ.-сынақшылар мект., Мәскеу авиация ин-ын бітірді (1979). 1976-92 жж А.Микоян атынд. Тәжірибелік конструкторлық бюроның (Мәскеу) ұшқ.-сынақшысы. 1988 ж. Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы солт. полюске ұшу сапарын ерлікпен орындады. 1989 ж. 1-болып, авиатасушы крейсер алаңқайына «МиГ-29к» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырды. Ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 ж. ғарышкерлер құрамына алынды. 1991 ж. 2 сәуірде КСРО Ғарышкерлер даярлау орт-нда ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол ж. 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда Ә. өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал аймағы бойынша ғыл.-зерттеу жұмыстар жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал үстінде тұзды шаң борамасы пайда болуының үдерісі, сол зиянды аэрозолдардың Қазақстан мен Ресейге таралуының ғарыштық суреттері алынды. Сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы атмосфераны мен жер бетін зерттеу, жұлдызды аспан астрофизикасын бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. 1991 ж. 10 қазанда Жерге оралды. Ә. Қазақстанда ғарыштық даярлық зерттеулер негізін қалауға, отандық Қарулы күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. 1992-93 жж ҚР қорғаныс министрінің 1-ор-ы 1993-94 жж ҚР Ұлттық аэроғарыш агенттігінің бас дир-ы – ғыл. және жаңа технология министрінің ор-ы, 1994-95 жж ҚР Жоғ. Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік к-інің төрағасы болды. 1996 ж-дан ҚР Президентінің кеңесшісі. 2001 ж. ҚР Парламентінің Мәжілісіне депутат болып сайланды. Ә. – Қызылорда қ қ-ның Құрметті азаматы, Қазақстанның ұшқыш-ғарышкері, КСРО-ға еңбек сіңірген сынақшы ұшқыш, КСРО ғарышкер-ұшқышы. Қазақстанның Отан орденімен, КСРО-ның Ленин, Октябрь революциясы, «Құрмет белгісі», Аустрия республикасының Алтын крест ордендерімен (2 мәрте) марапатталған.

ӘУЕЗОВ Мұхтар Омарханұлы (28.09.1897, Семей губ., Қарқаралы уезі, Шыңғыстау өңірі, Бөрілі қонысы – 27.06.1961, Мәскеу қ./ Алматыда жерленді) – қазақтың ұлы жазушысы, қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, Қазақстан ҒА академигі (1946), филол. ғыл. докторы, профессор (1946), Қазақ КСР еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1957). Атасы Әуез ескіше сауаты бар, араб, парсы, түркі әдеб-мен таныс болған. Ә. бала кезінде атасының үйретуімен арабша хат таниды. Әкесі Омархан да, атасы Әуез де Абай а-мен іргелес отыратын, құдалы, дос-жар адамдар еді. 1908 ж. Семейдегі Камалиддин хазірет медресесінде оқып, одан кейін орыс мект-нің дайындық курсына ауысады. 1910 ж. Семей қ. бес сыныптық орыс қазына уч-сіне оқуға түсіп, соңғы сыныпта оқып жүргенде «Дауыл» атты алғашқы шығ-сын жазды. Уч-ні 1915 ж. аяқтап, Семей қ. мұғ. семинариясына түседі. Осында оқып жүріп Ш.Құдайбердіұлының «Жолсыз жаза» дастаны негізінде «Еңлік – Кебек» пьесасын жазып, 1917 ж. маусымда Ойқұдық деген жерде сахнаға шығарды. Ресейдегі саяси төңкерістер Ә. өміріне үлкен өзгерістер әкеледі. Ол Семейде «Алаш жастары» одағын құрып, түрлі үйірмелер ашылуына ұйытқы болды. Ж.Аймауытовпен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» аталатын алғашқы мақаласы 1917 ж. 10 наурызда «Алаш» газетінде басылды. 1918 ж. 5-13 мамырда Омбы қ. өткен Жалпы қазақ жастары құрылтайына қатысып, орт. атқару к-нің мүшелігіне сайланды. Семейде Ж.Аймауытовпен бірлесіп «Абай» ғыл.-көпшілік журналын шығарды. 1919 ж. семинарияны бітіріп, қоғ.-саяси жұмысқа араласты. 1919 ж. 4 желтоқсанда Семейде большевиктер билігі орнап, Ә. Семей губревкомы жанындағы қазақ бөл-нің меңг-сі және «Қазақ тілі» газетінің ресми шығарушысы болып тағайындалды. 1921 ж. қарашада Қазақ АКСР-і ОАК төралқа мүшелігіне сайланып, кадр мәселесімен айналысты. Сол ж. «Қорғансыздың күні» әңгімесі жарияланды. 1922 ж. Ташкенттегі Орта Азия ун-іне түсіп, әрі «Шолпан» және «Сана» журналдарына жұмысқа орналасады. Осы басылымдарда «Қыр суреттері», «Қыр әңгімелері», «Үйлену», «Оқыған азамат», «Кім кінәлі», «Заман еркесі» («Сөніп-жану») әңгімелері жарияланады. 1923 ж. Ленинград (Санкт-Петербург) мемл. ун-інің қоғ. ғылымдар ф-інің тіл-әдеб. бөліміне ауысады. 1924-25 ж. Семей мұғ. техн-ына оқытушы болды. Сонда «Таң» журналын шығарды. Онда «Кінәмшіл бойжеткен», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Жуандық» әңгімелері жарияланды. 1925 ж. Ленинградқа қайтып барып, оқуын жалғастырды. 1926 ж. жазда Семейге арнайы ғыл. экспед. ұйымдастырып, оның материалдары негізінде жазылған «Әдебиет тарихы» монографиясы 1927 ж. жарыққа шықты. 1927 ж. жазда Жетісуда І.Жансүгіровпен бірге материал жинап, кейін осылардың негізінде «Қараш-Қараш оқиғасы» повесін, «Қилы заман» романын, «Хан Кене» пьесасын жазады. 1928 ж. Орта Азия мемл. ун-інің аспирантурасына қабылданды әрі Қазақ ағарту ин-ында сабақ берді. Ә. Алаш қозғалысы көсемдерімен бірге 1930 ж. 16 қыркүйекте тұтқындалып, 1932 ж. сәуірде үш жоға шартты түрде бас бостандығынан айырылды. Маусым айында түрмеден босатылып, ҚазПИ-дің аға оқытушысы болып қызмет істейді. Осы кезде театр, драматургия, мәд. пен өнер, әдеб., фольклор тарихы, орыс әдеб-інің классиктері туралы мақалалары жарияланды. Ә-тің сценарийі бойынша «Райхан» көркем фильмі (1940) түсірілді. 1936 ж. қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігіне қатысты. «Абай» романын жазуға кірісіп, оны 1941 ж. бітірді. «Абайдың» жарық көруі (1942) Қазақстанның мәдени өміріндегі ерекше оқиға болды. 1943 ж. «Абай» романын талқылау үлкен науқанға айналады. 1946 ж. романның екінші кітабы жазылып, ол 1947 ж. жарық көрді. 1950 ж. роман-эпопеяның «Ақын аға» аталатын үшінші кітабы жарық көрді. 1943 ж. бастап Қазақ мемл. ун-інің қазақ әдеб. кафед-сына проф. болып орналасып, өмірінің соңына дейін сонда дәріс оқыды. ҰОС жж «Сын сағатта» (1941), «Намыс гвардиясы» (Ә.Әбішевпен бірігіп, 1942), «Қынаптан қылыш» (1945) пьесалары мен «Абай» операсының либреттосын (1944), «Абай әндері» фильмінің сценарийін (1945) жазды. 1946 ж. Қазақстан ҒА құрылғанда, оның толық мүшесі болып сайланды. 1951-54 жж Ә. саяси-идеологиялық тұрғыдан тағы да қыспаққа түсіп, 1953 ж. сәуірде Мәскеуге жасырынып кетуге мәжбүр болды. Мәскеу мемл. ун-іне профессор болып орналасып, «КСРО халықтары әдебиетінің тарихы» арнайы курсы бойынша дәріс берді. 1954 ж. Алматыға оралып, «Абай жолы» роман-эпопеясын түпкілікті аяқтады. 1955 ж. бастап шет

елдерге сапарға шығып, ГДР, Үндістан, Чехословакия, Жапония, АҚШ, т.б. мемл-де болды. Жазушының 60 жылдық мерейтойы Алматыда, Мәскеуде салтанатпен мерекеленді. 1958 ж. Азия және Африка елдері жазушыларының Ташкентте өткен I конференциясын ұйымдастырушының бірі болды. 1955-57 жж 6 томдық таңдамалы шығ-лары басылды. Ә. мұрасының аса қомақты бөлігі – ғылыми зерттеулері. Ол қазақ ауыз әдеб. нұсқаларын жинақтап, жүйелеп, қазақ әдеб. тарихын, Абайдың өмірі мен шығ-шылығы, әдебиеттану, фольклордың теор.-проблемалық мәселелері жөнінде іргелі еңб. жазды. Қоғам және мемл. қайраткері ретінде Ә. көптеген шет елдерде болып, адамзат қоғ-ның дамуы, рухани ынтымақтастық үшін өз көзқарасын білдірді. Әлем халықтары оның «Абай жолы» роман-эпопеясын айрықша құбылыс ретінде таныды. Ә. Мәскеу қ-да, ауруханада қайтыс болды. Сол ж. Қазақстан ҒА Әдеб. және өнер ин-ына Ә. есімі берілді, жазушы тұрған үйде мұражай ашылып (1963), ескерткіштер орнатылды. Қазақ акад. драма театры, Алматыдағы аудан мен көше және Астана, Семей, басқа қ-лар мен обл-тардағы ауд., а., көше, мек-тер Ә. есімімен аталады. Жазушының туғанына 100 ж. толуы, ЮНЕСКО шешімімен, дүниежүзілік деңгейде (1997) аталып өтті., әдеби мемориалдық мұражайы ашылып, бірқатар мектеп, көше және Алматының бір ауданы М.Әуезов атымен аталды. «Абай жолы» – қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейге көтеріп, әлем әдеб-іне көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Ә. роман-эпопеясында қазақ халқын, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан, энциклопедиялық деңгейде жан-жақты ашып көрсетті. Роман-эпопеясы әлемдік деңгейде: «XX ғасырдағы ең үздік шығармалардың бірі» (Луи Арагон) деген жоғары баға алды. Шығармада қазақ қоғамының алуан түрлі топтары кең қамтылып, сан қырлы тұтас галерея жасалды. Онда қазақ халқының этнографиялық, діни, жалпы мәдени-танымдық дәстүрлері: жайлауға көшу, құда түсу мен той жасау, кісі өлімі мен аза тұту, ас беру, жұт, болыс сайлауы, дауға билік айту, аңшылық пен табиғат көріністері, т.б. бәрі бар. Шығ-дағы орталық бейнелердің қатарында Қу – Балқантау өңірінің көптеген перзенттері (Алшынбай, Баймұрын, Балта, Ділдә, т.б.) бар. Бірсыпыра оқиғалар осы жерде (мыс.: Абайдың Ділдәға қол ұстауға келуі, т.б.) өткен. Роман-эпопеяның танымдық мәнімен бірге ұлттық әдеб. пен мәд-ті, ана тілін өркендетудегі рөлі зор болды. Алғашқы екі кітаптан тұратын «Абай» романы үшін жазушыға КСРО Мемл. (Сталиндік) сыйлығы (1949) беріліп, төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясы Лениндік сыйлықтың лауреаты (1959) атанды. Эпопея дүние жүзі халықтарының бір жүз он алты тіліне аударылған. Ол екі жүз томдық «Әлем әдебиеті кітапханасы» топтамасында екі том болып басылды. Ә. драматургия саласында көп еңбек еткен. Себебі, халық әдеб-інде, фольклорда түр жағынан драматургияға жақын нұсқалар көп. XX ғ. дейін қазақ халық әдеб-де драматургияға өзек болатын мол қазына жиналды. Ә – осы байлықты игерген қаламгер. Оның қаламынан 30-дан аса драмалық шығ. туды. Ә. драматургиясында жанрлық формалардың бәрін қамтыды. Ә-ті әдебиетке «Еңлік – Кебек» алып келді. Шығарма өзегі – эпостық материал. Әлемдік әдебиеттегі мұндай тәжірибе енімді дәстурлердің бірі. «Еңлік – Кебек» 1922 ж. Орынборда басылды. 1934 ж. сахнаға шыққан «Хан Кене» трагедиясы Ә-тің азаттық идеясын терең бейнелеген, аса көркем тарихи пьесасы. Мұнда Кенесарының, Наурызбай батырдың, қазақ, қырғыз билерінің реалистік бейнелері жасалып, тарихи шындық пен көркем шындық табиғи бірлік тапқан. «Қарагөз» 1926 ж. бірінші сыйлық алды. Л.Соболевпен бірлесіп жазған «Абай» пьесасы кейінгі эпопеяға жасалған барлау еді. Онда Абай өмірінің соңғы кезеңдері қамтылды. Трагедияны тұңғыш сахнаға қойған – А.Тоқпанов. Абай рөлін Қ.Қуанышбаев ойнады.

ӘУЛИЕ – ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған тұлға. Ә. термині «уәли» (*араб*. дос) сөзінен қалыптасқан. Ә. туралы түсінік барлық діндерде кездеседі. Ислам дініне де Ә. ұғымы бірден орныққан. Мұхаммед пайғамбардың серіктерін, туыстарын, үрім-бұтақтарын, кейінгі діни қайраткерлерді Ә. тұту, оларға құлшылық ету дәстүрі барлық мұсылман елдерінде бар. Кейде оларды жинақы түрде әулие-әнбиелер деп те атайды. Қазақ халқының дүниетанымында Ә-лерді құрметтеу дәстүрі ежелден қалыптасқан. Тәңіріге сенген ежелгі түркілер Ұмай ананы, Қызыр атаны, ата-баба аруақтарын желеп-жебеуші санап, оларға үнемі сыйынып отырған. Күнге, Айға, Отқа

табыну, ел иесі – Көкбөріні қасиет тұту, су иесі – Сүлейменге жалбарыну, бес түлік малдың иелері – Қамбар атадан, Шопан атадан, Ойсыл қарадан, Зеңгі бабадан, Шекшек атадан жәрдем күту, т.б. ислам дініне дейінгі ежелгі нанымдар қазақ халқының дүниетанымында күні бүгінге дейін сақталған. Қазақ халқының ислам дінін қабылдауы барысында тәңірлік дүниетанымдық ұстанымдармен біте араласып, Ә. ұғымының мазмұны толыға түсті. Бұл бағытта, әсіресе, қазақ даласына ислам дінінің сопылық ілім түрінде енуі үлкен әсер етті. Сопылар ұстанымындағы дәруіштік, пәктікке ұмтылу, зікір салу, т.б. қазақтардың ежелгі нанымына ұқсас еді. Халық оларды Ә. санап, пір тұтты. Баба түкті Шашты Әзіз, Арыстанбаб, Баба ата, Қожа Ахмет Ясауи, Бекет ата, Сопы Әзіз, Оқшы ата, т.б. Ә-лер білімпаз діндарлығымен де, қарапайым ізгілігімен де халық жадында мәңгілік сақталған. Қазақ халқы, сондай-ақ, ел қорғаған батырларды, ұлт бірлігін сақтаған билерді, ақыл-парасатымен тұтас аймаққа үлгі болған аналарды Ә-лер қатарына қосқан.

ӘУКЕНОВА Рымжан (18.01.1953, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі, Едірей а.) – педагог, ҚР білім беру ісінің үздігі (1995). 1970 ж. Арқалық ОМ, 1974 ж. Қарағанды мемл. ун-ін матем. пәнінің оқытушысы мамандығы бойынша тәмамдап, еңб. жолын Егіндібұлақ а-ндағы №1 қазақ ОМ-нде матем. пәні мұғ. болып бастады. Мекеменің қоғ. жұм-на белсене қатысып, 1977-82 жж баст. комсомол ұйымының хатшысы, 1983-89 жж мект-гі халықтық бақылау тобының жетекшісі міндетін қоса атқарды. Ол осы пед. ұжымнан зейнеткерлікке шықты. Салалық басшылық пен қоғ. ұйымдар тарапынан көптеген марапаттарға ие болды.

ӘШІМ Есентай Мұқатайұлы (22.01.1966, Егіндібұлақ ауд.) – педагог, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері. ҚарМУ-дың тарих ф–ін бітірген. Еңб. жолын Қарағанды қ. № 78 мектепте бастап, 1989-97 жж туған жерінде, одан кейін Қарағанды қ. №6 ОМ-те тарих пәні мұғ., дир-дың оқу ісі жөніндегі ор-ы қызм. атқарды. 2000-04 жж №6 ОМ-тің, 2004 ж-дан Н.Нұрмақов атынд. обл. мамандандырылған мект.-ин-тың дир-ы. Білім беруді сапалы және тиімді ұйымдастыру нәтижесінде 2004- 2014 жж. мект-тің 10 түлегі «Алтын белгі», 10 оқушы үздік аттестат иеленді. 2008-14 жж 49 оқушы халықаралық пәндік ғыл. жобалар сайысына қатысып, 45-і мадақтама қағаз, 20-сы қола, 6-уы күміс, 8-і алтын медальға ие болды, ұжым «Дарын» РҒПО Құрмет грамотасымен марапатталды (2011-12). Мектепке «Мамандандырылған дарынды балалар мектеп-интернаты» мәртебесі берілді (2004-05). Ә. басқарған ұжым респ. 33 мект-тің қатарында көптілде оқыту жобасына енді (2007- 08). 2009 ж. респ-ның дарынды балаларына арналған 104 мект-тің арасында өткізілген «Педагогикалық идеялар панорамасы» атты конкурста инновациялық идеялары бойынша «Ең үздік жаңашыл мектеп» атағын жеңіп алған ұжым қазір Ресейдің Халықтар достығы ун-імен, Түркиенің Меликшах ун-імен, В.Даль атынд. Қырым ұлттық ун-інің Евпатория бөл-мен және Грузия Жазушылар одағымен байланыста жұм. істейді. Ә. білім беру саласы респ., обл. басшы органдарының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Рымтай ҚАППАСОВА

ӘШІМОВА Роза (30.06.1949, Қу ауд., Сарытау а. кеңесі) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі (1986), Қазақстан мұғ-дері VI съезінің делегаты. 1966 ж. Егіндібұлақ а. мект.-инт-ты, 1970 ж. Қыздар пед. ин-ының физ.-матем. ф-ін бітіріп, туған жеріндегі білім ұясында еңб. жолын бастады. Пед. ұжымдағы үздік мұғ-дердің бірі атанып, қоғ. жұм-тарға да белсене араласты. А. кеңесі жанындағы әйелдер кеңесінің төрайымы, Егіндібұлақ және Қарқаралы ауд. кеңестері мен мәслихатына депутат болып сайланды. Ә. 1992 ж. обл-тың үздік ұстазы атанды. Соңғы ж-дары Астана қ-сында, Қазақ заң колледжінде дәріс береді.

ӘШІМОВ Ерлан – кәсіпкер.

ӘШІМОВ Мәулен (1931, Қу ауд., Сарытау а. округі – 2003, Қарағанды қ.) – педагог, білім беру ісінің ардагері. 1954 ж. Қазақтың Абай атынд. мемл. пед. ин-ының (Алматы) матем. ф-ін тәмамдаған соң Едірей а. кеңесіндегі жетіж-дық мект-нде мұғ. болып еңб. жолын бастайды. 1958 ж. туған а-на оралып, Алғабас жетіж-дық мект-нде матем. пәнін оқытқан Ә. 1963 ж. осы білім ұясының жетекшілігіне тағайындалады. Содан 30 ж. мект. дир-ы болып, мемл. наградалар, респ. және обл. деңгейдегі сала басшылығы марапаттарын иеленді.

ӘШІМОВ Сейітқали Исатайұлы (28.04.1961, Қу ауд., Сартау а. кеңесі) – журналист, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Қарағанды обл. телерадио кешенінде қызмет атқарды. Қазір Қазақ радиосының Қарағанды обл. бойынша меншікті тілшісі.

ӘШІМОВ Төлеген (01.09.1958, Қу ауд., Сартау а. кеңесі) – кәсіпкер. ОМ тәмамдаған соң әртүрлі салада еңб. етті. Өндірістен қол үзбей ЖОО – Қарағанды политехн. ин-ин (қазіргі Қарағанды мемл. техн. ун-і) тәмамдады. Обл. орталығында орналасқан «Аспап» ӨК-нің төрағасы. «Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі» бағдарламасы бойынша Қарағанды қ. мен обл. тұрғындарының қордаланған әлеум., тұрмыстық мәселелерін шешуге ұдайы қол ұшын беріп келеді, көптеген бастамалардың иесі. Ә. 2007-11 жж Қарағанды обл. мәслихатының депутаты болды. Қазір Қарағанды қ-лық мәслихатының депутаты. Ә. мемл. наградалармен марапатталған.

ББ

БАБА (иран тілінен ауысқан сөз: ***бобо*** – арғы ата, дада) – туыстық атау, үлкен әкенің әкесі. Біріккен тұлғалы есімдер – Бабахан, Бабажан, Бабанияз, Бабағұл, т.б. дүниеге келген адам ұзақ жасап, шөбересін көрсін деген ниетпен қойылады.

БАБАҒҰЛ Бодрин (1889, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 1968, Егіндібұлақ а.) – шежіреші, молда. Кеңестік-коммун. идеология ықпалымен қоғамда құдайсыздық өріс алғанда ізбасар ұрпақты Ислам діні игілігіне бет бұрғызу, имандылыққа баулу, ата-бабалар салт-дәстүрі аясында тәрбиелеу ісіне үлес қосқан, Қу – Балқантау өңірі халқының шежіресін мейлінше жақсы таратқан адам. Б. 1956 ж. дейін Қу ауд. кітапханасында қызм. атқарды.

Төлеубек ЕСЖАНОВ

БАЗАРГЕЛДІ – Қаздауысты Қазыбектің бес ұлының бірі. Б. одан әрі Дөңгелді, Жаныс, Бостанбай болып тарайды. Бұл атадан Тәшік (Кәңке) қажы, самбо мен қазақ күресінен респ., КСРО чемпионы, спорт шебері, Әлем кубогының иегері З.Шәкаманов, ҚР мәдениет қайраткері, әнші М.Шәкаманова, т.б. белгілі тұлғалар шыққан.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БАЙЖАНОВ Қали (1877, Кереку уезі, Баянауыл елі – 27.9.1966, Қарағанды қ.) – әнші, Қазақстанның халық артисі (1945). Б-тың әншілік дарыны ерте оянып, а. арасында “әнші бала” атанған. Ата-анасынан ерте айырылып, жоқшылық көріп өскен. Он бес жасында кірешілерге ілесіп Қоянды жәрмеңкесіне барған жас әнші талай әнші мен күйшінің өнерін тамашалайды. Біржан салдың ән салғанын көріп, Жаяу Мұсаның өз аузынан «Хау-лау», «Гауһар қыз», «Сапар» және «Ақ сиса» әндерін үйренеді. Қоянды жәрмеңкесінен кейін Б. осы сауықшыл елде қалып, өнерін ұштайды. Ол «Қу тауы – басы биік мұнарланған, басқа тау Қу болам деп құмарланған» деген ән жолдарын жиі қайталайды екен. Б. ұлы Абайдың алдында да ән салған. Кемеңгер ақын жас әншінің өнеріне риза болады. Б-тың әншілік жолына бағыт-бағдар беріп баулыған, дербес ән айту мәнерін қалыптастырған Арқа еліне атағы жайылған Жарылғапберді Жұмабайұлы болды. Б. Қозыкенің «Топайкөк», Шама Нұрұлының «Шама», Ақан серінің «Сырымбет», «Құлагер», Біржан салдың «Жанбота», Бүркітбайдың «Ақбет», «Ардақ», т.б. халық әндерін де асқан шеберлікпен орындаған. Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеудегі онкүндігіне қатысқан (1936). 1932 ж-дан өмірінің соңына дейін Қарағанды радиокомитетінде хор әртісі және әнші болып қызмет атқарды. З.Жұбатова, Ж.Қартабаева, М.Ержанов, Ж.Елебеков, Қ.Лекеров, М.Толыбаев, Р.Ыбыраев, К.Сыздықова, т.б. әншілер Б-тың ән айту өнерінен көп тағылым алған.

БАЙЖҰМАНОВ Күрдеубай – Қу – Балқантау өңірінде кеңес өкіметін орнату ісіне белсене қтысушы. Қу ревкомының төрағасы қызм. атқарған. Жауынгерлік Қызыл Ту орденімен марапатталған.

БАЙМАҒАНБЕТОВ Жәкеш (1893, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1975, Егіндібұлақ а.) – шежіреші, ауыз әдеб-нің білгірі. Б. Қаздауысты Қазыбектің інісі Бөдене батырдың ұрпағы. Ұлы бидің асыл мұрасын – ұлағатты сөздері мен толғауларын шашау шығармай бүгінгі

ұрпаққа жеткізген осы Б. Ел ішінен ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап, жарыққа шығарғандардың бірі, белгілі фольклорист Б.Адамбаев өзі көріп-білген адамдар арасында ең шешені Мұхтар Әуезов, ал ұзап оқымаған адамдар арасында ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейтіні Б. екенін айтса, филолог, этнограф ғалым, профессор А.Сейдімбек те осындай пікір білдірген. «Кәрі құлақтардың» әңгімесін көп естіген, Алаш арыстары еңбектерінен мол хабардар, құйма құлақ Б. 1937 ж. «халық жауы» деген жаламен істі болады. Жазықсыз екенін дәлелдеп, «халықтар көсемі» И.В.Сталиннің атына бірнеше мәрте хат жазады. 17-ші рет жазған арызына М.И.Калининнен жауап келіп, 1940 ж. ақталып шығады. Б. ұзақ ж-дар Қу ауд-ның шикізат дайындау кеңсесінде, т.б. шар. жұмыстарында еңбек етті. Ол жеткізген мұралар әр ж-дары жарық көрген «Ел аузынан», «Шешендік сөздер», т.б. кітаптарда кездеседі.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БАЙМАҒАНБЕТОВ Зейнелғабиден (Зейнеш) (10.02.1915, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1985, Егіндібұлақ ауд., Ақтасты а.) – Қу ауд-дағы ең алғашқы автомашина жүргізушілердің бірі, соғ. және еңб. ардагері. Ата-анадан ерте айрылып, Павлодар қ-сындағы жетімханада тәрбиеленеді. А. молдасынан сауат ашқан бала сауатсыздықты жою мектебінде оқып, жүргізушілер курсын бітірген соң, 1937 ж. елге оралады. Сол ж-ы Қарқаралы ауд. әскери комиссариатынан әскери қызметіне шақырылып, азаматтық борышын өтеп қайтқан ол 1 айдан соң ҰОС-на аттанады. Ақтөбе қ-сында жасақталған әскери құрамамен 3 ай дайындықтан өтіп, 1942 ж. мамырда соғысқа кіріседі. Жеңісті Кенигсберг (Калининград) қ-сында қарсы алып, 1945 ж. соңында елге келді. 1946-48 жж Қу ауатком төрағасының, 1948-54 жж Қоянды МТС-ының, 1954 ж. Арқалық а-на көшіп келіп, к/з басшысының жүргізушісі, гараж меңг-сі болып жұм. істеді. Соғ. қалжыратқан а. экон-сын көтеруге қатысты. 1961-75 жж «Арқалық» с/зының қоғ. тамақтандыру жүйесін басқарды. Зейнеткерлік қарсаңында су таситын автомашина жүргізді. Қос майданның ардагері көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

БАЙМАҒАНБЕТОВ Рамазан Рымбекұлы (1949, бұрынғы Семей обл, Абыралы ауд., Ұзынбұлақ а. – 2008, Қарағанды қ.) – актер, ҚР еңб. сіңірген әртісі (1993). Балалық шағы Егіндібұлақ ауд., Айнабұлақ а. өтіп, осында сегізж-дық мек-ті, Қарағанды муз. уч-сін (1972), Қарағанды Қазақ драма театры жанындағы студияны (1974) бітірген. 1972-90 жж С.Сейфуллин атынд. драма театрдың актері; 1990-92 жж Ақмола обл. Қ.Қуанышбаев атынд. Қазақ муз.-драма театрының жетекші актері болды. 1992-2008 жж қайтадан С.Сейфуллин атынд. Қарағанды драма театрының сахнасында ойнады. Ол Қарабай, Мылқау, Есеней (Ғ.Мүсірепов, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақан сері – Ақтоқты», «Ұлпан»), Асан, Көтібар, Шыңғыс (М.Әуезов, «Қарагөз», «Айман — Шолпан», «Шоқан Уәлиханов»), Агоба (О.Иоселиани, «Арба аударылғанша»), Банко (У.Шекспир, «Макбет») Кронида (Еврипида, «Медея»), Яичницы (Н.В.Гоголь, «Женитьба»), Момын (Ш.Айтматов, «Ақ кеме»), Дикая, Қасым (С.Жүнісов, «Қос анар», «Жаралы гүлдер»), Хазин (Ә.Тарази, «Жақсы кісі»), Бұлбұл (К.Жұмабеков, «Қаз дауысты Қазыбек»), Алшынбай (К.Жұмабеков, «Тәттімбет»), т.б. рөлдерді шебер сомдады. Қазақтың XXI ғ-дағы ұлы режиссерлерінің бірі Б.Атабаев Абай шығ-лары желісімен Қарағанды театрында арнайы қойған «Жұмбақ жан» драмасында данышпан Абайдың тұлғасын сомдады. Б. бесаспап өнерпаз – актер, әнші, режиссер болатын. Ол режиссер ретінде «Қаздауысты Қазыбек», «Ғашықтар болмайтын ғасыр», «Мазар», «Әйел махаббаты», «Танагөз», «Алпамыс», «Мәди», т.б. спектакльдерді сахналады. Б. театрдың «Ән-домбырам, сән-домбырам!», «Арман қыздар», «Есілім еркем», «Наурызым әнім – Наурызым сәнім!», «Ой, тәуба-ай» концерттік бағдарламаларына қатысқан.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БАЙТАСОВ Қайыркен (24.03.1945, Қу ауд., Едірей а. кеңесі – 9.05.2011, Қарқаралы ауд., Айрық а.) – а. шар. саласының ардагері. ОМ бітіргеннен кейін, еңб. жолын 1964 ж. Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/зда көмекші жылқышы болып бастады. 1967 ж. туған а-на оралып, әуелі «Арқалық», кейін «Айрық» (кейінгі Мәди атынд.) с/здарында еңб. етті. 1970 ж. бас жылқышы атанған Б. бүкіл саналы ғұмырын текті түлікті өсіру, өнімділігін көбейту ісіне

арнады. Жылқы шар-дағы жоғары табыстары үшін көптеген мемл. наградалармен, соның ішінде II және III дәрежелі Еңбек даңқы ордендерімен марапатталған. Ол Қазақстан КП XV съезінің делегаты болды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БАЙТҰРСЫНҰЛЫ Ахмет (5.09.1873, Қостанай обл., Жангелді ауд., Сарытүбек а. – 8.12.1938, Алматы қ.) – ақын, педагог, әдеб. зерттеуші ғалым, түріктанушы, публицист, аудармашы, қоғам қайраткері, Қазақ халқының XX ғ. басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемл. қайраткері, Алашорда үкіметінің мүшесі. 1891 ж. Торғайдағы 2 басқыш орыс-қазақ мект. бітіріп, Орынбордағы 4 ж-дық мектепке түседі. 1895-1909 жж Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мект-інде оқытушы, Қарқаралы қ-лық уч-де меңгеруші қызм. атқарды. Заманындағы кемеңгер, білімді тұлғаның бірі Б-ның саяси күрес жолына түсуі 1905 ж. тұс келеді. 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (талап арызы) авторының бірі Б. еді. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, ескірген Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыстардың қоныс аударуын үзілді-кесілді тоқтату талап етілді. Сол кезден бастап жандармдық бақылауға алынған Б. 1909 ж. 1 шілдеде тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды. Ресей ІІМ-нің ерекше кеңесі 1910 ж. 19 ақпанда Б-н қазақ облыстарынан тыс жерге жер аударуға шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Б. 1910 ж. 9 наурызда Орынборға келіп, 1917 ж. соңына дейін сонда тұрды. Б. өмірінің осы кезеңі қоғ.-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол 1913-18 жж ең жақын, сенімді достары Ә.Бөкейхан, М.Дулатұлымен бірігіп, әрі басқа да қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білім игеруге шақырды. Б-ның Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Б. 1917 ж. төңкерістер арнасында өмірге келіп, ұлт тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ к-тері сияқты тарихи құбылыстардың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси-теориялық бағыт-бағдар берді. Б. «Алаш» партиясының бағдарламасын даярлаған ұйымдастыру тобының құрамында болды. Б. пен Д. қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру-жүзаралық алауыздыққа байланысты Алашорда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олар қазақ ұлттық мемл. идеяны жасаушы топтың ішінде болды. Алашорда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезінде Б. оқу-ағарту комиссиясының төрағасы және 1919 ж. наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай обл. бөл-нің мүшесі болды. Б. 1919 ж. наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге, Кеңес үкіметімен келіссөзге барды, осы ж. шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-рев. комитеті төрағ-ның ор-ры болып тағайындалды. Б-ның ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне кеңес үкіметі кешірім жариялады. 1920 ж. В.И.Ленинге кеңес үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамдарын қатал сынға алған хат жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді араласты, Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябі облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР үкіметінің құрамына еніп, 1920-21 жж Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.1922 ж. Өлкелік Халкомы жанындағы Академ. орт-тың, 1922-25 жж Халық ағарту комиссариаты ғыл.-әдеби комисс., Қазақ өлкесін зерттеу қоғ-ның төрағасы қызм. атқарды. Б. мемл. қызметке ат салыса жүріп, ұстаздық жұмыстан да қол үзбеді. 1921-25 жж Орынбордағы, 1926-28 жж Ташкенттегі Қазақ халық ағарту ин-тарында қазақ тілі мен әдеб-і, мәд. тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 ж. Алматыда Қазақ мемл. пед. ин-ы ашылуына байланысты осы ЖОО проф. болып ауысты. 1929 ж. 2 маусымда 43 Алашорда қайраткерлерімен бірге тұтқындалып, ж. соңында Мәскеудің Бутырка түрмесіне жіберілді. КСРО Халком кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің»

1930 ж. 4 сәуірдегі шешімімен Б. ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 ж. қаңтарда 10 ж. концлагерьге ауыстырылса, 1932 ж. қарашада Архангельскіге 3 жылға жер аударылсын деп ұйғарылды. Денсаулығы нашарлаған соң, 1933 ж. мамырда қалған мерзімді Бат. Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 ж. М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Б. отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралды. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызм. атқарады. 1937 ж. 8 тамызда тағы да қамауға алынып, төрт айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Б-ның алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 ж. жарық көрді. Ол бұл еңбегінде орыс отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Б. мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеум. сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен кітап болып шықты (1911). Оның негізгі идеялық қазығы – жұртты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңартып, Б. XX ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Б. қазақ тіліне А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Ф.Вольтер, С.Я.Надсон өлеңдерін аударды. Ел тағдырына алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды. Оның «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғыл-дағы алғашқы зерттеулердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Б. Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға көзқарасы туралы ғыл. тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында кейін жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғыл.-теориялық еңбек. Б. әдеб. тарихына, теориясы мен сынына, әдіснамасына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғыл-ның жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдеб-нің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғыл-ның ең үздік үлгілерін пайдаланып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, меңзеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету, түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығ. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді. Б. қазақ әдеб-нің даму кезеңдерін ғыл. негізде топтады. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдеб. табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғыл. зерттеу. Б. «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғыл-ның негізін салды. Сондай-ақ, ол – әдеб. тарихы мұрасын, ауыз әдеб. үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт ғ-ын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Б. «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететінін» айтты. Б. – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Б. ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халық рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Б. – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғыл. байыптауымен, өткір ойларымен сол кезең шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шыңдалған легін қалыптастыруда Б-ның публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол

– қазақ ғыл. тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Б. әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), түрік тілдес халықтар құрылтайында (Баку, 1926) араб қарпін қолданған әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғыл. баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғыл.-білім қажеттігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінде оқыған ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Б-ның «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппенің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 ж. дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады. Б. қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деді. Б. қазақ мект-нің мұқтажын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 ж., морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 ж. бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» – қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғыл. негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғыл. үшін де өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ, Б. практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалады. Б. оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғыл-ы үшін де маңызын жойған жоқ. Б-ның ақын, аудармашы, ғал.-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі еңбегі ұлан-ғайыр. Б-тың 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент қ-ларында салтанатты түрде мерекеленді. М.Дулатұлы, С.Сәдуақасов, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Е.Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Б-ның қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығ-шылығына ғыл. пікір-тұжырымдар айтылды. М.Әуезов «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хүкіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясында» (Мәскеу) Б. тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғыл. әділ баға берілді. 1933 ж. шыққан М.Баталов пен М.С.Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында: «оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-ның қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейін коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға тыйым салып, ол туралы сыңаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысым қаупіне қарамастан,

түріктанушы, акад. А.Н.Кононов «Отандық түріктанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Б-ның толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғ. қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Ол қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдеб. теориясы мен мәд. тарихы оқулықтарын жазғаны көрсетілді. 1988 ж. кейін Қазақстанда көптеген көше, мектептерге Б. есімі берілді. Тіл білімі ин-ы, Қостанай мемл. ун-і Б-ының есімімен аталды. 1998 ж. оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен мерекеленіп, Алматыда респ. ғыл. конференция өткізілді, Б-ның мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды.

БАЙЫРҒЫ ТҮРІК ӨНЕРІ – VI-VIII ғғ көшпелі түрік тайпалары жасаған мәдениет қазыналары. Бұл – мәдениет, ой-сана есейіп, Орхон жазулары шыққан кез. Осы тұста өркендеген өнер қалдықтары көп кездесетін жер — Орта Азия, Қазақстан, Алтай, Оңт. Сібір, Моңғолия, Қашғария. Бұл өнер үлгілері ескі қ-лар орнында (Қарақорым, Дунхуан, Бесбалық, Талас, Сайрам, Бөріжар, Пәнжікент, т.б.), сол кезде тұрғызылған қабірлер мен ескерткіштерде сақталған. Оның түрлері көп табылған жерлер – Орхон өз. бойы, Алтай тауы қойнауында тұрған Қотанды, Қурай, Тұяқты, Күдергі, Ертіс обалары, Іле өз. бойындағы қорымдар. Оларды қазғанда байырғы түрік өнері сипаттайтын әр алуан өрнек кездескен. Орхон жазулары бойынша, ол кезде қолөнер ісін көркейтетін көптеген шеберлер тобы – алтын, күміс соғушы зергер, қолашы, темірші ұста, безеуші, қашаушы, қырнаушы, бәдізші (мүсінші), сәулетшілер болған. Олардың ісмерлік кәсібіне қарай аттары қандай көп болса, жасаған бұйымдары да аз емес. Осыған қарағанда, бұлар өз мұқтажы үшін ғана емес, халық өнерін көркейту мақсатында шеберлер тобын құрғаны байқалады. Бұл, әсіресе, металл балқытудан, мүсін жасаудан, үй салудан ашық көрінеді. Осы кездегі өнердің өркендеуі феод. қауымның дамуымен байланысты. Осыған орай, сұлулыққа деген талғам өсіп, өнер сюжеті көбейген (жауынерлік тұрмыс, аңшылық, бақташылық, наным, табыну түрлері, миф, т.б.). Осындай бай сюжет ер-тұрманды (алтын-күміспен өрнектелген әшекейлі ер, жүген, тартпа-таралғы, өмілдірік, құйысқан), кемеңгер кісілердің, батырдың алтын-күміспен безелген киім-кешектері мен қару-жарақтарын (былғары тон, кісе, белдік, садақ, қорамсақ, айбалта, қамшы, сүңгі, т.б.), әйел әшекейлерін (шолпы, алқа, білезік, сырға, қаптырма, т.б.) өрнектеуден айқын көрініс тапқан. Динамикаға толы сюжетке археол. қазбалар кезінде табылған кісенің ілгегіндегі, киік жеп жатқан арыстан және ілгектегі арыстан бейнесін жатқызуға болады. Өрнекті әсем бұйым шығару тәсілдері VI ғ. тайпаларға олардың арғы тегі – байырғы сақ, ғұн, үйсін өнерінен келіп жеткен. Кейінірек ол дәстүр қазақ халқына мирас болды. VI-VIII ғғ шеберлері байырғы сақ, ғұн, үйсін дәстүрін көркейте отырып, өнер ісін бірталай жоғары сатыға көтерген. Оны қазақтардың темір балқыту, сүйек қырнау, ағаш безеу, тас жұмырлау істерінен көруге болады.

БАҚБАҚ (лат. ***Taraxacum***) – астралылар тұқымдасына жататын көп ж-дық, кейде бір не екі ж-дық шөптесін өсімдік. Қазақстанда Б-тың 59 түрі бар, оның 23-і сирек кездесетін эндемик өсімдіктер болып саналады. Ең көп тарағандары: дәрілік Б. (T. officinale), көксағыз Б-ы (T. kok-saghyz). Олар шалғынды, көгалды жерлерде, жол жиегінде, тау бөктерлерінде өседі. Биіктігі 4-30 см, сабағы қуыс, жапырақсыз, тықыр, сүтті шырынды болады. Жапырақтары қауырсын пішіндес, жиегі тегіс, тамыр мойнына айнала шоғырланады. Гүлдері қос жынысты, сары түсті, тостағанша дөңгеленіп, сабақ ұшында орналасады. Сәуір-мамыр айларында гүлдейді, мамыр-маусымда жеміс береді. Жемісі – дәнек, ол желмен тарайды. Б-тың тамыры мен сабағы дәрілік мақсатқа қолданылады, сондай-ақ, мал азығына, тағамға пайдаланылады. Кәдімгі Б. – көктемнің тұңғыш гүлі, халық оны атам заманнан қадір тұтып, сүйіспеншілікпен «жер күні», «денсаулық эликсирі» деп атаған. Б-тың емдік қасиетін ежелгі Грецияда ерте білген және оны араб медицинасы кеңінен қолданған. Көптеген елдерде (Швейцарияда, Чехияда, Словакияда) Б. тағамдық өсімдік ретінде өте бағалы, ал Францияда егіп өсіреді. Оның әлі өркендеп жетпеген, француздар «писанли» (pissentli) деп атайтын, жас жапырақтары ерте көктемде дәруменді салат үшін пайдаланады. Жапырақтарындағы ашқылтым дәмінен құтылу үшін олар әбден ағарғанға дейін сабанмен бүркейді, немесе жапырақ кесінділерін 30 мин тұзды суда ұстап, ашқылтым дәмін қайтарады

немесе қуырады. Тағамға, әсіресе көктем кезінде, маринадталған гүл сабақшаларын да пайдаланады, ал қуырған тамырларын кофе орнына ішеді. Емдік мақсатқа жапырақтары мен тамырларының сөлін тәбет ашатын,ас қорытуды жақсартатын және қан тазартатын дәрі ретінде пайдаланады. Б-тан істелген тағам бауырды жақсартады, зат алмасуды дұрыстайды деген ұйғарым бар. Әр түрлі халықтар медицинасында тамыр мен құрғақ шөптің қайнатпасын асқазанның әр түрлі ауруларына, өт айдайтын, іш босататын, қақырық түсіретін дәрі ретінде, сондай-ақ май толық сіңбегенде қолданады. Атеросклерозды, анемияны емдеуге де болады. Б. тамырынан істелген ұнтақтарды әр түрлі тері ауруларына, пигмент дақтарын кетіруге пайдаланады.

БАҚРИДЕНҚЫЗЫ Бәтима (22.02.1940, Қу ауд., Едірей а. кеңесі) – ақын, әнші, халық емшісі (1992). 1958 ж. Егіндібұлақ а. ОМ, 1959 ж. Қарағанды қ. Мәд.-клуб қызм. курсын бітіріп, Қу ауд. Мәд. үйінде, 1960-87 жж «Арқалық» с/зында машиниска, телефонистка, есепші, 1988-90 жж Егіндібұлақ ауд. мемл. сақтандыру мекемесінде қызм. атқарып, зейнет демалысына шықты. Б-ның «Балқантау – асыл бесігім» деген жыр жинағы жарық көрді.

БАҚСЫ – ежелгі түсінік бойынша тылсым әлеммен байланыс жасай алатын, тәуіптік, балгерлік, сәуегейлік, көріпкелдік, сиқыршылық, т.б. ерекше қасиеттері бар адам. Бақсылық ертедегі шаман дінінен сақталған ұғым. Ол кезгі сенім-наным бойынша: жан иесі тұрпайы денеден және нәзік болмыстан тұрады. Адам өлген соң тұрпайы денесін тастап, нәзік болмысымен жан баласы көріп-біле алмайтын жаңа бір әлемге рух түрінде өтеді; ол әлем – фәни өмірдің жалғасы, сондықтан рух онда түрлі қалыпқа еніп, әрекет жасайды; бұлар табиғат құбылыстарына да әсер етеді деп түсіндірілді. Қазақтар олардың жақсылық істерді басқаратындарын аруақ, періште, перизат, т.б., жамандық істерді басқаратындарын пері, шайтан, жын, албасты, т.б. деп атайды. Көне сенім бойынша Б. – әлгі тылсым әлеммен байланысқа еніп, ондағы түрлі рухтарды өз қызметіне пайдалана алатын адам. Б-ның «жын-рухтарының» аты болады. Жекелеген индивидиум ретінде қажетті кезде олар өз Б-сының алдында әйел, шал, қыз, т.б. бейнелерде тізіліп тұрады-мыс. Б. сол шақырған жындарының «көмегімен» гипноздық өнер де көрсете алады. Қай жаққа қолын сілтесе, сол жақта тұрған заттар қылышпен шапқандай кесіліп кете береді. Киіз үйдің туырлығы тілініп, кірпіш үйдің қабырғасы қақ айырылады. Көрермен жұрт мұның бәрі Б. шақырған «жындардың» әрекеті деп біледі. Қылыштың жүзімен жүреді. Шоқ темірді қолымен ұстап, тіліне қариды, өткір пышақпен өз мұрнын өзі «кесіп» тастайды. Ақыр аяғында денесінде бір де бір жара, не сызат, белгі қалмайды. Әйел бақсыны халық «елті» деп те атаған. Б-ға тән айрықша қасиеттің бірі – емшілік. Шығу тарихы отқа табыну мен шамандықпен тығыз байланысты психологиялық емдеу тәсілдерін әр елдің Б-лары сол халықтың өзіне тән ерекше әдістер арқылы қолданған. Мысалы, қазақ Б-лары қобызда ойнап, зарлы, қаһарлы үн, әуен шығару, түсініксіз жыр жырлау, «жынын шақырып» зікір салу немесе гипноздық, жонглерлік, т.б. «керемет» көрініс, әрекеттер жасау арқылы жүйке жүйелеріне әсер ете емдейді. Табиғаттың құдіретті күштеріне иландырады, өзіне баурап алады. Әрине, бұл іс әркімнің қолынан келе бермейді. Ол үшін үлкен табиғи дарын, қасиет керек. Б. емшілікпен қатар балгерлікпен де шұғылданған. Олар келешекті болжайтынына, адам тағдырын шешіп, ойын сезіп тұратынына, өткен өмірін ашық айтып беретініне, табиғи құбылыстар тудыра алатынына, жын-шайтандарды қуатынына халықтың белгілі бір бөліктері бұрын да, кейін де сенді. Оған негіз көп. Адам табиғатында ғылым ашпаған жұмбақтар толып жатыр. V ғ. ғұндар патшасы Еділдің айналасында көптеген даңқты Б. болған. Олар әрбір күрделі оқиғаларды күні бұрын болжап, патшаға жеткізіп отырады екен. 451 ж. Каталаун шайқасының тағдырын Б-лар құмалақ ашып, бірнеше күн бұрын айтып берген. Болжам дәл келген. Түрік-моңғол Б-лары бас киімді көбіне Америка үндістерінің көсемдері киетін «тымаққа» ұқсас етіп, құс қауырсындарынан қадап жасайды. «Жындармен» күрескенде Б. киімдері түрлі тылсымдық рөл атқарады. Б-лық тұқым қуалайды, ол адал, жаны таза, иманды адамдарға қонады, жолын дұрыс ұстай алмаса «қасиеті таяды» немесе «бақсылық буып» кемтар болып қалуы да мүмкін. Қазақта ең атақты Б. Қойлыбай – барлығының пірі, қорғаушысы. Б-ны басқа тілдерде: шаман, экстрасенс, мистик, иога, спиритуалист, т.б. деп атайды. Қазақ жеріне

мұсылман діні ене бастағаннан кейін ел өмірінде Б-ның алатын орны мен рөлі төмендеді. Коммун. идеол. кезінде Б-лыққа мүлде жол берілген жоқ. Б. және бақсылық өнер туралы кейбір мәліметтер П.С.Паллас пен П.Рычковтың экспедиция жазбаларында, бұйрат ғал. Доржи Банзаров, қазақ ғал. Шоқан Уәлиханов, ағылшын филос. Томас Карлейль еңбектерінде кездеседі. Бақсылық қасиет өздігінен келіп, біреуге ерте, біреуге кеш қонады. Б-лықтың уақытша немесе кездейсоқ қонатын кездері де болған. Б-лық ұстанған адамдар көп жағдайда бұрынғы өткен аталары түсіне еніп, «бақсылық қасиетті жалғастырасың немесе бір мүшең кем болады, немесе отбасың қиындыққа тап болады, немесе ұрпақсыз қаласың» деп аян бергенін және соған байланысты Б-лық жолға бет бұрғандығын айтады. Яғни, ата-бабаларында кездескен ерекше қасиет ұрпақтарына қонады деп саналады. Адам мен қонған «жын» арасында түсіністік болмаса, ол ауруға душар болады. Қасиет қонған адам науқастарды емдеумен айналыса бастаса, ауруынан айығады дейді. Б-лар алдамшы, көзбояушы емес, психикалық жаратылысы ерекше жандар екендігі – ғылыми дәлелденген жайт. Адамға Б-лық қонғаннан кейін тазалық сақтап, бойына қонған жындар мен көмекші рухтарын үнемі риза қылып, «ренжітпеуі» – басты талап. Олай істемеген жағдайда ол адамды «жын буып», ауруға душар етеді. Б. неғұрлым күшті болса жындары да көп, әрі әлеуетті деп саналады. Б-лық нақты қай кезде қалыптасқаны белгісіз. Ислам діні енгеннен кейін оның Б-лыққа ықпалы болмай қалған жоқ. Адамның науқастануы, сәуегейліктің шынға айналуы бірінші Алланың, одан соң әулие-әнбиелердің, аруақтардың қолдауымен жүзеге асады деген түсінік біртіндеп орныға бастады. Ертеде Б. ел ішінде кез келген жағдайда көмекке келетін, құрметті тұлға болды. Ойын өткізудің де, кісі емдеудің де жалпы Б-ларға ортақ, нақты ұғрыптарға негізделген тәртібі бар. Б. ойыны кезінде атқарылатын рәсімдер мен жоралғылар белгілі бір ұғрыптар төңірегіне шоғырланған. Дегенмен, әр Б-ның өзіне тән ойын өрнектері, емдеу тәсілдері болған. «Жын қайтару» – бақсы ойынының «қорытынды» бөлімі. Б-ның «Саф болды!» немесе «Бәрекелді!» деуі ізгі жындар мен зиянкес жындар арасындағы тайталас тоқтады деген белгіге саналды. Б-лар жасаумен – синкретті «өнер» иелері. Тарихта Б-лар пірі Қорқыт. Оның шәкірті, Алашқа мәлім Қойлыбай бәйгеге қобыз қосқан деген аңыз бар. Қойлыбайдың басына түнеп, бата алған Хамидолла белінен арқан салып, екі жақтан көп адам жабылып тартқанда қысылмаған, үлкен күш иесі, әрі көріпкел болған екен. XIX ғ. соңында Торғайда өмір сүрген Сүйменбай Б. туралы А.Е.Алекторов оның оншақты жыны бар екенін, Б-ның өзі жындар басшысы деген дерек келтіреді. Оның жерлесі Танабай Қоскелдин Б. домбырада ойнаған. Ол жеті шырақ жаққызып, ауру балаға үйді айналдырған соң, баланың басына қырық қасық суық су құйып, аузына ыстық су ұрттап, бетіне бүркіп «емдеген». Б. адам жаны түршігерлік сан алуан түрлі өнер көрсеткен. Дәулет Рақбайұлы Б. (XIX ғ.) қобызбен күн жайлатып, дауыл тұрғызған. Кейбір Б. қобызбен сарнатып, күй тартқан кезде бір қалтасынан шұбар жылан, екінші қалтасынан құрбақа шығарып, жүргізіп, жұрттың алдынан өткізіп, өнер көрсететін болған. Семейлік Сіләмбек Беркімбайұлы Б. қобызбен емдеген. Оның әкесі Беркімбай Бекниязұлы отта тұрған шоқтай қызған қазанға отырған. Б-лық тікелей ұрпағына қонатыны туралы деректер ел ішінде аз емес. Б-лар ойыны кезінде сан түрлі ғажайып істерге барғандығы туралы ел аузындағы әңгімелер көп. Байсақал Б. ойнаған кезде үйдің ішін топан су бастырып жібереді екен. Семейлік Кенжебай, көкшетаулық Қапар, т.б. бақсылардың атағы алысқа кеткен. Қу – Балқантау өңірінде Әжібай, Сүлеймен, т.б. Б-лар болған. Б-лардың соңы Бақриден Ағымбайұлы 1937 ж. саяси құрғын-сүргін кезінде қамауға алынғанда, дұға оқып, Қу ауд. НКВД абақтысының жабық есігінен шығып кеткен дүр. Содан кейін оны ешкім көрмеген.

БАЛАПАН Келдібекұлы (XYII ғ. соңы – XYII ғ. алғашқы жартысы), би. Қаздауысты Қазыбектің інісі. Халық аузындағы аңызда Б. бір дүбірлі жиында Абылай ханның басындағы айыр қалпағын қамшысының сабымен қағып түсіреді. Абылай қалпағына қайрылмай: «Ұлы дүбір үлкен ас, Жеген—тоқ, ішкен—мас деген осы екен-ау» деп жүріп кетіпті. Осы қақтығыс кейін Абылай ханның Арғынның бес мейрамымен араздығына алып келеді. Хан терістікке барған Жанай мен Ботақанды ұстатып, лабаққа салғызып қояды. Бұған ашуланған Қаздауысты Қазыбектің баласы Бекболат би бес мейрамнан 5 мың қол жинап, Абылайды

шабуға аттанады. Әрине, бұл аттаныстың соңы бейбітшілікпен аяқталады. Абылай хан Жанайды босатып, Ботақанның құнын, ат-шапан айыбын төлейді. Б. құба қалмақтармен жаугершілік заманда майдан даласында қазаға ұшыраған екен. Кейбір дерек көздеріне қарағанда, Б. зираты Қарқаралының шығысындағы Темірші тауының түстік бөктерінде. Б. ұрпақтарының ата қонысы Қарқаралы ауданының Мәди а. округында, Едірей тауы ішінде.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БАЛАТҮНДІК – өзен, Түндік өз-нің сол саласы, Қу –Балқантау өңірімен ағып өтеді. Қу тауының солт.-батыс беткейіндегі Дара ө. басталып, Қарақшы тауының солт. беткейімен ағып барып, Түндік өз-не құяды. Ертіс өз. алабына жатады. Ұз. 65 км-дей. Ағысының орта тұсында Б-ке Өзенбөрлі өз. сол жағынан құяды. Өз. арнасы қыратты-шоқылы болып келеді, тау жыныстары жер бетіне шығып жатады. Қарашада қатып, сәуірдің аяғына таман мұзы түседі. Аязды қыстары түбіне дейін қатады. Негізінен қар суымен, жазда жер асты және бұлақ суы есебінен толығады. Жаңбыр суының үлесі аз. Шілдеде Б. өз ағысы үзіліп, бойында қамыс-қопа өскен қара су иірімдері пайда болады. Б. жайылмасы шөбі шүйгін шабындық, күз бен қыс айларында мал жайылымы.

БАЛБАЛ – ежелгі түрік дәуірі мұралары арасында жиі кездесетін, тастан қашап жасалған адам бейнесіндегі ескерткіш. Қазақ даласының барлық аймақтарында кездеседі. «Балбал» – көне түркі сөзі. Б. сөзі бал+бал, яғни соғу, қағу, ұру дегенді білдіретін қос сөзден тұрады. Бірақ, бірыңғай мағынаны білдіретін ұғым. Түркологтардың пікірінше,«тасты тіп-тік етіп қадап орнатқан белгілер» деген ойды жеткізеді. Б-дың этномәдени жөн-жосығы ежелгі түрік дәуірінде (VI-IX ғғ.) айрықша болды. Б. – өлген адамның аруағына арналған ғұрыптық кешендердің ең семантикалық мәнді компоненттерінің бірі. Ежелгі түрік ғұрыптық кешені арнайы барық-кесенеден, қорғаннан, сандықтастан, мәтін жазылған бітіктастан және оның тұғыртасынан (немесе тасбақасы), сондай-ақ бәдіздер – Б-дардан тұрды (саны 10-600 данадан да асып кетеді). Ежелгі түрік ғұрыптық кешендерінің көпшілігі қаған, тегін, тархан, чүр (шор), түдүн сынды билік иелері мен атақты бекзадалар құрметіне арналып жасалды. Әрине, қарапайым халыққа арналғандары да бар. Осы кешендерде аза тұту, ас беру немесе аруаққа бағышталған «жоқтау» сияқты этностың тіршілік циклының аса маңызды ғұрыптық жосындары атқарылған. Өлген жанның аруағына тағзым ету үшін, марқұмның аруағын жөнелтуге және ас беруге қатысқандар өз елі мен жерінен әкелген ұзын тастарды аруаққа арналған арнайы ғұрыптық кешеннің күншығ. бағытына қарай, арасын шамамен біркелкі қашықтықта тізбектеп тігінен орнатқан. Аталмыш ғұрыптық кешенді салуға қатысқандар әрқайсы өз ру-тайпасының таңбасын немесе көне түркі бітік жазуымен аты мен лауазымдық атақтарын жазды. Бұл ежелгі түріктердегі жоқтау рәсімінің маңызды элементтерінің бірі болған іспетті. Бәлкім осындай белгі қою арқылы рәсімге қатысушылар марқұмның аруағын құрметтегенін және оны Тәңірі әлеміне шығарып салғандығын білдіргені деп айтуға болады. Б. сөзінің «тас тізбек, қадаған тас» деген мағынасы қазіргі қазақ тілінде «адам бейнелі тас мүсін» деген ұғымға ауысып кеткен. Сол себептен бәдізді де (тасмүсінді), тік орнатылған тастарды да Б. немесе сынтас деп атаған. X ғ-дан бастап қазақ даласына ислам діні кеңінен таралуына байланысты Б. тас қашау ісі өз мәнін жоя бастады. Себебі, ислам діні адам және жануар бейнесін қашауға тыйым салған. Ғалымдардың пайымдауынша, адам бейнесінде қашалған соңғы Б. тастар XII ғ-ға жатады. Кейін Б. тастарды сағана тастар ауыстырған. Қазақы ортада сынтасты бұрынғыдан қалған ескінің көзі ретінде бағалады Б. тас мүсін емес, дұрысында оның жанына тізбектеле қойылатын, сәл ғана өңделген, көбіне өңделмеген кішірек тас бағаналар. Бұларды тұрғызу – өлген адамға құрмет көрсетіп, ескерткіш қоюдың бір түрі. Мысалы, атақты ойшыл әрі шешен Иоллық тегін әкесі Білге қағанға ескерткіш орнатқанда былай деп жазған: «Әкем Қағанға балбық (балбал) тіктім». Білге қағанға арнаған Б-дар тізбегі (Моңғолияда) 3 км, шамамен 750 тас. Б-дарды Ә.Марғұлан, Л.Р.Қызласов, А.Д.Грач, С.Г.Кляшторный, В.Д.Кубарев, т.б. Қазақстан, Тұба, Моңғолия жерлерінен тауып зерттеген. Әдетте, ол түрік дәуірінің (6-9 ғғ) ғұрыптық тас қоршауларымен бірге орнатылады. Қоршаудың сыртындағы шығ. іргеге өлген адамның бейнесін беретін тас мүсін қойылса, одан әрі шығ. қарай ондаған, кейде жүздеген Б. тізбегі орнатылады. Зерттеулерге

қарағанда, Б. қаза болған батырдың өз бейнесін көрсетпейді. Мұндай тас бағаналар – қаза болған ардақты батырмен қоштасу рәсімін, оған ас беру салтанатына қатысқандардың таксономиялық орналасу жүйесі бойынша арнайы келіп қатысқанын және бір-бірден Б. тас әкеліп қойған түрлі рулық топтар мен жекелеген адамдардың құрметін көрсететін семантикалық символдар. Ә.Марғұланның деректері бойынша, ертеде Қарқаралы, Баянауыл (әрине олармен қанаттас Қу, Едірей) жерлерінде жалпы саны 300-350-ден астам бағанадан тұратын Б. тізбектері кездескен. Бұндай аса үлкен тізбектер өлген адамның қадір-қасиеті, беделі тым зор болғанын білдіреді, көбіне Б. тізбегі мұнан әлдеқайда аз болады.

БАЛҒАБАЕВ Жалау (1911, Семей губ., Қарқаралы уезі, №14 а. – Қарағанды қ.) – зоотехн., партия, кеңес қызметкері. 1932 ж. Семей зоовет. техн-ын, 1936 ж. Алматы зоовет. ин-ын тәмамдаған. 1936-38 жж Солт. Қазақстан обл. «Рузаев» с/зында аға зоотехн. болып еңб. жолын бастады. 1938-40 жж Қызыл Армия қатарында қызм. етті. 1941-43 жж. Қарағанды обл. партия к-інде нұсқаушы, бөл. меңг-сінің ор-ы, 1943-44 және 1954-60 жж Қазақстан КП Қу ауд. парт. к-інің бірін1-ші хатшысы лауазымында еңб. етті. 1944-46 жж –ҚКП ОК жанындағы лениндік курс тыңдаушысы. 1946-49 жж Шығ. Қазақстан обл., Зайсан ауд. парт. к-інің 1-ші хатшысы, 1949-50 жж Шығ. Қазақстан обл. парт. к-і а. шар. бөл. меңг-нің міндетін атқарушы, 1950-51 жж ВАСХНИЛ Қазақстан филиалының мал шар. ғыл.-зерттеу ин-ы (Алматы) дир-ның ор-ы, 1951-53 жж Қазақ КСР А. шар. мин. жайылым аумағы басқ-ның (Шымкент) бастығы, 1953-54 жж Қарағанды обл. парт. к-інің а. шар. бөл. меңг-сінің ор-ы, 1960-61 жж Қоңырат ауд. парт. к-інің 1-ші хатшысы, 1961-71 жж Қарқаралы зоовет. техн-ның дир-ы қызм. атқарып, зейнеткерлікке шықты. Басқару саласындағы ұзақ ж-ғы еңб. үшін Б. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БАЛҚАНТАУ, қ. ***Қу***

«БАЛҚАНТАУ» («Большевиктік жол», «Ленин туы») – газет, Қазыбек би (бұрын Қу, Егіндібұлақ атанған) ауд-ның қоғ.-саяси басылымы болды. Ол 1939 ж. 11 тамыздан бастап қазақ тілінде, 1 баспа табақ көлемінде, 4 бет болып, аптасына 3 рет шығып тұрды. Әуелде «Большевиктік жол» аталған газет Қу ауд. таратылған 1962-65 жж шыққан жоқ. 1965 ж. әкімш. құрылым Егіндібұлақ атауымен қайта ашылған соң, басылым «Ленин туы» деген атпен жарық көре бастады. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізген соң «Балқантау» атауын иеленген газет ауд. кезекті мәрте жабылған 1997 ж. шығуын тоқтатып, «Қарқаралымен» біріктірілді. Азды-көпті үзілістермен жарты ғ-дан астам уақыт жарық көрген ауд. газет өңір халқын 3 бесж-дық (1938-42) міндеттерін, ҰОС кезінде а. шар. шикізаты мен азық-түлік өндірудің әскери тапсырыстарын орындауға жұмылдырудан бастап, тың және тыңайған жерлерді игеру, жаңа шар-тар ұйымдастыру, ауд-да қой санын көбейту, а. шар-на жаңа технологияларды енгізу, ғыл.-техн. үдерісті жеделдету, коммун. парт. мен кеңес идеологиясы күн тәртібіне қойған т.б. мәселелер жайлы жазды. Еңб. ұжымдары мен жеке тұлғалар арасындағы соц. жарыс, кеңестік өмір салтын насихаттау, орыс шовинизмін бас шұлғып мойындауға, маркс.-ленинизм идеясынан бұра шықпауға тәрбиелеу тәрізді тақырыптар басылым бетінен түскен жоқ. Қазақ жұрты дербестік туын тіккеннен кейін газет бағытын күрт өзгертіп, ұлт тарихы, оның байырғы мәд-і мен салт-дәстүрі, кеңесік дәуірдің ақтаңдақтары жайлы жаза бастады. 1982 ж. бастап офсеттік басылыммен (респ-ның қазақ тілді басылымдары арасында 1-ші болып) шыға бастаған газеттің таралымы үш жарым мыңға дейін (1988-90) жетті.

Рымбек СМАҒҰЛОВ

«БАЛҚАНТАУ САЗЫ» – Егіндібұлақ а. Мәдениет үйі жанындағы фольклорлық ансамбль. Қу – Балқантау өңірі дербес әкімшілік бөлініс болып тұрғанда бұл өнер ұжымының даңқы аспандап, сан мәрте респ. және халықаралық байқаулардың жеңімпазы болды. Жергілікті көркемөнерпаздардан құралған «Б. с.» әлі де өңірдің мәдени өміріне белсене қатысып, мұнда өтетін көпшілік іс-шараларды өнермен өрнектеуде жетекші рөл атқарады.

Раушан ЖЫЛТЫБАЕВА

БАЛТА Тасыбайұлы (т. – ө.ж.б., Қарқаралының Балқантау өңірі) – XIX ғ-да өмір сүрген ақын. Нұрбике-Шаншардың Тілеубегінен (Тілеуке) тарайтын Жарылғап атасынан: Жарылғап – Жоламан – Тасыбай – Балта. Жергілікті халықтың айтуы бойынша, атақты Шөжемен айтысқан осы ақын. Шонжарлардың сөзін сөйлеп, айтыста да солардың абыройын қорғаушы болғаннан кейін кеңес өкіметі тұсында Б. шығармалары жиналмаған һәм зерттелмеген.

БАЛТАШҰЛЫ Ермек (08.06.1958, Қу ауд., Едірей а.) – журналист, жазушы, драматург. Әл-Фараби атынд. Қазақ Ұлттық ун-нің журналистика ф-ін бітірген (1990). ҚР Журналистер конгресі (2003) және Журналистер одағы (2008) сыйлықтарының лауреаты. ҚР-ның Мәдениет қайраткері (2005). 1975 ж. Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ бітірді. 1975-76 жж. Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінің тілшісі, 1976-78 жж. Кеңес әскері қатарында қызмет етіп, 1978-82 және 1983-88 жж. бұрынғы Талды аудандық «Шұғыла»-«Восход» газетінде тілші, бөл. меңг-сі, жауапты хатшы болды. 1982-83 жж. Егіндібұлақ ауд. Айрық ОМ-інің қазақ тілі мен әдеб. пәнд. мұғ., 1988-91 жж. Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд. «Знамя Ильича»-«Ильич туы» газеттері ред-ның ор-ы, «Сарыарқа» газ. ред-ы; 1992-93 жж. Қарағанды обл. «Орталық Қазақстан» газ. жауапты хатш-ның ор-ы, бөл. меңг-сі, 1993-98 жж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ қазақ әдеб. каф-ның оқыту-сы, журналистика каф-ның аға оқыту-сы, 1998-2013 жж. «Орталық Қазақстан» газ-де бөл. меңг., жауапты хатшы, ред-дың ор-ы болды. 2013 ж. бері еркін шығ. жұмыста. Б-ның баспасөздегі тұңғыш туындысы «Найзакөк» поэмасы 1973 ж. Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газ-де жарияланды. Пуб-лық шығ-ы «Тәуелсіздік жылнамасы» (2001), «Сарыарқа саңлақтары» (2002), «Ақпарат айдынында» (2006), т.б. ұжымдық жинақтарда басылды. Көркем очерктері мен әдеби-публицистикалық шығармалары «Мәди», «Көз» (2008 ж.) деген атаулармен жарық көрді. 2008 ж. «Мәди» әдеби-көркем, танымдық-пуб-лық журн-ның негізін қалады. Б-ның «Сұрасаң, Мәди еді менің атым» (С.Жұмағалимен бірге) тарихи драмасы 2005 ж С.Сейфуллин атынд. Қарағанды обл. драма театрында қойылды. Ол осы ж. түсірілген «Қайғысы тарқамаған адам» деректі-көркем телефильмнің әдеби кеңесшісі. Б. «Қаз дауысты Қазыбек би» тұлғалық энциклопедиясын (2011) әзірлеген шығ. топ құрамында болды. Ақын Б.Ысқақовтың «Бұл – менің көз жасым ғой қан аралас» жинағын құрастырып (2014), алғысөз жазды. Ол «Арыс» көркемсуретті тарихи-танымдық кітабы, «Арыс» энциклопедиясы авторларының бірі.

БАЛЫҚТЫКӨЛ – көл, Балқантау а. округінің солт. (5 км), Қоянды а. округінің оңт.-шығысында (17 км) орналасқан. Ауд. 265 шаршы км, ұз. 6,8 км, ені 6 км, су жиналатын алабы 565 шаршы км. Солт.-батыс және шығ. жағалаулары жайпақ, қалғандары – тік. Көлдің оңт.-шығ-да ұз. 2,5 км, ені 0,7 км түбек бар. Жағалауларында бетеге, көде, жусан өскен, ши бұталары кездеседі. Түбі толқынды, құмдақ әрі лайсаң. Бат. жағалауында кәдімгі құрақ өседі (8 га). Қар және жер асты суы есебінен толығады. К-ге солт-тен Өзденбай өз. келіп құяды. Солт.-батыс жағалауынан 2 км жерден Қарасор к-не құятын Талды өз. ағып өтеді. Суының ең жоғ. деңгейі – сәуірде (3,8 м), ең төмені – қазан айында, су деңгейі жылына 0,7 м-ге ауытқып отырады. Қарашада қатып, сәуірде мұзы түседі. Суы тұзды, сілтілі және тым кермек. Мөңке, алабұға және табан балық кездеседі. Маусым сайын балық аулау жүргізіледі. Жағалауындағы қамыс-құраққа әртүрлі құстар ұя салады.

БАРҚЫ (XVII-XVIII ғғ шегі) – Қаздауысты Қазыбектің бес ұлының бірі. Бұл атаның өмірі мен ісіне, ұрпақтарына қатысты деректер кездеспеді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БАРЛЫБАЕВ Хафез (Қапез) – Қу ауд. тұңғыш дәрігері.

БАСҚҰДЫҚ – Мәди а. округіне қарасты қоныс. Егіндібұлақ а-ның солт-нде 120 км жерде орналасқан. 1975-93 жж «Айрық» (кейін Мәди атынд.) с/здың бөлімшесі болды. Негізінен жылқы түлігін өсірумен айналысты.

БАСТАЛ – Н.Нұрмақов атынд. а. округіне қарасты елді мекен. Өткен ғ-дың ортасында Б. а. кеңесінің орталығы, 1961-97 жж «Қаратау» с/зының бөл-шесі болды. Егіндібұлақ – Өсібай тас жолы бойында, 18 км жерде орналасқан а. тұрғындарының негізгі күнгөрісі – мал шаруашылығы.

БАСТАЛ – өзен, Түндік өз-нің оң саласы. Қу тауының шығ. бетіндегі бұлақтардан бастау алады. Ұзынд. 5 км шамасында. Б. өз-нің Түндіктіге құйылысында XIX ғ-дың екінші жартысында Благодат-Стефанов қорғасын-мыс зауыты жұм. істеді.

БӘКЕНОВ Заманбек (1935, Қу ауд., Мыржық а. – 1993, Егіндібұлақ ауд., Жаңабаз қыст.) – шопан, Еңбек Даңқы орденінің толық иегері (1975, 1976, 1984). Саран қ. 12 механ. уч-сін бітірді. 1957-63 жж Абай атынд. с/зда механизатор, көмекші шопан, 1963 ж-дан «Қаратау» с/зында аға шопан, X бесжылдықта (1976-80) Б. әр 100 саулықтан орта есеппен 132-ден қозы алып, мемл-ке 1150 ц ет, 110 ц жүн тапсырды, сөйтіп бесжылдық жоспарын екі есе асыра орындады. 1983 ж. әр 100 саулықтан 131-ден қозы алды, XI бесжылдықтың тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. Б. Қазақстан Компартиясы XV съезінің делегаты.

Аманжол ҚУАНБАЕВ

БӘКІЖАНОВ Жазылбек Нұртазаұлы (23.03.1968, Егіндібұлақ а.) – телеоператор, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Егіндібұлақтағы мект.-ин-та, осындағы № 45 кәс.-техн. уч-де оқыды. Қарағанды қ. индуст.-пед. техн-да білім алды. 1990 ж. Т.Жүргенов атынд. театр және көркемөнер ин-ының (қазіргі Өнер академиясы, Алматы) музыкалық комедия актері ф-іне түсіп, қазақ өнерінің А.Тоқпанов, К.Кенжетаев, К.Мыржықбаев сынды біртуар тұлғаларынан дәріс алды. Кейін актер мамандығын телевидение саласына ауыстырды. 1993-2008 жж Қарағанды обл. телерадио компаниясында (Қазақстан –Қарағанды телеарнасы) телеоператор болды. 2002 ж. Ж.Елебеков атынд. III респ. әншілер байқауында лауреат атанды. 2008-15 жж Қарағанды экон. ун-інің «Оқу теледидары» орт-да қоюшы-оператор қызм. атқарды. 2015 ж. бастап «ҚазМедия» орталығы (Астана) студия бөл-нің телеоператоры.

БӘКІЖАНОВ Нұртаза Берлібекұлы, (12.1925, Қарқаралы уезі, Қу бол., Шормақай қонысы – 10.2001, Егіндібұлақ а.) – партия, кеңес қызм., журналист, КСРО Журналистер одағының мүшесі, ҰОС ардагері. Қарқаралы қ. мект. бітіріп, 1943 ж. әскер қатарына алынып, Ұлы Отан соғ. майдандарына қатысқан. Фашистік Германия жеңілген кейін де әскер қатарында қызмет етті. 1951 ж. елге оралып, біраз уақыт ішкі істер органдарында қызм. атқарды. 1962-65 жж Алматы Жоғ. партия мект-нде оқыған. Ауд. парт. к-інде, кәс.-техн. уч-де, ауд. «Ленин туы» газеті ред-нда қызм. істеді. 1977-85 жж Егіндібұлақ а. кеңесі төрағасы болды. Б. көптеген жауынгерлік орден-медальдар мен бейбіт замандағы еңбекте қол жеткен табыстары үшін наградалардың иегері атанды.

БЕГАЛИН Сапарғали Ысқақұлы (1895, Қарқаралы уезі, Дегелең болысы – 1983, Алматы қ.) – жазушы, қазақ балалар әдеб-нің негізін қалаушылардың бірі. Семей қ-ндағы орыс-қазақ уч-сін бітірген (1915). 1916 ж. 1-дүниежүз. соғ. майданының тыл жұмысына алынады. 1929-35 жж Дегелең болыстық атқару к-інің төрағасы, Қарқаралы уездік атқару к-інің мүшесі, бөл. меңг-нің ор-ры, ауд. халық соты қызм. атқарды. Қазақ егіншілік халық комиссариатында, Түріксіб т. ж. басқ-да жауапты қызм. істеді. 1935-56 жж. «Темір жолшы» газетінде, Қазақстан ҒА-ның Тіл және әдеб. ин-ында (қазіргі Әдеб. және өнер ин-ы), Қазақстан Жазушылар одағында қызм. жасады. Б. шығ. жолын өлең жазудан бастады. Оның «Қазақ қыз-бозбалаларына» деген тұңғыш өлеңі 1914 ж. «Айқап» журналында басылды. 1916 ж. жазған «Азамат арманы», «Көшер ме тұман серпіліп» деген өлеңдерінде орыс отаршыларының озбыр саясатына қарсы ой-пікірін паш етеді. Кейінірек кестелі сөз, бейнелі тереңдігімен, лирикалық-романтикалық толғаныстарымен елдегі өзгерістерді, Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен қаһармандар тұлғасын шабыттана жырлап, туған жердің сұлу көріністерін көркем кестелеген «Қыран кегі» (1943), «Цимлян теңізі» (1953), «Таңдамалы» (1956), «Сырлы қайнар» (1963), т.б. өлеңдер мен поэмалар, «Көсегеннің көргендері» (1948), «Ермектің алмасы» (1955, 1985), «Сәтжан» (1947, 1973, 1978), «Жас бұтақ» (1953), «Жеткіншектер» (1960), «Мектеп түлектері» (1961), «Шоқан асулары» (1971), «Қыран туралы аңыз» (1976), «Шығармалар» 2 томдық (1976), т.б. әңгіме, хикаят жинақтары, «Замана белестері» (1975) романы жарық көрді. Б. Тәттімбет, Естай, Әміре, Майра, Қажымұқан, Әбікен, Қалибек сынды ерек тұлғалар галереясын жасап, олардың өнерімен кейінгі ұрпақты таныстыруға еңбек сіңірді. Б. ұлы Абай өмірінен дерек беретін еңб-тер

жазып, ақын шығ-ларын насихаттауға мол үлес қосты. Халық ақындарының шығ-ларын сұрыптап жинақ етіп шығарды («Халық ақындары», 1953; «Өмір жыры», 1953), өнер саңлақтары жөнінде («Сахара сандуғаштары», 1976), жыр алыбы Ж.Жабаев туралы монография жазды. Ол Т.Г.Шевченко, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтовтың жекелеген өлеңдерін, Д.Н.Мамин-Сибиряк, Л.В.Соловьевтың кейбір әңгімелері мен хикаяттарын қазақ тіліне аударды. Б-нің «Қарагөз», «Көктем», «Бесік жыры», «Ақ көгершін», «Сағындым сені, сәулем-ау», т.б. 50-ге тарта өлеңдеріне ән жазылды. Шығ-ları көптеген тілдерге аударылған. Б. Халықтар достығы, 2 мәрте «Құрмет белгісі» орденделімен марапатталған.

БЕГІМЫСЫҚ, Бегімсеид (Бегімшайқы) Әбілқадырұлы (шамамен 1670 – 1764 ж. мұғдарында жасаған) – оқымысты, әулие адам. Шаһабзүрік бабаның Ұлан қожадан тараған ұрпағы. Қаздауысты Қазыбектің замандасы, пікірлес, кеңесшісі болған. Балаларды оқытып, науқастарды емдеу ісімен де айналысқан. Үлкендердің айтуынша, Қаздауысты Қазыбек қайтыс болғанда Б. келіп, табыт қойылған сөре тасты қамшысымен үш рет тартып жіберіпті. Төртінші рет қамшы үйіре бергенде, Бекболат ұстай алып: «Марқұмда кеткен өшіңіз, яки хақыңыз болса, бізден алыңыз. Мәйітті қорламаңыз» деген екен. Сонда Б.: «Балам-ай, бекер ұстадың ғой. Табытты жеті рет тартсам, марқұмның қасиеті жеті ұрпағына жететін еді. Енді үш-ақ ұрпағымен шектелетін болды ғой» деген дүр. Шынында да, Ш.Уәлиханов атап көрсеткендей, Қаздауысты Қазыбектің ел ұстаған, би болған ұрпағы Бекболат – Тіленші – Алшынбаймен шектеледі. Бекболат Қаздауысты Қазыбектің мүрдесін Түркістандағы Ахмет Иссауи мавзолейіне апарып жерлегенде, бірге барған 40 кісінің бірі Б. екен. Сол сапарда бұл кісі де Алланың аманатын тапсырыпты деген сөз бар.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БЕДЕРЛЕУ ӨНЕРІ – қолөнердің ежелден келе жатқан бір саласы; ағаштан, сүйектен, мүйізден, былғарыдан, қыштан жасалған заттар мен алтын, күміс, мыс, т.б. қымбат металл бұйымдарға түрлі ою-өрнек пен әшекейлердің ойылып, бедерленуі. Б. ө көбінесе зергерлік бұйымдар және батырлардың ер-тұрманы мен сауыт-сайманын өрнектеуге, сондай-ақ, аяқ-табақ, ожау, астау, келі-келсап, кебеже, сандық, торсық сияқты тұрмыстық заттарды жасау үшін қолданылады. Сәндік мақсатпен бірге, белгілі бір бұйымның бетіне, табанына, қырларына беріктік, тұтқырлық сапа дарыту үшін ойық шапашот, ыңғуыр, пышақ, қырғы, сырнауық, қашау, шекіме, т.б. арнаулы құрал-саймандар пайдаланылған. Шеберлер кебеже, сандықтарды қаптаған қаңылтырға ою-өрнектер сызып, шекіме аспабымен оларды қуалай із түсіріп, ұрып бедерлеген. Торсық жасағанда иі қанып, тобарсыған теріні ою-өрнекті ағаш қалыпқа кигізіп, ағаш балғамен ұрып, бедер салады. Бедер түсіруші ұста бедерші атанған. Б. ө. халық арасында қазіргі таңға дейін жалғасып келеді. Бүгінгі шебер бедершілер ғыл. жаңалықтарымен жетілдірілген аспаптарды пайдаланады.

БЕЗГЕЛДЕК (лат. ***Tetrax tetrax***) – дуақтар тұқымдасының ішіндегі ең ұсақ өкілі (салмағы – 600-900г). Жоны – беделі қоңыр, бауыры – ақ. Аталығының қара мойнында екі ақ мойнақ бар. Түрлі-түске боялған дуадақтың ұшуы таңқаларлықтай: екпінді жылдам әуелеп ұшудан кейін, қанаттарын жылдам қағып, түзу сызықпен шарықтайды, қанаттары осы кезде сылдырлаған дыбыс шығарады. Б. тек тың жерге қоныстанады, тек соңғы ж-дарда ғана анда-санда егіс даласынан кездесіп қалады. Еуразия даласында орныққан. Қазақстанның бат. бөліктерінде көп мөлшерде, ал қалған аумақта сирек кездеседі. Жұптасып тіршілік етеді, бұйығы және сақ. Мамырда аналығы 3-5-тен 7-11-ге дейін жасыл түсті жұмыртқа салады, бір ай шамасында басып шығарады. Балапандары тамызда ұша бастайды. Балапандары жәндіктермен, бунақденелілермен, ересектері дән және өсімдіктің жас бұтақтарымен және өсімдік өркендерімен қоректенеді. Қазақстанда тың жерді игеруге байланысты безгелдек те дуадақ сияқты 50-60-шы жылдары жоғала бастады, сондықтан 1978 ж. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілді. Соңғы ж-дары Қу – Балқантау өңірінің далалық аймақтарына қайтадан келіп жатқаны байқалады.

БЕЙСЕМБЕК Тілеуғазы Рымбекұлы (24.10.1942, Алматы обл., Сарқан ауд., Көкжиде а.) – ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист, композитор, дирижер, фольклоршы, музыка зерттеуші, журналист. Құрманғазы атынд. мемл. консерваториясын

(Алматы) халық аспаптары оркестрінің дирижері мамандығы бойынша бітірген. Ол Қарағанды орта арн. музыка мект.-ин-ында дир-дың музыка жөніндегі ор-ы, кейін дир-ы, Талдықорған обл. ғыл.-әдіст. орт-тың дир-ы, обл. тіл және мәд. басқ-сы баст-ның 1-ор-ы болып қызм. атқарды. Облыстағы клубтар мен кітапханалар жұмысын басқарды. Халық театрлары, отбасылық және халық ансамбльдерінің репертуарларының кеңеюіне, сапалы болуына үлес қосты. М.Төлебаев атынд. Талдықорған обл. филармонияның дир-ы, әрі көркемдік жетекшісі болды. Халық аспаптары оркестрін басқарды. Қарағандының Қ.Байжанов атынд. концерттік бірлестігінде бас редактор қызметін атқарғанда обл-тың мәдени шараларына белсене араласты. Президенттің «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша Қарағанды өңірінде ғұмыр кешкен бұрынғы ақын, жыршы-күйшілер өмірі мен шығ-ғы туралы зерттеулер жүргізді. Ұлы күйші Тәттімбет туралы поэма жазды. Обл. мәд. басқ-ның бастамасымен «Сарыарқа саңлақтары» ғыл.-зерттеу жинағын шығарды. Зейнеткерлікке шыққан соң Қазақ Ұлттық өнер ун-нде ұстаздық етті. С.Мұхамеджановтың «Шаттық отаны» симфониялық поэмасына «Дирижерлік талдау», Н.Тілендиевтің «Махамбет» поэмасына «Дирижерлік талдау» әдістем.-оқу құралдарын, «Қыпшақ қызы Аппақ» және «Асыл арман – Астана» операларының либретталарын жазды. Кейінгі жж шығ-шылықпен айналысуда. Б. өлеңдері **«**Балауса**»,** «Біздің мереке», «Тоғыз перне», «Соғыс және бейбітшілік», «Ертегі сыр шертеді», «Балдырғанның базарлығы», «Мерекелік тақпақтар», т.б. ұжымдық жинақтарда жарық көрді. Дербес өлең жинақтары «Бастау», «Сенім», «Қыңыр лақ», «Евтерпаның құпиясы», «Күрсінбе, жүрек, дүрсілде», «Ертеңбектің «ерліктері», «Мерекелер», «Сиқырлы музыка» атауларымен оқырман қолына тиді. Қазақтың тұңғыш кәсіби дирижері туралы «Шамғон Қажығалиев» атты монографиясы, әнші-күйшілер, композиторлар жайлы «Өнер саңлақтары» атты ғыл.-зерттеу, «Арқадағы ән кештері» очерктер мен мақалалар жинақтарының авторы. Б. композитор ретінде балаларға арналған симфониялық оркестрге жазылған «Балдәурен», «Ертегі» циклдарының, «Самұрық келген таң» және «Ерке лақ» атты музыкалық ертегілерінің, 3 бөлімді «Балалар симфониясының», «Ертең біз де орманбыз», жастарға арналған «Толқиды Балқаш» атты әндер жинақтарының авторы. Балаларға арналған музыкалық шығ-лары Қарағанды симфониялық оркестрінің репертуарына енген. Респ-лық радиодан берілген әндері радио қорында сақтаулы. Оның өз сөзіне жазған «Ертең біз де орманбыз», «Жаңа жыл», М.Әлімбаевтың сөзіне жазған «Бастаңғы» әндері респ. «Әнші балапан» конкурсының лауреаты, «Ерке самал» әні «Бозторғай» конкурсының жүлдегері атанды. «Еркетай» әні Қарағанды обл. конкурсында жеңімпаз атанып, аймақтық «Еркетай» фестивалының гимні болып келеді. «Қазақмыс» тобы мен Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған балаларға арналған әдеби шығармалардың «Балауса» бәйгесінде Бас жүлдені (2014), Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 ж. толуына арналған VII респ. «Тәуелсіздік толғауы» конкурсында «Балалар аудиториясына арналған драмалық шығарма» номинациясы бойынша «Самұрық келген таң» атты музыкалық ертегісі 1-жүлдені (2016) жеңіп алды.

БЕЙСЕМБЕКҰЛЫ Рымбек (1998, Қарқаралы уезі, Дастар бол., № 6 а. – 1978, Алматы обл., Бөрлі ауд., Көкжиде а.) – ұстаз, Қазақ КСР-ның еңбек сіңірген мұғалімі. Семей қ. мұғ. курсты бітіріп, біраз уақыт Дастар а-нда ұстаздық қызм. айналысты.1927 ж. компартия қатарына алынып, 1935 ж. партия жолдамасымен Алматы обл-ның Бөрлітөбе ауд. қызм. жіберіледі. Ол Көкжиде а-нда тұңғыш төрт сыныптық мект. ашып, соның дир-ы әрі ұстазы болды. ҰОС жж Бөрлітөбе аупарткомында қызм. істеді. КСРО басшысы һәм Бас қолбасшысы И.В.Сталиннің жарлығымен маңызды қызм-тегі партия кадрларына бронь берілуіне байланысты тылда еңбек етті. Майданға азық-түлік, киім-кешек дайындау жұмыстарын ұйымдастыру, халықты еңбекке жұмылдырып, жеңіске деген сенімін орнықтыру үшін насихат жұмысын жүргізді. Соғыстан соң Көкжиде а-ндағы ұстаздық қызм. оралды. Білім беру саласындағы жемісті еңб. жоғары бағаланып, 1949 ж. Еңбек Қызыл ту орденімен марапатталды. Кейінгі ж-дары көптеген медальдармен марапатталды. Оның шәкірттері арасынан а. шар-ның үздік мамандары, ұстаздар, ғалымдар, парт.-кеңес қызметкерлері, қоғам қайраткерлері шықты.

БЕЙСЕНБАЕВА Зинаш Теміржанқызы (1934, Қу ауд.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты (1976), Қазақстан мұғалімдері V съезінің делегаты (1978). 1952 ж. Егіндібұлақ а.

№1 ОМ-ті бітірген 16 оқушының бірі Қарағанды пед. ин-ын орыс тілі мен әдеб. мамандығы бойынша тәмамдап, 1956 ж. бастап өзі оқыған білім ұясында мамандығы бойынша сабақ берді. 1963 ж-ы Егіндібұлақ мект.-инт-на ауысып, 1987 ж-ға дейін осында, тағы да 7 ж. кәс.-техн. уч-де пед. қызм. атқарды. Қоғ. жұм-тардың алғы шебінде жүріп, ардагерлердің «Замандастар» клубын құрушылардың бірі және оның белсенді мүшесі болды.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

БЕЙСЕНБЕКОВ Нескен (30.07.1931, Қу ауд., Егіндібұлақ а. – 15.11.2006, Егіндібұлақ а.) – журналист, парт., кеңес қызметкері. 1947 ж. орталау мект. бітірген жастар арасынан парт. және кеңес атқару к-терінің кадрлық резервіне таңдап алынып, еңбекшілер депутаттары а. кеңесі депутаттығына сайланып, а. кеңес хатшылығына тағайындалады. Келесі ж-ы Қу ауд. бойынша салық агенті жұм-на жіберіледі. 1951 ж. Доғалаң а. кеңесінің төрағасы, 1952 ж. ауд. «Ленин туы» газетінің жауапты хатшысы қызм. атқарады. 1957-59 жж ауд. ІІБ-і төлқұжат үстелінің бастығы болды. 1959 ж. ауд. атқару к-інің нұсқаушысы, 1960 ж. ауд. парт. к-і идеология хатшысының көмекшісі, 1961 ж. «Ленин туы» газетінің жауапты хатшысы, 1962 ж. аупартком идеология бөл. меңг-сінің ор-ы лауазымында еңб. етіп, 1965 ж. а. шар. қызм-лері ауд. кәсіподағында жұм. істеді. 1968-70 жж Егіндібұлақ ауд. к-інің нұсқаушысы, 1971 ж-дан респ. «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетінің Қарағанды обл., Егіндібұлақ ауд-ндағы жергілікті тілшісі, 1974 ж-дан зейнетке шыққанша «Орталық Қазақстан» газетінің Егіндібұлақ ауд. бойынша меншікті тілшісі болып қызм. істеді. Б.бірсыпыра мемл. марапаттарға ие болды.

Нәзипа АСҚАР

БЕЙСЕНБЕКОВ Несіпбек (29.12.1937, Қу ауд. – 16.03.1984, Қарағайлы кенті) – ішкі істер қызметкері, Соц. меншікті сақтау ісінің таңдаулы қызметкері (1970). 1953 ж. Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ, 1977 ж. Қарағанды жоғ. милиция мект. заңгер мамандығы бойынша бітірді. Еңб. жолын Қу ауд. ІІ бөл-нде бухгалтер болып бастады. Тәртіп қорғау ісі курстарын бітіріп, 1960 ж. милиция офицері атанған соң, Қу ауд. соц. меншікті сақтау жедел әрекетінің аға уәкілі қызм. атқарды. 1977 ж. бұранғы Талды ауд. ІІБ-нің жедел бөл-не аға инспектор болып ауыстырылды. Тәртіп сақтау саласындағы үлгілі еңб-і үшін Б. мемл. марапаттар иеленді.

Нәзипа АСҚАР

БЕЙСЕНОВ Арман Зияденұлы (1960, Қарқаралы ауд., Ақжол а.) – археолог, тарих ғылымдарының кандидаты (1997). 1977 ж. №16 ОМ бітіріп, еңбекке араласты. 1987 ж. Қарағанды мемл. ун-інің тарих ф-іне тәмамдады. Сол ж-ы Ш.Уәлиханов атынд. тарих, археол. және этнография ин-ына (Алматы) қызм. қабылданған. 1991 ж. осы ин-тан бөлініп шыққан Ә.Марғұлан атынд. археол. ин-ында еңб. етуде. Лаборант, кіші, аға ғыл. қызм., Археол. ин-ы дир-ының ғыл. жөніндегі ор-ы қызм. атқарды. 2003 ж. бері Алғашқы қауым археол-сы бөл. меңг-сі. 1988 ж-дан топ, 2000 ж-дан эксп. жетекшісі. Ғыл. ізденістерінің бағыты – Қазақстан және далалық Еуразияның соңғы қола, ерте темір дәуірлері мәдениеттері, соның ішінде негізгі тақырыбы Орт. Қазақстан ескерткіштерімен байланысты. 200-ге жуық ғыл., ғыл.-анықтамалық мақаланың, бірнеше монографияның авторы. Еңбектері Ресей, Украина, Өзбекстан, Қырғызстан, сондай-ақ, Оңт. Корея, Германия, Қытай, Моңғолия, Румыния, АҚШ, т.б. шетел басылымдарында жарияланды. Орт. Қазақстанның тасмола мәдениетіне қарасты ұзақ уақыт бойы жинақталып келе жатқан материалдары арасында жерлеу ғұрпы, обалар құрылымы ерекшеліктеріне қарасты мүлдем жаңа деректер бар. Талды-2, т.б. патша қорымдарынан алынған соны жәдігерлер Орт. Қазақстан сақтарында металл өңдеу, зергерлік, жоғары технологиялы өнер салалары қарқынды дамығанын, оларды пәрменді көсемдер басқарғанын, яғни, сол заманда-ақ айтарлықтай биік деңгейде тұрған қоғам екендігін дәлелдеді. Қоныстарға, тас мүсіндер мен меңгірлерге байланысты материалдары, тасмола бойынша алынған көміртегілік (С14) сараптамалары тұңғыш рет толығымен жиналып, жүйеленіп отырған антропологиялық қорытындылар ғылымға жаңадан енгізіліп отырған соны, заманауи деректерге жатады. Орт. Қазақстанның Едірей, Қарақуыс өлкелеріндегі сақ дәуірі қоныстарының деректерін басшылыққа ала отырып, мұндай қоныстарды қазақ қыстауларының орналасқан жерлері арқылы іздестіру және оларды

этнографиялық мәліметтермен кеңірек салыстыра зерттеу тәсілін ұсынды. Арнайы ізденістер барысында тек Орт. Қазақстан аумағынан ерте темір дәуірінің 500-ге жуық «мұртты» обалары тіркелді. Таза арх. ізденістермен қатар, Беғазы, Саңғыру кесенелері тәрізді бұрындары қазылған айрықша көріністі ескерткіштерді ғыл. әдістермен қайтадан қалау, қалпына келтіру шараларын жүргізуде. Орт. Қазақстанда «Қызыларай – Беғазы» тарихи-мәд., табиғи қорығын ұйымдастыру, оны ашу жайлы мемл-ке ұсыныс беру бастамасына тікелей қатысуда. Қарқаралы дуаны мен уезінің тарихы бойынша мұрағат материалдарын жинақтау мен жарыққа шығару ісіне ат салысты.

Шығ.: Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні. Ұжымд. монография. Ред. Қ.Алдажұманов пен А.Бейсенов. А., 2004; История Каркаралы в документах и материалах. Сб. архивн. мат. Том 1-2. Ред. К.Алдажуманов, А.Бейсенов. А., 2008-2009; Древние поселения Центрального Казахстана. Монография. А.; 2009; Беғазы. Орталық Қазақстандағы жаңа ізденістер барысы // Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылда (1991-2011): ғылыми мақалалар жинағы. Алматы, 2011; Тасмола зерттеулері. Талды-2: Сарыарқа сақ патшаларының қорымы // Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылды (1991-2011): ғылыми мақалалар жинағы. Алматы, 2011; Төв Казахстаны төмрийн түрүү үейин суурышигчдын тасмолагийн соел //Туяа. Өлгий, 2010, 1, 81-87-р тал. (Тасмолинская культура населения Центрального Казахстана в эпоху раннего железа. Монғ. тіл.); О проектируемом государственном историко-культурном и природном заповеднике «Кызыларай-Бегазы» //Сборник материалов Международной археологической конференции «Маргулановские чтения-2011». Астана, 2011; О создании естественно-научного обоснования (ЕНО) проектируемого заповедника-музея «Кызыларай-Бегазы» // Археология и история Сарыарки. Караганда, 2012; Памятники бегазы-дандыбаевской культуры Центрального Казахстана. Монография. А., 2014; Петроглифы раннего железного века Жетысу. Монография. А., 2014; Сарыарқаның көне жәдігерлері. Кітап-альбом. А., 2014; Население Центрального Казахстана в 1 тыс. до н.э. Монография. Алматы, 2015; Поселения и могильники сакской эпохи Центрального Казахстана //Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии. Сборник научных статей, посвященный памяти археолога К. А. Акишева. Алматы, 2015; Орталық Қазақстан ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеудегі көміртегілік анықтамалар // Материалы международной научно-практической конференции «Новые методы исследования в археологии». А., 2016; Раннесакские поселения близ горы Едирей в Центральном Казахстане // Известия Самарского научного центра РАН. 2016. Т. 18. № 3; Жилище сакской эпохи. Вестник Томского Государственного Университета. История. 2017. №45;Die nekropole Taldy-2 in beziehung zu den kulturen der fruhsakishen zeit osteurasiens // Unbekanntes Kasachstan. Archaolgie im Herzen Asiens. II. Bochum, 2013 (нем. тіл.); Results of new Researdches of the Sak time in Central Kazakhstan // International academic conference on cultural exchange between Korea and Altai regions. Bundang, Korea, 2014. (ағылш. тіл.); Monuments of Tasmolakulrure of Central Kazakhstan //Ancient cultures of the nortern area of China, Mongolia and Baikalian Siberia. Huhhot. 2015.(ағылш. тіл.)

И.АХИЯРОВ, Д.ДУЙСЕНБАЙ

БЕЙСЕТАЕВ Рысбек (7.06.1944, Қу ауд., Сарытау а. кеңесі) – биолог-ғалым, биология ғыл. канд. (1987). 1966 ж. Қарағанды политехн. ин-ын бітіріп, Новосибирск мемл. ун-інде, КСРО ҒА Сібір бөл-нің аспирантурасында оқып, стажер болды (1971-81). Кейін биология ф-ін тәмамдап (1985), С.М.Торайғыров атынд. Павлодар мемл. ун-де, Қарағанды политехн. ин-ында, одан соң а. шар-нда он ж-дай қызм. атқарды. 1992-2007 жж әл-Фараби атынд. ғыл.-өндірістік бірлестікте, ҚР ДСМ ЕГжКА ҰО ғыл. қызм. болып еңб. етті. Б. – адамның ойлау және сөйлеу физиологиясы маманы. Ол физиологияда – адамның ойлау-сөйлеу, көмекейі мен тіл дыбыстарын жасау мүшелерінің қызметін; механикада – жердің жоғарғы қабатында толқынның таралуы және оның зардабынан сақтану, қатты дененің аспан әлеміндегі қозғалысы және оның жүру жолын есептеу, геомеханиканың көпсалалы мәселелерін; философияда – материализм мен логиканың тірек категорияларын, ортағ-лық қазақ дүниетанымын; тіл білімінде – фонетика мен түрік тілдерінің буындық фонологиясын, қазақ сөзі дыбыстарында пайда болатын гармония, сингармония құбылыстарының сырын; тарих ғылымында – орта ғ-лық қазақ мемл-гі мен құқығы тарихын; музыка теориясында – әнші даусының түрлі жоғарылық регистрларының табиғи физиологиялық жасалымын, дауыс тембрін, диапазонын, т.б. зерттеумен айналысады. Б. жалпы 150-ден астам ғыл. еңб. авторы.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БЕКБЕРГЕНОВ Мұқажан (т.-ө. ж-дары белгісіз) – 1953-54 жж Қу ауд. атқару к-нің төрағасы қызм. атқарды. Б-тің өмірі мен қызметіне қатысты басқа деректер табылмады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БЕКБОЛАТ Қазыбекұлы (XYII ғ. соңы – XYIII ғ.) – би. Қаздауысты Қазыбектің бәйбішесінен төрт ұл (Қазымбет, Базаргелді, Барқы, Сырымбет), тоқалынан Б. жалғыз туған. Ұлы бидің орнын басып, ел тізгінін де ұстаған осы ұлы. Бұл туралы жоңғар қонтайшысы: «Сенімен құда болғым келеді. Неше балаң бар? Сенің бес ұлың бар деп естіп едім» дегенде, Қаздауысты Қазыбек: «Елге ие болатын Бекболат—бір ұл. Қатын мен малға ие болатын басқаларын есепке алып жүрген жоқпын» деп жауап беріпті деген сөз бар. Б-тан Сексенбай, Аңдамас, Елемес, Шұңғыл, Сүлім, Ашамай (бәйбішеден), Тіленші би (Қаздауысты Қазыбекпен құда болуға ынтыққан Жоңғар қонтайшысы берген қыздан, Кішік есімді тоқалынан) тарайды. Тіленшіден Алшынбай би, оның үлкен ұлы Түсіп мырзадан Абайдың бәйбішесі Ділдә, кенжесі Бәпиден әйгілі әнші-композитор Мәди туады. Б. Абылай ханның кейбір әрекеттеріне қарсы шыққаны жөнінде деректер кездеседі. Ел аузынан жеткен бір әңгімеде Абылай хан: «Мен аспаған бір-ақ асу бар, ол—Бекболат» деген сөз айтылады. Б. өз заманында қазақ елінің ішкі һәм сыртқы саясатына ықпал жасаған тұлға. Б. әкесі ата қоныс еткен Едірейде қайтыс болып, «Келдібек балаларының қара бейтінде» жерленді деген де әңгіме бар.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БЕКЕНОВ Уәли Қалиакпарұлы (15.11.1934, Қытай, Шыңжаң өлкесі, Үрімжі ауд., Еренқабырғаның Саршоқы өңірі, Ақтерек а.) – күйші, домбырашы, өнер зерттеуші, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері (1993). Үрімжіде мұғ. гимназиясын (1951), Семей музыкалық уч-сін (1956), Алматы консерваториясын (қазіргі Қазақ ұлттық консерваториясы) бітірген (1965). 1951-52 жж Шыңжаң ән-би ансамблінде, 1952-55 жж Пекиндегі Орталық ұлттар ән-би ансамблінде өнер көрсетті. Консерваторияны бітіргенен соң, Қазақстан Оқу мин. ғыл.-әдіст. кабинетінің меңг-сі болып қызмет істей жүріп, Арқаның, Қаратау өңірінің шертпе күйлерін жинап, нотаға түсірді. 1981 ж-дан респ-лық музыка мект-нде ұстаздық етті. «Күй көтерер көңілдің көкжиегін» (1975), «Шертпе күй шеберлер!» (1977), «Өркен жайған қобыз өнері» (1980), «Күй табиғаты» (1981), «Тәттімбет. Саржайлау» (1988), «Аспаптау» (1989), т.б. кітаптары жарық көрді. Еңб-нің атауы айтып тұрғандай, Б. Арқа шертпе күй мект. негізін қалаған Тәттімбеттің өмірі мен өнері жайлы көлемді зерттеулер жүргізді. «Жеңгей сүйер», «Ерен толғау», «Күй аңсағай», «Боздағым», т.б. атты күйлері бар.

БЕККҰЛОВ Ертай (1953, Қызылорда обл., Жаңақорған ауд., Қосүйеңкі а. – журналист, ҚР Мәдениет қайраткері. 1979 ж. ҚазМУ-дың журналистика ф-ін тәмамдап, Қостанай обл. «Коммунизм таңы» газетінде тілші, бөл. меңг-сі болып, одан кейін респ. басылымдарда қызм. атқарды. «Ленинші л жас» (қазіргі «Жас Алаш») газ-де меншікті тілші міндетін атқарғанда бұрынғы Егіндібұлақ ауд. сан қилы шар-лық өмірінен материалдар жазды. «Арқалық», «Айрық» с/здарында құрылған жас шопандар бригадалары, өңірдегі тарихи қоныстар, көрікті жерлер туралы танымдық шығ-лар жариялап, респ. халқына таныстырды. Әсіресе, Едірей а-ның қазына қариялармен тілдесіп, шежіре мен сұлулық тұнып тұрған өлкенің құпиясын ашатын «Едірейдің ертегі тастары», «Қазыбек бидің шапаны» және тағы басқа бірқатар материалдар жариялады. Әйгілі Қаздауысты Қазыбек бабамыздың тікелей ұрпағы Алтын қариядан би ұрпақтарында екі жарым ғ. сақталған шапанды көріп, бұл туралы алғашқылар қатарында респ. жұртшылығына сүйінші мақала жазып, үлкен қоғамдық пікір туғызды. Б. бүгінгі таңда обл. «Оңтүстік Қазақстан» газ-де бас редактордың 1-ші ор-ы қызм. атқарады. Б. үздік шығ-лары үшін мемл. наградалармен, Журналистер одағы сыйлықтарымен марапатталып, еңб-тері кітап болып жарық көрді.

Рымбек СМАҒҰЛОВ

БЕКТАСОВ Әшімбек Жүнісбекұлы (1910, Семей губ., Қарқаралы уезі, Дегелең болысы – 1981, Алматы қ.) – Қазақстанның қоғам және саяси қайраткері. Омбы жұмысшылар ф-ін, БК(б)П ОК жанындағы Жоғ. үгітшілер мект., Талдықорған а-шар. техн-ын бітірген. 1933-35 жж – Семей обл. парт. К-інің нұсқаушысы. 1935-37 жж – Қазақ КСР КП ОК-інің нұсқаушысы. 1937-38 жж – Оңт. Қазақстан облатком төрағасының міндетін атқарушы, Арыс аупарткомының 1-хатшысы. 1938-40 жж – Қазақ КСР Егін шар-ның, 1940-42 жж – Қазақ КСР Су шар-ның халық комиссары. 1943-45 жж – Ақмола облатком төрағасының 1-ор-ы. 1945-47

жж – Қызылорда бөгеті құрылысының бастығы. 1947-48 жж – Талдықорған обл. елді мекендері бойынша егінді анықтау жөніндегі ауданаралық мемл. инспектор, 1948-49 жж – обл. шикізат дайындау бөл-нің, 1949-50 жж – мелиоративті жайылым тресі кеңсесінің бастығы. 1950-52 жж – Талдықорған обл. мал шар-н дайындау басқарушысының ор-ы. 1952-53 жж – Талдықорған обл. «Росткаучук» кеңсесінің бастығы. 1953-56 жж – «Казгипроводэлектро» бірлестігі дир-ның ор-ы. 1956-61 жж – респ. Халық шар. көрмесінің дир-ы. 1956-57 жж Қазақ КСР А. шар. мин-нің ор-ы қызм. атқарды. 1961 ж. зейнеткерлік демалыста болған. Қазақ сал-серілерінің соңғы тұяғы, әнші-композитор, азаттық сүйгіш ақын жайлы Б-тың «Мәди» атты кітабы жарық көрген (1969). 1-дәрежелі Отан соғысы орденімен және көптеген медальдармен марапатталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БЕЛГІБАЕВА Гүлбаршын Қапанқызы (9.12.1964., Егіндібұлақ а.) – педагог, пед. ғыл. кандидаты (2006), доцент (2007), Ресей Жаратылыстану Академиясының профессоры (2012). 1982 ж. Егіндібұлақ а. №2 ОМ, 1988 ж. Қазақтың мемл. қыздар пед. ин-ын «Педагогика және психология» маманд. бойынша бітірді. Еңб. жолын 1988 ж. Қарағанды қ-дағы «Звездочка» балабақш-да тәрбиеші болып бастады. 1990-96 жж Қарағанды пед. ин-ның мект. дейінгі пед. кафед-нда оқытушы, аға оқытушы болып еңбек етті. 1996 ж-дан акад. Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-нің пед. және психол. (кейін мект. дейінгі және психол.-пед-лық даярлық) кафед-нда аға оқытушы, доцент болып жұмыс атқаруда. 2003-06 жж ф-тің деканының тәрб. жұм. жөніндегі ор-ры, 2009-12 жж мект. дейінгі және психол.-пед-лық даярлық кафед-ның меңг. қызм. атқарды. 2006 ж. «Болашақ мамандарды мектеп жасына дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруге даярлау» тақырыбында канд. диссертация қорғады. Б. БжҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері (2011), акад. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың дәстүрлі, доцент Т.Қ.Қамзабаев атынд. сыйлығының лауреаты (2011), Ресей Жаратылыстану Академиясы «Ғылым мен білім беру ісінің еңбегі сіңген қайраткері» (2015). Б. БжҒМ-нің оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік құралдар сараптамасының нәтижелерін қарастыру және сынақтан өткізу жөніндегі комисс., бірнеше мемл. аттестаттау комисс. мүшесі. Б. 200-ден астам ғыл. және оқу-әдіст. еңб-тің, оның ішінде 3 монографияның, 6 оқу құралының, 9 әдіст. нұсқаудың, 12 электронды оқулықтың (патенттелген), 20 астам оқу-әдіст. кешеннің, 6 арнайы авторлық курстың, 30 астам электронды курс дәрістің, 20 астам мультимедиялық презентацияның, 8 пед. тәжірибе бағдарламасының авторы. Б-ның еңб-тері БжҒМ Ғыл. мен білім беру саласындағы бақылау к-і ұсынған жинақтарда, жақын және алыс шетелдік мерзімді басылымдарда (Англия, АҚШ, Ресей, Чехия, Польша), ғыл.-тәжірибелік халықар. конференция материалдарында (Чехия, Польша, Болгария, Түркия, Ресей, Қырғызстан және т.б.) жарық көрген. Б-ның жетекшілігімен 12 магистрлік диссертация қорғалды, ол кафед. меңг-сі міндетін атқарғанда «Заманауи білім» ғыл. жинағын құрастырып, шығара бастады. Журнал әлі де жарық көруде.

БЕЛГІБАЕВ Жәпен Молдақашұлы (1.04.1944, РФ, Буратия, Улан-Удэ қ.) – тау-кен инж-і, ҚР Журналистер одағының мүшесі (2006). 1962 ж. Егіндібұлақ а. №1 ОМ, 1968 ж. Қазақ политехн. ин-ын (Алматы) тәмамдаған соң Абай қ-дағы №6/7 (кейінгі Абай атынд.) шахтада уч-ке баст-ның ор-ы, смена шебері, кәсіподақ к-інің төрағасы лауазымында қызм. атқарды. 1980-92 жж Егіндібұлақ ауд. Абай атынд. с/з кәсіподақ ұйымының төрағасы, ауд. «Ленин туы» газетінің бөл. меңг-сі, №2 ОМ-те еңб. пәні мұғ-і болды. 1992-92 жж өзі еңб. жолын бастаған Абай шахтасында ауысым бастығы міндетін атқарған Б. зейнеткерлікке шыққан соң, 1997-2012 жж Қарағанды қ-сындағы мекемелердің күзет жүйесінде еңб. етті. Қоғ-ның әлеум. мәселелерін көтерген жарияланымдары обл., респ. баспасөз беттерінде жарық көруде.

БЕЛГІБАЕВ Қайырбек (2.03.1925, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты, білім беру саласының ардагері. 1943 ж. дейін Қу ауд. орт-дағы ОМ-те оқып, 1943 ж. бастап Моңғолия мен Манчжурия шекарасы күзетінде тұрып, 1945 ж. Жапонияға қарсы соғ. қатысты. Елге оралған соң 2 ж. к/зда жұм. істеп, 1950 ж. Қарағанды пед. уч-сін тәмамдап, баст. сынып мұғ. мамандығын алып шықты. 1953 ж. дейін Мыржық а.

кеңесіне қарасты Қоянды баст. мект-де мұғ. болды. 1953-57 жж Сартау а. кеңесінің Алғабас ОМ-де физика-матем. пәндерінен сабақ берген. 1955 ж. Қарағанды мұғ. ин-ының физика-матем. ф-ін бітірді. 1957-58 оқу ж-ында Шөптікөл орталау мект-інде, 1958-59 оқу ж-ында Арқалық ОМ-інде мұғ. қызм. атқарды. 1959-92 жж Егіндібұлақ а-дағы №1 қазақ ОМ-інде физика-матем., еңб. пәндерінен сабақ берді. Б. көптеген наградалармен марапатталған.

БЕЛГІБАЕВ Қапан Молдақашұлы (11.11.1923, Қарқаралы уезі, Едірей бол., 4-ші а. – 3.01.1965, Егіндібұлақ а.) – авт. жүргізуші, механик, еңб. ардагері. Балалық шағы аштық нәубетіне дөп келген Б. ата-анасымен бірге Сібірдегі Чита, Улан-Удэ өңірлеріне кетуге мәжбүр болды. Сол жақта орта білім алып, техн. тілін меңгерген ол 1939 ж. қорғаныс құрал-жабдығын шығаратын зауытқа жұм. тұрады. ҰОС майданына алынбай, тылда еңб. еткен Б. 1951 ж. туған еліне оралып, Қоянды МТС-ында механизатор, 1954 ж. ашылған Арқалық МТС-ында автомоб. жүргізуші жұм-ын істеді. 1959 ж. ашылған Қу автобазасының негізін қалаушылардың бірі мұнда жүргізуші, гараж меңгерушісі міндетін атқарды. Б. еңбекте дербес жоғ. табысқа қол жеткізумен бірге, жастардан автомоб. жүргізуші мамандар даярлап, тәлімгер-ұстаз парызын атқарды. Оның есімі Қу – Балқантау өңірінде әлі күнге құрметпен айтылады.

БЕРКАМАЛОВ Нұртаза Рақымбекұлы **(**06.11.1936, Қарағанды қ. – 09.06.2007, Ботақара к.) – комсомол, партия, кеңес, шар. қызметкері. Қазақ мемл. а. шар. ин-ын және СОКП ОК жанындағы Жоғары партия мект. (Мәскеу) бітірген. Еңб. жолын 1959 ж. Тельман ауд. Чапаев атынд. с/зда слесарьлықтан бастады. Бұдан соң ауд. комсомол к-інің 2-ші хатшылығына сайланып, 1961-65 жж Қарағанды обл. комсомол к-і аппаратында қызм. істеді, Қарқаралы өндірістік комсомол к-нің хатшысы, обл. комсомол к-інің бюро мүшесі болды. 1965-77 жж Егіндібұлақ ауд. партия к-інің бөл. меңг-сі жіберілді, ауд. халықтық бақылау к-інің төрағасы, ауатком төрағасы қызм. атқарды. 1977 ж. бастап Қарағанды обл. партия к-і а. шар. бөл. меңг-сінің ор-ы, жеміс-көкөніс шар. обл. агроөнеркәсіп бірлестігі бастығының 1-ші ор-ы, обком жанындағы парткомиссия мүшесі болды. 1986-95 жж Ульянов (кейін Бұқар жырау) ауд. агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы, ауатком төрағасының ор-ы, экология және биоресурстар ауд. басқ-ның бастығы қызм. жасады. Зейнеткерлікке шыққан соң да қоғ. өмірінен шеттемей, 1996-99 жж Бұқар жырау ауд. ардагерлер ұйымы кеңесінің төрағасы, 1999 ж-дан «Отан» партиясы ауд. филиалының атқарушы дир-ы, Бұқар жырау ауд. мүгедектер ұйымының төрағасы міндетін атқарды. Б. Халықтар достығы, «Құрмет белгісі» ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған. 1960-86 жж бірнеше мәрте обл. және ауд. Кеңеске депутат болып сайланды. Б. – Бұқар жырау ауд-ның Құрметті азаматы болды.

БЕРТІС (Бердібек) Шаншарұлы (1633-1707) – би. Шаншардың Нұрбике деген әйелінен туатын төрт бектің (Тұрлыбек, Бердібек (Б.), Тілеубек (Тілеуке), Ақылбек) бірі. Есімхан, Салқам Жәңгір, әз Тәуке хандар заманында ел билігіне араласқан дала шонжарларының қатарынан. Айбынды батыр, айыр көмей, жез таңдай шешен, төкпе ақын, қу тақтайға тіл бітірген күйші болған. Ел аузындағы әңгіме бойынша, біраз ж. Ташкентте әмір жүргізген. XVII ғ-да шиеленіскен қазақ-жоңғар соғысының шайқастарында ерлігі мен тапқырлығы арқасында даңқы шыққан. Б. – Қаздауысты Қазыбектің тәлім алған ұстаздарының бірі. Бірақ, немере інісі ел ісіне араласқан кезде біраз уақыт бас араздығы болып, кейінірек Б. туысымен қайта табысқан. Бөркіне қауырсын қадап, сән-салтанаты келісіп жүргендіктен «Қарқаралы хан Бертіс» атаныпты деген сөз бар. Ұлы күйші Тәттімбет Б-тің шөпшегі. Б. сондай-ақ, Еспембет, Бектемір, Мөшеке, Қантай, Тонтай сияқты би-шешендердің, хакім Абайдың анасы Ұлжанның арғы атасы. Қу – Балқантау өңірінде тау жотасы, Мыржықтың ішіндегі бұлақ оның есімімен аталады. Тәттімбет баба рухының құрметіне «Бертіс» деген күй шығарған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БЕСІК – нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Бесікті Орт. Азия мен Кавказ, Үндістан мен Қытай аумағын мекендейтін халықтардың басым көпшілігі пайдаланады. Б. тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүріне ыңғайланып, әр түрлі үлгіде жасалады. Б. көшпелі өмір сүрген қазақ халқы арасына ертеден тараған. Қазақ бесікті қарағай мен қайыңнан, көбіне талдан иіп

жасайды. Мұндай Б. жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Б. баланың тазалығына өте қолайлы, өйткені, арнайы орнатылатын түбек пен шүмек бала дәретін бойына тигізбейді. Түбектің түбіне күл салып, жиі-жиі ауыстырып отырады. Шүмекті қойдың асық жілігінен жасайды, кейде айрықша аппақ болуы үшін сүтке қайнатып алады. Б-тегі баланың аяғы, кеудесі қатты байланатындықтан, ол қан айналу жүйесіне кері әсер етеді. Сондықтан, баланы жиі босатып, қол-аяғын қозғап, арнайы жаттығулар жасайды. Б-пен қоса құс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізебау, тізе жастық, Б. көрпе даярланады. Оның жер Б., аспалы Б. (әлпеншек) деген екі түрі кездеседі. Қазақта Б. қасиетті, киелі, құтты мүлік болып есептеледі. Баланы Б-ке салу – халқымыздың ежелден келе жатқан тамаша дәстүрлерінің бірі. Шілдеқанының соңында туған-туыс, көрші-қолаңның қатын-қалашы жиналып, арасындағы жасы, жолы үлкен, өсіп-өнген әулеттің қадірлі анасына бесікке салу рәсімін жасатып, бірнеше жас келіншек оған жәрдемдеседі. Рәсім соңында оны орындаған әйелдерге сый-сияпат жасалады. Нәрестені Б-ке бөлеу үшін төмендегідей жасау-жабдықтар қажет: Ши – Б. шабақтарының үстіне төселетін, шиден тоқылған төсеніш. Түбек бекітілетін тұсында арнайы ойығы болады; Жөргек - жұқа, талдырып басылған киіз төсеніш. Оны кейде қаузау деп те атайды (қаузау киіз); Құс төсек - жөргектің үстіне төселетін, арасына құс мамығы салынып қабылған жұмсақ төсеніш. Оның да түбек түсетін тұсында ойығы болады; Жастық – Б-тің енімен сәйкес келетін, арасына құс мамығы толтырылған кішкене жастық; Көрпе – баланы суықтан қорғайтын жабдық. Жай матадан әзірленген көрпені жаздыгүні, ал арасына мақта салып қабылған көрпені қыстыгүні қолданады; Кепіл – нәрестенің жамбас тұсына, тізесіне кепіл ретінде қойылатын, арнайы тігілген бірнеше кішкене жастықша. Олар түбек орналасқан ойықтың төңірегіне төселеді; Тартпа бау – тартпа баулар (кейде таңғыш, қол бау, тізе бау деп те атай береді) құр тәрізді биязы жіптен тоқылады, немесе екі-үш қабат матаны сырып, ызылған баулар әзірлейді. Тартпаның біреуі бөленген, құндақталған нәрестенің көкірек тұсынан, екіншісі тізенің үстінен түседі. Тартпа баудың ұштары бесіктің екі жағындағы сабау ағаштарға таңылады. Түбек – теріден, көннен, күйдірілген саз балшықтан немесе мыс, жез қаңылтырдан әзірленетін, баланың дәреті жиналатын жабдық. Қыстыгүні сыртына киіз, қайыс немесе былғарыдан тігілген қап кигізіп қояды. Түбектің түбіне сәл күл сеуіп қолданады; Шүмек –ағаштан, көбінесе сүйектен әзірленетін, зәр денеге тимеуі үшін пайдаланатын құрал. Ұл баланың шүмегін асықты жіліктің асық тұрған басынан ойық ойып әзірлейді. Екінші басын шорт кесіп тастап, қырларын егеп, жұмырлап қояды. Қыз бала шүмегінің ойығы ұлдікіне қарағанда сәл сопақтау болады. Кейде ескі, көп ұсталып майсіңді болған уықтың қарын (иінін) үңгіп жасайды. Шүмек баланың денесіне баптау үшін қырларын тегістеп жылтыратып, зәрді сорып алмауы үшін майға қайнатып алады. Жабу – Б-тің көлеміне сай, жұқа матадан тігілген, кестеленген арнаулы жапқыш. Ол Б-ке бөленген нәрестені маса-шыбыннан, желден, шаң-тозаңнан, күн көзінен, суықтан қорғайды.

БИ – қазақ тілінде бұл сөздің екі түрлі мағынасы бар: 1) дәстүрлі қазақ қоғамының саяси-әлеум. жүйесіндегі демократ. билік иесі. Зерттеушілердің, әсіресе, В.В.Бартольдтың пікірінше, «би» сөзі шамамен 14-15 ғғ ежелгі түрік тіліндегі «бек» атауының бір нұсқасы ретінде пайда болып, басқарушы, ел билеуші мағынасын білдірген. Кейін бастапқы семант.-тілдік реңкінен ажырап, көбінесе, дау-жанжалды шешіп, кесімді төрелік айтушы, үкім шығарушы адамды бейнелеу үшін қолданылған. 17 ғ. өмір сүрген Махмұт ибн Уәлидің «Бахр әл-асрар фи манақиб әл-ахйар» атты еңбегінде «жоғарғы мәртебелі әмірлер мен елге сыйлы, пендәуи тірліктен азат адамдардың» бәрі Б. аталғанын жазады. Қазақ халқының дәстүрлі түсінігінде бұл атау төрт түрлі мағынада: 1) ел билеушісі, иелік етуші; 2) сот, төреші; 3) батагөй, шешен; 4) бітістіруші дипломат, елші ретінде ұғынылған. Б-дің қоғамдағы рөлін жан-жақты түсіну үшін қазақ халқының тарихи-әлеум. даму кезеңдерінің ерекшелігін қатаң ескеру шарт. Өйткені, ежелгі дәуірлерден 19 ғ. басына дейін қазақ қоғамы саяси потестарлы билік жүйесі негізінде дамығаны белгілі. Ең төменгі (бұқаралық) билікті ауыл-аймаққа, ру-тайпа ішіне сыйлы, өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдар атқарса, орта буындағы, яки, потестарлы билік тізгінін ру-тайпа басылары – билер уысына ұстады. Мемл. және мемлекетар. деңгейдегі мәселелерді қамтитын жоғары билікті төре тұқымы – хандар мен

сұлтандар иеленген. Міне, күллі қазақ қоғ-ның елдік тұтастығы соңғы екі билік жүйесінің өзара тепе-теңдігі мен қарама-қарсылығы принциптеріне негізделді. Әлеум. құрылымға арқау болған рулық-тайпалық жүйенің өзі айқын қандас туыстардың ұйымы емес, саяси-әскери және шар. қауымдастық қызм. ғана атқарды. Сондықтан, қоғам болмысындағы рулық негіз мемл. ин-тардың нығайып, жеке-дара үстемдік құруына қай кезде де мүдделі болған емес. Халықтың қалың бұқарасына жақын әрі оның тікелей қолдауына арқа сүйеген потестарлы билік иелері, яки ру-тайпа басылары – Б-лер мен батырлар хан-сұлтандардың билігін белгілі бір дәрежеде шектеп отырды. Сол арқылы олар өздерінің әлеум.-саяси статусын нығайтып, абырой-беделге кенелді. Әйтсе де, ерекше әлеум. жік ретінде Б-лерді тарих сахнасына шығарған рулық құрылым өзіне субэтникалық-әлеум. топтарды тарта отырып, қоғамды ұйымдастырушы, мемл. нышандарын нығайтушы қызм. атқарды. Мұрагерлік салтымен дала жұртын ғғ бойы билеген Шыңғыс хан ұрпақтары – төрелер тұқымы хандық биліктің бұлжымауы үшін Б-лердің әкімш., әлеум.-саяси және мәдени рөлімен санасуға тиіс болды. Мысалы, ортағ-лық жәдігер – «Нұсратнаменің» авторы: «Әбілхайыр хан өлген соң оның ұлы Шейх Хайдар хан болды. Оның заманында ұлы бек-билердің абыройы мен атағын һәм олардың мархабалы ру-ұлыстарын құрметтеу тәмамдалды да, содан ханның құдіреті күн санап кеми берді» деп жазады. Хандық билік жүйесінде Б-дің ерекше беделді тұлға болғандығын айғақтайтын жазба деректер де, ауыз әдеб. нұсқалары да жетерлік. Қазақтың алғашқы заңгерлерінің бірі Д.Сұлтанғазин «Бұрынғы замандағы қазақтардың билік қылуы» атты мақаласында: “... бағзы билер болыпты, бек білімді, атақты һәм ақылды, әділетті, көпті көрген және іс бітіргенде әдет рәсімдерін тегіс біліп, әр жұмысты қара қылды қақ жарып орнына келтіреді екен..., һәм солардың бітірген жұмыстарын ұлы хандары да әрқашан бұзбайды екен... Сондай билер турасында қазақтың мақалы да бар. Батыр мен биді салыстырғанда, биді қатты артық көретінін білдіретін сол мақалы мынау: «Батыр деген бір барақ ит, екі қатынның бірі табатын, би деген бір ақсарағат, бүтін елден біреуі ғана табатын» дейді («Дала уәлаяты» газеті, 1888, №51). Б-дің батыр, бай, т.б. әлеум. жіктерден ерекше құрметтелуінің бірнеше тарихи себебі бар. Біріншіден, Б. мемл. басқару жүйесінде кейбір айрықша құқылар иеленді: «Жеті Жарғы» қағидаларына сай өзіне бағынышты ру-тайпа шегінде сот және әкімшілік билік (ханмен қатар) жүргізді. Сот төрелігін жүзеге асыратын болғандықтан, Б. халықтың әдет-ғұрпын, салт-рәсімін, жол-жосығын жатқа білуге, дауласқанға әділдікпен жөн сілтеп, адасқанға даналықпен жол көрсетуге, әсіресе, «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген құқықтық-гуманистік принциптен айнымауға тиіс еді. Сонымен қатар Б. ру-тайпа басшысы ретінде әкімш. қызметті де қоса атқарып, өз қауымының тұрм.-тіршілігін қадағалап, тәртіп-талабына жауапты болды. Осылай ол ханның халық арасындағы сенімді тірегіне айналып, саяси беделі иеленді, сұлтандармен тең құқылы дәрежеде мемл. мәселелерді талқылауға қатысты. Ел ішіне біліктілігімен, қара қылды қақ жаратын әділдігімен, тура жолдан таймайтын адалдығымен даңқы тараған Төле би, Қаздауысты Қазыбек би, Әйтеке би, т.б. саңлақтар хан жанындағы билер кеңесі құрамына енді. Олар нақты тарихи-әлеум. ахуалға қатысты жол-жоба белгілеп, заңдық жосындар қабылдады, мәні ескіріп, маңызы кеміген қағидаларды елдік мүдде тұрғысынан қайта қарап, жаңасын қолданысқа енгізіп отырды. Тіпті, ханның ішкі және сыртқы саясатына, әскери доктринасына тікелей ықпал етіп, өзгерістер енгізе алған. Мәселен, 1695 ж. Қазақ Ордасында болған орыс елшілері Ф.Скибин мен М.Трошин «Тәуке хан Қазақ Ордасының таңдаулы адамдарын өзіне шақырып алды да, біздің — Федка мен Матюшкенің — көзімізше, әлгілерден мына бізді ұстап қала ма, әлде жібере ме, Русь қалалары мен слободкаларына соғыс ашып бара ма, әлде бейбіт тұра бере ме, соны сұрап алды” деп жазады. Үшіншіден, ел тағдыры сынға түскен жаугершілік заманда Б-лер батыр-баһадүрлермен қатар атқа қонып, қарамағындағы тайпаластарынан жасақ құрып, мемл. тұтастығын, ұрпақтар азаттығын қорғауға ұйытқы болып, қолбасшы қызметін атқарған. Төртіншіден, би – дипломат, елші. Ел бірлігіне, ұлт тұтастығына нұқсан келтірер ағайын араздығын басып, руаралық дау-жанжалдарды бітістірумен шектелмей, қазақ ұлысының көрші мемл-термен қарым-қатынас жасап, әр түрлі байланыс орнату ісінде ханға

көмекші әрі кеңесші қызметін атқарды. Мысалы, Абылай сұлтан 1743 ж. жоңғар басқыншыларының қолына түскенде Қаздауысты Қазыбек би Ресейдің секунд-майоры Миллер экспедициясы құрамында елшілікке барған. Қалдан Серен қазақ еліне қадірі асқан Б-дің «Біз, қазақ, мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз, басымыздан құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз, достықты сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз» деп тайсалмай талап қойған соң сұлтан басына азаттық береді. Бесіншіден, Б. атағы мұрагерлік заңымен берілетін лауазым емес. Көшпелілер мәдениетінің ерекше қыры – шешенік өнерді меңгермей, тек әдет жосындарын жетік біліп, тек әділет принципін ұстану арқылы Б. атану, ел сенімін иелену мүмкін болмады. Халық арасында ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп, жалғыз ғана уәжбен дау шешкен ділмардың аты ардақталып, төрелік істері үлгі-өнеге тұтылған. Әйтсе де, қазақ тарихында атадан балаға билік тізгінін жалғап, бірнеше ұрпағы ел ішінде Б. атанған әулеттер өткен. Айрықша қасиет дарып, абырой қонған әулет билігін халық шынжырқатар деп атаған. Шаншар – Келдібек – Қаздауысты Қазыбек – Бекболат – Тіленші – Алшынбай Б-лер осының нақты мысалы. Б-дің әлеуметтік-саяси статусы қазақ ұлысы тарихындағы әр қилы өтпелі кезеңдерге, алмағайып уақиғаларға байланысты өзгеріп отырды. Әсіресе, орталықтандырылған хандық биліктің пәрменін нығайтуды талап ететін әскери-жорық кезінде плебисцитарлық, яки халықтық демократияның классикалық үлгісі ретіндегі Б-дің төрелік ету, әкімшілік басқару рөлі төмендеген. Шыңғыс ханның, сондай-ақ, хандық билікті қалпына келтіру үшін күрескен Кенесары хан тұсында Б-лер өкілеттілігін шектеп, сұлтандар мен қол бастаған батырларға басымдылық берілген. Ресейдің отаршылдық пиғылмен жүргізген құқықтық-әкімшілік реформалары қазақ даласындағы дәстүрлі саяси құрылымды түбірінен өзгертті. 1822 ж. реформадан кейін хандық билік жүйесі күйреді. Ал Б-лер ин-ы 19 ғ. аяғына дейін формальді түрде өмір сүрді. 1854 ж. бастап Б. атағын сұлтандар мен ауыл ақсақалдары қоғамдық сайлау арқылы, округ басшыларының бекітуімен алды. 1868 ж. 21 қазандағы «Далалық облыстарды басқару туралы ереже» бойынша, Б. атағы уақытша, тек қызметтік лауазымды атқару барысында ғана берілді. Ресейдің қазақ даласын отарлау саясатын түбегейлі жүзеге асырған құжат – 1891 ж. 25 наурыздағы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже» дәстүрлі потестарлы билік жүйесін толық істен шығарып, Б. лауазымын жойды. Кеңес үкіметі демократияның кепілі Б. атауының өзінен безе қашып, Б. ұрпақтарын саяси қуғын-сүргінге салды. Тәуелсіздік алып, дербес даму жолына түскен Қазақстан жұртшылығы замана талабына сай мемл. жүйе мен саяси құрылым қалыптастыру үшін дәстүрлі құқықтық мәд-тің демокр.-гуманистік принциптерге құрылған Б-лер төрелігі тәрізді жекелеген ин-тарын қайта жаңғырту қажеттігін жақтады. Елдің сот жүйесінде Б-лер ин-ын қалпына келтіріп, оған жергілікті заң бұзушылық көріністеріне, неке дауы, отбасы, ағайын-туыс араздығы, т.б. кикілжіндерді шешу қызметін беру туралы ұсыныстар жасалды (1999). 2) – саз ырғағымен түрлі қозғалыстар жасап орындалатын, көңіл-күйге негізделе көрсетілетін, адам денесінің әуен ырғағына негізделген түрлі қимылдары жүйелі түрде ауысып келуі арқылы көркем образдармен айшықтала бейнеленетін, кеңістік – уақыт ауқымы көне заман наным-сенімінен бастау алатын өнер түрі. Би ишаралық бейнелеулер арқылы әсерлі көңіл-күйді көрсететін, еңб. үрдістері бейнеленетін халықтық шығ. өнер түрі. Ілкі билер ғұрыпт.-мифологиялық мәні мен магиялық қызметі бар салттық әрекеттердің құрамдас бөлігі еді. Жиын-той кезінде көңіл көтеру формасына айналған, әуен ырғағына негізделетін жекелеген және топтық Б-лер адамдар арасындағы қарым-қатынастың жаңа бір қырын ашады. Халықтың ұлттық ерекшелігіне орай Б. өнерінің көркемдік бейнелеу құралдары мен мазмұны да әртүрлі болады. Музыкалық ырғақ адамның әрқилы сезім-күйін білдіріп, дененің икемді әрі жүйелі қозғалысын қалыптастырып, Б. негізі қалануына ықпал етті. Музыка немесе ән Б-дің ырғағын, көлемін айқындады. Осы кезден бастап адам сезімінің ырғақты көрсеткіші болатын көңіл көтерудің негізі болған нағыз Б. қалыптасты. Заманның ыңғайына, қоғамның қалпына қарай қалыптасатын көзқарастарға байланысты кезінде Б. өнері де өнердің басқа салалары тәрізді дін тарапынан «жын- шайтан ісі» деген негізбен

қудалауға түскен. Әр Б-дің шығу төркінін, тарихын бағзы кезеңнен жеткен аңыз-әпсаналардан байқап білуге болады. Арқадағы шертпе күй мект-нің негізін қалаған Тәттімбеттің ұстазы, немере ағасы Әлі домбыра шерткенде суат басындағы жылқылар билейді екен дейді ел әңгімелері. Ұлы күйшінің «Сылқылдақ», «Былқылдақ», т.б. шығ-лары Б-ге лайықталып тартылғандай әсер етеді. 1920 ж. бас кезінде Қоянды жәрмеңкесінде сайқымазақ Зәрубай қоян сияқты киініп, үстелде тұрған кеселердің ешқайсына қол-аяғын тигізбестен қоян сияқты секіріп, шоқырақтап бір сағат бойы күрделі қимылдар жасап билеп өнер көрсеткен екен.

БИДАЙ (лат. ***Triticum***) – астық тұқымдасының дәнді дақылдар тобына жататын көбінесе біржылдық шөптесін өсімдік. Қазақ даласында 6 түрі (Еділ Б-ы, Польша Б-ы, көже Б., жұмсақ Б., көбен Б.) өседі, жабайы түрлері сирек кездеседі. Дәнді-дақылдар ішіндегі ең басты және ең көп өндірілетіні. Биіктігі 40-130 см, тамыр жүйесі – шашақты, тарамданған. Сабағы қуыс, жұмыр, жапырағы таспа тәрізді, сағағы сабағын орай орналасқан. Гүл шоғыры – күрделі масақ, оның қынабында 2 масақша қабыршағынан тұратын масақтар орналасқан, ал олардың аралығында 3-5 гүлі болады. Масақтың пішіні ұршық тәрізді, түсі ақ, қызғылт, кейде қара, ішінде қылтанағы болады. Тұқымы – ұзына бойына тартылған сызығы бар, беті жылтыр дән. Масақ қылтығына, түсі мен масақша қабыршағының түк басуына, қылтықтары мен дәндерінің түсіне, т.б. байланысты Б. түрлері түршелерге бөлінеді, ал әрбір түрше сұрыптардан тұрады. Қазақстанда негізінен жұмсақ және қатты Б. өсіріледі. Б-дың 20-ға жуық жабайы және мәдени түрі белгілі. Бір гектардан 30-40 центнер өнім береді. Б. сұрыптары құрамындағы эндосперманың (80-84%) мөлшеріне байланысты бағаланады. Б. б. з. б. 6000-5000 жж ежелгі Грекияда өсіріле бастаған. Мысыр мен Қытайда б. з. 4000 ж. бұрын Б-дан тағамдар жасаған. Адамдар Б-ды тағам ретінде ғана емес, емдік қасиеттері үшін де ерте заманнан бағалаған. Сұрпына қарай Б. құрамындағы крахмал мен көмірсулар мөлшері 50-70%-ға дейін, ақуыздар 10-20%-ға дейін жетеді. Сондай-ақ, өсімдік майлары, дәрумендер (B1, B2, B6, C, E, PP), минералдар (калий, кальций, магний, фосфор, т.б.), өзектер, пектинді заттар, сонымен қатар белсенді ферменттер бар. Б-дың дәніне қарағанда, қабығы мен ұрығында Е дәрумені, антиоксиданттар, В тобындағы дәрумендер өте көп болады. Жұмсақ Б-дың (triticum aestivum) масағы да жұмсақ, дәні жұмыр әрі жылтыр, сабағы қуыс. Оның ұнынан көбіне нан пісіріледі, ол нәрлі және жоғары сапалы. Жұмсақ Б. Қазақстанда егіс көлемінің негізгі бөлігін алып жатыр. Табиғаттың әр түрлі жағдайына ыңғайлы, өсу қабілеті жоғары болғандықтан көп аймақта өсіріледі. Б. дәнінен жарма, ұнынан нан, макарон, кеспе жасайды, кондитер өнеркәсібінде кең пайдаланады. Қазақстанның Бат., Орт., Шығ. өңірлерінде өсетін жұмсақ Б№ өте құнды. Қатты Б-дың (*triticum durum*) дәні ірі, сопақша, жылтыр. Оның дәнінде 24% ақуыз бар, ұнының сапасы жақсы, одан кеспе және макарон жасайды, бірақ жұмсақ Б-ға қарағанда наны онша көтерілмейді. Қазақстанның климаты қуаң жерлерінде өсетін қатты Б. ұнының сапасы өте жоғары болады. Тарихи деректерде қазіргі Егіндібұлақ а. орнында 1826 ж. Кәрішал Тұрсынов есімді адам бидай егіп, диқаншылықпен айналысқаны жайлы айтылады. Кеңес дәуірінде Қу – Балқантау өңірі алқаптарында Б-дың қатты сұрыптары өсірілді.

БИДАЙЫҚ (лат. ***Agropyron***) – асты тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдік. Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Оның 44 түрі бар. Оның ішінде тарбағатайлық Б. (agropyron tarbagataicum) – эндемик. Бұлардың тамыр сабақтары ұзын, жер астында 2 м-ге дейін көлбей өседі. Сабағы тік, оған кезектесіп орналасқан жапырақтары жіңішке таспа тәрізді, гүлінің сыртын мөлдір немесе жасыл гүл қабыршағы, ал оның төменгі жағын 2 жасыл масақша қабыршақ қоршап тұрады. Жел арқылы тозаңданады. Жеміс қабының қауызы тұқымға жабысып, тұтасып кеткен. Дәні бір тұқымды – дәнек. Б-тың ең көп тараған түрлері: құмеркек Б-ы (agropyron fragile) және жолеркек Б-ы (agropyron desertorum). Олардың биіктігі 25-100 см. Жатаған тамырлы, сабағы тік, төменгі жағы иіліп келеді. Жапырағы жіңішке таспа тәрізді, түксіз. Гүлшоғыры – масақ, ұзындығы 3-7 см, ені 5-9 см; масақшасы 3-7 гүлді. Маусым-шілде айларында гүлдейді. Бұлар — құнарлы мал азығы. Гектарынан 6-8 ц пішен жинауға болады. Жатаған Б. (agropyron repens) жатаған тамырлы, су жайылған жерде

өседі. Ол – зиянды арамшөп, бірақ мал жақсы жейді. 100 кг пішенінде 52 азық өлшемі, 7 кг сіңімді протеин бар. Гектарынан 25-35 ц пішен жинауға болады.

БИЛЕР КЕҢЕСІ – дәстүрлі қазақ қоғамында өкілетті негізде қызмет атқарған ең жоғарғы кеңесші орган. Б. к. ж-дың бір мезгілінде, әдетте, ел жайлауға көшкен соң өткізілген. Көбінесе, Сайрам маңындағы Мәртөбеге, Сырдариядағы Күлтөбеге не Түркістан жанындағы Битөбеге шақырылған. Оған хан, сұлтандар, үш жүздің елге сыйлы, «қара қылды қақ жаратын» әділдігімен даңқы шыққан билері, батырлары қатысқан. Осындай кеңестің бірінде «қырық рудың өкілі» – қырық би қазіргі Сырдария обл. (Өзбекстан) Ангрен өз. сол жағасындағы «Ханабат» (Күлтөбе) деген жердегі Тәуке хан (1680-1718) ордасына жиналып, қазақ халқының заң кодексі – «Жеті Жарғыны» қабылдаған. Рулық алауыздықты жойып, қазақ ұлтын біріктіру, мемл. тәртіпті нығайту мұратын көздеген Тәуке хан ел ішінде беделді билерге сүйене билік жүргізді. Ұлттық тұтастыққа іріткі саларлық ірі жанжалдар – руаралық «жер дауы, жесір дауы» өршігенде, ел шетіне жау тиіп, соғыс қаупі төнгенде, көрші елдермен байланыс жасап, түрлі қарым-қатынас орнатар шақта Б. к. шақырылып, негізгі мәселелер бұқара өкілдері – билермен ақылдаса отырып шешілген. Б. к-нің шешімдерін ешкім бұза алмаған, хан да, қара да оны орындауға міндетті болды. Тәуке хан қалыптастырған осы демокр.-құқықтық қағиданы қазақ даласын билеген кейінгі хандар да қатаң ұстанған. Б. к-нің шешімдері хан беделінен жоғары қойылғанымен, орталықтандырылған билік пен басқару ісіне қайшы келмеген. Ханның ұсынуымен мемл. маңызы бар мәселелер талқыланған кезде «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген моральдік принципке сүйенген. Қара бастың, ағайын-туыс пен аталастың намысын қорғап, ру мүддесін ұлт мұратынан жоғары қоятын қылығы байқалған би ел сенімінен, хан құрметінен айырылды. Әділетсіздікпен, пайдакүнемдікпен былғанған адамдар Б. к-не шақырылмаған. Тәуке хан тұсында Б. к-не Ұлы жүзден үйсін Төле би Әлібекұлы, Орта жүзден арғын Қаздауысты Қазыбек, Кіші жүзден алшын Әйтеке би қатысқан. Сондай-ақ, Едіге би, Тайкелтір би, Байдалы би, Шақшақ Жәнібек (би әрі батыр), Шеген би, Сасық би, Сәмеке би, т.б. Б. к-нің көрнекті өкілдері болды.

БИЛЕР САЙЫСЫ – билердің дау-дамай мен билік үстінде айтатын ұтқыр сөздері. Б. с. терминін алғаш рет М.Әуезов «Әдебиет тарихы» зерттеу еңбектерінде (1927) қолданып, ғылыми айналымға енгізді. Ғалым Б. с-ның шығу төркіні мен таралуын айта отырып, оны төрт түрге жіктейді:1) дау мен билікті қоса айтқан Б. с. Бұған Қаздауысты Қазыбектің қалмақ еліне елшілікке барғандағы «Біз, қазақ деген, мал баққан елміз» деп басталатын толғауын жатқызуға болады; 2) билердің әділ билікке таласып айтқан сөздері. Бұған Қаздауысты Қазыбек, Төле және Әйтеке билердің төбе би болу үшін тартысқан дауларын жатқызуға болады; 3) жұмбақпен, тұспалмен айтылған Б. с. Мұның мысалы үш ұлы бидің орыс патшалығымен соғыспау мәселесін шешкен сөз қақтығысы; 4) жамандап немесе мақтап айтатын Б. с. Бұқар жыраудың Абылай ханға арнауы осының үлгісі деуге болады. Б. с. кезінде билікке түсуші екі жақтың бірдей сөз сайысуы шарт емес, билік кейде бір жақтан ғана айтылады.

БЛАГОДАТ-СТЕФАНОВ ЗАУЫТЫ (Қу қорғасын – күміс – мыс зауыты) – 1917 ж. қазан төңкерісіне дейінгі Қазақстандағы түсті металлургияның тұңғыш кәсіпорны. Оны Томск губерниясынан шыққан кәсіпкер-саудагер С.И.Попов 1844 ж. Түндік өз-нің оң жағалауына, Қу тауының етегіне, Айбике-Шаншар және Нұрбике-Шаншар болыстарының аралығына орнатқан. Зауыт жұрты қазіргі Егіндібұлақ а-нан 24 км жерде жатыр. Мұнда қорғасын, қара мыс, алтын және күміс балқытылған. 300 жұмысшысы болды. Жұмыс істеген 17 ж. ішінде Б.-С. з-тында 1294,8 т корғасын, 45 т қара мыс, 23,2 т шақпақ мыс, алтын араласқан 575 кг күміс шығарылды. Өнім жақын жерден өтетін Қарқаралы – Кереку жолы арқылы Ертіс өз. дейін кіремен тасымалданды. Руда өте қарапайым әдіспен балқытылды. Бұл жұмысты Алтайдағы металлургия з-тынан айдалып әкелінген, «қазына жұмысшылары» деп аталған басыбайлы шаруалар және жалдамалы қазақ жұмысшылары атқарды. Қазақтар ауыр еңбекке шыдай алмай, тек жазда ғана жұмыс істеді және оларға жалақы өте аз төленді. Жабдықтың тозуына және руданы, отын мен флюсты жеткізу қиын болуына байланысты 1861 ж.

тоқтатылды. Кейбір деректерге қарағанда, кәсіпорын кезекті бір тоқтап қалған кезде оны әйгілі күйші Тәттімбет сатып алып, жүргізбек болған екен. Ол өндірген металлдан Кенесары көтерілісіне қатысушылар үшін қару-жарақ әзірлеуді мақсат еткен дүр. Бірақ, Ресей патшасы Кенесарының басына жариялаған сыйлықты алуға қызыққан кейбір әскербасылардың опасыздығы салдарынан хан қазаға ұшырап, көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейін, бастама аяқсыз қалады. Б.-С. з-ның қалдығын 1865 ж. күшті өрт шалып, харап еткен.

БОЗТОРҒАЙ (лат. ***Alaudidae***) – торғайлар отрядына жататын сайрағыш құстар тұқымдасы. Жер шарында кең тараған. 15 туысы, 75 түрі анықталған (1 түрі – Халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітабына» енгізілген). Қазақстанда 6 туысқа жататын 13 түрі бар. Б. шөл, шөлейт және қиыршықтасты жазық далада, таулы жайылымда, елді мекен маңында, кейде орман алаңында кездеседі. Дене тұрқы 12-23 см. Қанаттары ұзын, аяқтары қысқа. Артқы бармағында ұзын тырнағы бар. Әдетте, түсі бозғылт, көбінесе мекендеген жерінің түсіне қарай өзгеріп отырады. Бұл қасиеті құсты жерде жүргенде жасырып, бірден көзге байқатпайды. Ұя салмаған кезде топтасып ұшады. Бұлардың ішінде ең көп кездесетіні – боз түсті Б. (Alauda arvensis). Қанатының ұзындығы 8,5-14 см, салмағы 30-48 г. Ол Қазақстанның шөл даласынан басқа аумағында кең тараған. Б. жердегі шұқырларға ұялап, оған 2-6 тарғыл жұмыртқа салады, кейбір түрлері ж-ына 2 рет жұмыртқалайды. Балапандарының денесін, әсіресе, жонын қалың мамық жапқан. Б. – ж. құсы. Олар қыстау үшін күзде оңт-тің жылы аймағына ұшып кетеді, қысы жұмсақ ж-дары Қазақстанның оңт-де қыстап қалады. Б. өсімдік дәнімен және жәндіктермен қоректенеді. Арамшөптің дәнін жеп, а. шар-на пайда келтіреді. Көпшілік түрінің қоразы ұя маңында ән салып ұшады. Б. сайрауық болғандықтан, қазақ даласында ән-күйдің символы іспеттес. Б. бейбітшілікті төтенше сүйетін құс, ұясына өзгелер жолап кетсе кейде құт ұясын да, бауыр еті балапанын да тастап, өзге жаққа мәңгі маңып кетеді, осының айғағы ретінде қазақ тілінде мамыражай жақсы заманды «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» заман деп атайды.

БОҚАЕВ Болатбек Өзбекұлы (18.05.1963, Егіндібұлақ ауд., Қоянды а. кеңесі) – филос., елшілік қызм-кері, филос. ғыл. кандидаты (2007). 1989 ж. Санкт-Петербург мемл. ун-інің филос. ф-ін бітірген. ҚР СІМ өкілеттігі бойынша шетелдік елшіліктерде: 2007-13 жж еліміздің Италиядағы елшілігінде, 2014 ж-дан Англиядағы елшілігінде Ұлттық қауіпсіздік жүйесінің атташесі лауазымында қызм. атқарады.

Нәзипа АСҚАР

БОҚТЫ, Бақты – Қу – Балқантау өңірінің оңт-індегі таулы-орманды алқап. Солт-тен оңт-ке қарай 30 км созылып жатыр, ені 15-17 км. Б-ны Сарыбұлақ және Абыз өз-дерінің аңғары қақ жарып өтеді. Б-ның ең биік жері – Ақтау – 1176 м. Тау орта және жоғары тас көмір гранитоидтерінен түзілген. Б-ның қызыл қоңыр топырағында қараған, тобылғы тәрізді бұталар, жусан, бетеге, т.б. шөптесін өсімдіктер өседі. Тау беткейлерінде сирек аласа қарағай, арша ұшырасады. Өз. аңғарларында қайың, терек, тал араласа өскен шағын ормандар, шөбі шүйгін шалғындар бар. Солт.-шығ. беткейінен Түндік, бат-нан Сарыбұлақ өз-дері және жазда тартылып қалатын кішігірім бұлақтар бастау алады.

БОҚТЫ КӨТЕРІЛІСІ – кеңес өкіметінің зорлығына орай бас көтерген жерг. халықтың 1931 ж. қарсылық әрекеті. Қазақстан өлкелік парт. К-нің 1927 ж. қарашада өткен VI съезі шешімдеріне сәйкес 1928 ж. мал-мүлкі мен жері бірінші кезекте тәркіленетін ірі байлардың тізімі жасалды. Оның ізінше халықты зорлықпен жаппай ұжымдастыру науқаны басталды. Күнкөрістік малынан айрылған қазақ жұртының әлеуметтік жағдайы 1930-31 жж өзінде-ақ құлдырап кетті. Мал-мүлкі талауға түскен мыңдаған отбасы туған жері мен елін тастап, талғажу етер тамақ табылатын өңірлерге босып кетті. Осы жағдайда Қазақстандағы шағын және орта шаруа иелерінің өкіметтің жантүршігерлік өктем саясатына қарсы шығудан басқа амалы қалған жоқ. Сөйтіп, байтақ даланың түкпір-түкпірінде қарулы көтеріліс басталды. Кеңес билігінің адам ақылына сиымсыз әрекетіне қарсы 1929-31 жж Қазақстанда 372 бас көтеру болып, оған кем дегенде жүз мың адам қатысты. Соның ішінде Семей губерниясына қарасты Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау, Боқты өңірлеріндегі көтерілістер бүкілхалықтық сипат алды. Б. к-нің басталуын, дамуы мен шарықтауын барынша ақиқат қалпында көрсету

үшін бұрынғы ҚП обкомының құпия құжаттары, ҰҚК обл. департаменті мұрағатындағы материалдары және оқиғаға еріксіз куә болған адамдардың естеліктері жиналды.

Боқты өңірі өткен ғ. басында Қарқаралы уезі, Ақсары бол. құрамында болып, 1928 ж. Қу ауд. №10 а-на берілді. Ақсары бол-на 40 жылға таяу Мыңғыш (Мыңғырбай) Байдәулетұлы басшылық жасады. Тілеуі дұрыс адам екен 1917 ж. дүниеден қайтты. 1920 ж. санақ бойынша Ақсары б-ның №5 а-да 240 шаңырақ, ауд-да 30 мың жылқы, 70 мың қой-ешкі, 16 мың сиыр болды. Б. к-не басшылық жасаған Сәрікбай балалары Әшкер мен Әбдінің әрқайсында мыңнан артық жылқы болса, тәркілеуден кейін топты баласы бар бүкіл әулетте 9 жылқы, 4 сиыр, 2 түйе қалды. Кеңес билігінің салық саясаты – а. шар. өнімдерін жинау үлкен қиындықпен жүрді. Қазақтарға, әсіресе, астық салығы өте ауыр соқты. Көшпелі халық егін шар-мен шұғылданбаса да әр отбасы 30 қадақ астық тапсыруға тиіс болды. Кейін басқа да алымдар шығып, әр отбасы 2-3 ит пен мысық терісін, сүйек, мүйіз, тұяқ, көң салығын төлеуге мәжбүрленді. Қазақтардың жаппай бас көтеру себебін ашып көрсету үшін ресми құжаттарға жүгінген дұрыс болар еді. Бірақ ол мүмкін емес. Қазақстандағы аштық мәселесін барынша зерттеген В.Михайлов «Ғаламат жұт шежіресі» (Алматы: «Мектеп», 2012) деректі хикаятында кеңес өкіметінің күшпен ұжымдастыру кезеңіндегі асыра сілтеу жайлы ешқандай құжат сақталмағанын айтады.

Нақтыланбаған деректер бойынша, 1931 ж. көктемде басталған Б. к-не үш жүзден артық шаруа қатысқан. Б. к. стихиялы түрде басталды. Оған басшылық жасағандардың саяси сауаты кемшін, халықаралық деңгейде өтіп жатқан оқиғалардан хабары аз, отты қаруды пайдалану, ұрыс-соғыс тәжірибесі жоқ-ты. Дегенмен, 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінен Ресей императорына жолданған наразылық петициясын біліп, қазақ азаматтары «Алаш» партиясын құрып, ұлттық үкімет жасақтауға талпыныс жасағанынан хабардар еді. Семей қ-нда тұрған алаш азаматтары көтерілісшілермен байланыс жасап, олардың мақсат-мүддесін айқындауға тырысты. Олар Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау, Балқаш көтерілістерінің басында тұрған адамдарды өзара ұштастырып, күш біріктіруге мүдделі болды. Мәселен, Семейдің тұз өндіру кәсіпорнында жұмыс істеген Мәкет (Махмұт) Нұрсұлтанұлы «Батбақбұлақ» к/зына басшылық жасады. Халық толқуы жайлы әңгіме шыққанда ол Боқты тауының шығ. беткейіндегі Шалжаң қонысына орналасып, ұлы Көктайды Абыралы мен Шыңғыстауға жіберіп, қажетті хабар алып тұрды. Қу ауатком төрағ-ның ор-ы Әміре Жақаманұлы (бай, болыс, меценат Хасен Ақайұлының шар. жәрдемдескені үшін 1921 ж. партиядан шығарылып, мұғ. қызметінен аластalған) Семейден басқа ауд. қазақтарының бас көтеруі жайлы жазған «Алаш» газетін ала келіп, Боқтыдағы Әшкерге беріп, жерг. кеңес құрылымдарын талқандау жобасын жасауға қатысады. Мыржық болысы, №5 а. тұрғыны, білімді азамат, Алашорданы қолдаушылар қатарында кеңес билігіне қарсы үгіт-насихат жүргізгені үшін қудаланған Шайқы Мұсатайұлы (Тәттімбеттің немересі) жер аудару мерзімі біткеннен соң «Балықтыкөл» с/зы, Скотовод бөл-сінің Қадыр қыстағына қоныстанған. Өкіметке қарсы бас көтергендермен байланыс орнатқан Шайқы қарулы топтар жасақтауға жәрдемдеседі. Бір атап өтерлік жағдай, халықтың озбырлыққа қарсы бас көтеруіне тек қазақтар ғана қатыспаған. Кеңес биліктің озбырлығы салдарынан мал-мүлкінен жұрдай болған орыс байлары, Жақыманның Әміресімен бірге Ақмола түрмесінде отырған В.С.Власов, И.И.Пахомиков, В.А.Швецов сияқты азаматтар да Б. к-шілеріне қосылып, қазақтарға мылтық атуды, қоян-қолтық айқас тәсілдерін үйретеді. Сөйтіп, Б. көтерілісі әуелдегі атүсті қалпынан біршама өзгеріп, белгілі бір тәртіпке бағынған, жоспар-жобасы бар күреске айналады. Олар кеңес өкіметін талқандап, Алаш билігін орнатуды мақсат етеді. «Алаш жасасын!» деген саяси ұранмен атқа қонған олардың Ай мен жұлдыздар таңбаланған тулары да болады. Кеңес үкіметінің жасақты әскеріне қарсы шыққан көтерілісшілер қарулануға ерекше ден қояды. Әлді әулеттердің бұрын сатып алған отты қаруларына қоса қазақ ұсталары соққан шиті мылтықтар жиналады. 1921 ж. атаман Дутовтың әскері Қытайға қашқанда Қарқаралының Боқты өңірін бөктерлей, Аягөз арқылы өткенде ақ офицерлерді араққа тойғызған Әшкер ондаған винтовка мен граната алып қалады. Оларды жөндеп, тазалау Абыз қыстағындағы Абылай ұстаның ұлы Асқар мойнына жүктелген. 1931 ж.

ақпанда Мәкет төренің ұлы Көктай Кент таулары арқылы фельдшер Дүтбаев пен Рязанцев Қарқаралы милициясын жабдықтауға біршама винтовка мен 3 мың патрон әкетіп бара жатқанын жеткізеді. Бас көтерушілер топтарының басшылары Әлденбек пен Қайдар оларды Бекетшілік деген жерде тарпа бас салып, бүкіл қазынасын сыпырып алады. Дегенмен, көтеріліске қатысушылардың көбінде сойыл мен шоқпар, шолақ найза мен балта тәрізді суық қарулар ғана бар еді. Санаулы мылтықты құралайды көзге ататын мергендер мен отты қарудың тілін білетін жігіттер ғана бөліседі. Дайындық жұмыстары біршама атқарылғаннан кейін, 1931 ж. 2 наурызда бас көтерушілердің серкелері мен ақсақалдар, байлар мен билер Жұматай қонысында бас қосып, кеңеседі. Қарқаралы округінің Абыралы мен Шұбартау ауд-ында шар. көтеріліске әзірленіп, күрес жолына шыққаны жайлы Әміре Жақаманұлы мен Мәкет Нұрсұлтанұлы хабарлама жасайды. Көпшілік алдына Қу мен Қарқаралы ауд-ындағы кеңес органдарын құлатып, Алаш билігін орнату міндеті қойылып, бата жасалады. Қолға басшылық ету ағайынды Әшкер мен Әбдіге жүктелді. Көтеріліс алдындағы жаз бойы қару-жарақ әзірлеп, «өзекті жанға бір өлім» деген жігіттерді топтастырған көтеріліс басшылары 2 қыркүйекте Дүйсенжанұлы Шамшораның үйінде кеңес өткізді. 5-6 күннен кейін Әбді қарулы әрекет жасауға бұйрық берді. Бірнеше топқа бөлінген көтерілісшілер төңіректегі ауылдарға шабуыл бастады. «Татыбай», «Кедейтеңдік», «Батпақбұлақ» к/здары мен «Скотовод» шар-на қарасты Қадыр қыстағын, Майдан қонысындағы кооперативті алып, Жарыққұдық, Исабай қыстақтарында аупартком мен кеңес қызм-лерін, шар. басшыларын тұтқындап, бірнеше күн кепілдікте ұстады. Қосымша 30 қадақ астық салығын жинауға келген атқамінерлер халықтың діңкелеп отырған жағдайын ескермей, балағаттап, үлкен-кішінің ар-намысына тиеді, қару көрсетіп, қоқан-лоқы жасайды. Белсенділердің қылығы шектен шыққан соң ақсақалдар жігіттерге иек қағып, «белсенділерді» аттан аударып, байлап алады. Тұтқындар арасында а. кеңес төрағасы Масайын Әбділдин, оның хатшысы Балбек Тоқтанов (кейбір деректе Жүніс Сүлейменов), «Скотовод» шар-ның дир-ы Ғабду Шорабаев, кәсіподақ к-нің төрағасы Кәріпбек Мейрамбеков, а-дың бас милиционерлері Садық Құсайынов пен Мұқажан Боранбаев, барлығы 14 адам болды. 1 аптадан соң Қу ауд. ОГПУ баст. бұйрығымен Құлшәріп Ахметов бастаған милиционерлер Исабайдың екі ұлын алдап қолға түсіреді де, күзетшілерді атып тастап, тұтқындарды босатып алады. Қу ауд. ОГПУ бастығы Несіпбай Тақыров ашынған жұртты ауыздықтауға шамасы жетпейтінін сезіп, ІІХК ауд. бөл. баст. Қасен Рахымовтан, Семей губ-ның баст-нан және Қарқаралы мен Баянауыл ауд-нан көмек сұрайды. Қарқаралы 60-70 адамдық екі отряд, Баянауыл 30 адамдық бір отряд жібереді. Олар да көтеріліс тегеурініне төтеп бере алмай, жекелеген а-дар мен шар-тарды күзетеді. Көтерілістің негізгі күші топтасқан Әшкер мен Әбді а-дары Боқтыдан басталатын Тасөткел өз. бойлай орналасады. Қару-жарақ, құрал-жабдық, азық-түлік таудың орталығындағы Астаужарыққа жиналады. Қарым-қатынасқа ауыр таулы-тасты мекенге көтеріліс басшыларының отбасылары да жеткізіледі. Төңіректегі с/дарды басып алған көтерілісшілер Қу ауд. орт. Егіндібұлаққа шабуылға әзірленеді. Көтеріліс басшысының бірі Әбді Сәрікұлы мен Мәкет Нұрсұлтанов би бастаған 150 адамдық топ 14 наурызда Егіндібұлаққа аттанады. Оларға Қу ауд. ІІХК бөл. баст Хасен Рахымов пен ОГПУ басшысы Несіпбай Тақыров жетекшілік жасаған партия, кеңес белсенділері мен милиционерлер, жиыны жүзден астам қарулы қол қарсы шығып, Егіндібұлақтың солт.-бат-ндағы Байқожа қырқасы сыртында, Сарышоқыда екі отряд тоқайласады. Бірақ, олардың ешқайсы да басым күшке ие бола алмағандықтан, ұрыс бастауға батылдары жетпей, ымырт түсіп қалғанын сылтауратып кейін қайтады, оның үстіне, ежелден ағайын-туыс, қарға тамырлы қазақ баласы бір-біріне мылтық кезенуге жүрегі дауаламаған. Олар бұдан кейін майданда кездескен емес. Б. к. туралы хабар жеткен соң Семей губком басш-ғы 2 пулеметі бар, 22 солдаттан тұратын отряд жасақтап, қанішерлігімен әйгілі А.И.Чупин деген баскесерді 2 автомашинамен аттандырады. Бұл жауыз 1928 ж. Қарқаралы ОГПУ ақпарат бөл-нде қызмет жасаған, қазақ тілін, әдет-ғұрпын, салт-санасын жетік меңгерген. Оның жазалаушы отряды Шыңғыстау, Абыралы, Шұбартау көтерілістерін де қатыгездікпен басып, қазақтарды қанға бояп, кеңестік биліктің сенімді баскесерлеріне айналған. Көктемгі лайсаңда автомашиналар Мыржық бол-ның Мөшеке

қыст. жеткенде сазға отырып қалады. Жазалаушылар отрядын қару-жарақтарымен қоса ауд. орталығына милиционерлер Әбдәйіл Өтесбайұлы, Сағындық Жұматайұлы, Әубәкір Ахметұлы ат-шанамен жеткізеді. Мұздай қаруланған Чупин отряды 24 наурызда Тасөткелдегі Әшкер мен Әбдінің а-на шабуыл жасап, бас көтерген жұртты қан жоса етіп қырады. Тасөткелдегі а. талқандалғанымен, көтеріліс штабы орналасқан Астаужарық бекінісі берілмейді. Чупин отрядындағы мергендер қыстақтың қарсысындағы Қызылтас биігіне бекініп, көтеріліс штабындағы бүкіл қозғалыс пен әрекетті бақылап отырады. Олар қарымы үлкен винтовкалармен топ басшылары Мұқаш, Қайдар, Әлденбекті атып өлтіреді. Әйткенмен, бекіністегі Әшкер бастаған көтерілісшілер берілмей, қатты қарсылық көрсетеді. Олардың арасында да мергендер бар еді. Осы кезде Чупиннің жендеттері қазақ жұрты естіп-көрмеген сұмдық әрекетке барып, әйелдер мен жас балаларды, кемпір-шалдарды тірі қалқан етіп алдыға ұстап, шабуылға шығады. Бала-шағалары мен туған-туыстарын көрген көтерілісшілер абдырап қалады. Осы сәтте қос бүйірден пулеметтер оқ атып, бейбіт жұртты жамылғы етіп қыстаққа таяған солдаттар граната лақтырып, көтерілісшілердің бірсыпырасын қырып салады. Тірі қалған көтерілісшілер әрі қарай қандай әрекет жасайтындықтарын ақылдасады. Кейбіреуі қарсылықты жалғастырмақ болса, екіншілері тағдырға мойын ұсынып, жазалаушылар отрядына берілуді жөн көреді. Олардың ішінде дау-дамай да болып, 27 наурыз күні көтерілісшілердің көпшілігі өз еркімен жазалаушы отрядтың тұтқынына түседі. Көтеріліске ұйтқы болған ақсақалдың бірі Әбді Сәрікұлы көмекшілерімен бірге жазалаушыларға беріледі. Б. к-нің өзге басшылары Әшкер, Ыбырай ұлымен, Жақыман баласы Әміре қолға түспей, уақытша құтылып кетеді. Жазалаушылар отряды қандай шығынға ұшырағаны жайлы ешбір мәлімет жоқ. Белгілісі, Чупиннің тобынан жарақат алған Выдрин деген солдат Қарқаралы ауруханасына түсіп, осында қансырап өліпті. Көтеріліс басылып-жаншылғаннан кейін а-дарына оралған шаруалар да, тау-тасты сағалап кеткен қашқындар да ертелі-кеш жазалаушылар қолына түсіп, көпшілігі өлім жазасына кесілген. Айталық, Тасөткел төңірегінің өзінде 45 адам атылып, мәйіттері Қарымтас бекінісінің жанындағы құдыққа тасталды. Олардың арасында жас келіншек пен оның емшектегі алты айлық баласы да болды. Астаужарық бекінісінде 8, Абай-Байжан қыстағында 12, Исабай бекінісінде 3, Сақурай қонысында 5 адам атылған. Жазалаушыларға еркімен берілген көтерілісшілерден сол күндердің өзінде 73 адам оққа ұшады. Б. к-нің салдары жергілікті халық үшін кеңестік дәуірдің өне бойына созылды. Оған қатысушылар аяусыз жазаланды. Әбді Сәрікұлы бастаған, көтеріліске жетекшілік жасаған 13 адамды әуелде Егіндібұлаққа айдап әкеп, ІІХК бөл-сінің абақтысына қамайды. Кейін Қарқаралыға жеткізіп, соттаған екен. Б. к-і жаншылған соң Қу мен Қарқаралы ауд-нан 69 азамат жазаланды. Бас көтеруде белсенділік көрсеткендер ату жазасына кесіледі. Олар: 1) Әбдин Қамза (Сәріков) – 41 жаста, 12 а., Қу ауд.; 2) Әбдірахманов Әбжан – 32 жаста, 10 а., Қарқаралы ауд.; 3) Әшкеров Нұркеш – 35 жаста, 12 а., Қу ауд.; 4) Байжанов Нұрбек – 61 жаста, 12 а., Қу ауд.; 5) Байжұманов Бәкен – 73 жаста, 16 а., Қарқаралы ауд.; 6) Бектембаев Әубәкір – 46 жаста, 12 а., Қу ауд.; 7) Бөжеев Біләл – 50 жаста, 15 а., Қу ауд.; 8) Бошаев Текей – 75 жаста, 16 а., Қу ауд.; 9) Жансарин Бастай – 77 жаста, 14 а., Қу ауд.; 10) Жұматаев Уақас – 48 жаста, 12 а., Қу ауд.; 11) Елгелдин Бәшкен – 78 жаста, 12 а., Қу ауд.; 12) Қалымбеков Әбірел – 43 жаста, 12 а., Қу ауд.; 13) Қалымбеков Ыбырай – 45 жаста, 12 а., Қу ауд.; 14) Құлбаев (Қалабаев) Иса – 50 жаста, 12 а., Қу ауд.; 15) Нұрсұлтанов Мәкет (Махмұт) – 44 жаста, Қызылтау ауд.; 16) Сәдин Нақып – 60 жаста, 12 а., Қу ауд.; 17) Сәлменов Сәттар – 47 жаста, 5 а., Қу ауд.; 18) Сәнекин Ахмедия – 28 жаста, 12 а., Қу ауд.; 19) Сәнекин Шәріп – 41 жаста, 12 а., Қу ауд.; 20) Сәріков Әбді – 73 жаста, 12 а., Қу ауд. Он жылға итжеккенге айдалған 17 адамның ішінде Мұсатайдың Шайхысы да болды. 5 жыл концлагерь арқалаған 23 «қылмыскердің» қатарында қазақтар бас көтеруінің ішінде болған Власов пен Швецов көзге түседі. Тоғыз адам 3 жылға сотталған. Бұлардың кейбіреуі қолына қару ұстамаған, көтеріліске қатыспаған. Бас көтерушілермен мұндасып, жанашырлық танытқаны немесе байдың, бидің ұрпағы болғаны үшін ғана жазаға тартылады. Мәселен, Әбіш Бейсебайұлы №1 а-дың биі болғандықтан ұлдары Хамза, Асқар, Шәкен, Хасен мал-мүлкі тәркіленіп, 10 жылға сотталды. Қу ауатком төрағасының ор-ы

Әміре Жамақанов көтерілісшілерге көмектескені үшін немере інілері Омар мен Әнуар ұзақ жыл абақтыға қамалды. Жеңіл ауыз адамдар «Боқтының бандысы» атандырған боздақтардың ұрпақтары кеңес өкіметінің соңғы демі біткенше «салпаңқұлақтардың» ерекше бақылауында болды. Қазір Қу – Балқантау өңірінде Сәрікұлдары Әшкер мен Әбдінің үрім-бұтақ, зәузатынан ешкім жоқ. Жақын-жуықтарынан тірі қалғандарының ұл-қыздары аты-жөнін, тегін өзгертіп, өзге өңірлерге, тіпті, Қазақстаннан тыс өлкелерге босып кетті. Олар ата жұртына оралуға күні бүгінге дейін қорқады. Қызыл өкіметтің «қырандары» көтеріліске тікелей қатысқан 42 адамның қатын-баласын Қу ауд. орт-на қуып әкеп, ұзақ уақыт киіз үйге қамап, әбден діңкелеген соң әуелі Қарқаралыға, одан әрі Балқашқа жаяу шұбыртады. Олардың барлығы дерлік жолда өліп, ит пен құсқа жем болды деп ойлауға негіз бар. Өйткені, көтерілісшілердің ресми ақталғанына ширек ғасыр уақыт өтсе де, сол кезде Балқашқа айдалған әйелдер мен балалар жайлы ешбір дерек шықпай отыр. Боқтының төңірегін қызыл қанға бояған Чупиннің жазалаушылар отряды бұдан кейін Абыралы мен Шыңғыстауда бас көтерген қазақтарды оқпен осқылап, қылышпен кескілеп, Семейге жеңімпаз болып оралды.

КСРО Жоғ. Кеңесі Төралқасының 1988 ж. 16 қаңтардағы қаулысы негізінде Б. к-не байланысты сотталғандар Қарағанды обл. прокурорының 1991 ж. 29 сәуірдегі қаулысымен толық ақталды. Б. к-не қатысушылар ресми түрде ақталса да, күні бүгінге дейін оған мемл. және жергілікті билік тарапынан лайықты баға берілген жоқ.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БОЛАТБАЕВ Ніл Ағдамұлы (19.09.1922, Қарқаралы уезі, Қу бол., Егіндібұлақ а. – 10.08.1996, Петропавл қ.) – шар. басшысы, парт., кеңес қызметкері. Абай атынд. Қазақ мемл. пед. ин-ын (1952), Қазақстан КП ОК жанындағы Жоғ. парт. мект-ін (1950), Ленин а. шар. техн-ын бітірген (1964). 1940 ж. Павлодар обл., Железинск ОМ бітіріп, ауд. оқу бөл-де статист болып еңб. жолын бастады. 1941 ж. қазан айында әскер қатарына шақырылып, Қарағандыда 29 атқыштар дивизиясы, 299 атқыштар полкінің атқышы болып оқу-жаттығуға кірісті. 1942 ж. полк мект-не курсант болып қабылданды. Аталған әскери құрама қатарында Сталинград шайқасына қатысты. Кескілескен ұрыс барысында ауыр жарақат алып, Алтай өлкесінің Павлиха стансасындағы госпитальде емделген соң, одан әрі соғыс қимылдарына жарамсыз болғандықтан, бейбіт еңб-ке жіберіледі. 1944 ж-дан бастап Б-тың тағдыры Солт. Қазақстан обл-мен байланысты өрбіді. Промышленный ауд-дық бақылау-есеп бюросының бақылаушысы, басшысы, 1945 ж. «Главмука» зауыт басқ-сы жұм. жабдықтау бөл-і бастығының ор-ы, 1947 ж. ҚКП Промышленный ауд. к-нің нұсқаушысы қызм. атқарып, 1947-48 жж Солт. Қазақстан обл. к-і хатшысының көмекшісі, 1948-50 жж ҚКП ОК жанындағы Жоғ. парт. мект-нің (Алматы) тыңдаушысы болды. 1950 ж. Преснов ауд. парт. к-нің 2-ші хатшылығына, 1955 ж. Ленин атынд. к/здың төрағалығына тағайындалды. 1957-62 жж халық депутаттары Приишим ауд-дық атқару к-інің төрағасы, 1962 ж-дан бастап Октябрь, 1965-70 жж Сергеев ауд. парт. к-нің бірінші хатшысы, 1970-86 жж Солт. Қазақстан обл. атқару к-нің төрағасы қызм. атқарды. Б. зейнеткерлікке шыққан соң да қоғ. өміріне белсене араласып, обл. ақсақалдары кеңесінің, Д.А.Қонаев атынд. қор обл. филиалының төрағасы жұм. жүргізді. Ардагерлер ұйымы іс-шараларына белсене араласты. Ол 7-11 шақырылған Қазақ КСР Жоғ. кеңесіне депутат болып сайланды. Б. жауынгерлік Қызыл Ту (2 мәрте), I дәрежелі Отан соғысы, Ленин, Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамоталарымен және медальдармен марапатталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БОРАНБАЕВ Зейнел (Зейнелғабиден) (1916, Қарқаралы уезі, Едірей болысы – 12.01.2007, Егіндібұлақ а.) – педагог, екі мәрте Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі (1949, 1956) Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі (1967). Семей мұғ. ин-ын, ҚазМУ-дың (Алматы) физика-матем. ф-ін бітірген. 1941 ж-ға дейін Ақмола обл. Степняк қ-да осы пәндерден сабақ берді.1941 ж. Егіндібұлақ а-ндағы сегізж-дық мект-те физика, матем., астрономияға қоса химия, тарих, т.б. пәндер, тіпті дарвинизм мұғ-і болып қызм. атқарды. Сөйтіп, Қу ауд. орт-да ОМ ашылуына еңб. сіңірді. 1989 ж-ға дейін ұстаз болған Б. жас ұрпақтың орта білім алуына

өлшеусіз үлес қосқаны үшін бұрынғы Қазыбек би және Қарқаралы ауд-дарының Құрметті азаматы атанды. Көптеген марапаттарға, соның ішінде Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің Құрмет грамотасына ие болған. Б. – Қаздауысты Қазыбектің Қазымбет – Анай тармағынан тарайтын ұрпағы.

Ахмедия СҰЛЕЙМЕНОВ

БОРАНБАЕВ Қанапия (1906, Қарқаралы уезі, Едірей бол., №7 а. – 27.12.1937 итжеккенге айдалып, сол жолдан қайтпаған) – педагог, саяси қуғын-сүргін құрбаны. Молданың баласы. Сауатты. Мемл. мүлкін талан-таражға салды деген желеумен 1934 ж. қылмыстық жазаға тартылады. Қу ауд-ындағы алғашқы мект-тің дир-ы, кейінгі жолы ұсталар алдында №10 мект. жанындағы инт-тың меңг-сі болған. 1937 ж. 27 желтоқсанда НКВД Қарағанды обл. басқармасы «үштігінің» шешімімен он ж-ға жер аударылады. Қарағанды обл. сотының алқасы 1956 ж. 6 қыркүйекте «үштік» үкімінің күшін жойып, Б-ты қылмысы болмағандықтан ақтады.

БОРАМБАЕВА Ляйшат Зейнелқызы **(**10. 10.1942, Егіндібұлақ а.) – дәрігер-эпидемиолог, қоғам белсендісі. 1960 ж. Егіндібұлақ а-ндағы ОМ, 1967 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын бітірді. 1967-82 жж Егіндібұлақ ауд. санэпидемстанцияда дәрігер-эпидемиолог, 1982-97 жж бас дәрігер болып қызм. атқарды. Б. 1989-92 жж Семей ядролық сынақ полигонын жабу үшін ақын, қоғам қайраткері О.Сүлейменовтің жетекшілігімен ұйымдастырылған «Невада – Семей» антиядролық қозғалысының жұм-на атсалысты. 1989 ж. «Новая Земля» полигонында жасалған ақырғы сынақ куәгері болып, Алматы, Павлодар, Семей қ-ларында өткен «Әлем сайлаушылары ядролық сынаққа қарсы» деген халықар. конференциялардың жұм-тарына қатысты. Халық денсаулығы мен өмірін қорғау жолындағы көп ж-ғы жемісті еңб. үшін респ., обл. сала басшылығы және қоғ. ұйымдар тарапынан марапаттарға ие болды.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

БОРАМБАЕВА Сара Зейнелқызы (1949, Егіндібұлақ а.) – экон.-бухгалтер. ОМ кейін, 1972 ж. Целиноград (қазіргі Астана) а. шар. ин-ын экон.-бухалтер мамандығы бойынша бітірген. Еңб. жолын «Арқалық» с/зында бухг. болып бастап, 1973-82 жж ауд. ақпараттық есептеу станциясы баст-ның ор-ы, 1982-97 жж бастығы қызм. атқарған. 1997-2011 жж ауд. халықты әлеум. қорғау ауд. бөл-нің меңг-сі, ауд. жабылған соң филиал меңг-сі болды. 2011 ж. бастап ардагерлердің Егіндібұлақ а. кеңесінің төрайымы лауазымында еңб. етіп, өңірдің қоғ.-саяси өміріне белсене араласуда.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

БОРСЫҚ (лат. ***Meles***) – сусарлар тұқымдасына жататын сүтқоректі жыртқыш аң. Қазақстанда борсықтың әр алуан түрі бар: Еуропа Б-ы, Ферғана Б-ы, Азия Б-ы, Тянь-Шань Б-ы, құм Б-ы, Сібір Б-ы. Дене тұрқы 60-90 см, салмағы 8-16 кг-дай. Олардың түсі ақшыл-сұрдан қара-қоңырға дейін өзгеріп отырады. Жүні қылшықты, салалы, сирек. Тұмсығынан желкесіне дейін созылған қара жолағы бар. Бауыры, төбесі, табандары қара, аяқтарында сәл иілген, ұзын тырнақтары болады. Інде тіршілік еткендіктен, маусымдық көшуі байқалмайды. Іңір түскенде қорек іздеуге шығады. Б. қорек талғамайды. Ол ұсақ кеміргіштермен, құстармен, олардың жұмыртқаларымен, жыланмен, кесірткемен, көлбақалармен, ұсақ жәндіктермен, жеміс және бақша дақылдарымен де қоректенеді. Күзге қарай бойына май жинап, қысқы ұйқыға кетеді. Олар наурыз-маусымда мауығып, 1 жылдан кейін 1-5 күшік табады. Терісі мен майы үшін ауланады. Б. майы дәруменге бай, халық мед-сында оны буын ауруларын, тубуркулез және іріңді жараларды емдеуге қолданады. А. шар-на және зиянкестерін жеп пайда келтіреді. Кәсіпшілік маңыздылығы онша емес (терісінің құндылығы кем, қылы қылқалам үшін, майы емдік мақсатқа қолданылады).

БОШАН, Қаракесектің Ақшасынан тарайтын ата (т. – ө.ж.б.). Бошаннан бес ұл туады: Таз, Байбөрі, Жанту, Машай, Манат. Сондықтан, бұларды әдетте «бес Бошан» деп атайды. Соның ішінде Қарқаралының солт. шығысын қоныстанған Таз, Байбөрі, Жанту ұрпақтарын «бауыр Бошан», Қарқаралының оңт. батысын жайлаған Машай, Манат ұрпақтарын «сырт Бошан» деп атайды. Қаздауысты Қазыбек осы бауыр Бошанның Тазынан тарайды. Мәдидің: «Кешегі бауыр Бошан арасында, Ешкімнен кем болмаған салтанатым» деп айтуы сондықтан.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БӨГЕНБАЙ БАТЫР Ақшаұлы (Қанжығалы Бөгенбай) (1680, Оңт. Қазақстан, Бөген өз. бойы – 1775, Торғай өз. бойы, Түркістанда жерленген) – қазақ-жоңғар, қазақ-шүршіт соғыстары тұсындағы батыр, атақты қолбасшы. Қазақ жауынгерлері арасында зор беделге ие болғандықтан оны халық «Қанжығалы Бөгенбай» деп атап кеткен. Оның атасы – Әлдекүн, әкесі Ақша Қанжығалы руы ішінде белгілі адамдар болған. Әз Тәуке хан Ақша батырға 80 мың сарбаздан тұратын әскерге қолбасшы болуды сеніп тапсырған. Ол сонымен қатар өнерлі адам болған. Ұсталық өнермен айналысып, қару-жарақ жасаған. Бойында ақындық, айтыскерлік өнер де болған. Әке өнері баласына дарыған. Бала кезінен қазақ даласының шешендік өнерін бойына сіңіріп өскен ол жігіт шағында ру арасындағы дауларды шешіп, билер құрылтайларына қатысқан. Жақын адамдардан топ құрып, ол елде «Қанжығалының қырық батыры» деп атанған. Батырлығы мен қолбасшылық дарыны арқасында Б. б. үлкен құрметке бөленіп, ерлігі ел аузында аңызға айналды. Б-дың қалмақ және қытай әскерлерімен қиян-кескі шайқастарда көрсеткен қайраты сол кездегі жорық жыраулары толғауларында мәңгі өшпес өлең тілімен өрнектеліп қалды. Өмірден көргені көп, қазақтың жүздері мен батырларын таныған, заңды және қазақ-жоңғар арасындағы қиын жағдайды ғана емес, жоңғарларға қарсы әскери әрекеттер тарихын да жақсы білетін Тәуке хан елді билеп тұрған 1710 ж. Қарақұмда қазақ жүздерінің Төле, Қаздауысты Қазыбек және Әйтеке билер қатысқан жиыны өтіп, сонда халық жасағының өкілі Б. б. болып сайланған. Б. б-ға мұндай сенім танытуға оның бүкіл қазақ даласына тараған әскери қолбасшылық өнері мен 1710 ж. Сарыкеңгір өз. жағасында жоңғар ноянымен қиян-кескі шайқастағы ерлігі себеп болды. Қарақұм құрылтайында қаралған басты мәселе – Жоңғар хандығымен арадағы қатынас. Біреулер руларды ғана емес, жүздердің басын біріктіріп, жоңғарға қарсы шығып, оларды қуу керек десе, екіншілері Жоңғар хандығы жағына шығу керек дегенді айтты. Көп пікірталастан кейін, шешуші сәтте ортаға ашулы, қайсар Б. б. шығады. Ақсақалдар алдында ол семсерін аяғының астына тастап, көйлегін айырып, кеудесін ашып жіберіп: «Жаудан есе қайтарамыз, тоналған жайлауымызды, тұтқындағы балаларымызды көріп қарап отыра алмаймыз, өлсек, қолымызға кару алып өлеміз. Қазақ даласының батырлары қай кезеңде бастарын төмен түсірген? Мен қолымды жау қанына бояған кезде сақалыма әлі ақ түспеген еді! Қазір келімсектер зорлығына қалай шыдаймын? Біз әлі жүйрік аттан кенде емеспіз. Әлі қорамсақта жебесі өткір садағымыз бар», – деді. Б. б-дың сөзі жоңғар мәселесін шешудің шегі болды. Бұдан кейін жоңғар жағын ұстанғандардың ешқайсы ашық пікір білдіре алмады. 1726 ж. Бадам өз. бойындағы Ордабасы жиынында қазақ жасағының басшылығына Б. б. сайланды. Үш жүздің біріккен қолы 1728 ж. Бұланты өз. бойында жоңғарларды талқандады. 1730 ж. Балқаш к. маңында қазақ пен қалмақ арасында өткен шешуші ұрыстың (Аңырақай шайқасының) тағдыры да Б. б. есімімен тығыз байланысты. Б., Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Шақшақ Жәнібек, Малайсары, т.б. атақты батырлар бастаған қазақ жасақтары қалмақ әскерлеріне екінші рет күйрете соққы берді. Майдан даласында мыңдаған қалмақ жер жастанды. Көбі қырылып, жаралы болып, жаны шықпай жатқан жау әскерінің аңыраған даусы бірнеше күн даланы басына көтерді. Бұл жер кейін «Аңырақай» аталып кетті. Аңырақайда аяусыз соққыға душар болған Шүно-Дабо басқарған қалмақ әскері Іле өз. бойымен шығ-қа қашуға мәжбүр болды. Туған жерін азат ету жорығына жиналған қазақ қолы жеңісті баянды етіп, жауды өкшелей қуып, қалмақ әскерлеріне үсті-үстіне соққы берді. Осындай шайқастың бірінде Б. б-мен жекпе-жекке шыққан қалмақ қолбасшысы Шүно-Дабо қаза табады. Бұл оқиға жау әскерінің рухын түсіріп, қазақтарды жеңіске жігерлендірді. Б. б. бастаған қазақ қолынан ойсырай жеңілген онсан қалмақ әскері Түркістан мен Сауранды тастап, Жоңғар Алатауының арғы жағына қуылды. Б. б. қартайған шағына дейін ат үстінде жүрді. 1756-58 жж Б. б. Талқы түбінде Шығыс Түркістанға алғаш рет аяқ басқан қытай әскерімен қиян-кескі шайқасқа қатысты. Бұл ұрыста ол қытайларды қыра талқандап, Үрімшіге дейін қуып барды. Б. б. дана және аса зерделі адам болғандықтан, 1761 ж. елшілік миссиямен Абылай ханның ұлы Әділ сұлтанмен бірге Қытайға барды. Батыр әбден қартайып, Торғай өз. жағасында қайтыс болды. Содан кейін «Бөгенбай сөресі» аталған бұл

жер кеңес дәуірінде «Шахта» деп аталды. Б. б. мәйіті қырық күн бальзамдағаннан кейін 45 күнде Түркістандағы Әзірет сұлтан – Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне ақ түйемен жеткізіліп, сонда жерлеген.

БӨДЕНЕ Келдібекұлы (XYII ғ. соңы – XYIII алғ. жартысы), батыр. Қаздауысты Қазыбектің кенже інісі. Ұлы бидің атақ-даңқы шыққан кезінде көре алмаған ағайындары Бертіс, Жарылғап, Қосымжорға бастаған топ Қазыбекті алдап қонаққа шақырып, жабылып ұрып, өлтірмекші болады. Мұны сезген қарындасы Нәуетек пен қызы Маңқан биді сақтандырып, киім ішінен сауыт кигізіп жібереді. Қонақасы үстінде туыстары бидің әңгімесіне ұйып қалып қастандығын ұмытып кетеді. Соны Қосымжорға басқалардың есіне салып: «Оны айттық, мұны айттық, бағанағыны қайттық» дей беріпті. Басқалары жабыла кетеді. Пышақтары сауыттан өтпей, үймелесіп жатқанда Қазыбек: «Жалғызым келген тәрізді, үстім жеңілдеп кетті ғой» депті. Сол-ақ екен, сырттан Б. келе жатыр деген дауыс шығып, қастандық жасаушылар тым-тырақай қаша жөнеледі. Саяттан келген Б-ні асығыс аттандырған қарындастары екен. Б. жылыстап бара жатқан Бертісті атпақ болғанда, ұлы би: «Өзін емес, атын атшы! Соңы жақсы болғалы тұр екен» деген дүр. Б. ұрпақтары негізінен Қарқаралы және Бұқар жырау аудандарында тұрады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БӨКЕБАЕВ Тілеккали Теміруұлы – дәрігер, мед. ғыл. докторы. Астана мемл. мед. ун-інің кафед. меңг-сі.

БӨКЕБАЕВ Темір Сыздықұлы (1915, Қарқаралы уезі, Қу бол., №2 а. – ?, Қарағанды қ.) – кенші, парт. қызметкері. Әкесі молда болғандықтан, саяси қуғын-сүргін құрбаны болып, 1929 ж. Қарқаралы қ-да атылады. Немере ағасының тәрбиесінде қалған жетім бала а-да 4 сыныптық, Павлодардың балалар еңб. коммунасында 6 сыныптық білім алады. 1937 ж. Қарағанды кен техн-ын, 1961 ж. КОКП ОК жанындағы жоғ. парт. мект-н тәмамдаған. 1937 ж. Қарағанды көмір бассейні «Кировуголь» тресті №7 шахтасында участке бастығы болып еңб. жолын бастады. 1940-45 жж әскер қатарында қызм. етті. 11-ші танк корпусы, 65-ші танк бригадасы, 3-ші дербес батальоны құрамында ҰОС қимылдарына қатысты. Төрт мәрте, соңғы рет жеңіске санаулы күндер қалғанда, Берлин түбінде кеудесінен жараланды. Әскерден босаған соң №12 шахта бас инженерінің көмекшісі болып еңб-ке араласты. Көп ұзамай парт. жұм-ына тартылып, ҚКП Қарағанды обл. к-і көмір бөл-нің нұсқаушысы, 1948-54 жж «Сталинуголь» тресі 18-ші шахтасының партком хатшысы, 1954-55 жж Қарағанды қ. Киров ауд. парт. к-нің 1-хатшысы, 1955-56 жж Саран қ. парт. к-нің 2-хатшысы, 1956-58 жж «Октябрьуголь» тресі №18-бис шахта бастығының ор-ы, 1958-62 жж №31-бис шахта парт. ұйымының хатшысы, 1962-67 жж осы кәсіпорын бас инж-нің жер асты жұм. бойынша көмекшісі, 1968-75 жж «Карагандаугольстрой» тресі парт. к-нің хатшысы лауазымында қызм. етті. Зейнеткерлікке шыққан соң, 1975-90 жж мемл. сақтандыру Киров ауд. инспсының бастығы болды. Жауынгерлік Қызыл Ту (2 мәрте), Отан соғысы (2 дәрежесі), Еңб. Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

БӨКЕЙ (шамамен 1737-1819) – сұлтан, хан. Тұрсын ханның немересі, Барақ ханның баласы, Ә.Бөкейхановтың 4-ші атасы. 1749 ж. әкесінің тапсыруымен Б. өз төлеңгіттерімен бірге Түркістан аймағынан Солт.-Шығ. Қазақстан өңіріне қоныс аударып, Қаракесектің бигелді аталығына сұлтан болып сайланады. XVIII ғ-дың 50 ж-дарының басында Коряков бекінісі (қазіргі Павлодар қ.) маңын қоныстанып, Орта жүз қазақтарының жоңғарларға қарсы шайқасына қатысты. Б. XVIII ғ-дың 80-90 жж Ресейден Орта Азияға бағыт алған сауда керуендері аман өтуіне, жол торабы Петропавлдан Жәміш бекінісіне ауысуына ықпал жасады. Осы мақсатта Б. 1785 ж. би Сарыбағыш Атеке батырдың басшылығымен Ресейде болған бірінші қырғыз елшілігіне белсенді қолдау көрсетті. 1786 ж. 2 тамыз бен 1787 ж. қаңтары аралығында Б-дің тапсыруымен құрамында баласы Батыр сұлтан, 2 старшын мен 2 төлеңгіті бар қазақ өкілдігі Санкт-Петербургте болып қайтты. XVIII ғ-дың 90 жж басында Ташкент билеушісі Жүніс қожамен тығыз қарым-қатынас орнатып, одан 1740-50 жж әкесі Барақтың иелігінде болған Иқан қонысын қайтарып алды. Түркістан өңірін Бұқар хандығы

басып алғанға дейін ол жер Б-дің қысқы ордасы болды. Б. 1816 ж. басында Орта жүздегі Қаракесек, Төртуыл руларына Уәли ханмен бірге билік жүргізді. 1817 ж. маусымда Коряков бекінісінен 180 км жердегі Жайылма өз. бойында хан болып жарияланды. Б-дің 5 әйелінен 11 баласы болған. Біраз баласы Ресей императорларының арнайы жарлығымен XIX ғ-дың 20-30 жж Ресей империясының дворяндар сословиесіне кірді. Б. Түркістанда жерленген.

БӨКЕЙХАН Әлихан Нұрмұхамедұлы (25.03.1866, Семей губ., Қарқаралы уезі, Тоқырауын болысы, 7 а. – 27.09.1938, Мәскеу қ.) – қазақ халқының рухани және саяси көсемі, қоғам және мемлекет қайраткері. Қазақтың тұңғыш саяси парт. ұйымдастырушы, Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда үкіметінің төрағасы. Б-ның ататегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы – Орду әулетінен. Қазақ жұрты оларды үш жүздің ру-тайпалары қатарына қоспай, төре атандырған. Ауыл молдасынан «әліпті таяқ деп таныған» Б. кейін Қарқаралы қ-дағы үш сыныпты бастауыш мектепте білімін ұштады. Қазақ балаларына арналған осындағы мектепте оқыды (1879-86). Омбы техн. уч-сін (1886-90), Санкт-Петербург Орман ин-ының экономика ф-ін (1890-94) тәмамдады. Б. осы кезден бастап орта және ЖОО-ның қоғамдық өміріне араласып, саяси-әлеум. іс-шараларда ұлт мүддесін қорғады. Қазақ даласынан басы артық жер табу мақсатымен зерттеу жұмысын жүргізген Ф.А.Щербина экспедициясына (1896-1903) қатысты. Бұл Б-ның тұлға, қоғам қайраткері ретінде қалыптасуына үлкен ықпал жасады. Ол Ресей империясының ашкөз отаршылдық мақсат-мүддесін танып, білді. Земство және қ. қайраткерлерінің Мәскеуде өткен съезіне (1905) қатысты. Мемл. думаға депутат болып сайланды. 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде Ресей империясының басшылығына жазылған Қарқаралы құзырхаттарын ұйымдастырды. Осы кезден бастап отаршылдардың қуғындауына түсіп, Павлодар, Семей абақтыларына қамалды. 1906-08 жж Омбы, Санкт-Петербург қ-ларында шыққан басылымдарда редактор болды. 1908 ж. саяси көзқарасы үшін Самараға жер аударылды. Орынборда 1913 ж. бастап шығып тұрған демократиялық бағыттағы «Қазақ» қоғамдық-саяси газетіне басшылық етіп, бағыт-бағдар беріп отырды. Осы басылым бетінде империяның отар елдерінде орын алып отырған саяси-әлеум. мәселелер мен метрополияның астамшылдық-өктемдік әрекеттерін айыптаған аналитикалық мақалалар жариялап, ұлттық ояну ұранын көтерді. Б. қазақ зиялыларын бір мақсат-мүддеге жұмылдырып, олардың арасында Алаш идеясын қалыптастыруда аса зор тарихи роль атқарды. Оның бұл мақсаттағы еңбегі өлшеусіз. Болашақ Қазақ мемл-тілігінің мәселесі қаралған, 5-13.12.1917 ж. Орынбор қ-да өткен II жалпықазақ съезінде Б. кеңестік билікке көзқарас пен қарым-қатынас туралы баяндама жасады. Осынау ұлт форумында Алашорда үкіметі құрылып, Б. оның төрағасы болып сайланды. Б. ұлт тәуелсіздігі, қазақ жерінің азаттығы мен тұтастығы үшін тарихи қызмет атқарды. Ол шынайы ұлт көсемі болды. Мемл. нышаны қалыптаса бастаған алмағайып кезеңнің өзінде ғылымның түрлі-түрлі салалары бойынша ғыл.-зерттеу жұм-тар жүргізіп, оқулықтар жазу үшін саяси серіктері мен достарына тапсырмалар берді. Кеңестік билік пен ол ұстанған большевиктік саясатқа ашық қарсы саясат ұстанғаны үшін Б. 1927 ж-дың 1 қазанынан бастап ОГПУ органдарының бақылауы астында Мәскеуде тұруға тиіс болды. Оның туған жеріне баруына, елінің белгілі тұлғаларымен қарым-қатынас жасауына тыйым салынды. Б. 1937 ж. 27 қыркүйекте КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясының үкімі бойынша ату жазасына кесілді. Арада жарты ғ-дан артық уақыт өткеннен кейін, 1989 ж. 14 мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша ақталды. Сан қырлы дарын иесі және әмбебап ғалым Б. қазақ халқының тарихын, мәд-ін, әдеб-ін танытуда ерекше сипаттағы қымбат мұралар қалдырды. «Исторические судьбы Киргизского края и культурные его успехи» деген алғашқы еңбегі 1903 ж. «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көп томды альманахтың 17 томына енгізіліп, Санкт-Петербург қ-да басылып шықты. «Киргизы» атты еңбегі тағы да осы қ-да 1910 ж. «Формы национального движения в современных государствах» деген жинақта жарық көрді. Б-ның ұлт руханиатын, қазақ халқы тарихының мыңдаған ж-дарға бойлаған шежіресін жан-жақты талдаған және Абай шығ-шылығын зерттеген еңб-тері күні бүгінге дейін маңызын жойған жоқ. Б. 1909 ж. Санкт-Петербург қ-да жарияға шыққан Абай өлеңдерінің алғашқы жинағын редакциялап, ұлы мұраның ұрпақ игілігіне айналуына

өлшеусіз үлес қосты. Жалпы, ұлт көсемі ақын шығ-шылығына тұңғыш рет баға беріп, оның өмірбаяны 1905 ж. «Семипалатинский листок» газетінде, кейінірек «Записки Семпалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества» деген кітапта (1907) жарық көруін қамтамасыз етті. Б. халық ауыз әдебиеті үлгілерін («Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Тарғын») баспа бетіне шығарып, Қазақ Ордасының ең соңғы ханы Кенесары жайлы («Материалы к истории султана Кенесары Касымова». Москва, 1923) еңбегін жариялады. Ол қазақ әдебиеті мен публ-сында рецензия жанрының пайда болып, қалыптасуына жолбасшы болды – Ш.Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресін», «Қалқаман – Мамыр» дастанын, сонымен бірге, «Қобыланды батыр» эпосын әдеби-көркемдік жағынан талдап, сын пікірлер жазды. Ұлттық әдебиеттану ғылымы балаң кезеңнің өзінде, осыдан бір ғ-дан астам уақыт бұрын оның сыншылдық-эстетикалық талғамы биік деңгейге жеткенін көрсетеді. Б. «Бас қосу турасында», «Тағы да би һәм билік», «Сайлау» сияқты мақалаларында қазақ қоғамындағы сайлау, жер дауы, материалдық талас-тартыс мәселелері қарастырылып, әділ би сайлауын өткізу қажеттігі мәселесін көтерді. Оның публ-лық еңб-терінің өзінде байырғы қазақ билерінің шешендік өнері дәстүріндегі қанатты сөздер молынан ұшырасады. Айталық: «Ақылды сөз қылмақ қиын, сөзді іс қылмақ мұнан неше есе қиын», «Жұрт ісін түс көрмей, ояу жүріп іздену – мақсат», «Ұлтына, жұртына қызмет қылу білімнен емес, мінезден», «Әділдік жоқ жұртта береке-бірлік болмайды», «Халық ісін орнына салуға көп ақыл, көп қызмет, көп жылғы шебер істеген әдіс керек», «Өз күшіне, өз қуатына сенбеген адам да, халық та ғұмыр жүзінде бәйге алмайды», т.б. Сондықтан, қай тұрғыдан алсақ та, Б. – ұлт бағына туған алуан қырлы ұлы тұлға.

БӨРІ – түрік халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы. Аңыз бойынша, Б. түріктердің ұрпағын құтқарып қалған. Бұл аңыздың бір нұсқасы көне қытай жылнамасында былай жазылған: Түріктердің арғы аталарын Лин мемл. талқандайды. Тек он жасар бір бала аман қалады. Дұшпандар баланы өлтіруге қимай, аяқ-қолын шауып, көлге лақтырып кетеді. Оны ұрғашы қасқыр тауып алып, ет беріп асырайды. Мұны естіген дұшпандар баланы да, қасқырды да өлтіруге бел буады. Алайда, қасқыр баланы алып, Алтай тауына қашып кетеді. Осында қасқыр баладан он ұл туып, кейіннен ол он тайпа елге айналады. Ұлдардың ішіндегі ақылы ерекше біреуі көсем болып сайланып, Б. атанады (қазақ тарихында: Ашина). Б. құтқарушы тотем ретінде «Оғызнама» жырында, «Ергенекон» дастанында, татар халқының ақ қасқыр туралы аңыз әңгімесінде, қазақтың «Ақ қасқыр» ертегісінде және т.б. түрік халықтарының әпсаналарында көп кездеседі. Б. бейнесі кейбір түрік халықтарының мемл. рәміздерінде сақталған.

БҰҚАР ЖЫРАУ Қалқаманұлы (1668, қазіргі Өзбекстан, Бұқар қ. маңы – 1781, қазіргі Қарағанды обл., Бұқар жырау ауд., Далба тауының оңт.-бас. сілемдері) – қазақтың ұлы жырауы, XVIII ғ-да жоңғар басқыншыларына қарсы Ұлы Отан соғысының бастаушысы әрі ұйымдастырушысы атақты Абылай ханның ақылшысы. Шыққан тегі Арғын тайпасының бес Мейрамынан тарайтын Қаржас руынан. Замандастары оны «көмекей әулие» атандырған. Сөйлегенде көмекейі бүлкілдеп, аузынан тек өлең сөз төгіледі екен. Б. ж. жоңғар басқыншылығы асқынып, қазақ халқының болашағы қыл үстінде тұрған кезде өмір сүріп, алмағайып замандағы күрделі мәселелерге өз жырларымен жауап берді. Ауыр сәттерде Абылай ханға дұрыс кеңес беріп, ел-жұртты жауға қарсы күреске біріктіруге, бір ту астына топтастыруға күш салды. Саяси-әлеум. мәнді жыр-толғауларымен жалынды күрес жыршысына айналды. Ол Абылай ханды бірден-бір қажетті басшы санап, оған халық бірлігін сақтап қалатын көсем тұрғысында үлкен сенім артты. Абылай хан да сол биік талаптан табылып, елдің бірлігі мен жарқын болашағы үшін жан аямай қызмет етті. Жырау азаттық жолында басын бәйгеге тігіп, ерліктің небір ғажап үлгілерін көрсеткен хан мен батырларды жырға қосып, олардың өшпес әдеби бейнелерін жасады. Әсіресе, Абылай ханның көрегендігі мен даналығын, ауыр кезең, қиын сәттерде ел ұйтқысы бола білгенін асқақ жырлады: «Қайғысыз ұйқы ұйықтатқан, ханым-ай,/ Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,/ Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай./ Үш жүзден үш кісіні құрбан

қылсам,/ Сонда қалар ма екен қайран жаның-ай!». Осы бір шумақ жырда халық пен ханның байланыс-бірлігін қиыннан қиыстыра білген. «Абылай ханның қасында», «Ал, тілімді алмасаң», «Ай, Абылай, Абылай», «Қазақтың ханы Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Басыңа біткен күніңіз», «Ай, Абылай, сен он бір жасыңда», «Ал, айтамын, айтамын» атты толғауларында ханның сол кездегі ұстанған саясаты мен көрегендігі, алғырлығы мен білгірлігі сипатталады. Ал, «Садыр, қайда барасың?», «Бұқарекең біз келдік, Ақан, Төбет байларға» деген жырларында ол ел болашағы, татулық мәселелерін сөз етеді. Б. ж-дың Абылай хан саясаты жөніндегі байламды пікірлері де орнықты, әділ. Ол Қытай мен Ресей туралы да ұстамды бағыт ұстанды. Мазасыз көрші Жоңғар хандығы іштей іріп, азып-тозуы үшін ұтымды саясат қолданып, олардың тарих сахнасынан кетуіне Абылай хан қолайлы жағдай жасағанын жырлайды. Бұл орайда Б. ж. Абылай ханды «әділдігі Наушаруандай, жомарттығы Хатымдайдай» деп бейнелейді. Ханның әділдігі мен адамгершілік қасиеттерін жоғары бағалай келіп, оның байлық-салтанатын «қырық мың атан тарта алмас» деп сипаттайды. Мұның бәрін жырау ханның жас кезеңдерімен тығыз байланыста алып қарастырады: «Қырық жасқа келгенде,/ Алтынды тонның жеңі едің./ Қырық беске келгенде,/ Жақсы-жаман демедің./ Елу жасқа келгенде,/ Үш жүздің баласының/ Атының басын бір кезеңге тіредің!». Б. ж. жас мөлшерін сипаттағанда, ежелгі дәстүрді ұстанып, оның күш-қайратқа байланысты екенін, әсіресе, жастықтың шыңы жиырма бесті шалқыта жырлайтыны бар. Алайда, ол адамның жас кезеңдерін үнемі сол қалыпта сипаттай бермей, ақыл-парасат, толысу, кемелдену тұрғысынан да алып суреттейтінін де көреміз. Бұл орайда Б. ж. жас сипаттамаларын Қожа Ахметше жырлайды: «Отыз жасқа келгенде,/ Дүниедей кең едің./ Отыз бес жасқа келгенде,/ Қара судың бетінде/ Сығылып аққан сең едің./ Қырық жасқа келгенде,/ Алтынды тонның жеңі едің…/ Елу бес жасқа келіпсің./ Елу бес жасқа келгенде,/ Жақсы болсаң толарсың,/ Жаман болсаң, маужырап барып соларсың”…/ Б. ж. Абылай ханның «бәйгелі жерде бақ болған» әйгілі би-батырларын «өзіңе тұғыр болған төрт тірек» деп бағалай отырып, олардың тарихи ерлік істерін қазақтың абырой-арына біткен ерлер деп асқақ жырлайды. Б. ж. «Он екі айда жаз келер», «Абылай ханның қасында», «Ханға жауап айтпасам» толғауларында халық болашағын, бейбітшілікті сақтауды, қазақты отарлауды көздеген Ресейден жыраққа, Жиделі байсынға көшу мәселесін қозғайды. Бұл жырлардың үгіт-насихаттық, дидактикалық сипаты басым. Оның табиғат пен адам өмірін астастыра суреттейтін жырлары да мол: «Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Әлемді түгел көрсе де», т.б. Осының бәрі жыраудың кәнігі шеберлігі мен талғампаздығын танытады. Б. ж. толғаулары – Абылай дәуірінің айнасы. Ұлтының ғажап рухани, адамгершілік қасиеттерін бойына дарытқан, көкірегі даңғыл, алмас тілді, дуалы ауыз кемеңгерді Абылай хан қасынан қалдырмаған. «Көмекей әулие» Абылай ханның дұрыс шешім, парасатты пайым қабылдауына, қос бүйірдегі екі алып мемл. арасында оңтайлы саясат ұстауына, әскери дипломатиялық қарым-қатынастарды реттеуге ықпал жасайды. Заман келбеті, Отан тағдыры, болмыс шындығы, ел тұтқасын ұстаған зерделі басшы, қолбасшы, баһадүр, мәмілегер Абылай ханның жортуыл-жорық күндеріндегі іс-қимылдары, ұлтының ұлы мұраттары жолындағы ізгі, жалынды күресі – Б. ж. мұраларында шынайы шыншылдықпен суреттеледі. Б. ж. толғауларында Ресей империясының отарлаушылық, басқыншылық саясаты, зұлымдық әрекеттері әшкереленеді. Мысалы, «Қилы заман» толғауындағы мына бір жайлар табандап жылжып келе жатқан орыс отаршыларының түп мақсатын ашып көрсетеді:

«Күнбатыстан бір дұшпан,
Ақырында шығар сол тұстан.
Өзі сары, көзі көк,
Діндарының аты боп,
Күншығысқа қарайды.
Шашын алмай, тарайды,
Құдайды білмес, діні жоқ,
Жамандықта міні жоқ,

Затсыз, тексіз бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір,
Жемқорларға жем беріп,
Азды көпке теңгеріп,
Ел қамын айтқан жақсыны,
Сөйлетпей ұрар ұртына.
Бауыздамай ішер қаныңды,
Өлтірмей алар жаныңды,
Қағазға жазар малыңды.
Есен алар пұлыңмен,
Солдат алар ұлыңнан,
Күндердің күні, Абылай,
Жаяулап келер жұртыңа,
Жағалы шекпен кигізіп,
Балды май жағар мұртыңа,
Есе тимес өзіңе,
Есіктегі құлыңнан».

Қазақ қоғамы сәнінен, мәнінен айрылатынын, діні, тілі, жері тозатынын, қабілетсіздер сұңғылаларды илеп билейтінін, дәрменсіздік жайлайтынын, марқасқалар төбесінде бұлт үйірілетінін баяндаған. Отарлаудың қанқұйлы амал-айлаларын қапысыз ойластырған Ресей империясы сахарада келімсектерді түпкілікті қоныстандыру үшін тұс-тұстан қ. мен бекіністер салды. Нулы, сулы, шүйгінді, орман-тоғайлы жерлерден қазақтарды қырға ығыстырды. Б. ж. поэзиясының негізгі ерекшеліктерін, ішкі ағыс-толқындарын, қуатты толғамдарын білімпаздықпен бажайлаған М.Әуезов: «Жырау… заман сыншысы, сөйлесе шешілмеген жұмбақ, түйіні шатасқан сөздерді ғана сөйлейді. Өзі тұрған заманның белгілеріне қарап, келешек заман не айтатынын болжайды. Сөзінің бәрі терең ой, терең мағынамен сөйлейді. Сыртқы түрі құбажондатқан толғау, салыстырған суреттермен ұқсатқан нобай, жағалатқан белгімен келеді… Не айтса да, көптің мұңы мен қамы, көптің жәйі туралы: не көпке арнаған ақыл, өсиет есебінде айтылады», – дейді. Кейде сәуегей абыз ишаратпен, тәмсілмен сөйлейді. Оның филос.-дидакт. сипатқа бөленген құдіретті ой-толғаныстары, тапқыр билік-кесімдері толғау түрінде беріледі. Қиыннан қиыстырылған тастүйін сөздер, кесек ойлар, пайымды байламдар тақпақтата, түйдектете, толқындата айтуды қалайды. Б. ж. дәуір, өмір, тұрм.-тіршілік құбылыстарын, олардың себеп-салдарын түп-тамырынан қозғап қана қоймаған, білгір дана қиял қанатында самғап, келешек заманның кереметін де көрегендікпен болжап, таныған: «Әлемді түгел көрсе де,/ Алтын үйге кірсе де,/ Аспанда жұлдыз аралап,/ Ай нұрын ұстап мінсе де,/ — Қызыққа тоймас адамзат!» Ұлы ойшыл-философ сөзін де, пікірін де ойнатып, жайнатып, етек-жеңі жинақы, ықшам, жүзіктің көзінен өткендей сырлы да сұлу, мінсіз түйдек. Б. ж. толғауларының сыртқы сымбаты мен ішкі қасиет-қуатында, көркем ойлау үдерісінде шиыршық атқан жалынды шешендіктің буы, асқақ қаһармандық рухтың лебі білінеді. Негізінде, толғаудың құрылысы күрделі ой ағымына, пікір еркіндігіне, ауызекі сөйлеу стиліне бағынады. Б. ж. поэзиясында ақындық даналықтан, тапқырлықтан нәр алған әсерлі, көркем теңеулер көп кездеседі. Олар ұлттық поэзия тілі құлпыра түсуіне, сырты сұлу, іші ну оюлы, өрнекті сөздер молая беруіне жойқын ықпал жасайтындығы даусыз. Сөз кестесі мен бунақталу тәртібінің әуенін, орайын, шырайын түрлендіріп келтіруде меруерттей мөлтілдеген фразеологиялық оралымдардың бір-бірімен әсем қиысып, табиғи құйылып отыруы – Б. ж. поэзиясының басты ерекшелігі. Б. ж. ой-пікірін, лебізін құйқылжыта, тамылжыта жеткізуде бірінен бірінің артықшылығын, айырмашылығын көрсетуде қарама-қарсы құбылыстарды шендестіре суреттейді: «Айналасын жер тұтқан,/ Айды батпас демеңіз./ Айнала ішсе таусылмас,/ Көл суалмас демеңіз». Я болмаса: «Құландар ойнар қу тақыр,/ Қурай бітпес демеңіз./ Қурай бітпес құба жон,/ Құлан жортпас демеңіз». Б. ж. шығ-ларында замандар бойы мысқалдап жиналып, ақыл-ой таразысынан өткізілген өмір тәжірибесінің, ұлттық тарихи санасының даналық

қорытындысы, адамгершіліктің ереже-қағидасы іспетті нақыл-ғибрат сөздер мол. Әсіресе, белгілі бір құбылыстарды, заттар мен нәрселерді тізбелеп, салыстырып айтатын «Қара құлаш жүйрік деп», «Ежелгі дос жау болмас», «Бағаналы орда, басты орда», «Жар басына қонбаңыз», «Көкте бұлт сөгілсе», «Алыстан қызыл көрінсе», «Биік тауға жарасар», «Жал, құйрығы қаба деп», «Асқар таудың өлгені», т.б. термелерінде әр алуан мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді келтіруге болады. Мыс.: «Тар пейілді кеңімес,/ Кең пейілді кемімес», «Ер жігітке жарасар,/ Қолына алған найзасы./ Би жігітке жарасар,/ Халқына тиген пайдасы». Б. ж. шығ-ларының тақырыптық аясы, шеңбері: Жақсылық пен Жамандық, Елдік пен Ерлік, Ізгілік пен Зұлымдық, Әділдік пен Әдептілік, Жастық пен Кәрілік, Татулық пен Араздық, Достық пен Дұшпандық, Адалдық пен Арамдық, Тектілік пен Азғындық, Тұтастық пен Бірлік. Б. ж. мұрасын жинауда, жариялауда және зерттеуде М-Ж.Көпеев, Қ.Халид, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, С.Сейфуллин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Қ.Мұқаметқанов, М.Мағауин, Р.Сыздықова секілді ұлт зиялылары еңбек сіңірді. Кейбір ғалымдар Б. ж. толғауларының жазба әдеб-ке тән сипат белгілерін атап айтқанда, әлеуметшілдік сарынын, азаматтық нысанасын, сондай-ақ, даралық өзгешеліктерін талдаса (Әуезов), екіншілері өмірі мен шығарм-на үңіледі (Мұқанов, Жұмалиев, Мұқаметқанов, Мағауин), кейбірі тілі мен стилін қарастырады (Сыздықова). Бұқартану ілімінің қалыптасуы мен дамуы тарихы бар. Болашақта Б. ж. мұралары жаңаша көзқарас, дүниетаным тұрғысынан зерттелетіні күмәнсіз.

БҰЛАНТЫ-БІЛЕУТІ ШАЙҚАСЫ – 1727 ж. Бұланты және Білеуті өзендері аралығында қазақ жасақтарының жоңғар басқыншыларымен болған шайқасы. 1723 – 25 ж. қазақ жерінің шығысы мен Жетісуды, Сырдарияның орта ағысына дейінгі өңірін басып алған жоңғарлар Ұлытауға қарай бет бұрды. Осы қауіпті кезеңде Ордабасы жиынында бүкіл қазақ қолының сардары болып Әбілқайыр хан сайланды. Сөйтіп, жоңғарларға ұйымдасып қарсылық көрсетуге мүмкіндік туды. Ұлытау өңіріне енуді көздеген жоңғарлар 1726 ж. Шұбартеңіз шайқасында қазақтардан ойсырай жеңілді. Одан соң Бұланты мен Білеуті өзендері арасындағы кең жазықта шешуші ұрыс болды. Ол тарихқа Б.—Б. ш. деген атпен кірді. Онда қазақтар жеңіске жетіп, жоңғарлар Ұлытауға кірмей тоқтатылды. Сол жеңістен кейін майдан кіндігі болған төбе Қалмаққырылған атанды. Шәйіт болған қазақ жауынгерлері Қанжығалы Бөгенбай батырдың ұсынысымен таудың басына жерленді. Осы маңызды жеңістен кейін жоңғар басып алған қазақ жерлерін азат ету кезеңі басталды.

БҰЛБҰЛ – бауыр Бошанның Тазынан тарайтын екі атаның (Наманай, Бұлбұл) бірі. Шамамен XYI ғ-да, Тоғым, Бұйдаш, Хақ-Назар хандар билік құрған түста ғұмыр кешкен болса керек. 2010 ж. «Кереку» баспасынан шыққан «Қаракесек шежіресінде» Б-дың үш әйелі болған дейді. Құба кемпірден Алдияр, Күшік, Үсен, Шаншар, Құдайберлі; Қара кемпірден Тәңірберді, Қасымжорға; Дана кемпірден Ағым,Ұзын, Жанан туады. Бірақ, жергілікті халық арасына кең тараған басқа нұсқаларында Қара кемпір мен Дана кемпір бір адам – Рабиға есімді ана деп көрсетіледі. Қаздауысты Қазыбектің дүниеге келуі жайлы шежіре аңызы бойынша, жылқы бағып ұйықтап жатқан Келдібектің түсінде аян беріп, көзі қыли, аяғы ақсақ, омырауында алақандай қалы бар қызға үйленетінін айтқан осы Б. баба. Қарадан туып, хан атанған «қаракөктер» әулетінің бастауында тұрған Б. заманында ру-тайпаға ғана емес, ұлысқа ықпалы тиген мықты тұлға болғаны күмәнсіз.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БҮРГЕН (шырғанақ; лат. ***Hippophaë***; ор. ***Облепиха***) – биіктігі 2-4 м, жапырағы жіңішке, зәйтүн түстес, ұзын өткір тікенегі бар, ерекше шоқтанып өсетін жемісі ашық-сарғыш келген ағаш немесе бұта. Қу тауында кеңінен тараған. Жеміс сабақтары өте қысқа болғандықтан, олар бұташықтарға жабысып өсіп тұрғандай әсер қалдырады. Қуаттылығы 82 ккал құрайтын 100 гр жемісінде 1,2 г белок, 5,4 г май, 5,7 г көмірсулар бар. Б. шынында керемет дәрумендік-минералдық заттарға бай. Оның құрамында пектин, бетакаротин, фолии қышқылдары, B1, B2, C, E, K, H, PP дәрумендері, сондай-ақ, Менделеев кестесіндегі элементтердің барлығы дерлік – калий, кальций, магний, мырыш, селен, мыс, марганец, темір, хлор, күкірт, йод, хром, фтор, молибден, бор, ванадий, олово, титан, кремний, кобальт, никель, алюминий, фосфор мен натрий кездеседі. Жемістері органикалық қышқылдарға,

фитонцидтарға, бетаин мен дубильдік заттарға бай. Жемісінің пайдалылығы тұрғысынан Б. табиғи полидәрумен десек те болады. Б. – табиғи антибиотик. Түрлі қабыну һам вирустық ауруларға қарсы әсері мол, адам иммунитетін көтеретін жеміс. Жарақатты емдеу, тіндерді қалпына келтіру қасиеті бар. Б. майы дәстүрлі және халық медицинасында кеңінен пайдаланылады. Ол ойық жара мен терінің жарылғанын, сонымен бірге, ішкі ағзаларды (жатыр мойнының эрозиясын, көтейді, т.б.) жақсы емдейді. Тіс, көз ауруларына, қатерлі ісіктің кейбір түрлеріне қарсы қолданады. Б. жемісін жастық пен денсаулықтың серігі деп атайды. Биологиялық белсенді заттарының көлемі мен сапасы жағынан Б. жеміс-жидектердің барлық түрінен асып түседі. Ол ағзаның зат алмасуын реттейді, қажетсіз холестеринді шығарып, атеросклероз дамуын тежейді. Б-нің аллергендік сипаты болғандықтан, жас балаларға, аллергияға бейім адамдарға беруден тартыну керек. Сондай-ақ, несеп жолдары мен өтінде тас байланған, бауыры ауыратын адамдар оны шамадан тыс пайдаланудан сақтанғаны жөн. Б. жемісін жинау – қызық та қиын жұмыс. Оны әбден піскен кезде, ауа райы құрғақ кезде жинайды. Өңдеуден артылған жемісті мұздатқышта немесе ауада кептіріп сақтайды. Б-нен әдетте тосап, джем, конфитюр қайнатып, пирог, т.б. тағам түрлерін әзірлеуге қолданады. Іш қатқан жағдайда Б. шырыны жақсы көмектеседі. Б. тікенектері оның жемісін жинауға көп бөгет жасайды. Сондықтан, орманшылар мен бағбандар оның тікенегі аз немесе мүлде жоқ түрлерін отырғызуға тырысады. Б-нің кең таралған түрлері: «Подруга», «Обильная», «Самородок», «Великан», «Катун сыйы», «Мәскеулік ананасты», «Янтарная», «Перчик», «Злата», «Этна», т.б. Қу – Балқантау өңіріне отырғызғанда оның қысқы аяздарға төзімді түрлері таңдалады.

БҮРКІТ – сұңқар тәрізділер отряды, қаршыға тұқымдасының қырандар туысына жататын ірі жыртқыш құс. Б. солт. Американы, Еуразияны, солт.-бат. Африканы, Жапония аралд-ын мекендейді. Қазақстанда 6 түрі таралған. Б. – қырандар ішіндегі ең ірі әрі күшті, дене бітімі мығым, жылдам ұшатын құс. Саусақтары салалы, ірі әрі бедерлі (мүйіз қабыршақтары бар). Қауырсындары бір түсті – қарақоңыр. Желкесі мен мойнының сырты сарғыш жирен түсті. Жас бүркіттің құйрығы – ақ, оның ұшында жалпақ қара жолағы, қанатының астында ірі ақ қауырсындары болады. Ұябасарының бір қанатының ұз. (топшыдан шалғысының ұшына дейінгі аралығы) – 65-74 см, шәулісінікі – 59-66 см. Ұябасарының салмағы – 3,8-6,3 кг, шәулісінікі – 2,8-4,1 кг. Б-тің құйрық қанатының ұз. – 33-36 см, тұмсығының үстіңгі жағы төмен қарай иіліп келген, ұшы үшкір болады. Жұптасып тіршілік етеді. Б. суыр, қоян, түлкі, борсық, кейде тышқан мен сарышұнақ, тасбақа, тұяқты жануарлардың (киік, елік, қарақұйрық) төлдерін аулайды. Б. жемтігін тырнағымен емес, табанындағы бүртіктері – бездерімен буындырып өлтіреді. Ұясын (диам. – 1,5-2 м) ағаштың қураған бұтақтары мен бұталардан қия құздың, жартастың адам, жыртқыш аңдар бара алмайтын қуыстарына, биік ағаштардың бастарына салады және оны бірнеше жыл мекендейді. Ұябасары наурыз-сәуірде 1-3 жұмыртқа тауып, оларды 40-45 күн шайқайды. Балапандарды алғашқы күндері шәулісі асырайды. Балапандары 2,5 ай мұғдарында ұядан ұшады, бірақ, ұябасары мен шәулісі оларды ұзақ уақыт бойы баулып, қарауылдап жүреді. Табиғи жағдайда Б. 100 ж-дай тіршілік етеді. Қыран Б. мықтылықтың, қайсарлықтың, еркіндіктің белгісі. Қазақстанның туындағы Б. бейнесі азаттықтың рәмізі іспетті. Б-ті қолға үйретіп, баптап, саятшылыққа пайдалану – қазақ халқының ежелден келе жатқан өнері. Б-ті аңға салу төзімділікті, іскерлікті, асқан шеберлікті қажет етеді. Б-тің балапанын ұядан алу үшін үлкен ептілік, тапқырлық керек. Амал-айласы кем адам балапандарды өлтіріп алуы мүмкін. Қазір елімізде бүркітшілік өнерге ерекше көңіл бөлініп, жас бүркітшілер мек-тері ашылып, арнайы салбурын ұйымдастырылуда. Б. Қу – Балқантау өңіріндегі Қу, Едірей тауларында кездеседі. Дегенмен, адам тіршілігі әрекеті салдарынан саны жыл өткен сайын азаюына байланысты Б. Қазақстанның «Қызыл кітабына енгізілген (1996).

«БЫЛҚЫЛДАҚ» – лирикалық би. Тәттімбеттің «Былқылдақ» күйінің желісіне (Е.Г.Брусиловскийдің өңдеуімен) қойылған. Екпіні жылдам. Музыкалық өлшемі – 2/4 және 3/4. «Б.» биі бишінің қол қимылдарының пластикасына құрылған өрнекті би. Оның алғашқы нұсқасын (1934; «Қыз Жібек» музыкалы драмасында) балетмейстер А.А.Александров қойды.

Биді алғаш рет Қазақ әдебиеті мен өнерінің 1936 ж. Мәскеуде өткен онкүндігінде халық әртісі Шара Жиенқұлова орындап, үлкен табысқа жетті. «Б.» биінің бір (1954), екі (1956) және төрт (1984) бишіге арналған нұсқаларын балетмейстер Д.Әбіров жасады. 1965 ж. бұл бидің 3-нұсқасын Ш.Жиенқұлова қойды. «Б.» биін қазақ бишілері (Қазақстанның еңбек сіңірген әртістері Ф.Жолымбетова мен А.Мәжікеева) шет елдерде (Хунгрия, Моңғолия, Польша, Канада, т.б.) орындады.

БІЛӘЛ Руслан Армияұлы (16.01.1971, Қарағанды қ., Ақтас кенті) – жоғ. білікті дәрігер, мед. ғыл. кандидаты, Ана мен бала Ұлттық ғыл. орталығы (Астана) нәрестелер хирургия бөл-нің мең-сі. 1995 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын педиатрия мамандығы бойынша бітіріп, обл. балалар ауруханасында балалар хирургі болып қызм. атқарды. 2006 ж. Израиль мемл-іне біліктілікті көтеру үшін оқуға жіберілді. 2007 ж. Ана мен бала Ұлттық ғыл. орт-на шақырылды. 2012 ж. «Болашақ» бағдарламасы бойынша Лондонда (Англия) бір ж-дық тәжірибе алмасу, біліктілікті көтеру курсынан өтті.

БІЛӘЛОВА Мәкен (3.01.1925, Қарқаралы ауд., Қу бол., Қаратүлкі а. – Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты. ОМ кейін, 1943 ж. Қарқаралы пед. уч-сіне түсіп, оны бітірген соң Егіндібұлақ а-ндағы мект-ке баст. сынып мұғ. болып жұм. орналасады. Содан 40 ж. бойы үзіліссіз еңб. етіп, мыңдаған шәкірт тәрбиеледі. Пед. жұм-та қол жеткен табыстары үшін бірсыпыра мемл. марапаттарға ие болды

БІЛӘЛОВ Армия (23.02.1940 – 20.10.2009) – дәрігер, Қазақ КСР денсаулық сақтау саласының үздік қызметкері. 1958 ж. Қу ауд ОМ, 1964 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ының емдеу ф-ін сәтті бітірген Б. 1964-69 жж Егіндібұлақ ауд. ауруханасында еңб. етті. 1969 ж. Қарағанды қ-на ауысып, сол кезден 2003 ж. дейін, зейнеткерлікке шыққанша балалардың обл-тық клиникалық ауруханасында дәрігер, соның көпшілігінде құлақ және тыныс жолдары ауруларын емдеу бөлімінің меңг-сі қызм. атқарды. Мед. саласындағы біліктілігі, кәсіби шеберлігі мен қалтқысыз еңб. үшін сала басшылығының көптеген марапаттарын иеленді.

БІЛӘЛОВ Зейнекбар (1919, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 2016, Қарқаралы ауд., Арқалық а.) – 1933 ж. мект. табалдырығын аттап, баст. білім алды. «Жаңабірлік» к/зының жұм. араласты. 1940 ж. күзде Қарқаралы әскер комиссариаты арқылы әскерге алынып, 1940-43 жж Қиыр Шығ., Байқалдағы әскери т. жол батальонында қызм. атқарды. 1943-47 жж II Украин, Воронеж, Степной майдандарының құрылыс – т. жол салу және жөндеу бригадасын басқарып, ҰОС жеңіспен аяқталуына үлес қосты. 1948 ж. соңына дейін Ресейдің соғыста бүлінген кәсіпорындары мен жолдарын қалпына келтіруге қатысты. Елге оралған соң Қу ауд. қаржы бөл-де есепші, Едірей а-да пошта агенті, Жамбыл атынд. к/зда малшы, тауарлы сүт фермасының меңг-сі, 1960-71 жж «Арқалық» с/зында бас жылқышы болды. Жылқы басын 99% аман сақтап, әр жүз биеден 100 құлын алуға қол жеткізді. 1973-83 жж «Арқалық» с/зындағы мұнай базасының меңг-сі болып, зейнеткерлікке шықты. Б. II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Будапешті алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Венгрияны азат еткені үшін», «Жуков» медальдарымен және бейбіт кезеңдегі көптеген наградалармен марапатталған.

БІЛӘЛОВ Ниязбек Шазаруұлы (1962, Қу ауд., Ақтасты а.) – педагог, қазақша күрестен Қазақ КСР спорт шебері, респ., біріншіліктердің жеңімпазы һәм жүлдегері. 1979 ж. ОМ бітіріп, «Өркен» комсомол-жастар шопандар бригадасы құрамында еңб. етті. Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын атқарды. 1985 ж. Қарағанды дене тәрб. және спорт техн-ын, 1992 ж. Қарағанды пед. ин-ының дене тәрбиесі ф-ін тәмамдады. 1985-87 жж Арқалық ОМ-де дене тәрбиесі пәні мұғ. болып пед. қызм. бастады. 1987-92 жж «Арқалық» с/зы комсомол к-інің хатшысы, 1992-2000 жж Едірей орталау мект-де, 2000-03 жж Арқалық ОМ-де дир., 2003-07 жж Абай а. округінің әкімі лауазымында жұм. істеді. Қазір Қарағанды қ. Н.Әбдіров атынд. спорт кешенінде қызм. атқарады.

БІЛӘЛОВ Сайлау (12.1937, Қу ауд., Едірей а. кеңесі) – шаруа қожалығының басшысы, Соц. Еңбек Ері (1976). ҚазКСР-інің еңб. сіңірген а. шар. қызметкері (1970). Еңб. жолын 1956 ж. Жамбыл атынд. к/здың шопаны болып бастап, одан соң «Арқалық» с\зында аға шопан болып жалғастырды. Қой шар-ын өркендетіп, оның өнімділігін арттыру, мал қыстатуды табысты

өткізу, мемл. мал өнімдерін тапсыруды молайту үшін өткізілген соц-тік жарыста үнемі жеңімпаз болды. IX бесжылдықтың (1971-75) міндеттемелері мен жоспарлы тапсырмаларын мерзімінен бұрын, асыра орындады. Қазақстан Компартиясы XIV және XVI съездерінің делегаты. Б-тің есімі ҚазКСР Алтын Құрмет кітабына жазылған (1980). Ленин, 2 мәрте Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

БІРЖАН САЛ Қожағұлұлы (1834, қазіргі Ақмола обл., Еңбекшілер ауд. – 1897, сонда) – әнші, композитор, ақын. Орта дәулетті шар. отбасынан шыққан. Жасынан әнші-ақындар тобына қосылып, ас пен тойдың сәніне айналды. Бірте-бірте Б. атына «сал» анықтауышы қосарланып айтылатын болды. 1848 ж. бастап Еуразияның кіндік ортасында, Сарыарқа төсінде жұмыс істеген Қоянды жәрмеңкесінде бірнеше мәрте болып, ондағы думандарға қатысуы, 1865 ж. жазында Абаймен кездесуі Б. с-дың композиторлық, әншілік, ақындық өнері тың арнамен дамуына әсер етті. Шеберлігі кемелденген Б. с. төңірегіне дүлдүл әнші-композитор, төкпе ақындарды топтастырып, үлгі-өнеге берді. Арқаның әйгілі сал-серілері Ақан сері, Жаяу Мұса, Басықараның Қанапиясы, Құлтума, Ғазиз, Естай, Үкілі Ыбырай, Айтбай Демікпеұлы, Жарылғапберді, Мәди, т.б. – Б. с. мектебінің өкілдері. Қазіргі таңда Б. с-дың 60-қа жуық әні белгілі. Соның ішінде «Ғашығым», «Қаламқас», «Ләйлім шырақ», «Айтбай», «Мақпал», «Ақтентек», «Жанбота», «Адасқақ», «Көлбай – Жанбай», «Шідер», «Теміртас», «Алтын балдақ», «Жанбота», т.б. шығ-лары халық арасына кеңінен таралған. Б. с. әндері әуенінің ерекше саздылығымен, сөздерінің мәнділігімен, тұтастай алғанда, ұлттық бояуымен, бейнелеу құралдарының ерекше көркемдігімен тыңдарман назарын баурап алады. Сара ақынмен айтысы Б. с-ды қазақ даласына дарынды, суырыпсалма төкпе ақын ретінде паш етті. Б. с-дың мұраларын насихаттауға Қу – Балқантау өңірінің дарынды әнші перзенттері Қ.Лекеров, Н.Әбішев, Ж.Елебеков, М.Көшкінбаев, т.б. өлшеусіз үлес қосты. Б. с. шығ-лары сан рет дербес кітап болып басылды. Халық композиторларының ұжымдық жинақтары Б. с-дың әндерінсіз шыққан емес. Б. с. бейнесі көркем шығ-ларда да көрініс тапты: М.Төлебаев «Біржан – Сара» операсын жазды (премьерасы 1946 ж. өтті); Д.Жолжақсынов «Біржан сал» атты кинофильм түсірді (2009).

ВВВ

ВЕТЕРИНАРИЯ (лат. ***veterinarius*** – малды бағып-қарайтын қызметкер, жануарларды емдейтін маман) – жануарлар ауруларының алдын алу, оларды емдеу, мал дәрігерлік сараптау және тексеру арқылы санитарлық тұрғыдан қауіпсіз жануарлар өнімдерін өндіру нәтижесінде, адамзатты антропозооноз (адамға жұғатын) аурулардан сақтау, сыртқы қоршаған ортаны қорғауда В.-санитарлық мәселелерді шешу туралы ғылыми ілім. Жануарларды емдеу туралы көне мәліметтер б.з.б. 4 мыңыншы ж-дан бері белгілі. Арнайы ғыл. атауға ие болмаса да, тіршілігі мал өсіруге тәуелді көшпелі түрік халықтары, соның ішінде қазақтар, жануарлар ауруын анықтау, емдеу ісімен ерте дәуірден бастап айналысты. Өмірлік тәжірибе нәтижесінде мал емдейтін, қажет болса ота жасайтын арнайы мамандар пайда болып, олар өз шәкірттерін даярлады. Емшілер, тіпті, қандай аурумен ауырған малдың сүтін ішіп, етін жеуге болатынын, қандайы болмайтынын дәл айтатыны, мал емдейтін дәрі жасауға шөптердің қай түрлерін пайдаланатынын өте жақсы білген. В-ның дамуы медицина, биология, химия, физика және т.б. жаратылыстану ғыл-ының дамуымен тікелей байланысты. В-ның ғыл. ретінде қалыптасуына К.Алкмеон, Гиппократ, К.Гален, К.Буржела, Э.Дженнер, В.И.Всеволодов, К.И.Скрябин, С.Н.Вышелесский және т.б. ғал-дар зор үлес қосты. В. — қалыпты анатомия, гистология, физиология, биохимия, патологиялық анатомия және физиология, В-лық микробиология және вирусология, эпизотология, паразитология, В-лық санитария, В-лық-санитарлық сараптау, клиникалық анықтау (диагностика), емдеу (терапия), хирургия, фармакология, жануарлар гигиенасы, В-рлық акушерлік және гинекология сияқты ғылыми салаларды біріктіреді. В-ның алдында тұрған кезек күттірмейтін

мәселелер: жануарларды жұқпалы аурулардан қорғаудың жаңа әдістерін (оның ішінде вирусты және гельминтозды — құрт ауруларды) табу, ол аурулардан адамзатты қорғау, еліміздегі В-лық географияны зерттеу арқылы жұқпалы аурулар таралуының алдын алу, шар. қожалықтарындағы малдарды жұқпалы аурулардан сақтау және ауырған малды емдеу, сөйтіп, мал басының көбеюіне тікелей ықпал ету. Бүгінгі күннің өзінде күнкөрісі негізінен мал өсірумен байланысты Қу – Балқантау өңірінде В-ның жоғары деңгейде жолға қойылуы әрдайым күн тәртібінен түспейтін мәселе болуға тиісті.

ВЕЛЬЯМИНОВ-ЗЕРНОВ Владимир Владимирович (31.10./12.11.1830, Санкт-Петербург – 17./30.01.1904, Киев) – орыс ғалымы, шығыстанушы, этнограф, археолог, тіл маманы. Ресей ҒА-ның академигі, Санкт-Петербург ҒА-ның Құрметті мүшесі, құпия кеңесші. Александров лицейін бітіріп (1850), Сыртқы істер мин-нің Азия департаментіне қызметке тұрған В.-З. қазақтардың тілі мен салт-дәстүрі туралы материалдар жинастыру мақсатында Орынбор губерниясындағы Орта жүз қазақтары арасында болды. 1859 ж. Орыс археолог. қоғамының Шығ. бөлімшесіне хатшы болып сайланған соң түрік халықтарының ежелгі қолжазбаларына қол жеткізуге, оларды оқып, аударуға үлкен мүмкіндік алды. 1866 ж. Санкт-Петербург ун-інің Ғылыми кеңесі оған түрік-татар тілдері бойынша ғылым докторы дәрежесін берді. В.-З.тың негізгі еңбектері Ресей империясының отарында болған Шығ. халықтарының, соның ішінде қазақтардың тарихына арналған. Оның кітаптары мен мақалалары жылнама-шежірелер мен қол құжаттық деректер негізінде жазылған. Мыс., Қасым хандығы туралы еңбегінің бөлімінде Қазақ хандығының тарихын Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди», Қадырғали Жалайыридың «Жамғат-тауарих», Хафиз Таныштың «Абдолланама», Захир әд-Дин Бабырдың «Бабырнама» шығ-ларын ғылыми айналымға тарта отырып баяндаған. Оның белгілі еңб-інің өзі 350-ге жуық. В.-З.тың еңбектері ұлттық тарихымыздың ақтаңдақ беттерін қалпына келтіруге өлшеусіз үлес қосты.

ГГГ

ГАЗЕТ – мерзімді, уақытша не бір рет қана шығатын басылым. Оның тарихы ежелгі Шығ. қ-ларында көпшілік орындарға ілінетін хан жарлықтарынан бастау алады. XVI ғ-да Венецияда «жаңалық жазушылар орталығы» құрылып, арнаулы ақпараттарын «газета» (италияша ***gazzetta***) деп аталатын тиынға сатты. 1631 ж. француздық «La gazzette» мерзімді басылымы шығуына байланысты «газета» термині осы заманғы мағынасына ие болды. Қазақ тіліндегі тұңғыш басылымдар «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-82) мен «Дала уәлаятының газеті» (1888-1902) сахараға Ресей патшасының жарлықтары мен өкім-қарарларын жеткізу мақсатымен шығарылған орыс ақпарат құралдарының аудармасы ғана болғанымен, оларда қазақ тарихына, салт-санасы мен дәстүр-мәдениетіне қатысты көп жарияланымдар жарық көрді. XX ғ. басында қазақ зиялылары ұлттық мүддені көздеп, бұқаралық сананы оятуға ұмтылған «Серке» (1907) «Қазақ газеті» (1911), «Қазақстан» (1911-13), «Қазақ» (1913-18) тәуелсіз басылымдарын шығаруды қолға алды. Қазіргі кезде қазақ тілінде мыңдаған газет шығарылады. Соның ішінде, «Егемен Қазақстан», «Жас Алаш», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Ана тілі» тәрізді басылымдар респ. халқына тегіс тарайтын қоғ.-саяси басылымдар болса, білім беру, денсаулық сақтау, т.б. қызм. көрсету түрлерінің салалық ақпарат құралдары бар. Сондай-ақ, респ., обл., қ-лық, ауд. мәртебесі бар (мыс., «Орталық Қазақстан», «Қарқаралы») басылым деп жіктеледі. Қу – Балқантау өңірі дербес әкімш. бөлініс (Қу ауд. – 1928-63; Егіндібұлақ (Қазыбек би) ауд. – 1964-97) кезінде 1939-97 жж оның «Балқантау» («Большевиктік жол», «Ленин туы») газеті шығып тұрды. Г-тің шығармаш.-шар. жұмыстарына бас редактор басшылық жасайды.

ГУМИЛЕВ Лев Николаевич (1.10.1912, Царское село – 15.06.1992, Санкт-Петербург) – тарихшы-этнолог, тарих және геогр. ғылымдарының докторы, ақын, аудармашы. Этногенездің пассионерлік теориясын негіздеуші. Бала кезінде Тверь губерн., Бежецк уезіндегі Слепнево иелігінде, әжесінің тәрбиесінде болды. 1917-29 жж Бежецкіде, 1930 ж.

бастап Ленинградта тұрды. 1930-34 жж Саян, Памир, Қырым экспедицияларына қатысты. 1934 ж. Ленинград ун-нің тарих ф-іне түсті. 1935 ж. ун-тен шығарылып, тұтқындалды. Көп ұзамай бостандыққа шығып, 1937 ж. оқуын жалғастырды. Бірақ, студенттердің лаңкестік ұйымына қатысты деген желеумен 1938 ж. қайта ұсталып, бес жылға сотталады. Жазасын Норильск мыс-никель шахтасында техник-геолог болып өтеген Г. мерзімі біткен соң да жүріп-тұру құқынан айрылып, сонда қалдырылды. 1944 ж. еріктілер қатарында Кеңес әскері қатарына алынып, Бірінші Белорусс майданында ұрыс қимылдарына қатысқан болашақ ғалым соғысты Берлинде аяқтайды. 1945 ж. ЛМУ-да оқуын жалғастырып, келесі ж. бітірген Г. КСРО ҒА Шығыстану ин-ының Ленинград бөл-сіне аспирант болып қабылданады. Әйткенмен, «таңдаған мамандығына филол. даярлығы сай келмеуіне» байланысты, шын мәнінде «Ленинград» және «Звезда» журналдары туралы ВКП(б) қаулысы қабылданған соң (қаулыда Г-тің анасы Анна Ахматованың шығ-шылығы сыналған еді), аспирантурадан шығарылады. Соған қарамастан, 1948 ж. соңында ЛМУ-да тарих ғыл. канд. дисс. қорғап, КСРО Халықтары этнографиясы мұражайына ғыл. қызм. болып қабылданады. 7.11.1949 ж. тұтқындалып, Арнайы кеңес үкімімен 10 жылға сотталып, әуелде Қарағанды қ. жанындағы Шерубай-Нұрадағы ерекше лагерьде, кейін Сібірде жазасын өтейді. 1956 ж. көктемде қылмысы жоқ екені анықталып, ақталады. 1956 ж. Эрмитажда кітапханашы болды. «VI-VIII ғғ көне түріктер» деген тақырыпта 1961 ж. тарих ғыл. докторы, 1974 ж. «Этногенез және Жер биосферасы» тақырыбына геогр. ғыл. докторы дисс. қорғады. Бірақ, екі ж. кейін геогр. ғыл. докторы мәртебесін иеленуіне рұқсат берілмеді. Тіпті, «Этногенез және Жер биосферасы» монографиясын жариялауға тыйым салынды. Ол қолдан қолға қолжазба күйінде тарады. Г-тің еңб. жариялауға жиі-жиі тыйым салынды. Сексенінші жж оған қарсы шабуылдар ұйымдастырылып, сын мақалалар жазылды. Көшпелі халықтардың ерекше биік мәдениеті, отырықшы жұрттар оларға ұдайы жаулық-жыртқыштық пиғыл ұстанғаны жайлы тұжырымдары еуроцентристік көзқараста болған бат. және кеңестік тарихшыларға ұнамады. Ол шовинистік ниеттен айнымайтын орыс әсіреұлтшылдарына деген жиренішін жасырмады. Кеңес билігі күйрегеннен кейін Г. ерекше даңққа бөленді. Оның кітаптары фантастикалық таралыммен шықты. Ғалымның антибатыстық һәм антикоммунистік пікірлері заманауи еуразиялық саяси көзқарастар қалыптасуына ықпал жасады. Г-тің «пассионарлық дүмпу» нәтижесінде жаңа этнос пайда болып, шамамен 1200-1500 ж. ғұмыр сүреді деген тұжырымы түрлі ғыл. саласы өкілдері арасында күні бүгінге дейін дау-дамай туғызуда. Ол 1986 ж. зейнеткерлікке шыққанша Ленинград мемл. ун-нің Геогр. ғыл.-зерттеу ин-ында қызм. жасады. Г. 220-дан астам ғыл. еңб., соның ішінде бірнеше монографияның авторы. 2001 ж. Қазақстанның елордасы Астана қ-ндағы Еуразия Ұлттық ун-іне Г-тің есімі берілді. Келесі ж. аталған ЖОО-да оның мұражай-кабинеті ашылды. Түрік халықтарының тарихын зерттеуге үлкен күш-қуат жұмсаған ғалымды бізбен тамырлас өзге халықтар да ұмытпайды – 2005 ж. Қазан қ-ның мың ж-дығына және онда Санкт-Петербург күндері өтуіне байланысты Татарстан астанасында Г-ке ескерткіш орнатылды.

ҒҒҒ

ҒАББАС АЙТБАЕВТЫҢ ЕГІНДІБҰЛАҚ АУЛЫ ЗИРАТЫНДАҒЫ ҚҰЛПЫТАСЫ – әншінің туғанына 130 ж. толуына орай 2012 ж-ы, «Ауыл күні» мерекесі кезінде орнатылған мемориалдық ескерткіш. Бұл өнер шеберінің ұрпақтары ғана емес, бүкіл өнер сүйер қауым атынан көрсетілген құрмет болып табылады.

ҒАББАСОВ Мұқан (20.01.1927, Қарқаралы уезі, Қу бол. – Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты. 1948 ж. Қарағандының Молотов атынд. пед. ин-ын бітіріп, Егіндібұлақтағы №1 қазақ ОМ-інде тарих пен әдеб. пәнінен сабақ берді. Ұстаздық қызм. атқара жүріп қоғ. жұмысқа белсене араласқан Ғ. аупарткомға қызм. шақырылды. Партия тапсырмасын – үгіт-насихат жұм-ын атқарумен қатар пед. қызм-тен де қол үзген жоқ. Өндірістен қол үзбей ҚарМУ-дың филол. ф-ін бітірген (1974) Ғ. өмірінің соңғы ж-дары ауд. білім беру бөл-нде ұстаз-әдіскер және кешкі мект-те дир. болып қызм. атқарды.

ҒАСПАРАЛЫ Исмаил, Исмаил Гаспринский (8.03.1851, Таврия губ., Ялта уезі, Авджикой а. – 11.09.19114 – қырым татары арасынан шыққан зор оқымысты, ағартушы, баспагер, саясаткер. Пантүркизмнің негізін салушылардың бірі. Оның есімі Ресей империясына қараған бүкіл мұсылман халықтары арасында құрметке бөленді. Әкесі Мұстафа Әлиоғлы Қырымның оңт. жағасындағы Ғаспра мекенінен шыққандықтан, сойын солай жаздырған. 19.04.1854 ж. әулет дворяндық мәртебе иеленеді. Ғ. үйде хат танып, баст. мек-те, Симферополь қазыналық ерлер гимназиясында, Воронеж әскери оқу орнында, 2-мәскеу әскери гимназиясында оқыған. Кейінгісін бітірмей, Қырымға оралып, баст. мект. мұғ. болады. 1871 ж. Францияға кетіп, 1874-75 жж Түркиеде тұрған. Қырымға келген соң Бақшасарай қ-лық Думасына сайланады. 1879-84 жж Бақшасарай қ. басшысы қызм. атқарған. Ғ. осы кездері жалпытүрік тілінде «Файдалы эгленджe», «Закон» деген газеттер шығару үшін дербес баспа ашуға бірнеше мәрте әрекет жасайды. Оған 1883 ж. 10 сәуірде Ресейдегі тұңғыш түрік-славян «Переводчикъ – Терджиманъ» газетін шығарып, редакциялауға рұқсат берілді. Ол ұзақ уақыт Ресейдегі түріктілді жалғыз газет, XX ғ. басында әлемдегі ең байырғы мұсылман мерзімді басылымы болып қалды. Оны 1918 ж. 23 ақпанда кеңес билігі жапты. Ғ-ның идеясы осы газет арқылы Қырымға, Еділ-Жайық бойы мен Хиуа, Бұқар хандықтары, Персия, Қытай, Түркие, Мысыр, Болгария, Франция, АҚШ, Швейцария елдеріне тарады. Газеттің шетелдегі сұранысы Ресейден асып түсті. Ғ. 1905 ж. әйелдерге арналған «Әлеми Нисван» қырым-түрік журналын шығара бастады. Оған қызы Шефика редактор болды (Ғ. бұдан бұрын, 1891 ж. «Переводчикъ – Терджиманъ» газетіне «Қадын» деген атаумен қосымша шығарған еді). 1906 ж. «Ха-ха-ха» деген сын-сықақ журналын, одан соң Ресей империясының мемл. Думасы мұсылмандар фракциясының органы – «Миллет» апталығын шығаруға қол жеткізді. Ғ. 1907-08 жж Мысырда араб тілді «әл Нахда» газетінің бірнеше нөмірін шығарды. Ғ. мұсылман мемл-інде білім беру жүйесінің мәні мен құрылымын түбегейлі өзгерткен жәдідшілдіктің негізін қалады. Оның оқыту әдістері Қазақстанда (Татарстанда, Башқұртстанда, Түркіменстанда, Тәжікстанда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Әзірбайжанда, Түркиеде, Солт. Персияда, Бат.Қытайда) да кеңінен қолданысқа енді. Ол жаңа әдіспен оқытатын ұлттық мект. үшін оқу құралдары сериясын жазып, басып шығарды. Ғ. 1907 ж. Шығ-тың бүкіл озық күштерін жасампаздық пен даму мақсатында біріктіру үшін Каирде Бүкіләлемдік мұсылмандар Конгресін шақыру туралы ұсыныс жасады. Ол кедейшілік тақсіретін тартып отырған мұсылман қауымына көмектесу, олардың сауатын ашу, дінаралық төзімділікке қол жеткізу, түрлі мәдениет өкілдерінің бейбіт қатар өмір сүруін қамтамасыз ету, қоғамды ізгі адамгершілік мақсатта дамыту сияқты идеялар мен көзқарастарды ұстанып, дамытты. Ол ислам әлемінің Ж. әл-Ауғани, Ш.Маржани, М.Абдо, Г.Меликов-Задарби, М.Бехбуди сияқты ұлы ағартушы, ойшылдарымен қатар тұратын тұлға. Алаш қайраткерлері, соның ішінде ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлы, кемел педагог К.Жайсақов (Қу – Балқантау өңірінің ұланы) өздерін Ғ-ның шәкірті санады. Ағартушы, білім беру саласының реформаторы Ғ. тамаша жазушы да еді. Оның «Француз хаттары» романы, «Африка хаты – амазонкалар елі» хикаяты, «Арслан қыз» әңгімесі, «Шығыстың қасіреті» новелласы мен эсселері ислам әдеб. әлеміндегі жаңалық болды. Түрік халықтары әдеб. мен публицистикасына тың жанрлар қосты. Оның еңб-рі көзі тірісінде-ақ лайықты баға алды. Ғ. Бұхар, Түрік, Парсы (Иран), Ресей елдерінің ең жоғары орден-медальдарын иеленді. Оған Симферополь мен Бақшасарайда ескерткіш қойылып, көшелер мен кітапханаларға есімі берілген.

ҒҰЛАМА (араб.: علماء — ***ғұлама́,*** жекеше — араб.: عالم — ***әлім*** – қаз. ***ғалым;*** қаз. ***білгір, дана***) – білімді, оқымысты ғалым-әлім, асқан ақыл-ой иесі. Ислам дінінің таралуына орай қазақ халқы Құран Кәрім аяттарын, шариғат пен хадис талаптарын жатқа білетін әрі мұсылманшылық этик.-құқықтық қағидаларын жетік меңгерген адамдарды осылай атаған. Ғ.(лар) медресе-мешіттердегі рухани лауазым иелері – мұхаддис, факих, мұтақалим, дамолла, т.б. тәрізді шәкірт тәрбиелеп, ел құрметіне бөленген. Сондықтан, қазақ халқының дәстүрлі ұғымында ғұламалар ғылым-білім игеруге құштарлықтың, рухани тазалықтың, ұлағаттылық пен кемелдіктің иелері. Өз заманынан оза ой айтып, халқының өсіп-өркендеуіне

өлшеусіз үлес қосқан, соңында өте құнды әдеби-ғылыми мұралар қалдырған, сол арқылы ұлт мәдениетінің кемелденуіне үлес қосқан кемеңгер тұлғаларды (мысалы, Қожа Ахмет Иасауи, әл-Фараби, Қаздауысты Қазыбек, Бұқар жырау, Абай, Қ.И.Сәтбаев, т.б.) да ұрпақтары құрметтеп, Ғ. деп атайды.

ҒҰН ДӘУІРІНІҢ ЕСКЕРТКІШТЕРІ – Солт. Қытай мен Қиыр Шығ-тан Дунай, Карпат өлкелеріне дейінгі аралықта ғұндар дәуірінен (б.з.б. 2 – б.з. 5 ғғ) сақталған қоныстар, обалар, ғұрыптық құрылыстар, металл өндіру орындары және кездейсоқ табылған көмбелер мен жекелеген зат-дың ғылымдағы жиынтық атауы. Оларды зерттеу жұмыстарына бір ғ. бойы Азия мен Еуропаның ондаған ғал-дары қатысты. Алғаш 100-ден астам обаны Байкал сыртында (Бурятия) XIX ғ. соңында Ю.Талько-Грынцевич қазды. 1924-25 жж П.К.Козлов экспед. Солт. Моңғолиядағы Ноин-Ула үлкен обаларын зерттеген соң ғұн мәдениеті айқындала түсті. Шығ. ғұндардың негізгі ескерткіштері Ордос, Моңғолия, Бурятияда, ішінара Саян-Алтай, Енисей, Қиыр Шығ. өлкелеріне тараған. Оларды С.И.Руденко, Л.Р.Кызласов, С.В.Киселев, С.И.Вайнштейн, А.М.Мандельштам, А.Давыдова, С.Миняев (Ресей), Х.Пэрлээ, Ц.Доржсурен (Моңғолия) және қытай, жапон, Еуропа ғал-дары зерттеді. Мұндағы ғұн ескерткіштері б.з.б. 2 – б.з. 5 ғғ аралығын қамтиды және ***«суджа», «дерестуй»*** деп екі мерзімдік топқа бөлінеді. 20-ға жуық қоныс, мыңдаған оба тіркелген. Бірнеше қоныс пен 900-ге жуық оба қазылды. Бурятиядағы Селенга өз. бойынан қазылған Иволга қ-шығының маңызы зор. Мұнда орташа аумағы 5х4 м, балшық қабырғалы, төбесі екі қанатты ағаш шатырмен жабылған 54 үйдің орны анықталды. Қабірлер ұзынша пішінде қазылған, мүрделер ағаш табытқа салынып, басы солт-ке қаратыла 1-2 м тереңдікте жерленген. Үлкен обаларда ағаш табыт бөренеден жасалған қима ішіне салынған. Қабірдегі заттар арасында Қытай бұйымдарынан айна мен теңгелер жиі кездеседі және ескерткіштер уақытын анықтауда олардың үлкен мәні бар. Ноин-Уланың үлкен обалары тас пен топырақтан үйілген. Бұнда жерленген ғұн көсемдерінің мүрделері өте терең шұңқыр ішіне орнатылған қос қабатты бөрене қималарға қойылған. Тақтай табыт пен бөрене қималар, қабірдің бас жағына мал басы салынуы ғұн мәд-нің тұрақты белгілеріне жатады. Темір ұшты жебелерге сүйек ысқырғыштар қондырылған, белдік қапсырмаларына аңшылық сюжеттері мен зооморфты бейнелер тән. Қыш ыдыста толқынды сызық түріндегі оюлар жиі кездеседі. Сондай-ақ ағаш, металл ыдыстар да көп қолданылған. Ағаш ерлердің ежелгі түрлері пайдаланылған. «Ғұн садағының» ұзындығы 1,5 м. Сүйек пластиналармен мейлінше күшейтілген, күрделі әрі ауыр садақтың осы түрі жебені сақ садағына қарағанда әлдеқайда алысқа атқан. Ғұн мәдениетіне тән айрықша үлгілер, негізінен, үлкен обалардан алынды. Ғ. д. е-нің келесі топтарына Қазақстан, Орт. Азия, Бат. Сібір, Орал мен Еділдің оңт. өлкелеріндегі түрлі жәдігерлер және 4-5 ғғ Еуропаға барған ғұндардан қалған қабірлер мен көмбелер жатады. Шығ-тағы тарихи ғұн мәд-інің таза сипаттағы ескертк. бұл өлкелерге тән емес. Жергілікті қаңлы, үйсін, сармат, т.б. мәд-тердің ескертк. тараған. Бұларға шығ. ғұн элементтері қосылып, кей өлкелерде аралас сипаттағы ескертк. тобы пайда болған. Шығ. элементтерден, әсіресе, қару-жарақтағы, қыш ыдыстағы, жекелеген бұйым түрлеріндегі ықпалдарды айтуға болады. Жерлеу ғұрпында да өзгерістер байқалады. Оларды А.Н.Бернштам, Ю.А.Заднепровский, С.Сорокин, К.Ақышев, И.Қожамбердиев, А.Максимова, М.Қадырбаев, Б.Нұрмұханбетов, Л.Левина, В.Могильников, И.Засецкая, М.Мошкова, О.Обельченко, т.б. зерттеді. Кеңқол ескертк. Шу мен Таластың жоғ. алқаптарында ашылды, олардың кейбір ықпалдары Оңт. Қазақстандағы Жамантоғай, Жаушықұм, Бөріжар зираттарынан байқалады. Сонымен қатар, ғұн әсері бар Жетіасар (Арал маңы), Құлажорға (Шығ. Қазақстан), Қорғантас (Орт. Қазақстан) кезеңдерінің ескертк. зерттелуде. Жетісудағы Қарғалы, Теңдік зираттарынан көптеген сәнді алтын бұйымдар, Ақтастағы қоныс пен зираттан құнды деректер алынған. Бат. өлкелердегі сармат тайпаларының соңғы кезеңдеріндегі ескертк-нде шығ. ғұндар ықпалы байқалады. Қазақстаннан бастап Қара т., Дунай, Карпатқа дейін тараған 4-5 ғғ жататын ескертк. ерекше топты құрайды. Бұлардың негізі қару-жарағы мен бағалы бұйымдары көп бекзада, атақты жауынгерлердің қабірлері, жиі кездесетін көмбелері болып табылады. Айрықша белгілері –

полихромды стильмен жасалған бағалы бұйымдар. Олар шығ. ғұндар мәд-інде жоқ, кейін қалыптасқан дәстүрге жатады. Асыл тастар, түсті шынылар орнату, сіркелеу (зернь), сымкәптеу (скань), бөгетті эмаль және алтын-күмістеу тәсілдерін қолданып жасаған сәнді бұйымдар Қазақстанда (Бурабай, Қарағаш, Қанаттас, Батыр), одан әрі бат. қарай Еуропа жерлерінен көп табылды. Шығ. ғұн ескертк. мен Еуропаға барған ғұндарға қатысты ескертк. арасындағы тікелей генетик. сабақтастық ғыл-да дәлелденбеген. Кейбір байланыстар жекелеген бұйымдардан ғана байқалады. Солт. Кавказға, Еуропаға барған тайпалардың мәд. бейнесінде Қазақстан, Еділ бойы мәд-терінің салмағы басым.

ҒЫЛЫМ (араб.: علم (ілім) – ***білім, тану;*** лат.: ***scientia*** – ***білім***) – ақиқат жайлы объективті білімдерді жетілдіру мен жүйелеуге бағытталған адам іс-әрекетінің саласы. Жалпы мағынасы: жүйелік білім мен тәжірибе. Арнайы мағынасы – Ғ-и жолмен жинақталған білім жүйесі және зерттеу нәтижесінде келген ретті білім жинағы. Негізінен Ғ-ды екі санатқа бөледі: Жаратылыс құбылыстарын (биологиялық өмірді қоса) зерттейтін жаратылыстану Ғ. және Адамзат өмірі мен қоғамдарын зерттейтін гуманитарлық Ғ. Бұл санаттар эмпирикалық Ғ. болып табылады, яғни ондағы білім табиғатта көруге және зерттеушілердің әлдебір шарттарда тәжірибе арқылы тексеруге болатын құбылыстарға негізделген. Кейде фундаменталды Ғ. деп аталып үшінші санатқа жатқызылатын математика Ғ-ның жаратылыстану және гуманитарлық Ғ-мен ұқсастығымен қатар айырмашылықтары да бар. Ұқсастығы – әлдебір білімді объективті, ұқыпты және жүйелі зерттеуі, айырмашылығы білімді тексеру тәсілінде: ол эипирикалық емес, көбінесе априори тәсілдеріне артықшылық береді. Статистика мен логистиканы қамтитын фундаменталды Ғ-дар эмпирикалық Ғ-дар үшін де өте маңызды. Ғ., өзара тығыз байланыста болатын, Ғ-и зерттеулер нәтижелерін адамзат мұқтаждығына пайдалану болып табылатын қолданбалы Ғ-нан ажырату үшін кейде тәжірибелік Ғ. деп аталады. Ғ. – адамның табиғат пен қоғ. туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, оның практикалық қызметінің бір саласы. Адамзат қоғ-ның дамуы барысында Ғ. сол қоғ-ның маңызды әлеуметтік ин-ына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғ-ның басты мақсаты – Ғ. заңдары негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен үдерісін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру. Ғ. адамзат қоғамының ерте дәуірінен, адам баласының танымдық және өндірістік қажеттілігінің арасы ажырамай тұрған кезеңнен бастау алады. Ежелгі Шығ-та (Бабыл, Мысыр, Үндістан, Қытай) болашақ Ғ-ға негіз болған білімнің алғашқы нышандары қалыптасты. Оның алғышарты ретінде мифологияны атауға болады. Онда қоршаған орта туралы алғашқы бүтін, тұтас, жан-жақты танымдық жүйе қалыптастыруға ұмтылыс болды. Бірақ танымның бұл формасы өзінің діни-антропоморфты сипатына байланысты нағыз Ғ-нан алшақ жатқан еді. Ғ-ды қалыптастыру – мифологиялық жүйені сынау мен бұзуды талап етті. Ғ-ның қалыптасуы үшін басқа да әлеуметтік жағдайлар: қоғамдық қатынас пен өндіріс дамуының жоғары деңгейі (ой еңбегі мен дене еңбегінің бөлінісі арқылы жеке тұлғалардың Ғ-мен жүйелі түрде айналысуына мүмкіндік тудыру), сондай-ақ әр түрлі халықтар мен мәд-ді еркін қабылдау мүмкіншілігіне жеткізетін бай және жан-жақты мәд. дәстүр болуы қажет еді. Мұндай жағдай б.з.д. VI ғ-да ежелгі Грекияда (Фалес, Демокрит, т.б.) қалыптасып, табиғи бастау арқылы болмысты түсіндіретін мифологияға қарама-қарсы теориялық жүйе пайда болды. Мифологиядан бөліне отырып, теориялық натурфилос-лық білім синкретті түрде Ғ. мен филос-ны танымдық бағытта біріктірді. Ежелгі Грекияда дамыған Ғ. (Аристотель, т.б.) қоғ. мен табиғат заңдылықтарын ашып, мәд. тарихында ұлы рөл атқарды; олар Ғ-ның ерекше тәсілі дәлелдеу негізін қалыптастырды. Осы дәуірде білімнің кейбір салалары даралана бастады. Ежелгі грек Ғ-ның эллинистік кезеңінде геометрия (Эвклид), механика (Архимед), астрономия (Птолемей) жеке Ғ. салалары бөлініп шықты. Орта ғ-ларда Ғ-ның дамуына Шығ., араб елдері, Орта Азия ғал-дары (әл Фараби, Әбу Әли ибн Сина, Ибн Рушд, Бируни, Махмұт Қашқари, Жүйнеки, әл Хорезми, т.б.) зор үлес қосты. Олар ежелгі Грекияда қалыптасқан Ғ-и таным жетістіктерін сақтап қана қойған жоқ, оны көптеген салаларда толықтырып, дамытты. Шығ-та әл-Фарабиді Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» деп таныды. Орта ғ-ларда араб елдері мен ислам діні

тараған басқа да аймақтарда философия, медицина, эстетика, математика, астрономия, т.б. ғылым салалары қауырт дамып, бұл құбылыс кейін Ислам Ренессансы аталды. Мысалы, Омейя әулеті халифатында Ғ. үйі болды, онда ғал-дар ежелгі грек Ғ-ының барлық жетістіктерін араб тіліне аударды, Ғ-ның ерекше формасы, «фәлсафа» қалыптасты. Еуропада бұл дәстүрді кейін схоластар дамытты. Ғ-ның қалыптасуына негіз болған тағы бір тірек алхимия мен астрологияның дамуы. Алхимия табиғи заттар мен қоспаларды тәжірибе жасау арқылы зерттеп, химияның қалыптасуына алғышарт жасады. Астрология аспан денелерін зерттеу арқылы астрономияның дамуына ықпал етті. Қайта өрлеу дәуірінде діннің басымдылығы әлсіреді, Ғ. рухани өмірдің дербес факторы болып, дүниетанымның (Леонардо да Винчи, Николай Коперник) негізгі тірегіне айналды. Ғ. табиғат құбылыстарын жан-жақты зерттеп, адамзат танымының көкжиегін кеңейтті. XVI-XVII ғғ Ғ-да болған терең өзгерістер алғашқы Ғ-и революцияға (Галилео Галилей, Иоганн Кеплер, Уильям Гарвей, Рене Декарт, Христиан Гюйгенс, Исаак Ньютон, т.б.) алып келді. Ғ-ның қарқынды дамуы, дүниенің жаңа бейнесін қалыптастырудағы рөлі артуы, жаңа дәуірде Ғ-ды жоғары мәдени құндылық ретінде тануға, көптеген филос-лық мект. мен бағыттар Ғ-ға қарап бой түзуіне ықпал етті. Механикадағы жетістіктер XVII ғ. аяғында жүйеленіп, толығып, әлемнің механикалық бейнесі туралы түсінік қалыптастыруда шешуші рөл атқарып, кейін әмбебап дүниетанымдық (Леонард Эйлер, Жан Даламбер, Пьер Лаплас, т.б.) маңызға ие болды. Осы бағыттың шеңберінде физика, химия салаларымен бірге биологиялық құбылыстар да зерттелді, соның ішінде адам тұтас ағза ретінде қарастырылып, түсіндірілді. Энергияның сақталуы мен айналуы заңының ашылуы (Роберт Майер, Джеймс Джоуль, Герман Гельмгольц) физика мен химияның барлық тарауын ортақ негізге қоюға мүмкіндік берді. XIX ғ. ортасында әлеуметтік дамудың Ғ-и теориясын жасау үшін әлеум.-экон-лық, филос-лық және жалпы Ғ-и жағдай қалыптасты; физика саласында бірқатар Ғ-и жаңалықтар (электрон, радиоактивтілік, т.б.) ашылуына қол жеткізді. Ғ-дағы дағдарыс физикада басталған жаңа Ғ-и революциямен шешілді және қазіргі заманғы Ғ-ның барлық негізгі салаларын қамтыды. XX ғ. басында жаратылыстану Ғ-ында алдыңғы қатарға биология шықты, онда ДНҚ-ның молекулалық құрылымы белгіленіп, генетикалық кодтары айқындалды. Тұтас Ғ. жүйесін құрайтын Ғ-и пәндерді шартты түрде жаратылыстану, әлеуметтік және техникалық Ғ. деп үлкен үш топқа бөлуге болады. Бұлардың арасында қатаң шекара жоқ, бірқатар Ғ-и пәндер аралық жағдайда қалыптасқан. Ғ-ның ерекше маңызды рөл атқаратын салалары – математика, ақпараттану және басқару теориясы. Ғ-ның белгілі бір саласында дәстүрлі зерттеулер жүргізумен қатар, пәнаралық, кешенді зерттеулер жүргізу қазіргі Ғ-ның ерекше даму бағыты. Іргелі Ғ. саласының міндеті қоғамды, дүниені, табиғатты түсіндіретін заңдарды тану. Бұл заңдар мен құрылымдар «таза күйінде» зерттеледі, оларды тікелей пайдалану мүмкіншілігі шартты емес. Қолданбалы Ғ-ның тікелей мақсаты – іргелі Ғ-ның ашқан жаңалықтарын танымдық, әлеуметтік-практикалық мәселелерді шешуге қолдану. Оның міндеті – ақиқатты тану ғана емес, әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру. Қолданбалы Ғ. теориялық та, практикалық та бағытта дамуы мүмкін. Барлық техникалық Ғ-дар қолданбалы Ғ. саласына жатады. Қазақстанда Ғ-ды ұйымдастыру алғашқыда әр түрлі Ғ-и-зерттеу мекемелерінде және бірқатар жоғары оқу орындарында шашыраңқы күйде жүргізілді. 1945 ж. Қазақстан Ғ. академиясы құрылғаннан кейін, Ғ-и-зерттеу ин-тарының бірыңғай тұтас жүйесі қалыптасты. Ғ. академиясы құрылғаннан бергі уақытта онда үлкен зерттеу жұмыстары жүргізілді; өндіріске құнды жаңалықтар енгізілді. Ғ. нысаны – дербес қасиеттері бар, белгілі бір Ғ. саласы зерттейтін объективті және субъективті шындықтың бөлігі.

ДДД

ДАЛА – Жер планетасындағы, негізінен жазықтардан тұратын, шөптесін өсімдіктер, оның ішінде бетеге, селеу, қау, боз, сұлыбас, т.б. астық тұқымдастар өсетін ландшафтық-белдемдік өңірлердің жалпы атауы. Д. жер шарының қоңыржай белдеулеріне, қоңыр және қара

топырақты аймақтарға тән. Ылғал түсу мөлшеріне байланысты Д-ның өсімдік әлемі тез өзгеріп, түрленеді. Қазақстанға тән Д. климаты негізінен қуаң, жазда ыстық әрі құрғақ, қыста суық, желді келеді. Өсім-тер жамылғысына астық тұқымдастардың ара қатысына қарай Д. бірнеше типке бөлінеді: астық тұқымдастары басым шымтопырақты кәдімгі Д.; шалғынды немесе аралас шөпті Д. және шөлейт пен шөлдің шала бұтасы (негізінен жусан) көбірек өсетін шөл Д. Жер бедеріне қарай Д. ойпатты, қыратты, үстіртті, таулық, жазық болып бөлінеді. Д-ны Солт. Америкада *прерия*, Оңт. Америкада *пампас*, Африкада *саванна*, Орт. Азияда *дешт* деп атайды. Мыс., Дешті Қыпшақ деген тіркес Қыпшақ Д-сы деген ұғымды білдіреді. Еуразияның географиялық ортасында орналасқан қазақ Д-сының өсімдіктер әлемі сан алуан. Кейде бір шаршы метр жерде елуден астам түрі кездеседі. Олар маусым сайын өзгеріп отырады. Көктемнен қоңыр күзге дейін селеу, қоңырбас, көде, бидайық, қызғалдақ, шытыр тәрізді эфемерлер, жуа тұқымдас бір жылдық эфемероидтер, кейбір алқаптарда ешкісабақ, қараған, тобылғы, жабайы шие сияқты бұталар өседі. Қара топырақты Д-да қуаңшылыққа біршама төзімді боз, жусан, алабота, шөлдің қызылқоңыр топырағында изен, шытыр, қараған, бетеге, қылқан селеу, боз, қына т.б. араласа кездеседі. Д-ның жануарлар дүниесі де әр алуан: бауырымен жорғалаушылардан кесіртке, жылан, кірпі, тасбақа, қосаяқ, сарышұнақ, кемірушілердің т.б. түрлері ұшырасады. Олардың көбі қыста ұйқыға кетеді. Қазақ Д-да рі сүтқоректі жануарлардан киік, елік, қарақұйрық, қоян, суыр, (ерте кездерде құлан, тарпаң), жыртқыштардан қасқыр, түлкі, қарсақ, т.б. аңдар кездеседі. Құстардың бозторғай, қарға, сауысқан, шымшық, қаз-үйректің алуан түрі, аққу, қыран құстардан бүркіт, қаршыға, қырғи, ителгі, т.б. мекендейді. Кемірушілер мен бауырымен жорғалаушылардың біразы қыста ұйқыға кетсе, аңдар мен құстардың кейбір түрлері жылы жақты мекендеп, көктем шыға қайта оралады.

ДАЛА ӨРКЕНИЕТІ – түрік халықтарының, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы; этномәдени жүйе қалыптасуындағы табиғи-тарихи тұрпат. Еуропаны үстем етіп, Алтай мен Карпат таулары арасындағы кеңістікте мекендеген түрік тектес көшпелі-отырықшы халықтардың тарихына астамшылықпен қараған О.Шпенглер, А.Тойнби, т.б. батыс философтары оларды «өркениетті дамудан мақұрым қалған жабайы қауым» ретінде сипаттады. Сөйтсе де, географиялық-табиғи аясы далалық саналатын көшпелі халықтардың тарихи даму жолын дербес өркениет ретінде қарастырған ғалымдар да болды. Атап айтқанда, акад. А.П.Окладников далалықтардың этномәдени мұрасына «Батыс Сібір өркениеті» деген атау беріп, «ежелгі түрік Сібірі Шығысқа қарағанда Батыспен тығыз байланыста болған сияқты. Оның мәдениеті бұрын болжағанымыздан әлдеқайда бай» деп көрсетті. Ә.Марғұлан, К.Ақышев, К.Байпақов, т.б. қазақ ғалымдары көшпелілердің қайталанбас өркениеті болғанын материалдық ескерткіш пен мұралар негізінде анықтаса, Л.Н.Гумилев, О.Сүлейменов тәрізді ойшылдар көшпелі халықтар б.з.б. IX ғ-дан б.з-дың XI ғ-ы аралығында Жерорта т. жағалауы мен Қиыр Шығ. елдеріне қарағанда дамудың биік сатысында болғанын дәлелдеді. Осы еңбектер нәтижесінде еур. астамшылдық пен кеңес.-отаршылдық пиғылдағы саясат мансұқ еткен көшпелілердің тарихи-мәд. құбылысы заманауи ғылымға Д. ө. деген атаумен орныға бастады. Ақиқатында, Еуразияның алып кеңістігінде – байырғы Дешті Қыпшақ жерінде эволюциялық даму жолымен қалыптасқан мәд.-экон-лық, рухани тұтастықты, жартылай көшпелі, жартылай отырықшы тұрмыс кешкен тайпалардың (сақтардың, ғұндар мен түріктердің) этнотарихи жүйесі нағыз Д. ө-і болып табылады. Өмір сүрген жерінің климаттық жағдайына тәуелді болып, көшпелі мал шар-мен айналысқандықтан, көшпелі түріктер геоэкон-лық, геосаяси, геомәдени икемділік тұрғысынан біршама шектелгенімен, олар тұйық шеңбердің ішінде қалған жоқ. Бұл жағдай тіпті Еуразияның солт.-орт. кеңістігін мекендеген халықтардың дербес ерекшелігі мол әлеуметтану үдерісі мен нәсілдік-генетик-лық тұрғыдан бірігуіне мүмкіндік берді. Олар адамзат тарихында бірінші болып жылқы мен түйені қолға үйретіп, оларды күш көлігі ретінде пайдалану үшін арба мен ат әбзелдерін жасап шығарды; металл өңдеуді, қыш ыдыс жасауды, зергерлік пен ұсталық кәсіпті меңгеріп, тері илеп, аспан денелері арқылы бағыт-бағдарды анықтауды білді. Көшпелілерде қандық-туыстық байланыстар мен

әлеуметтік ұжымдасудың жан-жақты ойластырылған және қатаң сатыланған жүйесі қалыптасты. Жергілікті материалдан жасалған, көші-қонға қолайлы тұрғын үй мен оған лайықты мүліктер мен жиһаздар, киім-кешек үлгілері біртіндеп өзге құрлықтардағы халықтардың мәдениетіне де ықпал жасады. Еуразияның байтақ кеңістігінде ру-тайпалық бірлестіктен бастап, өзара конфедеративті қарым-қатынасқа негізделген көшпелі империялар құруға дейінгі саяси интеграцияның күрделі үдерістерін өткерген протоқазақтардың – Тұран жазығы тұрғындарының көшпелі және отырықшы мәд-ті қатар дамытқаны ежелгі қытай жазбаларында көрініс тапқан. Соған қарамастан, Ресей империясына отар болған кезеңді айтпағанда, кеңестік биліктің өзі адамзат өркениетіне көшпелілер қосқан үлесті елемеуге тырысты. Сақтар мен ғұндарды былай қойып, Бат. пен Шығ. авторларының еңбектеріне арқау болған, дерегі айқын, орта ғ-лық Византия, Иран, Қытай сияқты елдермен саяси-экон-лық қарым-қатынас жасаған Түрік қағанатына қатысты ақиқат тарихтың өзін айналып өтіп отырды. Көк түріктер дәуірінде көшпелі тұрмыс Орт. Азиядан Рим империясына дейін шеру тартқан ерекше мәд.-әлеуметтік көпір болды. Бірінің орнын бірі басып, үздіксіз алмасып отырған көшпелі империялар шекаралас елдер мен қанаттас құрлықтардағы халықтардың этникалық шығу тегіне, тарихи-мәд. дамуына зор әсерін тигізді. Д. ө-нің ажырамас бөлігі болған Ұлы Жібек жолы әр текті, сан алуан мәд-тер мен халықтар арасын тұтастырып, материалдық айырбасқа ғана жол ашып қоймай, адамзат игерген білім мен ғылымның, мәд. құндылықтардың таралуы мен алмасуы үшін тиімді факторға айналды. Ой-сана дамуы мен байланыстар нәтижесінде Көк түріктердің қайталанбас, төл сына жазуы – «өркениеттіліктің негізгі шарты» пайда болып, қалыптасты. Алтай, Шығ. Түркістан мен Жетісу өңірлерінен, хакас пен тұба далаларынан табылған 200-ден астам ежелгі түрік жазу ескерткіштері б.з. I мыңжылдықтың соңы мен II мыңжылдықтың бас кезіндегі (V-VI ғғ) көшпелілердің өте күшті мәдени-тарихи дамуының айғағы. XX ғ-дың басына дейін дербес өрнегі мен этник. болмысын жоғалтпаған Д. ө-і қазақ жұртына да тән мәдени-тарихи тип екенін М.Қозыбаев, М.Барманқұлов, М.Мағауин, А.Сейдімбеков, Т.Жұртбай, т.б. ғалым-зерттеушілер нақты фактілермен дәлелдеп және ол уақыт пен кеңістік өрісінде географ.-ландшафтық кедергілермен (өткелсіз су айдындарымен, жыныс ормандармен, асусыз биік тау жоталарымен) тұйықталып, оңашаланып тіршілік еткен реликті қоғам емес, даму мен жасампаздықпен әдіптелген құбылыс болғанын көрсетті. Еуразияның д. кеңістігі өз перзенттерінің бойына ерекше жауынгерлік рух пен ізгі дүниетаным қалыптастырып, бабалар бастан кешкен оқиғалардың сілемін жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырды. Көшпелі жұрттың кез-келген өкілі өз халқының бүкіл тарихи-мәдени, адамгершілік тәжірибесі жинақталған ауыз әдеб. нұсқаларын – жыр-дастандарды, аңыз әпсаналарды, толғауларды, т.б. жатқа білді. Айталық, қазақтардың орта ғ-лардан жеткен ауыз әдебиеті мұраларының өзі жүздеген томды құрайды. Мұндай рухани байлықпен мақтана алатын халық көгілдір ғаламшарда некен-саяқ. Осы арқылы-ақ көшпелілер әлемдік өркениеттің тарихи ауқымын кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты. Трансқұрлықтық байланыстар желісі, сондай-ақ әрісі Африка, берісі Еуропа құрлықтарының саяси-этникалық картасына дүркін-дүркін өзгерістер енгізген жорықтары арқылы көшпелілер өзара әрекеттескен өзге халықтарды рухани байытып, жалпақ әлем, жарық дүниенің кеңдігі мен сан алуандылығын көрсетті; экон-лық дамудың, әлеум. ұйымдасудың әр қилы сатысында тұрған, рухани, ділдік, нәсілдік, этномәдени, т.б. сипаттары сәйкес келе бермейтін, бір-бірінен оқшау орналасқан аймақтардағы адамзат қоғамдастығының арасына дәнекер болды. Ислам ренессансын бастан өткеріп, әлемдік ғылымдар мен ғылыми-танымдық ізденістердің бастауына (әл Хорезмидің «әл-Жебрасы», Ұлықбектің астрон. зерттеулері, Омар Хаямның аспан денелерінің картасы, Әбу Әли ибн Синаның дәрігерлік канондары, т.б.) айналған түрік әлемінің ішкі тұтасуының саяси-экон., мәдени жене этногенетикикалық үрдістері Шыңғысхан империясы кезінде тың арнамен дамыды. Шыңғысхан Түрік қағанаты кезінде қалыптасқан әскери-әкімшілік жүйені бұлжытпай басшылыққа алды. XV ғ-дың 60 жж құрылған Қазақ хандығының тағдыры ұлы Түрік қағанаты және Шыңғысхан империясының тарихымен тамырласып, шығ. Дешті Қыпшақ, Жетісу мен Түркістан аумағындағы сан ғ-лық

әлеум.-экон-лық, этносаяси үрдістердің заңды жалғасы ретінде өрбіді. Аралас, яки көшпелі мал шар. мен отырықшы егін шар. катар дамыған, дәстүрлі қ. мәд-і бар өлкенің табиғи топтасуы негізінде XIV-XV ғғ біртұтас экон-лық аймақ құру үрдісі бүкіл қазақ жерін бірегей саяси құрылымға біріктіруге жағдай жасады. Үш жарым ғ-дай Орт. Азияда елеулі рөл атқарған Қазақ хандығы мемл. нышандарын жетілдіріп қана қойған жоқ, қазақ ұлтын тұтастырып, оның этникалық жер аумағын нығайтып, рухани және материалдық мәдениетін дамытты. Әлемдік шар. жүргізу үрдістерінің өзгеруі Еуразия ендігіндегі геосаяси ахуалға кері әсер етті. Елдің солт-нде тауар өткізу рыногын әрі арзан шикізат көзін иемдену, әділетсіз экон. айырбасқа жол ашу мүддесі көкейін тескен Ресей империясы ентелеп тұрды. Адамзат дамуындағы ерекше тарихи-мәдени бітім – Д. ө-нің бесігі болған Орт. Азия елдері сияқты Қазақстан да осы кезеңнен бастап сол империяның геосаяси мүдделері орбитасына айналды. Әскери-әкімш. шаралармен қатар, адуынды идеология аппараты көмегімен отаршылар этномәдени тұтастықты бұзып, ұлттық нигилизмге, тарихи жадсыздыққа дем берді. Көшпелілер қоғамын «басқаруға келмейтін, жабайы, қиратушылық қарымнан аспайтын, прогрессивті дамудың алғышарттарына қарсы жөңкілетін күш» ретінде сипаттайтын пікір орнықты. Патша генералдары мен жазалаушы отряд басшылары қазақ даласындағы озбырлық әрекеттерін, отарлау саясатын «өркениетті әлемді тағылықтан құтқару» деп сылтауратты. Тіпті, бат. Еуропа ғалымдарының өзі (Тойнби, Р.Киплинг, М.Вебер, Э.Трельч, т.б.) еуропалық өркениет қана бар, өзге кеңістік «тағыларды мәдениетті адамға айналдыру алаңы» деп есептеді. Мұның астарында жымысқы империялық саясатпен астасқан нәсілдік астамшылық жатқаны белгілі; әлемге ықпал ету аумақтарын бөліске салып, алуан құрлық игіліктерін иемдену барысында еуропалықтарды өзгелерге өркениет ұрығын себуші, мәдени ұлағат миссиясын атқарушы етіп көрсететін түжырымдамаларда ғыл. шындықтан гөрі отарш.-идеология мүдде басымдығы ашық айтылды. Адамзат баласының ондаған мыңжылдық тарихында көз жеткен бір ақиқат бар: кез-келген ұлттың өркениеттілігі, мәдени бітімі сол елдің тәуелсіздігі аясында ғана өрбиді. Қазіргі Қазақстан жағдайында жалпы адамзаттық құндылықтарға қол жеткізіп, біртұтас мәдени жүйе қалыптастыру үшін өткен жолды, шыққан биікті бағалай білу шарт. Өткенін бағалай білмеген халық келешегін де қадірлей алмайды.

ДАЛАЛЫҚ ТАНЫМ – көшпенділер дүниетанымына негізделген баламалы білік. Д. т. ерекшелігі, ол өзгеріске аз ұшырағаң, мың ж-дар бойы қабылданған құндылықтарды сол күйінде ұстанып келеді. Мысалы, парсы тілдес халықтар зороастризм, манихейизм, ислам діндеріне қатты берілу арқылы өздерінің рухани ділін өзгерткен халықтар. Көшпелілердің дүниетанымында осы діндердің элементтері бар екені даусыз, бірақ, ықпалы мардымсыз. Себебі, көшпенділердің тіршілігі Тәңірлік діни рәсімдерге, миф, аңыздарға негізделген. Д. т-ға тән басты қағида – «біз және өзгелер», қан тазалығына негізделген рулық қарым-қатынас.

ДАЛБА – Сарыарқаның солт.-шығ-дағы ұсақ шоқылы тау. Павлодар обл-ның, оңт.-бат. сілемдері Қарағанды обл. аумағында орналасқан. Солт. – шығ-тан оңт. – бат. қарай 35 – 40 км созылып жатыр, ені 20 – 25 км. Абс биіктігі 770 м (Қарашоқы). Д-ның қызыл қоңыр топырақты беткейлерінде сирек қарағай, сай-қолаттарында қарағай, қайың, терек, тал, тобылғы, ырғай, қараған, т.б. бұталар мен бетеге, жусан, еркекшөп, көде, қылқанды селеу сияқты шалғынды өсімдіктер өседі. Таудан көптеген бұлақтар басталады. Д-ның оңт. – бат-ндағы Қарағайлыбұлақ деген жерде 1764 ж. 97 жасында күзеуде отырған Қаздауысты Қазыбек ауырып, қайтыс болған. Қыс бойы сөреде сақталған ұлы бидің мүрдесін баласы Бекболат жыл шыға Түркістандағы әзірет сұлтан мавзолейіне апарып жерлеген. Қарағайлыбұлақ қонысынан 15 км теріскей, Жыланды тауының жанындағы қорымда Бұқар жырау жерленген.

ДАНЫШПАН (парсыша: ***оқымысты, ғалым***) – рухани кемелдікке жетіп, даналық қасиеттерді меңгерген тұлға. Д. дүние болмысының заңдылықтарын терең түсініп, толық сезінеді және өзі де сол заңдылықтар аясында, ауытқымай өмір сүреді. Оның қатардағы адамдардан айырмашылығы – өзінің іс-әрекетін, барлық ұмырын өткінші қызықтың, жеке бастың қамына емес, мәңгілік құндылықтарға, жалпы адамзаттық аңсарларға бағыттап, өз

тұстастарына, кейін ұрпақ өкілдеріне өнеге таратып, болашақ ұрпақ бейбіт те берекелі қоғамда өмір сүруіне ізгі ықпалын тигізеді. Д. мен талантты адамдар арасында белгілі бір деңгейде салыстырмалы айырмашылық бар. Д. жасаған дүние (шығарма) ерекше сонылық қасиетімен, тың шешімдерімен айрықша сапалық сипатқа ие болады: қоғамның дамуы үшін тарихи роль атқарады. Ол замандастары мен ұрпақтар зердесінде мәңгілік жазылып қалады. Д. – ертегі кейіпкері де, жекелеген идеалист-философтар айтатындай мистикалық күш-қуатқа сүйенген құдіретті жан иесі емес, үздік қабілеті мен ұлан-ғайыр еңбегінің нәтижесінде қоғам дамуын жоғары деңгейге көтере алатын адам. Қазіргі қазақ топырағында жарық дүниеге келіп, ғұмыр кешкен Қожа Ахмет Иасауи, Әбу Насыр әл Фараби, Қаздауысты Қазыбек, Бұқар жырау, Абай сияқты тұлғаларды Д. деп толық сеніммен айта аламыз.

ДАСТАР БОЛЫСЫ – XIX ғ-дың соңында Қарқаралы уезі шегінде пайда болып, 1926 ж. Меңдешев болысына қосылған әкімшілік бөлініс. Кейін ол Қу ауд. құрамында болды. Д. б-нда Бауыр-Бошан рулық бірлестігіне кірген аталардың ұрпақтары болды.

ДАСТАР (ДОСТАР) – тау, Айнабұлақ а. округі орталығының оңт.-бат-та, бат-тан шығ-қа қарай 12-15 км-созылып жатыр. Сай, жыра, аңғарлармен тілімделген көптеген шоқылардан тұрады. Абс. биіктігі және геологиялық құрылымы туралы деректер кездеспеді. Қызыл-қоңыр топырағында бетеге, сұлыбас, жусан тәрізді шөптесін өсімдіктер, қараған, тобылғы, т.б. бұталар өседі. Аңғарларынан бұлақтар бастау алады.

ДАСТАРҚАН – а) ас қоюға арналған төсеніш. Кейбір өңірлерде «Асжаулық» деп те атайды. Өйткені, ол көбінесе ашық түсті, яки гүлді матадан көлемі әр түрлі болып жасалады. Шет-шеті сетінеп кетпеуі үшін жиегін қайырып сыриды және сәнділік үшін шашақ тағады. Қазіргі кезде сүртіп, тазалауға және жууға жеңіл болуы үшін көбінесе клеенкадан жасалған Д. пайдаланылады; ә) кей жағдайда ас-су, тағамның өзін ауыспалы түрде Д. деп атай береді. Мысалы, тұрмысы жақсы, тамағы мол, мейманшыл үйлерді «Дастарқаны мол», «Дастарқаны ашық» деп сипаттап жатады.

ДАУЫЛПАЗ – а) алғыр, текті, мықты қыран құс. Қазақтың шешендік сөздерінде, өлең-жырларда бейнелі теңеу ретінде қолданылады («Сөзден жел тұрғызған дауылпазым, тарихта тектілікпен атың қалды»); ә) ұрып ойналатын саз аспабы. Көне дәуірде бұл аспап соғыс құралы есебінде болып, көшпенділер оны өз жауынгерлерінің рухын көтеруге және жауына айбат шегіп, қыр көрсетуге пайдаланған. Көшпенділер Д-ды түрлі мақсатқа: діни үрдістерге, тұрмыстық қажеттіліктерге, әсіресе, аңшылық кәсіпке – құспен саят жасауға кеңінен қолданған. Д-дың шапаты – өзегі алынған сырты жұмыр бітеу, қатты үйеңкі, қарағай, қайың секілді ағаштардан ағаштан ойып жасалады. Беті әбден иленіп, кепкен шыңылтыр терімен қапталады. Қанжығаға байлап немесе мойынға, иыққа іліп алып жүруге арналған аспалы бауы мен ұрып ойнайтын таяқшалары болады. Д. шанағының сырты мүйізбен, түрлі әшекей тастармен, ою-өрнекпен безендіріледі. Д. – аты айтып тұрғандай, үні зор, дауылды, күркіремелі аспап. Оны алғаш көшпелі қауым өкілдері, яғни малшы-бақташылар төрт түлікті бағу, аң-құстарды, жан-жануарларды үркіту мақсатында пайдаланған. Өйткені, адам даусы жетпеген жерге дауылпаз үні жетеді. Бірте-бірте Д. әскери мақсат үшін қызмет атқарды. Жиһангер хандар оны өз жауынгерлерінің рухын көтеруге және жауына айбат шегіп, қыр көрсетуге пайдаланған. Д. соғу арқылы әміршілер әскерін бір ортаға жинап, шабуылға шығуға немесе кері шегінуге белгі берді. Патша үкімі мен шешімі де жамиғатқа Д. үнімен хабарланды. Уақыт өте келе, Д. ем-дом жасау құралы ретінде қолданды. Бақсы-балгерлер Д. ұрып, көзге көрінбес жындарын шақырған. Сол арқылы дертіне шипа іздеп келген адамды ауруынан айықтырған. Д. – кейін музыкалық аспап ретінде пайдаланылды. Ел ішіндегі өнерлілердің қолынан түспей, хан сарайы мен қараша үйдегі көпшіліктің көңілін көтеруге, халықтың рухани мұқтажын өтеуге қызмет етті. Пайдаланатын ортасына байланысты Д-дың көлемін де әрқалай қылып жасайды. Ханның соғыс қимылдарына қолданатын Д-ы жалғыз адам көтере алмайтындай ауыр әрі өте үлкен болған. Орданың ортасына орнатылған Д-ды арнайы адам (дауылпазшы) соғып ойнаған. Бүркітшілер пайдаланатын Д. қансонар мен салбурында алып жүруге болатындай ыңғайлы етіліп жасалады. Музыкалық аспап ретінде

кең көлемде қолданылатын Д-дардың түрі де, көлемі де онда ойналатын шығ-ның жанрына, өнер ұжымының сипатына (оркестр, ансамбль, т.б.) қарай әртүрлі болады.

ДӘРІЛІК ӨСІМДІКТЕР (лат.: ***Plantae medicinalis***) – медицина мен ветеринарияда емдеу және аурудың алдын алу мақсатында қолданылатын өсімдіктер. Д. ө-дің емдік қасиеті олардың құрамында стероид, тритерпен, алкалоид, гликозид және дәрумендердің, эфир майлары мен тұтқыр заттар сияқты түрлі химиялық қосылыстар болуына байланысты. Дәрі дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын Д. ө. бөлек іріктеледі. Дәріні көбінесе жабайы өсімдіктерден алады. Д. ө. кептірілген шөп, тұнба, қайнатынды, шай, ұнтақ, т.б. түрінде қолданылады. Дәрі дайындау үшін шикізат ретінде пайдаланылатын Д. ө. бөлек іріктеледі. Заманауи кейбір ең таңдаулы дәрі жабайы шөптен жасалады. Кейбір Д. ө., оларды дәрігер (мал дәрігері) ұсынғаннан артық мөлшерде қабылдаған жағдайда, қауіп төндіреді. Өйткені, өте улы келеді. Қазақстанда өсетін алты мыңнан астам өсімдік түрінің бес жүздей түрі Д. ө-ге жатады. Қу – Балқантау өңірінде долана, жалбыз, итмұрын, жуа, жусан, итошаған, қалақай, мия, шайқурай, т.б. көптеген Д. ө. өседі.

ДӘУКЕЕВ Серікбек Жүсіпбекұлы (17.02.1950, Шығ. Қазақстан обл., Семей қ.) – геол.-минералдық ғыл. докторы (1997), Құрметті кен барлаушысы (2002), ҚР ҰҒА академигі (2003). Қазақ политехн. ин-ын (1972, қазіргі Қазақ Ұлттық техн. ун-і) бітірген. 1972-79 жж Алматы обл. «Казгеофизика» өндірістік геол. бірлестігі эксп-сында инж.-геофизик, аға геофизик, бас инж., бас физик (1992), ҚР Геология және қоршаған ортаны қорғау министрінің 1-ор-ы, министрі (1993-97), ҚР Энергетика және табиғи ресурстар вице-министрі, ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі (1997-2001), ҚР ҰҒА президенті (2002-03), Геология ин-ының дир-ы (2002-04). 2006 ж-дан «Қазмұнайтеххим» АҚ дир-лар кеңесінің төрағасы қызметін атқарады. Д. 130-дан астам ғыл. мақала мен 4 монографияның авторы. Қ.И.Сәтбаев атынд. сыйлық иегері (2003). «Құрмет» орденімен марапатталған.

Шығармалары: Минерально-сырьевая база РК на рубеже перехода к рыночной экономике. Минеральные ресурсы Казахстана, А., 1995; Атлас карт. Минеральные ресурсы Казахстана, А., 1996.

ДӘУІПБАЕВ Амантай (1954, Егіндібұлақ а.) – педагог, парт., кеңес, т.б. басқару жүйесі қызметкері. Егіндібұлақ а. №1 ОМ-ті, Қарағанды пед. ин-ын бітіріп, туған а-ндағы мект.-ин-та мұғ. болып еңб. жолын бастады. Ауд. орт-ндағы кәс. техн. уч-де дир-дың ор-ы әрі оқу орнындағы комсомол ұйымының хатшысы, ауд. партия к-інің нұсқаушысы, ауд. мәд. бөл-нің меңг-сі, ауд. парт. к-інің хатшысы, халық депутаттары ауд. атқару к-і төрағасының ор-ы, ауд. әкімінің аппарат басшысы, 2004-13 жж Егіндібұлақ а. округінің әкімі қызм-ін атқарды. Ол басшылық жасаған кезде ауд. орт. мәртебесінен айрылған елді мекен тұрғындарының қордаланған әлеум. мәселелерін шешуге күш-жігерін жұмылдырды. Еңб-тегі табысы лайықты бағаланып, Д. бірнеше рет ауд-дық және а-дық кеңеске депутат болып сайланды, атқарушы билік пен мәд. саласы басшылығы тарапынан марапаттарға бөленді.

ДӘУІПБАЕВ Төкен (1928, Қу ауд, Шарықты а. кеңесі – 24.10.2013, Қарағанды қ.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты. 1946 ж. Егіндібұлақ а. ОМ, одан соң Қарағанды мұғ. ин-ның тарих ф-ін бітіріп, өзі оқыған білім ұясына мұғ. болып оралды. 1956 ж. Шарықты а. кеңесінде орналасқан кен зерттеу партиясының Акжал орталау мект-н басқаруға жіберілген Д. аталған мекеме жабылғаннан кейін, 1958 ж. «Комсомол» с/зы орт-ндағы орталау мект. дир-лығына тағайындалды. 1973 ж. Арқалық ОМ-інің тізгінін ұстап, сексенінші ж-дары Егіндібұлаққа ауысқан соң, мұндағы №2 және №1 ОМ-тердің дир-ы болды. Жарты ғ-ға жуық пед. еңбегінің 36 ж-ында мект. дир-ы лауазымында еңб. еткен Д. көптеген мемл. марапаттарға, соның ішінде «Құрмет белгісі» ордені мен ҚКП ОК-нің Құрмет грамотасына ие болып, бірнеше мәрте а. және ауд. кеңес депутаттығына сайланды.

ДЕГЕЛЕҢ – Сарыарқаның солт.-шығ-ндағы ұсақ шоқылы тау. Шығ. Қазақстан обл. аумағында орналасқан. Абс. биіктігі 1084 м. Дөңгелене келген тауды Ұзынбұлақ өз. екіге бөледі. Таудың солт. бөлігі (Үлкен Дегелең) солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 15 км-ге созылып жатыр, ені 10 км. Таудың екінші бөлігі—Кіші Дегелең қатарласа созылған. Ені 5 км. Екі бөлігі де кезеңдермен (Қалыбай асуы), белдермен бөлінген үшкіл шоқылардан тұрады. Беткейлері сайлармен тілімделген. Тау төм. Және орта девон жыныстарынан түзілген.

Таудан көптеген бұлақтар басталады. Солардың қосылуынан пайда болған Ұзынбұлақ өз. шығысқа, Қарабұлақ өз солт-ке ағады. Таудың қызыл қоңыр топырағы мен тау етегінің қиыршықтасты қызыл қоңыр және ашық қызыл қоңыр топырағында дегелең, бөрте жусан, қылқан селеу, бетеге көде, тобылғы, қараған, т.б. бұталар мен шөптер өседі. Д. тауы мен оның төңірегінде (400шарш. км) 1949 – 91 ж. ядр. қарулар сыналған Семей полигоны болды. Онда 42 ж. ішінде 459 жарылыс өткізілді. Оның 116-сы ауада, жер бетінде (1949 – 62), қалғаны жер астында (1963 – 91) жарылды. Сынақ табиғатқа, экономикаға, халыққа орасан зор апат әкелді. Д. төңірегіндегі елді мекендерде халықтың денсаулығы нашарлады, қатерлі ісік аурулары көбейіп, адам өлімі өсті. Экол. тепе-теңдік бұзылып, шөлейттену процесі күшейді. Тастар ұнтақталып, жер асты сулары, бұлақтар, тау айналасының топырақтары мен өсімдіктері радияциямен ластанып, жануарлар қырылды. Д.Еуразияның кіндігінде орналасқан . 1995 ж. граниттен оны білдіретін пирамида тұрғызылды. Оның кіші нұсқасы Д-нен 100 км оңтүстіктегі Жидебай қыстауындағы Абай мұражайы алдындағы дөңгелек тасқа қойылған.

ДЕМОКРАТИЯ (грекше: ***demos*** – *халық* және ***kratos*** – *билік* деген сөздердің бірігуінен шыққан) – халық билігі. Заманауи түсінікте бұл сөз бірнеше мағынада қолданылады: 1.Мемлекет түрі. 2.Теңдік, сайлау, көпшілік дауыспен шешім қабылдау принциптеріне негізделген қоғамның ұйымдастырылу түрі. 3.Қоғамдық құрылымның мұраты. Д. қандай қоғамда да мемл-тік билікті халықтың заң жүзінде басқаруы. Халық қоғамның барлық мүшесінің құқықтық теңдігін қамтамасыз ететін конституцияны қабылдау және жоғары билікке өз өкілдерін сайлау арқылы Д-лық принциптерді қамтамасыз етеді. Белгілі бір жағдайда, Ата заңға уақыт қажеттілігіне сай түзетулер жасап, өзгеріс енгізіп отырады. Д. халықтың шынайы теңдігі орнаған жерде ғана болады. Мұнда барлық салада – заң шығару, оны орындауда, т.с.с. теңдік болады. Д-да қоғамның барлық саласында әділеттілік, бостандық, еркіндік болуы тиіс. Сонымен, Д. – халық билігі, теңдік, құқық, әділдік, еркіндік принциптеріне негізделген мемл-тік құрылыс. Тұңғыш Д-лық мемл. б.з.д. V ғ-да Афиныда дүниеге келген. Мұнда “Халық кеңесі” жұмыс істеді. Ол мемл-тің ішкі, сыртқы саясатын жүргізді, соғыс ашу, оны тоқтату туралы шешімдер қабылдады, т.с.с. Бірақ, мемл-те «Халық кеңесіне» қатыса алмайтын, толық құқығы жоқ азаматтар да болды. Олар Афиныға басқа жақтан көшіп келгендер, тұрғылықты әйелдер мен құлдар еді. «Халық кеңесі» толық құқықты азаматтар көп болса, оларды басқару қиындыққа түседі деп қорықты. «Халық кеңесімен» қатар бес жүз адамнан тұратын кеңес жұмыс істеді. Оны “бесжүздік” деп атады. Ол «Халық кеңесінде» қаралатын мәселелерді дайындады. Сонымен қатар, «Халық соты» жұмыс істеді. Ол қылмыс жасаушыларды жазалап отырды. Афинылық Д. Перикл (б.з.б. 490-429) басшылық еткен дәуірде гүлденіп өркендеді. Бұл уақыт афиналық Д-ның алтын Ғ-ына саналады. Периклдің уақытында барлық билік мүмкіндігінше біркелкі бөлінді. Д. ежелгі Римде де болған. Мұнда «Халық мінбесі» жұмыс істеді. Мұның құрамына ақсүйектер де, төменгі топ өкілдері де қамтылды. Бірақ бұл Д-ның өрескел жақтары да болды. Азаматтық құқық барлық адамда болған жоқ, себебі, қоғам адам өміріне араласты. Антикалық Д-дан бастау алған классикалық Д-ның өзгешелігі болды. Еуразия даласында үш жарым мың ж. салтанат құрған көшпенді империялардағы қоғамдық қатынастарды бұған мысал ретінде алуға болады. Мұнда саясатқа қоғамның барлық өкілдері қатысты. Тіпті, әскери тұтқын болып құлдыққа түскендер де уақыт өте келе белгілі бір ру-тайпаның арасына сіңіп, көшпелі жұрттың өз адамына айналды. Өйткені, табиғаты қатал, тұрмысы ауыр көшпелі өмір салтында адамдар өзара сенім мен тең құқықтық жағдайда ғана тіршілік ете алатын еді. Көшпелілер кез-келген мәселеге байланысты көзқарастарын ашық білдіріп, ортақ шешім қабылдады. Д. қамтамасыз етілуі мемл-те үшін саяси, экон-лық, құқықтық, мәдени, идеологиялық кепілдіктер жүйесі болуы шарт. Онын, маңызды кепілдігіне әр түрлі Д-лық елдерде қалыптасып жатқан азаматтық қоғам мен құқықтық мемл-тер жатады. Заманауи саясаттану ғылымы халық билігі ретінде Д-ны көбіне утопиялық арман-аңсарды білдіретін түсінік ретінде қарастырады. Дегенмен, ол ешқандай да утопия еместігін, Қаздауысты Қазыбектің қатысуымен қабылданған Қазақ Ордасының

Конституциясы – «Жеті жарғы» қоғам мүшелерінің мүмкіндігінше тең құқықты қарым-қатынасын қамтамасыз еткен қоғамда нағыз шынайы Д. болғанын ұмытпауымыз керек.

ДИУАНА /дуана (парсыша: ***диуанә*** – *ақылсыз, есалаң*) – пәни жалғаннан баз кешкен, ешқандай дүние-мүлік иеленбей, құдайға құлшылық жасап, ел кезіп өмір сүруге бекінген тақуа адам. Бақсылық пен сопылықтың негізгі қағидаттарын қатар ұстанатын Д-лар ел кезіп өмірін өткізеді. Д.-лық дәстүрлі бақсылықты ұстанушылар азайып, ислам дендеп еніп, ол байырғы ортаның шарттарын мойындай бастаған кезде пайда болды. О.Әлжанов: «Бақсылардың қылған кәсібін дуаналар да қылады. Бұлар мұсылмандықтың жөнін айтып жүруші еді. Қаріп-қасір, жетімдерге ақылды сөздер айтып һәм өзге жәрдемшілік қылар еді. Дуаналық әуелі Шайқы-Бұрқы дуанадан үлгі болып қалған еді. Осы уақыттағы дуаналар Шайқы-Бұрқы дуанаға сыйынады. Дуаналар сыйынғанда «Шайқы-Бұрқы дуана пірім қолдай көр», – деп сыйынады»; «...Асасының пішіні бақсылардың асасына ұқсас келеді, һәм ақтағанда аузына түскен сөзді айтып тантып жүреді һәм өлең айтып сарнағанда сөзін екі ауыз өлеңмен бастайды», - деп жазады. Демек, қазақ бақсыларының пірі – Қорқыт болса, Д-ның сыйынатын иесі – Шайқы-Бұрқы дуана деп түйін жасауға негіз бар. Кейбір Д-лар сопының шайхыларына айналып, өздерін «Бақаудин ізбасарларымыз» дейді. Автор тағы да, қоржынында дәрі-дәрмек, асай-мүсейі бар Д. қолына асатаяғын ұстап, ел ақтап күн көретіндігін, диуана басына аққу терісінен тігілген бас киім киетінін, бал ашып, сәуегейлік танытып, жын-шайтанды аластап қуатынын жазады. Ел аралап дуа жасаған Д-лар арнайы өлең айтқан. Ежелгі түсінік бойынша, Д- ерекше қасиетке ие, Алланың сүйікті құлы. Мәшһүр Жүсіп дерегінде Шайқы-Бұрқы диуанаңың қырық күн, қырық түн шыркөбелек айналып, шыңнан секірсе де жерге құламай аман түсетін қасиеті болғаны айтылады. Жалпы, диуана, дәруіштер шыркөбелек айналып билеу арқылы экстазға кіріп, Жаратқан иенің дидарын көруге ынтық болады. Ол емшілік, сәуегейлік, бір сөзбен айтқанда бақсылық салттың жұрнағын жалғастырушы, дәнекерші тұлға. Мәселен, меңдуана шөбінің атауы «бәңг диуана» (мәңгірген диуана) деген сөзден туындаған. Пір, календер, дәруіш ұғымы кейде Д. деп те қолданыла береді. Д.-лар қазақ ауыз әдеб. үлгілерінде көптеп ұшырасады. «Алпамыс батыр» жырында Байбөріге перзент сыйлайтын Баба Түкті Шашты Әзіз әулие Д. кейпінде суреттеледі: Ақ сәлдесі басында,/ Асасы бар қолында,/ Өзі Хақтың жолында,/ Көп календер зіркілдеп,/ Зікір салған соңында/ Бір диуана келеді:/ – Жатырсың нағып балам? - деп,/ Асаменен түрте береді./ Бабай түкті бабаң – мен,/ Басыңды көтер, балам-ай! Қазақ арасында Д. ертеректе дәруіш атымен белгілі кезбелер киген жыртық-жамау шапан киіп, қолына асатаяқ алып, иығына қайыр қоржынын салып ел кезген. Д. киетін киім лапас деп те аталған. Лапас Орта Азия діндарлары арасында XIX ғ. II жартысынан кең тараған. Лапас – ақшыл бөзден тігілген, жағасыз, ұзын жеңді, олпы-солпы, шапанға ұқсас «лыпа» киім. Д-ны жұрт лапас киімінен таниды.

ДОҒАЛАҢ – Қарқаралы, Қу өңірінде кездесетін бірнеше тау, жер атауы. 1). Д. тауы Талды өз-нің сол жағалауында, Қарағайлы к-нен 10 км жерде, абс. биіктігі 957 м. Орта және жоғары таскөмір гранитоидтарынан түзілген. Қарақоңыр топырағында бетеге, жусан, қызылбоз, селеу, т.б. өседі. 2). Д. тауы Қу мен Абыралы өңірлерінің шектесетін тұсында орналасқан, Егіндібұлақ а-ның оңт-де, шамамен 70 км жерде, абс. биіктігі 1002 м. Солт-тен оңт-ке, он км-ге созылып жатыр. Девон жыныстарынан түзілген. Шығ. беткейлері тік. Күңгірт қызыл топырағында тобылғы, қараған, т.б. бұталар мен жусан, селеу, сұлыбас тәрізді шөптесін өсімдіктер өседі.

ДОҒАЛАҢ – қоныс, кеңес билігі тұсында «Қаратау» с/зының бөлімшесі болды. Тұрғындары мал шар-да еңб. етті. С/з тарағаннан кейін болашағы жоқ а-дар қатарына қосылған Д. қоныс біртіндеп елсіз мекенге айналды.

«ДОҒАЛАҢ» СОВХОЗЫ – бұрынғы Қу (Егіндібұлақ, Қазыбек би) ауд. құрамында болған шар. Орт. мекені – Алғабас а. 1962 ж. ұйымдастырылып, 1977-88 жж бұрынғы Талды ауд. құрамында болды. 1993 ж. оңтайластыру желеуімен таратылды. С/з мал өнімі мен астық өндіруге бағытталды. Жерінің жалпы ауд. 198400 га. 1988 ж. мұғдарында с/зда 11536 га дәнді дақыл егістігі, мал түлігінен 34879 бас қой, 1230 жылқы, 839 бас сиыр, маш.-трактор

паркінде 91 трактор, 52 комбайн, 61 жүк автомоб. болды. Осы мезгілде шар. 3609 мың сомның (рубль) өнімін өндірді. С/зға қарасты елді мекендерде ОМ, балабақша, аурухана, 3 клуб жұм. істеді. Мұнда Соц. Еңб. Ері А.Жақсыбаев тұрып, еңб. етті.

ДОЛАНА (лат.: ***Crataegus***)б – раушангүлділер тұқымдасына жататын бұта не ағаш. Д-ның Америка мен Еуразияның қоңыржай белдеулерінде кездесетін 200 (кей деректерде 1000-нан астам) түрі бар. Қазақстанда жеті түрі кездеседі: өңірдің Қу, Едірей, т.б. тауларында өседі. Көбірек тарағаны – алқызыл Д. Жарық сүйгіш, аяз бен құрғақшылыққа төзімді, топырақ талғамайды. Бұтақтары тікенді, кейбір түрлері тікенсіз болады, биіктігі 2-8 м. Жапырақтарының жиегі тілімденген, ұзындығы 6 см, ені 4-5 см. Мамыр-шілдеде гүлдеп, жемісі тамыз-қыркүйекте піседі, жемісі қыста да ағаш басында тұра береді. Гүлі ақ немесе қызғылт, қызыл, жартылай шатырша не қылқан тәрізді гүлшоғырын түзеді, қос жыныстыы. Жемісі – жидек, ұсақ, алқызыл, сары не қара түсті, 1-5 сүйекті, кейбір түрі жеуге жарамды, дәруменге бай. Тұқымынан көбейеді. Аралар арқылы тозаңданып, жануарлар арқылы таралады. Д-ның 50-ге жуық түрі қолдан өсіріледі. Жас көшеті жеті жылдан кейін ғана жеміс салады. Тұқымы және қалемшелері арқылы көбейеді. Сұрыпты түрлері арнайы жылыжайларда ғана өсіріледі. Д-ның шаң мен газға төзімділігін және ауа тазартатын қасиетін ескере отырып, оны қала көшелеріне молынан егеді. Д. медицинада дәрі-дәрмек жасауға пайдаланылады. Д-дан жасалған дәрілер орталық жүйке жүйесін тыныштандырады, жүрек бұлшық еттеріне күш береді, жүрек пен мидағы қан айналымын жақсартады.

ДОМБЫРА – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Оның ұлт өмірінде алатын орны маңызды, музыкалық сипаты дербес те ерекше. Алғашқы кезде жыр, толғау, терме тәрізді эпикалық дәстүрдегі шығ-лар орындаушыны сүймелдеу аспабы ретінде қолданысқа енген Д. біртіндеп ерекше аспаптық шығ. – күй жанрының пайда болуы мен қалыптасуында шешуші роль атқарды. Қазіргі таңда Д. – заманауи жеке әнді сүйемелдеуге, халықтық-фольклорлық музыканы тартуға, күймен қатар, аса күрделі классикалық шығ-ларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі зор, әмбебап аспап. Көне тарих жайлы сыр шертетін әр алуан ескерткіштерге, этнографтар мен шетелдік саяхатшы, зерттеушілердің жазба деректеріне зер салсақ, протоқазақтар мен өзге де түрік тектес халықтарда Д. және оған ұқсас музыка аспаптары ерте орта ғ-ларда белгілі болғанына көз жеткіземіз. Астарында ақиқаттық негіз бар «Ақсақ құлан» күйі жайлы аңыздың сюжетіне жүгінсек, Шыңғыс хан заманында Д. көшпелілерге кеңінен таныс болған. Баласын құлан шайнап өлтірген қаһарлы билеуші өз орнын басатын ұлының қазасын кім естіртсе, соның көмейіне қорғасын құйып жазалауға серт етеді. Жаманат хабарды естіртуге ешкімнің жүрегі дауаламай тұрғанда Кетбұға жырау домбырада ойнаған «Ақсақ құлан» күйімен Жошының өлімін естіртіпті-міс. Д-ның күңіренген күмбірі, зарлы мазмұны жан-дүниесін тебірентіп, азалы хабарды өз аузымен айтқызғаннан кейін сертін орындаған Шыңғыс хан аспаптың шанағына қорғасын ерітіп құйған дүр. Д., әсіресе, XIX ғ-да кеңінен таралып, қазақ даласының түкпір-түкпіріне белгілі болды. Сарыарқа, Алтай мен Қаратау бөктерінде терең тыныстыы, филос-лық толғамы терең шертпе күй өрістесе, Еділ-Жайық бойында һәм Маңғыстау түбегінде арынды да адуынды төкпе күйлер дамыды. Д. аспабымен халықтың Байжігіт, Тәттімбет, Дәулеткерей, Құрманғазы, Сейтек, Қазанғап, Тоқа, Сүгір, Түркеш сияқты ұлы композиторлары мәңгі өлмес туындыларын дүниеге әкелді. Олардың ізін басқан ондаған майталман Д-шылар аспапта ойналатын күйлердің музыкалық формасын үздіксіз жетілдірумен болды. Д. тарту өнері жетіліп, байыған сайын аспаптың техникалық мүмкіндіктері де жетіле түсті. Әр өңірдегі шығ-ның табиғаты мен мазмұнына, т.б. ерекше болмысына қарай оны орындайтын Д-ның да алуан түрі болады. Мысалы, Қазақстанның бат. өңірлерінде Д. үлкен, шанағы сопақ, мойыны жіңішке, перне саны көбірек. Шанағы жалпақ Д-ның бірнеше нұсқасы бар. Бұл аспаптардың пернесі аздау және мойны біршама енді. Д-ға перне тағу ерекшелігі, ең алдымен, орындалатын шығ-ға байланысты. Әдетте, жаңадан пайда болатын перне алғаш тартылатын күй атымен атала береді. Дәулеткерейдің «Түрікпен күйін» орындағанда байланған перне «Түрікпен пернесі» деп аталады. Бейтарап терция интервалын беретін пернеге бат. өңірінің Д-шылары «Сарыарқа пернесі» деген атау берген. Жергілікті

жағдайға, сонда қалыптасқан тұрмыс-салт пен дәстүрге, ән, жыр, күй мект-іне, өнерпаздың орындаушылық мәнеріне, аспапты жасаған шебердің іскерлік қабілетіне байланысты Д-ның көлемі, пішімі алуан түрлі болып келеді: торсық, тұмар, қалақ тәрізді, балдырған, шіңкілдек, қуыс мойын, аша, шертер,т.б. Оркестр Д-ларының өзі қоңыр дауысты (альт), жіңішке дауысты (прима), ащы дауысты (секунда), жуан дауысты (бас – екі нұсқасы) болып жіктеледі. Ән мен жырдың Д-сы 7-9 пернелі болса, күйге арналған аспапқа 15-21 перне тағылады. Олардың құлақ бұрауы да қажетіне қарай (кварта, квинта) өзгертіледі. Д. – әдетте екі ішекті аспап, кейде үш, сирек жағдайда одан да көп ішекті түрлері болады. Ойналатын шығ-ның сипатына орай, оны тарту кезіндегі қағыстардың да алуан түрлері (сермеп ұру, шертіп қағу, іліп тарту, т.б.) бар. Д. құрылымы жағынан басы, құлақтары, пернелері, мойны, шанағы, бетқақпағы, ілгегі, шегі сияқты негізгі және көптеген қосымша (тиек, кемер ағаш, тұжым ағаш, бастырма, ойық, қалқа, өрнек, түйме, желкелік, т.б.) бөлшектерден тұрады. Д. дыбыс өткізгіштігі күшті қарағай, үнділігі жоғары емен, үйеңкі, тұт секілді ағаштардан, бөлшектерден құралып немесе тұтас ойылып жасалады. Тәттімбет мект-нің кеңес дәуіріндегі және қазіргі өкілдері Ә.Хасенов, М.Хамзин, Қ. Жантілеуов, У.Бекенов, Б.Ысқақов, жерлес Д-шылар: Т.Түсіпбеков, Қ.Кәріпбеков, т.б. және Кемпірбай мен Балта, Айтбай мен Мәди дәстүрін жалғастырған Ғ.Айтбаев, Қ.Лекеров, Н.Әбішев, Ж.Елебеков, С.Қорабаева, бүгінгі М.Жүнісова Д. әнге көрік, әншіге көрік болатынын паш етті.

ДОСМАҚОВ Лензехан Сейілханұлы (1928 – 2007, Қарқаралы ауд., Бүркітті а.) – педагог, әуесқой композитор. Қарағанды пед.ин-тын бітірген. Алғашқы әндері тың игеру жылдары шыққан. Отыз жылға жуық ұстаздық етіп, кеңес жүйесінде қызмет атқарған. Д. «Ақтоты», «Қарқаралы вальсі», «Өтініш», «Жанарлармен тіл қатып», «Жастық», «Бақыт күнін тойлаған», «Қош, қалқам!», «Талдым менің», «Қарқаралы – Балқантауда» сияқты әндердің авторы. Д-тың халыққа кең тараған «Қарқаралы вальсі» әніне (сөзін жазған С.Ләмбеков) әйгілі музыка зерттеушісі Б.Ерзакович жоғары баға берген. Д. Қаздауысты Қазыбектің кенжесі Сырымбет батырдың ұрпағы.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ДОСМАҚОВ Сейілхан Досмақұлы (1896, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1975, Қарқаралы ауд., Бүркітті а.) – партия, кеңес қызметкері. КСРО орнағаннан кейін қоғамдағы билік ісіне араласып, партия және кеңес атқару органдарында қызмет істеді. Шет ауд. партия к-нің бірінші хатшысы (1929) болып, Қарағанды обл. партия к-інің хатшысы қызм. атқарған.

ДОСМАҚОВ Темірхан (1917, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 5.02.1985, Егіндібұлақ ауд., Едірей а.) – фельдшер, КРСО денсаулық сақтау ісінің үздігі. ҰОС алдында Қарағанды қ. стомотологиялық уч-ге түскен. Соғыс басталғаннан кейін оқу орны жоғ. мед. уч-ге айналады, оны тәмамдаған Д. бірден майдан даласына аттанып, әскери емдеу-сауықтыру бөл-інде қызмет жасайды. Соғыста оң аяғынан жарақат алған ол бейбіт заман орнаған соң Қарағанды қ-да, 1948 ж. бастап Қу ауд. қарасты Едірей а. келіп, қалған ғұмырын осы өңір халқына қызмет көрсетуге арнады. Ол көптеген мемл. марапаттарға ие болған.

ДОСМАҚОВ Төлеухан Темірханұлы (21.06.1951, Қу ауд., Едірей а. – 22.05.2017, Қарағанды қ.) – ұстаз, дене тәрбиесі пәні маманы, жаттықтырушы, еркін күрестен респ. чемпионы, Бүкілодақтық біріншілікте 52 кг салмақ дәрежесінде күміс жүлдегер атанды (1974), КСРО спорт шебері. 1969 ж. Қарабұлақ а. ОМ, 1973 ж. Қарағанды дене тәрб. ин-ын тәмамдап, Егіндібұлақ а-дағы мект.-ин-та, 80-ші ж-дары Қарқаралы ауд. Бүркітті а-ғы, 1998-2006 жж Бұқар жырау ауд. Доскей а. ОМ-терде дене тәрб. мұғ-і, 2006 ж-дан Қарағанды муз. колледжінде, 2008-12 жж ҚарМУ-дың дене тәрбиесі ф-інде оқытушы болды. Д. зейнеткерлік жасқа толса да, қызм. қалмай, муз. колледжде дәріс берді. Ол Қазақстанның спорт шеберлері Д.Ысқақов, С.Елеусізов, Н.Әлімхановты және ағайынды Ерсайын, Ербол, Манарбек Сәдуовтарды, т.б. жігіттерді тәрбиелеген.

ДОСТАР, қ. ***Дастар***

ДУАДАҚ (лат.: ***Otis tarda***) – тырнатәрізділер отрядының Д. тұқымдасына жататын құс. Шығу тегі жөнінен тырнаға ұқсас болғандықтан, оларды бір отрядқа жатқызады. Д-тың қазба қалдықтары эоцен дәуірінен белгілі. Дене тұрқы тауыққа ұқсас. Д. – үнсіз әрі сақ жүретін

құс. Құрлықта жүруге, жүгіруге бейімделген үш бармағы болады. Салмағы 4-11 кг, ірілері 20 кг-ға жетеді. Шөл,шөлейт далада мекендейді. Д-тар жасағында 24 түр болса, Қазақстанда олардың үш түрі бар (безгелдек, жорға Д., Д.). Д-тың қауырсыны тығыз, мойны қысқа әрі жуан. Қанатының ұзындығы 570-670 мм. Құйымшақ бездері болмайды. Қауырсындары ашық қоңырқай түсті ашық, ұсақ қара жолақтары бар. Құрсақ жағының қауырсындары біркелкі – ақ түсті. Шөлейтті далада, тау бөктерлерінде топтанып, кейде жекелей тіршілік етеді. Д. – жыл құсы. Көктемде ұшып келіп, қазан-қараша айларында жылы жаққа ұшып кетеді: Тәжікстан мен Түркіменстанда қыстайды. Қоразы мекиенінен ірі, әрі тамағының астында бір топ селдір қауырсыны болады. Жұп құру кезінде «күй ойнаққа» түсетін қоразы қанаттарын көтеріп дүрдитеді де, мекиенін айналып билейді. Мекиені 2-3 сарғыш, тарғыл жұмыртқасын жердегі ұяға салып, оны 20-30 күндей шайқайды. Балапандары ширақ болады. Д. өсімдіктермен, кейде ұсақ жәндіктермен де қоректенеді. Бұрын Қазақстанда Д. көп болды. Ел арасында Д-ты «шөл тауығы», «тоқтыбалақ», «қозыбалақ» деп те атайды. XX ғ. ортасында тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде олардың саны азайып кетті. Қазір Д-тың үш түрі де қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген. Жорға Д. шөл және шөлейт далада мекендейді. Тіршілік әрекеті Д-қа ұқсас. Д-тан ерекшелігі – денесі кішірек және мойнында қара жолақ болады. Құмдардың жиегін ала көп кездесетіндіктен, бұл құс «Жиекдуадақ» деп те аталады. Д-тың ең кішкене түрі – безгелдек, оның үлкендігі тауықтай. Ол өте шапшаң жүгіріп, лезде көзден таса болатындықтан, безгелдек деп аталады.

ДУЛАТБЕКОВ Нұрлан Орынбасарұлы (5.05.1962, Шет ауд., Ақсу-Аюлы а.) – ғалым, қоғ. қайраткері, заң ғыл. докторы (2003), проф. (2004),ҚР ҰҒА мүше-корр-і (2012), Қазақстан Парламенті Мәжілісінің депутаты (2016). Акад. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың заң ф-ін үздік бітіріп (1984), 1986-96 жж осы ЖОО заң ф-інде оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафед. меңг-сі болып қызм. атқарды. 1992 ж. ғыл.-пед-лық стажировкамен Түркиеде, 1994-97 жж Англия, Франция, Бельгия, Испания, Малайзия мемл-терінің ун-терінде болып, мол іс-тәжірибе жинады. 1996-2013 жж. Қарағанды «Болашақ» ун-інің ректоры, 2013-16 жж. Қарағанды обл. мәслихатының хатшысы, былтырғы сәуірден ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. Д. аспирантурада оқып жүргенде (1989-92) талантты жас ғал-дарға арналған, А.Байтұрсынов атынд. арнайы стипендия иесі болды. 1993 ж. канд. диссертация қорғады. Халықар. кадр акад-сының (Украина), Әлеуметтік ғыл. акад-сының (Қазақстан) мүше-корр., Я.А.Коменский атынд. Білім беру халықар. славян акад-сының (Молдова), Пед. ғыл. акад-сының (Қазақстан) академигі. «Болашақ» ун-ті «ҚарЛАГ: болашақ үшін ұмытпау керек» ғыл. жобасының авторы. Бұл тақырыпта 20-дан астам кітап жарық көрді. Д. 200-ден астам ғыл. еңб-тің, соның ішінде бірнеше монографияның авторы. Ол кең.-тоталитарлық жүйе құрбаны болған ұлт зиялыларын, соның ішінде, Алаш ардақтыларын ақтап алуға, олардың еңб-терін жарыққа шығаруға өлшеусіз күш-қуат жұмсап келеді. Д. «Болашақ» ун-і шығарған «Сәкен Сейфуллин», «Қаз дауысты Қазыбек би», «Бұқар жырау», т.б. жеке тұлғаларға арналғ. энциклопедиялардың бастамашысы. Қазақстан білім беру Құрметті қызметкері, Құрметті мәдениет қайраткері, Шет ауд. Құрметті азаматы. Ол Халықар. кадр акад. «Білім берудегі еңбегі үшін» алтын медалінің, «Қазақстандағы 2004 жыл заңгері» аталымы «Алтын адам – Человек года» сыйлығының, «Алтын жүрек» Ұлттық сыйлығының иесі. Д. көптеген медальмен және II дәрежелі Достық орденімен марапатталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ДҮЙСЕНБИН Ахметше (1896, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 1969) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. 1920 ж. бастап Павлодар қ. пед. техн-ының баст. мект. мұғ-ін қайта даярлау курстарында оқып,1936 ж. бітірді. 1920-45 жж Қу ауд-ғы баст. мект-терде мұғ. болды. 1929 ж-дан «Қазақ жаңа әліппе қоғамы» Қу ауд. к-ін басқарды. Кейін басшылық жұмқа ауысты. Д. білім беру саласындағы көп ж-ғы табысты еңбегі үшін мемл. марапаттар, соның ішінде Қазақ КСР Оқу министрлігінің мақтау қағаздарын иеленді.

ДІЛДӘ Жүсіпқызы Алшынбай немересі (1843, Қарқаралы округі, Едірей бол. – 1924, Семей уезі, Шыңғыс бол.) – Абайдың бәйбішесі. Алшынбай мен Құнанбай арасындағы достық

құдалыққа ұласып, 1860 ж. Абай мен Д. қосылады. Д- дан Ақылбай, Хакімбай, Әбдірахман, Мағауия деген ұлдар, Күлбадан, Райхан есімді қыздар туады. Д. 1860-1923 ж. Абайдың Ақшоқыдағы қыстауында тұрған. Ғұмырының соңғы жылында кеңес өкіметінің түрткісімен байырғы мекенінен көшуге мәжбүр болады. Д. Әйгерімге тұрғызылған, Аралтөбедегі төрт құлақты бейітке жерленген.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ДІЛМАР СӨЗ, қанатты сөз, афоризм (грек.***aphorismos*** – қысқа нақыл) – ғибрат түрінде айтылатын бейнелі сөз. Афоризмнің баламасы ретінде Д.с. терминін А.Байтұрсынұлы енгізді. Ал Ш.Құдайбердіұлы «мәнді сөздер» деп атаған. Д.с. ойды жинақтап,тереңдетіп, салмақты,өрнекті, кестелі айтуға, мейлінше қысқа, түйінді тұжырымға, өткір мәнерлілікке, парасатты пайымға негізделеді. Мұндай сөздердің мақал-мәтелдерден ерекшелігі—оның авторы белгілі. Д.с. Қаздауысты Қазыбек толғауларында, дауды шешу үстінде айтқан кесімдерінде кездеседі. Мыс., «Аға төбе би бола алмайды—алдында қаймығары жоқ, іні төбе би бола алмайды—артында қайрылары жоқ». Д.с-дер: а) Отан, халық, дәуірге; ә) оқу-білім, ғылым, өнерге; б) ақыл-парасат, арман-мақсат, үміт-тілекке; в) адамгершілік асыл қасиеттерге; г) достық, махаббат, ұрпақ, өмір, уақыт, ата-ана тәрбиесіне, мінез ерекшеліктеріне қатысты жасалады.

ЕЕЕ

ЕБЕКЕНОВ Еркеш, Еркеш Ибраһим (7.11.1930, Ақмола обл., Балқашина а. – 18.10.1986, Қарағанды қ.) – ақын. ҚазҰУ-ды бітірген (1955). 1955-61 жж Көкшетау обл. «Көкшетау правдасы» газетінде әдеби қызм., бөл. меңг-сі, 1961-86 жж «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газетінің Көкшетау, Қарағанды облыстары бойынша менш. тілшісі қызм. атқарды. Тұңғыш өлең-жырлары мерзімді баспасөз беттерінде 1954 ж. бастап жарық көрді. Е-тің поэзиялық шығ-лары «Қарлығаш» (Алматы, 1958), «Көкшетау көріністері» (Алматы, 1960), «Өмір өлмейді» (Алматы, 1963), «Жұлдызды жылдар» (Алматы, 1968), «Жас ғұмыр» (Алматы, 1972), «Оқжетпес» (Алматы, 1973), «Көктем күлкісі» (Алматы, 1974), «Махаббат теңізі» (Алматы, 1977), «Теміртау толғауы» (Алматы, 1978), Таңдамалы, 2 томд. (Алматы, 1980), «Кездесу» (Алматы, 1982), «Алау» (Алматы, 1985) деген атаулармен кітап болып басылды. Біршама баллада-поэмаларына Егіндібұлақ өңірінің малшы, механизатор, т.б. адамдарының (мыс., С.Біләлов, М.Қабдыкәрімова, Т.Асқаров) еңб. үстіндегі әрекеті арқау болған.

ЕГІНДІБҰЛАҚ – ауыл, Қарқаралы ауданындағы ауылдық округ орталығы, Қарқаралы қ-сынан сол.-шығысқа қарай 80 км жерде, Қу тауының оңтүст. етегінде орналасқан. Іргесі 1909 ж. қаланған. 1915-30 жылдары Хлебородное аулы атанды. 1920 Қарқаралы уезіндегі Меңдешев болысының, 1928 ж. Қу, 1965 ж. Егіндібұлақ, 1993-97 жылдары Қазыбек би ауд-ның орталығы болды. Халқының саны 3,5 мың (2005). Жер қойнауында мыс пен құрылыс материалдарының қорлары бар. Ауылда 2 орта мектеп, кәсіптік мектеп, музыка мектебі, интернат-пансион, балабақша, Тәттімбет атынд. халық аспаптар оркестрі, Мәдениет үйі, халық драма театры, тарихи-өлкетану мұражайы, кітапхана, пошта байланыс торабы жұмыс жасайды. Ауылда Қаздауысты Қазыбекке, халық композиторы, шертпе күйдің шебері Тәттімбетке, әнші-композитор, ақын Мәдиге ескерткіш орнатылған. Қу өңірі сондай-ақ ақындар Қалдыбайдың, Кемпірбайдың, Айтбай Демікпеұлының, әйгілі әншілер Ғаббас Айтбаев, Жүсіпбек Елебеков, Қуан Лекеров, Нұғыман Әбішев, Мағауия Көшкінбаев, т.б. туған жері. Е. басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы қатынасады.

ЕГІНДІБҰЛАҚ АГРОТЕХНИКА КОЛЛЕДЖІ – арнаулы орта білім беру мекемесі. Бұрынғы №45 кәс.-техн. уч-нің базасында 2006 ж. ұйымдастырылған. Е. а. к-і өңірдегі а. шар. құрылымдары үшін трактортшы-машинистер, автомеханиктерге техн. қызм. көрсетушілер мен жөндеушілер, электрогазбен дәнекерлеушілер, хатшы-референттер даярлайды. 2016-17 оқу ж-нда мұндағы 105 оқушыға 8 өндірістік оқыту шебері, 15 оқытушы сабақ береді. Е. а. к. жанында 2 шеберхана, 60 орындық асхана, 30 төсектік жатақхана, 5 арнайы пәндер және

компьютер кабинеті, спорт залы жұм. атқарады. Е. а. к. ашылған күннен бері мекемеде Б.Т.Теміржанов дир-р болып қызм. атқарады.

ЕГІНДІБҰЛАҚ АУДАНЫ – 1928-36 жж Семей обл., 1936-97 жж Қарағанды обл. құрамында болған әкімш. бөлініс. Әуелде Қу ауд. болып құрылып (1963 ж. таратылған), 1965 ж. Е. а. деген атаумен ашылды. 1993 ж-дан Қазыбек би ауд. атанды. Орталығы – Егіндібұлақ а. Құрамында 10 а-дық округ, 8 кеңшар, мамандандырылған шар. бірлестігі болды. Е. а. 1997 ж. екінші рет таратылып, Қарқаралы ауданына қосылды

ЕГІНДІБҰЛАҚ АУЛЫНДАҒЫ «АЙГӨЛЕК» БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ – коммуналдық-мемлекеттік мекеме. 1975 ж. 140 орындық мект-ке дейінгі тәрбие орны болып ашылды. Онда әр ж-дары Р.Сыздықова, К.Мұстапаева, М.Құсайынова, Ж.Молдақашева сынды педагогтар меңгеруші қызм. атқарды. Алғашқыда мекеме балалардың жас ерекшілігіне сай жабдықталмаған еді. Мүліктер арнайы тапсырыспен қолдан жасалды. 1984-86 жж ғимарат айналасына тал егіліп, көгалдандыру жұм. жүргізілді. Әрбір топқа участок бөлініп беріліп, арнайы ойын алаңдарын безендірілді. 1978 ж-дан бастап Е. а. «А.» б-б Қарағанды пед. уч-сі студентерінің іс-тәжірибеден өтетін базасы болды. 2005 ж. бері мекемеге М.Мәдікенова жетекшілік жасайды. Педұжымның оқу-тәрбие жұм-ның басты шарты – жан-жақты мультимәдениетті тұлға қалыптастыру. 2007 ж. мекеме заманауи технологиялармен жабдықтала басталды. Тәрбиленушілер игілігі үшін компьютер, бейнекамера, сурет құралдары, баланың жас ерекшелігіне сай жиһаздар, музыкалық және медициналық құралдар, т.б. бұйымдар алынды. 2009 жылы ғимарат күрделі жөндеуден өтті. Асхана мен кір жуу бөлмесі жабдықталды. Мұнда балаға шығ. тәрбие беру жолға қойылған. Е. а. «А.» б.-б. тәрбиеленушілері ауд., обл. көлеміндегі түрлі іс-шараларға, байқауларға үзбей қатысып келеді. Мұнда ата-аналармен ағарту жұм. жүргізіледі. «Отбасы – әлеуметтік институт», «Жанұядағы әке тәрбиесі», «Жарасымды отбасы», «Бала тәрбиесіндегі ата-ана» тақырыптары бойынша ата-аналар бала тәрбиесіне байланысты пед. ақпарат алады.

ЕГІНДІБҰЛАҚ МЕШІТІ – Ислам дінін ұстанушылардың қоғ. орны. Атеизм өктемдік жүргізген дәуірде жаппай жабылып қалған діни мекеме, орталықтар ел тәуелсіздігінің ізін ала ашыла бастады. Солармен бірге, 1995 ж. сол кездегі Қазыбек би ауд. орталығында да ғибадатхана ислам дінін ұстанушыларды қабылдауға кірісті. Оның алғашқы имамы Сембек Рамазанов болды. 2011 ж. осы топырақтың тумасы, кәсіпкер Нұрлан Нүсіпов жаңа ғимарат ашып, жергілікті мұсылман қауымға тарту етті. 200 адам бір мезгілде намазға жығыла алатын дін үйінің жанында сонша орындық асхана бар. Е. м-нің имамы Тұңғат Мұқанов.

ЕГІНДІБҰЛАҚ МУЗЫКА МЕКТЕБІ – балалар мен жасөспірімдерді өнерге баулу ұясы. 1973 ж. ашылған Е. м. м-не осы жердің тумасы Қазақ КСР халық артисі Ж.Елебековтің есімі берілді. Тұңғыш дир-ы Д.Тәуекелов, алғашқы ұстаздары З.Камалиева, А.Шәкірова, К.Асқарова, Р.Жанғабылова болса, одан соң педұжымға Е.Мұқажанов, М.Рымбеков (Апашев), Б.Омарова, Г.Тұрысбекова, Б.Омарова, Б.Қарағызова, М.Сәкірова, Е.Шәріпов, Қ.Бекмағамбетов қосылды. Домбыра, баян, фортепиано, қобыз, виолончел, вокал, хор сыныптары жұмыс жасады. Кейінірек мект-ке М.Рымбеков, Қ.Бекмағамбетов дир. болды. Ауд. жабылғаннан кейін Е. м. м-і де жабылды. Бірақ Егіндібұлақтағы әр мект-те домбыра, баян, қобыз сыныптары ән және музыка пәніне қосымша ретінде енгізілді. Әр мект-тің халық аспаптар ансамблін ұйымдастыру салтқа енді.

Нәзипа АСҚАР

ЕГІНДІБҰЛАҚ ХАЛЫҚ ТЕАТРЫ – ауыл көркемөнерпаздарынан құрылған өнер ұжымы. Е. х. т-ның шымылдығы 1958 ж. Қ.Аманжоловтың «Аңқау Жүсіп» пьесасымен ашылды. Оны драма үйірмесінің жетекшісі Шахман Мағазов сахналады. Қойылымға а-дың түрлі мамандық иелері – М.Ахметбеков, Т.Нысанов, И.Жиенбаев, Қ.Жотабаев, М.Жәлелова, К.Машрапова, Ғ.Жасымбеков сияқты өнерпаздар қатысты. Е. х. т. 1960-71 жж түрлі ойын-сауық кештерімен бірге соқталы драмалық шығ-ларды – Ә.Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емесін», С.Торайғыровтың «Қамар сұлуын», Ш.Құсайыновтың «Күншілдігін», т.б. пьесаларды қойып, үйірме қатары С.Досжанов, Н.Быхина, Ж.Әлин, М.Сембаева, А.Сәрсенова, Р.Жүнісбекова, Қ.Кәріпбеков, Р.Мұқашева, осы ж-дары ауд. мәд. бөл-нің жетекшісі болған Ұ.Мұқашев

сияқты дарынды өнерпаздармен толықты. 1973 ж. Қ.Шаңғытбаев пен Қ.Байсейітовтің «Беу, қыздар-ай!» комедиясымен драма үйірмесі респ. байқаудың лауреаты атанып, «Халық театры» деген мәртебені иеленді. Қойылымды әзірлеген Ш.Мағазов пен Т.Шодыров, Ш.Қабыкенов, Р.Айтбақаева, Б.Кәріпжанова, Ш.Шодырова, Ғ.Құсайынова, С.Рахметов, С.Рахымов, М.Ұсайынов тәрізді жастар «Ел іші – өнер кеніші» екенін айғақтады. Е. х. т. 1973-80 жж шығ-шылық шарықтау биігіне шықты. Өнерпаздар қатары Ө.Әубәкіров, Н.Үсенов, Ә.Мергенбаева, Қ.Месова, Ғ.Имекеев, М.Әбділдин, Ж.Бейсембаева, Қ.Жарылғапова, Қ.Серікбаев, З.Қанафин, Қ.Бекмағанбетов, Ж.Молдақашева, А.Жәкешев, О.Белгібаев, Д.Сәрсекеев, Т.Қойшығарин, т.б. талант иелерімен толығып, С.Шаймерденовтің «Қыр гүлі», «Дөкей келе жатыр», С.Адамбековтің «Біздің үйдің жұлдыздары», Т.Жағыпаровтың «Шаңырақ», С.Жүнісовтің «Ажар мен ажал», Ш.Айтматовтың «Алғашқы мұғалім» драмалары Е. х. т. қалыптасқан өнер ұжымы екенін әйгіледі. Өнерпаздар С.Рахметов, Ш.Шодырова, Ш.Қабыкенов, Р.Айтбақаева, Ө.Әубәкіров, Н.Үсенов, Қ.Кәріпбеков халық шығ-шылығы Бүкілодақтық фестивалының лауреаттары атанды. 1981-93 жж Е. х. т. кәсіби шеберліктің жаңа сатысына көтерілді. Маман режиссер Б.Қапжаппаров, көркемдеуші-суретшілер С.Мағазов пен Ж.Темірғалиев С.Жүнісовтің «Жаралы гүлдер», Т.Нұрмағанбетовтің «Табалдырғыңа табын», Д.Исабековтің «Әпке» драмаларын сахналап, ұжымда көркемөнерпаздардың бесінші буыны – Т.Рахышев, Е.Шодыров, Р.Рахметов, Г.Үсенова, А.Әшімов, Г.Бәкенова, А.Сақатовалар қызм. жасады. Қазақ драматургиясының классикасы – Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясымен, сондай-ақ, Ш.Құмарованың «Кімнің тойы», С.Ғаббасовтың «Айтылмаған сыр» пьесаларымен Қарағанды – Қарқаралы өңіріне ғана емес, Павлодар және Семей (қазіргі Шығ. Қазақстан) обл-тарының іргелес елді мекендеріне гастрольдік сапарға шығып жүрді. Қоюшы режиссер Қ.Имекеев, бастаған Өнер ұжымы режиссер Қ.Имекеев қойған, К.Жұмабековтің «Бала Қазыбек» пьесасымен кезекті атағын қорғап, бас кейіпкерді сомдаған Е.Қорабаев обл. байқауда «Үздік ер адам», көркемдеуші Т.Қойшығарин «үздік суретші» аталымдары бойынша үздік деп танылды. Е. х. т. жанынан құрылған «Тамаша» ойын-сауық отауы 1987 ж. бері жұмыс жасайды. Оның репертуарында сатиралық шығ., әзіл-сықақ, скетч, интермедия, пародия жанрлары, би, эстр. әндер бар. 1997 ж. Егіндібұлақ ауд. орт-ғы мәртебесінен айрылғанымен, Е. х. т. өнерде шыққан биігінен төмендемей, Қу – Балқантау өңірінің халқына қызмет етіп келеді.

Раушан ЖЫЛТЫБАЕВА

ЕГІНДІБҰЛАҚ ЭЛЕКТРМЕН ЖАБДЫҚТАУ МЕКЕМЕСІ – 1967 ж. «Северный сеть» мекемесі атауымен ашылып, сол кездегі Егіндібұлақ ауд. қарасты барлық елді мекенді, шартар мен кәсіпорын, мекемелерді электр қуатымен қамтамасыз етті. Алғашқы басшысы – Шәріп Омаров. Кейін мұнда З.Сәдуақасов, С.Исекеев, С.Мәжитов, Қ.Мұстафа жетекшілік жасады. Қазір «Қарағанды аймақтық энергетика компаниясы» ЖШС-ның филиалы болып табылатын мекеме бұрынғы ауд-ға қарасты өңірді электр қуатымен жабдықтайды. 2008 ж-дан бері мұнда М.Уахитов басшылық жасайды.

ЕДІРЕЙ – 1868-1920 жж Қарқаралы уезінің құрамындағы болыс. Оған дейін (1824 – 1868) Қарқаралы дуанының Айбике-Шаншар болысы атанған. Кезінде ол Қарқаралы уезіндегі Берікқара болысынан кейінгі ең ірі әкімшілік бөлініс болды. Мысалы, 1877 ж-ғы санақ бойынша Е. болысында 2692 адам болды. Кеңес өкіметінің алғашқы ж-дары Қу және Дастар болысы біріктіріліп, Меңдешев болысы атанды. 1928 ж. осы бірлестікке Е. болысы мен Бауыр болысының 1-5 ауылдары қосылып, осының негізінде Қу ауд. ашылды. Е.болысы – негізінен Қаздауысты Қазыбектің ұрпақтары қоныстанған өңір. Қазір бұл Қарқаралы ауд.-ының Мәди, Тәттімбет, Нұрмақов а. округтеріне қарасты жерлер.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЕДІРЕЙ – тау. Қарқаралы ауд.солт.-шығ. бөлігінде, Егіндібұлақ а-ның солт.-шығ-ында, 100 км жерде орналасқан. Абс. биіктігі 893 м (Ашекең сораңы). Солт.-бат-тан оңт.-шығ-қа қарай 15-20 км созылып жатыр. Ені әр жерінде 2-4 км шамасында. Протерозой граниттерінен түзілген. Беткейлері тік, құламалы жартасты. Барлық жерлерде түп жыныстарының 2-7 м

көтеріліп, жер бетіне шығып жатқаны байқалады. Е.-дің сай қолаттары қайың, терек, тал, шілік, арша, тобылғы, т.б. бұталармен көмкерілген. Таудың қызыл қоңыр топырағында аустрия жусаны, бетеге, қызыл боз өседі. Аңғарлар мен тау аралықтарында алуан түрлі шөпті, шиелі, бетегелі шалғындықтар кездеседі. Е-дің етегінен көптеген бұлақтар бастау алады. Таудың орталық бөлігінде, Керегетас жотасының түстігінде Қызылшілік қонысы бар. Арқаға елін бастап әкелген Қаздауысты Қазыбектің ата жұрты осы жерге орналасқан.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

«ЕДІРЕЙ ТҮНІ» – композитор И.Жақановтың ақын К.Сауғабайдың сөзіне жазылған әні. Шығ. Ильяның өзге де әндері тәрізді романтикалық сарында, лирикалық тебіреніспен орындалады. «Е. т.» туған жерге деген іңкәрлік пен перзенттік тебіреніске толы.

ЕЛ АУЗЫНАН — халықтың ауызша таралған көркем-әдебиет туындыларын жазып алып, көпшіліктің игілігіне жарату. Ежелгі рулық-тайпалық кезеңде пайда болып, түркілік тұтастықты бастан кешірген, одан бері қазақ халқының қалыптасу, даму тарихымен бірге жасасып келе жатқан рухани мұраны жинақтау XYIII ғ. басталды. XIX ғ. ол жүйелі арнаға түсті. Бұл игілікті істің бастауында В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, Ш.Уәлиханов, А.Е.Алекторов, А.В.Васильев сияқты ғалымдар тұрды. Қаздауысты Қазыбектің өмірі мен мемлекеттік, қоғамдық істеріне қатысты деректер мен толғауларының едәуір бөлігі ел аузынан жиналып алынған.

ЕЛЕБЕКОВ Жүсіпбек (28.08.1904, Қарқаралы ауд., Нұрмақов а-дық округі – 12.08.1977, Алматы)—әнші, Қазақстанның халық әртісі (1942). Е-ті әншілік өнерге баулыған немере ағасы Жақыпбек Балғабайұлы. Е. кейін Ғ.Айтбаев, Қ.Байжанов, Ә.Қашаубаев, И.Байзақов сияқты өнерпаздармен бірге жүріп, шеберлігін ұштайды. 1920 – 22 ж. Семейдегі «Ес-аймақ» драма труппасының қойған спектакльдері мен концерттеріне қатысады. 1931 – 35 ж. Қазақ драма театрында, 1935 – 60 ж. Қазақ филармониясында, 1960 – 77 ж. «Қазақконцерт» бірлестігінде актерлік-әншілік қызметтер атқарады. 1933 – 38 ж. Қазақ муз. драма театрында (Қазақ акад. опера және балет театры) И.Коцыктың «Айман – Шолпан» муз.комедиясында Әлібектің, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібегінде» Төлеген бейнесін сомдады. 1942 – 43 ж. концерттік топ құрамында майдандағы жауынгерлерге концерттер берді. Осы сапарда Р.Елебаевтың «Жас қазақ» әнін үйреніп келіп, халыққа таратты. Е. Біржан сал, Ақан сері, Абай, Жаяу Мұса, Мәди, Ғазиз, т.б. классикалық үлгідегі әндерін насихаттап, таратушы. Ол халық әндерін, халық композиторларының шығ-ын және қазақстандық композиторлар туындыларын орындады. Е-тің айтуында жүздеген ән этногр. муз. жинақтарға еніп, ғыл. зерттеулер жасалды. А.Затаевич әншіден «Сұржекей», «Арарай», «Ғалия», «Екі жирен», «Балқурай», т.б. әндерді жазып, нотаға түсірді. Е. қазақ әдеб. мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндіктеріне (1936, 1958) қатысты. Гастрольдік сапармен Қытайда, Моңғолияда, Үндістанда болды. 1937 ж-дан өмірінің соңына дейін Алматы эстрада-цирк өнері студиясында ұстаздық етті. Қазір оқу орны Е. есімін иеленген. Тоқсаныншы ж-дардың басынан бері Қарағандыда дәстүрлі әндерді орындаушылардың Е. атынд. респ. конкурсы өткізіліп келеді. Е., әсіресе, Мәди әндері заман талабына сай жаңғырып, ел ішіне кеңінен таралуына көп еңбек сіңірді.

ЕЛЕБЕКОВА Хабиба Қарақбайқызы (16.07.1916, Қарқаралы ауд., Томар а. – 18.10.2016, Алматы қ.) – актриса, мемуаршы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1976). Табиғи таланты бала кезінен ашылған Е. 1934-35 жж Қарқаралы қ. жергілікті халық театрында қызмет жасады. 1935 ж-дан Қазақ драма театрында (Алматы) актриса болды. 1935-37 жж осы театр жанындағы студияны тәмамдады. Оның кәсіби үлкен театр сахнасында сомдаған алғашқы ролі Ж.Шаниннің «Арқалық батыр» спектакліндегі Қарагөз ролі. Жалпы Е. еліміздегі бірінші театрдың сахнасына біріне бірі ұқсамайтын жүзден астам әйел бейнесін шығарды. Олардың ішіндегі ең көрнектілері – М.Әуезовтің «Абайындағы» Қанықей мен Үлжан, «Қарақыпшақ Қобыландыдағы» Күнікей, Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» трагедиясындағы Мақпал, Б.Майлин мен Ғ.Мүсіреповтің «Амангелдісіндегі» Қырмызы, Б.Майлиннің «Майданындағы» Мамық, Қ.Аманжоловтың «Досымның үйленуіндегі» Айғаным, Иран-Ғайыптың «Естайдың Қорланындағы» Айнаш, т.б. Оның сомдаған рольдері табиғилығымен

және шынайылығымен ерекшеленеді. Өмірі сахнада өткен актриса 93 жасында «Біржан сал» (реж.: Д.Жолжақсынов, 2009) көркем фильмінде ойнады. Е. жұбайы, белгілі әнші, Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Жүсіпбек Елебековтің өмірі мен шығ-шылығы туралы «Үні кетпес құлақтан» (1981), «Ән – аманат» (1989), «Қайран Жүсекем» (1998) кітаптарының авторы. Актрисаның өз өмірі мен шығ-шылығы жайлы Ә.Бөпежанова «Әйгілі адамдар» сериясымен «Хабиба Елебекова» (Алматы. «Өнер», 2002) атты кітап жазды.

ЕЛЕУОВ Ерлан Төлеуұлы (8.07.1971, Егіндібұлақ а.) – кәсіпкер. 1988 ж. Егіндібұлақ а. №2 ОМ-і, 1996 ж. Қарағанды металлургия комб-ның ЖТОО-ын (Теміртау қ.) инж.-механик, 2005 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың экон. ф-ін экон. және бизнес мамандығы бойынша тәмамдады. Еңб. жолы: 1994-96 жж Егіндібұлақ а. №45 кәс.-техн. уч-де шебер, 1996-2011 жж дербес кәсіпкер, 2011 ж. «Ержас-Агро» ЖШС-де директор, 2012 ж-дан бері «Сарыарқа-ұн» ЖШС-ның құрылтайшысы және бас дир-ы. Кәсіпкерлікте қол жеткен табыстары үшін Е. Қарағанды обл. әкімінің, кәсіпкерлер палатасының, ҚР Экон. және даму мин-нің Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен, т.б. атаулы сыйлықтармен марапатталған.

ЕЛЕУОВ Құсни Әменұлы (16.03.1934, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – дәрігер, ғалым, мед. ғыл. докторы (1992), проф. (1993). Егіндібұлақ а. ОМ-ті, 1958 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын тәмамдап, еңб. жолын бұрынғы Қу ауд-дық учаскелік емханасында дәрігер болып бастады. 1960 ж. бастап обл. көп салалы клиникалық ауруханасы жарақат-ортопедия бөл-нің меңг-сі қызм атқарды. 1974 ж-дан ҚММИ-да ассистент, доцент, ғыл. оқу-өндірістік бірлест. Жетекшісі, проф. Е. жүзден астам ғыл. мақаланың, монографияның, клиника саласындағы бірнеше жаңалықтың авторы. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де көп ж-дар бойы ҚарММУ жанындағы ғыл. оқу-өндіріст. бірлестігіне жетекшілік жасады.

ЕЛЕУСІЗҰЛЫ Бәкен (5.05.1918, Қарқаралы уезі, Сарытау болысы) – майдангер, есеп-қисап саласының ардагері. 1939 ж. Егіндібұлақ ОМ бітіріп, Қу ауд. ет дайындау мекемесінде бухг. болып еңб. араласты. 1939 ж. қарашада Қызыл армия қатарына алынып, ҰОС-ның алғашқы күнінен алғы шепте ұрыстарға қатысты. 1942 ж. тамызында ауыр жараланып, елге қайтты. Бірден жұм. кірісіп, 1942-43 жж Сарытау а. кеңесінің бухгалтері, Қу ауд. қаражат бөл-нің бас инспекторы, 1943-44 жж Сарытау а. кеңесінің хатшысы, 1944-45 жж Бастал а кеңесінің төрағасы, 1945-46 жж Қу ауд. еңб-шілер депутаттары кеңесі атқару к-інде жалпы бөл. меңг-сі, 1946-48 жж ауд. қаражат бөл-де бас инспектор, одан кейінгі ж-дары ауд. тұтынушылар қоғамында әр түрлі қызм. атқарып, 1987 жылы зейнеткерлікке шықты. Ол көптеген мемл. наградалармен, соның ішінде II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

«ЕЛІМ-АЙ»-- қазақ халқының басына зұлмат тудырған XYII – XYIII ғ. жоңғар қалмақтарының шапқыншылығы дәуірінде, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында дүниеге келген тарихи жыр. Әуелде халық туындысы деп есептелген «Е»-ды кейінгі кезде Қожаберген жырау шығарған деген пікір айтылып жүр. Жоңғар басқыншылығына қарсыҰлы Отан соғысы батырларының бірі әрі талантты ақын болған Қожаберген аңыздағы әйгілі Толыбай сыншының баласы делінеді. «Е»-- жай ғана жыр емес, адамның сай-сүйегін сырқырататын ерекше зарлы әуені бар шығарма. Оның өлең ұйқасы, буын саны, т.б. құрылысы қазақтың дәстүрлі поэзиясының озық үлгісі болып есептеледі.

ЕЛІКБАЕВ Қабыкен (1921, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 1989, Егіндібұлақ а.) – алғашқы фельдшер, КСРО Денсаулық сақтау ісіне еңбек сіңірген қызметкер. 1939 ж. Егіндібұлақ а. ОМ, ҰОС қарсаңында Украинаның Харьков қ-сындағы әскери-мед. уч-ні бітіріп, КСРО Қарулы күштерінің Бат. Украинадағы Ровно қ. бекінген 19-танк дивизиясының 37-ші полкіне жіберіліп, алапат майданға араласады. Дивизия қоршауда қалып, Е. өзгелермен бірге концлагерьге айдалады. Есебін тауып қашып, Белгород қ-сы маңында Қызыл әскер бөл-не жетеді. Кейін 248-атқыштар дивизиясының 905-полкі құрамында соғыс соңына дейін міндетін атқарды. Еуропаны жүріп өткен әскери фельдшер Берлинге жеңіс туын тігу салтанатына қатысты. Ол бейбіт заманда Нұрмақов а. кеңесінде фельдшер болып қызм.жасады. Аға лейтенант Қызыл жұлдыз, I, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, көп медальдармен марапатталған.

ЕРҒАЛИЕВ Бәнтай (18.11.1938, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі – 2015, сонда) – әуесқой әнші, а. көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі, респ. фестивальдың лауреаты (Алматы, 1967). 1957 ж. ОМ, 1962 ж-дан «Арқалық» с/зында жүргізуші, 1971 ж-дан автодүкен, сауда уч-сінің меңг-сі болды. Өмірінің соңғы ж-дары а. мешітінің имамы болып, жастарды имандылық, адалдық жолына тәрбиелеу ісіне үлес қосты.

ЕРЖАНОВ Іскендір (Скендр) (1900, Ақмола обл., Қорғалжын ауд., Құмкөл а. кеңесі – өлген ж. мен жері белгісіз) – кеңес қызметкері. 1938 ж. кеңес құрылысы курсын бітірді. Кеңес қоғ-ндағы еңб. жолын 1927 ж. Қорғалжын ауд. аурухана күзетшісі болып бастаған. 1927-30 жж Қорғалжын ауд. №1 а. кеңес төрағасы, 1930-34 жж балалар үйінің меңг-сі, аңшылар қоғ-ның бастығы, 1934-37 жж Құмкөл а. кеңес төрағасы, ауд. жол бөл-нің бастығы, 1938-42 жж халық депутаттары Қу ауд. атқару к-нің төрағасы қызм. атқарды. Е-тың бұдан кейінгі тағдыры туралы деректер кездеспеді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЕРМЕКБАЕВА Бақытгүл Әбікенқызы (1962, Егіндібұлақ а.) – дәрігер, мед. ғыл. докторы, профессор. Егіндібұлақ а. ОМ-ті алтын медальмен, Қарағанды мемл. мед. ин-ын тәмамдап, еңб. жолын обл. орталығындағы №2 емханада терапевт болып бастады. Тоқсаныншы ж. басында клиникалық ординатурада қызм. жасап және ҚММИ-дың фармакология кафед-да ассистент болып, 1994 ж. мед. ғыл-ның канд. атағын қорғады. 2000 ж. докторантураны табысты бітіріп шығып, БҒМ Ұлтт. биотехн. орт-дағы клиниканың жетекші фармакологы лауазымына тағайындалды. Көп ұзамай докторлық диссертация қорғады. 2001-06 жж ол Қазақстан фармацевтика ин-ның проректоры қызм. атқарып, 2007 ж. проф. атанды. Е. АҚШ (USA ID) халықар. даму агенттігі "Здрав-Плюс" жобасымен құрылған «Ақпараттық дәрі-дәрмек орталығы» қоғ. бірлестігінің төрайымы, ҚР БҒМ Ұлтт. биотехн. орталығы токсикология және фармакология зертх-ның аға ғыл. қызметкері.

ЕРУЛІК – дәстүрлі халықтық жоралғының жарқын үлгісі. Жаңадан көшіп келген, қоңсы қонған отбасына бұрыннан отырған көршілері қонақасы береді, дәм-тұз татырып, ықылас-пейіл білдіреді. Е. беру арқылы а. тұрғындары жаңа көршілерін өз ортасына сіңіріп, етене жақындастыруды, бөтенсіретпеуді көздейді. Қыс мезгілінде Е-ке қысқы соғымның сүбелі мүшелерінен (қазы-қарта, жал-жая, т.б.) пісіріледі, жазда арнайы қой сойылады.

ЕСЕНБЕРЛИН Ілияс (10.01.1915, Ақмола обл. Атбасар қ. – 05.10.1983, Алматы қ.)— жазушы. Қазақ тау-кен және металлургия ин-тын бітірген (1940). 2-дүниежүз. соғысқа қатысқан. 1942 – 47 ж. Қазақстан КП ОК-нің нұсқаушысы, 1947 – 51 ж. Қазақ мемл. Филармониясының директоры, 1953 – 54 ж. Қазақстан Геология мин-де аға инспектор, 1954 – 55 ж. Ақтөбе обл. Берсүгір шахта басқармасының бастығы, 1955 – 57 ж. Қазақ мемл. Көркем әдебиет баспасының аға редакторы, 1958 – 67 ж. «Қазақфильм» киностудиясының аға редакторы, 1967 – 71 ж. «Жазушы» баспасының директоры, 1971 – 75 ж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-ші хатшысы. «Сұлтан», «Айша» дастандары (1945), «Адамгершілік туралы жыр» (1949) өлеңдер жинағы, «Большевик туралы поэма» (1957), «Біржан сал трагедиясы» (1959) дастандары, «Өзен жағасында» (1960), «Толқиды Есіл» (1965), орыс тілінде «Адам туралы ән» (1957) хикаяттары жарық көрген. «Айқас» (1966), «Қатерлі өткел» (1967), «Ғашықтар» (1968), «Қаһар» (1969), «Алмас қылыш» (1971), «Алтын құс» (1972), «Жанталас» (1973), «Көлеңкеңмен қорғай жүр» (1974) романдары, «Көшпенділер» трилогиясы (1976), «Маңғыстау майданы», «Аманат» (1978) романдары, «Алтын Орда» трилогиясы (1982, 1983), «Махаббат мейрамы», «Алыстағы аралдар» (1983), «Аққу құстың қуанышы» (1984) романдары, шығармаларының он томдық жинағы (1984-90), «Жұлдыздар» (1977) поэмалар жинағы жарық көрген. «Таудағы тартыс» (1962) пьесасы Балалар мен жасөспірімдер театрында қойылды. М.Ерзинкянмен бірігіп жазған «Құйма» (1961) киносценариі бойынша фильм түсірілді. 40-тан астам өлеңдеріне ән жазылды. Шығармалары шет тілдерге аударылған. Қазақстан Мемл. сыйл. иегері (1968). Қаздауысты Қазыбек Е-нің «Жанталас» тарихи романындағы («Көшпенділер» трилогиясы) орталық кейіпкерлердің бірі.

ЕСЖАНОВ Ғабдолла (1908, Қарқаралы уезі, Қу бол., Сарытау қонысы – 1978, Егіндібұлақ а.) – өндіріс жетекшісі, Құрметті жолшы (1962). Семей қ. балалар үйінде тәрбиеленіп, осындағы автомоб. жолдары-құрылыс техн. бітірген (1932). Кеңес дәуіріндегі екпінді құрылыстардың бірі Түркістан – Сібір теміржолын, сол кездегі өнеркәсіп алыптарының бірі Балқаш кен-байыту комб. салуға қатысты. 1942 ж. өз еркімен ҰОС-на аттанады. Майданда ауыр жарақат алған Е., емделген соң елге оралып, жол салу мекемесінде жұм. жасады. 1957-59 жж Қарқаралы №222 жол пайдалану учаскесін басқарып, одан кейін Қу ауд. №353 жол пайдалану учаскесіне ауысып, бастық, прораб қызм. атқарды. Е. көптеген мемл. марапаттар, соның ішінде жауынгерлік наградалар иеленді. Бірнеше мәрте Егіндібұлақ а. кеңесіне депутат болып сайланды. 2000 ж. Егіндібұлақ а-ндағы бұрынғы Пушкин көшесіне Е-тың есімі берілді.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

ЕСЖАНОВ Сапар Ғабдоллаұлы (14.09.1959, Егіндібұлақ а.) – байланыс инж., Құрметті байланысшы (2004). 1976 ж. ОМ, 1977 ж. Егіндібұлақ а. №182 кәс.-техн. уч-ні, 1982 ж. Алматы байланыс электротехн-ын, 1993 ж. Алматы энергетика ин-ын (байланыс экон-сы және оны басқару мамандығы бойынша), 2001 ж. Қазақ заң академиясын бітірді. Еңб. жолын 1977 ж. Қарағанды қ. техн. байланыс торабын пайдалануға беру мекемесінде электромонтер болып бастап, аға электромеханик, 1979-82 жж Егіндібұлақ ауд. байланыс торабында аға электромеханик, 1982 ж. «Казгипросвязь» ин-ында аға техник, 1982-84 жж Алматы байланыс электротехн-ында зертханашы, инж., 1984-88 жж Талды ауд. байланыс торабында аға электромеханик, инж., цех бастығы, Қарқаралы ауд. байланыс торабының Қарағайлы байланыс бөл-сі электробайланыс учаскесінің бастығы, 1988-97 жж Тельман ауд. байланыс торабының, 1997 ж. Теміртау қ. байланыс торабының, 1997-98 жж Қарағанды қ. телефон желісінің дир-ы, 1998-2004 жж Қарағанды обл. телекомм. дир-сы Бас дир-ының ор-ы, Бас дир-дың маркетинг және сату бойынша, өндірістік-шар. мәселелер жөніндегі ор-ы, 2004-07 жж Бас дир-дың ор-ы – техн. дир., Бас дир-дың ор-ы – коммерц. дир. 2007-16 жж Телекомм. Теміртау қ-лық өндірістік торабының бастығы қызм. атқарды. Қазіргі таңда Қарағанды обл. телекомм. жергілікті желілерге техн. қызм. көрсету орт-ның бастығы. Қарағанды қ. мәслихаты депутаты, 2003-07 жж обл. мәслихатқа депутат болып сайланған. Е. мемл. наградалармен марапатталған.

ЕСЖАНОВ Ілдебай (8.04.1937, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі – 9.05.1989, Егіндібұлақ а.) – дәрігер, КСРО денсаулық сақтау ісінің озаты (1970). 1954 ж. ОМ бітірген соң Қарағанды мемл. мед. ин-ның емдеу ф-ін тәмамдап, 1961 ж-дан Арқалық уч-лік аурух-да бас дәрігер, 1966-76 жж Егіндібұлақ ауд. аурух-сы балалар бөл-нің меңг-сі, 1976-88 жж бас дәрігердің ор-ы қызм. атқарды. Е. халық денсаулығын жақсарту, науқастарды емдеу бойынша үлкен іс атқарды. Өңірде бірінші биохимиялық зертхана ашып, оның жұмысына және дәрігерлер мен кіші мед. қызм-лердің білімі мен іскерлігін жетілдіруге басшылық жасады. Ол педиаторлардың респ. I съезіне (Алматы) қатысты. Е. халық денсаулығын сақтау саласындағы ұзақ ж-ғы жемісті еңб. үшін көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

ЕСМАҒАМБЕТОВ Еренғайып (Ерен) (5.05.1937, Қу ауд. Едірей а. кеңесі – 1.09.1991, Егіндібұлақ ауд., Айрық а.) – экономист, еңб. ардагері, ұлттық салт-дәстүрдің сұңғыла білгірі. 1965 ж. Қарқаралы зоовет. техн-ын, 1978 ж. Алматы есепші-бухгалтер біліктілігін көтеру курсын, 1982 ж. Мичурин с/з-техн-ын үздік бітірген. Қу ауд. орталығы Егіндібұлақ а-дағы №1 қазақ ОМ-ін 1956 ж. аяқтап, еңб. жолын сол ж-ы Жамбыл атынд. к/зда жұмысшы болып бастады. 1960 ж. жаңа ашылған «Арқалық» с/зына есепші болып ауысты. 1966 ж. «Арқалық» с/зының 5-ші Айрық бөл-сіне зоотехн. қызметіне жіберілді. 1975 ж. «Айрық» с/з болып қайта құрылғаннан кейін, осы шар-та алдымен бухгалтер, 1978 ж-дан бас бухгалтер міндетін атқарды. 1982 ж. бас экон. қызм. ауысып, ғұмырының соңғы күніне дейін туған жеріне, еліне еңб. етті. Жан-жақты білімі мен іскерлігі, биік мәдениеті мен принципшілдігі арқасында дүйім елдің қадірлі азаматы болған Е. бірнеше мемл. марапаттарға ие болды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЕСТЕЛІК – әдеби шығарма, мемуар жанрының бір түрі. Е.—өмірде шынайы болған ірі тұлғалар мен ел тарихында өткен елеулі оқиғалар жайында көзбен көріп, куәгер болған адамдардың сол оқиғаны, өткенді еске түсіріп, өз атынан баяндап беруі. Алайда, Е-те деректер тарихи еңбектегідей нақты берілмеуі мүмкін. Е. оны айтушының таным-түсінігі тұрғысынан баяндалады. Е-те автор көзімен көрген ақиқаттан алшақ кетпей, оны көркемдеп, бейнелеп жеткізуге құқылы. Е. жанрлық табиғаты жағынан мемуардың күнделік, жолжазба, т.б. түрлеріне жақын. Қаздауысты Қазыбек туралы замандасы Бегімысық әулие айтты деген, Мәди жайлы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев қалдырған Е-тер бар.

ЕСІМОВ Қаби Ахмедияұлы (1.09.1935, Ворошилов (қазіргі Бұқар жарау) ауд., Буденный (Белағаш) а./ Қу – Балқантау өңірі, Мәди а. округінің тумасы.) – тарихшы-ғалым, тарих ғыл. кандидаты (1975). Еңбек жолын кен-байыту комбинатында жұмысшы болып бастаған. ҚазМУ-ді бітірген соң (1962), Қарағанды пед. ин-ында оқытушы, ф. деканының ор-ы, КСРО тарихы кафед. тарихының меңг-сі болды. 1992 ж-дан ҚарМУ-дің деректану, тарихнама кафед-ның меңг-сі, доценті, профессоры (2000). Жүзден астам ғыл., ғыл.-әдіст. мақалалар мен «Қазақстан тарихы деректануы» (Қарағанды, 1999) оқулығының авторы. Мұрағаттардан Қаздауысты Қазыбек жөнінде құнды деректер тауып, ғыл. айналымға қосты. «Қарағанды. Қарағанды облысы» (1986) энциклопедиясының белсенді авторы, жұмыс тобының мүшесі болды. Е. Қаздауысты Қазыбектің Қазымбет деген баласынан тарайтын ұрпағы. Мемл. марапаттардың иесі.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЕСІМОВ Қайролла (11.03.1958, Қарағанды қ./ Қу – Балқантау өңірінің тумасы) – заңгер, отставкадағы аға әділет кеңесшісі (полковник). 1976 ж. Қарағанды дене тәрбиесі техн-ын, 1982 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың заң ф-ін тәмамдап, 20 ж. ішкі істер органдарында (тергеуші, бөл. баст-ның ор-ы, баст., басқ. баст-ның ор-ы, обл. департамент тергеу қызм. баст-ның ор-ы лауазымында) еңб. жасады. Осыдан соң прокуратура органдарына ауысып, 2001-04 жж Бұқар жырау ауд-да, 2004-08 жж Саран қ-да, 2008-11 жж Қарағанды қ-ның көлік қызм-де прокурор болып, 2012 ж. ҚР Бас көлік прокуратурасынан зейнеткерлікке шықты. Құқық қорғау саласындағы ұзақ ж-ғы еңб-не орай бірсыпыра мемл. марапаттар иеленген.

«ЕСІМ ХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ» – дәстүрлі қазақ қоғамындағы заңдар жиынтығы. Оның негізін Қасым хан салған болатын (1511-23). Заң жинағына Қыпшақ, Шағатай және басқа ұлыстарда қолданылатын әртүрлі Жарғы ережелері енгізілді. Есім хан өзіне дейін көп өзгеріске ұшырамаған Қасым заңдарын іс жүзінде жаңғыртып қолдануды билік үдерісінде қатаң талап етті. Қасымның заңы Есімнің арқасында сол дәуірдің әск.-саяси және әлеум. қажеттіліктеріне, халықтың тұрмысы мен дәстүріне сәйкес жетілдірілді. Соның нәтижесінде заң халық арасында кең тарады. Бұл заң ережелері жермен, малмен байланысты материалдық тарап-арыз, қылмыстық іс (ұрлық, кісі өлтіру және т.б.), әйелдің қоғамдағы орны, әскери міндеттілік, дәстүрлі шаралар, кедейлерге көмектесу және т.б. туралы мәселелерді қарады. Халық бұқарасы да Қасым хан заңының ережелерін ұстауды қалады. Заң жиынтығы билеушінің құрметіне «Есім ханның ескі жолы» деп аталды.

ЕШМАНОВ Қайыркен (2.09.1950, Қу ауд., Ақтасты а.) – 1968 ж. Семей обл., Бесқарағай ауд., Өндіріс ОМ, 1973 ж. Қазақ мемл. а. шар. ин-ын агроном мамандығы бойынша бітіріп, кеңес әскері қатарында офицер шенінде қызм. етті. Еңб. жолын 1975 ж. Егіндібұлақ ауд. статистика басқармасында аға экон. лауазымында бастап, одан соң Егіндібұлақ мал бордақылау бірлестігінде бас экономист болды. 1982-84 жж осы бірлестікте баст. партия ұйым. хатшысы, 1984-89 жж «Қаратау» с/зының, 1989-93 жж Егіндібұлақ мал бордақылау бірлестігінің дир-ы, ауд. а. шар. басқармасының бас агрономы, 1993-2001 жж Молодежный (қазір Осакаров ауд. құрамында) ауд. Ертіс а. округінің әкімі қызм. атқарды. 2001 ж. бері «Дархан» отбасылық шар. қожалығының жетекшісі. А. шар. саласындағы ұзақ ж-ғы табысты еңбегі үшін бірсыпыра мемл. марапаттарға ие болған.

ЖЖЖ

ЖАБАҒИН Кәрім (1912, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 16.12.1995, Қазыбек би ауд., Арқалық а.) – малшы, еңб. ардагері. 1934 ж. «Айрық» к/зына мүше болып кірді. 1945 ж. «Жаңа негіз» к/зына ауысып, қой бақты. Мал басын өсіруде, оның өнімділігін молайтуда үлкен табыстарға қол жеткізгені үшін 1948 ж. КСРО Жоғ. кеңесінің жарлығы бойынша Ленин орденімен марапатталды. 1957 ж. Одақ астанасы Мәскеу қ-да болып, Кремльді көру құрметіне бөленді.

ЖАЙНАҚТЫҢ Қасымы (1879, Қарқаралы уезі, Дастар бол., Ақшоқы қон. – 1937) – қазақ қоғ-ында әлеум. әділдік орнату үшін күресуші, саяси қуғын-сүргін құрбаны. Орыстардың қазақ жерін отарлау саясатына қарсы күресіп, Алаш қайраткерлерінің ой-пікірін жергілікті жерде жүзеге асыруға әрекет еткені (а-да заманауи мект., клуб салғызып, мәдени-ағарту жұм. жүргізген) үшін күрескер әнші Мәди Бәпиұлы тәрізді патшалық Ресейдің қаһарына ілігіп, Семей, Қарқаралы түрмелерінде отырған **Ж.** Қ. далаға тапсыз, жұмақ өмір орнатамыз деген кеңестік биліктің аяр саясатына құлай сеніп, 1917 ж-ғы қазан төңкерісінен кейін елді отырықшылдандыру, к/з ашу, халықты сауаттандыруға кіріседі. А. шар. шикізатын қ. базарына өткізіп, жұртты керосин, киім-кешек, т.б. тұрмыс бұйымымен қамтамасыз ету, агротехн. шаралар жүргізу, мал тұқымын асылдандыру, тіпті, елге кино көрсету ісін қолға алады. Бірақ, елдің малын тәркілеу, асыра сілтеу басталғанда жұртын аштықтан аман сақтап қалу үшін тұқымдық астықты таратуға дейін барды. Сөйтіп, елін жарқын өмірге бастамақ болған есіл ер саяси террор өрістеген кезеңде ату жазасына кесілді.

ЖАЙСАҚ қажы Төлепұлы (1854., Қарқаралы округі, Едірей бол. – 1917., Едірей) – қажы, ағартушы. Қаздауысты Қазыбектің Қазымбетінен тарайтын ұрпағы. Жасынан зерек, алғыр Ж.қ. ерте сауат ашып, шағатай, парсы, араб, орыс, т.б. тілдерді жақсы меңгерген. Есейе келе, опасыз жалғанның әзәзіл әрекеттерінен баз кешіп, Алланың ақ жолын берік ұстанады. Қазан қ-сында 1906 ж. Меккеге қажылыққа барған мұсылмандардың тізімі көрсетілген кітап жарық көріп, онда Қарқаралы округіне қарасты Едірей болысынан Жайсақ Төлепұлы алты мәрте қажылық сапар шеккені көрсетілген. Ж.қ. одан соң жетінші рет жолға шыққан. Ол алғашқы екі сапарында өзінің мұсылмандық парызын өтеуді мақсат етсе, кейінгі жолдары қасиетті Меккеге бет түзеген мұсылман бауырларын бастап барған. Ж.қ. дін саласында ғана емес, дүниелік ғылымға да жүйрік, жан-жақты білімді, оқымысты жан екен. Ол Едірейдің Сарыбұлақ деген қонысында медресе ашып, бауыр Бошан елінің талапты балаларын оқытқан. Солардың бірі – өзінің баласы Камал (Камелетдин) Жайсақов Айя-София медресесін тәмамдаған ғұлама, Қарқаралыдағы қазақ-орыс мектебінде матем. пәнінен дәріс беріп, қазақтың тұңғыш матем. проф., Алаш көсемдерінің бірі Ә.Ермековке есеп әліппесін үйреткен. Шығ. халқының мәден., әдеб., дәстүрін насихаттаушы Ж.қ. 63-ке, яғни Пайғамбар жасына келгенде бақилық сапарына аттанған. Ж.қ. зираты Түндікті өз. бойында.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖАЙСАҚОВ Камал (Камалетдин) (1882, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1954, Көкшетау обл., Зеренді кенті) – педагог, шежіреші. Әкесі Жайсақ қажыдан орта білім алып, Уфаның Ғалия, Стамболдың Айя-София медреселерін тәмамдаған соң халық сауатын ашу ісімен айналысқан. А.Байтұрсынұлымен бірге Қарқаралы қ. орыс-қазақ мект. мен уч-сінде қызм. жасап, матем. пәнінен сабақ береді. Қазақтың тұңғыш матем. профессоры Ә.Ермеков Ж-тан дәріс алған. Мәди кеңес милициясы қолынан шәйіт болғанда Ж. намазын шығарып, өз қолымен жерлеген. Қазақтардың мал-мүлкін тәркілеп, күштеп ұжымдастыру басталғанда бай тұқымы, қажының баласы ретінде қуғынға түскен Ж. Көкше өңіріне қоныс аударады. Оның қоғ. қызм. мен өмірінің соңы осы жерде өтеді. Ж. әзірлеген шежіре (қолжазба) қазақ халқының өткен тарихына, Қаздауысты Қазыбек, оның ұрпақтарына қатысты мол дерек береді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖАҚАНОВ Илья (5.05.1936., Жамбыл обл., Сарысу ауд.) – жазушы, композитор, өнер зерттеуші. КСРО Жазушылар одағ. мүшесі (1980), Қазақстан Музыка қайраткерлері одағ. мүшесі (1988). Қазақ КСР-ның еңб. сіңірген мәден. қызметкері (1990), Қырғыз респуб-ның мәден-іне еңб. сіңірген қайраткер (1994). ҚазМУ-ді бітіріп (1959), «Қазақстан пионері»

газетінде бөлім меңгерушісі (1959-63), Қазақ теледидарында әдеби қызметкер (1963-70), Қазақ радиосында аға редактор, бас редактор (1970-84) болса, содан кейін шығармашылық жұмыста. Ж-тың «Қайта оралған ән» (1968), «Қош бол, вальс» (1969), «Екі жирен» (1976), «Бірінші концерт» (1979), «Әнің болып төгілемін...» (1982), «Махаббат вальсі» (1983), «Аққулар қонған айдын көл» (1988) хикаят, әңгімелер жинағы мен эсселері, «Ықылас» романы (1990), т.б. шығ-ры жарық көрді. Қазақ радиосы мен теледидарының Алтын қорына Шоқан, Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Жаяу Мұса, Естай, Абай, Мәди, Ақылбай, Сәкен, Әміре, Байғабыл, Ғаббас, Манарбек, Жүсіпбек, Күләш, т.б. жайлы деректі әңгімелер сериясын жаздырды. Қырғыз тілінде «Қайра тыңшыған обон» (1967), «Қайран вальс» (1971), «Обон» (Ш.Айтматов жайлы, 1988), т.б. хикаяттары, «Кертолгоо» романы, орыс тілінде «Вальс любви» деректі шығ. жинағы шықты. Ол екі жүзден астам әннің авторы. Әсіресе, «Ақ қайың», «Жалғыз қайық», «Алматы кешінде», «Даниярдың әні», «Әсел», «Жайлаукөл кештері», «Асылым», «Толағай», «Ағады Ертіс», «Еділ мен Жайық», т.б. лирикалық әндері елге кең тараған. Ж-тың Егіндібұлақ өңіріне қатысты «Балқантаудың баурайында», «Балқантаудың гүлдері», «Балқантау», «Едірей түні», т.б. шығ-ры бар. Ол Қазақстан Журналистер одағының (1981) және Жамбыл атынд. Халықар. сыйлықтардың (1996) лауреаты.

ЖАҚСЫБАЕВ Айтмолда(1893., Қарқаралы уезі, Абыралы болысы – 1972., Егіндібұлақ ауд., Алғабас а.) – шопан, Соц. Еңбек Ері (1958). Шаруаларды ұжымдастыру науқаны өрістеген 1928 ж. бастап «Алғабас» к/зының шопаны. Семей ядролық сынақ полигоны жұмыс істеуіне байланысты Абыралы ауд. таратылған соң, к/з негізінде құрылған «Доғалаң» с/зы Қу ауд. құрамына берілді. 1967 ж. дейін шопан болған Ж. бірнеше жыл бойы жоғ. еңб. өнімділігіне қол жеткізді. Мыс., 1965 ж. ол әр жүз саулықтан 121 қозы алып, әр қойдан 2,7 кг жүн қырықты. Ленин орденімен, медальдармен марапатталған.

ЖАҚҰЛОВ Мейрам – педагог, партия қызметкері. Егіндібұлақ а-дағы мект.-инт-та мұғ., ҚКП ауд. к-інде нұсқаушы, «Айрық» с/зында баст. парт. к-інің хатшысы, ауд. әкімінің ор-ы, мект.-инт-тың дир-ы, т.б. қызм. атқарды.

ЖАҚҰЛОВ Серік Жақұлұлы (10.06.1937, Қу ауд., К.Маркс атынд. к/з) – педагог, кеңес қызметкері, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты, Қарқаралы ауд. Құрметті азаматы. 1957 ж. ОМ бітіріп, Қарағандының №22 шахтасында еңб. араласты. Қарағанды пед. ин-ының физика-матем. ф-ін тәмамдап (1964), Абай атынд. с/здың орталау мект-не жіберілді. Кейін осы мект-те оқу ісі меңг-сі мінд. атқарды. С/здың комсомол ұйымына хатшы болып сайланды. 1971 ж. Егіндібұлақтағы №1 қазақ ОМ-іне дир. болып тағайындалды. 1983-86 жж оқу-өнд. комбинатты басқарып, 1986 ж. Егіндібұлақ а. кеңесі атқару к-інің төрағалығына сайланды. Зейнеткерлікке шығар (1994-97) қарсаңында Егіндібұлақ а. әкімі қызм. атқарды.

ЖАҚЫП-ЖАН Тілеу-Қабыл Ғаббасұлы (13.01.1947, РФ, Кемерево обл., Такпинский ауд., Шахта Пионер с. – 8.08.2007, Қарағанды) – зоотехник 1965 ж. Егіндібұлақ а. мект.-ин-ты, 1970 ж. Семей зоотехн-малдәрігерлік ин-ын бітіріп, ата-бабалары туып-өскен Қу –Балқантау өңіріне оралады. Еңб. өтілін бұрынғы «Арқалық» с/зының Айрық бөл-сінде зоотехник болып бастайды. 5-6 ж. тәжірибе жинақтап, бөл. меңг-сі қызм. тағайындалады. 1972 ж. аупартком нұсқаушылығына ауысып, көп ұзамай «Қоянды» с/зы парткомының хатшылығына сайланды. «Комсомол» с/зында да қызм. атқарды. 1981 ж. «Айрық» с/зына дир. болып тағайындалды. Кеңестік дәуірде «Айрық» с/зында жылқы түлігін дамыту ырғақты жүргізілді. Егіндібұлақ ауд. бойынша «Үшқара» тауар таңбасымен тұғыш рет қымыз шеберханасы іске қосылды. Шар-тар тарағанға дейін с/зға қарасты Едірей, Басқұдық, Үшқара а-дарының экон., олардағы тұрғындардың әлеум., мәд.-тұрмыстық дамуына үлес қосты. Тәуелсіздік ж-дары өзі басқарған с/зға әнші-композитор Мәдидің атын бергізуге қаракет жасады. Мерзімді баспасөзге күрескер ақын жайлы бірқатар мақала жазды. А. мәд. өркендетуге үлес қосты. 1990 ж. беріде Моңғолиядағы қазақтардың тарихи отанына оралуына септігін тигізіп, біраз отбасын Мәди а-на көшіртіп алғызды. Бұрынғы Егіндібұлақ ауд. Қазыбек Келдібекұлының есімін беруге үн қосып, мерзімді баспа беттеріне ой-пікірін жариялады. Қоянды жәрмеңкесі туралы деректер жинап, олар да баспа беттеріне жарық көрді. Ж.-Ж. 1999 ж. Қарқаралы ауд.

Жаңатоған а. округіне әкім болып тағайындалып, қоғ. қызм. соңғы ж-дарын осы елді мекеннің әлеум.-экон. дамуына арнады. А. шар. саласын дамыту жолындағы ұзақ ж-ғы табысты еңб. үшін ол көптеген мемл. марапаттар, оның ішінде «Құрмет белгісі» ордені мен медальдар иеленді.

ЖАЛАҢТӨС (Соқыр) (1696, Сыр бойы – 1769, Сарыарқа) – батыр, қолбасшы. Қазақ тарихында үш Жалаңтөс батыр болған. Бірі – Самарқан билеушісі, қазақ пен қалмақтың екі жүз жылдық соғысындағы шешуші сәттің бірі Орбұлақ шайқасында жиырма мың қол әскермен келіп, Салқам Жәңгір ханға көмек берген. Екіншісі – академик Ә.Марғұлан сөз қылған Жалаңтөс. Үшіншісі – Арғынның Қаракесек руы, Сарым тармағынан шыққан, біз қарастырып отырған Жалаңтөс. Қазіргі Ақтоғай ауданы жерін қоныс еткен Ж. Балқаш к-нен бастап, Қоңырат, Әулиеата, Тоқырауын мен Нұра бойын, Ұлытау мен Қарқаралы аралығын қалмақтардан азат етуге қатысады. Ж-тің ерлігі мен шешендігін Қаздауысты Қазыбек жоғары бағалап, оған жалғыз қызы Маңқанды береді. Ж-тің соңына өсиет еткен ақыл-кеңесі мен тілек-батасы («Айтулы ерге оқ тисе, қиналғанын білдірмес», т.б.) әлі күнге мәнін жойған жоқ. Ж. батыр зираты Қарағанды қ-ның оңт.-шығ-ында, «Сарыарқа» әуежайына баратын күре жолдың оң жағында, Соқыр өз. бойындағы төбешікте. 1996 ж. Ақтоғай ауд. халқы Ж-тің туғанына 300 жыл толған мерейтойын атап өтті.

ЖАМАНГӨТ (Есмағанбет) (XIX ғ. ортасы, Едірей болысы – XX ғ.басы, Мекке қ.) – қажы, қоғам қайраткері, шешен – Ж. қажының сөздері ел арасында әлі айтылады. Қаздауысты Қазыбектің Қазымбетінен тарайтын Ж. көп жыл Едірей еліне болыс болып, Пайғамбар жасынан асқанда қасиетті Мекке-Мәдинеге қажылық сапар шегеді. Тілегі қабыл болып, Меккеде Алланың аманатын тапсырады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖАНАҚ Сағындықұлы, кіші Жанақ (1770, Шығ. Қазақстан обл. Абыралы ауд. Қайнар а. Жақсы Абыралы қонысы – 1856, Нұра өзені бойы, Төре а.) – ақын. Ж. ауыл молдасынан хат таныған. Кейіннен Түркістан өңіріндегі Қарнақ медресесінде, Ташкент медресесінде оқыған. Ж. жас кезінен домбыра, қобыз тартып, жыр-дастандар айтқан. Ж. 1790 – 97 ж. Сырым Датұлы бастаған көтеріліске қатысып, азаттық жыршыларының бірі болған. 1838 – 39 ж. Ұлытау өңіріне қоныстанады. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының халық арасына ең көп тараған нұсқасын сонда шығарған. 1839 ж. Жақсы Абыралыға көшіп келіп, ел-жұртымен табысады. 1846 ж. жазда ел аралаған А.Янушкевич жазған Жанақ—осы Ж. ақын. Ж-тың көп шығармалары сақталмаған. Алшынбай, Құнанбай, Баймұрын тәрізді ел тұтқалары дәуірінде ғұмыр кешкен Ж-тың «Рүстем төреге» толғауы мен біраз өлеңдері ғана жеткен.

ЖАНБАЗАР – тау, Егіндібұлақ а-ның оңт-де, Түндікті өз. мен оның оң саласы Ащышидің арасында орналасқан. Солт-тен оңт-ке қарай 15-16 км-ге созылып жатыр. Орт., солт-інде ені 4-5, оңт-де 7-8 км. Абс. биіктігі 888 м. Ордовик, девон, силур жыныстарынан түзілген. Беткейлері жайпақ, сай, жыралармен аз тілімделген, оңт.-шығ. бөлігі құламалы. Қызыл күрең топырағында бетеге, қызыл жусан, аустрия жусаны, жатаған қарағаш өседі. Сай-саласынан бұлақтар ағады.

ЖАНДОС – тау, Егіндібұлақ а-ның солт.-шығ-да 30 км жерде, Түндікті өз-і мен оның Қарасу саласы қосылған тұсқа таяу орналасқан. Ұзын. мен ені 2-2,5 км, абс. биіктігі 705 м. Девон және силур жыныстарынан түзілген. Беткейлері жайпақ, аз тілімделген. Қызыл қоңыр топырағында бетеге, жусан, т.б. дала өсімдіктері өседі.

ЖАНДІЛДИН Нұрымбек (20.07.1918, Қу болысы – 1990., Алматы қ.) – ғалым, филос. ғыл. докторы (1965), проф. (1967), Қазақстан ҒА-ның корр. мүшесі (1970). 1941 ж. Қазақ пед. бітіріп, Қу ауд. партия к-інің бөлім меңг. қызм. атқарды (1941-43). 1944-46 жж БК(б)П ОК жанындағы Жоғ. партия мек-нің тыңдаушысы, одан соң БК(б)П ОК жанындағы қоғ-дық ҒА-ның аспиранты. 1949 ж. Қазақстан КП ОК жанындағы респ. партия мек-нің аға оқыту-сы, диалект. және тарихи материализм каф-ның мең-сі. 1951-55 жж Қазақстан КП ОК-нің ғылым және жоғ. оқу орындары бөл-нің мең-сі, 1955 ж. Қазақстан ҒА филос. және құқық секторының мең-сі, 1956 ж. Қазақстан КП ОК жанындағы партия тарихы ин-ның дир-ры, 1957-65 жж Қазақстан КП ОК-нің хатшысы және бюро мүшесі, 1965-67 жж Қазақстан ҒА-да

академик-хатшы, 1967-76 жж Алматы шет тілдері ин-ның ректоры қызм. атқарды. 1976 ж-дан өмірінің соңына дейін Алматы темір жол көлігі инж-лер ин-ның (қазіргі Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы) филос. каф-ның мең-сі болды. Негізгі ғыл. еңб-тері тарихи прогресс, ұлттық қатынастар мен ұлт мәд-ін дамыту, ұлттық психология мәселелеріне арналған. Ж. Еңбек Қызыл Ту орденімен және медальдармен марапатталған.

ЖАҢҒАЛОВ Төлеу Жаңғалұлы (9.02.1948, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі) – агроном, тарихшы-қоғамтанушы. 1965 ж. Егіндібұлақ мект.-инт-ын, 1970 ж. Қазақ мемл. а. шар. ин-ын (Алматы) агроном, 1985 ж. Қарағанды мемл. ун-інің ғыл-дар ф-ін бітірген. Еңб. жолын 1972 ж. «Қоянды» с/зында бөл-ше агрономдығынан бастап, шар-та кәсіподақ к-нің төрағасы, бөл-ше басқарушысы, 1979-97 жж Тельман ауд-ның (қазір Бұқар жырау ауд. құрамында) Амангелді атынд. с/зда бас агроном қызм. атқарды. 1997-2000 жж «Ақтөбе» ӨБ басшысының ор-ы, 2000-03 жж «Ұлан» ШҚ басқарушысы болды. 2003 ж-дан бері АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» ММ Бұқар жырау ауд. филиалының дир-ы лауазымында еңб. етті. Ж. мемл. наградалармен марапатталған. Жергілікті кеңеске және ауд. мәслихатқа бірнеше мәрте депутат болып сайланды.

ЖАППАРОВ Алмас Сәттарұлы (17.05.1976, Егіндібұлақ ауд., Айрық а.) – полиция подполковнигі, Ұлттық ұлан қызметінің үздігі (I дәрежелі, 2017), Қаздауысты Қазыбектің Қазымбет – Жанай тармағынан өрбиді. 1992 ж. Айрық ОМ, 1998 ж. Семей мемл. ун-нің экон. ф-ін, 2005 ж. Қазақ құқықтану және халықар. қатынастар ин-ын заңгер мамандығы бойынша бітірді. Еңб. жолын 1999 ж. Павлодар обл., Ақсу қ.ІІБ-де патрульдік инсп. болып бастады. Содан бері қоғ. тәртіп саласында қызм. етіп келе жатқан Ж. қазір ҚР ІІМ Астана қ. ІІД Алматы ауд. ІІБ Жергілікті полиция қызм. бастығы.

ЖАППАРОВ Нұрлан Қайырұлы (13.08.1969, Егіндібұлақ ауд., Арқалық а. кең.) – педагог. 1986 ж. Айрық ОМ-ін, 1994 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың филол. ф-ін тәмамдаған. 1994-96 жж Едірей орталау мект-де, 1997 ж. Егіндібұлақ а-ындағы №1 ОМ-те, 1998 ж. №5 ОМ-те қазақ тілі мен әдеб. пәні мұғ. болды. 2006 ж. бері №43 ОМ жанындағы интернат-пансионның дир-ы және пән мұғ-і лауазымында еңб. етеді.

ЖАРЫҚҚЫЗЫ Айтбала (12.12.1947, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі) – агроном-экон., партия, кеңес қызметкері. 1965 ж. Егіндібұлақ а. мект.-ин-ын бітірген соң Целиноград (қазіргі Астана) а. шар. ин-ына түсіп, 1971 ж. агроном-экон. мамандығын алып шықты. Еңб. жолын «Қаратау» с/зының Көлбасы бөл-сінде есепшіліктен бастады. 1967-68 жж «Қаратау» с/зында есепші, 1968-72 жж «Қоянды» с/зында еңбекақы жөніндегі экон., кәсіподақ к-інің төрайымы, 1972-73 жж Егіндібұлақ ауд. партия к-інде нұсқаушы, 1973-76 жж «Қаратау» с/зында партия к-інің хатшысы, 1976-78 жж Алматы Жоғ. партия мект-нің тыңдаушысы, 1978-83 жж Егіндібұлақ ауд. партия к-інің бөл. меңг-сі, 1983-85 жж Егіндібұлақ ауд. атқару к-і төрағасының ор-ы, 1985-89 жж ауд. партия к-інің хатшысы, 1989-91 жж Қарағанды обл. партия к-і қызм-дің білімін көтеру курсы меңг-сінің ор-ы, 1991-98 жж еңб. және халықты әлеуметтік қорғау обл. басқармасы бастығының 1-ші ор-ы қызм. атқарды. 1998 ж-дан Қарағанды банк колледжінде оқытушы болды. Ж. 1976-89 жж обл. және ауд. кеңестерге депутат болып сайланды. Ол еңб. үшін бірнеше мемл. марапаттарға ие болды.

ЖАРЫЛҒАП (XVII ғ. соңы, Сыр бойы – XVIII ғ., Түркістанда, Әзірет Сұлтан кес. қасына жерленген) – батыр, ру көсемі. Шаншар абыздың Нұрбике тармағынан, Тілеукенің (Тілеубек) баласы. Ел билігіне араласып, қол бастаған. Ж-тың өмірі мен қызметіне қатысты деректер Қаздауысты Қазыбек жайлы әңгімелерде, М.-Ж.Көпеевтің, Ә.Бөкейхановтың, т.б. жазбаларында кездеседі. Белгілі қоғам қайраткерлері: меценат, Алаштың ақсақалы Х.Ақайұлы, Қазақстан Халком төрағасы, тұңғыш Бас прокурор Н.Нұрмақов, әйгілі әнші Ғ.Айтбаев, т.б. тұлғалар осы Ж-тың ұрпақтары.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖАРЫЛҒАПОВА Қарлығаш Демьянқызы (11.03.19596 Егіндібұлақ ауд., Ақтасты а.) – актриса, ҚР Мәдениет қайраткері. 1976 ж. ОМ тәмамдап, еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. Мәд. үйінде инспектор қызм. бастады. Мәд. үйі сахнасында ән салып, түрлі спектакльдерде

(Д.Исабеков – «Әпке», С.Адамбеков – «Біздің үйдің жұлдыздары») ойнады. 1984 ж. Қарағанды қ. Мәд. ағарту уч-сін бітіріп, Егіндібұлақ орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде әдіскер, 1986-88 жж №1 қазақ ОМ-інде, одан соң Қарағанды политехн. ин-ында кітапханашы болып қызм. істеді. 1994 ж. бері С.Сейфуллин атынд. Қарағанды обл. қазақ драма театрында актриса болып қызмет атқаруда. Ж. театр труппасымен бірге Ресейдің бірнеше қ-сында, Түркияда екі-үш рет, т.б. шет елдерде гастрольдік сапарда болды.

ЖАРЫЛҒАПОВА Ока Демьянқызы (12.04.1957, Қу ауд., Ақтасты а.) – кітапханашы, а. рухани әлемінің жанашыры. 1975 ж. Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ, 1977 ж. Жезқазған қ. мәдағарту уч-сін кітапханашы мамандығы бойынша бітірді. Сол ж. Егіндібұлақ ауд. орталықтандырылған кітапханасына кітапханашы болып орналасты. 1982-97 жж балалар кіпханасының меңг-сі, 1997 ж. бері Егіндібұлақ а. кітапхана меңг-сі қызм. атқарып келеді. Ж. Қу – Балқантау өңірінің мәд. өмірін жаңғырту үшін үлкен жұмыстар тындыруда.

Раушан ЖЫЛТЫБАЕВА

«ЖАС АЛАШ» газеті – жастарға арналған байырғы респ. басылым. Тұңғыш саны 1921 ж. 22 наурызда Ташкент қ-нда жарық көрді. Ұйымдастырушы әрі тұңғыш редакторы Ғ.Мұратбаев, жауапты хатшысы І.Жансүгіров. Қаржы тапшылығына байланысты басылым «Жас қайрат» (1925), «Өртең», «Жас қазақ» (1923)газеттері және осы аттас журнал түрінде шыққан. Газет жабылмауын ойлаған С.Сәдуақасов, А.Байтұрсынов, Б.Майлин, С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ж.Аймауытов бастаған топ «Еңбекші қазақтың» бір бетін «Лениншіл жас» деген атпен шығарған. Газет 1927 ж. 22 қыркүйектен «Лениншіл жас» деген атпен шыға бастады. Қазақстан тәуелсіз ел болған соң газетке «Жас алаш» атауы қайтарылды. 2000 ж.Ұлттық және Қазақстан баспасөз клубтары мен «Алтын жұлдыз» орт. бірігіп өткізген дәстүрлі конкурста «Ж.А.» жылдың үздік газеті атанып, «Алтын жұлдыз» белгісімен марапатталды. Газет аптасына 3-4 мәрте, көлемі 3 б.т. болып шығады. Таралымы 60 мыңның ? үстінде. «Студент», «Руханият», «Алдаспан», «Мыңнан бір мезет», «Ақ отау», т.б. қосымшалары бар. «Ж.А.» газетінде Қаздауысты Қазыбек, Тәттімбет, Мәди, Н.Нұрмақов, Қу – Балқантау өңірінен шыққан басқа да белгілі тұлғалар туралы көптеген танымдық материалдар басылды.

ЖАСӨСПІРІМДЕР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ СПОРТ МЕКТЕБІ – өскелең ұрпақты салауаттылыққа тәрбиелеу мақсатымен 1981-1997 жж Егіндібұлақ а-да жұм. істеген білім ұясы. Мект-те қазақ күресі, волейбол, стол теннисі, тоғызқұмалақ және шаңғы спорты бөлдері болды. Бұларда барлығы 300-дей бала жаттығып, спортпен шұғылданды. Ж. мен б. с. м-нің алғашқы дир-ы Б.Т.Әбділдин 1981-91 қызм. жасады. Сол ж-дары мект-те Қазақстан спортына еңб. сіңген шеберлер Е.Қоржынбаев, А.Есжанов, А.Тахтанов, т.б. жаттықтырушы болды. Ж. мен б. с. м. түлектері респ. турнирлер мен чемпионаттардың, Азия біріншіліктерінің чемпиондары мен жүлдегерлері атанды. Атап айтсақ, А.Адамбаев, Б.Ғабдуллин, Б.Елеусізов, С.Қалмағанбетов, Ж.Мұнтахин, Р.Сіләмов, А.Рәшев, Е.Заитов, Е.Әбділдин, т.б. қазақ күресінен Қазақстан спорт шебері атағын иеленді. Кейін, ауд. тараған соң Ж. мен б. с. м. жұмысын тоқтатты.

ЖАСЫМБЕКОВ Ғаббас (1935, Новосибирск қ. – 24.04.2007, Егіндібұлақ а.) – әуесқой әнші, өнерпаз. Үш жасында анадан, бес жасында әкеден қалған бала жетімдер үйінде тәрбиеленген. Ұзап оқи алмай, ауыр жұм. атқарады істеген. Елге, Егіндібұлаққа оралған соң, 1971 ж. кешкі мект. бітіріп, Целиноград (қазіргі Астана) а. шар. ин-ына түседі. 1976 ж. зоотехн. мамандығын алғанда мект. мұғ. қызм. атқаратын еді. Ж. жұм. істей жүріп көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, ән айтып, Мәд. үйі жанындағы драма үйірмесінің белсенді мүшесі болды. Обл. байқау, фестивальдарға қатысып, үлкен сахналарда өнер көрсетті. Кейін ДООСАФ мекемесін басқарған кезде де қоғ. жұм-ға, а-дың мәд. өміріне белсене араласты, өнерден қол үзген жоқ. Зейнеткерлікке шыққан соң Егіндібұлақ а. ардагерлерінің «Замандастар» клубы жұм. қатысты. Хорда және жеке дауыста ән салды.

Раушан ЖЫЛТЫБАЕВА

ЖАТАҚТАР – көшпелі қазақ жұрты төменгі тапқа санаған әлеуметтік топ. Байтақ жерінің оңт. өңірін – Жиделі Байсын, Ферғана даласын, Сырдария мен Талас, Іле мен Шу бойын қысқы қоныс еткен қазақтар жазда Ертістің, Есіл мен Тобылдың төменгі ағысына дейін ұзап

жайлады. Оңт-тегі қ-ларда қолөнершілер мен диқандар, ұзақ көш жолын көтере алмайтын ауру-сырқаулар мен кәрі-құртаңдар ғана қалған дүр. Қазақ халқының барлық той-думаны, асы жайлауда өтетіндіктен, бұл қызықтан құр қалатындар кемдер қатарына қосылды. Әйтсе де, Ресей империясы қазақ жерін отарлауға кіріскен, әсіресе, сулы-нулы, құйқалы жерлерді тартып алған сайын көшпелілер күрт кедейленіп, Ж. қатары көбейе түсті. Жайлауға шығатындардың өзі Ібір-Сібірге тереңдеп ене алмай, қысқы қоныстарын төңіректеп көшіп жүрді. XVIII-XIX ғғ Қу, Едірей, Мыржық тауларындағы қоныстарда Ж. болды. Ж. туралы классик жазушы М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясы мол, жан-жақты мағлұмат береді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖАУШЫ – соғыс хабаршысы. Орт. Азиядағы ежелгі және орта ғасырлардағы мемлекеттер екінші елге соғыс жариялайтынын немесе басқа мемлекетке қарсы одақтасатынын бір біріне жаушы арқылы хабарлаған. Жау шапқаны, әскери күшті біріктіру қажеттігі жөніндегі хабар да ел ішіне Ж-лар арқылы таратылған. «Жауластырмақ – жаушыдан, елдестірмек – елшіден» деген мақал сол дәуірде шыққан.

ЖӘБІН Жаппасұлы (XIX ғ. соңғы ширегі – XX ғ. 20-30 жж) – аңшы, құсбегі. Әйгілі әнші-композитор, күрескер ақын Мәдидің серігі болған Ж. қыран құстарды баптау және аңға салу кәсібімен ерекшеленген екен. 1917 ж. қазан төңкерісінен кейін Шөптікөл а. мекендеп, өңірдегі алғашқы мойынсерікке мүше болады. Ж. даңқын шығарған көк қаршығасы бір күнде 70 үйрек алған дүр. (Нұрпейісов Ғ. Бесқара: Деректі әңгімелер. – Алматы: Жалын, 1982).

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖӘКЕШЕВ Мәди Орынбекұлы (14.06.1967, Егіндібұлақ а.) – заңгер, 1-кәсіптік сыныпты судья. 1984 . Егіндібұлақ а. №2 ОМ бітіріп, еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. астық қабылдау кәсіпорнында жұмысшы болып бастады. 1985 ж. бұрынғы Талды ауд. халық сотында сот орындаушы лауазымында қызм. атқарды. 1990 ж. акад. Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-нің заң ф-ін тәмамдап, бұрынғы Егіндібұлақ ауд. адвокат болып қызм. жолын жалғастырды. 1993 ж. басында Мичурин (қазіргі Абай) ауд. прокурорының көмекшісі болып тағайындалып, қараша айында Қарқаралы ауд. халық сотының судьялығына сайланды. 1997 ж. соңында Қарағанды қ. Совет (қазіргі Қазыбек би атынд.) ауд-ның Ленин сот учаскесіне судья болып ауыстырылды. 2002 ж. наурызында ҚР Президентінің Жарлығымен Жаңаарқа ауд. сотының төрағасы лауазымына тағайындалды. 2007-12 жж Қарқаралы ауд. сотының төрағасы қызм. атқарған Ж. 2012 ж. бері Ақтоғай ауд. сотының төрағасы болып жұмыс жасауда. Ол ҚР судьяларының V, VI сьездерінің делегаты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖӘКЕШЕВ Орынбек Ығыбасұлы (10.08.1936, Қу ауд., Едірей а. – 09.1986, Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі, мәд. саласы қызметкері. Балалық шағы ҰОС жылдарына дөп келген ол 7-8 жасында ересектермен бірге к/з жұмысына араласты. ОМ есейген шағында бітірген Ж. ресми еңб. жолын 1955 ж. «Комсомол» с/зында жұмысшылықтан бастады. 1961 ж. Қарағанды пед. ин-ының физ.-матем. ф-ін тәмамдап, Егіндібұлақ ОМ-де мұғ. болды. 1964 ж. оқу ісі меңг-сі, 1965 ж. мект. дир-ы қызм. тағайындалды. Өнерлі ортада туып-өскен, өзі де ән мен күйге жақын Ж. 1972 ж. ауд. мәд. б-нің мең-сі болып, өңір мәд-нің өсуіне сүбелі үлес қосты. Осы ж-дары ауд. Мәд. үйі жанында хор, би, вокал, драма, домбыра, т.б. үйірмелер, үгіт бригадалары кестеге сай, жоспарлы түрде жұмыс атқарды. Мәд. үйінің драма үйірмесі 1973 ж. Қ.Байсейітов пен Қ.Шаңғытбаевтың «Беу қыздар-ай!» комедиясымен респ. байқауда I дәрежелі дипломмен марапатталып, «Халық театры» мәртебесін иеленді. Көп қиындықпен ұйымдастырылған Тәттімбет атынд. «Сарыжайлау» ұлт аспаптар оркестрі 1975 ж. респ. байқауда II дәрежелі дипломмен марапатталып, көркемөнерпаздардың Бүкілодақтық фестивалында сәтті өнер көрсетті. Ж. 1977 ж. ауд. білім беру б-нің инспекторы және білім беру қызметкерлері кәсіподағы ауд. к-інің төрағасы болып тағайындалып, өмірінің соңына дейін осы қызм. абыроймен атқарды. Бірнеше мәрте жергілікті өкілетті органға депутат болып сайланып, өзі еңб. жасаған сала бойынша марапаттар иеленді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖӘКІТАЕВА Күлзия Бабағұлқызы (29.09.1943, Егіндібұлақ а.) – дәрігер, ғалым, мед. ғыл. кандидаты (1989), ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері (2006), Денсаулық сақтау ісінің үздігі (2008). ОМ бітіргеннен кейін, 1967 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын бітірді. 1967-71 жж Қарағанды қ-да балалар дәрігері лауазымында қызм. жасап, одан соң пед-лық жұм-қа ауысты. Қазір Қарағанды мемл. мед. ун-і балалар ауруы кафед-ның доценті. Сала басшылығының марапаттарын иеленген.

Төлеубек ЕСЖАНОВ

ЖӘКІТАЕВ Маурат Нұрғалиұлы (12.02.1942, Егіндібұлақ а. – 15.06.1997, Қарағанды қ.) – дәрігер-хирург, ғалым – мед. ғыл. кандидаты (1975). 1958 ж. Егіндібұлақ а. ОМ-ті, 1964 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын бітіріп, 1967-71 жж Қарағанды қ-сындағы №2 ауруханада дәрігер-хирург болып жұм. істеді. 1971-74 жж Мәскеу қ-да аспирантурада оқыды. 1975-97 жж Қарағанды мемл. мед. ин-ында доцент-хирург лауазымында қызм. атқарды.

Төлеубек ЕСЖАНОВ

ЖӘНІБЕК – Шаншар абыздың Айбике анадан тарайтын төрт бегінің бірі. Ж-тің ұрпақтары Қаздауысты Қазыбектің бастауымен Арқаға келген соң, Қу тауының айналасына, негізінен солт.-шығ. бетіне орналасқан. Қарқаралы дуаны құрылған кезден бастап Айбике-Шаншар, кейін Едірей болысының құрамында болған. Қу өңірінің кейінгі тарихындағы диқандар осы атаның ұрпағы арасынан шықты деуге негіз бар. Мұрағат құжаттарында 1826 ж. Кәрішал Тұрсынов Келтебұлақты байлап, тоған орнатып, егін салды деген деректер қалған екен.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖӘНІБЕК ТАРХАН Шақшақұлы (т. ж. белгісіз – 1751) – батыр, Орта жүздің Тоқал Арғын тармағының биі, қазақ шонжарлары арасында бірінші болып орыс үкіметінен 1742 ж. тархан атағын алған. Ж.т. Орта жүз бен Кіші жүздің саяси өміріне араласып, елеулі рөл атқарды. Орынбор комисс. бастығы В.Урусовпен қазақ-орыс саяси байланыстарын одан әрі нығайту үшін келіссөздер жүргізуге қатысты. Қазақстан мен Ресейдің сауда қатынасын ұлғайту үшін орыс патшалығынан Жайық өз. бойындағы Қаракөл деген жерде Орта жүз қазақтарының сауда жасауға рұқсат сұраған. Ресей әкімшілігі Орта Азия мен Орынбор арасындағы сауда керуендерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуді Ж.т. тапсырады. Ол 1742 ж. қазақтар мен қалмақтар арасында бейбіт келісім жасау шартына араласады. Орынбор комисс. бастығы, кейін Орынбор губернаторы болған И.И.Неплюевпен Орта жүз және Кіші жүз шонжарлары жүргізген келіссөздерге қатысты. Әбілқайыр ханды Көкжал Барақ өлтіргеннен кейін, оның орнына баласы Нұралы сұлтан хан сайлануын қолдады. Бұқар жырау өзінің әйгілі толғауында «Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Қаздауысты Қазыбек, Шақшақұлы Жәнібек – Орманнан көп Орта жүз, Содан шыққан төрт тірек» деп, Ж.т-ның тұлғалық болмысына айрықша баға береді (?).

ЖӘНІБЕК ХАН (Әбу Саид; т. – ө. ж. белгісіз) – Қазақ хандығы негізін салушылардың бірі, Ақ орданы билеген Барақ ханның ұлы. XV ғ-да өмір сүрген. XV ғ-дың ортасына дейінгі өмірі мен қызметі туралы нақты деректер жоқ. Дешті Қыпшақтың (Көшпелі өзбек мемл-нің) билеушісі Әбілқайырмен өкімет билігі үшін тартысқа түсіп, жеңілген Керей хан мен Ж. х. 1456 ж-ы өздерін қолдайтын ру-тайпаларды бастап, Моғолстанға қоныс аударды. Моғолстан ханы Есенбұға Керей мен Ж. х-ды құшақ жая қарсы алып, оларға Шу алабынан қоныс береді. Көшпелі өзбектердің ханы Әбілқайырдың озбырлығына шыдай алмаған көп халық ірге көтеріп, Керей мен Ж. х-ның қарамағына көшіп келеді. Кейбір мәліметтер сол алғашқы кезеңнің өзінде оларды қолдаған халық саны 200 мыңға жеткенін айғақтайды. Көптеген көшпелі руларды топтастырып үлгерген Керей мен Ж. х. қауіпті күшке айналған соң Көшпелі өзбектер Моғолстанға қарсы жорыққа аттанады. Бірақ, Әбілқайыр хан кенеттен қайтыс болып, жорық аяқталмай қалады. Әбілқайырдың өлімі Көшпелі өзбек мемл-інде өкімет билігі үшін өрістеуіне соқтырып, Дешті Қыпшаққа қайта оралған Ж. х. Мен Керей Әбілқайырдың мұрагері Шейх Хайдармен күрес жүргізіп, ақыры мемлекет билігін тартып алады. Моғолстанға қоныс аударғандарды Өзбек ұлысындағылар «қазақтар» (билікті мойындамайтын, еркін адамдар) деп атаған еді. Олар қолдаған Керей мен Ж. х. ел билігіне ие

болған соң, хандыққа қарасты бүкіл халық «қазақ» атауын алды. Жаңа державаның алғашқы ханы болып жасы үлкен Керей сайланады. Қазақ хандығының тарихына қатысты деректерде Ж. х. Керей өлгеннен кейін ақ киізге көтерілгені айтылады. Ж. х. өмірінің кейінгі кезеңдері, өз билігін нығайту жолындағы әрекеттері, қашан һәм қалай қайтыс болғаны туралы деректер жоқ. Тарихи құжаттарда оның есімі соңғы рет 1473 ж. ғана кездеседі. Ж. х-нан кейін Қазақ ордасының тағына Керейдің ұлы Бұрындық отырған. Одан соңғы хандардың бәрі Ж. х. ұрпақтары. Ел аузында сақталған аңыз-жырлар Ж. х-ды «Әз Жәнібек» деп әспеттейді.

ЖӘҢГІР ХАН (Салқам Жәңгір хан; т. ж. белгісіз – 1652) – Қазақ Ордасының билеушісі, Есім ханның үлкен ұлы. Ордасы Түркістан маңында орналасқан. Жоңғар мемл-нің жаулап алу жорықтары күшейген кезде хандық құрған Ж. х. Батыр қонтайшының жер қайысқан әскеріне қарсы соғысты. Кейбір деректерге қарағанда, ол бозбала шағында жоңғарлардың тұтқынына түсіп, одан 1635 ж. қашып шығады. Сол кезде Есім хан жоңғарларға қарсы соғыс бастайды. Ең жойқын соғыс 1643-44 жж өрістеген. Тарихқа Орбұлақ шайқасы деген атаумен енген ұрыста Ж. х. бар болғаны 600 сарбазбен жоңғардың 50 мыңдық жасағын тоқтатады да, Самарқан билеушісі Жалаңтөс баһадүр 20 мың қолмен көмекке келген соң, жаудың тас-талқанын шығарады. Осы шайқаста 10 мыңдай жоңғар қырылады. Салт-сана, дәстүрі ұқсас елмен бейбіт қарым-қатынас жасау мақсатымен Ж. х. жоңғарларға ұлдары Тәуке мен Аппақ сұлтандар бастатқан елшілер де жібереді. Бірақ, көшпелі халықтарды бір-біріне айдап салып, әлсіретуді көздеген Ресей һәм Қытай империяларының арандатуы салдарынан 1652 ж. жоңғарлар қазақ жеріне тағы басып кіреді. Осы соғыстағы шайқастың бірінде күші басым жаудан қазақтар жеңіліп, Ж. х. қаза табады.

ЖӘППІШЕВ Манарбек Рымбекұлы (6.03.1945, Қу ауд. – 7.11.2016, Қарағанды қ.) – мал маманы, комсомол, кәсіподақ қызм-кері. 1962 ж. Егіндібұлақ ОМ, кейін Қарқаралы зоовет. техн-ын бітірді. Еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. комсомол к-інде нұсқаушы, ұйымд. бөл-нің меңг-сі қызм-нен бастап, 1972-74 жж аул. «Ленин туы» газетінде әдеб. қызм., 1974-96 жж «Қоянды» с/зы кәсіподақ к-інің төрағасы, 1996-98 жж Қазыбек би ауд-дық мәслихатында және 1999-2006 жж Бұқар жырау ауд. әкімдігінде бас маман лауазымында еңб. етті. 2006-13 жж кейінгі ауд-ның а. шар. бөл-де мамандығы бойынша жұм. істеді. Ж. мемл. награда мен жергілікті әкімшіліктердің марапаттарын иеленген.

ЖӘРКЕЕВ Баян Рымбекұлы – Қарағанды – зоотехн., а. шар. ұйымдастырушы. қойшы, есепші, бөл-ше меңг-сі, «Арқалық» с/зында бас зоотехн., 1983-97 жж Нұра ауд. «Нұра» с/зында дир., ауд. мұрағат басшысы, кәсіпорындарды қайта құру және тарату агенттігінің Қарағанды обл-ы бойынша конкурстық меңг-сі болды.

ЖӘШКЕЕВ Қайырбек Мұқажанұлы (1937, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1976). ОМ бітірген соң, 1954-56 жж Қарағанды тау-кен техн-да оқыды. 1962 ж. Қазақ мемл. пед. ин-ының (Алматы) матем. ф-ін тәмамдаған Ж. Егіндібұлақ а-дағы №25, №2 ОМ-терде мамандығы бойынша сабақ берді. Зейнеткерлікке шығып, Қарағандыға қоныс аударған соң да пед. қызм-тен қол үзбей, 2000-05 жж «Мұрагер» мект.-инт-ында, №54 және Ә.Бөкейханов атынд. №76 ОМ-терде мұғ. болды. Мемл. наградалармен, соның ішінде «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

ЖӘШКЕЕВА Күлшетай Мұқажанқызы (27.03.1945, Қу ауд., Егіндібұлақ а.) – дәрігер, еңб. ардагері. 1962 ж. Егіндібұлақ ОМ-нің орыс сыныбын, 1968 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ының педиатрия ф-ін бітіріп, 1968-76 жж Егіндібұлақ ауд., Арқалық уч-лік ауханасында балалар дәрігері болып еңб. етті. Обл. орталығына ауысып келгеннен кейін, алғашқы бетте Қарағанды тігін фаб-сында цех дәрігері, 1977 ж-дан бері табан аудармай, 1-ші қ-лық емханада көз дәрігері болып қызм. атқаруда.

ЖЕЛТАУ – тау, Егіндібұлақ а-ның солт.-бат-ында, 65 км жерде орналасқан. Бір-бірінен оқшауланған шоқылардан тұрады, түпкі жыныстары барлық тұста жер бетіне шығуы байқалады. Бат-тан шығ-қа қарай 20-22 км-ге созылып жатыр, ені 6-7 км, абс. биіктігі 959 м. Девон, ортаңғы және жоғарғы карбон гранитоидтарынан түзілген. Беткейлері тік, кей тұстары құлама, өз. аңғарларымен, сайлармен қатты тілімделген. Оңт. беткейінен Ащысу өзінің сол жақ саласы Қырғын өз-нің көптеген тармақтары бастау алады. Ж-дың баяу дамыған

күңгірт сарғыш топырағында аустрия жусаны, бетеге, сұлыбас, аласа қараған өседі. Өз. жылғаларында шөп аралас бидайық шалғындары ұшырасады.

ЖЕЛТАУ ГИДРОМЕТАЛЛУРГИЯ ЗАУЫТЫ – 1908-13 жж жұмыс істеген кәсіпорын. Желтаудағы Көктас-Жартас руднигі жанында орналасқан. 1908 ж. 1 шілдеде пайдалануға берілген Ж. г. з-ның тас уату, айыру (сығымдау), электролиз бөлімдері әрекет жасады. Руда құрамындағы мыс күкірт қышқылы арқылы ерітіліп алынған соң, электролиз әдісі бойынша ваннада тұндырылған. Бастапқы шикізат ретінде құрамында 4-4,5% мөлшерінде мысы бар руда пайдаланылды. Ж. г. з. жылына орта есеппен 44 т мыс өндіріп, оны Санкт-Петербургтегі монета сарайына жөнелтіп тұрды. Ж. г.з. 1913 ж. желтоқсанда шыққан өрт салдарынан түгелдей бүлініп, қирады. Келесі ж. бірінші дүниежүзілік соғыс оты тұтанып, Ж. г. з-н қалпына келтіруге ешбір мүмкіндік болмады.

Қайрат МҰСТАФИН

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ (1986 ЖЫЛҒЫ) – қазақ жастарының КСРО өкіметінің орыс отаршылдық саясатын жалғастырған әміршіл-әкімшіл жүйесіне қарсы Алматыда, елдің басқа да қ-ларында 17-19 желтоқсан аралығында наразылық қимылдар көрсетуі. Бұған Мәскеудегі орталық биліктің респ. халқының пікірімен санаспай, Ресейдің Ульянов обл. партия к-інің 1-ші хатшысы Г.В.Колбинді Қазақстан КП ОК-іне 1-ші хатшы етіп бекітуі түрткі болды. Алматыдағы Л.И.Брежнев атынд. алаңға 17 желтоқсан күні таңертең сағ. 8-де ұлттың тең құқылығын, саяси тәуелсіздігін талап еткен ұранмен 300-дей қыз-жігіт жиналып, кешке қарай олардың саны 20 мыңға жетті. КСРО ІІМ-нің №0385 бұйрығымен бейбіт халыққа қарсы әскер күшін қолдана отырып, «Құйын-86» операциясы бойынша көтеріліс асқан қатыгездікпен басып жаншылды. Барлығы 8,5 мың адам ұсталды. 19-23 желтоқсан аралығында халықтың наразылық шерулері мен митингілер Қазақстанның әр түкпірінде орын алды. Қазақ жастарының Ж. к. алғашқыда құпия ұсталды. Телефон-телеграф байланысы үзілді. Билік оқиғаның елге таралуына мүдделі болмады. Партия к-тері күшті бақылауға алса да, жағдай ЖОО, техникум, училище басшы органдары мен қоғамдық ұйымдарының қадағалауынан шығып кетті. 19 желтоқсан күні кешкі сағ. 20.00-де Қарағандының Гагарин атынд. алаңына жастар жиналды. Олардың «Қазақстанға бірінші басшы неге сырттан келеді?» деген сауалы жауапсыз қалды. Мәселе мәнін анықтау үшін бейбіт мақсатпен жиналған жастарды билік бұзақыға санап, милиция органдарына оларды күшпен қуып таратуға бұйрық берді. «Шаш ал десе, бас алатын» жастарды таратумен шектелмей, оларды автобустарға тиеп, ішкі істер бөлімдеріне апарды. Қарағандыда Ж. к-не қатысқан жастардың арасынан «қара» тізімге 269 адам ілінді. Соның 206-сы студент. Атап айтқанда, ҚарМУ-ден 120, мед. ин-нан 42, кооператив ин-нан 26, политехн. ин-тан 13, пед. ин-нан 5 студент, мәд.-ағарту уч-щесінен 31, есеп-кредит техн-нан 19, индуст.-пед. техн-нан 9, муз. уч-щесінен 2 оқушы ұсталды. Ереуіл мұнымен толас таппай, 20 желтоқсан күні жастар тағы да көшеге шықты. Бұл күні ішкі істер бөл-деріне 127 адам апарылса, оның тоқсаны студент еді. Бұл – ресми органдар берген мәлімет. Ж. к-не Қарағандыдан қатысқан жастар бұдан әлдеқайда көп болғаны күмәнсіз. Ұлттың бас көтеруін қан жоса етіп басқан кеңестік-орыстық ұр да жық саясат іле ереуілге қатысушы жастарды қуғындау, жазалау әрекетіне кірісті. Қарағанды ЖОО оқытушы-проф-лар мен студенттердің ұлттық құрамы пайызға шағылды. ЖОО басшылары ауыстырылды. Кейбір мәліметтер бойынша (толық емес) 19-20 желтоқсандағы ереуілде бой көрсеткені үшін ҚарМУ-ден 12, политехн. ин-тан 6, мед. ин-тан 28, кооператив ин-нан 3 студент оқудан шығарылған. Техн. мен уч-щелерден аластатылған жастардың нақты есебі жоқ. ЖОО-дарының 59 қызметкеріне қатаң сөгіс берілді. «Халықтар түрмесі» деген атауына толық сай келетін КСРО-ның тоталитарлық, отаршыл саясатына қарсы шыққан жастардың саяси ереуіліне Қу – Балқантау өңірінің жүздеген қыз-жігіті қатысты. «Зұлымдық империясы» құрамындағы ұлттардың оянуына зор ықпал жасаған, тарихи маңызы аса ауқымды Ж. к-не қатысты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев 1991 ж. 12 желтоқсанда «Қазақстандағы 1986 ж. желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлыққа қол қойды.

Сөйтіп, уақытынан біраз кешіксе де, 1986 ж. Ж. к-не қатысып, азаматтық пікірін білдіргені үшін жазықсыз қуғындалғандар ақталды.

ЖЕР – Күн жүйесіндегі, Күннен бастап санағанда үшінші ғаламшар, адамзаттың тіршілік ететін бесігі. Ж. эллипстік (дөңгелекке жуық сопақша) орбита бойымен секундына 29,765 км жылдамдықпен, 149,6 млн. км қашықтықта орналасқан Күнді 365,24 орташа күн тәулігі ішінде бір рет айналып шығады. Оның табиғи серігі – Ай. Ай Жерді 384000 км орташа қашықтықта айналады. Ж. осінің эклиптика жазықтығына көлбеулігі 66°33′22″, оның өз осінен айналу периоды 23 сағ 56 мин 4,1 с. Ж-дің өз осінен айналуы себебінен онда күн мен түн ауысса, осінің орбита жазықтығына көлбеулігі мен Күнді айналуы салдарынан жыл мезгілдері өзгеріп отырады. Ж-дің жасы шамамен 4,5 млрд. ж. деп есептеледі. Күнді айналып жүрген 9 ғаламшар ішінде Ж. мөлшері мен массасы бойынша 5 орында. Ж-дің массасы 5,975•1021 т, орташа тығыздығы 5,517 г/см³, көлемі 1,083 млрд. км³, ауданы 510,2 млн. км², сыртқы пішіні 3 осьті эллипсоидқа (сфероидқа) жақын. Осы күнгі космогониялық түсінік бойынша, осыдан 4,5 млрд. жыл бұрын Күн айналасындағы кеңістікте шашыраған газ-тозаңнан, ғаламшарлар тартылыс күші әсерінен Ж. пайда болған. Қатты материя кесектерінің өзара соқтығысып, жабысуынан ғаламшарлар ұлғая берген. Газ-тозаңдар іріктеліп, олардың жеңіл элементтері Күн сәулесі қысымымен одан әрірек, ал біршама ауырлары Күнге жақын орналасқан. Ж. құрамына Күн жүйесінде кездесетін барлық химиялық элементтер енеді. Заттың ғаламшар ортасына тартылуы және оның ось бойымен айналуы салдарынан Ж. эллипсоидтық пішінге келген. Күн жүйесінің басқа ғаламшарлары сияқты Ж. де түрлі жұлдыздардың шаңы мен газдарынан құрылған. Алғашқы геологиялық сатыдан бастап Ж. беті материктік көтерулер мен мұхиттық ойпандарға бөлінген. Ж. қыртысында ерекше граниттік-метаморфты қабат қалыптасты. Мантиядан бөлінген газдар арқылы алғашқы атмосфера мен гидросфера түзілді. Ж. бетінде табиғи алғашқы жағдайдың қолайлы болғаны сонша, ғаламшарлар қалыптасқан соң млрдтаған ж-дан кейін өмір, тіршілік пайда болды. Ж. бетінде өмір пайда болуы тек қана ғаламшардың табиғи ерекшелігімен бірге, Күннен қолайлы арақашықтықтың да маңызы бар. Себебі, ғаламшар Күнге жақын орналасса, жылу мен жарық шамадан тыс көбейіп, кез келген жамылғы *(жер беті)* судың қайнау температурасынан жоғары болар еді, алыс орналасса, жылуды аз қабылдап, өте суық болар еді. Көптеген ғаламшар массалары Ж-ден аз болғандықтан, тартылыс күшінің жеткіліксіздігінен, тығыз да дәл атмосфера қабатын ұстап тұруды қамтамасыз ете алмайды. Ғаламшар өмір сүрген уақытта оның табиғаты бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Әр кезеңде тектоникалық әрекет белсенді болғандықтан: құрлықтар мен мұхиттардың көлемі мен келбеті өзгерген, Ж-ге ғарыштық денелер құлаған, бірнеше рет мұз жамылғылары пайда болып, еріп кетіп отырды. Сөйтсе де, бұл өзгерістер органикалық дүниенің дамуына түпкілікті әсер ете қоймады. Географиялық қабық құрамына: литосфера, гидросфера, атмосфера және биосфера кіреді. Олардың өзара байланысы Ж. ғаламшарындағы тіршілікті қамтамасыз етіп отыр. Бақылауға мүмкін, ғарыштық кеңістікте қазірге дейін Ж-ге ұқсайтын басқа аспан денелері байқалған жоқ.

ЖЕРҰЙЫҚ – қазақ аңыздарында айтылатын, сулы-нулы, шөбі шүйгін, «адамы жүзге келмей өлмейтін, малы жылына екі төлдейтін мамыражай, халқы «қой үстіне бозторғай жұмыртқалайтын» бейбітшілікте ғұмыр кешетін мекен. Қазақ аңыздарында Ж-ты әйгілі жырау, философ, мемлекет қайраткері Асан Қайғы іздейді. Ол алты атанға жүк артып, алты жыл жайлы қоныс қарап, ұлы даланы түгел шолып шығады. Әр қоныс, мекенге байыпты сын, баға беріп отырады. Мыс., Қаздауысты Қазыбек пен оның ұрпақтары мекен еткен Түндік өз. келгенде Асан Қайғы «Бала Түндік, ой Түндік, маңырап жатқан қой Түндік» деген екен. Осы жерден аттанып бара жатқанда қия алмай, соңына үш қарапты, сондықтан өз-нің терістігіндегі тау Үшқара атаныпты дейді.

ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУШЫ ОРГАНДАР – ӘКІМШІЛІКТЕР – Қазақстан Республиксы атқарушы билігінің жергілікті органдары. Ж. а. о. – ә. өздері әрекет ететін аумақтың даму мүмкіндігі мен ондағы тұрғындардың қажеттігін ұштастыра отырып, жалпы мемлекеттік саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді. Ж. а. о. – ә. Респуб. Президенті мен Үкіметтің өкілі –

тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің әкімі басқарады. Обл-дың, респуб. маңызы бар қ-дың және Астананың әкімдерін Премьер-Мин-дің ұсынуы бойынша Респуб. Президенті тағай-ды және жерг. өкілетті орган – мәслихат депутаттары жалпы дауыспен бекітеді. ҚР Президенті өз ұйғарымымен әкімдерді қызм-нен босатуға құқылы. Әкім қызм. ұйымдық-құқықтық, материалдық-техн. қамтамасыз ету мен ақпараттық-талдауды әкімнің аппараты жүзеге асырады. Жерг. өкілетті орган – мәслихат әкімге сенімсіздік білдіріп, оны қызм. босату жөнінде тиісінше ҚР Президентінің не жоғары тұрған әкімнің алдына мәселе қоюға құқылы. ҚР Президенті жаңадан сайланып, қызм. кіріскен кезде обл-дың, респуб. маңызы бар қ-лар мен Астана қ-сы әкімдерінің өкілеттілігі тоқтатылып, олар жаңадан тағайындалады.

«ЖЕТІ ЖАРҒЫ» – қазақтардың байырғы әдет-ғұрып заңдарының жинағы. Бұл заңдар XVII ғ-дың соңы мен XVIII ғ-дың басында, Тәуке хан (1678-1715) билік құрған тұста қалыптасқан. Қазақ хандығының Орыс тарихнамасына «Тәуке хан заңдары» деген атаумен танымал. Оның негізгі нұсқасын әзірлеуге қазақтың үш жүзінің бас билері қатысып, ру-тайпа көсемдерінің Түркістандағы жиынында қабылданған. «Ж. ж»-ны дайындауға Орта жүздің биі Ұлыс Қаздауысты Қазыбек қатысып, азаматтық құқыққа, әсіресе, әйел құқығына қатысты баптар енгізуге ықпал етті. Ж. ж. хан билігі үстемдік құрған қоғамдағы қарым-қатынастың негізгі салаларын қамтып, көшпелілер ортасына тән жер дауы, жесір дауы, жан дауы, мал дауы, құн дауы, мүлік дауы, атқарушы және өкілетті биліктің құзыры тәрізді аса өзекті мәселелерді реттеуге мүмкіндік берді. 1885 ж-дың мамырында өткен Қарамола съезінде Абай «Семей қазақтарына арналған, қылмыстық істерге қарсы заң ережесін» даярлауға жетекшілік жасағанда, айыпкерге қолданатын үкімдерді біршама жеңілдетіп, осы Ж. ж. баптарын негізге алған дүр. Хакім Абай үшінші қарасөзінде: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», әз Тәуке ханның Күлтөбенің басында күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек» деп, бұл әдет-ғұрып заңдарын жұрт билеу, ел басқарудың негізгі жүйесі ретінде мойындайтынын ашып айтады. «Ж. ж»-ға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шешеді. Ол қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығы барынша күшейіп, дәуірлеген кезі болды. «Ж. ж»-дан кейін арнайы атаулы заң жүйесі жасалмағандықтан және аталған заң талап-тілекті қанағаттандырарлық деңгейде болғандықтан, оның көптеген жол-жобалары мен қағидалары XX ғ-дың басына дейін қолданыста болды. Қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, «Ж. ж.» негізінен афоризмдер мен мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден құралған. Оны мазмұндық-кезеңдік жағынан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолына негізделген һәм әз-Тәуке хан дәуірі мен саясатына сай енгізілген өзгерістер деп үшке жіктеуге болады. «Ж. ж»-ның толық нұсқасы сақталмаған. Үзінділері Жаппас руының старшыны Күбек Шүкірәлиевтен Г.Спасский (1804) жазып алған (11 үзінді 1820 ж. «Сибирский вестник» басылымы бетінде жарияланды), Я.Гавердовский (1806), А.Левшин (1832, 34 үзінді) жинаған материалдарда кездеседі. Н.Городеков, Л.Словохотов және А.Чулошников сияқты орыс зерттеушілерінің ой-пікірлері шежіреші Ә.Қайнарбайұлының нұсқасына жақын. Онда заңдар жинағы Тәуке хан енгізген 7 өзгеріске байланысты «Ж. ж.» атауын иеленгені айтылады. Бұл өзгерістерде төрелер мен қожаларға ерекше құқық беру арқылы билікті нығайту көзделген. Онда жер дауы, отбасы және неке, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қарлық пен жолбасарлыққа, куәлік ету мен ант беруге орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдет-ғұрып дәстүрлері көрініс тапқан. «Жарғы» сөзі әділдік, шешім деген ұғымды білдірді. Түпкі мәні – жару, бір нәрсені дәл де әділ бөлу. Дауды адамгершілік таразысына салып, түзу шешкен билерді халық «Қара қылды қақ жарған» деп дәріптеген. «Ж. ж»-ның кейбір баптары қатал боп көрінуі мүмкін, бірақ әділ: 1-бап. Көтеріліс жасап, бүлік шығарған кісілерге өлім жазасы бұйырылсын (бұл мемл. бүтіндігін сақтау талабынан туды); 2-бап. Түрік халқының мүддесін сатып, елге опасыздық жасағандар өлім жазасына бұйырылсын (Отанға адал перзент болуды дәріптеу санасының жемісі); 3-бап. Жазықсыз кісіні өлтіргендер өлім жазасына кесілсін (жабайылықтың төменгі сатысына тән кісі өлтірушілікке

тыйым салған һәм өркениеттілік белгісі ретінде танылуға тиіс елеулі жаңалық); 4-бап. Басқаның әйелімен зинақорлық жасап, ақ некені бұзушылар өлім жазасына бұйырылсын (шаңырақтың ынтымағын қамтамасыз ету мен неке парызына адалдықты талап етуден туған маңызы зор жаңалық); 5-бап. Өреде тұрған, тұсаулы жүрген сәйгүлікті ұрлаған адам өлім жазасына бұйырылсын («ер қанаты – ат» елдің, мемл-тің соғыс күші ретінде бағаланады); 6-бап. Төбелес кезінде мертігу түріне қарай төмендегіше мүліктей құн төленсін: а) біреудің көзін шығарған кісі айыпқа қызын береді, қызы жоқ болса, қыздың қалыңмалын береді; ә) төрт мүшенің мертіктірген кісі айыпқа ат береді; 7-бап. Ұрланған жылқы, өзге де құнды мүлік үшін он есе артық айып төлеттірілсін. «Ж. ж.» заңдар жинағы мемл. ішкі жағдайын күшейтуге бағытталды. Оның негізінде тайпа, ру басылары ж-ына бір рет жиналуға міндетті болды. Жиында мемл-тің сыртқы, ішкі жағдайына байланысты мәселелер дауыс беру жолымен шешілді. Жиынға қару асынып келген азаматтарға ғана дауыс беру құқығы берілді. Қару асынып келген азамат ж. сайын байлығының жиырмадан бір бөлігін мемл. қазынасына беруге міндеттелді. Жиынға қатысушы әр рудың өз таңбасы болды. Құрылтайда таңбалар әр руға мемл. рәміз дәрежесінде бекітілді. Қазақтың негізгі байлығы – мал. «Ж. ж.» бабы әр меншік иесін өз малына ен салуға міндеттеді. Әр ру-тайпаның көш жолы, қонысы мен мал жайылымы жері қатаң белгіленді. «Ж. ж»-да қылмыстық іс-құқық нормаларына қатты мән берілді. Қылмысқа кісі өлтіру, мертіктіру, әйел зорлау, соққыға жығу, қорлау, ұрлық, т.б. зиянкестік әрекеттер жатты. Жасаған қылмыс деңгейіне қарай кінәлілер әртүрлі жазаға кесілді. «Қанға – қан» принципі сақталды, дегенмен, билер соты алдында екі жақтың келісуі бойынша, жазаны құн төлеумен алмастыруға мүмкіншілік болды. Құн төлеу төрт жағдайда белгіленді: әйел күйеуін өлтірсе және күйеуінің туыстары оған кешірім жасамаған жағдайда; әйел некесіз туған баласын өлтірген жағдайда; жұбайлар арасында «көзге шөп салу» анықталып, дәлелденген жағдайда; құдайға тіл тигізгені анықталған жағдайда. Өлім жазасының әр түрі болды: таспен шөкелеу, асау жылқының құйрығына байлап жіберу, дарға асу, т.б.Қылмыскердің және өлген адамның әлеуметтік жағдайына қарай құн мөлшері өзгеріп тұрды. Мысалы, өлтірілген ер адамның құны – 1000 қой, әйелдің құны – 500 қой болды. Өлген адам ақсүйек тұқымынан шықса, құн мөлшері 7 есе өскен, яғни «төре» мен «қожаны» өлтіргендер 7 адамның құнын төледі. Ақсүйекке тіл тигізгені үшін 9 қара, қол жұмсаса 27 мал төленетін жаза кесілді. Құлдың құны қыран құс немесе тазы ит құнымен теңесті. Дене мүшесіне зақым келтірген қылмыскер де белгілі бір мөлшерде құн төледі: бармақ – 100, шынашақ – 20 қой. Ұрланған зат иесіне «үш тоғыз» тіркемесімен бірге қайтарылды. Ұрланған 100 түйе 300 жылқыға немесе 1000 қойға теңелді. «Ж. ж.»-да өлім жазасы мен құн төлеуден басқа да жазалар белгіленді. Мысалы, әкесіне қол жұмсаған ұлдың бетіне күйе жағып, қара сиырға теріс қаратып отырғызып, ауыл-ауылды аралатып масқаралаған. Ата-анасына тіл тигізген қыздың жазасын шешесі шешкен. Күйеуін өлтірген екіқабат әйел елден қуылса, өзге дінді қабылдаған адамның мал-мүлкі тәркіленді. Құдайға тіл тигізгені 7 адамның куәлігі арқылы анықталған адам тас атып өлтірілді.

ЖИДЕБАЙ БАТЫР (1713., Сыр бойы – 1812., Сарыарқа, Нұра-Талды өз. бойы) – белгілі батыр, би, шешен. «Сарыарқадай жер қайда, Жидебайдай ер қайда» деген аталы сөзге есімі арқау болған Ж. б. Көріпкелдік қасиеттен де құр алақан емес екен. Қаракесектің (Болатқожа) Түйте – Майқы – Айтуған – Әлтеке (Айдос) тармағынан шыққан ол алғаш рет Аңырақай соғысына (16-17 жаста) қатысқан екен. Кейінірек Ж. б. өзімен түйдей құрдас Абылай ханның шолғыншы жасағын басқарған беделді қолбасшысы болады. Ел аузында Абылай хан егде тартқан Ж. б-ды Қарақожа елін шауып әкелуге жұмсағаны сақталған. Ж. б. Балқаш к-нің Ұзынарал тұсында, кезінде Ұлы Жібек жолының бір тармағы өткен, үш ғасырдай су астында қалып, ұмыт болған тас өткелді тауып, сол жолмен тұтқиыл жауға тиіп, Қарақожаның ұлысын бағындырады. Сонда Қарақожа «Бұл жолды білетін Жидебай ғана еді, өткелді тапқан сол көзің шыққыр екен ғой» деген дүр. Тоқсаннан асқанда көзі көрмей қалған Ж. б.: «Жасымның жүзге келгені – алты алаштың алғысы, Қос жанардың сөнгені – Қарақожаның қарғысы», – дейді екен көңілін сұрай келген жұртқа. Ж. б-ға қатысты Қаздауысты Қазыбек «Замана өтпес болсайшы-ай, Жидекем өлмес болсайшы-ай» депті-мыс. Дегенмен, біз бұл

ақиқатқа сай келмейтін, ұшқары пікір тәрізді. Өйткені, қолда бар деректер Қаздауысты Қазыбек (1667-1764) Ж. б-дан 46 жас үлкен екенін көрсетеді. Яғни, Ж. б. ат жалын тартып мінгенде, Ұлыстың ұлы биі егде тартқан адам. Жоғарыдағы сөз Ж. б-дан жасы кіші, бері салғанда, замандас құрбысы айтатын пікір екені күмәнсіз. Оны Қаздауысты Қазыбектің ұлы Бекболат, тіпті, немересі Тіленші айтты десе, шындыққа біршама жуысады. Ж. б. зираты Шет ауд. орт-ғы Ақсу-Аюлы а-ның бат-да, Нұра-Талды өз. бойында орналасқан.

ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ, Жиембет Бартоғашұлы (1570-1575 жж шамасында туып, 1643 ж. дүниеден қайтқан) – талантты жырау, би, батыр. Кіші жүздің Байұлы бірлестігінің Тана руынан шыққан. Жастық шағы қазіргі Бат. Қазақстанның Өзен, Жем, Арал аралығында өткен. 16 жасынан хан, би, батырларға серік болып, ел билігіне араласады. Өсе келе, Есім ханның беделді биі әрі батыры дәрежесіне көтеріледі. Ұрыс, шайқастарға катысып, ерлік көрсетеді. Хан жасағын баскарып, 1620 ж. ойрат-қалмақтармен өткен соғысы кезінде тапқырлық көрсетіп, шапқыншы жауды ойсырата жеңуге үлес қосады. 1620-27 жж қалмақтарға қарсы жорықтарға, 1627 ж. Тұрсын ханмен арада өткен соғысқа қатысып, Арғын ұлысының биі Шаншар абызбен бірге Есім ханды қолдап, ерлігімен көзге түседі. Сөйтіп, үлкен абырой, беделге ие болады. Ж. ж-дың Есім ханмен достығы ұзаққа бармайды. Еларалық бітімгерлік, жер дауы, жесір дауы кезінде келіспеушілік өрістей береді. Турасын кесіп айтатын өжет бидің кейбір әрекеттері Есім ханға да жаға бермейді. Ж. ж. ханнан іргені аулақтатып, қол астындағы елге дербес билік жүргізе бастайды. Мұны білген хан оның соңына түсіп, қуғынға салады. Хан жасағын жұмсап Ж. ж-ды қолға түсіреді де, қиыр елге жер аудартып жібереді. Ж. ж. жат жерде азап шегіп күнелтеді. Оның бұл кездегі хал-ахуалын бейнелейтін толғау, жырлары көп. Ж. ж. айдаудан 1643 ж. қайтып оралады. Бұл кезде Есім хан өлген-ді. Ағайын-туысы сүйікті би, ел қорғаны болған батырын зор құрметпен қарсы алады. Бірақ, айдау, бұғауда тапқан кесел, жарақатын ел-жұрттың қамқорлығымен жазылмайды. Бұрынғыдай көсіліп жырлай алмаған Ж.ж. жетпістен асқан шағында бұл дүниемен коштасады. Ж. ж-дың біраз толғаулары «Бес ғасыр» жинағында жарияланған.

ЖИРЕНШЕ ШЕШЕН (т. – ө. ж. белгісіз) – аты аңызға айналған дала данышпаны, түрік халықтарына ортақ ойшыл. Өмірде болған тарихи тұлға ретіндегі болмысы аз зерттелген. Өмірбаяндық деректерінің нақтылығына, шығ-шылық стилінің айқындығына және автор ретіндегі есімі ел есінде ғ-лар бойы өзгеріссіз сақталғандығына қарамастан, Ж. ш-ге әпсаналық кейіпкер, жиынтық образ ретінде қарау басым. Шығ. мәд-нің көне дәуірлердегі өкілдерін нақты кейіпкер деп қарастыруға күмәндануға бейім «евроцентризм» салқыны сезіледі. Бірақ, әдеби лақап (псевдоним) пен жиынтық бейне негізінде де шындық барын естен шығаруға болмайды. Ж. ш-нің сөздері — далалық өркениет тәжірибесінің жарқын көріністері қатарына жатады. Терең тағылымды толғамдар өміршеңдікке шақырып, ақыл-ой салтанатын түйсінуге мүмкіндік береді. Халық аңыздары бойынша, Ж. ш. кедей адам екен. Соған қарамастан, ол Қазақ хандығын құруда ханға көмектескен, пайдалы кеңестер беріп, халық бұқарасы атынан сөйлеген. Оның атынан айтылып, халық жадында сақталған аңыз-әңгімелер мен шешендік сөздер көп. Олардың көпшілігі ғ-лар тезінен өткен халық шығ-сына, әлденеше буын өкілдері өңдеп, өзгертуінен өткен ортақ мұраға айналған. Ж. ш. туралы аңыздарда оның әйелі Қарашаш да ақылды, тапқыр жан ретінде суреттеледі. Түрік тілдес өзге халықтар фольклорында да Ж. ш. туралы ертегі, аңыз, әңгімелер кездеседі. Мысалы, қарақалпақта «Жиренше шешен», қырғызда «Жээренче чээчэн», түрікменде ақылды да тапқыр, әділ «Ийкренче» туралы аңыздар бар. Ж. ш. туралы әңгімелерді, негізінен, үш салаға бөлуге болады. Біріншісінде ол Жәнібек ханның (1406-1473) уәзірі, ақылшысы, досы ретінде бейнеленіп, екіншісінде әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы күресуші, ханның кемшіліктерін бетіне айтып, ақыл-парасатымен өзін оған мойындата алған халық өкілі ретінде суреттелсе, үшіншісінде өз әйелі Қарашашпен, т.б. қатардағы бұқарамен қарым-қатынасы, күнделікті қақтығыстарда әзіл-қалжыңды тауып айтатын кісі екені көрсетілген. Ж. ш. туралы аңыз, әңгімелерде шешендік сөз үлгілерімен қатар, тұрмыс-салт ертегілері де бар. Ж. ш. атымен байланысты әңгімелердің ішінде ең көп тарағаны — оның көркіне ақылы сай, дана Қарашаш қызға үйленгені. Ж. ш. қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиеті арқылы халық арасына атақ-даңқы

кеңінен жайылған тұлға. Оның туған уақытын, қай атадан шыққанын, өмір жолдарын дәл тауып айту мүмкін емес. Өйткені, ол – халық ауыз әдебиетіндегі Алдар Көсе, Қожанасыр тәрізді аңызға айналып кеткен фольклорлық бейне. Ж. ш. жөнінде кеңес дәуірінде жарық көрген энциклопедия деректерінде: «Жиренше шешен қазақ ауыз әдебиетіндегі кейіпкер, ақыл-парасаттың, тапқырлықтың символы. Қазақ аңыздары бойынша Жиренше шешен тарихта болған. Жәнібек («Әз Жәнібек») ханның тұсында өмір сүрген кісі. Алайда тарихта Жиренше шешен туралы нақты деректер аз. Ол жөніндегі шығармалардың дені көп халыққа ортақ сюжеттерге негіз болған. Қазақтан өзге түркі, моңғол және үнді-еуропа халықтарының фольклорында Жиренше шешен туралы шығармалар кездеседі. Қазақ фольклорында Жиренше шешен жайлы ертегі, аңыз, әңгіме, анекдоттар бір топ...» – деп жазылған. Қалай болған күнде де Ж. ш. туралы аңыз-әңгімелер, тапқырлық сөздер кейінгі қазақ би-шешендері, соның ішінде Орта жүздің атынан сөйлеген Қаздауысты Қазыбек пен Бекболат, Тіленші, Алшынбай билер үшін үлгі, мектеп болғаны күмәнсіз.

«ЖИЫРМА ҮШ ЖОҚТАУ» – жинақ. 1923 ж. Шығ. халықтарының Мәскеудегі кіндік баспасында шыққан, Ә.Бөкейхан мен А.Байтұрсынұлы жинап, құрастырған кітапқа 23 жоқтау енген. Жинақта Мамай батырды шешесі Қараүлектің жоқтауынан бастап, 1916 ж. Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісті басқарып, хан сайланған Әбдіғаппарға арналған жоқтауға дейінгі өлеңдерде қазақ тіліне, халық тарихы мен мәдениетіне қатысты құнды деректер бар. Жинақтағы ең көркем де көлемді жоқтаулардың бірі Қаздауысты Қазыбекті қызы Маңқанның жоқтауы. Онда Маңқан әкесінің барлық ізгі қасиеттерін паш етіп, алаш жұрты үшін орны бөлек ұлы тұлғаның тіршілігінде халық игілігі, ұрпақ болашағы үшін жасаған ісі ұмытылмайтынын айтады. Жинақ еш түзету, өзгеріс енгізілмей, «Мың бір мақал» деген жинақпен біріктіріліп, 1993 ж. қайта басылды.

ЖОШЫ (Жолшы; 1187, Моңғолия, Онон өз. бойы – 1227, Ұлытау, Қара Кеңгір өз. бойы) – түрік-моңғол империясының ірі әскер басшысы, Шыңғысханның үлкен баласы, Жошы ұлысының негізін қалаушы. Ж. ұлысы Ертіс пен Дунай аралығындағы талыстай кеңістікті (Дешті Қыпшақ осының ішінде) қамтыды. Шыңғысхан барлық жорықтарына қатысқан Ж. Керей мен Найман мемл-терін күйретіп (1206), Оңт. Сібірді, Алтай мен Шығ. Түркістанды мекендеген көп елдер мен тайпаларды бағындырды (1207). Сол екпінмен Жетісуға дейін жетіп (1211), Қытайды жаулауға қатысты (1211-15). 1218 ж. көктемде Ж. басқарған үш түмен әскер Дешті Қыпшаққа басып кірді. Ырғыз даласында Хорезм шаһы Мұхамедтің 60 мыңдық жасағымен шайқасты. Хорезммен соғыс басталған соң, Жетісудың барлық қ-лары мен Шу, Талас, Сырдария бойын, Орта Азияның ірі саяси және мәдени орт-тарын басып алды. Ж. 1220-21 жж Сырдария өз. бойындағы Отырар, Сығанақ, Үзкент, Баршынкент, Асынас, Янгикент қ-ларын алды. Хорезмді (1222), Түркістанды бағындырды. Ж. 1223 ж. көктемде әкесінің шақыруымен Сайрам мен Талас аралығындағы Құланбасы даласына шақырылған құрылтайға келді. Шыңғысхан жаулап алған және болашақты бағындыратын жерлерді бөлген кезде Ж-ға Алтай мен Орал тауларының арасындағы өңір және оның бат. жағындағы, алдағы уақытта ат тұяғы жететін кеңістік тиеді. Ж-ның ордасы Ертіс бойында орналасты. Ж-ның өліміне қатысты бірнеше нұсқа бар. Бірінде, аңға шыққан Ж-ны құлан шайнап өлтірген; екіншісінде, оның дербестігінен қауіптенген әкесі у беріп өлтірткен. Ж. өз ұлысында дербес мемл. құрмақ ойын орындай алмады. Оның жоспарын ұлы Бату жүзеге асырып, Алтайдан Дунайға дейінгі кеңістікте Алтын Орда империясын құрды. Кейінгі Қазақ хандығы (қазақ билеушілерінің бәрі Ж. ұрпақтары), қазіргі Қазақстан Республикасы сол алып державаның орнында пайда болған мұрагер ел десек, ақиқаттан алыстамаймыз. Ж-ның күмбезді мазары Ұлытау ауд-да, Жезқазған қ-ның солт.-шығ-да 45 км жерде, Қара Кеңгір өз. бойында орналасқан.

ЖҰБАНДЫҚОВ Мереке Жарылғапұлы (20.10.1940, Қарағанды қ. – 30.06.2015, Қарағанды қ.) – инж.-механик. ОМ бітіріп, еңб. жолын 1960 ж. Егіндібұлақ ауд. «Арқалық» с/зында жүргізушіліктен бастады. 1967 ж. Мичурин с/з-техн-ын қызыл дипломмен (оның жұм-ы үлгі ретінде колледж мұражайында әлі сақтаулы тұр), 1981 ж. Целиноград (қазіргі Астана) инж.-құрылыс ин-ын автомобильдер және автомобиль шар-ы, 1987 ж. Уфа мемл. мұнай ун-ін

мұнай базасының инж-і мамандығы бойынша тәмамдады. 1967-70 жж Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/зда бақылаушы-механ., 1970 ж-ы геологиялық барлау экспед-сында автомеханик болып, 1971 ж. Қарқаралы автокөлік кәсіпорнында пайдалану қызм-нің бастығы, 1978 ж. басқарушының көлік жөніндегі ор-ы, 1983-88 жж Қарқаралы мұнай базасында (Талды ст.) аға инж., 1988-97 жж Шұбаркөл көмір разрезінде жанар-жағар май қоймасының меңг-сі қызм. атқарды. Ж. жергілікті билік пен сала басшылығы тарапынан марапаттар иеленді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖҰБАНДЫҚОВ Нұрлан Мерекеұлы (7.11.1975, Қарқаралы қ./ Егіндібұлақ өңірінің тумасы) – заңгер, кәсіпкер, спортшы – қазақ күресі мен самбодан ҚР спорт шебері. 1994 ж. Ә.Молдағұлова атынд. олимпиада резервтері спорт мект-ін, одан соң Қонаев атынд. гуман. ун-ті заңгер мамандығы бойынша бітірді. Бірнеше халықар. жарыстардың жүлдегері. 2000 ж. бері Қарқаралы ауд. Бүркітті а. округінде егін шар-мен айналысады. 2008 ж. бидай өңдейтін «Ақжайық – 2011» ЖШС және «Мука Трейд» ЖШС фирмаларын ұйымдастырып, жұм. жасауда.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖҰМАБАЕВ Мүрсәлім **(**1914, Семей губ., Қарқаралы уезі, Едірей бол. 1933 ж. сауатсыздықты жою мект., 1933-34 жж жұмыскер даярлайтын қысқартылған курсты бітіріп, Семей қ. №1 нан зауытына орналасады. 1939 ж. Семей пед. уч-сін аяқтап, матем. пәні мұғ. мамандығын алады да, Қу ауд. № 11 мект-не орналасады. Мұнда 1942 ж. дейін қызм. жасап, 1942-54 жж Қу ауд. оқу б-де инспектор, кейін меңг., 1954 ж. ауд. парт. к-і ұйымдастыру б-інің меңг-сі міндетін атқарады. 1954 ж. «Алғабас» к/зы, 1955 ж. іріленген Қазақстанның 30-жылдығы атынд. к/зы басқармасының төрағасы болып тағайындалды. Денсаулығына байланысты біраз уақыт еңб. қол үзіп, 1962-71 жж «Қаратау» с/зында кадр б-інің инспекторы, кейін дир-дың шар. жөніндегі ор-ы, 1971 ж-дан зейнеткерлікке шыққанға дейін Егіндібұлақ ауд. тұрмыс қажетін өтеу комб-да дир болды. Жарты ғ-дан астам ғұмырын халық шар-ның түрлі саласындағы жұмысқа арнаған Ж. көптеген мемл. марапаттар иеленді.

ЖҰМАБЕКОВ Кеңес Нарымбайұлы (1948 ж.т.), актер, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (1996). М.Әуезов ат. академиялық драма театр жанындағы актерлік студияны және Е.Бөкетов ат. ҚарМУ-ді бітірген. Қарағандының С.Сейфуллин ат. драма театрында 1968 жылдан істейді. Қозы, Жантық (Ғ.Мүсіреповтің «Қозы Көрпеш – Баян сұлуында»), Жапал, Нарша (М.Әуезовтің «Еңлік – Кебегі» мен «Қарагөзінде»), Жан (О.Бөкейдің «Құлыным меніңде»), Ғани (А.Сатаевтың «Жас қайраты елімніңде»), т.б. рольдерді сомдады. С.Жүнісовтың «Өліара»пьесасы бойынша қойылған спектакль үшін Мемл. сыйлықтың лауреаты атанды (1986). Ж. драматург ретінде де танымал: «Замана неткен тар едің», «Қаз дауысты Қазыбек», «Ата парызы», т.б. пьесаларының авторы. 2004 ж-дан Қарағандының С.Сейфуллин атынд. драма театрының дир-ы міндетін атқарған сахна шебері зейнеткерлікке шыққаннан бері актерлік қызм-не қайтып оралды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖҰМАҒАЛИ Сламбек Әйнекбайұлы (15.05.1956., Алматы обл., Ақсу ауд., Бөрілітөбе а.) – актер, режиссер, қаламгер (ҚР Журналистер одағының мүшесі). Алматы мемл. театр және өнер ин-ын(1981), ҚарМУ-ды (1998), Қырғыздың Б.Бейшенәлиев атынд. өнер ин-ын (2012) тәмамдаған. 1973 ж. ОМ бітіріп, еңб. жолын «Балқаш өңірі» газетінде тілші болып бастады. 1984 ж-дан С.Сейфуллин атынд. обл. қазақ драма театрының актері (біраз жыл әдебиет бөл. меңг-сі болды) және 2012 ж-дан бері режиссері. Ол сахнада Абай (К.Жұмабеков. «Замана неткен тар едің...»), Бауыржан Момышұлы (А.Бек. «Волоколамск тас жолы»), Ерғали (Ә.Оразбеков. «Бір түп алма ағаш»), Көтібар (М.Әуезов. Айман – Шолпан») бейнелерін сәтті шығарды. Шоқтығы биік Абай ролі үшін ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған респуб. фестивальдың күміс жүлдегері (1995). М.Кәрімнің «Ай тұтылған түн», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романы желісінде аттас драманы, С.Жүнісовтің «Жаралы гүлдер», Ж.Ерғалиевтің «Жетім тағдыр», қырғыз драматургі А.Жапаровтың «Әйел тағдыры», т.б. көптеген шығармаларды сахналады. Е.Балташұлымен

бірге Ж. «Сұрасаң, Мәди еді менің атым» тарихи драмасын жазып, ол С.Сейфуллин атынд. обл. қазақ драма театрында қойылды. «Қазақстан – Қарағанды» телеарнасында «Өнер саңлағы», «Арқа әуені» хабарларын дайындап, жүргізді. Ол гастрольдік сапармен еліміздің обл-тарының барлығында дерлік, Ресей мен Өзбекстанда болды. Қарағанды обл. мен қ-сының қоғ.-мәдени өміріне белсене араласатын Ж. Мәдениет министр-нің «Мәдениет қайраткері» белгісімен (2002), сала басшылығы мен басшы органдардың Құрмет грамоталарымен марапатталған. Түркиеде (3 мәрте), Сербияда, Татарстанда, Белорусс респ. өткен халықар., респ. және аймақтық фестивальдардың лауреаты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖҰМАҒҰЛ – тау. Егіндібұлақ а-ның оңт.-бат-на қарай 10 км жерде. Абс. биікт. 927 ., ұз. мен ені 1,5-2 км. Тас, темір гранитоидтарынан түзілген. Беткейлері тік құламалы, кей жерлерде түпкі жыныстарының жер бетіне шығуы байқалады. Таудың күңгірт сары топырағында қараған қопасы, қарағай мен көктерек шоқтары, шөптің алуан түрі өседі.

ЖҰМАДІЛОВ Марат (1940, Қу ауд. – 1991, Егіндібұлақ а.) – экономист, сауда саласының ардагері. 1981 ж. Қарағанды кооператив ин-ын (қазіргі экономика ун-ін) бітірген. 1958-67 жж Қу, кейінгі Егіндібұлақ ауд. Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/зда автокөлік жүргізушісі, 1967-77 жж автодүкен жүргізушісі, 1977-79 жж Шөптікөл бөл-сінің басқарушысы, 1979-91 жж Егіндібұлақ ауд. тұтынушылар қоғамы басқ. төра-ның сауда істері жөніндегі ор-ы қызм. атқарды. Ж. бірсыпыра мемл. наградалармен марапатталған.

ЖҰМАДІЛОВ Тілеубай (24.10.1932, Қу ауд., Егіндібұлақ а.) – дәрігер, Қазақ КСР денсаулық сақтау ісінің озаты. Егіндібұлақ ОМ, 1958 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын бітіріп, Қу (кейін Егіндібұлақ) ауд. ауруханасында дәрігер-хирург болып еңб. жасады. 1971 ж. Қаражал қ-лық денсаулық сақтау бөл-нің басшысы қызм. ауысты. 1980 ж. бастап Жезқазған қ-дағы №2 обл-тық ауруханаының бас дәрігері лауазымында жұм. істеген ол 1992 ж. зейнеткерлікке шыққан соң да кәсібінен қол үзген жоқ – 2012 ж. дейін Жезқазған қ-ның көпсалалы орт. ауруханасында бас дәрігердің ор-ы – сан. авиация бастығы міндетін атқарды. Мед. саласындағы ұзақ ж-ғы жемісті еңб-ні үшін Ж. мемл. наградалармен, соның ішінде «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен, Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖҰМАЖАНОВ Мұқажан (1904, Ақмола обл., Нілді бол. – 12.04.1966, Жаңаарқа а.) – партия, кеңес қызметкері. 1913-17 жж орыс-қазақ мект-де, 1925-27 жж Атбасар шар.-жастар мект-де, 1927-28 жж Петропавл орта партия мект-де, 1929, 1932, 1942 ж-дары ҚКП жанындағы саяси білім жетілдіру, 1940 ж. қаржы және банк курсында оқыған. Еңб. жолын 1917-20 жж Өспен кенішінде жұмысшы болып бастады. 1920-25 жж мал бақты. 1928-29 жж Еркіншілік ауд., 1929-30 жж Жаңаарқа ауд. комсомол к-терінің хатшысы, 1930-33 жж Жаңаарқа ауд. парт. к-і ұйымд. бөл-нің меңг-сі, 2-ші хатшысы, 1933-37 жж ауд. банк басқ-сы, 1937-41 жж Қорғалжың, Қарқаралы, Жаңаарқа ауд. қаржы бөл-нің меңг-сі, 1941-44 жж халық депутаттары Қу ауд. атқару к-інің төрағасы, 1944-45 жж обл. а. шар. банк басқ-сы, 1945-53 жж халық депутаттары Ұлытау ауд. атқару к-і төрағасының ор-ы, төрағасы, 1953-59 жж Жаңаарқа ауд. шикізат дайындау кеңсесінің басқ-сы, 1959-60 жж «Бөрлі» с/зы дир-ының ор-ы, 1960-66 жж «Сұлукөл» мал бордақылау с/зының дир-ы қызм. атқарды. Мемл. марапаттарға ие болған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖҰМАШЕВА Майда (7.11.1939, Қу ауд., Едірей а. кеңесі) – есеп-қисап қызметкері, ақын. Орта білім алғаннан соң есепшілер курсын тәмамдап, к/зда, 1960 ж. құрылған «Арқалық» с/зының есеп-қисап бөл-де ширек ғ-дан астам бухг. болып қызм. етті. Қоғ. өміріне белсене қатысып, а. шар. саласының озаттары, мәд.-тұрмыстық жағдайдағы өзгерістер жайлы ауд. және обл. газеттерге мақалалар жариялап, өлеңдерін бастырып тұрды. Ж-ның «Қайық еттім қағазды, ескек – қайық» (2007), «Өткен күннен бір белгі» (2009), «Кештім ғұмыр қиялдың қанатында» (2013), «Ана – жүрек» (2016) деген жыр жинақтары жарық көрді.

ЖҰМАШЕВ Зейнел-Ғабден Қанағатұлы (7.01.1962, Егіндібұлақ ауд., Арқалық а. кеңесі) – заңгер, II саласының ардагері. 1979 ж. Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ тәмамдап, Егіндібұлақ

астық қабылдау пунктінде жұмысшы ретінде еңб. жолын бастады. 1980 ж. Егіндібұлақтағы №182 кәс.- техн. уч-ні тракторшы және автокөлік жүргізуші мамандығы бойынша бітірді. 1980-82 жж Егіндібұлақ астық қабылдау пунктінде мамандығы бойынша жұмыс істеді. 1982-84 жж Кеңес Армиясы қатарында әскери борышын өтеп, 1984-85 жж Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд. «Победа» с/зында жұмысшы болды. 1991 ж. Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інің заң ф-ін бітірді. 1991-92 жж Ульянов ауд. «Кузнецкий» с/зында заң кеңесшісі қызм. атқарды. 1992-96 жж жеке кәсіпкерлікпен айналысып, 1996 ж. Қарағанды қ. ІІБ-ның Оңт.-Шығ. полиция бөл-де учаскелік инспектор, 1998-2005 жж Қарағанды қ. ІІБ-нда тергеуші, аға тергеуші, 2006 ж. Оңт. Қазақстан обл. ІІД-не қарасты Әл-Фараби ІІБ-нда анықтау бөл. бастығы қызм. атқарды. 2007-08 жж Павлодар обл. ІІД Баянауыл ауд. ІІБ баст-ның ор-ы, 2008-10 жж Қарағанды обл. ІІД Тергеу басқ-ның стат. және аймақтық бақылау бөл. аса маңызды істер жөніндегі аға терг. болды. 2010-12 жж Ақтоғай ауд. ІІБ баст-ның ор-ы қызм. атқарып, отставкаға шықты.

ЖҰМАШЕВ Көпей Будинұлы (17.04.1928, Қарағанды (Тельман) ауд., Қызылжар а. – қашан, қайда қайтыс болғаны белгісіз) – экон., парт., кеңес қызметкері. 1947 ж. есепшілер курсын (Петропавл), 1959 жж Петропавл есеп техн-ын, 1961 жж Қарағанды кеңес-парт. мект-ін, 1970 ж. Целиноград (қазіргі Астана) а. шар. ин-ының экон. ф-ін, 1975 ж. СОКП ОК жанындағы Жоғ. парт. мект-ін бітірген. 1943-49 жж Тельман ауд. «Тегісжол» к/зында есепші, 1949-56 жж «Путь к коммунизму» к/зында, 1956-59 жж Қазақстанның 30 ж-дығы атынд. к/зда бас есепші, 1961-63 жж Тельман ауд. атқару к-і төрағасының ор-ы, 1963-65 жж Тельман өнд. бірлестігі парт. к-і хатшысының ор-ы, 1965-67 жж Тельман ауд. парт. к-нің 2-хатшысы, 1967-70 жж Егіндібұлақ ауд. атқару к-інің төрағасы, 1970-71 жж Қарағанды обл. парт. к-і а. шар. бөлімі меңг-сінің ор-ы, 1971-73 жж Осакаров ауд. атқару к-нің төрағасы, 1973 ж. Ағадыр ауд. парт. к-інің 1-ші хатшысы, 1973-75 жж Қарағанды обл. парт. к-і а. шар. бөлімі меңг-сінің ор-ы қызм. атқарды. Ж. 1975 ж. Молодежный ауд. атқару к-інің төрағасы лауазымына жіберілген. Оның бұдан кейінгі тағдыры жайлы дерек кездеспеді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЖҰМАШЕВ Қалқаман (06.06.1948, Қу ауд., Едірей а.) – ғалым, техн. ғыл. докторы (1996), проф. (1992) қара, түсті және сирек кездесетін металдар металлургиясы саласының маманы. 1976 ж. ҚарМУ-дің химия ф-ін бітірген. 1976-89 жж Қарағанды хим-металлургия ин-ында инженер, аға инженер, аға ғыл. қызметкер. 1990 ж-дан конденсияланған қалдықтарды кешенді пайдаланудың физ. хим-сы зертхана меңг-сі. Ж. 250 ден аса ғыл. мақаланың, 92 өнертапқыштық патенттер мен куәліктердің, 5 монографияның авторы. Ол 12 магистрант, 3 техника ғылымдарының кандидатын (Росияда), 1 Phd доктор дайындады. ҚР ҰҒА «Суперидеи» конкурсы жүлдесінің иегері, Е.А.Бөкетов атынд. конкурстың жеңімпазы. «2000 жылдың үздік кәсіпкері» – жыл адамы аталымының иегері. «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Қарағанды машина жасау, балқыту зауытында күрделі сынақтық цехын салудың және оны пайдаланушы «КазГидроМедь» ЖШС өндірістік мекемесіндегі, Жезқазған мыс қорыту зауытына бейімделген технологиялардың, тағы басқа өндіріске енгізілген және сол мақсатпен жасалып жатқан жаңалықтардың авторы

Шығ.: Удаление мышьяка из арсенопиритных и сульфидных концентратов по способу (1987); Основы извлечения мышьяка (1992); Систематизированный научный подход к решению проблемы мышьяка и серы в производстве (2005).

ЖҰМАШЕВ Қанағат (4.06.1936, Қу ауд., Едірей а.) – есеп-қисап қызметкері. Балалық шағы ҰОС ж-дарына дөп келген ол к/з жұм. араласты. 1956 ж. Егіндібұлақ а. ОМ бітіріп, Арқалық МТС-інің трактор бригадасында тіркемеші, есепші, тракторшы, комбайншы болды. 1960 ж. Жамбыл атынд. к/з есепшісі қызм. шақырылып, осы шар. негізінде 1961 ж. құрылған «Арқалық» с/зында есеп айырысу есепшісі, 1963-66 жж бас есепшінің ор-ы, 1966-75 жж Егіндібұлақ ауд-ғы ең үлкен «Арқалық» с/зында, 1975-77 жж жаңа құрылған «Айрық» с/зында бас есепші, 1977-2008 жж Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд. а. шар. басқармасы қаражат бөл-нің бастығы қызм. атқарды. Жасынан өнерге құмар Ж. халық әндері мен халық композиторларының шығ-ларын шебер орындап, насихаттады. Арқалық халық театрын ұйымдастырушылардың бірі болды. Ол күні бүгінге дейін Бұқар жырау ауд. ардагерлері

«Дәурен-ай» хорының белсенді мүшесі. Ол екі мәрте Бүкілодақтық халық шар. жетістіктері көрмесінің (ВДНХ) жүлдегері атанып, медальдармен марапатталды, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталды.

ЖҰМАШЕВ Мақсұт (3.12.1942, Қу ауд., Едірей а. кеңесі) – есеп-қисап маманы, молда, ислам дінінің имандылық, адамгершілік жолдарын уағыздаушы. 1962 ж. ОМ бітіргеннен кейін Мичурин с/з-техн-ын тәмамдаған (1965). Еңб. жолын «Арқалық» с/зында нормалаушы, есепші болып бастап, 1965-72 жж осы шар-тың Айрық бөл-де, 1972-76 жж «Комсомол» с/зында бухгалтер, 1977-78 жж Егіндібұлақ мамандандырылған бірлестігінде, 1978-83 жж Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқармасында, 1983-97 жж Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд-ның «Победа» с/зында бас бухгалтер, бухгалтер лауазымында қызм. атқарды. Сала басшылығы тарапынан марапаттар иеленген. Оның мұсалмандық мәд., салт-дәстүр, парыз мәселесін көтерген мақалалары мен ой-пікірлері мерзімді басылым беттерінде жарық көруде.

ЖҰМАШЕВ Рымбек (22.11.1960, Қарағанды қ.) – тарихшы, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері, тарих ғыл. докторы (2004), проф. (2007). 1983 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың тарих ф-ін тәмамдады. 1990-2002 жж археология, этнология және Отан тарихы кафедсының оқытушысы, аға оқытушысы, доценті, 2002-03 жж тарих ф-інің деканы қызм. атқарды. 2004 ж-дан бері Е.А.Бөкетов атынд. мемл. ун-інің бірінші проректоры. Ол ҚР Президентінің «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Қарағанды облысының мәдени хроникасы. 1936-2006 жж» ғыл. жобасын жасауға және жүзеге асыруға тікелей басшылық етті. Аталған бағдарламаның ғыл.-практ. нәтижелері бойынша монографиялық жұм-тар жарық көрді. Ж. 90(?)-нан астам ғыл. еңб-тің, соның ішінде 4 монография, оқулықтар мен оқу құралдарының авторы. Ол 1 ғыл. докторын, 11 ғыл. кандидатын және 10 магистрант даярлады.

ЖҰМАШЕВ Тұрсын (9.06.1959., Егіндібұлақ а. – 12.06.1995., сонда) – ақын, журналист. Қарағанды пед. ин-тында, Е.Бөкетов атынд. ҚарМУ-де оқыған. Бұрынғы Егіндібұлақ, Талды, Бұқар жырау ауд. газеттерінің ред-да тілші, бөл. меңг-сі лауазымында жұм. істеді. Тілдерді дамыту басқармасының Егіндібұлақ (кейінгі Қазыбек би атынд.) ауд. бөл-де маман болып қызм. атқарды. Өлеңдері обл., респ-лық газет-журналдарда жарық көрген. «Шұбаркөлге батып кеткім келеді,/ Балқантауға шығу үшін ертеңмен» деп жырлаған Ж-тың өлеңдері көркем поэтикасымен, романтикасымен, туған жерге деген іңкәрлігімен ерекшеленеді. Оның шығармашылдығына орай Ж.Нәжмиденов, Е.Раушанов. С.Ақсұңқарұлы тәрізді белгілі ақындар жылы лебіз білдірген. Ж. «Періште» жыр жинағы ақын қайтыс болғаннан кейін, 1997 ж. жарық көрді. Ж-тың туған күнінде ж. сайын Егіндібұлақ а-да дәстүрлі «Тұрсын оқулары» өтіп тұрады.

ЖҰМАШЕВ Шөкен (7.08.1924, Қарқаралы уезі, Абыралы бол. – 10.1979, Егіндібұлақ а.) – қаржы және сауда саласы қызметкері. 1933-37 жж мект-те оқып, 1941 ж. ҰОС аттанды. 1943 ж. ауыр жарақатпен оралып, к/з жұм-ына араласты. 1946-49 жж Семей обл., Абыралы ауд-да есепші, 1949-50 жж Алғабас а. кеңесінде хатшы болып қызм. жасады. 1952 ж. Семейдің қаржы техн-ын тәмамдады.1952-55 жж Абыралы ауд. қаржы бөл-нде инспектор, 1955-63 жж Қу ауд., 1963-65 жж Ақтоғай ауд-да мемл. банк басқарушысы, 1965-68 жж Егіндібұлақ ауд. тұтыну қоғамының төрағасы, 1968-74 жж коммун.-шар. мекемесінің басшысы, 1974-76 жж тұтыну қоғамы төрағасының ор-ы, 1976-79 жж ауд. тұрмыстық комбинатының бастығы міндетін атқарды. Әр саладағы ұзақ ж-ғы еңбегінің нәтижесінде бірнеше марапатқа ие болды.

ЖҮЗІК—соғу, қалыптау, ширату тәсілімен жасалып, сәндік үшін саусаққа салынатын әшекейлі сақина. Ж-тің жасалуы сақинадан күрделірек. Қазақ халқында Ж. жасаудың ежелден қалыптасқан дәстүрі барлығына археол. қазбалардан табылған үлгілер дәлел болады. Асыл тастардан көз қондырылғанын қазақтар Ж., тасы жоқ, алтын, күмістің өзінен ғана көз жасалғанын «балдақ» деп атайды.Көзіндегі тастардың атымен немесе жасалу мәнеріне қарай гауһар Ж., лағыл Ж., зүбаржат Ж. деп, сақиналар құсмұрын, түйетабан, жүрекше, т.б. деп аталған. Көзіне асыл тас орнатылған алтын, күміс Ж-терді қазақ қыз-келіншектері мен сал-серілері, жігіттер балдақ салған. Ертеде хан, би, болыстардың мөр

орнына қолданатын Ж-тері болған. Мөрлі Ж-терде ойып жазылған дұға, ру таңбасы да болған. Тасы үлкен, жалпақ Ж-терді құдалық үстінде қыз шешесіне тарту еткендіктен, оларды «құдағи жүзік» деп атаған. Қаздауысты Қазыбектің Ж-гі кейінгі жылдарға дейін Бекболаттан тараған ұрпағы Ауқан Құлахметұлының қолында сақталды.

ЖҮНІСБАЕВ Әлиқұл (1917, Қарқаралы уезі, Берікқара бол. – 20??, Егіндібұлақ а.) – соғ. және еңб. ардагері. Әке-шешеден ерте жетім қалып, Семей балалар үйінде тәрбиеленген Ж. қ-дағы №16 мект-ті, 1938 ж. Семей а. шар. техн-ының мал дәрігерлік бөл. бітіріп, Қу ауд. мал емдеу стансасында еңб. жолын бастады. 1940 ж. Қызыл Армия қатарына алынып, Амур өз. бойындағы Комсомольск қ-дағы жаяу әскер офицерлерін даярлау уч-сін бітіріп, 1942 ж. Улан-Удэ қ-ның полк мект-нде взвод командирі болып қызм. етті. 1943 ж. күзінде Волохов майданы, 18-ші двизияның №227 Қызылтулы атқыштар полкі құрамында ұрысқа кірді. 1944 ж. Ленинград түбіндегі кескілескен шайқаста ауыр жараланып, бір аяғын майдан даласында қалдырған Ж. 1945 ж. елге оралып, ауд. а. шар. бөл-не аға мал дәрігері болып тағайындалды. Бұл қызм-ті 1972 ж. дейін атқарды. Ширек ғ-дан астам мал емдеу стансасында бас мал дәрігердің ор-ы міндетін атқарды. Ол екі мәрте I дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальмен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Бүкілодақтық халық шар-ғы көрмесіне (ВДНХ) Қарағанды обл. атынан алғаш қатысушының бірі.

ЖҮНІСБЕКОВ Дулат (14.11.1966, Егіндібұлақ а.) – журналист. 1984 ж. Егіндібұлақтағы №1 қазақ ОМ-ін бітірді. 1985-87 жж кеңес әскері қатарында қызмет етті. Е.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інің филол. ф-ін тәмамдаған. Еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. кәсіподақ комитетінде бастады. 1991-97 жж ауд. «Балқантау» газетінде әдеб. қызм. болды. 1999 ж. бері Қарқаралы ауд. «Қарқаралы» газетінің Егіндібұлақ өңірі бойынша меншікті тілшісі міндетін атқарып келеді. Кәсіби сала басшылығы тарапынан марапаттар иеленген.

ЖҮНІСОВА Мақпал Мұхамедиярқызы (11.01.1964., Егіндібұлақ ауд., Теректі а.) – кеңес және қазақ эстрадасының әншісі (драмалық сопрано), Қазақстанның халық әртісі (1994), проф. (1998), Халықар. "Жігер" фестивалының (1983 ж.), Қазақстан ЛКСМ сыйлығының (1989), тәуелсіз «Платиналы Тарлан» (2003), ҚР Мемл. сыйлығының (1999) лауреаты. К.Байсейітова атынд. музыка мек-нің (Алматы қ.) қобыз сыныбын, Шымкент өнер ин-ын, әл-Фараби атынд. Қазақ ҰМУ-дың мәдени-ағарту ф-ін бітірген (1988). Әншілік жолын «Гүлдер» ансамблінде бастап, кейін халыққа танымал болған «Назерке» тобын құрды. Оның репертуарында қазақ халық әндері мен заманауи композиторлардың шығ. бар. 1981 ж. Днепропетровск қ. өткен Бүкілодақтық конкурста Гран-при жүлдесін иеленіп, КСРО әйел әншілерінің ең үздік ондығына еніп (Р.Рымбаевадан кейін), зор танымалдыққа ие болды. Ж. өте сирек талантты әнші, әлем халықтары әндерін шебер орындаушы. Ол Қазақ елінің барлық өңірінде, КСРО-ның бұрынғы респ-ларында, шет елдерде болып, Отан, махаббат пен достық, адам мен табиғат туралы әндер шырқады. 1981 ж.бері «Қазақконцерт» мемл. конц. бірлестігінің солист-вокалисі. Ж.Малдыбаев атынд. халықар. сыйлықтың (Қырғызстан, 1985), Өзбекстан респ. президентінің жеке сыйлығының (1987), «Азия даусы» халықар. конкурсы Гран-при жүлдесінің 2 дүркін (1996, 1997), Қазақстан Респ. Президенті жеке сыйлығының (1998) иегері; әл-Фараби атынд. Қазақ ҰМУ-нің (1996), І.Жансүгіров атынд. Қазақ пед. ин-ның (1997) профессоры. Халықтар достығы (РФ), «Звезда созидания» орденделімен Қарағанды обл. (2002) мен Үрімші ауд-ның (2006, Моңғолия) Құрметті азаматы. Ж. көптеген сыйлықтармен бірге «Сахна ханымы» атағын иеленді (2014).

ЖЫЛАНБҮРКІТ – қаршыға тұқымдасына жататын жыртқыш құс. Тұрқы 72 см, салм. 1,0-1,3 кг, қанаттарын жайғандағы ұз. 160-190 см дейін жетеді. Арқасы қарақоңыр, бауыры ақшыл, көлденең ашыққоңыр дақтары бар. Имек, өткір тұмсығы қоңыр түсті. Сирағы қауырсынсыз, мүйізденген, қабықты, көгілдір сұр болып келеді. Қу өңірінде Арқалық, Мыржық тауларын мекендейді. Ағаштар мен тұталардың басына, жартастарға ұялап, жалғыз-ақ жұмыртқа салады. 30-36 күн шайқағаннан кейін балапан шығарады. Жылан, кесіртке сияқты бауырымен жорғалаушылармен, сондай-ақ, құрбақа, ұсақ құс, кішігірім кемірушілермен, кірпі, т.б. қоректенеді. Ж. – жыл құсы, Африка құрлығы, Араб түбегі

сияқты жылы жақтарда қыстап, көктемде Сарыарқаға қайтып келеді. Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген.

ЖЫЛАНДЫ – тау, Егіндібұлақ а-ның оңт-де, 33 км жерде, Түндік өз. сол жағ-да орналасқан Ж. т-ның жанынан қола дәуір жәдігеріне жататын қорымдаро табылып, зерттелуде.

ЖЫЛҚЫ – тақ тұяқтылар отрядына жататын жануар. Археол. қазбалар Ж. б.з.б. 7 мың жыл бұрын Еуразия даласында қолға үйретілгенін дәлелдейді. Ж. тұқымдастар құлан, есек, зебр және қазіргі жылқы болып 4 туысқа бөлінеді. Ертеде қазақ даласында жабайы жылқы үйірлеп жүрген. Оны Пржевальский жылқысы деп атайды. Байырғы атауы «керқұлан» немесе «тарпаң». Көптеген ғалымдар қазіргі Ж-ның ең жақын тегі осы деп есептейді. Ж-ның қазақ шаруашылығында маңызы зор. Ол—ет және қымыз өндіру, көлік ретінде пайдалану, спорттық бағытта өсіріледі. Тұқымына байланысты шоқтығына дейінгі биікт. 50 – 185 см, салм. 60 – 1500 кг болады. Ж. орта есеппен 18 – 20 жыл, кейде 40 жылға дейін жасайды. Түсі—қылаң, баран, ала. Қылаңға боз, ақбоз, бурыл, көк, аққөк, сары, құбақан, шабдар, сұр, қызыл, т.б.; баранға торы, қара, қаракер, қарасұр, құлагер, күрең, қоңыр, т.б.; ағала сарыала, көкала, керала, қарала, торыала, т.б. Ж-лар жатады. Ара-тұра шұбар, көкшұбар, қарашұбар, ақшұбар түстер кездеседі. Көлік күші ретінде пайдаланылуына қарай Ж-лар жүк Ж-сы (Владимир, Першерон жылқысы, т.б.), мініс Ж-сы (Араб жылқысы, ахалтеке, т.б.), ұсталатын жер жағдайына қарай дала Ж-сы (Дон, Буденный, Қостанай, адай, қазақ, монғол Ж-лары, т.б.), тау Ж-сы (қабарда, қарабақ, қырғыз, алтай Ж-лары, т.б.), т.б. болып бөлінеді. Жер бетінде Ж-ның 250-дей түрі болса, Қазақстанда Ж-ның 16 түрі өсіріледі. Ж-ны қолға үйрету көшпелілер өркениетінің дамуында үлкен рөл атқарды. Қазақстанның барлық аймағынан кездесетін арий, сақ, ғұн ескерткіштері Ж. қолға үйретіліп қана қоймай, ол ерекше қастерленіп, өмірдің ажырамас бөлігіне айналғанын көрсетеді. Сақтар Алтайдан Дунайға дейінгі далада Ж. өсіріп, балалары мен әйелдеріне дейін оны мінуді өнер дәрежесіне жеткізген. Олардың жорықтарынан соң Еуропа, Кіші Азия мен Жерорта т-нің бойындағы елдерде «кентаврлар» мен «амазонкалар» туралы аңыздар тараған. Кейінгі ғұндар мен Түркі қағанаты, Шыңғыс хан империясы тұсында да Ж. қатты қадірленген. Осы мемлекеттерді құраған тайпалар негізінде қалыптасқан қазақ халқының дүниетанымында да Ж-ның орны бөлек. «Тоқым қағар» жасалып, жас бала алғаш «ат жалын тартып мінгеннен» бастап оның бүкіл өмірі ат үстінде өтеді. Жаяу қалу, қазақ үшін, қорлықтың ең үлкені. Қазақ ертегілері мен батырлар жырларында «ер қанаты – ат» қаһармандармен қатар дәріптеледі. Халқымызда Ж-ға қатысты салт-дәстүр рәсімдері де, мақал-мәтелдер де, жыр-дастандар да, тіпті, ат спорты ойындары да көп. Қазақтың Ж-ға қатысты атауларының өзінен тұтас бір сөздік құрастыруға болады.

ЖЫЛҚЫШЫ—жылқы түлігін бағуды кәсібіне айналдырған адам. Қазақтар малшылықтың басқа түріне қарағанда жылқы бағуды үлкен дәреже көрген. Ж. кәсібімен, тіпті, бай-бағландардың мырзалары, батырлар да айналысқан. Мыс., «Қобланды батыр» жырында бас кейіпкер жылқы бағады. Қаздауысты Қазыбектің әкесі Келдібек Тоқмейіл анамызға жылқы суара барғанда жолығады. Ұлы бидің немересі Тіленшіні ел билігіне ие болуға шақырғанда, ол жылқышылар қосынан табылады, т.б.

ЖЫЛТЫБАЕВА Раушан Рашидқызы (24.03.1958, Егіндібұлақ ауд., Теректі а.) – мәд. саласының қызметкері, ҚР Мәдениет қайраткері (2001). Қазақтың мемл. қыздар пед. ин-ын тәмамдаған (1988). Еңб. жолын 1975 ж. а. клубының меңг-сі болып бастады. 1986-97 жж Егіндібұлақ ауд. орталықтандырылған кітапхана дир-ы лауазымында еңб. етті. Содан беріде «Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-нің басшысы қызм. жасап келеді. Мәд. саласындағы ұзақ ж-ғы табысты еңбегі үшін көптеген мемл. марапаттарға ие болған. Соның ішінде, 2003 ж. «Облыстың үздік мәдениет қызметкері», 2014 ж. «Мәдениет пен өнердің ең үздік менеджері» атанып, обл. әкімінің арнайы сыйлығын еншіледі.

ЗАЛЕССКИЙ СЕЛЕУІ – астық тұқымдасына жататын көпж-дық декоративті шөптесін өсімдік. Биікт. 30-50 см. Жоғарғы жапырақ қынабы және тілшесі күлгін көк түсті. Тұқымша қылтанағы ұзын (18-20 см), қауырсын түсті. Сарыарқада сирек кездеседі. Қу тауының беткейлерінде өседі.

«ЗАМАНДАСТАР» – Егіндібұлақ а. ардагерлерінің клубы, ауд. ардагерлер кеңесі жанынан 1987 ж. құрылды. Аталар мен әжелер ұжымы өнер жолын «Ардагерлер хоры» ретінде бастады. Олар көп ж-дық өнер жолында талай байқауға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Клуб мүшелері Қарағанды обл. бойынша тұңғыш ұйымдастырылған 1989 ж. Наурыз мейрамына қатысып, ардагерлер өнер ұжымдары ішінде алғаш рет Одақ телевидениесіне түсті. Құрамында 30 мүшесі бар ұжым өз репертуарындағы заманауи шығармалар мен ұмытылып бара жатқан халық әндерін көрерменге ұсынып, насихаттап отырады. «З.» ұлттық өнердің інжу-маржаны саналатын «Біржан – Сара» «Қыз Жібек» операларынан үзінділер мен сахналық қойылымдар да көрсетеді. Клуб құрамындағы «Әжелер ансамблі» табиғат берген өнері арқасында сахна сәні, көрермендер көзайымы болған өнер ұжымы. Он саусағынан өнер тамған ұлттық ою-өрнектің шеберлері ұлттың ұмыт болып бара жатқан дәстүрлі қолөнерін насихаттап, жас ұрпаққа үйретіп келеді. «З» ұжымының құрамы әрдайым толығып отырады. Ұжым мүшелерінің жас шамасының алды 70-тен асып түссе де, бүгінге дейін өнерге деген құлшыныстары уақыт өткен сайын артып, әрдайым көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. «З.» ұжымы өздері ұйымдастыратын мәд. шаралар арқылы ауыл халқының рухани байлығын көтеруге үлес қосуда. «З.» клубы қазіргі таңда халықтық өнер ұжымы атағын алу үшін дайындық жасауда. «З.» ұжымының жетекшісі Р.Айтбақаева.

ЗАТАЕВИЧ Александр Викторович (20.03.1869, Орёл обл., Болхов қ. – 6.12.1936, Мәскеу) – композитор, этнограф, музыка зерттеуші және қоғам қайраткері. Алғашқы муз. білімін Орел қ-сында, әскери гимназияда алған. Біраз ж. Варшава консерваториясы жанынан шығатын «Варшава күнделігі» газетінде муз. рецензенті қызметін атқарып, орыс, бат. классиктері шығ-ларын, сондай-ақ, халық муз-сын насихаттаумен айналысты. З. қазақ халықтық муз. шығ-ымен 1920 жж басында, Орынборға келген кезінен таныса бастайды. Сол уақыттан бастап З. болашақ қызм. қазақтың аспаптық мұраларының тамаша үлгілерін жинау, оны насихаттаумен тығыз байланыстырады. Ол мект., жатақхана, құрылыстарды, орта дәрежелі оқу орындарын, казармаларды аралайды, съезге, конференцияға, кеңестерге келген қазақтардан ән жазады. Базар, театр, концерт орындары фойелерінде кездескен, өнерден аз-маз хабары бардың бәрін тыңдайды. Бала жасынан кіршіксіз еститін құлағы жасы елуден асқанша көріп-білмеген елдің муз-сын жаза баспай нотаға түсіруге мүмкіндік береді. Өмірін муз-ға бағыштаған З. әнді Орынборда отырып, кездейсоқ келгендерден жазып алуды жөн көрмей, елге шығады. Жайық, Сыр, Ертіс дариялары бойын, Бөкей, Қарқаралы далаларын аралайды. Замандар бойы батыс жұртының құлағы естімей, тың жатқан қазақтың ән қазынасын көтереді. Қазақтың көл-көсір рухани мұрасын жинақтауды З. өзіне парыз санайды. Ұлты басқа болса да, жер орта жасқа келгеніне қарамастан, 1920 ж. қиын-қысталаң кездері кездескен көлік атаулымен, болмаса, жаяу-жалпы аралап, халқымыздың ән-күйлерін муз. белгілерімен (нотамен) хатқа түсірген. Халықтық кәсіби әнші-күйшілердің шығ-шылық қызметін, олардың орындаушылық шеберлігінің сырын ашып, өте құнды мағлұматтар жинады. Тәттімбет, Құрманғазы, Дәулеткерей, Біржан сал, Ақан сері, Мұхит, Абай, Жаяу Мұса, Үкілі Ыбырай, т.б. халық композиторларының шығ-ларын алғаш рет З. жарыққа шығарды. Сөйтіп, ұлттық ән-күй дәстүрлерін сақтаушылар мен дамытушылар жайында қайталанбас деректер жазып қалдырды. Этнографтың «Қазақ халқының 1000 әні» (1-бас., 1925 ж., 2-бас., 1963 ж.), «Қазақтың 500 ән-күйі» (1931), «Песни разных народов» (1971), жарияланбаған «Қазақ музыкасының 3-томы» деген жинақтарында қазақ халқының классик. ән-күйлерінің үлгілері мол орын алған. З-тің еңб. арқылы қазақ муз-сы дүние жүзіне тарады, өздерін әлемдік өнердің эталонымыз деп есептейтін Еуропа елдерін таң-тамаша қалдырды. Ең алдыңғы қатарлы өнер иелерінен жоғары баға алды. Аталған еңбектерде қазақ музыкасының көптеген теориялық және тарихи мәселелерінің беті ашылды. З-тің әрбір шығ-ға берген жеке талдауларының мәні зор. Халық композиторлары мен орындаушыларының

шығ-ларына берген мінездемелері әлі өз бағасын жоғалтқан жоқ. З. жинақтары қазақ халқы кәсіби муз-сының дамуына зор ықпал етті. Аталған жинақтардағы әндер мен күйлер қазақтың кәсіби муз-лық жанрлары – опералық, симфониялық, камералық шығ-ларында кеңінен пайдаланылды. Осы жинақтардағы ән-күйлерді қазақ композиторлары ғана емес, сондай-ақ, С.С.Прокофьев, Н.Я.Мясковский, М.М.Ипполитов-Иванов сынды орыс композиторлары да өз шығ-ларында пайдаланды. Композитор ретінде Затаевич қазақ музыкасының кейбір үлгілеріне фортепиано, аспапты ансамбльдермен қосылып айту үшін көптеген өңдеу жұмыстарын жүргізді. З-тің «Қазақ музыкасы» атты фортепианолық шығармасы – кәсіби дәрежеде жазылған туынды. Ол 1925-27 жж фортепианолық пьесалар циклын жазды. Соның нәтижесінде «Халық муз. тақырыбына жазылған миниатюралары» (1925), «Қазақтың халық әндері тақырыбы бойынша фортепианоға арналған пьесалары» (1927) жарық көрді. Қазақ халқының муз. мұрасын сақтап келген 500-ге жуық өнерпаз – Ғ.Айтбаев, Ә.Қашаубаев, М.Шамсудинова, Қ.Байжанов, М.Бөкейханов пен Н.Бөкейханов, Ғ.Мұхитов пен Ш.Мұхитов, ғыл. қайраткерлері Қ.Сәтбаев, Ә.Марғұлан, М.Бөжеев, әдеб. және өнер қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ж.Шанин, т.б. өздері білетін ән, күйлерді З-ке айтып, жаздырды (ол өз корреспонденттерінің ішінде әсіресе Ғаббасты дара бағалап, ерекше ілтипатпен атайды). Тынымсыз З. қазақ фольклорының жиналу дәстүрін қалыптастырды. Бұл істі одан әрі жалғастырған А.Жұбанов, Е.Брусиловский, Б.Ерзакович, М.Төлебаев, Л.Хамиди және басқаларға тамаша үлгі көрсетті. Сөйтіп, 1920 ж. көктемінен 1923 ж. соңына дейін, аш-жалаңаш, суыққа тоңа, ыстыққа күйе жүріп, жол қиындықтарына қарамай, З. қазақтың 1000 әнін жинап, нотаға түсірді. Оның 1925 ж. Мәскеуде «Қазақ халқының 100 әні», және 1933 ж. «Қазақтың 500 әні мен күйі» атты этнографиялық жинақтары шықты. З-ке 1923 ж. елімізде тұңғыш рет Қазақстанның халық әртісі атағы берілді. Қазақ халқының шексіз рухани қазынасын жинап, сақтауға және дамытуға өлшеусіз еңб. сіңірген З-тің жарқын бейнесі ұмытылмайды. Муз-ның нағыз жанашыры, шынайы интернационалист азаматтың ірі тұлғасы уақыт өткен сайын ұлғая бермек.

ЗЕЙНЕШЕВ Сарқан Ережепұлы (1937, Қу ауд., Мыржық а. – 2016, Қарағанды қ.) – а. шар. ұйымдастырушы, партия, кеңес қызметкері, еңб. ардагері. Ол 1957 ж. Қарқаралы зооветтехн-ын, 1966 ж. Алматы зоовет. ин-ын тәмамдаған. Еңб. жолын 1957 ж. Қу ауд., Қазақстанның 30 ж-дығы атынд. к/зда кіші зоотехн. болып бастады. 1960-69 жж Қу (Егіндібұлақ) ауд., «Комсомол» с/зының бас зоотехн., 1969-73 жж «Қоянды» с/зы партия к-нің хатшысы, 1973-77 жж Қазақстан КП Қарағанды обл. к-і а. шар. бөл-нің нұсқаушысы, 1977-80 жж Талды ауд. а. шар. басқармасының бастығы – халық депутаттары ауд. кеңесі атқару к-і төрағасының ор-ы, 1980-94 жж обл. а. шар. басқармасында бөл. меңг-сі, обл. санитарлық-малдәрігерлік мекеменің бастығы, 1994-97 жж Бұқар жырау ауд., «Көктал» с/зының дир-ы, 1997-2016 жж осындағы «ЗЕТ» шар. қожалығының басшысы қызм. атқарды. З-тің а. шар. саласындағы алпыс ж-ға жуық еңбегі бағаланып, «Құрмет белгісі» (1979), «Құрмет» (1999) ордендерімен, медалдармен және ҚР Президентінің Алғыс хатымен марапатталды.

ЗЕЙНЕШЕВ Тілеубек Ережепұлы (15.09.1942, Қу ауд., Айнабұлақ а.) – ғалым-агроном, партия, кеңес, мемл. қызм., ҚР еңбек сіңірген қызметкері, Абай, Осакаров, Бұқар жырау, Қарқаралы ауд-дарының Құрметті азаматы. Қазақ мемл. а. шар. ин-ын (1966), СОКП ОК жанындағы Жоғ. партия мект-ін (1978) бітірген. Еңб. жолын 1958 ж. ОМ-ті тәмамдағаннан кейін, Қу ауд-ның Қазақстанның 30 ж-дығы атынд. к/зда трактористі болып бастады. 1960-61 жж «Комсомол» с/зының жүргізушісі, 1966-68 жж Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқармасының аға агрономы, 1968-70 жж Қарағанды обл. комсомол к-інің, 1970-73 жж обл. партия к-і партия жұм. ұйымдастыру бөл-нің нұсқаушысы қызм. атқарды. 1973 ж-дан Мичурин аупарткомының 2-ші хатшысы, 1979 ж-дан Молодежный ауаткомының төрағасы, 1987-91 жж Қазақстан КП Егіндібұлақ ауд. к-нің бірінші хатшысы, 1992 ж. ауд. Кеңес төрағасы, 1992-97 жж Мичурин (қазіргі Абай) ауд. әкімдігінің басшысы, әкімі, 1997-99 жж обл. а. шар. басқармасының бастығы, 1999-2006 жж Бұқар жырау ауд. әкімі лауазымында еңб. етті. Қазір Қарағанды қ. ардагерлер кеңесінің төрағасы. З. КСРО (екі мәрте «Құрмет белгісі»), ҚР

(Парасат, «Құрмет») ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталды. Қазақстан КП XV съезіне, 3 мәрте обл. кеңеске депутат болып сайланған.

ЗЕРЕ (1785 – 1873) – Абайдың әжесі, Құнанбай қажының анасы, Өскенбайдың бәйбішесі. Азан шақырып қойған аты – Тоқбала. Өскенбай би 5 қатынынан 10 бала көрген. 3-ден Құнанбай, Құттымұхамбет (жастай қайтыс болған), Тайбала туған. 3-ні Ырғызбай тұқымы һәм барша а.-аймақ адамдары «кәрі әже» деп атап, қатты құрметтейді екен. Қартайған шағында құлағы естімей қалған З. немерелеріне дұға оқытып, үшкіртеді екен. Абай әжесін өлеңмен үшкірген. Байсалды, мейірімді З. ақылды, зейінді болғаны үшін немерелерінің арасында Абайды ерекше жақсы көрген дүр. Кейбір деректер Ибраһим есімінің Абайға айналуына әжесі себеп болғанын айтады. Кем-кетіктің панасы, Өскенбай әулетінің анасы парызын атқарған кең пейіл кейуана Абайдың өміріне, ақындығына игі әсерін тигізгені М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясында аса көркем де кестелі суреттелген. Ол Құнанбайдың өзге әйелдерінен гөрі Ұлжанмен жақсы тіл табысып, соның қолында болуы Қу – Балқантау өңірінің асыл топырағында туып, осы елдің тәрбиесін алған келіні қолайына жаққанын көрсетеді. Жасы ұлғайып қайтыс болған З. баласы, әулеттің ғана емес, тұтас Тобықтының иесіне айналған Құнанбайдың ұйғаруымен Жидебай қонысының жанындағы қорымға жерленеді. Абай а-ның тұрғындағы 1986 ж. қабір айналасын тәртіпке келтіріп, 3-нің басына Шығ. үлгісімен қайтадан 6 қырлы келісті кесене тұрғызды.

ЗҮПИЯНОВ Сайлау – малшы, Қазақ КСР а. шар-на еңбек сіңірген қызметкер.

ИИИ

ИЛЬЯСОВА Зоя – фельдшер, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі. Өткен ғ-дың екінші жартысында Қу ауд. ауруханасында қызм. атқарды. Өмір тарихына қатысты басқа дерек ұшыраспады.

ИЛЬЯШЕВ Рымбек (1.05.1910, Семей уезі, Делбегетей бол., №3 а./ Қу өңірінің тумасы – 31.12.1993, Алматы қ.) – комсом., парт., кеңес қызметкері, қоғам қайраткері. Семей автожол техн-ын, СОКП ОК жанындағы Жоғ. парт. мект-ін бітірген (1954). Ол 1925-38 жж Семей ет комбинаты комсомол к-нің хатшысы, Семей қ-лық к-і хатшысының ор-ы, Өрлітөбе ауд. комсомол к-нің хатшысы, 1938-40 жж Семей қ. атқару к-і төрағасының ор-ы, 1940-41 жж Аягөз ауд. парт. к-інің 1-ші хатшысы, 1941-46 жж Семей обл. парт. к-нің 2-ші хатшысы, 1946-48 жж Қазақстан КП ОК хатшысының сауда жөніндегі ор-ы, ҚКП ОК жоспарлау-қаржы-сауда бөл-нің меңг-сі, 1948-50 жж Ақтөбе обл. парт. к-нің 1-ші хатшысы, 1950-52 жж Алматы қ-лық атқару к-нің, 1952-54 жж Алматы обл. атқару к-нің төрағасы, 1954-57 жж Алматы обл. парт. к-нің 1-ші хатшысы, 1957-62 жж Қазақ КСР сауда министрі, 1962-71 жж Қазақ тұтынушылар одағы басқармасының төрағасы, 1971-85 жж «Казкоопстроймонтаж» тресі басқарушысының ор-ы қызм. атқарды. Зейнеткерлікке шыққан соң да қоғ. жұм-қа белсене араласты – ардагерлердің Алматы қ-лық кеңесін басқарды. И. Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің 2-7 шақырылымдарына депутат болып сайланды. Ол Ленин орденімен екі мәрте, Еңбек Қызыл Ту орденімен үш мәрте, көптеген медальмен марапатталған.

ИМАНҚҰЛОВ Бөпежан Нөгербекұлы (1918, Қарқаралы уезі, Дастар бол., Дегелең өңірі – 2016, Астана қ.) – педагог, майдангер. 1936 ж. орталау мект., кейін пед. ин-ты бітірді. Еңб. жолын Қоңырат руднигінде бастады. ҰОС басталған соң Ақмоладағы кіші командирлер даярлайтын әскери мект-ті аға сержант шенінде бітіріп, пулеметшілер командирі 39 армияның 1182-полкі құрамында Нелидов тұсында майданға кіреді. Полк жау қоршауында қалып, шегінген жасақ ішіндегі жаралы И. сегіз жауынгермен бірге тұтқынға түседі. Концлагерьден қашқан бір топ жауынгер Белоруссияда партизандарға қосылып, №112 партизандар бригадасы құрамында бөл-ше командирі И. фашистермен күреседі. 1943 ж. 2-Беларусь майданы әскеріне қосылады. 364-атқыштар полкінің взвод командирлігіне тағайындалып, Орша, Витебск, Польшаны азат етуге қатысады. 1945 ж. басында Германияның Данциг қ. маңында ауыр жарақат алған соң Мәскеу госпиталінен елге оралған II топ мүгедегі 1948 ж. Балқаштан Қарқаралыға қоныс аударып, №2 ОМ-те дир., ҚКП ауд. к-

де идеология хатшысы болды. Ол Қызыл жұлдыз, Отан соғысы, II, III дәрежелі Даңқ, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен, Елбасы Н.Назарбаевтың және Беларусь респ. Президенті А.Лукашенконың Алғыс хаттарымен марапатталған.

Нәзипа АСҚАР

ИНЕРБАЕВ Рымқұл – Егіндібұлақ а-ның әкімі.

ИСАБАЕВ Есенжол Өмірзақұлы (1923, Қарқаралы уезі, Қу бол., №4 а. – 1993, Алматы қ.) – педагог, ғалым - физика-матем. ғыл. кандидаты. ҰОС қатысушы. Бейбіт заман орнаған соң, 1947 ж. Абай атынд. ҚазПИ-ге түсіп, 1948 ж. С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. ҚазМУ-дың физика ф-іне ауысып, соны тәмамдады. 1957 ж. бастап өзі бітірген ЖОО-нда оқытушы, аға оқытушы, доцент лауазымында қызм. атқарды. И. 40-тан астам ғыл. мақала, монографиялардың, оқулықтар мен әдістемелік құралдардың авторы. Жауынгерлік орден-медальдармен және бейбіт заман наградаларымен марапатталған.

ИСАБАЕВ Мұрат (1951, Қу ауд., Қарабұлақ а.) – агроном-экон. ОМ аяқтап, еңб. жолын 1967 ж. Егіндібұлақ ауд., «Комсомол» с/зында трактористі болып бастады. 1973 ж. Саратов а. шар. ин-ын (Ресей) ғал. агроном-экон. мамандығы бойынша тәмамдады. 1973-77 жж «Комсомол», «Доғалаң» с/здарында бөл-ше агрономы, еңб. және еңб-ақы жөніндегі экон., бас экон., 1977-92 жж Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд-ның «Көктал» с/зында бас экон., 1992-95 жж дир-дың өндіріс жөніндегі ор-ы, дир-дың міндетін атқарушы, 1995-2007 жж Бұқар жырау ауд. әкімінің экон. және а. шар. жөніндегі ор-ы, 1-ші ор-ы, 2007-10 жж ауд. қаржы бөл-нің, 2010-14 жж ҚР АШМ АОҚ МИК ауд. аумақтық инспекциясы басшысы қызм. атқарды. И. медальдармен және сала басшылығының Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ИСАЙЫНОВ Мағымжан – дәрігер, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі.

ИСАЙЫНОВ Рымбек (15.08.1931, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі – 8.02.2010, Қарағанды қ.) – педагог, КСРО және Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. Бала кезінен еңб. араласып, ҰОС аяқталғаннан кейін Қарағанды қ. №2 инт.-пансионда тәрбиеленіп, білім алып, соның жанындағы пед. уч-ні, кейін Қарағанды пед. ин-ының хим.-биология ф-ін тамамдайды. 1951 ж. жолдамамен Жалтас 7 ж-дық мект-не мұғ. болып барған ол 1954-56 жж Ленин атынд. 7 ж-дық, 1956-58 жж Жаңажол 8 ж-дық мект-терінде мұғ., оқу ісі меңг-сі, 1958-61 жж Арқалық ОМ-де дир. лауазымында қызм. жасады. 1962-69 жж «Арқалық» және Абай атынд. с/здар баст. парт. к-інің хатшысы болған И. осыдан кейін ширек ғ-дан астам уақыт, яғни 1969-95 жж Егіндібұлақ мект.-инт-ын басқарды. Ол дир. болғанда аталған білім мен тәрбие ұясы респ. көлеміндегі үздік мект.-инт. қатарына қосылды. 1 ұстаз (З.Боранбаев) «Қазақ КСР-ына еңбек сіңірген мұғалім» мәртебесін иеленіп, 2 педагог КСРО, 14-і Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты атанды. Пед. ұжымды игі мақсатқа жұмылдырған И. мұғ-дердің V съезіне делегат болып қатысты, Алматы, Шымкент, Целиноград (қазіргі Астана), Өскемен қ-ларында өткен респ. пед. конференцияларда баяндама жасады. Көптеген мемл. марапаттарға, соның ішінде Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің Құрмет грамотасына ие болды.

ИСЕКЕЕВА Жанат Масғұтқызы (14.09.1953, Егіндібұлақ а. – 29.06.2008, Қарағанды қ.) – заңгер, ҚР прокуратурасының Құрметті қызметкері (1996). 1970 ж. Егіндібұлақ а. ОМ, 1975 ж. Қазақтың С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. мемл. ун-інің заң ф-ін бітіріп, Қарағанды қ. Теміржол (қазір Киров ауд. құрамында) және Егіндібұлақ а-дарында тергеуші, прокурордың көмекшісі, Қарағанды обл. прокуратурасының кадр бөл-нің бастығы қызм. атқарды. Соңғы лауазымда еңб. ете жүріп қайтыс болды. Заң саласындағы жемісті еңб. үшін сала басшылығының марапаттарын иеленген.

ИСЕКЕЕВ Масғұт (5.01.1910, Қарқаралы уезі, Ақсары бол., №2 а. – 9.03.1970, Егіндібұлақ а.) – құқық саласының ардагері, Қазақ КСР еңбек сіңірген заңгері (1969). 1921-22 ж-дары баст. мек-тің 1 сыныбын бітіріп, өз шар-да еңб. етеді. 1925-28 жж баст. мек-тің төрт сыныбын толық және Қарқаралы қ-дағы мұғ. даярлау курсын аяқтап, 1928-31 жж Қоңырат (Ақтоғай) ауд-ғы баст. мек-те мұғ. болады. 1931 ж. туған а-на оралып, «Қызыл ту» к/зына мүшелікке қабылданады. Көп ұзамай Қарқаралы округі к/зшылар одағының нұсқаушысы , ж. соңында «Райхлебжив» одағының 20-шы а-дағы агенті болып тағайындалады. 1932-34 жж Қарқаралы ауд. №2 Сартау а. кеңесінде хатшы, 1934-38 жж Қарқаралы ауд. ОГПУ-да (Мемл.

саяси басқару бөлімі) халық тергеушісі қызм. атқара жүріп, Қазақ КСР Құқық халкомының мект-де сот, прокурор және тергеуші мамандар даярлайтын үш айлық курсты тәмамдайды. 1938 ж. Шет, 1942 ж. Қоңырат ауд-на халық тергеушісі лауазымына жіберіліп, 1945 ж. Қоңырат, 1951 ж. Қу ауд-дарына прокурор болып тағайындалды. 1962 ж. Қу ауд. таратылғанда ол Егіндібұлақ а-да прокуратура тергеушісі қызм. қалып, 1965 ж. әкімш. бөлініс Егіндібұлақ атауымен құрылғанда, қайтадан ауд. прокуроры болып тағайындалды. Осы қызм. атқара жүріп қайтыс болды. Ол бірсыпыра мемл. марапаттардың иесі.

ИТМҰРЫН (лат. ***Rōsa***) – раушангүлдер тұқымдасына жататын, жапырақ тастайтын бұта не шырмауық, көпж-дық өсімдік. Биіктігі 2 м. Бұталары тікенекті. И. жер шарының қоңыржай және субтропикалық аймақтарының барлық жерінде кездеседі. 500-ге жуық түрі бар. Табиғатта таулы-тасты жерлерде, беткейлерде, орманда, су жағалауында өседі. Табиғи түрі Қазақстанның барлық тау бөктерлерінде өседі. И-ның екпе түрлерінің бәрін дерлік раушан (роза) деп атайды. Халық арасында И-ның «жабайы раушан» деген атауы кеңінен қолданылады. И-ның гүлі ақ, қызғылт, сары түсті, диаметрі 4-6 см, хош иісті, жай күлтелі және гүлпарлы да түрлері бар. Мамыр, маусым айларында гүлдейді. Жемісі тамыз, қыркүйек айларында піседі. Жемісі сопақша келген жылтыр, түсі қызыл немесе қызғылт-сары болады. И-ның ерекшелігі – бағалы дәрумендерге бай, жемісі және одан дайындалған дәрі-дәрмектер медицинада асқазан және бауыр ауруларын емдеуге, гүлдерін шай орнына пайдалануға болады, күлтелерден дайындалған эфир майы парфюмерияда қолданылады. Жапырағы күрделі, тақ қауырсынды, әдетте 2-3-тен жұптасқан көлемді эллипс тәрізді, жиегі ара тісті, ал астыңғы жағын қою да жұмсақ түк басқан. Гүлі қос жынысты, гүл тостағаншасы жіңішке жасыл түсті, күлтесі ашық күлгін немесе қызғылт түсті. И-ның құрамында Менделеев кестесінің жартысы бар деуге болады. Оның тамыры, жапырағы, жемісі адам ағзасына өте шипалы. Құрамында аскорбин қышқылы қарақатқа қарағанда 10 есе, лимонға қарағанда 50 есе артық. И-ның құндылығы оның құрамында көп мөлшерде болатын С дәруменінде. Сонымен қатар, И. құрамында В, К, Р дәрумендері, тұқымында Е дәрумені, каротин, қант, сондай-ақ, илік, пектинді, бояулық заттар, органикалық қышқылдар, минералды заттар, макро, микроэлементтер бар. Медицинада И-ды полидәрумен ретінде, ағзада дәрумендер жетіспегенде, атеросклерозға қарсы, қан қысымы көбейгенде, қан аздыққа, иммунитетті көтеруге, сынған сүйекті тез бітіруге және бауыр ауруларын емдеуге пайдаланады. И-нан тосап жасайды. Жемісін кептіріп, қайнатып, тұмауға қарсы қолданады. Гүлдерін шайға қосып, бұқтырып ішеді.

ИТОШАҒАН (лат. ***Bidens***) – астралылар тұқымдасына жататын бірж-дық шөптесін өсімдік. Қазақстанда өз. мен к-дер жағалауында, сондай-ақ, саз, құм топырақты далада өсетін имек И. (***B. cernua***), үштармақты И. (***B. tripartita***), сәулелі И. (***B. radiata***) деген түрлері бар. Бұлардың биіктігі 10-60 см. Тік сабағының жоғарғы бөлігі бұтақталып кетеді. Қауырсын тәрізді сүйірленген жапырақтары қарама-қарсы орналасады. Көп гүлді себет гүлшоғырдың сыртын екі қатар орам жапырақшалар қоршап тұрады. Сыртқысы – жасыл, ішкі қабаты – жарғақ тәрізді, қара-жасыл жолақты сары түсті. Гүлдері қосжынысты, шеткі тілімденген гүлдері – жыныссыз. Шілде-тамыз айларында гүлдеп, жемістенеді. Жемісінің бүйірі қысыңқы, төрт қырлы, төбесінде 2-4 қылтанағы бар. И. – дәрілік өсімдік, халық медицинасында кеңінен қолданылады. Ол тәбет ашып, ас қорытуды жақсартады, тері ауруы кезінде зат алмасуды қалыпқа келтіреді. Қан кетуді тоқтатып, жүйке жүйесін тыныштандырады. Үштармақты И-ның жапырағы мен гүлін қайнатып, балалар шірінше (золотуха) ауруымен ауырғанда ішкізеді. Сондай-ақ, жібекті, жүнді сары, ашық жасыл және қоңыр түске бояу үшін қолданылады. Дәрілік шикізат ретінде жапырағы мен сабағының ұшы жиналады. Оларды өсімдік жаңа гүлдей бастағанда орақпен орып, немесе сабағының ұш жағынан 10-15 см ұзындықта қайшымен қиып алады. Жиналған дәрілік шикізат шатырдың, жаппа астындағы көлеңкеде желге қақтырылып кептіріледі. И-ның дәрілік шикізаты құрамында 10 мг/пайыз флавноидтар, кумарин, 60-70 мг/пайыз аскорбин қышқылы, 50 мг/пайыз каротин және 4,5 пайызға дейін илік заттар, аздаған эфир майлары бар. Жапырақтары жараның тез жазылуына шипа болады. Мал дәрігерлігі практикасында күйіс қайыратын малдың азыққа тәбетін ашу,

ас қорытуды жақсарту және бауыр ауруларын емдеу, сондай-ақ, тер және зәр шығаруды үдету үшін пайдаланылады.

ИТСИГЕК жапырақсыз бұйырғын (лат. ***Anabasis aphylla***) – алаботалар тұқымдасы, бұйырғын туысына жататын бір ж-дық шала бұта. Қазақ даласының барлық өңірінде дерлік кездеседі. Әсіресе, шөл, шөлейтті, тақыр жерлерде көбірек өседі. Биікт. 30-75 (100) см, тамырының ұзынд. 5-6 м-ге жетеді. Сабағы көп бұтақты. Жапырағы ұсақ, қынап тәрізді қабыршаққа ұқсас, пішіні үш бұрышты, қарама-қарсы орналасқан, ұзындығы 2-3 мм. Сарғылт, қызыл түсті ұсақ бұтақша ұшында масақ тәрізді гүлшоғырын құрайды. Жемісі – қауашақ. Тұқымының пішіні қошқармүйіз тәрізді. Шілде-қыркүйек айларында гүлдеп, жемістенеді. И-тің жасыл бұтағынан 7 түрлі алкалоидтар (анабазин, лупинин, т.б.), күлінен сабын жасауға, тері илеуге сақар алынады. И. – мал емдеуге де қолданылатын дәрілік өсімдік. Қазақстан ҒА-ның корр.-мүшесі Л.Қылышев И-ті зерттеп, көп ж-дық екпе өсімдікке айналдырды.

ККК

КӘМАЛИЕВ Берік Сайлауұлы (1960, Егіндібұлақ а.) – инженер, мемл. қызметкері. 1982 ж. Қарағанды политехн. ин-ын, 1993 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-ды, 2005 ж. РФ президенті жанындағы Ресей мемл. қызм. академиясын бітірген. Еңб. жолын комсомол органдарында бастап, ауд. к-тің нұсқаушысы, обл. студенттер құрылыс отряды штабының командирі болды. 2001-04 жж Қарағанды обл. автомобиль жолдары басқ-ның бастығы, 2004-06 жж Премьер-Министрдің кеңесшісі, Көлік және коммуникация министрлігі көлік инфрақұрылымын дамыту комитетінің төрағасы, 2006-08 жж Қарағанды обл. әкімінің 1-ші ор-ы қызм. атқарды.

КӘМАЛИЕВ Серікбек (1937, Қу ауд., Мыржық а. кеңесі – 14.01.2003, сонда) – малшы, а. шар. еңб. сіңірген қызметкер. Еңб. жолын колхозшы болып бастады. Кейін шопандық кәсіппен айналысты. 1980 ж. бастап шұбартаулықтардың бастамасын қолдаған Абай атынд. с/здың комсомол-жастары құрған «Жас жігер» шопандар бригадасының тәлімгер-ұстазы ретінде а. шар. өткендетуге үлес қосты. Мал тұқымын асылдандырып, көбейтуде жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Осындай еңб. арқасында ол 1984 ж. КСРО халық шар. жетістіктері көрмесіне (Мәскеу) қатысты. К. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен және Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

КӘМАЛИЕВ Тілеубек Кәмалиұлы (27.01.1952, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі – экономист, 1973 ж. Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы ЖТОО-н экономист мамандығы бойынша бітірген. 1973-74 жж Егіндібұлақ ауд., Арқалық ОМ мұғ., 1974 ж. ауд. ақпараттық-есептеу ст-ның аға инженері, 1974-76 жж «Арқалық» с/зының құрылысшы-шебері, 1976-89 жж Егіндібұлақ ауд. партия к-нің нұсқаушысы, ұйымдастыру бөл-нің меңг-сі, 1989-91 жж Қарағанды обл. партия к-і партиялық ұйымдастыру және кадр бөл-нің жауапты қызметкері, партиялық ұйымдастырушы, 1991-92 жж халық депутаттары обл. кеңесі аппараты Кеңестер мәселесі және тұрақты комиссиялар жөніндегі бөл. референті, 1992-95 жж Қарағанды обл. әкімдігі басшысы аппаратының ұйымд.-инсп-лық бөл-нің инспекторы, 1995-98 жж обл. әкімі аппаратының ұйымдастыру және кадр жұм. бөл-нің инсп.-кеңесшісі, 1998-2000 жж обл. әкімі аппараты жалпы бөл-нің хаттар және азаматтар өтініші секторының меңг-сі, обл. әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету бөл-нің азаматтарды қабылдау жөніндегі бас маманы, 2000-03 обл. әкімі аппаратының құжаттамалық қамтамасыз ету бөл-нің меңг-сі, 2003-05 жж обл. әкімі аппаратының бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөл-нің меңг-сі, 2005-08 жж обл. әкімі аппаратының кеңсе-бақылау және құжаттамалық қамтамасыз ету бөл-нің меңг-сі, 2008-16 жж обл. мәслихаты аппаратының басшысы, 2016 ж. бері обл. әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ дир-ы қызм. атқаруда. ҚР «Құрмет» орденімен, медальдармен және Құрмет грамоталарымен марапатталған.

КӘРІПБАЕВ Ғалым Хамитұлы (18.01.1960, Қу ауд., Бүркітті а. кеңесі – ?, Қоянды а.) – зоотехник. Еңб. жолын 1977 ж. ОМ-ті бітірісімен, «Қоянды» с/зының №1 бөл-сінде

механизатор болып бастады. 1978 ж. Алматы зоовет. ин-на түсіп, оқып жүргенде бүкіл ЖОО студенттері арасынан ВЛКСМ-ның XIX съезіне (Мәскеу) делегат болып барып қайтты. Аталған оқу орнын 1983 ж. үздік бітірген соң туған а-ына оралып, «Қоянды» с/зында бөл. зоотехнигі болып еңб-ке араласты. 1988-92 жж Мәди атынд. с/зда бас зоотехн., 1992-93 жж Қазыбек би ауд. әкімінің аппаратында бас маман, «Қамқор» мемл. шағын кәсіпорнында дир., 1993 ж-дан өмірінің соңына дейін «Қоянды» с/зының дир-ы, оңтайластыру себебімен шар. тараған нан кейін өндірістік кооператив төрағасы лауазымында табысты еңбек етті.

КӘРІПБАЕВ Хамит Кәріпбайұлы (14.03.1935, Қу ауд., Бүркітті а. кеңесі – 18.10.2010, Қоянды а.) – агроном, мал маманы, а. шар. саласының ардагері, кеңес қызметкері. Балалық шағы ҰОС жылдарына тап келіп, еңб. ерте араласты. 1954 ж. ОМ, 1962 ж. Қарағанды обл. аралық кеңес-партия мект. бітірген. 1954-59 жж Бүркітті а. кеңесінде хатшы, 1962-63 жж «Қоянды» с/зында агроном, 1963-66 жж бас зоотехник, 1966-71 жж бөлімше басқарушысы, 1971-93 жж Балықтыкөл а. кеңесі атқару к-нің төрағасы, 1993-95 жж Қоянды а. округінің әкімі қызм. атқарды. Бірнеше мәрте жергілікті кеңеске депутат болып сайланды. К. көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

КӘРІПБЕКОВ Құнан (Қабдылқұмар) (20.11.1937, Қу ауд., Сарытау а. кеңесі) – күйші-орындаушы. Атасы Мейрамбай, әкесі Кәріпбек, оның інісі Мүсілім шебер домбырашылар болыпты. Құнан кішкентайынан домбыра ұстап, ойыннан бос уақытта (сабақ оқу, үй тапсырмасын орындауды жинап қойып) Тәттімбеттің «Қосбасар», «Сылқылдақ», «Сарыжайлау», «Көкейкесті» күйлерін тартып үйренеді. ОМ-тен соң Тәттімбет атынд. музыка уч-сінің домбыра сыныбына түсіп тұрып, үйді сағынып, оқымай кетіп қалған. А. шар. жұм. араласып, 1967 ж-дан зейнеткерлікке шыққанша ауд. Мәд. үйінің автоклуб жүргізушісі әрі меңг-сі болды. 1978 ж-дан Тәттімбет атынд. халық аспаптар оркестрінің жетекші домбырашысы болды. 1967, 1970 ж-дары респ. фестиваль, 1980 ж. Бүкілодақтық байқауы лауреаты атанды. Тәттімбет күйлерін мінсіз орындаушы ретінде 5 күйі Қазақ радиосына жазылып, бертінге дейін жиі берілді. Домбырашылығы У.Бекеновтың «Күй табиғаты» кітабында жазылды. 2010 ж. оның орындауындағы Тәттімбет күйлерінің электрондық жазбасы А.Гзавьенің ынтасымен Францияда көп даналы күйтабақ болып шықты.

Нәзипа АСҚАР

КЕБЕЖЕ – кәдімгі сандыққа ұқсас, тамақ салуға арналған ағаш бұйым. К-нің түбі қалың тақтайдан жасалады. Оның қақпаға кәдімгі сандықтың қақпаға тәрізді, кейде жармалы болып келеді. Жармалар көлденең кергіш ағашпен, кейде таспамен біріктіріледі. К-нің беті бояулы өрнекпен, кейде сүйекпен ою салып өрнектеледі. Кейбір өңірлерде К-нің *асадал* деген түрлері болады. Қазіргі кезде әрбір үйде тамақ сақтайтын тоңазытқыш болса, бұрынғы қазақ тұрмысында тоңызытқыштың ролін кебеже атқарған.

КЕЛДІБЕК Шаншарұлы (XVII ғ. нақты т. – ө.ж. белгісіз) – Қаздауысты Қазыбектің әкесі. К. Шаншар абыздың Айбике деген әйелінен тарайтын төрт бегінің үлкені. К. те өз заманында ел сөзін ұстаған белгілі тұлғалардың бірі болған. Тәуке хан қалмақ қонтайшысына елшілікке жібермек болғанда, шау тартып қалған К. өз орнына атжалын тартып мінуге жараған Қаздауысты Қазыбекті жіберетіні белгілі. К-тен «Ақсақтың алтауы» туады: Сәдібек, Қаздауысты Қазыбек, Асан, Үсен, Балапан, Бөдене.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

КЕМАЛОВ Қайрат (1957, Жаңаарқа ауд., Атасу к.) – актер, ҚР еңб. сіңірген қайраткері. Құрманғазы атынд. мемл. консерваторияны (Алматы) тәмамдаған (1978). Еңб. жолын Қазақтың М.Әуезов атынд. акад. драма театрында бастап, 1980 ж. С.Сейфуллин атынд. Қарағанды драма театрына ауысты. Сахна шебері осы өнер ордасы сахнасында көптеген сәтті бейнелер сомдады. Соның ішінде, К.Жұмабековтің «Қаз дауысты Қазыбек» спектаклінде Қаздауысты Қазыбектің, Е.Балташұлы мен С.Жұмағалидың «Сұрасаң, Мәди еді менің атым...» тарихи драмасында Мәдидің рөлінде ойнады.

КЕМПІРБАЙ Бөгенбайұлы (1834, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1895, Семей қ.) – ақын, айтыс өнерінің дүлдүлі, әнші. Шөже, Тезекбай, Әсет, Жәмшібай, т.б. ақындармен айтысқан. Бұл айтыстар халық арасына кең тараған. К-дың шығармалары «Таң» журналында (Семей,

1925, №1), «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» (А., 1931), айтыс жинақтарында (1939, 1948, 1965, 1988), «Бес ғасыр жырлайды» кітабында (1985, 1989) жарияланды. Әнші-композитор, ақын Әсеттің К. ауырып жатқанда келіп, өлеңмен көңілін сұрағаны, оған К-дың қайтарған жауабы – көркемдік жағынан қазақ айтысының інжу-маржаны. Әсет қоштасу өлеңіне таңдау жасағанда, осыған баса назар аударған («Әдебиет тарихы», А., 1991). «Өлерде өлеңмен, әнмен қоштасу – көбінесе ақындардың әдеті – Кемпірбайдың өлерде айтқан сөзі сондайлық көңіліне тығылып жүрген сырды ашады» – деп, Мұхтар Әуезов ол сырдың қандай сыр екеніне тоқталған. К-ды бес жасынан бастап ақындықтың иесі – Дәуіт пайғамбар иектеп, ақындық өнерді дарытқан екен. Өлеңнің көкала үйрек секілді бөлек жаны, бөлек денесі бар. Сол сый енді ақынның кеудесінен ұшқалы жатыр. Арманы – осы қадірлі сыйдың ұрпағына қонбай, мұның әулетінен біржола жоғалып кетуі. Жалғыз арман, мұң – осы. Сөйтіп ұрпақ өнерсіз қалмақ. «Міне, коштаскан жерде жүректегі сыр мен көңілде кетіп бара жатқан арманды айтқан жері» – деп, ұлы жазушы К-дың қоштасу өлеңіне ғыл. сипаттама берген.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

КӨКЕК (лат. ***Cuculus)*** – көкектәрізділер отрядының бір тобына жататын құс. К. тұқымдастар жалпы 38 туыс пен 130-ға жуық түрді біріктіреді. Қазақ жерінде оның тек 2 түрі өмір сүреді: – кәдімгі К. және Оңт. Алтайда мекендейтін меңіреу К. Қу – Балқантау өңірінде кездесетін кәдімгі К-тің дене тұрқы 25-40 см, қауырсын түсі айқын емес, аяқтары 4 саусақты (қос-қостан қарама-қарсы біткен), кейде басында кішкене айдар болады. Ағаш басында жүруге бейім болғандықтан, тіршілігі негізінде орман-тоғайда, тіпті жеке, топтанып өскен ағаш, бұта басында өтеді. Дене бітімі келісті, қанаты үшкір, кертештелген ұзын құйрықты. Аталығы мен аналығының реңі ұқсас. Ұя салмайды, балапан баспайды – жұмыртқасын өзге құстардың ұясына қалдырып кетеді. К – жыл құсы. Жылы жақты қыстап, қар кетіп, күн жылынған кезде ұшып келеді. Қазақтар осы құс келетін айды *көкек* деп атаған. К. әдетте өсімдікке залалын тигізетін жұлдызқұрт, т.б. орман зиянкестерін, тіпті басқа құс жемейтін жәндіктерді де қорек ете береді. Қыркүйектің соңында оңт-ке ұшып кетеді.

КӨКТАСЖАЛ КЕН-БАЙЫТУ КОМБИНАТЫ қ. ***Теректі кен-байыту комбинаты***.

КӨПІРБАЙҰЛЫ Қуан (01.1918, Қарқаралы уезі, Едірей болысы) – саяси қуғын-сүргін құрбаны, тағдыры тәлкекке түскен жан. А-да сауат ашып, 1935 ж. Өскемен политехн-на түскен. Оны бітірген соң Жарма ауд-да мұғ. қызм. атқарды. 1939 ж. Қызыл армия қатарына шақырылып, Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) артиллерия уч-сіне жіберіледі. Уч. 1940 ж. уч. Киев әскери округіндегі Житомир қ-на, 1941 ж. Дондағы Ростов қ-на ауыстырылады. Оны бітіріп, лейтенанттық шен алған К. ҰОС басталғанда Румыния шекарасында ұрысқа қатысады. 1942 ж. қоршауда қалып, тұтқынға түседі. Немістің «Маут-Хаузен» концлагеріне жіберілген. Осында «СС-Гестапо» формасындағы төрт-бес қазақ офицері келіп, Алаштың азаттығы үшін күрескілері келетін еріктілерді «Түркістан легионына» жинайды. ҰОС аяқталған соң одақтастар Батыста қалдыру үшін үгіт-насихат жүргізгенімен, К. елге оралады. Мұнда келген соң тергеу басталып, «Отанын сатты» деген айыппен 1947 ж. 10 жылға соттап жібереді. 1955 ж. бостандыққа шығып, мал дайындау пунктінде, коммун. шар-та, т.б. мекемелерде жұм. істеді. Ұдайы КГБ-ның бақылауында жүрді. Ең өкініштісі, өмірі өксумен өткен, әскери қолбасшылықтың дарынсыздығынан, шарасыз жағдайда тұтқынға түскен осы адамдар күні бүгінге дейін, тәуелсіз Қазақ елінде ресми ақталмай отыр.

КӨППШЕВ Еркін (1935, Қу ауд., – 23.01. 2017 – педагог, қоғам белсендісі. Жасы зейнеткерліктен асқанша Шарықты а. кеңесінде тұрып, ұстаздық еңб-пен айналысты. Сонымен бірге ауд., обл. басылымдардың штаттан тыс тілшісі болып, қоғ-дағы өзгерістер, замандастарының тыныс-тіршілігі жайлы ақпараттар жариялап тұрды.

КӨШЕНОВ Берік Оразғалиұлы (1976, Егіндібұлақ ауд., Балықтыкөл а. кеңесі) – педагог, жаттықтырушы, кәсіпкер. 1992 ж. туған а-ындағы №6 ОМ бітіріп, құрылысшы болып жұм. істеді. 2000 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың дене тәрбиесі ф-ін тәмамдап, Н.К.Крупская атынд. балалар үйінде жаттықтырушы қызм. атқарды. 2007 ж. қазіргі Балқантау а. округіне оралып, мал өнімдерін өндіруге маманданған шар. қожалығын ашты. 2010 ж. а-дағы Спорт сарайын күрделі жөндеуден өткізуге бастамашылық жасап, өзі волейбол жаттықтырушысы

жұм. қосымша атқарып келеді. К. осында волейболдан обл., респ. деңгейде біріншіліктер өткізуге ұйтқы болуда.

КӨШЕРБАЕВ Дастан Бақытбекұлы (5.01.1981, Егіндібұлақ а.) – саяси ғыл. кандидаты (2009), саяси ин-тар, этносаяси дау-дамай, ұлттық және саяси үдерістер мен технологиялар маманы. Қазыбек би ауд-ның Теректі а. Энгельс атынд. ОМ оқып, 11 сыныпты 1998 ж. Қарағанды қ. М.Жұмабаев атынд. №39 ОМ, 2002 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың философия және психология ф-ін саясаттану мамандығы бойынша бітірген. Еңб. жолын 2002 ж. өзі оқыған ф-тің саясаттану және әлеуметтану кафед-да оқытушы қызм. бастады. Кейін аға оқытушы, доцент, кафед. меңг-сі қызм. атқарды. 2005 ж. Абай атынд. ҰПУ-дың саясаттану кафед-нда ізденуші болып, нәтижесінде «Қазақстан қоғамын демократияландыруға интеллектуалды элитаның саяси қатысуы» тақырыбында диссерт. қорғады. 2002 ж. бері деңгейлері әртүрлі ғыл. басылымдарда мақалалары, оқу-әдістемелік еңб. жарияланду. Саяси ғыл-ның түрлі мәселелеріне арналған 70-тен астам мақала, 3 еңб. және 2 монография авторы (атап айтқанда: «Дін әлеуметтануы. Оқу құралы», 2017; «Саясаттағы имидж. Оқу құралы», 2016; «Саяси модернизация: оқулық», 2012; «Қазіргі Қазақстанның әлеуметтік-саяси өлшеміндегі интеллектуалды элита: Монография», 2014; «Образовательные стратегии казахстанской молодежи. Монография», 2014). К. ҚР ЖОО үздік оқытушысы (2016).

КӨШКІНБАЕВ Қанат Төкенұлы (28.01.1978, Егіндібұлақ ауд., Арқалық а. кеңесі) – пед. ғыл. магистрі, Еуразия дизайнерлер одағының мүшесі. 1995 ж. Арқалық ОМ, 1999 ж. акад. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-ды «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығы бойынша бітіріп, 2001 ж. Теміртау қ-дағы №3 ОМ мұғ. болып еңб. жолын бастап, одан соң Ғ.Мұстафин атынд. №5 ОМ мұғ. болды. 2002-15 жж Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ кәсіби көркемсурет ф-і, бейнелеу өнері және дизайн кафед-нда оқытушы, ф-т деканының тәрбие ісі жөн-гі ор-ы болды. Қазір деканның оқу ісі жөніндегі ор-ы. К. 25-тен астам ғыл. мақаланың, 13 оқу-әдіст. кешеннің, 3 электронды дәрістің, т.б. еңб-дің авторы.

КӨШКІНБАЕВ Мағауия (1910., Егіндібұлақ а. – 1980., Қарағанды қ.) – әнші (лирикалық тенор), Қазақ КСР-інің еңбек сің. әртісі. Өнер жолындағы алғашқы ұстазы – әкесі Көшкінбай Мұсаұлы. 13-14 жасынан ойын-той, ас пен Қоянды жәрмеңкесінде ән салып, ел ықыласына бөленеді. Қазақ КСР халық комиссариаты оны 1936 ж. Мәскеу консерваториясы жанындағы қазақ студиясына оқуға жібереді. К. 1939-45 жж Қызыл Армия қатарына алынып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Елге оралған соң, 1949-51 жж респуб. радиокомитетте, 1951 ж. бастап обл. филармонияда әнші-солист болды. К-тың репертуарында халықтың және Біржан сал, Ақан сері, Абай, Әсет, Естай, Ғазиз, т.б. композиторлардың әндері кең орын алды. Ол «Көк көбелек», «Аққұм», «Назқоңыр», «Ғайни», Біржанның «Жанбота», «Теміртас», Ақанның «Құлагер», «Көкжендет», Абайдың «Қор болды жаным», Балуан Шолақтың «Ғалия», Мұстафаның «Бүркітбай» сияқты шығармаларын асқан шеберлікпен орындап, қазақтың әншілік дәстүрі дамуына үлкен үлес қосты. К-тың орындауындағы жүзден астам ән Қазақ радиосының Алтын қорында сақтаулы. Ол 1957 ж. КСРО Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

КӨШІМ – Орта жүздің Арғын тайпасы, Қаракесек руының – Ақша – Бошан – Байбөрі тармағынан тарайтын ата. К. ішінара үшке бөлінеді – Елшібек, Жақсыбек, Жаныс. К-нің ұрпақтары негізінен Қу – Балқантау өңірінде, азғана бөлігі Шығ. Қазақстан обл. Абыралы аумағында тұрады. Қазақ КСР-ның халық әртісі, Мемл. сыйлықтың лауреаты Жүсіпбек Елебеков, әнші, Қазақ КСР-ның халық әртісі Нұғыман Әбішев, т.б. танымал тұлғалар осы К. атадан тарайды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

КҮЙІКОВ Кәріпбек Телтайұлы (18.07.1968, Егіндібұлақ а.) – суретші. Туған жеріне таяу орналасқан Семей ядролық полигоны салдарынан дүниеге екі қолы кем болып келген К. 1985 ж. Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы арнайы мект-ті, 1987 ж. Мәскеу обл. Загорск қ-сындағы кәс.-техн. уч-ні бухгалтер мамандығы бойынша тәмамдады. Суретшілікпен мектеп жасынан айналысады. 1989 ж. ақын, қоғам қайраткері

О.О.Сүлейменов бастаған «Невада – Семей» антиядролық қозғалысы құрылғанда, бірінші күннен оның жұм-на белсене қатысты. Қазақстан қ-лары мен АҚШ, Жапония, Германия, Түркие елдерінде кездесу-көрмелер өткізді. АҚШ, Германия, Голландия, Швейцария, Жапония, Түркие, Ресей елдеріндегі халықаралық антиядролық конференцияларға қатысып, суреттер көрмесін жасады. Туған өңіріндегі науқас балаларға жәрдем беру үшін ұйымдар мен кәсіпорындарда қайырымдылық көрмелер ұйымдастырды. 2013 ж. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен АТОМ жобасы іске кіріскеннен бері оның құрметті елшісі міндетін атқаруда. Оның туындылары қазір әлемді шарлап кетті. 2016 ж. Елбасы Н.Назарбаев К-тің «Жарылыс» деген картинасын АҚШ-тың сол кездегі президенті Б.Обамаға сыйға тартты. К. мемл. наградалармен, соның ішінде «Құрмет» орденінмен марапатталды (1999).

КҮШІК– Бұлбұл бабаның Құбакемпір деген әйелінен туған 5 ұлдың бірі, дербес ата. Көп өспегендіктен, тетелес ағайындылар *Алдияр – К.* деп бірге айтылады. Үлкендердің айтуынша, кеңестік билік орнағанға дейін, рулық-туыстық қатынас жетекші рөл атқарған қоғамда Едірей болысының құрамында болған. Қолдағы шежіре деректеріне сүйенсек, К-тің азан шақырып қойған аты *Тілеуберді* екен. К-тен – Құлтаба – Есболды – Қараша жалғыз-жалғыз туып, одан беріде ғана Мырзабек, Есім, Барғанат болып тармақтанады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

КІРПІ (лат: ***Erinaceidae***) – сүтқоректілер класының жәндікқоректі аңдар отрядына жататын жануарлар. К-де шамамен 7-8 мың ине болады. Қазақстанда 3 түрі мекендейді: кәдімгі К., құлақты К. және қара К. Тұрқы 13-27 см, салмағы 700-800 г. Аяғы 5 саусақты. Алдыңғы күрек тістері ірі, азу тіске ұқсас. Бұлшық еттері, әсіресе, қарын бұлшық еттері жақсы жетілген. Қауіп төнген жағдайда олар тез жиырылып, К-нің денесі дөңгеленіп, шар тәрізді қалыпқа түседі. Орманда, далада, бұта арасында, бау-бақшада, тіпті, елді мекендерде тіршілік ете береді. Қорек іздеуге әдетте іңірде және түнде шығады. Жәндіктерді, көлбақаны, жыланды (соның ішінде улысымен де) жеп, орман шар-ғына пайда келтіреді. Кейде құс жұмыртқалары мен балапандары да оған азық бола береді. Қарашада ұйқыға кетіп, көктемде, күн жылынысымен оянады. Жыныстық жағынан 2 жасында жетіліп, 35-42 күн көтеріп, жаз басында 3-4 кішкентей кірпі табады. Орта есеппен 6 ж. тіршілік етеді. Мал пироплазмолы ауруын таратушы ретінде шар-қа зиян келтіруі мүмкін. -

ҚҚҚ

ҚАБАНБАЙ БАТЫР, Қабанбай Қожағұлұлы, Қаракерей Қабанбай, Дарабоз (1691/2, қазіргі Шығ. Қазақстан обл., Үржар ауд., Тоқта-Барлық тауы, Барқытбелдің күнгейі – 1770, сонда) – қазақтардың жоңғар басқыншылығына қарсы Ұлы Отан соғысының қаһарманы, талантты қолбасшы. Мәмбет – Қожақұл, одан Қ. б. туған. Оның азан шақырып қойған есіміне қатысты екі түрлі болжам бар: жазушы Қ.Жұмаділов *Ерасыл* десе, М.Мағауин *Ізбасар* деген нұсқаға тоқталады. Қ. б. Найман тайпасы ішіндегі Қаракерей руының Байжігіт тармағынан. XVIII ғ-дың бас кезінде, яғни 1702 ж. Барлық тауындағы алғашқы айқаста әкесі Қожақұл батыр аз адаммен қоршауда қалып, сонда алған ауыр жарақаттан мерт болады. Қ. б. 1717 ж. Аягөз шайқасына, 1723 ж. Түркістан қорғанысына, 1726 ж. Бұланты шайқасына, 1730 ж. Аңырақай-Алакөл шайқасына, кейін Шыңғыстау, Ертіс бойындағы шайқастарға қатысып, Абылай ханның бас батырларының біріне айналды. 1741 ж. Шыңғыстаудағы Шаған шайқасында ақбоз атпен топ жарып, жауға шапқаны үшін Дарабоз атанды. 1751 ж. Арқадан Оңт. Қазақстанға Ханбаба (Барақ сұлтанның үлкен ұлы) жорығы жасалды. Ұлы жүз жасағын өзіне қосып алған 2 түмен қазақ әскері Сыр бойын, Шымкент, Сайрам, Ташкент қ-ларын жоңғарлардан тазартып, Төле бидің билікке келуіне көмектесті. Шыршық өз. бойында Жоңғарияға айдалып бара жатқан бірнеше мың қарақалпақты құтқарып қалады. XVIII ғ-дың орта шенінде, қазақ хандары билік үшін жүргізген күрес шиеленіскен шақта Барақ сұлтан Кіші жүз ханы Әбілқайырды өлтіреді. Қ. б. Барақ сұлтанға кінә тағып, оның Жоңғар

хандығымен жақындасуына жол бермеу үшін қарсы әрекет жасады. Осыған орай, Қ. б. тек Орта жүздің ішкі жағдайларына ықпал етіп қана қоймай, Кіші жүзде болып жатқан тарихи оқиғалардың да бел ортасында жүрді деп сеніммен айта аламыз. 1752-54 жж Қ. б. басқарған қазақ әскері Іле, Балқаш, Қаратал өңірлерін жаудан тазартуға қатысты. Осыдан кейін Қарақол мен Нарынды, Үржар мен Қатынсуды, Алакөл мен Барлықты азат етіп, терістік бағыттағы Бөгембай әскеріне қосылды. Баспан-Базар, Шорға, Маңырақ шайқастарына қатысып, Зайсан, Марқакөл, Күршім өңірлерін азат етті. 1756 ж. жоңғар билеушісі Әмісананы қуып келген қытай әскерінің бетін қайтаруға атсалысты, жоңғарлардан босаған Шығ. Түркістанға елді көшіру, қоныс бөлу ісіне араласты. Қытай елімен бейбіт келісім жасалған соң, 1758 ж. қыркүйекте Барлықтан Үрімжі қаласына 300 жылқы айдап барып, қазақ-қытай саудасын бастап берді. Жоңғарлар жағаға жармасқанда бөрі боп етектен тартқан қырғыздардан Шонжы, Нарынқол, Кеген өңірлерін қайтарып алу үшін жүргізілген жорықтарға қатысты. Қазақ а-дарын шабуып, әкесі Әтеке жырықтың кегін алу 500 адам қолды бастап келген қырғыз батыры Қарабекке, ауырып жатқанына қарамастан, қарсы шығып, жекпе-жекте Қарабекті өлтірген. Сол сәтте өзі де қазаға ұшырайды. Алматы обл., бұрынғы Андреев а-на, Шығ. Қазақстан обл. Үржар ауд-ғы Жарбұлақ а-на, Астана, Алматы, Семей, Өскемен, Талдықорған қ-ларында бір-бір көшеге, сондай-ақ Аякөз қ-да орналасқан танк дивизиясына есімі берілген. Үшарал қ-да Қ. б-ға ескерткіш, Астана іргесінде ескерткіш-монумент орнатылған. 1992-93 ж. бұрынғы Талдықорған және Семей обл-тары 300 ж-дығы аталып өтіліп, үлкен ас берілді. Батырдың өмірі мен ерлік күресі Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей, Дулат, Тәтіқара, т.б. ақын-жыраулар шығ-ларына арқау болған. Жазушы Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» тарихи романы жарыққа шықты.

ҚАБАНБАЕВ Дәкен (т.-ө. ж-дары белгісіз) – педагог, ақын, журналист. Өткен ғ-дың алпысыншы жылдары Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газ-нің редакциясында қызм. атқарды. Одан кейін зейнеткерлікке шыққанша Қоянды ОМ-інде қазақ тілі мен әдеб. пәні мұғ. болған Қ. қоғам өміріне белсене араласты. Сала басшылығы мен қоғ. ұйымдар тарапынан марапаттарға ие болған.

ҚАБДУӘЛИЕВА Мейрамгүл – механизатор. Қазақстан ЛКСМ сыйлығының лауреаты. 1970 жылдары қыздарды қысқа мерзімдік механизаторлар курстарында оқыту тәжірибесі қалыптасқан кезде а. шар. техн. меңгеріп, еңб-егі жоғ. табыстары үшін марапаттарға ие болған санаулы жандардың бірі.

ҚАБЫЛОВ Жанғұтты Мағдатұлы (11.12.1967, Егіндібұлақ ауд., Арқалық а. кеңесі) – фермер, шар. қожалығының басшысы. 1983 ж. Арқалық ОМ, 1986 ж. Егіндібұлақ а. №45 кәс.-техн. уч-ні бітірді. Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеп оралғаннан кейін, 1988 ж-дан бастап тері илеу, тон тігу цехында жұмыс істеді. 1993 ж. «Арқалық» жауапкершілігі шект. серіктестігінде малшы болып, 1997 ж. дербес «Дастан» шар. қожалығын құрды. Ата кәсіптің жалынан ұстаған Қ. қазір жылқы, сиыр, қой-ешкі өсіріп, а-дың әлеум. жағдайы төмен тұрғындарына жәрдем беруде, ел ішіндегі игілікті шараларға демеуші болуда.

ҚАБЫШЕВА Айткен (20.09.1944, Егіндібұлақ а.) – комсомол, парт. қызметкері. 1964 ж. ОМ, 1974 ж. ҚКП ОК жанындағы Жоғ. парт. мект-н (Алматы) бітірген. 1964-65 жж ауд. дәріхана жұм-сы, 1965-66 Егіндібұлақ ауд. атқару к-нің машинка басушысы, 1966 жж ауд. комсомол к-і мект. бөл-інің меңг-сі, 1966-70 Қазақстан ЛКСМ ауд. к-нің хатшысы, 1974 ж. Егіндібұлақ ауд. парт. к-індегі парткабинет меңг-сі қызм. атқарды.

ҚАБЫШҰЛЫ Болат (4.02.1949, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – мал маманы, а. шар. саласының ардагері. 1968 ж. Арқалық ОМ, 1974 ж. Қарқаралы зоовет. техн-ын, 1990 ж. Семей зоовет. ин-ын тәмамдаған. 1974-94 жж «Арқалық» с/зында бөл-ше басқарушы, шар-та бас зоотехн., 1994-2002 жж Қарқаралы ауд. а. шар. басқ-нда бас зоотехн., 2002-13 жж. Осакаров ауд. Родниковский, Сенокосный а. округтерінде әкім қызм. атқарды. Қ. мемл. пен салалық басшылық тарапынан бірнеше марапатқа ие болған.

ҚАБЫШҰЛЫ Жанат (10.02.1958, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – қаржыгер. 1975 ж. Арқалық ОМ-ін, 1976 ж. Егіндібұлақтағы №182 кәс.-техн. уч-ні, 1980 ж. Қарағанды коопер. ин-ын

(қазіргі Қарағанды экон. ун-і) бітіріп, Целиноград (қазіргі Ақмола) обл. қаржы бөл-нің тексерушісі, 1981-84 жж Қарағанды обл., 1984-87 жж Қарағанды қ-лық қаржы бөл-дерінің бақылаушы-тексерушісі, 1987-88 жж обл. мемл. сақтандыру басқ-ның, 1988-90 жж Ленин (қазіргі Қазыбек би атынд.) ауд. қаржы бөл-нің тексеруші-инспекторы, 1990-94 жж осы ауд-ғы мемл. салық инсп-ның бөл. бастығы, 1994-96 жж аға салық инспекторы, 1996-98 жж обл. бойынша қаржылық бақылау к-нің бас бақылаушысы, 1998-2000 жж обл. қазынашылық басқ-ның бас қазынашысы, 2000-08 жж обл. бойынша қаржылық бақылау к-нің бас маманы қызм. атқарды. 2008 ж-дан бері қаржылық бақылау инсп. баст-ның ор-ы. Қ. мемл. және сала басш. тарапынан марапаттар иеленген.

ҚАЗАҚ, қазақтар – Еуразия құрлығының орталығын мекендейтін түріктілдес этнос және ұлт. Дешті-Қыпшақ даласын мекендеген көптеген этностар мен этно бірлестіктердің өзара араласуы нәтижесінде қалыптасты. Қ. атауымен Қазақ хандығы құрылғаннан кейін ғана белгілі бола бастады. Тілдік құрылымы жағынан Түрік тілдес халықтардың солт.-батыс қыпшақ тобына жатады. Қ. тілінде сөйлейді. Қ. Қазақстанмен көршілес Моңғолия (Баян-Өлгей аймағы), Қытай (Іле Қазақ аутономиялық обл.), Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Түрікменстан елдерінің жерін бірыңғай қоныстанған. Қазақстандағы Қ. саны 11,4 млн. адам (2015 ж мәлімет), әлемде 16 млн. шамасында адам құрайды. Бала мен ұрпақ мәселесі көшпелі жұрттың назарынан түсіп көрмеген тақырып. Ұлы адамдардың өзі балам болса деп армандайды. «Адам өзі мың жасамайды, ұрпағымен мың жасайды» дейді дана халқымыз. «Балалы үй – базар, баласыз үй қу мазар» дейтін, бүкіл тарихи ғұмырын ат үстінде өткізіп, неше рет өліп, неше рет тірілген көшпелілер ұрпақ мәселесіне айрықша мән берген. Ақылды, көрікті әрі тәртіпті бала тәрбиелеу үшін ата-бабамыз қолдан келгеннің бәрін істеді. Көшпелілердің сақ, ғұн, үйсін, қаңлы, көк түрік, қыпшақ, арғын, алшын, найман, т.б. бірлестіктері мен ру-тайпалары өлең-жырларында алдымен ұрпақ мәселесін сөз қылған. Ғ-лар бойы жинақталған тәжірибені адамдар соңындағы ұрпаққа қалдыруға тырысты. Тіпті, ертегілердегі ақ қасқыр, самұрық құс, боз інген сияқты хайуанаттар бейнелерінен де ұрпағы үшін жанын пида ететін ана образын көре аласыз. Ғұлама Ә.Марғұлан ертедегі ауыз әдебиеті түрлеріне арнаған еңб-де былай деп жазды: «Қой бастаған ақ қошқар сенікі болсын. Тікірейген құлағының түбінде қара қалы бар, көзі мөлдіреп, үйірін бастаған ақ боз айғыр сенікі болсын, құлыншағым. Жалы желмен желбіреп, адамдардың үрейін ұшырап келе жатқан қара бура да, оның соңынан ерген түйе келесі де сенікі болсын. Азуы ақсиған қасқыр көрсе, қарағайдай мүйізін шаншып, тарпа бас салатын боз бұқа да, ол бастаған сиыр табыны да сенікі болсын». Аз сөзбен барлығын айтып беру мүмкін емес, бірақ көшпелілердің өз ұрпақтарына қалдыратын аманаттарын былай жіктеуге болар еді: 1. Нәрестенің бесігінен бастап оған қатысы бар заттардың барлығына құрметпен, ұқыптылықпен қарау. 2. Келешек ұрпақты өмірге әкеліп, тәрбиелейтін әйел затына сыйластықпен қарау. 3. Жастар мен жас сарбаздарды жылқыға, ат әбзелдері мен ер-тұрманын дайындай білуге үйрету. Ежелгі сақтардың, үйсіндердің, қаңлылардың Көкшетау, Бурабай, Қарғалы, Шелек, Есік төңірегінен табылған археологиялық мұралары бұл жұрттар бала бесігіне, оның безендірілуіне жете мән бергенін байқатады. Әдетте бесікті өте сапалы ағаштан жасап, оны алтын жалатқан бүркіт бейнелерімен, сом алтыннан құйылған бөрі мүсінімен әшекейлеген. Бұлар тұмар сияқты баланы сақтайды деп сенген. Көшпелілер өз балаларын бүркіт пен қасқыр сияқты сымбатты, күшті болғанын қалаған. Тіршіліктің басты шарты кеңістік пен уақыт ішіндегі қозғалыс болған көшпелілер қауымында өмірге келген баланың көзқарасы да ерекше қалыптасқан. Ертедегі сақ, үйсін, қаңлы, ғұндардың барлығы өмірін ат үстінде өткізген жауынгер еді. Бейбіт заманда шар. айналып жүрген малшы шапқыншылық жағдайда лезде қылыш-найзамен қаруланған жауынгерге айналатын. «Қиын-қыстау шақта шайқасқа даяр тұру, жауға қарсы шығу я болмаса алыс жорыққа аттану олардың күнделікті ісі болатын» деп жазды ертедегі тарихшылар. Жойқын соғыстан кейін а-да кемпір-шал, бала-шаға ғана қалған уақытта 12-13 жасар жеткіншектер қолдарына қару алып, ел қорғауға шыққан кездері жиі кездескен. Ұланғайыр өлкені мекен еткен қазақтар сан мәрте түрлі шапқыншылықты бастан өткізді. Соған қарамастан, халқымыздың келешек ұрпақ жайлы қамқорлығы сол қалпында

сақталып, бізге жетті. Дешті-Қыпшақта XIV-XV ғғ орын алған әлеум.-экон. және этникалық-саяси үдерістер нәтижесінде Қ. хандығы пайда болды. Өндіргіш күштердің дамуы, көшпелі ақсүйектердің экон. қуаты артуы, феодалдық топтардың тәуелсіздікке ұмтылуы, осы негізде Әбілхайыр (көшпелі өзбектер) хандығы мен Моғолстан арасында тартыс өршуі, әлеуметтік қайшылықтар үдеуі XV ғ. 2-жартысында бұл мемл-тердің құлдырап, ыдырауына соқтырды. Әсіресе, Әбілхайырдың (1428-68, Жошы-Шайбан-Дәулет-Шайх оғлан-Әбілхайыр) ұлы хандығы өте нашар еді. Аумағы бат-да Жайықтан шығ-да Балқаш көліне дейін, оңт-де Сырдың төменгі ағысы мен Арал т-нен, солт-де Тобылдың орта ағысы мен Ертіске дейінгі жерді алып жатты. Бір орталыққа бағынған мемл. болмады. Көптеген ұлыстардың басында Шыңғыс әулетінің әр тармақтан тараған ұрпақтары, көшпелі тайпалар билеушілері тұрды. Әбілхайыр билігі кезінде халық өзара қырқыс пен соғыстан шаршады. Ол таққа отырған соң Тобыл өз. бойында Шайбани ұрпағы Махмұт Қожаханды талқандады. Сыр бойында Жошы әулетінің Махмұтханы мен Ахметханын (Тоқай Темір тұқымы) жеңді. 1446 ж. Әбілхайыр Темір ұрпақтары мен Ақ Орда хандары ұрпақтарынан Сыр бойы мен Қаратау баурайындағы – Сығанақ, Созақ, Аққорған, Өзкент, Аркүк сияқты қ-ларды басып алады. Бірақ, ол 1457 ж. Үз-Темір тайшы бастаған ойраттардан Түркістан өңірінде жеңіліп қалды. Масқара ауыр шарт жасасып, ойраттар Шу арқылы кейін қайтты. Әбілхайыр өз ұлысында қатал тәртіп шараларын орнатуға кірісті. Бұл халық бұқарасының оған деген өшпенділігін күшейтті. Нәтижесінде халықтың жартысы Шығ. Дешті Қыпшақ, Түркістан алқаптары мен Қаратау бөктерінен Жетісудың батыс өңіріне көшіп кетті. Оларды Орыс хан ұрпақтары Жәнібек пен Керей сұлтандар басқарды. Дешті Қыпшақ пен Жетісудағы көшпелі бұқара алым-салықтың шектен тыс күшеюіне, мәнсіз соғыстарға наразылық ретінде, Әбілхайыр ханның қол астынан безе қашты. Сөйтіп, 1459 ж. (М.Мағауин дерегінде 1456 ж.) Бат. Жетісуға, Есенбұға ханның иелігіндегі Шу мен Талас өз. бойындағы жазыққа ірге тепті. Шыңғыс ханның Жошы – Орду әулетінен шыққан Керей мен Жәнібек сұлтандар осы қолайлы сәтті пайдаланып, тілі, салт-дәстүрі мен шар-ғы, тіршілік ету жағдайлары ұқсас тайпалар мен руларды тұтастырып, дербес мемл. құруға ұмтылды. Оның саяси тәуелсіздігін және экон. дамуын қамтамасыз ету үшін қызмет етті. Бұл қазіргі Қазақстан жерінде жаңа этнос – Қ. халқының қалыптасуын жеделдете түсті. Жетісу көшпелі рулар мен тайпалардан құралған мемл. бірлестігінің орталығына айналды. Әбілхайыр билігінен бас тартқандардың саны 200 мың адамға жетті. Моғолстан ханы Есенбұға бұларды көшпелі өзбектерден солт. шекарасын қорғауға және Әмір Темір ұрпағы Әбу Саид қолдап отырған өз ағасы Жүністің шабуынан бат. бетіне тосқауыл етуге пайдаланғысы келді. Мырза Мұхамед Хайдар Дулати Қ. хандығы хижраның 870 ж. (1465-66) құрылғанына куәлік етеді. Қ. Ордасының тағына ең бірінші Болат хан ұлы Керей (1458-1473) отырды (бұл М.Мағауин дерегі шындыққа жанасатынын көрсетеді. Өйткені, хандық жоқ жерде хан лауазымы болуы да мүмкін емес). Ол Алланың аманатын тапсырған соң, Қазақ ордасының билігі Барақ хан ұлы Жәнібекке (1473-1480) көшті. 1462 ж. Моғолстан ханы Есенбұға өлген соң онда тақ тартысы күшеюіне байланысты, ондағы үміткер сұлтандар Қ. хандығына сүйеніп билікке келу үшін онымен ынтымақты болуға тырысты. Әбілхайыр ханның қол астынан көшіп келушілер Қ. хандығын күшейте түсті. Едәуір әскери күш жинаған және Жетісуда берік қорғанысы бар Жәнібек пен Керей Жошы әулетінен шыққан сұлтандардың Шығ. Дешті Қыпшақты билеу жолындағы күресіне қосылды. Бұл 1468 ж. Әбілхайыр өлгеннен кейін тіпті өршіді. Қ. хандарының басты жаулары Әбілхайырдың мұрагерлері – оның ұлы Шейх-Хайдар және немерелері Мұхамед Шайбани мен Махмұд сұлтан еді. Сыр өңірі мен Қаратау – Қ. хандығының Бат. Жетісудағы иеліктеріне жақын жатты. Керей мен Жәнібек хандар сауда-экон. байланыстардың маңызды орт-тары және күшті бекініс болатын Сыр бойындағы қ-ларға өз құқықтарын орнатуға тырысты. Сондай-ақ, Сырдың төм. және орт. ағысының бойы Қ-тың көшпелі тайпалары үшін қысқы жайылым еді. 70-жж Сауран, Созақ қ-лары түбінде үлкен шайқастар болды. Ясыны (Түркістанды), Сығанақты біресе Қ. хандары, біресе Мұхамед Шайбани басып алып отырды. Осы шайқастарда Керейдің ұлы Бұрындық көрнекті қолбасшылығымен танылды. Соның нәтижесінде XV ғ. 70-ж-да Қ. хандығының шекарасы кеңейе берді. Оңт. Қазақстан қ-лары

үшін Шайбани әулетімен арадағы соғыстар Жәнібек ханнан кейін Қ. хандығын билеген Бұрындық хан (1480-1511) тұсында да толастамады. Бат. Жетісудағы иеліктеріне, оңт-тегі өздеріне қараған қ-ларға (Созақ, Сығанақ, Сауран) сүйене отырып, алғашқы Қ. хандары Дешті Қыпшақтағы өкімет билігіне таласушылардың барлығын жеңіп, иеліктерін ұлғайтты. Дешті Қыпшақта Қ. хандығы билігінің орнығуы, Мұхаммед Шайбаниды мұндағы көшпелі тайпалардың кейбір бөлігін соңынан ертіп Мәуереннахрға кетуге мәжбүр етті. Темір әулеті арасындағы өзара тартысты пайдалана отырып, ол мұнда өкімет билігін басып алды. Сонымен, Қ. хандығының құрылуына саяси және этникалық үдерістер басты себеп болды. Оның басты кезеңі Керей мен Жәнібектің қол астындағы ру-тайпалармен бірге көшпелі өзбектер басшысы Әбілхайырдан кетіп, Моғолстанның бат-на қоныс аударуы. Мұндағы маңызды оқиға – Керей мен Жәнібекті жақтаушылардың өзбек-Қ-тар, кейін тек Қ. деп аталуы. Әбілхайырдың өлімінен кейін Керей мен Жәнібектің Өзбек ұлысына келіп, үкімет билігін басып алуы. Жаңа мемл-тік бірлестік Қ. хандығы атана бастады. Қасым хан (1511-23) тұсында Қ. хандығы (XV ғ.) нығайып, шекарасы едәуір ұлғая түсті. Билік құрған шағында ол «жерді біріктіру» үдерісін жедел жүзеге асырып, көзге түсті. Қ. хандығының саяси және экон-лық жағдайы нығайып, Қ. халқының қазіргі мекен тұрағы қалыптасты. Бірсыпыра қ-лар қосылды, Қасым ханның қол астындағы Қ-дың жайлауы солт-те Ұлытаудан асты. Оңт.-шығ-та оған Жетісудың көп бөлігі (Шу, Талас, Қаратал, Іле өлкелері) қарады. Қасым хан тұсында Орта Азия, Еділ бойы, Сібірмен сауда және елшілік байланыс жасалды. Орыс мемл-мен байланыс болды (ол III Василий (1505-33) билік құрған кездегі Мәскеу мемл. еді). Бат. Еуропа жұрты да Қ. хандығын осы кезде танып білді. Осы кезде «Қасым ханның қасқа жолы» деген атаумен, көшпелілердің әдет-ғұрып ережелері негізінде Қ. заңдары жасалды. Дегенмен, Қасым хан тұсында Қ. хандығы бір орталыққа бағынған мемл. бола алмады. Қасым өлгеннен кейін өзара қырқыс, таққа талас басталды. Моғол және өзбек хандарының Қ. билеушілеріне қарсы одағы қалыптасты. Өзара тартыста Қасым ханның ұлы және мұрагері Мамаш қаза тапты. Қасым ханның немере інісі Таһир (1523-32) хан болды. Оның айрықша дипломат. һәм әскери қабілеті болмады. Маңғыт және Моғол хандарымен әскери қақтығыстар басталды. Бұл соғыстар Қ. үшін сәтсіз болып, Қ. хандығы оңт. және солт.-бат-ғы жерінің бір бөлігінен айрылып, ықпалы тек Жетісуда сақталды. Таһирдың інісі Бұйдаштың (1533-34) тұсында да қырқысулар мен соғыстар тоқталған жоқ. XVI ғ. 2 ж. әлсіреген Қ. хандығын біріктіруге Қасымның баласы Хақназар хан (1538-80) өз үлесін қосты. Ноғай ордасындағы алауыздықты сәтті пайдаланған ол, Жайық өз. сол жағындағы жерді қосып алды. Жетісу мен Тянь-Шаньды басып алуды көздеген Моғол ханы Абд-Рашидке қарсы ұтымды күрес жүргізілді. Хақназар өзара тартыста өзбек ханы Абдолланы қолдап, Сыр бойындағы қ-ларды (Сауран, Түркістан) бағындырды. Оның Абдолламен байланысынан қорыққан Ташкент ұлысының әмірі Бабасұлтан жансыздары арқылы Хақназарды у беріп өлтірді. Қазақ ордасының тағына Жәдіктің баласы, Жәнібек ханның немересі, қартайған Шығай (1580-82) отырды. Ол ұлы Тәуекелмен (1586-98 жж хан болды) бірге Бабасұлтанға қарсы күресінде Бұқар ханы Абдолламен тізе қосты. Абдолла Шығайға Ходжент қ-сын сыйға тартып, онымен бірге Бабасұлтанға қарсы Ұлытау жорығына шығады. Осы жорықта Шығай қайтыс болып, Қазақ Ордасының иелігі Тәуекел ханға көшеді. Тәуекел хан билікке келісімен Орта Азия сауда орт-тарына шығу үшін күресті. 1583 ж. ол Сыр бойындағы қ-ларды және Ташкент, Андижан, Акси, Самарқандты Қ. хандығына қаратты. Бұқараны қоршаған кезде Тәуекел хан жараланып қаза болды. Одан соң Қ. Ордасына Шығай ханның екінші ұлы Есім хан (1598-1628) билік етті. Ол 1598 ж. Бұқарамен бітім шартын жасасты, шарт бойынша бұрын өзбектер жаулап алған Сыр бойындағы қ-лар мен Ташкент Қ. хандығына бекітіп берілді. Сөйтіп, Сыр бойындағы қ-лар мен Оңт. Қазақстанның жерін кеңейту үшін бір жарым ғ-ға созылған күрес біраз бәсеңдеді. Есім хан елді бір орталыққа бағындыру саясатын жүргізді. Ол қанға қан, құн төлеу, барымта алу, құл сату, зекет, ұшыр жинау, айып салу және т.б. тәртіп пен қарым-қатынасты реттеу жолдарын уағыздады. Халық осы тұста қабылданған заңдарды «Есім хан салған ескі жол» деп атады. XVI ғ-да Қ. хандығы солт-те құрылған Сібір хандығымен (орталығы Түмен) шектесті. 1563 ж. Шайбани әулеті мен Тайбұғы руы арасында

ұзақ уақыт жүрген күрестен кейін Сібір билігі Шайбани әулеті Көшім ханның қолына көшті. Сібір хандығының халқы түрік тілдес қырық рудан құрылған және угар тайпалары жиынтығынан тұрды. Негізгі халқы түрік тілдес еді, олар «Сібір татарлары» деген атпен белгілі болды. Сібір хандығы Қазақстанмен саяси және сауда байланысын жасап тұрды. 1552 ж. Ресей Қазанды жаулап алып, Сібір хандығына көз тікті. Тегі қыпшақ, бірақ орыстанып, шоқынған, қашқан-пысқан бұзықтар мен жолбасар ұрылар тобының атаманы Т.Ермак жыртқыштық жолға түскен Мәскеу князьдігіне жалданып, 1581 ж. Сібірді жаулап алу жорығын бастады. Ол отты қарудың күшімен Көшім ханның әскерін талқандап, байтақ та бай өңірді отарлай бастады. Орыс тарихи әдебиеттерінде бұл «Сібірді игеру» деп аталғанымен, сайып келгенде ол өз жерінде бейбіт тіршілік етіп жатқан халықтарды харап етіп, олардың ондаған ғ-лық төл мәдениетін түбірімен жойып, жалпы адамзаттық өркениетке орны толмайтын нұқсан келтіруден басқа түк емес. Орман елін тағылықпен қырып-отап, адам құлағы естімеген ауыздықсыз зорлық-зомбылыққа ерік берген жауызға ақыры ит өлімі бұйырды. Орыс жылнамасында ол үстіндегі сауыты ауыр болғандықтан Ертіске батып кетті десе, халық ауыз әдебиетінде ел намысын қорғаған ерлердің қолынан өлгені айтылады. Қалай болғанда да қанды қол қарақшылар атаманы Т.Ермак 1584 ж. ажал құшқаны хақ. Бірақ, Сібір хандығы да қайта көтерілмеді. Ол 1598 ж. Ресей құрамына күшпен қосылды. XVII ғ-дың 2 ж. Қ. Ордасының жағдайы нашар еді. Мұндағы сұлтандардың өзара қырқысын пайдаланған жоңғарлар Жетісудың бір бөлігін басып алып, осы аймақта көшіп жүрген Қ. мен қырғыздарды бағындырды. Бұқара әскерлері Ташкентті алып, Қ-ды ығыстыра бастаған кезде, Қ. хандығының билеушісі салқам Жәңгір Бұқар әміршісін жоңғарларға қарсы күресу үшін әскери одақ жасауға көндірді. Жәңгір жоңғарларға қарсы жорықта 1652 ж. қаза тапты. XVII ғ-дың 90-ж-да жоңғарлардың Қ. жеріне шабуылы бәсеңдеді. Бұл кезде Қ. хандығы нығайып, Қ. мен қырғыздар арасындағы одаққа қарақалпақтардың қосылуы орданы күшейтті. Қ. хандығының тағына 1680 ж. Жәңгірдің баласы Тәуке (1680-1718) отырды. Оның тұсында «Жеті жарғы» деген атаумен көшпелі жұрттың заңдар жинағы құрастырылды. «Жеті жарғыны» жасауға Қ-тың басқа әйгілі билерімен бірге Қаздауысты Қазыбек қатысып, дала конституциясын қабылдауда шешуші рөл атқарды. Оның негізгі баптарының мазмұны: қанға қан алу, яғни біреудің кісісі өлтірілсе, оған ердің құнын төлеу (ер адамға 1000 қой, әйелге 500); ұрлық, қарақшылық, зорлық-зомбылыққа өлім жазасы кесіледі, жазаны ердің құнын төлеу арқылы жеңілдетуге болады; денеге зақым келтірсе, оған сәйкес құн төленеді (бас бармақ 100 қой, шынашақ 20 қой); егер әйел ерін өлтірсе, өлім жазасына кесіледі (егер ағайындары кешірім жасаса, құн төлеумен ғана құтылады, мұндай қылмысты екіқабат әйел жасаса, жазадан босатылады); төре мен қожаның құны қарашадан 7 есе артық төленеді; егер ері әйелін өлтірсе, әйел құнын төлейді. Қ. хандығының жан-жағындағы көршілерінің қысымына түсуі елдің қорғаныс қабілетін күшейту үшін салық түрін молайтуға мәжбүр етті. Бұл өз кезегінде қоғамда саяси-әлеум. дағдарыс өрістеуіне соқтырды. Малшыдан зекет, егіншіден ұшыр жиналды. Елдегі ең жоғары басқарушы хандар болды. Олар тек Шыңғыс тұқымынан шықты. Феодалдық шартты жер иеленушілік, жерге меншіктің тұрақты түрлері, Қазақстанның оңт. ауд-ында, Сыр бойындағы қ-лар аймағында қалыптасты. Олардың сойырғал, ықта, милк, вакуф сияқты түрлері болды. Ханнан тархандық құқық алып, сыйлық жерді иеленушілер онда тұратын егіншілерден, қолөнершілерден өз пайдасына салық жинады. Қ. қоғамын әлеум.-таптық топтарға бөлуде адамдардың әл-ауқаттылық жағдайынан гөрі, әлеум. шығу тегі негізге алынды. Жоғары аристократтық топ ақсүйектерге Шыңғыс әулеттері – хандар, сұлтандар, оғландар, төрелер және қожалар жатты. Басқа халық, әл-ауқатына қарамастан, қара сүйекке жатқызылды. Қ. хандығының мәдениеті: Қ. поэзиясының аса ірі тұлғалары Шалкиіз (XV ғ.), Доспамбет (XVI ғ.), Жиембет (XVII ғ.) жыраулар мемл. қалыптасу кезінде ғұмыр кешті. Қ. батырлар жыры тарихи оқиғаларға құрылғандықтан, тыңдаушыға оңды әсер етті, халыққа кеңінен тарады. Мысалы: Қобыланды, Алпамыс, Ер Тарғын, Қамбар батыр, Ер Сайын дастандары Қ. даласының барлық өңіріне белгілі. Ислам діні біртіндеп Қ. даласына толық тарады. Араб әліпбиі қолданылды. XVIII ғ-да Қ. үш жүзге бөлініп өмір сүріп жатты. Әр жүздің өз ханы болды. Кіші жүзде – Әбілхайыр, Орта жүзде –

Сәмеке (Шахмұхамед), Ұлы Жүзде –Жолбарыс, Түркістан қ. астана еткен Үлкен Ордада – Тәуке хандар билік жүргізді. Қ. жерінде орталықтанған мемл. болмауын ашкөз көршілері пайдаланып қалғысы келді. Ресей империясы жүргізген жылмысқы саясаты жүзеге асып, Жайық бойына топтасқан казактардың қолдауымен оңт.-бат-тан Еділ бойындағы башқұрттар, қалмақтар Кіші жүзге тынымсыз шабуыл жасады. Солт-тен Сібір казактары тыным бермеді. Орта Азиядағы Бұқара мен Хиуа хандықтары да Қ. жерінен дәмелі болды. Олардың бәрінен асып түскен жоңғарлар еді. XVI ғ-дың соңында ойраттар (қалмақтар) төрт тайпа бірлестігінен тұрды. Олар: Тарбағатайдың шығ. өңірін алып жатқан торғауыттар, Ертістің жоғары ағысында қоныстанған дүрбіттер, қазіргі Дихуа қ. маңындағы хошауыттар, Іле өз. жоғары жағындағы шоростар еді. Қ. мен ойраттар арасында егес XV ғ. басталды. XVI ғ. соңында ойраттардың бір бөлігі Қ. ханы Тәуекелге бағынды. Бұл Ресей, Қытай сияқты империялық пиғылдағы державаларға ұнамады. Солар қолдаған хонтайшы Батурдың бастауымен 1635 ж. Жоңғар хандығы құрылды. Қ.-жоңғар қатынастары, Ресейдің түртпегімен, Батур хонтайшы (1634-1654) билік құрған кезде шиеленісе түсті. Онан кейінгі жоңғар билеушілері (Сенге, Қалдан) Оңт. Қазақстанды, маңызды сауда жолдары өтетін қ-ларды өздеріне қаратуға тырысты. Қ. халқының жоңғарларға қарсы күресі аса ауыр жүрді. 1718 ж. Тәуке дүние салғанда, орнына ұлы Болат хан болды. Оның кезінде қалмақтардың Қ. жеріне жорығы күшейді. Бұл жорықтардың табысты болуына шведтің артиллерия сержанты И.Г.Ренаттың көмегі біршама болды. 1709 ж. Полтава түбінде орыстардың қолына түскен Ренат Тобыл қ-на айдалды, осында Ертістің бойында Бухгольцтің экспед. құрамында Кереку қ. маңында 1715 ж. қалмақтарға тұтқынға түседі. Ол 1733 ж. дейін қалмақтың қолында болып, оларға Ресей берген металл мен оқ-дәріден зеңбірек құйып, атуды үйретеді. Жан-жақты әскери дайындығы бар жоңғарлар 1710-11 жж Қ. жеріне басып кірді. Олар 1717 ж. жазда Аякөз өз. жағасында Қ-дың 30 мыңдық жасағын талқандады. Келесі ж. жоңғарлар Қ-ды Бөген, Шаян, Арыс өз-дері бойында тағы да қырды. Өткен шайқастардан сабақ алмаған Қ. жеріне 1723 ж. ерте көктемде жоңғарлар тағы да басып кірді. Шуна Дабо ноян басқарған бұл шайқас екі бағытта өрбіді: бірінші бағыт Қаратауды басып өтіп, Шу, Талас өз-деріне шығу болса, екінші бағыт жолдағы Қ-ға соққы беріп, Шыршық өз. жету еді. Бұл жоспарды іске асыру үшін жау жеті топқа бөлініп, оның бірі Жетісу Алатауы етегіндегі Балқаш көліне құятын төрт өз-нің бойына топтасты. Қалмақ қолбасшысы Амурсана басқарған 70 мың қол Іле өз. бойына, Кеген өз. солт. жағасына, Нарын өз. күншығ. жағындағы Кетпен тауы баурайына орналасты. Бейғам отырған Қ. аяусыз қырылды. Жоңғарлар Жетісуды, Ұлы жүзді қырып-жойып, Орта жүз, Кіші жүз жеріне де жетті. Халық басы ауған жаққа шұбырды. Ұлы жүз бен Орта жүздің қазақтары Самарқан мен Ходжентке қарай шұбырды. Кіші жүз қазағы Хиуа мен Бұхараға ағылды. Босқындардың біразы Сырдың сол жағындағы Алакөл маңына топтасты. Халық бұл кезеңді «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деп атады. Халықтың осынау трагедиясын арқау еткен «Елім-ай» деген ән туды. Қ. ақыры бірігу қажеттігін түсінді. 1728 ж. Кіші жүз ханы Әбілқайыр сардар болып белгіленген Қ. жасақтары, Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Тайлақ, Саурық және т.б. батырлардың бастауымен Ұлытау маңындағы Бұланты өз. жағасында, Қара сиыр деген жерде қалмақтарға мықты соққы берді. 1730 ж. көктемде Балқаш к. маңында тағы соғыс өтіп, Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай батырлар бастаған Қ. жасақтары жоңғарларды аяусыз талқандады. Бұл жер кейін «Аңырақай» деп аталып кетті. Шуно Доба бастаған қалмақтар Іле өз. бойымен шығ-қа қашуға мәжбүр болды. Қ. жерін азат ету жолындағы соғысты жеңіспен аяқтау үшін үш жүздің әскерлері Шымкентке таяу Ордабасы деген жерге жиналды. Қолбасшы болып Әбілқайыр, ту ұстаушылыққа Қанжығалы Бөгенбай сайланды. Осы тұста Тәуке ханның баласы, Үлкен Орда иесі Болат хан қайтыс болды. Таққа талас басталды. Болат ханның інісі, Орта Жүз ханы Сәмеке (Шахмұхамед) тақтан үміткер болды. Сондай-ақ, қалмақты қыруда ерлік көрсеткен Кіші жүз ханы Әбілқайыр да тақтан дәмеленді. Алайда, аға хан болып Болаттың үшінші ұлы Әбілмәмбет сайланды. Әбілқайыр бұған наразы болып, әскерін майдан шебінен алып кетті. Сәмеке де қолымен Шуды бойлап Бетпақдалаға бет түзеді. Жоңғарларға қарсы майдан әлсірей бастады. Ұлы Жүз ханы Жолбарыс жоңғарлармен мәмілеге баруға

мәжбүр болды. Осы тұста әрбір жүздің ішінде феодалдық бытыраңқылық күшейді. Кіші жүз сұлтандары Батыр мен Нұралы (Әбілқайырдың баласы) өз алдына ел биледі. Орта жүз сұлтандары Күшік пен Барақтың дербес иеліктері болды. 1742 ж. 20 тамызда Ор қ-да орыс, жоңғар, қарақалпақ және Қ-дың Кіші, Орта және Ұлы жүздерінің өкілдері қатысқан келіссөз жүргізілді. Онда Ресей өкілі Қ. пен жоңғар арасындағы қақтығысқа байланысты уәж айтпақшы болды. Бірақ жоңғарлар оны тыңдаған жоқ. Олар орыс қамал-бекіністеріне, Қ қоныстарына жақын жерде 20 мың әскер ұстап, Қ-ты мазалауын қоймады. Қ. өз күшіне ғана сенуіне тура келді. Осы идеяны орнықтыруға 1713 ж. туған Әбілмансұр (Абылай) Уәлиұлы зор күш жұмсады. Жастай жетім қалған ол 1731 ж. жоңғарлармен шайқаста көзге түсті. Жоңғар хонтайшысы Қалдан Серен 1745 ж. өліп, оның мұрагерлері таққа таласты. Әлсіреген жауға Цинь империясы тиісе бастады. Абылай осы сәтті пайдаланды. Ол Сыр бойындағы қ-ларды азат етуге кірісті. Ол бұл жорықта Қ әскерлерін үш топқа бөлді. Оның бірінші тобын Қанжығалы Бөгенбай мен Үмбетей жырау басқарды. Бөгенбай басқарған 10 мың әскер Түркістанның солт. жағына, Созақ бекінісіне барып тиісуге тиіс еді. Екінші қолды Жәнібек батыр басқарды. Оған Тәтіқара жырау қосылып, Сырдың төменгі ағысына кетті. Негізгі қолды Абылай басқарды. Жорыққа қатысушылар Шиелі, Жаңақорған бойымен Түркістанның бат. жағына жылжыды. Бұл топта Қабанбай, Баян, Сырымбет, Малайсары, Желкілдек, Жанұзақ батырлар болды. Жоңғар әскерін басқарған Қалдан Сереннің ортаншы ұлы Цевен Доржи де өз әскерін үшке бөлді. Ол басты күшін Абылайға қарай бағыттады. Оның қару-мылтығы, түйе үстіне орнатқан 15 зеңбірегі бар еді. Қ. жасақтары сойыл, шоқпар, садақпен қаруланды. Цевен Доржи ауыр қолымен Абылай әскерінен бұрын келіп, Жаңақорғанға бекініп алды. Абылай Жаңақорған бекінісін алуды Қабанбайға тапсырды. Сырымбетті оң жақ, Баянды әскердің сол жақ қанатына қойды. Олардың сыртынан үш мың жауынгері бар Малайсары, Оразымбет батырлардың әскерін топтастырды. Соғыс екі айға созылды. Қ. әскерлері Жаңақорғанды, Шымкентті жаудан тазартты. Түркістанға дейін жетті. Бөгенбай басқарған әскерлер Созақ пен Сайрамды босатты. Батыр Баян Талас өз. дейін барды. Жәнібек батырдың әскерлері қарақалпақ жерін босатып, қалмақтарды Сырдың жоғарғы сағасына шегіндірді. Амалы таусылған Цевен Доржи Абылайдан бітім сұрауға мәжбүр болды. Келісім бойынша Созақ, Сайрам, Манкент, Шымкент қ-лары Әбілмәмбеттің қарамағына өтті. Түркістан туралы мәселе кейінірек шешілетін болды. Абылай бұл жолғы жеңісті Жоңғар хандығы күйреуінің бастамасы деп есептеді. 1745 ж. соғыс осымен бітті. Қ. жерін қалмақтардан толық тазартуды жалғастыра отырып, Абылай бастаған Қ. жасақтары 1750 ж. Жоңғар қақпасы маңында жауға оңдырмай соққы берді. 1755 ж. жоңғарлар бірнеше ұсақ иеліктерге бөлініп кетті. 1758 ж. Жоңғар мемл. жойылды. 1758 ж. Цинь империясы Шығ. Түркістанды, қазіргі Ұйғыр автономиялық ауд. жерін басып алды. Қытайдың бат. шекарасы Қ. жерімен шектесті. Қытайлар дүркін-дүркін шабуыл жасап Қ-ға тыным бермеді. Тіпті, олар Қу – Балқантау өңіріне дейін жетті. Абылай келісімге келу туралы Пекинге адамдар жіберді. Сөйтіп, Қытаймен сауда, экон. қатынас орнату жолдарын іздестірді. Ол Ресеймен де қарым-қатынас орнатты. 1771 ж. Әбілмәмбет хан өлген соң, Қ-тың игі жақсылары Түркістанда Абылайды Қ. Ордасының ханы етіп сайлады. Әйткенмен, Ресей өкіметі оны Орта жүздің ханы деп қана таныды. 1772 ж. вице-канцлер М.Л.Воронцовтың жарлығымен Есіл өз. таяу жерде, Жалғызтөбеде Абылайға арналып ағаш үй салынды. Абылай 1781 ж. тамыз айында Арыс өз. бойында, 68 жасында қайтыс болды. Орнына ұлы Уәли сайланды. Бұл кезде Ресей империясының жыртқыштық пиғылы барынша асқанған еді. Ол Қ. жеріне жан-жағынан сұғына еніп, бат., солт., шығ. беттерін бекініс-қамалмен қоршап тастады. Қ-дың байырғы көші-қон бағыты бұзылып, мал жайылымы тарыла түсті. Саяси және экон. қыспаққа түсіп, қиын жағдайда қалған Қ. хандары біртіндеп Ресейдің өктемдігін мойындауға мәжбүр болды. Бәсекелес хан-сұлтандарды өзіне кіріптар ету үшін мықты сүйеніш таппақ болған Кіші жүздің ханы Әбілқайыр бірінші болып Ресей бодандығын қабылдады. 1734 ж. Орта жүздің бір бөлігі Ресейге қосылды. XIX ғ-дың 2-жартысында орыс үкіметінің жоспарлы түрде жүргізген әскери-саяси шаралары нәтижесінде, Қазақстанды Ресей империясы құрамына қосу толық аяқталды. Қ. арасында кейінгі орта ғ-ларда

меншіктің бірнеше түрі айқындалды: 1) мал мен мал шар. өнімдеріне деген меншіктің дербес отбасылық түрі; 2) жерге немесе жайылымдарға қауымдық меншік; 3) су көздеріне меншік; 4) ру-тайпалар қауымдастығының қарамағындағы малшылар тобы көшіп-қонатын аймаққа қатысты экон-дан тыс меншік, Қ-дың әлеум. ұйымдасуы адамдар арасындағы бір-бірімен байланысты әр алуан қарым-қатынас түрлеріне (қандас туыстық-отбасылық, шар-тық, әскери, мәдени, этн., т.б.) негізделді. 1824, 1867-68 жж әкімш.-саяси реформалары арқылы Ресей үкіметі қ-ды басқарудың дәстүрлі жүйесін жойды. Қазақстанның Ресей тарапынан отарлануының орасан зор зардаптары болды. Негізгі тіршілік көзі болған жайылымдық мал шар-ның күйреуі салдарынан халықты жиі-жиі аштық жайлады. Империя тарапынан салынған алым-салық уақыт өткен сайын күшейе берді. Кейбір тарихшылар орыс отарлығын қалай да ақтап алу үшін, Ресейге тәуелді болу барысында шар. айырбас пен басқа да қарым-қатынастар үшін қолайлы жағдай туды, капиталистік өндіріс қатынастарға негіз қаланды деп есептейді. Әйткенмен, жүздеген ж-дарға созылған отарлық езгі кезінде жаншылған халық рухы, күйреген мәдениет, тоналған, жойылған тарихи жәдігерлер мен рухани құндылықтар жанында ол түкке тұрғысыз қайтарым. Ресейдің отарлық саясатына қарсы Қ. халқының ондаған ұлт-азаттық көтерілістері болды. Оларды Сырым Датұлы, Исатай Таймanұлы, Жанғожа Нұрмұхамедұлы сияқты көсемдер басқарды. Әсіресе, Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс бүкілхалықтық сипат алып, он жылға созылды. Кенесарыны хан көтерген Қ-дың әрекеті Ресей империясының зәресін ұшырып, орыс өкіметі оның көзін жою үшін қолынан келген бүкіл әдіс-айланы қолданды. Халық күнкөріс үшін шар-тың әр түрімен шұғылдануға мәжбүр болды. XIX ғ-дың аяғы мен XX ғ-дың басында Қазақстандағы егіншілікпен айналысатын халық арасында Қ-дың үлес салм. 55,4%-ға жетті. Көбірек пайда табу мақсатымен Ресейдің Қ. жерінде өнеркәсіп орындарын ашуы, т. ж-дар салуы, су айдындарын көлік қозғалысы ретінде пайдалануы Қ-дың жұмысшы болып жалдануына ықпал жасады. 1917 ж-ғы қазан төңкерісінен кейін Ресей империясы алып жатқан кеңістікте кеңестік-коммунистік билік орнады. Бұратана халықтарды патшалық езгіден құтқаруды ұран етіп көтерген большевиктер мемл. басына келген соң отарлық қанауды шегіне жеткізді. Қ. өмірінде рулық-патриархалдық қатынас жойылған жоқ, жұмысшы табы қалыптаспаған деген желеумен кеңестік билік жүргізген саяси науқандар – халықтың мал-мүлкін тартып алу, күштеп ұжымдастыру шаралары Қ-ды 1931-33 жж бұрын-соңды адам құлағы естіп-көрмеген ашаршылыққа ұшыратты. 1929-31 жж Қазақстанда кеңес өкіметінің асыра сілтеу саясатына қарсы 372 көтеріліс болды (соның бірі – Қу өңіріндегі Боқты көтерілісі. Оны күшпен басып-жаншу кезінде жүздеген адамның тағдыры үзілді). Көтерілістерді кәсіби әскермен талқандау барысында қырып-жоюдан аман қалған Қ. босқыншылыққа ұшырады. 1930-31 жж ғана бір жарым миллион Қ. респ. аумағынан сыртқа көшті. Олардың едәуір бөлігі Қытайға, Иранға, Ауғанстанға өтіп кетті. Қ. этносы тіпті «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында да мұншама азап пен қорлыққа ұшырамаған еді. Ашаршылық және онымен байланысты пайда болған індеттер салдарынан кем дегенде 2,5 млн., кейінгі деректерде 3 млн-нан астам адам қырылды. Бұл барлық Қ-дың 48%-ын құрады. Екінші дүниежүзілік соғыс ж-дары мерт болған 410 мыңдай қазақстандық азаматтардың басым бөлігі Қ. еді. Тәуелсіздік 1991 ж. 16 желтоқсанда мемл. тәуелсіздік жарияланғаннан бері Қ. ұлты өзінің ортақ мүддесі жолындағы бірлігін нығайтуға талпыныс жасап келеді. Қ. тілі қағаз жүзінде болса да мемл. тіл мәртебесін алды. Қ. халқының таңдаулы өкілдерінің кеңестік-орыстық саясат тыйым салған есімдері ұлт мақтанышына айнала бастады, тарихи топонимика жергілікті ұлт өкілдері жиын отырған өңірлерде біртіндеп қалпына келтіріліп, ұлттық мәд-тің сауығу үдерісі басалды. Шет елде жүрген біраз отандастардың елге оралуына мүмкіндік туды. Қ. кеңес дәуірінде тиым салынған дәстүрлі дінін ұстануға мүмкіндік иеленді. Қ. Ислам діні Дешті Қыпшаққа енген шақтан бастап оның сунниттік бағытын қабылдаған. Оған дейін басқа түрік халықтары тәрізді Қ. арасында да шаман дінінің негізі болған тәңірге, аруаққа сиыну нанымдары орын алды. Оның қалдықтары Қ. арасында әлі де бар.

«ҚАЗАҚ» – қоғамдық, саяси және әдеби газет. Араб қарпімен қазақ тілінде, 02. 02. 1913 – 26. 09. 1918 ж. аралығында Орынборда аптасына бір рет (1915 ж. – екі рет) шығып тұрған. Барлығы 264 саны жарық көрген. Таралымы үш мыңнан сегіз мың данаға жеткен. Апталық, негізінен, жаздырып алушылар мен жарнама (сол кезде «ығлан» деп аталған) берушілер және шығарушылар (әуелде Мұстафа Оразаев, одан «Азамат» серіктестігі) мүшелерінің жарнасынан бөлінген қаражат есебінен жарық көрген. «Бас жазушысы», яғни бас редакторы – А.Байтұрсынұлы, «екінші жазушысы» – М.Дулатов, 1918 ж. шыққан бірнеше санның редакторы – Ж.Жәнібеков. Хұсайынов-Кәрімов баспаханасында, 1917 – 18 жж редакцияның өз баспаханасында басылып тұрды. Газетте XX ғ-дың бас кезіндегі қазақ елінің саяси-әлеум. өмірінің ең түйінді мәселелеріне, шар-лық жағдайына, жер, басқа елдермен қарым-қатынасына, оқу-ағарту, әдеб. пен мәд., әдет-ғұрып, салт-сана, тарих пен шежіреге арналған мақалалар жарияланған. Абайдың өмірі мен ақындығы туралы алғашқы мақала («Қазақтың бас ақыны») осында басылған. Қазақ тілі мен әдеб. жайында Ә.Бөкейханның, А.Байтұрсынұлының, М.Дулатовтың, Ш.Құдайбердіұлының мақалалары жарияланған. М.Жұмабаевтың, Ж.Аймауытовтың, С.Дөнентаевтың, Б.Майлиннің, С.Торыайғыровтың, Ғ.Қараштың, Б.Серкебаевтың, Ә.Қоңыратбаевтың өлеңдері мен әңгімелері, әдеб. сындары басылған. Сондай-ақ, Л.Толстойдың, А.Чеховтың, М.Лермонтовтың, В.Короленконың, И.Крыловтың шығ-лары жарық көрген. «Қ.» жарияланымдары 1997 ж. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясынан арнайы жинақ болып басылып шықты.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» – апталық әдеби, мәдени газет. Қазақстан Жазушылар одағының органы ретінде тұңғыш саны 1934 ж. қаңтарында жарық көрген. Алғашқы редакторы – Б.Майлин. 1940-54 жж газеттің шығуы тоқтатылып, 1955 ж-дың қаңтарынан қайта шыға бастады. «Қ.ә.» ұлтымыздың рухани айнасы, еліміздің әдеби һәм мәдени өмірін жан-жақты қамтитын басылым. Апталық оқырманның эстетик. талғамын тәрбиелеуде елеулі рөл атқарады. Газет беттерінде қазақ ақын-жазушыларының өлең, жыр-дастандары, әңгіме, очерктері, роман, хикаяттарынан үзінділер байырғы мәдени қазынамыздың ел аузында жүрген асыл үлгілері, көне тарихымызға қатысты деректер, археол.- этнограф. мұралар, қазақ әдебиетінің өткені, бүгіні және болашағы жайлы әдеби-сын мақалалар басылады. Әлем классиктерінің үздік туындыларынан аудармалар жарияланады. Оқу-ағарту, білім-ғылым саласындағы көкейкесті мәселелерді сөз етеді. Кино, театр, сымбат, қол өнері тақырыптарын, т.б. жайларды көтереді.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 40 ЖЫЛДЫҒЫ АТЫНДАҒЫ СОВХОЗ – Ленин және Энгельс атынд. к/здардың негізінде 1961 ж. құрылып, 1997 ж. а. шар. оңтайластыруға байланысты таратылды. С/з негінен қой түлігін өсірумен, қосымша жылқы шар-мен шұғылданды. Жерінің жалпы ауд. – 186941 га, 1988 ж. дерек бойынша шар-та 5600 га дәнді дақыл алқабы, 42350 бас қой, 1011 жылқы, 1333 сиыр, маш.-трактор паркінде түрлі маркалы 120 трактор, 31 астық комбайны, 49 жүк автомашинасы болды. Әңгіме болып отырған ж-ы с/з 3988 мың теңгенің өнімін шығарыпты. Оның 70 пайызға жуығы мал шар-ның еншісіне тиесілі. С/здың орт-ғы Теректіде ОМ, бөл-шелері Айыр, Қызылшілік, Шөптікөл а-дарында сегізж-дық мект-тер, клубтар, мәд.-тұрм. мақсаттағы басқа да нысандар жұмыс істеді. С/зда Соц. Еңб. Ерлері – малшы Қ.Қойшыбаев, аға шопан Б.Шегебаев еңб. еткен. Мұнда Ленин орденді малшы-механизаторлар І.Қожабаев, А.Әбділдин, К.Мәдиев жұм. істеді.

ҚАЗАҚ ТІЛІ (төте: **قازاق ٴتىلى**, латын: **qazaq tili**) – Қазақстан Респ. мемл. тілі. Сонымен қатар, Ресей, Өзбекстан, Қытай, Моңғолия және т.б. елдерде тұратын қазақтардың ана тілі. Қ. т. түрік тілдерінің қыпшақ тобына, қыпшақ-ноғай тармағына жатады. Бұл тармақта, Қ. т-мен қатар қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдері бар. Бұларға қырғыз, татар, башқұрт, балқар, құмық, қарайым, қырымша (қырым татары) тілдері жақын. Қ. т. диалектілерге бөлінбейтіні ғыл. түрде дәлелденген. Байтақ қазақ даласының жергілікті халқы бір-бірін жақсы түсінеді. Кейбір ғал-дың ұшқары пікірінше қазақ тілі 3 диалектіге бөлінеді: солт.-шығ., оңт. және бат. (ұлттың үш жүзінің орналасқан аумағы бойынша). Бірақ, бұл пікір ешбір ғыл. тұжырымға негізделмеген. Ұлтымыздың жазуы бірнеше рет өзгеріске ұшырады. Қазақтардың арғы бабалары – түріктер орта ғғ-да руно (Орхон-Енисей) жазуын қолданса, халқымыз Ислам

дінін қабылдағаннан бастап 1929 ж. дейін араб қаріптерін пайдаланды. XX ғ. басында А.Байтұрсынұлының ұсынысымен қазақ фонетикасының ерекшеліктері ескеріліп, араб графикасына негізделген «төте жазу» қолданысқа енді. Қытайдағы қазақтар қазірге дейін осы жазу үлгісін пайдаланады. Араб қарпінен «Ислам иісін» сезіп, «пантүркизм» қауіпін аңдаған кеңес билігі оны қолдануға тыйым салып, қазақтар 1929-40 жж арасында латын графикасымен жазып-сызуға мәжбүр болды. Кейін бұл қаріпке де тыйым салынып, 1940 ж. бастап кирилл әліпбиі қолданысқа енгізілді. Әйткенмен, кеңестік идеологияны шекара сыртындағы қандастарға жеткізу үшін «төте жазу» тәсілімен шетел қазақтарына арналған басылым жарық көрді. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін әліпбиді өзгерту мәселесі бірнеше рет көтерілді. Сөйтіп, 2025 ж-дан Қ. т-нің латын графикасына ауысуы жобалануда. Түркие мен Бат. елдердегі қазақтар латын қарпіне негізделген әртүрлі әліпбиді пайдаланады. 2000 ж-дан бастап төте жазуды қолдаушылар тобы да жұмыс істейді. Олар А.Байтұрсынұлы дыбыс жүйесін қолданады. Оны енгізумен мемл. емес, жекеменшік орталық айналысады.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖОҢҒАР ШАПҚЫНШЫЛЫҒЫНА ҚАРСЫ АЗАТТЫҚ КҮРЕСІ – жоңғар басқыншыларының шабуылы салдарынан қазақтардың басына түскен аса ауыр жағдай оларды күш біріктіруге мәжбүр етті. Азаттыққа қол жеткізу үшін бір тудың астына бірігу қажеттігін үш жүздің өкілдері түгел түсінді. Жауға соққы беруді ұйымдастыру жөнінде бастама көтерген 1710 ж. өткен Қарақұм құрылтайында Қанжығалы Бөгенбай батыр. Осы жиында Қаздауысты Қазыбектің ұсынысымен Кіші жүздің ханы Әбілқайыр бүкіл қазақ жасағының сардарлығына сайланды. Ол 1723 ж. 20 мың жауынгері бар жасақты бастап, жоңғарлардың қандас одақтасы Еділ бойындағы қалмақтарға қарсы бірнеше жеңісті жорық жасады. Елдің бат. бетін біршама қауіпсіз еткен ол жасағын бастап Сырдария бойына қарай бет алды. 1724 ж. көктемінде Қазақ хандығының астанасы Түркістанға жетіп, оны тікелей шабуылмен азат етті. Әбілқайыр қ-ны бір ж. қолында ұстап тұрды. Бірақ, жаудың еселенген күшінің тегеурінді қысымымен Түркістанды және сол аймақтағы басқа да қ-ларды тастап шықты. 1725 ж. құрамында 50 мың жауынгері бар бірлескен қазақ-қарақалпақ әскерінің қолбасшысы болды. Сөйтіп жоңғарларға қарсы бірнеше сәтті жорық жасады. Осы кезде оның ұйымдастырушылық таланты, ірі әскери қолбасшы ретіндегі қабілеті, жеке өз басының қаһарман ерлігі танылды. Жауға неғұрлым жылдам әрі күйрете соққы беру қажеттігі бүкіл қазақтың күш-жігерін біріктіруді талап етті. Осы мақсатпен 1726 ж. күзде Ордабасы тауында (қазіргі Шымкент қ-ның бат-ында) Бүкілқазақ Құрылтайы өтті. Оған қазақтың үш жүзінің хан-сұлтандары, билері, батырлары келді. Қазақ халқының ең таңдаулы өкілдері бас қосқан бұл жиында жауға күйрете соққы беру, орталықтандырылған күшті басшылықты ұйымдастыру мәселесін талқылады. Қазақтар осы Ордабасыда бір-біріне адал болуға, жауға қарсы аянбай соғысуға ант берісті. Құрылтайға қатысушылардың бірауыздан ұйғаруымен Кіші жүз ханы Әбілқайыр қайтадан бүкілқазақтық жасақтың бас қолбасшысы болып сайланды. Үш жүздің біріккен әскерінің бас сардарбегі болып Қанжығалы Бөгенбай батыр бекітілді. Ордабасы Құрылтайының шешімдері қазақ халқының жоңғар басқыншылығына қарсы азаттық күресінде өте маңызды рөл атқарды. Қазақ қоғамының бүкіл күш-жігерін нақты іс жүзінде біріктіру қолға алынды. Әрбір ру-тайпа дербес жауынгерлік жасақ құрып, бүкілқазақтық үлкен әскери қолға күш қосуды қасиетті міндет деп білді. Басқыншы жауға қарсы күреске бүкіл қазақ халқы көтерілді. Ірі-ірі әскери жасақтарды Әбілмәмбет, Барақ, Сәмеке, Әбілқайыр, Сұлтанбет сияқты хандар мен сұлтандар, Шыңғысханның басқа да көптеген ұрпақтары басқарды. Кейінгі зерттеулер нәтижесіне зер салсақ, жоңғар басқыншыларына қарсы азаттық соғысының негізгі ауыртпалығы Орта жүздің ру-тайпаларына түсті. Өйткені, Ұлы жүздің елі мен жерінің көп бөлігі жау табанында қалды. Кіші жүз жоңғар жолынан біраз тысқары жатты. Жас сұлтан Абылайдың беделі тап осы кезеңде көтерілді. Ол кейін Орта жүздің және бүкіл қазақтың аса құрметті, беделді де айбынды ханына айналды. Азаттық күресіне идеялық басшылық жасауды негізінен Орта жүздің бас биі Қаздауысты Қазыбек өз міндетіне алды. Басқыншыларға қарсы қарулы қарсылықты ұйымдастыруда қазақтың әр түрлі рулары мен тайпаларынан шыққан Қанжығалы Бөгенбай, Қаракерей Қабанбай, Шапырашты Наурызбай, Райымбек, Жасыбай,

Есет, Малайсары, Баян, Олжабай, Қожаберген, Түгел, Бөлек, Шақантай, Қошқарбай, Байболат сияқты басқа да көптеген батырлар маңызды рөл атқарды. Батырлар жеке дербес жасақтарды басқарды және оларды қанды шайқасқа, ерен ерлік көрсете отырып, тікелей бастап кірді. Олар бас қолбасшы Әбілқайыр хан мен бас сардар Бөгенбай батырдың жалпы басшылығымен, қатаң жауынгерлік тәртіпті сақтай отырып, үйлесімді ұрыс қимылдарын жүргізді. Жоңғар басқыншыларына қарсы шайқасқа қазақтың қыздары да белсене қатысты. Атап айтқанда, Абылай сұлтанның қызы Айтолқын, Бұланбай батырдың қызы Айбике және басқалары жаумен қаһармандықпен шайқасты. Қабанбай батырдың жары Гауһар батыр барлаушылар жасағын басқарды. Ол барлық ірі шайқастарға да қатысты. Кейінірек бірнеше баланың анасы, бәйбіше болғанда соғысқа үлкен қызы Назымды жібереді. Қазақ ауыз әдебиетінде Гауһар батыр айтыпты деген мынадай сөз сақталған: «Атаңның ұлы болып тума, еліңнің ері болып ту». Жоңғар шапқыншылығына қарсы азаттық күресінің интернационалдық сипаты болды. Онда ортақ жауға қарсы қазақтарға тілі, діні, ділі, дәстүрі мен мәд-і жағынан туыс қарақалпақтар мен қырғыздар жоңғарларға қарсы аянбай соғысты. Сұрапыл шапқыншылықтың алғашқы кезеңінде қатыгездік қырғынға ұшыраған, қамсыздығынан жеңіліске ұшыраған қазақ халқы ұнжырғасын түсірген жоқ. Олар басқыншыларды туған жерден айдап шығып, жеңіске жетеміз деген рухы мен ерік-жігерін сақтай білді. Қазақтар жаппай ерлік көрсетіп, қаһармандық танытуы, елдің ар-намысы жолында өздерін құрбандыққа шалуға дейін баруы арқасында қатыгез жаудың ойранды әрекеттеріне төзіп, төтеп беріп қана қойған жоқ, жоңғар басқыншыларын тас-талқан етіп жеңіп шықты. Ол кезең «Қазақ батырлығының алтын ғасыры» деп аталуы тегін емес. Ерекше атап айтуға тұрарлық жағдай – қазақ батырлары басқыншыларға қарсы кең-байтақ Қазақстан аумағының барлық жерінде бірдей шайқасты. Ұлы Отан соғысы барысында қазақ халқы жүзге, тайпаға және ру-руға бөлінуді ұмытты, жауға қарсы жұмылған жұдырықтай ауызбірлік танытты. Қазақтың атақты жырауының бірі Тәтіқара бір қысылтаяң сәт туғанда үш жүздің батырлары ұйымшылдықпен әрекет етуі үшін оларды былай деп ерлікке шақырады: «Қамыстың басы – майда, түбі – сайда,/ Жәнібек Шақшақұлы – болат найза./ Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,/ Ер жігіттің ерлігі осындайда./ Бөкейді айт Сағыр менен Дулаттағы,/ Деріпсәлі, Маңдайды айт Қыпшақтағы,/ Өзге батыр қайтса да, бір қайтпайтын/ Сары менен Баянды айт Уақтағы./ Ағашта биікті айтсаң, қарағайды айт,/ Жігіттік, ерлікті айтсаң, Бөгенбайды айт./ Найзасының ұшына жау мінгізген/ Еменәлі Керейде ер Жабайды айт». Қазақ батырларының ерен ерлігін біздің заманымызға дейін өз шығ-лары арқылы жеткізген жырау-ақындар Үмбетей, Ақтамберді, Тәтіқара, Қожаберген, Бұқар, Көтеш және басқалар. Олардың көпшілігі сұрапыл соғысты көздерімен көрген куәлар ғана емес, сонымен қатар, ерлікпен шайқасқа түскен жалынды жаужүрек жауынгерлер де еді. Жоңғар хандығына қарсы ұзаққа созылған күресте 1728 ж. Ұлытаудағы Бұланты өз. бойында, Қарасиыр деген жерде қазақ жасақтары тұңғыш рет ірі жеңіске жетті. Бұл шайқасқа қазақтармен қатар қырғыздар да белсене қатысты. Біріккен күштер құрамындағы жауынгердің жалпы саны 60 мың адамға жеткен еді. Қанды шайқас болған жердің аты кейін «Қалмаққырылған» деген тарихи атаумен қазақ халқының есінде мәңгі сақталып қалды. Сол шайқаста жоңғардың он мыңға жуық жауынгері қаза тапты. Бұланты өз. бойындағы жеңістің баға жетпес зор маңызы болды. Ол Қазақ жауынгерлерінің моральдық рухын әлдеқайда күшейтті. Жоңғарлардың жер қайысқан қалың қолы жеңілуді білмейді деген жалған аңыздың күлін көкке ұшырды. Оның есесіне қазақ жауынгерлерін жігерлендіре түсті. Бұланты шайқасындағы жеңіс жалпы халықтың жүрекжарды қуанышына ұласты, қаһарлы жауға қарсы күресте бүкіл халықтың күш-жігерін бұрынғыдан да біріктіріп, нығайта беруге деген ұмтылысына тың серпін берді. Қазақ жауынгерлерінің Бұланты өз. бойындағы жеңісінің стратегиялық маңызы да зор болды. Ол алдағы Аңырақай шайқасында жауға есінен тандыра, ойсырата соққы берудің сенімді кепіліне айналды. Қазақ халқының жоңғарларға қарсы азаттық күресі барысындағы өте елеулі оқиға – Аңырақай шайқасы. Бұл шайқас 1730 ж. көктемде Балқаш к-нің оңт.-бат. жағындағы Итішпес Алакөл деген жерде болды. Шайқасқа Кіші жүз ханы, біріккен қазақ қолының бас қолбасшысы Әбілқайыр тікелей басшылық етті.

Оған үш жүздің бүкіл ру-тайпалары жасақтарымен қатысты. Аңырақай шайқасы дәстүрлі жекпе-жек ұрыспен басталды. Оған жоңғар жағынан әскербасы Шарыш, қазақтар жағынан жас батыр Сабалақ (кейін Абылай хан атанған Әбілмансұрдың лақап аты) шықты. Сабалақ қарсыласына «Абылай! Абылай!» деген жауынгерлік ұранмен атой сала ұмтылды. Жекпе-жекте қазақ батыры жеңіп шықты. Бұл қазақ жауынгерлерін рухтандырып, соғысқа құлшындырды. Жоңғарлардың берекесі қашып, қатты абыржыды. Рухы түскен жау майдан даласын тастап қашуға асықты. Осы жекпе-жек шайқастан кейін Сабалақ Абылай атанып кетті. Аңырақай шайқасында қазақтар жоңғарларға естерінен тандыра күшті соққы берді. Шайқас даласында жоңғарлардың есеңгіреген, жеңіліске ұшырап, аңырап қалған жері уақыт өте келе Аңырақай деп аталып кетті. Үш жүздің хан-сұлтандары алтыбақан алауыздықты қойып, күш біріктіру арқасында қаһарлы жауға қарсы жұмыла күресіп, тамаша жеңіске жетті. Бұл жеңіс үш жүздің күш-жігер біріктіруінің әбден қисынды әрі заңды нәтижесі болды. Ғ-дан астам уақытқа созылған қазақ – жоңғар соғысында түбірлі өзгеріс жасалды, енді біржола түбегейлі жеңіске жететін күн де жақын қалды. Жоңғарлар алды-артына қарамай, қазақтардан тартып алған жерлерді тастай қашты. Олар бұдан былай қазақ жеріне шапқыншылық жасамауға ант ішті. Қазақ жасақтары кезекті тамаша жеңіске жеткеніне қарамастан, жау әлі күшті һәм өте қауіпті еді. Сондықтан, бүкіл қазақ халқының ұзақ уақыт бойы жоңғарларға қарсы жанқиярлықпен күрес жүргізе беруіне тура келді. Аңырақай шайқасынан кейін басқыншы жауды түбегейлі жеңуге тура жол ашылған болатын. Бірақ, осы кезде Қазақ Ордасының мәртебелі тағында отырған Болат хан кенет қайтыс болды. Ұлы хан тағынан үміткерлер арасында талас басталды. Бүкіл қазақтың Ұлы ханы болудан Кіші жүз билеушісі Әбілқайыр мен Орта жүз ханы Сәмеке дәмелі еді. Бірақ, қазақ ақсүйектерінің көпшілігі ең жоғары лауазымды бұл орынға іс жүзінде ешқандай айтулы қызметімен көзге түспеген Әбілмәмбетті сайлауды лайық деп тапты. Өйткені, аймақтардың билеушілеріне Орталық өкімет басында күшті тұлға отырғаны қажетсіз болды. Қазақтың біріккен әскери күштерінің бас қолбасшысы Әбілқайыр мен халқы мол, ықпалды Сәмеке хан ақсүйектердің шешіміне наразы болғандықтан, әлі соғыс қимылдары жүріп жатқан аумақтан әскерлерін алып кетті. Жеке бастары қорланды деп санаған олар бетін Қазақстанның Ресей империясымен шекаралас жақтарына – бірі солт-ке, бірі – солт.-бат-қа бұрды. Сөйтіп, зор қиындықпен жалпықазақтық әскери жасақ аяқ астынан ыдырап шыға келді. Қалыптасқан қиын жағдайдан шығудың ендігі жолын әр жүз өкілдері өздерінше жеке-жеке іздестіруге көшті. Ұлы жүз әлі де жоңғарларға әлі де бағынуға мәжбүр болды. Жауға ақ үйлі аманат беріп, жыл сайын алым-салық төлеп тұрды. Жоңғар шапқыншылығының зардабын бәрінен де көп тартқан Орта жүз жауға қарсы күресті одан әрі жалғастыра берді. Ал Кіші жүз үшін мүлде басқаша жағдай қалыптасты. Ол жан-жағындағы халықтардың қатерлі тығыз қоршауында қалды. Олар хиуалық өзбектер мен түрікмендер, Ресей айдап салған Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар еді. Өйткені, олардың әрқайсы көкпарға түскен қазақ жерінен қомақты үлес алып қалуға тырысты. Сонымен, XVIII ғ-дың екінші ширегі басталғанда қазақ халқы өз тарихындағы, азаттық пен бостандық жолындағы аса ауыр Ұлы Отан соғысын жүргізді. Империялардың түртпектеуімен бейбіт жатқан қазақ еліне басқыншылық жорық жасаған жоңғар мемл. осы соғыс әкелген саяси, экон. зардаптар әсерінен жойылып, тарих сахнасынан біржола кетсе, билеушілерінің алауыздығы салдарынан Қазақ ордасы бөлшектеніп, тәуелсіздігінен айрылып, екі ғ-дан астам уақыт орыстың отарлық езгісін бастан өткізуге мәжбүр болды.

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК (Қазыбек Келдібекұлы, 1667 – 1764, бұрынғы деректерде 1665 – 1765) – қазақ халқының XYII – XYIII ғ-ларда жасаған аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, үш ұлы бидің бірі. Орта жүз құрамына кіретін Арғын тайпасының Қаракесек руына кіретін Болатқожа атасынан шыққан. Арғы аталары Бұлбұл, Шаншар абыз, өз әкесі Келдібек есімдері елге белгілі ел басшысы, әділ би болған адамдар. Қ.Қ-тің алған білімі, оқыған орындары туралы нақты дерек жоқ. Дегенмен, ел аузындағы әңгіме-аңыздар, соңында мұра боп қалғаншешендік сөздер ол өз заманында білімді де жетелі, халықтың салт-дәстүрі мен ауыз әдебиетін, рәсімдері мен ата жолы заңдарын мейлінше мол меңгерген, озық

ойлы, әділ де көреген, алғыр, батыл да батыр адам болғанын айқын аңғартады. Осындай үздік қасиеттері үшін Тәуке хан Қ.Қ-ті Орта жүздің бас биі етіп белгілейді. Қ.Қ. әз Тәукенің тұсында хан кеңесінің белді де беделді мүшесі болса, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай хандар ел билеген тұста мемлекет басқару ісіне тікелей араласып, ішкі-сыртқы саясатта хандарға ақыл-кеңестер беріп, ықпал жасап отырған. Қ.Қ-тің жастық шағы мен бүкіл өмірі қазақ елінің өз ішінде рулық-тайпалық алауыздықтар мен хандық билікке талас барынша өрістеген, ашкөз көршілердің жерімізге көз алартуы жиілеп, жоңғар шапқыншылығы үдей түскен кезге тап келді. Ел аузындағы аңыз-әңгімелерге қарағанда, әз Тәукенің белгілі би-батырлары бастаған елшілігіне атқосшы болып алғаш рет қалмақ қонтайшысы Цэван-Рабданға барғанда 14 жаста екен. Қылышынан қан тамған қаһарлы жоңғар билеушісінің алдында қазақ билері жасқаншақтық танытып, күмілжіп қалған сөтте жасөспірім атқосшы: «Дат, тақсыр!» – деп, жұлқынып алға шығады да: «Біз, қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, – найзасына жылқының қылын таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса – құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса – күң боламын деп тумайды, ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз. Сен темір болсаң, мен – көмір, еріткелі келгенмін, қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенмін. Танымайтын жат елге танысқалы келгенмін, жаңа үйреткен жас тұлпар, жарысқалы келгенмін, танысуға көнбесең, шабысқалы келгенмін. Сен қабылан болсаң, мен – арыстан, алысқалы келгенмін. Тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенмін. Бітім берсең, дұрыс жөніңді айт, бермесең – тұрысатын жеріңді айт!» деген дүр. Бозбаланың осы сөздерінен бас алыспақ батырлықты да, ынтымаққа шақырған ізгілікті де аңғарған жоңғар қонтайшысы әділдікке жығылып, өжеттігі мен шешендігіне риза болып, елшілердің бүкіл талабын орындаған екен. Қ.Қ. бұдан кейін де қалмақ еліне екі рет елшілікке барып, ел намысына дақ түсірмей, көздеген мақсатын орындап қайтқан. Әз Тәуке хан тұсында қабылданған Дала конституциясы – «Жеті жарғыны» әзірлеуге белсене қатысқан Қ.Қ. ел ішінде әдет-ғұрып нормалары, жер-су, қоныс, жайылым мөлшерлері ретке келуіне, құн төлеу, кек алу, жер мен жесір дауы шешімін табуына, ағайын-туыс пен рулар арасындағы дау-дамайға, ұрлық-қарлыққа тыйым салынуына үлес қосты. Ел бірлігі, мемлекет басқару, Отан қорғау, сыртқы жаулардың шабуылын тойтару, ұрпақ тәрбиесі, т.б. жағдайлардың тәртібі жаңаша белгіленді. 1718 ж. әз Тәуке қайтыс болғаннан кейін жоңғар шапқыншылығы өрши түсті. Төрт құбыла анталаған жау еді. Ресей империясы, Еділ қалмақтары, башқұрттар, қарақалпақтар, Хиуа, Бұхар хандықтары, қырғыздар қазақ даласын көкпар қылып тартуда еді. Қ.Қ. осы кезде Сәмеке, Әбілмәмбет хандардың, Барақ, Батыр, Абылай сұлтандардың арасын жарастыруға күш салды, оларды жауға қарсы күш біріктіріп, ынтымақтасуға шақырды. Ресей үкіметінің И.И.Неплюев, Д.Гладышев сияқты шенеуніктері арқылы орыс патшасымен бейбіт қарым-қатынас орнатуға ұмтылды.

1741 ж. ойраттың Сары-Манжы бастаған отыз мыңдық әскері Орта жүз иеліктеріне шабуыл жасап, Абылай сұлтан қолға түсіп қалғанда Қ.Қ. оны құтқару үшін қолдан келген барлық дипломатиялық айла-әрекеттердің бәрін жасаған. 1742 ж. ерте көктемде Абылайды босатып алуға Қалдан-Серенге Қ.Қ-тің өзі барады. Сөйтіп, жоңғар ханы келесі жылы Абылай ханды босатып, қазақтың Сыр бойындағы 33 қаласын Әбілмәмбет ханға қайтарып береді. «Өзіңізге дейінгі адамдардың ішінде қандай мықтыларды білесіз?» деген сауалға Абылай хан: «Екі адамға таң қалуға болады. Бірі – Уақ Дербісәлі батыр, екіншісі –Қаздауысты Қазыбек. Алғашқысы үйінде жатып қорқытып, қалмақтан жылқы алғызған. Қаздауысты Қазыбек қонтайшының алдына барып, тұтқынға түскен тоқсан туысын босатып алған» деп жауап қайтарыпты. Қ.Қ. кейін де орыс патшалығынан қол үзбейді. Сібір ген.-губернаторының міндетін атқарушы фон Фрауендорф Ресейдің сыртқы істер алқасына 1763 ж. 11наурызда «Орта жүздің төбе биі Қазыбек Ресейге жақсы ниетпен қарайды» деп мәлімдеген. Содан бір жыл бұрын Қ.Қ. Цин империясының елшілерін қабылдамай, сыйлықтарынан бас тартып, Абылай сұлтанға да Қатай боғдыханынан аулақ болуға кеңес

береді. Қ.Қ. соңында кейінгі ұрпаққа жарық жұлдыздай жол көрсетіп, жөн-жоба сілтейтін көптеген өнегелі сөз қалдырды. Қ.Қ. XYIII ғ-дың 30-40 ж-дарында Сыр бойынан Арқаға көшіп, әуелде Ұлытау, одан соң Қарқаралы өңірін қоныс қылған. Едірей тауын қыстап, жазда Семізбұғы, Шідертті бойын жайлаған. Қ.Қ-тен Қазымбет, Бекболат, Базаргелді, Барқы, Сырымбет есімді ұлдар және Маңқан деген қыз туады. Бидің ұрпақтары Бекболат – Тіленші – Алшынбай ата-баба жолын қуып,ел сөзін ұстаған парасатты да әділ қазылар атанған. Қ.Қ. 1764 ж. күздің соңы, қыстың бас кезінде Далба тауының ішіндегі Қарағайлыбұлақ деген жерде, 97 жасында қайтыс болған. Қарабас балуан орнатқан сөре тасқа кереге жайып, үстіне үй тігіп, қыс бойы сақталған бидің мәйітін Бекболат би ақ киіздің сыртынан былғарымен қаптатып, жыл шыға Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне апарып жерлеп, басына құлпытас орнатқан. Қ.Қ-тің қайраткерлік тұлғасы, шешендік өнері туралы А.И.Левшин, Ш.Уәлиханов, Ш.Маржани, Б.Адамбаев, Н.Төреқұлов, т.б. зерттеу еңбектер жазды. Жазушы С.Сматаевтың «Елім-ай» романында кемеңгер бидің келісті тұлғасы жасалды. Қарағанды қ-сындағы бір ауданға бидің есімі берілген. Егіндібұлақ а-ында ескерткіш орнатылды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК АЛАҢЫ – ұлы бидің ескерткіші қойылған, 1995 ж. сол кездегі ауд. орталығы Егіндібұлақ а-нда ашылды. Қазіргі Егіндібұлақ а. әкімшілігінің ғимараты алдындағы саябақтың оңт. бетіндегі Қ.Қ.а-на халық жыл сайын жиналып, ұлы бидің аруағына дұға бағышталады. Жиын бұдан әрі «Ауыл күні» мерекесіне жалғасады.

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК ЕСКЕРТКІШІ – қазіргі Қарқаралы ауданына қарасты Егіндібұлақ а-ында 1995 ж., бұрынғы мәлімет бойынша Ұлы бидің туғанына 330 ж. толуына байланысты ас беріліп, халықтың жинаған қаржысына Қ.Қ.е. қойылды. Оның табанына бидің мүрдесі жерленген Түркістандағы Қожа Ахмет Иасауи кесенесінен топырақ әкеліп салынды. Ескерткіштің авторы белгілі мүсінші Жаубасар Қалиев. Ол әзірше республика көлемінде Қаздауысты Қазыбекке қойылған ең сәтті ескерткіш. Қиырға жанарын тігіп, тас үстіне тізе бүккен ұлы бидің мүсінінен елінің болашағы үшін жаны қиналған күрескер тұлғаның бейнесін тануға болады.

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕККЕ БЕРІЛГЕН АС – кеңес дәуірінде жарық көрген «Қазақ совет энциклопедиясы» кітабындағы дерекке сай туғанына 330 ж. толуына байланысты 1995 ж. Қаздауысты Қазыбек қоныс еткен, ұрпақтары тұратын Қазыбек би (бұрынғы Егіндібұлақ) ауданының орталығы Егіндібұлақ а-ында ұлы биге ас беріліп, өнер мерекесі және ұлттық спорт түрлерінен жарыстар өтті.

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕКТІҢ СӨРЕТАСЫ – Орта жүздің төбе биі қайтыс болған жерде орнатылған жер тастар. Ұлы би 1764 ж. Шідерті өз. бойындағы жайлауынан Едірейдегі қыстауына көшіп бара жатқанда, Далба тауының оңт. етегіндегі күзеуінде, Қарағайлыбұлақ деген жерде 97 жасында дүние салады. Бұл күз тоқсанының соңы екен. Мәйітті қыс бойы сақтау үшін Қарабас (Қаракемпір) балуан төрт баған тас әкеліп орнатқан. Оның үстіне мүрде қоятын кереге төселіп, үй тігіледі. Жыл шыға Бекболат би әкесінің сүйегін қасиетті Түркістанға апарып, Ахмет Иасауи кесенесіне жерлейді. Қаздауысты Қазыбек – Әзірет сұлтан мавзолейінен орын бұйырған, қожа мен төре әулетіне жатпайтын бірден бір адам. Екі ғасырға жуық шашауы шықпай сақталған төрт тастың біреуін 1946 ж. Қазақ КСР Жоғ. сотының қызметкері Н.Жаналин есімді азамат Алматыға алғызып, ҒА-ның мұражайына қойғызады. Жергілікті халық тағы бір тасты тың көтеру ж-дары осы маңайда құрылған с/зға қоныс аударып келгендер диірмен жасауға немесе құрылыс іргетасын салуға пайдаланған болар деп топшылайды. Қалған екі тас екі жарым ғ-дан астам уақыт бойы тұрған орнынан мызғыған жоқ. Ұлы бидің ұрпақтары 2000 ж-ы осы екі тастың жанына ескерткіш тақта орнатып, қоршау тұрғызды. Қаздауысты Қазыбек биге дұға бағышталып, ас берді. С-ты тарихи-мәдени мұра ретінде мемл. қамқорлығына алу – жерг. билік алдында тұрған кезек күттірмейтін міндеттердің бірі.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАЗЫБЕК БИ АТЫНДАҒЫ АУДАН – Қарағанды қ-ның құрамындағы аудан (бұрынғы Совет ауданы). 1969 ж. құрылған. 1997 ж. қаланың Ленин ауданы қосылды. 2001 ж.

«Қазыбек би атындағы аудан» аты берілді. Ауданның аумағы 13 мың га (2005). Халқының жалпы саны—241 мың адам (2005). Ауданда 16 жоғары оқу орны (4 мемлекеттік: ҚарМУ, ҚарМТУ, ҚарММУ, ҚР ІІМ Заң ин-ты), 19 колледж, 41 орта мектеп, 31 мектеп жасына дейінгілер мекемесі, 42 денсаулық сақтау мекемесі (16 аурухана, 3 емхана, 4 ОДА), 21 мәдени мекеме (3 театр, Мәдениет сарайы, 2 мұражай, 4 кітапхана, зообақ, цирк және т.б.), көптеген сауда нысандары мен тамақтандыру орындары бар. Өнеркәсіп негізін 18 ірі негізгі мекеме құрайды. Экономиканың өндіріс секторы Қарағанды қ-сы бойынша барлық өнімнің 70%-ын шығарады. Ауданда негізгі тамақ өнімін өндіретін 15 ірі а.ш. кәсіпорны орналасқан: ұн, нан және макарон өнімдері, маргарин мен майонез, конфет, сыра, шарап, сүт, шұжық және балық өнімдері, тауық еті («Қарағанды-Нан» ЖШС, «Қарағанды конфеттері» ААҚ, маргарин з-ты, «Эфес» сыра з-ты және т.б.). Кен жабдықтарын, бақылау-өлшеуіш құралдарын шығаруға мамандандырылған, көлік құрылысы және электр жабдығын өндіретін 6 ірі (Қарағанды құю-механикалық, кен-көлік жабдықтарын жөндеу, энергия, №1 машина жасау з-ттары және т.б.) және орта мекемелер орналасқан. 4 ірі энерго, газ, сумен қамту мекемелері қаланың басты қызмет көрсетушілері. Құрылыс индустриясы бетон, темірбетонды өнімдер, шлакоблок материалдары, кірпіш, зауыты материалдардан есік-терезелер мен құбырлар өндіреді. Ауданда қаржы секторына республика банктерінің 15 филиалы (Ұлттық Банк, ТұранӘлемБанк, «Қазкоммерцбанк», Нұрбанк, Альфа Банк, Альянс-Банк, Каспий Банкі, БанкЦентрКредит, Темірбанк, Цесна Банк, т.б.) қызмет көрсетеді. Сондай-ақ, қаржылық қызметпен 92 ұйым айналысады. Көлік және байланысты 2 ірі, 13 орта, 202 шағын мекеме жүзеге асырады. Шағын және орта кәсіп нысандарының саны—12413. Онда 32,1 мың адам жұмыспен қамтылған, бұл ауданның экономикалық белсенді тұрғындарының 20,5%-ын құрайды. Олар жалпы өнімнің 35%-ын шығарады (2006).

ҚАЗЫБЕК БИ АУДАНЫ – 1928-1997 жж Қарағанды обл. құрамында болған а. шар-лық ауданы. Әуелде Қу ауд. (1963 ж. таратылған), 1965 ж-дан Егіндібұлақ, 1993 ж-дан Қ.б.ауд. атанды. Орталығы – Егіндібұлақ а. Құрамында 10 а. округі, 1 мамандандырылған шар-лық бірлестігі, 8 кеңшар болды. 1997 ж. Қарқаралы ауд-ына қосылды.

ҚАЗЫБЕК БИ КӨШЕСІ 1. Алматы қаласындағы орталық көшелердің (бұрынғы Совет көшесі) бірі; 2. Шымкент қаласындағы ең үлкен көшелердің бірі; 3. Оңтүстік Қазақстан облысының Арыс қ-сындағы орталық көшелердің бірі; 4. Егіндібұлақ аулындағы көше. Қаздауысты Қазыбек атындағы көше Қазақстанның көптеген елді мекендерінде бар, бірақ, Қарағанды мен Қарқаралы қ-ларында жоқ.

ҚАЗЫБЕК – Сарысу алабындағы өзен, Ұлытау ауд. жерімен ағады. Жалпы ұз. – 59 км (саласымен қосып есептегенде). Қ. Ұлытаудың солт.-шығ-ындағы Қазыбек тауының етегіндегі бұлақтардан басталып, Қаракеңгір өз. келіп құяды. Арнасы кең, жағасы тік жар. Үзіліссіз ағыны көктемде ғана, 10-15 күндей болады. Қар мол, жаңбырлы ж-дары одан сәл ұзақ уақытқа созылады. Жазда көпшілік жері құрғап қалып, үзік-үзік қарасуларға айналады. Суы шар. мұқтаждарына, негізінен мал суаруға пайдаланылады.

ҚАЗЫБЕК – тау, Сарыарқаның бат. бөлігінде, Ұлытау ауд. жерінде орналасқан. Ұлытау а-ның солт.-шығ-да, 25 км жерде. Бат-тан шығ-қа қарай 7-8 км-ге тіркесе созылып жатқан бірнеше төбеден тұрады, ені – 2-3 км. Абс. биіктігі – 885 м. Архей және протерезойдың метаморфтанған, дислокацияға ұшыраған жыныстарынан түзілген. Беткейлері сай-жыралармен тілімденген. Қызылқоңыр топырағында жусан, бетеге, тобылғы, т.б. дала өсімдіктері мен бұталар өседі. Қ. тауының түстік баурайындағы бұлақ көздерінен Қазыбек өз. бастау алады. Тарихи деректер жоңғар шапқыншылығы кезінде Сыр бойынан ауа көшкен елдің ұлыс биі Қаздауысты Қазыбек осы тауды біраз уақыт мекен қылып, Алаш баласын шетел басқыншыларына қарсы күресуге шақырып, дүбірлі жиын өткізген екен. Сондықтан, тау ұлы бидің есімін иеленіпті. Әзірет сұлтан кесенесіндегі жазбалардың бірінде Қаздауысты Қазыбектің Ұлытауды қоныс қылғаны айтылады.

«ҚАЗЫҚ МАЙЛАУ» – дәстүрлі рәсім. Сауын малдың төлі байланатын арқанды (құлын мен бұзау байланатын арқан – «желі», қозы мен лақ байланатын арқан «көген») керіп тұратын қазық көктемде алғаш қағылғанда, «мал сүтті, ақ мол, халық тоқ болсын» деген ниетпен

арқанға айран құйып, қазығын, төл ноқтасы мен бұршағын майлайды. Ақсақалдар бата береді. Басқа малға қатысты «Қ. м.» деп аталатын бұл дәстүрді жылқылы ел «бие бау» деп те айта береді.

ҚАЗЫМБЕТ – Қаздауысты Қазыбектің бәйбішесінен туған төрт ұлдың үлкені. Ұлы бидің ұрпақтарынан өсіп-өнгені де осы Қ. атаның балалары. Соған орай ел билеген шонжарлар да, халық арасына ілім-білім таратқан ағартушылар да, ақын мен әнші өнерпаздар да, кеңес дәуірінен бергі дәуірде ғылыми атақ-дәреже иеленгендер де осы Қ. тармағының ұл-қыздары. Қ-тің бәйбішесінен Анай, Қанай, Жанай, Атымбай, екінші әйелінен Қараұзақ, Сарыұзақ, Жанұзақ, тоқалынан Құлтеке тарайды. Кейбір шежірелерде оның Есіркеп деген киімшең баласы болғаны айтылады. Қу – Балқантау өңірінде негізінен Қ-тің бәйбішесінен туған ұрпақтары тұрады. Ата жөнін білемін дейтін кейбір қарттар жоңғар шапқыншылығы кезінде Сыр бойындағы елдің біразы Арқаға ауа көшсе, біршамасы Қызылқұмды бойлап барып жан сақтаған, сірә, кейбір туыстар сол оңт. өңірлерде қалса керек деп болжайды. Ел жақсыларын сынап-мінеуде алдына жан салмаған әйгілі Шөже ақын: «Қазымбеттің баласы – Қанай, Жанай,/ Үлкені Анай болғанда, кенже – Атымбай./ Қараұзақ пен Жанұзақ – қарақалпақ,/ Құлтекесін айтамын әлдеқалай», – деп қағытқанына қарағанда (өлеңнің өзіміз естіген нұсқасы), қандас ағайынның біразы оңт. өңірлерде ғұмыр кешіп жатуы бек мүмкін.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАЙШЫБАЕВА Гүлназ Смағұлқызы (10.12.1963, Қарағанды қ.) – дәрігер, ғалым, мед. ғыл. кандидаты (2003), 2013 ж-дан бері «С.Қайшыбаев атынд. неврология ин-ы» ҒПО дир-ы. 1987 ж. Алматы мемл. мед. ин-ының емдеу ф-ін бітіріп, 1988 ж. Талдықорған обл. клиникалық ауруханасында невропатология мамандығы бойынша мамандану интернатурасынан өтіп, 1991, 1997, 1999, 2002, 2005, 2006 және 2008 жж біліктілігін жетілдірді. 1988-2003 жж невропатолог дәрігер, инерефлексотерапевт болса, 2000-10 жж С.Д.Асфендияров атынд. Қазақ Ұлттық мед. ун-інде аға лаборант, ассистент қызм. атқара жүріп, 2006-09 жж соның аспирантурасында оқыды. 2010-13 жж Алматы мемл. дәрігерлер біліктілігін жетілдіру ин-ы неврология кафед-сында доцент, 2013 ж. бері кафед. меңг-сі (2014 ж. ин. ун-ке айналды). Қ. 90-ға жуық ғыл. мақаланың, монографияның, оқу-әдіст. құралдар мен дәрігерлерге арналған әдіст. нұсқаулардың авторы. Емдеудің дәстүрлі емес тәсілдері мен электрофизиологиялық зерттеу әдісін меңгерген. Неврологтар лигасы мен Бүкіләлемдік неврология федерациясының (WFN) мүшесі.

ҚАЙШЫБАЕВ Нұрлан Смағұлұлы (20.09.1961, Қарағанды – 17.06.2013, Маңғыстау обл./ Алматыда жерленді) – дәрігер, ғалым, мед. ғыл. докторы (2003), проф., ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі. 1984 ж. АММИ-ды (қазіргі С.Асфендияров атынд. мемл. мед. ун-і) үздік тәмамдап, 1984-85 жж. Алматы обл. клиникалық ауруханада интернатурадан, 1988 ж. Алматы мемл. дәрігерлер біліктілігін жетілдіру ин-ында невропатология бойынша алғашқы мамандануdан өтті. 1985-88 жж Алматы қ. мед. жедел жәрдем, Қазақ КСР Министрлер кеңесі аурух-ларында дәрігер-невропатолог, 1988-90 жж Алматы мемл. мед. ин-ында кіші ғыл. қызметкер. 1992-2002 жж Алматы қ. орт., 2002-04 жж №1 клиникалық аурух-ларда неврология бөл-шелерінің меңг-сі, 2004-05 жж «КазТрансОйл» АҚ «Алтынбұлақ» шипажайының дир-ы (Сарыағаш қ.), 2005-06 жж Алматы қ. №1 клиникалық аурух. неврология бөл-шесінің меңг-сі, 2006-07 жж «Окси» шипажайының бас дәрігері (Сарыағаш қ.), 2007-10 жж С.Д.Асфендияров атынд. ҚазҰМУ жүйке аурулары кафед-ның меңг-сі және проф. (2004-07 жж ОҚО мемл. мед. акад-ның жүйке аурулары, нейрохирургия, психатрия, нашақорлық және мед. психология кафед-ның доценті болды), 2010 ж-дан Алматы мемл. дәрігерлер білімін жетілдіру ин-ы неврология кафед-ның меңг-сі қызм. атқарды. Респ. неврологтар лигасының төрағасы, Бүкіләлем. неврологтар федерациясының (WFN) мүшесі, ҚР денсаулық сақтау ісінің үздігі атанды. Қ. талантты тәлімгер-ұстаз, 90-нен астым ғыл. еңб-тің, оқу құралдары мен әдіст. нұсқаулардың авторы еді. Неврология саласында ғыл.-зерттеу және кеңес беру қызм. атқарды. «Смағұл Қайшыбаев атындағы неврология институты» ғыл.-тәжірибелік орт-на жетекшілік етіп, үш ж. қатарынан неврологияның өзекті тақырыптары бойынша конференция ұйымдастырды. Елдегі нейросауықтыру мәселелерін зерттеп,

дайындап, саланың негізін қалады. «Нейропатикалық аурулар мектебі», «Инсультпен ауырған науқастардың туыстарына арналған мектеп», «Миастения мектебін» құрып, ин. қызм-лері респ. бойынша тақырыптық шеберлік дәрістерін, семинар-тренингтер, дөңгелек үстелдер өткізді.

ҚАЙШЫБАЕВ Смағұл (9.10.1935, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі – 8.06.2007, Алматы) – мед. ғыл. докторы, профессор, «КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі» (1971), С.Ж.Асфендияров атынд. Қазақ Ұлттық мед. ун-і жүйке аурулары кафед-ның Құрметті меңгерушісі. 1952 ж. Егіндібұлақ а. мект.-ин-ын, 1958 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ның емдеу ф-ін бітірді. 1958-66 жж Қазақ еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар ғыл.-зерттеу ин-ның кіші ғыл. қызметкері. 1966 ж. «Жұлын ауруларында қан мен ми жұлын сұйығындағы белоктар құрамының өзгерістері жөнінде кейбір деректер» тақырыбына мед. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 1966-71 жж Қазақ еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар ғыл.-зерттеу ин-ында жүйке аурулары бөл-сінің меңг-сі, Кәсіби аурулар респ. диспансерінің бас дәрігері, клиника бөл-нің меңг-сі. 1971-72 жж Қазақ еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар ғыл.-зерттеу ин-ның клиника бөл-де аға ғыл. қызм. 1972-75 жж Қазақ өлкелік патология ғыл.-зерттеу ин-ының кәсіби аурулар бөл-де неврология бөл-ше меңг-сі. 1974 ж. «Тау-кен өндірісі жұмыскерлерінде болатын діріл ауруындағы вегетативті – қан тамырлар және нейрогуморалдық бұзылымдар» тақырыбына мед. ғыл. докторы ғыл. дәрежесін алу үшін диссертация қорғады. 1975 ж. Қазақ өлкелік патология ғыл.-зерттеу ин-ында кәсіби аурулар бөл-нің меңг-сі. 1975-77 жж Қазақ өлкелік патология ғыл.-зерттеу ин-ы дир-ының ғыл. жұм. бойынша ор-ы. 1977-2001 жж Алматы мемл. мед. ин-ында жүйке аурулары кафед-ның меңг-сі және Қазақстан респ-ның штаттан тыс бас невропатологы, Қазақстан невропатологтары ғыл. қоғамының төрағасы. 1980 ж. Жүйке аурулары кафед-ның проф-ы. 1985 ж. Алматы мемл. мед. ин-ында клиникалық жұм. бойынша проректор. 1985-86 жж Алматы мед. ин-ында емдеу ф-інің деканы. 1991 ж. ТМД невропатологтары ғыл. қоғамдары ассоциациясының басқарма мүшесі. 1993-2005 жж «Жүйке аурулары, нейрохирургия және психиатрия» мамандықтары бойынша канд. және докторлық диссертациялар қорғайтын ғыл. кеңес төрағасы. Оның жетекшілігімен 52 канд-тық және 17 докторлық диссертация қорғалды. Қ. 250 ғыл. еңбектің, 7 монографияның, ондаған оқулықтың авторы, 5 өнертапқыштық патенттің иегері. 1996 ж. Қазақстан профилактикалық мед. акад-ның толық мүшесі. 1997-99 жж ҚР көрнекті ғалымдарына арналған мемл. стипендия иегері. 2000 ж. Қарағанды мемл. мед. акад-ның Құрметті проф-ы. 2001-05 жж С.Ж.Асфендияров атынд. Қазақ ұлттық ун-і жүйке аурулары кафед-ның проф-ы. 2004 ж. С.Ж.Асфендияров атынд. қазақ ұлттық мед. ун-і жүйке аурулары кафед-ның Құрметті меңг-сі. Қ. КСРО-ның және ҚР-ның көптеген мемл. наградаларын иеленген.

ҚАЙЫРБЕКОВ Серік Қарпышұлы (1.12.1948, Қу ауд., Теректі а. – 10.08.2011, Астана қ.) – экон., парт., мемл. қызметкері. 1966 ж. Егіндібұлақ а. ОМ-ті, 1970 ж. Қазақ халық шар. ин-ының (Алматы) экон. ф-ін бітірді. Сол ж-ы Егіндібұлақ ауд-на қарасты Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/здың бас есепшісінің ор-ы лауазымында еңб-ке араласты. 1971-81 жж ол аталған шар-та бас экон., 1981-85 жж «Қоянды» с/зында баст. парт. к-інің хатшысы, 1985-92 жж Егіндібұлақ ауд. парт. к-і а. шар. және ұйымд. бөл-дерінің меңг-сі қызм. атқарды. 1992-97 жж Егіндібұлақ (кейінгі Қазыбек би) ауд. әкімінің, 1997-2001 жж Қарқаралы ауд. әкімінің экон. жөніндегі ор-ы, 2001-02 жж ҚР Қаржы мин-інде бөл., 2002-11 жж Көлік және коммун. мин. «Ақпараттық-таныстыру орталығы» РМКК экон. жоспарлау басқ-ның бастығы лауазымын иеленді. Қ. мемл. наградалармен марапатталған.

ҚАЛАШБАЕВ Нәсен Сағымбайұлы (1928., Қу ауд., Бастал а. –) – агроном, а. ш. озық ұйымдастырушы. ҰОС кезінде, 13 жасынан к/з жұмысына араласқан. 1947 ж. ОМ бітіріп, Қазақ мемл. а. ш. ин-ның агрономия факультетін тәмамдаған Қ. 1951 ж. Қоңырат (қазіргі Ақтоғай) ауд. а. ш. инспек-да, 1953-58 жж Қоңырат МТС-ында бас агроном болды. 1958 ж. Қу (кейінгі Егіндібұлақ) ауд. келіп, Абай атынд. с/зында бас агроном, 1960 ж. ауд. а. ш. инспек-ның бастығы қызм. атқарды. 1962 ж жаңадан ұйымдасқан «Доғалаң» с/зына дир-р, 1976-80 жж Егіндібұлақ ауд. а. ш. басқ-на бастық болып тағайындалды. 1980-91 жж астық

қабылдау кәсіпорнын басқарды. Ел эконом. көтерудегі ұзақ жылғы табысты еңбегіне орай Еңбек Қызыл Ту, екі мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

ҚАЛДЫБАЙ Бөбекұлы, Қалдыбай қожа (1784/5, Қу – Балқантау өңірі – XIX ғ. 70 жж, сонда) – суырып салма ақын. Алшынбайдың дәуірінде өмір сүрген Қ. ақынның шығ-ғы да көпшілік жағдайда өзі панасында болған бидің іс-әрекетіне, ру басылар, ел басқарған шонжарлар арасындағы қақтығыстарға құрылған. М.Әуезов, С.Мұқанов, т.б. зерттеушілер Қ. ақынның айтқыштығын, би-болыстардың елге жағымсыз кейбір қылықтарын бетке басатын сыншы-турашылдығын жоғары бағалайды. Сондай-ақ, оның өлеңдеріне тұрмыстық мәселелер арқау болған. Айтыс өркендеген дәуірде жасаған Қ-дың бірнеше ақынмен сөз қақтығысы сақталған.

ҚАЛИЕВ Жаубасар Иғламбекұлы (1948) – суретші-мүсінші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі. 1970 ж. Алматы қ. Н.В.Гоголь атынд. өнер уч-сін, одан кейін Санкт-Петербургтегі И.Е.Репин атынд. өнер академиясын бітірген. Обл., респ., халықар. деңгейде өткен көрмелердің бірнеше дүркін жүлдегері. Ұлы би Қаздауысты Қазыбектің Егіндібұлақ а-ндағы мүсіні (1995), Күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлының Қарағандыдағы «Сарыарқа» әуежайына қойылған бейнесі (1998), Мәди Бәпиұлының Қарқаралыдағы мүсіні (2007), т. б. көптеген ескерткіштер суретші-мүсінші Қ-тың шебер қолынан шыққан туындылар.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАНАФИН Ізмұхаммед (Зкен) (25.03.1936., Қу ауд. Бастал а.) – әуесқой өнерпаз, комсомол, партия қызметкері. 1955 ж. ОМ бітіріп, Қарқаралы зооветеринарлық техникумға түсті (Кейін Е.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың тарих факультетін тәмамдаған). 1958 ж. әскерден кейін Қу ауд. қарасты Сталин атынд. к/зға келіп, еңб. араласты. 1959 ж. Қу ауд. автобазасында диспетчер, кейін пайдалану бөл-нің бастығы, 1964-65 жж «Қаратау» с/зында есепші әрі комсомол ұйымының хатшысы, одан соң ауд. комсомол ком-ті ұйымдастыру бөл-нің басшысы, ауд. партком I хатшысының көмекшісі, аупарткомның үгіт-насихат бөл-нің меңгерушісі, 1972 ж-дан ауаткомге қарасты мәд. Бөл-нің, 1982 ж-дан мәд. бөл-і кәсіподақ ком-нің меңг-сі. 1992 ж-дан ауд. зейнетақы төлеу қорының басшысы. Қ. мәд. бөлімін басқарған кезде а. көркемөнерпаздарынан құралған 45 адамдық оркестр Халықтық өнер ұжымы атағын жеңіп алды. Қ. өңірдің өнер, спорт, әлеуметтік мәселелері, экономика саласына қосқан өлшеусіз еңбегі үшін көптеген мемл. марапаттар мен сыйлықтарға ие болды.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

ҚАНИ Арман Бақтанұлы (22.02.1954, Павлодар қ./ Қу – Балқантау өңірінің тумасы) – ақын, Қазақстан шығ-шылық жастары «Жігер» фестивалының дипломанты (1983), «Жылдың үздік ақыны» (Павлодар, 2001), «Бір өлең – бір әлем» респ. мүшайрасының I орын иегері (Алматы, 2008), Павлодар обл. мен обл. радионың 70 ж. арналған «Туған жер – алтын діңгек» респ. мүшайрасының жеңімпазы (Павлодар, 2008), Қазақстан Жазушылар одағы Павлодар обл. филиалының жетекшісі. Қ. өзімен пікірлес жасөспірімдермен бірге «Жас ұлан» атты жасырын ұйым құрып, орыс отаршылдығына, кеңестік сыңаржақ саясатқа қарсы өлеңдер жазып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгені үшін бірнеше серігімен 1969 ж., Павлодар қ. №3 мект.-нт-тан һәм комсомол қатарынан шығарылып, МҚК (КГБ) қызм. ерекше бақылауында болды, «қан төгілмейтін» қуғынға ұшырады. Білім алу құқына қол сұғылып, сөз бостандығына шектеу қойылған кезеңде ол қара жұмыс істеуге мәжбүр болды. Азамат ретінде алға қойған мақсат-мұратын нақты іс-әрекеттері арқылы жүзеге асыруды көздеп, Қ. 1986 ж. павлодарлық бір топ серігімен Алматыдағы желтоқсаншы жастарды қолдауға әрекет жасады. 1989-90 жж «Невада – Семей» антиядролық қозғалысының, «Азат» саяси қозғалысы мен «Қазақ тілі» қоғ-ның Павлодар обл. бөл-лерін құруға күш салды. Жас кезінен «саяси сенімсіздер» санатында болған ол ОМ-ті де (1976), ЖОО да (Павлодар мемл. ун-нің филол. ф-ін, 1995) өз қатарласқарынан көп кейін, сырттай оқып тәмамдады. Қ. 1990 ж. басынан мерзімді ақпарат құралдарында қызм. атқаруда. Қазір халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Павлодар обл. бөл-нің «Ертіс дидары» газетінде редактор. Респ. әдеб. басылым беттерінде 1980 ж. бастап көрінген Қ-дың шығ-ғы жайлы қазақ поэзиясының көрнекті тұлғалары

Қ.Шаңғытбаев, Ж.Нәжімеденов оң лебіз білдірді. Тұңғыш жинағына Халық жазушысы М.Әлімбаев жақсы пікір жазып, сәт сапар тіледі. Алғашқы бір топ өлеңі жас ақындардың «Қарлығаш» ұжымдық жинағына (Алматы, 1984) енгізілсе, одан соң «Ар алдында» (Павлодар, 2001), «Қызыл түнектегі ақ бұрқақ», «Тамшылар» (Павлодар, 2004), «Шындықпен бетпе-бет» (Алматы, 2006), «Жұлдызды тұман» (Павлодар, 2008), т.б. жыр кітаптары жарық көрді.

ҚАППАСОВА Рымтай (22.04.1950, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – педагог, ҚР білім беру ісінің үздігі (1997). Н.Нұрмақов атынд. обл. мамандандырылған мек.ин-ы тарих пәні мұғ. 1976 ж. ҚарМУ-дың тарих ф-ін тарих және қоғамтану пәні мұғ. мамандығы бойынша аяқтаған. 1972 ж-дан Егіндібұлақ ауд. Арқалық ОМ тарих пәні мұғ., дир-дың оқу-тәрбие жұм. жөніндегі ор-ы, 1983-91 жж Қарағанды қ. №7 Жамбыл атынд. мект.-ин-ында тәрбиеші, тарих пәні мұғ. қызм. атқарды. 1991 ж-дан Н.Нұрмақов атынд. №2 ММИ тарих пәні мұғ., 1994 ж-дан Е.Тайлақов атынд. мұражай меңгерушісі. Мект. мұражай ісі жайлы «Мұражай – тәрбие өзегі» тақырыбында обл., респ. фестивальдарға қатысып, I дәрежелі дипломдармен марапатталды. «Нығметтану» бағдарламасы аясында «Н.Нұрмақов – аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері» атты оқу құралы жарыққа шықты (2005). Білім беру саласындағы ұзақ ж-ғы табысты еңб. үшін медальдармен, ҚР БҒМ Құрмет грамотасымен, сала басшылығы мен атқарушы органдардың мадақтамаларымен марапатталған.

ҚАРА – Қаракесек руының Түйте тармағынан өрбиді. XVII-XIX ғасырларда Қарқаралы дуанының орталық бөлігіндегі бірнеше болысқа жайыла қоныстанған Қ-лар – етекті ел. Одан «Абылайдың ақсұңқары» атанған әйгілі Сеңкібай мен Бесоба, Есен мен Жайлау батырлар, Мыңғыш, Шерубай, Мойнақ, Тезекбай, Оразғұл, Ақбай, Қызылбай сынды бай-бағлан, шешендер мен көсемдер, Алашорда үкіметінің мүшелері – қазақтың тұңғыш заң магистрі Жақып Ақбаев, математика профессоры Әлімхан Ермеков, дауылпаз ақын Қасым Аманжолов, т.б. тұлғалы ғалымдар, жақсы-жайсаңдар шыққан. Әйгілі Боқты көтерілісінің ұйтқысы болған да Қ-ның ұрпақтары.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАРАБАЛИН Серік (1950, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі) – дәрігер, ғалым – мед. ғыл. докторы, Калифорния мед. акад-сының академигі (АҚШ). Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ, Алматы мемл. мед. ин-ның санитария-гигиена және денсаулық сақтау ісін ұйымдастыру ф-ін, осы ЖОО қоғ-дық сырқаттар кафед-сының аспир-сында, Мәскеу мед. ун-нің докт-сында білімін жетілдірді. Отандық сангигиена саласын нығайту, кәсіптік аурулардың алдын алу, емдеу-сауықтыру бағыты бойынша ғыл. зерттеу жұм-тарымен шұғылданды. Ол С.Д.Асфендияров атынд. Қазақ Ұлттық мед. ун-інің проф-ы, отандық денс. сақтау жоғ. мект-нің оқу және ғыл. жұмыстар жөніндегі проректоры. 375 ғыл. еңб-тің (оның 31-і шетел басылымдарында жарияланды), 6 монографияның, 20-дан астам оқулықтың авторы. Қ. ғыл.-дәрігерлік қызм. және мед. кадрлар даярлаудағы табысы үшін РФ Мед. ғыл. акад-сының Гиппократ медалімен марапатталды (2016). Біршама мемл. наградалардың иесі.

ҚАРАБАТЫР (XVIII ғ.) – балуан, Қаракесектің Қаракемпір тармағынан шыққан алып күш иесі болған дүр. Ел аузынан жеткен дерек бойынша, Қаздауысты Қазыбек қайтыс болғанда, оның мәйітін қыс бойы сақтаған сөре тастарды Қ. көтеріп әкеп орнатқан екен.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАРАБИІК – Бауырлыөзек пен Балатүндік өз-інің аралығында тау. Географиялық орны – Егіндібұлақ а-ның солт-гінде, 35 км жерде орналасқан. Абсолюттік биіктігі – 476 м. Геологиялық құрылымы жағынан ордовик жыныстарынан түзілген. Беткейлері сай-жыралармен тілімденген. Қызғылт қоңыр топырағында дала мен тау өсімдіктері кездеседі. Солт. беткейлерінде бұта, оңт-нде шалғын өседі.

ҚАРАБҰЛАҚ – ауыл, Балқантау а. округының орталығы. Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты 1954 ж. құрылған «Комсомол» с/зының орт. елді мекені осы Қ. қонысына ірге тепті. Егіндібұлақ а-ның оңт.-бат-да, тас жолмен 35 км жерде орналасқан а-да ОМ, ФАП, Мәд. үйі, пошта бөл-сі, т.б. қоғ. мәд. орындар бар. Мұнда ? шар. қожалығы тіркелген. Тұрғындардың көпшілігі мал шар-мен айналысады. Кеңес дәуірінде мұнда өзге

жұрт өкілдері басым тұрған еді. Одақ құрамында болған респ-лар дербес отау тігіп кеткен кезде, басқа халықтардың көпшілігі тарихи отандарына оралып, а-ға жерг. халық өкілдері көбірек шоғырланды.-

ҚАРАҒАН (***Caragana***) – бұршақтар тұқымдасына жататын бұта (ағаш). Шығ. Еуропа мен Азияның далалық, шөлді және таулы аймақтарында (4000 м биіктікке дейін) кездесетін 80-ге жуық түрі белгілі. Қу – Балқантау өңірінің өз. алқаптарында, сирек орманды тау беткейлері мен далада, сай-жыралардағы тоғайда, тастақты жерлерінде өсетін бірнеше түрі өседі. Қ. – топырақ талғамайды, құрғақшылыққа, суыққа төзімді өсімдік. Жиі кездесетіні сары Қ. (C. arborescens) мен бұта Қ-ның (C. frutex) биіктігі 0,5-2 м. Жапырағы қос қауырсын тәрізді, оның сағағы тікенекті болып біткен. Гүлі бір-бірден шоқтанып, гүл сағағында, жапырақ қолтығында орналасқан. Гүл тостағаншасы түтік пішіндес, қапшыққа ұқсайды. Гүлшоғыры сары, кейін қоңыр түсті болады. Жемісі – көп тұқымды бұршақ. Жапырағы мен тұқымында 20,8-35,3% протеин, 4,3-8,2% май, 12,5-16,3% клетчатка бар. Топырақты құнарландырады. Қ. сүрегінен құрсау жасайды, жіңішке жас бұтақтарынан себет тоқылады. Мал азықтық, шірнелі, әсемдік өсімдіктер. Сары Қ. – дәрілік өсімдік, оның қайнатылған тұнбасын бас, бауыр ауырғанда, атеросклерозда, гиповитаминоз кезінде ішеді. Ал жапырағынан қайнатылған тұнбаның бактерияны жоятын қасиеті бар.

ҚАРАКЕМПІР – Бауыр Бошан ішіндегі бір қауым елдің атауы. Қазақтың ауызша тарихы бойынша, Қ. – Бұлбұл бабаның екі әйелінің үлкені. Азан шақырылып қойған есімі Рабиға болса керек. Қ. – лақап аты. 2011 ж. Павлодар қ-сынан шыққан шежіре бойынша Қ. анадан Тәңірберді, Қожамжар, Ағым, Кенже, Кетік, Кенжесағым тарайды. Бәйбішенің балалары марқа туады да, дүниеге кенжелеп келген Құбакемпірдің балаларына (Алдияр, Күшік, Үсен, Шаншар, Құдайберлі) әлімжеттік жасай береді. Осыны байқап жүрген Қ. ұлдарын шақырып алып: – Құбакемпірдің балаларын ұрмаңдар, әсіресе, Шаншарға тиіспеңдер, – деп ескертеді екен. Анасының ақылын тыңдамай, ерегесе түскен ұлдары кіші әйелдің балаларын, әдейілеп Шаншарды көбірек ұрады екен. Сонда Қ. ана: – Айтқан тілді алмасаңдар, Шаншардың шылауында жүріңдер, – деп үкім кескен екен ұлдарына. Кейін бәйбішенің айтқаны келіп, Шаншар екі болыс (Айбике – Шаншар, Нұрбике – Шаншар) болғанда, Қ-дің ұрпағы соның ішіндегі бірер старшынға жеткен екен. Қ-ден Қарбатыр балуан, айыр көмей, жез таңдай Кемпірбай ақын, кеңес дәуірінде саяси қуғын-сүргін құрбанына айналған қоғ. қайраткері М.Ордабаев, партия-кеңес қызметкерлері А.Тойғанбаев, З.Іңкәрбаев, т.б. тұлғалар туды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАРАКЕСЕК – қазақтың Орта жүзінің Арғын тайпасы құрамындағы ру. Қазақ шежіресі бойынша Арғынның бес Мейрам бірлестігіне Қуандық, Сүйіндік, Бегендік, Шегендік, Қаракесек жатады. Қ. ішінара Болатқожа, Шұбыртпалы, Қамбар, Жалықбас болып жіктеледі. Кейде бұларды «Төрт Қаракесек» деп те атайды. Қ-тің таңбасы барлық Арғынға ортақ «Көз» таңба, ұраны—«Ақжол». Бірақ, бәйгеге шапқанда, намыс тартысқа түсетін басқа да жағдайларда «Қарқабат!» деп ұрандатады. Қаздауысты Қазыбек осы Қаракесек руының Болатқожа бұтағына жататын Ақшадан тарайды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

«ҚАРАКЕСЕК» – Мәдидің әні. Әннің әуені де, сөзі де автордың аса ауыр қасіретті бастан кешкенін паш етіп, шарпысқан сезімдер арпалысы үстінде туған ән екенін айғақтайды. Баяу басталып, бірте-бірте күшейіп, барынша зор, қуатты пафосқа ие болатын ән тыңдаушының төбе құйқасын шымырлатады. Сондықтан да Е.Брусиловский «Ер Тарғын» операсында Тарғынның ариясына Мәдидің осы «Қ.» әнін пайдаланған. Қазақ музыка өнерінің теориясы мен тарихын қалыптастырушы А.Жұбанов та: «Мәдидің «Қаракесегін» қазақ халқының гимні деп айтуға болады» деп, бұл әнге үлкен баға берген. Әнді кеңес дәуірінде классикалық деңгейге жеткізген К.Кенжетаев, Е.Серкебаев, А.Байтоғаев сияқты ұлы әншілермен қатар, қарағандылық О.Нүкетаев, Ғ.Мұхамедин, А.Бөдесов (марқұм), Ж.Кемалов, Е.Құжиманов, т.б. өнерпаздар келістіре шырқайды. «Қ-ті» өзіндік өрнекпен орындайтын Е.Төлеутаев 2005 ж. осы ән негізінде бейнебаян түсірді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАРАКӨЛ – ауыл. 1960 ж-дардың ортасынан «Комсомол» с/зының бөл-сі, 1976 ж-дан Егіндібұлақ ауд. мамандандырылған шар. бірлестігінің, 1986 ж-дан Қаракөл а. кеңесінің орталығы болды. Қу – Балқантау өңірінің орт. бөлігінде, Егіндібұлақ а-нан оңт-ке қарай 12 км жерде орналасқан. Қ. а-да баст. мект., клуб, кітапхана, т.б. мәд.-қоғ. көпшілік орындар бар. Қ. а. жанынан Қарағанды – Егіндібұлақ автодаңғылы өтеді.

ҚАРАКӨЛ – Қаракөл а. округі аумағындағы тұйық көл. Жағалауы тұрақсыз. Көлемі мен тереңдігі қар және жаңбыр суының түсуіне орай өзгеріп тұрады. Суы сілтілі, дәмі кермек. Жыл құстары мекендейді. Жайылмасына шыққан шалғын шабындық және мал жайылымы ретінде пайдаланылады.

ҚАРАҚОЙТАС – тау. Егіндібұлақ а-ның оңт.-шығ-да, 75 км жерде, Тоқтысу өз-нің оң жағалауында орналасқан. Қ-қа солт.-шығ-тан Үлкен Сырымбет тауы түйіседі. Қ. солт.-бат-тан оңт.-шығ-қа қарай 16-17 км-ге созылып жатыр, ені 3-4 км-ге жетеді. Абс. биікт. 1082 м. Девон жыныстарынан түзілген. Беткейлері жыра-сайлармен тілімделген. Қызғылт сары топырағында жусан, селеу, бетеге, боз өседі. Қ-тың солт. бөлігінің бат. және шығ. беткейлерінің етегінде қараған, тобылғы, т.б. бұталар ұшырасады.

ҚАРАҚҰЛОВА Рымжан (1936, ...) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. 1960 ж. Қарағанды пед.ин-ның химия-биол. және ауылшар. ф-ін бітіріп, маман жетіспеуіне орай, Шарықты а. кеңесінің Шөптікөл а-ындағы сегізж-дық мект. 1970 ж. дейін орыс тілі және әдеб. пәнінен сабақ берді. 1970-72 жж Егіндібұлақ а. №1 ОМ хим.-биол. пәндері мұғ. болды. 1972 ж. осы мек-тен сегізж-дық орыс мект. бөлінген кезде, сонда ауысып, хим.-биол. пәндері маманы лауазымында қызм. жасады. 1978-91 жж кешкі және сырттай білім беру мект-де сабақ берді. Қ. бірнеше мемл. марапат иесі.

«ҚАРАҚҰМ КЕҢЕСІ» (Қарақұм құрылтайы) – 1710 ж. қазақтың үш жүзінің өкілдері жоңғар басқыншылығына қарсы күрес ұйымдастыру мақсатымен шақырылған жиын. Ол Арал т-нің солт-ндегі Қарақұм алқабында өткендіктен солай аталды. Бұл бас қосуға Қазақ Ордасының билеушісі әз-Тәуке хан мұрындық болды. Ол қазақ тайпалары мен руларын, олар шығаратын жасақтарды басқаруды құрылымдық тұрғыдан қайта ұйымдастырудың жоспарын ұсынды. Қазақтарды жеке-жеке ұлыстарға ыдыратып, әрқайсы дербес хан болуға ұмтылған биліккұмар сұлтандардың сепаратистік пиғылын шектеп, үш жүзді ықпалды билер арқылы басқаруға ұмтылды. Жиынға қатысушылар бірден ортақ мәмілеге келе алған жоқ. Жоңғардың қарулы күші арқылы хан тағына отыруға ниеттенген кейбір сұлтандар жауға бодан болуды ұсынса, бақай есепті көздеген кейбіреулері аңысын аңду пиғылын ұстанды. Дегенмен, Қанжығалы Бөгенбай батыр бастаған топ «Қ. к-не» қатысушы көпшілікті басқыншы жауға қарсы күресуге, елдің намасы мен бостандығын қорғауға көндірді. «Қ. к-нде» қазақтың біріккен жасағына сұлтандар арасынан жоғарғы қолбасшы – сардар сайлау мәселесі көтерілді. Бүкіл қазақ қолына сардар болу болашақта Қазақ ордасының алтын тағына апаратын тура жол еді. Сондықтан, әуелде жоғары бас қолбасшы болудан үміткерлер көп болды. Ұзақ тартыстан кейін екі сұлтан – Қайып пен Әбілқайыр қалды. Олардың жауынгерлік қабілетін, сарбаздар алдындағы беделі мен ықпалын, тапқырлығы мен әдіс-айласын сараптай келе Қаздауысты Қазыбек сардарлыққа Әбілқайыр сұлтанды ұсынды. Жауға әскерді тікелей бастап шығатын ту ұстаушы қолбасшы болып Қанжығалы Бөгенбай батыр сайланды.

ҚАРАҚҰС немесе ақиық (лат. ***Aquila heliaca***) – бүркіт тұқымдасына жататын сұңқар тәрізді құс. Қазақстанның биік таулары мен ағашы және суы тапшы шөлді жерлерінен басқа барлық аймақтарында кең тараған. Әсіресе, жазықтар мен тау бөктерлеріндегі аудандарда ұшырасады. Мекені – шоғырлы және шағын қарағайлы ормандар, сексеуілді шөлейттер, өз. арналары бойындағы тоғайлар мен далалы жерлердегі ашық алаңдар. Қ. қанатының ұзындығы 54-62 см, салм. 2,5-3,0 кг болатын ірі құс. Сыртқы пішіні бүркітке ұқсас, реңі қарақоңыр, көзі сарғыш, не ашық қоңыр, тұмсығындағы балсірісі мен аяқтары сары түсті. Ерекшелігі – иығында ақ дағы болады және ересек құстардың басы сарғыш-қоңыр келеді. Аналығы аталығына қарағанда үлкен. Ұшуы жай, қанаттарын сирек қағып, қалықтап ұшады. Ұшып жүргенде жалпақ қанатының ұшындағы қауырсындары саусақ тәрізді тарамдалып

көрінеді. Өте көп ағаш бұтақтарынан тұратын үлкен ұяны ағаш басына, бұталардың үстіне, сирек жағдайда ашық жерлер мен электр желісі тартылған бағаналарға, аталығы мен аналығы бірігіп салады. Қорегі – майда сүтқоректілер (саршұнақтар, құмтышқандары, құм қояны, т.б.), құстар (тауықтәрізділер, үйректер, балшықшылар, шағалалар мен қарқылдақтар, ақтұмсық қарғалар мен ұзақтар, т.б.). Сондай-ақ, тасбақа, жылан, кесіртке тәрізді қосмекенді һәм бауырымен жорғалаушылар, саяқ шегірткелер және өлекселер оған азық бола береді. Қ. – жыл құсы. Респ-да, сондай-ақ Қу – Балқантау өңірінде наурыздың ортасынан қарашаның басына дейін кездеседі. Сәуірде ұясына 1-3 секпілді жұмыртқа салып, оларды 1,5 айдай қоразы мен мекиені кезектесіп шайқайды. 2,5 айдан соң балапандарын қанатына қондырып, ұядан ұшырады. Африка мен Оңт. Азияда қыстайды. Уақыт өткен сайын саны азаюына байланысты сирек кездесетін болды. Сондықтан, Қ. қорғауға алынып, Қазақстанның «Қызыл кітабына» енгізілген (1996).

ҚАРА ЛӘЙЛЕК – сидамсиракқтылар отрядына жататын құс. Дене тұрқы 100 см-дей, қанатының ұз. 52-59, құлашы 200 см-ге жуық, салм. 3-4 кг. Сирақтары, тұмсығы, көзінің айналасындағы жалаңаш терісі қызғылт келеді. Түсі – жасыл қара, бауыры – ақ. Мойнын созып, сирақтарын жинамай ұшады. Мекиені жартасқа салған, биіктігі 40 см-дей ұясын бірнеше ж. бойы пайдаланады. Шілік-талдан құрастырып, түбіне тал төсеген ұясына 2-5 жұмыртқа салып, 35 тәулік басады. Қосмекенділермен, балықпен, су жәндіктерімен, ұсақ сүт қоректілермен қоректенеді. Ұясын тау өз-дерінің аңғарларына, шатқалдарға салады. Қ. л. Қу тауында кездеседі. Кезінде КСРО «Қызыл кітабына» енгізілген құс қазір ҚР-ның «Қызыл кітабынан» орын алған.

ҚАРАМЕНДЕ би Шақаұлы (1709/1720, Сырдария өз. бойы – 1776/1818, Сарыарқа, қазір. Ақтоғай ауд. өңірі) – Тобықтының Дадан тармағынан шыққан атақты би, шешен. Жасынан Әнет баба, Кеңгірбай билер төңірегінде болып, кеңестерге көп қатысып, ел сөзін ұстау, даудамай шешу жөнінде тәлім-тәрбие алған. Жоңғар шапқыншылығына ұшыраған Орта жүз қазақтарын XVIII ғ-дың 40-50 жж Арқа даласына, Алтайға қайта қоныстандыру ісіне көп еңбек сіңірген. Тобықтының біраз бөлігін Балқаш к-нің солт. бетіне, Ақтоғай өңіріне бастап келді. Халық Қ-нің үш қасиетін, яки қызметін ерекше бөліп атайды: біріншісі, 1741-43 жж Абылай сұлтан қалмақ қонтайшысы Қалдан-Серенде тұтқында болғанда, сұлтанды құтқарып алуға еңбек сіңірген; екіншісі, Қаздауысты Қазыбекпен бірге бірнеше билікке қатысып, «қанға – қан» принципінің орнына құн төлеткізуді орнықтыруға күш салған; үшіншісі, алыстан ойлайтын көреген көсемдігінің арқасында көзі тірісінде-ақ әулие атанып, ел құрметіне бөленген. Әлтеке Жидебай батыр Қ-ні «Қара пірім» деп сыйлап, алқалап өткен. Абай да әкесі Құнанбайдан естіген Қ. бидің шешендік, даналық сөздерін көкейіне түйіп өскен. Қ. бидің соңында:

«Елі көшсе, бел жетім,
Үйрек-қаз кетсе, көл жетім,
Ері жоқ ел жетім,
Елі жоқ ер жетім,
Жоқтаусыз кетсе, қыз жетім,
Жасы жеткен қарт жетім,
Парықсыз болса, сөз жетім»,
«Адамзат баласы төрт нәрседен үмітті:
Жас өсемін деп үмітті,
Жалғыз көбейемін деп үмітті,
Жарлы байимын деп үмітті,
Ауру жазыламын деп үмітті.

Бір-ақ нәрседе үміт жоқ. Ол – көктемі мен жазы өтіп, жапырағы қураған ағаштай, ұрты солып, жағы суалған кәріліктен ғана үміті жоқ екен», – деген тәрізді көптеген ғибратты сөздер қалған. Бидің зираты Ақтоғай а-нан 5-6 шақырым жерде, Ақтас өз-нің Тоқырауынға құятын тұсында орналасқан.

ҚАРАӨТКЕЛ – қазіргі ел ордасы Астана қ орналасқан жердің байырғы атауы. Дауылпаз әнші-композитор Мәди әйгілі «Қаракесек» әнінде «Міндім де қаракөкті жылыстадым,/ Бардым да Қараөткелге жыл қыстадым...» дегенде осы өңірде айдауда болған кезін еске алады. Сарыарқа қазақтары Есіл өз-нің қазіргі Астана қ-сы орналасқан, қыстаудан жайлауға, жайлаудан қыстауға көшкен ел малын айдап аттылы-жаяу кешіп өте беретін таяздау тұсын ежелден Қ. деп атаған. Сірә, су табанындағы қара топырақтың түсіне бола айтылса керек. Ақмола атауы Астананың түстік бетінде, қозы көш жердегі Тайтөбеге XI-XIV ғғ ақ балшықтан қалап тұрғызылған бейітке байланысты пайда болған. Қазақ даласын отарлау мақсатымен Ресей империясы XIX ғ-да әр өңірде бекіністер тұрғыза бастады. 1832 ж. негізі қаланған бекініске Ақмола атауы берілсе де, жергілікті халық Қ. деген атты қатар пайдаланған. Бұл туралы жазушы І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының «Қаһар» кітабында Кенесары хан орыс отарлығына қарсы ұлт азаттығы көтерілісін Қ. бекінісін алудан бастайтыны айтылады. Отты қару күшімен Ресей Ақмола бекінісін қайта қалпына келтіріп, 1862 ж. қ. мәртебесін береді. Бір ж-дан соң округ орталығына айналған ол 1868 ж. уезд орталығы болды. Кеңес дәуірінде де атауы тұрақтамай, Ақмола, Целиноград болып құбылған көне Қ. қазіргі таңда тәуелсіз Қазақ елінің Астанасы.

ҚАРАСАРТОВ Дәурен Абзалұлы (30.11.1946, Теміртау қ.) – инженер-механик. ОМ, 1972 ж. Қазақ а. шар. ин-ын инж-механик мамандығы бойынша бітірді. 1963 ж. механизатор-комбайнер мамандығын меңгеріп, «Комсомол» с/зының науқандық жұм-тарына белсене араласты. Трактористер бригадирі, жүргізуші, техник-механик, МТС меңг-сі болып еңб. етті. 1973 ж. «Қоянды» с/зында бас инж., 1975 ж-дан «Қазауылшартехника» бірлестігі Егіндібұлақ ауд. бөл-нің басқарушысы, 1977 ж-дан Қазақстанның 40 жылдығы атынд. с/здың дир-ы, 1985 ж. обл. а. шар. басқ-ның механизация бөл-і бастығының ор-ы, 1986 ж. агроөнеркәсіп кешені ұйымд.-техн. бөл-нің бастығы, осы ж-ы Қарқаралы ауд., «Киргизия» с/зының дир-ы лауазымына тағайындалды. 1991 ж-дан «Қазагроөнеркәсіптехника» обл. бірл-нің төрағасы, 1993 ж-дан Қарағанды обл. әкімінің ор-ы, 1996 ж-дан обл. Жер к-інің төрағасы қызм. атқарып, зейнеткерлікке шықты. Қ. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Нәзипа АСҚАР

ҚАРАСОР – Егіндібұлақ а-ның оңт.-бат-да, Қоянды а. округінде орналасқан, Қарағанды обл-ндағы ең ірі көл. Аумағы шамамен – 155 шаршы км, суының көлемі – 160 текше км, су жинау алабы – 8750 шаршы км. Қ-дың ең терең жері – 2,5 м, орташа тереңдігі 1,1 м. К-дің ұз-ғы – 43,5 км, ені – 7,3 км, жағалау ұз-ғы – 103 км. 621,5 м биікте орналасқан. Оған 14 өз. құяды. Солардың ең үлкендері Талды, Қарасу, Есенаман, Барақ, Кемер. Қалғандары жазда құрғап қалатын шағын өз-дер. Қ. к-і суының негізгі бөлігін еріген қар құрайды. Қ. қарашаның ортасында қатып, сәуір-мамыр айларында ериді. К. ойпатта орналасқан. Жағалаулары әр түрлі: топырақты, жазық және жарлауытты, олардың биіктігі 1-2 м, жайпақ жағасы – құмды, сазды, жарлауытты, жартасты, оның биіктігі кей жерлерінде 25 м дейін жетеді. Жағалаудан Қ-дың су деңгейі бұрын бұдан да жоғары болғанын байқауға болады. Ертеде к-дің көлемі 740 шаршы км, тереңдігі 22-25 м болып, Нұра өз-не құйған деген болжамды растай түседі. Жағалауының жер бедері ойлы-қырлы. Алабының көп жерінде бетеге, жусан өседі, қараған да кездеседі. К-дің Аралтөбе және Жұмыртқалы аралдарында үйрек ұя салады. Қ-дың шығ. жағы тайыз. Бат. жағы терең. Жылдық өзгеру шегі 0,5 м. Суының минералдылығы өте жоғары, ол әр кезде бір литрінде 40-75 гр дейін өзгеріп тұрады. Суы өте кермекті, аздап сілтілі. 1,5-1,8 м тереңдікте суы мөлдір көрінеді, түсі – жасыл, түбіне дейін жылиды. Көлдің шығ-нан өз-дер құйғанымен, қуаңшылық ж-дары тұздылы ерекше байқалады. Қ. суы химиялық құрамы жағынан хлорид класына, натрий тобына жатады. Қоры 5-7 млн т. К. суында йод, фтор, борм және бор көп, ал мырыш, мыс және марганец өте аз. К. түбі шығ-тан бат-қа қарай еңіс. К-де екі арал бар, оның бірі бат-ында да, екіншісі шығ-ында. К. ойысы терең, лайлы. Оның үстіңгі қабаты қара түсті, құрамы – күкірт сутекті. Қалыңдығы 10-15, кей жерінде 25-30 см, төменгі жағының лайы

созылмалы, жабысқақ. Лай қабаттары былай орналасқан: біріншісі – шығ. жағындағы Есенаман және Борақ өз. аралығында, екіншісі – солт. жағасын бойлап, ені бір км дейін, одан әрі к-дің бат-нан ортасына дейін созылады, осы жерде к-дің ең тар мойны бар. Қ-дың қара және сұр түсті минералды лайының емдік қасиеті бар. Лайдың гранулометриялық құрамы көп өзгеріске түскен. Олардың негізін өте ұсақ түсті фракция құрайды, оның мөлшері 77% шамасында. Лайдың күкіртті сутегінің мөлшері бір кг-да 3 гр. Емдік лайдың жалпы қоры 1,3 млн т. Қ. лайымен жүйке, бүйрек, асқазан ауруларын емдейді.

ҚАРАСУ – өз. Қу – Балқантау өңірі арқылы ағып өтеді. Желтау тауының оңт. беткейлерінен басталып, солт-тен оңт-ке қарай бет түзеп, Қарасор к-іне құяды. Ұз. – 60 км, су жинайтын алабы – 200 шаршы км. Қуаңшылық ж-дары жаз ортасында және қатқан кезде қара суларға бөлініп қалады. Жағасы жайпақ, кей жерлерінде құрақ пен қияқ өседі. Негізінен қар және жаңбыр суымен толығады. Мұзы қарашаның басында қатып, сәуірде ериді. Қыста түбіне шейін қатады. Суы сортаңды, бірақ, малдың ішуіне жарамды. Алқабы шүйгінді жайылым. --

ҚАРАТАЕВА (Мергенбаева) Гүлжазира Мергенбайқызы (10.05.1944, Павлодар обл., Лебяжье ауд., Қорт а./ Едірейдің тумасы) – агроном, а. шар. ардагері. Тың игеру ж-дары алғашқы механизатор қыздардың қатарынан табылып, еңб-те үлкен табыстарға жеткен Қ. Бүкілодақтық халық шар-ғы жетістіктері көрмесіне (Мәскеу) Павлодар обл-нан делегат болып қатысты. Көптеген мемл. марапаттар иеленген.

ҚАРАТАУ – 1) Еуразияның түркі тілдес халықтар қоныстанған аймақтарындағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Алатаумен салыстырғанда Қ-да жаз айларында қар жамылғысы болмайды, сондықтан осылай аталады. Қ-дан шағын өз. бастау алып, тау алды жазықтарында құмға сіңіп кетеді. Мұндай таулардың беткейлері тасты, қорымды келеді. Қ. атауы Орт. Азияда, Оңт. Оралда, т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркие, Иран, Шыңжаң-Ұйғыр аутономиялық ауданы, Қырым, Кавказ, т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қ. жотасы деген атау Оңт. Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда обл. аумағында, Қ. таулары Маңғыстауда, Кетпен (Ұзынқора) жотасында да кездеседі. Қ. атауы – қазақ халқының тарихымен, ұлттық болмысымен біте қайнасып кеткен ономастикалық нысан, халқымыздың баспанасы, қарашаңырағы іспеттес рәмізге ие. 1721-23 жж «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» тауқыметін суреттейтін, сол сұрапыл заманда қазақ жұрты үшін ұлттық гимнге айналған «Елім-ай» әні мен дастанындағы «Қаратаудың басынан көш келеді...» деп жырланатын мәртебелі тау – осы. Осы қысталаң кезеңде Қ. асып Сарыарқа даласына жеткен жұрттың қатарында ата-бабаларымыз қазіргі құт мекен Қу – Балқантау өңіріне келіп қоныстанды. «Басында Нұх пайғамбардың кемесі қалған» Қазығұрт тауы да – Қ. жотасының бір сілемі: 2) Қу – Балқантау өңірінің оңт. бөлігінде, Егіндібұлақ а-ның оңт.-шығ-да 25 км жерде орналасқан. Солт-тен оңт-ке 9-10 км-ге созылып, ені 2-2,5 км-ге жетеді. Ең биік жері 1102 м. Девон жыныстарынан түзілген. Шығ. беткейлері тік біткен. Оңт. пен оңт.-шығ-та түпкі жыныстары шығып жатады. Таудың күңгірт қызыл қоңыр топырағында жусан, селеу, сұлыбас өседі. Мұнда шырмауық, шилі-беткейлі тоғайлар да кездеседі. Шығ. беткейлердің етегінде тобылғы мен қараған қопалары бар.

«ҚАРАТАУ» СОВХОЗЫ – бұрынғы Қу (Егіндібұлақ, Қазыбек би) ауд. құрамында болған шар. Әкімш. бөліністің орт. бөлігінде орналасты. Қазақстанның 30 ж-дығы атынд. к/з бен мемл. жер қорының негізінде 1961 ж. ұйымдастырылған. Орт. елді мекені – Өсібай а. С/здың маманданған бағыты: қой, жылқы және сүтті сиыр. Жерінің жалпы ауд. 187052 га. Оның басым бөлігі жайылымдар мен шабындықтар. 1988 ж. деректерде с/здың 8400 га дәнді дақыл алқабы, 40100 бас қойы, 1221 жылқысы және 717 бас сиыры болғаны көрініс табады. Шар-тың маш.-трактор паркінде түрлі маркалы 104 трактор, 36 астық комбайны, 39 жүк автомобилі болды. Осы ж-ы ұжым 3393 мың сомның (рубль) а. шар. өнімін шығарды. С/зға қарасты Өсібай, Ақшоқы, Бастал, Доғалаң, Көлбасы а-дарында 5 мектеп, клубтар, балабақша, пошта, байланыс тораптары жұмыс істеді. Шар. шопаны З.Бәкенов Еңбек Даңқы орденінің толық иегері болды. С/зды әр ж-дары Ә.Ыдырысов, Х.Ақынов, М.Мұздыбаев, Қ.Ешманов сияқты азаматтар басқарды.

ҚАРАҮҢГІР – Едірей тауының орталық бөлігінде, жартаста орналасқан табиғи қуыс. Тереңдігі 10 – 12, ені 4 – 5, биіктігі 3 – 4 метр. Бозбала шағында осы үңгірге Мәди дос-құрдастарымен келіп, сауық құрған екен деген әңгіме бар. Сондықтан, кейде оны «Мәдидің қараүңгірі» деп те атайды.

ҚАРЖАН Жанкелді Аманкелдіұлы (10.04.1989, Егіндібұлақ а.) – журналист, ҚР Журналистер одағының мүшесі (2017). 2006 ж. дарынды балаларға арналған обл., Н.Нұрмақов атынд. №2 мект.-инт-ты, 2010 ж. Е.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інің журналистика бөл-ін тәмамдады. 2008-10 жж обл. «Орталық Қазақстан», 2010-13 жж респ. «Халық сөзі», 2013-15 жж «Алаш айнасы» газеттерінде тілші, 2015-16 жж ҚР Қазақ күресі федерациясы мен «Қазақстан Барысы» қазақ күресін дамыту қорының баспасөз хатшысы қызм. атқарды. Қазір «ӨзенМұнайГаз» АҚ (Маңғыстау обл.) баспасөз саласының редакторы. Қ. түрлі әлеум.-саяси және спорт тақырыбында жазылған мақалалар мен саяси сұхбаттардың авторы.

ҚАРЖАНОВ Байзрахман (5.05.1927, Қу бол. – 10.04.1994, Егіндібұлақ а.) – музыкант, көркемөнерпаздар тобының белсенді мүшесі, еңб. ардагері. Егіндібұлақ а. ОМ, 1944 ж. Қарағанды обл. кинофикация курсын жылжымалы аппаратураның II дәрежелі киномех-гі мамандығы бойынша тәмамдап, зейнеткерлікке шыққанша Егіндібұлақ а-дағы «Шұғыла» кинотеатрында еңб. етті. Сонымен бірге, ауд. Мәд. үйінің көркемөнерпаз тобына жетекшілік жасады. Өз кезеңінде үздік баяншылардың бірі болды. Қ. мемл. наградалармен марапатталған.

ҚАРҚАБАТ – қазақ шежіресі бойынша Болатқожаның анасы. Кейбір аңыздарда (мыс., Мәшһүр Жүсіптің шежіресінде) ол Мейрамсопының бәйбішесі Нұрфаяға күтуші ретінде берілген, жаугершілік заманда Алшынның қолына түскен тұтқын қыз. Қожалар шежіресін құрастырған жазушы, тарихшы Кәмел Жүністің ұсынған дерегі бойынша Қ-тың тегі қожа, ұлы Мұхаммед пайғамбар нәсілінен. Алтайда «Қ.» топонимі сақталуына және тұтас бір рудың ұранына айналуына қарағанда ол өз дәуірінің үлкен тұлғасы болғаны хақ. Қ. жайлы ертеден сақталған аңыз дастандар да, кейінгі заман ақын-жазушыларының қаламынан туған деректі һәм көркем шығармалар да көп. Соның бірі – белгілі ақын, көрнекті жазушы Софы (Софиян) Сматайдың 2010 ж. жарияға шыққан «Мейрамсофы – Қарқабат» дастаны.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАРҚАРА – бірнеше мағынасы бар сөз: 1. Тырна тектес, сирағы ұзын, қауырсыны әдемі құс; 2. Қыздардың бас киіміне сәндік үшін тағылатын құс қауырсыны; 3. Жас әйелдердің, қыздардың төбесі биік, шошақ, салтанатта киетін бас киімі (көне); 4. Мәртебе, мерей (ҚТТС). Түсіндірме сөздіктегі мағынасына зер салсақ, Қ. биік, жоғары, мәртебелі деген ойды білдіретінін аңғарамыз. Сондықтан, Қарқаралы деген жер атауы таудың төңіректегі жазықтан бойы асып тұрғанын аңғарту үшін қойылса керек.

ҚАРҚАРАЛЫ – Қарағанды обл. солт.-шығыс бөлігінде орналасқан а. шар-лық ауданы. 1930 ж. құрылған. 1997 ж. Қазыбек би (бұрынғы Егіндібұлақ) ауданымен біріктірілді. Жер аум. 35,5 мың шаршы км. Халқының саны – 43,5 мың (2005). Аудандағы 79 елді мекен 1 қала, 1 кент, 23 ауылдық округке біріктірілген. Орталығы – Қарқаралы қ. Аудан аумағы Сарыарқаның шығысында. Жері аласа таулы, шоқылы, төбелі, белесті келеді. Оңт.-шығысында Балқаш к., Ертіс өз. және Солт.-батысында Теңіз-Қорғалжын к-дерінің суайрығы болып табылатын Қызылтас (Қушоқы), Бұртас,Үлкен және Кіші Қарақуыс, Кешубай, Қоңыртемірші (Қарасораң), т.б. таулар тізбегі өтеді. Ауданның орт. бөлігін Ханқашты, Түнқатар, Қарқаралы (Жиренсақал), Кент таулары алып жатыр. Терістікте Қу, Айыртау, Дос таулары орналасқан. Солт.-батысты Қарасор к-нің ойысы алып жатыр. Жер қойнауында қорғасын, темір, барит, мырыш, күміс, алтын, флюорит, кварцит, молибден, мыс, гранит, қиыршық тас, құм, саз, т.б. құрылыс материалдары барланған. Климаты айқын континенттік, қысы ұзақ, суық, боранды, қары аз. Қаңтардың орташа темп-расы – 14 – 15 С. Жазы қоңыржай ыстық, қуаң, шілденің орташа темп-расы +19 – 20 С. Шаруашылық маңызы бар басты өзендері: Нұра (жоғ. ағысы), Жарлы, Қарасу, Талды, Түндік, Қусақ (жоғ. ағысы), т.б. Негізгі к-дері: Қарасор, Балықтыкөл, Саумалкөл, Қатынкөл, Сарықасқа, Үлкенкөл, Қаракөл.

Қарқаралы тауында туристік маңызы бар Шайтанкөл, Самалкөл, Бассейн к-дері орналасқан. Гранитті тауларында қарағай, арша, тасжарған, ырғай, тобылғы, қараған, таңқурай, қарақат, бөріқарақат, үшқат, долана, т.б. бұталар, тау бөктерлерінде қайың, тал, көктерек өседі. Аңдардан арқар, елік, қасқыр, түлкі, қарсақ, борсық, аққіс, сасық күзен, тиін, қоян, сарышұнақ, боз суыр, байбақ суыр,қосаяқ, т.б.; құстардан дуадақ, бүркіт, тырна, құр, бөдене, шіл, қаз, үйрек, т.б. су және орман құстары мекендейді. Ауданда өнеркәсіп орындарынан темір, қорғасын-барит өндіру кәсіпорындары, май, нан з-тары, тамақ комб., тігін цехы, астық қабылдау пункті, құрылыс, автокөлік мекемелері бар. 462 шаруа қожалығы, 2 ӨК («Қоянды», «Томар»), 3 ЖШС («Балгер», «Қазыбек», «Еңбек») агроөндіріспен шұғылданады. Егін ш-ның басты саласы—астық дақылдары мен жемшөп, картоп пен көкөніс. 1930 ж-дан ауд. «Қарқаралы» газеті шығады. Ауданда барлығы 50-ден астам орта, негізгі, бастауыш, муз., спорттық, кәсіптік-техникалық мектептер, колледж, лицей, тарихи-өлкетану мұражайлары, бірнеше халық театры, кітапханалар, емдеу-сауықтыру орталықтары мен учаскелік ауруханалар, ФАП-тар бар. Аудан аумағында ежелгі адамдар қоныстары, алғашқы қауым адамдарының жартасқа салған таңбалары, ортағасырлық қираған қалалар, бертіндегі бекіністер, көне қорғандардан көптеген жәдігерлермен бірге сақ дәуірінің «Алтын адамдары» табылды. Ауданнан Қарағанды – Қарағайлы т.ж., Қарағанды – Қарқаралы, Қарқаралы – Егіндібұлақ автомобиль жолдары өтеді. Қ. а-да Алшынбай, Тәттімбет, Ақайдың Хасені сияқты тұлғалар мен Алаш арыстары И.Әлімбеков, М.Малдыбаев, қоғам қайраткерлері Н.Нұрмақов, М.Тәтімов, У.Жәнібеков, Кеңес Одағының Батырлары Н.Әбдіров, М.Мамыраев, П.И.Теряев, әншілер Ә.Қашаубаев, Ғ.Айтбаев, Ж.Елебеков, Н.Әбішев, артистер Қ.Қуанышбаев, Ш.Жандарбекова, ақын-жазушылар Қ.Аманжолов, Ғ.Игенсартов, Ә.Әбішев, Қ.Сатыпалдин, қазақтың тұңғыш ұшқыш-ғарышкері Т.Әубәкіров, эстрада жұлдызы М.Жүнісова, т.б. көптеген таланттар туған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

«ҚАРҚАРАЛЫ» – күрескер ақын, әнші-композитор Мәди Бәпиұлының шығармасы. «Қ.» – автордың айдауда жүрген шағындағы мұңды жағдайын, туған жер, өскен елге деген сағынышын арқау еткен ән.

ҚАРҚАРАЛЫ – қала, Қарқаралы ауданының әкімшілік орталығы, Қарағанды қ-нан оңт.-шығысқа қарай 220 км жерде, теңіз деңгейінен 815 м биіктікте орналасқан. Ең жақын т.ж.ст.—Қарағайлы. Халқы 12 мың (2005). Іргесі 1824 ж. Ресей империясының әскери бекінісі ретінде қаланған. 1868 ж-дан уездік қалаға айналды. 1928 ж-ға дейін Семей обл. құрамындағы Қарқаралы уезінің, 1928-30 ж. және 1934-36 ж. Қарқаралы округінің орт. болды. 1930-34 ж. және 1936 ж-дан Қарқаралы ауд-ның орталығы. XIX ғ-дың екінші жартысында жері шұрайлы, жайылымы малға, қойнауы кенге бай Қ. Орта Азия мен Қытайдан Сібірге баратын керуен жолының торабы ретінде маңызды сауда , кәсіпшілік және мәдени-ағарту орнына айналды.Қ-ның солт-ндегі Қарасор к-нің жағасында 1848-1930 ж. атақты Қоянды жәрмеңкесі өтті. Мұнда талантты әнші-артистер (Ә.Қашаубаев, И.Байзақов, Ж.Шанин, Қ.Қуанышбаев, М.Уәлиева, т.б.) өнерлерін, балуан Қ.Мұңайтпасов күрес бәсекесін көрсетті. 1905-09 ж. ағартушы-ғалым А.Байтұрсынов екі сыныптық қазақ-орыс училищесін құрып, сабақ берді. 1905 ж. 15 қарашада Қ-да қазақ ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері Ә.Бөкейханов, Ж.Ақбаев, Ә.Ермеков, т.б. жетекшілік етуімен қала және оның төңірегіндегі ауыл тұрғындарының империя билігіне қарсы ереуілі өтті. Қалада май айыратын, сыра қайнататын, тері илейтін және кірпіш з-тары жұмыс істеді. Қарағайлы кен-байыту комбинатының салынуына, оған т.ж. мен тас ж-дың тартылуына, қала маңында а.ш-ның дамуына және айналасында демалыс орындары көптеп пайда болуына байланысты Қ. жедел өсті. Қазір қалада нан з-ты, тамақ комбинаты, автокөлік шеберханасы, т.б. ұсақ кәсіпорындар, тұрмыс қажетін өтеу комб-ты, автокөлік мекемелері, астық қабылдау пункті, халыққа қызмет көрсететін т.б.шағын және орта бизнес нысандары жұмыс істейді. Балабақша, ауыл шаруашылық колледжі, орта, муз., спорт мектептері, мәдениет сарайы, кітапхана , ауданның денсаулық сақтау кешені бар. Орт. алаңда күрескерлерге арналған архит. ансамбль-ескерткіш, қалалық саябақта «Әскер даңқы» және «Азалы ана»

ескерткіштері орнатылған. Қ. маңында «Шахтер», «Тасбұлақ» демалыс үйлері, «Қарағайлы орман» санатории, туристік база, т.б. орналасқан. Қалада Абай, Г.Н.Потанин болған үйлерге мемориалдық тақта орнатылған. Қ-ның солт-індегі Мәліксай зиратында халық жоқшысы, әнші-композитор Мәди Бәпиұлының бейіті бар. Қ. обл. орталығымен және басқа елді мекендермен автомоб. жолдары арқылы қатынасады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚАРҚАРАЛЫ – 1824 ж-дан Сібір қырғыздары (қазақтары) облысының (1854 ж-дан Семей обл-ның) Дала генерал-губернаторлығы әкімш.-аумақтық бөлігі, орталығы Қарқаралы станицасы (кейін Қарқаралы қ.) болды. Әскери әкімш. басқарманың Бат. Сібір шекаралық басқармасының округтік бұйрығы. Оның қарамағына шекаралық және жазалаушы әскерлер, сот және қаржы органдары, кейіннен облыстық басқарма қарады. Округтік бұйрықтың құрамын (төрағасы—аға сұлтан, билер сайлайтын 2 заседатель және патша әкімшілігі тағайындайтын 2 шенеунік) генерал-губернатор бекітті. Қ.о. Ертіс өз-нен Балқаш к-не, Ащысу өз-нен Шыңғыстау жоталарына дейінгі аумақты алып жатты. Қ.о. 18 болысқа, 147 ауылға бөлінді, 16 пошта бекеті болды. Халқының саны—59,7 мың. Жерінің жалпы ауд.—135,3 мың шаршы км. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыты—мал шаруашылығы (220 мың жылқы, 77 мың сиыр, 1164 мың қой, 32,7 мың түйе болды). Кен өндіру кәсіпшілігі дамыды. Благодат-Стефанов және Николаев балқыту з-тары (1868) жұмыс істеді. 1868 ж. Семей обл. Қарқаралы уезі болып қайта құрылды. Кеңес өкіметі тұсында, 1928 ж. КСРО-дағы әкімш.-аумақтық реформа негізінде Қарқаралы округі құрылды. Губерниялар, уездер мен болыстар таратылып, облыстар (өлкелер), округтер мен аудандар құрылды. Қарқаралы уезінің негізінде құрамына 7 аудан енген (Абыралы, Ақсары, Балқаш, Берікқара, Қу, Шет, Шұбартау) Қ.о. құрылды, жері—181,8мың шаршы км, халқының саны—177,1 мың болды. Қ.о-нде 89 мектеп, 23 кооперациялық қоғам, 5 аурухана жұмыс істеді (1930). 1930 ж. Қ.о. таратылды. 1934 ж. а.ш. бағытындағы 6 ауданның құрамында (Баянауыл, Жаңаарқа, Қарқаралы, Қоңырат, Қу, Шет) әкімш.-аумақтық және шаруашылық қызметін қайта бастады. 1935 ж. 1 қыркүйекте БОАК Президиумы асыра сілтеу ж-дарында орны толмас қасірет шеккен округ шаруашылықтарына көмек көрсету және ауыл еңбекшілерінің мәдениетін көтеру үшін «ҚазКСР-інің Қарқаралы округіндегі Кеңес, шаруашылық және мәдени құрылыс туралы» қаулы қабылдады. Қ.о-не дәрігерлер, а.ш. мамандары жіберілді, мектеп-интернаттар, балабақшалар салынды. БОАК Президиумының 1936 ж. 27 шілдедегі «Қазақстанда жаңа облыстар құру туралы» қаулысынан кейін Қ.о. жаңадан құрылған Қарағанды облысының құрамына кірді.

ҚАРҚАРАЛЫ – таулы-орманды массив, Сарыарқаның шығысында, Қарқаралы ауд-ның жерінде.Солт.-батыстан оңт.-шығысқа 30-85 км-ге созылып жатыр, ені 20-25 км, ішінара аласа тау аралас шоқылы аймақ. Жекелеген тау тізбектерінен: солтүстігінде Шаңкөз—1,4 мың м; батысында жеті шыңды Көктөбе—1,3 мың м; солт.-шығысында осы таулы-орманды алқап атауы берілген сүйір шыңды Қарқаралы—1,1 мың м; орта тұсында Бұғылы—1,3 мың м; шығысында Мырзашоқы—1,2 мың м; оңтүстігінде Жиренсақал—1,4 мың м (ең биік жері); оңт.-шығысында Ақтерек—1,2 мың м, т.б. тұрады. Бұлар девон жүйесінің ортаңғы және жоғарғы бөліктерінің эффузиялық-тұнба қабаттарының соңғы таскөмір пермдік гранитоидтарынан, элювийлік-делювийлік шөгінділерінен түзілген. Массив тауаралық аңғарлармен (Кендара, Құрөзек, Қаратоқа, т.б.) тілімделген, жер асты тұшы суларына бай. Қарқаралы тауынан Қарқаралы (Қараөзек, Түлкілі, Тасбұлақ салаларымен қоса), Жырым, Қопа, Құрөзек, Кендара, т.б. бастау алады. Үлкенкөл, Кішікөл, Самал, Шайтанкөл, Кендара, Шұрықкөл, т.б. к-дері бар. Тауда шоғыр-шоғыр қарағай ормандары орналасқан. Қарағай ормандарының шеттерінде, өзен маңдарында қайыңды тоғай өседі. Қ. т.-о. м-інің тоғайлы өңірінің 85,4%-ын қарағай, 12%-ын қайың, 26%-ын бұталар (тал, қызылтал, арша, мойыл, қарақат, таңқурай, итмұрын, т.б.) алып жатыр. Қара және қызыл қоңыр топырақты шлейфтерінде әртүрлі шөптер өседі. Арқар, қарсақ, сілеусін, елік, түлкі, қасқыр, қоян, күзен, тиін, қабан, т.б. аңдар, құстан құр, торғай, жапалақ, тоқылдақ, сары шымшық, қарға, сауысқан, көк кептер, бүркіт, ителгі, бөктергі, қаршыға, т.б. кездеседі. Климаты

континенттік, қоңыржай-қуаң, қаңтардың орташа температурасы – 14 С, шілденікі +19С. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері 350 мм.

«ҚАРҚАРАЛЫ» – ауд. қоғ.-саяси газет. Газеттің алғашқы нөмірі 1930 ж. 7 қарашада «Еңбек туы» деген атпен жарық көрді. Тұңғыш редакторы қазақ журналистикасында айшықты ізі қалған Жұмабай Орманбаев. Кейін «Еңбек майданы», «Коммунизм таңы» деген атаулармен шығып тұрды. «Қ.» газеті – Орт. Қазақстан өңіріндегі ең көне басылым. Ол кезінде округтік, ауданаралық газет болды. Отызыншы жж басылымда М.Ордалиев, Ж.Жантөрин, Т.Сарғожаев (ред.), М.Құлмағанбетов, М.Нұржанов, Ахметжан және Қанаш Тұрғанбаевтар деген азаматтар қызм. жасады. Округ парткомы газетті назарында ұстады. Бұл ретте 2-хатшы М.Ғатаулиннің еңбегі үлкен. Округ таратылып, ауд. құрылған кезде «Еңбек майданы» екі бет болып, аптасына екі рет шықты. Оған Ә.Жұманов, Т.Әбжәлелов, М.Сәрсенбаев, З.Қосыбаев, А.Омаров, Қ.Сәдуақасов, Ә.Бақтыбаев, О.Орынтаев ред. болды. Ауд. газет еңб. майданы қаһармандары, к/з құрылысы озаттарын, ҰОС жж тыл мен майдан ерлерін, Н.Әбдіров, М.Мамыраев, П.Теряев, т.б. қаһармандығын елге паш етті. Қиыншылыққа қарамастан, мезгілімен шықты. Соғыстан кейінгі еңбекті жазды. Бұл кезде Ш.Сатыбалдин ред. болып, Р.Сағымбеков, Ғ.Игенсартов, Ш.Мезгілбаев, Д.Төлепбергенов, Ә.Омарбаев, Ш.Төлеутаев, С.Ләмбеков, І.Ысқақов, Қ.Есеев, З.Игіліков (ред.), А.Жақатаев, М.Омарбеков, т.б. қаламгерлер қызм. етті. 1991 ж. бастап газет «Қ.» атауымен шығуда. Осы кезде ред. басқарған, Егіндібұлақ ауд. газ. мектебінен өткен Нәзипа Асқарова тамаша ұйымд. еңб-мен ерекшеленіп, қазақтың тұңғыш журналист қызы Нәзипа Құлжанова атынд. ҚР Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды. 1988 ж. «Коммунизм таңы» – «Заря коммунизма» деген атпен 2 тілде шыға бастағанда газеттің орыс тілді сыңарына С.Торыбаев ред. болды. Соңғы 20-30 ж-да басылымда С.Жүнісов, Ж.Тайтөлеу, С.Ақсұңқаруұлы, Қ.Құспанова, Д.Сүлеев, М.Сағымбеков, Б.Семқұлов, т.б. ондаған талант иелері қызм. атқарды. «Қ.» газ. бетінде Қаздауысты Қазыбек, Алшынбай билер, күйші-композитор Тәттімбет, жыр дүлдүлдері Қалдыбай мен Кемпірбай, дауылпаз ақын, әнші Мәди, қоғам және мемл. қайраткері Н.Нұрмақов, Қу – Балқантау өңірінің өзге де түлектері жайлы көптеген деректі және көркем еңб. жарық көрді. Соңғы ж-дары басылымға туған өлкеміздің тағы бір түлегі Р.Смағұлов басшылық жасауда.

«ҚАРҚАРАЛЫ» – аймақтық саяси-қоғамдық, әдеби-көркем журнал. Басылым 1991 ж. наурыз айынан жарық көруде. Журналды ұйымдастырып, тұңғыш редакторы болған белгілі публ. һәм ғал. Рамазан Сағымбеков. Ол кісі қайтыс болған соң бірер ж. Б.Мұстафа басшылық жасады. 1999-2004 жж түрлі себептермен шығуы тоқтап қалған журн. кейін қайта жаңғырды. Басылым алғашқы нөмірінен өлке тарихынан сыр шертіп, тарихи-танымд. жәдігерлерді жарыққа шығаруда. Оның бетінде алты алашқа билік айтқан Қаздауысты Қазыбек, ұлы күйші Тәттімбет, өз дәуірінің дауылпазы Мәди, ұлттың рухани байлығын жасауға сүбелі үлес қосқан Шөже, Кемпірбай, Жанақ, Нарманбет, ұлы актер Қ.Қуанышбаев, қазақтың тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіров, т.б. көрнекті тұлғалар жайлы шығ. басылды. Басылым бетінде Қу – Балқантау өңірінің түлектері К.Сауғабай мен Т.Жұмаштың өлеңдері, Е.Балташұлының көркем және зерттеу еңб-рі, т.б. авторлардың рухани құнды дүниелері басылды. Қазір оған Егіндібұлақтың журн. мектебінен өткен Р.Смағұлов жетекшілік жасайды.

ҚАРҚАРАЛЫ ПЕТИЦИЯСЫ, Қарқаралы құзырхаты – Ресей империясының отарлық саясатына қарсылық ретінде, өкімет билігінің әділетсіздігін әшкерелеп, жергілікті халық үшін азаматтық құқық талап етіп 1905 ж. 25-26 маусымда жазылған ірі көлемді, терең мазмұнды талап-арыз. XX ғ. басында Қазақстан Ресей империясының натуралды аграрлық шар-пен айналысатын отарлық шет аймағы болып қала берді. Орыс отаршылары қазақ халқының жері мен табиғи байлығына иелік етумен қатар, жергілікті халықты рухани жағынан да отарлады: тілінен, дінінен, ділінен айыру үшін жоспарланған шараларды қаталдықпен, кезең-кезеңмен жүзеге асырды. Мұның бәрі халықтың орынды ашу-ызасын туғызды. Жергілікті жұртты тек өндіргіш күш ретінде ғана пайдалану, олардың азаматтық құқын шектеумен шектелмей, мыңдаған ж-дар бойы қалыптасқан мәдениетіне, әдет-ғұрпына тұрпайылықпен араласу ел мүддесін, халық болашағын ойлаған азаматтарды шешімді іс-

әрекет жасауға итермеледі. Оларға осы кезде қалыптасып, ұлтты отарлық езгіден азат ету үшін нақты бағдарламамен жұмыс істей бастаған қазақ зиялылары жетекшілік жасады. Шыққан тегіне, әлеуметтік-материалдық жағдайының әр алуан болғандығына қарамай, олар жалпыұлттық мүддеге қызмет жасауға тәуекел етіп, XX ғ. басында қазақ қоғамында өріс алған саяси қозғалыстардың бастауында тұрды. Ұлт зиялылары ең алдымен халық санасын ояту қажеттігін жақсы білгендіктен, негізінен оқу-ағарту ісімен, қазақ тілінде мерзімді басылымдар шығару, ғылымның әр саласы бойынша оқулықтар жазумен шұғылданды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, т.б. ұлт жанашырлары Ресей империясы шегінде болып жатқан түрлі саяси толқуларға, қоғамды өзгерту мақсатын көздеген оқиғаларға куә болды, саяси партиялар мен қозғалыстар қалай ұйымдасатынын көріп, олардың кейбіріне өздері де қатысты. Қ. п-ның Семей облысындағы Қоянды жәрмеңкесінен жазылуы тегін емес. Өйткені, Қарқаралы уезі қазақ зиялыларының да, олардың саяси-идеялық харекетінің де тоқайласқан жері болды. Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, К.Тоғысов, Ж.Ақбаев, А.Аяғанов, Ә.Ермеков, т.б. қайраткерлер қазақ даласындағы экон-ның ғана емес, мәд-тің де орталығына айналған Қоянды жәрменкесін енді саяси жұмыстар орталығына айналдыруды ойластырды. Нақтысын айтқанда, бұл жерде бірнеше құзырхат жазылып, олар Ресей императорына, Министрлер Кеңесі төрағасына, ішкі істер министріне жеке-жеке жолданған. Құжаттың қазақша мәтіні мынандай (қазақшалаған – З.Тайшыбай): «Ұлы мәртебелі император ағзамға. Министр А.Булыгиннің жасаған жобасын қолдап, Омбыда генерал Сухатин бастаған атқамінерлер қазақтарды Земский соборға қатыстырмау жөнінде шешім алыпты. Мұндай жетесіз шешім Қыр өлкесінің негізгі халқы болып табылған қазақтардың тіршілік ерекшеліктерінен және халық ретіндегі еркімен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Қытайдан Ауғанстанға дейінгі ұлан-байтақ жерді алып жатқан қазақтар өзінің бүкіл тағдыры мен өмірлік мүдделерін мемлекеттің тағдырымен байланысты деп санайды және өзін басқа халықтарымен тең құқылы деп есептейді. Сіздің, патша ағзамға, халық сеніміне ие болған, лайықты адамдарды мемлекет билігіне қатыстырмақ ниетіңізді білуші едік. Демек, алты миллион қазақ халқын ерекше құқықсыз, заңсыз тобырға жатқызып қою – қарапайым ғана әділдік пен ақиқатқа қиянат емес пе? Біздің мал шаруашылығымен айналысатынымыз рас, мал бағып көшіп жүргеніміз де рас. Бірақ, кейбір ұлықтар ойлағандай дала кезіп, жөн-жосықсыз қаңғып жүрмейміз. Осы үшін ғана мемлекет билігіне сайлану сияқты аса маңызды саяси құқықтан айырылуымызды қалай түсінеміз?! Мал шаруашылығымен айналысты деп қазақты сайлау правосынан айырасыз, ал сауда істейтін, диқан, балықшы және басқа кәсіп иелерінің сайлау правосы барын қалай түсінеміз? Шынында Ресей империясының халықтары білімі мен мәдениеті жағынан әрқилы, солардың ішінде қазақтар алдыңғы орында емес екені рас, бірақ, ең соңында да қалып отырған жоқ. Қазақтардың қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді орыс мұжықтарынан кем түсінетінін кім дәлелдеген екен? Оның бер жағында, қазақтардан гөрі мемлекет билігіне көбірек араласуға мүмкіндік алған отырықшы бұратана елдерден біздің қай жеріміз кем? Қазақтардың мүддесін кім қорғайды? Олардың мұң-мұқтажын кім біледі, халықтың өзі сайлаған өкілдері болмаса, сол халықтың қажетін өтеудің жолдарын кім көрсетеді? Алдияр, мынаған сеніңіз: біз, қазақтар осынау үлкен жұмысқа дайындығымыз басқалардан кем деп есептемейміз. Бірақ, бізді танығысы келмейтіндер көп, бізді төмен санайды, бюрократтар, ұлықтар бізге кеуде көтеріп, кемсіте қарайды, біз бұдан көп қорлық көріп жүрміз. Қалай дегенде де бізді әлдекімдердің танығысы келмейтініне жауапты емеспіз. Жоғарыдағыларды айта келіп, патша ағзам, Сізден басымызды иіп сұраймыз: Сайлауға қатысуға ерік беріңіз, мемлекет билігінде қазақтар болса ғана біздің мұң-мұқтажымыз ескеріледі және шешіледі. Сонда ғана біз, қазақ халқы, Империяның басқа халықтарымен тең екенімізді сезінеміз». Бұл құзырхатқа Қарқаралы уезінен сайланған 42 өкіл қол қояды. Бәрі де патша өкіметі сеніп, жергілікті билік органдарына өз қолдарымен тағайындаған адамдар. Қ. п-ның өкімет орындарын ерекше абыржытып, әуре-сарсаңға салғаны да сондықтан. Ондаған жылдар бойы айтқанына көніп, айдағанына жүрген момын, қараңғы, «бұратана» халықтың бұлайша оянуынан үкімет қатты ескенген еді. Осы құжаттың жасалуы туралы мәлімет жетісімен

Омбыдан Қарқаралыдағы уезд басшысына құзырхатты ұйымдастырушыларды анықтап, іс қозғау жөнінде Дала генерал-губернаторының кеңсе бастығы Лосевскийден шұғыл түрде құпия жеделхат жіберіледі. Сондай-ақ, 8 қазанда Омбыдағы сот палатасының аға басқарушысы А.А.Кобылинге Дала генерал-губернаторы Н.Н.Сухотиннен Қ. п-сын ұйымдастырушыларға тез арада Омбы сот палатасының іс қозғауы қажет деген жеделхат салынды. Петицияға қол қойған 42 адамның аты-жөнін анықтап, бақылауға алу туралы бұйрық беріледі. Құпия түрде жүргізілген тексеру бойынша петицияны ұйымдастырушы Ә.Бөкейханов екені анықталды. Бұл туралы «…петицияны Омбыдан Петербургке осы жылдың 28 шілдесінде Ә.Бөкейханов жіберген, ол осы уездің қырғыздарымен тығыз байланыста, қырғыздардың арасында оның беделі жоғары», – деп жазады штаб-ротмистр Оссовский өзінің дала генерал-губернаторына жіберген ақпаратында. Осы ақпаратта жеделхаттың түпнұсқасын жасаушы және оны Омбыдан Қарқаралыға құпия түрде жеткізуші Ж.Ақбаев екендігі де айтылады. Өз ісінің білгір маманы, заңгер, қазақ бұқарасының арасында зор беделге ие заң магистрі Ж.Ақбаев пен Ә.Бөкейхановтың бұл іске араласуы Ресей әкімшілік орындарында үлкен мазасыздық, үрей туғызады. Ел ішінде көтеріліс ұйымдастыруы мүмкін-ау деген желеумен генерал-губернаторлар екеуіне де қатаң бақылау қояды. Императордың атына жіберілген петицияға 42 адам қол қойғанын тыңшылар анықтаған және олардың тізімі губернаторға жолданған ақпаратқа тіркелген. Онда Қарқаралы уезіне қарайтын 21 болыстың әрқайсысынан 1-3-тен адам аттары көрсетілген. Олардың ішінде: Қу болысынан – Мұсатай Тәттімбетов және Мақат Ақаев (Мұсатай – атақты күйші Тәттімбеттің баласы, ал Мақат – атақты Ақаев Хасеннің ағасы) бар. Ал, Ресей Министрлер кеңесіне, атқарушы билік төрағасына қойылған талаптар кеңірек әрі мейлінше нақты. Патшаның атына жазылған тілек-арызда жалпы саяси тұрғыда, жоғары билік құрамына қазақтарды қатыстыру сияқты заңдық мәні бар мәселелер қамтылған. Ресей үкіметіне жазылған құжатта қазақтарға ар бостандығын беру, халықтың өз тілінде білім алуын ұйымдастыру, қазақ даласына келімсектерді қоныстандыру саясатынан бас тарту, жер қоры жергілікті халыққа тиесілі екендігі туралы арнайы заң актісін қабылдау, «Далалық ережені» және өлкені әкімшілік басқару жүйесін қайта қарау, азаматтық және сот ісін қазақ тілінде жүргізуді заңмен бекіту, отарлаушы аппарат чиновниктерінің санын қысқарту, генерал-губернаторды орталықтан тағайындаудан бас тарту, жоғары билік органдарынан отарланушы өлке депутаттары үшін үлес беру талаптары қойылды. Министрлер Кеңесінің төрағасына жолданған петицияға 12767 адам қол қойған. Ресей империясының отарлық саясатына қарсылық ретінде, өкімет билігінің әділетсіздігін әшкерелеп, жергілікті халық үшін азаматтық құқық талап етіп жазылған құжаттардың тағы біріне назар аударайық: 1) Қырғыз (бұдан былай «қырғыз» деген сөздің бәрі «қазақ» деп оқылсын) халқының аты мұсылман қырғыз деп аталып, әскери міндеттен босатылсын. 2) Қырғыздарды Орынбордың рухани жиналысына бағындырып, 1868 жылға дейінгі ережелерді қолданып, Қазан мұсылмандарының тәртібіне сәйкестендіру керек. 3) Қырғыздардың мешіт, медресе салуына рұқсат берілуі керек. Құдайға құлшылық ету еркіндігі болсын. Ол жерлерде арабша, парсы және түрік тілінде сабақ беруге, газет және кітаптар шығару үшін баспахана салуға рұқсат берілсін. 4) Қырғыз халқын басқаратын адамдар қырғыз тілін білулері міндетті. Оларды тағайындау немесе орнынан алу мәселесі қырғыз қоғамы өкілдерінің таңдауымен болуы шарт. Бүгінгі шаруа бастықтарының орнына халықтың арасын бітістірушілерді заңдастыру керек. Бұл қызметке қырғыздардың ішінен жеткілікті білімді қырғызды тағайындау қажет. 5) Барлық қырғыз істері қырғыз диалектісінде (тілінде) жүргізілуі міндетті. Хат жазушы, күзетші, хаттарды таратушылар тегіс тек қырғыз тілін білетін адамдардан тағайындалсын. 6) Болыс басқарушысы, халық соты, ауыл старшындары және сайлауға қатысушылар бүгінгі ережеге сай жүргізілсін. Бұл қызметтегі адамдар өздері сауатты адамдар болуы, олар ол қызметке кірісер алдында өз қызметінде заңсыздыққа жол бермеу үшін ант берулері керек. Олардың бұл қызметтен кетуіне тек халықтың көпшілігі дауыс бергенде ғана рұқсат етілсін. 7) Бөлімшелік ара бітістіруші қырғыз тілін білсін, сонда аудармашының қажеті болмайды. 8) Тергеу жұмысы жүріп жатқан кезде айыпталушы

жағынан қорғаушы қатыссын. 9) Округтік соттың жанында сот ісіне қатысып отыратын қазы болуы шарт. 10) Тергеусіз және соттың шешімінсіз әкімшілік жолымен жер аудару тыйылсын. 11) Қырғыздың халық соты Заң министрлігіне ғана бағынсын. 12) Мұрагерлік халық сотынан, бидің билігінен алынып, толығымен молда мен шариғатқа бағындырсын. 13) Сайлаудан өткен адамды қызмет орнын бекітерде әскери губернаторға ұсынбас бұрын, сайлауға қатынасқан бастықты бекітуге жіберілгелі отырған адамды ахунмен ақылдасуы тиіс. 14) Қырғыз халқынан өз ерліктерімен беретін садақа мен айыпталғаны үшін түсетін қаржыны әкімшіліктің нұсқауымен емес, халықтың өзі бөлгендері дұрыс болар еді. 15) Ертіс бойындағы жерлер ерте заманнан қырғыздардың ата қоныстары болып есептелген, кейіннен әскерлердің пайдасына берілді. Сондай-ақ, одан басқа, мәртебелінің кеңсесіне қарасты, қырғыздардың пайдалануына берілген жерлер сол қырғыздарға ата қонысы ретінде мәңгілікке берілсін. 16) Қырғыздардың қыстаулары және жаз жайлаулары бұрынғы салт бойынша олардың меншігінде қалуы тиісті. 17) Қырғыздың таулы даласында ашылған қазба байлықтары олардың өз меншігі болуы, ол жерде салынатын заводтар қырғыздардың өзінікі болып есептеледі. Егер де олар өздері оны өндіруден бас тартса, сонда ғана басқа адамдарға жалға беруге болады. Бірақ, олар әр десятинасына жалдау ақысын төлеулері тиіс. 18) Қырғыздар ағаштарды қажетке жарату, балық аулау, тағы басқа да құқықтарға рұқсат етуді талап етеді. 19) Қырғыздар тұрған жерлерге таяу орналасқан тұзды және балығы бар көлдер солардың меншігіне қалдырылсын. Ол көлдерді жалға беру уезд өкілдерінің сенімділерінің біріне тапсырылсын. 20) Тұзды және балық аулайтын көлдерді жалға беруден түсетін қаржыны бүкіл уездің қажетіне жұмсау үшін арнаулы салым-қаржы депозит есепшотын ашу керек. Қоғамның келісіміне сәйкес, бұл қаржы астық қорын дайындауға жұмсалады. 21) Қырғыз халқының діни адамдарын қамтамасыз ету Қазан мұсылмандарымен теңелуі тиіс. 22) Қажылыққа баруға шек қойылмасын, еркіндік берілсін. 23) Қажылыққа барған кезде билет-паспортпен пайдалану тәртібі православдықтармен бірдей дәрежеде болсын. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету керек. 24) Қырғыз халқының ішіне миссионерлердің баруына тыйым салынсын. 25) Қырғыздардың, әсіресе, кәмелетке толмаған жастардың басқа дінге өтуіне тыйым салу керек. Ал басқа діннен мұсылман дініне өтемін деушілерге, егер олар сауатты болса, рұқсат ету керек. Христиан дініне өткендер болса, ескі салтты орындауға мәжбүр етілмесін. 26) Некеге отыру немесе айырылысу мәселесін губернатор мен уезд бастықтарының қарамағынан шығару керек. 27) Әкімшілік мұндай іске кіріспесін, ешқандай мәлімет сұрамасын. 28) Мешіт пен медресенің пайдасына «Вакуфқа» рұқсат етілсін. 29) – 30) Қырғыздар православниктер сияқты империяның қай уезінен, облысынан, губерниясынан болмасын жер алуға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерде істеуге құқықты болсын. 31) Діни адамдар православяндар сияқты құрметті болсын. 32) Мектептерде міндетті түрде мынадай шарт орындалуы керек: Алдымен, қырғыз оқушыларына мұсылманның діни сабақтары оқытылады, кәмелетке жеткендерге діннің бес негізгі шартынан сабақ беріледі, ал одан кейін ғана орыс тілінен сауатын ашу сабағы жүреді. Мектепті бітіргенге дейін мұсылман діні сабағы негізгі болып есептеледі. 33) Мектептерде христиан діні туралы сабақ оқытылмасын. 34) Таяудағы бастықтардың қоластындағы қырғыздар туралы жоғарғы бастықтарына өсек, мәлімет жеткізілгені жайлы олардың ісіне қарсылық көрсете алатын қырғыздарға хабарлау міндеттелсін. Өйткені, осыған дейін қырғыздар туралы мәліметтерде: қырғыз – ұры, қырғыз – пәлеқор, қырғыз – өтірікші, қырғыз – жалқау, тағы басқа да теріс ой тудыратын өсектер арқылы қазақтың байлары мен кедейлерінің арасына от жақты. Шындығында, патшаның қоластындағы халықтар ішінде қырғыз халқы – көнбіс, күй талғамайтын, шыдамды, бәрін кешіре білетін, кек сақтамайтын, өте жоғары дәрежеде қарапайым, шын ықыласымен патшаға бағынған, әр кезде оның діни әрекеттеріне ғана қарсы шығатын халық. 35) Жаңа ереженің жобасын жасап жатқан жиынға қырғыздардың өкілетті депутаты қатынасуы керек. 36) Қырғыздар туралы мәселе мемлекеттік кеңесте қаралғанда, қырғыздың депутаты қатысуы шарт. 37) Жоспарланған жоба 100 жылға бекітілсін. 38) Соңғы 20 жылда қырғыздардан тартып алынып, жер аударылғандарға берілген жерлер қырғыздардың басшыларына қайтарылсын. 39) Ал олар салған құрылыстардың құны Земствоның

қаржысынан қайтарылсын. 40) Өткен патшалар сыйлаған, кейіннен тартып алынған жерлер ата қоныстардың иесіне қайтарылсын. Бұл жерлер қазынанікі немесе жекеменшіктікі болады. 41) Ұлы тақсыр – император салғызған бұрынғы мешіттер мен медреселер ескірді. Оларды жөндеуден өткізу керек немесе жаңадан салу қажет. Сол арқылы біз ұлы монархқа деген құрметті күшейтеміз. 42) Түземдік әкімшіліктерде өзара қырғыздардың арасында жауласу болмас үшін төмендегілер орындалсын: «Егер бір болыстың партиясына қарсы жағы ашуланса, онда сайлауға түсетін жаңа қызметкерді басқа көршілес болыстың адамымен ауыстыруы қажет. Сайлану құқығынан айырылғандар мен сайланушының саны теңелсін. Сайлауға түсетіндер жеребеге сәйкес тең мөлшерде, әрбір болыстан шақырылсын. Бұл съезде партияға бөлінген болыстан ешкімді кіргізбеу қажет. Сайлауға шақырылғандарға жұмсалған шығынды партияға бөлінген жақтарына төлетуді бастық шешсін. Сайлауға түсетіндердің ісімен бастық сайлау басталмай тұрып, танысуы керек. Съезге ол партияның жақтаушылары да қатыстырылмасын. Мұндай бөлінгендерді болдырмау бөлімше бастықтарының және ахунның міндеті. Сайлауға ахундар да қатысулары қажет. 43) Ұрлық және тағы басқа да лайықсыз істерді халық сотының төтенше съезінде қарауға жүктеген дұрыс. Оны түрмеге жабу құқығын азайтып, жер аудару құқығын көбірек қолданатын құқық берілсін. 44) Төтенше съезді жылына бір рет шақыру құқығы берілсін. Съездің өткізетін жері, уақыты және қанша күн өтетіні бөлімше бастықтарының жиналысында белгіленсін. Бұл съезге бастықтар және ахун қатынассын. 45) Билер мен болыстар талас дауы 100 рубльге дейінгі істі съезге жібермей, өздері шешсін, олардың қылмыскерді үш айға дейін тұтқындау құқығы болсын. Өйткені, келіспейтін жағы істі төтенше съезге беруіне уақыт керек. 46) Әр болыста алымды жинайтын адамдар сайлануы тиіс, шариғатқа сәйкес, қозғалыстағы дүние мүлкінен алынатын пайызды белгілеп, басқа да міндетті алымдар (зекет, готур, бітір) мүмкіндігі төмен, кедей отбасының оқушыларына төленеді. 47) Кісі өлтіргені үшін, заңды соттаудан басқа, олардан, салт бойынша, құн өндіру (төлету) қажет. Егер кісі өлтірушінің (каторгаға жіберген адамның) туыстарының тұрмысы нашар болса, онда өлген адамның отбасына көмек қазына есебінен беріледі. Қол қойғандар: Семей облысының Павлодар уезі Атағозы болысының қырғызы Омархан молда Мұсафыров, Семей уезі Сейтенев болысының қырғызы Темірғали Нороконов, Қарқаралы уезі Едірей болысының қырғызы Анық Жолшорин. Жоғарыдағы құжаттар аталарымыздың ұлт мәртебесі, ұрпақ келешегі үшін басын бәйгеге тігіп күресе білгенін, сонымен бірге, арада ғ-дан астам уақыт өтсе де олар көтерген мәселелер тәуелсіз Қазақстан жағдайының өзінде өзектілігін жоймағанын көрсетеді.

ҚАРҚАРАЛЫ УЕЗІ 1). Бат. Сібір генерал-губернаторлығының Семей облысына қарасты, 1868 ж. құрылған төменгі әкімш.-аумақтық, соттық-және қаржылық бірлік. Орталығы – Қарқаралы ст. (кейіннен Қарқаралы қ.). Уезд болыстарға, ауылдарға, түтіндерге бөлінді. 1897 ж. санақ мәліметтері бойынша халқының саны 171,2 мың, жер көлемі 189,2 мың шаршы км (1 қала, 1станица, 22 болыс, 181 ауыл, 31мың түтін) болды. 1907 ж-дан Қ.у-не Ресейден қоныс аударушылар келіп, орныға бастады. Шаруашылықтың мамандандырылған негізгі бағыттары—мал бағу, егін өсіру. Уезд жерінде Қоянды (Ботов) жәрмеңкесі, мыс қорыту кәсіпорындары, алтын кеніштері орналасты. 2). Рев-дан кейін Қ. у-нің жерін уақытша басқару үшін уездік Совдеп құрылды. 1923-29 ж. әкімш.-аумақтық реформа барысында Қ. у. 1928 ж. округке айналып, болыстар ауд-дар болып (Абыралы, Ақсары, Балқаш, Берікқара, Қу, Тоқырауын, Шұбартау, Шет) қайта құрылды.

ҚАРСАҚ (лат. ***Vulpes corsac***) – иттер тұқымдасының түлкі туысына жататын жыртқыш аң. Дене тұрқы 46-56 см, құйрығының ұз. 25-35 см, терісі бағалы аң. Қыста жүні қалың, жібектей майда әрі жұмсақ, жазда жүні қысқа, түбітсіз, қылшықты келеді. Қ-тың түлкіден айырмашылығы: құлағы ақ, үлкен, тұмсығы сүйір болады. Ж-ына екі рет – көктемде және күзде түлейді. Қ. тереңдігі 1-2 м, ұз. 4-6 м ін қазып алып, сонда тіршілік етеді. Кейде түлкі, борсық, суыр сияқты аңдардың ескі індерін пайдаланады. Қорек іздеуге таңертеңгі және кешкісін шығады. Негізгі қорегі – тышқан, тоқалтіс, құмтышқан, сарышұнақ, суыр, қоян, т.б. Кездесе қалса, тасбақа, әртүрлі құстар, жылан мен кесіртке де оның азығына жарай береді. Қ.

жыныстық жағынан 9-10 айда жетіледі. Қу – Балқантау өңірінде мекендейтін Қ-тар қаңтардың соңы мен ақпан айында шағылысып, 52 күннен кейін, ж-ына 1 рет, әдетте 3-6, кейде тіпті 2-ден 16-ға дейін күшік табады. Негізінен өсімдікке бай, ұсақ кеміргіштер мен аңдар жүретін сай-қолаттар мен аңғарларды, тау етектерін мекендейді. Қ. – өте бағалы терісі үшін ауланатын, кәсіптік маңызы бар аң. Әсіресе, қысқы терісі қымбат тұрады. Сонымен бірге, құтыру және оба ауруларын таратушы ретінде а. шар-на айтарлықтай зиян тигізуі мүмкін. Қазақстанда Қ-тың үш түрі бар: Қазақ Қ-ы: Қу – Балқантау өңірінде мекендейтін түрі. Ірі, тері жабындысы мен құйрығының мамығы ерекше үлпілдек келеді; қалмақ Қ-ы: Орал тауының оңт-ндегі шөлді аймақта кездеседі. Қазақ Қ-ынан шағындау, түгі де сонша үлпілдек емес; Түркімен Қ-ы: респ. оңт.-бат-ы мен Оңт. Қазақстанда тараған. Қ-тардың ең кішісі.

ҚАСҚЫР, бөрі (лат. Canis lupus) – Жердің солт. жарты шарына кең тараған жыртқыш аң. Арланы шамамен 50 кг, қаншығы 45 кг дейін жетеді. Қ-дың өзге хайуандардан дара, олардың ешқайсына ұқсамайтын қасиеттері көп. Осы ерекшеліктеріне орай айтылатын аңыздар көп. Мысалы, түріктердің түп негізі көк бөрімен байланыстырылады. Терісі аспан түстес көгі мен ақ Қ-лар аса киелі хайуанға саналады. Ондай көкбөрімен кезіккен адам да киелі қасиеттерге ие кісіге саналады. Көне қытай жазбасында мынадай аңыз бар: Кезекті бір соғыста ғұндардың бір бөлігі қатты жеңіліске ұшырап, ғұндардың ересектері тегіс харап болып, жалғыз-ақ ұл тірі қалады. «Ит қорлықпен өлсін» деген пиғылмен жаулары оның аяқ-қолын шауып, мүгедек етіп кетеді. Жұртта қалған баланы қаншық Қ. тауып алып, адам аяғы баспайтын биік таудағы үңгірге апарып, асырайды. Бала ер жеткен соң Қ. одан жүкті болып, он ұл табады. Түрік халықтары осы он ұлдан тараған дүр. Екінші бір аңызда «ай десе аузы, күн десе көзі бар» аруға бір көкбөрі ғашық болып, қыз ұйықтап жатқанда күн сәулесі кейпінде келіп, қосылады. Түріктердің түп атасы сол көкбөрі екен-мыс. Қ. – аса қайсар, шыдамды, сақ жыртқыш. Ол қатты өшіккен дұшпанымен соңғы демі біткенше, не толық жеңіске жеткенше шайқасады. Оның ақылдылығына көптеген мысал келтіруге болады. Аң патшасы арыстанды, айбарлы жолбарысты айтқанына көндіріп, атағанына жүргізетін цирк аң жаттықтырушылары Қ-ға келгенде мүлде әлсіз екенін айтқан жөн. Ол күшке де, алдауға да көнбейді, қолға үйретуге көндікпейді. Ол соңына түскен аң қандай үлкен, күшті, жүйрік болғанына қарамастан, оны ұстамай қоймайды. Қ-лар құрған жұбын берік сақтайды. Бөлтіріктерін асырау, ауыздандыру міндетін арланы мен қаншығы бірдей бөлісіп, атқарады. Бұл жыртқыш хайуандардың көбінде өте сирек кездеседі.

«ҚАСЫМ» - қазақтың классик ақыны Қ.Аманжоловтың туғанына 100 ж. толуына орай Қарағандыда жарық көрген әдеб.-қоғ. журнал. Екі айда бір рет жарық көреді. Онда Орт. Қазақстан өңірінде бұрын-соңды өмір сүрген ұлы тұлғалардың және қазіргі обл. шегінде дүниеге келген қаламгерлердің өмірі мен рухани мұраларына қатысты еңб-тер, заманауи қаламгерлердің тың туындылары, әдеби сын мен зерт-лер жарияланады. Оның бетінде Қу – Балқантаудың Қаздауысты Қазыбек, Тәттімбет, Кемпірбай, Мәди, Ғаббас, Жүсіпбек, т.б. даңқты перзенттері мен К.Сауғабай, Т.Жұмаш, т.б. талант иелері жайлы жарияланымдар жарық көруде.

ҚАСЫМОВА Сәуле Сүйіндікқызы (11.01.1965, Егіндібұлақ ауд) – педагог, ғал. – тарих ғыл. кандидаты (2010). 1990 ж. Қазақтың Абай атынд. Ұлттық пед. ун-інің тарих ф-ін бітірген. 2010 ж. бері Қарағанды мемл. техн. ун-і сәулет және құрылыс ф-інің Қазақстан тарихы кафед-сында оқытушы, аға оқытушы, доцент, 2016 ж. бастап кафед. меңг-сі лауазымында қызм. жасайды. Қ-ның зерттеу нысаны: Қазақстанның XX ғ-дағы тарихы; XX ғ-дың 20-30 жж қазақ зиялы қауымының қоғ.-саяси қызметі; саяси қуғын-сүргіндер. Ол көптеген ғыл. еңбектердің, соның ішінде екі монографияның, бірнеше оқулық пен оқу құралының авторы. Мақалалары отандық һәм шетелдік ғыл. басылымдарда жариялануда. Білім және ғыл. саласы басшылығы мен жергілікті әкімдік марапаттарын иеленген.

ҚАСЫМОВ Мұбарак Ахметұлы (05.1930, Қу ауд. Саға қонысы – 05.2012) – еңб. және тыл ардагері. Балалық шағы ойранды отызыншы, қиындыққа толы қырқыншы ж-дардың қиындығына тап болған Қ. тылдың ауыр жұм-на араласты, майданға жарамсыз қарттармен

бірге соқамен жер жыртып, шөп шапты, мал бақты, егін орды. Аш-жалаңаш жүріп, білім алуды да ұмытпады. 1945 ж. Қарқаралы зооветтехн-ына түсті. Оны 1948 ж. бітіргеннен кейін «Екпінді», «Сартау», «Саршоқы» к/здарында 1950 ж. күзіне дейін мал дәрігері болды. Жасынан өнерге жақын ол халық әртісі Ж.Елебековтің репертуарындағы әндерді нақышына келтіре орындап, үлкен сахналарға шықты. Респ., обл. байқауларға қатысып, бірнеше дүркін лауреат, дипломант атанды. Сартау а. кеңесі аумағында өткен дүбірлі мерекелерде айтысқа да қатысып, бірінші жүлдені жеңіп алды. 1987 ж. Егіндібұлақта «Замандастар» клубы құрылған кезден бастап, оның тұрақты мүшесі болды. Домбырамен ән шырқап, көрермен қауымның сүйікті әншісіне айналды. «Ардагерлер ән шырқайды» обл. фестивалына қатысып, жүлделі болды. Ол ауыр науқастан әлсіреп, сахнадан кеткенге дейін еңб. және өнерімен халқына қызмет етуден тартынған жоқ.

ҚАТАЕВ Ерғали (20.01.1957, Егіндібұлақ а. – 3.07.2016, Теміртау қ./ Егіндібұлақта жерленді) – фотосуретші, ҚР Журналистер одағының мүшесі, домбырашы, аңшы. Қ. 1975-79 жж ауд. мәд. бөл-де музыкант, 1979-83 жж Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы», 1983-88 жж бұрынғы Талды ауд. «Шұғыла» – «Восход» газеттерінің ред-сында фототілші болып қызм. атқарды. Қу – Балқантау өңірінің фотошежіресін жасауға біршама үлес қосты. Сонымен қатар, Тәттімбет атынд. халық аспаптары оркестрінің мүшесі болды. Егіндібұлақ ауд. тараған нан кейін а-ды электр қуатымен жабдықтау мекемесінде, өмірінің соңғы ж-дары №43 ОМ жанындағы ин.-пансионатта жұмыс істеді.

ҚАТЫҚБАЕВА Марал Бекенқызы (29.11.1973, Егіндібұлақ а. – ағылшын тілі маманы, филол. ғыл. кандидаты (2007). 1990 ж. № 2 ОМ, 1995 ж. Қазақ мемл. әлем тілдері ун-ін (бұрынғы Алматы шет тілдер ин-ы) бітірді. Еңб. жолын Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың шет тілдері кафед. бастады. Қазір ҚарМУ-дің аударма ісі және шет тілдер филологиясы кафед-да доцент. Қ. жүзден астам ғыл. еңб. авторы. Оның ішінде 1 монографиясы, 2 оқу-әдістемелік құралы бар. 10 мақаласы шетел және Ресей басылымдарында жарық көрді.

ҚАТЫНКӨЛ – Егіндібұлақ а-ның және Қарасор к-нің оңт.-бат-да, алғашқысынан 65, кейінгісінен 6 км жерде орналасқан көл. Аумағы 9,5 шаршы км, ұз-ғы 5,5 км, енді жері 2,2 км, жағалауының ұз-ғы 16,3 км, ең терең жері 3,2 м, су жиналатын алабы 364 шаршы км. Су көлемі 17,04 млн. текше м. Жер асты, қар суларымен толысады. К-ге Жырым өз. құяды. Су тұзды, кермек татиды, сілтілігі төмен. К-дегі тұз қоры 500 мың т-ға жетеді (негізінен натрий мен магний хлоридтері). Жағалаулары тік жарлы, бетеге, жусан, қызыл мия, ши өсетін жайылмалық және одан жоғ. 2 террасадан тұрады (су деңгейінен 2-5 м биік).

ҚАУЫСОВ Болатбек Әшімұлы (10.03.1974, Егіндібұлақ ауд., Арқалық а. кеңесі) – журналист, ҚР Журналистер одағының мүшесі. 1996 ж. әл-Фараби атынд. Қазақ мемл. Ұлттық ун-інің (Алматы қ.) журналистика ф-ін тәмамдаған. 1997-2001 жж обл. «Орталық Қазақстан» газетінде тілші, 2001-02 жж «5 арна» телеарнасының қазақ редакциясында бас редактор, 2002-03 жж «Қарағанды» телерадиокомпаниясында редактор, 2003-09 жж обл. «Орталық Қазақстан» газетінде тілші, 2010-11 жж респ. «Қазақ спорты» апталығында үйлестіруші-аға тілші, 2011-12 жж Қарағанды обл-ның мамандандырылған ауданар. экон. сотында аудармашы, 2012-13 жж «Шахтер» футбол клубында медиа-офицер (баспасөз хатшысы), 2012 ж-дан респ. «Заң газеті» басылымының Қарағанды обл. бойынша менш. тілшісі.

ҚАШАУБАЕВ Әміре (1888, Қарқаралы уезі, Қу бол., Бастал қонысы (жаңсақ деректерде Шығ. Қазақстан обл., Абыралы-Дегелең өңірі) – 6.12.1934, Алматы) – 12 жасында (1900) Исабек есімді байдың көшірі болғанда, ол әнші баланы түрлі жиын-тойларға апарып, ән салғызды. Кейін кәсіп іздеп Семейге барған талапты жас темір жол бекеті мен қ. арасында арбакеш бола жүріп, жолаушылардың көңілін көтеру үшін ән шырқайды. 1921-24 жж қазақ жастарының Семейде құрылған «Ес-аймақ» ойын-сауық тобына мүше болып, өнерін шыңдайды. 1924 ж. халық өнерпаздарының Семей қ-сында ұйымдастырылған байқауында бас бәйге иеленді. Бүкіл дүниежүзі халықтарының 1925 ж. Парижде өткен этнографиялық концертте «Ағаш аяқ», «Қанапия», «Үш дос», «Жалғыз арша», «Қос барабан», т.б. әндерді орындаған Қ. 2-орын алып, күміс медальмен марапатталады. «Париж апталығы» газеті, «Ле

мюзикаль» журналы оны сирек кездесетін талант деп бағалап, Сорбонна ун-інің проф. Перно Қ-тың орындауында бірнеше әнді фонографқа жазып алады. 1927 ж. сәуірде Мәскеу консерваториясы залында, сол ж-ы Майндағы Франкфурт қ-сында (Германия) өткен халықар. этнографиялық концертке қатысып, қазақтың халық әндерін әлем жұртына паш етті. Ол шырқаған әндер әлем мәд-нің ірі өкілдері Ромен Роллан мен Анри Барбюс, т.б. тарапынан жоғары баға алды. Қазақ музыка өнерінің жанашыры А.Затаевич одан «Бес қарагер», «Балқадиша», «Дударай», «Көк көбелек», т.б. әндерді жазып алып, «Қазақтың 500 ән мен күйі» жинағына (1931) шығарды. Қ. 1926 ж. Қызылордада ашылған Қазақ (қазіргі Қазақтың М.Әуезов атынд. мемл. акад.) драма театрының алғашқы актерлерінің бірі болды. «Еңлік – Кебекте» Жапалдың, «Айман – Шолпанда» Жарастың ролін ойнады. 1934 ж. Қазақ музыка (қазіргі Қазақтың Абай атынд. мемл. акад. опера және балет) театрына ауысты. Оның әншілік қабілетін қазақ әдеб. мен мәд-нің алыптары М.Әуезов, С.Сейфуллин, И.Байзақов, Ә.Марғұлан, Ж.Елебеков, Қ.Жандарбеков және А.Жұбанов өте жоғары бағалады. Қ-тың мезгілсіз ажалына оның Париж сапарында Алаш көсемдерінің бірі М.Шоқаймен кездесуінен хабардар мемл. қауіпсіздік к-інің өкілдері себеп болды. Ол қайтыс болғаннан кейін, басы көтерілмей, зираты ескерусіз қалды. Ер-азаматтардың қолынан келмеген бұл істі Едірей топырағынан шыққан ару К.Сыздықова жүзеге асырды.

ҚАШЫҚОВ Шағатай (1925, Қарағанды қ. – 2006, Алматы қ.) – ғалым, экон. ғыл. докторы, проф., Қарағанды қ-ның Құрметті азаматы. Семей пед. ин-ын (қазіргі Ш.Құдайбердіұлы атынд. Семей мемл. ун-т) және С.М.Киров атынд. ҚазМУ-дың аспирантурасын (қазіргі әл-Фараби атынд. Қазақ ұлттық мемл. ун-і) бітірген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. 1947-60 жж Қарағанды обл. халық ағарту мекемелерінде істеді. 1960-65 жж Қазақ мемл. ун-інің аға оқытушысы, доценті, 1965-91 жж Қарағанды политехн. ин-ы (қазіргі Қарағанды мемл. техн. ун-і) кафед. меңг-сі, 1991-2004 жж проф. лауазымында қызм. атқарды. Ғыл. жұм-ның негізгі бағыты – жиынтық қоғ. өнімнің ұдайы өндіріс үдерістерін зерттеу және соц. кезіндегі мемл. пен оның кәсіпорындары арасында таза өнімді бөлу. Қ. бірнеше монография мен жүздеген ғыл. мақаланың авторы. Ол I дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

ҚОЖАБАЕВ Іргебай (т.-ө. ж-дары белгісіз) – малшы, а. шар. ардагері. Павлодар обл., Баянауыл ауд-дағы кен барлау партиясында жұм. болып еңб. жолын бастаған ол 1959 ж. Қу ауд., Ленин атынд. к/зына малшылыққа ауысты. К/здар іріленгенде Қазақстанның 40 жылдығы атынд. с/здың аға шопаны болып, 1985 ж-ға дейінгі ширек ғасырда 15 мың бас қой өсіріп, 450 тонна сапалы ет, 33 тонна таза талшықты жүн өндірді. Қол жеткізген табысы үшін Қ. Ленин, Октябрь революциясы, III дәрежелі Еңбек даңқы ордендерімен, т.б. наградалармен марапатталған. Есімі Қазақ КСР Алтын Құрмет кітабына жазылған ол 1985 ж. Қазақ КСР Жоғ. Кеңесіне депутат болып сайланды.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ, Қожаберген Толыбайұлы (1663, қазіргі Солт. Қазақстан обл., Жамбыл ауд., Күлтөбе-Маманай қонысы – ө.ж.б.) – Орта жүз Ашамайлы Керейдің Бәйбіше Көшебе руы, Таузар тармағынан шыққан атақты батыр, әйгілі суырып салма ақын. Әкесі Толыбай көпке белгілі сыншы, анасы Ақбілек Арғын Айдабол бидің қызы екен дүр. Қ. ж. есімі елге ежелден белгілі болғанымен, соңғы уақыттарға дейін түрлі себептермен әдебиет тарихына енбей, қағаберіс қалып келді. Ол шежіреші, білімдар адам және араб, парсы тілдерін жетік білгендіктен, әз-Тәуке ханның сенімді елшісінің біріне айналған. Қ. ж. қазақ халқының шығу тарихын жырға қосып, «Ата-тек» деген дастан шығарады. Өз а-да мешіт-медресе ашып, бала оқытып, ислам дінін насихаттайды, шеберхана салдырып, елді қолөнеріне баулып, егін салуды қолға алады. 1688 ж. маусым айында Түркістан шаһары маңында Әз-Тәуке бастаған барша қазақ жақсылары 25 жастағы Қ-ді Орданың бас қолбасшысы, әрі бас ақыны етіп тағайындайды. Ол сол кездегі қоғ.-әлеум. жағдайды, Қазақ хандығының ішкі-сыртқы саяси хал-ахуалын жете біліп, әрдайым жырларына арқау етіп отырған. Қ. ж-дың жан-жақты қабілеті бар дарабоз тұлға екендігіне дәлел ретінде, оның басқа қасиеттеріне қоса, сыныққшы болғаны жайлы да деректер бар. Оған «Елшілік» деген өлеңі дәлел. Қ. ж-дың әдеби мұрасын жинап, сақтаған – Сегіз сері. Ол Қ. ж-дың «Елім-ай»,

«Баба тіл», «Жеті Жарғы», «Қабанбай батыр», «Ер Көкше», «Асан ата», «Ер Қосай», «Ер Жәнібек», «Қорқыт баба», «Ер Едіге», «Орақ батыр», т.б. шығ-ын жинап, бізге жеткізген. Осы дастандарының бәрінде ақын елді сыртқы жауға қарсы азаттық жолындағы күреске шақырып, қазақ халқының бірігіп, іргелі ел болуын армандап, соны жырға қосады. Бұл жағынан алғанда, Қ. ж. жыр еткен тақырып саяси жағынан өте маңызды. «Аңырақай», «Бозайғыр», «Күлдірмамай», «Шұбырынды», «Дабыл», «Сұлама» күйлері арқылы Қ. ж-ды күйшілік қырынан танимыз. Тақырыбынан белгілі болып отырғандай, күйлерінің тақырыбы да күрес, майдан, ел басына туған қиын кезең. Қ. ж. сол кездегі халық зарын күй тіліне айналдырды. Қ. ж-дың ақындық талантын танытқан, тарихқа атын қалдырған «Елім-ай» жыр-дастаны. Ел басына түскен ауыр апатты «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңін жыр тіліне көшірген шығ. 7 бөлімнен тұратын 3683 шумақ, яғни 14732 жол өлең. Қазақ әдебиетінде 11 буынды, 4 тармақты, қара өлең ұйқасымен шығ. жазудың негізін салушы Қ. ж. деп болжам жасауымызға болады. Оның көлемді дастандары осындай ойға жетелейді. Қ. ж-дың бұл дәстүрін кейін оның інісі Дәстем салдың немересі Жанкісі ақын, шәкірттері Көтеш, Жанақ ақындар одан әрі дамытып әкеткені белгілі. Қ. ж. біз үшін, жоғарыдағы ерекшеліктеріне қоса, Қаздауысты Қазыбектің замандасы болғаны және «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» апатына құшыраған ұлттың жан айқайын жеткізе алғаны үшін қымбат.

ҚОЖАХМЕТОВ Алтын (1917, Қарқаралы бол., Едірей бол. – 2015, Қарқаралы ауд., Мәди а. округі) – Қаздауысты Қазыбектің алтыншы ұрпағы: Қаздауысты Қазыбек – Бекболат – Тіленші – Берді – Божан – Қожахмет – Алтын. Ел ішінің әңгімесін және Ұлы бидің оқалы шапанын сақтап, бүгінгі ұрпаққа жеткізуші. Ғ-ға жуық ғұмырының көп бөлігінде малшы болып, ақтылы түлікті өрбітті.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚОЖАХМЕТОВ Өмірзақ Сембайұлы (02.1939, Ресей – 01.1995, Егіндібұлақ а.) – құрылыс саласының ардагері. Жетіж-дық мект. һәм Семей құрылыс техник. бітірген. Еңб. жолын «Карагандажилстрой» тресі құрылыс комбинатында бастап, «Монтажжилстрой» құрылыс басқармасында тас қалаушы, монтаждаушы, құрылыс шебері болды. 1964 ж. бастап а. шар-на келіп, өмірінің соңғы күніне дейін Егіндібұлақ көлемінде құрылыс жүргізуге қатысты. Ол басқарған бригадалар «Айрық» с/зы мен «Қаракөл» мамандand. шар. бірлестігінің орт. мекен, бөлімше, қыстақтарына тұрғын үй, мал қораларын салды. Сонымен бірге, мыңдаған шаршы м өндіріст., мәд., әлеум. нысандар тұрғызды. 1969-73 жж Егіндібұлақ а/ш басқармасында аға прораб, ПМК-1014 құрылыс кәсіпорнында материалдық экспед. маманы қызм. атқарды. Қ. сала басшылығы, қоғ. ұйымдар тарапынан біршама марапаттар иеленген.

ҚОЙШЫБАЕВ Қамысбай (1872, Қарқаралы уезі, Қу болысы – 1959, Егіндібұлақ ауд., Шарықты а. кеңесі) – малшы, Социалистік Еңбек Ері (1949). 1918-20 жж Қызыл Армия қатарында болып, 1920-38 жж Семей ет комб-ында, Майқайың алтын кенішінде (Павлодар обл.) жұм. істеді. 1938-56 жж Қу ауд-ның Ленин атынd. к/зда (кейінгі Егіндібұлақ ауд. Қазақстанның 40 ж-дығы атынd. с/зы) малшы болып еңб. етті. 1957 ж. зейнеткерлікке шықты. Мал басын өсіріп, өнім алуда жоғ. нәтижелерге қол жеткізді. Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталды.

ҚОНЫСБЕКОВ Мұрат (11.02.1941, Семей (қазіргі Шығ. Қазақстан) обл., Абыралы ауд.) – мал дәрігері, а. шар. ұйымдастырушы. 1971 ж. Қазақстанның 40 ж-дығы атынd. с/здың бас мал дәрігері қызм. тағайындалып, түрлі шар. қызм. атқарды. 1981-89 жж Абай атынd. с/здың дир-ы лауазымында, одан соң Егіндібұлақ (кейінгі Қазыбек би атынd.) ауд. тараған уақытқа дейін ауд. а. шар. басқ-да басшылық қызм. болды.

ҚОҢТӘЖІ (қонтайшы, хунтайшы) – 1635-1757 жж Бат. Моңғолия жерінде өмір сүрген Жоңғар хандығының ең жоғары дәрежелі билеушісі. Қ-ден кейінгі дәреже тайшы, ноян, зайсан, т.б. атақтар иеленген. Қаздауысты Қазыбек елшілік миссиямен Жоңғар хандығына барған кездерде ол елдің тағында Ғалдан Бошақты, Севан Рабдан және Ғалдан Церен Қ-лер отырған. Ауызша жеткен қазақ тарихы деректерінде жоңғар билеушілерінің есімдері мен лауазымдарының орны ауысып қолданыла беріледі.

ҚОҢЫРОВ Қайырбек (1940, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – фельдшер, Қазақ КСР денсаулық сақтау ісінің үздігі (1980). 1961 ж. Қарағанды мед. уч-сін тәмамдап, еңб. жолын Арқалық уч-лік ауруханасында бастады. Барлық саналы ғұмырында осы а-да қызмет атқарған ол мед. ғыл-ы жетістіктерін халық емшілігімен ұштастырып, тамыр ұстап науқастарға диагноз қоюда, сүйек сынықтарын емдеуде бірегей табыстарға қол жеткізді.

ҚОРАБАЕВ Рымбек Бекенұлы (1951, Қу ауд., Егіндібұлақ а.) – полиция подполковнигі, II саласының ардагері, Мемлекеттік автоинспекцияның үздік қызметкері. 1968 ж. Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ-ін, кейін өндірістен қол үзбей Қарағанды жоғ. милиция мект-ін бітірді. Еңб. жолын 1973 ж. Егіндібұлақ ауд. ІІБ-інің мемл. автомобиль инспекциясында жүргізуші болып бастаған ол бүкіл саналы ғұмырын мемл. жол-патруль қызм-іне арнады. Ол 1980 ж. өткен Мәскеу олимпиадасында жол тәртібін реттеуге, 1994 ж. Қаздауысты Қазыбекке ескерткіш қою үшін Ташкенттен жабдықтар жеткізуге қатысты. Қ. ІІМ сала басшылығының грамоталарымен, бірқатар мемл. наградалармен марапатталған.

Нәзипа АСҚАР

ҚОРЖЫНБАЕВ Мұрат Жүнісұлы (27.11.1943., бұр. Қу ауд.) – педагог, партия, а. ш. қызметкері. Қ. 1963 ж. Шарықты а. кеңесіндегі Энгельс атынд. ОМ физика және матем. пәндерінен сабақ берді. 1965-72 жж Егіндібұлақ аупарткомының үгіт және насихат бөлімінің нұсқаушысы болды. 1972-86 жж ауд. спорт ком-іне басшылық жасады. Ауыл спорты дамып, өркендеуіне үлкен үлес қосты. Сол кездері Егіндібұлақ өңірінің спортшылары Мәскеу, Фрунзе (қазіргі Бішкек), Ташкент қ-ларына барып, Кеңес Одағы деңгейінде ұйымдастырылған спорт шараларына қатысып, жүлделі орындар иеленді. 1986 ж. бастап ауд. а. ш. басқ-нда жетекші маман лауазымында еңбек еткен Қ. 1997 ж. Егіндібұлақ ауд. тарап, өзі зейнеткерлікке шыққанша қызм. қол үзген жоқ. Қ. ұзақ жылғы тындырымды қызметі үшін ҚР Туризм және спорт, А. ш. министрліктерінің Мақтау грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды.

ҚОСПАБАЕВ Дәуітқазы (т.-ө. ж-дары белгісіз) – өткен ғ-дың 1960-70 ж-дары Қазақстанның 40 жылдығы атынд. с/здың дир-ы, Егіндібұлақ ауд. атқару к-нің төрағасы қызм. атқарды.

ҚОЯНДЫ – ауыл, Қарқаралы ауд. қарасты а. округ орталығы, 1997 ж. дейін Қазыбек би (бұрынғы Қу, Егіндібұлақ) ауд. құрамында болды. Егіндібұлақ а-нан оңт.-бат. қарай 60 (?) км жерде, Талды өз-нің сол жағасында, Қарасор мен Балықтыкөл к-інің арасында орналасқан. Тұрғыны 0,7 мың адам (2003). Мұнда ОМ, клуб, ФАП, пошта бөл-сі, т.б. қоғ.-көпш. және мәд. орындар жұмыс істейді. Қ. а. іргесі 1936 ж. қаланған. 1961-97 жж Егіндібұлақ ауд-ндағы өзімен аттас, қой өсіретін с/здың орт. болды. Осы шар-қ негізінде Қояндыда және округке қарасты Атантай, Қорық, Шоқай а-дарында шар. қожалықтары құрылды. 1848-1930 жж мұнда Қоянды жәрмеңкесі (Қоянды-Ботов) өткізіліп тұрды.

ҚОЯНДЫ – таулар, 1) Қу – Балқантау өңірінің солт-де, Қарасу өз-нің оң жағалауында, Егіндібұлақ а-нан оңт.-бат-қа қарай 55 км жерде орналасқан. Ұз. мен ені шамалас – 3-3,5 км. Абс. биікт. 904 м. Девон жыныстарынан түзілген. Беткейлері тік, негізгі жыныстары жер бетіне шығып жатады. Қызыл қоңыр топырағында жусан, көде, бетеге, бұтадан қараған өседі. Аңғарларында әр түрлі шөп түрлерінен тұратын шалғын кездеседі; 2) Қу – Балқантау өңірінің солт.-шығ-ындағы, Егіндібұлақ а-нан солт.-шығ-қа қарай 75 км жерде орналасқан. Бат-тан шығ-қа қарай 6-7 км-ге созылып жатыр, ені 1,5-2 км-ге жетеді. Абс. биіктігі 657 м. Протерозой жыныстарынан түзілген. Беткейлері тік, аздап тілімделген. Қызыл қоңыр, сортаң араласқан топырағында жусан, көде, бетеге, селеу, қараған өседі. Қ. тауы аңғарларында шилі-бетегелі шалғын кездеседі.

ҚОЯНДЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ – 1848-1930 ж-дары өтіп тұрған Қоянды – Ботов жәрмеңкесі, Орт. Қазақстандағы ең үлкен сауда орны. Талды ө-нің Қарасор к-не құяр сағасына, Қарқаралы ст-нан 50 км жерде (бұрынғы Егіндібұлақ ауд-ндағы «Қоянды» кеңшарының орталығы) орналасты. Көпес В.Ботов Қоянды аңғарында жергілікті мал өсірушілермен сауда-саттық жасай бастап, одан соң мұнда Ресей мен Орта Азия көпестері келді. Мұнда тауарларды таңба алымынсыз әкелуге мүмкіндік жасалғаннан кейін сауда айналымы арта түсті. Қазақтар мал мен мал өнімдерін Ресей мен Еуропадан әкелінген өнеркәсіп бұйымдары

мен астық өнімдеріне айырбастап отырды. Айырбас сауда баламасы құнан қой (2 сом күміс) болды. Қ.ж. арқылы Ресейге қазақ бұйымдары—шекпен, жүн мата, тері мен былғары, Ресейден қылшық жүнді шұға, сәтен, бөз,қазан, таған, балта,пышақ, т.б. қарапайым а.ш. құралдары жөнелтілді. 25 мамырдан 25 маусымға дейін өтіп тұрған Қ.ж. Сібірді, Оралды, Орта Азия мен Шығыс Түркістанды қамтыды. 1870 ж. тауар айналымы 0,5 млн сомнан артты. 1885 ж. Қ.ж. жанында пошта бөлімшесі, 1889 ж.—телеграф, 1894 ж.—мемл. банк, 1912 ж.—сыртқы сауда жөніндегі орыс банкінің бөлімшелері ашылды. 1900 ж. Қ.ж-нде 30 магазин, 276 кішкене дүкен, 707 киіз үй, айналым қаржысы 1664,9 мың сом болды. Сауда-саттықтың негізгі нысаны мал (жалпы айналымның 60%-ы) болды. Саудаға жыл сайын 200 мыңнан астам жылқы, сиыр, қой мен ешкі түсті. Қ.ж-нің бір бөлігінде нан дүкендері, моншалар, қымызханалар мен шайханалар орналасты. «Ақсүйектер орамында» кеңселер, мейманханалар, мед., мал дәрігерлік, полиция учаскелері болды. Қ.ж-де сауда мен ойын-сауық және әлеум.-қоғамдық шаралар қатар жүргізілді. 1914 ж. I дүниежүзілік соғыс басталуына байланысты Қ.ж-нде сауда тоқтатылды. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін, 1918 ж. обл. Кеңес атқару комитеті Қ.ж. туралы ереже қабылданды. 1923 ж-дан Қ.ж. жыл сайын өткізіліп, экономикалық мақсатпен бірге саяси үгіт-насихат орталығына айналды. 1928 ж. жылжымалы киноқондырғы, халық үйі, кітапхана, балалар алаңы, медпункт жұмыс істей бастады. Радио хабары таратылып, Семейдің «Степная правда» газетіне қосымша «Ярмарочный вестник» шығарыла бастады. Қ.ж. ақындардың, балуандардың, халық циркі әртістерінің, т.б. өнер алаңына айналды. Мұнда Абай бірнеше рет болды. Әміре, Қали, Ғаббас, Иса, Майра ән шырқап, Қажымұқан күш өнерін көрсетті. Зәрубай, Жынды Омар, Қаллеки сияқты акробат-артистер халықты рухани қуанышқа бөледі. Қ.ж. М.Әуезов, С.Бегалин, Н.И.Анов, П.В.Васильев шығармаларында бейнеленген. Қ.ж. 1930 ж. жабылды.

ҚОЯНДЫ МТС – ҰОС-нан кейін, шалғайдағы а. шар. құрылымдарының машиналарына техн. қызм. көрсету мақсатымен ашылған кәсіпорын. Қу – Балқантау өңірінің Қарағанды қ-на ең жақын орналасқан елді мекені және бұрынғы жәрмеңке орнындағы ғимараттар мен құрылыс материалдары болғандықтан, станция ұйымдастыруға Қоянды а-ы таңдалып алынды. 1954 ж. Қарағайлы кен-байыту комб. жұмыс істей бастаған соң, оған тартылатын темір жол МТС-ті қажетті құрал-саймандармен, материалмен жабдықтау жеңілдей түседі деп жобаланды. Әйткенмен, тың және тыңайған жерлерді игеру барысында а. шар-ын дамытудың жаңа бағдарламалары қабылданып, жаңа с/здар ашылған соң, маш.-трактор жөндеу шеберханасы бүкіл қызметімен бірге ауд. орталығына – Егіндібұлақ а-на көшірілді. Сонымен бірге, бұрынғы жәрмеңке орнындағы ғимараттар талқандалып, жаңа құрылыс салуға қажетті материал ретінде пайдаланылды.

«ҚОЯНДЫ» СОВХОЗЫ – а. шар. кәсіпорны. Қу – Балқантау өңірінің бат-да орналасқан. 1961 ж. Қоянды маш.-трактор ст. мен К.Маркс атынд. к/здың негізінде құрылды. Орт. елді мекені – Қоянды а. Шар-тың мамандандырылған негізгі бағыты – қой және жылқы шар-ы. Жерінің жалпы көлемі 239025 га. 1988 ж. мәлімет бойынша с/зда 10500 га алқапқа дәнді дақыл тұқымы сіңіріліп, жайылымдарында 26558 бас қой-ешкі, 2061 жылқы, 1617 бас сиыр бағылған екен. Шар. 3583 мың сомның (рубль) өнімін шығарыпты. Мұндағы маш.-трактор паркінде әртүрлі маркалы 75 трактор, 38 астық комбайны және 35 жүк машинасы болды. С/здың орт. Қоянды мен Атантай, Қорық, Шоқай а-дарында ОМ, балабақша, 2 баст. мект., Мәд. үйі, 2 клуб, пошта байланыс бөл-шесі, кітапханалар, т.б. мәд.-тұрм. мекемелер жұм. істеді. Шар-тың 24 еңбекшісі орден-медальдармен марапатталды. Соның ішінде М.Әбдірахманов Ленин орденін иеленген еді.

Қ.СМАЙЛОВ АТЫНД. ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН №43 ОРТА МЕКТЕП – Егіндібұлақ а-ндағы байырғы білім ұясы. Қу – Балқантау өңірінде мект-тер кеңестік билік орнағанға дейін-ақ ашылған болатын. Кеңес төңкерісінен кейін жүрген түбегейлі өзгерістер нәтижесінде мұндағы капиталистік құрылыстың қалдықтары құрдымға кетіп, олар ертелі-кеш жаңа идеология талаптарына сай қайта құрылды. Кеңестік мект. жаңа шаңырақ көтерген Қу ауд. орт-да 1927-28 оқу ж-ында ашылды. Ол 1928-29 оқу ж-лы жетіж-дық мект-ке айналды. Кейін ауд-ның өмірінде елеулі рөл атқарған Ш.Ыбыраев, Қ.Ахметов, С.Нысанбеков

сияқты азаматтар сол мек-тің алғашқы оқушылары еді. Сонымен бір мезгілде жастар мект-і ашылды. Кеңес мект-терінде Ә.Омаров, Р.Әбеуов, З.Игіліков, Қ.Қоржымбаев, М.Мәскеев, Ж.Мақышев, С.Шәмшин және т.б. мұғ-дер сабақ берді. Қазіргі Қ.С. а. ЖББ №43 ОМ сол білім ұясының және Егіндібұлақ а-дағы білімнің қара шаңырағы №1 қазақ ОМ-інің заңды мұрагері. Аталмыш оқу ошағы 2001 ж. 1-қыркүйекте №43 ОМ болып ашылды. Бұл салтанатқа қазақтың тұңғыш ғарышкері, Халық қаһарманы Т.О.Әубәкіров қатысты. Қазір мұнда 41 мұғ. еңб. етеді. Олардың 14-і жоғары, 12-сі бірінші санатты білікті маман. Пед. ұжым өскелең ұрпақты заманауи талапқа сай оқыту мен тәрбиелеу ісінде елеулі табыстарға қол жеткізіп келеді. Бұл – респ-дағы жүз озат мект-тің бірі. ҰБТ сынағында үнемі үздік көрсеткіштерге иеленеді. Кейінгі 5 ж-да мект. бітірген түлектердің 6-ы Алтын белгі, 4-еуі Үздік аттестат иегері атанды. ҰБТ-да орташа білім сапасы 92,6 пайызды құрады. 2014 ж. Қ.С. а. ЖББ №43 ОМ Қарағанды обл. бойынша ең үздік он мект. санатына енді. 2015 ж. Үкімет қаулысымен мект-ке өңірдегі алғашқы жоғ. білімді мұғ-дердің бірі Қ.Смайыловтың есімі берілді. Қ.С. а. ЖББ №43 ОМ-ті 2001 ж-дан бері ҚР халыққа білім беру ісінің үздігі М.Адамов басқарады.

Қ.СМАЙЫЛОВ АТЫНДАҒЫ ЖББ №43 ОРТА МЕКТЕП ЖАНЫНДАҒЫ ИНТЕРНАТ-ПАНСИОН – коммуналдық мекеме. Білім ошақтарынан шалғайда орналасқан а. тұрғындарының және әлеум.- тұрм. жағдайы төмен отбасы балаларына арналған ин.-панс. 2010 ж. пайдалануға берілді. 210 баланың тәрбиеленуіне лайықталған мекемеде 2016-17 оқу ж-ында 120 бала тәрбиленуде. Үш қабатты ғимараттың төменгі қабатында музыка және спорт мектептері, жоғарғы бөліктерінде жатақхана орналасқан. Ин.-панс-та 36 адам қызмет етеді. Оның 5-еуі – тәрбиеші, 4-еуі – күтуші-тәрбиеші, 1-еуі – шар. меңг-сі, 2-еуі – медбике, қалғандары – жұмысшылар. Мекеме ашылған күннен оған Н.Қ.Жаппаров басшылық жасауда.

ҚУ, Балқантау – тау, Сарыарқаның шығ-нда, қазіргі Қарқаралы ауд-да. Абс. биіктігі – 1366 м. Бат-тан шығ-қа қарай 20 км-ге созылып жатыр, ені 15 км. Пермь гранитоидтарынан, делювиальды-пролювиальды шөгінділерден түзілген. Беткейлері өзен аңғарларымен, шатқалдармен, сайлармен тілімделген. Топырағы қызыл қоңыр. Беткейлері сирек қарағайлы тоғай болып келеді. Тауағарлық аңғарлары мен жыраларында тал, қарағай, қайың, түрлі бұталар, сондай-ақ, астық тұқымдас әртүрлі мөп өскен шалғындар кездеседі. Мұнда Қу орман шар-ғы орналасқан. Таудың оңт. баурайында Егіндібұлақ а. бар.

ҚУАНБАЙ Аманжол (15.03.1952, Қу ауд., Едірей а.) – а. шар. маманы, ақын, қаламгер, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Мичурин с/з-техн-ын, Целиноград (қазіргі Астана) а. шар. ин-ын бітірген. 1975 ж-дан жаңа құрылған «Айрық» с/зында механик, бригадир, жетекші маман, 1981-85 жж шар. кәсіподақ к-нің төрағасы, 1990-91 жж Егіндібұлақ ауд. партия к-і а. шар. бөл-інде нұсқаушы, 1992 ж-дан бастап Мәди атынд. с/з дир-ының ор-ы, бас маман қызм. атқарды. 2000-07 жж Арқалық а. округінің әкімі болып, 2008-15 жж Қарағанды қ. коммун. тасымалдау кәсіпорнында механик, жетекші маман, инж. лауазымы бойынша еңб. етті. Қ-дың тарихи, танымдық тақырыптағы мақалалары, деректі әңгімелері мерзімдік басылым беттерінде жарияланып жүр. «Аманат» деген атаумен очерктер мен эсселер кітабы (2013), «Қарқаралы Қазылық» атты өлендер жинағы (2017) жарық көрген. А. шар саласындағы ұзақ ж-ғы еңб. мен қоғамдық өмірге белсене қатысқаны үшін өкілетті және атқарушы тарапынан марапаттар иеленген.

ҚУАНЫШБАЕВ Қалибек (1893, Қарқаралы уезі – 1968, Алматы қ.) – актер, қазақ ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, КСРО халық артисі (1959), КСРО Мемл. сыйл. лауреаты (1952). Оның аталары қазіргі Ақжол а. округі өңіріне XIX ғ-дың ортасында Едірей өңірінен кеткен Құдайберлілер. Қ. 1922-1925 ж. Қоянды жәрмеңкесінде ұйымдастырылған ойын-сауыққа қатысып, өнер көрсетті. Қызылордада 1926 ж. қазақ драма театрын құруға қатысушылардың бірі болды. 1927 ж. Мәскеудегі этногр. концертке қатысты. 1928-64 ж. М.Әуезов атынд. қазақ драма театрының актері. Театрдағы таңдаулы рольдері Нысан Абыз, Тәнеке, Абай (М.Әуезовтің «Еңлік – Кебек», «Түнгі сарын», «Абайында»), Балуан (Ғ.Мүсіреповтің «Ақын трагедиясында»), Городничий (Н.В.Гогольдің

«Ревизорында»), Брабапцио, Баптиста (У.Шекспирдің «Отелло», «Асауға – тұсауында»). 1937 ж-дан киноға да түсті: Байбол («Амангелді»), Абай («Абай әлемінде»), Берғалиев («Алтын мүйізде»), Шыңғыс («Шоқан Уәлихановта»). Пед. қызметпен де айналысты—қысқа пьеса, әзіл-ажуа, сықақтардың авторы (жинақтары: «Острие»,1936; «Шаншарлар»,1962). 2-4 сайланған КСРО Жоғ. Кеңесінің депутаты. 2 рет Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Қ. құрметіне Қарағанды, Қарқаралы қ-ларында көшелер аталған. Қарқаралыда Қ. тұрған үйге мемориалдық тақта қойылған.

ҚУАНЫШЕВ Бейбіт Шалабайұлы (06.01.1967, Егіндібұлақ а.) – заңгер, әділет кеңесшісі. Егіндібұлақ а. ОМ, 1991 ж. ҚарМУ-дың заң ф-тін бітірген. Содан бері прокуратура органдарында қызм. атқарды. Қарағанды қ. Октябрь ауд. прокуратурасының тергеушісі, Ленин (қазіргі Қазыбек би атынд.) ауд. прокуратурасының аға тергеушісі, обл. прокуратурасының аса маңызды істер бойынша аға тергеушісі, Қарқаралы ауд. прокурорының ор-ы, Саран, Шахтинск қ-лары прокурорының ор-ы, Шет, Ақтоғай ауд. және Қаражал қ-ның прокуроры, 2012 ж. соңына дейін Қарағанды қ. Октябрь ауд. прокуратурасында тергеу және анықтау заңдылығын қадағалау бөл-нің бастығы қызм. атқарды. 2012-13 жж. Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес департаменті (қаржы полициясы) тергеу басқармасының бастығы қызм. атқарып, еңб. өтіліне орай зейнеткерлікке шықты. ған. Қ. әлі де қоғ. өмірінен тыс қалмай, «Нұр Отан» ХДП Қарағанды обл. филиалының бөл. меңг-сі лауазымында еңб. етуде. Қызм. міндеттерін үлгілі атқарғаны үшін Қ. бірнеше мемл. марапаттарға ие болды.

ҚУАНЫШЕВ Шалабай (1938, Семей обл., Абыралы ауд. – 2016, Қарағанды қ.) – партия, кеңес қызметкері. 1960 ж. Семей зоотехн.-мал дәрігерлік ин-ын, 1978 ж. Мәскеу Жоғ. партия мект. бітірген. Еңб. жолын Егіндібұлақ ауд-ндағы мал дәрігерлік стансада бастады. Біраз уақыт ауд. а. шар. басқармасының бастығы, 1974-76 жж. Егіндібұлақ ауд. кеңесі атқару к-нің төрағасы, 1978-87 жж. Қазақстан КП Егіндібұлақ ауд. к-нің бірінші хатшысы болды. Қазақстан КП XV-XVII съездерінің делегаты, ОК тексеру комиссиясының мүшесі болып сайланды. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған. ---

ҚУ ОРМАН-ТОҒАЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – Қарағанды обл. әкімд-нің Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқ-ның «Орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Қу шаруашылығы» коммун. мемл. мекемесі. Патшалық Ресей тұсында Қу және Бақты орман саяжайлары Семей губ. қазыналық мемл. мүлік басқ-ның Қарқаралы орманшылығы құрамында болды. Кеңестік билік тұсында аталған орман саяжайлары мемл. орман қорына беріліп, жергілікті маңызы бар орман құрамында болды. 1938 ж-дан бастап бірнеше мәрте құрылымдық өзгеріске түскен табиғат байлығы 1947 ж-дың соңында «Қу орман шаруашылығы» болып құрылды. Оның атауы ғана емес, көлемі де дүркін-дүркін өзгеріске түсіп тұрды. Мыс., 1954 ж. анықтама бойынша, мекемеге қарасты орман алқабы 32503 га аумақты құрады. Оның ішінде Қу орман саяжайы 20512 га, Бақты орман саяжайы 11991 га болды. Қазіргі таңда мекемеге қарасты аумақ көлемі 25192 га. Мұндағы негізгі орман құраушы өсімдіктер қарағай, қайың, көктерек, терек, шегіршін, балқарағай, т.б. ағаштар мен арша, итмұрын, тобылғы, шырғанақ (бүрген), сары қараған, ырғай, тал, ұшқат тәрізді алуан түрлі бұталар. Қ. о.-т. ш-ның аумағында ерекше қорғауға алынған елік, арқар, бұлан тәрізді тұяқты жануарлар мен құр, сұр шіл сияқты құстар, сондай-ақ, жыртқыштардан қасқыр мен түлкі, сирек жағдайда сілеусін, ақ қоян мен сұр қоян, т.б. ірілі-ұсақты аңдар кездеседі. Мекемеге қарасты өңірде аң аулауға, ұяларды, індерді, апан мен басқа да аң-құс мекендейтін орындарды бүлдіруге, жұмыртқа жинауға, жануарлардың өлім-жітімін туғызатын, табиғатқа кесел тигізетін әрекеттер жасауға жол берілмейді. Сол сияқты, қорғауға алынған өңірде өсімдіктер мен жануарлардың бөтен түрлерін жерсіндіру жұм-ына да заңмен тыйым салынған. Қ. о.-т. ш-ның өсіп-өркендеуіне, табиғаттың бүгінгі бет-бейнесі қалыптасуы үшін мекемеге әр ж-дары басшылық жасаған А.Ысқақбеков, М.Шәмшиев тәрізді азаматтар көп еңб. сіңірді.

ҚҰДАЙБЕРЛІ – шежіре деректері бойынша Бұлбұл бабаның Құбакемпір есімді әйелінен туатын бес ұлдың бірі – Шаншардың еншілес інісі. Қ. атадан тарайтын ұрпақтар XIX ғ-дың ортасына дейін Қу – Балқантау өңірінде тұрып, Едірей болысы құрамында болды. Тек қоныс пен өріс тарылғандықтан, XIX ғ-дың ортасында олардың дені Нұрбике-Шаншар елінің биі Тәттімбеттің көмегімен Тоқпан тауының құбыласынан қоныс алып, ірге аударды. Едірей болысы аумағында шамалы шаңырақ қалды. Қ. атадан қазақ сахнасының саңлақтары Қ.Қуанышбаев, Р.Қойшыбаева, ағайынды Толыбаевтар, Кеңес Одағының Батыры М.Мамыраев, тұтас түрік жұртының мақтанышы, Алаштың алғашқы ғарышкері Т.Әубәкіров, т.б. толағай тұлғалар тарады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚҰЛЖАНБЕКОВ Әсембай (02.01.1913, Қарқаралы уезі, Қу болысы – тыл ардагері, кенші. Әке-шешеден ерте айырылған бала 13 жасында Қарағандыға келіп, 8/9 шахтада әр түрлі жұм. атқарды. Келе-келе атақты шахтерлер сапына қосылып, кейін бригадир болды. ҰОС ж-дары атқарған жанқиярлық жұм. нәтижесінде Еңбек Қызыл Ту және Ленин ордендерімен марапатталды. Қ. зейнеткерлікке шыққан соң, 1963 ж. туған а-на көшіп келді, мұнда да қол қусырып отырмай, қоғ. пайдалы еңбекпен айналысты. Ұрпақтарына жақсы өнеге берді.

ҚҰЛНАЗАРОВ Анатөлі (Анатолий) (18.02.1946, Шығ. Қазақстан обл., Лениногорск (Ридер) қ./ Қу – Балқантау өңірінің тумасы) – педагог, ғалым, қоғам қайраткері, пед. ғыл. докторы (1999), проф. (2002). 1964ж. Өскемен қ. Жамбыл атынд. мект.-ин-ты, 1969 ж. Өскемен мемл. пед. ин-ның дене тәрбиесі ф-ін тәмамдаған. 1969-70 жж Ұлан ауд. Жамбыл атынд. ОМ-те дене тәрбиесі пәні мұғ-і, 1970-71 жж Шығ.Қазақстан обл. БЖСМ дир-ның оқу ісі бойынша ор-ы, жеңіл атлетикадан обл. құрама командасының жаттықтырушысы, 1971-72 жж Өскемен пед. ин-ы дене тәрбиесі ф-інде оқытушы, 1972-76 жж Шығ. Қазақстан обл. халыққа білім беру бөл-де дене тәрбиесі және алғашқы әскери дайындық мәселелері бойынша мект. инспекторы, 1976-79 жж респ. спорт мект.-ин-ы (Алматы) дир-ның ор-ы, 1979-82 жж Қазақ КСР Оқу-ағарту мин-лігі дене тәрб. бөл-нің, кейін басқ. бастығы, 1982-85 жж Қ.Мұңайтпасов атынд. спорт мект.-ин-ының дир-ы, 1985-87 жж Қазақ КСР Оқу-ағарту мин-лігі дене тәрбиесі басқ-ның бастығы, 1987-89 жж Қазақ КСР мемл. спорт к-і оқушы жастар және спорттық резерв бөл-нің бастығы, 1989-91 жж Қазақ КСР Жастар ісі, дене тәрбиесі және спорт мемл. к-і бастығының ор-ы, 1991-93 жж ҚР Білім мин-лігі дене тәрбиесі және спорт басқ-ның бастығы, 1993-97 жж ҚР жастар ісі, туризм және спорт министрінің бірінші ор-ы, 1997-98 жж Білім, мәдениет және спорт мин-лігі департаменті дир-ының, Туризм және спорт к-і төрағасының ор-ы, 1998-99 жж ҚР Денсаулық, білім және спорт мин-лігі Спорт және дене тәрбиесі к-інің төрағасы, 1999-2000 жж ҚР Премьер-министрінің кеңесшісі, 2000-06 жж БжҒМ Ұлттық ғыл.-практ. дене тәрбиесі орталығының бас дир-ы, 2006-10 жж Спорт және туризм мин-лігі Спорт к-нің төрағасы, 2010-11 жж VII қысқы Азияданы ұйымдастыру к-і жанындағы атқару дирекциясының президенті, 2011-12 жж Лондон олимпиадасына спортшылар даярлау кешенді ғыл. топтың жетекшісі қызм. атқарды. Қ. 2005 ж. Петров Ғылым және өнер академиясының (Ресей) 59-шы мүшесі болып сайланды, 2016 ж. П.Ф.Лесгафт атынд. дене тәрбиесі, спорт және денсаулық ун-нің (Санкт-Петербург) Құрметті докторы атағын иеленді. Ол көптеген мемл. наградалармен марапатталған.

ҚҰНАНБАЙ Өскенбайұлы (1802(4), Қарқаралы уезі, Шыңғыстау бөктері – 1886, сонда) – Абайдың әкесі, аға сұлтан, қоғам қайраткері. Әуелде шағын а-ды, одан соң Тобықты елін билеген Қ. күшейе келе Қарқаралы дуанын басқаратын дәрежеге жетті. Қ-дың төрт әйелі болды. Бәйбішесі Әйбөбектен (Күңке) Құдайберді; 2-ші әйелі Ұлжаннан Тәңірберді, Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан; Айғыз деген әйелінен Халиолла, Смағұл және Камшат деген қыз туады; 4-ші әйелі Нұрғанымнан ұрпақ жоқ. Қ-дың қоғамдық жұмысындағы игілікті қызметі-- оқу-ағарту қызметіне ерекше мән бергені. Мұсылманша оқумен бірге, заман талабына сай орыс оқуына да ден қояды. 1845ж. шекара басқармасына қазақша-орысша сауаты бар мұғалім сұрап, хат жазады. Ескі там деген жерде мектеп ашып, Ғабитхан Ғабдыназарұлы деген ноғайды мұғалім етіп ұстайды. Қ-дың өз балалары мен туыстарының ұрпақтары алғашқы сауатын осында ашқан. Ол балаларының ұзап оқуына ынталы болды.

Абайды Семейдегі медресеге берді, Халиолланы 1858 ж.Омбы кадет корпусына оқуға енгізді. Одан соң Мәскеудегі әскери уч-де оқуына мүмкіндік жасады. Қ.1849 ж. Қарқаралыда мешіт, 1874-75 ж. қажылық сапармен Меккеге барып, онда Орта Азия елдерінен барған адамдар түсетін үй—Тәкие салғызған.

ҚҰНДЫЗБАЙ Кеңгірбайұлы (1879, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1.04.1975, Егіндібұлақ ауд., Едірей а.) – жыршы, кеудесі көмбе, шежіре қария. Сарыбұлақтағы Жайсақ қажы медресесін бітірген. Шар. баққан Қ. кеңес өкіметі орнаған соң, сауаттылығы арқасында ауылнай, қойма меңг-сі, к/зшы болды. Туған жерінің тарихын, онда өткен оқиғаларды және «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», т.б. лироэпостық және эпостық жырларды жатқа білетін Қ. Қаздауысты Қазыбектің дүниеге келгені және көшінің басын Едірейге тіреген кезде ордасын тіккен қонысы жайлы ақпарат берген-ді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚҰРМАНҒАЗЫ Сағырбайұлы (1818, Бөкей хандығы, қазіргі Бат. Қазақстан обл., Жаңақала ауд., Жиделі қон. – 1889, РФ, Астрахан обл., Құрманғазытөбе) – қазақтың ұлы күйшікомпозиторы, аспапты музыка өнерінің классигі. Шыққан тегі – Кіші жүз, он екі ата Байұлы бірлестінің Қызылқұрт руынан. Қ-ның әкесі Сағырбай өнерге мойын бұрмаған, шаруа адамы болған. Ал бесінші атасы Балтабай домбыраға тіл бітірген өнерпаз екен. Қ-ның бала кезінен ең айтқыш, ең сезімтал тілі қос ішекті домбыра көмейінен шығатын күй тілі еді. Ол сахараның дәулескер күйшісі Соқыр Есжанды алғаш көріп, тыңдасымен-ақ домбыраның тілін мен ділін түсінеді. Өз замандастары Шеркеш, Байжұма, Баламайсан сияқты күйшілердің күйін құныға тартып, музыка мұхитына тереңдей түседі. Тікелей ұстазы – Ұзақ күйші. Қ-ның ғұмыр кешкен уақыты, әсіресе оң солын танып, өмір-тіршілікке белсене араласа бастаған кезі мейлінше күрделі еді. Бұл кезең патшалық Ресей жүргізген отаршыл саясаттың ең бір қарқын алған, әбден құныққан, шектен шыға басынған кезі болатын. Қашанда ел басына келген нәубеттің ауырлық тауқыметі ең алдымен еңсесі биік ерлердің иығына түсетін әдеті. Замана зобалаңы Қ-ны да от-жалынымен шарпып бағады. күйлері замана басқа салған зобалаңның бір-бір бекеті сияқты. 1830 ж. Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған, Жәңгір ханға қарсы көтеріліске Қ. да қатысады. Сол жолы «Кішкентай» деген күй шығарады. 1857 ж. Қ. түрмеге отырғызылып, Сібірге айдайын деп жатқан жерден қашып құтылады. Екінші рет оны Орынбор түрмесіне қамайды, бірақ ген.-губерн. Перовскийдің қолдауымен бостандыққа шығады. Замана зобалаңы Қ-ны да от-жалынымен шарпығандықтан, күйлері замана басқа салған зобалаңның бір-бір бекеті сияқты. Ол қатал тағдырдың кез келген талқысына өнерімен жауап беріп, өнерімен белгі қалдырып отырған. Мысалы, түрме тақырыбына бірталай күй шығарады: «Қайран шешем», «Ертең кетем», «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан», «Арба соққан», «Бозқаңғыр», «Терезеден-есіктен», «Бозшолақ», «Перовский маршы», «Не кричи, не шуми», «Бұқтым-бұқтым», «Пәбескі», «Аман бол, шешем, аман бол», «Машина». 1880 ж. Астрахан түбіндегі Сақмар қонысына көшеді. Қауым арасында құрметке бөленген Қ. жанына Дина Нұрпейісова, Ерғали Есжанов, Меңдіғали Сүлейменов сынды мирасқорларын жинайды. Сол дәуірде әйгілі болған Көкбала, Менетай, Меңқара, Сүгірәлі, Торғайбай, Шора сынды домбыра тарту шеберлері де Қ-ны ұстаз тұтқан. Қ. – өмірге ғашық күйші. Тіршіліктің нұрлы сәттеріне балаша қуанып, қалтқысыз сезімге бөленеді. Оның «Қызыл қайың», «Ақжелең», «Сарыарқа», «Адай», «Балбырауын», «Серпер», «Назым», «Балқаймақ», «Ақсақ киік», «Төремұрат», «Қуаныш», т.б. өмірге, сұлулыққа ғашық адамның жүрек лүпіліндей әсерлі. Қ. адамзаттың бірнеше ұрпағының тағдырына ықпал ететін құбылыстардың сырына бойлай еніп, ой толғайтын суреткер ретінде айрықша бағалы. Айталық, «Көбік шашқан», «Кішкентай», «Жігер», «Ақбай» тәрізді шығ-ларын Қ. өмір сүрген қоғамның тарихи-әлеум. болмысына ойшыл жанның көзқарасын білдіреді. Ерекше даралап көрсететін әңгіме «Сарыарқа» күйі жайлы – туып-өскен ортасынан пана таппай, Үркітке жер аударылған Қ. түрмеден қашқан бетінде Бөкей ордасына тартып кетпей, Сарыарқадағы күй күмбезі Тәттімбетке келіп, бірер жыл паналаған дүр. Өзінің рухы көтеріліп, көлігі қоң жинаған Қ. шалқаған даланың кескін-келбетіне шаттанып, өнер өрісіндегі қанаттас ағасына алғыс, қонақжай елге ризашылық

ретінде «Сарыарқа» деген керемет күйді тартады. Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйін осыған жауап ретінде шерткен деген аңыз бар. Қ-ның есімі Астана мен Алматының, обл. орт-тары мен үлкен қ-лардың көшелеріне, мемл. консерваторияға (Алматы), мект-ге берілген. Қарағандының халықар. әуежайы «Сарыарқа» деп аталып, онда Қ-ның мүсіні қойылған.

ҚҰСАЙЫНОВА Мейрамгүл Әйтікқызы (9.05.1967, Егіндібұлақ ауд., Теректі а.) – ғалым, тарих ғыл. кандидаты, филол. ғыл. докторы (2011), ҚР білім беру ісінің үздігі (2000), Қазақстан ЖОО үздік оқытушысы (2009). 1984 ж. Теректі а. Энгельс атынд. ОМ, 1989 ж. Е.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інің тарих ф-ін бітірді. Еңб. жолын Қарағанды қ. №25 ОМ-те тарих пәні мұғ. қызм. бастап, келесі ж. Е.Бөкетов атынд. ҚарМУ-ға шақырылып, 1990-95 жж Қазақстан тарихы кафед-сында оқытушы қызм. атқарды. 1995 ж. Абай атынд. Қазақ Ұлттық пед. ун-інің (Алматы) аспирантурасына қабылданды. Ғыл. ізденістері нәтижесінде «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси өмірі тарихи ауызша дәстүр туындыларында» тақырыбында дисс. қорғады. 1995-2011 жж Абай атынд. ҚазақҰПУ-да, С.Демирел атынд. халықар. ун-те, Қазақстан – Британ техн. ун-інде оқытушы, аға оқытушы, доцент қызм. атқарды. Ғыл. қызығушылық арнасын кеңейтіп, қазақ тілі мен әдеб. мамандығы бойынша докторантурада оқып, «Қазақ тарихи жырларындағы Кенесары Қасымұлы бейнесі» тақырыбында диссертация қорғады. Әлемнің озық оқу орындары – Лейден (Нидерланды), Барселона (Испания), Сорбонна (Франция), Висконсин (АҚШ) ун-інде кәсіби біліктілігін жетілдіріп, арнайы семинар-тренингтерден өтті. АҚШ, Италия, Испания, Түркия, Қытай, Үндістан, Оңт. Корея, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан елдерінде өткен ғыл. конференцияларға қатысып, зерттеулерін ғалымдар талқылауына салып, тәжірибе жинақтап келеді. Қ. 2011 ж. ДББҰ Назарбаев ун-і Әлеум.-гуманит. ғыл. мект-нің Қазақ тілі, әдебиеті және мәдениеті кафед-на қауымдастырылған проф. лауазымына қызм. қабылданды. Қазіргі таңда Қазақстан тарихы, қазақ мәд-і, қазақ әдеб., қазақ музыка тарихы курстары бойынша дәрістер оқиды. Қ. – 2 монография, 5 оқулық, 14 оқу-әдістем. құрал, 30-дан астам ғыл. мақала авторы. Ол Алғыс хаттармен және Мақтау грамоталарымен марапатталған.

ҚҰСАЙЫНОВ Қайырбек (9.07.1947, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – инж.-механик, психолог, Құрметті машина жасаушы. ОМ тәмамдаған соң бірден еңб. араласып, «Ленинуголь» тресіне қарасты №47 шахтада жер асты жұм-шысы болды. 1973 ж. Қарағанды политехн. ин-ын, 1980 ж. марксизм-ленинизм ун-ін бітірді. Әскери борышын атқарып келгеннен кейін, 1975-85 жж Қарағанды автожөндеу зауытында инж.-технолог, уч. шебері, өндіріс бөл. бастығы, дир-дың өндіріс жөніндегі ор-ы, 1985-96 жж Көкшетау автожөндеу зауытында дир, бас дир, 1996-99 жж Көкшетау қ-ның әкімі, 1999-2006 жж «Тыныс» АҚ-нда дир, бас дир., дир-лар кеңесінің төрағасы, 2006 ж. бері «Машина жасаушылар салалық кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Қ. ұзақ ж-ғы жемісті еңб. үшін «Құрмет» орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

ҚҰСАЙЫНОВ Теміржан (Темеш) (25.08.1940., Сарытау а. кеңесінің Доғалаң а.) – дәрігер. 1958 ж. Егіндібұлақ ОМ, 1962 ж. Қарағанды қ. медицина училищесін бітірді. Еңб. жолын Егіндібұлақтың Абай атынд., «Доғалаң», «Қаратау» с/здарында фельдшер-акушер болып бастады. 1968 ж. Қарағанды мемл. медицина ин-тына түсіп, оны ойдағыдай бітіріп, Теміртау қ-да еңбек етті. 1975 ж. Егіндібұлақ өңіріне оралып, 1985 ж. дейін Абай атынд. с/зда учаскелік дәрігер, кейін ауд. ауруханада терапевт, бас дәрігердің ор-ы болды. 1994 ж. зейнеткерлікке шыққан соң да мамандығы бойынша ұзақ еңбек етіп, ел құрметіне бөленді. Абыройлы еңбегі үшін Қ. көптеген мемл. марапаттар иеленген.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

ҚҰСБЕК Тәукеұлы (1802 – ө.ж.б.) – Бөкей ханның ұрпағы, қоғам қайраткері. Әуелде Қара-Әйтімбет болысына, одан кейін екі рет (Құнанбайға дейін және одан кейін) Қарқаралы дуанына аға сұлтан болып сайланған. С.-Петербургте патша сарайында да болған. Талды, Жарма ө-нің бойын жайлап, Қараша тауын қыстаған. Осы өңірде ел билеген Алшынбай, Құнанбай, Шорманның Мұсасы, Тәттімбет, Баймұрын сияқты атқамінерлермен қатар жүріп, ел істерін бірге шешіп отырған.

ҚҰТТИНА Мәниза Мұқанқызы (1947, Қу ауд., Ақтасты а.) – агроном, экономист. Қарабұлақ а-ындағы орталау мект-ті, 1968 ж. Мичурин с/з-техн-ын бітірді. Жас маман «Комсомол» с/зына оралып, 17 ж. агроном, 1986-96 жж с/здың еңб. жөніндегі экон-і қызм. атқарады. Қ. а. шар. өндірісін шебер ұйымдастырушы, жұбайы Қабыл Құттин құрған шар. қожалығында есепші жұм-ын шығарды. Қ.Құттин қайтыс болған соң, жұбайының ісін жалғастырып, «Балқантау» шар. қожалығына жетекшілік жасады. Ол көптеген мемл. наградалармен марапатталып, 2012 ж. Қарағанды обл-ның табысты фермері атанды. Қ. бесінші шақырылған Қарқаралы ауд. мәслихатының депутаты.

Нәзипа АСҚАР

ҚҰТТИН Қабыл Нескейұлы (15.09.1941, Қу ауд., Алғабас а. кеңесі – 2005, Қарқаралы ауд., Балқантау а. округі) – мал дәрігері, инж., а. шар. ұйымдастырушы, Қарқаралы ауд. Құрметті азаматы (2004). ОМ-ті, 1961 ж. Қарқаралы зооветтехн.,1982 ж Қазақ мемл. а. шар. ин-ын бітірген. Еңб. жолын 1961 ж. Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/зда мал дәрігері болып тастады. 1967 ж. «Комсомол» с/зына ауысып, мал дәрігері, механизатор, т.б. жұм. істеді. 1976-82 жж с/з кәсіподақ к-інің төрағасы, 1982-86 жж шар-тың бас инж-і, 1986-96 жж дир-ы қызм. атқарды. Қ-ның ұйымдастырушылық таланты, әсіресе, 1996-2005 жж «Балқантау» шар. қожалығын ұйымдастырып, оның жетекшісі болған жылдары жарқырай ашылды. Ол а. округке қарасты өңірде егіншілік пен мал шар. қатар өркендетіп, күйзелістен аман алып қалды. Мал бордақылау алаңын, мал азығын әзірлеу, тон тігу, шұжық жасау цехтарын, спирт зауытын, аң фермасын ашып үлгерді. Әлеуметтік салаға да қатты көңіл бөліп, а-ға су құбырын тартқызды, көшелерді абаттандыру, жолдарға асфальт төсету жұм. жүргізіп, округ орт-да спорт кешенін салғызды. Қ. шар. қожал-да жұм. істеген еңб. озаттарына тек 2000-01 жж ғана 11 автомашина сыйға тартты. Тұрмысы төмен отбасы мен адамдар әрдайым оның қамқорлығында болды. Еңбек Қызыл Ту, Халықтар достығы ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған Қ. ауд. мәслихаттың 3-4 шақырыл-на депутат болып сайланды.

Нәзипа АСҚАР

ҚЫЗДАРБЕК Төребайұлы (1850, қазіргі Шет ауд., Ақтас-Шалтас қыст. – 1922, сонда) – Тәттімбет мект. тәлім алып, қалыптасқан домбырашы-күйші. Шыққан тегі – Орта жүздегі Арғын тайпасының Қаракесек руынан. Одан әрі – Бошан – Машай – Кәрсөн тармағынан өрбиді. Жасында Итаяқ күйшіден тәлім алған Қ. өз дәуірінде шебер орындаушылығымен аты шыққан. Ол Тәттімбет, Тоқа, т.б. композиторлардың шығ-ларын («Сылқылдақ», «Сылқымқыз», «Терісқақпай», «Майда қосбасар», «Жұбаныш», т.б.) тартумен бірге өз жанынан да күй шығарған. Дайрабай, Аққыз, Әбді, Кенжеқара, Мақаш, Ақмолда, Сембек, Кәрібек, Бегімсал, т.б. күйшілер кезінде Қ-тен тәлім-тәрбие алған шәкірт өнерпаздар. Арқа төсінде қалыптасқан күйшілік мектептің дарынды өкілі Қ. әсіресе, Тоқырауын өз. бойындағы күйшілік өнер дербес ерекшелікпен қалыптасуына айрықша ықпал етті. Қ. Арқаға аты мәлім Тәттімбетке тәу етіп, Тоқа, Итаяқ сияқты дәулескер күйшілердің алдын көріп, олардың тегеурінді өнерінен тағылым алған. Қ-тің асқан домбырашылығына қатты сүйсінетін Тоқа өз күйлерін ерінбей үйретіп, тартқызып отыруды ұнатады екен. Қ. күйге жанымен беріліп, өзге әлемді ұмытып тартқанда мұрнынан су ағып кеткенін де байқамайтын болса керек. Сонда Тоқа, жасының үлкендігіне бағып, «Апыр-ай, Қыздарбек-ай, жорғалығыңда мін жоқ-ау, тек екі қолыңды кесіп алып қап, өзге жеріңді итке тастаса да болар еді» – деп әзілдейді екен. Қ. Арқа күйлерін мейлінше көп білген. Ол білгенін өкше басар өнерпаздарға үйретіп отырған. Өз кезегінде Қ-тің шәкірттерінен Әбікен Хасенұлы, Мағауия Хамзин, Әпике Әбенова, Мұхаметжан Тілеуханов, Сыматай Үмбетбаев сияқты өнерпаздар тағылым алды. Сахара төсінде толассыз туындап жататын ұлы мұра ұрпақтан ұрпаққа осылай жұғысты болып отырды. Ең ғажабы, сахара тұрғындарының азат рухы дәстүрінде қапысыз талғам арқылы нағыз асыл туындылар ғана сұрыпталып, іріктеліп, ұрпаққа аманат етіліп отырған. Көшпелілердің төлтума өнерін адам сезімі мен қабілетінің шырқау биігіне көтерген тетіктің құдірет сыры да осында болатын. Қ-тің өзі де, ол тәлім алып өскен ортасы да осы дәстүрді кие тұта білген. Қ-тің соңында «Жұбату», «Қосбасар», «Сылқым қыз», «Терісқақпай», «Толғау», «Уа, дүние», т.б. күй мұрасы қалды.

ҚЫЗЫЛТАУ – Сарыарқаның орт. бөлігіндегі аласа тау жотасы. Оның шығ. сілемдері Қу – Балқантау өңірінің солт-де, негізгі бөлігі Павлодар обл., Баянауыл ауд. жерінде орналасқан. Солт.-бат-тан оңт.-шығ. қарай, Еспе өз. аңғарынан Балатүндік өз. аңғарына дейін 65 км-ге созылып жатыр. Ені 10-15 км. Абсолюттік биікт. – 1055 м (Әулие шыңы). Күмбез, шошақ тәрізді денудациялық аласа таулар мен ұсақ шоқы, төбелер тобынан тұрады. Беткейлері сайлармен тілімделген. Етегінде бұлақтар бар. Таулар соңғы тас көмір, пермь кезеңдерінің граниттерінен, төменгі және орта девон жыныстарынан түзілген. Тау етектерін төрттік дәуірдің делювийлік-пролювийлік шөгінділері жауып жатыр. Қ-дың қоңыр топырағында қараған, тобылғы, сұлыбас, қылқан селеу, бетеге, жусан өседі. Мал жайылымы ретінде пайдаланылады.

ҚЫЗЫЛШІЛІК – Едірей туының ішіндегі қоныс, Керегетас жотасының оңт. беткейі, тал мен шілік аралас өскен, қалың шалғынды өлке. Ауыздан ауызға жеткен деректер бойынша, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында Сырдың бойынан ауа көшкен Орта жүз ру-тайпаларымен бірге Сарыарқаға қоныс аударған Қаракесектерді бастап келген Қаздауысты Қазыбек 1730 ж-дары Едірей тауларына көш басын тіреп, Қ-ке ордасын тіккен екен.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚЫМЫЗ – жылқы сүтінен әзірленетін, дәмі қышқыл сүт өнімі. Қазақ халқының ас мәзірін Қ-сыз көзге елестетудің өзі мүмкін емес. Бұл ғажайып сусын қазақ, қырғыз елінде өтетін салтанатты думандарда қадірлі меймандар алдына бірінші кезекте тартылады. Қ. – халқымыздың ғ-лар бойы үздіксіз пайдаланып келе жатқан ұлттық тағамы. Ол тек тағам емес, сонымен қатар халықтың қасиетін, дәулетін, салтанатын, байлығын, мырзалығын, дастарқан берекесін білдіретін ырыс белгісі. Қазақтың жолаушы мен жүргіншіге, құдайы қонаққа ең алдымен ұсынатын дәмі – Қ. Жақсы-жайсаңдар мен бай-бағландар бір-бірінен иық асыру үшін ең алдымен Қ. құйған сабасын айтып мақтанған. Көшпелі жұрттың торқалы той, топырақты өлімі Қ-сыз өтпейді. Ел билеген мықтылар және осы мақсатта талап жасағандар әкелері мен аталарының құрметіне ас беріп, даңқын шығарған. Мысалы, Тобықтының Құнанбайы қалың қаракесектің ортасында, Көкшетауда әкесі Өскенбайға ас береден бір ж. бұрын үш жүзге сауын айтып (яғни Қ. әзірлеу жөнінде тапсырыс беріп), хабар салған. Көңіл жетер ағайын бұл шақырудан қалмайды. Сойыс малы мен сабасын әзірлеп, бәйгеге қосатын жүйрігі мен күресетін балуанын баптап, ас өтетін жерден табылады. Құнанбайдың даңқы осы Өскенбайдың асынан кейін аспандап, Алшынбаймен дос, құда болып, соңы Қарқаралы дуанына аға сұлтан боп сайлануға апарады. Басқа тағамдарға қарағанда Қ. дайындаудың әдіс-тәсілдері, салт-дәстүрлері, ырымдары мен кәде-жоралары көп. Осынау қасиетті де шипалы сусын жайлы талай өлең-жырға арқау, мақал-мәтелге өзек болды. «Сары қамыз: бойға – қуат, ауруға – ем, дәрі қымыз» деп дәріптеген аталарымыз қыз баланың болашақта қандай ошақ иесі, ана, бәйбіше болып, үй берекесін келтіретінін Қ-ды баптауына қарап бағалаған. Осы ретте «Бәйбішеге жарасар қолындағы піспегі» деген мәтел айтылды. Ақты төгу, аяққа басу күнә деп есептеген бабаларымыз ішілмей, ыдыс түбінде қалған Қ-дың өзін рәсуа қылмаған. Қазақтар, олардың ата-бабалары – осыдан мыңдаған ж. бұрын Еуразия кеңістігін жайлаған көшпелі халықтар Қ-ды сабада, торсықта, кейінірек күбіде дайындады. Қ-дың сапасы ең алдымен ұйытқыға тәуелді. Қазіргі кезде, заманауи технология бойынша, Қ-дың микрофлорын құрғақ түрде жақсы сақтаудың мүмкіндігі бар. Қазақтар ұйтқы жасаудың ғ-лар сынынан өткен төл тәсілін қолданды. Қ. ұйтқысын көктемде, бие байланған кезде сауылған сүттен дайын өнім алу үшін қолданылады. Ұйтқының өзін күзде, сірге жияр қарсаңда әзірлейді. Ол үшін Қ-ды бірнеше тәулікке тыныш қалпында қалдырады. Сонда ол екіге – жоғарғы мөлдір және төменгі тұнба қабатқа бөледі (бие сүтінің бір ерекшелігі – ірімейді). Осы тұнбаны дәке тәрізді селдір матада сығып алады да, әбден құрғағанша кептіріп, келесі биебауға дейін жабық ыдыста, салқын жерде сақтайды. Ұйтқыны тірілту үшін шамамен оның 3-4 ас қасық ұнтағын жаңа сауылған бие сүтіне қосып, дүркін-дүркін араластырып отырады. Осылай жылы жерде бір тәулік сақталған ұйтқы дайын болып, оны Қ. әзірлеу үшін пайдаланады. Одан әрі қарай Қ. жасап шығару үшін ұйтқы емес, ішіп

отырған Қ-дан іркіп қалған қор пайдаланылады. Бабына келіп ашыған Қ-дың 1 литріне шамамен 6-7 литр бие сүтін қосады. Қ. әзірлеу үшін жылы қалпында жиналған бие сүтін ұйтқымен бірге, ара қатынасын сақтай отырып, ысталған сабаға құяды да, жақсылап піседі. Кейбір байлардың сабасының аузы керегенің басына, тіпті шаңырақтың күлдіреуішіне ілініп, оны мықты жігіттер ат үстінде тұрып пісетін болған. Қ-дың бұл кездегі атауы – саумал. Яғни, ол таза бие сүті емес, сондай-ақ ашыған қымыз да емес. Түні бойы «тынығып», тұнған Қ-ды таңертең тағы да қайталап піседі. Қазақтар Қ-ды пісу үдерісіне ерекше мән береді. Сондықтан, «Қымызды пісіргені – піскені» деген аталы сөз қалдырды. Келесі күні сәскеде дайын болған Қ-ды іше беруге болады. Кейбір адамдар үшін мұндай Қ. әлсіз, толық ашымаған болуы мүмкін. Сондықтан, қымызды піскен соң тағы бір тәулікке қалдырады. Арқа қазақтары, соның ішінде Қу – Балқантау өңірінің тұрғындары бұл Қ-ды түнемелі деп атайды. Одан әрі сақталған Қ. «құнан», «дөнен», «бесті» деген атауларға ие болады. Жаз айларында Қ. бұдан әрі сақталған жағдайда қатты ашып, ішуге жарамсыз болып қалады. Күнделікті тұтынуға сабадағы Қ-дың 5/3 бөлігін пайдаланып, қалғанын қорға қалдырады. Кейбір аймақтарда сабаны 10-15 күн өткен соң ғана толығымен босатып, кептіріп, ыстап, маймен сылайды. Бірақ, Қу – Балқантау өңірінің тұрғындары Қ. ашытылатын ыдысты (саба, күбі,т.б.) күнара, әрі кетсе үш күнде бір мәрте жуып, кептіріп, ыстаған соң майлайды. Одан әрі асса ыдыс қаңсып, қымыздың дәмі бүлінеді. Биелі, Қ. мол әзірленетін әулеттер қасиетті сусын үшін сабаны пайдаланған. Сабада әзірленген Қ. жоғары дәмдік сапасымен ерекшеленеді. Қ-дың сақ, ғұн, түрік дәуірлерінен бергі төл ыдысы – қара саба тек қана семіз жылқы терісінен тігіледі. Сабада ашытқан Қ-дың дәмі сүйкімді, сіңімді, шипалы, сонымен бірге, көшіп-қонып тіршілік ететін халықтардың тұрмыс жағдайына, алып жүруге өте қолайлы. Қ. ашытатын саба, торсық, көнек әзірлеу көп мінілмеген, тер сіңбеген, ауырмаған, арқасы жауыр болмаған, шелді жылқылар терісі таңдап алынады. Иге салынып, көк еті мен түгінен арылған терілер қыс бойы от жағылатын шошаланың (асхананың) төбесіне кептіріліп, жаз шыға қайтадан жібітіледі де, ысқа салынады. Саба, торсық жасайтын шеберлер шошала төбесіне жиналған қара күйені сыпырып алып қайнатады да, әрі ащы, әрі қышқылы мол, қою шай сияқты қоймалжың сұйық әзірлеп, теріні соған батырады. Осы сұйықта 20-30 күн ұсталып, қалған түгі, шелі, ет қалдықтары тазартылады. Осыдан кейін тері ширап, шымырланып, қоныр-қошқыл түске енеді. Осындай әдіспен иленген терілердің пұшпақтарын кесіп тастап, саба кейпіне келтіріп, сол терілердің өз шетінен тіліп алған таспамен бір-біріне жалғастырып, тігеді. Әлді отбасы саба жасауға бірнеше теріні пайдаланады. Қазақтың «Бес биенің сабасындай бәйбіше» деген сөз тіркесі осыдан шыққа керек. Саба кейпіне келген ыдыстың ішіне құм толтырып, әбден кепкенше керіп қояды. Кебуі жеткен саба шерткенде сыңғырлап тұрады. Бұл – саба әзірлеудің бірінші кезеңі. Екінші сатысында кепкен ыдыс сүрленген қазы және қымыздың бетіне шыққан майы сіңіріле майланады. Майлау нәтижесінде сабаның тігістері кірігіп, беки түседі. Саба жасаудың үшінші кезеңі – ыстау. Бұл жауапты істі әбден төселген маман адам жүргізбесе, тәжірибесі кем, шалағай адамдар өрт шығарып жіберуі, сабаны күйдіріп алуы немесе шала-шарпы ыстауы мүмкін. Ысты әдетте үй іргесінен аулақ, шалғыны мен қау шөбі жоқ, суға жақын өз., бұлақ жағасында, құдық басына салады. Ол үшін топырақ жамылғысы жұмсақ жерді ойып, от салатын оттық жасайды. Оған жалғастыра ұз. 15-20 м, кеңдігі 50-60 см ор қазып, ішін жалын жетпестей етіп, кірпішпен астарлап, төбесін мал, ойнап жүрген бала түсіп кетпейтіндей етіп, мықтап жабады. Осы өңештің екінші басына құдықша етіп қазған ыс ошағы орнатылады. Оның да беті темір тормен жабылып, әр жерінен арнаулы тесік қалдырып сыланады. Ыс ошақтың үстіне балшықтан шошала қалайды немесе киіз күрке тігеді. Сонда оттықта жағылған оттың түтіні өңештен ошаққа келіп, күркенін ішінде булығып, үнемі бықсып жататын болады. Ыс салу үшін Арқа елі негізінен бүрі түспеген жас тобылғыны жағып, оны қайыңның қабығымен тұтатады. Кейбір ысшылар сабаға, торсыққа ерекше иіс беру үшін отынға қараған, киікоты, арша, кекпек, құрғақ көк пішен, т.б. материалдар пайдаланады. Қ. ыдыстарының енді бір негізгі түрі – күбі, ол отырықшылық жағдайға бейімделген. Күбі ауыз жағы тарлау, түп жағы кеңірек етіп емен, үйеңкі, т.б.

ағаштан жасалады. Ол ішіне 60-70, тіпті 100 литр кымыз сиғандай, әр түрлі мөлшерде дайындалады. Күбі де дүркін-дүркін жуып, кептіріп, сүр қазымен, қойдың құйрығымен, кейде сары маймен, қаймақпен майланып, тобылғының (кейбір аймақтарда дүзгін, құлмұрын, арша ағаштарының, қараған, ырғай бұталарының, киікоты, қоғажай шөптерінің, т.б.) түтінімен ысталады. Күбіні баптай білген үйдің Қ-ы да дәмді болады. Қ. еш уақытта темір ыдысқа құйылмайды. Саба, күбі піспегі арша, емен, үйеңкі, т.б. жақсы ағаштардан жасалып, сүйекпен және күміспен өрнектеледі. Піспек, бие сауатын шелек, Қ. құйып, сапыратын тегене, шөміштер де жиі-жиі ысталған. Жоғарыда айтылғандай, Қ-дың бабы пісу мен сапыруға байланысты. Жиі-жиі піскен Қ-дың дәмі кіре береді. Пісуі жетпеген Қ-дың суы бір бөлек, тұнбасы бір бөлек болып, бұзылып, сапасын жояды. Көбірек пісілсе, ең күшті Қ-дың өзі жұмсарып, ішуге сүйкімді бола береді. Бал татыған барқыт Қ. осындай баппен әзірленеді. Әдетте сауылатын биелер сақа бие, қулық бие, қысыр бие деп үшке бөлінеді. Сақа бие – бірнеше құлындаған, бұрыннан сауылып келген бие. Қулық – құнажын немесе дөнежін жасында алғаш құлындаған бие. Қысыр – кейбір себептермен айғырдан шықпай қалған, құлын орнына тайы (өткен ж-ғы құлыны) еміп жүрген бие. Құлындамай қалғанымен, тайы еміп жүргендіктен, ондай биелер сауыла береді. Жыл мезгіліне, шөп шығымына, малдың күйіне қарай сауылатын биелерді мал иесі мен жылқышы іріктейді. Биелердің түрлі мал ауруынан амандығы, құлындардың ширақтығы есепке алынады. Жадау және құлыны марқаймаған биелер белгілі бір мерзімге дейін байланбайды. Енелері сауылатын құлындар ноқталап, желіге байланады. Құлыны байланған биелер қашан құлыны ағытылғанға дейін а. маңына жайылады. Сондықтан, жайылымы тозған қоныс жиі-жиі ауыстырылады. Алғаш бие байланып, қымыз әзірленген күнді «Биебау», «Қазықмайлар», Сарыарқа қазақтары «Қымызмұрындық» деген дәстүрлі мерекеге айналдырып, сән-салтанатпен өткізген. Бұл күні соғымнан қалған сүр асылып, мол табақ тартылады, желінің қазығына, айғырдың жалына май жағылады. Биебау, әдетте, ел жазғы жайлауға шығып, шөптің нәрі толған кезде басталған. Қазіргі тілмен айтсақ, бие байлау мерзімі – көкек (сәуір) айының аяғы мен мамырдың басы. Бұл кез құлындар әбден марқайып жетіледі, 5-6 сағат байлауда ұсталады, сауым сайын емізіп, жетектеп жүріп сергітеді. Шөп жетілген маусым-шілде айларында биелер жиі сауылады. Биені теріден жасалған көнекке немесе ағаштан істеп, ысталған биешелекке сауады, әдетте бие сауға төселген әйелдер, жылқылы елдерде тек жігіттер шығады. Өйткені, бие сауу ауыр жұмыс – желіге 25-30 құлын байланатын болса, соңғы биені сауып біткенде, алдыңғысының сауыны келіп тұрады. Сауылған бие сүтін сүзгіден өткізіп, жылы кезінде күбідегі немесе сабадағы саумалдың үстіне құяды немесе күні бойы жинап, кешкісін, бие ағытқан кезде қордың үстіне құяды. Содан сон оны міндетті түрде 30-40 минут пісіп, аузын қымтап байлап қояды. Қорыта айтқанда, Қ. – ерекше дәмді, құнарлы, жан сарайын ашып, адамның көңіл-күйін көтеретін хош иісті және өте сіңімді сусын. Дайындау әдісіне. касиетіне, сапасына жөне сақталу уақытына байланысты халқымыз Қ-ды бірнеше түрге бөлелі. Ашу мерзіміне қарай олар жылқы атауын иеленетінін жоғарыда айттық. Сондай-ақ, әр өңірдің дайындау тәсіліне, жайылымның құнарына қарай Сарыарқа (немесе Арғын) Қ., Алтай (яки Найман) Қ., Алатау (немесе Үйсін) Қ., т.б. атауларға жіктеледі. Кейде Қ-ерекше дәм беру үшін бал, қант, өрік-мейіз қосып ашытады. Бал Қ. деп аталатын бұл сусын әдетте науқас адамдар мен жас босанған келіншектерге ұсынылады. Сондай-ақ, бие жаңа байланған кезде әзірленетін түрін уыз Қ., шөп піскен жаз ортасында дайындалғанын сары Қ., күзде, бие суалар қарсаңда ашытылғанды сірге жияр Қ. деп атайды. Қазақтар әдетте Қ-ды ерте көктемнен қоңыр күзге дейін ішкен. Жылқылы, қысыр сауатын әлді а-дардан бұл қасиетті сусын ж. бойын үзілмейді. Сондықтан болар, ылғалды, сызды Еуропада кең тараған өкпе аурулары (әсіресе, туберкулез) өте сирек ұшырасқан. Бала кезінде бұл ауруға қарсы екпе қабылдамаған қазақтар оқу үшін Ресейдің еуропалық бөлігіне барғанда, құрт ауруын жиі жұқтырып алып, кейін ұзақ уақыт Қ. ішіп емделуге мәжбүр болады. Дегенмен, ауруды аса асқындырып алған жағдайда, Қ-дың емдік әсері кемиді (мыс., Шоқан Уәлиханов, Абайдың туысы Халиолла, баласы Әбдірахман, т.б. жағдайы осыны көрсетеді). Қ. адам жүйкесінің әлсіреуін тоқтатып, қан тамырларының иілгіштігі мен

беріктігін қамтамасыз ететінін, қанның қызыл түйіршіктерін (эритроцит) қалпына келтіріп, гемоглобинді көтеретінін, ағзаның зат алмасу үдерісін жақсартып, жалпы иммунитетті күшейтетінін қазіргі мед. ғыл. анықтаған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚЫМЫЗДЫҚ (лат. ***Rumex***) – тарандар тұқымдасына жататын көп ж-дық және бір ж-дық өсімдіктер. Қазақстанның орманды дала мен далалық аймақтарында, тастақты тау бөктерлерінде, субальпі және альпі шалғындары мен өз.-к. жағалауларында өсетін 24 түрі кездеседі. Гүлі қос және дара жынысты, қос үйлі, түсі қызғылт, сары не қызыл. Аталығы 6 (ішкі гүл қоршауының арасында қосарланып жетіледі). Аналығы 1 не 3 жеміс жапырағынан тұрады. Бір ұялы, онда бір тұқым бүршігі болады. Қ-тың арасында жиі кездесетін, емдік маңызы бар түрі – кәдімгі Қ. (R. asetosa). Оның биіктігі 1 м-дей. Сабағы тік, тамыры қысқа, түйнекті. Жапырағы ірі, сағақты. Аталық гүлдерінің гүл қоршауы ұзын. Аналық гүлі сыртқа қарай қайырылып, гүл сағағына жанасады. Қызыл, сары гүлдері сыпыртқы гүлшоғырына топталған. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, шілдеде жеміс салады. Жемісі – үш қырлы жаңғақша, жылтыр, қоңыр түсті (ұзындығы 1,5-2 мм, ені 1 мм). Жапырағында қышқыл дәмді калий тұзы, сондай-ақ, белок, темір және өте көп мөлшерде С витамині бар. Халық медсында кәдімгі Қ-ты бауыр қызметін реттеуге, өттің бөлінуін күшейтуге, қан тоқтатуда пайдаланады. Тамырының да емдік қасиеті бар. Қуық тұтылғанда 9-12 г Қ. тамырын қайнатып ішеді. Қан құсқанда, үлкен дәретке қан араласқан жағдайда да Қ. тамырының қайнатпасы көмектеседі. Көз қызарғанда 3 г Қ. тамырын ыстық суға бұқтырып, тамызады. Денеде сыздауық жара пайда болғанда 9-12 г мөлшерде Қ. тамырын алып, жаншып, сыздауықтың бетіне дәкемен жақсылап таңып тастайды. Қ-тың жапырағынан салат жасайды.

ҚЫМЫЗМҰРЫНДЫҚ – қазақ халқында ежелден келе жатқан тамаша дәстүрдің бірі. «Кәрі құда» қысты ұзатып салып, «Жуан жіңішкеріп, жіңішке үзілетін» көктемнің соңын ала мал төлдеп, бие байлағаннан кейін оның сүті қорланып, ашыған кезде ағайын-туыс, көрші-қолаң түгел жиналып, Қ. берген үйден дәм татады. Қысқы соғымнан кебеже түбінде қалған сүр шығарылып, уыз қымызға басытқы болады. Мол дастарқан соңында ақсақалдар үй иесіне бата береді. Қ. дәстүрі алғашқы қымыз көпке бұйырса, жаз бойы ақ мол, мал басы аман болады деген изгі ниет-тілектен шыққан. Екінші жағынан, қыс бойы шаруадан қолы босамаған жұрттың сейіл-серуеніне таптырмас себеп. Жаз маусымы басталып, көк жетілген кезде жылқылы ел жасайтын Қ. рәсімін кейбір өңірлерде биебау деп те атайды.

ҚЫРЫҚБАЕВ Сембай (15.06.1914, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1977, Егіндібұлақ а.) – қаржы-банк саласының ардагері, КСРО озат қаржы қызметкері (1943). Қарқаралы қ. жетіждық мект, ФЗО, 1961 жж Семей қаржы-экон. техн. тәмамдаған. Қоғ. қызм. 1932 ж. Қарқаралы мемл. банкінде бастап, диспетчер, инспектор, 1936 ж. Қу ауд. қаржы бөл-не ауысып, инспектор, көп ұзамай бөл. меңг-сі лауазымына көтерілді. 1964-74 жж ауд. жинақ банкін басқарған Қ. зейнеткерлікке шыққан соң да еңб. қол үзбей, ауд. тұтынушылар кооперативінде есепші болды. Ол көптеген мемл. наградалармен, соның ішінде, ҰОС жж КСРО Қорғаныс к-нің төрағасы И.В.Сталин қол қойған Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҚЫСТАУБАЕВ Доскен (1928, Қарқаралы қ. – 10.1973, Егіндібұлақ ауд., Арқалық а. кеңесі) – мал маманы, а. шар. ұйымдастырушы, парт. қызметкері. 1946 ж. Қарқаралы қ. №1 ОМ, 1955 ж. Қазақстан КП ОК жанындағы парт. мект-ін, 1963 ж. Қарқаралы зоовет. техн-ын бітірді. 1946-48 жж Қарқаралы ауд. парт. к-інде техн. хатшы, 1948-53 жж ауд. комсомол к-інде 2-ші хатшы, 1955-58 жж Арқалық МТС-нда парт. ұйымының хатшысы, 1958-60 жж Нұра ауд. парт. к-інің хатшысы, 1960-62 жж №72 а. шар. механизациясының уч-сі (Қарқаралы) дир-ының ор-ы, 1962-64 жж Қарқаралы өндірістік басқ-сының парт. ұйымдастырушысы және сонымен қоса, 1963-65 жж басқ. бастығының ор-ы қызм. атқарды. 1965 ж. «Арқалық» с/зының дир-ы болып тағайындалған Қ. өмірінің соңына дейін осы шарты басқарды. Еңб. еткен ж-дары қол жеткізген табыстары үшін Еңбек Қызыл Ту орденімен,

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен және көптеген Алғыс хат, Құрмет грамоталарымен марапатталды.

ҚЫСТАФИН Жетпісбай (т.-ө. ж-дары белгісіз) – партия, кеңес қызметкері. 1952-54 жж. Қазақстан КП Қу ауд. к-нің бірінші хатшысы болды. Қ-ның өмірі мен қызм-іне қатысты басқа деректер ұшыраспады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ЛЛЛ

ЛӘЖІМОВ Қынай Бәтенұлы (1.01.1938, Қу ауд., Сартау а. кеңесі, Өсібай а. – 14.05.1988, Егіндібұлақ а.) – байланысшы, еңб. ардагері. ОМ бітіргеннен кейін туған а-да еңб-ке араласты. 1959 ж. обл. байланыс басқармасы жанындағы 3 айлық курста оқып, 1959-63 жж Өсібай пошта бөл-де жұм. істеді. 1965 ж. Қарағанды қ. аймағының Долинка кентіндегі Мичурин а. шар. техн-ының есеп-қисап және жоспарлау бөлімін тәмамдап, 1965-70 жж Егіндібұлақ ауд. партия к-нде нұсқаушы, 1970-88 жж Егіндібұлақ ауд. пошта және байланыс бөл-нің басшысы қызм. атқарды. Л. мемл. және сала басшылығының марапаттарын иеленген.

ЛӘМБЕКОВ Сапарғали – журналист, ақын, жазушы. Саналы ғұмырының көбінде «Қарқаралы» (бұрынғы «Коммунизм таңы») газ-нің ред-сында қызм. атқарды. Замандастары, соц. қоғам құрылысшылары жайлы көптеген кітаптармен қатар, ұлы композитор Тәттімбет және алаштың ардақтыларының өмірі мен қызметін арқау еткен тарихи-деректі шығ-дың авторы.

ЛЕВШИН Алексей Ираклиевич (1798, Ресей империясы, Тула губ. – 16.09.1879, Курск губ., Дмитриев уезі, Хомутовка с.) – Ресей тарихшысы, түріктанушы. 1845 ж. құрылған Ресей география қоғамының негізін қалаушылардың бірі және 1873 ж. дейін сол қоғам төрағасының көмекшісі және кеңес мүшесі болды. Ресей империясы мемл. қайраткері. Қазақтар жөнінде алғаш рет монографиялық еңб. жазған ғалым. Л. Воронеж гимназиясында оқып, кейін Харьков ун-ін бітіреді. 1818 ж. шетел ісі алқасына жұм. кіріп, Азиялық департаментте қызмет істеді. 1820 ж. Орынбор шекаралық комиссиясына бекітіліп, қазақтар жөнінде мұрағаттар сұрыптау ісімен айналысады. 1831-37 жж – Одесса қ-ның бастығы. 1838-44 жж – Иркутскіде азаматтық губернатор. 1844-55 жж – үшінші мемл. мүлік департаменті мин-нде а. шар. департаментінің басшысы. 1856 ж-дан – сенатор және ішкі істер мин-інің көмекшісі. «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» (1832) атты еңб-нің 1-бөл-де қазақ жерінің геогр. кескін-келбеті берілген. 2-бөл-і қазақ халқының тарихына, 3-бөл-і этнографиясына арналған. Бұл еңб-де Л. «қазақ» деген терминге ғыл. анықтама беруге тырысқан. Қазақ халқының Ресей әкімшілігіне өтуінен бастап, XIX ғ-дың басына дейінгі Орынбор әкімшілігі және орыстармен арадағы сауда, ресми және саяси қарым-қатынас жайлы көп мағлұмат береді. Олар: Орал қазақтарының тарихы және статистикалық сипаттамасы (1823). Кіші жүз ханымен (Шерғазымен 1820 ж.16 қазан) кездесу. Татарлардың ежелгі қаласы Сарайшық туралы хабар (1824). Қазақ халқының аты-жөні және оның нағыз немесе жабайы қырғыздардан айырмашылықтары туралы (1827).

ЛЕКЕРОВ Қуан (1896, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 22.03.1955, Алматы) – қазақ- кеңес әншісі (драмалық тенор), театр актері, Қазақ КСР еңб. сіңірген әртісі (1939). Әншілікке анасы Бәдігүл баулыған. 13 жасынан бастап «әнші бала» атанып, ел ішінде ас пен тойдың гүлі болған ол есейе келе Қоянды жәрмеңкесіне, т.б. дүбірлі жиындарға қатысып, Ғаббас Айтбаев, Қали Байжанов, Сәтмағанбет Ахметов, Иса Байзақов, Майра Шамсутдинова, т.б. әншілерден сабақ алады. Кеңес билігі орнағаннан кейін қоғ. өміріне араласып, к/зды, а-дық кеңесті басқарды. 1930 ж. Л-ті Алматыға, Қазақ радиокомитетіне, әншілік қызм-ке шақырылды. Сонымен қатар, Қазақ драма театрында жұм. істеп, Жапал (М.Әуезов. «Еңлік – Кебек»), Ақан (Ғ.Мүсірепов. «Ақан сері – Ақтоқты»), Ақын (М.Әуезов, И.Коцык. «Айман – Шолпан»), т.б. рольдерді сомдады. 1940 ж. Жамбыл атынд. Қазақ мемл. филармониясына әнші болып ауысты. ҰОС ж-дары арнайы концерттік бригада құрамында майдан даласының алғы шебінде өнер көрсетті, жауынгерлер рухын көтеріп, ерлікке жігерлендірді. Оның

репертуарында қазақтың халық әндері («Келіншек», «Аққұм», «Алай көк»), халық сазгер-ақындарының – Біржан салдың («Жанбота», «Жамбас сипар»), Ақан серінің («Алтыбасар», «Мақпал»), Жаяу Мұсаның («Қоңыр», «Көгершін», «Гауһар қыз», «Ақсиса»), Жарылғапберлінің («Ардақ», «Топайкөк»), сондай-ақ, кеңес дәуіріндегі композиторлардың шығ-лары болды.

ММ

МАҒАЗОВ Айнабек (8.04.1952, Қу ауд., Ақтасты а. кеңесі) – механизатор, тәлімгер малшы. 1969 ж. Арқалық ОМ-ін бітіріп, 1972 ж. дейін Шілдебай бөл-шесінде трактортшы, шопан болып жұмыс істеді. 1972-74 жж Отан алдындағы әскери міндетін атқарып, елге оралған соң автомашина жүргізді. Сол ж-дары Қазақстанда мект. бітірушілерден мал өсіруші комсомол-жастар бригадаларын құрған шұбартаулықтар бастамасын қолдап «Арқалық» с/зында ұйымдастырылған «Өркен» шопандар бригадасына тәлімгер-жетекші болып, 1986 ж. дейін еңбек етті. Жемісті жұмысы, тәлімгерлік өнегесі үшін құрметке бөленді. «Өркен» бригадасы респ. бойынша екі мәрте жастардың а. шар. өндірісіндегі бригадаларына тағайындалған жүлдені жеңіп алды. 1980 ж. Мәскеуде өткен қысқы олимпиада ойындарына бригададан Р.Апақашев, Б.Смағұлов барып, тамашалап қайтты. Бригада обл. кәсіподақ к-ті тағайындаған, Соц. Еңб. Ері С.Біләлов атынд. жүлдеге бес ж. қатарынан иеленді. 1986 ж. М. Тасшоқы бөл-шесінің басқарушысы болып тағайындалды. 1989-97 жж «Арқалық» с/зындағы шұжық өңдеу цехына жетекшілік етті. Содан кейін «Тамыз» шар. қожалығын құрды. М. 1984 ж. дүние жүзі жастарының Мәскеу фестивалына қатысты. КСРО Халық шар. жетістіктері көрмесінің күміс медалімен, III дәрежелі Еңбек даңқы орденімен, т.б. наградалармен марапатталған.

Нәзипа АСҚАР

МАҒАЗОВ Шахман (1937, Қу ауд., Егіндібұлақ а. – ?, сонда) – әуесқой өнерпаз, режиссер. ОМ бітірген соң еңб. жолын а. клубында мәд. шаралар ұйымдастырушы болып бастады. Клуб жанында домбырашылардың «Сарыжайлау» ансамблін құрғандардың бірі. Кейін ол өнер ұжымы қанатын жайып, Тәттімбет атындағы халық аспаптары оркестрі деңгейіне жетті. Оның сойы өңір тұрғындарына, әсіресе, драма үйірмесіне қатысты әйгілі. Әуелде үйірме ретінде ашылған театр келе-келе халықтық атағы бар үлкен өнер ұжымына айналды. М. ұзақ уақыт Егіндібұлақ халық театрының режиссері һәм көркемдік жетекшісі қызм. атқарды. Ол шын мәнінде сегіз қырлы, бір сырлы – театр актері, суретші, сағат жөндеуші, балташы, фотосуретші, тіпті, іс тігуші өнерін меңгерген азамат еді. Қарапайым, жаны жайсаң өнерпаздың бүкіл саналы ғұмыры халқына қалтқысыз қызмет етуге арналды.

МАЙШЕКИН Мақсұтбек (1.01.1897, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 17.12.1971, Алматы қ.) – ақын, драматург, өнер зерттеуші, Қазақ КСР еңб. сің. өнер қайраткері (1961). Білімі жайлы нақты деректер жоқ, бірақ, сауатты адам болғаны белгілі. 1920-41 жж кеңес мекемелері мен кәсіпорындарында еңб. етті. 1941-62 жж Қазақ радиосында редактор қызм. атқарды. М. «Жылдар жемісі» (1957), «Көркемөнер шеберлері» (1959), «Жүсіпбек Елебеков» (1964), «Жаяу Мұса» (1966), «Портреттер» (1969), «Қалибек Қуанышбаев» (1972) очерк кітапшаларының, жүзге жуық ән мәтіндерінің («Біздің ән», «Шаттық әні», «Жастар», «Кең дала», «Орденді Қазақстан», «Тыңға сапар», «Бәрінен де сен сұлу», т.б.) авторы. М. қазақ өнері қайраткерлерінің тұлғасын сомдауға және ұлттық муз. мәд-ін насихаттауға мол үлес қосқан зерттеуші һәм ақын.

МАҚАЖАНОВ Айдарбек (1900, Қарқаралы уезі, Едірей бол., №7 а. – 18.11.1937, белгісіз) – саяси қуғын-сүргін құрбаны. А. молдасынан сауат ашып, білімін өзі өзденіп жетілдірген М. кеңес билігі орнағаннан кейін шар-ды ұжымдастыру жұмысына араласып, аштық нәубетінде қырылудан аман қалып, босып кеткен халықты атамекенге көшіріп әкелуге үлес қосады. Қу ауд-ның «Көлшілік» к/зы басқармасының алғашқы төрағасы болып қызм. атқарып жүргенде, 1937 ж. қазан айының 28 күні НКВД Қу ауд. бөл-нің адамдары тұтқындаған. НКВД Қарағанды обл. бойынша басқ. жанындағы «Ерекше Үштіктің» 1937 ж. 8 қарашадағы шешімі

бойынша жазаның ең ауыр түріне – ату жазасына кесіліп, үкім он күннен кейін орындалған. Тергеу ісінің мұрағаттағы материалдарында М-тың жерленген орны жайлы мәлімет жоқ. Жоғарыдағы үкімді сот органы шығармағандықтан, Қарағанды обл. соты төралқасының 1957 ж. 18 шілдедегі қаулысы бойынша, «Ерекше Үштіктің» М-ты жазалауға қатысты шешімінің күшін жойып, оның қылмысы болмағандықтан, істі тоқтатты. Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 1995 ж. 26 қазандағы тұжырымына сай, «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының 1993 ж. 14 сәуірдегі заңы бойынша, М. толық ақталды.

МАҚСҰТОВ Халел Мұқатайұлы (23.05.1964, Қарқаралы ауд., Бақты а. кеңесі) – заңгер, мемл. қызметкер. Х.Досмұхамедов атынд. Атырау мемл. ун-нің заң және экон. ф-ін тәмамдаған. Еңб. жолын Қарқаралы автокөлік кәсіпорнында жүргізуші болып бастады. 1987 ж-дан комсомол органдарында: Қарағанды обл. әкімшілігінде жастар ісі жөніндегі к-тің басшысы, жастар ісі, туризм және спорт басқ. бастығының ор-ы қызм. атқарды. Мичурин ауд. әкімшілігі басшысының ор-ы, Абай ауд. әкімінің ор-ы, обл. ақпарат және қоғ. келісім басқ-ның бастығы болды. 1999-2009 жж Атырау обл. жұмылдыру, азаматтық қорғаныс, апаттар мен төтенше жағдайлардың алдын алу басқ. бастығы, Құлсары қ. әкімі лауазымында еңб. етті. 2010 ж. Қарағанды қ. әкімінің ор-ы болып тағайындалды. 2011 ж-дан бері Қарқаралы ауд-ның әкімі.

МАҚҰЛОВ Біләл (1889, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 29.05.1982, Егіндібұлақ ауд., Ақтасты а.) – еңб. ардагері. Алшынбай әулеті – Түсіп мырзаның ұлы Сламбектің шар. басқарып, кеңес билігі орнаған соң, кооператив мүшелігіне өтеді. Ескіше (арабша) хат танитын М. 1935-40 жж «Айрық», «Едірей», «Жаңабірлік» к/здарының сатушысы міндетін атқарып, ҰОС қайнап жатқан 1941-44 жж «Жаңабірлік» к/зының төрағасы, 1944-50 жж қой фермасының меңг-сі болып жұм. істейді. 1950-61 жж қой бағып, зейнеткерлікке шықты. М. 1956 ж. шопандардың респ. слетіне қатысты. Ол Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған.

МАҚЫШЕВ Қанат Молдабекұлы (1953, Көкшетау обл., Зеренді ауд., Қарашілік а. – 1997) – ақын, жазушы, КСРО Журналистер одағының мүшесі, мемл. наградалардың иегері. 1970 ж. Қарашілік ОМ тәмамдап, Көкшетау обл., Қызылту ауд. «Қызыл ту» газетіне тілші қызм. атқарды. 1971-73 жж әскери борышын өтеп, туған жерінде мұғ., трактористі, машинист болып жұм. істеді. 1979 ж. Целиноград (қазіргі Астана) автомобиль жолдары техн-ын бітіріп, Егіндібұлақ ауд-ына жол прорабы қызм. жіберілді. Жасынан шығ-шылыққа жақын жігіт 1980 ж. Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетіне ауысып, тілші, а. шар., еңб. хаттары бөл-нің меңг-сі лауазымында еңб. етті. 1988 ж. ҚарМУ-дың филология ф-ін бітірді. 1988-89 жж Қарағандыда шыққан «Коммунизм нұры» газетінде қызм. істеді. Кейін Егіндібұлаққа қайта оралып, ауд. газеттегі жұм. жалғастырды. 1991-94 жж «Қазақ тілі» қоғамы ауд. к-інің төрағасы қызм. атқарды. Одан кейін Ақмолада (қазіргі Астана) «Ақмола ақиқаты», «Арқа ажары», «Тың магистралі» қ-лық, обл. газеттерінде тілші, бөл. меңг-сі болды. М. Егіндібұлақта қызм. жасаған ж-дары ауд. өміріне белсене араласып, қоғ. қайраткері, ақын Олжас Сүлейменов бастаған «Невада-Семей» қозғалысын қолдап, Семей ядролық полигонын жапқызуға үн қосқан азаматтың бірі.

МАҚЫШЕВ Отан Мақышұлы (23.08.1942, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – жоғары дәрежелі сынықшы-ортопед дәрігер (1979), Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі (1998). Ауылда орта білім алып, 1967 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын тәмамдағаннан соң, еңб. жолын 1967-70 жж «Карагандауголь» кәсіпорнының мед.-санит. бөл-де сынықшы-оташылықтан бастап, 1970-72 жж ҚММИ-дің проф. Х.Ж.Мақажанов басқаратын жарақат-ортопедия кафед. жанындағы клиникалық ординатурасына тәжірибеден өтеді. Оны бітіріп, Қарағанды қ. №3 клиникалық аурух-да дәрігер-ординатор, 1974-82 жж жарақат бөл-нің меңг-сі және Қарағанды қ. штаттан тыс жарақат емдеуші дәрігері, 1982-84 жж балалар ортопедия бөл-де, 1985-89 жж. күйік бөл-де дәрігер-ординатор болып қызм. жасады. Мәскеу, Алматы, Минск, Астана қ-лардағы ірі ғыл. орт-тарда маманд. жетілдіру курстарынан өтті. 1990 ж. ересектер ортопедиясы бөл-нің меңг-лігіне тағайындалды. 2012 ж. бері проф.

Х.Ж.Мақажанов атынд. обл. жарақат-ортопедия клиникасы мед. қалыпқа келтіру және сауықтыру орт-ның жетекшісі. Талапшыл да ізденімпаз М. өнертапқыштық және емдеу тәсілдері мен құралдарын жетілдіру ісімен шұғылданады. Оның 5 жаңалығы, 13 өнертапқыштық ұсынысы бұрынғы КСРО-да, Ресей мен Қазақстанда кеңінен қолданыс тапты. М. ғыл. журн-дарда жазылған 29 мақаланың авторы. Денсаулық сақтау саласында ұзақ ж. мінсіз қызм. жасағаны үшін ол көптеген мемл. мараппаттар иеленіп, «Жылдың үздік дәрігері» (2003) болып танылды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

МАЛДЫБАЙҰЛЫ Мұстақым (1880, Қарқаралы уезі, Едірей болысы – 1927, Семей қ./ Едірейде, Сарықияқ қонысында жерленген) – ағартушы-педагог, демократиялық бағыттағы Алаш партиясының мүшесі, публицист. Троицк қ-ндағы орыс-қазақ мектебін, Уфадағы Ғалия медресесін тәмамдаған. 1910-11 жж Жетісудағы Мамания мектебінде мұғ. әрі дир-ры қызм. атқарды. 1912 ж. Семейдегі «Жәрдем» баспаханасында М-тың «Қазақша оқу кітабы», «Иман және намаз» атты оқулықтары жарыққа шықты. Елеусін Бұйриннің 1912 ж. шыққан «Ызың» жинағына М-ның «Туған жерім» деген өлеңі енген. Мақалалары «Қазақстан» (1911-13), «Қазақ» (1913-18), «Қазақ тілі» (1918-19) газеттері мен «Айқап» журналында басылды. Оның шығ-ларының көбі «М. М.», «Ризабек Сәулеев», «Азамат Қорықбасов», «Мұстақым», «Жолдасы», т.б. бүркеншік есімдермен жарияланған. М. Жаңа экономикалық саясат ж-дары кәсіпкерлікпен айналысып, Едірейдің бауырындағы Қарадыр қыстағынан мектеп пен дүкен салып, сүт өнімдерін шығаратын шағын май зауытын, Сарықияқ қонысынан мал бордақылау орнын ашқан. М. – күрескер ақын, әнші-композитор Мәди Бәпиұлының жақын досы, туысы. Ол Қаздауысты Қазыбектің інісі Үсеннен туатын Құланшы атадан тарайды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

МАНСҰРОВ Мұрат Амангелдіұлы (7.05.1963, Егіндібұлақ а.) – суретші-мүсінші, ҚР Суретшілер одағының (1992), Дизайнерлер одағының мүшесі (1994), ҚР Көркемөнер академиясының академигі, Қазақстан Суретшілер қауымдастығының мүшесі (2006), ҚР Мемл. сыйлығының лауреаты (2016). 1979 ж. Қарағанды қ. №52 ОМ пен БКМ, 1983 ж. Н.В.Гоголь атынд. көркемөнер уч-сін (Алматы), 1991 ж. Ленинградтың В.И.Мухина атынд. жоғ. көркемөнер-өнеркәсіп уч-сін (Санкт-Петербургтің А.Л.Штиглиц атынд. мемл. көркемөнер-өнеркәсіп академиясын) монументті мүсін мамандығы бойынша бітірді. М. Алматыдағы «Тәуелсіздік монументін» (1997), Астанадағы «Үш би – Әділдік монументін» (1998), Алматыдағы «Фемида», Ақтаудағы «Ынтымақ» мүсіндерін (2001), Астанадағы «Қазақ елі» (2009), «Керей мен Жәнібек» монументтерін (2010), Қарағандыдағы «Қазыбек би» ескерткішін, Астанадағы «Мәңгілік ел» даңқ аркасындағы мүсіндер кешенін (2011), Тараздағы «Қазақ хандығына – 550 жыл» монументін (2015), т.б. ескерткіштер қатарын жасаған авторлық ұжымның құрамында болды. Ол Болу (Түркие) қ-сына қойылатын «Көрұғлы» монументі халықар. жобасына қатысты. М. қоғ. жұм-пен де белсене айналысады: еліміздің ескерткіштер мен монументтерді қабылдау мемл. комиссиясының, Астана қ-сы көркемөнер кеңесінің, «Шабыт» халықар. фестивалы қазылар алқасының мүшесі, Астана қ-сы Суретшілер одағы басқармасының төрағасы. Ол ҚР Президенті стипендиясының (1997), халықар. «Шабыт» фестивалы сыйлығының лауреаты (1998). «Құрмет» орденімен, Көркемөнер академиясының алтын медальмен, т.б. наградалармен марапатталған.

МАҢҚАН (XVIII ғ.) – Қаздауысты Қазыбектің қызы. Бойжеткен кезінде өз тілегімен Жалаңтөс батырға ұзатылады. Қайтыс болар алдында сүйегін туған жеріне қарай алып жүруді, жоғары көтеріліп қалған оң қолы қай жерде төмен түссе, сол жерге жерлеуді аманат етеді. М-ның қолы Мыржық тауының терістік беткейінде сылқ ете түскен екен, сол жерге қойылыпты. Төбенің етегіндегі қайнар қазір де «Маңқан бұлағы» аталады. Қаздауысты Қазыбек қайтыс болғандағы М-ның жоқтауы халықтың ауызекі шығ-шылығындағы озық үлгілер қатарынан орын алады. Ә.Бөкейхан мен А.Байтұртұрсынұлы жинап, құрастырған, 1926 ж. Мәскеудегі Шығ. халықтарының кіндік баспасынан шыққан «Жиырма үш жоқтау» жинағына М-ның жоқтауы да енгізілген. Бұл жинақ 1993 ж. «Мың бір мақал» деген жинақпен біріктіріліп, өзгеріссіз қайта басылды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

МАСАЙЫНОВ Амантай – педагог, білім беру ісінің ардагері. Қарағанды пед. ин-ын тәмамдаған соң Егіндібұлақ а-ғы мек-терде сабақ берді.

МАХМЕТОВ Мәден (1921, Қарқаралы уезі – 1968, Қарағанды қ.) – партия-кеңес қызметкері. Қарқаралы зоотехн.-малдәрігерлік техн., Киев артиллерия уч-сін,КОКП ОК жанындағы Жоғ. партия мект. бітірген. Еңб. жолын 1941 ж. Қарағанды обл. комсомол к-інде бастаған. ҰОС қатысып, 1947-61 жж Қарағанды обл. партия к-інің а. шар. бөл-нің нұсқаушысы, Жаңаарқа ауд. партия к-нің 2-, 1- ші хатшысы, Қазақстан КП ОК жауапты ұйымдастырушысы, Жамбыл обл. атқару к-нің төрағасы, обл. жоспарлау комиссиясы төрағасының ор-ы, 1961-63 жж Қу ауд. атқару к-нің төрағасы қызм. атқарды. Одан соң обл. жоспарлау комиссиясы төрағасының ор-ы, «Қарағандыкөміркұрылыс» тресі басқарушысының ор-ы лауазымында еңб. етті. Жауынг. Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз, II дәрежелі Отан соғысы, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

МАШРАПОВ Қариполла (1.05.1925, Қарқаралы уезі, Қу бол., Тасқұй қонысы – ?) – майдангер. 1937 ж. саяси қуғын-сүргін науқанына іліккен әкесі мен ағасы әділетсіздік құрбаны болды. М. 17 жастан асқанда қатарлас құрбыларымен бірге ҰОС аттанды. Забайкалье майданындағы 36-гв. дивизияның құрамында әйгілі қолбасшы Г.К.Жуковтың басшылығымен жапон милитаристерін талқандауға қатысты. ҰОС жылдары КСРО-ға қарсы екінші майдан ашу қаупін төндірген Жапониямен арадағы шекарада бекініс жасап, қорғаныста тұрды. Елдің Қиыр Шығысынан бірнеше ж. бойы қауіп төндірген жапондықтарға қарсы 1945 ж-дың тамызында Үлкен Хинган бағытында соғысқа араласып, Манчжурья жерінде Квантун армиясын талқандауға қатысты. 2-ші дүниежүзілік соғыстан кейін кеңес Армиясының күш-қуатын қалпына келтіру мақсатымен әскер қатарында болды. Тек 1950 ж-дың 9 мамырында әскерден босап, туған жерге оралды. Майдангер бейбіт еңбекке белсене араласты. Алғашқыда ауд. мәд. бөл-нің инспекторы, тұтыну қоғ-ның есепшісі, Энгельс атынд. к/зда басқарма, Абай атынд. с/з дир-ының ор-ы қызметтерін атқарды. 1970-72 жж шар. кәсіподақ ұйымының төрағасы, одан соң 1989 ж. дейін шар-тың тұқымдық дақылдар дайындау жөніндегі агрономы болды. М. II дәрежелі Отан соғысы орденімен және бірнеше медальмен марапатталған. Қызыл Армия бас қолбасшысы И.В.Сталиннің атынан табыс етілген Алғыс хатқа ие болды.

МАЯСАРОВА Бану Абдыфазылқызы (20.03.1937, Шет ауд., Айғыржал а. кеңесі) – дәрігер, партия қызметкері. 1959 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын тәмамдап, 1959-60 жж Қу ауд. Абай атынд. с/здың ауруханасында акушер-гениколог, 1960-69 жж Егіндібұлақ ауд. ауруханасында акушер-гинеколог, 1969-70 жж бас дәрігер, 1970-85 жж Егіндібұлақ ауд. партия к-інің хатшысы. 1985-92 жж Егіндібұлақ ауд. ауруханасында бас дәрігердің ор-ы қызм. атқарды. 1968-85 жж ауд. кеңеске депутат болып сайланды. Бірнеше мемл. награда, соның ішінде «Еңбектегі ерлігі үшін», т.б. медальдардың иесі.

МӘДИ Бәпиұлы (1880, қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Мәди а. – 21.02.1921, Қарқаралы қ.) – әнші-композитор, ақын. Қаздауысты Қазыбек бидің ұрпағы: Қазыбек – Бекболат – Тіленші – Алшынбай – Бәпи – Мәди. Арқа сал-серілері мектебінің ең соңғы өкілдерінің бірі. Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса тәрізді саңлақтар дәстүрін жалғастырушы. Зорлықшы бай-болыстар мен патша отаршыларына қарсылық көрсетіп, қуғынға ұшыраған. М. орыс басқыншыларының озбырлығын, олардың табанын жалаған жергілікті әкім-қаралар мен байлығын үстемелеуді ғана мақсат еткен дала шонжарларын, олардың әрекеттерін әшкерлейтін өлеңдер шығарды. Қарқаралы, Атбасар, Семей, Кереку түрмелерінде отырған. Еркіндікті, ел мен жерді сағынып шығарған «Қарқаралы», «Қаракесек», «Үшқара», «Шіркін-ай» әндері халық арасына кеңінен тарады. М-дің «Қаракесек» әнін Е.Г.Брусиловсий «Ер Тарғын» операсында (Тарғынның ариясы), «Шіркін-ай» мен «Үшқара» әндерін «Қыз Жібек» операсында (Бекежанның ариясы) пайдаланды. М-дің әлі де жинақталмаған әндері мен өлеңдері бар. Олардың кейбірі табылып та жатыр. М-дің шығ-шылығы туралы А.Жұбанов зерттеу еңбектер, Ә.Әбішев «Найзағай» (1969) деген

роман, Ә.Бектасов (1973) және Е.Балташұлы (2008) «Мәди» атты деректі кітаптар жазды. 2005 ж. С.Сейфуллин театры Е.Балташұлы мен С.Жұмағалидың «Мәди» драмасын (режиссері Р.Баймағанбетов) қойды. М. есімімен Қарқаралы қ-да мектеп пен көше, Егіндібұлақ а-да көше, бұрынғы Айрық а. округі аталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

МӘДИ АУЫЛ ОКРУГІ – жергілікті әкімдік бөлініс. 1975-93 жж «Айрық» (кейін Мәди атынд.) с/зының орталығы болды. 1975 ж. Арқалық а. кеңесінен бөлінген. 1997 ж. дейін Егіндібұлақ (кейін Қазыбек би) ауд-ның, одан беріде Қарқаралы ауд. құрамында, солт.-шығ. бөлігінде, Сарыарқаның аласа, қуаң өңірде орналасқан. Еуразия құрлығының кіндік ортасында жатқан М. а. о-ның климаты шұғыл континентті. Қысы аязды, жазы құрғақ, ыстық. Қаңтар айының орташа температурасы – 12-15С, шілденің орташа температурасы +24-28С шамасында. Жел бағыты терісінен соққан жекелеген ж-дарда ғана қар қалың түседі. Әдетте мал қыс бойы жайылымда болады. Округ жерінің батысынан Түндік өз. ағып өтеді. Шығ. өңірінде бой көтеретін Едірей тауларынан көптеген бұлақтар бастау алады. Тау арасында Байтаза көлі бар. М. а. о. жерінде түсті металл, көмір, т.б. кен қоры анықталған. Мұнда тұратын халықтың негізгі тіршілік көзі мал шар. Қаздауысты Қазыбек бабамыздың қонысы болған М. а. о-інде Алшынбай би, әнші-композитор Мәди Бәпиұлы, Алаш күрескерлерінің бірі Мұстақым Малдыбаев, ҚазКСР еңб. сіңірген әртісі Кенжегүл Сыздықова, Соц. Еңбек Ерлері Шайдахмет Серғазин мен Сайлау Біләлов туған.

МӘЖИТОВ Темірболат (18.03.1952, Семей (қазіргі Шығ. Қазақстан) обл., Абыралы ауд., Сарыапан а. кеңесі) – ғалым-зоотехник, а. шар. жұм. ұйымдастырушы, Қарқаралы ауд. мен қ-ның Құрметті азаматы. 1972 ж. Саратов мемл. зооветеринария ин-ын бітіріп, Егіндібұлақ ауд. «Қоянды» с/зында мал маманы болып еңб. араласты. 1973 ж. ауд. а. шар. басқармасына аға зоотехн., бір жарым ж-дан соң Абай атынд. с/зға бас зоотехн. қызм. тағайындалды. 1977-87 жж «Арқалық» с/зының дир-ы мінд. абыроймен атқарып, одан кейін ауд. а. шар. бірлестігінің төрағасы, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 1992-93 жж Егіндібұлақ ауд. әкімінің 1-ші ор-ы, 1993-97 жж Қарқаралы ауд. әкімі лауазымында еңб. жасады. 1997 ж. обл. а. шар. басқармасы бастығының 1-ші ор-ы қызм. ауысып, одан соң, 2010-11 жж «Агроконсалтинг-К» АҚ департаментінің дир-ы, 2011-13 ж-дары «Қазақстан өндірістік корпорациясы» ЖШС бас дирының ор-ы міндетін атқарды. 2013 ж-дан беріде «АҚҚҰМ-2030» ЖШС дир-ы болып еңбектенуде. М. «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальмен марапатталған.

МӘСКЕЕВ Қуаныш Мұбарақұлы (12.02.1922, Қарқаралы уезі, Қу ауд.) – дәрігер-фтизиатр, мед. ғылымд. докторы (1972), профессор (1974), Денсаулық сақтау ісінің үздігі (1966), Қазақстан ғыл. еңб. сіңірген қайраткер (1981). 1955 ж. Қазақ мемл. медицина ин-ын тәмамдап, 1955-63 жж Алматы обл. дәрігер-фтизиатор болып еңб. етті. 1963-75 жж Алматы қ-да дәрігерлердің біліктілігін жетілдіру ин-ында доцент, проф., проректор, 1975-87 жж қазіргі С.Аспандияров атынд. Қазақ Ұлттық ун-інде (Алматы) ректор лауазымында қызм атқарды. М-тің негізгі ғыл. еңб. тыныс органдары, сүйек-буын, лимфабездері туберкулездерін және оларды қоздырушы микробтарды зерттеуге арналған. Ол кеңірдек, перифериялық және ішек лимфабездері туберкулезінің үлгісін алу үшін әр түрлі вируленттік микробтарды жәндіктерге жұқтыру арқылы тәжірибе жасады. Соның нәтижесінде, макроағза мен туберкулез қоздырушылар арасында жүретін күрделі үдерістерді ашып, кейбір жағдайда ғылымда талас тудырып жүрген, туберкулездің морфогенезі мен фтизогенезіндегі мәселелердің шешілуіне қол жеткізді. М. экологиялық апатты аймақтарда тұратын адамдардың жас ерекшеліктеріне қарай, бронхит, жедел және созылмалы өкпе қабынуы ауруларына ұшырау себептері мен маскүнемдікке шалдыққан науқастарда болатын деструктивті туберкулездің өту жолдарын анықтап, зерттеді. Ол көптеген ғыл. еңб-тер мен монографиялардың авторы. М-тің жетекшілігімен 20-дан астам ғыл. докторы және ғыл. кандидаттары даярланды. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған.

МӘТЕЛИН Рустан (Сұлтан) Хамзаұлы (17.03.1946, Алматы қ.) – инж.-механик, партия-кеңес қызметкері. 1969 ж. Қазақ мемл. а. шар. ин-ын (Алматы) тәмамдап, еңб. жолын сол ж. Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқ-ның инж-і болып бастады. 1973 ж-дан ауд. партия к-нің

нұсқаушысы, 1975 ж. бастап кәсіподақтар ауд. кеңесінің төрағасы, 1977 ж-дан ауд. а. шар. басқ. бастығының 1-ші ор-ы, «Қазауылшартехникасы» ауд. бірлестігінің басқарушысы, 1980 ж-дан ауд. а. шар. басқ-ның бастығы, 1983 ж-дан халық депутаттары ауд. кеңесінің атқару к-і төрағасының 1-ші ор-ы – агроөнеркәсіп бірлестігінің төрағасы, 1987-91 жж ауд. атқару к-нің төрағасы, 1991-93 жж ауд. әкімінің 1-ші ор-ы қызм. жасады. 1994-2002 жж «Балқантау» АҚ президенті, 2002-12 жж «AlemGaz» ЖШС (Қарағанды) еңб. қорғау және техн. қауіпсіздігі инж-і лауазымын атқарды. М. көптеген мемл. марапаттардың иесі. Ауд. және обл. кеңестердің депутаты болып сайланған.

МӘШҺҮР ЖҮСІП Көпеев (1858, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. – 1931, сонда)— ақын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. Бұқара медресесінде оқыған. Ауылда мұғалім болып, «Дала уәлаяты» газетіне өлеңдер, хат-хабар жазып тұрған. 1887 – 90 жылдары Самарқан, Ташкент, Бұқара, Түркістан, т. б. қ-ларды аралап, халықтың рухани мұрасы, тұрмыс-тіршілігімен танысады. В.В.Радловпен кездесіп, қазақ ауыз әдебиеті мұраларын жинап, бастырумен шұғылданған. «Тіршілікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз» (1907), «Хал-ахуал» (1907), «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» (1907) кітаптары шыққан. Көптеген дастандардың авторы. Бұрын жасаған жыраулар мен ақындардың шығармаларын, ежелгі дастандарды хатқа түсірген. М.Ж. өзінің шежіресі арқылы Қаздауысты Қазыбек пен оның ұрпақтарына қатысты мол мағлұмат қалдырды.

МЕДЕУБАЕВ Мұқан (1925, Қарқаралы уезі, Шет бол. (?) –) – ғалым-агроном, партия-кеңес қызметкері. ҰОС қатысқан. 1950 ж. Қазақ а. шар. ин-ын бітіріп, 1950-61 жж Осакаров ауд. «Осакаров» с/зында аға агроном, Шет ауд. «Көктіңкөлі» с/зының дир-ы, обл. а. шар. басқармасы бастығының 1-ші ор-ы, 1961-62 жж. Қазақстан КП Қу ауд. к-нің 1-ші хатшысы, 1962-94 жж Қарқаралы ауд. кеңесі атқару к-нің төрағасы, Қарқаралы өндірістік басқармасы партия к-нің, Жаңаарқа ауд. партия к-нің 1-хатшысы, Қарағанды обл. партия к-і а. шар. бөл-нің меңг-сі, «Ертіс құрылысы» жүйесінде құрылыс-монтаж басқармасының бастығы қызм. атқарды. М. 6-шақырылған Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, Октябрь революциясы, үш мәрте Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен марапатталған.

МЕДИЕВ Қасымбек (1938, Шет ауд.) – қоғам қайраткері, ҚР еңб. сіңірген қызметкері. 1963 ж. Қарағанды пед. ин-ын, 1970 ж. КОКП ОК жанындағы Жоғ. партия мектебін, 1977 ж. Алматы халық шар. ин-ын бітірген. 1960-65 жж Шет, Қу, Жаңаарқа, Ақтоғай ауд. комсомол к-нің 2-, 1-хатшысы, Қарағанды обл. комсомол к-нің хатшысы, 1965 ж-дан партия қызм. ауысып, Егіндібұлақ ауд. партия к-нің хатшысы, Қарағанды обл. партия к-нің жауапты қызм. болды. 1973 ж. жаңадан құрылған Ағадыр ауд. кеңесі атқару к-нің төрағасы, 1985 ж. Жезді ауд. партия к-нің 1-ші хатшысы, 1988 ж. Жезқазған обл. партия к-нің 2-ші хатшысы, 1990 ж-дан обл. кеңесі атқару к-і төрағасының 1-ші ор-ы, 1992-97 жж Шет ауд. әкімі, 1999-2006 жж Қарағанды обл. мәслихатының хатшысы лауазымында еңб. етті. М. 11-12 шақырылған Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің депутаты. «Құрмет», Еңб. Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің грамотасымен марапатталған. М. Ақтоғай, Шет ауд-дарының Құрметті азаматы. 2005 ж. бері «Қазақстан мәслихаттары депутаттары бірлестігі» респ. қоғамдық ұйымы Орт. кеңесінің төрағасы.

МЕЙРАМ (Мейрамсопы) – Арғын тайпасының Мейрамсопысынан тарайтын бес үлкен рудың—Қуандық, Сүйіндік, Бәгендік, Шегендік, Қаракесек—жалпы атауы. Қаздауысты Қазыбек М-ның Қаракесегінен тарайды: Қаракесек (Болатқожа) – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Шаншар – Келдібек – Қазыбек.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

МЕРГЕНБАЕВ Қапсалам Мергенбайұлы (1940, Павлодар обл., Лебяжье ауд., Қорт а./ Едірейдің тумасы – 1993, сонда) – Семей қаржы техн-ын тәмамдаған М. бүкіл саналы ғұмырында Қорт а-да есеп-қисап маманы болып еңб. етті.

МЕРГЕНБАЕВ Мерғалым Мергенбайұлы (23.10.1950, Павлодар обл., Лебяжье ауд., Қорт а./ Едірейдің тумасы – 26.04.2016, сонда) – агроном, а. шар. ғылымының кандидаты (1982), КСРО спорт шеберлігіне кандидат (1973). 1972 ж. Волгоград а. шар. ин-ын агрономия және мелиорация мамандығы бойынша тәмамдаған. Бокспен шұғылданған ол 1973 ж. 67 кг

дейінгі салмақ дәрежесінде жүлдегер атанып, қола медаль иеленді. ЖОО бітіргеннен кейін Железинский ауд-ның «Прииртышский», Лебяжье ауд-ның «Малыбай» с/здарында бас агроном болып қызм. атқарды. 1989 ж. алғашқылардың қатарында «Инновация» жеке меншік кәсіпорнын ұйымдастырды. 2005 ж-дан зейнеткерлікке шыққанша С.Торайғыров атынд. Павлодар мемл. ун-інің доценті болды.

МЕРГЕНБАЕВ Серікжан Мерғалымұлы (22.10.1984, Павлодар обл., Лебяжье ауд., Қорт а./ Едірейдің тумасы) – инж.-құрылысшы. Павлодар обл. Ы.Алтынсарин атынд. гимназия-инт-ты Алтын белгімен, Еуразия Ұлттық мемл. ун-ін үздік дипломмен тәмамдаған М. қолданбалы матем. бойынша ғыл. мен техн-ның Бүкіләлемдік көрмесінде (Мәскеу) қола медаль иеленген. Астана қ-ның заманауи ғимараттарында қолтаңбасы бар ол қазір құрылысқа техн. бақылау жасау бойынша «АДС Сапа» ЖШС-ның инженеринглік қызм. көрсету саласында коммерциялық дир-р болып еңб. етеді.

МИЗАМБАЕВ Дүйсенбек Мизамбайұлы (24.10.1955, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі) – инж.-механик. 1972 ж. Егіндібұлақ мект-инт-ын, 1976 ж. Красноармейка а. шар. техн-ын, 1992 ж. Қарағанды политехн. ин-ын тәмамдады. Еңб. жолын Қарағандының №3 құрылыс учаскесінде тас қалаушы болып бастап, 1976 ж-дан Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/зда техн. қауіпсіздігі инж-і, 1978 ж-дан Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқармасында инж, 1981 ж-дан а. шар. техн. бақылау мемл. инспекциясында аға инж., бастық лауазымында еңб. етті. 1987 ж-дан Егіндібұлақ автокөлік кәсіпорнының дир-ы, 2001 ж-дан Қаржы министрлігінің (Астана) шар. мекемесінде инж., 2006 ж-дан құрылыс-жөндеу бөл-нің басшысы қызм. атқаруда.

МОЛДАҚАШЕВА Бақытгүл Кәденқызы (14.01.1966, Егіндібұлақ а. – 18.12.2015, Астана қ.) – педагог, БжҒМ-нің «Ы.Алтынсарин» медалінің иегері (2013). М. 1983 ж. Егіндібұлақ а. № 1 қазақ ОМ бітіріп, С.Сейфуллин атынд. (Целиноград қ.) пед. ин-на түсті, оны 1988 ж. ұлттық мект-те орыс тілі және әдеб. оқыт-сы, 2005 ж. Қазақстан-Ресей ун-ін қазақ тілі мен әдеб. мамандығы бойынша тәмамдады. Еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. қарасты Қарабұлақ а-ндағы ОМ ұстаз болып бастады. 1992 ж. Целиноград (кейінгі Ақмола, қазіргі Астана) қ. келіп, мұғ. қызм. жалғастырды. С.Сейфуллин атынд. агротехн. ун-те, одан соң № 9 мект.-лицейде, № 60 мект.-лицейде ұстаз, оқу ісі меңг-сі қызм. атқарды. Өмірінің соңғы айларында № 79 мект.-лицей дир-ры болып тағайындалды. М. атқарушы органдар мен сала басқ-ларының Алғыс хаттарымен және мақтау қағаздарымен марапатталған.

МОЛДАҚАШЕВА Жәміш Қапанқызы (6.02.1956., Арқалық а. кең., Ақтасты а.)б – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі (1992). 1973 ж. Егіндібұлақ а. ОМ бітіріп, Қазақ мемл. қыздар педин-ына түскен М. ЖОО тәмамдағаннан кейін, 1978 ж. Егіндібұлақ ауд. оқу бөлнде мект. дейінгі тәрбие бойынша инспектор болып еңб. жолын бастады. 1979 ж. БЛКЖО Егіндібұлақ ауд. ком-не хатшы болып сайланды. 1982-89 жж ауд. оқу бөл-нде инспектор, 1989-2005 жж Егіндібұлақ а. «Айгөлек» б-бақш-ның меңг., 2005-07 жж Қарағанды қ. обл. бала-р үйінде, «Еркетай» б-бақш-нда қызм. атқарып, 2009 ж. бері Осакаров ауд. Степное а. НМ қазақ тілі мен әдеб. пәндерінен сабақ береді. М. көптеген мемл. марапаттарға, соның ішінде Ы.Алтынсарин медаліне (2001) ие болды.

МОМЫНБЕКОВ Қабыкен (1920, Қарқаралы уезі, Дастар бол. – ?, Егіндібұлақ а.) – әуесқой әнші, өнерпаз. 1939 ж. Павлодар обл., Баянауыл ауд. ОМ бітіріп, еңб. араласты. 1940-60 жж «Жаңа жол», Сталин және Калинин атынд. к/здарда а. кеңес төрағасы, 1963-66 жж Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/з кәсіподақ к-нің төрағасы, 1967-89 жж с/з байланыс бөлнің бастығы қызм. атқарды. Сонымен бірге, а. көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысына белсене қатысты. Обл., респ. деңгейінде өткен фестивальдар мен байқауларға қатысып, лауреат атанды. Дәстүрлі әншілердің Алматыда өткен респ. конкурсында 1-ші орынға ие болды. Ол «Қабыкеновтер отбасы» ансамблін құруға мұрындық болды. А. шар. саласына сіңірген еңб. мен а. көркемөнерпаздары жұм. жандандыруға қосқан үлесі үшін көптеген марапаттарға иеленді.

МОНТАҚАЕВ Қалдыбай Жұмағалиұлы (15.01.1950, РФ, Алтай респ., Құлынды ауд., Қаракөл а./ Егіндібұлақ өңірінің тумасы) – сәулетші, Қазақ КСР еңб. сіңірген сәулетшісі (1980), КСРО халық сәулетшісі (1991). ҚазПИ-ді бітірген (1972). 1972-81 жж Алматы

Жобалау интернатында сәулетші, аға сәулетші, топ жетекшісі, шеберхана бастығы болды. 1982 ж-дан осы интернаттың бас сәулетшісі лауазымында қызм. жасады. 1996-2000 жж Қазақстан Сәулетшілер одағының президенті болған М. 1999 ж. бері Шығ. елдері Сәулет академиясының вице-президенті, оның Қазақстандағы бөл-нің төрағасы. 2000 ж-дан «Алматыгипрогор» АҚ дир-лар кеңесін басқарады. Алматыдағы 12 қабатты экспериментті тұрғын үйді (1996), Қазақстан КП ОК ғимаратын (1980), Алматыдағы қазіргі Президент сарайын (1985), «Республика алаңы» кешенін, «Айнабұлақ», «Ақсай», «Орбита» шағын ауд-дағы бірқатар кешенді құрылыстарды, сонымен бірге, Мәскеудегі Қазақстан мәдени орталығын (1986) жобалаған авторлар тобын басқарды. Ол соңғы ж-дары Астана қ-дағы Президент резиденциясының, Үкімет және Парламент үйлерінің, бірқатар министрліктер ғимараттары мен Конгресхоллдың, Астана әуежайы мен аэровокзалдың, орталық әмбебап дүкен мен саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалдық ескерткіштің жобаларын жасады. М. – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1982), Акрополь мұражайына арналған (Грекия, Афина қ.) Халықаралық байқаудың дипломанты (1989), Дүниежүзілік Бьеннале фестивалының лауреаты (1990). Ол 2000 ж. Қазақстанның «Жыл сәулетшісі» атағын алды. Медальдармен, «Құрмет» орденімен марапатталған.

МОМБАЕВ Камал Айтбайұлы **(**1932, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі – Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. Жер аударылған неміс балаларымен араласып жүріп, солардың тілін үйренген зерделі М. 1949 ж. ОМ бітіріп, Алматы шет тілдері ин-ына түседі. Оны тәмамдағаннан кейін туған а-ындағы ОМ-те неміс тілінен сабақ береді. 1965 ж. Мәскеудің Ленин атынд. әскери акад-сына шақырылып, арнайы курстан өткен соң әскери тілмаш-аудармашы мамандығымен капитан шенінде оралады. Мамандығы бойынша еліміздің ЖОО шақырғанымен, Егіндібұлақта қалды. Осындағы мект-терде абыроймен қызмет етіп, мыңдаған шәкірт оқытып, құрметке бөленді. Қу – Балқантау өңірінен шыққан алғашқы шет тілі маманы «Құрмет белгісі» орденінің иегері.

МОМБАЕВ Мәжікен (1917-) – партия-кеңес қызметкері. Шымкент а. шар. техн., Өскемен пед. уч-сін бітірген. Еңб. жолын 1933 ж. «Жасасын» к/зында есепшіліктен бастаған. Баспасөз саласында, партия қызм. болды. Марқакөл ауд. партия к-нің, Шығ. Қазақстан обл. комсомол ұйымының 1-ші хатшысы,1948-52 және 1960-61 жж. Қазақстан КП Қу ауд. к-нің, екі мерзім аралығында Нұра ауд. парткомының 1-ші хатшысы лауазымында еңб. етті. М. Еңбек Қызыл Ту, екі мәрте «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

МҰЗДЫБАЕВ Мұрат (6.08.1939, Қу ауд. Бүркітті а. кеңесі/ қазіргі Балқантау а. округі) – инженер-механик, Қазақстанның еңбек ардагері (2015). 1957 ж. Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ, 1962 ж. Қазақ мемл. а. шар. ин-ын инж.-механик мамандығы бойынша бітірді. Еңб. жолын Қарқаралы РТС (ауд. техн. станция) мекемесінде бастап, инж., МТШ меңг-сі, бас инж. қызм. атқарды. 1965 ж. Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқ-на ауысып, бас инж., басқ. бастығының ор-ы лауазымында еңб. етіп, 1976 ж. ұйымдастырылған Егіндібұлақ ауд. мал бордақылау мамандандырылған бірлестігінің, 1989 ж. бастап «Қаратау» (кейін Н.Нұрмақов атынд.) с/зының дир-ы болды. 1997 ж. а. шар-ын жеке меншікке бөлшектеу үдерісінен кейін «Игілік» шар. қожалығын басқарды. М. Еңбек Қызыл Ту орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

МҰҚАЖАНОВ Еркін Рахметұлы **(**1.01.1951, Бастал а. – 01.1995, Егіндібұлақ а.) – педагог, музыкант, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі (1990). 1969 ж. Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ үздік аяқтап, 1970 ж. Қарағанды педин-ының музыка ф-іне түседі. Студент кезінде әскери гарнизонда музыкант болды. 1974 ж. Егіндібұлақ а-да ашылған Ж.Елебеков атынд. балалар музыка мект-де домбыра, баян сыныптарына сабақ берді. 1976 ж. ауд. Мәд. үйі жанынан халық аспаптар оркестрін құрып, көркемдік жетекшісі болды. 1978 ж. көркемөнерпаздар оркестрлерінің респ. байқауындағы концерті үшін ұжым «Халық аспаптар оркестрі» атағын алып, оның көркемдік жетекшісі М. дирижер мәртебесін, оркестр ақылы концерттер қою құқығын иеленді. 1979 ж. наурызда ұжым «Тәттімбет атындағы халық аспаптар оркестрі» құрметті атағын алып, М-тың өнердегі жетістіктері туралы мерзімді баспасөзде бірнеше

мақала жарияланды. Өнер ұжымы 1980 ж. Алматыдағы есепті концертте 1-дәрежелі дипломмен, Мәд. министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды. 1985 ж. Егіндібұлақта Мұқажановтар отбасылық ансамблі құрылып, ол отбасылық ансамбльдердің обл. байқауында Бас жүлде жеңіп алды. ҰОС Жеңістің 40 ж-дығына арналған Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауында М. басқарған оркестрдің концерті респ., одақ көлемінде үздік деп танылды. 1987 ж. М. ардагерлердің «Замандастар» атты ансамблін құрды. 1992 ж. оркестр негізінде М. құрған «Балқантау сазы» фольк. ансамблі Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайына қатысушылар алдында концерт берді. 1993 ж. М. басқарған халықтық өнер ұжымы «Сарыарқа» деген атаумен Нидерланды (Голландия) мемл-нде өткен Бүкіләлемдік XXYIII фольк. өнер ұжымдары фестивалына Қазақстан атынан қатысып, «Гауһар» жүлде жеңіп алды. Өскелең ұрпақты өнерге баулып, рухани көркемдік әлемі қалыптасуына өлшеусіз үлес қосқан М. Бүкілодақтық көркемөнерпаздар байқауының үш дүркін лауреаты. Оның еңб. жолы «Қарағанды» энциклопедиясында (1986), т.б. еңбектерде жарияға шықты.

Нәзипа АСҚАР

МҰҚАНОВ Серік Шоланұлы (12.04.1950, Қу ауд., Едірей а. кеңесі) – электр инженері, механик, а. шар. ұйымдастырушы, жеңіл атлет. бойынша спорт шеберл. кандидат. 1968 ж. Комсомол (қазіргі Қарабұлақ) ОМ, 1974 ж. Целиноград (қазіргі Астана) а. шар. ин-ның а. шар-ын электрлендіру ф-ін, 1979 ж. аталған ЖОО механика ф-ін тәмамдаған. Еңб. жолын 1974 ж. «Комсомол» с/зында инж.-электрші болып бастап, 1979 ж. шар-тың бас инж-і, 1982 ж. Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқармасының бас инж-і лауазымына жоғарылады. 1989-97 жж Абай атынд. с/здың дир-ы қызм. атқарды. Аталған шар. біржола таратылып, оның материалдық базасы бөліске түскеннен кейін «Құт» шаруа қожалығын ашып, соған басшылық жасауда. «Құт» ШҚ еттік бағыттағы Әулиекөл асыл тұқымды сиырын өсірумен айналысады. М. студенттік шағында үлкен спортпен шұғылданып, жеңіл атлетика, спринт және онсайыс бойынша Қазақстан құрамасының сапына кірді. А. шар. саласындағы ұзақ ж-ғы табысты еңб. үшін ол бірнеше мемл. марапаттарға ие болған.

МҰҚАТОВ Қариполла (18.07.1960, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – инж.-механик, экон.-менеджер, мемл. қызметкер. 1977 ж. ОМ, 1982 ж. Қарағанды политехн. ин-ның автомоб. шар-ғы ф-ін, 2000 ж. Қазтұтынуодағы Қарағанды ЭУ-нің экон. және басқару ф-ін бітірді. Еңб. жолын 1982 ж. Егіндібұлақ ауд. «Қоянды» с/зы МТМ-нда слесарь, механик болып бастады. 1985 ж. Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқармасында аға инж., Қарағанды қ. №2582 автоколоннада АЖШ шебері, ТББ, автоотряд бастығы қызм. атқарды. 1987 ж. №5 автоб. паркіне ауысып, диспетчер, инж., автоколонна бастығы, бас инж. болды. 1993 ж. Киров ауд. әкімінің, 1997 ж. Октябрь ауд. әкімінің 1-ші ор-ы, «Ай»ЖШС президенті, 1998 ж. Қарағанды қ. Октябрь ауд-ның, 1999 ж. Саран қ-ның, ? Балқаш қ-ның әкімі, ? -? жж Қарағанды обл. әкімі аппаратының жетекшісі қызм. атқарды...

МҰҚАШЕВ Ұзақбай (1936, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі) – мәд. саласы, парт. қызметкері, педагог, ҚР білім беру ісінің үздігі (1996). 1956 ж. ОМ бітіріп, Қу ауд. Мәд. үйінің дир-ы, ауд. мәд. бөл-де инспектор, 1961 ж. бастап мәд. бөл-нің меңг-сі болды. ЖОО сырттай оқып бітірген ол 1970 ж. Абай атынд. с/з баст. парт. к-інің хатшысы, халық депутаттары атқару к-інің төрағасы қызм. атқарып, 1986 ж. пед. жұм-қа ауысты: тарих пәні мұғ-і, мект. дир-ының оқу ісі жөніндегі ор-ы, дир-ы лауазымында еңб. етті. 2005 ж. ғана қоғ. қызм-тен қол үзіп, зейнет демалысына шықты. М. бірнеше мемл. наградалармен марапатталып, ауд. кеңеске депутат болып сайланды.

МҰСАТАЙ Тәттімбетұлы (1837, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 1911, сонда) – ұлы композитор Тәттімбеттің мұрагері, ел билеу ісіне араласқан қайраткер. Орыс отарлығының озбыр әрекеттеріне қарсылық білдіруші. 1905 ж. Қоянды жәрмеңкесінде әзірленген және Ресей императорына, үкіметі мен ішкі істер министрлігіне жолданған құзырхаттардың біріне қол қойған кезде М. Қу болысын басқарған. Қазақтар империя құрамындағы өзге халықтардан ақыл-ойы, салт-санасы мен дәстүр-мәдениеті жағынан ешбір кем еместігін саналылықпен

түсініп, өзін өзі билеуге құқылы ұлттар санатына қосылу бағытын ұстанған. Мемл. қызм. атқарса да, ол Ресейдің саясатын ұдайы қолдай бермегенін аңғарамыз.

МҰСАТАЙДЫҢ Шайқысы (15.08.1875, Қарқаралы уезі, Қу бол., 5 а. – 7.12.1967, Семей обл., Аягөз қ.) – қоғам қайраткері, саяси қуғын-сүргін құрбаны. Әкесі – Тәттімбетұлы Мұсатай қажы, анасы – Мұса Шормановтың қызы Ақбөпе. 9 жасына дейін Мыржық а-дағы Сары қожадан сауат ашып, Қарқаралы медресесін (онда дін оқуымен бірге ветеринария, ботаника, география, т.б. ғыл. пәндер оқытылған), Семейдің 3 сыныптық семинариясын, Омбы инж-агрон-лық курсын тәмамдаған. Ташкент реалды уч-сінде оқып жүргенде, 1911 ж. әкесі және оның інісі Қысатай қайтыс болғандықтан, оқуын үзіп, елге қайтады. Қатарынан бірнеше рет Дастар болысының басқарушылығына сайланады. Ә.Бөкейхан бастаған ұлт демократтарымен қарым-қатынас орнатып, Алаш партиясының бағдарламасын даярлау ісіне кеңесші болады. Арашорда үкіметінің жұмысына араласады. 1919 ж. Қу болысын басқаруға сайланған ол кеңес билігі орныққаннан кейін қоғ. қызм-тен шеттеген **М.**Ш. 1927 ж. тәркілеу науқанына ілігіп, жер аударылады. Туыстары берген мәлімет бойынша, ол он ж-ға сотталса, енді бір дерек көздерінде 1930 ж-ғы Боқты көтерілісіне дем берушілердің бірі болған. ҰОС қарсаңында айдаудан қайтқан, егде адамның туып-өскен жерінде де, Семей қ-сындағы үйінде де тұруына рұқсат етпей, Ертіс өз-нің арғы бетіндегі «Жаңа өрнек» с/зында, тек өмірінің соңғы кезінде ғана Аягөз қ-да ғұмыр кешіпті.

МҰСТАФА Балуанұлы (1875/76, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 28.12.1964, Егіндібұлақ ауд., Едірей а.) – молда, шежіреші. Тройцк қ. медресесін бітірген. Кеңестік-коммунистік идеологияның қыспағына қарамай, ұлттық салт-дәстүр мен Ислам діні қағидаларын кейінгі ұрпаққа жалғастырушы һәм XVIII ғ. жәдігері, Тіленші би Бекболатұлының кісесін сақтап, бүгінгі күнге жеткізуші қазына қария болды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

МҰСТАФИН Кәрібек (9.03.1938, Қу ауд., Доғалаң а. кеңесі) – мал дәрігері, а. шар. ардагері. 1956 ж. Егіндібұлақ а. ОМ, 1962 ж. Семей зооветтехн. ин-ын тәмамдап, сол ж. «Қаратау» с/зының бас мал дәрігері болып еңб. жолын бастады. 1965-77 ж. Егіндібұлақ ауд. а. шар-ғы басқ-ның бас мал дәрігері , ауд. мал дәрігерлік мекем-нің бастығы, зертхана дәрігері қызм. атқарды. 1977-81 жж ауд. мамандандырылған а. шар. бірлестігінің бас малдәрігері, 1981-95 жж ауд. а. шар. басқ-ның бас мал дәрігері және мал дәрігерлік мекем. бастығы лауазымында еңб. етті. Зейнеткерлікке шыққан соң қоғ. жұм. араласып, 1995-99 жж ардагерлердің Қазыбек би ауд. және Қарқаралы ауд. кеңесі төрағасының ор-ы, 2003-04 жж Қарағанды обл. мал дәрігерлік қоғ. бірлестігінің төрағасы және осы қауымдастықтың а. шар. мамандарына арналған «Агрозоовет хабаршысы» обл. газетінің редакторы болды. Ол Егіндібұлақ а. және ауд. кеңестері мен мәслихатының, Қарқаралы ауд. мәслихатының депутаттығына сайланды. М. көптеген мемл. марапаттардың иесі.

МҰСТАФИН Қайрат Мұхамедназхарұлы (2.03.1962, Шарықты а. кеңесі) – кәсіпкер, «Желтау» шаруа қожалығының иесі. 1979 ж. Егіндібұлақ мект.-инт-ын, 1985 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың физика ф-ін бітіріп, еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. Қоянды а. ОМ-те мұғ-діктен бастады. Көп ұзамай Шарықты а. кеңесіндегі Қызылшілік негізгі мект-нің дир-ы қызм. тағайындалды. 1988 ж. Егіндібұлақ ауд. партия к-нің нұсқаушысы болып, 1991 ж-дан кәсіпкерлікпен айналысуда.

МҰСТАФИН Мұхамедназхар (Мәс) (1.02.1930, Қу ауд., Едірей а. кеңесі – 31.01.2001) – механизатор, Қазақ КСР а. шар-на еңб. сіңірген қызметкер. Еңб-ке ҰОС ж-дары араласып, егін салу, шөп шабу, мал бағу, т.б. науқандық жұм-тарға араласты. Қоянды МРС-інде трактортшылар курсын тәмамдап, а-ға келген алғашқы техн-ны меңгерді. Тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысты. Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/здың Шөптікөл бөл-шесінде механизатор, трактортшылар бригадасының бригадирі болып 1986 ж-ға дейін еңб. етіп, зейнетке шығар алдында пошташы қызм. атқарды. А. шар-ғы саласындағы ұзақ ж-ғы табысты еңб-і үшін М. «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальдармен, Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

МҰХАМЕДИН Ғалым (1950, Жаңаарқа ауд.) – әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі. Жаңаарқаның түлегі М. қазақ өнерінің біртуар өкілі, Арқаның ән мектебін бүгінгі күнге жеткізген ұлы Жүсіпбек Елебековтің соңғы шәкірттерінің бірі. Қазір Т.Қалмағанбетов атынд. Жезқазған қ-лық филармониясының әншісі. М. халық әндері мен қазақ композиторларының шығ-ларын, соның ішінде Мәди әндерін насихаттауға сүбелі үлес қосып жүр.

МҰХАМЕТЖАНОВА Айгүл Олжабайқызы (01.01.1976, Егіндібұлақ а.) – педагог, пед. ғыл. кандидаты (2010), доцент (2015), Ресей Жаратылыстану академиясының профессоры, Халықаралық Ақпарат академиясының академигі (2013). -------1992 ж. Егіндібұлақ а. № 2 (қазіргі № 5) ОМ, 1995 ж. Абай атынд. Саран пед. уч-сін, 1999 ж. Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інің педагогика ф-ін тәмамдады. 1999-2001 жж Қарқаралы ауд., Егіндібұлақ а. №2 ОМ-те бастауыш сынып мұғ. болды. 2001 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі кафед-на оқытушы лауазымына қабылданды. Қазір доцент. 2002-06 жж осы ЖОО аспирантурасында оқып, «Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ауыл мектептерінде педагогикалық инновацияны пайдалануға даярлау» тақырыбында канд. диссертация қорғады. М. 100-ден астам ғыл.-әдіст. еңб-тің, оның ішінде 2 монографияның, 2 оқу құралының, 7 әдістемелік нұсқаудың, 6 электронды оқулықтың авторы. Ғыл. еңб-тері отандық және шетелдік (Чехия, Белоруссия, Германия елдері мен Ресейдің Мәскеу, Қазан, Уфа, Ижевск, Новосибирск, Чебоксары, т.б. қ-ларында) басылымдарда жарияланды. М. көптеген мемл. және атқарушы органдардың марапаттарын иеленген.

МҰБАРАКОВ Мейір – кәсіпкер, ауд. мәслихат депутаты, «Балқантау» қайырымдылық қоры» жеке қорының атқарушы дир-ы.

МҮСІПОВ Нұрлан – кәсіпкер. 2011 ж. Егіндібұлақ а. мұсылмандары үшін мешіт ғимаратын салып берді.

МЫҢҒЫШ (Мыңғырбай) Байдәулетұлы (XIX ғ-дың алғ. жартысы, Қу – Балқантау өңірі, Майдан қыс. – 1917, Ақсары бол./ зираты қазіргі Балқантау а. округінің Айнабұлақ а-да) – болыс, ортасынан иығы асқан бай, кем-кетікке қайырымды адам болған дүр. 1884-87 жж мұғдарында Ақсары болысы Берікқара болысынан бөлініп шыққанда, бірнеше мәрте ел басқаруға сайланған. Қазіргі Балқантау а. округі аумағындағы Майдан қыстағында М-тың ағашпен шегенделген құдығы бар. Сол жердегі ағаш үйін 1965 ж. с/з бұзып алып, материалдарын құрылысқа пайдаланған екен. М. інісі Сәнекенің үйін өзі бұзғызып, Егіндібұлақ а-да мект. салғызған деседі. Бұл 1908-09 жж шамасы. Талай адамның сауат ашуына мүмкіндік берген ғимарат кейін дәрігерлік амбулатория болыпты. Қазір, әрине, оның орны ғана жатыр.

МЫРЖЫҚ – Сарыарқадағы тау жотасы, Егіндібұлақ а-ның шығ-ында, 90 км орналасқан, солт.-батыстан оңт.-шығысқа қарай 40 км-ге созылып жатыр (оның 15 км-і обл. жерімен өтеді), ені – 20 км. Түпкі жыныстары жер бетіне шығып жатқан өзен аңғарлары, сай-жыралармен бөлінген, толып жатқан қырқалар мен ұсақ шоқылардан тұрады. М-тың ең биігі – Егібай тауы (970 м). Кембрий жүйесінің тау жыныстарынан құралған. Баурайынан өз. мен жылғалар бастау алады. Өз. аңғарларының сортаң араласқан қызыл қоңыр топырақты, шалғынды жерлерінде бұта, сұлыбас пен боз, селеу және әртүрлі шөп өседі.

МЫРЖЫҚБАЕВ Кенжеғали (1953, Семей обл., Абай ауд., Саржал а./ ата жұрты Қу өңіріндегі Мыржық тауы) – әнші, лирикалық тенор. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, профессор. М. Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Қараңғы түнде тау қалғып», композитор С.Мұхамеджановтың Абай сөзіне жазылған «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Өзгеге көңілім тоярсың», М.Төлебаевтың «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын», Н.Тілендиевтің «Абай арманы» («Жасымда ғылым бар деп ескермедім»), Е.Рахмадиевтың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», А.Молодов пен І.Жақановтың «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз» ән-романстарын, А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсынан Айдардың ариясын шебер орындап, кеңінен насихаттап жүр. Ол Астана мен еліміздің ірі қ-ларындағы концерт залдарында «Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін» деген атаумен Абай

әндерінен және ақын сөздеріне жазылған қазақ композиторларының ән-романстарынан дәріс-концерттер беруді дәстүрге айналдырды. М. – қазақтың халық әндері мен халық композиторлары шығ-ларын, классикалық дүниелер мен заманауи сазгерлердің ән-романстарын биік деңгейде шырқайтын сирек таланттардың бірі. І.Жақанов, Б.Жұманиязов, Ә.Бейсеуов, М.Ыбыраев, Т.Шапай, Т.Ізтаев, т.б. сазгерлер оның даусына арнап шығ-лар жазды. М. көптеген мемл. марапаттардың иесі.

МІРТЕМІРОВ Шайкен (т.-ө. ж-дары белгісіз) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты. Бүкіл саналы өмірін өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беру ісіне арнаған М. ұзақ ж. Егіндібұлақ а-дағы қазақ ОМ-інде мұғ. болды.

НҢН

НАЗАРБАЕВ Нұрсұлтан Әбішұлы (6.07.1940, Алматы обл., Шамалған а.) – мемл., қоғам қайраткері, ғалым, ҚР тұңғыш президенті, экон. ғыл. докторы (1993), ҚР ҰҒА академигі (1995), Қазақстан халықтары ассамблеясының төрағасы, Қазақстан Қарулы күштерінің Жоғ. бас қолбасшысы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы, «Нұр Отан» ХДП төрағасы, әл-Фараби атынд. ҚазҰМУ-дың және т.б. көптеген отандық және шетелдік ЖОО құрм. профессоры. 1960 ж. Днепродзержинск техн. уч-сін, 1967 ж. Қарағанды металлургия комбинатына қарасты жоғ. техн. оқу орнын, 1976 ж. КОКП ОК-іне қарасты Жоғ. парт. мект-ін бітірген. Еңб. жолын 1960 ж. Теміртау қ-сында Қарағанды металлургия комб-ында жұм-шы болып бастап, домна пешінің аға газдаушысына дейінгі жолдан өтті. 1969-73 жж Теміртау қ-сында парт.-комсомол жұм-ында жауапты қызм. атқарды. 1973-77 жж «Қарметкомбинат» партком хатшысы, 1977-79 жж Қарағанды обл. парт. к-інің хатшысы, 2-ші хатшысы, 1979-84 жж Қазақстан КП ОК-інің хатшысы. 1984-89 жж Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, 1989-91 жж Қазақстан КП ОК 1-ші хатшысы, 1990 ж. ақпан-сәуірінде Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің төрағасы болды. 1990 ж. сәуірінен Қазақ КСР президенті. 1991 ж. 1 желтоқсанда тұңғыш рет ҚР Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті. Сайлау нәтижесінде Н. басым дауыспен (98,78 %) жеңіске жетті. 1995 ж. 29 сәуірде жалпыхалықтық референдумда ҚР Президенті Н-тың өкілеттігі 2000 ж. дейін ұзартылды. 1999 ж. 10 қаңтарда өткен жалпыхалықтық сайлауда Н. 79,78 %, 2005 ж. 4 желтоқсанда 91,5 %, 2011 ж. 3 сәуірде 95,5 %, 2015 ж. 26 сәуірде 97,7 % дауыс алып, Н. ҚР Президенті болып бесінші мәрте қайта сайланды. Н-тың есімін әртүрлі нысандарға беру туралы ұсыныс қоғам мүшелерінен жиі түседі. Елбасы олардың көбіне қарсылық танытып, есімін білім және ғылыммен байланыстыруды дұрыс санап, өз атында ун. пен зияткерлік мект-тер ашылуына келісімін берді. Н. бұл білім беру орталықтарын бақылауында ұстауға тырысады. Олар «Назарбаев қоры» мен «Назарбаев орталығының» үйлестіруімен жүзеге асырылады. Н. Қазақстанның ең жоғары ерекшелік белгісі – ерекше үлгідегі «Алтын Қыран» орденімен, сондай-ақ әлемнің көптеген елдерінің, халықаралық және қоғамдық ұйымдардың жоғары наградаларымен марапатталған.

НАМАНАЙ – Қаракесек (Болатқожа) – Ақша – Бошанның Таз тармағынан өрбитін екі атаның (Н., Бұлбұл) бірі. Қолдағы шежіре деректеріне сәйкес, Н-дан Қадырқұл, Олжағұл, Құлғара, Майлышы (Мәйміш) тарайды. Н. әріден келе жатқан ата болғанына қарамастан, сан жағынан аз тараған. Кеңестік әкімшілік бөлініске дейін Айбике –Шаншар (1848 ж-дан кейін Едірей) болысының құрамындағы бірер старшын ел болды. Н-дай әйгілі Меңдеке батыр, бірсыпыра парт.-кеңес қызм-лері шықты. Н-дың басым бөлігі қазіргі Қарқаралы ауд. қарасты Тәттімбет а. округі өңірінде қоныстанған. Меңдеке батыр осы атадан тарайды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

НАШАРБАЕВА Мәмилә Байжанқызы (28.12.1940, Көкшетау обл. Степняк қ.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі (1976), Аға мұғалім (1989). 1958 ж. Степняк қ. ОМ, 1962 ж. Қарағанды мемл. пед. ин-ының жаратылыстану ф-ін хим.-биология пәндерінің оқытушысы мамандығы бойынша бітірген. Жолдамамен Қу ауд. Бастал а. сегізж-дық мект-ке мұғ. қызм. келіп, келесі оқу ж-ы Қоянды сегізж-дық мект. дир-ының оқу-тәрбие жөніндегі

ор-ы болды. Ауд. Егіндібұлақ атауымен қайта ашылғанда осында келіп, №25 орыс мек-інде (кейінгі №2, қазіргі №5) еңб. жолын жалғастырды. Мұнда көп уақыт дир-дың оқу-тәрбие жөніндегі ор-ы, 31 ж. хим.-биология пәндері ауд. бірлестігінің төрағасы міндетін атқарды. Зейнеткерлікке шыққан соң да біраз ж. пед. қызм. жасаған Н. қоғ. өміріне белсене араласады: ұзақ ж-дар бойы а-дағы әйелдер кеңесіне (отбасы және гендерлік саясат комиссиясына) жетекшілік етеді.

Ахмедия СҰЛЕЙМЕНОВ

НӘУЕТЕК Бөденеқызы – Қаздауысты Қазыбектің інісі Бөдене батырдың қызы. Ауыздан-ауызға жеткен әпсаналар бойынша, Ұлы биге туыстары қастандық жасағалы жатқанын айтып, сақтандырған өзінің қызы Маңқан мен осы Н. Ел әңгімелері Н. аса ақылды, әр істі оймен екшеп, сабырмен атқаратын, алда болатын кейбір оқиғаларды болжау қасиетінен де кенде қалмағанын айтады. Сондықтан, қыздары болашақта былай болады, өйтеді, бүйтеді деп сәуегейлік жасаса, аналарымыз: «Нәуетектенбей тек отыр», – деп тиып тастайды екен. Аңыз деректері бойынша, Н. Қаржас еліне ұзатылыпты. Бөдене батыр жоңғарларға қарсы соғыста қазаға ұшырап, жас қалған балалары тұрмыстағы апасын пана тұтып барса, ол жақтың кейбір желөкпе жігіттері қоныс бермейміз деп қарсылық көрсетсе керек. Сол кезде өрмек тоқып отырған Н. қолына бақан алып, жайдақ атқа міне салып, қайындарын шетінен құлатып, бауырларына қоныс алып берген дүр.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

НҰРАҚЫШЕВ Мұрат Шәуенұлы (1948, Қу ауд., Егіндібұлақ а.) – мал маманы, мемл. қызметкер. Егіндібұлақ ауд. с/здарында зоотехн. болып еңб. етті. «Арқалық» с/зы парткомының хатшысы, шар. дир-ы лауазымын атқарғанда тері илеу, тон тігу, ұн тарту, т.б. шағын кәсіпорындар ашты, ұлы күйші-композитор Тәттімбеттің 175 ж-дық мерейтойын өткізді. 1992-95 жж Қазыбек би (бұрынғы Егіндібұлақ) ауд. әкімшілігінің басшысы, 1995-97 жж әкімі, 1997-2000 жж Қарқаралы ауд. әкімі қызм. атқарды. Қазір Астана қ-да тұрады, кәсіпкерлікпен айналысады.

НҰРБЕКОВ Айдын Аманжолұлы – жоғары санатты хирург-дәрігер, мед. ғыл. докторы, профессор.

НҰРБЕКОВ Айтқазы (1927, Қу ауд., Бастал а. кеңесі – 1978, Егіндібұлақ а.) – ақын, журналист, КСРО Журналистер одағының мүшесі. Егіндібұлақтағы №1 қазақ ОМ, одан соң, 1954 ж. Қазақтың С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. мемл. ун-інің журналистика ф-ін тәмамдап, Шығ. Қазақстан обл газетінде, Қарағанды телевизия және радиохабарлары к-інде қызм. жасаған Н. өмірінің соңғы кезінде туған жеріне оралып, ауд. «Ленин туы» газетінің а. шар. бөл. меңг-сі болды. Қу – Балқантау өңірінің шежіресін жасауға біршама үлес қосты. Н-тің тырнақалды бір топ өлеңі 1949 ж. «Жастар дауысы» атты ұжымдық жинақта жарық көрді. Одан кейін ауд., обл., респ. мерзімді басылым беттерінде ұдайы жарияға шығып тұрды. Н-тің поэзиясы мен журн. шығ-лары ой айқындығы, тіл көркемдігі тұрғысынан ерекшеленеді.

НҰРБЕКОВ Аманжол Нұрбекұлы (15.09.1949, Шет ауд., Ақбауыр а./ Қу – Балқантау өңірінің тумасы) – дәрігер, ғалым – мед. ғыл. кандидаты, ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі (1996), ҚР Білім беру ісінің үздігі (2000). 1966 ж. Қарағанды қ. №2 ОМ, 1972 ж. Қарағанды мемл. мед. ин-ын «Санитария» мамандығы бойынша тәмамдап, 1972-82 жж Балқаш қ. мед. уч-де оқытушы және тәжірибе ісі бөл. меңг. қызм. атқарды. 1983-2001 жж Балқаш мед. колледжінің дир-ы болса, 2001 ж. бері «Қарағанды қаласының медицина колледжі» КМК дир-ы лауазымында еңб. етуде. Н. «Нұр Отан» ХДП Қарағанды обл. фил. Бақылау к-нің төрағасы. 2008 ж. бері Қарағанды обл. медбикелерін мед. қызметтің заманауи әдістері жайлы ақпаратпен қамтамасыз ететін, медбике көмегін халықар. стандарттар бойынша насихаттайтын, мед. қызм. көрсету сапасын жетілдіретін «Шарапат» қауымдастығын басқарады. Ол «Тері және венерология ауруларындағы мейіркеш ісі», «Гигиена» оқу құралдарының авторы және «Мейірбике ісі» журналының редакторы. Еліміздің денсаулық сақтау және кәсіби білім беру саласындағы ұзақ ж-дық еңбегі үшін Н. көптеген мемл. және салалық марапаттарға ие болды, жергілікті өкілетті органға депутат болып сайланды.

НҰРҒАБДЕШЕВ Асылбек Рымбекұлы (21.05.1986, Егіндібұлақ а.) 1992 ж. Егіндібұлақта алғаш ашылған гимназия табалдырығын аттап, 2003 ж. Қарағанды қ. Бұқар жырау атынд. қазақ-түрік лицейін «Алтын белгімен» үздік бітірді. Лицейдегі 5 жылда химия ғыл. тереңірек меңгеруге талпынды. 4 рет респ. химия олимпиадасы жүлдегері атанды. Менделеев атынд. 36-шы Халықар. химия олимпиадасында күміс медаль иеленіп, Голландияда өткен 34-ші Әлемдік химия олимпиадасы мен Мәскеуде өткен Менделеев атынд. 37-ші Халықар. химия олимпиадасында мақтау грамотасын иеленді. Осымен қатар, Қарағанды обл. өткен тарих олимпиадасы жеңімпазы атанып, «Жыл эрудиті» жүлдесін жеңіп алды (2002). Лицейдегі оқудың соңғы ж-да оқушылар дебатында лицей командасымен бірге 1 орын және обл. бойынша «Ең мықты спикер» атағын иеленді. 2002-03 жж респ. «XXI ғасыр көшбасшысы» интеллектуалдық сайысына қатысып, апталық, айлық, тоқсандық және жылдық ойын жеңімпазы атанды. Оқушы кезіндегі жетістіктері арқасында Н. 2002 ж. қазан айында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың кабылдауында болып, Құрмет грамотасымен марапатталды. 2003-10 жж Түркия астанасы Анкара қ. Таяу Шығ. техн. ун-інде мұнай және газ инженері (бакалавриат) және экономика (магистратура) мамандықтары бойынша білім алды. Сонымен қатар, 2005-09 жж «Ниппон» қоры аясында Анқара қ-дағы қазақстандық студенттердің президенті міндетін атқарды. 2008-10 жж ҚР-ның Анкара қ. елшілігінде әскери атташе аудармашысы қызм. атқарды. 2010-11 жж Стамбулдың Шехир ун-інде ғыл. қызметкер және оқытушы бола жүріп, Бизнесті басқару магистратурасын (MBA) бітірді. 2011-14 жж Ұлыбританияның Шеффилд ун-інде менеджмент мамандығы бойынша докторантурада оқып, 2014 ж. Қазақстанға PhD докторы болып оралды. 2014-15 жж Борусан компаниясында инж. және жоба басқарушы, Қазақ – Британ техн. ун-інде (КБТУ) ғыл. және инновация секторының басқарушысы қызм. атқарды. Сонымен қатар, Францияның Труа ун-інде (Groupe ESC Troyes, Champagne School of Management) Латвияның Экономика және бизнес ун-інде (RISEBA) қонақ профессор («visiting professor») мәртебесінде менеджмент бойынша дәріс берді. 2015 ж. бері Алматы Менеджмент ун-інде Базалық даярлық ф-інің деканы және Менеджмент, кәсіпкерлік және маркетинг кафед-ның проф. міндетін атқаруда.

НҰРДІЛДИНА Гүлнар Ғосманқызы (27.09.1953) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі (1989). Егіндібұлақ а. ОМ, 1974 ж. ҚарМУ-дың филол. ф-ін тәмамдап, өзі туып-өскен а-дағы №2 ОМ-те орыс тілі мен әдеб. пәні мұғ. болып еңб. жолын бастады. Сабақ бере жүріп, пионер ұйымының жетекшісі, комсомол к-нің хатшысы тәрізді қоғамдық жұмыстарды қоса атқарды. 1990-95 жж осы №1 ОМ дир-ының оқу ісі жөніндегі ор-ы болды. Н. 1995-97 жж бері Теміртау қ-ндағы №15 қазақ ОМ-інде орыс тілі мен әдеб. пәні мұғ-і, 1997-2005 жж мект.-гимназияға айналған пед. ұжымда дир-дың оқу ісі жөніндегі ор-ы, 2006-12 жж қайтадан мұғ. қызм. атқарды. Білім беру саласындағы ұзақ ж-ғы мінсіз қызметі үшін Н. көптеген мемл. наградалар иеленді. Соның ішінде, 23 жасында БЛКЖО-ның «Ең үздік жас мұғалім» белгісімен, тәжірибесі толысқан шағында Ы.Алтынсарин медалімен марапатталды.

Серік СЕКСЕНҰЛЫ

НҰРДІЛДИН Ғосман – а. шар. ұйымдастырушы, еңб. ардагері. 1959-65 жж «Арқалық» с/зының дир-ы, одан кейін Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқармасының бастығы қызм. атқарды.

НҰРКЕНОВ Марат Нұркенұлы (17.01.1941, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі – Ботақара кенті) – агроном, а. шар. саласының ұйымдастырушысы. 1958 ж. Қу ауд. №1 ОМ бітіріп, еңб. жолын «Комсомол» с/зында жүргізуші болып бастады. 1968 ж. Целиноград а. шар. ин-ының аграрлық ф-ін тәмамдаған Н. «Комсомол» с/зының №1 бөл-сіне агроном болып қызм. тұрды да, арада 5 ай өткен соң «Қоянды» с/зына бас агроном болып ауыстырылды. 1975 ж. Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқ-сының бас агрономы қызм. тағайындалды. 1977 ж. өндіріс бөл. жетекшісі әрі а. шар. басқ-сы бастығының ор-ы болған ол 1979 ж. «Қоянды» с/зының дир-ы қызм. кірісті. А. шар. өнімдерін өндіруде бұған дейін төменгі орында келе жатқан «Қоянды» с/зы Н. басшылық жасаған уақытта жоғ. табыстарға қол жеткізді. 1989 ж. ол Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд. агроөнеркәсіп бірлестігінің бас агрономы қызм. келіп, 1992ж. баст. ор-ы болды. 1998 ж. әкімш.-аумақтық өзгерістерге байланысты Н. Бұқар жырау ауд. а. шар. басқ-сы баст. ор-ы лауазымына тағайындалып, осы қызм. зейнеткерлікке шықты. Негізгі қызм.

қоса қоғ. жұмыстарға да белсене араласқан Н. жас шағында а. көркемөнерпаздар топтарының мүшесі болса, өмірінің соңғы кезінде тарихи мұраларды іздестіру және сақтау жұм. айналысты. Атап айтқанда, ол Қаздауысты Қазыбек қайтыс болған жерде қыс бойы сүйегі сақталған сөре тастарды, Тіленші мен Алшынбай билердің зираттарын қоршап, ескерткіш белгілер қоюға ықпал етті. А. шар. саласындағы ұзақ ж-ғы жемісті еңб. үшін Н. «Құрмет белгісі» орденімен, көптеген медальдармен және сала басшылығының Құрмет грамоталарымен марапатталды.

НҰРКЕНОВ Сламиден Қамашұлы – Айнабұлақ а. округінің әкімі, Қарқаралы ауд. әкімі аппаратының жетекшісі қызм. атқарды. Қазір Қарқаралы ауд. мәслихатының хатшысы.

НҰРКЕНОВ Төлеуғазы Қамашұлы (16.09.1953, Қу ауд., Абай а, кеңесі) – агроном, басшы қызметкер. 1971 ж. Егіндібұлақ а. №2 ОМ, 1979 ж. Қазақ а. шар. ин-ының (Алматы) агрон. ф-ін бітіріп, Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд., Свердлов атынд. с/здың №2 бөл-де агрон. болып еңб. жолын бастады. 1982 ж. Алматы обл. атқару к-і төрағасының көмекшісі қызм-не ауысты. Көп ұзамай аталған обл. а. шар. басқармасында бөл. меңг-сі, жер қатынастар департаментінің басшысы лауазымында еңб. етті. 1994 ж-дан Астана қ. жер қатынастар к-інің төрағасы қызм. атқарды. Н. «Құрмет» орденімен, медальдармен, Алғыс хаттармен марапатталған.

НҰРМАҒАНБЕТОВА Сәлима (1947, Қу ауд., Егіндібұлақ а.) – комсомол, партия қызметкері. 1969 ж. Қарағанды политехн. ин-ын, 1981 ж. ҚКП ОК жанындағы жоғ. парт. мект. бітірді. Еңб. жолын Егіндібұлақ ауд-нда құрылыс шебері, архитектор болып бастады. 1970-75 жж Егіндібұлақ ауд. комсомол к-інің 1-ші хатшысы, 1975-77 жж Қарағанды обл. парт. к-і насихат және үгіт бөл-нің нұсқаушысы, 1977-79 жж Талды ауд. парт. к-інің хатшысы, 1981-87 жж Абай қ-лық атқару к-і төрағасының ор-ы. 1987- 2005 жж обл. атқару к-і, обл. әкімшілігі аппаратында ішкі саясат, ұлтар. қатынастар бөл-нің маманы, Қазақстан халықтары Ассамблеясы Қарағанды обл. хатшылығының меңг-сі. 2006-11жж «Нұр Отан» ХДП обл филиалының кеңесшісі болды. Н. бірқатар мемл. наградалармен марапатталған.

НҰРМАҒАНБЕТОВ Қабден Әшімұлы (23.02.1932, Қу ауд. – 28.04.1991, Егіндібұлақ а.) – педагог, еңб. ардагері. 1949 ж. Қу ауд. орталығындағы №11 ОМ,1954 ж. Қазақ пед. ин-ын (Алматы) география пәні мұғ. мамандығы бойынша бітірді. Еңб. жолын 1954-59 жж №1 ОМ мұғ-і болып бастап, 1959-63 жж Арқалық а-ның Абай атынд. ОМ мұғ. және оқу ісінің меңг-сі, 1963-65 жж Егіндібұлақ а. сегізж-дық мект. оқу ісінің меңг-сі, 1965-75жж №1 ОМ-те геогр. пәні мұғ., 1975-82 жж Егіндібұлақ а мект.-ин. мұғ-і қызм. атқарды.

НҰРМАҚОВ Аман Жәмелұлы (13.03.1942., Егіндібұлақ а.) – ғалым, мед. ғыл. докторы (1989), проф. (1991). 1965 ж. Қарағанды мемл мед. ин-ын тәмамдап, 1967 ж. бері Алматы мемл. мед. ин-ында (қазіргі С.Асфендияров атынд. мемл. мед. ун-т) оқытушы, доцент, проф., кафед. меңг. болып қызмет етеді. Н. ғыл. зерттеулері хирургия мәселесіне бағытталған: жергілікті жансыздандырғыш жаңа препаратты (ринокаин) тәжірибелік жолмен зерттеп, алғаш рет ота жасауға қолданды; өт қалтасына тас байлану себептерін анықтаудың тың тәсілдерін ұсынып, оны емдеу тәсілдерін жетілдірді. Н. басшылығымен нашақор адамдағы іріңді жараның даму ерекшеліктері зерттеліп, оларды емдеу үшін бірінші рет адам планцетасын пайдаланды. Отадан соң пайда болатын аурулар асқынуларының алдын алуға және оларды емдеуге шығ. мед. жетістіктерін қолдануға алғаш рет кірісті. Н. 130-дан астам ғыл. еңб. мен монографиялардың, 3 патенттің, 5 өнертапқыштық куәліктің авторы. Оның «Хирургические болезни» (2001), «Өт қуығында тас пайда болу ауруы» (2003), «Хирургиялық аурулардың симптомдары мен синдромдары» (2004), т.б. кітаптары жарық көрген.

НҰРМАҚОВ Кәмел Құрманғалиұлы (25.12.1926, Қарқаралы уезі, Меңдешев бол., Егіндібұлақ а.) – құрылысшы-инженер, сәулетші, архитектор, Қазақ КСР еңб. сіңірген құрылысшысы (1979). Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) инж. құрылыс ин-ын тәмамдаған (1955). 1955-56 жж Алматыдағы «Қазместпромстрой» мекемесінде прораб, 1956-59 жж «Қазгорстройпроект» мемл. жобалау ин-ында инж-құрастырушы, одан кейінгі кезде бас инж-і, 1971-85 жж «Алма-Атагипрогор» мемл. жобалау ин-ның дир-ы қызм. атқарды. Н.

Алматыдағы «Жетісу» мейманханасын, Байланыс үйін, М.Әуезов атынд. қазақ драма театрының ескі және жаңа ғимараттарын, «Медеу» мұз айдынын, Ә.Қастеев атынд. Сурет галереясын, т.б. жобаларды жасауға қатысты. Ол – Респ. алаңындағы ғимараттар жобасының авторы. Үздік шығ-лық еңбектері үшін Н. КСРО Министрлер Кеңесі (1979) және КСРО Мемл. сыйлығының (1982) лауреаты атанды.

НҰРМАҚОВ Нығымет Нұрмақұлы (25.04.1895, Семей обл., Қарқаралы уезі, Қу бол. – 25.09.1937, Мәскеу) – ірі мемл. және қоғам қайраткері, публицист, заманауи құқық қорғау органының негізін қалаушы. Алаштың ақсақалы, Қу болысының атақты байы, меценат Хасен Ақайұлы ашқан а-дағы орыс мект. сауат алып, кейін Қарқаралы қ. екі сыныптық орыс-қазақ уч-сін бітірген. Романовтар әулетінің патша тағына отырғанына 300 ж. толуына орай 1911 ж. Омбы қ-да а. шар. көрмесі өтеді. Осы көрмеге Ақайдың Қасені де шақырылып, ол өзімен бірге хатшылыққа, ұлттық дәстүрдің қыр-сырын түсіндіретін аудармашылыққа орысшаға жетік Н-ты ала кетеді. Осы көрмеде Ш.Уәлихановтың серігі Г.Потанинмен, Омбыдағы мұғалімдер семинариясының қызметкері, халықшыл-демократ А.Седельниковпен танысады. Осы жолы Ақайдың Хасені Н-ты Омбы семинариясына түсіреді. Омбы семинариясында оқып жүріп, болашақ қайраткер сонда білім алушы қазақ жастары С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ә.Досовтармен бірге «Бірлік» атты мәд.-ағарту ұйымын құрды. Ұйым мүшелері Ресей үкіметінің қазақ даласында жүргізіп отырған отарлық саясатына қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізумен қатар, Омбы тұрғындарын қазақ халқының мәд-імен таныстыру мақсатында әр түрлі кештер өткізіп тұрды. 1915 ж. Н. Қарқаралыдағы, өзі оқыған орыс-қазақ уч-сіне оқытушы болып қызм. орналасты. 1917 ж. күзде «Дала одағы» ұйымын құрды. Ұйым патшаның қазақтарды қара жұмысқа алу туралы жарлығына қарсы үгіт жұмыстарын жүргізді. 1918 ж. ақпан-мамыр айларында жұм., шаруа депутаттары Қарқаралы уездік кеңесінің хатшысы болды. Көп кешікпей Колчак үкіметі орнауына орай кеңес таратылып, Н. бір топ жолдасымен тұтқынға алынды. 18 ай түрмеде отырып, талай қиындықты басынан өткерген ол 1919 ж. желтоқсанда босап шықты. 1920 ж. бастап Қарқаралыда, сонан соң Семейде уездік, губ. атқару к-терінде бірқатар жауапты қызм. істеді. «Қазақ тілі» газетінің, «Қызыл Қазақстан» журналының редакторы болды. 1922 ж. Орынборға ауысып, Қазақ өлкелік партия к-інің бөл. меңг. ор-ы қызм. атқарды. Сол ж. қазан айында өткен Бүкілқазақтық кеңестердің III съезінде Қазақ атқару к-і төралқа құрамына сайланған оған Жоғ. рев-лық трибуналды басқару жүктелді. Қазақ трибуналы 19.02.1923 ж. РКФСР Жоғ. сотының қазақ бөлімі болып құрылғанда Н. оның төрағасы болып тағайындалды. 1923 ж. мамырда оған Әділет комиссары міндеті жүктелді және сол ж. күзге дейін Сот төрағасы қызметін қоса атқарды. Н. әділет комиссары ретінде прокуратура және сот құрылысы ережелерін енгізді. Прокуратура және сот қызм-лерінің білімін арттыру, білікті жаңа кадрларды қалыптастыру, оларды қызметке тұрақтандыру, жалақыларын өсіру, тұрмыстық жағдайларын жақсарту мәселелерін шешуде оның табандылығы арқасында біраз жұм. атқарылды. Н-тың басшылығымен сот-тергеу органдарында қазақ тілінде іс жүргізу қысқа мерзім ішінде жүзеге асырылды. Барлық сот қызметкерлерінің 60 пайызға жуығын қазақтар құрады. Ол 1924 ж. өлкелік партия к-і үгіт-насихат бөл. меңг-сі, Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы қызм. атқарды. Сол жж қабылданған мемл. маңызды құжаттардың бәрінде Н-тың қолы тұрды. Бұл кездері Қазақстанның халық шар. құлаш жайып, Екібастұз, Қарағанды, Ембі, Балқаш өндіріс орындары елге таныла бастады. Қазақстан үкіметі басшысы ретінде респ-ның аумақтық тұтастығы, өнеркәсіп құрылысы, қазақтарды жерге орналастыру мәселесі, құрғақшылық зардаптарына қарсы күрес, оқу-ағарту және мәд. даму, қазақтарды басқару ісіне тарту, а. шар-н қалпына келтіру, т.б. салаларда Н. атқарған қызм. еліміздің өсіп-өркендеуіне, нығаюына үлкен әсерін тигізді. 1924 ж. Қазақ АКСР-і астанасын Орынбордан Қызылордаға, 1929 ж. Алматыға көшіру туралы шешімдер қабылдауға тікелей қатысып, ұйымдастыру жұмыстарын басқарды. Ол еліміздің тұңғыш Конституциясы жобасын әзірлеу комиссиясының мүшесі, қазақ әліпбиін құрастыру комиссиясының төрағасы болды. Алғашқы қазақ драма театрын ашуға үлкен еңбек сіңірді. Н.Ф.Голощекиннің қазақ даласында «Кіші Қазан төңкерісін» жасау керек деген арандатушылық пікіріне және халық

малын тәркілеуге бағытталған шараларына үзілді-кесілді қарсы болып, оған ашық қарсы шықты. Ф.Голощекинмен арадағы пікір қайшылығы оның үкімет басшысы қызметінен босап, Мәскеудегі БК(б)П ОК жанындағы Жоғ. партия мектебіне оқуға кетуімен аяқталды. Мәскеуде ол Бүкілодақтық атқару к-і (ВЦИК) хатшысының ор-ы және аз ұлттар бөл. меңг-сі болды. Сібір, Поволжьенің саны аз халықтары тұратын ауд-ын аралап, қызмет жасады. Көрнекті қоғам қайраткері 1937 ж. қуғын-сүргінге алғашқылардың бірі болып ілінді. Алматыда, Қарағандыда Н-тан «тапсырма» алып отырған О.Исаев, А.Асылбековтердің ұйымдары табылды деген жаламен тұтқындалды. Мәскеу мұрағатының анықтамасына қарағанда, Н. 1937 ж. маусымның 3-інде Мәскеудегі пәтерінде тұтқындалып, қыркүйектің 27-інде «айыбын мойнына алып», «үштіктің» үкімімен 15 минутта тағдыры шешіліп, 42 жасында атылған. Қоғам қайраткері 1958 ж. тамыздың 11-інде КСРО Жоғарғы соты әскери алқасының шешімімен ақталды. Оның саяси-әлеум. тақырыптарға арналған мақалалар жинағы 1928 ж. «Строительство Казахстана» деген атпен және 1934 ж. Мәскеуде «Состояние и задачи работы среди национальных меньшинств РСФСР» деп аталатын еңбектері жарық көрді. Алматы, Қызылорда, Қарағанды, Қарқаралы қ-лардағы көшелерге, Қарағанды қ. №2-ші мект.-ин-қа, Қарқаралы ауд. а. округіне Н. есімі берілген. Алматыда тұрған үйіне ескерткіш тақта, туған а-нда ескерткіш орнатылған.

Н.НҰРМАҚОВ АТЫНДАҒЫ №2 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ – ұлтымыздың ұлы перзентінің есімі берілген, обл. орталығындағы білім ұясы. Ол Бұқпа а-ында (кейінгі Үлкен Михайловка) 1934 ж. қазақ-орыс баст. мект. атауымен ашылды. Оның алғашқы жетекші-меңг-сі (дир-ы) Б.Уәлиев болды, сабақ екі тілде жүргізілді. 1934 ж. қалаға С.М.Киров келіп, қазіргі Ленин көш. №10 үйдегі алғашқы мект-тің кірпішін қалауға қатысады. Бұқпадағы қазақ-орыс мект-і 1935 ж. қыркүйекте сол сәулетті екі қабатты үйге көшіріліп, ол С.М.Киров атынд. № 14 жетіж-дық орыс-қазақ мект. деген атау иеленді. Бала саны көбейіп, мект. үйі тарлық етуіне байланысты 1937 ж. қазақ сыныптары дербес жетіж-дық мект-ке айналып Бұқпадағы барақ типтес №16 жетіж-дық мект. үйіне көшіріледі. 1941 ж. мект. үйіне ұшқыштар әскери уч-сі орналасады. 9-10 сыныпта оқуға тиісті балалар майданға, фаб.-зауыт уч-леріне (ФЗУ) жіберіліп, еңбекке жарайтындары жұмысқа тұрады. Білім ұясына 1945 ж. Б.М.Молотов атынд. №2 мект. деген атау беріледі. Қарағанды обл. атқару к-інің 1946 ж. шешімі бойынша, мұғ. даярлайтын ин-тың даярлық бөл-і жабылуына байланысты В.М.Молотов атынд. №2 мект. жанынан интернат ашылады. Кеңестік идеологияға сай Қарағанды қ. ішінде сан рет қоныс ауыстырып, атауы өзгерген білім ошағына 1985 ж-ы қазақтың даңқты ұлы Н.Нұрмақовтың туғанына 90 жыл толуына орай оның есімі берілді. 2005 ж. ол «Н.Нұрмақов атындағы №2 мамандандырылған облыстық дарынды балалар мектеп-интернаты» КММ деген мәртебеге ие болды. Еліміз бен шет елдердегі көптеген ЖОО-мен және шығ-лық одақтармен қарым-қатынаста жұм. істейтін білім ұясы ҚР-ндағы ең үздік 100, обл-тағы ең үздік 10 мект-тің бірі. Шәкірттері Қазақстан мен ТМД шеңберінен шығып, әлемге танылған білім ұясына Қу – Балқантау өңірінің түлегі Е.Әшімов жетекшілік етеді.

НҰРЛАНОВ Жеңіс Рымханұлы (01.1943, Егіндібұлақ а. – 1996, сонда) – педагог, білім беру саласының ардагері. 1960 ж. ОМ, 1965 ж. Қарағанды пед. ин-ының физика-матем. ф-ін тәмамдап, өзі бітірген мектепке физика пәні мұғ. болып оралады. 1972 ж. №1 ОМ-тен орыс сегізжылдық мект. бөлініп, отау тіккенде, оған Н. дир. болып тағайындалды. Кейін №45 кәс. техн. уч. дир-ының оқу-тәрбие жұмысы бойынша ор-ы мінд. атқарып, одан кейін кәс.-өндіріст. комб-ты басқарды. Ол кезде ОМ бітірген оқушы білім туралы аттестатқа қоса бір мамандық иесінің құжатын алып шығатын. Тоқсаныншы жылдардың тоқырауы тұсында Н. Егіндібұлақ өңірінде алғашқылардың бірі болып «Куня» атты дүкен ашып, елдің мұң-мұқтажынан шықты.

НҰРПЕЙІСОВ Қуан Сейсекейұлы (1945, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі – 01.2015, Қарқаралы қ.) – экономист. ОМ, Целиноград (қазіргі Астана) а. шар. ин-ын ұйымдаст.-экон. мамандығы бойынша бітірген. Еңб. жолын Қарағандының Костенко атынд. шахтасында тіреуші, комбайнердің көмекшісі болып бастады. Әскери міндетін өтеген соң туған а-ына оралды.

Егіндібұлақ ауд. комсомол к-інің бөл. меңг-сі, аупартком нұсқаушысы, 1976 ж-дан «Қоянды» с/зының партком хатшысы, 1980 ж-дан «Арқалық» с/зының бас мал маманы қызм. атқарады. 1985-92 жж халық депутаттары Егіндібұлақ ауд. атқару к-і төрағасының ор-ы, ауд. жоспарлау комиссиясының төрағасы, еңб-пен қамту орт-ның дир-ы лауазымдарында абыройлы еңб. етті. 1993 ж-дан Қарқаралы аумақтық а. шар. басқармасына мемл. инспектор болып тағайындалды. Одан соң агроөнеркәсіп бірлестігі ауд. бөл-нің бас маманы қызм. атқарып, зейнеткерлікке шықты. Н. бірнеше шақырылым бойы Егіндібұлақ ауд. кеңесіне депутат болып сайланды. Ол бірнеше мемл. марапаттың иесі.

НЫҒЫМАНОВА Қамаш Садыққызы (17.12.1935, Қу ауд., Егіндібұлақ а. – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты. ОМ кейін Қарағанды пед. ин-ын қазақ мект-терінде орыс тілі мен әдеб. пәндерін оқыту мамандығы бойынша бітірді. Еңб. жолын Егіндібұлақ а-нда бастап, зейнеткерлікке шыққанға дейін жас ұрпақты тәрбиелеу ісімен айналысты. 1974-94 жж ауд. Пионерлер үйі дир-ы болғанда «Атамекен» ұлттық бағд-сы бойынша жұм. жүргізіп, өңір балаларына халқымыздың салт-дәстүрін насихаттауға өлшеусіз үлес қосты. Семинар, кеңес, жарыс ұйымдастырып, білім жетілдіру ин-ында мект. басшыларына дәріс оқыды. Бүкілодақтық жиындарға қатысып, пионер ұйымы іс-шараларын кеңейтуге ықпал жасады. Зейнеткерлікке шыққан соң да жастарға үлгі-өнеге көрсетті. Ардагерлердің ауд. кеңесінің төрайымы, «Замандастар» клубының жетекшісі болып, ұлттық дәстүрлер қайта жаңғыруына атсалысты. Н. мемл. наградалармен, соның ішінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Алғыс хатымен марапатталған.

НЫҒЫМЕТЖАНОВ Сұңғат (1925, Қарқаралы уезі, Қу бол., Оңақ қонысы – 30.03.2003, Қарағанды қ.) – парт., кеңес қызметкері, ҰОС ардагері, Қарқаралы ауд. Құрметті азаматы. А. мект-ін бітіріп, Қарқаралы зоовет. техн-да оқыды, Қарағанды пед. ин-ын тәмамдады. Еңб. жолын 1942 ж. Қу ауд-да мұғ. болып бастады. 1943 ж. ҰОС-на алынып, Тамбов әскери уч-сін аяқтаған соң 2-Украин майданының 53-атқыштар двизиясында взвод командирі болып ұрысқа араласты. Ерлігі мен тапқырлығы нәтижесінде дәрежесі өсіп, майор шенін иеленді. Бірнеше рет жараланса да қатардан шықпай, елге аман оралды. Бейбіт заман орнаған соң, соғыс ж-дары күйреген шар-ты қалпына келтіру ісіне белсене араласты. 1945-57 жж халық депутаттары Қу ауд. атқару к-нің нұсқаушысы, бөл. меңг-сі, Арқалық МТС-ның дир-ы, Қу ауд. парт. к-нің 2-ші хатшысы, 1957-61 жж Қу ауд. атқару к-нің төрағасы қызм. атқарды. 1962 ж-дан бастап Қарқаралы ауд. халықтық бақылау к-нің төрағасы лауазымында жұм. істеп, 1988 ж. респ. деңгейдегі зейнеткерлікке шыққан соң соғ. және еңб. ардагерлері ауд. кеңесіне басшылық жасады. Н. I дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, көптеген медальмен, Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің Құрмет грамотасымен және т.б. наградалармен марапатталды.

НЫҒЫМЕТОВ Серік (1926, Қарқаралы уезі, Қу бол. – ???,ссс) – педагог, кеңес қызметкері. Қазақтың Абай атынд. пед. ин-ын тәмамдаған. Еңб. жолын 1942 ж. К.Маркс атынд. к/зда хатшы болып бастады. Одан кейін Қу ауд. парт. к-де нұсқаушы, Арқалық МТС-ында парт. к-нің хатшысы, мект-те дир., халық депутаттары ауд. кеңесінің атқару к-і төрағасының ор-ы, т.б. жауапты қызм. атқарды. Ұзақ уақыт бойы істеген еңб-і бағаланып, Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен, медальдармен, т.б. мемл. наградалармен марапатталған. Бірнеше рет ауд. кеңеске депутат болып сайланды.

НЫСАНОВ Төлеуқадыр (16.02.1943, Семей обл., Абыралы ауд., Қайнар а. – 2015, Қарағанды обл.) – журналист, педагог, кеңес қызметкері, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі (1959). 1953 ж. Қайнар ОМ-ін, 1958 ж. С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. ҚазМУ-ды журналист мамандығы бойынша тәмамдап, сол ж-ы Қу ауд-дық комсомол к-інің бөл. меңг-сі, 2-ші хатшысы, 1961-62 жж ауд. мәд. бөл-нің меңг-сі, 1962-65 жж «Доғалаң» с/зы парт. к-нің хатшысы, 1965-67 жж Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінде редактор, 1967-72 жж халық депутаттары Егіндібұлақ ауд. атқару к-і ұйымдастыру бөл-нің меңг-сі, 1972-81 жж №182 кәс. техн. уч-нің дир-ы, 1981-91 жж ауд. атқару к-нің бөл. меңг-сі қызм. атқарды. Семей ядролық сынақ полигоны салдарынан тарап кеткен Абыралы ауд. қайта ашылған

кезде, 1991-98 жж «Жаңғырған Абыралы» газетінде редактор лауазымында еңб. етті. Н. мемл. марапаттармен наградталған.

ООО

ОМАРБЕКОВА Рымбала Кенжебалақызы (02.1943, Қарқаралы қ.) – қоғам қайраткері, мәд. саласының ардагері, тарих ғыл. кандидаты (1980), ҚР еңбек сіңірген қызметкері (1998). 1965 ж. Қарағанды пед. ин-ның тарих-филол. ф-ін, 1980 ж. Мәскеу Қоғамдық ғыл. академиясының аспирантурасын бітірген. Еңб. жолын Бүркітті а. округіндегі сегізж-дық мект. мұғ. болып бастады. 1968-74 жж Қарқаралы ауд., Қарағанды обл. комсомол к-інің хатшысы, 1974 ж. партиялық жұмысқа ауысып, Қарқаралы ауд. к-інің хатшысы, обл. к. лекторлар тобының жетекшісі, үгіт және насихат бөл. меңг-сінің ор-ы, 1985-87 жж обл. атқару к-і төрағасының ор-ы, одан кейін ұзақ ж-дар обл. мәд. басқармасы (департаменті) басшысы қызм. атқарды. Қазір Қарағанды қ-дағы «Сарыжайлау» кинотеатрының дир-ы лауазымында еңб. етуде. О. орденімен және көптеген медальдармен марапатталған.

ОМАРБЕКОВ Мақсым (09.1940, Семей обл., Абыралы ауд. – 08.2016, Қарқаралы қ.) – журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (1982), бірнеше респ. конкурстың жеңімпазы. 1965 ж. Қарағанды мемл. пед. ин-ының тарих-филол. ф-ін бітірді. 1964 ж. Қарағандыда «Жас қазақ» ұйымын құрып, ұлтшылдық мазмұнда листовка таратты деген айыппен ЖОО-нан және комсомолдан шығарылған. Бір ж-дан соң ин-қа қайта қабылданды. Оны бітірген соң баспасөз саласында еңб. жолын бастады. Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газ. редакциясында жауапты хатшы болып, 1968 ж. Қарқаралы ауд. газ-іне ауысты. 2003-07 жж обл. «Орталық Қазақстан» газ-нің Қарқаралы ауд. бойынша менш. тілшісі қызм. қоса атқарды. Ол «Ақ жаңбыр» (1982) повестер мен әңгімелер, «Адам ізі» (1987) деректі шығ-лар жинағының, «Махаббат пен қиянат» (2003) кітабының авторы. О-тің публицистикалық туындылары мен эсселері көптеген ұжымдық жинақтарға енді. Респ. басылым беттерінде жарық көрген өзекті, өткір шығ-лары оқырмандар арасында серпіліс туғызды. Сол үшін жерг. билік тарапынан қуғындалған кездері болды. О.1990-2003 жж үш мәрте обл. кеңес пен мәслихатқа депутат болып сайланды. Қазыбек би және Қарқаралы ауд-ының Құрметті азаматы.

ОМАРОВА Айман Әсжанқызы (8.03.1937, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты (1981). 1951 ж. Егіндібұлақ а. №11 ОМ-тің 8 сыныбын, 1954 ж. Абай атынд. пед. уч-ні (Саран) «бастауыш сыныптар мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп, өзі оқыған ОМ-те еңб. жолын бастады. 1963-93 жж Егіндібұлақ мект.-инт-ында баст. сыныптар мұғ-і болды, ұзақ уақыт ауд. баст. сыныптар мұғ-дерінің пән секциясын басқарды. Ол сала басшылығы тарапынан біршама марапаттарға ие болды.

ОМАРОВ Иемберген – ғалым, шежіреші.

ОМАРОВ Хамит (18.02.1919, Қарқаралы уезі, Қу болысы – 19.01.1991, Егіндібұлақ а.) – майдагер, еңб. ардагері. Ата-анадан жастай айрылған ол 6 жастан 15 жасқа дейін балалар үйінде тәрбиеленеді. 1937 ж. сегізж-дық мект. бітірген О. 1938-39 жж ауд. а. шар. орт-нда статист болып жұм. кіріседі. 1939-42 жж аупарткомның есеп бөл-нің меңг-сі қызм. атқарып, сол жерден ҰОС-на аттанады. Украина жерінде өткен кескілескен ұрыстарда өкпесінен және қолынан жарақат алған соң емделіп, 1946 ж. күзде елге оралады. 1947-55 жж ауд. ІІБ-де уч-лік инспектор, 1955-60 жж ауд. инспектор қызм. атқарды. 1960 ж. Сталин атынд. к/здың (кейінгі «Қаратау» с/зы) төрағасы, 1962-74 жж Қазақстанның 40 жылдығы атынд. с/здың Шөптікөл бөл-сінің, 1974 ж-дан зейнеткерлікке шыққанша «Қаратау» с/зы Көлбасы бөл-сінің басқарушысы лауазымында еңб. етті. О. бірнеше рет ауд., обл. кеңеске депутат болып сайланып, мемл. наградалармен, соның ішінде Еңбек Қызыл Ту орденімен және Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

ОМАРҒАЛИЕВ Қабдулмәжит Қантайұлы (1936, ШҚО, Семей қ./ Қу – Балқантау өңірінің тумасы) – спортшы-боксшы, парт. қызметкері, Қазақ КСР дене тәрбиесі мен спортына еңб. сіңірген қызметкер. Қазақстанның 10 мәрте (1955-64) чемпионы. Студенттердің

Бүкілодақтық ойынының жеңімпазы (1960). «Буревестник» ЕСҚ (ерікті спорт қоғамы) (1961-62), КОБОК (ВЦСПС) (1963), «Локомотив» ЕСҚ (1962-64) өткізген біріншіліктерде топ жарып, КСРО халықтары III спартакиадасында ақтық сында шайқасты (1963). «Спартак» ЕСҚ орт. кеңесін, Қазақстан туризм кеңесін, 1992-96 жж бокс федерациясын басқарды. О. көптеген мемл. наградалармен, соның ішінде Халықтар достығы орденімен марапатталған.

ОМАРҒАЛИЕВ Қабдулсамат – спортшы

ОМАРОВ Қабдырахман (6.01.1945, Қу ауд. Арқалық а. кеңесі – экон., есеп-қисап саласының ардагері. 1964 ж. Егіндібұлақ ОМ-ін және Қарағанды кооп. уч-сін тұтыну қоғамы жүйесінің есепшісі мамандығы бойынша, 1976-78 жж Целиноград (қазіргі Астана) қаржы-экон. техн-да оқып, қаржыгер мамандығы бойынша бітіріп, 1965 ж. Егіндібұлақ ауд. тұтынуш. одағына есепші болып қызм. орналасты. 1969-73 жж ауд. «Казсельхозтехника» мекемесінде есепші, 1974-80 жж ауд. қаржы бөл-де бас экон., 1980-86 жж ауд. тұрм. қажетін өтеу мекемесінде, 1986-87 жж «Шұғыла» кинотеатрда, 1987-95 жж «ПМК-1014» мекемесінде бас есепші, 1997 ж. бастап Қарағанды қ. «Горкомтранс» мекемесінде есепші қызм. атқарды. О. мемл. наградалармен марапатталған. Қазір Астана қ-сында тұрады.

ОМАРОВ Шәріп Уәлиұлы – электр инженері, Егіндібұлақ ауд-на жоғ. кернеулі электр желісін тартушы.

ОМАРХАНОВ Никанбай Иманғалиұлы (1955, Қарқаралы қ.) – инж.-механ., мемл. қызметкер. 1977 ж. Целиноград (қазіргі Астана) а. шар. ин-ының а. шар. электрлендіру ф-ін, 2002 ж. Қарағанды мемл. техн. ун-нің экон. және менеджент ф-ін тәмамдаған. Еңб. жолын Қарқаралы ауд. Нұркен атынд. с/зда трактороршы, газбен және электрмен дәнекерлеуші болып бастады. 1977-86 жж Нұркен атынд. с/зда бас энергетик, бас инж., «Бесоба» с/зы парткомының хатшысы, 1987-88 жж Қарқаралы ауд. агроөнеркәсіп бірлестігі төрағасының ор-ы, 1988-94 жж «Бақты» с/зының дир-ы, 1994-2000 жж «Агропромтранс» автокөлік кәсіпорн-ның дир-ы, «Матақ» корпорациясының дир-ы, «Матақ» шар. қожалығының басшысы, 2000 ж-дан Қарқаралы ауд. әкімінің ор-ы, әкімі, 2010-13 жж Қарағанды обл. а. шар. басқ-ның, «Агро – Консалтинг – К» АҚ басқармасының, инвестициялық компанияның басқарушысы қызм. атқарды. 2013 ж-дан Ақтоғай ауд-ның, қазір Нұра ауд-ның әкімі. О. Қарқаралы ауд-ның әкімі болған кезінде Қу – Балқантау өңірі тұрғындарын экон. және әлеум. қолдау үшін айтарлықтай іс тындырды. Ол мемл. наградалардың иесі.

ОРАЗБАЕВ Асқар (1902, Қарқаралы уезі, Қу бол., №1 а. – 1982, Абай а. кеңесі) – педагог, өңірде кеңестік білім беру жүйесін қалыптастырушылардың бірі. Жастай жетім қалып, бай ағайынның жалшылығында жүрген. 1918-20 жж мұғдарында Қарқаралыдағы алғашқы мект-ті бітіріп, 1922 ж. Семей қ-да 10 айлық пед. курста оқыған. 1936 ж. Қарқаралыдағы 2 ж-дық пед. уч-ні тәмамдайды. 1923-24 жж Қарқаралы уездік мекемелерінде қазақша-орысша іс жүргізуші, 1925-36 жж Қу – Балқантау өңіріндегі баст. мект-де мұғ. болған. 1939-42 жж № 2 а-да (қазіргі Ақтасты а.) орталау мект-те, 1942-46 жж Қу ауд. орт-нда №1 қазақ ОМ-нің, 1947-48 жж №1 а-да орталау мект-те дир., 1949-50 жж К.Маркс атынд. орталау мект-те тарих пәні мұғ-і, 1950-53 жж Сталин атынд. к/зда баст. мект. меңг-сі және а. кеңес төрағасы, 1953-59 жж Маркс атынд. к/зда орталау мект. мұғ-і, 1960-69 жж Қоянды а. кеңесіне қарасты Қорық а. баст. мект. мұғ-і қызм. атқарды. О-тың халық сауатын ашып, жас ұрпақ тәрбиелеудегі еңб. бағаланып, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен, медальдармен марапатталды.

ОРАЗБАЙҰЛЫ Балташ (1911/14, Қарқаралы ауд., Едірей бол. – 2000, Бұқар жырау ауд., Доскей а.) – а. шар. ардагері, саяси қуғын-сүргін құрбаны. Шаруалардың малын тәркілеу мен күштеп ұжымдастыру науқанына ілесе келген аштық нәубеті кезінде ішкі Ресейге кетуге мәжбүр болып, 1934 ж. ғана елге оралады. ҰОС қарсаңында Қызыл әскер қатарына шақырылып, Мәскеу түбіндегі шайқастарға қатысқан. Жарақаттанып, госпитальдан шыққан соң генерал А.Власов жасақтаған екінші армияға тап болған О. 1942 ж. неміс фашистерінің тұтқынына түседі. Тұтқындағы Орта Азия халықтарынан Түркістан легионын жасақтағанда, соның құрамына қосылуға мәжбүр болады. ҰОС соңында Түркістан легионы одақтастарға беріледі. Батыста қалмай, елге оралған О. 1947 ж. неміс фашистеріне қызмет жасады, жапон

елінің жансызы болды деген желеумен 25 ж-ға каторғаға жіберді. Оның он ж-ын Колыма лагерінде өтеп, Қазан төңкерісінің 40 ж-дығына орай амнистия бойынша 1956 ж. бостандық алды. Өкінішке орай, Түркістан легионы құрамында болған қазақтар әлі күнге дейін ақталған жоқ. Зейнеткерлікке шыққанша Қу, кейінгі Егіндібұлақ ауд-ының «Арқалық», «Айрық» с/здарында малшы болды. О. II дәрежелі Отан соғысы орденімен, көптеген медальдармен марапатталған.

ОРАЗБАЙҰЛЫ Тұңғат (15.09.1924, Қарқаралы уезі, Қу болысы/ Балықтыкөл а. кеңесі №1 а. – Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі. Балалық шағы ағасы Оразбайұлы Асқардың тәрбиесінде өтеді. Соғыстан кейінгі ж-дары Қарағанды қ. пед. ин-ына түсіп, 1949 ж. матем. пәні мұғ. мамандығын алып шығады. 1949-54 жж Қу ауд-ның К.Маркс, Жаңажол, Абай №11 мект-терінде матем. пәні мұғ. болып қызм. атқарды. 1954-63 жж Қоянды, Алғабас, К.Маркс орталау мектептерінің дир-ы болды. 1963 ж. Қу ауд. орталығында ұйымдастырылған мект.-ин-қа аудандағы үздік ұстаздар қызм. шақырылды. Соның бірі – О. 1966 ж. дейін бас тәрбиеші, 1966-1984 жж ауд. оқу бөлімінде әдістеме кабинет меңг-сі қызм. атқарды. Ол жас мұғ-дерді тәрбиелеуге үлес қосты, мұғ-ге әдістемелік кеңес берді, олардың іс-тәжірибесін «Қазақстан мұғалімі» журналына үнемі жариялап отырды. Ол сала басшылығының марапаттарына ие болды.

ОРАЗҒАЛИЕВ Рамазан (1948, Қу ауд., Арқалық а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты, Н.К.Крупская атынд. сыйлықтың лауреаты. Абай атынд. пед. уч-нің (Саран қ.) сызу және еңб. пәні бөл-ін тәмамдаған. 1973 ж-дан бастап Арқалық ОМ-де сызу және бейнелеу өнері пәнінен сабақ береді. Мамандығы мен пед. әдістемесін жете меңгерген О. мек-тегі талантты оқушыларды топтастырып, мекеме шеберханасы жанынан «Жас шеберлер» үйірмесін құрды. Үйірме 1977 ж-дан бері Қу – Балқантау өңірі мек-теріндегі үйірмелер арасында ұдайы топ жарып, О. ауд-дағы еңб. пәні бірлестігінің жетекшісі болды. Ол 1984 ж. респ. пед. оқуда үлкен табысқа ие болды. Пед. саласындағы табыстары үшін III дәрежелі Еңбек даңқы орденімен, т.б. мемл. наградалармен марапатталған.

ОРДАБАЕВА Зәмария (1902, Қарқаралы уезі, Едірей бол., №4 а. – ө. ж. б.) – саяси қуғын-сүргін құрбаны. Қу ауд. әйелдер кеңесінің төрайымы болды. 1934 ж. Семей қ-да 9 айлық курсты, 1937 ж. Жоғ. партия мект. (Алматы) бітірген. Бай тұқымынан. Сауатты. 1938 ж. 30 қазанда НКВД Қу ауд. бөл-нің қызм-лері тұтқындаған. Оған дейін «Жаңа негіз» к/зында жұм. істеді. 1939 ж. 26 сәуірде Қарағанды обл. сотының үкімімен РСФСР ҚК 58 бабының бірнеше тармағы бойынша он ж-ға сотталып, оған қоса бес ж-ға сайлау құқынан айрылды, дүние-мүлкі тәркіленді. Жазалау органдарының қысымымен: «... контрреволюциялық ұйымның мүшесі болып, Кеңес Одағының қуатын әлсірету үшін үгіт жұмыстарын жүргіздім», – деп мойындауға мәжмүр болды. О. кесімді жазасын толық өтеп, ҰОС-нан кейін елге қайтып оралды. Қазақ КСР Жоғ. сотының 1958 ж. 15 тамыздағы қаулысы бойынша О-ға қатысты іс, қылмысы жоқ болғандықтан қысқартылды.

ОРДАБАЕВ Жөкен (1890, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – ө. ж. б.) – саяси қуғын-сүргін құрбаны. 1934 ж. Қу ауд. партия к-інің нұсқаушысы, 1937 ж. Жоғ. партия мект. (Алматы) бітіріп, Шет ауд., «Қызылтау» с/зы парткомының хатшысы қызм. атқарды. 1937 ж. 26 қыркүйекте НКВД Қарағанды обл. басқ-ның қызм-лері тұтқындап, сол ж-ғы 8 желтоқсанда ерекше үштіктің үкімімен РСФСР ҚК 58 бабының бірнеше тармағы бойынша 10 ж-ға бас бостандығынан айрылды. Жазалау органдарының қысымымен: «... контрреволюциялық ұйымның мүшесімін, Шет ауд. «Қызылтау» с/зының мал шар. мен а. шар-н құлдыратуға бағытталған бүлдіру әрекеттерін жасадым», – деп мойындауға мәжбүр болды. Итжеккенге айдалған О-тың одан кейінгі тағдыры белгісіз. Ол елге қайтып оралған жоқ. Қазақ КСР Жоғ. сотының 1955 ж. 28 қыркүйектегі қаулысы бойынша ерекше үштіктің үкімі жойылып, О-қа қатысты іс, қылмысы жоқ болғандықтан қысқартылды.

ОРДАБАЕВ Мәжит (1895, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 6.01.1938) – саяси қуғын-сүргін құрбаны. Сауаты жайлы дерек болымсыз. Шет, Жаңаарқа ауд-дары партия к-нің хатшысы болды. 1937 ж. 16 шілдеде НКВД Қарағанды обл. басқ-ның қызм-лері Атасу қонысында тұтқындаған. Қазақ КСР Жоғ. сотының мамандандырылған алқасы оны РСФСР ҚК 58

бабының бірнеше тармағы бойынша ең ауыр – ату жазасына кесілді. Жазалау органдары қызм-лерінің қысымымен О: «... контрреволюциялық ұйымның мүшесімін, Жаңаарқа ауд. мал шар. мен а. шар-н құлдырату, қазақ бұқарасының ашу-ызасын туғызу мақсатымен бүлдіру әрекеттерін жасадым», – деп өзін қаралайтын қылмыстарды мойындауға мәжбүр болды. Қазақ КСР Жоғ. сотының 1938 ж-ғы 1 қаңтардағы өкіміне сәйкес, 5 күннен кейін үкім орындалды. Қазақ КСР Жоғ. соты алқасының 1957 ж-ғы 31 шілдедегі қаулысы бойынша Қазақ КСР Жоғ. сотының мамандандырылған алқасы үкімінің күші жойылып, О-ға қатысты іс, қылмысы жоқ болғандықтан қысқартылды.

ОСПАНОВ Әбікен (5.12.1932 – 19...) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері (1964). 1952 ж. Бүркітті а. кеңесінде ОМ, 1956 ж. Қарағанды пед. ин-ының физ.-матем. ф-ін, 1974 ж. Целиноград (қазіргі Астана) а. шар. ин-ын экон. және ұйымдастыру мамандығы бойынша бітірді. 1956 ж. Қу ОМ-іне мұғ. болып орналасты. 1967 ж. партия жұмына ауыстырылды. 1968 ж. ҚКП Қу ауд. к-нің үгіт және насихат бөл-інің меңг-сі, 1975 ж. халық депутаттары ауд. кеңесі атком төрағасының ор-ы қызм. тағайындалды. Бүкіл саналы ғұмырын туған жерінің өркендеуіне арнаған О. көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

ОСПАНОВ Ермұрат Әбікенұлы (9.01.1970, Егіндыбұлақ а. – 2015, Астана) – инженер, ҚР Құрметті байланысшысы (2014). 1987 ж. Егіндібұлақ а. ОМ медальмен бітірді. Сол ж. Қарағанды политехн. ин-ына (қазіргі техн. ун.) түсіп, оның жолдамасымен Ленинград электротехн. ин-ының радиофизика ф-інде оқыды. 1998 ж аспирантураны тәмамдады. 1998-99 жж Қарағанды қ. «Қазақтелеком» мекемесінде қызм. атқарды. 1999 ж. Астана қ. Kcell компаниясына инж. болып тағайындалып, 2015 ж. техн. дир. лауазымына көтерілді. Ол тіршілігінде туған жерінің халқы үшін бір игілікті іс тындырып, Егіндібұлақ а-ында ұялы байланыс станциясын іске қосты. 2015 ж. 15 тамызда сол станцияға О-тың аты беріліп, мемориалдық тақта орнатылды.

ОТАРБАЙ Бөденеұлы (нақты т. – ө. жж белгісіз, XVIII ғ.) – елші, қоғам қайраткері. Қаздауысты Қазыбектің кенже інісі Бөдене батырдың ұлы. Шежіре бойынша, Бөденеден – О., Өсербай, Байшора, Байболат, Нәуетек (қыз). О-дан – Ақтамберлі, Шүретай, Ердеш, Меңіс, Байкүшік, Ескене, Доскене. XVIII ғ-дағы Ресей жазбалары мен мұрағат деректері Ұлы би қартайған соң, оның орнына елшілік қарым-қатынасқа ұлы Сырымбет пен немере туысы О. жүргені жайлы мәлімет береді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ӨӨӨ

ӨГІЗТӨБЕ – шоқы. Қарасор к-нің солт.-бат. бетінде, 20 км жерде орналасқан. Абс. биіктігі 793 м. Түпкі жыныстары жер бетіне шығып жатқаны байқалады. Төменгі және орта девон жыныстарынан түзілген. Шоқыдан бірнеше бұлақ бастау алады. Қызыл қоңыр топырағында селеу, сұлыбас, көде, т.б. дала өсімдіктері өнеді.

ӨСКЕЕВА Зура Түсіпқалиқызы (29.07.1955, Егіндібұлақ а.) – педагог, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері. 1972 ж. ОМ, 1977 ж. Қазақтың Абай атынд. пед. ин-ын бітіріп, химия-биология пәні мұғ. мамандығын алды. 1978 ж-дан Егіндібұлақ а. №2 ОМ мұғ., дир-дың ор-ы, №45 кәс.-техн. уч. дир-ының ор-ы қызм. атқарып, 1985 ж-дан Егіндібұлақ ауд. кеңесі атқару к-і төрағасының ор-ы, ауд. кеңес депутаты болды. 1996 ж-дан Молодежный, Осакаров ауд-дары әкімі аппаратының, 2005-15 жж Осакаров ауд. білім, дене шынықтыру және спорт бөл. басшысы лауазымында еңб. етті. Қазір Осакаров ауд. псих.-пед-лық түзету кабинетіне жетекшілік жасайды. ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен және атқарушы билік органдарының көптеген наградаларымен марапатталған.

ӨСКЕЕВ Рымбек Түсіпқалиұлы **(**24.11.1951, Егіндібұлақ а.) – электр байланыс инженері, ҚР Құрметті байланысшысы. Егіндібұлақ а-да ОМ, 1974 ж. Ташкент электротехн. байланыс ин-ын тәмамдап, 1974-77 жж Егіндібұлақ ауд-да байланыс инженері болды. Егіндібұлақта бірінші автоматты телефон станциясын (АТС) іске қосып, пайдалануға қабылдады. Егіндібұлақ ауд. облыста бірінші болып толық автоматтандырылған телефон желісіне көшті.

Ө. одан кейінгі жж бұрынғы Талды ауд-да, Теміртау, Қарағанды қ-ларында инж.-техн. басшылық қызм. атқарды. «Қазақтелеком» АҚ және ҚР ақпараттандыру және байланыс агенттігінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

ӨСКЕЕВ Ерлан Рымбекұлы **(**6.07.1976, Егіндібұлақ а.) – грек-рим күресінен КСРО және ҚР спорт шебері. 1994 ж. дарынды балаларға арналған Ә.Молдағұлова атынд. олимпиада резервтерін даярлау мект., 1997 ж. дене тәрбиесі колледжін, 2001 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың дәне тәрбиесі және спорт ф-ін, 2004 ж. Қарағанды Экономика ун-інің заң ф-ін бітірді. Ө. грек-рим күресінен жасөспірімдер мен жастар арасында ҚР чемпионы және ересектер арасында еліміздің бес дүркін жеңімпазы. 1994 ж. Санкт-Петербург қ. өткен ТМД халықтары спартакиадасының жүлдегері. Д.Тұрлыханов атынд. халықар. турнирде екі мәрте топ жарды. 1993 ж. Будапештте (Хунгрия), 1995 ж. Тегеранда (Иран), 2002 ж. Патрада (Грекия) грек-рим күресінен өткен әлем чемпионаттарында жүлдегер атанды. 1999 ж. Душанбеде (Тәжікстан) өткен Орт. Азия ойындарының, 2002 ж. Осакада (Жапония) өткен Шығ. Азия ойындарының жүлдегері. Ол көптеген (Бішкек, Ташкент, Тбилиси, Минск, Киев, Волгоград, Красноярск, Челябинск, Рита, т.б.) халықар. турнирлерге қатысып, көбінен жүлдемен оралды. Қазір обл. Жоғ. спорт шеберлігі мект-нің (ШВСМ) жаттықтырушысы, обл. жастар құрамасының бас бапкері.

ӨСІБАЙ – ауыл, Н.Нұрмақов а. округінің орталығы. Егіндібұлақ а. шығ-да, да, 30 км жерде орналасқан. Округ жерінде Қазақстанның 30 жылдығы атынд. к/з бен мемл. жер қорының негізінде 1961 ж. «Қаратау» с/зы ұйымдастырылып, Ө. оның орт. елді мекені болды. С/з қой түлігін, сүтті бағыттағы сиыр және жылқы өсіруге маманданып, шектеулі мөлшерде егін өсірді. Округ өңірінің жалпы ауданы 187,1 мың га. Орт. Қазақстандағы түсті металлургияның тұңғыш кәсіпорны Благодат-Стефанов зауыты осында орналасқан және қазақ халқының біртуар перзенті, қоғ. және мемл. қайраткері Н.Нұрмақов туып-өскен. 1991 ж. «Қаратау» с/зына, шар. таратылғаннан кейін а. округке Н.Нұрмақовтың есімі берілді. Ө. а-да баст. мект., ФАП, пошта байланыс торабы, ондаған шар. қожалығы жұмыс жасайды. Ө. басқа елді мекендермен автомобиль жолдары арқылы байланысады.

ӨГІЗБАЕВ Қаби (1905, Қарқаралы уезі, Қу бол. – ?, сонда) – а. шар. саласының ардагері. Жасөспірім, жігіт кезінде Семей, Барнаул қ-ларында білім алып, әртүрлі жұмыс істейді. Кейін темір жол бойына ауысады. Өткен ғ-дың 30-шы ж-дары Балқаш қ-сы жанындағы Қоңырат руднигіне орналасып, 1935-39 жж сондағы жылжымалы экскаватордың машинисті болады. 1939-41 жж Қарағандыдағы №31 шахтада шахтер-проходчик жұм. атқарады. ҰОС басталғанда әскер қатарына шақырылып, бірден майданға аттанады. Фашистік Германия тізе бүккеннен кейін Ө. қызм. ететін бөлім Қиыр Шығысқа, Жапон милитаристерімен соғысқа жіберіледі. Соғысты Корея жерінде аяқтап, елге келген соң мал дайындау мекемесіне жұм. орналасады. 1953-62 жж Қоянды МТС-інде (кейін Егіндібұлақ МТС-і) а. шар. машиналарының механигі, 1962-68 жж «Доғалаң» с/зында машина ауласының меңг-сі болып еңб. етті. Ол бірнеше рет жергілікті кеңестің депутаттығына сайланды. ҰОС-ындағы ерлігі үшін 1945 ж. 23 тамызда бас қолбасшы И.В.Сталиннің қолынан Алғыс хат алған. Ол көптеген мемл. наградалармен, соның ішінде II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

ППП

ПЕШМОЙЫН – Қу тауының ортадағы биігінде орналасқан тас мүсін. Табиғаттың ғажап туындысы алыстан көз тартып, пештің мұржасы іспетті көрініс берсе, жанына таяп барған кезде адам бейнесіне ұқсайды. П-ның ерекше жаратылысын сирек кездесетін құбылыс ретінде тіркеуге алу – алдағы уақытта жүзеге асыратын міндеттердің бірі.

ПОПОВ Юрий Григорьевич (27.09.1937, Қарағанды қ.) – өлкетанушы, техн. ғыл. кандидаты, Қарқаралы ауд. Құрметті азаматы. Қарағанды политехн. ин-ын, Скочинский атынд. тау-кен ин-ының аспирантурасын бітірген. ҚҒЗКИ ғыл.-зерт. және жоб.-құрастыру ин-ында қызмет

етті, ғалым-хатшы болды. Велотуризммен шұғылдана жүріп, Сарыарқада соңғы екі-үш ғ. мұғдарында болған құбылыстар мен оқиғалар, оған қатысқан адамдар мен тарих дамуына ықпал жасаған тұлғалар жайлы көптеген мақалалар мен кітаптар жазды. П. туындылары тарихи мағлұматының молдығымен, мұрағат құжаттарындағы деректерінің нақты көрсетілуімен ерекшеленеді. «Каркаралинские узоры» (1976), «Каркаралинские находки» (1978), «Свидание с Сары-Аркой» (1980), «Қаркаралы» (1981), «Қарқаралы: тарихи-географиялық очерк» (1984), «Их помнит Сары-Арка» (1989), «Дорога на Коунрад» (Н.Русаковамен бірге, 2000), т.б. еңб-інде ол Қу – Балқантау өңірінің даңқты ұл-қыздары жайлы сөз қозғап, олардың іс-әрекетіне оң баға береді.

ПІР – қажы, хазірет, ишан сияқты мәртебелі дін өкілдеріне қатысты қолданылатын ұғым. Әдетте сопыларға байланысты, олардың дәрежесін айқындау үшін айтылады. Көбінесе П. «әулие» атанып, жалпы көпшіліктен бөлектеніп, аскеттік өмір сүреді. Діни түсінікте П. Өзіне сиынатын жанды қолдаушы, қорғаушы, сүйеніш болып есептеледі, аруақ туралы анықтамаға жақындайды. Ғыл-ның даму заңдылығынан тыс қалған адамдар түрлі табиғи заттарды, ескі мазарларды, кейбір тарихи ескерткіштерді П. тұтып, діни аңызға бөлеп, оларды жанды және жансыз табиғаттың «әулие» күзетшісіне айналдырады.

РРР

РАЕВ Жұматай (Жұмкеш) Тиыштықбайұлы (1953, Қу ауд., Қарабұлақ а.) – педагог, спортшы, қазақ күресінен Қазақ КСР спорт шебері, самбодан КСРО спорт шеберлігіне кандидат, қазақ күресінен респ. дәрежедегі төреші. Қарағанды пед. ин-ын дене тәрбиесі пәні мұғ. мамандығы бойынша бітірді. Ол студенттік кезінде үлкен спортпен белсене араласып, Душанбе, Ташкент, Кишенев қ-ларында самбодан өткен Бүкілодақтық турнирлердің жүлдегері атанды. 1973 ж. қазақ күресінен Қазақ КСР біріншілігінің чемпиондық тұғырына көтеріліп, бірнеше дүркін (1973-74 және 1977-78 жж) жүлдегерлер сапынан көрінді. Р. 1986-92 жж Егіндібұлақ ауд. спорт к-інің төрағасы қызм. атқарып, ауд-да қазақ күресінен Н.Нұрмақовты еске алуға арналған респ. турнирдің бастамашысы және ұйымдастыршысы болды. Одан тәлім алған шәкірттер қазір елімізге танымал балуандар.

РАҚЫШЕВ Аманжол (14.04.1942, Қу ауд., Егіндібұлақ а. – 31.08.2012, Шахтинск қ.) – мал маманы, парт. қызметкері. 1970 ж Алматы зоовет. ин-ын, 1979 ж. Қазақстан КП ОК жанындағы Жоғ. парт. мект. тәмамдаған. Еңб. жолын 1960 ж. Қу ауд. астық дайындау мекемесінде ауысым шебері болып бастады. 1961-62 жж Қу ауд. атқару к-іне қарасты спорт қоғамдары одағының төрағасы, 1963-66 жж Түркістан әскери округінде қызм. атқара жүріп, №7599 әскери бөл-і комсомол ұйымының хатшысы, 1970-71 жж «Қоянды» с/зы №1 бөл-нің зоотехн-і, 1971-75 жж ҚКП Егіндібұлақ ауд. к-і ұйымдастыру бөл-нің нұсқаушысы, 1975-77 жж үгіт және насихат бөл-нің меңг-сі, 1980-88 жж аупарткомның 2-ші хатшысы мәртебесінде жұм. атқарды. 1988 ж. агроөндірістік кешен қызм-лерінің кәсіподағы Егіндібұлақ ауд. к-іне, 1992 ж. халық депутаттары Егіндібұлақ ауд. к-іне төраға болып сайланды. 1993 ж. ауд. әкімінің ішкі саясат жөніндегі ор-ы, 1994 ж. Қазыбек би ауд-ның экология және биоресурстар басқар-ның бас маманы қызм. жасады. 1995 ж. агроөндірістік кешен қызм-лерінің кәсіподағы Қазыбек би ауд. к-не төраға болып қайта сайланып, 1997 ж. осы лауазымнан зейнеткерлікке шықты. 2007 ж. ардагерлердің Шахтинск қ-лық кеңесінің төрағалығына тағайындалып, өмірінің ақырына дейін белсенді жұм. істеді. Р. көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

РАМАЗАНОВА Жанар Сембекқызы (1.03.1973., Егіндібұлақ а.) – педагог, ғалым – филол. ғыл. кандидаты (2005). 1990 ж. Егіндібұлақтағы №2 ОМ бітіріп, ҚарМУ-дың филол. ф-тіне түсті. 2005 ж. ҚР ҰҒА М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-тында проф. А.Қ.Егеубаевтың жетекшілігімен «Қазақ поэзиясындағы баллада жанры (қалыптасу, даму ерекшеліктері және көркемдік сипаты)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Р. 80-нен астам ғыл. еңбектің, «Сөйлеу техникасы» (2012), «Телерадиожурналистика» (2014) оқу құралдарының, «Қазақ поэзиясындағы баллада жанры» (2016) монографиясының авторы. Ол акад.

Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-ті журналистика кафедрасының доценті (2009). Р. атқарушы және өкілетті билік органдарының марапаттарына ие болған.

РАҚЫМЖАНОВ Мақсұт (1915, Қарқаралы уезі, Дастар болысы) – майдангер, еңб. ардагері. Ата-анадан жастай айрылған ол 1933 ж. қазіргі Бұқар жырау ауд-ның Көкпекті а-ында трактортшылар курсын бітіріп, «Шолақ Қарасу» артеліне жұм. тұрады. 1936 ж. Қызыл әскер сапына алынып, Қиыр Шығ-та азаматтық борышын өтейді. 1939 ж. Халкин-Голдағы, 1940 ж. Карелло-фин соғысына қатысады. Сол ж. елге оралып, бейбіт тірлікке араласа бергенде ҰОС басталды. 1942 ж. қаңтарда майданға алынып, 3 айлық кіші командирлер курсынан өткен соң, қанды қырғынға араласып кете барды. II Украина майданы құрамындағы 110-шы гв. Қызылтулы атқ. див-сы, 310-атқыштар полкі қатарында аға сержант, барлаушылар бөл-нің командирі Кишинев бағытындағы қиян-кескі ұрыстарға, Румыния астанасы Бухарест қ-сын, Хунгрия мен Чехословакияны азат етуге қатысты. Жау ордасы Берлинді талқандау кезінде, 1 мамыр күні жараланып, 1946 ж. аман-есен елге оралады. Р. Днепр өз-інен өту кезіндегі ерлігі үшін III дәрежелі Даңқ, барлау қызметіндегі батырлығына орай Қызыл жұлдыз ордендерімен және жауынгерлік медальдармен наградталды. Бас қолбасшы И.Сталин, маршал Г.Жуковтан алған Алғыс хаттары бар. Р-тың бейбіт күндері атқарған еңбегі де ересен: 1949 ж. бастап «Қоянды» МТС-да, одан кейін «Арқалық» МТС-да тракторлар бригадасын басқарып, жас жігіттерге техника тілін үйретті. Зор табыстары үшін Ленин орденімен марапатталды.

РАХМЕТОВ Қалитжан (9.05.1949, Егіндібұлақ а. – 20.06.1995, сонда) – әскери ұшқыш, гв. майоры. 1968 ж. Егіндібұлақ а. №1 ОМ бітіріп, Қарағанды обл. телерадиоком-інде оператордың көмекшісі болып еңб. жолын бастады. Жұм. істей жүріп, ДОСААФ ұйымдастырған авиаклубта парашютпен секіру курсында жаттықты. 1971 ж. Ейск жоғ. әскери-авиация уч-сін бітірген ол Орта Азия әскери округінде қызм. бастады. 1976-81 жж Моңғолия мемл-індегі шектеулі кеңес әскері құрамында «МИГ-21», «МИГ-23», «МИГ-27к», «МИГ-27» қиратқыш және бомбалаушы ұшақтарында оқу-жаттығу жұм-ын жүргізді. 1981 ж. Одесса әскери округіне (Украина) ауыстырылып, эскадрилья командирінің ор-ы, штаб бастығы, авиация полкінің ұшып-қону үдерісін басқарушы қызм. атқарды. Осы кезде әскери тапсырмамен соц. даму жолындағы ГДР, Болгария елдерінде болды. Р. 1989 ж. денсаулық жағдайына байланысты зейнеткерлікке шығып, туған жеріне қайтып оралды. Запастағы гв. майор өмірінің соңына дейін Егіндібұлақ ауд. азаматтық қорғаныс штабының бастығы міндетін атқарды. Ол бірнеше жауынгерлік, мерейтойлық медальдармен наградталды, т.б. марапаттар иеленді.

РАХМЕТОВ Сағат – музыкант, көркемөнерпаздар тобының белсенді мүшесі, Тәттімбет атынд. ұлт аспаптары оркестрін, «Балқантау сазы» ансамблінің негізін қалаушылардың бірі.

РАХМЕТУЛЛИН Қайыр (2.03.1938, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі) – мал маманы, агроном, ақын, қоғам белсендісі. 1956 ж. Егіндібұлақ а. №1 ОМ, 1961 ж. Қарқаралы зооветтехн-ын, 1970 ж. Алматы а. шар. ин-ын өсімдік қорғау агрономы мамандығы бойынша бітірген. 1956-57 жж К.Маркс атынд. к/зда жұм-шы, 1961-65 жж «Қоянды», «Қаратау» с/здарында мал маманы, 1970-80 жж ауд. өсімд. қорғау станциясының бастығы қызм. атқарды. Өлеңдері, әлеум. мәселе көтерген мақалалары мерзімді баспасөз беттерінде жарық көріп жүр.

РАХЫМБЕКОВ Хасен (30.06.1936, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі – 1975, Егіндібұлақ а.) – журналист, ақын, КСРО Журналистер одағының мүшесі, Қазақтың С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. мемл. ун-ін бітірді. 1954 ж. ОМ аяқтап, 1960-64 жж Павлодар обл. Ақсу (бұрынғы Ермак) қ. «Ильич жолы» – «Новый путь», Аққу (бұрынғы Лебяжі) ауд. «Ленин жолы», 1964-65 жж Қарқаралы ауд. «Коммунизм туы», 1965-67 жж Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы», 1968-69 жж Павлодар обл. «Қызыл ту» газеттерінде, 1970 ж-дан өмірінің соңына дейін қайтадан туып-өскен өңіріндегі «Ленин туы» басылымында тілші, бөл. меңг-сі, жауапты хатшы болып қызм. атқарды. Оның өлеңдері мен публ. еңб-тері сарғайған газет беттерінде сайрап жатыр.

РАХЫМЖАНОВ Кәкен (1907, Ақмола уезі, Нұра бол., №1 – қайтыс болған ж. белгісіз) – партия, кеңес қызметкері, 1936 ж. 6 айлық кеңес құрылысы курсын (Петропавл), 1943, 1949, 1950 ж-дары ҚКП ОК жанындағы партия курстарын тәмамдаған. Еңб. жолын 1927-29 жж

Нұра бол-ның милиционері болып бастап, 1929-33 жж Еркіншілік, Жаңаарқа, Қорғалжың ауд. милиция бөл-дерінің бастығы, 1933-37 жж Еркіншілік, Макин ауд. атқару к-терінің жауапты хатшысы, 1937-38 жж Солт. Қазақстан обл. атқару к-нің нұсқаушысы (Петропавл), 1938-40 жж Ленин және Еңбекшілдер ауд. атқару к-терінің жауапты хатшысы, 1940-42 жж Нұра ауд. милициясының төтенше өкілі, 1942-43 жж Нұра ауд. партия к-і хатшысының көмекшісі, 1944-47 жж Қарқаралы ауд. партия к-і ұйымдастыру бөл-нің меңг-сі, 1947-49 Шет ауд. партия к-нің 2-ші хатшысы, 1949-53 жж Қу, 1953-55 Жаңаарқа ауд. атқару к-терінің төрағасы қызм. атқарды. 1955 ж-дан бастап Нұра ауд. «Осакаровқұрылыс» №2 тресі құрылыс учаскесінің бастығы. Р-тың одан кейінгі тағдыры туралы дерек табылмады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

РАХЫМЖАНОВ Сейтбек (1914, Қарқаралы уезі, Едірей бол.) – мал. шар. маманы. 1926 ж. а. мект-нен 3 сыныптық білім алып, 1931 ж. Қарқаралы коммуна мект. бітірген. 1933 ж. Семейдің үшж-дық жұмысшы ф-інен қаржыгер мамандығын алып, 1933-35 жж Жаңаарқа ауд. мемл. банкінде операция есепшісі болады. 1941 ж. Алматы зоовет ин-ын тәмамдап, 1941-42 жж Қазақ КСР с/здар халкомы жүйесі Қарағанды тресіне қарасты «Маржанкөл» с/зында аға мал дәрігері қызм. атқарды. 1942 ж. Қызыл Армия қатарына алынып, 2-ші Украин майданы, 40 армия құрамындағы артполктың аға мал дәрігері және ветеринария қызм-нің бастығы болып, ұрыс қимылдарына қатысады. Румыния, Хунгрия, Чехословакия елдерін азат етушілер қатарында болады. ҰОС аяқталып, елге оралғаннан кейін, 1946-50 жж Қазақ КСР с/здар халкомы жүйесі Қарағанды тресінде бас мал дәрігері лауазымында еңб. етіп, 1950 ж. бастап қайтадан «Маржанкөл» с/зына аға мал дәрігері қызм. жіберіледі. 1956 ж. Қоңырат ауд-ның «Еңбек» к/зына төраға болып бекітілген. Р. Қызыл жұлдыз орденімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған.

РАХЫМЖАНҰЛЫ Сейфолла (1898, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 08.1995, Қазыбек би ауд., Ақтасты а. округі) – еңб. ардагері, шежіреші, молда. Бай, қажының баласы ретінде 1928 ж. тәркіленіп, бүкіл әулеті – әкесі, аға-інілері тұтқындалып, жартысы Атбасар түрмесіне, қалғаны Нұра өз. бойындағы абақтыға қамалады. 1932 ж. нәубет кезінде Р. түрмеден қашып шығып, Ертіс бойындағы ел ішінен аштыққа ұрынған отбасын тауып алады: 4 қызы шетінеп, шешесі мен қарындастары, бір ұлы аман қалған екен. Ойранды 30-шы ж-дарды Сібірде, ҰОС кезеңін Улан-Уде қ-да өткізіп, құпия әскери авиазауытта жұм. істейді. Қазақстанға 1947-48 ж-дары ғана оралып, Теміртау қ-да тұрады. Чапаев атынд. с/зда жүк тиеуші болған. 1960 ж. туған жеріне келіп, Маусымбектегі жылқышыларға тәлімгерлік жасап, сиыр бақты. Ғ-ға жуық ғұмырының соңғы отыз ж-ға таяу уақытында а. имамы болып, жастар тәрбиесіне зор үлес қосты. Исламның игіліктерін, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді насихаттады.

РАХЫМЖАНОВ Ібіжан (1912, Нұра ауд., Майоровка а. – 1991, Қарағанды қ.) – партия, кеңес қызметкері. Қазақ т. ж. құрылысы техн., Ақмола қ-дағы комвузды бітіріп, Қарағанды мұғ. ин-да оқыған. Еңб. жолын Нұра ауд. халық ағарту бөл-де инспектор болып бастап, ауд. комсомол к-де хатшы, ауд. кеңес атқару к-де жауапты хатшы, обл. партия к-де нұсқаушы міндетін атқарды. Р. 1941-43 жж Қазақстан КП Қу, 1943-53 жж Қарқаралы, Жаңаарқа, Ворошилов (кейінгі Ульянов, қазіргі Бұқар жырау), Ұлытау ауд. партия к-терінің 1-ші хатшысы, Қарағанды обл. партия к-нің хатшысы, Ворошилов, Киров ауд. кеңестері атқару к-терінің төрағасы лауазымында болды. Ол Ленин, Еңбек Қызыл Ту, I дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

РАХЫМ Қыдырғали (6.05.1941, Семей обл., Абыралы ауд.) - педагог, ғалым, әуесқой өнерпаз: күйші, ақын, суретші. ҚарМТУ-і физика кафед-сының аға оқытушысы 1958 ж. Егіндібұлақ ОМ, 1963 ж. Қарағанды пед. ин-ын бітіріп, физика және жалпы техн. пәндер оқытушысы мамандығын алып шықты. Егіндібұлақ пен Қарағайлы кентінің ОМ-терінде физика, астрономия және электротехника пәндерінен сабақ берді. 1969-75 жж ҚарМТУ-дың физика каф-сында оқытушы, 1975-92 жж «Казчерметавтоматика» АҚ I дәрежелі инж. қызм. атқарды. 1992 ж. бері ҚарМТУ-дың физика каф-сында аға оқытушы. Ол 30 ғыл.-техн. мақаланың авторы, 2 өнертапқыш куәлігінің иегері. ЖОО арналған «Жалпы физика курсы»

бойынша 4 оқулығы және «Оптика зертханалық жұмыстары» бойынша 2 әдіст. оқу құралы жарық көрді. Ғыл. жұм. «Қараметаллургиядағы конвертер процестері кезінде шығатын газдардың динамикасын зерттеп, оны пайдалану жолдары». Ол Алматыда ҚазМУ-дың екі ж-дық «Жеті муза қоғамы» атты қоғамдық өнер ун-ін тәмамдаған өнер зерттеушісі – дәріскер. «Абай – философиялық поэзияның алыбы» және Мәди Бәпиұлының ақындық ерекшелігіне арналған «Көк семсердің жүзі» зерттеу мақалалары, көптеген өлеңдері «Орталық Қазақстан» газетінде жарияланды. Р-ның «Достық салтанаты», «Мәдидің толғанысы» күйлері обл. ақындар айтысында бағалы сыйлыққа ие болды. Оның «Молшылық», «Махаббат иірімі» деп аталатын бейнелеу шығ-лары әуесқой суретшілердің обл. көрмесінде мақтау грамотасымен марапатталды.

РАХЫМОВ Амантай (18.08.1942, Қу ауд., «Жаңажол» к/зы) – агроном, партия-кеңес қызметкері, а.шар. ғыл-ның кандидаты (1997), Қарқаралы, Бұқар жырау ауд-дарының Құрметті азаматы. ОМ бітіргеннен кейін Қазақ а. шар. ин-ын (Алматы) тәмамдап, Егіндібұлақ ауд. «Арқалық», «Комсомол» с/здарында бас агроном болып еңб. жолын бастады. 1975 ж. Қарағанды обл. партия к-і а. шар. бөл-нің нұсқаушысы қызм. шақырылып, екі ж-дан кейін Ертіс – Қарағанды каналы бойында ашылған «Қазақстан» с/зының дир. лауазымына тағайындалды. 1984 ж. Тельман (қазір Бұқар жырау ауд. құрамында) ауд. кеңесі атқару к-нің төрағасы, аупартком 1-ші хатшысы, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ауд. әкімі, 1997-98 жж Бұқар жырау ауд. әкімі қызм. атқарды. 1998-2012 жж «Ауыл шаруашылығын қолдау қаржылық қоры»АҚ Қарағанды обл. филиалын басқарды. Р. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған. Бірнеше рет ауд. және обл. кеңеске депутат болып сайланды.

РАХЫМОВ Әбіл (1905, Павлодар уезі, Шақшан бол. – қайтыс болған ж-ы мен жері белгісіз) – партия, кеңес қызметкері. 1933 ж. парт. қызм-нің 2 айлық, 1935 ж. комвуздың (Қарағанды) 2 курсын, 1940, 1947 ж-дары парт. қызм-лерінің 6 айлық курстарын бітірген. 1919-31 жж Екібастұз қорғасын зауытының жұм-сы, 1931-34 жж Қарағандының №8, 9 шахталарында кәсіподақ к-інің төрағасы, №5, 8, 18 шахталар партия ұйымының хатшысы, 1934-35 жж Қарағанды қ. комсомол к-і хатшысының ор-ы, 1935-36 жж №2 шахта меңг-сінің көмекшісі, 1936-37 жж Горький атынд. шахта меңг-сінің көмекшісі, партия к-інің хатшысы, 1937-38 жж Киров атынд. шахта партия к-нің хатшысы, 1938-39 жж Қарағанды обл. партия к-і жанындағы партия алқасының хатшысы, 1939-46 жж Ұлытау, 1946-48 жж Қу ауд. атқару к-нің төрағасы болды, 1949 ж. Қарқаралы ауд. шикізат дайындау мекемесі өкілінің ор-ы қызм. атқарды. Одан соң, Ворошилов (қазіргі Бұқар жырау) ауд. дайындау мекемесінің басқарушысы болып ауысты. Р-тың одан кейінгі тағдыры туралы дерек табылмады.

ЕрмекБАЛТАШҰЛЫ

РАХЫМОВ Қанат Әукешұлы (20.07.1945, Павлодар обл., Павлодар ауд., Григорьевка с.) – механизатор, ел ішінің ескілікті әңгімесін жинап, бүгінгі күнге жеткізуші жан, осы заманның шежірешісі. Кәмелетке толған шақта, 1962 ж. Айрыққа (қазіргі Мәди а. округі) көшіп келіп, осы жерде еңб. жасады, зейнеткерлікке шықты. А. округтің қоғ.-мәд. өміріне белсене қатысады, осындағы ардагерлер ұйымының төрағасы.

РЫМБЕКОВ Марат (1951, Қу ауд. – 20??, Қарағанды қ.) – педагог, музыкант, біліктілігі жоғ. санаттағы маман. ОМ-тен соң, 1974 ж. Қарағанды пед. ин-ын тәмамдап, Егіндібұлақ а-ында жаңа ашылған Ж.Елебеков атынд. жетіж-дық музыка мект-де мұғ., кейін дир. бола жүріп, ауд. Мәд. үйі жанындағы Тәттімбет атынд. халық аспаптары оркестрінің көркемдік жеткешісі болды. Өңірдегі өнерлі жастар респ., Одақ көлеміндегі байқауларға қатысып, муз-лық жоғ. және арнайы оқу орындарында білімін шыңдауына ықпал етті. Ғұмырының ұзақ бөлігін туған жерінің мәд-ін көтеруге, талапты жеткіншектер тәрбиелеуге арнады. Өмірінің соңғы кезінде Қарағанды қ-ндағы №41 ОМ пен Жамбыл атынд. №7 гимназияда муз. пәнінен дәріс берді. Р. көркемөнерпаздардың респ. және Бүкілодақтық байқауында бірнеше мәрте лауреат атанып, мәртебеге бөленді.

РЫМТАЕВ Серік Рымтайұлы (07.1941, Егіндібұлақ а. – 06.2010, Қарақаралы қ.) – қаржыгер, экономист, Қазақ КСР қаржы саласының үздік қызметкері. А-дағы жетіж-дық мект-ті, Семей

қаржы-экон. техн-ын, кейін ЖОО бітірген. Еңб. жолын 1962 ж. Егіндібұлақ ауд. «Комсомол» с/зында есепшіліктен бастады. 1963 ж. Ақтоғай ауд. қаржы бөл-нің экон-і, осы ауд. бойынша қаржы бақылау басқ-ның тексеруші ревизоры, жоспарлау бөл-нің басшысы болды. 1966 ж. бастап Егіндібұлақ ауд. бойынша обл. қаржы бақылау басқ-ның тексеруші ревизоры, 1976-79 жж жаңа құрылған Талды ауд. қаржы бөл-нің меңг-сі, 1979 ж. бастап ауд. халықтық бақылау к-інің төрағасы қызм. атқарды. 1988 ж., Талды ауд. таратылған соң, Қарағайлы К-БК-ның Кентөбе кеніші жоспарлау бөл. бастығының ор-ы, бастығы, 1990 ж-дан Қарқаралы ауд. қаржы бөл-нің меңг-сі лауазымында еңб. етті. Мемл. марапаттармен наградталған Р. жергілікті билік органдарының Құрмет грамоталарын һәм мақтау қағаздарын иеленді.

Нәзипа АСҚАР

РЫСБЕКОВ Берікбай Қарымсақұлы (6.05.1957, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі) – дойбыдан ҚР спорт шеберлігіне үміткер (2014). 2012 ж. респ. біріншілікте (Абай қ.) күміс жүлде иеленді. 2015 ж. сол Абай қ-да өткен біріншілікте Қарағанды обл-ның чемпионы атанды. 2015 ж. маусымда өткен респ. чемп-ында (Ақтөбе қ.) қола медаль алды. 2016 ж. мамырда еңб. ардагерлері арасындағы сайыста ҚР-сының чемпионы тұғырына көтерілді. Р. басқа да мерекелік шаралар аясында ұйымдастырылатын жарыстарда жоғары көрсеткіштерге ие болып жүр. 1974 ж. Егіндібұлақ ОМ бітіріп, Қарағанды мемл. мед. ин-ында оқыған. 1976 ж-дан бастап ауд. «Ленин туы» газетінде фототілші, одан соң тұрмыстық комб-ында фотограф, кейін ПМК-1014 құрылыс мекемесінде кадр бөл-нің меңг-сі болды. 1995 ж. Қарағанды қ. көшіп, кәсіпкерлікпен шұғылданды. Қазір қ. банкілерінің бірінде қауіпсіздік бөл-інде қызм. істейді.

РЫСБЕКОВ Еркінбай Қарымсақұлы (3.07.1958, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі) – халықаралық (100 шаршылы) дойбыдан КСРО спорт шеберлігіне үміткер (1979). 1979 ж. халықар. дойбыдан өткен Қазақ КСР-ы чемпионатында (Петропавл қ.) күміс медаль жеңіп алды. 1980 ж. 64 шаршылы дойбыдан өткен Қарағанды обл. біріншілігінде күміс жүлдеге иеленді. 1981 және 1984 ж-дары халықаралық дойбыдан Қарағанды обл-ның чемпионы атанды. 1989 ж. а. спортшыларының «Сарыарқа» обл. спартакиадасында 64 шаршылы дойбыдан жеңімпаз атанды. 1975 ж. Егіндібұлақ ОМ, 1981 ж. Қарағанды политехн. ин-ын құрылыс инж. мамандығы бойынша бітіріп, ПМК-1014, Қарқаралы ХРСУ мекемелерінде шебер, 1983-87 жж Егіндібұлақ ауд. комсомол к-інде бөл. меңг-сі, 2-ші хатшы, 1989-90 жж ауд. партия к-інде нұсқаушы,1990-95 жж құрылыс саласында, кооперативте, автокөлік кәсіпорнында прораб, 1995-2005 жж ауд., одан соң Егіндібұлақ а. әкімшілігінде бас маман қызм. атқарды. 2005 ж. бері Қарағанды қ-сының құрылыс саласында жұм. істейді.

РЫСБЕКОВ Қарымсақ (1.03.1929, Қу ауд., Қоянды а. – 11.11.1986, Егіндібұлақ а.) – педагог, партия қызметкері, жастар мен студенттердің 1957 ж. Мәскеу қ-сында өткен VI Бүкілдүниежүзілік фестивалына қатысушы. 1948 ж. Қарағанды мұғ. ин-ын, 1966 ж. Қарағанды мемл. пед ин-ын қазақ тілі мен әдеб. пәні мамандығы бойынша бітірді. Еңб. жолын 1948-49 жж Егіндібұлақ а. №1 ОМ-те мұғ. болып бастады. 1949-51 жж Жалтас (Шарықты а. кеңесі), 1951-55 жж Абай атынд. (Айнабұлақ а. кеңесі), 1955-59 жж К.Маркс атынд. (Сартау а. кеңесі) орталау мект-терде мұғ., дир., қайтадан мұғ. лауазымында еңб. етті. 1959-62 жж Қу ауд. «Ленин туы» газ-інде бөл. меңг-сі, К.Маркс атынд. орталау мект. мұғ., 1962-65 жж Арқалық ОМ-де мұғ., оқу ісі меңг-сі, 1965-77 жж Егіндібұлақ ауд. атқару к-нің хатшысы, 1977-78 жж кешкі және сырттай оқыту мект-нің әдіскері, 1978-80 жж ауд. а. шар. басқарм-ның заң кеңесшісі, 1980-85 жж ауд. партия к-і ұйымдастыру бөл-нің нұсқаушысы қызм. атқарды. Р. өмірінің соңғы кезеңінде ауд. партия к-і жанындағы парт-лық бақылау комиссиясының төрағасы болды. Мемл. наградалармен марапатталып, ауд. кеңеске бірнеше мәрте депутат болып сайланды.

ССС

САҒАТОВА Гүлсім Әйтенқызы (1954, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі) – агроном, инж.-механик. 1971 ж. ОМ, 1982 ж. Алматы а. шар. ин-ын агрономия мамандығы бойынша тәмамдады. Еңб. жолын 1971 ж. Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/зда механизатор-жүргізуші болып бастады. 1982-83 жж шар-та агроном, 1983-86 жж Егіндібұлақ ауд. партия к-інде нұсқаушы, 1986-88 жж Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/зда кәсіподақ к-нің төрайымы қызм, атқарып, 1998-2005 жж а. шар. машиналарын жөндеу шеберханасын ашып, дербес кәсіпкерлікпен айналысты. 2005-10 жж Егіндібұлақ а-ғы №17 кәс. лицейде дәріс беріп, 2010-11 жж «Қазақмыс» корпорациясының «Нұрқазған» кенішінде механ.-инж. болып еңб. етті. С. бірнеше мәрте ауд. және обл. кеңеске депутат, кәсіподақтардың X съезі мен Қазақстан КП XIV съезіне делегат болып сайланды. «Құрмет белгісі» орденімен, ҚР Президентінің Алғыс хатымен марапатталып, обл. әкімінің «Бизнес-леди – 2000» жүлдесін иеленді.

САҒАТОВА Рузия Сәйділқызы (16.03.1932, Қу ауд. – 6.11.1994, Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты (1980). 1950 ж. Қу ауд. орталығындағы №11 ОМ, 1955ж. Қазақ қыздар пед. ин-ын (Алматы) қазақ тілі мұғ. мамандығы бойынша тәмамдап, 1955-59жж №1 ОМ-те, 1959-63жж Арқалық а-ның Абай атынд. ОМ-де, 1963-1982 жж Егіндібұлақ а. мект.-ин-та, 1982-91жж осындағы кәс.-техн. уч-де мұғ. болып қызм. атқарды. Сала басшылығы тарапынан көптеген марапаттар иеленді.

САҒАТОВ Мұқан Бөкейұлы (5.03.1914, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 2.02.2003, Қарқаралы ауд., Ақтасты а.) – педагог, парт., кеңес қызметкері. 1930 ж. Семей қ-да баст. мект. және өлкелік қаржы курсын, 1936 ж. Өскемен қ. көлік саяси-ағарту техн., 1966 ж. Қарағанды пед. ин-ының тарих-филол. ф-ін бітірді. Еңб. жолын Қу ауд. қаржы бөл-не есепші қызм-нен бастады. 1936 ж. Қазақ КСР оқу коммиссариаты оны Қарқаралы округі кітапханасына қызм. жібереді. Сол кезде округ таратылып, жас маман ауд. парт. к-і аппаратына іс басқарушы қызметіне қабылданады. 1937-39 жж Қу ауд. Балықтыкөл а. кеңесіне қарасты К.Маркс атынд. 7 ж-дық мект.-инт. дир-ы, 1939 ж. ауд. оқу бөл-інде инспектор-әдіскер, 1939-41 жж ауд. парт. к-інде насихатшы, 1941-43 жж ауд. парт. к-і қорғаныс бөл-нің, 1943-44 және 1947-49 жж үгіт-насихат бөл-нің меңг-сі, 1944-47 жж ауд. «Большевиктік жол» газетінің жауапты редакторы қызм. атқарды. 1949-51 жж Едірей а. кеңесінің Айрық баст. мект. меңг-сі һәм партком хатшысы, 1951-54 жж Қоянды орталау мект-де дир. лауазымында еңб. етті. 1954-57 жж Шарықты а. кеңесі Ленин атынд. к/зының төрағасы, 1957-59 жж Шарықты баст. мект-де меңг-ші әрі оқытушы, 1959-61 жж ауд. парт. к-інде нұсқаушы, 1961-62 жж Арқалық сегіздық мект-де оқу ісі меңг-сі әрі оқытушы, 1962-68 жж «Арқалық» с/зы №2 бөл. басқарушысы, 1968-73 жж Арқалық а. кеңесінің төрағасы болды. Зейнеткерлікке шыққан соң да, 1973-87 жж Арқалық ОМ дир-ының шар. жұм. жөніндегі ор-ы әрі мұғ. міндетін атқарды. С. көптеген мемл. марапаттармен наградталды.

САҒЫНБЕКОВА Рымтай Көкенайқызы (1961, Егіндібұлақ а.) – журналист, Қазақстан Журналистер одағы Н.Құлжанова атынд. сыйлығының иегері (1998). С.М.Киров (қазір әл-Фараби) атынд. Қазақ мемл. ун-інің журналистика ф-ін бітірген (1984). Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінде әдеби қызм., бөл. меңг-сі, жауапты хатшы, обл. «Қарағанды жастары» газетінде (1984-92), респ. «Өркен» – «Горизонт», ҚР Жоғ. кеңесінің органы – «Халық кеңесі», халықар. «Түркістан» газеттерінде бөл. меңг-сі, ҚР Бас прокуратурасының «Заң және заман» – «Закон и время» журналы бас редакторының ор-ы, «Жаңа саясат халықаралық институты» ақпараттық-баспа бөл-нің бас редакторы, ҚР Тұңғыш Президенті қоры бас маманы (1992-2009) қызм. атқарды. 2009 ж. бері – республикалық «Экономика» газетінің бөлім редакторы. С. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Құрмет грамотасымен, «ҚР ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталған.

САҒЫНБЕКОВА Сәуле Көкенайқызы (9.07.1958, Егіндібұлақ а.) – инж.-құрылысшы. 1975 ж. Егіндібұлақ а. мект.-инт-ын, 1980 ж. Қарағанды политехн. ин-ын инж.-құрылысшы мамандығы бойынша тәмамдады. Еңб. жолын 1980-82 жж Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқ-ның күрделі құрылыс бөл-нде аға инж. болып бастады. 1982-91жж Қарағанды металлург. комб-ының (Теміртау) жобалау-құрастыру бөл-де инж., 1991-94 жж Қапшағай а. құрылысы комб-

ның (Алматы обл.) күрделі құрылыс бөл-нде аға инж., 1994-2017 жж «Қапшағайқұрылыскомбинаты» ЖШС өнд. техн. бөл-нің, қазіргі таңда осында өнд. цехтар бастығы қызм. атқаруда. Құрылыс саласындағы ұзақ ж-ғы еңб. үшін сала басшылығы, қоғ. ұйымдар мен жерг. әкімшілік тарапынан марапаттар иеленген.

САҒЫНДЫҚОВ Амантай (1935, Қарқаралы округі – 1999, Қарағанды қ.) – журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты (1979). С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. ҚазМУ-ды журналистика мамандығы бойынша тәмамдап, еңб. жолын респ. «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газ-де бастады. 1961-63 жж осы басылымның Қарағанды обл. бойынша менш. тілшісі, одан кейін «Орталық Қазақстан» газ-нің тілшісі, 1965-68 жж Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газ-нің редакторы қызм. атқарды. 1968-75 жж респ. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газ-нің Қостанай, Қарағанды обл. бойынша менш. тілшісі, 1975 ж-дан зейнеткерлікке шыққанша «Орталық Қазақстан» газ-нің бөл. меңг-сі болды. С. – Елбасы Н.Назарбаев туралы тұңғыш деректі суреттеменің авторы. Оның көркем очерктері респ. мерзімді басылым беттерінде һәм ұжымдық топтама жинақтарда жарық көрді.

САҒЫНДЫҚОВ Қайыркен (1928, Қу ауд., Едірей а. кең. – 1994, Алматы қ.) – журналист-публицист. 1948 ж. Қазақ мемл. ун-нің (Алматы) журналистика бөл-не түсіп, оқи жүріп респ. жастар басылымы «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінде әдеб. қызм. болып еңб. жолын бастады. С. журналистикадағы қызм-ін «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газ-де жалғастырып, ред-дың бірінші ор-ына дейінгі лауазымға жетіп, одан соң Қазақстан КП ОК-нің нұсқаушысы, ҚазТАГ-тың ред-ы, «Қазақстан» баспасында бас ред., ҚКП ОК жанындағы Партия тарихы ин-ның марксизм-ленинизм классиктері шығ-ларын қазақ тіліне аудару секторының меңг-сі, т.б. жауапты қызметтер атқарды. С. көптеген мемл. наградалармен, соның ішінде «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

САҒЫНДЫҚОВ Шәкен (1937, Қу ауд.) – авиация ардагері. ОМ бітіріп, әскер қатарында азаматтық борышын өтеп келгеннен кейін**,** 1958 ж. Қарағандыдағы №154 әуе отрядына қабылданып, арнайы курстан өтіп, Қу ауд-дағы далалық аэродромның коменданты қызм. тағайындалды. Осыдан бастап Қу, кейін Егіндібұлақ ауд-ндағы жолаушылар әуежайының бастығы, билет кассирі, коменданты қызм. зейнеткерлікке шыққанша атқарды. С. еңб. еткен ж-дары өңірдің жолаушылар мен пошта тасымалына, а. шар-ғы дамуына жергілікті авиация үлкен үлес қосты. Аэропорт қызметін тиімді пайдаланған жұрт Кеңес одағының кез-келген түкпіріне бару үшін Егіндібұлақтан транзиттік билетке тапсырыс бере алды. Пошта, құнды қағаздар жедел тасымалданып, орман-тауды өрттен қорғау, егістік алқапты түрлі зиянкестерден сақтау үшін әуеден дәрілеу шараларында авиация таптырмас көмекші болды. Оларды ұйымдастырудың басы-қасында авиация ардагері С. та жүрді. Ұзақ жылғы абыройлы еңб. үшін ол ел алғысымен қатар, көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

САДЫҚОВ Нарманбет Қожамұратұлы (1925, Алматы обл. – 07.1983, Қарағанды қ.) – журналист, партия, кеңес қызметкері. Қазақтың С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. мемл. ун-ін журналистика мамандығы бойынша бітірген. ҰОС қатысқан С. еңб. жолын Алматы (бұрынғы Талдықорған) обл-ның Қаратал ауд. газетінде тілші болып бастап, көп ұзамай комсомол қызм. ауысады. 1954-68 жж Қарағанды обл. партия к-нің нұсқаушысы, насихат және үгіт бөл-нің сектор меңг-сі, Қарағанды қ. Теміржол, Нұра аупарткомының 2-ші, Қоңырат (қазіргі Ақтоғай) ауд. 1-ші, 1968-78 жж Қазақстан КП Егіндібұлақ ауд. к-нің бірінші хатшысы болды. С. ауд. экон-сы көтеріліп, халықтың әлеум. жағдайы жақсарып, мәд-і өркендеуі үшін білімі мен күш-жігерін аямай жұмсады. Оның кезінде кәсіп.-техн. уч. кешені, Мәд. үйі, пошта ғимараты, т.б. құрылыстар салынып, «Айрық» с/зы, «Қаракөл» маманд. шар. бірлестігі ашылды. Жергілікті кадрларды жоғ. қызм. тағайындады. 1975 ж. №196 Егіндібұлақ сайлау округінен Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаттығына сайланды. Екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталған.

САДЫРБЕКОВ Жәлел Мәлікұлы (30.05.1956, Қу ауд., Айнабұлақ а. кеңесі – суретші, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Театр қайраткерлері одағының мүшесі, ҚР Мәдениет

саласының үздігі. 1973 ж. Қарағанды қ. № 100 ОМ-ті, 1987 ж Мәскеу және Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қ-ларында Бүкілодақтық мәд. қызм-керлері ин-ында шеберлік курстарын, 1991 ж. Е.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-ін сызу және бейнелеу өнері мамандығы бойынша бітірді. Еңб. жолын 1973 ж. бастап, 1977 ж. бастап С.Сейфуллин атынд. Қарағанды обл. қазақ драма театрында көркемдік-қойылым бөл. бастығы қызм. атқаруда. С. қоюшы-суретші ретінде «Кроссворд», «Қос мұңлық», «Желтоқсан түні», «Қаздауысты Қазыбек», «Әйел тағдыры», «Ай тұтылған түні» және т.б. спектакльдер көрермен ықыласына бөленуіне үлес қосты. Шығ. еңб-гі жетістіктері үшін мәд. саласы басшылығы мен атқарушы билік тарапынан көптеген марапаттарға ие болды.

САҚАЛОВ Зияда Сақалұлы (1.01.1900, Қарқаралы уезі, Қу бол., Бөлек қонысы – 27.06.1981, Егіндібұлақ ауд., Бастал а.) – Қу – Балқантау өңіріндегі алғашқы трактортшының бірі, а. шар. жұм. ұйымдастырушы. Еңб. жолы кеңес өкіметі орнағанша басталған С. он екі жасынан байларға жалданып қозы бағады. Түркістан – Сібір темір жолы салынғанда, сонда жұмыскер болып істеген. 1930-ж-дары а-ды колхоздастыруға белсене қатысты. Сталин атынд., «Жаңанегіз», «Жаңабірлік» к/здарының және олар орналасқан а. Кеңестердің төрағасы қызм. атқарды. ҰОС ж-дары «Жаңабірлік» к/зының төрағасы болып жүргенде Отан қорғау қорына 100 мың сом (рубль) ақша аударып, әскери ұшақ жасатуға тапсырыс беріп, жеңісті жақындатуға дербес үлесін қосты. К/з мүшелерін еңб. жұмылдырып Қызыл Армияға мүмкіндігінше көмек көрсетті. Бейбіт заман орнаған кезде ол ұзақ жыл «Едірей» к/зын басқарып, мал шар-ғын өркендетіп, өнім алуда жоғары табыстарға қол жеткізген. Ел ішінің ескілікті әңгімесін жақсы білетін С-тың өзі де от ауызды, орақ тілді адам болған. Халық аузында оның сөздері әлі айтылады. Сексеннің сеңгірінен асқанша ғұмыр кешіп, бір әулеттің емес, бүкіл өңірдің ақылшысы болған С. «халықтар әкесі» И.Сталиннен бастап, атқарушы және өкілетті билік органдарының бәрінен Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталар алып, мемл. марапаттар иеленді.

САРКЕНОВ Ниқан (Микаел) (1939, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі – 20?, ?) – зоотехн., а. шар. ардагері, кеңес қызметкері. 1956 ж, Егіндібұлақ а. ОМ, 1959 ж. Қарқаралы зооветтехн. (1970 ж-дары ҚарМУ-ды) бітіріп, туған а-на мал маманы болып оралды. 1960 ж. к/здар біріктіріліп, «Арқалық» с/зы құрылғанда ол шар-тың бас зоотехн-і лауазымына бекітілді. Келесі ж-ы Шілдебай бөл-шесінің басқ-шысы мінд. атқаруға жіберілді. С. жетекшілік жасаған ұжым респ. көлемінде озаттар санатына қосылды. 1965 ж-дан Абай атынд. с/здың бас зоотехн-і, 1977-82 жж Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд. Қарақұдық а. кеңесінің төрағасы, одан кейін «Комсомол» с/зының, 1989-94 жж Мичурин (қазіргі Абай) ауд. «Есенгелді» с/зының бас зоотехн-і, 1998 ж-ға дейін осы а. округінің әкімі қызм. атқарды. С. көптеген мемл. марапаттармен, соның ішінде Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталып, он мәрте жергілікті кеңеске депутат болып сайланды.

САРТЫМБАЕВ Төлеутай (1937, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі – 23.06.1990, Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі (1975). 1960 ж. Қарағанды мемл. пед ин-ын тәмамдап, Шарықты а. кеңесінің Шөптікөл а-да Ленин атынд. сегізж-дық мект-те химия және биология пәндері мұғ., 1962-69 жж осы білім ұясында, 1969-71 жж Егіндібұлақ а-ғы №1 ОМ-те дир., 1971-81 жж Егіндібұлақ ауд. халыққа білім беру бөл-нің меңг-сі, 1981-88 жж халық депутаттары Егіндібұлақ ауд. Кеңесі атқару к-ті төрағасының ор-ы, 1988-90 жж Егіндібұлақ а-ғы №1 ОМ дир-ы қызм. атқарды. С. көптеген мемл. марапаттардың иесі. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, медальдармен наградталды.

Марат ҚАСЫМОВ

САРЫАДЫР – жота, Қу тауының солт. сілемі. Балатүндік және Түндік өз-дері аралығында орналасқан. Абс. биіктігі – 961 м. Делювилік-пролювилік шөгінділермен жабылған төм. силур кезеңіндегі жыныстардан түзілген. Қиыршық тасты қызыл күрең топырақ жамылғысында түрлі бұталар, жусан, сұлыбас, т.б. шөптесіндер өседі.

САРЫАРҚА – Қазақстандағы аса ірі физик.-географиялық және табиғи-тарихи аймақ. С. – халықтық атау. С-ға Қарағанды, Ақмола обл-тарының жері толық, Қостанай, Павлодар, Шығ. Қазақстан обл-тарының біраз жері кіреді. Қарағанды обл. аумағы, негізінен, С-ның орта

бөлігінде орналасқан. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, С. атауы «бетіндегі өсімдіктері Күнге күйіп сарғайып жататын кең, үлкен жон, жалпақ үстірт, сансыз адырлы қырқа» ұғымын білдіреді. С. – ұлт байлығының көзі ғана емес, сонымен қатар өнердің, мәдтің және тарихтың кеніші. С-ны құтты қоныс еткен Қаздауысты Қазыбек, Бұқар жырау, осы топырақта кіндік қаны тамған Тәттімбет, Шөже мен Кемпірбай, Қалдыбай мен Балта, Мәди мен Айтбай, Ә.Бөкейханов пен Ж.Ақбаев, Н.Нұрмақов пен М.Малдыбаев, Ғ.Айтбаев пен Ж.Елебеков, Қ.Аманжолов пен Қ.Сатыбалдин, Н.Әбдіров пен Т.Әубәкіров сынды асыл перзенттері, ондаған қоғам қайраткерлері, ғалымдары мен ақын-жазушылары, әнші-күйшілері мен өнертапқыштары, жүздеген дәрігер, педагог, инженер, т.б. маман қызметкерлері, мыңдаған еңбек озаттары мен кәсіпкерлері С-ның даңқын шығарды. Әлемдік географиялық картада «Қазақтың ұсақ шоқысы» деген атауға иеленген С. бат-тан шығ. дейін ұз. 1200 км, оңт-тен солт-ке дейін 950 км созылып жатыр. С-ның бат. жағы біршама тегістеу: мұнда Ұлытау-Арғынаты жоталары (1133 м) және Көкшетау үстірті (947 м) ерекшеленеді. С-ның шығ. жағы Қарқаралы (1403 м), Қу (1366 м), Шыңғыстау (1469 м), Қызыларай (1566 м) тауларымен биіктеп, шоқылы жер бедерімен айрықшаланады. С. каледон (бат-ы) және герцин (шығ-ы) қатпарлы кезеңінде қалыптасты. Неотектоникалық қозғалыстар, сонымен бірге су мен желге мүжілу салдарынан С. жер бедерінің осы қазіргі бейнесі қалыптасты. Геолог. құрамы метаморфтық һәм магмалық тау жыныстарынан түзілген. С. жері дала, шөлейт және шөл зоналарына кіреді. Көкшетау, Атбасар өңірінде, Есіл өз. бойында қара топыраққа тән өсімдік жамылғылары қалыптасқан. Ол жердің тұрғындары егін шар-мен айналысады. С-ның аласа таулары мен ұсақ шоқыларында шоқ-шоқ қарағай, биші қайың ормандары өседі. Дала аймағының оңт-гін ала Теңіз бен Сарысу жазықтары, Ұлытау, Қарқаралы, Қу, Шыңғыстау алқаптары шөлейт аймаққа жатады. Бұл аймақтың климаты қуаң, қошқыл қызылқоңыр топырақ жамылғысында жусан мен бетеге, көде мен боз өсімдіктер жамылғысы таралған. Өз-дер бойында, тау баурайларында шабындық шалғындар, терек, қайың, қарағай, арша, тал өседі. Шөлейттер мал жайылымы үшін қолайлы. Шөл аймағы Ұлытаудың оңт. мен Жезқазған маңын, Балқаштың солт. жағалауын қамтиды. Мұндағы шөлдің қоңыр топырақ жамылғысында шөл өсімдіктері – тобылғы, қараған, боз, бетеге, ақселеу бұйырғын, қара жусан, көкпек өседі. Жануарлар дүниесі де дала, шөлейт, шөл аймақтардың ерекшеліктеріне байланысты қалыптасқан. Қарағайлы ормандарды бұғы, бұлан, елік, дала мен шөлейтті ақбөкен, қарақұйрық, түлкі, қарсақ мекендейді. Таулы өңірде арқар кездессе, қасқыр барлық жерді мекендейді. Көлдерінде құстар көп. Қарағанды обл. құрамындағы Қу – Балқантау өңірінің даму тарихына үңілер болсақ, мұндағы халықтың тірлігі әрдайым мал шар-на тәуелді болғанын байқаймыз. Қазақстандағы түсті металлургияның тұңғышы (Благодат-Стефанов зауыты) осында болғанына қарамастан, кеңес дәуірінде Егіндібұлақ өңірінде өнеркәсіп ошақтары мүлде дамымады десе де болады. Әрине, бұл аумақта кен орындарының кемшіндігінен емес, ертерек ірге тепкен өндіріс және әкімшілік орталықтардан шалғай жатуына, өнімді тасымалдау қымбатқа түсуіне, т.б. себептерге қатысты. С. – пайдалы қазбаларға бай өлке. Одан Қу – Балқантау өңірі де кенде емес. Мұнда мыс, темір, марганец, көмір, т.б. кен көздері бар. Тек оларды игеру кенжелеп дамуда. Ел басына күн туған ҰОС жылдары жұмыс істеген шағын өндіріс ошақтары (мыс., Едірей вольфрам кеніші) алынған өнімнің өзіндік құны өте қымбатқа түскендіктен, жабылып қалды. С-ның Егіндібұлақ аумағында соңғы ж-дары Көктасжал кен ошағы иерілуде. Ол қазіргі таңда Қарқаралы ауд. құрамына берілген өңірдің экон-сы көтерілуіне ерекше ықпал етпегенімен, жергілікті тұрғындардың белгілі бір бөлігі жұмыспен қамтамасыз етілуіне, Шарықты а. округінде біршама әлеум. мәселелер шешілуіне әсер етуде. Респ-дағы ең үлкен аймақта орналасқан Қу (кейінгі Егіндібұлақ, Қазыбек би) ауд-да 1997 ж. әкімш.-аумақтық өзгеріске дейін 8 а. округ болды. Өңірдегі халық саны 35 мың (1928 ж.) – 21 мың (1987 мың) аралығында ауытқып отырды. Жалпы, С-ның соңғы 60-65 ж-дағы дәстүрлі шар-ғы – егіншілік. Онда көптеген егіншілік орындар орналасқан. Бат. Торғай ойпатына тіреліп, шығ. Қара Ертіске еңкейіп тоқтайтын, түст. Балқаштың көгілдір толқындары шайып жатса, теріст. көк Есілмен көмкерілген ұлан-ғайыр С. сан ғ-дан бері қазақтың құтты қонысы. Тарихқа

жүгінсек, осы далада адамзат дамуының ұлы көшіне ықпалын тигізген талай оқиғалар мен құбылыстар өткенінен куә боламыз. Орт. Азияға, соның ішінде С-ға адам баласы қоныстана бастағалы шамамен 1,5-1 млн. ж. өтті. Мұндағы көне ескерткіштер: адамдардың тұрақ-қоныстары, тас қару-жарақтары, жартасқа қашап салған суреттері осы межені көрсетеді. С-ның тұла бойы тас ғ-ы айғақтарына толы. Ежелгі палеолиттің адамдары С-да шель-ашель дәуірінің соңында пайда болды. Зерт-лер бұларды осыдан 100-40 мың ж. бұрын орта палеолит немесе мустьер дәуірі адамдары тұтынған дейді. Олар аң, балық аулап, қоректік өсімдіктермен күнелткен. Садақ пен жебе, найза қолданған. Неолит дәуірінде егіншілік негіздері пайда болды. Қола дәуірінде аймақтың ежелгі халқы негізінен мал бағумен айналысқан, егін де салған. Бұл ежелгі жер суару жүйесінде жүргізілген археол. қазба жұмдан көрінеді. Б.д.д. II мыңжылдық басында Сарыарқаны қоныстанған тайпалар металлургиямен айналысты. Жер бетіне жақын орналасқан түсті металдың бай қоры – алтын, мыс, қалайы адам қаракетіне жарады. Орт. Қазақстанда қола өндірісі өмірге келді. Қазақстан тарихының б.д.д. II мыңжылдығын қола дәуірі деп атау осыған байланысты. Ол дәуірдегі адамдардың тіршілік салтын кешенді деп атаған жөн, себебі, мұнда мал шар-ғы, егіншілік және кен өндірісі қатар дамыды. Мал бағумен қатар бұл өңірде кен қазу және металл қорыту тайпалардың өндіргіш күштерін дамытуда аса маңызды роль атқарды. Қазақ халқы әрдайым көшпелі өмір сүрген. Орта жүз рулары қысты Сырдария жағасында өткізсе, жаз жайлауға С. деп, аңсап-сағынып Орт. Қазақстанға асықты. Бұл шар.-мәдени үрдіс Беғазы-Дәндібай заманында пайда болды. Орт. Қазақстанды мекендеген көшпелі тайпалар мен тайпалық одақтар «сақ» деген жалпылама атауды иеленді. Тарихи даму барысында көне тайпалар мен тайпалық одақтар орнына жаңа тайпалар пайда болып, атаулары да өзгеріп отырды. Өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар дамуы алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, феодалдық қатынастар қалыптасуына жеткізді. Б. з-дың VIII-XI ғғ бұл өңірде көне сақтар мен көк түріктердің ізін басып, қимақтар мен қыпшақтардың қуатты бірлестігі – Қимақ қағанаты ғұмыр сүрді. Ұлы әмірші ордасы Орта Ертіс өңірінде тігілді. Қағандық құлаған соң, II ғ-дың 1-жартысында оның орнына Дешті Қыпшақ мемл. дүниеге келді. XIII ғ. басында Орт. Қазақстанда Алтын Орда құрылған соң С. және оның Қу – Балқантау өңірі орналасқан шығ. бөлігі Жошы хан ұлысының, XIV ғ-да Ақ Орданың құрамында болды. Көшпелілер империясында орын алған түрлі оқиғалар мен құбылыстар барысында жергілікті тайпалардың экон. және саяси жағдайы бірде тез көтеріліп, бірде күрт құлдырап, өндіргіш күштер әлсіреді, мұның өзі қазақ ұлысының қалыптасу үдерісін тежеді. Елдің аумақтық-саяси тұтастығы бұзылды, түрлі түрік топтары бөлшектеніп, араласып кетті, дегенмен олар тілі мен әдет-ғұрпын сақтап қалды. Мемл. бірлестіктің бытыраңқы сипаты, феодалдық алауыздық, державаға бағынышты халықтардың азаттық күресі XV ғ. басында Алтын Орданың ыдырауына жеткізді. Сол кезде бірқатар мемл. бірлестіктер құрылды. XVI ғ. басында Орт.Қазақстан өңірі, экон. және этникалық негізде қалыптасқан мемл. құрылым Қазақ Ордасының құрамына енді. Біртұтас хандық құрылуы қазақ ұлысының қалыптасу үдерісіне жәрдемдесті. XVII ғ. бірінші жартысында Орт. Қазақстан жеріне ойрат (жоңғар) тайпалары басып кірді. Қазақ халқының жоңғар шапқыншыларымен күресі жүз ж-дан астам уақытқа созылды. Халықтың қаһармандығы нәтижесінде XVIII ғ. ортасында Қазақстан жоңғар басқыншыларынан азат етілді. Аймақтың одан кейінгі тарихы Қазақстанды Ресей империясының отарлауымен тығыз байланысты. 1822 ж. 22 маусымда Ресей патшасы отаршыл саясатын нығайту мақсатымен Жарлық шығарып, «Сібір қырғыздарының (қазақтарының) ережесін бекітті». Осы Жарлық бойынша Қазақ хандығының билігі тоқтатылып, патша өкіметі ұсынған жаңа әкімшілік жүйе пайда болды. Қу – Балқантау өңірі Қарқаралы округының құрамына енді. Сөйтіп, осыдан екі ғ. бұрын С. Ресей империясының табанына түсті. 1824 ж. ашылған Қарқаралы округі С-дағы ең ірі әкімшілік бөліністің бірі болды. Округте 18 болыс құрылып, оның 16 болысы арғын руларына тән болса, екеуінде қоңырат пен наймандар болды. Қарқаралы округіндегі арғындар (негізінен қаракесектер) 136 а., 15022 түтін (отбасы), 101251 адам тұрды. Бұлардың негізгі кәсібі мал және жер шар. еді. Олар ен даланы жайлап, қыс қыстауға, жаз жайлауға көшіп-қонып тіршілік етті. Қарқаралы

округінің қазақтары жазда Кіші және Үлкен Нұра, Шідертті, Талды, Өлеңті, Ащысу, т.б. өздер төңіректерін, Батағор, Ерейментау бөктерлерін, Баянауыл тауының оңт. бөктерлерін жайлады. Олар Қазанғап, Түндік өз-дері бойындағы қаптаған шатқалдарды, Қу, Едірей, Мыржық, Арқалық, Қарқаралы тауларын, т. б. қыстады. 1860 ж. крепостнойлық құқықты жойған соң Ресейдің орт. губ-лары мен Украинадан қазақ даласына қоныс аудару ісі басталды. XX ғ-да аздаған шетелдік капитал келе бастады. 1-Дүниежүзілік имп-тік соғыс кезінде Ресей өкіметі отар халықтарды езуді күшейтті. Метрополиядағы саяси дағдарысты пайдаланып, 1917 ж. қазан айында экстремистік таптардың империядағы мемл. билікті басып алуы отарлық қанаудың жаңа түрлері мен тәсілдерін дүниеге әкелді. Орт. Қазақстанның бай археол. ескерткіштері ежелден-ақ саяхатшылардың қызығушылығын туғызды. Ресей өкіметі бұл далаға талай-талай әскери экспед. жасақтап жіберді. Қазақ даласының қойнауында тұнып жатқан байлықтарға орыс елшілері Ф.Скинин мен М.Трошин кезінде көңіл бөлген. XVII ғ. соңында олардың Тобылдан Түркістанға дейін жүріп өткен жолы картаға түсірілді. Ресейдің ҒА қазақ даласының бат. мен шығ., сондай-ақ орта бөлігін зерттеуде бірталай тыңғылықты іс атқарды. Қазақ халқының тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов Қарқаралы округінде екі рет, 1855 және 1863 жж болды. Қызмет сапарын ол халықтың аңыз-әңгіме, ән-жырларымен танысуға арнады. Ш.Уәлиханов мал шар-ғы жөнінде бірсыпыра қызықты материал жинады. Оның «Қарқаралы сыртқы округі болыстарының қысқы көші-қоны» деген еңбегі осы тақырыпқа арналды. Семенов-Тянь-Шаньскийдің жетекшілігімен 1865 ж. жарық көрген «Ресей империясының геогр.-статистикалық сөздігінің» екінші томында Қарқаралының ғажайып табиғаты, алғашқы адамдар мекендеген жұмбақ үңгірлері мен құпиялы қорғандары жайлы кеңінен баяндайды. Поляк демократы Адольф Янушкевич Сібірде айдауда жүргенде қазақ даласында болып, халқымыздың өмірін, дәстүрін және мәдениетін зерттеген. Бұл өлкеде 1909 ж. болған орыс жазушысы М.Пришвин «Русские ведомости» газетінің тілшісі ретінде Қарқаралы уезінің этнографиялық материалдарын, қырғыз (қазақ) аңыздары мен ертегілері жазбаларын жинастырды. Жазушы Қазақстанға саяхат әсері негізінде жазған шығ-ының бәрінде табиғаттың әртүрлі құбылыстарына, тарихи деректер мен түрлі нанымдар негізінде жасалған тұжырымдарға үлкен орын береді. Ш.Уәлихановтың досы, белгілі саяхатшы-этнограф Г.Потанин 1913 ж. Қарқаралы уезіне аңыз-жырлардың алуан нұсқаларын жинап, қазақ фольклорын зерттеуге келеді. Бұл сапарда Томск ун-нің студенті Ә.Ермеков Г.Потанинмен бірге жүреді. Олар Қоянды жәрмеңкесінде де болады. Қазақтың мың әнін жинап, тарихта теңдессіз тәлім қалдырған атақты музыка зерттеушісі А.В.Затаевич Қарқаралы уезіндегі құйма құлақ, зерделі, зерек жыраулар аузынан 154 ән жазып алған. Оның көбін Қу – Балқантау өңірінің өнерпаздары айтқан еді. А.В.Затаевич даңқты француз жазушысы Р.Ролланға жазған хатында өңір табиғатының қайталанбас сұлу келбетін сүйсіне суреттеп, бұл аймақтың әншілерін әлемдік деңгейдегі өнер жұлдыздарымен қатар қояды.

САРЫБЕТ – шоқы. Қарасор к-нен оңт.-бат. қарай 15 км жерде орналасқан. Абс. биіктігі – 771 м. Шоқының жамылған шөгінділері элювиальды-деелювиалды төм. девон дәуіріндегі жыныстардан тұрады. Тас аралас қызыл қоңыр топырағында түрлі бұталар мен бетеге, селеу тәрізді дала өсімдіктері өнеді.

САРЫҚАСҚА – көл. Егіндібұлақ а-ның солт.-шығ-да, Айрық а-нан 20 км-дей жерде. Айдынының ауд. – 8 шаршы км, ұз. – 5,8 км, ең енді тұсы – 2,6 км, орташа тереңдігі – 0,5 м. Су жиналатын ауд. – 66 шаршы км. Атмосф. жауын-шашын есебінен қоректенеді. Түбі лайлы, тұз шөгінділері бар. Суы аса тұзды. Ауд. 1 шаршы км-ге жуық тұз қабатының тұнба тұз қоры 100 мың т-дан асады. Лай тұнбалар мен түбіне шөккен тұзды қоса есептесе қоры 300-350 мың т-дан асып жығылады. Жергілікті халық С. к-нің тұзды батпағын түрлі ауруларға ем ретінде пайдаланады.

САТАЕВ Амантай Рақымжанұлы (25.10.1933, Ақмола обл. Ерейментау ауд. Шәкей а. – 18.07.2003, Алматы) – жазушы. Мәскеудің тарихи архив ин-тын бітірген. Әр жылдары «Советтік Қарағанды», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» басылымдарында, «Қазақфильм» студиясында, Тың өлкелік әдеби-драм. Редакциясында, Қазақстан Жазушылар одағында

қызмет атқарған. Көптеген драмалық шығармалар, киносценариийлер жазған. «Аққуды атпас болар» (1966), «Дала күйлері» (1968), «Ақын ізі» (1970), «Қырық қарлығаш» (1971) кітаптарының авторы. С-ның «Абай және Мәди» деректі әңгімесі ұлы ақын мен әнші-композитордың кездесуі жайлы мағмұмат береді.

САУҒАБАЕВ Кәрім Жұмабекұлы (20.10.1941, Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. Едірей а. – 25.11.2002, Қарағанды қ.) – ақын, журналист. Қарағанды пед. ин-тын (1964), ҚазҰУ-ды (1972) бітірген. 1965 ж. Қарағанды мемл. пед. ин-ның тарих-филология ф-ін, С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. Қазақ мемл. ун-нің журналистика ф-ін тәмамдаған (1972). Еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінде басып, осында қатардағы тілшіден газет редакторлығына дейін көтерілді. 1987-88 жж Талды ауд. «Шұғыла» – «Восход» газетінің редакторы, обл. «Орталық Қазақстан» газетінің Қазыбек би, Қарқаралы ауд-дарындағы меншікті тілшісі, Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інде журналистика бөл-сінің оқытушы қызм. атқарды. Ол бүкіл ғұмырын шығ-лық жұмысқа арнаған жазушы-журналит еді. Газет-журналдарға жарияланған талай-талай өткір, проблемалық мақалалары мен көркем очерктерін айтпағанда, ақын ретінде респ. жұртшылығына кеңінен танылды. Алғашқы жыр жинағы «Мойындау» 1972 ж. жарық көрді. Бұдан кейін «Көктем келді» (1975 ж . «Жалын»), «Күдеріңді үзбе» (1977 ж. «Жалын»), «Ақша қар» (1980 ж. «Жалын»), «Балқантаудың басында» (1982 ж. «Жазушы»), «Үлкендерден үлгі аламыз» (1983 ж. «Жазушы»), «Үшқара оттары» (1985 ж. «Жазушы») өлең-жыр жинақтары, 2000 ж. Қарағандының «Болашақ» баспасынан шыққан «Мәди» деп аталатын деректі хикаяты мен өлеңдер кітабы оқырмандар қолына тиді. Атақты сазгер Ильия Жақанов Кәрімнің «Балқантау», «Балқантаудың гүлдері», «Едірей түні», т.б. өлеңдеріне ән жазып, олар бүкіл Қазақстан халқының сүйіп тындайтын шығ-на айналды.

САУМАЛКӨЛ – көл. Егіндібұлақ а-ның бат. бетінде, Шарықты а. округі аумағында орын тепкен. Бұлақадыр қонысының оңт.-шығ-на қарай, 16 км жерде, төбеаралық ойпаңда, теңіз деңгейінен 679,8 м биіктікте орналасқан табиғи су қоймасы. Ауд. – 6,5 шаршы км, ұзындығы – 3,6 км, ең енді тұсы – 2,7 км, терең жері – 2,5 км. Жағалауының ұзындығы – 13,3 км. Су жиналатын ауд. – 107 шаршы км. Негізінен жер асты және қар суынан қорек алады. Солт. бөлігінен екі бұлақ құяды. Су жиналатын алабының тең жарымы жыртылған. Жағалауы жарлауытты, оңт.-шығ. жағасының тік жарының биіктігі 13 м-ге жетеді. Суының көлемі 9 млн текше м-ге жетіп қалады. Суы тұзды, кермек. Оның құрамында йод, фтор, бром және бор мол мөлшерде кездеседі. К-дің жағалауы лайлы. Төңірегіндегі қамыс, тал арасына жыл құстары ұя салады.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН (РЕПРЕССИЯ) ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРБАНДАРЫ. Демократиялық қатынастар орнықпаған, опозиция қалыптаспаған тоталитарлық қоғамда халықтың табиғи, заңды тілектерден туған наразылығын болдырмау, қарсылық әрекетіне тиым салу үшін билеуші топ мемлекеттік машинаның күш-құралдарын пайдаланып, өз халқын, әсіресе оның белсенді топтары мен өкілдерін құдалау, жазалау шараларын үнемі қолданады. Кеңестік социалистік республикалар Одағы деп аталған коммунистік-құл иеленуші құрылым бұл жазалау, құдалау шараларын шегінен асыра пайдаланды. Ешқандай теориялық негізі жоқ, догмаларға сүйенген большевиктер партиясы, оның қазақ жеріндегі жаналғышы Ф.Голощекин «кіші октябрь» деген атаумен 1927-28 жылдардың өзінде тұтас халыққа қарсы репрессиясы бастап жіберді. Шаруаларды тәркілеу мен күштеп ұжымдастыру салдарлары қандай апатқа соқтыратынын бірден аңғарған ұлт зиялылары бұған қарсылық көрсетуі – заңды әрекет. Салиқалы ойлау қабілетінен жұрдай, әпербақандақ пен зорлықты ғана мойындайтын «құжақ» мұны кеңес билігіне, коммунистік партия идеологиясына қарсы шығу деп қабылдап, қуғын-сүргінді барынша кең көлемде, қатаң жүргізді. Шаруаларды тәркілеу, зорлықпен ұжымға біріктіру, оған ілесе келген аштық нәубеті Шығыс Сарыарқаны, Қу – Балқантау өңірін қамтыған Қарқаралы уезі аумағын қаусатып кетті. 1937-38 жылдардың репрессиясы да ең алдымен осы аймаққа бағытталды. Республикадағы қуғын-сүргіннің апогейі «Қарағанды ісі» болғаны күмәнсіз. Бұған қатысты сот процесі 400-ден астам адам тағдырын тас-талқан етті. Биліктің бұл өңірге шүйілігуінің себебі не? Қазақ жерінің жаннаты

неліктен бұларға ұнамай қалды? Себебі Алаш азаттығының ақыл-ойы осы кеңістікте туып, дербес мемлекет құрудың ұлы жоспарлары осы жерде дүниеге келуінде десек, қателеспейтін болармыз.

Шаруаларды тәркілеу республика экономикасына ешқандай пайда әкелмейді, қайта елді аштыққа ұрындырады, ең дұрысы, ірі байларға еселеп салық салу деген Н.Нұрмақовтың кеңесін өз бағытына қарсы келу деп түсінген ВКП (б) Қазақ өлкеком хатшысы Ф.Голощекин Халком Кеңесінің төрағасын бай туыстары мен қайын жұртына жанашырлық танытып отыр деп кінәлады. 1937 жылы «Қарағанды ісі» бойынша жауапқа тартылған А.Асылбеков, М.Ғатауллин, Н.Нұрсейітов, М.Ордабаев, Ф.Шамсутдинов, Ж.Баймолдин, т.б. азаматтар бұл кезде Мәскеуде қызмет атқаратын Н.Нұрмақовтың ақыл-кеңесімен кеңес өкіметін құлату үшін әрекет жасады деген айып тағылды. Жапонияның агенті болды, контрреволюциялық орталықтың тапсымасын орындады деген желеумен қылмыскерлер қатарына жатқызылған адамдардың көбі дүниеде ондай мемлекет бар екенін де білмейтін, біразы шала ғана сауатты колхоз басшысы, мойынсерік жетекшісі, т.б. еді. Егіндібұлақ а-да саяси қуғын-сүргін ж-дары құрбан болғандардың құрметіне қойылған мемориалдық тақтаға Қу ауд. бойынша 1930-43 ж-дары жазаға тартылған 85 адамның аты-жөні жазылған. Алақандай Қу өңірі үшін аз құрбандық емес, бірақ, мұнда саяси қуғын-сүргіннен зардап шеккендердің бәрі қамтылды деп айта алмаймыз. Мыс., Аяғанов Ахметқали, Ордабаев Жөкен, Ордабаева Зәмария, Өмірбаев Әбдікәрім, Бөкебаев Сыздық тәрізді құрбандардың сойы жоқ. Бұлардан басқа да, елеусіз қалған «халық жаулары» жеткілікті. Оларды анықтау, аруақтарына тағзым ету – алдағы күннің құрметі.

САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫНА ҚОЙЫЛҒАН ЕСКЕРТКІШ – кеңестік-коммунистік қоғам ұстанған бағыт пен тоталитарлық езгі нәтижесінде 1927-52 жж жазықсыз жапа шеккендердің аруағына тағзым ету мақсатымен Егіндібұлақ а-да, ІІБ ғимараты жанында орнатылған мемориалдық тақта. Жыл сайын 31 мамыр – с. қ.-с. қ-ын еске алу күні бұл жерде азалы митинг өтіп, марқұмдарға дұға бағышталады.

СӘБИТОВА Әлпебай (1923, Қарқаралы уезі, Қу болысы – ?, Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты, Қазақ КСР-ның еңб. сіңірген мұғ-і. 1942 ж. Қарқаралы қ. Абай атынд. пед. уч-ні тәмамдап, Егіндібұлақ а. №1 қазақ ОМ-іне бастауыш сынып мұғ-і болып орналасқан С. табан аудармай, осы білім ұясында қырық ж-дан астам уақыт бойы дәріс берді. Ол – осы өңірдегі аты аңызға айналған 3 ұстаздың бірі. Көптеген мемл. марапаттармен, соның ішінде Еңбек Қызыл Ту орденімен, Қазақ КСР Жоғ. кеңесінің Құрмет грамотасымен наградталған.

СӘДУАҚАСОВ Зарықбек (25.01.1935, Қу ауд., Сарытау а. кеңісіне қарасты «Екпінді» к/зы жері) – инженер-электрші. 1953 ж. ОМ аяқтаған соң, Қарағанды политехн. ин-ның электрлендіру ф-іне түседі. ЖОО тәмамдаған соң еңб. жолын Қоянды МТС-да бастап, «Қаратау», «Доғалаң» с/здарында бас инженер, ауд. құрылыс, жоғары вольтті электр желісі басшысы, а. шар-ғы басқармасының техн. қауіпсіздігі, еңб. қорғау инспекциясының бас инж-і лауазымдарын атқарып, зейнеткерлікке шықты. Көптеген мемл. марапаттар мен медальдар иесі. С. еңб. еткен ж-дары өңір шар. қарыштап алға басқан кезең болды. МТС-тер кешенді а. шар. аулаларына айналды. Өңір елді мекендеріне жоғары вольтті электр желілері тартылды, құрылыс өркендеді. Соның арқасында ауд. экон-сы өрлеп, тұрғын халықтың әл-ауқаты артты.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

СӘДУАҚАСОВ Камал (1925, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 1998) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты. Арқалық жетіж-дық мект. табалдырығын аттайды. 1938-39 оқу жылында Қу ауд. Егіндібұлақ а-дағы Кедейтеңдік жетіж-дық мект.-ин-та оқыды. 1940 ж. 8 сынып бітірген С. еңб. жолын К.Маркс атынд. (кейінгі «Қоянды») к/зында пошта тасудан бастап, 1943-46 жж К.Маркс атынд. к/зының есепшісі болды. 1946-47 жж Қарағандының № 2 мект.-ин-да оқуын жалғастырды. Осыдан кейін Қарағандының Молотов атынд. мұғ. ин-ын, өндірістен қол үзбей Қарағанды мемл. ин-ын (қазіргі Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ) физика-матем. пәндері мұғ. мамандығы бойынша бітіріп, 1949-51 жж Қу ауд-ның «Жалтас» к/зында,

1951-52 жж К.Маркс атынд. к/зында, 1952-53 жж ауд. орт-ндағы № 1 қазақ ОМ қызм. жалғастырады. С. 1953-57 жж Мыржық а. кеңесіне қарасты Қазақстанның 30 ж-ғы атынд., 1957-59 жж Октябрьдің 40 ж-дығы атынд. орталау мект-терде дир. болып қызм. істеді. 1959-64 жж Егіндібұлақ а. № 1 ОМ-те физика-матем. пәндерінен сабақ беріп, 1964-65 жж мект.-ин-та оқу ісі меңг-сі болып жұмыс істеді.

СӘДІБЕК – Шаншарұлы Келдібектен тарайтын алтаудың бірі (қараңыз: *Ақсақтың алтауы*). Кейбір шежіре деректері Тоқмейіл анадан туған ұлдардың үлкені С. деп көрсетсе, біразы тұңғыш ұл Қаздауысты Қазыбек екенін алдыға тартады. Ұлы бидің қызы Маңқанның жоқтауында да бабамыздың бес інісіне аға болып, қамқорлық жасағаны айтылады. Айбике – Шаншар ішінде өскен аталардың бірі – С. Қолымыздағы шежіре одан Жантемір, Өстемір, Байтемір, Байтелі, Жантелі, Қойлыбай, Қотыраш тармақтары өрбиді деген дерек береді. Бұрынғы Едірей болысындағы Маусымбек, Субектің Теміржаны сияқты ірі байлар осы атадан шыққан. Бекболат, Қазымбет ұрпақтарымен билікке таласқан да осылар. С-тен Мәдидің бәйбішесі Қази Бекетқызы, Солт. Қазақстан обл атқару к-нің төрағасы Ніл Болатбаев, Соц. Еңбек Ері Сайлау Біләлов, т.б. белгілі адамдар шықты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

СӘРСЕКЕЕВ Дулат Қайырбекұлы (26.08.1949, Қарағанды қ. – 20...) – әнші, музыкант. ОМ-тен кейін жұм. істей жүріп Қарағанды мәд.-ағарту уч-сін тәмамдап, клуб қызметкері және акад. хор дирижері мамандығын алды. Еңб. жолын Қарабұлақ (бұрынғы «Комсомол» с/зы) а-нда бастады. 1971-78 жж Егіндібұлақ ауд. мәд. бөл-інде автоклуб меңг-сі, 1979-86 жж Мәд. үйінде әдіскер, 1987-95 жж Мәд. үйінің дир-ы қызм. атқарды. 1995-2003 жж Едірей а-да клуб меңг-сі, 2003-14 жж Қаракөл а-ндағы №37 ОМ-те музыка пәні мұғ. болды. Оқушылары мектепаралық, ауд. байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді. С. Егіндібұлақтың Тәттімбет атынд. халық аспаптар оркестрі мен «Балқантау сазы» ансамблінің мүшесі және жетекші әншісі болды. Оркестрде бас домбырада ойнады және оркестрдің сүйемелдеуімен ән салды. Екі дүркін Бүкілодақтық байқаудың лауреаты атанды. 2008 ж. обл-та «Ауыл мәдениетінің үздік қызметкері» аталымын иеленді. Бірнеше мәрте респ., обл., ауд. атқарушы билік тарапынан Алғыс хаттар, Құрмет грамоталарын иеленді.

СӘРСЕКЕЙҰЛЫ Қайырбек (15.12.1919, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 5.12.1983, Егіндібұлақ ауд., Қарабұлақ а.) – белгілі әнші, Мәдидің және т.б. халық композиторлары шығ-ларын насихаттаушы. Оның балалық шағы дүние сапырылысқан, шаруаның малын тәркілеп, күштеп ұжымдастырған кезеңге тап келді. Атақты бай болмаса да, бардың қатарына жататын әкесінің мал-мүлкі тәркіленіп, өзі жер аударылуға кесіледі. Жалғыз ұлын алып Ресейге қашқан Сәрсекейді Новосібір қ. маңында кеңес солдаттары өлтіріп, баласын жетімханаға тапсырады. Балалар үйінде тәрбиеленіп, 7 сынып бітірген болашақ әнші 1939 ж. Қызыл Армия қатарына шақырылады. Әскери қызм. атқарып жүргенде ҰОС басталып, бірден майдан даласына аттанған С. 1945 ж. дейін қанды қасаптың ішінде жүрді. Ленинград блокадасына қатысып, басынан ауыр жарақат алған. 1945-47 жж Новосібір қ. тұрып, дүкенде сатушы, 1955 ж. Қарағанды қ-на қоныс аударып, дүкен меңг-сі болды. 1956 ж. Қу ауд-на, тың игеру кезінде ашылған «Комсомол» с/зына көшіп келеді. 1962-63 жж Целиноград (қазіргі Астана) қ. оқу комбинатының есепшілер курсында оқып, 1963-79 жж «Комсомол» с/зында есепші қызм. атқарды. 1965 ж. Алматы қ. көркемөнерпаздар концертіне қатысып, Мәдидің «Қаракесек», «Қарқаралы» әндерін, т.б. шығ-ды орындады. Олар алғаш рет Қазақ радиосы арқылы эфирге шықты. 1978 ж. композитор, өнер зерттеуші, жазушы И.Жақанов арнайы іздеп келіп, С-нан бірнеше ән жазып алып, Қазақ радиосының «Алтын қорына» тапсырды. Бұл сапар жайлы қаламгер «Аққулар қонған айдын көл» кітабында жан-жақты баяндады. С. көптеген жауынгерлік және еңб. марапаттарына ие болды.

СӘРСЕКЕЕВ Қуат Ғалымұлы (2.07.1966, Егіндібұлақ ауд., Едірей а.) – педагог, зерттеуші. 1981 ж. 8-сыныптан кейін Абай атынд. пед. уч-ні (Саран қ., 1985) сызу-еңб. пәні, Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-ды (Қарағанды, 1999) тарих пәні мұғ. мамандығы бойынша бітірді. Еңб. жолын 1985 ж. Айрық ОМ бастады. 1988-90 жж Едірей а. орталау мект-де мұғ., 1990-95 жж мект. дир-ының оқу ісі жөніндегі ор-ы, 1995-99 жж тарих пәні мұғ., 2000-01 жж Едірей

орталау мект. дир., 2002-10 жж №37 Қаракөл ОМ-де дир. қызм. атқарды. 2010-12 жж Дарын мект-де мұғ., 2013-15 жж №36 ЖББОМ-те дир-дың ор-ы қызм. атқарды. Қазір осы №36 ЖББОМ-те тарих пәні мұғ. С-тің өлкетану (Қарағанды, 2014), дінтану (Қарағанды, 2015) мәселесіне арн. оқу-әдіст. құралдары мен электронды оқулығы (Қарағанды, 2016) жарық көрген. Пед. қызм. табыстары үшін сала басшыл-ның марапаттарын иеленген.

СӘРСЕКЕ Медеу (02.01.1936, Шығ. Қазақстан обл. Абай ауд. Қайнар а.) – жазушы. Қазақ кен-металл. ин-ын (қазіргі Қ.Сәтбаев атынд. ҚазҰТУ) бітірген (1958) соң, 1958-59 жж «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газ-де әдеб. қызм., бөл. меңг-сі, 1959-63 жж Семей цемент зауытында мастер, аға диспетчер, өнертапқыштар бюросының бастығы, 1963-65 жж «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан») газ-нің Шығ. Қазақстан обл-дағы менш. тілшісі, 1965 ж-дан Қазақстан Жазушылар одағының Семей облысаралық бөл-де жауапты хатшы. С. жеткіншектерге арналған «Ғажайып сәуле» (1959), «Көрінбестің көлеңкесі» (1960), «Жетінші толқын» (1964), «От және атом» (1965) хикаяттарының, өндіріс озаттары жайлы жазылған «Жетіжылдықтың жігіттері» (1961) очерктер кітабының және «Қаз қайтқанда» (1968), «Айшықты мезет» (1969) деректі хикаяттарының авторы. Ол «Шығыс хикаясы» пъесасын (1971), «Жаңғырық» (1979) және «Көмбе» романдарын (1985) жазды. С. «Өнегелі өмір» сериясы бойынша қазақтың ғұлама перзенттерінің ғұмыры мен еңб. жолдары жайлы «Сәтбаев» (1980, 1989), «Ебіней Бөкетов» (2005) романдарын жариялады. Ол А.Беляевтің «Қос мекенді адам» романын қазақшалады. С. құрастырған «Тарақты және Қаракесек шежіресі» (1995) мен «Семей қасіреті» (2016) деректі тарихи хикаятында Қу – Балқантау өңірінде бұрын-соңды өткен оқиғалар мен жасаған адамдар, Семей ядролық сынақ полигонының мұндағы тұрғындарға тигізген зардаптары туралы мол және нақты деректер берілген. С. «Құрмет» орденімен, медальдармен және Қазақстан Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

СӘРСЕКЕЕВ Серік Ысқақұлы (27.10.1947, Егіндібұлақ а.) – тарихшы, мемл. қызметкер. 1965 ж. Егіндібұлақ а. мект.-инт-ты үздік бітіріп, ауд. білім бөл. жолдамасымен Арқалық ОМ-нің баст. сыныптарына орыс тілінен сабақ берді. Қарағанды мемл. ун-інің тарих ф-ін тамамдап, өзі оқыған мект.-инт-та мұғ.болды. 1971 ж. Қазақстан ЛКСМ Егіндібұлақ ауд. к-нің ұйымдастыру бөл-де нұсқаушы, сол ж-ы Алматы қ. комсомол қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курсын аяқтаған соң, бөл. меңг-сі қызм. атқарды. 1977 ж. Егіндібұлақ ауд. білім бөл-не кадр жөніндегі әдіскер болып тағайындалды. 1979 ж. бастап ауд. парт. к-і үгіт және насихат, одан соң ұйымд. бөл-дерінде жауапты жұм-та болды. 1991 ж. коммун. парт. тараған соң, ауд. атқару к-і ұйымд. бөл-де нұсқаушы, 1992 ж. ауд. әкімшілігі ұйымд. бөл-нің аға референті, меңг-сі, жалпы бөл. меңг-сі қызм. атқарды. 1997 ж. Қазыбек би ауд. таратылғаннан кейін Егіндібұлақ а. округі әкімшілігі аппаратында бас маман, бөл. меңг-сі, әкімнің ор-ы лауазымында еңб. етіп, 2010 ж. зейнеткерлікке шықты. С. ауд. және а. округі аппаратындағы ұзақ ж-ғы тындырымды еңб. үшін біршама марапаттарға ие болды.

СӘРСЕНОВА Айтжан (1943., Егіндібұлақ а.) – әуесқой әнші, актриса, ҚР Мәдениет қайраткері (2004). С-ның өнерге құштарлығы мектеп табалдырығын аттаған кезінде, 7 жасында көрінді. 1958 ж. мамырында Б.Байқадамовтың «Тамаша» әнімен оның сахнадағы өмірі басталды. 1960-68 жж ауд. Мәд. үйінде мәдени іс-шаралар ұйымдастырушы қызметін атқарып, концерттік бригадамен ауыл тұрғындарына өнер көрсетті. Мәд. үйі жанынан құрылған «Сарыжайлау» ансамблі мен халық аспаптар оркестрінің әншісі, халық театрының актрисасы болды. 1966 ж. егіндібұлақтық көркемөнерпаздар респуб. байқауға М.Төлебаевтың «Біржан – Сара» операсынан үзінді дайындап апарды. Біржанның партиясын әнші Жетпісбай Әлин, Сара партиясын С. Орындап, байқаудан жүлделі орын алып, үлкен табыспен оралды. Сол ж. Қарағандыда өткен фестивальда Егіндібұлақ халық театры С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» драмасын қойып, мұнда Қамар бейнесін сомдаған С. үздік өнерімен дараланды. Ол Қ.Шаңғытбаевтың «Беу, қыздар-ай!» комедиясында Айсұлу, Ә.Тәжібаевтың «Жалғыз ағаш орман емес» қойылымында Анар бейнесін сахналады. С. тамаша лирикалық сопрано даусымен қазақ композиторларының әндерін насихаттауға үлес қосты. Ол, әсіресе, 1960 жж шыққан Ш.Қалдаяқовтың «Қайдасың», «Әнім, сен едің»,

«Қайықта», «Ана туралы жыр», «Ақмаңдайлым», «Ақсұңқарым», Б.Жамақаевтың «Сен ғана», «Ертіс вальсы», т.б. шығармаларын орындап, халқының қошеметіне ие болды. Үлкен сахналарға шығып, атақ-даңққа бөленбесе де бүкіл ғұмырын өнер жолына арнап, туған жерінде, халқының алдында табиғат берген дарынымен жарты ғасырдан астам ән салған С-ның өмірі мен өнер жолы мерзімді баспасөз беттерінде туралы композитор, жазушы, өнер зерттеушісі, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері І.Жақанов, белгілі қаламгерлер М.Омарбеков, К.Сауғабаев, Н.Асқар, Ж.Тойбек, т.б. очерктер, суреттемелер мен мақалалар жазды. С. 2010 ж. ҚР Президентінің Жарлығымен «Күміс алқамен» марапатталды.

СӘРСЕНОВ Айдарбек (18.09.1948, Қу ауд. – 28.10.2016, Астана қ. – мал маманы, еңб. ардагері. Ата-анасынан ерте айрылып, Қарқаралы зооветтехн-ын тәмамдаған. Тынық мұхит әскери-теңіз флотында азаматтық борышын өтеп келген соң, ҚазЛКСМ ауд. к-інде, кейін Егіндібұлақ мамандандырылған шар. бірлестігінде (Қаракөл а.) мал дәрігері болып еңб. етті. 1981 ж-дан бастап ПМК-1014 құрылыс мекемесінде жауапты қызм. атқарды. С. бірнеше мемл. марапаттар иеленді.

СӘТБАЕВ Қаныш (Ғабдулғани) Имантайұлы (12.04.1899, Павлодар уезі, Аққелін бол., 4-а. – 31.01.1964, Мәскеу/ Алматыда жерленді) – геолог-ғалым, минерол. ғыл. докторы, профессор, академик; Қазақ КСР ҒА ұйымдастырушы, оның тұңғыш президенті; КСРО және Қазақстан металлогения мект. негізін қалаушы. А. молдасынан сауат ашқан болашақ ғалым, оқуын кейін Шорман а-дағы мект-те жалғастырып, 4 ж-дық бағдарламаны үш ж-да аяқтайды. 1911 ж. Павлодар қ-дағы 2 сыныпты орыс-қазақ уч-сінде оқып, оны бір ж-да бітіреді. 1914 ж. Семей мұғ. семинариясына түсіп, оны аяқтаған соң баст. мект-те орыс тілінен сабақ беру құқын иеленеді. 1918 ж. күзде Земство басқармасы қаржысымен Алаш (Семей) қ-да ашылған, а-дағы қазақ мект-тері үшін мұғ. даярлайтын курста еңб. жолын бастайды. 1919 ж. қатты ауырып, ауруханаға түседі. С-ты емдеген дәрігер С.Н.Разумовский науқасқа бұдан былай Семейде қалуға болмайтынын айтқан соң елге қайтып, 1920-41 жж Баянауылда халық судьясы, геолог. барлау мамандығы бойынша Томск технология ин-ның тау-кен ф-ін бітіріп келген соң «Атбастүстімет» тресі геология бөл-нің, Қарсақтай мыс комбинаты геологиялық барлау бөл-нің бастығы, комбинаттың бас геологы қызм. атқарды. 1941-52 жж КСРО ҒА Қазақ бөл-сі құрамындағы Геология ғыл. ин-ының дир-ы, КСРО ҒА Қазақ бөл-сі Төралқасы төрағасының ор-ы, төрағасы, Қазақстан Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті болды. 1952 ж. коммунистік идеология тарапынан қысымға ұшырап, қызм. төмендетіліп, Қазақ КСР Геол. ин-ының дир-ы болды. 1955 ж. қайтадан Қазақ КСР ҒА президенті болып сайланып, осы қызметті өмірінің соңына дейін атқарды. С-тың геологиядан басқа ғылымдарда, мәд. саласында, тарихта қалдырған еңб. мол. Ол Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясы негізінде қайта дайындады. Ғалым Ұлытау өңіріндегі басты-басты тарихи, мәд., археол. ескерткіштерді зерттеді. Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этногр. мұралар жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» еңб. жазды. Онда Ұлытау өңірі ежелгі металл. орт. ғана емес, сонымен қатар қазақ этносының саяси орт. екені толық дәлелденген. Қазақ ОМ-нің төменгі және жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындады. А.Затаевичтің 1931 ж. басылған «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағы үшін С. қазақ халқының музыкалық мұрасының інжу-маржаны болып есептелетін 25 әнді орындап, ғыл. түсініктеме берген. Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталуға тақағанда, жағдайдың аса қиын екеніне қарамастан, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастыруға басшы болды. Оның қалдырған ғыл. бай мұралары ішінде Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңб-нің мәні ерекше. Минералдық шикізатқа бай Сарыарқаға ерекше назар аудара зерттеп, ондағы кендердің стратиграфиясы, тектоникасы, құрылысы, металлогениясы, неохимиясы және шығу тегі туралы маңызды ғыл. қорытындылар жасады, ғыл-ға құрылымдық металлогендік талдаудың кешендік әдісін енгізді. С. Қазақстан ғал-дарының зор армиясының ақылшысы, тәрбиешісі болды. Ол геология ғыл. қатысты әлемдік, одақтық,

қазақстандық түрлі дәрежедегі толып жатқан комиссия, к-тердің мүшесі; бірнеше мәрте КСРО және Қазақ КСР Жоғ. Кеңестерінің депутаты; СОКП съездерінің делегаты, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комиссия төралқасының мүшесі болды. С. төрт рет Ленин, II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталып, КСРО Мемл. және Лениндік сыйлықтар иеленді. Оның есімімен Қазақстан ҒА Геол. ғыл. ин-ы, бұрынғы Никольск қ-сы, ғаламшар, Қазақ ҰТУ, Алматы, Астана, респ. т.б. қ-ларындағы к-лер, мект., кәсіпор. аталады. Сондай-ақ, Алатаудың бір шыңы мен мұздағы, Қаратаудағы ванадий кені рудасынан табылған бір минерал (сатбаевит) оның атымен аталады. Оған арналған бірнеше мұражай бар.

СӘУМЕНОВА Роза (02.04.1942, Шет ауд, Нұра а. кеңесі) – педагог. 1962 ж. Қу ауд. оқу бөлі-не қарасты Алғабас сегізж-дық мект. баст. сынып мұғ. болып орналасты. 1970 ж. Қарағанды мемл. пед. ин-ын тарих пәні мұғ. біліктілігі бойынша тәмамдаған. 1972 ж-дан Егіндібұлақ ауд. оқу бөлінің Алғабас ОМ-де тарих және геогр. пәндері мұғ. болды. Шәкірттері бірнеше рет олимпиада, байқауларда жеңіске жетіп, марапатталды. Білім беру саласындағы еңб. үшін көптеген марапаттар иеленген. Алғабас ОМ үздіксіз 30 ж. еңб. етіп, 1992 ж. зейнеткерлікке шықты.

СЕКСЕНҰЛЫ Серік (11.05.1950, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі, Едірей а.) – журналист, Қазақстанның Құрметті журналисі (2010). 1968 ж. Егіндібұлақ а. мект.-ин-ты бітірген. Еңб. жолын 1970-72 жж. бұрынғы Егіндібұлақ ауд. баспаханасында газет басушы болып бастады. 1977 ж. Қазақтың С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. мемл. ун-нің журналистика ф-ін тәмамдап, 1977-82 жж бұрынғы Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінде жауапты хатшы болып қызм. атқарды. Одан кейін обл. орт-на қоныс аударып, 1982-85 жж «Орталық Қазақстан» газеті редакциясында тілші мінд. атқарды. 1987 ж. Алматы жоғ. партия мектебін бітіріп, одан кейін қайтадан «Орталық Қазақстан» газетінде тілші, аға тілші, бөлім меңг-сі, жауапты хатшы – редакт. ор-ы, жауапты хатшы, редакт. ор-ы лауазымында қызм. атқарды. С. обл. әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығын иеленіп (2008), Құрмет грамоталарымен марапатталған.

СЕРҒАЗИН Шайдахмет (1920, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 2006, Астана қ.) – а. шар. маманы, Соц. Еңбек Ері (1957). ҰОС қатысушы – әйгілі 101 ұлттық дербес бригада саяси бөл-нің комсомол жұм. жөніндегі жетекшісі болып, жауынгерлерді соғыс қимылдарын жүргізу ісіне жұмылдырды. Жеңіспен елге оралған соң Целиноград (қазіргі Ақмола) обл. Новочеркаск ауд. партия к-нің хатшысы, Есіл ауд. кеңесі атқару к-нің төрағасы қызм. атқарды. Тың игеруші. 1956 ж. Есіл ауд. мемл-ке 31 млн т астық тапсырды. 1960 ж. Н.С.Хрущев тың өлкесіне келер қарсаңда обл. партия к-і Ақмола қ-на Хрущевтің атын беру жөнінде бастама көтергенде, қазақ ұлтының мүддесіне қайшы ұсынысқа Ш. тойтарыс беріп, одан соң тың өңіріндегі бес обл. жерін Ресейге қосу жайлы даңғазаға да қарсы шығады. Сол үшін басшылық қызм. шеттетіліп, Алматы қ. құрылыс басқ-сында, осындағы инж. зерт. ин-да жұмыс жасайды. Ш. зейнеткерлікке шыққан соң да қоғ. іс-шараларға белсене араласып, соғ. және еңб. ардагерлері Астана қ-лық кеңесінің төрағасы болды. Ол 2005 ж. Мәскеуде өткен Жеңіс шеруіне қатысты. Ленин орденімен, жауынгерлік наградалармен марапатталған.

Аманжол ҚУАНБАЕВ

СМАҒҰЛДЫҢ Тілеубердісі (03.1943, Қу ауд., Едірей а.) – инженер-металлург. ОМ бітіріп, 1960 ж. комсомолдық жолдамамен Теміртау қ-сындағы Қарағанды металлургия зауытына жұм. орналасты. Зауыт жолдамасымен Қазақ политехн. ин-ын (Алматы) түсіп, 1968 ж. оны тәмамдап, кәсіпорынға қайта оралған. Содан бері осында қызм. атқарды. Кәсіпорын шетелдік инвесторларға сатылған соң, «Миттал Стил Теміртау» АҚ компаниясында техн. бөл. бастығының ор-ы болды. С. комсомол (1969-71), партия (1979-86) ұйымдарында жетекшілік қызм. атқарды. 1970 ж. ол Қазақстан Магниткасына 1000 қазақ жасын комсомолдық жолдамамен шақыру жөнінде үндеу жасады. Соның барысында Қазақстанның түкпір-түкпірінен 629 қазақ қыз-жігіті комбинат жұмысшылары қатарына қосылды. С. жергілікті жас мамандардың кәсіпорын жұмысына тез төселіп, лауазымды сатыларға көтерілуіне ықпал етті. 1983 ж. Теміртау қ-дағы әдебиетке үйір жастардың басын қосып, «Құрыш» әдеби бірлестігін құрды. Қ. жұртының қалауымен «Қазақ тілі» қоғ-ның төрағалығына сайланды. Қоғамдық негізде жұмыс істей жүріп 1991 ж. Теміртау қ-сында тұңғыш қазақ мект. ашылуына ықпал жасады. С. «Тұғыры биік Теміртау» (2005) атты ұжымдық

кітабы авторларының бірі. Күрескер ақын, композитор Мәди Бәпиұлының батырлық оқиғасы баяндалған «Наркескен» деректі әңгімесінің және «Өрім жылдар» (2013) кітабының авторы. Оның өмірлік мәселелерді көтеретін өткір мақалалары мерзімді басылым беттерінде жарияланып жүр. К.Салықовтың «Құда келді» өлеңіне шығарған әні (1971) Теміртау қ. тұрғындарының сұранысына ие болды. С. халық депутаттары Қарағанды обл. кеңесінің (1969-71), бірнеше рет Теміртау қ-лық, Металлургия а-дық кеңестерінің депутаты болып сайланған.

СМАҒҰЛОВА Алма Смағұлқызы (27.11.1953, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – журналист, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Арқалық ОМ бітірген соң еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінде тілші болып бастады. 1979 ж. С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. Қазақ мемл. ун-нің журналистика ф-ін бітіріп, бұрынғы Талды ауд. «Шұғыла» – «Восход» газетінде тілші, 1980-85 жж Қостанай обл. газетінде тілші, 1985-91 жж Шымкент обл. «Газета» баспасында жауапты редактор, 1991-96 жж халықар. ғыл.-танымдық «Жібек жолы» журналының редакторы, жауапты хатшысы қызм. атқарды. 1996-2015 жж Шымкент қ. әкімі аппаратының бас маманы-мемл. тілдегі құжаттар редакторы болды. Бүгінгі таңда С. Шымкент қ-ның Қаратау ауд. әкімдігінде аудармашы-редактор. Журналистика саласындағы қызм., еліміздің әлеум.-экон. өркендеуіне қосқан үлесі, қоғ.-саяси өмірдегі белсенділігі көптеген мемл. наградалармен марапатталған.

СМАҒҰЛОВА Ғазиза Ғабдоллақызы (16.11.1954, Қу ауд.,) – педагог, ҚР білім беру ісінің үздігі (1996), білім беру ісінің Құрметті қызметкері (2006), I және II респ. пед. оқулардың жеңімпазы (2000, 2004), халықар. Жазушылар одағының мүшесі (2012). Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың филол. ф-ін бітірген соң, 1976-86 жж Егіндібұлақ ауд. Арқалық ОМ-де қазақ тілі мен әдеб. пәнінің мұғ-і, оқу ісінің меңг-сі болды. 1987-90 жж ауд. оқу бөл-інің әдіскері қызм. атқарды. Оқушылардың таным белсенділігін арттыру мәселесін көтерген оқу құралы (1987) Қазақ КСР Оқу министрлігі арқылы респ. мект-теріне тараған оны 1991 ж. обл. білім басқармасы мұғ. біліктілігін көтеру ин-ы қазақ тілі мен әдеб. кабинетінің мең-сі жұм-на шақырды. С. содан бері табан аудармай осы мекемеде қызм. атқаруда. 2006 ж-дан бері қоғ.-гуманитарлық бағыттағы бейіндік оқыту кафед-сының меңг-сі. Өз кәсібінің білгірі қазақ тілінің өрісін кеңейту, пед. мамандарды өскелең ұрпаққа заманауи білім беруге даярлау, т.б. өзекті мәселелерді көтерген 80-нен астам ғыл. еңбегі респ-лық һәм халықар. басылымдарда жария көрді. Көптеген мемл. және сала басшылығы мен қоғ. ұйымдардың марапаттарын, соның ішінде халықар. шығ. бірлестіктің «Ұлт мақтанышы» медалін иеленген.

СМАҒҰЛОВА Тамара Тағатқызы (25.02.1935, ШҚО, Бұқтарма кенті/ қуғын-сүргін ж-дары әкесі Ресейдің Кемер қ-на жұмысқа тұрып, оған бара жатқан зайыбы жолда босанып қалады) – педагог, парт., кеңес қызметкері. Әкесі ҰОС-ның майдан даласынан оралмаған С. 1949 ж. орталау мект-ті бітіріп, анасымен және бауырларымен бірге ата мекенге – Қуға оралады. 1955 ж. Алматының пед. техн-ын, кейін СОКП ОК жанындағы жоғ. парт. мект. тәмамдаған. Қоғ.-саяси жұмысқа ерте араласып, 1960 ж. Қу ауд. парт. к-нің ұйымдастыру бөл-не, іс қағаздарын орыс тілінде рәсімдеу бойынша техн. қызм. қабылданады. Дербес қабілеті арқасында қызм. бабында көтеріліп, 1966-74 жж халық депутаттары Егіндібұлақ ауд. атқару к-і ұйымдастыру бөл-нің нұсқаушысы, бөл. меңг-сінің ор-ы, ауд. атқару к-і төрағасының ор-ы, мәд. бөл-нің меңг-сі жұм. атқарды. 1974 ж. ҚКП Қарағанда обл. к-іне ауысып, мұнда нұсқаушы, Қарағанды қ. халықтық бақылау к-і төрағасының ор-ы лауазымында қызм. атқарып, 1987 ж. зейнеткерлікке шықты. Ол бұдан кейін де қоғ. өміріне белсене араласып, аса көрнекті мемл. және қоғ. қайраткері Н.Нұрмақов жайлы деректер мен естеліктер жинап, жариялап келеді. С. мемл. наградалармен марапатталған.

СМАҒҰЛОВ Ғаббас (1.04.1946, Семей (қазіргі Шығ. Қазақстан) обл., Абыралы ауд. – 8.04.2006, Қарағанды қ.) – журналист, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Семей пед. ин-ын тәмамдаған (1968). Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінің тілшісі, бөл. меңг-сі, редактордың ор-ы, ауд. партия к-нің бөл. меңг-сі, 1991-2000 жж Семей обл. «Семей таңы» газетінің менш. тілшісі, Шахтинск қ-лық «Шахтинский вестник» газеті қазақша қосымша беттерінің редакторы, 2000-06 жж «Орталық Қазақстан» газетінің тілшісі, Шет, Абай ауд. бойынша менш. тілшісі. Ол «Қаркаралы» (қолжазба) және «Қарағанды. Қарағанды облысы»

энциклопедияларын құрастыруға белсене қатысты. С. «Балқантау баурайында» (1998), «Сөз асылы» (2005), «От кешу» (2005) очерк жинақтары мен «Сарыарқа самалы» (2004) жыр кітабының авторы. Ол атқарушы билік органдарының марапаттарын иеленген.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

СМАҒҰЛОВ Ғабдолла Смағұлұлы (12.12.1929, Қарқаралы округі, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі – 13.01.2011, Қарқаралы ауд., Қарабұлақ а.) – педагог, парт. қызметкері. 1943 ж. Балқаш қ. жанындағы Қоңырат кентінде ФЗО-ны (фаб.-зауыт оқуы) бітіріп, экскаватор машинисі мамандығын алады. 1947-50 жж Қарағанды тау-кен техн-ы мен пед. уч-ні, 1955 ж. Қарағанды пед. ин-ын орыс тілі мен әдеб. пәні оқытушысы мамандығы бойынша тәмамдаған. Еңб. жолын 1944-46 жж Қоңырат руднигінде бастады. 1951-60 жж Қу ауд. Энгельс атынд. ОМ-те мұғ., 1960-63 жж Маркс атынд. мект-те оқу ісінің меңг-сі, 1963-65 жж Қарқаралы ауд. Қоянды ОМ-нің дир-ы, 1965-84 жж Егіндібұлақ ауд. «Арқалық» с/зы баст. парт. к-нің хатшысы, 1985-91 жж Теректі ОМ-нің дир-ы қызм. атқарды. Қол жеткен табыстары үшін Мәскеудегі хал. шар. жетістіктері көрмесіне қатысып (1957), көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

СМАҒҰЛОВ Жайлан (20.12.1928, Қу ауд., Мыржық а. округі – 28.03.1987, Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты (1957). 1945 ж. Қу ауд. орталығындағы №11 ОМ-ті, Қарағанды обл. оқу басқ-ның 1 айлық курсын бітіріп, өзі оқыған мект-те мұғ. болып еңб. жолын бастады. Екі ж-дан соң ауд. оқу бөл-іне инспектор болып ауысты. 1951 ж. Семейдің Н.Крупская атынд. пед. ин-ның филол. ф-ін тәмамдап, Егіндібұлақ а-дағы №11 ОМ дир-ының оқу ісі жөніндегі ор-ы, ауд. оқу бөл-нде мект. инспекторы, оқу бөл-нің меңг-сі, мект. дир-ы лауазымында қызм. атқарды. Респ. пед. оқуларда, конференцияларда баяндама жасаған С. Қазақ КСР Оқу мин-і, сала басшылығы және қоғ. ұйымдар тарапынан Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттар иеленді. Сондай-ақ, көптеген мемл. наградалармен марапатталған.

СМАҒҰЛОВ Нұртас Бірлікұлы (22.11.1979, Егіндібұлақ ауд., Арқалық а. кеңесі) – тарихшы-ғалым, 1997 ж. Арқалық ОМ, 2001 ж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың тарих ф-ін, 2004 ж. осы ф-тің магистратурасын тәмамдап, аталған ЖОО Қазақстан тарихы кафер-нда оқытушы, 2008-2014 жж аға оқытушы лауазымында қызм. атқарды. 2017 ж. Л.Н.Гумилев атынд. Еуразия ҰУ-дың докторантурасын бітіріп, тарих ғыл. докторы, проф. С.Сыздықовтың жетекшілігімен докторлық диссертация қорғады. Ежелгі түріктердің «Мәңгілік ел» мемл. идеологиясы тақырыбында Түркие мемл. Мимар Синан көркемөнер ин-інде (Стамбул) білімін жетілдіріп, осындағы Түркие зерттеулер ин-ы орт-да, Едетепе ун-де және Ислам зерттеу орт-да ғыл.-зерт. жұмыстар жүргізді. 2015 ж. Түркиеде қазақ хандығының 550 ж-дығына арналған «Түрік әлеміндегі Қазақ хандығының рөлі» деген тақырыпта халықар. ғыл.-теориялық конференция ұйымдастыруға ұйтқы болды. С. 2 оқу-әдіст. құрал мен 40-тан астам ғыл. мақала авторы. Ғыл. еңб-тері Түркия, Ресей, Чехия елдерінде жарық көрді.

СМАҒҰЛОВ Рахмет (1905, Ақмола уезі, Қоржынкөл бол., №3 а. – ө. ж. б.) – партия, кеңес қызметкері. 1922 ж. кешкі фаб.-зауыт уч-сін, 1929 ж. Омбы кеңес-парт. мект-ін, 1933 ж. 2-ші Бат. Сібір ун-ін бітірді. Еңб. жолын 1917-20 жж жалшы болып бастады. 1920-22 жж Омбы округі артелінде жұм., 1922-24 жж Омбы авиазауытында слесарь, 1929-30 жж Алтай өлкесі шар. жастар мект-нде мұғ., 1930-31 жж Омбы саяси ағарту үйінде инспектор, 1933-34 жж Петропавл орта парт. мект-де оқытушы, 1934-36 жж Қарағанды орта парт. мект-нде дир., 1936-38 жж Қарағанды қ. парт. к-інде насихатшы, 1938-40 жж Қарағанды қ. мен Шет ауд-ы ОМ-терінде мұғ., 1940-41 жж Шет ауд. парт. к-інде нұсқаушы, 1941-45 жж Қарқаралы ауд. парт. к-інде 2-ші хатшы, 1945-46 жж Қу ауд. парт. к-інде 1-ші хатшы қызм. атқарды. 1946 ж. «Шахтер» мүгедектер артелі басқ-ның бастығы лауазымына тағайындалады. С-тың бұдан кейінгі тағдырына қатысты деректер кездеспеді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

СМАҒҰЛОВ Рымбек (17.03.1957, Егіндібұлақ ауд., Ақтасты а.) – журналист, Қазақстан Республикасы Мәслихаттарының Құрметті депутаты. ОМ бітіргеннен кейін 1975-77 жж «Арқалық» с/зында жүргізуші болып еңб. жолын бастады. 1983 ж. Қазақтың С.М.Киров

(қазір әл-Фараби) атынд. мемл. ун-інің журналистика ф-ін тәмамдап, Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінде тілші, бөл. меңг-сі, жауапты хатшы болып қызм. етті. 1992 ж. халық депутаттары Егіндібұлақ ауд. кеңесі төрағасының ор-ы лауазымына сайланды. Кеңестер тарағаннан кейін ауд. әкімш. ішкі саясат бөл-нің меңг-сі болды. 1994 ж. 1-ші шақырылған Қазыбек би ауд. мәслихатының хатшылығына сайланды. 1997 ж. Қазыбек би ауд. таратылып, Қарқаралы ауд-ның құрамына берілгеннен кейін, С. жаңа құрылым әкім-нің ішкі саясат бөл-нің меңг-сі, 2000 ж. бері ауд. «Қарқаралы» газетінің бас редакторы. Ол бес мәрте ауд. кеңеске және ауд. мәслихатқа депутат болып сайланды. 2003 ж. обл. «Жыл журналисі» атанып, 2006 ж. обл. әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығымен, мерекелік медальдармен марапатталған.

СМАЙЫЛОВ Қажыкен (Ғазиз-Кәрім) (1898, Қарқаралы уезі, Қу бол., Шынау қыс. – 12.01.1983, Егіндібұлақ а.) – педагог, Қарқаралы қ-дағы 4 басқыштық орыс-қазақ мект. оқыды. С-тың алғашқы мұғ-дерінің бірі әйгілі қоғ. және мемл. қайраткері Н.Нұрмақов. 1916 ж. туған а-на оралып, баст. мект. ашады. Еңб. жолын патша өкіметі заманында бастап, кеңес тұсында Егіндібұлақ пен Қарқаралы ауд-дарының ОМ-терінде орыс тілі мен әдеб-нен сабақ берді. Орыс шовинизмінен нәр алған коммунистік идеология отар халықтардың оқыған азаматтарына, әсіресе қазақ зиялыларына орасан зардабын тигізгені белгілі. Бұл тозақтан С-тар да сытылып кете алмады. 1937 ж. саяси қуғын-сүргіні кезінде туған ағасы Әбдікәрім «халық жауы» деген жаламен Сібірге жер аударылып, сол жақта қайтыс болады. Өзін де «қажының қызына үйлендің» деген сылтаумен бірнеше ай түрмеге қамап қояды. Қудалау науқаны сәл бәсеңсіген уақытта абақтыдан шыққан С. Қарқаралы өңіріне көшіп барып, әуелі қазіргі Нұркен а-да, одан соң Қарқаралы қ-дағы қазақ ОМ-де сабақ берді. ҰОС жылдары мект. дир-ы лауазымында қызм. атқарды. С. 1948-68 жж Егіндібұлақ а. қазақ ОМ-де мұғ. болды. С-тан дәріс алған шәкірттер арасынан филос. ғыл. докторы, профессор, Қазақстан ҒА корресп.-мүшесі, Қазақстан КП ОК хатшысы деңгейінде қызм. атқарған Н.Жанділдин, мед. ғыл. кандидаты М.Сәбитов, матем. ғыл. кандидаты Е.Омаров, т.б. белгілі азаматтар шықты. Халыққа білім беру саласында ұзақ ж. мінсіз қызм. атқарған С-тың еңбегі КСРО-дағы ең жоғары марапат Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, көптеген медальдармен атап өтілді. Ол Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің Құрмет грамотасын иеленген. Егіндібұлақ а-ғы №43 ЖББОМ халық мұғ-і С-тың атында.

Серік СЕКСЕНҰЛЫ

СМАЙЫЛОВ Төлеген Қажыкенұлы (1938, Қу ауд. – 2013, Қарағанды) – педагог, ғалым, филол. ғыл. кандидаты. ОМ кейін Алматының шет тілдер ин-ын неміс тілі мамандығы бойынша бітірген. Еңб. жолын Егіндібұлақ а-ндағы №1 ОМ-те бастады. Кейін жоғ. мект. жүйесіне ауысып, Қазақстан тұтынушылар одағының Қарағанды коопер. ин-ында (қазіргі эконом. ун.), акад. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-де ұстаздық қызмет атқарды. Көптеген ғыл. еңб. пен монографияның авторы.

Мұхитбек АДАМОВ

СМАТАЙ Софы Қалыбекұлы (22.06.1941, Шет ауд., Киік стансасы) – жазушы, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты. 1959 ж. ҚазМУ-дың филология ф-іне түсіп, Мәскеудің Болат және қорытпалар ин-ын инж.-металлург мамандығы бойынша тәмамдаған. Мәскеу қ-ның «Орақ пен балға», Тула, Теміртау металлургия зауыттарында, Қазақ КСР Ғыл. акад-ның Металлургия және кен байыту ин-ында еңб. етіп, одан соң «Жұлдыз» журналы проза бөл-нің меңг-сі, Қазақстан КП ОК-інде нұсқаушы, сектор меңг-сі, 1989 ж-дан Қазақ КСР мемл. Кітап палатасының (қазіргі ҚР ұлттық мемл. Кітап палатасы) бас дир-ы қызм. атқарды. 2006 ж-дан Алматы қ. әкімінің кеңесшісі болды. С. «Астана оттары» (өлеңдер мен балладалар. Алматы, «Жазушы», 1968), «Армысың, ана!» (әңгімелер, повесть. Алматы, «Жазушы», 1970), «Алау» (повесть. Алматы, «Жазушы», 1974), «Елім-ай» (роман. 1-ші кітап. Алматы, «Жазушы», 1976), «Ақжелең» (роман. Алматы, «Жалын», 1979), «Елім-ай» (роман. 2-ші кітап. Алматы, «Жазушы» 1980), «Қобыланды батыр» (повесть. Алматы, «Жалын», 1981), «Алғашқы асу» (повестер. Алматы, «Жалын», 1982), «Бұлақ» (роман. Алматы, «Жазушы», 1983), «Песнь моя

– боль моя» (роман. Кн.1. Москва, «Советский писатель», 1983), «Ой маржандары» (мақалалар. Алматы, «Жалын», 1984), «Ғарышқа көз тіккен жер» (әңгімелер. Алматы, «Жалын», 1985), «Песнь моя – боль моя» (роман. Кн.2. Москва, «Советский писатель»,1987), «Мәңгілік бастауы» (роман. Алматы, «Жалын», 1987), «Үш пайғамбар» (мақалалар. Алматы, «Дәуір», 1992), «Мой друг, мой брат» (рассказы. Алматы, «Жазушы», 1988), «Әзіл – әзәзіл» (пьесалар. Алматы, «Өнер», 1988), «Елім-ай» (роман-трилогия. «Санат», 1998), «Жарылғап батыр» (роман. «Айқос», 2000), «Қайран жастық» (повестер. Астана, «Елорда», 2001), «Елім-ай» (роман. 3-ші кітап. Алматы, «Қазығұрт», 2003), «Елім-ай» (роман-трилогия. «Атамұра», 1-ші, 2-3-ші кітаптар. «Фолиант», 2003), «Біз – құлмыз ба, кімбіз?» (роман. Астана, «Елорда», 2005), «Базарың құтты болсын» (киноповестер. «Құс жолы», 2007), «Әулет сыры» (дастан. «Құс жолы», 2007), «Ұядан қияға ұшқандар» (дастан. «Құс жолы», 2008), «Аналар-ай – Даналар-ай» (дастан. «Құс жолы», 2008), Он жеті томдық шығармалар жинағы («Ел-шежіре», 2008) кітаптарының авторы. Сондай-ақ «Жұмбақ қыз», «Жамбыл», «Жаяу Мұса», «Айбибі – Нарбота», «Бойдақтар» опералардың либреттосын, «Сен кімсің?», «Әзіл-әзәзіл», «Жұлдызым менің жоғары», «Тағдырлар», «Алтын құндақ», «Зар заман», «Далам-ай – панам-ай», «Қазақша кек қайтару», «Қазақша көкірек керу», «Көгілдір такси», «Той үстіндегі топалаң», «Көрер ем күнім туса», «Тоскауыл», «Үміт пен күдік» т.б. пьесалар жазды. «Аймаңдай», «Біржанның соңғы жұлдызы» (реж. Т.Теменов), «Тағы да Еңлік-Кебек» (реж. Б.Шәріп) киносценарийлері жарық көрген. Ол У.Шекспирдің «Юлий Цезарь» драмасын, мадияр жазушысы И.Добозидің «Сейсенбіден бейсенбіге дейін» повесін, ұйғыр жазушысы Х.Абдуллиннің «Жолдастар», Ю.Мухлисовтың «Садыр палуан» романдарын, В.Короленконың, В.Солоухиннің, А.Лупанның, Е.Исаевтың, Вс.Иванов, П.Загребельныйдың әңгіме, өлеңдерін қазақшалаған. С-дың «Елім-ай» романы, т.б. туындылары көптеген шетел тілдеріне аударылған. Жоңғар басқыншыларына қарсы күрес арқау болған «Елім-ай» романының басты кейіпкері – қазақ халқының Ұлы биі Қаздауысты Қазыбек. Ол біршама мемл. наградалармен марапатталған. Жезқазған, Балқаш қ-лары мен Ағадыр, Қарқаралы, Шет ауд-ының Құрметті азаматы.

СТАРОСТИНА М. – фельдшер, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі.

СҰЛТАНБЕКОВ Мырзатай (20.11.1936, Қу ауд., Едірей а. кеңесі) – 1954 ж. Егіндібұлақ а. ОМ, 1956 ж. Қарағанды тау-кен техн-ын жер астында өндіру мамандығы бойынша бітіріп, еңб. жолын «Сталинуголь» тресіне қарасты Горбачев атынд. шахтада тау-кен шебері болып жұм. істеді. 1963 ж. Қазақ мемл. а. шар. ин-ның инженерлік ф-ін тәмамдап, туған а-ына оралады. Сол кезде Қарқаралы ауд-на қарайтын «Арқалық» с/зында бас инженер лауазымында еңб. жасап, шалғайдағы шар-ты заманауи техн-мен жарақтандыруға ықпал етті. 1970 ж. «Қоянды» с/зының дир-лығына тағайындалды. Қысы қатал, қарлы, ауд. орталығымен екі ортаға көтерме тас жол салынбаған шар. Қу – Балқантау өңіріндегі күрделі құрылым еді. Мұнда да біршама әлеум. мәселе шешкен С. 1980 ж. Егіндібұлақ ауд. орталығындағы автомобиль жолдарын салу-пайдалануға беру №353 учаскесіне басшылық жасауға жіберілді. Бұл жерде 1998 ж. дейін табан аудармай қызм. атқарған ол бірсыпыра мемл. марапаттарға ие болды.

СҰҢҚЫЛДАҚ АҚҚУ (лат. ***Cygnus***) – қазтәрізділер отряды, үйрек тұқымдасының дербес туысына жататын өте сымбатты құс. Кезінде Қазақстанда кең тараған түр адам әрекеті әсерінен қазір респ-ның Солт., Орт. және Оңт.-Шығ. өңірлерінің 5-6 жерінде, көлемді ұяларын жасыруға қолайлы қалың қамыс-қоғалы ірі көлдерді мекендейді. Кіші аққудан ірірек келеді: тұрқы – 140-160 см, қанатжайымы – 205-235 см, салмағы 8-15 кг тартады. Каспий т-нің оңт. суларында қыстауға қалған бұл аққудың саны 1983 ж. 400-дей болған, одан бері саны едәуір кеміді. Басты себебі: ұялауға қолайлы орынды мәжбүрліктен жиі ауыстыруы. С. а-ды Линнеус (Linnaeus) 1758 ж. сипаттаған болатын. Қазақстанның «Қызыл кітабына» жазылып, қорғауға алынған. Негізінен, су өсімдіктері жапырағымен, тамырымен, кейде ұсақ жәндіктермен де қоректенеді. Ұясын жұптасып қамысы нулы, суы таза, тұщы көл жағасында салады. 3-7 жұмыртқаны 35-40 күн басып шығарады. Балапандары ширақ келеді. Аталығы ұясын, балапандарын қорғайды. Бір ерекшелігі – жұптарын өлгенше жазбайды. Халқымыз жас жұбайларды қос аққуға осы себептен теңеген.

СҮЛЕЙМЕНОВ Ахмедия (Ақатай) Ығыбасұлы (05.1943, Қу ауд., Едірей а.) – педагог, тарихшы-өлкетанушы. 1960 ж. Қу ауд. орт. ОМ тәмамдап, ауд. прокуратураның іс жүргізушісі болып еңб. жолын бастады. Одан соң өзі оқыған мект. пионер ұйым. жетекшісі әрі дене тәрб. және еңб. пәндерінің мұғ. қызм. атқарды. Үш ж-дан кейін Қарағанды пед. ин-ының тарих ф-іне түсіп, ғыл. ізденіспен айналысуға мүмкіндік алды. Бірнеше археол. эксп-ға, Орта Азия мен Қазақстан студент жастарының Ташкентте (1965) өткен ғыл.-практ. конф-сына қатысты. Бірақ, отбасылық жағдайына орай ғыл. бас тартып, 1967-74 жж Егіндібұлақ мект.-ин-ында тарих, қоғ. тану, құқық пәндерінен сабақ беріп, ин. меңг. міндетін қоса жүргізді. Өлкетану тарихына ден қойып, ақын, әнші-композитор Мәди Бәпиұлының Қарқаралы қ. жанындағы Мәліксайдағы зиратын анықтауға ықпал жасады. Аз уақыт ауд. атқару к-де нұсқаушы, «Доғалаң» с/зындағы сегізж-дық мект. оқу ісінің меңг-сі қызм. атқарды. 1975 ж. Айрық сегізж-дық мект. дир-лығына тағайындалды. 1982 ж. кейін Едірей сегізж-дық мект. оқу ісі меңг., 1997 ж. Егіндібұлақтағы №5 ОМ-те тарих пәні мұғ. болған С. өлкетану бағытында оң істер атқарды. Қаздауысты Қазыбектің алтыншы ұрпағы А.Қожахметовтің қолында сақталған асыл жәдігер – Ұлы бидің шапаны ел ордасындағы ҚР Президенті Мәдени орталығының мұражайына тасырылуына бастамашы болды, Егіндібұлақтағы екі білім ұясында Мәди және Қаздауысты Қазыбек мұражайларын ашып, оларды өз мүмкіндік шегіндегі жәдігерлермен толықтыруда. С. кеңес дәуіріндегі қуғын-сүргін құрбандарының тағдырын, соңында қалдырған шығ. мұраларын анықтау мақсатында табанды жұмыс жүргізуде.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

СҮЛЕЙМЕНОВ Дулат Рымқанұлы (07.04.1965, Егіндібұлақ а.) – құқық қорғау саласының ардагері. Егіндібұлақ а. №2 ОМ бітірді. Еңб. жолын 1985 ж. Егіндібұлақ ауд. ІІБ-де қатардағы милиционер болып бастады. Шымкент орта, Алматы жоғары милиция мект-ін тәмамдағаннан кейін Жезді АІІБ, Сәтбаев АІІБ, Теміртау қ. Ескіқала ІІБ қылмыстық іздестіру бөл-дерінің бастығы, Молодежный полиция бөл-нің, Жаңарқа АІІБ-нің бастығы қызм. атқарып, 2013 ж. отставкаға шықты. Ішкі істер саласындағы ұзақ ж-ғы табысты қызм. үшін С. сала басшылығы тарапынан көптеген марапаттарға ие болды.

СҮЛЕЙМЕНОВ Олжас Омарұлы (18.05.1936, Алматы қ.) – ақын, қоғ. қайраткері, Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері. 1959 ж. С.М.Киров (әл-Фараби) атынд. ҚазМУ-дың геология ф-ін, кейін А.М.Горький атынд. Әдеб. ин-ын (Мәскеу) тәмамдаған. 1962-71 жж «Казахстанская правда» газетінде әдеб. қызм., «Қазақфильм» киностудиясы сценарий-редакциялық алқасының бас редакторы, «Простор» журналының бөл. меңг-сі, 1971-81 жж Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы, оған қоса, 1972 ж. Азия-Африка елдері жазушыларымен байланыс жөніндегі қазақстандық к-тің төрағасы болды. 1981-83 жж Қазақ КСР Кинематография жөніндегі мемл. к-тің төрағасы, 1983-91 жж Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 1-ші хатшысы болды. 1989 ж. ақпанда Халықар. Невада – Семей антиядролық қозғалысының президенті, 1991 ж. Қазақстан Халық конгресі партиясының төрағасы, 1994-95 жж ҚР Жоғ. кеңесінің Қоршаған орта және табиғатты пайдалану к-нің мүшесі лауазымына сайланды. 1995 ж. ҚР-ның Италия респ-сындағы, 1996 ж-дан Грекия және Мальта респ-ларындағы төтенше және өкілетті елшісі қызм. атқарды. Қазір ҚР-ның ЮНЕСКО-дағы өкілі. Лингвист ғал. ретінде С. көбінесе көне түрік тілдерін зерттеді. Оның зерттеулері Бат. ғалымдарының шумерлер еуропалықтармен тамырлас, шумер тілі үнді-еуропа тілдерінен бастау алады дейтін қасаң қағидасына күйрете соққы берді. Жазу мен таңбаның тарихы жайлы «1001» еңб-де әртүрлі мәдениеттер жеке дара пайда болмай, бір-біріне тығыз байланыста пайда болатынын, дамитынын және жаңадан тың өркениеттер жасалуына әсер ететінін өз пайымы тұрғысынан дәлелдейді. С. «Тарихқа дейінгі түріктер» кітабында түрік (көне қазақ) және славян (көне орыс) тілдерінің байырғы байланысы туралы ой толғайды. Бұл зерттеулер нәтижесі *көне қазақ тілі* деген терминді ғыл. ортада ашық қолдануға мүмкіндік берді. Орыс тілінде жазатын қазақ ақыны поэзия әлеміне құбылыс болып кіргенін Л.Леонов, С.Марков, Р.Рождественский, А.Вознесенский, т.б. әйгілі орыс ақындары мойындауға мәжбүр болды. Тырнақалды «Арғымақтар» кітабынан (1961)

бастап, отыздан астам жыр жинағының авторына айналған С. поэзиясына қазақ халқының талай ғ-лық тағдыры – мұңы мен сыры, қасіреті мен қуанышы арқау болады. Қайраткер С-тің Қу – Балқантау өңірінің халқы үшін ерекше қадірлі болатын себебі – жарты ғасырға жуық мерзім бойы іргеден ажал уын шашып, талай тағдырды жалмаған, зардабы жүздеген ұрпаққа тарайтын Семей ядролық полигонын жабуға тікелей бастамашылық жасап, «Невада» – «Семей» антиатомдық қозғалыс туын көтеруі.

СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ Хамзе (1877, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1930, Қу ауд., Едірей а. кеңесі) – ақын, Қаздауысты Қазыбектің Қазымбет – Анай тармағынан өрбитін ұрпағы. Шығ-лары кітап болып шықпағанына және бұл кезде дәстүрден қала бастаған айтысқа қатыспағанына қарамастан, қоғ-ға баға берген, әлеум. мәселелер көтерген өлеңдері арқылы өз ортасында ақын ретінде мойындалған талант иесі. Алаштың асыл азаматтары Мәди, Мұстақыммен дос болған, Абайды өзіне ұстаз санаған. Ел аузындағы деректерге қарағанда, Х-нің шымшыма шумақтары шымбайына батқан әлдекімдердің көзі өтіп, ақын тіліне шыққан қатерлі жарадан қайтыс болыпты.

СҮЛЕЙМЕНҰЛЫ Ығыбас (Ғаббас) (1894, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1970, Егіндібұлақ а.) – шебер, етікші, пешші, тас қалаушы. 1920 ж-дан бастап Семей қ-на барып, кәсіппен айналысты. 1932 ж. елге оралып, жалғыз сауын биемен бір әулетті аштан аман алып қалады. Кәсіпкерлікпен Новосібір қ-сына дейін барған. 1934 ж-дан кейін Егіндібұлаққа қоныстанып, саяси қуғын-сүргінге түскен туыстарына сорпа-су тасып, қол ұшын береді. ҰОС кезінде артельдің үздік етікшісі болып, мемл. марапатқа ие болған. Пайғамбар жасына жақындағанда әріп үйреніп, бетоннан құлпытас құюды кәсіп етті. Қу – Балқантау өңіріндегі зираттар мен қорымдарда оның қолынан шыққан белгі тастар күні бүгінге дейін тұр.

СЫЗДЫҚОВА Кенжегүл (1940, Қу ауд., Едірей а. – 2003, Алматы қ.) – әнші, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі (1991). Киев консерваториясын тәмамдаған. Қарағанды, Оңт. Қазақстан обл. филармонияларында, «Қазақконцерт» бірлестігінде (Алматы) әнші болды. Әйгілі Қ.Байжановтан тәрбие алып, халық композиторларының шығ-ларын, соның ішінде Арқаның Біржан сал, Ақан сері, Естай, Жаяу Мұса, Мәди, т.б. әнші-ақындарының әндерін шырқап, кеңінен насихаттады. Алматыда Мәди атынд. филармония ұйымдастырды. Әйгілі әнші Әміре Қашаубаевтың ұмытылуға айналған зиратына құлпытас, қазақ музыкасын зерттеуші, өнер жанашыры Александр Затаевичтің қабіріне (Мәскеу) ескерткіш тақта орнатып, шапағатты іс-әрекеттерімен көпшіліктің зор алғысына бөленді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

СЫЗДЫҚОВ Серік (22.05.1948, Қу ауд., Достар а. кеңесі) – зоотехн., педагог. 1972 ж. Алматы зоовет. ин-ының зоотехн. ф-ін, 1977 ж. Қарағанды обл. парт. к-і жанындағы маркс.-ленинизм ун-ін, 1979 ж. Мәскеудің Скрябин атынд. ветеринария акад-сын (педагог мамандығы бойынша) тәмамдаған. 1974 ж. Новосибирь а. шар. ин-ының, 1982 ж. К.А.Тимирязев атынд. акад-ның орта а. шар. оқу орындары оқытушыларының біліктілігін жетілдіру, 1988 және 1990 ж-дары кәсіподақтардың ауд. к-і төрағасының біліктілігін жетілдіру, 1997 ж. әлеум. сала басшысының біліктілігін жетілдіру курстарын бітірді. Еңб. жолын 1972 ж. Қарқаралы зооветтехн-да оқытушылықтан бастады. 1976-77 жж аталған оқу орнында зоотехн. бөл-нің меңг-сі, 1977 ж. Егіндібұлақ ауд. «Комсомол» с/зының бас зоотехн., 1977-81 жж Қарқаралы зооветтехн-да бөл. меңг-сі, 1981-86 жж осы оқу орнында дир-дың оқу ісі жөніндегі ор-ы, 1986-87 жж «Ынталы» с/зы парт. к-інің хатшысы, 1987-92 жж агроөнд. кешенінің кәсіподақтары ауд. к-нің төрағасы, 1992-96 жж Қарқаралы ауд. әкімінің ор-ы қызм. атқарды. 1996 ж. бері «Қарағанды қ. №1 психоневрологиялық медициналық әлеуметтік мекемесі» КММ дир-ы лауазымында еңб. етуде. С. ұзақ ж-ғы пед-лық және басшылық жұм-тардағы жетістіктері үшін бірсыпыра марапаттарға ие болды.

СЫРЫМБЕТ – Қаздауысты Қазыбектің бес ұлының бірі, батыр, халықар. деңгейдегі қоғам қайраткері. Ұлы би қартайған шағында оның атынан Ресей, Қытай империялары өкілдерімен кездесуге барып, келіссөздер жүргізді. Қолдағы шежіре деректеріне жүгінсек, С-тен Домалақ, Белгібай, Тұрлыбай, Тоқтыбай тарайды. Кеңес дәуіріне дейін Қарқаралы уезінің Едірей бол. құрамындағы С. атасы толық бір старшын ел болған екен. Бергі мезгілде бұл атадан партия-

кеңес қызметкері Сейілхан Досмақов, оның ұлы, әуесқой композитор Лензехан Досмақов, әнші Гүлбаршын Тергеубекова, т.б. танымал тұлғалар шықты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

СІРГЕ ЖИЯР – күзде, бие ағытылар кезде берілетін қымыз. Оған ауылдың үлкендері – қадірлі ақсақалдар мен әжелер, көрші-қолаң шақырылып, арнайы сойылған малдың сый дәмін татып, соңғы қымызды ішіп, үй иелеріне алғыс айтып, бала-шағасына батасын береді. Халқымыздың дархан мінезі мен жомарт пейілін паш ететін бұл дәстүрді кейбір өңірлерде «Сірге мөлдіретер» деп те атайды.

ТТТ

ТАЙШЫБАЙ Зарқын Сыздықұлы (1.05.1942, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – журналист, ұстаз, ғалым – филол. ғыл. кандидаты, М. Қозыбаев ат. СҚМУ профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері (2016), Қазақстан білім беру саласының Құрметті қызметкері (2002), Қазақстанның Құрметті журналисі, Республика жоғары оқу орнының үздік оқытушысы (2012), Қарқаралы ауд. Құрметті азам., Е.А. Бөкетов ат. ҚарМУ Құрметті профессоры (2012), Болашақ унив. Құрметті проф (212) . Қу а. №1 қазақ ОМ, С.М.Киров (әл-Фараби) атынд. Қазақ мемл. ун-інің журналистика ф-ін (1970), аспирантурасын тәмамдады (1972). Алматы жоғ. партия мект. оқыды (1972-73) Еңб. жолы к/з механизаторлықтан басталды. Шығ-лық жұм-ы 1960 ж. Қу ауд. «Ленин туы» газетінде бастады.. Бұдан соң халық депутаттары ауд. кеңес атқару к-інде бөл. меңг-сі, ауд. газет редакторының ор-ы, редактор, обл. газетте бөл. меңг-сі қызм. атқарды. 1992 ж. Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інде аға оқытушы, журналистика кафед-ның меңг-сі, доценті, 2000 ж. Солтүстік Қазақстан мем. универ. доценті, докторанты, қазір М.Қозыбаев атынд. СҚМУ журналистика кафед-ның профессоры, 2001 ж. ун-те «Журналистика» мамандығын ашып, соған үзбей басшылық жасап, дәріс беруде. 2001 ж. бері ун-те өзі ұйымдастырған «Этномәдени зерттеулер» ғыл.-зерттеу орталығын қоса басқарады. Жүздеген ғыл. мақаланың, 12 монографияның, 13 оқулық пен оқу құралд. авторы. Т-дың ғыл. зерттеу жұм-тары әр алуан: XIX ғ-дың соңы мен XX ғ-дың басындағы қазақ және орыс баспасөзінің тарихы, абайтану, мағжантану мен абылайтану, журналистиканың һәм аударманың теориясы мен практикасы, мемл. және құқық тарихы, Қазақ тарихы, этнографиясы мен фольклоры, мәдениеті мен әдебиеті, қазақ ономастикасының, Алаш қозғ. мәселелері. Абылай ханның өмірі мен қызметіне арналған ғыл. еңб-тері үшін 2007-2013 ж-дары қатарынан екі рет мемл. грант алып, «Абылай хан» және «Мәдени мұра» бағд. аясында «Қазақтың ханы – Абылай» деген 2 мың беттік іргелі еңб-тер берген Т. Қазақстандағы жалғыз зерттеуші. Ол елімізде заманауи журналистік білім беруді ұйымдастырушылардың бірі. Орт. Азияда журналистік білім беру халықар. семинарының мүшесі. Т. 2007-17 жж 15 журналистика магистрін даярлады. Ол «АҚШ-та журналистер даярлау» бағдарламасы аясында Американың 5 ун-інде лекция оқып, семинар өткізді (2001). ҚХР-дың Шыңжан ун-інде, Қоғамдық ғыл. академиясында (2012) халықар. конференцияларға қатысты, Прага ун-інде (Чехия, 2013) қазіргі БАҚ және журналистер даярлау мәселесі бойынша баяндамалар жасады. «Солтүстік Қазақстан этномәдени ғылыми зерттеулер институтын» (2015) құрып, басшылық етеді. Т. мемл. және қоғ. ұйымдар тағайындаған көптеген марапаттар иесі. Соның ішінде, БҒМ «Ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, Қазақстан ЖОО қауымдаст. А.Байтұрсынов атынд. «Саңлақ автор» (2007), «Қазақ тілінің жанашыры» (2009), Ішкі әскерлер қолбасшылығы (2012), төсбелгілерімен, БжҒ (1999, 2014, 2016), БжА министрліктерінің Құрмет грамоталарымен (2011), әл-Фараби атынд. ҚазҰУ-дың алтын медалімен, М.Қозыбаев атынд. үлкен алтын медальмен, Журналистер одағының Құрмет дипломымен наградталған.

А. ҚАЗИҚАНОВА, Г. ТЕМІРОВА

ТАҚЫРОВ Саржан Уахитұлы (16.09.1968, Егіндібұлақ ауд. Ақтасты а.) – әдеб. ғалым, фил. ғыл. кан. (2004). 1985 ж. ОМ бітіріп, «Арқалық» с/зындағы «Алау» комсомол-жастар шопандар бригадасында еңб. жолын бастады. 1986-88 жж. Кеңес Армиясы қатарында қызм.

етті. 1995 жж Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дің филология ф-ін тәмамдап, осы ЖОО-ның қазақ әдеб. кафед-на оқытушы болып қалдырылды. 2001 ж. аспирантураны бітіріп, қазақ әдеби сыны тарихы, оның ішінде 1940-50 жж сын мәселелерін зерттеді. Осының нәтижесінде «Әдеби сын белестері» (2011, 2014) атты монографиясы және «XX ғасырдың қырқыншы-алпысыншы жылдарындағы сын және әдебиеттану» (2015) деген оқу құралы жарық көрді. ЖОО студентеріне арнап «Гуманитарлық ғылымдар саласында ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жоспарлау» (2014) оқу-әдістемелік құралы, жаһандық әдеб-тегі ортақ бағыттар мен ағымдардың ұлттық әдеб-іміздегі орны сараланған «Қазақ прозасы: модернизм және постмодернизм» (2015) деген монографиясы шыққан. Сонымен қатар, қазіргі қазақ прозасы мен сыны жайлы «Көркемдік көкжиегі» (2015) атты ғыл. мақалалар жинағы баспа бетін көрді. Құлжа қ. Іле пед. ун-іне (Қытай) арнайы шақыртылып, «Қазақ әдебиеті сынының тарихы», «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы», «Шет елдердегі қазақ әдебиеті» тақырыптарында дәріс оқыды. Қазір Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ қазақ әдеб. кафед-ның доценті. Ғыл. магистрларына жетекшілік жасап, қазақ әдебиетінің прозасы мен сынының мәселелерімен айналысуда. Жүзден астам ғыл. мақаласы жарық көрді. ҚР БжҒМ «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» (2014).

ТАЛДЫ – Қаракөл к-і алабындағы өзен. Ұз. 129 км, су жиналатын алабы 4609 шаршы км, Кент тауларынан бастау алып, жоғары ағысы тау аралап, орта және төменгі ағысы жазық жермен өтеді. Қарасор к-іне құятын негізгі арна. Т-ның көктемде тасыған суы Балықтыкөлге де жетеді. Жағалауы жазы, түбі құмдауыт. Көктемде еріген қар суымен һәм жер асты суымен қоректенеді. Құйылысындағы судың жылдық орташа көлемі 21,8 млн текше м. Суының минералдығы 0,2–1,0 г/л. Қарашада қатып, сәуірде мұзы түседі. Сарыбұлақ, Өзек, т.б. салалары бар. Қарағайлы кенті тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етеді. Суы Қарағайлы кен-байыту комб-ын жүргізу үшін пайдаланылған кездері арнасы құрғап қалатын еді. Комб. Өндірісі шағындалған соң су арнасы молайды. Т-ның бойына бірнеше көпір салынған. Қалың шалғын өсетін аңғары шабындық ретінде пайдаға асады.

ТАЛДЫБАЕВ Сүният (1934, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі – 1983, Егіндібұлақ а.) – дәрігер. 1953-59 жж Қарағанды мед. ин-ының студенті. 1959-60 жж Егіндібұлақ ауд. Айнабұлақ а. кеңесі бөлімшелік ауруханасының бас дәрігері, 1961-83 жж Егіндібұлақ ауд. ауруханасында терапевт, кардиолог дәрігер болып қызм. атқарды. Т. «Құрмет белгісі» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған.

ТАСШОҚЫ – Тәттімбет а. округіне қарасты қоныс. Ақтасты а-ның шығ-да, 12 км жерде, Арқалық тауларының арасында орналасқан. 1959-93 жж «Арқалық» с/зының бөл-сі болды. Тұрғындары сиыр, қой өсірумен айналысты. Қазір Т-да жалғыз-ақ шаруа қожалығы бар.

ТӘТТІМБЕТ Қазанғапұлы (1815, Қу – Балқантау өңірі – 1862, Қарқаралы округі, Қу бол.) – күйші-композитор, шертпе күй орындау мектебінің негізін қалаушылардың бірегейі, халық күй өнерінің классигі. Т. – ерте атқа қонып, ел ісіне ерте араласқан адам. Бат.-Сібір ген.-губернаторы ген.-майор Фон Фридрихс арнайы жинаған мәліметінде мынадай дерек келтіреді: «Т. – ақсүйектер әулетінен, бірақ көпестер гильдасына тіркелмеген. Қарқаралы округіндегі Нұрбике-Шаншар болысында 1842 жылдың 20 қаңтарынан 1845 жылдың 25 қаңтарына дейін болыс болды. Бұл жұмыстан өз арызы бойынша, 1854 жылдың 29 шілдесіндегі бұйрық негізінде босатылды, қылмыс жасамаған, тергеуде, сотта болмаған». Т. Ресей патшасы Александр II-нің тақка отыру салтанатына қатысқан. Ш.Уәлиханов, Г.Н.Потанин, А.Янушкевич сияқты ғалымдармен, Алшынбай, Құнанбай, Шорманның Мұсасы, Жайықбайдың Ыбырайы, Кішкентайдың Аққошкары, Сандыбайдың Ердені, Уәлиханның Шыңғысы сияқты дала шонжарларымен, Жанақ, Шөже, Кемпірбай, Біржан сал, Жаяу Мұса, Орынбай сияқты әнші-ақындармен, Тоқа, Ықылас, Итаяқ, Шашақ сияқты күйшілермен қадірлес-сыйлас болды. Бұлар Т. көкірегінен күмбірлеп төгілген әсем күйлердің тұсауын кесіп, талғампаз сарапшысы еді. Біржан сал: «Тәттімбет – ардагерім Арғын асқан, Қырық түрлі күй айналған бармағына», – деп сүйсінеді. Т. талай-талай додалы күй айтыстарына түсіп, қарсыласын тосылту үшін, домбырада қалыс, шалыс, теріс, қосақ бұрауларын көп қолданған. Бұл дәстүрлер орнығуына мұрындық болған. Абайдың анасы

Ұлжанның туыс апасы Малқара қыз, Шұбыртпалы Итаяқ, Найман ішіндегі Шашақ сияқты дәулескер домбырашылармен күй айтысына түскенде домбыраны бірде башпайымен қағып, келесіде ұстарамен тартып, енді бірде пернелерін қиып тастап тартып, өнер көрсеткені жайлы қызықты әңгімелер ел ішінде күні бүгінге дейін айтылады. Т-ке күйшілік өнер арғы ата-тегінен дарыған. Ол домбыра тартуды әкесі Қазанғаптың інісі Әліден үйреніп, анасы Ақбөпеден тәрбие алған. Т-тің күйлері өмірді терең түсінген, ойшыл, қиялшыл жанның сыры мен сезімін аңғартады. Ол негізінен лирикалық композитор. Күйлері филос. түйіндермен астасып жатады, музыкасының тілі көңілге қонымды, тез жатталғанымен орындалуы күрделі. Т. күйлеріндегі лирикалық сарындар, әуен толқындары қазақтың кең даласы мен оның сұлу табиғатын суреттейді. Композитор «Сарыжайлауды» Майдасары жайлауында, жаз қызығы күшіне кіргенде шығарған дүр. Мұнда табиғаттың әсем суреті, жаз-сайрандағы рахатты шақтар кестеленеді. Күйдің ішкі философиясы табиғатты суреттеу арқылы жаз думанын бастан кешкен адам өмірінің қайта кезеңдерін табиғат мезгілімен салыстыра суреттейді. Күй табиғаты сыршыл, қиялшыл, мөлдір лиризмге толы. Нәзік те әсем ырғақты иірімдер тыңдаушысын желпіндіріп, енді бірде тәтті мұң толқынымен тербетеді. Т. күйлерінде негізінен өмір тартысы, тағдыр тауқыметі, сұлулыққа құштарлық, алыс арман, сарғайған үміт, өкініш сарыны баяндалады. «Былқылдақ» күйі жаз басында сазды жері былқылдап жататын жер атауына байланысты шыққан дейді оның тарихын жеткізушілер. Күйдегі романтика – мың бұралған өз. ағысы, бұлақтың қоңыраулы сыңғыры, тоғайдағы құстың әсем үні сұлу табиғат тынысымен ұласып жатыр. Т. шығ-ның ең биік шыңы – «Көкейкесті» күйі. Күйді ол өмірінің соңғы кезеңінде шығарған тәрізді. Мұнда халық шежіресінің ұлылығы мен ұлағатты ақыл-ойдың парасаты толғанады. Домбырада ойнау шеберлігінің асқақ шыңына жетіп, өте сирек кездесетін, екі қолға бірдей вибрациялық діріл толқынын түсіру арқылы және саусақтардың қырымен жоғары орап қағу арқылы орындалатын «Көкейкесті» өте күрделі туынды. Оны ойнауға шеберлердің шебері де тәуекел ете бермейді. Мұндағы орындаушылықтың жаңа пошымы, яғни шерту тәсілдерінің сан қырлы өрнегі – Т-тің күйшілік мектебін даралай түседі. Ол домбыра үніне «жан бітіреді», күйдің табиғатын, сырын ашады. Т. лирикасының тағы бір қырын ашатын «Сылқылдақ» күйі. Күйді композитор өзімен күй сайысына түсіп, өнер көрсеткен домбырашы қыз алдында орындаған. «Сылқылдақтың» музыка тіліндегі күміс қоңырау үні, әдемі әуені тыңдаушыға ерекше әсер қалдырады. Күй бойынан жастық жалын мен өмірге құштарлық лебі еседі. Күй сарыны Т-ке тән композициялық ерекшелік қолтаңбасын даралап, оның ғажайып талғампаздық нақышын танытады. Т-те «Қосбасардың» бірнеше түрі бар. Осы аттас күйлер Тоқа, Әбді, т.б. халық күйшілерінде де кең өріс алған. Әр «Қосбасардың» дербес тарихы бар. Т. «Қосбасарлары» адам өмірінде, халық тағдырында орын алған оқиғаларды, қуаныштар мен күйзелістерді суреттейді. Т. тек күйші ғана емес, сөзге ұста, шешен, шыншыл, әділетті көксеген ақын жанды сері адам болған. Оның «Бестөре» күйінің тарихына қатысты зерттеушілердің пікірі әр алуан. Өнер танушылардың бір тобы ол орыс отаршыларына қарсы көтеріліс кезінде қазаға ұшыраған Кенесары хан бастатқан бес төреге арналған жан азасы десе, екіншілер ел үстінен күн көріп, момындарды жәбірлеген атқамінерлердің әрекеті шенелгенін алдыға тартады. Қалай болғанда да, Т. қоғамдық болмысқа сын көзімен қарап, әр оқиғаға туындылары арқылы үн қосады. Т-тің бүгінгі күнге жеткен 40-тан астам күйі бар: «Қосбасар» (бірнеше нұсқасы), «Сарыжайлау», «Сары өзен», «Терісқақпай», «Сылқылдақ», «Былқылдақ», «Бестөре», «Азаматқожа», «Алшағыр», «Азына», «Көкейкесті», «Бозторғай», «Қорамжан», «Бозайғыр», «Ерке атан», «Ноғай-қазақ», «Керкиік», «Қашқан қалмақ», «Қаражорға», «Балбырауын», «Жетім қыз», «Салқоңыр», «Көш жанаған», «Сарықамыс», «Шәйірқалды». 1855 ж. 24 наурызда Ресей патшасы II Александрдың таққа отыру тойына Сарыарқа қазақтары өкілдерімен бірге Т. өнерпаз ретінде Санкт-Петербургке барған. Осы сапарда тамылжыта тартқан күйлерімен империя астанасындағы өнер сүйер қауымның назарын аударып, күміс медальға ие болды. Ол медальды Қу – Балқантау өңіріндегі Өсібай а-да тұрған Т-тің шөбересі Өзбек Кәбішұлы сақтап, жеткізді. Т. күйлерін насихаттаған інісі Жақсымбет, балалары Мұсатай, Исатай, сондай-ақ, Тоқа, Дайрабай, Қыздарбек, Әбди,

Сембек, Итаяқ, Аққыз, беріде Н.Шынтеміров, Ғ.Айтбаев, А.Әжібекұлы, С.Қарабаева, Т.Түсіпбеков, Ғ.Кәріпбеков, т.б. домбырашылар күйшінің өзіндік ерекшеліктерін сақтап, күй мектебін байыта түсті. Кеңес дәуірінде Т. күйлерін Ә.Хасенов, М.Хамзин, У.Бекенов, сондай-ақ М.Тілеуханов, А.Байбосынов, Ж.Нұржауов, т.б. орындап, насихаттады. Қазақ композиторларының камералық-аспаптық, симфониялық және опералық туындыларында Т-тің көптеген күйлері пайдаланылды. Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында «Былқылдақ», «Қосбасар», «Жамбыл» фильмінде «Сарыжайлау» күйлері орындалады. М.Сағатов Т-тің «Сылқылдақ» күйіне эстрада оркестрі сүйемелімен трубаға арнап пьеса жазды. Күйшінің кіндік қаны тамған Қу – Балқантау өңіріндегі Егіндібұлақ халық аспаптар оркестрі мен көше, Қарағанды қ-ндағы академиялық халық аспаптар оркестрі, өнер колледжі мен көше Т. есімімен, Ақтоғай а-ндағы өнер ұжымы оның «Сарыжайлау» күйінің атауын иеленген. 1984 жылы Егіндібұлақ а-нда композиторға ескерткіш (мүсіншісі Ж.Молдабеков, архит. А.П.Малков) қойылды. Алматы мемл. (қазіргі Қазақ ұлттық) консерваториясында 1971 ж. бері шертпе күй сыныбы жұмыс істейді. Ол Т. күйлерін негізге ала отырып, Қазақстанның басқа да өңірінің шертпе күй дәстүрлерін жинақтап үйретеді.

ТӘТТІМБЕТ АТЫНДАҒЫ АКАДЕМИЯЛЫҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРІ – кәсіби өнер ұжымы. 1988 ж. Қарағанды қ-да домбырашылар ұжымының бас дирижері Дүйсен Үкібайдың басшылығымен 25 адамнан тұратын қазақ халық аспаптары оркестрі шаңырақ көтерді. Екі жылдан соң оркестрге Арқа шертпе күй мектебінің негізін салушы, ұлы күйші Тәттімбеттің есімі берілді. 1991-94 жж оның бас дирижері Қ.Сайжанов болды. Ол оркестрдің шығ. ауқымы кеңейіп, орындаушылық шеберлігі өсуіне өз үлесін қосты. Оркестрдің алғашқы концерті 1988 ж. соңында «Октябрь» (қазіргі «Шалқыма») концерт залында КСРО халық артистері Бибігүл Төлегенова, Ермек Серкебаев және Шамғон Қажығалиевтің қатысуымен өтті. КСРО халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Ш.Қажығалиев өнер ұжымының тұсауын кесті. 1992 ж. ол оркестрді басқаруға шақырылып, аймақ фольклоры материалдарынан, қазақ, орыс және шетел классиктері мен ТМД және әлем елдері композиторларының шығ-ынан құрылған ерекше репертуар жасайтын тұжырымдамасымен келді. Сөйтіп, еліміздің музыкалық тәжірибесінде тұңғыш рет «Абай» және «Қыз Жібек» операларының концерттік нұсқалары қазақ оркестрінің сүйемелдеуімен сахнаға шықты. Бай тәжірибесін Ш.Қажығалиев Сарыарқадағы бірегей өнер ұжымның кәсіби мәдениеті мен орындаушылық шеберлігін арттыруға жұмсады. Тәжірибелі ұстазбен бірге жұмыс жасау жергілікті дирижерлер Д.Үкібай мен Ә.Шоқанбаевтың шығ-лық өсуіне ерекше ықпал етті. 2000 ж. оркестрге Академиялық мәртебелі атағы берілді. Оркестрдің сол кездегі бас дирижері Д.Үкібай 2001 ж. Ш.Қажығалиев атынд. I респ-лық дирижерлер конкурсында лауреат атанды. 2006 ж. Қазақстанның еңб. сіңірген қайраткері атанды. Құрманғазы атынд. респ. конкурстың лауреаттары – Қазақстанның еңб. сіңірген артисі Ғ.Болтаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Б.Тәшімов, Қазақстанның Мәдениет қайраткерлері Б.Смағұлов, Қ.Ғабделов, М.Ыбыраева, С.Ізтілеуов, Е.Құспанов, респ. конкурстар лауреаттары Е.Оспанханов, Б.Қасымова, С.Рахымғалиева, Н.Таңатар, А.Қыдырбек, Қ.Омаров,Ә.Сәрсенбаев, С.Құлғалиев және т.б. ұжым мүшелері кәсіби деңгейі жоғары музыканттар екенін дәлелдеп, оркестрдің шығ-лық әлеуеті күшеюіне ықпал етіп, «Академиялық» құрметті атақ алуына көп үлес қосты. Оркестр АҚШ, Франция, Швейцария, Швеция, Чехия, Словакия, Иран, Ирак, Түрік, Ресей, Оңт. Корея, Өзбекстан, Түркіменстан, т.б. елдерде гастрольдік сапарда болып, өнер көрсетті. 2011 ж. соңында оркестр бас дирижері һәм көркемдік жетекшісі Ерлан Батыгерейдің жетекшілігімен Германияның бірнеше қ-сында болып қайтты. Оркестр 2012 ж. Омбы қ. өткен, Ресейдің халық артисі А.Цыганков атынд. Бүкілресейлік фестиваль-конкурста I орын иеленіп, лауреат атанып келді. Оркестрмен еліміздің халық артисі А.Мырзабеков, Ресейдің халық артисі Н.Калинин, Өзбекстанның халық артисі Ф.Садықов, Ресейдің, Татарстанның және Қазақстанның халық артисі Ф.Мансұров, т.б. шебер дирижерлер концерттер өткізді.

ТӘТТІМБЕТ АТЫНДАҒЫ ҰЛТ АСПАПТАР ОРКЕСТРІ – халықтық өнер ұжымы. 1959 ж. Егіндібұлақ Мәд. үйі жанында шағын халық ансамблі ұйымдасты. Оның құрамында

Ш.Мағазов,С.Рахметов, С.Рахымов, Т.Өмірбеков, Ұ.Мұқашев, Ә.Әшімов, Д.Қыдырғожина, М.Әлжаппаров сынды өнерпаздар болды. 1976 ж. осы ансамбль негізінде оркестр құрылып, Бүкілодақтық I фестивальдың қорытындысы бойынша жүлделі орын иеленді. Ж.Елебеков атынд. музыка мект. ұстаздары мен өнерлі оқушылар тартылған оркестрді ұйымдастырған оның тұңғыш дирижері және көркемдік жетекшісі Еркін Мұқажанов еді. Өнер ұжымы 1978 ж. «Халық аспаптар оркестрі» мәртебесін, сонымен бірге, гастрольдерге шығып, ақылы концерттер қою құқығын иеленді. Респ. байқауда екі дүркін лауреат болған оған 1979 ж. қазақтың ұлы композиторы, домбырада шертпе күй орындау өнерінің шыңы мен шыңырауын бірдей бағындырған Тәттімбеттің есімі берілді. Құрамы Қ.Кәріпбеков, Ж.Әлин, А.Дәуіпбаев, Б.Омарова, Г.Құлжанбекова, Қ.Бекмағанбетов, С.Әлхайдарова, Қ.Имекеев, А.Шәкірова, М.Сәкірова, Н.Үсенов, Ж.Әукешева, А.Сағатов, Д.Ешімханов сияқты өнерпаз жастармен толықты. Оркестрдің А.Сәрсенова, М.Әмірбаева, Ж.Иманбаев, Р.Айтбақаева, Д.Сәрсекеев тәрізді әншілері а. мәд-і өркендеуіне үлес қосты. 1980 ж. Алматыда өткен есепті концертте үздік өнер көрсеткен ұжым I дәрежелі дипломмен марапатталды. Ол Тәттімбет пен Арқа күйшілерін насихаттаумен ғана шектелмей, Еуропа классиктерінің шығ-ларын, сондай-ақ, заманауи композиторлардың туындыларын репертуарына молынан қамтыды. 1987 ж. Т. а. ұ. а. о. негізінде құрылған «Балқантау сазы» фольк. ансамблінде Ж.Қабыкенов, Ж.Батталова, Б.Ермұхамбетов, Г.Қабыкенова, Г.Тілеубаева, Ә.Мұқажанов сынды өнерпаздар өңір даңқын асырып, 1992 ж. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайына қатысушылар алдында концерт берді. 1993 ж. халықтық өнер ұжымы Нидерланды (Голландия) мемл-нде өткен Бүкіләлемдік XXYIII фольк. өнер ұжымдары фестивалына «Сарыарқа» деген атаумен Қазақстан атынан қатысып, «Гауһар» жүлде жеңіп алды. 1998 ж. елордасы Астана қ-ның тұсаукесеріне арналған «Қарағанды күндері» мәд. шараларында өнерсүйер қауымның ықыласына бөленді. 2000 ж. Т. а. ұ. а. о. жанынан құрылған «Балқантау сазы» ансамблі Қарқаралының «Салтанат» ән-би ансамблімен бірлесіп, Болгарияның Бургас қ-сында өткен дүниежүзілік фестивальда тағы да топ жарды. Ұжым қазір де халық ықыласына бөленіп, ұлт мәд-ін насихаттап келеді. Дирижері Ж.Ш.Қабыкенов, көркемдік жетекшісі Г.Ш.Қабыкенова

ТӘТТІМБЕТ АТЫНДАҒЫ ӨНЕР КОЛЛЕДЖІ – кәсіби орта білім беретін оқу орны. 1952 ж. ашылған. Оған 1973 ж. ұлы күйші Тәттімбеттің есімі берілді. 1997 ж. Қарағанды қ-ның Тәттімбет атынд. музыка колледжі, мәдениет колледжі және Теміртау қ-ның музыкалық колледжі біріктіріліп, оған қазіргі атауы берілді. Колледж қазақ және орыс халық аспаптары, фортепиано, үрмелі және соқпалы аспаптар, күй, эстрадалық аспаптар, музыка теориясы, хор дирижері, көпшілікке арналған театрлық қойылымдардың режиссері, балет артисі, актерлік өнер, хореография, сәндік-қолданбалы өнер және кітапхана ісі мамандықтары бойынша мамандар даярлайды. Колледж оқушылары көптеген халықар. және респ-лық конкурстардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері. Т. а. ө. к-нің түлектері обл. және респ. көлеміндегі барлық шығ-лық ұжымдарында: театрларда, оркестрлерде, ән-би ансамбльдері мен топтарында, мәд. үйлері мен кітапханаларда және мектептерде қызм. атқарады. Т. а. ө. к-інде 1979 және 1986 жж респ. конкурстардың лауреаты мәртебесін иеленген аралас хор, 1986 ж. респ. конкурстың лауреаты қазақ халық аспаптар оркестрі және симфониялық, үрмелі аспаптар оркестрлері жұмыс істейді. Колледжде ҚР-ның еңб. сіңірген қайраткері М.С.Адамбеков, респ. «Жігер» фестивалы мен Қазақстан Жастар одағы сыйл. лауреаты Ж.К.Кемалов, ҚазКСР еңб. сіңірген мәд. қызметкері В.П.Пилипенко, ҚР білім беру саласының үздіктері М.Х.Хайруллин, К.К.Кәгенова, К.Т.Оспанова, т.б. тәжірибелі, шебер ұстаздар дәріс береді. Т. а. ө. к. түлектері қатарында ҚР еңбек сіңірген өнер қайраткері, Құрманғазы атынд. Қазақ ұлтт. консерватория және Л.Н.Гумилев атынд. Еуразия ұлтт. ун. проф., ТҮРІКСОЙ бас хатшысы Д.Қ.Қасейінов, ҚР халық артисі, проф., Абай атынд. опера театры әншісі, Қазақ ұлтт. өнер ун. оқытушысы Қ.И.Қалиламбекова, т.б. әйгілі тұлғалар бар. Колледжді кейінгі ж-дары бітірген және қазір оқып жүрген жастар мен жасөспірімдер арасында алдыңғы буынның жеңісті жолын жалғаған талант иелері көп. (?) --

ТӘТТІМБЕТ ЕСКЕРТКІШІ – 1984 ж. Егіндібұлақ а-дағы тар.-өлкетану мұражайы алдына, орт. алаңға орнатылған-ды (арх. А.П.Малков, скульп. Ж.Молдабаев). Ақсұр түсті жасанды

тастан қашалған. Ескерткіштің биіктігі 9 м. Оның ұзына бойының горельефтік тұлғасындағы сәл-пәл жиырылып тұрған «киімнің» әсерімен бейненің монументтілігі ерекшеленеді. Ұлы композитордың құрметіне жасалған бұл туынды 1990 ж. оның туғанына 175 ж. толуына орай Тәттімбет а. округі аумағындағы зиратының жанына көшіріліп, оның орнына қоладан құйған кеуде мүсіні қойылды.

ТӘТТІМБЕТ КЕСЕНЕСІ – ұлы композитордың мүрдесі жерленген орын. Тәттімбет а. округінің орталығы Ақтастының солт.-бат-да, 12 км жерде, Түндік өз-нің сол жағалауында орналасқан. Халық аузында «Қазанғап күмбезі» аталатын архитектуралық ескерткіш XIX ғ-дың алғашқы жартысында тұрғызылған. Ауыздан ауызға жеткен дерек көзіне жүгінсек, Т. к-нде ұлы композитордың әкесі – Қазанғап, анасы – Қалайы және өзі жерленген.

ТӘТТІМБЕТ МҮСІНІ – ұлы күйші-композитордың Егіндібұлақ а-ындағы тарихи-өлкетану мұражайы алдына орнатылған ескерткіш.

ТӘУЕКЕЛОВ Иманаш (5.12.1928, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты. 1945 ж. жетіж-дық мект-ті, одан соң Қарқаралы пед. уч-сін бітіріп, К.Маркс мект-нде еңб. жолын бастады. Кеңес әскері қатарында азаматтық борышын өтеген соң Қарағанды пед. ин-ын тәмамдап, жолдамамен Ұлытау ауд. мект-терінде мамандығы бойынша жұм. істеді. 1958 ж. бастап Қу (кейінгі Егіндібұлақ) ауд. қарасты Абай атынд., «Арқалық», «Комсомол» с/здарындағы ОМ-терде сабақ берді. Әр жылдары осы мект-терде дир. қызм. атқарды. Көптеген мемл. наградалармен, III дәрежелі Еңб. даңқы орденімен марапатталды. Т. шәкірт тәрбиелеумен қатар қоғ. жұм-тарға да белсене араласты. Білімін басшылық біліктілікпен ұштастырып, бойдағы бар күш-жігерін өңірдің дамуына жұмсады.

ТӘУЕКЕЛОВ Рүстем Серікұлы (1985, Егіндібұлақ ауд., Қарабұлақ а.) – спортшы, кик-боксингтен халықар. дәрежедегі спорт шебері, Қазақстанның 4 дүркін чемпионы. Спортпен жас кезінен айналысады. Алғаш рет қазақ күресінен ауд. біріншіліктің жеңімпазы атанды. ОМ бітіргеннен кейін, Теміртау қ-да студент бола жүріп, «Строитель» спорт кешенінде кик-боксинг секциясында жаттығады. Сөйтіп, 2000 ж. Украинаның Феодосия қ-да өткен әлемдік чемпионатта күміс жүлдегер атанды. 2001 ж. Грекияның Солоники қ-да өткен біріншілікте чемпиондық тұғырға көтеріліп, 2002 ж. Черногорияның (бұрынғы Югословакия одағы) Будва қ-да өткен әлем чемпионатында тағы да күміс медаль иеленді. Түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысумен қатар Т. қазіргі кезде жаттықтырушылықпен де айналысады.

ТӘУКЕЛЕВ Айдарат Нұрекелұлы (1.12.1927, Қарқаралы уезі, Қу бол.) – педагог, ғалым – заң ғыл. кандидаты (1954), проф. (1997). 1947 ж. Алматы заң ин-ын тәмамдап, осы оқу орнында оқытушылық жұм-қа қалдырылды. 1955-57 жж Гурьев (қазіргі Атырау) обл. прокурорының азаматтық-сот бақылау жөніндегі көмекшісі, 1957-58 жж Қазақ КСР ҒА құқық секторының кіші ғыл. қызметкері қызм. атқарды. 1958-94 жж Қазақ мемл. ун-інің заң ф-і мемл. және құқық теориясы кафед-сының аға оқытушысы, доценті, меңг-сі қызм. атқарды. 1994 ж-дан бері Қазақ мемл. заң ун-і мемл. және құқық теориясы кафед-ның доценті, кейін проф-ы болып еңб. етті. Т. 40 шақты ғыл. еңб-тің авторы. Оның зерттеулері Қазақстан мемл. мен құқығы, қазақ саяси және құқықтық ойлары тарихына арналған.

ТЕЗЕКБАЕВ Марат (6.02.1943, Егіндібұлақ а.) – инж.-механик, а. шар. ұйымдастырушы. 1967 ж. Қазақ мемл. а. шар. ин-ын (Алматы) тәмамдады. Еңб. жолын 1960 ж. «Комсомол» с/зында жұм-шылықтан бастап, 1961-62 жж «Кировуголь» трестінің №26 шахтасында жұм., «Комсомол» с/зында жүргізуші болып жалғастырды. 1967-69 жж Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқармасында инж., 1969-74 жж «Комсомол» с/зында бас инж., 1974-76 жж Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/зда баст. парт. к-інің хатшысы, 1976-87 жж «Доғалаң» с/зында (1977-88 жж бұрынғы Талды ауд. құрамында болды) дир. қызм. атқарды. Т. мемл. наградалармен, соның ішінде «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған.

ТЕЗЕКБАЕВ Шаймерден – педагог, білім беру саласының ардагері. Еңб. жолын 1930 ж. Қу ауд. мект. мұғ. қызм. бастайды. 1937 ж. Қарқаралы қ-дағы Абай атынд. пед. уч-ні бітірген. 1939-40 жж Қу ауд. толымсыз ОМ дир-ы, 1940-42 жж Қу аудандық оқу бөл-де инспектор, 1942-47 жж ауд. оқу бөл. меңг-сі қызм. атқарды. 1949-55 жж Маркс атынд. толымсыз мект. дир-ы, 1955-71 жж ауд. мект-терінде мұғ. болды. Т-тың ұзақ ж-дарға созылған пед қызм.

ескерусіз қалған жоқ: Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Ерен еңбегі үшін», «Ұлы Отан соғысындағы жеңісі үшін», жалпы 13 медальмен марапатталды.

ТЕМІРОВ Еркінбай Теміруұлы (18.10.1937, Қу ауд., Мыржық а.) – агроном, а. шар. саласының ардагері. 1956 ж. Егіндібұлақ ОМ, 1964 ж. Алматы а. шар. ин-ын тәмамдады. Механизация курсын бітіріп, еңб. жолын 1956-57 жж Қоянды МТС-нда комбайншылықтан бастады. Жүргізуші курсында оқып, 1958-59 жж Энгельс атынд. к/зда жүргізуші болды. 1964-65 жж Абай атынд. с/зда аға агроном, 1965-70 жж Егіндібұлақ ауд. а. шар. басқармасында өсімдік қорғау бас агрономы, 1970-75 жж басқарма бас агрономы, 1975-76 жж ауд. партия к-і ұйымдастыру бөл-нің меңг-сі, 1976-81 жж Қарағанды обл. к-нің нұсқаушысы, 1981-96 жж Осакаров ауд. «Маржанкөл», одан соң «Құндызды» с/здарында дир., 1996-99 жж Осакаров ауд. а. шар. басқармасында бас агроном, басқарма төрағасының бірінші ор-ы, 1999-2003 жж Осакаров ауд. әкімшілігінің экон. к-і төрағасының ор-ы және төрағасы, 2003-06 жж «Агрохолдинг» шар. қожалығының жетекшісі қызм. атқарды. 2007 ж-дан бері «Ерлен» шар. қожалығына жетекшілік етеді. Т. «Құрмет белгісі» орденімен және көптеген медальдармен марапатталған. Ол Осакаров ауд-ның Құрметті азаматы (2012).

ТЕРГЕУБЕКОВА Гүлбаршын Ыбырайқызы (4.03.1971, Егіндібұлақ а.) – әнші, респ. және халықар. конкурстардың лауреаты, продюсер. 1988 ж. Тельман (қазіргі Бұқар жырау) ауд. Амангелді а. ОМ бітіріп, Қарқаралы қ. Мәд. үйінде, одан кейін С.Сейфуллин атынд. Қарағанды обл. драма театрында әкімші-ұйымдастырушы болды. 1995 ж. Құрманғазы атынд. консерваторияны (Алматы) вокал (дәстүрлі ән) мамандығы бойынша тәмамдап, 2000 ж. дейін Т.Жүргенов атынд. Театр және кино ин-ында вокал бойынша дәріс берді. Т. соңғы ж-дары тек шығ-лықпен айналысады. Оның репертуарында Арқаның кең тыныстыы (Біржан сал, Ақан сері, Естай, Мәди, Үкілі Ыбырай, Қ.Аманжолов, т.б.) және кәсіпқой композиторлардың (Ә.Есбаев, Ш.Қалдыаяқов, Ә.Бейсеуов, К.Күмісбеков, Е.Хасанғалиев, І.Жақанов) құйқылжыған әндері бар. Т. 2012 ж. бері ірі концерттік жобалар өткізуді қолға алуда. Ол «Қасымның әндері-ай!», «Абай әндері», «Алматы – ғашықтар мекені» атты концерттік жобалардың авторы және продюсері.

ТЕРГЕУБЕКОВ Бейсембай (1910, Қарқаралы уезі, Едірей бол., №7 а. – 23.02.1964, Қарабұлақ а.) – құқық қорғау саласының ардагері. 5 сыныптық білім алған Т. еңб. жолын 1928 ж. дербес Қазақ атты әскер полкінде (Алматы) бөл. командирі болып бастады. 1931-37 жж Қу ауд. милиция бөл-де участкелік инспектор, 1937-39 жж Шет, 1940-41 жж Қарқаралы ауд. милиция бөл-лерінің бастығы, 1941-43 жж НКВД Тельман ауд. бөл-нің жедел өкілі, 1944-46 жж Ұлытау ауд. милиция бөл-нің бастығы лауазымында қызм. атқарып, 1946-56 жж КГБ Қарағанды обл. басқармасында жұм. істеді. 1956 ж-дан өмірінің соңына дейін Қу (кейінгі Егіндібұлақ) ауд. ұйымдасқан «Комсомол» тың с/зы орнаған Қарабұлақ (қазіргі Балқантау) а. кеңесінің төрағасы болды. Құқық қорғау саласында ұзақ ж. табысты қызм. атқарғаны үшін КСРО-ның ең жоғары мемл. марапаттарына – Ленин, Қызыл Ту, Қызыл Жұлдыз ордендері мен медальдарға ие болды.

ТЕРГЕУБЕКОВ Сүният Бейсембайұлы (01.02.1937, Егіндібұлақ а. – 26.04.2013, Қарағанды қ.) – құқық қорғау органының ардагері, ішкі істер қызм. полковнигі. Қарағанды қ. №66 ОМ-ті, 1968 Қарағанды пед. ин-ының тарих ф-ін бітірді. Кеңес Армиясы қатарында әскери міндетін атқарған соң, 1962-63 жж Егіндібұлақ а-дағы №59 еңбекпен түзету колониясында отряд бастығы, 1963-64 жж Қарағанды обл. №43 еңбекпен түзету колониясында отряд бастығы, 1964-67 жж №43 колония бастығының ор-ы, 1967-69 жж №42 еңбекпен түзету колониясы бастығының тәртіп және жедел жұм. жөніндегі ор-ы, 1969-71 жж №37 еңбекпен түзету колониясы бастығының кезекші көмекшісі, 1971-82 жж Қарағанды обл. Ішкі істер басқармасы №46 еңбекпен түзету колониясының бастығы, 1982-87 жж Қарағанды обл. ІІБ Еңбекпен түзету мекемелерінің басқармасы бастығының тәртіп және жедел жұмыс жөніндегі ор-ы. 1987-90 жж Еңбекпен түзету мекемелері басқармасының №16 тергеу қамағы бастығының жедел жұмыс, күзет және тәртіп жөніндегі ор-ы. Т. зейнеткерлікке шыққаннан кейін Қарағанды обл. еңбекпен түзету жүйесі басқармасының ардагерлер ұйымына ұзақ ж. жетекшілік жасады. Ол көптеген мемл. марапаттарға ие болды.

ТЕРЕКТІ – ауыл, Шарықты а. округінің орталығы. Егіндібұлақ а-ның солт.-бат-да, 32 км жерде орналасқан Т-нің іргетасы 1936 ж. қаланды. «Бұлақадыр», «Шарықты», «Жалтас» және Энгельс атынд. к/здар негізінде 1961 ж. құрылған Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/здың орталығы болды. Тұрғындар саны – 1,5 мың адам (2015). Жерінің жалпы көлемі 186,9 мың га. Мұнда ондаған шар. қожалығы, ЖК, ЖББОМ, 3 кітапхана, ФАП, пошта байланыс торабы, т.б. мәд.-көпш. мекемелер жұм. істейді. Т. – Қазақстанның халық артистері Қ.Байжанов пен М.Жүнісованың туған жері. Басқа елді мекендермен автомобиль жолы арқылы қарым-қатынас жасайды.

ТЕРЕКТІ КЕН-БАЙЫТУ КОМБИНАТЫ – «Алтайполиметалл» ЖШС-не қарасты кәсіпорын. Бұл жерде мыс кені бары 1855 ж. белгілі болды. Геолог М.П.Русаков бастаған зерт-шілер 1925-26 жж кен қорын анықтап, бағалады. Өңірге 1953-58 жж жүргізілген геол. барлау жұмысы оның көлемін нақтылады. Кені жолақты-теңбілді. Оның құрамындағы негізгі құнды бөлшектері: мыс, алтын оған қосарлана жүретін күміс, молибден, селен, теллур. Тотығу аймағының тереңдігі 20-50 м. Минералдары: сульфиттік рудада – борнит, халькопирит, пирит, молибден, гематит, күңгірт руда; қышқылданған рудада – малахит, азурит, хризоколла.

ТИЫШТЫБАЕВ Арман (Мұхаметқали) Әбішханұлы (9.05.1942, ҚХР, Іле қазақ автоном. обл., Тарбағатай тауы, Шолақорда қонысы – 18.01.2008, Бұқар жырау ауд., Ботақара кенті) – педагог, ақын. Шәуешек гимназиясында оқып жүргенде нағашысы, қазіргі халық жазушысы Қабдеш Жұмәділов, немере ағасы Қасымжомартпен бірге 1962 ж. 22 сәуірде шекарадан өтіп, ата жұртына – Қазақстанға келген. Семей обл., Жарма ауд. «Михайлов» с/зына тұрақтаған ағасы Қасымжомарттың қолында болып, мал бағып, трактор жүргізеді. Ауд. орт. Ақжар а-дағы Абай атынд. ОМ-ті 1964 ж. бітірген. 1965 ж. ҚазМУ-дың (Алматы) журналистика ф-іне түсіп, кейін ҚарПИ-дің филология ф-ін тәмамдаған. 1970-75 жж Егіндібұлақ ауд-ның Шөптікөл а-нда, 1976-2001 жж Айрық (қазіргі Мәди) а-нда мект. мұғ., 2002-06 жж Бұқар жырау ауд-дық «Сарыарқа» газетінің тілшісі қызм. атқарды. Т. тырнақалды туындысы «Тракторшы қыз» өлеңін 5 сыныпта оқып жүріп жазады. Сол кезден бастап шығ. еңбекпен айналысқан. Өлеңдері Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» (кейінгі «Балқантау»), обл. «Орталық Қазақстан», респ. «Жас Алаш», «Егемен Қазақстан» басылымдарына және көптеген газет-журналдарға жарияланған. Оның поэзиясынан туған елге сағыныш, Отанына, сүйген жарына махаббат лебі еседі. «Аңсау», «Тарбағатай», «Періште жыр» өлеңдеріне ән жазылған. Т. Ж.Жабаев атынд. обл. мүшәйраның екінші жүлде (1996), Жеңістің 60 ж-дығына орай ұйымдастырылған Қ.Аманжолов атынд. обл. жабық мүшәйраның (2005) және халық ақыны А.Байсалбайұлы атынд. мүшәйраның (2007) бас жүлдесін иеленді.

ТОБЫЛҒЫ (лат. ***Spiraea***) – раушангүлділер тұқымдасына жататын көпж-дық бұта. Т-ның Қазақстанның далалы, таулы жерлерінде өсетін 10 түрі бар. Биіктігі 15-200 см. Сабағы түзу. Жапырағы қауырсын тәрізді тілімделген, жиектері ара тісіндей иректелген немесе бүтін болып келеді. Гүлі қос жынысты, аталығының саны – 10, аналығы – 5, ақ түсті, хош иісті. Гүлдері қалқанша, шатырша, сыпыртқы гүлшоғырына топталған. Мамыр-шілде айларында гүлдеп, тамызда жеміс салады. Жемісі – қабаттасқан жапырақша. Тобылғыны әсемдік үшін өсіреді. Балды өсімдік, жақсы мал азығы. Құм тоқтату үшін және үй шар-нда пайдаланылады. Арқа қазақтары Т-мен қымыз ашытатын сабаны, күбіні, торсықты ыстайды. Түзу сабағынан садақ жебесін, қамшының сабын, т.б. бұйымдар жасайды.

ТОЙБЕК Жұлдыз Райымбекқызы (19.02.1967, Егіндібұлақ ауд., Өсібай а.) – журналист, ақын, ҚР Журналистер одағының мүшесі. 1984 ж. Алғабас ОМ бітіріп, шұбартаулықтар бастамасы бойынша комсомол-жас шопандар бригадасында еңб. етті. 1990 ж. Қазақтың С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. мемл. ун-інің журналистика ф-ін тәмамдап, Қарағанды обл. «Орталық Қазақстан» газетінде тілші, бөл. меңг-сі болды. 2016 ж-дан бері Л.Н.Гумилев атынд. Еуразия ҰУ-дің (Астана) «Еуразия – ақпарат» орт-да журналист және журналистика және саясаттану ф-інде оқытушысы болып қызм. етеді. Ол халықар. «Қазақстан-Заман» қоғ.-саяси газ-нің Қарағанды обл. бойынша меншікті тілшісі. Т. 1986 ж. Алматыдағы желтоқсан

оқиғасына қатысушы. 1986-87 жж Алматы қ-да студент-жастар арасында өткен және Махамбет Өтемісұлының құрметі мен «Лениншіл жас» газетінің 70 ж-дық мерейтойына орай 1990 ж. Атырау қ-да ұйымдастырылған респ. айтыстардың жүлдегері. «Көтердің ақ желкенің жыр-кеменің» атты поэзиялық кітаптың (2006), «Арқаның ару қыздары» очерктер жинағының (2009) авторы. Ол Халықар. «Шабыт» фестивалының дипломанты (1999), IV халықар. поэзия фестивалының дипломанты (2004), Қарағанды обл. әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының (2012), Қарағанды обл. әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығының (2013), халықар. Қазақ шығ-лық бірлестігінің «Мәдениет майталманы» медалі (2015) және т.б. марапаттар иегері.

ТОЙҒАНБАЕВ Айткеш (1912, Қарқаралы уезі, Едірей бол., №1 а. – 25.04.1981, Алматы қ.) – журналист, қоғам қайраткері. 1937 ж. Қазақ коммун. журналистика ин-ын, 1945 ж. ВКП (б) ОК жанындағы Жоғ. парт. мект-ін бітірген. Т. төмендегідей еңб. жолынан өтті: ауд. пошта экспедиторы (1930); Семей байланыс ФЗУ-ының курсанты (1930-32); радиотелеграф оқушысы (1932); Қарағанды қ. қаржы бөл-нің агенті (1932-33); Кемеров химзауыты бұқарамен жұм. ұйымдастырушы (1933-34); «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеб. қызм., бөл. меңг-сі, жауапты хатшының ор-ы (1937-43); ВКП (б) ОК-нің нұсқаушысы (1945-47); Оңт. Қазақстан обл. парт. к-нің хатшысы (1947-51); Қазақ КСР кинематография министрінің ор-ы (1951); Қазақстан КП ОК жауапты ұйымдастырушысы (1951-53); Қазақ КСР Мәд. мин-лігі мәд. ағарту мекемелері бас басқармасының бастығы (1953-56); Қазақ КСР Мәд. мин-лігі полиграфия және баспа ісі бас басқармасының бастығы (1956-60); Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің іс басқармасы мәд. және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі тобының бастығы (1960-61); Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің іс басқармасы мәд. және денсаулық сақтау бөл-нің меңг-сі (1961-65); Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің іс басқармасы мәд. бөл-нің меңг-сі (1965-67); Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы кеңесші, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің іс басқармасы кеңес және әкімшілік органдар бөл-нің меңг-сі (1967-70); Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің іс басқармасы ұйымд.-нұсқау бөл-нің меңг-сі (1970-73). Зейнеткерлік демалысқа шыққан соң да қоғ. өміріне белсене араласқан Т. «Құрмет белгісі» орденімен және медальдармен марапатталған.

ТОҚАЕВ Зейнолла Қалымбекұлы (1.08.1942, Павлодар қ./ Қу – Балқантау өңірінің тумасы) – ғалым, ветеринария ғыл. докторы, ҚР және РФ профессоры, ҚР Жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, ҚР білім беру ісінің Құрметті қызметкері. 1959 ж. Павлодар қ. Абай атынд. қазақ ОМ бітіріп, еңб. жолын Ермак ауд. Калинин атынд. с/зда кеңшарда трактористі болып бастады. 1960 ж. с/з комсомол ұйымының хатшылығына сайланды. Әскери қызм. атқарып келген 1964 ж. бастап Семей қ-да тұрады. Осындағы зоотехн.-малдәрігерлік ин-ты тәмамдап, оқытушы болып қалдырылған Т. ЖОО-ның ректорына дейінгі жолдан өтті. Жоғ. лауазымды қызм атқарғанда ол білікті мамандар даярлау ісіне, ветеринария ғыл. және Қазақстан а. шар. дамуына елеулі үлес қосты. 1988 ж. Т-тың бастамасымен тұңғыш рет студенттердің оқу-ғыл. ветеринариялық отрядтары құрылып, мал шар-мен айналысатын ауд. барып, түрлі ауруларды емдеуге көмек жасады. Осындай тәжірибеден өткен студенттерден кейін жақсы мамандар шықты. Ин. жанында жануарлар туберкулезі ауруы бойынша ғыл.-зерттеу орталығы жұмыс істеді. Ғалымдар мен шар. мамандары (Ғ.Н.Қыдырниязов, З.Қ.Тоқаев, Н.М.Майтқанов, Б.Б.Нұрғалиев, «Бірінші май» асыл тұқымды қой зауытының дир-ы С.И.Қаметов, бас зоотех.-селекционер М.Ж.Жанділдинов, «Жарма» с/зының дир-ы А.А.Мұсылманқұлов, зоотех.-селекционері М.Б.Бақабаев) бірігіп, «Байыс» атты жартылай қылшық жүнді құйрықты қазақ қойының жаңа тұқымын шығарды. Еліміздегі бірінші құйрықты қой тұқымының жүні сапалы, кілем тоқуға қажеттілігімен, шөлейтті және қуаң дала жағдайларында өсіруге жақсы бейімделгендігімен ерекшеленеді. Т. «Ұрпақ алғысы», «Павлодар облысы Сарышығанақ аулының қысқаша тарихы» атты кітаптардың авторы. Ол бірнеше рет Семей қ-лық кеңесіне депутат болып сайланды. Көптеген мемл. марапаттарға ие болып, ҚР Президентінің Алғыс хатын иеленген.

ТОҚАЙ – тау, Егіндібұлақ а-ның шығ-да, 40 км жерде, бат-тан шығ-қа қарай 9-10 км-ге созылып жатыр, ені 2-3 км, абс. биіктігі – 933 м. Беткейлері, әсіресе, шығ. бөлігі тік, өз. аңғарлары жыра-сайлармен тілімденген. Түпкі жыныстары жер бетінен шығып жатыр. Силур жыныстарынан түзілген. Таудың солт. етегінде бұлақтар бастау алады. Т-дың қоңыр қызыл топырағында тырбық қараған, жусан, сұлыбас, т.б. дала өсімдіктері өседі.

ТОҚПАН – тау. Бұрынғы Қазыбек би және Қарқаралы ауд-дарының шекарасында, Талды мен Қарқаралы өз-дерінің арасында орналасқан. Қарасор к-нің оңт.-шығ-да 4 км, Егіндібұлақ а-нан 55 км жерде, солт.-бат-тан оңт.-шығ-қа қарай 5 км-ге созылып жатыр. Ені – 3-3,5 км. Абс. биіктігі 818 м-ге жетеді. Тау беткейлері аңғарлармен тілімделген. Оңт. беткейлері тік жартасты. Терең сай-жыралар көп кездеседі. Орта және жоғары таскөмір гранитоидтарынан түзілген. Толық жетілмеген қызыл қоңыр топырағында бетеге, сұлыбас, бидайық, бұталардан тобылғы, қараған өседі.

ТОҚСАНБАЙ – тау. Қу – Балқантау өңірінің солт.-шығ. бөлігінде орналасқан. Солт-тен оңт-ке қарай 2 км-ге созылып жатыр, ені – 0,5 км. Абс. биіктігі 391 м. Ордовик жүйесінде түзілген жыныстардан тұрады. Ашық қызыл қоңыр, сәл сортаңдау топырағында жусан, көбе, бетеге, сұлыбас, бидайық, т.б. шөптесін өсімдіктер, бұтадан тобылғы өседі.

ТОҚТАУЫЛ – қазақ шежіресінің деректері бойынша, Бошаннан тарайтын бес ұлдың (бес Бошан) үлкені Жантудың баласы. Кейбір шежіре деректері Жантудан Т. мен Бектауыл туады деп айтады, бірақ, Бектауылдан әрі таратпайды. Ал Т-дан Ақбота, Қаработа, Торы, Төбет, Тілмембет, Қосқұлақ туады. Қаракесек пен Сүйіндік руларының түйіскен жерін мекендеген Т. атаның ұрпақтары Ресей отаршылдығына қарсы Кенесары хан көтерілісі өрістеген кезде аулы аралас, қойы қоралас Төртуыл Жанайдар батырмен бірге орыс басқыншылығына қарсы соғысқа қатысып, көтеріліс жеңіліс тапқан соң, төртуылдармен бірге Ұлытауға қоныстанады. Т-дардың дені қазір Терісаққан өз. бойында, Ұлытау ауд-ның Шеңбер а-да тұрады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ТОҚЫМҚАҒАР – халық рәсімі. Ашамайға мінген жас бала тұңғыш рет алыс жолға шығар қарсаңда ата-анасы туған-туыс, көрші-қолаңды жинап, арнайы мал сойып, кең дастарқаннан дәм татқызады. Ең үлкен, аузы дуалы қария әрдайым баланың сапары оң, жолы жеңіл болсын деп бата береді. Үйдің іші ойын-сауыққа бөленіп, жастар ән салып, жыр айтады. Жанашыр ағайын, әсіресе, жеңгелері баланың ат жалын тартып мінетін азамат болғанына қуаныш білдіріп, жасына лайық сый-сияпат жасайды. Бұл – алғашқы сапарына аттанған талапкердің ат-көлігі аман, олжалы оралсын, тоқымы жерде қалмасын деген ізгі тілектің белгісі.

ТОҚЫШЕВ Қайыржан Ахметбекұлы (3.04.1954, Ульянов (қазіргі Бұқар жырау) ауд., Аюлы а.) – инженер, мемл. басқару саласы қызметкері. 1972 ж. Белағаш (бұрынғы Буденный атынд. с/з орталығы) а. ОМ, 1977 ж. Қарағанды политехн. ин-ның жол-көлік, 2004 ж. Қарағанды экон. ун-інің заң ф-ін бітірді. Еңб. жолын Егіндібұлақ ауд. «Қоянды» с/зында баптаушы шебер болып бастады. Одан соң МТШ меңг-сі, 1978-85 жж с/здың бас инж-і, 1985-89 жж с/з партия к-нің хатшысы, 1989-1991 жж Егіндібұлақ ауд. халықтық бақылау к-нің төрағасы, 1991-97 жж ауд. кеңесі атқару к-і төрағасының, Егіндібұлақ (кейінгі Қазыбек би) ауд. әкімінің ор-ы, 1997-2000 жж Қарқаралы ауд. әкімінің 1-ші ор-ы қызм. атқарып, одан кейін жаңа құрыла бастаған респ. мемл. қызм. жөніндегі агенттігі Қарағанды обл. басқарма бастығының ор-ы, бастығы лауазымында еңб. етті. Т. 2014 ж. Мемл. қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе обл. бойынша департаменті басшысының ор-ы – тәртіптік кеңес төрағалығына тағайындалды. 2016 ж. бастап Мемл. қызм. істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе обл. бойынша департаменті басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы лауазымында еңб. етуде. «Нұр Отан» ХДП АОФ жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қоғамдық кеңесінің, құқық қорғау органдарының облыстық үйлестіру кеңесінің, Ақтөбе обл. қоғамдық кеңесінің, мемл. рәміздер бойынша өңірлік комиссиясының белсенді де беделді мүшесі. Т. Қу – Балқантау өңірінде қызмет еткен ж-дары тындырылған бір сауапты іс-шара – Қаздауысты Қазыбекке қойылған ескерткіш. 1994 ж. Ұлы би атақоныс еткен, ұрпақтары

тұратын өңірдің орталығында бабаның мүсінін орнату туралы шешім қабылданып, халықтан жиналған қаржыға ескерткіш жобасын әзірлеуден бастап, ол дайын болып, тұғырға орнатылғанша Т. тыным таппай, қасиетті Түркістандағы, Ұлы бидің мүрдесі қойылған Әзірет сұлтан кесенесінен бір уыс топырақ, Ташкенттен мәрмәр тас, Теміртау мен Ақтаудан құрылыс материалдарын жеткізіп, келесі, 1995 ж-ғы 8 шілдеде әйдік мүсіннің салтанатты ашылу рәсімі өтті. Бұл адам сұлбасы бейнеленген жай ескерткіш емес, шын мәнінде кемел өнер туындысы болып, көрген халықты рухани қуанышқа бөлеп келеді. Негізгі қызметіне қоса қоғамдық жұмыстарды белсене атқарады. «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен, т.б. мемл. наградалармен марапатталған.

ТӨКЕШЕВ Нығметолла Жұмкейұлы (1926, Қарқаралы уезі, Қу бол. – Қарағанды қ.) – журналист, партия-кеңес қызметкері. ҰОС қатысушы, еңб. ардагері, Қарқаралы ауд. Құрметті азаматы, ҚР Журналистер одағының мүшесі. Сібірде ОМ, Алматы мен Мәскеуде Жоғ. партия мект-ін бітірген. Еңб. жолын 1942 ж. Қу ауд. бастап, Қарағанды және Семей облыстарының баспасөз саласында, комсомол, партия, кеңес жүйесінде қызм. атқарды. Саналы ғұмырында елдің саяси-қоғ. өміріне белсене қатысып, Қазақстан тарихында орын алған олқылықтарды: қазақ шаруаларын тәркілеуге, соның салдарынан болған аштыққа, саяси қуғын-сүргінге қатысты ақиқаттарды ашып көрсету, Мәдени мұраларды қорғау, Семей ядролық сынақтары өткен аймақты сауықтыру, соғыс және еңб. ардагерлеріне әлеум. көмек көрсету мәселесін жиі көтерді. Ол Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлінісіндегі өзгерістерді, ел астанасын Арқа төріне – Ақмолаға көшіруді қолдаса, мемл. билік органдарына жазған ашық хаттары мен мақалаларында Қарағанды облысының экон.-әлеуметтік дамуындағы кемшіліктерді сынап, Семей обл-н, Абыралы мен Егіндібұлақ ауд-ын қалпына келтіру жайлы ұсыныстар жасады. Т. КСРО-ның 12 орденімен, көптеген медалімен марапатталған.

ТӨЛЕ БИ Әлібекұлы (1663, Шу өңірі – 1756, Ташкент қ.) – қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің төбе биі, Тәуке ханның бас кеңесшісінің бірі. Жоңғар шапқыншылығына дейін-ақ тапқыр билігімен мәлім болды. Қаздауысты Қазыбек, Әйтеке, т.б. белгілі билермен бірге бірегей Қазақ хандығын құруға оны бір орталыққа – қасиетті Түркістанға бағындырып, нығайтуға қатысты. Соңында «бүтін билікке Төле би жеткен» деген сөз қалған тарихи тұлға көшпелі қоғам Конституциясы – «Жеті жарғыны» жасаушылардың бірі. Қазақ хандығының көрнекті қайраткері Т. б-дің даналық, тапқырлық дарыны әз-Тәуке өлгеннен кейін ыдырай бастаған ру-тайпалардың ынтымағын күшейтіп, басқыншы жауға қарсы тұру кезінде ерекше көрінді. Ұлы жүз жері мен елі жоңғардың табанында қалған кезде ол халқын харап етпеу үшін жау үстемдігін уақытша мойындағанымен, қазақтың белгілі сұлтандарымен, билерімен, батырларымен жалғасып, басқыншыларға қарсы азаттық майданын ұйымдастыруға ықпал жасады. Мәди а. округінде тұрған еңб. ардагері Е.Төлеубаев марқұм: «Төле би қалмақтар басып алған жерде қалып қойғаннан кейін, Орта жүзбен бірге Сарыарқаға шегініп кеткен Қаздауысты Қазыбекке:

– Қақ жарған қара қылды Қазыбегім,
Мен-дағы өз жұртыма қазық едім.
Ағаңды жау қолына тастап кетіп,
Сен жатып Сарыарқада қазы жедің.
Туысты жауға пәнде ететіндей,

Іниме соншама не жазып едім?! – деп хат жолдаған екен. Оны алғаннан кейін бабамыз Орта жүздің батырларынан жасақ түзіп, елдің оңтүстік өңірін жаудан тазарту үшін азаттық соғысын бастапты», – дейтін еді. Т. б. өзіне бағынышты Ұлы жүз тайпалармен бірге Ресейге қосылу үшін 1749 ж. Орынбор ген.-губернаторы И.И.Неплюевке елші жіберді. Т. б. қайтыс болғаннан кейін сүйегі өзі билік құрған Ташкент қ-на жерленіп, үлкен сағана салынды. Халық оны «Қарлығаш әулие» деп қадірлейді.

ТӨЛЕУБАЕВ Ермұқан (Бөкен) (18.05.1937, Қу ауданы, Едірей а. кеңесі – 30.06.2015, Қарқаралы ауд., Мәди а. округі) – а. шар. саласының ардагері. Ұлттық тарих мен ауыз әдеб. мұраларын жеткізуші. Орта білім алғаннан кейін, 1953 ж. Жамбыл атынд. к/зда шопан болып

бастады. Кейін «Арқалық» және «Айрық» с/здарында жылқы фермасының басшысы міндетін атқарды. Түлікті көбейтіп, өнім алудағы жоғ. көрсеткіштері үшін мемл. наградаларға, соның ішінде Еңб. Қызыл Ту орденіне ие болған (1971).

ТӨЛЕУБАЕВ Жомарт Әлімханұлы (16.02.1965, Егіндібұлақ а.) – қазақ күресі, самбо және дзюдодан обл., респ. чемпионы, қазақ күресінен Қазақ КСР спорт шебері. 1983 ж. кәсіпт. – техн. уч-ні, 1988 ж. Алматы а. шар. ин-ын бітіріп, Егіндібұлақ ауд. «Қоянды» с/зында механик, гараж меңг-сі, бес ж. бас инж. және с/з дир-ының шар. жөніндегі ор-ы қызм. атқарды. С/з таратылғаннан кейін Қарағанды қ-на қоныс аударды, 1996 ж. бері жеке кәсіпкер. Т. – 1986 ж-ғы Алматыдағы Желтоқсан көтерілісіне қатысушылардың бірі.

ТӨЛЕУТАЙ Ерлан Мұқатайұлы (3.03.1968, Жаңаарқа ауд., Ортау а.) – тарихшы, әнші, композитор, режиссер. 1985 ж. Атасу ОМ, 1994 ж. Е.А.Бөкетов атынд. Қарағанды мемл. ун-інің тарих ф-ін тәмамдаған. 1994-98 жж. Е.Бөкетов атынд. ҚарМУ-дың жастар ісі жөніндегі к-інің жетекшісі болып еңб. жолын бастады. 1998 ж. ҚарМУ-дың археология-этнология және Қазақстан тарихы кафедрасында стажер-зерттеуші, 1996 ж. Қарағанды қ. жастардың интеллектуалдық БОТА (білімпаздар, ойшылдар, тапқырлар, алғырлар) орт. ұйымдастырып, 2001 ж. дейін оның төрағасы болды. 2001-02 жж «Алтын Орда» респ. тәуелсіз газетінің Қарағанды обл. бойынша меншікті тілшісі, 2003-10 жж «Қазақстан–Қарағанды» телеарнасының редакторы, 2008-09 респ. «Алаш Орда» газетінің бас редакторы қызм. атқарды. 2010 ж-дан бері Ш.Айманов атынд. «Қазақфильм» АҚ «анимациялық кино» шығ. бірлестігінің бас редакторы. Өнер жолын Қарағанды мемл. ун-інің «Балауса» әдеби шығ. бірлестігінде әнші болып бастады. 1990 ж. Ташкент қ. өткен Орта Азия және Қазақстан жастары фестивалының (вокал аталымы бойынша), 1993 ж. Алматы қ. өткен III респ. «Жігіттің сұлтаны» байқауының, 1998 ж. Астана қ. өткен I халықар. «Шабыт» фестивалының лауреаты, 2005 ж. өткен Мәди атынд. I респ. әншілер байқауының (Қарағанды) дипломанты. 2007 ж. Литва астанасы Вильнюс қ. өткен халықар. музыка фестивалында өнер көрсеткен Т-ды Литва ұлттық телеарнасы «Фестивальдың ең үздік өнерпазы» деп танып, Литва ұлттық телеарнасында Италия әншілерімен бірге тікелей эфирде концерт беру мүмкіндігін ұсынды. Ол осы жолы Еуропаға арнайы сапармен келген және фестиваль қонағы болған Жапония мемл. императоры Ахихто Хирохитомен жүздесіп, сұхбаттасты. 2008 ж. Арқада Қояныштағайға (Қояншы, Дәулет, Таңай) берілген аста ұйымдастырылған әншілер байқауының бас жүлдегері атанды. 2012 ж. Түркие мемл. өнер көрсетті. Т. көптен бері қазақ ән өнерінің тарихын зерттеуде. Респ. «Егемен Қазақстан», «Алтын Орда», «Қазақ әдебиеті», «Жас қазақ», «Алаш айнасы», «Айқын», «Алаш Орда», «Аңыз Адам», «Жұлдыздар отбасы», «Азамат», «Начнем с понедельника» басылымдарында ән өнері, олардың тарихы жайлы мақала, зерттеу еңб. жарық көруде. Т-дың «Баянауылдың дәстүрлі ән өнері» («ҚазАқпарат», 2006) атты жинағы, «Жүсіпбек Елебеков» атты деректі романы («Өнер», 2013) жарияға шықты. Ол әнші Қ.Байбосыновтың өмірі мен шығ. арқау еткен «Айбозым» (2010) кітабын құрастырушылардың бірі. Әнші Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Естай, Мәди, Жарылғапберді, Иманжүсіп, С.Сейфуллин әндерін сүйіп орындайды. Т. Абай, Шәкәрім, Мұқағали, Ж.Жақыпбаев, Е.Ибраһим, Қ.Асанов, М.Айтхожина, Т.Жұмаш, Ж.Әскербекқызы, Қ.Асқаров, қырғыз ақыны Ә.Рысқұлов, т.б. авторлардың өлеңдеріне ән жазған. Оның М.Жүнісова орындайтын «Япырай» (сөзі М.Мақатаевтікі) және М.Түсіпбаева айтатын «Сен және Мен» (сөзі Ж.Әскербекқызынікі) әндерін тыңдарман жылы қабылдады. «Мәди» деректі фильмін түсіріп, «Абай», «Мәди», «Тәттімбет», «Қасым Аманжолов», «Хабибаның Жүсіпбегі», «Талғат Бигелдинов», «Мен көрген соғыс», «Зейнолла Серікқалиев», «Ақселеу Сейдімбеков», «Рымғали Нұрғалиев», «Ұлытау төрінде», «Генерал Сабыр Рахымов», «Мәшһүр Жүсіп», «Әбілхан Қастеев», «Шара Жиенқұлова», «Нәзір Төрекұлов», «Иса Байзақов» деректі және «Тағдыр» , «Қазақстан – біздің ортақ шаңырағымыз» (1-бөлім), «Ер Төстік және Айдаһар» (диалогтарын), «Жаужүрек мың бала» (диалогтарын), «Алмас қылыш» (диологтарын), «Қазақ Хандығы» 20 сериялы тарихи драмалық сериалы (диологтарын) анимациялық және көркем фильмдерінің сценарийлерін жазып, бірсыпыра шығ-ға редактор һәм кеңесші болды. Ол аталған фильмдердің біразында

ойнады: «Жаужүрек мың бала» (Төле бидің кеңесшісі), «Құнанбай» (Жанақ ақын), «Мәди» (Мәди), «Однокласники» (құс фабр. инж.).

ТӨРЕБЕКОВ Абдолла (18.03.1950, Қырғыз КСР-і, Ош обл. – 19.05.2017, Қарағанды қ.) – мал дәрігері, парт. қызметкері, а. шар. ұйымдастырушы. 1971 ж. Омбы мемл. малдәрігерлік ин-ын бітіріп, Егіндібұлақ ауд-нда мал дәрігері болып бастады. 1973-86 жж Молодежный ауд. «Родниковский» с/зының бас мал дәрігері, ауд. а. шар. бірлестігінің бас мал дәрігері, бірлестік бастығының ор-ы, 1986-88 жж Молодежный ауд. агроөнеркәсіп бірлестігі төрағасының 1-ші ор-ы, Талды ауд. «Бақты» с/зының дир-ы, 1988-91 жж Егіндібұлақ ауд. партия к-нің 2-ші хатшысы, 1991 ж. бастап Молодежный ауд. а. шар. басқармасы бастығының ор-ы, бастығы, ауд. әкімінің 1-ші ор-ы. 1993 ж-дан Молодежный ауд., 1997 ж. бастап Осакаров ауд. әкімі қызм. атқарды. 2007-13 жж обл. а. шар. басқармасы басшысының ор-ы, басшысы болды. Зейнеткерлікке шыққан соң да қоғ. өмірінен тыс қалмай, Қазақстан фермерлері обл. филиалын басқарды. Т. көптеген мемл. наградалармен марапатталған.

ТҰМАРБАЕВ Қапан (т.-ө. ж-дары белгісіз) – малшы, а. шар. саласының ардагері. Ұзақ ж-дар Абай атынд. с/зда жылқышы, шопан болып еңб. етті. Ақтылы түлік өрбітіп, жыл сайын мол табысқа қол жеткізгені үшін көптеген орден-медальдермен марапатталған.

ТҰРСЫНБЕКОВ Түсіпбек (1916, Қарқаралы уезі, Қу болысы Сартау а.) – есеп-қисап саласының ардагері. Қу ауд. орт-ндағы мект. 7 сыныптық білім алып, Семей қаржы техн-ына түседі. 1935 ж. еңб-ке – к/з, комсомол жұмысына араласады. 1938 ж. жала жабылып, Сібір лагеріне жер аударылады. Қаржы саласындағы мамандығы себеп болып, ІІМ-не қарасты Краснояр өлкесі лагерінде бас есепшінің көмекшісі, аға есепші, бас есепші міндетін атқара жүріп жазасын өтейді. Елге он ж-дан соң оралып, 1948-57 жж Қарағандыда, одан кейін Егіндібұлақ а-ндағы мекемелерде, тыңнан құрылған Абай атынд., «Комсомол» с/здарында бас есепші қызм. атқарды. Т. жұм. барысында білімімен, іскерлігімен көзге түсті. Ол қызм. еткен мекеме-кәсіпорындар жұм. алға басты. Бұл табысқа қаржы бөл-і үлес қосты. Сол еңб. үшін көптеген марапаттарға ие болды. Ол – саяси зобаланды бастан өткеріп, елге аман-есен оралған азғана жерлесіміздің бірі.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

ТҰРСЫНОВА Жаңагүл – ғалым, пед. ғыл. кандидаты.

ТҮЛКІ, кәдімгі түлкі немесе жирен түлкі (лат. ***Vulpes vulpes***) – жыртқыштар отрядының иттер тұқымдасына жататын аң. Кәдімгі Т. жердің солт. жарты шарындағы барлық аумақта кездеседі. Кейінгі уақытта Аустралия құрлығында да климаттық қалыптасудан өтіп, кеңінен таралуда. Түсі жирен, сұрғылт сары. Құлағының сырты қара не қарақоңыр, құйрығы ұзын (ұз. 60 см-дей), сирағы қысқа. Жүні тығыз әрі жұмсақ. Реңі ж. маусымына қарай өзгереді (түлейді): жоны мен бүйірі көбінесе сарғыш жирен, бауыры мен құйрығының ұшы ақшыл тартады. Тұрқы 70-77 см, салмағы 6,5-6,8 кг. Селдір орманды ашық жерлерді, өз.-көл жағалауларын, аңыз, тау баурайларын мекендейді. Күндіз інінде жатып, түнге қарай қорек іздейді. Әдетте ұсақ жәндіктермен, көбінесе тышқандармен қоректенеді, қорегінің құрамында 300-ден астам жәндік пен ондаған өсімдік түрлері болады. Қаңтар-ақпан айларында ұйығып, 49-58 күннен кейін 4-6 күшік табады. Терісі бағалы аң, әсіресе, қарабурыл Т-нің терісі жоғары бағаланады. Бір жағынан, кеміргіштерді жойып, а. шар-на пайда келтірсе, екінші жағынан, құс шар-на зиян тигізіп, құтыру ауруы вирусын таратады.

ТҮЛКІБАЕВ Марғыша – комсомол қызметкері, баспасөз саласының ардагері.

ТҮНДІК – Ертіс алабындағы өзен. Қарағанды обл. Қарқаралы (және бұрынғы Қазыбек би), Павлодар обл. Баянауыл, Май ауд. жерімен ағады. Атауы терістікке, солт-ке қарай ағатын өз. деген ұғымды білдіреді. Ұзындығы 305 км, су жиналатын алабы 10100 км^2. Қарқаралы ауд. Кешубай және Қоңыртемірші тауларының солт. баурайларынан басталып, Май ауд-дағы Қарасор к-іне құяды. Жоғ. ағысында аңғарының ені 0,2-0,3 км, орта ағысында 1-2 км (жағасы көбіне жарлы – 1-2 м), төм. ағысында 7-10 км-ге дейін кеңейеді. Жауын-шашын, қар, жер асты суларымен толығады. Қарашада қатып, сәуірде мұзы ериді. Көп ж-дық орташа су ағымы Ақтасты а-ның тұсында 0,4 м^3/с. Негізгі салалары Ақжарық (37 км), Қызылащы (48 км), Сарыбұлақ (21 км), Ащышиөзек (78 км), Егіндібұлақ (21 км), Күндік (10 км), Жоғарғы

Қарасу (30 км), Төменгі Қарасу (35 км), Жарқайың (17 км), Бала Түндік (67 км). Алабы – жайылым, жайылмасы – шабындық. Түндік өз. қос жағалауындағы елді мекендерді сумен қамтамасыз етеді. Шабындықты, жайылымдарды суландыруға пайдаланады.

ТҮСІПБАЕВ Нәжікен (1919, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1986, Егіндібұлақ ауд., Ақтасты а.) – педагог, а. шар. ұйымдастырушы. А-дағы сауат ашу мект-терінде хат танып, к/з құрылысы жұм. араласты. 1942 ж. ҰОС алынып, Калинин майданында Мәскеу қорғанысына, Ржев, Великий Лукий қ-ларын азат етуге қатысты, 2-Прибалтика майданы құрамында соғысып жүргенде 1944 ж. соңында ауыр жараланып, елге оралады. Соғыстан соң Қарқаралы пед. уч-сін тәмамдап, 1946-55 жж Мыржық, Қорық а-дарындағы баст. мект-терде, Арқалық орталау мект-інде сабақ берді. Отызмыңыншылар бастамасымен пед. қызметкерлерді а. шарна жіберу кезінде Т. 1955-72 жж еңб. ұжымдарын, әуелі к/з төрағасы болып, кейін «Арқалық» с/зының Тасшоқы, Едірей, Шілдебай бөл-шелерін басқарды. Ол көптеген жауынгерлік және еңб. наградаларына, соның ішінде «Құрмет белгісі» орденіне ие болды.

ТҮСІПБЕКОВ Тұрысбек (14.06.1946, Қу ауд., Мыржық тауы, Маңыбай бұлағы) – күйші-домбырашы, педагог, Тәттімбет мұрасын насихаттаушы, ҚР мәд. қызм. үздігі (2012). 1964 ж. Егіндібұлақ ОМ, 1969 ж. Қарқаралы зооветтехн-ын, 1976 ж. С.Сейфуллин атынд. Цениноград мемл. пед. ин-ын бітірді. 1976-85 жж Егіндібұлақ ауд. радиохабарын ұйымдастырушы, 1985-2011 жж Егіндібұлақ өлкетану мұражайының дир-ы қызм. атқарды. Тәттімбеттің көптеген күйін шебер орындайды. Композитор шығ-ғы туралы әртүрлі басылымдарда 200-ден астам мақала жариялады. Тәттімбеттің «Сарықамыс» күйі күйтабаққа жазылды. «Өнер» баспасынан 1988 ж. шыққан «Сарыжайлау» күйлер жинағында ұлы композитордың «Сары қамыс», «Көш жанаған», «Жылқыда» сияқты өте сирек тартылатын күйлері Т-тің орындауында нотаға түсті. Тәттімбеттің туғанына 175 ж. толуына орай өткен және т.б. күйшілер байқауында бас жүлдеге ие болды. Қарағандымен қатар Ақмола, Алматы, Оңт. Қазақстан, Жамбыл обл-тарының Мәд. үйлерінде лекциялар оқып, күй шертті. 2016 ж. Қарағанды қ. №36 ЖББОМ-те Т.Түсіпбеков атынд. домбыра сыныбы, мект. тар.-өлкетану мұражайында Т. арналған бұрыш ашылды. Астана қ-да «Алтын домбыра» қорын ұйымдастырып, шертпе күй орындау дәстүрін ұрпаққа жалғастыру жұм. жүргізуде.

Г.ТҮСІПБЕКОВА

ТҮСІПОВА Аманжол Қызыкенқызы (4.04.1935, Шет ауд.) – педагог, білім беру саласының ардагері. 1952 ж. ОМ, 1956 ж. Қарағанды мемл. пед. ин-ның химия-биология ф-ін бітіріп, 1959 ж. дейін Шет ауд. ОМ-інде мамандығы бойынша жұм. істеді. 1959 ж. Қу ауд. №1 ОМ-ке мұғ. болып орналасып, жемісті қызм. атқарды. Т-ның озық пед. іс-тәжірибесі ауд., обл., респ. пед. оқу-жиындарда талқыланып, таратылып, лайықты марапаттарға ие болды. Ол 1984 ж. Шымкентте өткен респ. пед. оқуға қатысты.

ТІЛЕНШІ БИ Бекболатұлы (XVIII ғ-дың екінші жартысы – қоғам және мемл. қайраткері, қазақтың Орта жүзінің ең соңғы ұлыс биі, Қаздауысты Қазыбектің немересі. Т. Бекболаттың Кішік есімді қалмақ нәсілді қатынынан туады. Атасындай болмаса да, тұтас Орта жүздің сөзін ұстаған, аумалы-төкпелі заманда елдің ішкі-сыртқы саясатына айтарлықтай ықпал жасаған тұлға. Т. заманында жоңғар шапқыншылығы түбегейлі тыйылғанымен, қазақ жерін талапайға салғысы келген Қытай арандатушылары мен Ресей отаршыларының араны ашыла бастаған кез еді. Осындай жағдайда ел бірлігін сақтап, халықты бір орталыққа топтастыруға Т. үлкен еңбек сіңірді. Ел аузымен жеткен аңыз әңгімелерде ол Керей тайпасынан шыққан Ер Жәнібекпен қатты сыйласқаны, жұртының азаттығы жолында басқа да батырлармен тізе қосып, іс-әрекет жасағаны айтылады. Т-ден Тоқсанбай, Алшынбай, Берді, Қойшы, Бұзау, Ахмет туады. Алшынбай әрісі Арғын тайпасын, берісі бүкіл Қарқаралы дуанын жатқызып, тұрғызған әйгілі тұлға болғаны мәлім. Ақын, әнші-композитор Мәди Бәпиұлы – Т-нің шөбересі.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ТІЛЕНШІ БИДІҢ КІСЕСІ – XIX ғ-дың басындағы, бәлкім XVIII ғ. соңынан қалған жәдігер. Тіленші би қайтыс болған соң туысқаны – Қаздауысты Қазыбектің Базаргелдісінен тарайтын Кәңке қажының иелігіне көшеді. Кейін мұрагерлік жолмен оның баласы Балуан

қажыға – одан немересі Мұстафаға қалады. Мұстафа молда бақилық болғанда кісеге ұлы Мұхамеджан (Қатай) ие болыпты. Қазір ол Қатай марқұмның Теміртау қ. тұратын кенжесі Еркеғалидың қолында.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ТІЛЕУБЕК (Тілеуке) – Шаншар абыздың Нұрбикеден туатын үш (кейбір шежіреде – төрт: Бердібек (Бертіс), Тұрлыбек, Тілеубек, Ақылбек) бегінің бірі. Т-тен Жарылғап, Ерне, Бейне, Шақабай, Ешкілтай, Тауасар тарайды. Бұл алтауының ішінде өскені – Жарылғап. Алшынбай заманында Нұрбике-Шаншардың сөзін ұстаған екінің бірі – Баймұрын, оның ұлы Ақай, оның балалары Мақат қажы мен Алаштың ақсақалы Хасен; әйгілі әншілер Айтбай Демікпеұлы мен баласы Ғаббас, мемл. және қоғам қайраткері Нығымет Нұрмақов, Қазақ КСР еңбек сіңірген артисі Қуан Лекеров, т.б. белгілі тұлғалар Жарылғаптан тарайды.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ТІНІБЕК – Шаншар абыздың Айбикеден туатын төрт бегінің бірі, Келдібек бидің інісі. Шамамен XVII ғ-да өмір сүрген. Ел ішіне кең тараған шежіре бойынша Т-тен Түрікпенәлі, Шора, Кеншінәлі, Көшекәлі деген ұрпақтар тарайды. Қазақ – қалмақ соғысы кезінде бұл атадан ел қорғаған батырлар көп шыққан деген дерек бар.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

УУУ

УАХИТОВ Бекен Уахитұлы (8.09.1952, Егіндібұлақ а.) – инженер, мемл. қызметкер. 1970 ж. Егіндібұлақ а. №1 ОМ, 1976 ж. Қарағанды тау-кен техн-ын, 1987 ж. Қарағанды политехн. ин-ын бітіріп, 1998 ж. ҚР Жоғ. мемл. қызм-шілер ісін басқару басқ-ның жолдамасымен АҚШ-тың Санта Круз атынд. жоғ. мемл. басқару ин-ында (Аризона штаты) біліктілігін жетілдіру курсынан өтті. Еңб. жолын 1970 ж. ПМК-1014 мекемесінде тас қалаушылықтан бастады. 1976 ж. №2 автопаркте инж., 1978-97 жж «Стройпластмасс» комбинатында инж., цех бастығының ор-ы, цех бастығы, бас механик, «Ремонтник» МТП дир-ы қызм. атқарды. 1994 ж. І шақырылған обл. мәслихаттың депутаты болып сайланды. 1997-2002 жж Октябрь ауд. әкімінің ор-ы, 1-ші ор-ы, әкімі лауазымында еңб. жасады. 2002-09 жж «Горкомтранс» ЖШС бас дир-ы, Қарағанды қ. тұрғын үй-коммун. шар. (ТКШ) бөл-нің бас маманы, 2009-2011 жж Қарағанды обл. бойынша Табиғи монополиялар дир-ның ор-ы, энергетика және ТКШ басқ-ның бастығы, 2012 ж. Қарағанды қ. әкімшілігі жанындағы «Благоустройство» КМК дир-ы, 2012-14жж «Файн Феникс» ЖШС дир-ы міндетін атқарып, қазіргі таңда «Қарағанды қ. әкімдігінің тұрғындарды еңб. қамту орталығы» КМБ дир-ы болып еңбектенуде. Мемл. қызм. пен қ. құрылысы және коммун. саладағы ұзақ ж-ғы табысты еңбегі үшін «Құрмет» орденімен, медальдармен марапатталған.

УАХИТОВ Ержан Мұхтарұлы (14.08.1965, Егіндібұлақ а.) – отставкадағы полиция полковнигі, ІІМ үздік қызметкері. 1982 ж. Егіндібұлақ а. №1 ОМ, 1990 ж. Қарағанды политехн. ин-ының жол-көлік ф-ін тәмамдады. «Карагандапромстрой» тресінде механик болып еңб. жолын бастады. 1992-96 жж «Қазстройполимер» комбинатында механик, шебер лауазымында жұм. істеді. 1996 ж. Қарағанды обл. ІІББ-на батальон инспекторы қызм. ауысып, 1997-2016 жж ІІД кадр жұм. басқармасында инспектордан басқарма бастығы дәрежесіне дейінгі сатыдан өтіп, зейнеткерлікке шықты. У. жемісті еңб-і және кәсіби шеберлігі жоғ., білікті мамандар даярлап, тәрбиелеуге қосқан үлесі үшін біршама мемл. наградалар мен сала басшылығының Құрмет грамоталарын иеленді. Туған жерінің жастарына салауатты өмір салтын насихаттап, бұқаралық спортты дамыту мақсатымен 2000 ж-дан бері Егіндібұлақ а-да футболдан «Ника» турнирін ұйымдастыруға мұрындық болуда.

УАХИТОВ Мұхтар (08.06.1936, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі) – сауда саласының ардагері, КСРО Кеңес тұтыну кооперациясының үздігі (1980). 1962 ж. Егіндібұлақ а. ОМ, 1979 ж. Кеңес сауда техн-ын (Алматы) бітірді. 1960 ж. Қу ауд. тұтыну одағына жүргізіуші болып орналасып, 1961-67 жж Егіндібұлақ а-ндағы шар. маг-нің сатушысы, «Қаратау» с/зы автодүкенінің сатушысы һәм жүргізушісі, 1970-81 жж Егіндібұлақ ауд. тұтыну одағына қарасты шар. және аяқ киім қоймаларының, 1982-87 жж шар. бұйымдар және өнеркәсіп

қоймаларының меңг-сі, 1987-88 жж наубайхана қоймашысы, 1988-93 жж Егіндібұлақ ауд. санэпидемст-сы шар. бөл-нің меңг-сі қызм. атқарып, зейнеткерлікке шықты. У. ұзақ ж-дар сауда саласында қызм. атқарып, бірнеше мемл. наградалармен марапатталды.

УӘЛИХАНОВ Шоқан (Мұхаммед Қанафия) Шыңғысұлы (11.1835, қазіргі Қостанай обл., Сарыкөл ауд., Құсмұрын к. маңы – 10.04.1865, Жетісу, Көшентоғай) – қазақтың ұлы ғалымы, XIX ғ. 2-нші жартысында Қазақстанда туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің тұңғыш өкілі, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы. Бала күніндегі еркелеткен атымен «Шоқан» аталып кеткен. Әкесі Шыңғыс Уәлиханұлы Аманқарағай дуанының (орт. Қараоба мекені) аға сұлтаны еді. Округ орт. 1844 ж. Құсмұрын қамалына ауысқан соң дуан аты Құсмұрын болып өзгерді. Шоқанның атасы Уәли Орта жүздің ханы болған. Арғы атасы Қазақ Ордасының Ұлы ханы Абылай. Шоқанның балалық шағы қыста Обаған бойындағы Күнтимес ордасында, жазда Есілдің оң саласы Аққанбұрлық алабындағы ата жайлауда және әжесі Айғаным тұратын Сырымбеттегі хан ордасында өткен.«Жеті жұрттың тілін білуге тиісті» хан тұқымы болғандықтан, Күнтиместегі ордада әкесі ашқан а. мект. хат таныған У. осында ортағ-лық қыпшақ-шағатай, парсы, араб тілдерін меңгереді. Жақын туыстарының естеліктеріне қарағанда, ол бала кезінен білімге бейім әрі құмар болған. Тарихи аңыз-әңгімелерге қызыққан. Данагөй билердің әңгімелерін, акындардың өлең- жырларын жасынан зор ықыласпен тыңдап өсті. Оған тәрбие беруде әжесі Айғанымның ықпалы күшті болды. Ол немересіне ежелгі қазақ аңыз-әңгімелерін, мақал-мәтелдері мен даналық сөздерін жиі айтып отыратын. У. 12 жасына дейін Құсмұрында оқып, мұсылман діні ілімімен танысты. Болашақ ғалымның әкесі – Шыңғыс Уәлиханов білімді адам болды. Ол 1834 ж. Омбыда Сібірдің казак әскери уч-сін бітіріп, орыс армиясынан жоғары әскери шен – полковник атағын алды және Қазақстанды басқару аппаратында жауапты қызм. атқарды: Құсмұрын округінің аға сұлтаны, Сібір қырғыздары обл. басқ-ның кеңесшісі, Көкшетау округінің аға сұлтаны болды. Ресейге сіңірген еңбегі үшін оған өмірлік мұра ретінде дворян атағы берілді. Болашақ ғалымның ана жағынан туыс нағашылары – Баянауыл өңіріндегі әйгілі Шормановтар. Шорманов Мұса орыс армиясының полковнигі, белгілі би, Баянауыл сыртқы округының аға сұлтаны еді. 1842 ж. 12 жасар баланы әкесі сол кездегі ең таңдаулы оқу орнына есептелген Сібір кадет корпусына оқуға орналастырады. У-тың бүкіл келешегі мен ғылым, өнер жолындағы талантын ашуда бұл оқу орнының маңызы ерекше. Жабық әскери оқу орны болғанымен, әскери сабақтарға қоса орыс, бат. әдебиеті, география мен тарих, философия, физика, матем. негіздері, шетел тілдері оқытылып, орыстың озық ойлы зиялыларының өкілдері сабақ берді. Оқытушылар құрамында білімді, прогресшіл ой-пікірлі адамдар көп болды. Кадет корпусына түскенде У. орысша білмесе де өзінің зеректігімен тілді тез үйренді. Онымен корпуста бірге оқыған Г.Н.Потанин: «Шоқан орыс жолдастарын басып озып, тез жетілді… Оған талайлар назар аударды. Ол сондай қабілетті еді және оқуға түспей тұрып-ақ сурет сала білетін», дейді. Оған, әсіресе, орыс тілі мен әдеб. оқытушысы, шығыстанушы Костылецкий мен тарихшы Гонсевский күшті ықпал етті. Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Герцен, Белинский, т.б. орыс классиктерін және бат. әдеб-нен Диккенс, Теккерей, Руссо шығармаларын, «Современник» журналын үзбей оқып, әлеум. өмір мен әдеб. ағымы қай бағытта, қалай дамып бара жатқанын аңғара алатын, өз кезінің саналы азаматы болды. Сібір кадеті корпусында оқудың соңында У. саналы, терең ойлы, жан-жақты білімді, дербес көзқарасы қалыптасқан, туған халқының қажет-мұқтажын пайымдап, түсінетін, оған барынша пайдалы қызмет етуге әзір азамат екенін танытты. Ол озық ойлы оқытушылардың игі ықпалымен өзінің жоғары қабілеті мен дарындылығы арқасында дүние жүзі әдеб-нің озық үлгілерін оқып, ғыл. пайымдау, тұжырым жасай алды. Зерттеушілік қабілеті осы корпуста оқып жүргенде қалыптасып, дамыды. Ол жазғы демалыста ел ішіндегі халық жырлары мен дастандарын жазып алып, аңыз-әңгімелерді жинауға қызықты. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры оның алғаш жазып алған шығ-ның бірі болды. У-тың зерттеушілік қабілетін байқаған проф. И.И.Березин оны ескі жазу ескерткіштерін зерттеу ісіне тартты. У-тың «Профессор И.Н.Березинге хат», «Профессор И.Н.Березиннің «Хан жарлықтары»

кітабына рецензия», т.б. алғашқы ғыл. еңб. өзінен-ақ, оның болашағы зор ғал., зерттеуші болатыны аңғарылды. Оның біліміне мұғ-дері мен құрбылары ерекше қызығып, сол кездің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерімен таныстығын достары үлгі тұтып, мойындаған. У. олардың Еуропа мәд-іне бет бұруына себепші болды. «Жасы кіші болса да, бізбен салыстырғанда, ол ересек секілді де, біз оған қарағанда бала тәрізді едік, бізден артық білетінін не білімі жоғарылығын көрсетуге тырыспаса да, жай әңгіменің өзінде-ақ, оның білімі бізден артықтығы танылып қалатын. Жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз «Еуропаға ашқан терезе» сықылды болды», – деп жазады Г.И.Потанин. Қырағы да зейінді У-қа сурет салу өнері сол кездің өзінде-ақ халық өмірін бейнелеудің тамаша құралы болып табылды. Туған жері Сырымбеттің, жазғы жайлау мен қысқы қоныстардың суретін салумен шұғылданады. 1847-52 жж салған суреттерді У. «корпустан елге демалысқа барғанда салған суреттер» – деп атайды. Г.Н.Потанин: «Кадет корпусының соңғы курстарында оқып жүрген кезімізде Шоқан өз әңгімелерімен менің дәптерімді толтырды. Біз қазақтардың сұңқар салып, саят құру салтын толық жазып алдық. Шоқан сұңқарды қалай баптап күтудің әдісін өте жақсы білетін. Дауылпаз бен сұңқардың, т.б. суреттерін салып, ол менің жазбамды толықтыра түсетін», – деп жазды. Мұның өзі У. өнері жан-жақты екенін, оған курстастары қызығып, ерекше құрметпен қарағанын дәлелдей түседі. Ол кадет корпусында оқып жүргенде-ақ, саяхатшылар өмірі мен ісі туралы жазылған еңб-терге қызығушылықпен қарап, танысты. Осы еңб. әсерімен ол саяхатшы болуды, Орта Азияны аралап, жете танысуды армандады. Кадет корпусын 1853 ж. 17 жасында бітірген У. Бат. Сібір ген.-губернаторы кеңсесінде қызметке қалдырылды. Бір ж. кейін Бат. Сібір мен Қазақстанның солт.-шығ. аудын басқаратын ген.-губернатор Гасфорттың адьютанты болып тағайындалады. Осы қызметті атқара жүріп Орта Азия халықтары тарихын, этнографиясы мен географиясын зерттеуге белсене араласады. 1854 ж. кадет корпусындағы ұстазы Костылецкийдің өтініші бойынша шығыстанушы, Қазан ун-нің проф. И.Н.Березиннің тапсырмаларын орындайды. Березин У. жинаған қазақ ауыз әдеб. нұсқаларымен, «Қозы Көрпеш Баян сұлу» жырымен таныс еді. Ол Березин бастырып шығарған «Тоқтамыс ханның жарлығы», хан жарлықтары туралы басқа да еңб-ге тыңғылықты талдау жасайды. Бұл оның алғашқы ғыл. зерттеулерінің бірі еді. Жастығына қарамай, оның білімдарлығын, әсіресе, шығ. әдеб. мен тарихын жақсы білетіндігін сол кездегі орыс ғалымдары жоғары бағалап, мойындай бастады. Ұлытау-Жезқазған өңіріне сапар шегіп, Алаша хан мазары, Жұбан ана кесенесі, Аяққамыр күмбезі секілді сәулет ескерткіштеріне сипаттма берді. Ер Едіге, Қойлыбай бақсы, Байғозы, Жаулыбай және Оразымбет (Оразай) батырлар жайлы құнды тарихи деректер қалдырды. 1855 ж. Бат. Сібір ген.-губернаторымен бірге Семей, Аягөз, Қапал арқылы Алматыға дейін келіп қайтады. Осы сапарында қазақ, қырғыз ауыз әдеб. үлгілерін, тарихы мен этнографиясы материалдарын жинай жүреді. Бұл материалдар негізінде кейін ол «Тәңірі (құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбектер жазды. Сол сапардан кейін әскери лауазымы бір сатыға жоғарылап, поручик шенін алады. 1856 ж. полковник М.М.Хоментовский басқарған Ыстықкөл әск.-ғыл. экспедициясына қатысып, қырғыз елін жете зерттейді. Қырғыздар мен Ұлы жүз қазақтарының тарихы, этнографиясы жайлы мәліметтер, ауыз әдеб. нұсқаларын жинайды. Әлем ғалымдары арасында тұңғыш рет «Манас» эпосының ең шұрайлы бөлігі «Көкетай ханның ертегісін» жазып алады. «Манас – халық даналығының туындысы, барша халық ертегілерінің, хикаялары мен аңыздарының, география, дін және салт-сана, әдет-ғұрпы жөніндегі түсініктерінің энциклопедиялық жинағы – дала «Илиадасы» деп бағалады. Қырғыздың көне тарихы жөнінде жазған К.Риттердің, А.Гумбольттің, шығыстанушы Шотт пен Клапроттың еңб-іне сын айтады, Бұдан кейін Құлжа қ. болып, оның нәтижесінде Шығ. Түркістанның өткені мен бүгіні туралы зерт. жазды. Осы сапарларда жинаған материалдарды «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Қазақтың халық поэзиясының түрлері туралы», «Ыстықкөл сапарының күнделігі», «Қытай империясының батыс өлкесі және Құлжа қаласы» еңбектерінде пайдаланды. Табиғат пен ел тұрмысын шебер суреттейді. Осыдан соң оны орыс достары «Қазақ тақырыбына жазатын орыс жазушысы» деп атаған. Тарих, география саласындағы

даңқы Петербург ғалымдарына жетіп, жиырмадан жаңа асқан У-ты Орыс География қоғамының толық мүшесі етіп сайлайды. Тамаша білім алып шыққан жас ғалым түрлі ғыл. экспедицияларға белсене қатысты. Қазақ даласын, онымен шекаралас елдердің аумағын, ондағы халықтардың тарихы мен жағдайын жақсы білетін ғалымға орыс зерттеушілері қатты қызығып, оның көмегіне мұқтаж болатын. У. 1856 ж. көрнекті ғал., географ П.С.Семенов-Тянь-Шаньскиймен танысады. Ол жас қазақ ғалымының қабілетіне сүйсіне қайран қалды. Шығ. Қазақстан мен Жетісуға, қырғыз еліне жасаған сапары оның ғалым ретіндегі даңқын арттырды. 1858-59 жж У. атақты Қашғария сапарына барып қайтты. Оған дейін ол өлкеде бірде-бір Бат. зерттеушісі болып көрмеген еді. Неміс ғал. Р.Шлагингвейттің еуропалықтар үшін мүлде жабық өлкеге барып қайтпақ болған сапары қайғылы аяқталып, ол қатал өлім жазасына душар болған-ды. У. аса қиын құпия жағдайда, өміріне қатер төндіре жүріп, Қашғария өлкесінің тарихы, этнографиясы, мәд. мен геологиясы, географиялық жағдайы жайлы бұған дейін мүлде белгісіз, аса құнды деректер жинап қайтты. Соның негізінде «Алтышаһардың, яғни Қытайдың Нан лу уәлаятының шығыстағы алты қаласының жайы» деген атақты еңбегін жазды. Бұл Шығ. Түркістан халықтарының тарихына, әлеуметтік құрылысына арналып, сол заман ғылымының биік деңгейінде жазылған әлемдегі тұңғыш зерттеу жұмысы еді. Зерттеуді Ресейде де, одан тыс жерлерде де шығыстанушы ғалымдар жоғары бағалады. Ресей үкіметі жас ғалымды ғылымдағы ерлігі үшін 1860 ж. Санкт-Петербургте орденмен марапаттап, әскери шенін жоғарылатты. Орыс патшасы II Александрмен кездесу кезінде У. оған орыс шенеуніктерінің қазақ халқына жақсы қарауы жайлы өтінішін жеткізді. Петербургте болған кезінде (1859-61) У. әр түрлі әскери және ғыл. мекемелерде жұмыс істеді. Ресей шығыстанушылары мен дипломаттары, жазушылар, ақындар оған піріндей табынды. У. Қазақстан, Орта Азия, Шығ. Түркістан карталарын жасаумен айналысты. Шығ. елдері қолжазбаларын мұқият зерттеуді жалғастырды. Оны Орыс географиялық қоғамы Шығ. тарихы туралы лекция оқуға шақырып тұрды. Алайда, туберкулез ауруы меңдегендіктен Петербургтен елге, Сырымбетке оралады. Туған халқының екі жақты қанауда езілгенін көріп, 1862ж. сайлауда Атбасар округының аға сұлтаны болуға талпынады. Бірақ, бұл мақсатын орындай алмайды. У. қарсыласынан көп дауыс алып жеңіске жеткенімен, ген.-губернатор оның халық арасында ықпалы мен беделі зор болып кетеді деп сескеніп, «науқасына байланысты қызметтен бас тартты» деген өтірік сылтаумен, аға сұлтандыққа бекітпей қояды. У-тың негізгі ойлары «Қырдағы мұсылманшылық туралы», «Қырғыздардың көші-қоны туралы», «Сот реформасы туралы жазбаларда» баяндалады. 1864 ж. наурызда У. генерал Черняевтың Оңт. Қазақстанға жасаған әскери экспедициясына қатысты. Бірақ әскери қызметі ұзаққа созылмады. Орыс империясының Оңт. Қазақстан мен Орта Азияны Ресей қарамағына бағындыру мақсатын көздеген жорығына аудармашы, жергілікті халықпен бейбіт мәмілегерлік келісімдер жасау үшін қатысқан ол, Черняев бастаған орыс отаршыларының Әулиеатаны (Тараз) алу кезінде шаһар халқына жасаған жауыздығынан жаны түршігіп, кейін қайтады. Верный (Алматы) қ-на келіп, одан әрі Тезек төренің а-нда (қазіргі Алматы обл., жазда Күреңбел жайлауы, қыста Алтынемел асуының күнгейі) тұрақтап қалады. Тезектің немере қарындасы Айсарыға үйленеді. Сонда жүргенде өкпе ауруы қайта қозып, 1865 ж. сәуірде қайтыс болады. Сүйегі Алтынемелдің баурайындағы Көшентоған деген жерге қойылады. У. аз ғұмырында адам қабілетінің ғажайып мүмкіндіктерін, гуманизмнің биік өресін, ұлтжандылықтың жалтақсыз үлгісін, ғыл. қабілет пен алғырлықтың қайран қаларлық өнегесін барша болмысымен, нақтылы іс әрекетімен дәлелдеп үлгерді. Одан қалған 150-дей сурет – бейнелеу өнері туындылары осы өнер саласында қазақтың тұңғыш кәсіби суретшісі болғанын дәлелдейді. Ғалым негізінен портрет, пейзаж және халықтың тұрмыс-салтын бейнелеумен айналысты. У. еңбектерінде басқа мәселелерден көбірек сөз болғаны – халқымыздың ұлттық санасы, оның ішінде дербес психологиялық ерекшеліктері. Қазақстан тарихы мен этнографиясын зерттеген шовинист орыстар өз еңбектерінде халқымыздың ондаған ғ-лық тарихы бар мәдениетіне қиянат жасап, тіпті ұлттық психологиямызға күйе жағып, дамудың төменгі сатысындағы халық деп келгені белгілі. Осындай астамшыл көзқарасқа тойтарыс беріп, халқының ұлттық

ар-намысын қызғыштай қорғап, қазақтарды «тағы халық» деп қарау мүлде қате, білімсіздіктің көрінісі, халқымыз ертеден елдігі, дербес өнері бар, көшіп-қонудың салдарынан оқу-білімнен кенжелеу қалса да, рухани дүниесі бай, прогресс атаулыға ұмтылғыш, жаңалыққа бейім халық деп тебіренеді. Ол қазақтардың рухани байлығын өркениеті аса бай ірі елдермен төркіндестіре қарайды, қазақ ақындарының төгілдіре жырлау қабілетін олардың негізгі ерекшеліктерінің бірі деп бағалайды. У-тың пікірінше, халық психологиясын көрсететін белгілердің бірі – халықтың тіл байлығы, сөз өнері, шешендік қасиеттері. Ол сөз өнері халық бойына біткен зор таланттың, керемет қабілеттің, ақындық қуаттың белгісі деп санады. «Халықтың тұрмысы мен әдет-ғұрпы, – деп жазды ол, – бәрінен де артық көрініс табады. Өткенді қастерлеу мен аңыздардың молдылығы – терістік және Орта Азия көшпелі халықтарының ерекше қасиеті. Қазақ тілінде араб тіліндегідей жасама бояу сөздер жоқ, ол – нағыз таза тіл». Ғұлама ғалымның осы пікірлерін кең-байтақ өлкемізде болған орыс, украин, поляк зиялылары да қостайды. Утың психологиялық пікірлерінің екінші бір арнасы дін жайлы толғаныстарымен астарласып жатады. Ғалым адам қиялы мен діни сенімдері оның табиғатқа тікелей қатынастарының бейнесі ретінде пайда болғанын айтады. У. қазақ халқындағы шамандық ұғымдардың шығу тегін түсіндіргенде де, оның психологиялық жақтарын ашқанда да, материалистік позицияны берік ұстады. Халқының әдет-ғұрпының түрлі жақтарын таңдай келіп, қазақ арасындағы кейбір жағымсыз әдеттерді де мейлінше сынап, олардың психологиялық астарына үңіліп, осы айтылғандар қазақ қауымын ілгері бастырмай келе жатқан мерездер деп қарады. Мысалы, осындай кінәраттың бірі барымта екендігін, оны жұрттың көбі баюдың, мал жинаудың ең жеңіл әдісі деп қате түсініп жүргенін баса айтты. Ол мұндай «кәсіппен» айналысқан адамның еңбекке ынтасы болмайды, жан-жүйесі жұғымсыз, ұсқынсыз келеді. Белгілі бір кәсіппен айналысу уақытты, зор ынтаны керек етеді деп дұрыс тұжырымдады. Ол жастарды сұрқия кәсіптен бойын аулақ салуға шақырып, осынау жексұрын әрекет адамды арамтамақтыққа, еріншектікке итермелейтінін айтып, осы жаман әдет, сайып келгенде, қазақ даласында түрлі кәсіптің дамуына кедергі келтіретініне тоқталды. У. қырдағы билік пен сот істерінің тарихы жайлы еңбектерінде бабасы Абылай хан Қаздауысты Қазыбекке зор баға беріп, өзіне дейін жасаған адамдар арасында таңғаларлық тұлға деп қарағанын жазады және оның ұрпақтары Бекболат, Тіленші, Алшынбайлар да заманынан бой асырған адамдар екенін көрсетеді. Кей деректер, Қарқаралыға келген сапарында У. Қоянды жәрмеңкесінде болғаны жайлы ақпарат береді.

YYY

ҮКИН Тойбазар Құсайынұлы (1908, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 07.1962, Қу ауд.) – кеңес қызметкері, а. шар. ұйымдастырушы, сала ардагері. Қу ауд. шар-тарында басшылық қызм. атқарды. ҰОС және одан кейінгі ж-дары «Айрық», «Жаңанегіз», Ленин атынд. к/здарда басқарма төрағасы болып, одан соңғы он ж-дан астам уақытта ауд. «Мал дайындау» мекемесіне басшылық жасады. Ү. 1957-61 жж Энгельс атынд. к/здың және Шарықты а. кеңесінің төрағасы қызм. атқарды.

Нәзипа АСҚАР

ҮКІБАСОВ Айтбай **(**1897, Шарықты а. округі – 1985, Шарықты) – ақын. Суырып салма ақындық қасиетімен Қу – Балқантау өңіріне танымал болған. Тамаша талант иесінің өлең-жырларына баспасөз беті бұйырмапты. Табиғатынан турашыл, айтар ойын бүкпесіз білдіретін Ү. даңғазасыз, қарапайым тіршілік етеді. Әке-шешесінен ерте айырылған оның жастық ғұмыры кісі есігінде, жалшылықта өтті. 13-14 жасынан ағайынды Мақат, Қасен байлардың жылқысын бақты. Жасынан тағдыр тауқыметін көрген жігіт өлеңді өмірінің серігі, рухани тірегі етіп, табан астында шымыр да ойлы шумақтар шығаруға машықтанады. Бізге жеткен шағын мұрасынан төкпе таланттың кемел дарынын жазбай тануға болады. Кенес үкіметі орнағаннан кейін Ү. «Шарықты» к/зына мүшелікке кіріп, 1928 ж. ата кәсіппен – қой бағумен айналысады. 1947 ж. дейін қой шар-ында еңб. етіп, одан кейін «Жалтас», «Бұлақадыр» және «Шарықты» к/здарында жылқы бақты. Адал еңб. арқасында абыройға мен

ие болды. Ү. өлеңдерінде адамдарға тазалықты, шыншылдықты, қайырымдылықты, имандылықты уағыздады.

ҮКІБАСОВ Нұрлан Кәріпжанұлы – педагог, мәд. саласының қызметкері.

ҮЛКЕН БҮРКІТТІ – тау. Қу – Балқантау өңірінің оңт. бөлігінде, 42 км жерде орналасқан. Солт.-шығ-тан оңт.-бат-қа қарай созылып жатыр. Ұз. 5 км, ені 4 км-дей, абс. биікт. 1158 м. Девон жыныстарынан және элювийлі-делювийлі шөгінділерден түзілген. Қиыршық тасты қызыл қоңыр топырағында бетеге, сұлыбас, жусан және тобылғы, қараған аралас бұталар өседі.

ҮЛКЕН ДОҒАЛАҢ – тау. Қу – Балқантау өңірінің оңт.-бат-да орналасқан. Бат-тан шығ-қа қарай 5 км-ге созылып жатыр. Абс. биікт. 1056 м. Девон жыныстары мен элювийлі-делювийлі шөгінділерден түзілген. Қиыршық тас аралас қызыл қоңыр топырағында боз, бетеге, жусан, сұлыбас, әртүрлі бұталар өседі.

ҮЛКЕН СЫРЫМБЕТ – тау. Қу – Балқантау өңірінің оңт.-шығ. шетінде, Егіндібұлақ а-нан 90 км жерде орналасқан. Оңт.-бат-тан солт-ке доғаша иіліп, 18-20 км-ге созылып жатыр. Ені 4-5 км. Абс. биікт. 1166 м. Беткейлері, әсіресе, солт. және солт.-шығ. бөлігі тік, құзды, жарлы. Түпкі жыныстары жер бетіне жақын жатыр. Девон жыныстарынан түзілген. Таудың қызыл қоңыр топырағында жасан, бетеге, қараған, аңғарларында әртүрлі шөпті-бидайықты шалғын өседі.

ҮСЕН – Бұлбұл бабаның Құбакемпір анадан туған бес ұлының бірі. Ү. атаның ұрпақтары Түндік өз. оң жағалауын, Арқалық тауын қоныстанған. Бұл тармақтан мед. ғыл. докторы, проф. Қ.Елеуов, қаламгер, филол. ғыл. кандидаты, проф. З.Тайшыбай, т.б. белгілі тұлғалар туған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҮСЕН (Құланшы) **–** Ақсақтың алтауының бірі. Шежіре деректері бойынша, Үсен жастай қайтыс болып, тармақ оның баласы Құланшының есімімен аталған. Аз тараған ата. Ел іші әңгімесінде Сәдібек үш, Қазымбет үш старшын, Асан, Балапан, Бөдене бір-бір старшын ел болғанда, Құланшы бар болғаны 40 түтінге жетті деген кепті шертетін үлкендер. Бұл атаның бірегей тұлғасы – Алаш партиясының мүшесі, белгілі публицист, меценат, педагог һәм кәсіпкер Мұстақым Малдыбаев.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҮШҚАРА – тау. Қу – Балқантау өңірінің солт. бөлігінде, Егіндібұлақ а-нан 105 км жерде орналасқан. Солт-тен оңт-ке қарай 5 км-ге созылып жатқан бірнеше төбеден тұрады, ені 3 км шамасында. Абс. биікт. 497 м. Кембрий жүйесі жыныстарынан және элювийлі-делювийлі шөгінділерден түзілген. Таудың қызыл қоңыр топырағын бетеге, көде, жусан, аңғарларын қараған, т.б. бұталар жапқан. Етегіндегі сортаңды алқапта шеңгел өседі. Ү-ның оңт.-шығ. баурайында әнші-композитор, күрескер ақын Мәди Бәпиұлы туып-өскен.

«ҮШҚАРА» – ән. Күрескер әнші-композитор, адуынды ақын Мәди Бәпиұлының қуғын-сүргінге түсіп, абақтыға жабылған кезде кір жуып, кіндік кескен туған жерін аңсағанда, «қарадан хан боп өткен» ата-бабаларының аруағынан пәрмен сұрап шығарған туындысы.

ҰҰҰ

ҰЛЖАН Тұрпанқызы (1810, Қу – Балқантау өңірі, Мыржық тауы – 1887, Шыңғыстау) – Құнанбай Өскенбайұлының келіндей алған екінші әйелі, Ұлы Абайдың анасы. Арғы атасы Орта жүздің ішіндегі Қаракесек руынан тарайтын Шаншар абыздың Нұрбике есімді әйелінен туған Бертіс биден: Бектемір – Битен – Тұрпан болып тарайды. Тұрпаннан апалы-сіңлілі Ұлжан, Молқара деген қыздар дүниеге келеді. Тұрпанмен бірге туған Қантай, Тонтай от ауызды, орақ тілді, бетті һәм тапқыр адамдар болғандықтан, былайғы жұрт олар бар жерде аса сақтанып жүретін дүр. Ұлжан өте сабырлы, сөзге ұста, ақылды, мінезге бай кісі болса, сіңлісі Молқара асқан домбырашы, өнерлі жан екен. Ұлжаннан Тәңірберді (Тәкежан), Ибраһим (Абай), Ысқақ, Оспан туады. Солардың ішінде анасының асыл қасиеттері Абайға көбірек ауысып, санасына молынан сіңген. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында Ұлжанның кесек кескін-келбеті мен қайталанбас бейнесі жасалған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ҰЛЫТАУ – қазақ жұртының алтын қазығы, ұлттық мемл. туы тігіліп, шаңырағы көтерілген жер. Ұ. аты ежелгі эллада тарихшысы Геродаттан бастап, орта ғ-лардағы, бергі дәуірлердегі Бат. және Шығ. саяхатшылары еңб-терінің бәрінде ұшырасады. Алтай тауы мен Дунай өз-і аралығындағы кеңістікті еркін иеленген Түрік қағанаты ту тіккен орталық та Сарыарқаның жоны еді. Шығ. пен Бат. аралығын жалғастырған Ұлы Жібек жолының бір тармағы Ұ. арқылы өтті. Академик Қ.И.Сәтбаев: «Геологтардың өлшеуі анықтауынша, Ұлытау бүкіл қазақ әлемінің тура географиялық ортасы, дәл кіндігі», – деп көрсетті. ...Қыпшақ даласында Алаш деп аталған мемл-тің орт-ғы Ұ-да орналасып, алғашқы ханы Алаша ақ киізбен хан көтерілді. Көне тарих куәсіне айналған оның мазары осында, Сары Кеңгір өз. жағасында мен мұндалайды. Плано Карпинидің айтуынша, Дешті Қыпшақтағы Жошы ұлысы – Алтын Орданың негізі де Ұ-да қаланды. Әулет атасы Жошының күмбезді кесенесі Қара Кеңгір өз. бойында тұр. Әмір Темір Алтын Орданың тағына өз қолымен отырғызған Тоқтамыспен соғысуға бара жатқанда Ұ-дың бат. бөктеріндегі Жетіқыз өз. бойына еру жасайды. Алтыншоқы төбесінің басына отын жинатып, үстіне үйдірген тас құрамындағы металл балқығанша өртеп жаққызған дүр. Күшті қызу салдарынан металл еруге жақындағанда алмас қылышының ұшымен жиһангерлік сапарының мақсаты жайлы жазба қалдырған. Қазақ хандығының керегесін кеңейтіп, іргесін бекіткен Жәнібекұлы Қасым ханнан бастап, Алаш даласының соңғы билеушісі Кенесарыға дейін ордасын Ұ-да тіккен. 1723 ж-ғы жоңғар шапқыншылығы салдарынан ел басына күн туған «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезеңінде Сыр бойынан ауа көшкен Орта жүз ру-тайпалары Ұ. төңірегінде тоғысып, Қаздауысты Қазыбектің шақыруымен игі жақсылардың кеңесі өтеді. Дұшпанның бетін қайтару, жәсір боп кеткен елді азат ету, жау табанында қалған жерді тазарту жолдары мен тәсілдерін келісіп, ақылдасады. Сөйтіп, Қанжығалы Бөгенбай мен Қаракерей Қабанбайдың туы астына қалың қол жиналып, осы Ұ. жерінен жоңғарларға қарсы аттанады. Қу – Балқантау өңіріне ірге бекіткенше Орта жүздің көсемі Қаздауысты Қазыбек Ұ-ды біраз уақыт қоныс қылып, жұртының бас-аяғын жинап алды деп сеніммен айта аламыз. Бұл жерде Қазыбек атымен байланысты тау мен өз. болуы ойымызды бекіте түседі. Ұ. даласында Кеңгірмен қосылатын Сарысу өз-і бойындағы Тасбұлақ бастауында Қазақ Ордасын құрған ру-тайпа көсемдерінің тарихи құрылтайы өтіп, оған қатысушылар осы жердегі биік жартасқа өз елдерінің таңбасын қашап түсіреді.

XXX

ХАЛЫҚ Жекемұратұлы (1880, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1974, Егіндібұлақ ауд., Едірей а.) – аңшы-саятшы. Күрескер ақын, әнші-композитор Мәди Бәпиұлының сенімді серіктерінің бірі болған. Кеңестік-коммунистік солақай саясат салдарынан мал-мүлкі тәркіленген қазақтар аштан қырылған, бойынша әлі бары жан-жаққа босып кеткен 1931-32 жж Х. Едірейден қозғалмай, отбасы мен туған-туыстарын аң аулап асырағанын ел аңыз етіп айтады. Халықтың байырғы салт-санасын, саятшылық дәстүрін сақтаған Х. ақсақал кейінгі ұрпаққа өнір тарихы мен осында жасаған белгілі тұлғалар жайлы біршама мәлімет жеткізді.

ХАМЗИН Мағауия (29.12.1929, Қарқаралы уезі, Қоңырат ауд., Қоңырат кенті – 2000) – күйші-композитор, домбырашы, шертпе күйді шебер орындаушылардың бірі, Қазақ КСР-ының халық артисі (1979). Алматы музыка уч-сін бітірді (1949). Еңб. жолын 1944 ж. Қарағанды филармониясында музыкант болып бастады. Орындаушылық шеберлігі артқан соң, 1949-52 және 1958-61 жж Қазақтың халық аспаптар оркестрінде қызм. жасады. 1952-57 жж Балқаш мыс қорыту зауытының көркемөнерпаздар ұжымына жетекшілік етті. 1961 ж-дан «Қазақконцерт» бірлестігінде жеке домбырашы болды. Тәттімбет күйлерін шебер орындап, насихаттаушылардың бірі. Оның репертуарына, сондай-ақ, Тоқа, Дайрабай, Әбді, Аққыз, т.б. композиторлардың шығ-лары кеңінен енді. Х. «Қосбасар», «Шахтер күйі», «Алтын астық», «Жайлау», «Жарыс», «Белгісіз солдат», «Тоқырауын толғауы», «Шопан күйі», «Жас қазақ»,

т.б. күйлердің авторы. Ол «Дәстүрлі музыка өнеріне сіңірген аса зор үздік еңбегі үшін» арнайы жүлдесінің иегері.

ХАСЕНОВ Қарпыш (Қариполла) (1924, Қарқаралы уезі, Едірей болысы – 198?) – еңб. ардагері. Ата-анасы 1934 ж. қайтыс болып, туыстарының қолында тұрған. 1941 жылы Қарқаралы қ. ОМ-тің 7 сыныбын бітіріп, еңб. араласады. Свердлов обл. (Ресей), Нижний-Тагиль қ-сы металлургия зауытында жұм-шы, Қу ауд., К.Маркс атынд. к/зда сатушы, к/зшы болды. Еңб-ке, оқуға ынтасы арқасында Қу ауд. прокуратурасына хатшылыққа қабылданады. 1947-58 жж мал өнімдерін дайындау ауд. мекемесінің, Жамбыл атынд. к/здың бас есепшісі, 1958-65 жж ауд. инспекцияның нұсқаушы-есепшісі, Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/здың бас есепшісі, 1965-78 жж ауд. а. шар. басқармасы есеп бөл-нің басшысы, 1980-85 жж «Қаракөл» мамандырылған шар. бірлестігінің кешенінің, ауд. «Мемлауылшартехникасы» мекемесінің бас есепшісі қызм. абыроймен атқарды. Тамаша маман болумен қатар көптеген шәкірт тәрбиелеген тәлімгер Х. біршама мемл. наградалармен марапатталды.

Дулат ЖҮНІСБЕКОВ

ХАСЕНОВ Хамит (1928, Қарқаралы қ./ Қу өңірінің тумасы – 14.08.1993, Алматы қ.) – журналист, парт. қызметкері. Қазақтың С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. мемл. ун-ін (1952), СОКП ОК жанындағы Жоғ. парт. мект. (1960) тәмамдаған. Еңб. жолын 1947 ж. Қарқаралы ауд. парт. к-інде статист болып бастады. ЖОО бітірген соң, 1952-58 жж Қазақстан КП ОК жанындағы парт. тарихы ин-ында кіші, аға ғыл. қызм., 1958-60 жж Жоғ. парт. мект. тыңдаушысы, 1960-61 жж ҚазТАГ дир-ның ор-ы, 1961-63 жж Парт. тарихы ин-ында сектор меңг-сі, 1963-69 жж Қазақстан КП ОК хатшысының көмекшісі, 1969-75 жж Қазақ КСР Мемлтелерадио к-і төрағасының ор-ы, 1975-83 жж Қазақ ҚСР Телевидение және радиохабарларын тарату мемл. к-інің төрағасы қызм. атқарды. Ол 9-10 шақырылған Қазақ КСР Жоғ. Кеңесінің депутаты. Еңбек Қызыл Ту орденімен, медальдармен марапатталған. Х. «Время диктует стиль» кітабының (1982) авторы.

Ш Ш Ш

ШАЕКИН Рауан Михаилұлы (1962, Қарқаралы ауд., Бүркітті а. кеңесі) – заңгер, экономист, халықар. қатынас саласы маманы, қоғам қайраткері, заң. ғыл. кандидаты. КСРО ІІМ Қарағанды Жоғ. мект. (1983), ҚарМУ-ді (1988), ЕМУ дипломатиялық қызм. академиясын (2004) бітірген. Қарағанды қ. ішкі істер органдарында, обл. адвокаттар коллегиясында адвокат қызм. атқарды. 1996-99 жж «Азия-Орталық» концерні президенті лауазымында еңбектенді. 1999-2016 жж ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттығына сайланып, Экон. реформа және аумақтық даму жөніндегі к-тің мүшесі болды. Бірнеше мемл. марапаттың иесі.

ШАЙМАНОВ Бағдат (7.11.1947, Қу ауд., Арқалық а. кеңесі, Айрық а.) – педагог, статист. 1966 ж. Егіндібұлақ а. 11 жылдық мект., 1970 ж. Қарағанды мемл. пед. ин-ының тарих ф-ін және Жамбыл гидромелиорация-құрылыс ин-ның «Экономика және су шаруашылығын ұйымдастыру» ф-ін (1992) инж.-экон. мамандығы бойынша бітірді. 1970-77 жж Егіндібұлақ ауд-ның Арқалық, Комсомол ОМ-терінде тарих және геогр. пәнд. мұғ-і, оқу ісінің меңг-сі. 1977-78 жж Целиноград а. шар. ин-ы ғыл. коммунизм каф-сында оқытушы қызм. атқарды. 1978 ж-дан – Жамбыл обл. статистика басқ. есептеу орт-нда ауд. ақпараттық-есептеу ст-лары жұм. ұйымдастыру және есептік станцияларды механикаландыру бюросының бастығы. 1981 ж-дан – Жамбыл обл. статистика басқ. есептеу орт. дир-ының ауд. ақпараттық-есептеу ст-лары жұм. ұйымдастыру жөніндегі ор-ы. 1986 ж-дан – Жамбыл обл. статистика басқ. бастығының ор-ы – әлеум. статистика бөл-нің бастығы, 1991 ж-дан басқ. бастығының ор-ы. 1998 ж-дан – ҚР Статистика және талдау агенттігі төрағасының ор-ы. 1999-2010 жж Оңт. Қазақстан обл. статистика департаменті бастығы. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін, 2011-16 жж Шымкент қ. «Үйде арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету» ММ басшысының ор-ы қызм. атқарды. Статистика саласында ұзақ жыл мінсіз қызм. атқарғаны үшін көптеген мемл. марапаттарға ие болған.

ШАЛҚАРОВ Мәжит (1911, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 1943, ҰОС-ның майданы.) – әнші, драмалық тенор. Жастайынан ән-күйге құмар, өнерге бейім болып өскен Ш. 1934 ж. Семей

обл. драма театрына (Қарқаралы округі бүкіл аудандарымен бірге 1936 жылға дейін соның құрамында болды) қабылданып, кәсіби өнерге ден қояды. Ол 1937 ж. Қазақ академ. Опера және балет театрына шақырылып, респ-да классикалық өнердің орнығып, дамуына айтарлықтай үлес қосты. Ш. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса, Балуан Шолақ, Абай, т.б. халық композиторлары әндерін орындап, кеңінен насихаттаған. Оның репертуарында Арқа әнші-өнерпаздарының «Хорлан», «Гауһар қыз», «Әудемжер», «Жамбас сипар», «Үш дос», «Екі жирен» тәрізді көптеген кең тынысты шығ-лары орын алды. «Қазақ ән өнерінің академигі» атанған Ж.Елебеков Ш-тың үздік талантына бас иіп, «Мәжиттің «Екі жирені» мен «Жамбас сипарына» таласуға болмайды» деген дүр. Дүниеге сирек келетін Ш. сияқты дүлдүл әнші орыстан басқа ұлттың мәд. мен өнеріне немқұрайдылықпен қараған кеңестік озбыр саясаттың құрбаны болып, II ғаламдық қырғында ерлікпен қаза тапты.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ШАМА ТӨРЕ (XVIII ғ. соңы – XIX ғ. алғашқы жартысы, нақты т. – ө. ж-ы белгісіз) – болыс, Қазақтың Орта жүзінде хандық билік тоқтатылып, 1824 ж. Қарқаралы сыртқы округі құрылғанда Шаншар бол-ның алғашқы басқарушысы болған. Осы күнге жеткен деректер бойынша, Ш. т. Абылайханның қалмақ құмасынан туған кенжесінің бірі. Өңір тарихына қатысты мұрағат деректерінде Ш. т-нің Қарқаралы дуанындағы орыс шенеунік-әкімдерін қорғауға жіберілген казактар жүзбасы (сотник) есаул Карбышевтың озбырлық әрекетіне қарсылық көрсетіп, Омбы ген.-губернаторына шағымданғаны кездеседі. XIX ғ-дың ортасына таман қайтыс болған Ш. т-нің зираты Үшқара тауының бат. бетінде, Түндік өз-нен екі-үш км жерде тұр.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ШАНИН Жұмат Тұрғынбайұлы (1892, Желтау, Шана қыст./ құжат бойынша Павлодар обл., Баянауыл ауд. – 26.02.1938, Алматы қ.) – режиссер, драматург, актер, қазақтың ұлттық кәсіби театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, қоғам және театр қайраткері, Қазақ АКСР-ының халық әртісі (1931). Шаруа отбасында туып-өсіп, а. молдасынан хат танығаи Ш. жасынан өнерге құмар болады. Қоянды жәрмеңкесіндегі ойын-сауықтар оның ән-күйге ынтық көңіліне қанат бітіреді. Ол 1913 ж. Омбы қ-на келіп, зауытта жұмыс істейді. Осында Н.Нұрмақов, С.Сейфуллин, Б.Серкебаевпен танысып, олардың әсерімен ізденіп, өз бетімен білімін жетілдіреді. 1915-16 жж бухгалтер курсында оқып, зауытта көмекші бухгалтер қызм. атқарады. Осы кездері қ. театрынан алғаш рет спектакль көріп, ләззатқа бөленеді. Бұратана халық өкілдерін майданның қара жұмысына алу туралы орыс патшасының жарлығына сай I ғаламдық қырғынның шетін көріп қайтқан Ш. елге 1917 ж. оралып, осы кезден бастап қоғам ісіне араласады. Қарқаралыда (1921), Павлодарда (1922), Зайсанда (1922), Семейде (1923) жауапты орындарда қызм. атқарып, ҚазАКСР ОАК мүшесі болып, қым-қуыт істің ортасында жүреді. Саяси-әлеум. жұмыстарға араласу оның ой-өрісін кеңейтіп, кейінгі режиссерлік, жазушылық қызм. игі ықпалын тигізді. Ш. 1920 ж. Семейде құрылған «Ес аймақ» труппасын басқарды. Режиссерлік еңбегі осы ұжымнан басталған Ш. халық аузындағы жыр негізінде жазылған өзінің «Арқалық батырын» және С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарларын» қойып (1922), өзі осы спектакльдерде Арқалық батыр мен Еркебұлан бейнесін сомдады. Оның бір бөлімді «Торсықбай» комедиясы Семейдегі «Таң» журналында жарияланды (1925). Қазақтың М.Әуезов атынд. мемл. акад. драма театры құрылғанда (ол кезде шағын топ), Ш. оның дир-ы және көркемдік жетекшісі болды (1926). Елімізде тұңғыш ұлт театрының негізін қалап, оған өнерпаздарды тартып, олардың кәсіби тұрғыдан өсуіне, сахна мәдениетін меңгеруіне, труппа репертуарының молаюына Ш. өлшеусіз еңбек сіңірді. Ол шығармашылық-ұйымдастырушылық қызметтен бастап, ұжым жұмысы белгіленген жоспар бойынша жүруіне, сахналанатын шығ-лардың тәрбиелік мәні зор, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары болуына ерекше көңіл бөлді. Бұл мәселелер оның «Қазақтың мемлекеттік театры», «Мемлекет театрының артистері» (1927), «Қазақстан мемлекеттік театры» (1928), «Театр тарихынан» (1931), «Сахна техникасын меңгерейік», «Сахнада шындықты тану» (1935), т.б. мақалаларында жан-жақты қамтылып, ашылды. Ш. респ-ның бір топ өнерпазын бастап, 1927 ж. Мәскеуде өткен этнографиялық концертке қатысты. Ол Қырғыздың мемл. акад.

театрының бастауында тұрып, 1932-33 жж оның бас режиссері болды. Сонымен бірге, 1934 ж. ашылған музыкалық театрды (қазіргі Қазақтың Абай атынд. мемл. акад. опера және балет театры) ұйымдастырушылардың бірі – Қ.Жандарбековпен бірге Е.Г.Брусиловскийдің «Жалбыр», «Қыз Жібек», «Ер Тарғын» операларын қойды. Аталған музыкалық спектакльдер Қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеу қ-да өткен алғашқы онкүндігінде жоғары бағаланды. Ш. 1936 ж. дейін өнер ұжымының көркемдік жағын басқарды. Оның қаламынан туған «Арқалық батыр», «Шахта» тәрізді күрделі пьесалар XX ғ-дың 30 ж-дары жаңа ұйымдаса бастаған қазақ театрларының (Семей обл. музыкалы драма театры, Қарағанды обл. драма театры, Оңт.Қазақстан обл. драма театры, Жамбыл обл. драма театры) репертуарынан орын алды. Ш. халық билеріне ден қойып, өзі қойған музыкалық спектакльдерге «Киіз басу», «Қоян – бүркіт», «Өрмек», «Шашу», т.б. билерді пайдаланды. Ш-нің орындауында А.В.Затаевич, Д.И.Ковалев, Л.А.Хамиди сияқты композиторлар мен зерттеушілер бірсыпыра халық әндерін жазып алды. Ш-нің өзі де бірқатар ән-күйлерді нотаға түсірді. Ш. шығармашылық еңбегіне М.Әуезов, Қ.Сәтбаев, Ғ.Мүсірепов, т.б. ірі тұлғалар зор баға берді. 1972 ж. Оңт. Қазақстан обл. драма театрына, 1992 ж. Павлодар обл. Баянауыл ауд-ғы елді мекенге Ш-нің есімі берілді. Оның туындылары еліміздің ірі сахналарында ара-тұра қойылады.

ШАНШАР Бұлбұлұлы – Қаздауысты Қазыбектің үлкен әкесі. Қаракесек – Ақша – Бошан – Таз – Бұлбұл – Шаншар болып тарайды. Ш. ұлт тарихында орны ерекше Еңсегей бойлы Ер Есім (XYI ғ. соңы – XYII ғ. басы) ханның замандасы. Есім хан мен Тұрсын ханның арасында қақтығыс болғанда Есімнің жанынан табылған. Ханның оң тізесін баса отырған басты биі екен. Ташкентті алу кезіндегі ерлігіне орай Есім хан Ш-ға Тұрсын ханның үш қызын— Айбике, Нұрбике, Қыздамбикені берген. Содан бастап Ш. үш сыбағалы болған. Одан тараған ұрпақтарды Айбеке – Шаншар, Нұрбике – Шаншар, Қызданбике – Шаншар деп атаған. Қарқаралы оязы құрылған кезде Айбике – Шаншар бір болыс, Нұрбике – Шаншар бір болыс ел болған. Ш. ұрпақтары тілінің өткірлігімен, әзіл-ажуаға бейімдігімен мәлім болған.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ШАРЫҚТЫ АУЫЛ ОКРУГІ – Қу ауд. қарасты «Жалтас», «Бұлақадыр» және Энгельс атынд. к/здар негізінде 1936 ж. құрылған әкімш. бөлініс. Орт. – Теректі а. Егіндібұлақ а-ның бат-да, 42 км жерде орналасқан. Халық саны – 1240 адам (01.01.2007). Жер көлемі 186941 га, оның ішінде егістікке жарамдысы 10846 га, егістікке пайдаланылып отырғаны 6106 га, көпж-дық шөп алқабы 1180 га. Жайылымдық өңір 51900 га. Ш. а. о-не қарасты төрт а-да (Теректі, Айыр, Шөптікөл, Қызылшілік) 535 жылқы, 8372 бас қой, 2942 бас сиыр және соншама құс өсіріледі. Ш. а. о. өңірінде 2 сегізж-дық және баст. мект., уч. аурухана, ФАП, пошта байланыс мекемесі, мәд. үйі, 2 клуб, кітапхана, т.б. қоғ. көпш. орындар бар. Ш. а. о. аумағында Соц. Еңб. Ерлері Қ.Қойшыбаев пен Б.Шегебаев, Ленин орденді малшылар І.Қожабаев, А.Әбділдин және Қ.Мәдиев, Қазақ КСР а. шар. еңб. сіңірген қызм. С.Зүпиянов, Қазақ КСР халыққа білім беру ісінің үздіктері З.Әубәкіров пен Қ.Ысқақов туып, еңб. етті. Бұл өңір Қазақ КСР халық әртісі Қ.Байжановтың, ҚР халық әртісі, Мемл. сыйлықтың лауреаты М.Жүнісованың, елімізге танымал қаламгер Д.Ысқақовтың отаны. Ш. а. о-да «Алтайполиметалл» ЖШС-на қарасты Көктасжал кен-байыту ком-ты, ондаған шар. қожалығы және ЖК жұм. істейді.

Аман СЕЙСЕМБАЕВ

ШАШЫРАТҚЫ – мал басының өсімі мол болуы үшін жасалатын халық рәсімі. Әдетте күзде, қошқардан күйек алынатын кезде жасалатын ырым. Мал сүмесімен тіршілік еткен қазақтар күйлеген саулықтар тегіс ұрықтанып, алдағы маусымда төл көп, ырыс-береке мол болуы үшін тілек тілеп, мал иесі көрші-қолаң мен малшыларға арнайы дәм беріп, бәйбіше әйелдерге сый-сияпат жасайды.

ШӘКАМАН (МҰСТАФА) Майра Қатай(Мұхамеджан)қызы (17.01.1960, Егіндібұлақ а.) – әнші (сопрано). ҚР Мәдениет қайраткері (2008). Егіндібұлақ а. №1 ОМ бітірді. 1981 ж. респ. эстрада студиясының вокал бөл-н проф. Б.Жылысбаевтың сыныбы бойынша бітіріп, жолдамамен Маңғыстау обл. филармониясына келді. Содан бастап Маңғыстау обл. филармониясының «Ақ шағала» эстрадалық ансамблінде әнші-вокалист болып жұмыс

жасады. 1983 ж. респ. «Жігер» фестивалына қатысып, дипломант атанды. 1985 ж. «Жігер» фестивалына «Ақ шағала» ансамблі құрамында қатысып, лауреат болды. 1981-92 жж гастрольдік сапармен Ресей, Түркіменстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан елдерінде, Қазақстанның түпкір-түпкірінде өнер көрсетті. 1993 ж. Маңғыстау обл. филармониясында «Ақ жарма» фольклорлық этнографиялық ансамблі құрылып, Ш. (М) оған әншісі болып шақырылды. Осы «Ақ жарма» фольклорлық этнографиялық ансамблімен Түркияның Шальниурфа қ-сында өткен халықар. фестивалға қатысып, елге лауреат атанып оралды. 1993 ж-дан 2-ші техн. уч-де көркемдік жетекші лауазымында қызм. жасады. 2005 ж. жаңадан құрылған «Ақтау сазы» ансамбліне әнші болып қабылданды. 1987 ж. Ш. (М) «Ақ шағала» ансамблі құрамында қызм. жасап жүргенде, ансамбль ВЦСПС дипломымен марапатталды.

ШӘКАМАНОВ Зәрубай Балуанұлы (13.03.1943, Қу ауд., Едірей а. – 5.12.2015, Қарабұлақ а.) – спортшы, қазақ күресінен ҚазКСР спорт шебері (1968), самбодан КСРО спорт шебері (1972). Еңб. жолын Шарықты а. кеңесіндегі Шөптікөл а-да механизатор болып бастады. Кейін автомобиль жүргізді. 1966 ж. Қарабұлақ а-на (қазіргі Балқантау а. округі) қоныс аударып, киномеханик, дене тәрбиесі пәні мұғ., учаскелік милиция инсп-ы, ауд. тұтынуш. Қоғамының автодүкен меңг-сі қызм. атқарды. Зейнетк-ке шыққан соң, 1997 ж. «Батыр» шар. қожалығын құрып, мал өсірумен айналысты. Ш-ты Қарағанды обл., жалпы қазақ елі балуан ретінде жақсы таниды. Бала кезінен еркін, қазақ күресімен, самбомен айналысып, көптеген дүбірлі жарыстарға қатысты. Әсіресе, 1964-74 жж спорттық бабында жүрген ол ауд., обл., респ. және одақ көлемінде өткен дүбірлі жарыстардың бәріне дерлік қатысып, ұдайы жеңімпаз һәм жүлдегер атанды. 1968 ж. бес мәрте бес ауд-да түйе балуан атанды. Самбодан ауыр салмақта Әлем кубогының иегері болған Ш. көптеген шәкірт даярлады. Обл. пен респ. деңгейдегі аламан жарыстарда топ жарған ізбасарлары бұл күнде спорттың ардагерлері атанып, өздері шәкірт тәрбиелеуде. Қазақ спортының аса көрнекті өкілі ғана емес, үлкен жанашыры болған Ш. ауд., обл. және респ. деңгейдегі көптеген турнирлерді өткізуге бастамашы және демеуші болды.

ШӘКІМОВА Роза Шәкімқызы (29.12.1954, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты (1991). ОМ-тен кейін Абай атынд. Саран пед. уч-сін бітіріп (1974), ауд. оқу бөл-нің жолдамасымен Арқалық а. кеңесіне қарасты Шілдебай а-дағы баст. мект-ке мұғ. әрі меңг. болып жіберілді. Осында 1995 ж-ға дейін табан аудармай еңб. жасаған Ш. 1996-98 жж Арқалық ОМ-нде баст. сыныптар мұғ-і қызм. атқарды. Ол сала басшылығы тарапынан марапаттарға ие болды.

ШӘРІПОВ Уахит Шәріпұлы (22.12.1915, Қарқаралы уезі, Қу бол., 2-а. – 18.02.1970, Алматы қ.) – инженер, кен саласы маманы, техн. ғыл. докторы (1963), проф. (1965), КСРО Мемл. сыйлығының лауреаты (1970). 1940 ж. Қазақ кен-металлургия ин-ын бітірген. 1940-47 жж Жезқазған кен-металлургия комбинатында ауысым, шахта бастығы болды. ҰОС-на қатысты. Елге оралған соң Қазақ КСР Мемл. жоспарлау к-інің кеңесшісі, бөл. бастығы, 1947-70 жж Қазақ КСР ҒА Кен ісі ин-ында кіші, аға ғыл. қызм., зертхана меңг-сі міндетін атқарды. Негізгі ғыл. еңбектері жер астынан кен қазу үдерістерін механикаландыру мен автоматтандыру теориясы мен практикасының мәселелеріне арналған. Ш. көптеген ғыл. еңбектің авторы, 2 өнертабыстық патенттің иесі. II дәрежелі Отан соғысы, Қызыл Жұлдыз ордендерімен және медальдармен марапатталған.

ШЕГЕБАЕВ Бәжи (1881, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 1960, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі) – малшы, Соц. Еңбек Ері (1948). Еңб. жолын Майқайың алтын з-ында жұм. болып бастады. 1930 ж. Қу ауд. «Жалтас» к/зына (кейінгі Егіндібұлақ ауд. қарасты Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/з) мүше болып кіріп, мұнда 1960 ж-ға дейін малшы болып еңб. етті. ҚОС кезінде және одан кейін – 1941-47 жж мал басын өсіріп, өнім алуда аса үлкен табыстарға қол жеткізді. Ш. кеңес өкіметінің көптеген мемл. наградаларымен, соның ішінде Ленин орденімен марапатталған.

Аман СЕЙСЕМБАЕВ

ШЕҢГЕЛ (лат. ***Halimjdendron***) – бұршақ тұқымдасына жататын бұта. Қу – Балқантау өңірінің далалық жерлерінде, құм, саз топырақты аймақтарда, жайылымдардағы бұталар

арасында, өз.-көл жағалауларында, қиыршық тасты сортаңдарда өседі. Әсіресе, Түндік өз. төменгі жайылмасында мол кездеседі. Биіктігі 50-200 см. Сабағы тықыр, кейбірі күмістей жылтыр, тікенді қабығы қарақоңыр түсті. Жапырағы қос қауырсын пішіндес, қысқа тікенекті. Гүлдері қызғылт не күлгін түсті, гүлсағағында құмыра не қоңырау тәрізденіп топтана өседі. Мамыр-маусым айларында гүлдеп, күзде жеміс береді. Жемісі – сарғылт қоңыр бұршақ. Тұқымы жылтыр, қызыл қоңыр түсті. Ш-ді шөл және шөлейт аймақтарда елді мекендерді көгалдандыру үшін қолдан егеді. Ш. тікенекті өсімдік болғандықтан, ол қалың өскен жерде әдетте мал жайылмайды. Бірақ, күз бен қыс қарсаңында Айрық а-ның қойы мен сиыры Ш-ді алқапқа жайылып, жақсы қоң жинайтыны байқалады. Кей жағдайда Ш. отын ретінде пайдаға асады. Тамырынан жүн бояуға қолданылатын сары бояу алынады.

ШОДЫРОВА Шолпан Секенқызы (1949, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі) – актриса, 1966 ж. Егіндібұлақ мект.-ин-ын, кейін Қарағанды мәд.-ағарту уч-сін (қазіргі Тәттімбет атынд. өнер колледжі) бітірді. Жасынан өнерге құштар Ш. мект. оқып жүрген шағынан көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысты. Түрлі салада жұм. істесе де өнерге құштар жан Егіндібұлақ а. өткен мәд. шараларға белсене қатысты. 1973 ж-дан ауд. Мәд. үйінде түрлі қызм. атқарды. Ш. халық театрының жетекші актрисасы болып, көптеген рөльдерде басты кейіпкерлерді сомдады. Обл., респ. байқауларда лауреат атанды. Автоклуб меңг-сі, Мәд. үйінің дир-ы, т.б. қызм. атқарып, жарты ғ-дан астам уақытын туған жері мәд. көтеру ісіне бағыштады. Зейнеткерлікке шықса да, сахнадан қол үзбей, жаңа қойылымдарда аналар мен кейуаналар бейнесін сомдауда. Ш. өнер саласының көптеген марапаттарын иеленген.

ШОДЫРОВ Төлеш (1939, Қу ауд., Балықтыкөл а. кеңесі – 2016, Қарағанды қ.) – педагог, актер, бесаспап өнерпаз. 1958 ж. Қарағанды пед. ин-ының хим.-биология ф-ін бітіріп, Егіндібұлақ а. мект.-ин-қа химия және биология пәндері мұғ-і болып орналасты. Одан кейін ауд. оқу бөл-де инспектор, Қарабұлақ, Айнабұлақ а. кеңестеріндегі мект-де мұғ. қызм. атқарды. Сонымен бірге, а. көркемөнерпаздары үйірмелеріне қатысты. 1967 ж. хор ұжымымен Алматы фестивалына қатысып, ең үздік концерт жүргізуші болып танылды. 1972-73 жж Егіндібұлақ ауд. Мәд. үйінің дир-ы қызм. атқарды. Мәд. үйі жанындағы драма үйірмесі әзірлеген Қ.Шаңғытбаев пен Қ.Байсейітовтің «Беу қыздар-ай» комедиясында Ш. басты рольді сомдады. Респ-лық қазылар алқасы қойылымды жоғарғы бағалап, өнер ұжымына Халықтық театр атағын берді. Ол кез-келген амплуадағы бейнені сомдауға мүмкіндігі бар бесаспап талант иесі болғандықтан, Егіндібұлақ халық театры қойған спектакльдің ешбірінен тыс қалған емес. А. кеңестердегі көркемөнерпаздар ұжымдарымен бірлесіп көп жұм. атқарды. Ұжымаралық өнер байқауларында концерттік бағдарламалар сценариін жазып және өзі жүргізіп, ол басқарған ұжым ұдайы 1-ші орын иеленді. Көптеген обл., респ. конкурстар мен фестивальдардың жеңімпазы һәм жүлдегері болды.

ШОҚАЙ – Қоянды а. округіндегі ауыл. Кеңес билігі тұсында «Қоянды» с/зының бөлімшесі болды. Тұрғындары егіншілікпен және мал өсірумен айналысты.

ШӨЖЕ Қаржаубайұлы (1808 – 1895, Қарқаралы уезі, Бүркітті а.) – халық ақыны, жыршы, айтыстың ақберені. Ш-нің туған өңірі жайлы бірнеше болжам бар: 1) қазіргі Нұра ауд. жерінде, кедей отбасында туған; 2) қазіргі Ақмола обл. Қызылту ауд. дүниеге келген. Сәби шағында шешектен қос жанарынан айрылып, зағип болып қалған Ш-нің ақындық таланты жас кезінен көрінеді. Ресей империясының отарлық саясаты өршіген тұста өмір сүрген, ел билеушілері орыстың жергілікті атқарушы органдарына жағынып, қандастарына қысым жасап отырғанын жақсы білгендіктен, айтыс барысында қарсыласы көздеген мүддеге орай әлеум.-философ. көзқарас ұстанды. Ол көшпелілер қоғамында ғ-лар бойы қалыптасқан ізгі моральға, адамгершілікке жат кеселді кемшіліктерді әшкерелейді. Бойындағы кемшілікті мін ретінде бетіне басқан ақындарға күйрете соққы беріп, рухани көрсоқырлық нағыз кемшілік екенін айтады. Өзінің айтуынша, Ш. 17 үлкен ақынмен додаға түсіп, бәрін жеңіп шыққан. Тезекбай, Жәмшібай, Кемпірбай, Келдібай, Балта, Орынбай, Шортанбай, Серәлі ақындарды билік басындағылардың ықпалында кеткені үшін шенеп, оларды жемдеуші бай-бағландардың баққұмарлығын, парақорлығы мен барымташылығын, басқа да кінә мен күнәларын өлтіре сынап, әшкерелеуімен танымал болған. Көзі соқыр болғанымен көкірегі

даңғыл ақын тамаша әнші, төгілген жыршы, лирик.-эпик. дастандарды шебер орындаушы ретінде де белгілі. Зағиптығы салдарынан хат танымаса да жады мықтылығымен халық эпостарын, ертегі-аңыздарын мол білуімен тыңдарман жұртты таң-тамаша қалдырады. Ш.Уәлиханов 1864 ж. 5 наурызда Омбыда Ш-ні қонақ етіп, оның орындауында «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанының таңдаулы нұсқаларының бірін жазып алады, ақындық, жыршылық шеберлігіне жоғары баға береді.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ

ШӨПТІКӨЛ – Шарықты а. округіне қарасты елді мекен. Атауы шығ. бетіндегі, қау құрақ өскен ылғалды қазан шұңқырға байланысты қойылған. 1961-93 жж Қазақстанның 40 ж-дығы атынд. с/здың бөлімшесі болды. Қазір Ш. а-да негізгі мект., ФАП, клуб, пошта бөл-сі жұм. істейді. Тұрғындар негізінен мал өсірумен, егіншілікпен айналысады. Мұнда бірнеше шар. қожалығы бар.

ШҰБАРКӨЛ – табиғи су айдыны. Егіндібұлақ а-ның оңт-гінде, 3 км жерде орналасқан. Ауд. ж. мезгіліне қарай 2,5-тен 4,9 шаршы км-ге дейін, жағалауының ұзындығы 2-ден 3 км-ге дейін өзгеріп тұрады. Орташа тереңдігі 1 м, кейбір шұңғымалары 2 м-ден асады. Түбі лай батпақты. Шығ. және солт. жағасындағы қамыс арасына ж. құстары ұя салады. Суы аздап кермек татығанымен мал суаруға әбден жарамды. Ылғалды, ойпаң жағасында құрақ, бидайық, өлең, бат. және оңт. жағасында бетеге, жусан, ши өседі.

ШҰҒАИПОВА Кама Зейнұрқызы (15.03.1950., Қу ауд., Қоянды а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің озаты, әнші, ҚР Мәдениет қайраткері. 1967 ж. Егіндібұлақ мект.–ин-тын бітіріп, Арқалық ОМ-де аға пионервожатый болды. 1968 ж. Қарағанды педин-тының филол. ф-тіне түсіп, 1973 ж. ҚарМУ-ды орыс тілі және әдеб. пәні мұғ. мамандығы бойынша бітірді. 1973-79 жж. Егіндібұлақ а-ның орыс мек-інде орыс тілі пәні мұғ., мек. дир-рының оқу ісі жөніндегі ор-ры, 1979-89 жж ауд. білім беру бөлімінде әдіскер, инспектор болды. Одан соң кәсіподақ және әкімшілік басқару саласында қызмет атқарды. 1993-95 жж Қазыбек би ауд. тіл басқ-ның бастығы. 1995 ж. Молодежный ауд. әкімш-нің аппартына ауысып, әлеум. және ішкі саясат бөл-нің бас маманы болып, 1996 ж. ауд-ның мәд. бөлімін, 1997-2008 жж. Осакаров ауд. мәд., тілд. дамыту және ішкі саясат бөл-рін басқарды. Педаг. және мәд. саласындағы ұзақ та табысты еңбегі үшін Ш. көптеген мемл. марапаттарға ие болды. Ол – Бүкілодақтық көркемөнерпаздар шығарм. байқауының лауреаты.

ШІЛДЕБАЙ – Тәттімбет а. округіне қарасты елді мекен. Тұрғындары ежелден мал өсірумен айналысады. Кеңес дәуірінде «Арқалық» с/зының бөл-сі болды. Қазір мұнда бірнеше шар. қожалығы бар.

ШІЛІК (лат. ***Salix rosmarinifolia***) – талдар тұқымдасының тал туысына жататын аласа бұта. Қу – Балқантау өңіріндегі өз., бұлақ бойлары мен ылғалды-сызды алқаптарда өседі. Тау арасының сай-қолаттарында да кездеседі. Биіктігі 1м-ге дейін, кейде одан да асады. Шыбық тәрізді жіңішке бұтақты, жас бұтақтары түкті, бірнеше ж-ғы бұтақтары сарғылт қоңыр, түксіз болады. Жапырақтары қысқа сағақты, ұз-дығы 2-8 см, жіңішке – ені 0,3-1 см, көк жапырақтарының екі беті де түкті келеді. Гүл сырғасы жапырағынан бұрын дамиды, ұсақ гүлдері өте көп өнеді. Мамыр айында гүлдейді. Ағаш пен тезек аз жерде Ш-ті отын ретінде пайдаланады.

ЫЫ

ЫБЫРАЕВ Амангелді Мансұрұлы (10.09.1937, Қу ауд.) – педагог-матем., педагогика ғыл. кандидаты (1973). 1961 ж. Қазақтың Абай атынд. пед. ин-ының (Алматы) матем. ф-ін бітіріп, 1965 ж. дейін Егіндібұлақ ОМ-де мұғ. болды. 1965-66 жж Егіндібұлақ ауд. парт. к-нің саяси білім көтеру бөл-нің меңг-сі, 1966 ж. бастап Қарағанды политехн. ин-ында оқытушылық қызм. атқарды. 1978 ж. Алматыдағы Қазақ политехн. ин-ына (қазіргі Қ.И.Сәтбаев атынд. техн. ун.) сызба геометрия және графика кафед-ның доценті болып ауысты. Ы. 50-ден астам ғыл. және әдістемелік еңб. авторы. Оның «Инженерлік графикадағы аналитикалық әдістер» (Алматы: ҚазҰТУ, 1998) және «Көрнекі топологияның элементтері» (Алматы; Ғылым, 1999)

деген монографиялары маңызды жаңалық ретінде қабылданды. Ы-тың техн. ЖОО студенттеріне арналған «Инженерлік графика» оқулығы екі мәрте (2004 және 2011 қайталанып) басылды. Сала басшылығының көптеген марапаттарын иеленген.

ЫБЫРАЕВ Мақсұт – алғашқы кеңес шар. ардагері

ЫБЫРАЕВ Темір Ыбырайұлы (23.08.1940, Қу ауд. – 19.02.2006, Егіндібұлақ а.) – педагог, Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі (1976). 1964 ж. Қарағанды мемл. пед. ин-ының тарих ф-ін, 1971 ж. Қарағанды қ. парт. к-і жанындағы маркс.-ленинизм ун-ін бітіріп, пед. және парт. оқу жүйесінде жоғ. саяси білім алып шықты. Ы. 1964 ж. бастап бүкіл саналы ғұмырында Егіндібұлақ а-ндағы мект-терде тарих пәнінен сабақ беріп, білімді де тәрбиелі ұрпақ қалыптастыруға үлес қосты. Ол 1976 ж. тұңғыш рет өткізілген Бүкілодақтық мұғ-дер аттестациясы қорытындысы бойынша үздік көрсеткішке қол жеткізді. Көптеген наградалармен, соның ішінде, 1986 ж. Қазақ КСР оқу министрі, Оқу ағарту, жоғ. мект. және ғыл. мекемелер қызметкерлері кәсіподағы респ. к-інің Құрмет грамотасымен марапатталған.

ЫДЫРЫСОВ Әбілтай (Әбілхайыр) Ысқақұлы (20.11.1922, Қарқаралы уезі, Қу бол., Ағыс қон. – 11.03.2004, Қарағанды қ.) – педагог, а. шар. ұйымдастырушы. 1932-37 жж Қарағанды, Көкшетау, Қостанай қ-ларындағы балалар үйінде тәрбиеленген. 1937-40 жж Көкшетау пед. техн. бітіріп, мұғ. қызм. атқарды. 1940-42 жж Қарағандыда алғаш ашылған №1 ФЗО мект. кадр бөл-нің меңг-сі және комсомол ұйым. хатшысы болды. 1942-45 жж ҰОС қатысты. Ы. 1941 ж. Сталинград қ. әскери-танк уч-не оқуға жіберіледі. 1942 ж. уч. Қорған қ-на көшіріліп, Ы. майданның алғы шебінен табылады. 1943 ж. лейтенант шеніндегі танк взводы командирі шайқаста ауыр жараланып, госпитальда емделіп шыққаннан кейін, дәріг.-сараптау комисс. уақытша танкі басқаруға жарамсыз деп шешім шығарып, II Украин майданы интендант басқ-сының қарамағына жібереді. 1944 ж. Ясса, Бухарест (Румыния), Дебрецк, Ньярбаторск (Хунгрия) қ-ларын азат ету шайқастарына қатысады. ҰОС аяқталғаннан кейін дәріг.-сараптау комисс. Ы-тың денсаулығын қайта қарап, Мәскеуге, механикаландырылған бронетанк басқармасы қарамағына жолдаған. Ы. бұдан соң Омск және Симферополь қ-ларындағы танк құрамаларында командир болып қызм. атқарды. Халық мұғ-дерін әскери қызм. босату туралы қаулы шыққаннан кейін ол 1946 ж. қарашада елге оралады. 1947-48 жж Қу ауд. кеңесі аткомында жауапты хатшы, 1948-50 жж обл. есеп-санақ басқ-да экон., 1950-55 жж Нұра ауд. есеп-санақ бөл-де инспектор, 1955-56 жж Нұра ауд. партия к-інде бөл. меңг-сі, 1956-58 жж Киевка МТС-нда партком хатшысы, 1958-61 жж Нұра ауд. Ворошилов атынд. к/з төрағасы, 1961-75 жж Егіндібұлақ ауд. «Қаратау» с/зының, 1975-81 жж «Айрық» с/зының дир-ы болды. Зейн-ке шыққан соң да еңб. қалмай, 1981-87 жж Айрық а. кеңесінің хатшысы, а. ардагерлері кеңесінің төрағасы мінд. атқарды. ҰОС және еңб. ардагері көптеген мемл. наградалармен марапатталған.

ЫСҚАҚБЕКҰЛЫ Ақын (1900, Қарқаралы уезі, Қу бол. – 18.04.1971, Егіндібұлақ а.) – педагог, а. шар., орман шар. жұм. ұйымдастырушы. 1923 ж. Қарқаралы пед. техн. бітірген. 1923-26 жж Қу бол., №4 а. кеңесінің хатшысы, 1926-28 жж Бауыр бол. аткомының хатшысы қызм. атқарып, 1928-30 жж баст. мект. мұғ. болды. 1930-33 жж Қу ауатком аппаратында қызм. жасады. 1935 ж. Семей қ. Шығ. Қазақстан а. шар. мект-де (ВКСХШ, кейінгі Семей зоовет. ин-ы) оқыған. 1943-45 жж ҰОС қатысып, шайқастардағы ерлігі мен тапқырлығы үшін қатардағы жауынгерден аға лейтенант, батальон командирінің саяси жұм. жөніндегі орынына дейін көтерілді. Бейбітшілік ж-дары халық шар. қалпына келтіру жұм. араласып, 1949 ж. «Жаңанегіз» к/зы басқармасының төрағалығына тағайындалды. А. шар-да табысқа жеткен Ы. 1951-69 жж Қу орман-тоғай шар-ның дир-ы міндетін атқарды. Кәсіпорын оның басшылығы тұсында барынша өркендеп, Егіндібұлақ ауд. орт-ғы мен елді мекендерді көгалдандыру барынша биік деңгейге жетті.

ЫСҚАҚОВА (Белгібаева) Гауһар Жәпенқызы (30.03.1969, Егіндібұлақ а.) – дәрігер, мед. ғыл. кандидаты (2006). 1986 ж. Егіндібұлақ а. №2 ОМ, 1988 ж. Алматы мед. уч-ін, 1995 ж. Қарағанды мемл. мед. академиясын, одан соң осы ЖОО аспирантурасын тәмамдады. 1995 ж. респ. Еңб. гигиенасы ин-ына (Қарағанды қ.) кіші ғыл. қызм. болып орналасты. 2010 ж-дан

бері Қарағанды қ. №3 емханада дәрігер және Қарағанды мемл. мед. ун-інде дәріс береді. Ы. монографияның, 30-дан астам ғыл. мақаланың авторы.

ЫСҚАҚОВА Зағира Дүйсембайқызы (1.01.1944, Қу ауд., Егіндібұлақ а.) – педагог-ғалым, экон. ғыл. докторы (2005). 1962 ж. Алматы есеп-кред. техн., 1969 ж. Алматы хал. шар. ин-ын тәмамдады. 1981 ж. аспирантураны бітіріп, канд. дисс. Қорғады. Еңб. жолын 1962 ж. КСРО мемл. банкінің Егіндібұлақ бөл-де несие инспекторы болып бастады. 1965-76 жж Қарағанды обл. автожол басқ-да инженер, аға экономист, жосп.-өндір. бөл. бастығы мінд. атқара жүріп, хал. шар ин-ның Қарағанды фил-да дәріс берді. 1976-92 жж. Е.А.Бөкетов атынд. ҚарМУ-де аға оқытушы, доцент болса, 1992-2009 жж Қазтұтынуодағы Қарағанды экон. ун-нде қызмет жасап, оның кейінгі бес жылында кафед. басқарды. 2009-12 жж «Қаржы академиясы» АҚ-ның қаржы кафед. жетекшілік жасады. Қазір осында профессор. Ы. – Халықар. ақпараттану акад-ның және Ресей жаратылыстану акад-ның академигі, ҚР қаржы-несие жүйесі Ғыл. мект. негізін қалаушы. Көптеген мемл. награда, соның ішінде. В.И.Вернадский және Ы.Алтынсарин атынд. медальдар иесі. ҚР білім беру ісінің Құрметті қызм. 2007 және 2013 жж ЖОО үздік оқытушысы атанды. Ы. Бірнеше монографияның, ондаған оқулық пен жүздеген ғыл. мақаланың авторы.

ЫСҚАҚОВ Дүйсенбек Қанатұлы (23.03.1953, Қу ауд., Шарықты а. кеңесі, Ащылыөзен қонысы – 12.2004, Шарықты а. кеңесі) – журналист, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. 1970 ж. Егіндібұлақ мект.-инт-ын, 1975 ж. Қазақтың С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атынд. Қазақ мемл. ун-інің журналистика ф-ін бітірген. Еңб. жолын обл. «Орталық Қазақстан», респ. «Социалистік Қазақстан» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Қазақстан коммунисі» («Ақиқат»), бұрынғы Талды ауд. «Шұғыла» – «Восход», Павлодар обл. Баянауыл ауд. «Жұлдыз» – «Звезда» газет-журналдарында қызм. атқарды. А. өмірі мен еңб. адамдары жайлы шығ-лары Егіндібұлақ ауд. «Ленин туы» газетінде, іргелі мәселе көтерген мақалалары мен публ. еңб-тері респ. басылымдарда жиі жарық көріп тұрды.

ЫСҚАҚОВ Омар (15.07.1891, Қарқаралы уезі, Едірей бол. – 21.07.1981, Егіндібұлақ ауд., Едірей а.) – малшы, еңб. ардагері. Бүкіл саналы ғұмырын ақтылы түлікті өрбітуге бағыштаған Ы. туған жерінен табан аудармай, жасы 70-тің үстіне шыққанша мал бақты. Қу ауд. бойынша қой санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыруда жоғары көрсеткішке қол жеткізгені үшін 1950 ж. 19 мамырда КСРО Жоғ. кеңесінің Жарлығы бойынша Ленин орденімен марапатталды.

ЭЭЭ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ (гр. ***enkyklopaideia*** – (жалпыға бірдей) білім өрісі) – анықтамалық бағытта шығарылатын ғыл. басылым. Э. термині маңызы жағынан тарихи өзгерістерге ұшырады. Антикалық қоғамда Э. атауы 7 еркін өнерді (грамматика, риторика, диалектика немесе логика, геометрия, арифметика, музыка, астрономия) белгілеу үшін қолданылған. XVI ғ-да Бат. Еуропада бұл термин «әр алуан мазмұнды жинақ» дегенге жақын ұғымда қолданыла бастады. XVIII ғ-да Э-ны білімді топтастыру деген түсінікте пайдаланды. Келе-келе терминнің маңызы бірте-бірте ұлғайып, қазір кең таралған мағынаға ие болды: оны барлық ғыл. саласынан мағлұмат беретін және іс жүзінде қолданылатын (әмбебап Э.) немесе қайсы бір жеке ғыл. саласы бойынша (салалық Э.) анықтамалық басылым деп те атайды. Э. құрылымы жүйелі түрде жасалады, атап айтқанда, ғыл. саласы бойынша іріктеп алынған материалдар алфавит тәртібімен орналастырылады. Э. сипатты еңб. ең алғаш қытай жазбаларында (б.з.б. XII-X ғ-лар) пайда болған. Б.з.б. 2-мыңжылдықтың 2-жартысында Ежелгі Египетте сөздік жасалды. Ежелгі Грекияда Демокрит пен Аристотель еңб-тері Э-лық сипатта жазылды. Ежелгі Римде шыққан алғашқы Э-ның бірі – Марк Теренцийдің «Ғылымдар» деген шығармасы. Орта ғ-ларда – Әбу Наср әл-Фарабидің араб тілінде жазылған «Ғылымдар тізбегі», Ибн Синаның «Донишнома» («Білім кітабы») Э-лық трактаты жарық көрді. Э. шығару жүйелі түрде дамуына XVIII ғ-дағы аса көрнекті филос. Д.Дидроның француз Э-сы зор ықпал жасады. 1768-71 жж шотланд баспаханашысы

У.Смелли 3 томдық «Британия Э-сын (Британика)» шығарды. XIX-XX ғ-ларда Еуропа елдерінің бәрінде дерлік Э. жасалды. XIX ғ-да «Жаңа Америка Э-сы» шығарылып, оны дайындауға көп ғалым тартылды. Ресейде алғашқы Э-лық сөздіктер XVIII ғ-да шығарылып, оған география, тарих, т.б. ғыл. салаларының терминдері енгізілді. XIX ғ-дың аяғы мен XX ғ-дың бас кезінде жұртшылыққа кең таралған Э. сипатты еңб. ішінде Ф.Павленковтың (қосымшасымен 82 т.), ағайынды А. және И.Гранат бастырған Э-лық сөздік үлкен орын алады. Бұл еңб-терде Қазақ даласы мен оны мекендейтін жергілікті халықтар жөнінде алғаш рет мәліметтер берілді. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Бат. Еуропада көп томды Э-лар шығару күрт дамыды. Қазіргі кезде британ, америка Э-лары үнемі жаңа материалдармен жаңартылып отырады. Германияда «Брокгауз» баспасы 12 томдық Э-ның 16-шы басылымын шығарды. Францияда 21 томдық «Француз Э-сы» жүйелі түрде басылып келеді. Оған қоса, бір томдық «Кіші Ларусс» басылымы да жиі шығады. КСРО-да «Үлкен совет энциклопедиясы» (1-бас., 66 т., 1925-47; 2-бас., 51 т., 1949-59; 3-бас., 30 т., 1969-78); «Кіші совет энциклопедиясы» (1-бас., 10 т.,1928-31; 2-бас., 11 т., 1933-47; 3-бас., 10 т., 1958-60), Қазақстанда «Қазақ совет энциклопедиясы» (12 т., 1968-78), «Қазақ КСР» қысқаша Э-сы (4 т. 1984, 1987, 1988-89) жарық көрді. Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен беріде «Қазақстан» ықшам Э-лық сөздігі (2005), арнаулы (салалық) Э-лар: «Шаңырақ» (1990), «Ислам» (1995), «Қазақ тілі» (1998), «Қазақ әдебиеті» (2001), «Қазақ өнері» (2002) Э-лары, «Атамекен» геог-лық Э-сы (2011) шықты. Жергілікті – обл., қал., ауд. Э-лық анықтамалықтар қолға алынуда. Мысалы, «Алматы» (1983), «Қарағанды» (1990, 2006), "Атырау" (2000), "Тараз" (2003), "Оңтүстік Қазақстан" (2005), "Сыр елі" (2006). Сондай-ақ, 1997 ж. бастап тарихи жаңа сипатты 10 томдық «Қазақстан» Ұлттық Э-сы оқырман қолына тиді. Оның орысша 5 томдық қысқаша нұсқасы 2004-06 жж жарық көрді. Сондай-ақ, ғаламтор бетінде «Уикипедия» онлайн Э-сы жұмыс істейді.

ЭНЦИКЛОПЕДИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР

а. – ауыл (аулы)
абс. – абсолюттік
автомоб. – автомобиль(лі)
автон. – автономиялық
агр. – аграрлық
ағылш. – ағылшынша
акад. – академик(гі)
акцион. – акционерлік
аналит. – аналитикалық
антом. – анатомиялық
араб. – арабша
арифмет. – арифметикалық
арт. – артисі
артилл. – артиллериялық
арх. – архитектор(ы)
архит. – архитектуралық
астрон. – астрономиялық
атмосф. – атмосфералық
атынд. – атындағы
ауд. – аудан(ы), аудандық
аум. – аумағы
а. шар. – ауыл шаруашылық(ғы)
әдеб. – әдебиет
әкімш. – әкімшілік(гі)
әкімш.-аум. – әкімшілік-аумақтық
әлеум. – әлеуметтік
балетм. – балетмейстер(і)
бат. – батыс
б. б. – батыс бойлық
б. з. – біздің заманымыз(дың)
б. з. б. – біздің заманымыздан бұрын(ғы)
биікт. – биіктігі
ботан. – ботаникалық
бурж. – буржуазиялық
гв. – гвардия(лық)
ген. – генерал
генет. – генетикалық
ген.-л. – генерал-лейтенант
ген.-м. – генерал-майор
ген.-полк. – генерал-полковник
геол.-минерал. – геология-минералогия
геом. – геометрия(лық)
гидромелиор. – гидромелиоративтік
гидросф. – гидросфера(лық)
голл. – голландша(тық)
граммат. – грамматикалық
грек. – грекше
губ. – губерния(сы, лық)
гуманит. – гуманитарлық
ғ. – ғасыр
ғ. с. – ғаләйһис сәләм

ғ. ш. – ғасыр шамасы
ғыл. – ғылым(и)
... ғыл. докт. – ... ғылымының докторы
ғыл.-зерт. – ғылыми-зерттеу
... ғыл. канд. – ... ғылымының кандидаты
демокр. – демократия(лық)
дер. – деревня(сы)
диалект. – диалектикалық
диам. – диаметр(і)
дүниежүз. – дүниежүзілік
егін ш. – егін шаруашылығы
еңб. сің. – еңбек сіңірген
еур. – еуропалық
жинақт. баст. мек. – жинақталған бастауыш мектеп
жетек. – жетекшісі
ж. – жыл (ы)
жж – жылдар(ы)
жиын. – жиынтығы
жиіл. – жиілігі
Жоғ. – Жоғарғы
ж. ө. – жылы өлген
ж. т. – жылы туған
ж. ш. – жыл шамасы
ж. ш. ө. – жыл шамасында өлген
ж. ш. т. – жыл шамасында туған
жылд. – жылдамдығы
зертх. – зертхана(лық)
з-т – зауыт
индустр. – индустриалық (индустриалдық)
инж. – инженер(лік)
ин-т – институт
исп. – испан(ша)
итал. – итальян(ильянша)
капит. – капиталист
кеңшар – кеңестік шаруашылық
к. – көл(і)
комб. – комбинат(ы)
комп. – композитор(ы)
кооп. – кооперация; кооперативтік
корр. мүш. – корреспондент мүшесі
коэфф. – коэффицент(і)
көл. – көлемі
көлд. – көлденеңі
к-т – комитет
қ. – қала(сы)
қ. – қара
Қазақ АКСР-і – Қазақ автономиялық кеңестік социалистік республикасы
Қазақ КСР-і – Қазақ кеңестік социалистік республикасы
қалыңд. – қалыңдығы
қатт. – қаттылығы
қуатт. – қуаттылығы
қыт. – қытай(ша)

лат. – латын(ша)
лингвист. – лингвистикалық
майл. – майлылығы
мал ш. – мал шаруашылығы
матем. – математика(лық)
мед. – медициналық
мемл. – мемлекеттік
Мемл. сыйл. лауреаты – Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты
менш. салм. – меншікті салмағы
мех. – механик(алық)
мин. – министр(лік, лігі)
минералд. – минералдығы
Мин. Каб. – Министрлер Кабинеті
Мин. Кең. – Министрлер Кеңесі
млн. – миллион
млрд. – миллиард
молек. – молекула(лық)
моңғ. – моңғол(ша)
мөлш. – мөлшері
муз. – музыка(сы, лық)
мульт. – мультипликациялық
мыс. – мысалы
нем. – неміс(ше)
обл. – облыс(ы), облыстық
о. е. – оңтүстік ендік
окр. – округ(і), округтік
оңт. – оңтүстік(гі)
оңт.-бат. – оңтүстік-батыс(ы)
оңт.-шығ. – оңтүстік-шығыс(ы)
орман ш. – орман шаруашылығы
орт. – орталық, орталығы
ө. – өлген
ө. ж. б. – өлген жылы белгісіз
өз. – өзен(і)
өнімд. – өнімділігі
парс. – парсыша
п. ә. коэфф. – пайдалы әсер коэффиценті
пед. – педагогика(лық)
полк. – полковник
португ. – португал(ша)
проф. – профессор(ы)
рев. – революциялық
респ. – республика(сы). Республикалық
с. – село(сы)
салм. – салмағы
сан.-эпидемиол. – санитарлық-эпидемиологиялық
с. ғ. с. – саллалаһу ғаләйһи уа салләм
с-з – совхоз
с.-д. – социал-демократ, социал-демократиялық
симф. – симфониялық
синтет. – синтетикалық
солт. – солтүстік(гі)

солт.-бат. – солтүстік-батыс(ы)
с. е. – солтүстік ендік
солт.-шығ. – солтүстік-шығыс(ы)
соц. – социалистік
ст. – станса(сы)
статист. – статистика(лық)
сыйымд. – сыйымдылығы
т. б. – тағы басқа
т. – теңіз(і)
т. – туған
тәул. – тәуліктік
темп-ра – температура
терб. жиіл. – тербеліс жиілігі
тереңд. – тереңдігі
терр. – территориялық
тех. – техникалық
т. ж. – темір жол(ы)
т. ж. б. – туған жылы белгісіз
төм. – төменгі
т. с. с. – тағы сол сияқты
тұзд. – тұздылығы
тығызд. – тығыздығы
ун-т – университет
уч-ще – училище
ұжымшар – ұжымдық шаруашылық
ұз. – ұзындығы
фаш. – фашист(ік)
фельдш. – фельдшер(лік)
феод. – феодал(дық)
физ. – физика(лық)
филол. – филолог(ия)
филос. – философ(ия)
ф-ка – фабрика
фонет. – фонетика(лық)
фр. – франк
франц. – французша
ф. ст. – фунт стерлинг
ф-т – факультет
халықар. – халықаралық
халық ш. – халық шаруашылық(ғы)
хим. – химия(лық)
ш. б. – шығыс бойлық
шығ. – шығыс(ы)
шығарм. – шығарма(лары), шығармашылық
ылғалд. – ылғалдылығы
эвол. – эволюциялық
эквив. – эквивалентті
экон. – экономикалық
экспед. – экспедиция(сы)
энергет. – энергетика(лық)
эстет. – эстетика(лық)
эстрад. – эстрадалық

этн. – этникалық
ядр. – ядролық

ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕР

ААҚ – ашық акционерлік қоғам
АҚ – акционерлік қоғам(ы)
АҚШ – Америка Құрама Штаттары
АО – автономиялық облыс
АТС – автоматты телефон стансасы
АЭС – атом электр стансасы
БАӘ – Біріккен Араб Әмірліктері
БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары
БК(б)П – Бүкілодақтық Коммунистік (большевиктік) партия(сы)
БЛКЖО – Бүкілодақтық лениншіл коммунистік жастар одағы
БРОАК – Бүкілресейлік орталық атқару комитеті
БҰҰ –Біріккен Ұлттар Ұйымы
ГФР – Герман федеративтік республикасы
ҒА – Ғылым академиясы
ҒТП – ғылыми-техникалық прогресс
ҒТР – ғылыми-техникалық революция
ЖАҚ – жабық акционерлік қоғам
ЖЖС – Жердің жасанды серігі
ЖШС – жауапкершілігі шектеулі серіктестік(гі)
ЖЭО – жылу электр орталығы
ЖЭС – жылу электр стансасы
КМК – коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын
КММ – коммуналдық мемлекеттік мекеме
КОКП – Кеңес Одағы коммунистік партиясы
КСРО – Кеңестік социалистік республикалар Одағы
ҚМОМ – Қазақстан мемлекеттік орталық мұражайы
ҚР – Қазақстан Республикасы
ҚРОММ – Қазақ Республикасының орталық мемлекеттік мұрағаты
ҚР ҰҒА – Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы
ҚР ҰҒА ҒК - Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының ғылыми кітапханасы
ҚСЭ – Қазақ совет энциклопедиясы
ҚХР – Қытай халық республикасы
МТС – машина-трактор стансасы
НАТО – Солтүстік Атлантика одағы ұйымы
НКВД – Ішкі істер халық комиссариаты (Народный комиссариат внутренних дел)
ОАК – Орталық Атқару комитеті
ОАР – Орталық Африка республикасы
ОГПУ – Біріккен мемлекеттік саяси басқарма (Объединенное государственное политическое управление)
ОК – Орталық комитет
ӨК – өндірістік кооператив(і)
РМК – республикалық мемлекеттік кәсіпорын(ы)
СЭС – су электр стансасы
ХАК – Халық ағарту комиссариаты
ХКК – Халық Комиссарлар Кеңесі
ХШЖК – Халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесі
ШҰАР – Шыңжаң Ұйғыр автономиялық районы
ІІМ – Ішкі істер министрлігі
ЭЕМ – электрондық есептеу машинасы

ЮНЕСКО – БҰҰ жанындағы оқу-ағарту, ғылым және мәдениет жөніндегі халықаралық ұйым
ЮНЕСЕФ – БҰҰ жанындағы балаларды қорғау жөніндегі халықаралық қор

ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ӨЛШЕМ БІРЛІКТЕРІ

айн. – айналым
а. к. – ат күші
ат. – атмосфера (тех.)
атм. – атмосфера (физ)
В – вольт
Вт – ватт
г – грамм
га – гектар
дБ – децибел
ж. – жыл
кВ – киловольт
кВт – киловатт
кг – килограмм
км – километр
л – литр
м – метр
МВт – меговатт
Мг – миллиграмм
МГц – мегагерц
миля – теңіз милясы
мин – минут
мкм – микрометр
мкс – микросекунд
мл – миллилитр
мм – миллиметр
окт. – октава
Р – рентген
с – секунд
*С – Цельский градусы
сағ – сағат
см – сантиметр
т – тонна
ц – центнер
эВ – электровольт
% – пайыз

«Қу – Балқантау» өңірлік энциклопедиясын дайындау барысында мына еңбектер пайдаланылды:

Қазақ Совет энциклопедиясы (12 томдық). – Алматы, 1972 – 78;
ҚАЗАҚСТАН. Ұлттық энциклопедия (1 – 9 томдар). – Алматы, 1998 – 2007;
Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005;
Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2006;
Орфографиялық сөздік. – Алматы, 2007;
Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия, Алматы, 1990;
Қарағанды. Қарағанды облысы. Энциклопедия, Алматы: Атамұра, 2006;
Шығыс Сарыарқа. Қарқаралы өңірінің өткені мен бүгіні. – Алматы: Эверо, 2004;
Қазақстанның Қызыл кітабы. – Алматы, 1996;
Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999;
Аджи М. Древняя история тюрков и Великой Степи. – Москва, 2007;
Көркемсуретті Қазақстан тарихы. Ежелгі дәуірден біздің уақытымызға дейін. 4 томдық. 1 том: Палеолит дәуірінен моңғол шапқыншылығына дейінгі Қазақстан. – Алматы, 2006;
Сәрсеке Медеу. Семей қасіреті. Деректі тарихи хикаят. – Астана, Фолиант, 2016;
Ғаббас Смағұлұлы, Марат Смақұлы. Балқантау баурайында. – Қарағанды, 1998;
ҚР Орталық мемлекеттік мұрағатының (Алматы), Қарағанды облыстық мемлекеттік мұрағатының, Семей қаласындағы қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының деректері;
Ғаламтор материалдары.

«Қу – Балқантау» энциклопедиясының редакция алқасы осы кітапты жарыққа шығару барысында ой-пікір бөлісіп, ақыл-кеңес берген, жекелеген мағлұматтарды жинауға жәрдемі тиген ғалым, тарих ғылымдарының докторы **Р.Жұмашевқа**, археолог ғалымдар, әкелі-балалы **Кукушкиндерге** және Алматы, Семей қалаларындағы мұрағаттарда жұмыс істеуге, іссапарлармен алыс-жақын жерлерге барып қайтуға мүмкіндік берген, қаржылық қолдау жасаған **Т.Әшімов, Д.Әмин, С.Мұқанов, Н.Жұбандықов, Қ.Мұстафин, Ж.Әтеев** сияқты кәсіпкер жігіттерге, ұлт мүддесіне жанашыр басқа да жанашыр азаматтарға алғыс айтады.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қолыңыздағы кітап туған жердің тарихын тануда атқарылуға тиісті қыруар жұмыстың бастамасы ғана. Бұл тарапта әлі де ұзақ ізденістер жүргізуге тура келетінін осы еңбекті қолға алған көзі қарақты жұрт аңғарған болар. Талай тұлғаның аты-жөні көрсетілгенімен, олардың өмірі мен қызметіне қатысты деректер жергілікті атқарушы органдардағы адамдардың, жекелеген жағдайда, аға ұрпақтың ізін басқан замандастарымыздың салғырттығы мен немқұрайдылығы салдарынан жинақталмай қалды. Дегенмен, қазан аузы жоғары – алдағы кітаптарда бұл олқылықтың орнын толтырамыз деген үміттеміз.

Редакторы: Ермек БАЛТАШҰЛЫ
Суретші-дизайнер:
Кітапты теріп, фотосуреттерді дайындаған Мәдина ЕРМЕК
Корректор: Ғазиза СМАҒҰЛОВА

Пішімі ...х..., әріп түрі ...
Шартты баспа табағы ..., есептік баспа табағы ....
Офсеттік басылым.
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс № ...

Баспахана. Мекен-жайы.